беспартийный, до ареста проживал в гор. Кызылорде, работал юрисконсультom облпромсоюза. За антисоветскую контрреволюционную, провокаторскую агитацию и шпионско-подрывно-вредительскую деятельность арестован и привлечен к уголовной ответственности. Решением Особого Сопещания при МГБ СССР от 15 июня 1949 года Юзбашинский Г. Г. осужден к высшей мере наказания — расстрелу. Он реабилитирован 29 июня 1989 года.

Я

ЯГАНОВ Филимон Афанасьевич родился в 1900 году



в Казалинке, русский, образование среднее, беспартийный, до ареста проживал в гор. Кызылорде, работал техником. За антисоветскую контрреволюционную провокаторскую вредительскую деятельность арестован и привлечен к уголовной ответственности. Приговором Кызылординского областного суда от 12 декабря 1951 года Яганов Ф. А. осужден на 10 лет лишения свободы. Он реабилитирован 24 января 1990 года.

ЯКИМОВА Софья Александровна родилась в 1918 году в гор. Вологде, русская, образование среднее, беспартийная, до ареста проживала в гор. Кызылорде, работала шофером автобазы. За антисоветскую контрреволюционную провокаторскую агитацию пораженческого характера и вредительскую деятельность арестована и привлечена к уголовной ответственности. Решением Особого Сопещания при НКВД СССР от 13 июня 1942 года Якимова С. А. осуждена на 5 лет лишения свободы. Она реабилитирована 29 августа 1989 года.

ЯКОВЛЕВА Ирина Николаевна родилась в 1907 году в гор. Дрездене (Германия), русская, образование неполное среднее, беспартийная, до ареста проживала в гор. Кызылорде, работала секретаршей Казводпроизводства. За антисоветскую контрреволюционную, провокаторскую агитацию и шпионско-провокааторскую, вредительскую деятельность арестована и привлечен к уголовной ответственности. Постановлением Особого Сопещания при НКВД СССР в 1941 году Яковлева И. Я. осуждена на 8 лет лишения свободы. Она реабилитирована 28 сентября 1995 года.

ЯН ШУ-ЧЕН родился 1904 году в Китае, гражданин СССР, образование начальное, беспартийный, до ареста проживал в гор. Кызылорде, работал завскладом артели «Трудовик». За антисоветскую контрреволюционную провокаторскую агитацию среди рабочих артели и шпионско-вредительскую деятельность арестован и привлечен к уголовной ответственности. Решением Особого Сопещания при НКВД СССР от 19 июня 1938 года Ян Шу-Чен осужден на 8 лет лишения свободы. Он реабилитирован 20 февраля 1954 года.

Топтама

САТЫБАЛДИЕВ Қалымбет, 1867 жылы туған.
ҚАЛЫМБЕТОВ Ермағамбет, 1900 жылы туған.
ҚАЛЫМБЕТОВ Өтеген, 1913 жылы туған.
ҮНБЕТОВ Ерлей, 1903 жылы туған.
ҚОНДЫБАЕВ Саржан, 1903 жылы туған.
ҚОНЫСБАЕВ Қуанбай, 1911 жылы туған.
ҚОШКЕНЕЕВ Сәйділда, 1913 жылы туған.
ҚОЙҚАРАЕВ Бақтыбай, 1912 жылы туған.
ӘЛІМБАЕВ Айтмағанбет, 1907 жылы туған.
ДОСБЕРГЕНОВ Айболсын, 1895 жылы туған.
ОРАЗӘЛИЕВ Үндам, 1906 жылы туған.
ҚҰРМАНТАЕВ Әбілда, 1913 жылы туған.
 Басқа деректері белгісіз.
 Олар өзара ұйымдасып, Кеңес өкіметі мен оның

жүргізіп жатқан саясатына қарсы үгіт-насихат жұмыстарын жүргізумен айналысқан. Осы қылмыстары үшін тұтқынға алынған, бірақ қашан, қай жерде тұтқынға алынғандары белгісіз. РСФСР ҚК-нің 58—10, 59—3 және 66 баптарымен айыпталған. Қай жерде қандай соттың қарағаны, қандай жазаға сотталғаны да белгісіз. Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 14 сәуіртегі «Жашпай саяси қуғын-сүргіндер құрбандарын ақтау туралы» Заңына сәйкес 1997 жылғы 3 желтоқсанда бәрі де толық ақталған. Себебі олардың Кеңес үкіметі мен оның саясатына қарсы жасаған үгіт-насихаттары дәлелденбейді, заңсыз сотталған.

АРАЛ АУДАНЫ

А

АБРАМОВ Андрей Петрович родился в 1874 году в селе Невертске Московской области, русский, беспартийный, до ареста проживал в гор. Аральске, работал слесарем, был участником контрреволюционной организации, проводил среди рабочих пропаганду против советской власти, за что осужден Кызылординским областным судом в 1943 году на 10 лет лишения свободы, реабилитирован 24 июля 1995 году.

АБЫЛОВ Пірімжар № 5 ауыл, «Екпінді» колхозында 1885 жылы туған, бұрын ірі феодал болған, сауатсыз, партияда жоқ, бір жерде тұрақты жұмыс істемеген, бұрын сотты болмаған, сол колхозда тұрған, үйленген, әйелі — Балжан, қыздары — Бибігүл, Ақбоз, ұлы — Ахметжан.

Абылов Пірімжар бірнеше жыл болыстың көмекшісі болған. 1929 жылы мал-мүлкі тәркіленген, сайлаусайлану құқынан айырылған, осы жылы қуғын-сүргіннен бас сауғалап қашып жүрген. 1918—19 жылдардағы азамат соғысы кезінде колчак армиясына қатысып, кеңес өкіметіне қарсы белсенді түрде күрес жүргізген. 1931 жылы Қарақұм көтерілісіне қатысқан. Арал қаласында тұрып жатқан кезінде, осы ауданда бірінші тұтқынға алу басталғанда 1937 жылдың тамыз айында бай Құлсариевпен бірге Орынбор қаласына қашып кеткен. Абылов Арал қаласына қайтып келгеннен кейін ауыл-ауылды, колхоздарды, әсіресе «Сазды» ауылдық кеңесін, «Екпінді» колхозын аралап жүріп кеңес өкіметіне қарсы үгіт жүргізген. «Кеңес өкіметі барлық қазақтарды аштыққа ұшыратты, жақын арада кеңес өкіметі құлайды» — деп сөзгеуілдік сөздер тараған. 1937 жылдың 1 қыркүйек күні Арал қаласында Жансейітовтің қалысуымен Сталиндік конституцияға жала жауып, ол халықты алдаушы, қазіргі уақытта жақсы адамдарға өмір жоқ, жазықсыз адамдарды тұтқынға алуда, кеңес өкіметі тез арада құласа сонда біз алаяқ коммунистерге қалай өмір сүруді көрсетер едік деп, өзінің кеңес өкіметіне өшпенділік шығылын көрсеткен.

Осы қылмысы үшін Абылов Пірімжар Арал аудандық НКВД бөлімінің 1937 жылғы 1 қазандағы қаулысымен тұтқынға алынып, қылмысты іс қозғалған. Тергеу ісі аяқталып, қорығындысы шығарылған, оны Арал аудандық НКВД бөлімінің бастығы 14 қазанда бекіткен.

Ақтөбе облыстық НКВД Басқармасының жанындағы үштіктің 1937 жылғы 19 қазандағы қаулысымен Абылов Пірімжар ең жоғарғы жаза — ату жазасына сотталған, мал-мүлкі тәркіленген. Бұл үкім 1937 жылғы 29 қазан күні орындалған.

Қызылорда облыстық прокуроры орынбасарының 1989 жылғы 9 маусымдағы қорытындысымен Абылов Пірімжар СССР Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1989 жылғы 16 қаңтардағы жарлығының негізінде толық ақталған.

АДАЕВ Әбдіхалық 9 ауыл, «Қызыл керуен» серіктестігінде 1886 жылы туған, бай болған, сауатсыз, партияда жоқ, қамауға алынғанға дейін осы ауылда тұрған.

Адаев Әбдіхалық кеңес өкіметіне жат пікірде болып, серіктестіктің ауылшаруашылық артелінің Уставына көшуге қарсы әрекеттер жасаған. Ақтөбе облыстық НКВД Басқармасы жанындағы үштіктің 1937 жылғы 29 желтоқсандағы қаулысымен 10 жылға бас бостандық еркінен айыруға сотталған.

СССР Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1989 жылғы 16 қаңтардағы жарлығының негізінде Адаев Әбдіхалық толық ақталған.

АДАЕВ Қарасай № 9 ауыл, «Қызыл керуен» серіктестігінде 1886 жылы туған, ірі бай-феодал болған, бес-алты жалпы ұстаған, патша үкіметі тұсында бірнеше жыл болыс болған, байлар шаруашылығын тәркілеу алдында өзінің шаруашылығын сатып құртып, қуғын-сүргіннен қашып кеткен, сауатсыз, партияда жоқ, үйленген, әйелі — Балшекер, балалары — Тілеу, Ізбасқан, қызы — Тайын.

Адаев Қарасай қашқындықтан ауылға қайтып келіп, тұрғындар арасында үнемі колхоз құрылысына қарсы бағытталған контрреволюциялық үгіт таратқан, № 9 ауылдың тұрғындары мен колхозшыларын басқа аудандарға, Қарақалпақстанға кетуге шақырып, «малдарыңды сойып құртыңдар, өйтпесе кеңес үкіметі малдарыңды етке алып қояды», — деген. Ол жеңілістік пиғыл айтып: «Кеңес өкіметін жақын арада капиталистік елдер құлатады», — деп сөзгеуілдік сөздер таратқан. Сонымен бірге ол кеңес заңының, Сталиндік Конституцияның беделін барынша түсірген. Коммунистік партия басшыларына террорлық сөздер айтқан. Түз тресі жұмысшыларының арасында аштық туралы лақап таратқан.

Осы қылмысы үшін Адаев Қарасай Арал аудандық НКВД бөлімінің 1937 жылғы 12 тамыздағы қаулысымен тұтқынға алынып, қылмыстық іс қозғалған.

Тергеу ісі аяқталып, айыптау қорытындысы 1937 жылғы 19 тамызда шығарылған.

Ақтөбе облыстық НКВД Басқармасы жанындағы үштіктің 1937 жылғы 26 тамыздағы қаулысымен Адаев Қарасай ең жоғары жаза — ату жазасына сотталған.

Бұл үкім 1937 жылғы қыркүйек айының 1 күні түнгі сағат 3-те Ақтөбе қаласында орындалған.

Қызылорда облыстық прокуроры орынбасарының 1989 жылғы 6 шілдедегі қорытындысымен Адаев Қарасай СССР Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1989 жылғы 16 қаңтардағы жарлығының негізінде толық ақталған.

АЙДАРБЕКОВ Жаназар Арал ауданының 6-ауылында 1863 жылы туған, бай болған, сауатсыз, партияда жоқ, қамауға алынғанға дейін осы ауданның 9-ауылында тұрған, серіктік мүшесі болып жұмыс істеген.

Айдарбеков Жаназар Кеңес өкіметіне жат пиғылда болып, ауыл тұрғындары арасында ұлтшылдық үгіт жүргізіп, үкімет пен партияның ауылшаруашылығында жүргізіп жатқан шараларына қарсы зиянкестік жұмыстар жүргізген. Ақтөбе облыстық НКВД Басқармасы жанындағы үштіктің 1937 жылғы 6 желтоқсандағы қаулысымен 10 жылға бас бостандық еркінен айыруға сотталған.

1988 жылғы 30 желтоқсанда Айдарбеков Жаназар толық ақталған.

АЙМАҒАМБЕТОВ Сейдулла Ақтөбе облысы, Шалқар ауданының № 17 ауылында 1905 жылы туған, кейін Сексеуіл стансасында тұрған, депода кочегар болып жұмыс істеген, сауатты, партияда жоқ, бай-молданың баласы, 1929 жылы мал-мүлкі тәркіленіп, қуғын-сүргіннен қашып, Ақмырзаның қарақшыларына барып қосылған, 1930 жылы жазалаушы отрядтың қолбасшысы болып, кеңес үкіметіне қарсы күреспендерді қатаң жазалаған, темір құрсау салыш, аш ұстаған, жұмысшы коммунистерді өлтірген, қарақшылар талқандалғаннан кейін контрреволюциялық жауыздық топ құрып, оларды темір жолдың объектілеріне тыққан, сөйтіп темір жол транспортында, колхоздарда бірнеше жыл жауыздық-зиянкестік әрекеттер жасаған. Осы қылмыстары үшін ол Қазалы стансасы ОДТО ГУГБ НКВД-ның 1938 жылғы 27 қаңтардағы қаулысымен тұтқынға алынып, қылмыстық іс қозғалған. Оңтүстік Қазақстан облыстық НКВД Басқармасы жанындағы үштіктің 1938 жылғы 14 ақпандағы қаулысымен ең жоғары жаза — ату жазасына сотталған.

1989 жылғы тамыздың 24 күні облыстық прокурор өзінің қорытындысымен Аймағамбетов Сейдулла әрекетінде қылмыстық белгісі болмағандықтан мүлдем ақталған.

АЙМАҒАМБЕТОВ Тәжімбет № 10 Бөген ауылдық кеңесінің «Кеңтүбек» деген жерінде 1872 жылы туған, молда — ірі бай болған, арабша сауатты, жеке мешіт ұстаған, партияда жоқ, жұмыс істемеген, 1930 жылы кеңес өкіметіне қарсы Асан көтерілісіне қатысып, осы жылы мал-мүлкі тәркіленген, 1931 жылы контрреволюциялық әрекеті және Асан көтерілісіне қатысқаны үшін 5 жылға концлагерьге, 2 жылға сайлау-сайлану құқын жоюға сотталған, үйленген, әйелі — Айша, балалары — Жұпар, Бадра, қыздары — Латипа, Күлсім.


Аймағамбетов Тәжімбет байлар, молда, ишандар тобымен және контрреволюциялық-панисламдық ұйым мүшелерімен — Сүлейменов Махашпен (ол Ауғанстанға көшіп кеткен), Маханов Кемелбаймен тағы басқалармен тығыз байланыс жасап, ауылда тұрғындар арасында үнемі контрреволюциялық, зиянкестік-жауыздық, бүлдірушілік жұмыстар жүргізіп, «Кеңес өкіметінің жақын арада құлайтыны туралы» провокациялық лақаптар таратып келген, тұрғындарды малды жаппай сойып құртуға және көшіп кетуге шақырған, серіктіктердің ауылшарушылық Уставына көшуге ашықтан-ашық қарсы шыққан, кеңес өкіметіне қарсы жат пиғылдағы адамдарды кеңес өкіметіне қарсы күресуге топтастырумен айналысқан. Бұл жауыздық жұмыстарды олар діңді бүркемеленіп жүргізген, осы мақсатта «күпия» мәжілістер өткізіп, онда коммунистік партия мен кеңес өкіметіне қарсы күресті одан әрі жүргізу мәселелері талқыланған. Мәжілістер Ауғанстаннан Сүлейменов Махаштың өкілдері келген. Аймағамбетов Уфа қаласындағы мұсылмандардың III съезіне делегат жіберген. Бұл ұйым мүшелері, оның ішінде Аймағамбетов Сталиндік конституцияға жала жауып, «ол негізгі заң емес, ол халықты алдауыш — бос сөз», — деп халық арасында үгіт жүргізген. «Олар колхоз құрылысы қазақ жұртшылығына өліммен бірдей, сондықтан колхоздан жаппай шығу керек», — деген ұран тастаған. 1935 жылы Мирзоян атындағы колхозды өлсірету мақсатында колхоздың астық қоймасын өртеп жіберген. Бай-ишандар тобының тапсырмасымен колхозшылар арасында контрреволюциялық, феодалдық құрылысты жақтайтын өлеңдер таратқан.

Осы қылмысы үшін Аймағамбетов Тәжімбет Арал аудандық НКВД бөлімінің 1937 жылғы 3 қыркүйектегі қаулысымен тұтқынға алынып, қылмыстық іс қозғалған. Тергеу ісі аяқталып, айыптау қорытындысы шығарылған, оны Арал аудандық НКВД бөлімінің бастығы 1937 жылдың 14 қазан күні бекіткен.

Ақтөбе облыстық НКВД Басқармасы жанындағы үштіктің 1937 жылғы 19 қазандағы қаулысымен Аймағамбетов Тәжімбет ең жоғары жаза — ату жазасына сотталған, өзіне тиісті жеке мүліктері тәркіленген. Бұл үкім сол жылы 29 қазан күні орындалған.

Қызылорда Облыстық Прокуроры орынбасарының 1989 жылғы 9 маусымдағы қорытындысымен Аймағамбетов Тәжімбет СССР Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1989 жылғы 16 қаңтардағы жарлығының негізінде толық ақталған.

АЙМАҒАМБЕТОВ Базарәлі Сазды ауылдық кеңесінде 1918 жылы туған, кейін Сексеуіл стансасы Сталин көшесі № 264 үйде тұрған, білімі 3 класс, партияда жоқ, жұмыс істемеген, II топтағы мүгедек, зейнеткер.



Аймағамбетов Базарәлі армия қатарында болып, Отан соғысына қатысқан, 1941 жылдың 20 қыркүйегінде Смоленск бағытындағы шайқаста жау қолына тұтқынға түскен, әскери тұтқындардың әртүрлі лагерлерінде болған, 1942 жылдың 15 тамызында Польша жерінде Отанды сатып, «Түркістан легионына» өз еркімен кірген, ол неміс армиясының құрамына кіретін Түркістан батальонының 4 ротасы 3 взводты, 2 бөлімшесінде қызмет жасаған және «Герман армиясына адал қызмет жасаймын», деп ант берген, әскери дайындықтан өткеннен кейін 1944 жылдың наурыз айында Днепрпетровск, Кривой Рог қалаларының аудандарында неміс армиясы үшін қорғану құрылыстарын салуға қатысқан, одан совет Армиясы жағына қашып шығады, кеңес тереуінен өткеннен кейін ол 575 атқыштар полкінің құрамына кірген, 1944 жылдың 14 маусымында немістерге қарсы ұрысқа қатысып, жарақат алғаннан кейін Сочи қаласына орналасқан № 3191 госпиталына жіберіледі, одан 1945 жылдың 19 мамырында II топтағы мүгедек болып армиядан босанып, ауылына қайтып келген. Отанын сатып, жау қолына тұтқынға түсіп, неміс армиясы қатарында болғаны үшін Қызылорда облыстық МГБ Басқармасы бөлімшесінің 1949 жылғы 18 шілдедегі қаулысымен тұтқынға алынып, РСФСР ҚК-ның 58 бабының 1 «б» тармағымен қылмыстық іс қозғалған.

Қызылорда облыстық МГБ Басқармасының тергеу бөлімшесінің 1949 жылғы 19 шілдедегі айыптау қорытындысы бойынша Аймағамбетовтың ауыр науқас екенін және немістерге қарапайым легионер есебінде қызмет жасағаны ескеріліп, оның ісін сотқа жібермей-ақ, Қызылорда облыстық прокуроры арқылы Мемлекеттік қорғаныс комитетінің 1945 жылғы 18 тамыздағы № 9871 санды қаулысына сәйкес 6 жылға шет елді мекенге жер аударуға ұйғарған. Қызылорда облыстық МГБ Басқармасының тергеу бөлімшесінің 1949 жылғы 31 желтоқсандағы қаулысымен Аймағамбетов Базарәліні Арал ауданына 6 жыл мерзімге спецпоселенге жағдайында көшіруге, ол жерге Қызылорда облыстық МГБ Басқармасының арнайы конвойымен апаруға қаулы алған.

Қызылорда облыстық МГБ Басқармасының тергеу бөлімшесінің 1950 жылғы 3 ақпандағы қаулысымен Аймағамбетов Базарәліні спецпоселенеге жіберу туралы 1949 жылғы 31 желтоқсандағы қаулыны өзгертіп, тергеу ісі тоқтатылған, ауыр науқастығына байланысты оны айыптау жазасынан босатқан.

Қызылорда облыстық прокурордың 1997 жылғы 21 сәуірдегі қорытындысымен Аймағамбетов Базарәлі Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 14 сәуірдегі Заңының негізінде толық ақталған.

АЙМАҒАМБЕТОВ Сайдаумид Ақтөбе облысының Шалқар ауданында 1905 жылы туған, сауаты бар, партияда жоқ, қамауға алынғанға дейін Сексеуіл стансасында тұрған, депода кочегар болып жұмыс істеген.

Аймағамбетов Сайдаумид — контрреволюциялық-ұлтшылдық ұйымға мүше болып, кеңес үкіметіне қарсы жат пікірде болған, темір жол бойында әртүрлі жауыздық-зиянқестік жұмыстар жүргізген. Осы қылмыстары үшін тұтқынға алынып, қылмыстық іс қозғалған. Оңтүстік Қазақстан облыстық НКВД Басқармасы жанындағы үштіктің 1938 жылғы 14 ақпанда-

ғы қаулысымен ең жоғары жаза — ату жазасына сотталған.

АЙНАБЕКОВ Айғара № 9 Жақсықылыш ауылдық кеңесі, «Көгертү» серіктестігінде 1901 жылы туған, ірі бай болған, жалшы ұстаған, 1931 жылы мал-мүлкі төркіленіп, дауыс беру құқықын айырылған, шала сауатты, партияда жоқ, үйленген, әйелі — Дөмегүл, балалары — Әліпбай, Шазнда.

Айнабеков Айғара 1929—30 жылдары қарулы көтерілісшілер қозғалысын белсенді ұйымдастырушылардың бірі болған, Арал ауданынан шет елге көшуді ұйымдастырған, кеңес өкіметіне қарсы шыққаны, қарақшылығы үшін 1931 жылы Айнабеков ОГПУ коллегиясы арқылы 5 жылға бас бостандық еркінен айыруға, Арал ауданынан тысқары жерге концлагерьге жер аударуға сотталған, жаза мерзімін толық өтеп, 1935 жылы Арал ауданына қайтып келген. Аудандық дайындау конторының бұрынғы бастығы Сүндөвтен (ұсталып кеткен) тұйық байланысының арқасында осы мекемеге жұмысқа тұрған, бұл жерде ол ет тапсырушылардың таразысын үнемі кем өлшеп жегені олардың кеңес органына наразылығын тудырған. 1936 жылы малды жаппай талан-таражға салғаны, ұрлағаны, сойғаны үшін ұсталып, қылмысқа таратылған, түрмеде қамауда 6-ай отырып, өзінің айлакер-бауқеспелігін айыбын басқа біреуге жауып, қамаудан босанып кеткен.

Айнабеков Айғара «Көгертү» артелінің мүшесі болып тұрған кезінде тұрғындар арасында колхозшыларды көшуге шақырған, оларды ауылшаруашылық артелінің Уставын қабылдамауға үгіттеген және де колхозшыларды «а/ш артелінің Уставына көшкен жағдайда, кеңес өкіметі малдарынды тартып алады», — деп қорқытқан. Соғыс, аштық, кеңес азаматтарының нашар тұрмыс жағдайы туралы және алдағы соғыста кеңес өкіметінің құлайтыны туралы провокациялық лақаптар таратқан. Мәселен, сол жылғы маусым айында Айнабеков Ержановқа: «артельде колхозшылар аштан өледі, оған да артельге көшпе керек, артельге көшкеннен кейін барлық мал қоғамдастырылады, оны кеңес өкіметі тағы төркілейді» — деген. Қыркүйек айында Нұрбаев пен Ерәлиевтің қатысуында Айнабеков: «Ал енді соғыс басталды, барлық мал соғыстың мүддесіне кетеді, колхозшылар содан кейін малсыз қалады, содан соң ашығады, кеңес өкіметіне мал бергенше, оны сойып, етін өзіміз жеуіміз керек, кеңес өкіметі соғыста жеңіледі, сондықтан шаруашылық-саяси науқанды орындамау керек, одан да колхоздан басқа республикаға көшкен жақсы», — деген. Кеңестердің сайлауына дайындық мәселесі бойынша Айнабеков: «Бізге кеңестердің сайлауы керек емес, колхозшыларға оның ешқандай пайдасы жоқ, сондықтан мен сайлаудан тысқары қалып, «аш құлақтан тыныш құлақ» көшіп кеткенді ұнатамын, мен өз бетімше жақсы тұрамын, басқа колхозшылар менен үлгі алсын» — деген. Бұл сияқты контрреволюциялық әрекеттерді бай Айнабеков үнемі жүргізген. «Көгертү» артелінің бастаушы комсомол ұйымының Айнабековты контрреволюциялық әрекеттері үшін қылмысқа тарту туралы қаулысы бар. Осы қылмысы үшін Айнабеков Айғара Арал аудандық НКВД бөлімінің 1937 жылғы 20 қазадағы қаулысымен тұтқынға алынып, қылмыстық іс қозғалған.

Тергеу ісі аяқталып, айыптау қорытындысы шығарылған, оны Арал аудандық НКВД бөлімінің бастығы бекіткен.

Ақтөбе облыстық НКВД Басқармасының жанындағы Үштіктің 1938 жылғы 4 қарашадағы қаулысымен Айнабеков Айғара 10 жылға еңбек түзету лагеріне сотталған.

Айнабеков Айғара сотталғаннан кейін Амурдағы Комсомольск қаласындағы НКВД-ның Нижне-Амурск лагеріне айдалған.

Қызылорда облыстық прокуроры орынбасарының 1989 жылғы 7 тамыздағы қорытындысымен Айнабеков Айғара СССР Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1989 жылғы 16 қаңтардағы жарлығының негізінде толық ақталған.

МӘЖІЛІС ХАТ

1937 жылғы 21 қазан күні «Көгертү» колхозының жанындағы комсомол ұйымының бас қосқан жиылысы болды.

Қатысқан комсомол мүшелері — 6 адам.


Күн тәртібіндегі мәселе:

Фашизмнің агенті ретінде әлеуметтік-жат элементтермен күресу жайлы комсомолдар жарыс сөзге шығып, сөйлегеннен кейін комсомол мүшелері болып төмендегіге келеміз.

Қаулы: *Айнабеков Айғара* 31-жылы ет салығын орындамағаны үшін оның мал-мүлкі тәркіленген және үкіметтен қашып жүріп ұсталып, айдалып кеткен. Сонан кейін 1935 жылы қайтып келіп үкіметке қарсы пиғылын жасырып жүрген. Ол Сүндетовпен бірігіп үкімет малын өздері пайдаланып, оны етке өткіздік, деп жалған ордермен ет сатқан. Сонымен қатар колхоздың түрлі жұмыстарына кедергі жасаған. Айнабековтың туысканы Елкебаев Өмірзақ бұрын ата-тегінен келе жатқан атакты бай болған, оны да үкіметке қарсы адам деп табамыз.

Ендігі жерде комсомол мүшелері болып тап қырағылығын күшейтіп, жау элементтердің тамырын құртамыз деп уәлемізді береміз.

Жиылыс ағасы: *(ЕРЖАНОВ)*.
қолдары бар
хатшысы: *(ӨТЕШЕВ)*.



АКИМОВ Иван Михайлович родился в 1896 году в д. Касимовки, Чертенской волости, Массальского уезда, Калужской губернии, русский, гр-н СССР, образование начальное, беспартийный, до ареста проживал на станции Саксаульская, дом 13 кв. 32, работал товарным кассиром товарной конторы.

Он обвиняется в том, что проживая на территории Манчжурии, состоял в бе-

лоэмигрантской организации «Союз освобождения России», по заданию которого проводил контрреволюционную пропаганду и распускал среди рабочих клеветнические слухи о скорой гибели СССР, в 1935 году был задержан полицейским Мышениным в качестве японо-разведорганов, и в том же году переброшен в СССР с заданиями шпионско-диверсионного характера. На территории Манчжурии занимался провокационной деятельностью, выдал полиции революционно настроенных советских граждан, которые полицией были арестованы. По прибытии в СССР в 1935 году на ст. Саксаульская установил связь с резидентом японской разведки Хвостовым, через которого вошел в контрреволюционную, шпионскую, диверсионную группу, существовавшую на ст. Саксаульская, проводил сбор шпионских сведений о проходе военных поездов, о политическом настроении рабочих жел. дор. транспорта. Попытался совершить террористический акт над членами советского правительства путем пуска маневрового паровоза на правительственный вагон, стоявший в хвосте поезда № 74, систематически производил задержку товарных поездов, путем срыва пломб и пытался совершить диверсионный акт путем пуска маневрового паровоза на поезд № 74, за что он постановлением ДТО ГУГБ НКВД Оренбургской ж/д. от 9 октября 1937 года арестован и привлечен к уголовной ответственности по ст. 58—4, 6, 8, 9, 11 УК РСФСР.

Постановлением Комиссии НКВД и Прокурора СССР от 20 декабря 1937 года Акимов И. М. осужден к высшей мере наказания — расстрелу.

Определением Военного Трибунала Приволжского Военного Округа от 16 августа 1958 года, Постановлением Комиссии НКВД и Прокурора СССР от 20 декабря 1937 года в отношении Акимова И. М. отменено и дело о нем производством прекращено за отсутствием состава преступления. Протест Военного Прокурора ПРИВО удовлетворен.

Акимов И. М. реабилитирован посмертно.

АКСЕНОВ Михаил Андреевич родился в 1904 году в Татарской Республике, русский, беспартийный, до ареста проживал в гор. Аральске по улице Сталина, 4, работал нормировщиком Сульфаттреста, в 1937 году 23 декабря осужден постановлением Тройки при УНКВД по Актыбинской области к высшей мере наказания — расстрелу, реабилитирован 15 мая 1989 году.

АЛДАБЕРГЕНОВ Нұрназар № 8 Қарақұм ауылдық кеңесінде 1888 жылы туған, ірі бай-саудагер болған, шала сауатты, партияда жоқ, белгілі жұмыс орны болмаған, 1929 жылы мал-мүлкі тәркіленген, 1930 жылы міндетті салықты төлемегені және кеңес өкіметіне қарсы үгіт жүргізгені үшін Арал аудандық халық соты арқылы 5 жылға бас бостандық еркінен айыруға сотталған, Қарақұм көтерілісіне қатысқан, үйленген, әйелі — Бибіқатша, балалары — Жылқайдар, Шәрипа, Малқайдар, Мерекелі. Тұтқынға алынғанға дейін Ақирек ауылдық кеңесінде тұрған.

Алдабергенов Нұрназар Қарақұм көтерілісі талқандалғаннан кейін тұтқынға алынудан қашып, Орынбор қаласына барып жасырынып, саудагершілікпен айналысқаны үшін Орынбор қалалық халық соты 2

жылға бас бостандық еркінен айыруға соттаған, одан босанып шыққаннан кейін № 8 ауылға қайтып келіп, Қарақұм және Ақирек ауылдық кеңестерінің территориясында жүріп, жұмысшылар мен колхозшылардың арасында үнемі колхоз құрылысын құлатуға, кеңес өкіметінің шараларына қарсы бағытталған контрреволюциялық үгіт таратумен айналысқан және соғыс, аштық туралы провокациялық лақаптар таратқан.

1937 жылы Алдабергенов колхозшылар арасында ашықтан ашық серіктестіктердің а/ш артелінің Уставына көшуіне қарсы шығып: «артелден қазақ халқына келетін ешқандай пайда жоқ», — деп уағыздаған.

Осы қылмысы үшін Алдабергенов Нұрназар Арал аудандық НКВД бөлімінің 1937 жылғы 17 қарашадағы қаулысымен тұтқынға алынып, қылмыстық іс қозғалған.


Тергеу ісі аяқталып, айыптау қорытындысы шығарылған. Арал аудандық НКВД бөлімінің 1937 жылғы 23 қарашадағы қаулысымен Алдабергенов Нұрназарды айыптаған тергеу ісі Ақтөбе облыстық НКВД Басқармасы жанындағы үштіктің қарауына жіберілген.

Ақтөбе облыстық НКВД Басқармасы жанындағы үштіктің 1937 жылғы 25 қарашадағы қаулысымен Алдабергенов Нұрназар 10 жылға еңбек түзету лагеріне сотталған.

Қызылорда облыстық прокуроры орынбасарының 1989 жылғы 22 мамырдағы қорытындысымен Алдабергенов Нұрназар СССР Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1989 жылғы 16 қаңтардағы жарлығының негізінде толық ақталған.

АЛДАЖАРОВ Молдабай Райым ауылдық кеңесі, «1 Мамыр» колхозының Райым елді мекенінде 1917 жылы туған, негізі кедей, білімі орта, 1935 жылдан БЛКЖО мүшесі, қылмыстық іске байланысты комсомол қатарынан шығарылған, бұрын сотты болмаған, үйленбеген.

Алдажаров Молдабай 1936 жылға дейін Қызылорда қаласындағы педагогикалық жұмысшылар факультетінде (рабфак) оқыған, одан кейін Арал ауданының Қамысты бас балалар үйінде тәрбиеші болып жұмыс істеген. 1936 жылдың қараша айынан Армия қатарына шақырылғанға дейін Қамысты бастағы орталау мектепте, одан кейін Санақ стансасындағы мектепте мұғалім болып жұмыс істеген. Арал АӘК арқылы 1939 жылдың 24 қазанында әскер қатарына алынған. 1941 жылдың шілде айында 340 АП құрамында Смоленск бағытындағы соғысқа қатысқан. 1941 жылдың 3 қазанында Драгобыч қаласының маңындағы шайқаста немістердің тұтқынына түскен. 1942 жылдың маусым айына дейін Баранович облысының Лесная стансасындағы әскери тұтқындардың лагерінде болған, одан кейін Польшаның Легионо-



во жеріне ауыстырылған және немістердің құрған «5 Түркістан легионына» қатардағы жауынгер болып тіркелген, бұл легион неміс армиясының құрамына кірген. 1942 жылдың қыркүйек айында Алдажаров неміс армиясының антын алған, содан кейін оны Қызыл Армияға қарсы соғысу үшін майданға жіберген. 1942 жылдың 16 желтоқсанында Богучар қаласының маңындағы ұрыста неміс армиясы талқандалғаннан кейін Алдажаров өз еркімен Қызыл Армияның тұтқынына түскен.

Алдажаров Молдабай Тамбов облыстық НКВД Басқармасының 1943 жылғы 23 ақпандағы қаулысымен тұтқынға алынып, РСФСР ҚК-ның 58 бабының № «б» тармағымен қылмыстық іс қозғалған.

Тергеу ісі 1943 жылдың 19 наурызында аяқталып, айыптау қорытындысы шығарылған, Тамбов облыстық НКВД Басқармасының бастығы сол жылғы 17 сәуірде және осы облыстық әскери прокуроры көмекшісінің 19 сәуірдегі қорытындысымен бекітілген.

СССР НКВД-ның жанындағы Ерекше Мәжілісінің 1943 жылғы 29 мамырдағы қаулысымен Алдажаров Молдабай 8 жылға еңбек түзету лагеріне сотталған. Алдажаров Молдабай НКВД-ның Тамбов Воркутлагына 1943 жылдың 10 маусымында айдалған.

Қызылорда облыстық прокуроры орынбасарының 1989 жылғы 7 қыркүйектегі қорытындысымен Алдажаров Молдабай СССР Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1989 жылғы 16 қаңтардағы жарлығының негізінде толық ақталған.

АЛЕНИЧЕВ Федор Степанович родился в 1881 году в Алпатовском районе, Московской области, русский, образование среднее, до ареста проживал на станций Саксаульская, работал начальником дистанций пути, осужден Военной коллегией Верховного Суда 8 февраля 1938 года к высшей мере наказания — расстрелу, реабилитирован 28 июня 1954 года.

АМАНОВ Иса Арал ауданының № 5 ауылдық кеңесінде 1892 жылы туған, кейін № 8 ауылдық кеңесі «Аралқұм» колхозында тұрған, руы «Сары», ірі бай-феодал болған, жалшы ұстаған, шала сауатты, партияда жоқ, бұрын сотталған, үйленген, әйелі — Тұрсын, баласы — Майжат, қызы — Жамиса.

Аманов Исаның 1930 жылы мал-мүлкі тәркіленген, сайлау-сайлау құқықын айырылған. Сол жылы мемлекеттік тапсырманы орындамағаны үшін 5 жылға бас бостандық еркінен айыруға сотталған, бірақ жаза мерзімін толық өтемей қашып, Арал аудандық № 8 кеңесінде жасырып жүрген. 1931 жылы кеңес өкіметіне қарсы Асан көтерілісіне белсене қатысқан, сонымен бірге Азамат соғысы кезінде кеңес өкіметіне қарсы қолчактың ақ армиясына белсене қатысқан, оларға ат-көлігімен, азық-түлікпен көмек көрсеткен.

Аманов кеңес өкіметіне қарсы жат пиғылды болып, № 5, 8, 9 ауылдардың колхозшылары арасында колхоз құрылысына, партия мен үкіметтің шараларына қарсы контрреволюциялық үгіт жүргізген: «колхозға кірудің керекі жоқ, өйткені ол уақытша ұйым, қазақ халқына жамандықтан басқа ешқандай жақсылық бермейді, уақыты келгенде кеңес өкіметі колхоздың барлық мал-мүлкіні тәркілейді, ал қазақтар аштан өледі, сондықтан кеш қалмай колхоздан шығу

керек, сонда мал-мүлік аман сақталып қалады» — деп уағыздаған.

Жоғарғы Кеңес сайлауы науқанына қарсы үгіт жүргізіп: «Сайлауға қатысудың қажеті жоқ, егер қатысқан жағдайда дауыс бермей, ұранға бос қағазды сала салу керек, коммунистер бос дауысты санап жатсын», — деп келемеждеген.

Осы қылмысы үшін Аманов Иса Арал аудандық НКВД бөлімінің 1937 жылғы 20 қарашадағы қаулысымен тұтқынға алынып, қылмысты іс қозғалған. Тергеу ісі аяқталып, айыптау қорытындысы шығарылған, оны Арал аудандық НКВД бөлімі 1937 жылғы 25 қарашада бекіткен.

Ақтөбе облыстық НКВД Басқармасының жанындағы үштіктің 1937 жылғы 6 желтоқсандағы қаулысымен Аманов Иса 10 жылға еңбек түзеу лагеріне сотталған.

Қызылорда облыстық соты Президиумының 1988 жылғы 16 желтоқсандағы қаулысымен Ақтөбе облыстық НКВД Басқармасының жанындағы үштіктің 1937 жылғы 25 желтоқсандағы Аманов Иса жөніндегі қаулысы бұзылып, оның әрекетінде қылмыс белгісі болмағандықтан ісі қысқартылған.

Облыстық прокурордың наразылығы қанағаттандырылған.

АПАРКИН Михаил Петрович родился в 1898 году в Куйбышевской области, русский, беспартийный, до ареста проживал в гор. Аральске, работал плотником, за контрреволюционную деятельность арестован 3 июля 1941 года, но не осужден, реабилитирован 26 июля 1941 года.

АРТЕМЕНКО Николай Захарович родился в 1909 году в г. Харбине, Сев. Манчжурия, русский, гражданин СССР, образование начальное, беспартийный, до ареста проживал в на ст. Саксаульская, работал паровозным машинистом лезово.



По обвинительному заключению он в 1929 году арестовывался за самозволение с КВЖД. Артеменко являлся участником фашистской, шпионско-диверсионной, террористической организации, агентом японской разведки. В 1934 году завербован в качестве секретного со-

трудника японской разведки, белоземгрантом Ивановым, по заданию которого проводил активную провакаторскую работу. Выдал полиции революционно настроенных советских граждан. В 1935 году переброшен на территорию СССР с заданиями шпионского и диверсионного характера. По прибытии на станцию Саксаульская установил связь с резидентом японской разведки Ситек, через которого вошел в шпионскую, диверсионную и вредительскую группу, существовавшую на ст. Саксаульская. Собирал и передавал Ситек шпионские сведения, выводил из строя паровозы и создавал замешательство в движении поездов, путем умышленного выплавле-

ния подшипников и расстройств дымогарных и жаровых труб, за что он постановлением ОДТО ГУГБ НКВД ст. Казалинск от 10 октября 1937 года арестован и привлечен к уголовной ответственности по ст. ст. 58—4, 6, 9, 11 УК РСФСР.

Постановлением Комиссии НКВД и Прокурора СССР от 20 декабря 1937 года Артеменко Николая Захарович осужден к высшей мере наказания — расстрелу. Приговор приведен в исполнение 27 декабря 1937 года.

Определением Военного Трибунала Южно-Уральского Военного Округа от 10 ноября 1957 года Постановлением Комиссии НКВД и Прокурора СССР от 20 декабря 1937 года в отношении Артеменко Николая Захаровича отменено и дело о нем дальнейшим производством прекращено за отсутствием состава преступления.

Артеменко Н. З. реабилитирован посмертно.

АРЫСТАНОВ Баймағамбет Арал ауданының № 11 ауылында 1873 жылы туған, кейін Қазалы ауданының № 17 ауылында тұрған, бай болған, малшы, сауаты бар, партияда жоқ, 1928 жылы сот арқылы мал-мүлкі төркіленген.

Арыстанов Баймағамбет 1930 жылы Асан қаракшыларының көтерілісіне белсенді түрде қатысқан, қарақшылар көтерілісі талқандалғаннан кейін Қарқалпақ территориясында жасырынып жүрген, одан Қазалы ауданына 1933 жылы қайтып келіп жеке малшылықпен айналысқан, ол жұртшылық арасында контрреволюциялық фашистік үгіт жүргізіп, соғыс туралы жауыздық хабарлар таратқан, колхозшыларды колхоздан шығып, басқа аудандарға көшуге үгіттеген. Сол қылмысы үшін ол Қазалы аудандық НКВД бөлімінің 1937 жылғы 15 тамыздағы қаулысымен тұтқынға алынып, қылмыстық іс қозғалған. Оңтүстік Қазақстан облыстық НКВД Басқармасы жанындағы үштіктің 1937 жылғы 27 қыркүйектегі қаулысымен Арыстанов Баймағамбет ең жоғары жаза — ату жазасына сотталған, үкім сол жылы 8 қазанда орындалған.

Қызылорда облыстық соты Президиумының 1959 жылғы 31 наурыздағы қаулысымен Оңтүстік Қазақстан облыстық НКВД Басқармасы жанындағы үштіктің 1937 жылғы 27 қыркүйектегі Б. Арыстанов жайлы қаулысы бұзылып, тағылған айыптын анықталмағаны үшін іс өндірістен қысқартылған. Облыстық прокурордың наразылығы қанағаттандырылған. Қызылорда облыстық прокурордың 1997 жылғы 13 мамырдың қортындысымен Б. Арыстанов Қазақстан Республикасының «Жаппай саяси қуғын-сүргін құрбандарына ақтау туралы» 1993 жылғы 14 сәуірдегі заңының негізінде толық ақталған.

АФАНАСЬЕВ Борис Петрович родился в 1905 году в гор. Куйбышеве, русский, беспартийный, до ареста проживал в гор. Аральске, за контрреволюционную деятельность арестован и привлечен к уголовной ответственности, решением тройки НКВД осужден, в 1938 году решение тройки отменено, реабилитирован 20 января 1944 года.

АХМЕДОВ Хасьян Кадырович родился в 1905 году в гор. Астрахани, до ареста проживал в гор. Аральске, работал завскладом, осужден Особым Совещанием при НКВД СССР 13 августа 1935 года на 3 года, реабилитирован 11 августа 1990 года.

АХТЫРСКИЙ Виктор Пантелеймонович родился в 1908 году в гор. Харькове, украинец, беспартийный, образование среднее, до ареста проживал в Аральском районе, работал начальником электростанции пос. Аралсоль, за контрреволюционную деятельность осужден Кызылординским облсудом 22 июня 1944 года на 10 лет лишения свободы, реабилитирован 28 апреля 1990 года.

АЯҒАНОВ Бейсенбай Арал ауданының № 8 Қарақұм ауылдық кеңесінде 1894 жылы туған, бай болған, 1931 жылы мал-мүлкі төркіленген, партияда жок, шала сауатты, 1931 жылы 5 жылға сотталған, түрмеден қашып шыққан, қарақшылардың қатарына қосылып, колхозшыларды тонау кезінде 9-ауылдың бір адамы қаза тапқан, сол үшін 1933 жылы екінші рет 3 жылға сотталған, мерзімін өтеп келгеннен кейін ол кеңес үкіметіне қарсы контрреволюциялық өрекетпен айналысқан, ашаршылық жөнінде жауыздық хабарлар таратып, колхозшыларды ет тапсыру жөніндегі мемлекеттік тапсырманы орындамауға ашықтан-ашық шақырған. Арал аудандық НКВД бөлімінің 1937 жылғы 17 шілдедегі қаулысымен тұтқынға алынып, қылмыстық іс қозғалған. Ақтөбе облысы НКВД Басқармасы жанындағы үштіктің 1937 жылғы 26 тамыздағы қаулысымен ең жоғары жаза — ату жазасына сотталған, үкім 1937 жылғы 1 қыркүйекте сағат 3-те орындалған.

1989 жылғы тамыздың 7 күні облыстық прокурор өзінің қорытындысымен Аяғанов Бейсенбай оның өрекетінде қылмыстың белгісі болмағандықтан мүлдем ақталған.



ӘДІЛБАЕВ Жұбатқан Сексеуіл стансасында 1921 жылы туған, кейін Жаңа Қазалы стансасында тұрған, білімі 2 класс, партияда жок, Отан соғысына 211 АД, 894 АП, 1 бат. 2 рота құрамында жауынгер ретінде 1942 жылдың қаңтар айынан қараша айына дейін қатысып, жау жағына өз еркімен өтіп кеткен, немістер жағында 1942 жылдың қараша айынан 1945 жылдың мамыр айына дейін болып, «Түркістан легионында» қызмет жасаған, онда ол: «Неміс командованиясына адал қызмет жасаймын», — деп ант алған. Қызыл Армияға қарсы ұрысқа белсенді қатысып, осы ұрыстардың бірінде жарақат алады, 211 АД-ның әскери прокурорының санкциясымен Әділбаевқа қашқын ретінде бүкілодақтық іздеу жарияланады. Ол сатқын есебінде айыпталып, Қызылорда облыстық МГБ Басқармасы 2 бөлімінің 2 бөлімшесінің 1946 жылғы 10 қыркүйектегі қаулысымен тұтқынға алынып, РСФСР ҚК-ның 58 бабының 1 «б» және 58—11 тармақтарымен қылмыстық іс қозғалған.

Түркістан Әскери Округінің Әскери Трибуналының 1946 жылғы 17 желтоқсандағы ұйғаруымен істегі материалдар жеткіліксіз болғандықтан Әділбаевты айыптаған, ісі Түркістан Әскери Округінің Әскери прокурорына толық тексеруге қайтарылған.

Қызылорда облыстық МГБ Басқармасының тергеу бөлімшесінің 1947 жылғы 4 ақпандағы қаулысымен

Әділбаевты айыптаған іс бойынша оның айыпты екенін анықтайтын істегі жинақтаған материалдардың жеткіліксіздігінен тергеу ісі тоқтатылып, қамаудан босатылған.

Қызылорда обыстық прокурордың 1997 жылғы 13 мамырдағы қорытындысымен Әділбаев Жұбатқан Қазақстан Республикасының «Жаппай саяси қуғын-сүргіндер құрбандарын ақтау туралы» 1993 жылғы 14 сәуірдегі заңының негізінде толық ақталған.



БАЖАНОВ Александр Степанович родился в 1892 году в Терекской области, Грузинской ССР, русский, беспартийный, до ареста проживал в Аральском районе, работал в рыбзаводе «Бугуль», за контрреволюционную деятельность осужден тройкой при УНВД по Актыбинской области 20 ноября 1937 года на 10 лет лишения свободы. Реабилитирован 15 сентября 1989 года.

БАЙБОЛОВ Жанас Арал ауданының № 17 ауылдық кеңесінде 1873 жылы туған, молда-ишан болған, мешіт ұстаған, арабша сауатты, партияда жок, Октябрь ауылдық кеңесі, «Даки» серіктестігінің мүшесі, осы ауылда тұрған, бұрын сотты болмаған, үйленген, әйелі — Рысты, баласы — Таужан, қызы — Бұлбұл.

Байболов Жанас 1930 жылы байлардың мал-мүлкін төркілеу кезінде қуғын-сүргіннен бас сауғалап жүрген. Контрреволюциялық-панисламдық ұйымның мүшесі болып, осы ұйымның басшыларының бірі Байшораев Баймағамбетпен байланыс жасап, Арал ауданында белсенділікпен контрреволюциялық жұмыс жүргізген. Мәселен, 1937 жылдың тамыз айының басында молда Байболов колхозшылардың қатысуымен ашықтан-ашық кеңес медицинасының беделін түсірген: «Кеңес дәрігерлеріне көрінудің қажеті жок, бөрібір олардан келетін ешқандай пайда жок, онан да молданың көмегімен емделу керек, олар кез келген ауруды тез емдеп сауықтырады», — деп көпшілікті үгіттеген, оны молда Өтешов қуаттаған. Байболовтың емінен кейін 1937 жылы № 5 ауылда екі адам өлген. Осы қылмысы үшін Байболов Жанас Арал аудандық НКВД Бөлімінің 1937 жылғы қазандағы қаулысымен тұтқынға алынып, қылмыстық іс қозғалған. Тергеу ісі аяқталып, айыптау қорытындысы шығарылған, оны Арал аудандық НКВД бөлімінің бастығы 5 қарашада бекіткен.

Ақтөбе облыстық НКВД Басқармасы жанындағы үштіктің 1937 жылғы 10 қарашадағы қаулысымен Байболов Жанас 10 жылға еңбекпен түзету лагеріне сотталған.

Қызылорда Облыстық прокуроры орынбасарының 1989 жылғы 13 қыркүйектегі қорытындысымен Байболов Жанас СССР Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1989 жылғы 16 қаңтардағы жарлығының негізінде толық ақталған.

БАЙДӨУЛЕТОВ Әмірхан № 6 Октябрь ауылдық кеңесінде 1900 жылы туған, өлеуметтік негізі — ірі

бай, шала сауатты, партияда жоқ, сотты болмаған, мал-мүлкін төркілеуден қашып Қарақұмға барып тығылған, ол жерде барлық малын, шаруашылығын құртып № 6 ауылдық кеңеске қайтып келген. Байдәулетовтың әкесі патша тұсында сот болған, әйелі — Несібелі, қызы — Базар.


Айыптау қорытындысы бойынша Байдәулетов Кеңес үкіметінің қас жауы ретінде колхоз құрылысын бүлдіру, күйреуге және колхозшылардың тұрмыс-жағдайын нашарлатуға бағытталған контрреволюциялық әрекеттер жүргізген, колхозшыларды кеңес үкіметіне, партия мен үкімет басшыларына қарсы күрес жүргізуге үгіттеген. Октябрь атындағы колхоздың төрағасының орынбасары болып тұрғанда Байдәулетов колхозшыларды ауылшаруашылық артелінің Уставына көшпегуе шақырған, егерде сендер ауылшаруашылық артелі уставын қабылдасаңдар, сендердің барлық малдарың қоғамға түсіп кетеді, сендерге еш нәрсе қалмайды, онан да колхоздан шығындар деп үгіттеген. Оның осындай зиянкестік-жауыздық әрекеттері салдарынан колхоздан 6 адам шығып кеткен. Сол үшін Байдәулетов халық жауы ретінде қызметінен босатылып, колхоздан шығарылған. Ол кеңес өкіметі айналаны қоршаған капиталистік елдерден құлайды деп жеңілістік уағыз айтқан және Коммунистік партия мен үкімет басшыларына қарсылығын білдірген. 1937 жылғы тамыз айында Байдәулетов тікелей террорлық және диверсиялық пиғыл көрсеткен, деп айып тағылып, Байдәулетов Әмірхан Арал аудандық НКВД бөлімінің 1937 жылғы 3 қарашадағы қаулысымен тұтқынға алынып, қылмыстық іс қозғалған.

Айыптау қорытындысы бойынша Байдәулетов Әмірханды айыптаған тергеу ісі Ақтөбе облыстық НКВД Басқармасы жанындағы үштіктің қарауына жіберілсін, деп қаулы алынған.

Ақтөбе облыстық НКВД Басқармасы жанындағы үштіктің 1937 жылғы 15 қарашадағы қаулысымен Байдәулетов Әмірхан 10 жылға еңбек түзету лагеріне сотталған.

Қызылорда облыстық прокуроры орынбасарының 1989 жылғы 22 мамырдағы қорытындысы бойынша Байдәулетов Әмірхан СССР Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1989 жылғы 16 қаңтардағы жарлығы негізінде толық ақталған.

БАЙҒАРАЕВ Есбосын — Арал қаласында 1888 жылы туған, кейін Сексеуіл стансасында тұрған, әлеуметтік тегі кулак, молда болған. 1915 жылы Орынбор қаласында татар мектебінің 4 класын бітірген, партияда жоқ, Бекбаулы стансасындағы қазақ мектебінде мұғалім болып жұмыс істеген. Әйелі — Ақкенже, баласы — Қәми, қыздары — Манар, Қазура, Қазына. Байғараев Есбосынның шаруашылығы 1931 жылы төркіленген, сайлау-сайлану құқынан айырылған, қуғын-сүргіннен бас сауғалап қашып жүрген. 1937



жылғы тамыз айында контрреволюциялық диверсиялық байлардың ұлттық тобын ұйымдастырып, 1937—1938 жылдары осы топқа басшылық жасап, өзі темір жол транспортында бірнеше диверсиялық актілер жасаған. 1938 жылдың қаңтар айында поезды күйрету мақсатында Сексеуіл стансасымен Күрлүк аялдамасы арасына реліске шпалдың сынығын қойған, бірақ жол барлаушыларының қырағылығының арқасында поезд күйреуден аман қалған. 1937 жылдың қыркүйек айында вагонның буксысына құм сепкен және автогежуіштің тұтқасын кесіп тастаған. Сол жылғы қараша айында жүргелі тұрған поездың артқы жақтағы кранын екі жерден жауып тастаған, сол жылғы желтоқсан айында 4 автогежуіштің тұтқасын кесіп тастаған және 6 вагонның буксысына құм сеуіп қойған. Сонымен қатар ол үнемі партия мен кеңес үкіметінің шараларына қарсы бағытталған контрреволюциялық үгіт жүргізген. Осы қылмысы үшін ол Қазалы стансасы ОДТОГУГБ НКВД-ның 1938 жылғы 14 сәуірдегі қаулысымен тұтқынға алынып, қылмыстық іс қозғалған.

Орынбор облыстық НКВД Басқармасы жанындағы үштіктің 1938 жылғы 22 сәуірдегі қаулысымен Байғараев Есбосын ең жоғары жаза — ату жазасына сотталған. Үкім 1938 жылғы 26 сәуірде орындалған.

Қызылорда облыстық соты Президиумының 1962 жылғы 18 сәуірдегі қаулысымен Орынбор облыстық НКВД Басқармасы жанындағы үштіктің 1938 жылғы 22 сәуірдегі Байғараев Есбосын жөніндегі қаулысы бұзылып, оның өркетінде қылмыс белгісі жоқ болғандықтан іс мүлдем қысқартылған. Облпрокурордың наразылығы қанағаттандырылған.

БАЙДӘУЛЕТОВ Әмірхан — Арал ауданының № 6 ауылында 1900 жылы туған, контрреволюциялық әрекеттері үшін қамауға алынған, бірақ іс қағаздарында сотталғаны туралы сот үкімі жоқ, 1989 жылғы 22 мамырда ақталған.

БАЕКЕЕВ Әлмағамбет Арал ауданының № 9 ауылында 1901 жылы туған, шала сауатты, партияда жоқ, қамауға алынғанға дейін осы ауылда тұрған, серіктікте малшы болып жұмыс істеген, контрреволюциялық әрекеттері үшін Ақтөбе облыстық НКВД Басқармасының жанындағы үштіктің 1937 жылғы 6 желтоқсандағы қаулысымен 10 жылға бас бостандық еркінен айыруға сотталған. 1988 жылғы 30 желтоқсанда ақталған.

БАЙЖАНОВ Шерман Арал ауданының № 10 ауылында 1879 жылы туған, молда болған, арабша сауатты, партияда жоқ, жұмыс істемеген, 1931 жылы молда-бай ретінде 5 жылға бас бостандық еркінен айыруға сотталған, кейін осы ауданның Бөген ауылында тұрған, үйленген, әйелі — Кабира, қыздары — Фариза, Разия, ұлдары — Зимадин, Нұртуған.

Байжанов Шерман кеңес үкіметіне қарсы жат пиғылда болған, ол бұрынғы бай молдалармен, Бөген аралындағы өшкереуленген контрреволюциялық ұлтшылдық топ мүшелерімен, кейін халық жауы болып тұтқынға алынған Аймағамбетов Тәжімбет, Мерекбаев, Исаев Дәрібай, Ізмағамбетов, Досбаев, Арналиев, Байболов, Бақтыбергендермен тығыз байланыс жасап, солардың тапсырмасымен партия

мен үкіметтің жүргізіп жатқан шараларына қарсы колхозшылар арасында контрреволюциялық, жеңілістік үгіт жүргізген. Ол колхозшыларды серіктестіктердің ауыл шаруашылық артелінің ұстаына, балық аулау жоспарын орындамауға, еңбек тәртібін бұзуға, кеңес заңын бұрмалауға шақырған. Байжанов Бөген аралында жүріп тұтқындарды контрреволюциялық, ұлтшылдық топқа материалдық, практикалық көмек көрсетуге үгіттеген, соның нәтижесінде колхозшылар және кейбір жеке бригадирлер балық аулау жоспарын орындаудың орнына ауланған балықты жерге көмген. Байжанов Шерман елдің арасында кеңес заңын бұрмалап: «Кеңес үкіметі серіктестіктердің ауыл шаруашылық артелінің ұстаына көшіру жөнінде дұрыс саясат жүргізіп отырған жоқ, онымен еш уақытта ауыл шаруашылығын нығайта алмайды, керісінше колхоздарды құлатады, жекелердің малдарын алып, қараңғы, қаналған қазақтарды аштықтан өлтіргісі келеді»,— деп үгіт таратқан. Байжановтың осы үгітінен кейін колхозда малды жаппай қырып, Қазалы, т.б. аудандарға көшу басталған.

Байжанов Сталиндік Конституцияны жамадап, колхозшыларға: «Кеңес үкіметі жалған қаулылармен сендердің бастарыңды айналдырды, ал енді халықтың сеніміне кіру үшін жалған саясатпен қағаз жүзінде заң шығарды, онда халыққа көп құқық пен еркіндік беру көзделген, ал іс жүзінде орындалып отырған жоқ, кеңес үкіметінде демократия кең тараған ел деп айту үшін шетел мемлекеттеріне өдей істеп отыр»,— деген. Ол колхозшылар арасында соғыс және аштық туралы провокациялық лақаптар таратып, «Кеңес үкіметі еңбекшілерді аштыққа ұшыратып, Испания республикасына материалдық көмек көрсетіп, азық-түлік жіберіп жатырмыз»,— деп өтірік айтып, оларға қару-жарақ пен адамдар жіберіп жатыр, сөйтіп СССР-дың жағдайын қиындатуда, біз фашистермен кездесуге дайындық жүргізуіміз керек, оларға қосылып, Кеңес Одағын құлату керек»,— деген.

Байжанов Бақтыбергеновтен, Мерекбаевтан, Ізбағамбетовтен тапсырмалар алып, Бөген аралында тұрғындар арасында Жоғарғы Кеңес сайлауы мәселесі бойынша бүлдірушілік жұмыстар жүргізген. Бұның барлығы жалған, алдамыш, қараңғы, түк көрмеген балықшыларды Жоғарғы өкімет органына сайлап, оған жіберуге нанбаңдар, оған тек қана өкімет басында отырған, өзінің мүддесін ойлайтын қарны жуан коммунистер ғана сайланады (бұл жерде ол Сталин, Мологов, Каганович және басқаларды айтып отыр), жасырын дауыс беру ол өзін-өзі алдау деген сөз, үкімет басындағылар көрсетілген мерзімнен, яғни 12 желтоқсаннан бұрын сайланады, сендердің берген дауыстарың далада қалады»,— деп контрреволюциялық үгіт таратқан.

Осы қылмыстары үшін Байжанов Шерман Арал аудандық НКВД бөлімінің 1937 жылғы 21 қарашадағы қаулысымен тұтқынға алынып, қылмыстық іс қозғалған.

Тергеу ісі аяқталып, айыптау қорытындысы шығарылған, оны Арал аудандық НКВД бөлімінің бастығы 1937 жылғы 25 қарашада бекіткен. Ақтөбе облыстық НКВД Басқармасы жанындағы үштіктің

1937 жылғы 30 қарашадағы қаулысымен Байжанов Шерман 10 жылға еңбек түзету лагеріне сотталған. Қызылорда облыстық прокуроры орынбасарының 1989 жылғы 22 мамырдағы қорытындысымен Байжанов Шерман СССР Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1989 жылғы 16 қаңтардағы жарлығының негізінде толық ақталған.

БАЙМАҒАМБЕТОВ Сермағамбет № 7 Сазды ауылдық кеңесі «Жігер» колхозында 1904 жылы туған, руы «төртқара», молданың баласы, сауатты, БК(б)П мүшесі, осы іске байланысты партия қатарынан 1937 жылы шығарылған, бұрын сотты болмаған, қамауға алынғанға дейін № 7 Сазды ауылдық кеңесінің төрағасы болып қызмет атқарған, үйленген, әйелі — Жаным, баласы — Шиман.

Баймағамбетов Сермағамбет 1910 жылдан 1932 жылға дейін Ырғыз ауданының Калинин атындағы колхозында тұрған кезінде Қадыров Ахметжанмен бірлесіп, жауыздық-зиянкестік мақсатпен аудандағы ең ірі колхоздың шаруашылығын күйретіп, құлатқан. Олар өкіметтен көмек ретінде алған 500 бас малды қыстың күні көлден мұз ойып суарып жатқанда қасақана суга батырып өлтірген. Сондай-ақ мал қорасын соғуға алынған қаржыны талан-таражға салғаны үшін Баймағамбетов 1932 жылы 5 жылға бас бостандық еркінен айыруға сотталған. Жаза мерзімін толық өтемеген. Колхоздың екі түйесін алып, Қадыровпен байланыс жасап, кандидаттық партия қарточкесін алып, Арал қаласына қашып кеткен. Арал ауданына келісімен Баймағамбетов Бақтыбергеновпен байланыс жасап, балық аулау-тұтынушылар одағының (рыболов потребсоюз) № 4 ауылдық кеңесіндегі дүкен меңгерушісі болып жұмысқа орналасқан. Ол жерден 5000 сом шығын жасап, жауапкершіліктен қашып кеткен. Одан кейін Әйтекенов (кейін халық жауы болып ұсталып кеткен) арқылы ауылдық кеңес төрағасы қызметіне тағайындалған. Ол осы қызметте жүріп, колхоз құрылысын құлатуға бағытталған жауыздық-зиянкестік жұмыстармен айналысқан. Салық органының беделін түсіру мақсатында Баймағамбетов өз бетінше колхозшыларға заңсыз ет, мал, астық және ақшалай салық салып, олардың барлығын өзі пайдаланып кеткен. Өкіметтен колхозшыларға жәрдем үшін алынған малды дұрыс бөлмеген. Өзінің жеке пайдасына алынған 5 бас малды сойып жеген. Колхозшыларды «Осылы істеңдер», деп үгіттеген. Осындай жауыздық-зиянкестік әрекетінің салдарынан № 7 ауылдық кеңесі бойынша аз ғана уақыттың ішінде 545 бас мал сойылып, еті сатылып кеткен. Оның жауапқа тартылатынын сезіп Бақтыбергенов Баймағамбетовты ұзақ мерзімге жол сапарға (командировкаға) жіберген, ал құртылған малдың жауапкершілігін стахановшыларға аударған.

Баймағамбетов ауылдың әрбір колхоз шаруашылығынан өзінің жеке пайдасына бір-бір қойдан беруді міндеттеген, оны 36 шаруашылық орындаған. Ал жұртшылық арасында контрреволюциялық-ұлтшылдық үгіт жүргізіп, «Қазіргі уақытта орыстардың қазақтарға күш көрсетуі орын алуда»,— деп өзінің наразылық пиғылын білдірген.

Жоғарғы Кеңеске депутаттыққа кандидаттар ұсыну туралы сайлау алдындағы науқан кезінде 6 қараша-

да колхозда 57 адам қатысқан жиналыста колхозшылар ұсынған Ежов пен Дмитриевтің кандидатураларына қарсы шығып сөйлеп, Баймағамбетов барлық жұрттың көзінше: «Мен бұл кандидатураларға қарсымын, кандидаттарды төменнен ұсыну керек, мысалы «мені, неге ұсынбасқа» — деген. 1937 жылдың шілде айының аяғында Баймағамбетов өзінің үйінде екі халық жауын — Бахтыбаев Өуез бен Құлсариевті жасырған. Бұларды ұстауға келген НКВД қызметкерлерін басқа жаққа сілтеп жіберген. 1937 жылдың қараша айында Бірғыз ауданынан қуғыннан қашып келген байға кедейдің анықтама-сын беріп, былай деген: «Тұтқындау тоқтатылғанша жасырынып жүре бер». Осы байдың семьясын сол ауылда тұруға қалдырған. Аудандық партия комитетінің бюросына оның ісін қарау үшін шақырғанда барудан бас тартқаны үшін партия қатарынан шығарылған.

Осы қылмыстары үшін Баймағамбетов Сермағамбет Арал аудандық НКВД бөлімінің 1937 жылғы 24 қарашадағы қаулысымен тұтқынға алынып, қылмыстық іс қозғалған.

Тергеу ісі аяқталып, айыптау қорытындысы шығарылған, оны Арал аудандық НКВД бөлімінің бастығы бекіткен.

Ақтөбе облыстық НКВД Басқармасы жанындағы үштіктің 1937 жылғы 6 желтоқсандағы қаулысымен Баймағамбетов Сермағамбет ең жоғары жаза — ату жазасына сотталған, өзінің жеке мүліктері төркіленген. Бұл үкім 1937 жылдың 9 желтоқсан күні орындалған.

Қызылорда облыстық прокуроры орынбасарының 1989 жылғы 9 маусымдағы қорытындысымен Баймағамбетов Сермағамбет — СССР Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1989 жылғы 16 қаңтардағы жарлығының негізінде толық ақталған.

БАЙМҰХАНОВ Мұхамеджан Қостанай облысы, Қарабалық ауданының № 10 ауылдық кеңесінде 1884 жылы туған, имам-қулак болған, арабша сауатты, партияда жоқ, 1930 жылы мал-мүлкі төркілеп, Арал қаласындағы арнаулы поселкеге жер аударылған, үйленген, әйелі — Сакина, қызы — Бибисара, баласы — Өбдіхалық № 11 ауылдық кеңесі, «Ұзын Қайыр» елді мекенінде тұрған.

Баймұханов Мұхамеджан 1923 жылы Уфа Муфтиі арқылы молда болып тағайындалған, өзінің жеке мешіті болған. Ол контрреволюциялық, панисламдық ұйымның мүшесі, ірі қулак-имам ретінде Уфа муфтиімен тығыз байланыс жасап тұрған. М. Баймұханов кеңес құрылысына жат пиғылда болып, контрреволюциялық жауыздық-зиянкестік жұмыстар жүргізген, ол негізінен колхоз құрылысын және колхозшылардың тұрмысын әлсіретуге әрекет жасап, тұрғындар арасында кеңес медицинасының беделін түсіруге провокациялық лақаптар таратқан. Ол тұрғындар арасында жаңа мешіт құрылысын салу үшін үнемі үгіт жүргізген. Аралдың арнаулы поселкесіне келгеннен кейін ол 1931 жылдың басында жер аударылған молда Смағұлов Серкенмен бір мәжілісте тұрғындар арасында бірігіп контрреволюциялық әрекеттер жасауға келіскен. 1935 жылдың аяғында Смағұлов пен Баймұханов өздерінің контрреволюциялық ұйымына молда Нұрпейсов

Әлжанды тартқан. Өздерінің контрреволюциялық-жауыздық жұмыстарын жүргізу үшін бұл молдалар Смағұлов пен Нұрпейсовтың үйлерінде жасырынқұпия жыйндар өткізген. Бұл жауыздық жұмыстарына дінді пайдаланған. Мәселен, 1937 жылдың наурыз айында Баймұханов Мұхамеджан молдалармен Мамық деген әйелдің намазында 250-дей колхоз мүшелерін көктемгі балық аулау науқаны қызу жүріп жатқан кезінде 2 тәулік жұмыстан қалдырып, колхоздың балық аулау өндірістік жоспарын бұзған. Баймұханов № 11 ауылдық кеңесінде тұрған кезінде үнемі науқастанғандарды емдеумен айналысқан, қолдан дәрі жасап, оны өртүрлі түсті химия қаламымен бояған. «Медфельдшер Матвеевтің берген дерісінен сендерге ешқандай пайда жоқ», — деп өртүрлі провокациялық лақаптар таратқан, өзінің ауруларға көрсеткен қызметі үшін пара-садақа алған. Сол жылғы сәуір айында молда Нұрпейсовтың үйінде молдалар Смағұлов, Баймұханов, Өтепбергеновтердің құпия мәжілісі болып, Нұрпейсов Әлжанға тұрғындардан жаңа мешіт құрылысын салуға қаржы жинайсың деп тапсырма берілген. Осы қылмыстары үшін Баймұханов Мұхамеджан Арал аудандық НКВД бөлімінің 1937 жылғы 16 қыркүйектегі қаулысымен тұтқынға алынып, қылмыстық іс қозғалған.

Тергеу ісі аяқталып, айыптау қорытындысы 5 қарашада шығарылған, оны Арал аудандық НКВД бөлімінің бастығы сол күні бекіткен.

Ақтөбе облыстық НКВД Басқармасы жанындағы үштіктің 1937 жылғы 10 қарашадағы қаулысымен Баймұханов Мұхамеджан 10 жылға концлагерьге сотталған.

М. Баймұханов сотталғаннан кейін СССР НКВД-ның Волгалагына Ярослав облысы, Рыбинск гидроузельна 1937 жылдың 23 желтоқсанында айдалып келген.

Қызылорда облыстық НКВД Басқармасының тергеу бөлімшесінің 1940 жылғы 25 шілдедегі қаулысы бойынша Ақтөбе облыстық НКВД Басқармасы жанындағы үштіктің 1937 жылғы 10 қарашадағы Баймұханов жөніндегі қаулысын дұрыс деп тауып, шағым арызын нәтижесіз қалдырған.

Баймұханов Мұхамеджан Ярослав облыстық КГБ Басқармасының хабарлауы бойынша Волголакта Рыбинск гидроузельінде 1942 жылдың 3 қаңтар күні қайтыс болған.

Қызылорда облыстық прокуроры орынбасарының 1989 жылғы 22 мамырдағы қорытындысымен Баймұханов Мұхамеджан СССР Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1989 жылғы 16 қаңтардағы жарлығының негізінде толық ақталған.

БАЙСАЛБАЕВ Жүбекеш жұбақшы Арал ауданының № 10 ауылында 1872 жылы туған, сауатсыз, партияда жоқ, қамауға алынғанға дейін осы ауылда тұрған контрреволюциялық-ұлтшылдық ұйымға мүше болып, жауыздық-зиянкестік жұмыстар жүргізгені үшін Ақтөбе облыстық НКВД Басқармасының жанындағы үштіктің 1937 жылғы 20 қарашадағы қаулысымен 10 жылға бас бостандық еркінен айыруға сотталған. 1989 жылғы 18 қаңтарда ақталған.

БАЙШОРАЕВ Аймағамбет Арал ауданының № 5 ауыл Мергенсай ауылдық кеңесінде 1871 жылы ту-

ган, сауаты бар, партияда жоқ, жұмыс істемеген, молда-ишан болған, жеке мешіт ұстаған, 1930 жылы мал-мүлкі төркіленген, өзі қуғын-сүргіннен қашып бас сауғалап жүрген, контрреволюциялық, панисламистік, троцкистік-шпиондық ұйымның мүшесі болып кеңес үкіметіне қарсы элементтерді контрреволюциялық ұйымға тартумен айналысқан, контрреволюциялық үгіт жүргізген, жауыздықпен Мирзоян атындағы колхоздың қоймасын өртеген. Арал аудандық НКВД бөлімінің 1937 жылғы 2 қазандағы қаулысымен тұтқынға алынып, қылмыстық іс қозғалған. Ақтөбе облыстық НКВД Басқармасы жанындағы үштіктің 1937 жылғы 19 қазандағы қаулысымен ең жоғары жаза — ату жазасына сотталған Үкімі 1937 жылғы 29 қазанында орындалған.

Қызылорда облыстық прокурорының 1989 жылғы қорытындысымен Байшораев Аймағамбеттің әрекетінде қылмыстың белгісі болмағандықтан мүлдем ақталған.

БАЙШОРАЕВ Сүндет — № 5 Мергенсай ауылдық кеңесі «Мирзоян» атындағы колхозда 1904 жылы туған, ірі бай-молданың баласы, білімі бастауыш, партияда жоқ, балықшы, 1931 жылы РСФСР ҚК-ның 61 бабының 1 тармағымен мал-мүлкі төркіленген, үйленген, әйелі — Қарашаш.

Байшораев Сүндет контрреволюциялық-панисламдық ұйымға мүше болып, оның кеңес өкіметіне қарсы әрекетіне белсене қатысқан. Мергенсай ауылдық кеңесінде бұл ұйымға Көпжасаров Аман, Маханов Кемал, Смағұлов Ахмет, Байшораев Аймағамбет (Сүндеттің әкесі) тағы басқалар кірген. Байшораев Сүндет осы ұйымның тапсырмасымен колхозшылар арасында колхоз құрылысына еңбекшілерді қарсы қоюға, көтеріліске шығаруға бағытталған үгіт жүргізген. «Сталиндік Конституция демократиялық заңға жағпайды, ол халықты алдаушы заң, өйткені онда мешіт салу құқығы берілмеген» — деген. Контрреволюциялық ұйымның тапсырмасымен Байшораев Тәжік ССР-і Сталинабад қаласында тұратын контрреволюциялық-панисламдық ұйымның мүшелері Измамбетовпен және басқалармен байланыс жасаған. 1935 жылғы Байшораев диверсиялық мақсатпен 10000 сом тұратын материалдық заттар тұрған колхоздың қоймасына өрт қойған, колхозшылардың қырағылығы арқасында қойма аман қалған.

Осы қылмысы үшін Байшораев Сүндет Арал аудандық НКВД бөлімінің 1938 жылғы 25 қаңтардағы қаулысымен тұтқынға алынып, қылмыстық іс қозғалған. Тергеу ісі аяқталып, айыптау қорытындысы шығарылған, оны Арал аудандық НКВД бөлімінің бастығы 1938 жылдың 29 қаңтарында бекіткен.

Ақтөбе облыстық НКВД Басқармасының жанындағы үштіктің 1938 жылғы 2 ақпандағы қаулысымен Байшораев Сүндет ең жоғары жаза — ату жазасына сотталған, мал-мүлкі төркіленген.

Қызылорда облыстық прокуроры орынбасарының 1989 жылғы 2 маусымдағы қорытындысымен Байшораев Сүндет СССР Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1989 жылғы 14 сәуірдегі жарлығының негізінде толық ақталған.

БАЛЫМБЕТОВ Сахи Ақтөбе облысының Шалқар ауданында 1907 жылы туған, білімі бастауыш, партияда жоқ, Арал ауданының Қаратерек селосы, Терістүбек учаскесінде тұрған, балықшы, шала сауатты, партияда жоқ, Шевченко атындағы колхозда жұмыс істеген.

Балымбетов Сахи кеңес үкіметіне қарсы партия мен өкіметтің жүргізіп жатқан шараларын жүзеге асырмау үшін үгіт жүргізген, колхозшылар арасында еңбек тәртібін бұзуға, балық аулауға шықпауға әрекет жасаған, соның салдарынан Шевченко атындағы колхоз 1941 жылдың және 1942 жылдың қаңтар айының жоспарын орындай алмаған. Осы қылмысы үшін ол Арал аудандық НКВД бөлімінің 1942 жылғы 15 наурыз-дағы қаулысымен тұтқынға алынып, РСФСР ҚК-ның 58 бабының 10 тармағы 2 бөлімімен қылмыстық іс қозғалған.


Қызылорда облыстық НКВД Басқармасы СПО-ның 1942 жылғы 8 мамырдағы қаулысы бойынша Балымбетов Сахиды айыптау ісі сотқа беруге жеткіліксіз болғандықтан тергеу ісі өндірістен қысқартылып, қамаудан босатылған. Қызылорда облыстық прокурордың 1997 жылғы 13 мамырдағы қорытындысымен Балымбетов Сахи СССР Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1989 жылғы 16 қаңтардағы жарлығы негізінде толық ақталған.

БАНИОНИС Йозис Антонович родился в 1921 году в гор. Каунасе, Литовской ССР, литовец, образование неполное среднее, беспартийный, до ареста проживал в селе «Авань» Аральского района, был рабочим рыбтреста, за контрреволюционную деятельность арестован и постановлением Особого Совещания при НКВД СССР осужден 10 июля 1943 года на 8 лет лишения свободы, реабилитирован 2 ноября 1989 года.

БАРАНОВ Василий Александрович родился в 1883 году, русский, беспартийный, образование начальное, до ареста проживал в гор. Аральске, работал старшим гос. рыбинспектором, за контрреволюционную деятельность арестован и приговором Кызылординского областного суда от 30 июня 1940 года осужден на 10 лет лишения свободы, реабилитирован 24 января 1994 года.

БАРКАЛОВ Павел Алексеевич родился в 1898 году в гор. Астрахани, русский, грамотный, беспартийный, до ареста проживал в гор. Аральске, с 1935 по 1937 год работал директором рыбзавода «Сарбасат», Аральского рыбтреста.

Баркалов П. А. был членом контрреволюционной шпионско-диверсионной организации, за контрреволюционную деятельность постановлением Аральского РО НКВД от 4 января 1938 года арестован и возбуждено уголовное дело по ст. 58—7 УК РСФСР. Приговором судебной коллегии по уголовным делам Кызылординского областного суда от 8—9 июня



1938 года осужден к 15 годам заключения в ИТЛ, поражением в избирательных правах на 5 лет. Определением Судебной коллегии по уголовным делам Верховного Суда Казахской ССР от 27 мая 1960 года приговор Кызылординского облсуда по данному делу отменено и дело в отношении Баркалова П. А. производством прекращено за отсутствием в его действиях состава преступления. Протест прокурора Казахской ССР удовлетворен.

БӘЙІМБЕТОВ Қарабөз Арал ауданының № 17 ауылдық кеңесі, «Марзас» деген жерінде 1892 жылы туған, революцияға дейін ірі бай болған, сауатсыз, партияда жоқ, «Арықбай» колхозының мүшесі, бұрын сотты болмаған, үйленген, әйелі — Афуза, баласы — Жантілеу.

Бәйімбетов Қарабөз ірі бай ретінде қуғын-сүргіннен жасырынып басқа фамилиямен Әйімбетов болып қашып жүрген. 1929—30 жылдары Кеңес өкіметіне қарсы күрескен. Асан қарақшыларының көтерілісіне белсене қатысқан. Ол контрреволюциялық-ұлтшылдық ұйымның басшысының бірі Миревпен тығыз байланыс жасап, колхозшылар арасында үнемі кеңес өкіметіне қарсы контрреволюциялық үгіт жүргізіп келген. Бәйімбетов колхозшылар арасында кеңес өкіметіне қарсы ескі патша құрылысын көксегендік сезімін тудыру мақсатында контрреволюциялық мазмұндағы және ескі патриархалды-монархиялық құрылысты мадақтаған өлеңдер таратқан. Сол үшін арнайы Қазалы, Арал және Жосалы аудандарының ауылдарын аралаған. Өзінің маңайына колхозшыларды топтастырып, олардың арасында ашықтан-ашық жеңілістік үгіт таратқан: «Кеңес өкіметі жақын арада құлауға тиіс, сойтіп монархия қайтадан орнауы керек», — деген. Сонымен бірге СССР-да тұрмыстың нашар екенін, азық-түліктің жоқ екенін өзінше дәлелдеген.

Осы қылмысы үшін Бәйімбетов Қарабөз Арал аудандық НКВД бөлімінің 1937 жылғы 14 тамыздағы қаулысымен тұтқынға алынып, қылмыстық іс қозғалған.

Тергеу ісі аяқталып, айыптау қорытындысы 1937 жылдың 15 қыркүйегінде Ақтөбе қаласында шығарылған.

Ақтөбе облыстық НКВД Басқармасының жанындағы үштіктің 1937 жылғы 15 қыркүйектегі қаулысымен Әйімбетов — Бәйімбетов Қарабөз ең жоғары жаза — ату жазасына сотталған. Бұл үкім 1937 жылғы қыркүйек айында (күні көрсетілмеген) Ақтөбе қаласында орындалған.

Қызылорда облыстық прокуроры орынбасарының 1989 жылғы 6 шілдедегі қорытындысымен Әйімбетов — Бәйімбетов Қарабөз СССР Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1989 жылғы 16 қаңтардағы жарлығының негізінде толық ақталған.

БЕЗМАТЕРИНЫХ Иван Андреевич родился в 1885 году в Охонском уезде, Пермской губерний, осужден тройкой при ОГПУ 13 мая 1933 года на 5 лет, до ареста проживал в гор. Аральске, работал печником на острове «Муйнак», реабилитирован 30 октября 1990 года.

БЕЗРУКОВ Тимофей Федорович родился в 1912 году в селе Репьевка, Новоспасского района, ср. Волжск. края, сын кулака, беспартийный, образование на-

чалное, до ареста проживал в гор. Аральске, работал токарем мех. мастерских Аральского затона госпароходства. Он изобличается в том, что 1(8)—1—35 г. организовал уход с работы смены токарей, чем сорвал работу токарного цеха по выполнению зимнего задания судоремонта, систематически занимался умышленным бракоделием, привел в негодность поршня машины т.х. «Таджик», подшипники машин зем. снаряда «Аральская I-ая», систематически занимался нарушением трудовой дисциплины, разлагал рабочую молодежь, занимался рвачеством, бузотерством, за что постановлением ТОГУГБ при Аральском море от 11 января 1935 арестован и привлечен к уголовной ответственности по ст. 58—14 УК РСФСР. Постановлением распорядительного заседания Актюбинского облсуда от 15 апреля 1935 года в соответствии ст. 4 и 5 УПК дело производством прекращено, он из-под стражи освобожден.


По заключению прокурора Кызылординской области от 28.04.97 г. Безруков Т. Ф. на основании Закона Республики Казахстан от 14.04.93 г. реабилитирован.

БЕЛЕВИЧ Иосиф Павлович родился в 1887 году в Гродненской губерний, Волковицкого уезда, Бискунинской волости, дер. Войтковичи (Польша), поляк, гражданин СССР, грамотный, до ареста проживал на станций Саксаульская, работал дорожным мастером разьезда № 85 Оренбургской жел. дороги. За контрреволюционную деятельность арестован и привлечен к уголовной ответственности по ст. 58—6—9—11 РСФСР, осужден к высшей мере наказания — расстрелу, реабилитирован посмертно.


БЕЛИКОВ Алексей Михайлович родился в 1905 году в селе Домудло, Днепропетровской области, украинец, образование среднее, беспартийный, до ареста проживал в гор. Аральске, был церковной старостой. За контрреволюционную деятельность арестован и привлечен к уголовной ответственности. Приговором Кызылординского областного суда от 1 декабря 1940 года осужден на 10 лет лишения свободы, реабилитирован 15 марта 1990 года.

БЕЛОУСОВ Николай Александрович родился в 1916 году на ст. Удзимихэ КВЖД, сев. Манчжурия, русский, гражданин СССР, образование 6 классов, беспартийный, до ареста проживал на ст. Саксаульская, работал пом. машиниста депо.

По обвинительному заключению он является участником шпионско-диверсионной, террористической



организации, агентом японской разведки. В 1933 году на станции Имянь по КВЖД, войдя в фашистскую организацию, именованную «черное кольцо», по заданию которой до 1935 года вел провокаторскую деятельность на КВЖД, выражавшуюся в выдаче японо-манчжурским властям активных участников нелегальных партийных, профсоюзных и комсомольских организации, которые по его доносам репрессированы полицией. В 1935 году, был завербован в качестве секретного сотрудника разведорганов Японии, агентом этих органов Кравчуком и в том же году переброшен на территорию СССР с заданиями шпионского диверсионного характера. 1935 году по прибытии в СССР установил связь с резидентом японской разведки Логуновым, по указанию которого вошел в состав шпионской, диверсионной группы, существовавшей на ст. Юдино, Казанской жд, а в 1936 году на ст. Саксаульская по указанию резидента японской разведки Ситек с 1935 года по день ареста собрал и передал через резидентов Логунова и Ситек для японской разведки ряд шпионских сведений оборонного значения, проводил диверсионную работу по разрушению паровозного хозяйства. На время военных действий Японии против СССР, имел задание совершить крушение воинских поездов, за что он постановлением ОДТОГУТБ НКВД ст. Казалинск от 9 октября 1937 года арестован и привлечен к уголовной ответственности по ст. ст. 58—4, 6, 9, 11 УК РСФСР.



Постановлением комиссии НКВД и Прокурора СССР от 25 декабря 1937 года Белоусов Николай Александрович осужден к высшей мере наказания — расстрелу.

Определением Военного Трибунала Южно-Уральского Военного Округа от 17 января 1958 года Постановление Комиссии НКВД и Прокурора СССР от 25 декабря 1937 года в отношении Белоусова Николая Александровича отменено и дело о нем производством прекращено на основании ст. 4 п 5 УПК РСФСР за отсутствием состава преступления. Протест Военного Прокурора ЮЗУРВО — удовлетворен.

БЕЛЯЕВ Василий Яковлевич родился в 1878 году в Полкином районе, Ивановской области, русский, беспартийный, малограмотный, до ареста проживал в Аральском районе, работал плотником Аральско-лестра. За контрреволюционную деятельность арестован и привлечен к уголовной ответственности. Постановлением тройкой при УНКВД по Актобинской области от 15 сентября 1937 года осужден к высшей мере наказания — расстрелу, реабилитирован 30 июня 1989 года.

БЕЛІСБАЕВ (БЕЛДІКЕЕВ) Жұмаш — Ақтөбе облысының Ырғыз ауданының № 2 ауылында 1968 жылы туған, кейін Бекбаулы стансасында тұрған,

бай-бандит (баскесер) болған, жұмыс істемеген, тұрақты мекен-жайы болмаған, 1928 жылы мал-мүлкі төркіленген, өзі қуғын-сүргіннен қашып-тығылып жүрген, қарақшылардың кеңес өкіметіне қарсы қарулы көтерілісіне белсене қатысып, жай халықты тонаумен, кісі өлтірумен айналысып, контрреволюциялық үгіт жүргізген. Арал аудандық НКВД бөлімінің 1937 жылғы 6 қазандағы қаулысымен тұтқынға алынып, қылмыстық іс қозғалған. Ақтөбе облыстық НКВД Басқармасы жанындағы үштіктің 1937 жылғы 20 қарашадағы қаулысымен ең жоғары жаза — ату жазасына сотталған. Үкім 1937 жылғы 23 қарашада орындалған.

Қызылорда облыстық прокурордың 1989 жылғы 17 тамыздағы қорытындысымен Белісбаев — Белдікеев Жұмашты оның әрекетінде қылмыстың белгісі болмағандықтан мүлдем ақтаған.

БЕКЕНОВ Жұбаназар Арал ауданының ауылдық кеңесінде 1870 жылы туған, бай-молда болған, арабша сауатты, партияда жоқ, жұмыс істемеген, бұрын сотты болмаған, үйленген, әйелі — Зада, балалары — Азий, Назим, қыздары — Насипа, Шамсия.

Бекенов Жұбаназар бай молда ретінде мешіт ұстаған, жалшылардың еңбегін қанаған. 1928 жылы мал-мүлкі сот үкімі арқылы төркіленіп, қуғын-сүргіннен бас сауғалап, қашып жүрген. Ол контрреволюциялық, панисламдық, троцкистік шпиондық-диверсиялық ұйымның мүшесі болған. Бекенов Арал ауданында фашистік елдердің соғыс интервенциясы арқылы кеңес Одағы сөзсіз құлайтыны туралы үнемі контрреволюциялық үгіт жүргізіп, провокациялық лақаптар таратқан. Сталиндік Конституцияның ашықтан-ашық беделін түсірген: «Сталиндік Конституция — еңбекшілер үшін алдамыш, ешқандай демократия жоқ» — деп лақап таратқан. Ол колхоз құрылысын құлату, малды сойып, қырып-жою үшін контрреволюциялық үгіт жүргізген.

Осы қылмысы үшін Бекенов Жұбаназар Арал аудандық НКВД бөлімінің 1937 жылғы 9 қазандағы қаулысымен тұтқынға алынып, қылмыстық іс қозғалған. Тергеу ісі аяқталып, айыптау қорытындысы 1937 жылдың 14 қазанында Арал қаласында шығарылған, оны Арал аудандық НКВД бөлімінің бастығы сол күні бекіткен.


Ақтөбе облыстық НКВД Басқармасының жанындағы үштіктің 1937 жылғы 19 қазандағы қаулысымен Бекенов Жұбаназар ең жоғары жаза — ату жазасына сотталған. Бұл үкім 1937 жылғы 29 қазан күні Ақтөбе қаласында орындалған.

Қызылорда облыстық прокуроры орынбасарының 1989 жылғы 6 шілдедегі қорытындысымен Бекенов Жұбаназар СССР Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1989 жылғы 16 қаңтардағы жарлығы негізінде толық ақталған.

БЕКМАҒАМБЕТОВ Сухан — Арал ауданының № 5 ауылдық кеңесінде 1880 жылы туған, Арал аудандық НКВД бөлімінің 1937 жылғы 5 қарашадағы қаулысымен тұтқынға алынып, қылмыстық іс қозғалған, ол кеңес құрылысына, Сталиндік Конституцияға қарсы шығып, колхозшылар арасында контрреволюциялық үгіт жүргізген, оларды СССР қорғаныс заңына жазылмауға шақырған, осы қылмысы үшін ол Ақтөбе облыстық НКВД Басқармасы жа-

нындағы үштіктің 1937 жылғы 6 желтоқсандағы қаулысымен 10 жылға еңбек түзету лагеріне сотталған. Қызылорда облыстық соты Президиумының 1988 жылғы 30 желтоқсандағы қаулысымен Ақтөбе облыстық НКВД Басқармасы жанындағы үштіктің 1937 жылғы 6 желтоқсандағы Бекмамбетов Сухан жөніндегі қаулысы бұзылып, оның өркетінде қылмыс сипаты болмағандықтан іс өндірістен қысқартылған. Облпрокурордың наразылығы қанағаттандырылған.

БЕКМАМБЕТОВ Ислам Сақтағанұлы Қамыстыбас станциясында 1915 жылы туған, сауатты, партияда



жоқ, жетіжылдық мектепте мұғалім болып жұмыс істеген. Арал АӘК арқылы өскерге 1940 жылы алынған, 360 Витебск артиллериялық полктың құрамында қатардағы жауынгер ретінде Калинин облысының Великие Луки қаласындағы ұрысқа қатысқан. 1941 жылдың тамыз айында немістердің қоршауында қалып, тұтқынға түскен. «Фашистік Германияға адал қызмет етемі», — деп ант берген. 1942 жылдың маусым айында Польшаның

Легионово деген жерінде өз еркімен «Түркістан легионының» құрамына кірген, сол жерде кіші командирлер даярлайтын мектепте оқып, оны бітіргеннен кейін неміс армиясының Унтер офицері шенінде взвод командирі болып тағайындалған. «Түркістан легионының» батальоны құрамында 1943 жылдың тамыз айында Бекмамбетов кеңес партизандарына қарсы соғысқан, сонымен қатар немістің контрразведорганы арқылы легионерлер ішінде сатқындық жұмысқа тартылған. 1943 жылдың тамыз айында кеңес әскерлерінің жағына өтіп, одан кейін босанып, елге келген. Ол Қызылорда облыстық МГБ Басқармасының 1949 жылғы 18 ақпандағы қаулысымен тұтқынға алынып, РСФСР ҚК-ның 58 бабының 1 «б» тармағымен қылмыстық іс қозғалған. Түркістан Әскери Округінің әскери трибуналының 1949 жылғы 11 мамырдағы үкімімен Бекмамбетов Ислам Сақтағанұлы 15 жылға еңбек түзету лагеріне, 5 жылға саяси құқын жоюға сотталған.

СССР Жоғарғы Сотының әскери коллегиясының 1949 жылғы 29 маусымдағы ұйғаруымен ТуркВО Әскери Трибуналының үкімі күшінде қалдырған. СССР Жоғарғы Соты Президиумының 1954 жылғы 21 мамырдағы қаулысымен ТуркВО әскери Трибуналының 11.05.49 ж. және СССР Жоғарғы Сотының Әскери Коллегиясының 1949 жылғы 29 маусымдағы Бекмамбетов Ислам туралы ұйғаруы өзгертіліп, РСФСР ҚК-ның 51 бабының негізінде оның жазасын 5 жылға түсірген.

СССР Жоғарғы Сотының Пленумының 1959 жылғы 30 шілдедегі қаулысымен ТуркВО Әскери Трибуналының 11.05.49 ж. үкімі, СССР Жоғарғы Соты Әскери Коллегиясының 29.06.49 ж. ұйғаруы және СССР Жоғарғы Соты Пленумының 21.05.54 жыл-

ғы Бекмамбетов Ислам туралы қаулысы бұзылып, ол туралы іс РСФСР УПК-ның 4 бабының 5 тармағы негізінде қысқартылған.

Қызылорда облыстық прокурордың 28.05.97 жылғы қорытындысымен Бекмамбетов Ислам Сақтағанұлы Қазақстан Республикасының 14.04.93 жылғы Заңының негізінде толық ақталған.

БЕКМАНОВ Аймахан Арал ауданының № 17 ауылында 1877 жылы туған, сауатсыз, партияда жоқ, қамауға алынғанға дейін осы ауылда тұрған, малшы болып жұмыс істеген, кеңес өкіметіне қарсы контрреволюциялық өркеттер жасағаны үшін тұтқынға алынып, қылмыстық іс қозғалған. Ақтөбе облыстық НКВД Басқармасы жанындағы үштіктің 1937 жылғы 17 қарашадағы қаулысымен 8 жылға бас бостандық еркінен айыруға сотталған. 1990 жылғы 30 қазанда ақталған.

БЕКМЫРЗАЕВ Нұрым 1881 жылы Арал ауданы Жаңақұрылыс ауылында дүниеге келген. 1891 ж. Бөгендегі Тәжімбетов ахунға, 1894 ж. Қазалыдағы Жиенбай ишанға оқып, ахун атағын алған. 1898 жылы Бұхарадағы Қөкелташ медресесінде жерлесіміз Тұрмағамбет Ізтелеуовпен бірге оқып, ишан атағына ие болған.


Будан кейінгі жылдары көп қиыншылықтармен ол Меккеге барып, хажылық міндетін орындап келген. 1910 жылы Жаңақұрылыста мешіт ашып, шәкірттерге дөріс береді. 1930 жылы өзі де, шәкірттері де қуғын-сүргінге ұшырайды, молдалығы үшін сотталады, түрмеге жабылады.

1932 жылы Қызылорда түрмесінде әйелі Рысқұл мен жеті жасар жалғыз ұлы Жарбол онымен соңғы рет кездеседі. Кейін көп ұзамай-ақ «Қызылордадан Сібірге айдалып бара жатыр» деген ең соңғы хабар келеді. Осыдан соң хабар-ошарсыз кетіп, сүйегі белгісіз жерде қалған.

Нұрым ишанның ұлы Жарбол мен оның алты ұл, төрт қызы бұрын Қазалы ауданы Майдақөл ауылында тұрды, қазір ол Ақтөбе қаласында, ал туыстары атақоныста, Жаңақұрылыста тұрады. Олар 1993 ж. Нұрым мешітінің орнын қоршап, 1994 ж. ас берді, ескерткіш белгі орнатып, ол жерді қасиетті орынға айналдырып, ұйымшылдық көрсетті.

Нұрым ишан туралы толық мәлімет «Ақмешіт» апталығы газетіне 1998 ж. № 24, 25, 26 сандарына жарияланды.

Мәлімет беруші өлке танушы-тілші, Жаңақұрылыс ауылының тұрғыны Нөкешов Шәйкес.



БЕКТҰРҒАНОВ Әбжали Арал ауданының № 6 ауылында 1910 жылы туған, кейін Сексеуіл стансасында тұрған, байдың баласы, шала сауатты, партияда жоқ, 1931 жылдан паровоз машинисінің көмекшісі болып жұмыс істеген. 1940 жылдың 19 қаңтарында жұмыстан босатылған, әйелі — Рабига, қызы — Сағира, баласы — Жуаныш, Бөлектай.

Айыптау қорытындысы бойынша Бектұрғанов Әбжәлі өзінің өлеуметтік тегін жасырып, темір жолға жұмысқа орналасқан. Кеңес үкіметіне жат пікірде болып, Сексеуіл стансасы жұмысшыларының арасында контрреволюциялық үгіт жүргізген. 1939 жылдың желтоқсан айында депо көчегары Балқамбаевтың үйінде отырып былай деген: «Қазір мал ұстауға болмайды, сою, сату керек, бұны істемеген жағдайда, бөрібір, Кеңес үкіметі сенен оны тартып алады, саған еш нәрсе қалдырмайды. Кеңес үкіметі біздің үкіметіміз емес, бізге ол ешнәрсе бермейді ол тек тартып алуды, жұмысшыларды алдауды, бізді қинауды ғана біледі, дүкендерде сатып алатын еш нәрсе жоқ, азық-түлікті тағы да қартөкімен беруге айналды, бұның ақыры аштыққа өкеледі, біздің бәріміз аштықтан қырыламыз», — деген. Сол үшін ол Орынбор темір жолы ДТО НКВД-ның 1940 жылғы 28 қаңтардағы қаулысымен тұтқынға алынып, РСФСР ҚК-ның 58 бабының 10 тармағымен қылмыстық іс қозғалған.

СССР НКВД-ның жанындағы Ерекше мәжілістің 1940 жылғы 26 сәуірдегі қаулысымен Бектұрғанов Әбжәлі — 5 жылға еңбек түзету лагеріне сотталған. Қызылорда облыстық соты Президиумының 1962 жылғы 15 қарашадағы қаулысымен СССР НКВД-ның жанындағы Ерекше мәжілісінің 1940 жылғы 26 сәуірдегі Бектұрғанов Әбжәлі жөніндегі қаулысы бұзылып, оның өрекетінде қылмыс белгісі жоқ болғандықтан іс өндірістен қысқартылған. Облпрокурордың наразылығы қанағаттандырылған.

БЕКІШЕВ Нағымет Арал ауданының № 17 ауылдық кеңесінде 1894 жылы туған, ірі бай-сопының баласы, шала сауатты, 1931 жылдан 1933 жылға дейін ВКП(б) мүшелігіне кандидат, кейін темір жол стансасындағы жауыздық-зиянкестік өрекеті үшін партиядан шығарылған, 1934 жылы ОГПУ органы арқылы тұтқынға алынып, 4 айдай қамауда отырған, кейінгі кезде № 6 ауылдық кеңес төрағасының орынбасары болып жұмыс істеген.

Ол халық жауларымен тығыз байланыста болып, солардың көмегімен ауылдық кеңестің төрағасы қызметіне орналасқан. Қызмет бабын пайдаланып контрреволюциялық-диверсиялық террорлық өрекеттер жасап, № 6 ауылдық кеңестің тұрғындары арасында колхоз құрылысы шараларын бұзуға бағытталған бүлдірушілік жұмыстарын жүргізген. 1937 жылғы 1 қарашада Қарашаев терген азаматтың тойында Бекішев террорлық жеңіліс пиғылында былай деген: «Жуық арада соғыс болады, мен бірінші болып қолыма не түссе де қару алып, Қызылармияның сыртынан барып ұрысамын, Германия мен Жапония коммунистерді майданда соққылайды». 1931—1932 жылдары Бекішев Сексеуіл стансасында кондуктор болып жұмыс істеп жүргенде оның кінәсінен бірнеше диверсиялық актілер жасалған, сол үшін ол жұмыстан шығарылып, ісі сотқа берілген. 1933—1934 жылдары ауылдық кеңестің төрағасы болып тұрғанда елді мекен тұрғындарын азық-түлікпен қамтамасыз ету үшін мемлекет тарапынан берілген көмекті талан-таражға калып, жұртшылықтың наразылығын тудырған. Кейінгі кезде ол ауылдық кеңес төрағасының орынбасары болып жұмыс істеп тұрғанда өзінің қызмет бабын пайдаланып, жұртшы-

лыққа жалған анықтамалар беріп, пара алып отырған. Осы қылмыстары үшін ол Арал аудандық НКВД бөлімінің 1937 жылғы 3 қарашадағы қаулысымен тұтқынға алынып, қылмыстық іс қозғалған.

Ақтөбе облыстық НКВД Басқармасы жанындағы үштіктің 1937 жылғы 15 қарашадағы қаулысымен Бекішев Нағымет 10 жылға еңбек түзету лагеріне сотталған.

Қызылорда облыстық соты Президиумының 1961 жылғы 29 наурыздағы қаулысымен Ақтөбе облыстық НКВД Басқармасы жанындағы үштіктің 1937 жылғы 15 қарашадағы Бекішев Нағымет жөніндегі қаулысы бұзылып, оның өрекетінде қылмыс белгісі жоқ болғандықтан іс мүлдем қысқартылған. Ол сот арқылы толық ақталған.

БЕРДІҚҰЛОВ Садық Арал ауданының № 8 ауылында 1889 жылы туған, кейін Қарақұм ауылдық кеңесінде тұрған, бай болған, сауатсыз, партияда жоқ, серіктік мүшесі, 1930 жылы мал-мүлкі төркіленген, міндетті салық салынған, бірақ оны қасақана орындамаған, сол үшін 3 жылға бас бостандық еркінен айырып, Қызылорда округіне жер аударуға сотталған. 1932 жылы кеңес өкіметіне қарсы күрескен қарақшылар қозғалысына қатысқаны үшін екінші рет тұтқынға алынған, бірақ белгісіз себептермен тұтқыннан босатылған, үйленген, өйелі — Сұлу, қызы — Төжен, баласы — Орман.

Бердіқұлов Садық Қарашақов пен Өмірзақовтың қарақшы көтерілісшілер тобына кірген, ол қолына қару алып, кеңес өкіметіне қарсы шыққан. Бердіқұлов 1928 жылдан бастап жұртшылық арасында контрреволюциялық үгіт жүргізумен айналысқан, жұртшылықты көшуге, кеңес өкіметінің саяси-шаруашылық науқанын орындамауға шақырып, колхозға кірмеуге үгіттеген, кеңес өкіметіне қарсы күресу үшін бай элементтерін өзінің маңайына топтастырып, Бердіқұлов жұртшылықтың басқа республикаға жаппай көшуін ұйымдастырған. Ол ауылшаруашылық уставына көшуге қарсы үгіт жүргізіп: «Егерде артыл уставын қабылдасак, онда біздің барлық малымыз қоғамдық болып, жеке колхозшыларға ештеңе қалмайды, біз қазақтар аш-жалаңаш қаламыз, сондықтан малымызды колхозға бермеуіміз керек», — деп контрреволюциялық лақап таратқан.

Осы қылмысы үшін Бердіқұлов Садық Арал аудандық НКВД бөлімінің 1937 жылғы 6 қарашадағы қаулысымен тұтқынға алынып, қылмыстық іс қозғалған.

Тергеу ісі аяқталып, айыптау қорытындысы шығарылған, оны Арал аудандық НКВД бөлімінің бастығы 15 қарашада бекіткен.

Ақтөбе облыстық НКВД Басқармасы жанындағы үштіктің 1937 жылғы 20 қарашадағы қаулысымен Бердіқұлов Садық 10 жылға еңбек түзету лагеріне сотталған.

Қызылорда облыстық прокуроры орынбасарының 1940 жылғы 20 маусымдағы қорытындысы бойынша Ақтөбе облыстық НКВД Басқармасы жанындағы үштіктің 1937 жылғы 20 қарашадағы қаулысын дұрыс деп тауып, Бердіқұловтың шағым арызын аяқсыз қалдырған.

Қызылорда облпрокуроры орынбасарының 1989 жылғы 15 мамырдағы қорытындысымен Бердіқұлов

Салық СССР Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1989 жылғы 16 қаңтардағы жарлығының негізінде толық ақталған.

БЕРДІҚҰЛОВ Сыдық Арал ауданының № 8 ауылында 1895 жылы туған, бай болған, шала сауатты, партияда жок, 1931 жылы мемлекеттік салық тапсырмасын орындамағаны үшін сырттай 3 жылға сотталған, мал-мүлкі тәркіленген, кейін қамауға алынғанға дейін осы ауданның Қарақұм ауылдық кеңесінде тұрған, үйленген, әйелі — Әлима, баласы — Дастан.

Бердіқұлов Сыдық 1929—32 жылдары кеңес өкіметіне қарсы белсенді түрде күрес жүргізіп, қарақшылар көтерілісін басқарған, атакты қарақшылар Қарашолақов, Өмірзақов және өзінің туысы Бердіқұлов Садық тағы басқалардан қарақшылар шайқасын ұйымдастырған. Бұлардың барлығы қарақшылық әрекеттері үшін ұсталып, 3 жылға сотталған. Қамаудан босанып келгеннен кейін № 8 ауылдық кеңестің территориясында тұрып, өзінің туысы Бердіқұлов Садықпен бірге үнемі контрреволюциялық әрекеттермен айналысқан серіктестіктің ауылшаруашылық артелінің уставына көшуіне Сталиндік Конституцияға қарсы шыққан, колхозшыларға артельдегі тұрмыстың нашарлығын айта келіп, оларды артельден жаппай көшуге шақырған. Ол «Қазіргі уақытта кеңес өкіметі тұрғындарды аштан өлтіру мақсатында артелді күштеп ұйымдастыруда», — деп контрреволюциялық үгіт таратқан.

Осы қылмысы үшін Бердіқұлов Сыдық Арал аудандық НКВД бөлімінің 1937 жылғы 6 қыркүйектегі қаулысымен тұтқынға алынып, қылмыстық іс қозғалған, оны Арал аудандық НКВД бөлімінің бастығы 15 қарашада бекіткен.

Ақтөбе облыстық НКВД Басқармасының жанындағы үштіктің 1937 жылғы 20 қарашадағы қаулысымен Бердіқұлов Сыдық ең жоғары жаза — ату жазасына сотталған, өзінің жеке мүліктері тәркіленген. Бұл үкім 1937 жылғы қарашаның 23 күні Ақтөбе қаласында орындалған.

Қызылорда облысқоруроры орынбасарының 1989 жылғы 6 шілдедегі қорытындысымен Бердіқұлов Сыдық СССР Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1989 жылғы 16 қаңтардағы жарлығының негізінде толық ақталған.

БИБЕР Мария Кузминична родилась в 1889 году в селе Старая Полтавка Саратовской области, русская, служащая, образование 3 курса мединститута г. Киева, беспартийная, работала санинспектором Аральского райздрава, осуждена в июне 1938 года Особым Совещанием при НКВД СССР на 5 лет ссылки в Казахстан, как социально опасный элемент. Она обвиняется в том, что, будучи резко озлоблена против советской власти, партии и правительства, 20 мая 1939 года в одной из квартир г. Аральска в злобном виде сорвала со стены портреты вождей партии и выбросила из квартиры. Кроме того, одного из портретов порвала, выколола глаза и другие части лица. За совершенное преступление арестована постановлением Аральского РО НКВД от 31 декабря 1939 года и возбуждено уголовное дело по ст. 58—10 ч. 1 УК РСФСР. По приговору судебной коллегии по уголовным делам Кызылординского областного суда от 8 марта 1940 года Бибер М. К. осуждена на

5 лет лишения свободы с последующим поражением в правах на 2 года.

Определением Судебной Коллегии по уголовным делам Верховного Суда Казахской ССР от 27 июня 1957 года приговор Кызылординского облсуда от 8 марта 1940 года в отношении Бибер М. К. отменен и дело производством прекращено за недостаточностью собранных по делу улик. По заключению прокурора Кызылординской области от 12 мая 1997 года Бибер М. К. на основании Закона Республики Казахстан «О реабилитации жертв массовых политических репрессий» от 14 апреля 1993 года реабилитирована.

БИБЕТОВ (Бегімов) Аймақ Арал ауданының «Октябрь» серіктестігінде 1884 жылы туған, сауатсыз, партияда жок, малшы болып жұмыс істеген, кеңес үкіметіне қарсы контрреволюциялық әрекеттер жасағаны үшін тұтқынға алынып, қылмыстық іс қозғалған. Ақтөбе облыстық НКВД Басқармасы жанындағы үштіктің 1937 жылғы 15 қарашадағы қаулысымен 10 жылға бас бостандық еркінен айыруға сотталған. 1988 жылғы 26 қазанда ақталған.

БИТЕНОВ Нығмет № 9 ауыл, Жақсықылш аудандық кеңесінде 1890 жылы туған, арабша сауатты, баймолда болған, байлардың мал-мүлкін тәркілеу кезінде жаппай қуғын-сүргіннен қашып тығылған, контрреволюциялық әрекеті үшін екі рет 10 жылға сотталып, айып мерзімін толық өтемей түрмеден қашып шыққан. 1919—1920 жылдары ол өзінің Қарек деген туысымен Қызыл Армия бөлімшелеріне қарсы шығып, ақтардың армиясына азық-түліктей көмек көрсеткен, контрреволюциялық-ұлттық ұйымның мүшесі болып, кеңес үкіметіне қарсы түрлі жауыздық әрекеттер жасап, үгіт жүргізіп, № 9 ауылдық кеңесте рулық-ұлтшылдық контрреволюциялық топ құрып, ауылдық жерлерде шаруашылық-саяси шараларды іске асырмау, колхозшыларды ыдыратумен айналысқан, жұртшылықтан мейіт салдыру үшін қаржы жинап, оны өз бас пайдасына жаратқан деп айып тағылып, Арал аудандық НКВД бөлімінің 1937 жылғы 9 қазандағы қаулысымен тұтқынға алынып, қылмыстық іс қозғалған. Ақтөбе облыстық НКВД Басқармасы жанындағы үштіктің 1937 жылғы 29 желтоқсандағы қаулысымен ең жоғары жаза — ату жазасына сотталған, үкім сол жылғы 31 желтоқсанда орындалған.

Қызылорда облыстық соты Президиумының 1968 жылғы 31 мамырдағы қаулысымен Ақтөбе облыстық НКВД Басқармасы жанындағы үштіктің 1937 жылғы 29 желтоқсандағы Битенов Нығмет жөніндегі қаулысы бұзылып, оның әрекетінде қылмыстың белгісі болмағандықтан іс өндірістен қысқартылған. Облпрокурордың наразылығы қанағаттандырылған. Битенов Нығмет сот арқылы 1968 жылы толық ақталған.

БЛЮКАРД Кузьма Леонидович родился в 1897 году в гор. Керчи, украинец, образование начальное, беспартийный, до ареста проживал в гор. Оренбурге, работал в рыбзаводе «Узункайр» Аральского района. За контрреволюционную деятельность против советской власти арестован и привлечен к уголовной ответственности. Постановлением тройки при УНКВД по Актюбинской области от 2 февраля 1938

года он осужден к высшей мере наказания — расстрелу. Реабилитирован 20 ноября 1989 года.

БОБРОВИЧ Франц Валерьянович родился в 1894 году в деревне Коврижено, Павловской волости, Могилевской уезда, по национальности поляк, гр-н СССР, соц. положение крестьянин-кулак, образование начальное, беспартийный, до ареста проживал на ст. Бекбаулы, работал машинистом водокачки.

Он обвиняется в том, что являлся участником контрреволюционной польской националистической организации, именовавшаяся

«Польская организация Войскова». Завербован в названную организацию гл. бухгалтером конторы отделения паровозной службы ст. Казалинск Станкевичем П. И. в октябре м-це 1936 года, по заданию организации Бобрович, будучи машинистом водокачки ст. Бекбаулы, в 1937 году путем расплавления у двигателя в разное время двух подшипников приостанавливал работу водокачки на длительное время, чем вносил замешательство в продвижении поездов. Наряду в этом, специально приходя на станцию, сыпал в буксы проходящих вагонов балласт, чем вызывал горение буксы и запоры шеек вагонных осей.

На случай объявления войны Польшей Советскому Союзу, по заданию организации разработал план и подготовил диверсионный акт к окончательному выводу из строя всей системы водоснабжения ст. Бекбаулы, рассчитывая это осуществить путем массовых прорывов напорной линии и окончательно разбить двигатель, за что он постановлением ОДТО ГУГБ НКВД ст. Казалинск от 15 сентября 1937 года арестован и привлечен к уголовной ответственности по ст. 58—1 «а», 8, 9, 11 УК РСФСР.

Постановлением Комиссии НКВД и Прокурора СССР от 16 декабря 1937 года Бобрович Франц Валерьянович осужден к высшей мере наказания — расстрелу. Приговор приведен в исполнение 26 декабря 1937 года. Определением Военного Трибунала Белорусского Военного Округа от 1 октября 1957 года Постановление Комиссии НКВД и Прокурора СССР от 16 декабря 1937 года в отношении Бобровича Франца Валерьяновича отменено и дело его прекращено производством за отсутствием состава преступления.

БОГДАНОВ Константин Андреевич родился в 1912 году в г. Харбине, Сев. Манчжурия, русский, гр-н СССР, образование начальное, беспартийный, на ст. Саксаульская состоял в группе сочувствующих ВКП(б), до ареста проживал в этой станции, работал слесарем депо.

По обвинительному заключению он являлся участником фашистской, шпионско-диверсионной, террористической организации, агентом японской разведки. В 1931 году в гор. Харбине вошел в фашист-




скую организацию, именованную «Христианский Союз молодых людей», по заданию которой до 1936 года вел провокаторскую деятельность в сев. Манчжурии, выражавшуюся выдаче японо-манчжурским властям активных участников нелегальных партийных, профсоюзных и комсомольских организаций. По его доносам были арестованы полицией комсомолец Ефремов Георгий Васильевич и руководитель профсоюзного пятка Иванов Дмитрий Константинович.

В 1935 году полицейским Захаровым был задержан в качестве секретного агента японских разведорганов и переброшен на территорию СССР со специальными заданиями. В том же году установил связь с резидентом японской разведки Ситеком Томашем Яковичем, по указанию которого вошел в шпионскую диверсионную группу, существовавшую на ст. Саксаульская. С 1935 года по день ареста он собрал и передал через резидента Ситек для японской разведки ряд шпионских сведений. По заданию японской разведки систематически проводил диверсионную, вредительскую деятельность в паровозном хозяйстве, закладывал в поршневые цилиндры гайки и другие предметы, вследствие чего паровозы терпели аварии и выбывали на длительный период из строя. На военный период вел подготовку к поджогу и выводу из строя депо ст. Саксаульская и взрыву паровых котлов водокачки, готовил террористические акты над руководителями партии и правительства. С этой целью принимал меры к приобретению огнестрельного нарезного оружия, за что он постановлением ОДТО ГУГБ НКВД ст. Казалинск от 9 октября 1937 года арестован и привлечен к уголовной ответственности по ст. 58—4, 6, 8 через 18—10, 9, 11 УК РСФСР.

Постановлением Комиссии НКВД и Прокурора СССР от 20 октября 1937 года Богданов Константин Андреевич осужден к высшей мере наказания — расстрелу. Определением Военного Трибунала Приволжского Военного Округа от 11 июля 1958 года Постановление Комиссии НКВД и Прокурора СССР от 20 декабря 1937 года в отношении Богданова Константина Андреевича отменено и дело о нем производством прекращено за отсутствием состава преступления.

Богданов К. А. реабилитирован посмертно.

БОГДАНОВ Виктор Андреевич родился в 1916 году в гор. Харбине, Сев. Манчжурии, русский, гражданин СССР, образование сред-




не-техническое, окончил индустриально-транспортный техникум КВЖД, беспартийный, до ареста проживал на ст. Саксаульская, работал мастером электростанции депо.

Он являлся участником шпионско-диверсионной, террористической организации, агентом японской разведки. В 1932 году в городе Харбине вошел в фашистскую организацию, именованную «Мушкетеры», по заданию которой до 1935 года вел работу по вовлечению в организацию молодежи. В 1935 году был завербован в качестве агента японских разведорганов и переброшен на территорию СССР с заданиями шпионско-диверсионной работы на станции Великие Луки и в Казахской ж/д. В мае месяце 1936 года по приезде на ст. Саксаульская установил связь с резидентом японской разведки Левовым, по указанию которого вошел в состав шпионской диверсионной группы, существовавшей на ст. Саксаульская. С 1935 года по день ареста он собрал и передал через резидентов Бондаренко и Левова для японской разведки шпионские сведения оборонного значения о наличии воинских частей в городе Великие Луки, их вооружении, о политическом настроении рабочих. Вел диверсионную работу по разрушению аппаратов «Бодо» и порчу правительственного провода Москва — Алма-Ата. На военное время, с целью подорвать обороноспособность СССР, намечал вывести из строя средство связи, за что он постановлением ОДТО ГУГБ НКВД ст. Казалинск от 11 октября 1937 года арестован и привлечен к уголовной ответственности по ст. 58—4, 6, 9, 11, УК РСФСР.

Постановлением комиссии НКВД и Прокурора СССР от 20 декабря 1937 года Богданов Виктор Андреевич осужден к высшей мере наказания — расстрелу. Определением Военного Трибунала Приволжского Военного Округа от 11 июля 1958 года Постановление Комиссии НКВД и Прокурора СССР от 20 декабря 1937 года в отношении Богданова Виктора Андреевича отменено и дело о нем производством прекращено за отсутствием состава преступления.

БОГДАНОВ Андрей Егорович родился в 1882 году в д. Кресловка, Велико-Лукского уезда, быв. Псковской губернии, русский, грн СССР, малограмотный, до ареста проживал на ст. Саксаульская, работал слесарем депо.



Он являлся участником фашистской, шпионско-диверсионной, террористической организации, агентом японской разведки. Проживая в Северной Манчжурии в 1935 году был завербован разведорганами Японии в качестве их секретного сотрудника и в этом же году переброшен на территорию СССР с заданиями шпионско-диверсионного характера. По приезде в СССР и работая на ст. Саксаульская установил связь с резидентом

японской разведки Корженковым через которого вошел в состав шпионско-диверсионной группы, существовавшей на ст. Саксаульская. Он работал слесарем по ремонту паровозов, по заданию японских разведорганов с 1935 года по день ареста проводил диверсионную, вредительскую работу путем постановки на паровозы негодных деталей, бросая в цилиндры паровозов посторонних предметов, чем выводил паровозы из строя. Будучи враждебно настроенным по отношению Советской власти, среди транспортников систематически проводил контрреволюционную пропаганду против мероприятий партии и советского правительства. От японских разведорганов имел задание о сборе шпионских сведений в военное время: о продвижении частей Красной Армии, о настроениях красноармейцев и населения, организации крушений с воинскими поездами, разрушал путь и выводил из строя паровозный парк, за что он постановлением ДТО ГУП НКВД Оренбургской ж/д от 9 октября 1937 года арестован и привлечен к уголовной ответственности по ст. ст. 58—4, 6, 9, 11 УК РСФСР. Постановлением Комиссии НКВД и Прокурора СССР от 20 декабря 1937 года Богданов Андрей Егорович осужден к высшей мере наказания — расстрелу.

Определением Военного Трибунала Приволжского Военного Округа от 11 июля 1958 года Постановление Комиссии НКВД и Прокурора СССР от 20 декабря 1937 года в отношении Богданова Андрея Егоровича отменено и дело о нем производством прекращено за отсутствием состава преступления.

БОДЫКОВ Оспан Арал ауданынын Сайгонды ауылдық кеңесі, «Шөмішкөл» елді мекенінде 1893 жылы туған, бұрын бай-молда болған, Бұхар қаласында діни медресені бітірген, мешіт ұстаған, партияда жоқ, қоғамдық пайдалы жұмыспен айналыспаған. 1931 жылы бай ретінде Арал халық соты арқылы 5 жылға сотталып, Қызылорда қаласына жер аударылған. Одан 1932 жылы қашып, ауылына барып, жасырынып жүрген. Кейінгі қамауға алынғанға дейін «Шөмішкөл» балық колхозында балық аулаушы болып жұмыс істеген, үйленген, әйелі — Жөкеш.

Бодыков Оспан Сайгонды ауылдық кеңесінің «Шөмішкөл» елді мекенінде тұрып, тұрғындар арасында кеңес өкіметіне, оның шараларына қарсы үгіт жүргізген. «Сталиндік Конституция халық үшін алдамыш, ол халыққа ешқандай пайда бермейді», — деп алауыздықтарын қоздыруға бағытталған үгіт жүргізіп, оларды мешіт салуға шақырған, осы мақсатта халықтан қаржы жинаған. Шөмішкөлде зәулім үйі болған, онда үнемі жиын өткізіп, белгілі адамдармен жасырын түрде өңгіме өткізіп, құран оқитын болған және емшілікпен айналысқан, ауруларды емдеп, оларға арабша ем құралы ретінде «шірткі жазып беріп отырған, осы жолмен халықты алдап, қаржы жинаған. Бұл әрекеттерін Құранға сүйеніп істеген. Ол ауруларды кеңес дәрігерлеріне көрінбеуге, қайта қазақтың ескі дәстүрімен емделуге шақырған. Осы қылмысы үшін Бодыков Оспан Арал аудандық НКВД бөлімінің 1937 жылғы 9 тамыздағы қаулысымен тұтқынға алынып, РСФСР ҚК-ның 58—10 бабының тармағымен қылмыстық іс қозғалған.

Тергеу ісі аяқталып, айыптау қорытындысы шығарылған, оны Арал аудандық НКВД бөлімінің бастығы 1937 жылғы 14 қыркүйекте бекіткен.

Ақтөбе облыстық НКВД Басқармасы жанындағы үштіктің 1937 жылға 15 қарашадағы қаулысымен Бодықов Оспан 10 жылға бас бостандық еркінен айыруға сотталған.

Бодықов Оспан сотталғаннан кейін Ярослав облысы, Углич қаласына СССР НКВД-ның Волгалагына айдалған.

Қызылорда облыстық НКВД Басқармасының тергеу бөлімшесінің 1940 жылғы 12 қыркүйектегі қаулысы бойынша Ақтөбе облыстық НКВД Басқармасының жанындағы үштіктің Бодықов Оспан жөніндегі қаулысын дұрыс деп тапқан.

Қызылорда облыстық прокуратурасының 1941 жылғы 29 шілдедегі қаулысы және Ақтөбе облыстық прокуроры орынбасарының 1946 жылғы 30 қазандағы қорытындысы бойынша Ақтөбе облыстық НКВД Басқармасының жанындағы үштіктің 1937 жылғы 15 қарашадағы қаулысын дұрыс деп тауып, Бодықов Оспанның шағым арызын қанағаттандырмай тастаған.

Қызылорда облыстық прокуроры орынбасарының 1989 жылғы 22 мамырдағы қорытындысымен Бодықов Оспан СССР Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1989 жылғы 16 қаңтардағы жарлығының негізінде толық ақталған.

Жиылыс хат

1937 жылы 11.08 күні «Сайғонды» ауылдық кеңес қарауындағы партия мүшелерімен комсомол мүшелері активтердің бас қосқан жабық жиналысы болды.

Қатысқандар: партия мүшелері — 7 адам, комсомол мүшелері — 4 адам, жай активтер — 2 адам, барлығы 13 адам. Жиналыс төрағасы — Баймаханов Хатшысы — Байсалбаев.

Қаралатын мәселелер:

Дінді қоздыруға үгіт жүргізуші Бодықов, Таңжарықовтардың істеген жұмыстары туралы. (Баймаханов). Қаулы: Дін жолында үгіт жүргізушілердің істеген жұмыстары туралы түсінігін тыңдап, партияның жабық жиналысы қаулы етеді:


Бодықов Оспан қазіргі уақытта дінді уағыздауға кіріскен, оған дәлел, шет жердегі бір тамды тазалап — ішіне дін кітабының барлығын жинап, ішіне кілем төсеп өзі отырған, колхозшыларға дін туралы үгіт таратуға кіріскен. Бодықов бұрын да мешіт салып, дін жолын күткендігінен 1931 жылы 5 жылға сотталған. Таңжарықов Жиенәлі бұрын Қазалыға мешіт салып дін жолында молдалық жасап, мал-мүлкі төркіленген, сөйтіп тұрған жерінен қашып кеткен, кейінгі уақытта «Ақ жота» серіктігі тұрғындарының арасына барып, артельге көшпеу керек деп үгіт жүргізген, сонымен қатар конституция дінге ерік берді — деп халық арасында лақап таратқан.

Осыларды еске алып партия, комсомол мүшелері қаулы етеміз: Бодықов пен Таңжарықовтардың істеген

жұмыстары шығып сөйлеушілердің сөздеріне қарағанда қазіргі уақытта дін жолында үгіт таратқаны анықталған. Бұрын мешіт ұстап молдалық істеп, халықты қанағандығы анықталды. Жаңа жоспар түсіп сотталып қашып кеткен, сондықтан Бодықов пен Таңжарықовтардың істеген фактілеріне сүйеніп арамыздан аластап, жазасының ауырын қолдануын аудандық Заң орындарынан сұраймыз.

Жиылыс төрағасы: (Баймаханов)
Хатшысы: /Қолдары бар/ (Байсалбаев)

БӨЛЕКБАЕВ Исатай «Сазды» ауылдық кеңесі, «Жігер» колхозында 1911 жылы туған, әкесі молда болған, орта шаруа, 3 жыл мұсылман діни мектебінде оқыған, партияда жоқ, «Сазды» ауылдық кеңесінің хатшысы болып қызмет істеген, көп әйел алғаны үшін сотты болып, жұмыстан және колхоздан шығарылған, үйленген, әйелі — Қалам, баласы — Қияш, інісі — Мұқияш. Бөлекбаев Исатай кеңес өкіметіне қарсы жат пікірде болып, 1937 жылдың қыркүйек айында контрреволюциялық ұлтшылдық ұйымға тартылған.



По заданию организации «ПОВ» и польской организации с 1928 года по день ареста провел ряд вредительских и диверсионных актов, как на Юго-Западной, также и на Оренбургской железных дорогах, в частности: в 1929—32 годах неоднократно производил расплавку дышловых подшипников у паровозов, вызывал остановку в пути следования, в результате чего составы бросались на перегонах и промежуточных станциях дороги.

Среди рабочих транспорта систематически проводил контрреволюционную агитацию, распространял клеветнические слухи о СССР, восхвалял жизнь в Польше. По заданию организации «ПОВ» на военный период времени подготовлял диверсионный акт — разрушение жел. дор. полотна, для этой цели им было приготовлено 50 кг аммонала, осуществить акт над руководителями партии и правит-ва в момент проезда их по железной дороге, за что он постановлением ОДТО ГУГБ НКВД ст. Казалинск от 31 октября 1937 года арестован и привлечен к уголовной ответственности по ст. ст. 58-1 «а», 8, 9, 11 УК РСФСР.

Постановлением Комиссии НКВД и Прокурора СССР от 16 декабря 1937 года Дембицкий Владислав Адольфович осужден к высшей мере наказания — расстрелу. Приговор приведен в исполнение 26 декабря 1937 года.

Определением Военного Трибунала Приволжского Военного Округа от 8 апреля 1958 года Постановлением Комиссии НКВД и Прокурора СССР от 16 декабря 1937 года в отношении Дембицкого Владислава Адольфовича отменено и дело о нем производством прекращено за отсутствием состава преступления.

Протест Военного Прокурора при ВО удовлетворен. **ДЕРДИЕВСКАЯ-ФЕДЧУК** Ева Юлиановна родилась в 1919 году в селе Голбы, Ковельского района, Ровенской области Белорусской ССР, без определенных профессии и занятий, образование среднее, беспартийная, по национальности полячка, гражданка СССР, проживала на ст. Саксаульская. С 1930 по 1939 год служила в Польской армии в качестве старшего связного ординара. Она изобличается в том, что с октября 1936 года являясь агентом 2-го отдела генштаба польской армии, состояла на развед. службе. В феврале 1940 года она в городе Вильно связалась с бывшим капитаном 2-го отдела генштаба. Получила задание под видом безработной выехать в СССР и остановилась на жительство в г. Магнитогорск, поступила на работу с целью сбора шпионских сведений о магнитогорской промышленности, за что она постановлением оперотделения НКВД ст.

Казалинск от 2 июля 1941 г. арестована и возбуждено уголовное дело по ст. 58-б УК РСФСР. Постановлением отдела НКВД Каз. ССР от 1 сентября 1941 года уголовное преследование в отношении ее прекращено, и она освобождена из-под стражи.

По заключению прокурора Кызылординской области от 30 апреля 1997 года Дердиевская Е. Ю. на основании Указа Президиума Верховного Совета СССР от 16 января 1989 года реабилитирована. **ДЕМЕСИНОВ** Жұмахан Арал ауданының № 17 ауылдық кеңесінде 1877 жылы туған, ірі бай-молда, «Жантақты» деген жерде жеке мешіті болған, арабша сауатты, партияда жоқ, тұрақты мекен жайы, жұмысы болмаған, 1930 жылы қуғын-сүргіннен қашып кеткен, жеке басты, дауыс беру құқынан айрылған.

Демесінов Жұмахан — контрреволюциялық көтерілісшілер, шпиондық-диверсиялық, панисламдық ұйымға мүше болған, 10 жыл бойы қуғын-сүргіннен қашып, Арал тұрғындарының басқа республикаларға көшуін ұйымдастырған, кеңес өкіметінің заңына бағынбауға, Сталиндік Конституцияға қарсы үгіт таратқан, ұйымның тапсырмасымен контрреволюциялық жеңілістік үгіттер жүргізу үшін діни жиындарды пайдаланған, тұрғындарды көтеріліске шақырған, тұрғындар арасында соғыс, аштық туралы провокациялық лақаптар таратқан, мешіт құрылысына деп қаржы жинап, оны өзі пайдаланған, серіктестіктер мүшелерін ауылшаруашылық артелінің уставына көшпеуге азғырған.

Осы қылмыстары үшін Демесінов Жұмахан Арал аудандық НКВД бөлімінің 1937 жылғы 23 қазандағы қаулысымен тұтқынға алынып, қылмыстық іс қозғалған. Тергеу ісі аяқталып, айыптау қорытындысы шығарылған, оны Арал аудандық НКВД бөлімінің бастығы 1937 жылғы 28 қазанда бекіткен. Ақтөбе облыстық НКВД Басқармасының жанындағы үштіктің 1937 жылғы 4 қарашадағы қаулысымен Демесінов Жұмахан 10 жылға еңбекпен түзету лагеріне сотталған.

Қызылорда облыстық прокуроры орынбасарының 1989 жылғы 22 мамырдағы қорытындысымен Демесінов Жұмахан СССР Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1989 жылғы 16 қаңтардағы жарлығының негізінде толық ақталған.

ДЗИКАС Игинос Антонович родился в 1912 году в Каранском районе, Литовской ССР, литовец, образование 7 классов, беспартийный, до ареста проживал в селе Авань, Аральского района, работал штурманом на пароходе. За контрреволюционную деятельность против Советской власти арестован и привлечен к уголовной ответственности. Постановлением Особого Совещания при НКВД СССР от 10 июля 1943 года осужден на 10 лет лишения свободы, реабилитирован 2 ноября 1989 года.

ДЗЮБЕНКО Николай Тихонович родился в 1898 году в селе Богатая, Полтавской губернии, украинец, образование высшее медицинское, беспартийный, до ареста проживал в гор. Аральске, работал врачом. За контрреволюционную деятельность против Советской власти арестован и привлечен к уголовной ответственности. Постановлением Спецколлегии Казахского отделения Верховного Суда СССР

1936 года осужден на 10 лет лишения свободы, реабилитирован 30 ноября 1995 года.

ДИПТОН Иван Леонтьевич родился в 1910 году в гор. Омске, русский, образование начальное, беспартийный, до ареста проживал в гор. Аральске, работал масленщиком судна «Буденный». За контрреволюционную деятельность против Советской власти арестован и привлечен к уголовной ответственности. Решением НКВД от 8 января 1938 года осужден к высшей мере наказания — расстрелу, реабилитирован 7 августа 1989 года.

ДОРОХИН Иван Васильевич родился в 1897 году в Донецкой области, русский, образование 7 классов, беспартийный, до ареста проживал в гор. Аральске, работал в госпароходстве. За контрреволюционную деятельность против Советской власти арестован и привлечен к уголовной ответственности. Приговором Кызылординского областного суда от 16 декабря 1938 года осужден на 15 лет лишения свободы, реабилитирован 8 февраля 1990 года.

ДОСБАЕВ Әли № 11 Қаратөрең ауылдық кеңесінде 1894 жылы туған, шала сауатты, партияда жоқ, бай-болыстың баласы, малшы, балық аулаумен айналысқан, 1930 жылы мал-мүлкі тәркіленген. Ол кеңес үкіметі мен партияның қас жауы, таптық наразылықта болған, контрреволюциялық, ұлтшылдық ұйымның мүшелігіне кірген, жұртшылық арасында контрреволюциялық үгіт жүргізіп, онда капиталистік фашистік мемлекеттермен соғыс болатынын, онда кеңес үкіметінің құлайтыны жайлы лақаптар таратқан, фашизмді мадақтаған, Сталиндік конституцияны жамандап, оған жала жапқан. Осы қылмыстары үшін Арал аудандық НКВД бөлімінің 1937 жылғы 2 қарашадағы қаулысымен тұтқынға алынып, қылмысты іс қозғалған. Ақтөбе облыстық НКВД Басқармасы жанындағы үштіктің 1937 жылғы 6 желтоқсандағы қаулысымен Досбаев Әли ең жоғары жаза — ату жазасына сотталған, үкім сол жылғы 9 желтоқсанда орындалған.

Қызылорда облыстық соты Президиумының 1957 жылғы 17 желтоқсандағы қаулысымен Ақтөбе облыстық НКВД Басқармасы жанындағы үштіктің 1937 жылғы 6 желтоқсандағы қаулысы бұзылып, оның өрекетінде қылмыс белгісі болмағандықтан іс ондірістен қысқартылған. Облпрокурордың наразылығы қанағаттандырылған. Қызылорда облыстық прокурордың 13 мамыр 1997 жылғы қорытындысы бойынша Досбаев Әли Қазақстан Республикасының «Жаппай саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау туралы» 1993 жылғы 14 сәуірдегі заңының негізінде толық ақталған.

ДОСМАМБЕТОВ Өтепберген Арал ауданының № 10 ауылында 1869 жылы туған, ірі бай болған, шала сауатты, партияда жоқ, жұмыс істемеген, 1931 жылы мемлекетке міндетті түрде ет тапсыру салығын орындамағаны үшін 7 жылға бас бостандық еркінен айыруға сотталған. Жаза мерзімін толық өтемей 1932 жылы Қостанай түрмесінен қашып кеткен. 1935 жылы колхоз балығын талан-таражға салғаны үшін екінші рет 1932 жылғы 7 тамыздағы заңға сәйкес 10 жылға бас бостандық еркінен айыруға сотталған, бірақ 1936 жылы мерзімін бұрын босатылған, үйлі-жайлы, екі әйел алған, бірінші әйелі — Ұрхия, екінші әйелі

— Рсалды, балалары — Байдулла, Абдулла, қызы — Құлмираш.

Досмамбетов Өтепберген кеңес өкіметіне қарсы жат пиғылда болып, бірнеше жыл бойы өзінің кеңес үкіметін көре алмайтын сезімін білдіріп, құрлысын құлату, колхозшылардың тұрмысын күйзелтуге бағытталған контрреволюциялық үгітті үнемі жүргізіп келген. Ол: «Жеке өмір сүру жақсы, ал егерде біз ауылшаруашылық артелінің Уставын қабылдасак, онда коммунистер біздің барлық малымызды қоғамға салып жібереді, сосын күн көру қиын болады», — деген лақап таратқан. Ол үнемі жеңілістік үгіт айтып, алдағы соғыста Кеңес Одағы құлайды, — деп сәуегейлік сөздер айтқан.

Досмамбетов 1935 жылы Бөген ауылдық кеңесінің «Қызыл-жар» серіктестігіне мүше болып кіріп, колхозшылар арасында кеңес өкіметіне қарсы үгіт жүргізген, колхозшыларды серіктестіктен шығуға үгіттеген және ауылшаруашылық артелінің Уставына көшуге қарсы үгіт жүргізгені үшін Досмамбетов «Қызыл-жар» серіктестігінің мүшелігінен шығарылған. 1936 жылы ол қайтадан Бөген ауылдық кеңесінің «Қаратүп» колхозына мүше болып кірген. Бұл жерде ол колхоз құрлысын құлатуға бағытталған контрреволюциялық жауыздық-зиянкестік өрекеттер жүргізген, сол үшін ол колхоздың жалпы жиналысымен халық жауы ретінде екінші рет колхоздан қуылған.

Осы қылмысы үшін Досмамбетов Өтепберген Арал аудандық НКВД бөлімінің 1937 жылғы 7 қарашадағы қаулысымен тұтқынға алынып, қылмыстық іс қозғалған.

Тергеу ісі аяқталып, айыптау қорытындысы шығарылған, оны Арал аудандық НКВД бөлімінің бастығы 16 қарашада бекіткен.

Ақтөбе облыстық НКВД Басқармасы жанындағы үштіктің 1937 жылғы 20 қарашадағы қаулысымен Досмамбетов Өтепберген ең жоғары жаза — ату жазасына сотталған, өзіне тиісті мүлкі тәркіленген. Бұл үкім 1937 жылғы 23 қараша күні орындалған.

Қызылорда облпрокуроры орынбасарының 1989 жылғы 22 мамырдағы қорытындысымен Досмамбетов Өтепберген СССР Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1989 жылғы 16 қаңтардағы жарлығы негізінде толық ақталған.

ДУБЕНКО Мария Леонтьевна родилась (год рождения не известен) на станции Яма, Сталинской области, украинка, образование среднее, беспартийная, до ареста проживала в гор. Аральске, работала в военучетном столе райисполкома. За контрреволюционную деятельность арестована и привлечена к уголовной ответственности, осуждена 28 сентября 1943 года по ст. 58-10-2 УК РСФСР на 10 лет лишения свободы, реабилитирована 8 февраля 1989 года.

ДҮЙСЕНБАЕВ Арслан Арал ауданының № 9 ауылында 1900 жылы туған, білімі орталау, партияда жоқ, қамауға алынғанға дейін Қазалы ауданында тұрған, темір жолда жұмыс істеген. Оған контрреволюциялық, диверсиялық, ұлтшылдық ұйымның мүшесі болған, сол ұйымның тапсырмасымен темір

жол бойында өртүрлү зиянкестик, бүддүрүшүлүк өрөкөттөр жасаган, кеңес үкүметине карсы жеңилістік үгіт таратып, неміс баскыншыларынын армиясы мен техникасын мадактап, Қызыл Армияны жамандап, тіл тигізген деп айып тағылып, тұтқынға алынып, қылмыстық іс қозғалған.


Орта Азия Әскери Округінің Әскери Трибуналының 1942 жылғы 6 тамыздағы үкімімен Дүйсенбаев Арслан ең жоғары жаза — ату жазасына сотталған. Ол 1992 жылғы 15 маусымда толық ақталған.

ДҮЙСЕНОВ Әбдігани Ақтөбе облысы, Ырғыз ауданының № 7 ауылында 1914 жылы туған, білімі орта, БК(Б)П мүшесі, осы іске байланысты партия қатарынан шығарылған, қамауға алынғанға дейін Арал қаласында тұрған, учкомбинатта саяси жетекшінің жәрдемшісі болып жұмыс істеген. Кеңес өкіметіне карсы контрреволюциялық жауыздық-зиянкестік өрөкөттөр жасағаны үшін тұтқынға алынып, қылмыстық іс қозғалған. Ақтөбе облыстық НКВД Басқармасы жанындағы үштіктің 1937 жылғы 30 қарашадағы қаулысымен 10 жылға бас бостандық еркінен айыруға сотталған, 1988 жылғы 16 желтоқсанда ақталған.

ДҮЙСЕНОВ Смағұл Ақтөбе облысы, Ырғыз ауданының № 20 ауылында 1874 жылы туған, кейін Арал қаласында тұрған, шала сауатты, партияда жоқ, 1919 жылы өз еркімен «Алашорда» отрядына қосылған. Дүйсеновтың инициативасы бойынша совет үкіметін қолдаған кедейлерді атқан, 1930 жылы оның мал-мүлкі төркіленген, өзі 8 жылға сотталған, жазаны толық өтемей тұтқыннан қашып шығып, Арал ауданына келіп паналайды. Мұнда контрреволюциялық ұлттық ұйыммен байланысып, жауыздық өрөкөттөрмен айналысады, совет үкіметіне, Сталиндік Конституцияға карсы үгіт жүргізеді. Арал аудандық НКВД бөлімінің 1937 жылғы 9 қарашадағы қаулысымен тұтқынға алынып, қылмыстық іс қозғалған. Ақтөбе облыстық НКВД Басқармасы жанындағы үштіктің 1937 жылғы 20 қарашадағы қаулысымен ең жоғары жаза — ату жазасына сотталған, үкім 1937 жылғы 23 қарашада орындалған.

1989 жылғы тамыздың 24 күні облыстық прокурор өзінің қорытындысымен Дүйсенов Смағұлды оның өрөкөтінде қылмыстың белгісі болмағандықтан толық ақтаған.

ДЪЯКОНОВ Георгий Миронович родился в 1906 году в гор. Илецк, Оренбургской области, русский, образование среднее, до ареста проживал в гор. Аральске, работал инспектором. За контрреволюционную деятельность против Советской власти арестован и привлечен к уголовной ответственности. Приговором спецколлегии Кызылординского областного суда от 16 декабря 1938 года осужден на 7 лет лишения свободы, реабилитирован 24 января 1990 года.



ЕВДОКИМЕНКО Никифор Кириллович родился в 1895 году в Бессарабской области, украинец, образование начальное, беспартийный, до ареста проживал в гор. Аральске, работал электросварщиком Госпароходства. За контрреволюционную деятельность против Советской власти арестован и привлечен к уголовной ответственности. Постановлением НКВД от 11 февраля 1938 года осужден к высшей мере наказания — расстрелу, реабилитирован 9 августа 1989 года.

ЕВСЮКОВ Георгий Георгиевич родился в 1882 году на ст. Надеждинская, Кубанской области, русский, гражданин СССР, малограмотный, беспартийный, до ареста проживал на ст. Саксаульская, работал садовником 6 жилищно-коммунальной дистанции. По обвинительному заключению Евсюков Г. Г. является участником шпионско-диверсионной, террористической организации, агентом японской разведки. Проживая на территории Манчжурии в 1933 году полицейским харбинской полиции Щербиным был завербован в качестве секретного сотрудника японских разведорганов. Проживая в г. Харбине занимался провокаторской деятельностью, предавал япономанчжурской полиции революционно настроенных советских граждан. По его доносу был арестован ряд советских граждан.

В 1935 году японскими разведорганами перебросен на территорию СССР с заданиями шпионско-диверсионного характера. В том же году, по прибытии на станцию Саксаульская, связался с агентами японской разведки Гребениковым и Дацюк, через которых вошел в состав шпионской диверсионной группы, существовавшей на ст. Саксаульская, возглавляемой резидентом японской разведки Хвостовым. По заданию японской разведки и руководителя шпионской диверсионной группы Хвостова, с целью организации крушения поездов закладывал костыли в зазоры рельсов перед переходами поездов. В апреле 1937 года во время стоянки поезда № 505 отрезал три тормозных рукава. На военный период имел задание совершать диверсионные акты важнейших объектов на ст. Саксаульская, за что он постановлением ОДТО ГУГБ НКВД ст. Казалинск от 3 ноября 1937 года арестован и привлечен к уголовной ответственности по ст. 58-4, 9, 11 УК РСФСР.

Постановлением Комиссии НКВД и Прокурора СССР от 25 декабря 1937 года Евсюков Георгий Георгиевич осужден к высшей мере наказания — расстрелу.

Определением Военного Трибунала Приволжского Военного Округа от 25 апреля 1958 года постановление Комиссии НКВД Прокурора СССР от 25 декабря 1937 года в отношении Евсюкова Георгия Георгиевича отменено и дело о нем за отсутствием состава преступления в уголовном порядке прекращено.

Протест Военного Прокурора при ВО удовлетворен. Евсюков Г. Г. реабилитирован посмертно.

ЕГОРОВ Яков Максимович родился в 1897 году в дер. Емельяновка, Красноярского района, русский,

образование начальное, беспартийный, до ареста проживал на ст. Саксаульская. За контрреволюционную деятельность против Советской власти арестован и привлечен к уголовной ответственности. Приговором Военного Трибунала Пограничной и Внутренней охраны НКВД Казахстана от 3 мая 1936 года осужден на 6 лет лишения свободы, реабилитирован 1 декабря 1995 года.

ЕЛЕКБАЕВ Өмірзақ № 9 «Жақсықылыш» ауылдық кеңесінде 1879 жылы туған, партияда жок, сауатсыз, ірі бай болған. 1931 жылы мал-мүлкі тәркіленген. 1921—31 жылдары контрреволюциялық жолға түсіп, совет үкіметіне қарсы бандалық көтеріліс қозғалысын ұйымдастырған. 1932 жылы тұтқынға алынып, 7 жылға бас бостандық еркінен айыруға сотталған. Тұтқыннан босанып «Жақсықылыш» ауылдық кеңесіне қайтып келгеннен кейін де өзінің жауыздық-зиянкестік жұмысын тоқтатпай, контрреволюциялық-ұлтшылдық ұйымынан белсенді мүшесі болады. «Халық жауларымен» бірігіп, ел ішінде жауыздық жұмыстар жүргізеді, асыл-тұқымды малдарды өлтіріп-құрттып, колхоз құрылысына қарсы шығады. Арал аудандық НКВД бөлімінің 1937 жылғы 24 қарашадағы қаулысымен тұтқынға алынып, қылмыстық іс қозғалған. Ақтөбе облыстық НКВД Басқармасы жанындағы үштіктің 1937 жылғы 6 желтоқсандағы қаулысымен ең жоғары жаза — ату жазасына сотталған, үкім 1937 жылғы 9 желтоқсанда орындалған.

1989 жылғы тамыздың 7 күні облыстық прокурор өзінің қорытындысымен Елекбаев Өмірзақты оның әрекетінде қылмыстық белгісі болмағандықтан ақтаған.

ЕЛЕУСІЗОВ Рысбай Арал ауданының № 8 ауылында 1902 жылы туған, шала сауатты, партияда жок, қамауға алынғанға дейін осы ауылда тұрған. Кеңес өкіметіне қарсы контрреволюциялық әрекеттер жазағаны үшін тұтқынға алынып, қылмыстық іс қозғалған, тергеу барысында 1942 жылы іс қысқартылған, 1994 жылғы 20 қаңтарда толық ақталған.

ЕҢСЕПОВ Әліш «Сазды» ауылдық кеңесінде 1903 жылы туған, байдың баласы, шала сауатты, партияда жок, Қарақұмдағы қарақшылар қозғалысына қатысқан. 1936 жылдан контрреволюциялық ұлтшылдық ұйымның мүшесі болып, кеңес үкіметіне қарсы түрлі жауыздық-зиянкестік жұмыстар жүргізіп келген. Колхоз мүшелерін екі жікке бөліп, оларды бір-біріне қарсы қойып, ру тартыстарын туғызған, серіктестіктің ауылшаруашылық Уставына көшуіне қарсы, малды жаппай қырып-жою туралы үгіт жүргізген. Соның салдарынан серіктестіктен 285 малдың басы кеміп кеткен. Ол үкімет пен партияның ауылшаруашылығында жүргізіп жатқан саяси-шаруашылық науқандарына үнемі кедергі жасаумен болған және бірнеше рет контрреволюциялық ұйым мүшелерінің басын қосып, кеңес үкіметін құлатып, байлар үкіметін орнатпақ болған. Осы қылмыстары үшін Еңсепов Әліш Арал аудандық НКВД бөлімінің 1938 жылғы 5 сәуірдегі қаулысымен тұтқынға алынып, РСФСР ҚК-ның 58 бабының 2, 11 тармақтарымен қылмыстық іс қозғалған. Қызылорда облыстық сотының көшпелі сессиясының 1938 жылғы 17 қазандағы үкімімен Еңсепов Әліш

15 жылға бас бостандық еркінен айыруға, 5 жылға саяси құқын жоюға сотталған.

Қазақ ССР Жоғарғы сотының қылмысты істер қарайтын сот коллегиясының 1941 жылғы 28 шілдедегі ұйғаруымен Қызылорда облыстық сотының үкімі күшінде қалдырылған.

Қазақ ССР Жоғарғы соты Президиумының 1957 жылғы 31 тамыздағы қаулысымен Қызылорда облыстық сотының 1938 жылғы 17 қазандағы үкімімен Қазақ ССР Жоғарғы Сотының 1941 жылғы 28 шілдедегі ұйғарым бұзылып, Еңсепов Әліштің әрекетінде қылмыс белгісі жоқ болғандықтан іс мүлдем қысқартылған.

Қызылорда облыстық прокурордың 1997 жылғы 30 мамырдағы қорытындысымен Еңсепов Әліш Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 14 сәуірдегі Заңының негізінде толық ақталған.

ЕРГІЗБАЕВ-ПІРМАҒАМБЕТОВ Аймағамбет Үргеніш ауданының № 1 ауылында 1862 жылы туған, кейін Сексеуіл стансасында тұрған, бай-ишан болған, мешіт ұстаған. 1930 жылы Қарақұм қарақшыларына қосылған. 1931 жылы мемлекеттік міндеттемені орындамағаны үшін мал-мүлкі тәркіленген, бірақ соттан қашып кеткен. Арал аудандық НКВД бөлімінің 1937 жылғы 9 тамыздағы қаулысымен тұтқынға алынып, қылмыстық іс қозғалған, оған колхозшылар мен жұмысшылар арасында контрреволюциялық жұмыс жүргізіп, орыстар мен қазақтардың арасында ұлттық наразылық туылған деп айып тағылған. Ақтөбе облыстық НКВД Басқармасы жанындағы үштіктің 1937 жылғы 15 қыркүйектегі қаулысымен ең жоғары жаза — ату жазасына сотталған, үкім 1937 жылы (айы, күні көрсетілмеген) орындалған.

1989 жылғы маусым айының 9 күні облыстық прокурор өзінің қорытындысымен Ергізбаев-Пірмағамбетов Аймағамбетті оның әрекетінде қылмыстық белгісі болмағандықтан мүлдем ақтаған.

ЕРЕМИН Семен Тимофеевич родился в 1888 году на хуторе Марьин, Беловского района, Курской области, русский, беспартийный, образование 6 классов, проживал в гор. Аральске, работал зав. лесоскладом отдела снабжения Аралгоррыбтреста. Он достаточно изобличен в том, что в силу своего социального прошлого, будучи враждебно настроенным к Советской власти на протяжении ряда лет и особенно в период Отечественной войны систематически среди рабочих и служащих Аралгоррыбтреста проводил антисоветскую пораженческую агитацию. В феврале 1943 года, разговаривая о войне, высказывал неуверенность в победу Красной Армии над врагом, предсказывал поражение СССР в этой войне, высказался против мероприятий партии и правительства, за что постановлением ОТПО НКГБ ст. Аральское море от 16 мая 1944 года арестован и привлечен к уголовной ответственности по ст. 58-10 ч. 2 УК РСФСР. Приговором выездной сессии по уголовным делам Кызылординского облсуда от 17 августа 1944 года Еремин С. Т. осужден к 10 годам лишения свободы с поражением в избирательных правах сроком на 5 лет. Определением Судебной коллегии по уголовным делам Верховного суда КазССР от 16 октября 1944 года приговор суд. коллегии Кызылординского облсуда от 17 августа 1944

года в отношении осужденного Еремина С. Т. оставлен в силе.

Постановлением Президиума Верховного суда КазССР от 1 декабря 1958 года приговор обласуда от 17 августа 1944 года и определение судебной коллегии Верхсуда от 16 октября 1944 года в отношении Еремина С. Т. отменено и дело производством прекращено за отсутствием состава преступления. Протест прокурора КазССР удовлетворен.

По заключению прокурора Кызылординской области от 13 мая 1997 года Еремин Семен Тимофеевич на основании Закона Республики Казахстан от 14 апреля 1993 года реабилитирован.

ЕРЕМЕНКО Иван Нестерович родился в 1886 году в Харьковской области, Сумском округе, украинец, малограмотный, беспартийный, до ареста проживал в гор. Аральске, работал медником-жестянщиком. За контрреволюционную деятельность против Советской власти арестован и привлечен к уголовной ответственности, приговором Кызылординского областного суда от 27 октября 1941 года по статье 58-10-2 осужден на 10 лет лишения свободы, реабилитирован 3 марта 1989 года.

ЕРЕМЕНКО Павел Александрович родился в 1912 году в селе Ильинское, Оренбургской области, украинец, образование начальное, беспартийный, до ареста проживал на станции Саксаульская, работал машинистом водокачки. За контрреволюционную деятельность против Советской власти арестован и привлечен к уголовной ответственности. Постановлением тройки при УНКВД по Оренбургской области от 11 февраля 1938 года осужден на 10 лет лишения свободы, реабилитирован 31 октября 1995 года.

ЕРЖАНОВ Куанышбай Арал қаласы, Свердлов қосесі, № 67 үйде 1926 жылы туған, білімі 7 класс, 1943 жылдан БЛКЖО мүшесі, Арал аудандық әлеуметтік қамсыздандыру бөлімінде есепші болып жұмыс істеген, үйленбеген, бұрын сотты болмаған, 1942 жылдың қыркүйек айынан 1943 жылдың 27 қыркүйегіне дейін 83 Тау атқыштар дивизиясы, 100 АП-ның құрамында қатардағы жауынгер ретінде Отан соғысына қатысқан.

Ержанов Куанышбай 1946 жылдың 22 қаңтарында Арал қаласына СССР Жоғарғы Кеңесінің депутаттығына кандидат келген кезде Арал теңізі темір жолы стансасының № 85 сайлау учаскесіне түні мезгілде мас болып келіп, қабырғада ілулі тұрған «№85 сайлау учаскесі» деген көрсеткішті және қазақ тілінде жазылған екі ұранды жұлып алып, жыртқан. Содан кейін ол станса бастығының кабинетіне кіріп, кеңес үкіметіне қарсы сипаттағы сөздер айтқан. Бұдан басқа Ержанов тұтқынға алынғанға дейін ұзақ уақыт Тәжібаев Әлидің «За Отвагу» медалін заңсыз, жалған куәлікпен омырауына тағып келген. Сол үшін Ержанов Куанышбай Арал аудандық НКГБ бөлімінің 1946 жылғы 26 қаңтардағы 1 бөлімінің және СССР Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1943 жылғы 2 мамырдағы жарлығының 4 пунктімен қылмыстық іс қозғалған.

Тергеу ісі 1946 жылдың 15 наурызында аяқталып, айыптау қорытындысы бойынша Ержанов Куанышбайдың тергеу ісі обласоттың қарауына жіберілген. (Істе басқа мағлұматтар жоқ). Ол толық ақталған.

ЕРМАҒАМБЕТОВ Манау Ақтөбе облысы, Шалқар ауданының № 6 ауылында 1903 жылы туған, білімі

бастауыш, партияда жоқ, қамауға алынғанға дейін Арал қаласында тұрған, темір жол бойында вагон мастері боып жұмыс істеген. Кеңес өкіметіне қарсы жауыздық-зиянжестік әрекеттері үшін тұтқынға алынып, қылмыстық іс қозғалған. Қызылорда облыстық сотының 1948 жылғы үкімімен 5 жылға бас бостандық еркінен айыруға сотталған, 1995 жылғы 9 қарашада толық ақталған.

ЕРМЕКҚАРАЕВ Қапан Арал ауданының № 9 ауылдық кеңесінде 1876 жылы туған, кейін осы ауданның Мергенсай ауылдық кеңесінде тұрған, әлеуметтік негізі — ірі бай, жалшылар ұстаған, патша үкіметі тұсында 15 жыл болыс старшинасы болған, сауатсыз, партияда жоқ, үйлі-жайлы, өйелі Қаншайым, баласы Жанғам.

Ермеққараев Қапан 1919—1920 жылдары Жүгінісов, Адаевпен бірге Жаманқылыш түз өндірісін иемденіп, 50 жұмысшыны ұстап қанаған. 1926 жылы өзінің шаруашылығын төркілеуге түсірмеу мақсатында құрғып жіберген. 1930—1931 жылдары бай ретінде міндетті салық салынған, бірақ оны орындамай, қуғын-сүргіннен Қарақалпақстанға қашып тығылған, ол жақтан 1934 жылы Арал ауданына қайтып келіп, мал ұрлаумен айналысқан, сол үшін 5 жылға бас бостандық еркінен айыруға сотталып, жазасын мерзімінен бұрын орындап шыққан.

Ермеққараев серіктіктің мүшесі болып тұрған кезінде кеңес өкіметі мен колхозды экономикалық әлсірету мақсатында контрреволюциялық ұлтшылдық топтың белсенді мүшесі болып, өзінің жағына байлардың дұшпандық элементтерін тартқан, сонымен қатар ишан-молда Бекеновпен және Адаевпен тығыз байланыста болған. Солардың тапсырмасымен ол тұрғындар арасында кеңес үкіметінің қуш-қуатын және колхоз құрылысын бүліншілікке ұшыратуға бағытталған контрреволюциялық үгіт жүргізген. Соғыс туралы, аштық туралы және капиталистік елдермен алдағы уақытта болатын соғыста кеңес өкіметінің жеңілетіні туралы провокациялық лақаптар таратқан, деп айып тағылып Ермеққараев Қапан Арал аудандық НКВД бөлімінің 1937 жылғы 22 қарашадағы қаулысымен тұтқынға алынып, қылмыстық іс қозғалған. (ҚК-ның бабы қойылмаған).

Тергеу ісі 1937 жылғы 25 қарашада аяқталып, айыптау қорытындысы сол күні шығарылған. Ермеққараев тергеу барысында өзін айыптымын деп санамаған, бірақ тергеу ісіндегі материалдар бойынша ол өзінің контрреволюциялық әрекетін және үгітін толық мойындаған.

Ақтөбе облыстық НКВД Басқармасы жанындағы үштіктің 1937 жылғы 6 желтоқсандағы қаулысымен Ермеққараев Қапан 10 жылға еңбек түзету лагеріне сотталған.

Қызылорда облыстық соты Президиумының 1959 жылғы 30 қыркүйектегі қаулысымен Ақтөбе облыстық НКВД Басқармасы жанындағы бұрынғы үштіктің 1937 жылғы 6 желтоқсандағы Ермеққараев Қапан жөніндегі қаулысы бұзылып, оған тағылған айыптың анықталмағандығы үшін ол туралы іс өндірістен қысқартылған.

Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының бөлім бастығының 1995 жылғы 7 желтоқсандағы қорытындысымен Ермекқараев Қапан Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 14 сәуірдегі заңының негізінде толық ақталған.

ЕРМУХАМЕДОВ Қапаш Арал ауданының территориясында 1892 жылы туған, шала сауатты, партияда жоқ, қарамау алынғанға дейін Арал қаласында тұрған, шыны-өйнек жасайтын цехта санақшы болып жұмыс істеген. Кеңес өкіметіне қарсы жауыздық-зиянкестік әрекеттері үшін тұтқынға алынып, қылмыстық іс қозғалған, сотталған (істе сот үкімі, басқа да іс қағаздары жоқ), 1996 жылғы 15 сәуірде толық ақталған.

ЕРШИНСКИЙ Александр Герцевич родился в 1925 году в гор. Москве, русский, образование среднее, член ВЛКСМ, до ареста проживал в гор. Аральске, не работал. За контрреволюционную деятельность против Советской власти арестован и привлечен к уголовной ответственности, приговором Кызылординского областного суда от 27 ноября 1942 года осужден на 10 лет лишения свободы, реабилитирован 29 августа 1966 года.

ЕСЕНЖОЛОВ Үраш Арал ауданының № 17 ауылдық кеңесінде 1879 жылы туған, Қазалы ауданының № 14 ауылдық кеңесінде тұрған, шала сауатты, партияда жоқ, ірі бай болған. 1930 жылы мал-мүлкі тәркіленген. 1909—1911 жылдары болыс старшинасы болған. 1931 жылы контрреволюциялық әрекеті мен қарақшылығы үшін 5 жылға бас бостандығы еркінен айырып, Қызылорда округіне жер аударуға сотталған. Айып мерзімін толық өтемі қашып кеткен, қайтадан Арал ауданына келіп, Асановтың қарақшылық көтерілісіне қатысады. Асанов қарақшылары талқандалғаннан кейін, ол ұсталудан қашып, Қарақалпақстанға барып тығылған. Одан 1933 жылы Арал ауданының № 17 ауылдық кеңесіне қайтып келген. Осында ол колхоз құрылысын құлатуға бағытталған және кеңес үкіметінің саяси-шаруашылық шараларына қарсы контрреволюциялық үгіт таратумен айналысқан. Сонымен қатар соғыс және ашаршылық туарлы провокациялық суық хабарлар таратқан деп айып тағылып, Арал аудандық НКВД бөлімінің 1937 жылғы 5 қарашадағы қаулысымен тұтқынға алынып, қылмыстық іс қозғалған. Ақтөбе облыстық НКВД Басқармасы жанындағы үштіктің 1937 жылы 25 қарашадағы қаулысымен Есенжолов У. 10 жылға еңбекпен түзету лагеріне сотталған.

Қызылорда облыстық соты Президиумының 1959 жылғы 26 мамырдағы қаулысымен Ақтөбе облыстық НКВД басқармасы жанындағы үштіктің 1937 жылғы 25 қарашадағы қаулысы бұзылып, оның еркіндігі қылмыс құрамы болмағандықтан іс қысқартылған. Облпрокурордың наразылығы қанағаттандырылған.

Қызылорда облыстық прокурордың 13 мамыр 1997 жылғы қорытындысымен Есенжолов Үраш Қазақстан Республикасының «жаппай саяси қуғын-сүргіндер құрбандарын ақтау туралы» 1993 жылғы 16 сәуірдегі заңының негізінде толық ақталған.

ЕСМАҒАМБЕТОВА Сәмби Арал ауданында 1920 жылы туған, білімі 7 класс, БЛКЖО мүшесі, кол-

хозшы. Қамауға алынғанға дейін осы ауданда тұрған, Кеңес өкіметіне қарсы жауыздық-зұлымдық әрекеттері үшін тұтқынға алынып, қылмыстық іс қозғалған. СССР НКВД-ның жанындағы Ерекше мәжілісінің 1943 жылғы 2 қазандағы үкімімен 5 жылға жер аударуға сотталған. 1989 жылға 19 қыркүйекте толық ақталған.

ЕСМАХАНОВ Бегімбай № 12 «Қасқақұлан» ауылдық кеңесінде 1911 жылы туған, бай болған, сауаты бар, партияда жоқ, белгілі жұмыс істемеген, үйленген, әйелі — Ибағұл, баласы — Әзілхан.

Есмаханов Бегімбай 1931 жылы Асан көтерілісіне қатысқан. 1934 жылы кооперацияны толық құлатқаны және 9 мың сом мемлекет қаржысын ішіл-жеп қойғаны үшін Арал халық соты арқылы 1932 жылғы 7 тамыздағы Заңымен 10 жылға сотталған, мал-мүлкі тәркіленген. Кейін қамудан мерзімінен бұрын босатылған. Есмаханов Бегімбай кейінгі кезде Арал ауданының № 12 ауылдық кеңесінде тұрып, жеке балық аулаумен айналысқан. Ол партия мен үкіметтің шараларына қарсы жауыздық пиғылда болып, «Қызыл Қасқақұлан» колхозы мүшелерінің арасында үнемі колхоз құрылысын құлатуға және колхозшылардың тұрмысын нашарлатуға бағытталған контрреволюциялық жұмыспен айналысқан. Ол колхозшыларды колхоздан шығуға шақырып: «жеке өмір сүру жақсы, мол табыс табуға болады», — деп үгіт таратқан.

1937 жылдың маусым айында Есмаханов бір топ байлармен бірге зират басында құдай жолы жасап, колхозшыларды 3 күн жұмыстан қалдырған. Соның салдарынан «Қызыл Қасқақұлан» колхозының маусым айындағы балық аулау жоспары орындалмай қалған. Колхоз басқармасын сайлау кезінде Есмаханов бір топ байлармен бірге колхоз мүшелері арасында басқарма мүшелеріне бай-қарақшылар элементтерін және өздеріне жақын адамдарды сайлау үшін үгіт жүргізген. Олар Асан көтерілісіне қатысқан Досәліев Жақанның, Мусаев Нұрмағамбеттің кандидат тураларын ұсынған.

Осы қылмысы үшін Есмаханов Бегімбай Арал аудандық НКВД бөлімінің 1937 жылы 18 тамыздағы қаулысымен тұтқынға алынып, қылмыстық іс қозғалған. Тергеу ісі аяқталып, айыптуа қорытындысы шығарылған, оны Арал аудандық НКВД бөлімінің бастығы 19 қазанда бекіткен.

Ақтөбе облыстық НКВД Басқармасының жанындағы үштіктің 1937 жылғы 4 қарашадағы қаулысымен Есмаханов Бегімбай 10 жылға еңбекпен түзету лагеріне сотталған.

Қызылорда облыстық прокуроры орынбасарының 1989 жылғы 22 мамырдағы қорытындысымен Есмаханов Бегімбай СССР Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1989 жылғы 16 қаңтардағы жарлығының негізінде толық ақталған.

ЕФИМОВ Николай Филишович родился в 1879 году в Екатеринославской губернии, русский, малограмотный, беспартийный, до ареста проживал в гор. Аральске, работал конюхом горбольницы. За контрреволюционную деятельность против советской власти арестован и привлечен к уголовной ответственности по ст. 58-10-1 УК РСФСР. Приговором Кызылординского областного суда от 17 сентября 1940

года осужден на 5 лет лишения свободы, реабилитирован 3 марта 1989 года.

Ж

ЖАДЫРАСЫНОВ Сүндет № 6 Октябрь ауылдық кеңесі, «Деки» колхозында 1887 жылы туған, бай болған, сауатсыз, партияда жоқ.

Жадырасынов Сүндет кеңесіне жат пікірде болып, колхоз құрылысына қарсы, колхозшылардың тұрмысын нашарлатуға бағытталған контрреволюциялық, жауыздық-зиянқестік әрекеттер жасаған, сонымен қатар соғыс және ашаршылық туралы провокациялық суық лақаптар таратқан. Ол контрреволюциялық ячейканың тапсырмасымен 1937 жылғы 9 шілде күні колхоз жиналысында шығып сөйлеп: «Біз кеңес үкіметінің адамдары емеспіз, заемға жазылмаймыз, өйткені кеңес үкіметі осы заем арқылы онсыз да жартылай аштықта отырған халықтың барын сыпырып алды», — деген. Ол осы тұрғыдағы контрреволюциялық үгітін бірнеше рет қайталап айтқан. Осы қылмыстары үшін аудандық НКВД бөлімінің 1937 жылғы 5 қыркүйектегі қаулысымен тұтқынға алынып, РСФСР ҚК-ның 58 бабының 7, 11 тармақтарымен қылмыстық іс қозғалған. Ақтөбе облыстық НКВД Басқармасының жанындағы үштіктің 1937 жылғы 10 қарашадағы қаулысымен ол 10 жылға бас бостандық еркінен айырып, еңбек түзету лагеріне сотталған.

Қызылорда облыстық НКВД Басқармасының тергеу бөлімшесінің 1940 жылғы 19 сәуірдегі қаулысымен Ақтөбе облыстық НКВД Басқармасының жанындағы үштіктің қаулысы бұзылып, Жадырасынов Сүндет қамаудан босатылған.

Қызылорда облыстық прокурордың 1997 жылғы 22 мамырдағы қорытындысымен Жадырасынов Сүндет СССР Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1989 жылғы 16 қаңтардағы жарлығының негізінде толық ақталған.

ЖАДЫРАСЫНОВ Үмбет № 6 Октябрь ауылдық кеңесінде 1879 жылы туған, бай, малшы болған, сауатсыз, партияда жоқ, 1933 жылы мемлекеттік тапсырманы орындамағаны және колхоз малын талан-таражға салғаны үшін 10 жылға бас бостандығынан айыруға сотталған, жазасын өтемеген, әйелі — Жанылдық, баласы — Закария, қыздары — Балзия, Балқұйған.

Айыптау қорытындысы бойынша Арал ауданының территориясында контрреволюциялық панисламистік жауыздық ұйымның филиалы колхоздар мен совхоздарда, өндіріс орындарында жауыздық бүлдірушілік әрекеттер жасап келген. Айыпкер Жадырасынов Үмбет осы ұйымның белсенді мүшесі болған. Азамат соғысы кезінде ол ақтарға көмек көрсеткен, ат, астық берген, 1929 жылы кеңес үкіметіне қарсы күрескен қарақшылар қозғалысына қатысқан, сонымен қатар жаппай қоныс аударудың ұйымдастырушысы болған, неше түрлі айла-тәсілмен байлар мен молдаларды қорғап-қолдап отырған.

Жадырасынов Үмбет кеңес үкіметінің қас жауы ретінде колхоз құрылысын бүлдіруге, күйретуге және

колхозшылардың тұрмыс жағдайын нашарлатуға бағытталған контрреволюциялық әрекетпен айналысқан. Осы контрреволюциялық әрекетін жүзеге асыру үшін ол ірі бай феодалдармен және молдалармен тығыз байланыс жасаған. Осы ұйымның тапсырмасымен Жадырасынов Үмбет колхоз құрылысына қарсы байлар тобын құрып, осы топқа контрреволюциялық жаулар элементтерін тартқан, сонымен қатар колхозшылар арасында үнемі контрреволюциялық үгіт жүргізген, «барлық малдарыңды сапып құртыңдар, өйткені малдарың колхозда бөрібір құриды» деген. Колхозда жылқы фермасын ұйымдастыру мәселесіне Жадырасынов қарсы тұрған, колхозшыларды жылқы фермасы пайда бермейді, деп үгіттеген. Жадырасынов тұтқынға алынғанға дейін контрреволюциялық әрекетін жүргізген.

Арал аудандық НКВД бөлімінің 1937 жылғы 5 қарашадағы қаулысымен Жадырасынов Үмбет тұтқынға алынып, қылмысқа тартылған.

Ақтөбе облыстық НКВД Басқармасы жанындағы үштіктің 1937 жылғы 15 қарашадағы қаулысымен Жадырасынов Үмбет 10 жылға еңбекпен түзету лагеріне сотталған.

Қызылорда облыстық прокуроры орынбасарының 1989 жылғы 22 мамырдағы қорытындысымен Жадырасынов Үмбет СССР Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1989 жылғы 16 қаңтардағы жарлығының негізінде толық ақталған.

ЖАЛМАҒАМБЕТОВ Жұмағазы № 9 Аван ауылдық кеңесінде 1900 жылы туған, ірі бай-молда болған, мешіт ұстаған, арабша сауатты, партияда жоқ, тұрақты жұмыс істемеген, осы ауылда тұрған, бұрын сотталған, үйленген, әйелі — Айжан, қызы — Сәпен, інісі — Низамадин.

Жалмағамбетов Жұмағазы — Аван ауылдық кеңесінің байлары мен атқамінерлерінен 17 адамнан топ құрып, кеңес өкіметіне қарсы қарақшылардың қарулы қозғалысын ұйымдастырып, Қызыл Армия бөлімшелеріне қарсы күрескен, қуғын-сүргіннен Қарақалпақстан территориясына көшіп кету мақсатымен Қарақұмға көшіп барған. Ақырында ОГПУ органы арқылы қаруымен ұсталып, 1932 жылы ОГПУ-дың үштігі арқылы РСФСР ҚК-ның 58 бабының 2 тармағымен айыпталып, 3 жылға сотталған, 1934 жылы қамаудан босанып, ауылына қайтып келген.

Жалмағамбетов кеңес өкіметіне қарсы жат пиғылда болып, қамаудан босанып келгеннен кейін, Жақсыкылыш ауылдық кеңесінде тұрып, тұрғындар арасында үнемі контрреволюциялық үгіт жүргізген: «жаңа мешіт салу керек, ол үшін Мұхамед діні бойынша халықтан «пітір-зекет» жинау керек», — деп үгіт таратқан, сонымен қатар ол жұртшылықты балаларын сүндетке отырғызуға шақырған. «Кімде-кім өзінің баласын сүндетке отырғызбаса, ол адамды мұсылман деп санауға болмайды, ол «кәпір», — деген. Сөйтіп ол бала пішуген айналысқан. Жұртшылық арасында СССР Қорғанысының мемлекеттік заемына жазылау туралы контрреволюциялық үгіт жүргізген: «Кеңес өкіметі осы заем арқылы жұртшылықты жұрдай қылды, НКВД органы байлар мен молдаларды жаппай ұстап жатыр, одан жасыруы үшін басқа жаққа көшу керек», — деп лақап таратқан.

Осы қылмысы үшін Жалмағамбетов Жұмағазы Арал аудандық НКВД бөлімінің 1937 жылғы 7 қазандағы қаулысымен тұтқынға алынып, қылмыстық іс қозғалған.

Тергеу ісі аяқталып, айыптау қорытындысы сол жылғы 14 қазанда шығарылған, оны Арал аудандық НКВД бөлімі бастығы бекіткен.

Ақтөбе облыстық НКВД Басқармасының жанындағы үштіктің 1937 жылғы 4 қарашадағы қаулысымен Жалмағамбетов Жұмағазы 10 жылға бас бостандық еркінен айыруға сотталған.

Ол Ярослав облысы, Углич қаласы НКВД-ның Волгалагына айдалған.

Қызылорда облыстық НКВД Басқармасының тергеу бөлімшесінің 1940 жылғы 8 тамыздағы қаулысы және Облпрокурордың 1941 жылғы 3 ақпандағы қорытындысы бойынша Ақтөбе облыстық НКВД Басқармасының жанындағы үштіктің қаулысын дұрыс деп тауып, сотталушының арызын негізсіз тастаған.

Қызылорда облыстық прокуроры орынбасарының 1989 жылғы 15 мамырдағы қорытындысымен Жалмағамбетов Жұмағазы СССР Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1989 жылғы 16 қаңтардағы жарлығы негізінде толық ақталған.

ЖАМЕТОВ Ешнияз № 5 ауыл, «Қарашалан» колхозы, «Батпақты» деген жерінде 1898 жылы туған, сауатсыз, партияда жок, колхозшы, бұрын сотты болмаған, үйленген.

Жаметов Ешнияз 1930 жылдың қыркүйек айында өзінің ауылдас досы Жұмағұлов Құрманмен бірге колхозшы-белсенді Ж. Мендібаевты өлтірмекші болып үйіне келген, өйткені Мендібаев қызыл комотрядтарға жол көрсетуші болып қызмет атқарған. Комотрядтар Арал теңізінің аралдарына қуғын-сүргіннен қашып жүрген қарақшылардың еніп кетпеуін болдырмау үшін шыққан болатын. Сонымен қатар Мендібаев ауылда жасырынып жүрген қарақшылар белсенділерін ұстауға қағысқан. Сол үшін Жаметов Ешнияз белсенді Мендібаевты өлтіруге қам жасаған. Осы қылмысы үшін Жаметов Ешнияз ОГПУ-дың Арал теңізі учаскесінің 1930 жылғы 28 қыркүйектегі қаулысымен тұтқынға алынып, РСФСР ҚК-ның 58 бабының 8 тармағымен қылмыстық іс қозғалған.

ОГПУ-дың Қызылорда Округтік бөлімі істі өзінің өндірісіне 1930 жылдың қазан айының 3 күні алып, тергеу ісін сол жылғы 26 қазанда аяқтаған, айыптау қорытындысы шығарылып, оны ОГПУ-дың Шымкент Оперсекторының бастығы бекіткен.

Қазақстандағы ОГПУ-дың өкілетті өкілдігі жанындағы үштіктің 1930 жылғы 19 қарашадағы қаулысымен Жаметов Ешнияз 5 жылға концлагерьге сотталған.

Қызылорда облыстық прокурорының 1989 жылғы 2 қарашадағы қорытындысымен Жаметов Ешнияз СССР Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1989 жылғы 16 қаңтардағы жарлығының негізінде толық ақталған.

ЖАНҰЗАҚОВ Жұбатқан Арал ауданы территориясында 1924 жылы туған, 1966 жылғы 23 маусымда Арал аудандық халық сотының үкімімен ҚК-ның 76 бабының 4 тармағы үшінші бөлімі, 143 бабы

бойынша 6 жылға бас бостандығынан айыруға сотталған. 1968 жылғы 16 мамырда облыстық сот үкімімен ҚК-нің 76 бабы, 4 тармағы, үшінші бөлімі бойынша 3 жылға бас бостандығынан айыруға сотталған.

1969 жылғы 11 сәуірде Қызылорда қалалық халық сотының 1969 жылғы 11 сәуірдегі ұйғарымымен Жанұзақов Жұбатқанның жазасы 1 жыл 10 ай 27 күнге шартты жазаға түсірілген. Ол толық ақталған.

ЖАРЫЛҚАПОВ Досжан № 8 ауыл, Куйбышев атындағы колхозда 1886 жылы туған, бай болған, шала сауатты, партияда жок, колхозшы, қамауға алынғанға дейін сол ауылда тұрған, 1930 жылы өкіметке ет тапсыру жөнінде салық салынған, үйлі-жайлы, әйелі — Биғанша, қыздары — Бекежан, Бейеш, ұлдары — Ызбасар, Жақсыбай, бұрын сотты болмаған.

Жарылқапов Досжан өзінің контрреволюциялық көзқарасы тұрғысынан кеңес өкіметіне, коммунистік партияға қастандық пиғылында болып, қазақ тұрғындары арасында, әсіресе колхозшылар арасында кеңес өкіметіне қарсы, колхоз құрылысына және колхозшылардың тұрмысын әлсіретуге бағытталған үгіт таратумен айналысқан, сонымен қатар Жарылқапов колхозшылар арасында ауылшаруашылық артелінің Уставына көшуге қарсы үгіт жүргізген, Егерде біз ауылшаруашылық артелінің Уставын қабылдасак, онда біздің барлық малымыз қоғамдық болып, бізге ешнәрсе қалмайды, — деп жауыздық лақап таратқан, сөйтіп колхозшыларды малды жаппай қырып-жоюға шақырған. Корманис замына жазылу науқаны кезінде Жарылқапов тағы да колхозшылар арасында заема жазылуға қарсы үгіт жүргізген.

Осы қылмысы үшін Жарылқапов Досжан Арал аудандық НКВД бөлімінің 1937 жылғы 10 қарашадағы қаулысымен тұтқынға алынып, қылмыстық іс қозғалған.

Ақтөбе облыстық НКВД Басқармасы жанындағы үштіктің 1937 жылғы 20 қарашадағы қаулысымен Жарылқапов Досжан 10 жылға еңбекпен түзету лагеріне сотталған.

Жарылқапов Досжан сотталғаннан кейін СССР НКВД-ның Волгалагына 1937 жылдың 23 желтоқсанында айдалып кеткен.

Қызылорда облыстық НКВД Басқармасының тергеу бөлімшесінің 1940 жылғы 13 шілдедегі қаулысымен Ақтөбе облыстық НКВД Басқармасы жанындағы үштіктің 20 қарашадағы 1937 жылғы қаулысы күшінде қалдырылып, Жарылқаповтың шағым арызы нәтижесіз тасталған.


Қызылорда облыстық НКВД Басқармасының тергеу бөлімшесінің 1940 жылғы 19 қарашадағы қаулысымен Ақтөбе облыстық НКВД Басқармасы жанындағы бұрынғы үштіктің 20 қараша 1937 жылғы қаулысын өзгерту туралы, яғни жазасын нақты отырған күніне жатқызып, сотталушыны қамаудан босату жөнінде СССР НКВД-ның Ерекше мәжілісіне ұсыныс жасаған.

Арал аудандық НКВД бөлімінің 1941 жылғы 31 наурыздағы қаулысымен Ақтөбе облыстық НКВД Басқармасы жанындағы үштіктің 20 қараша 1937 жылғы қаулысы күшінде қалдырылған. Оны Қызылорда облыстық НКВД Басқармасының бастығы 1941 жылдың 31 наурызы күні бекіткен.

Қызылорда облыстық прокуроры орынбасарының 1990 жылғы 30 қазандағы қорытындысымен Жарылқапов Досжан СССР Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1989 жылғы 16 қаңтардағы жарлығы негізінде толық ақталған.

ЖАРЫЛҚАПОВ Сүтен Ақтөбе облыстық, Шалқар ауданының № 26 ауылында 1889 жылы туған, шала сауатты, партияда жок, қамауға алынғанға дейін Арал қаласында тұрған, темір жолда жұмысшы болып істеген. Кеңес үкіметіне қарсы жауыздық зиянкестік әрекеттер жасағаны үшін тұтқынға алынып, қылмыстық іс қозғалған. Орынбор темір жолы НКВД Басқармасы жанындағы үштіктің 1937 жылғы 14 қыркүйектегі қаулысымен 10 жылға бас бостандық еркінен айыруға сотталған, 1995 жылғы 31 қазанда толық ақталған.

ЖИЕНӨЛИЕВ (ЖАНӨЛИЕВ) Қосжан «Қасқақұлған» ауылдық кеңесінде 1923 жылы туған, жұмысшы от басынан шыққан, білімі 7 класс, 1930 жылдан БЛКЖО мүшесі, осы іске байланысты комсомол қатарынан шығарылған, қамауға алынғанға дейін Көзжетпес ауылдық кеңесі, Ұзынқайыр балық зауытында жұмысшы болып істеген, Көзжетпес поселкесінде тұрған, бұрын сотты болмаған, үйленбеген.



Жиенөлиев Қосжан 1941 жылы Көзжетпес поселкесіндегі орталау мектептің 7 класында оқып жүрген кезінде оқушылар арасында үнемі бұзықтық жасағаны үшін класс жетекші Қосжанов мектеп директоры Жолаевқа Жиенөлиев ішкілік ішеді, бұзықтық жасайды деп көрсетіп, мектептен шығартып жіберген. Мұғалім Қосжановқа наразы болып жүріп, Жиенөлиев 1941 жылдың маусым айының 3 күні далада жатқан жауырын сүйекке кеңес үкіметі мен партия көсемдерінің аттарын көрсетіп контрреволюциялық сөздер жазып, Қосжановтан кек алу үшін артына оның фамилиясын көрсетіп, мектептің қасындағы турник қасына өкеліп тастаған жерінен турникке ойнауға барған оқушылар бетінде жазуы бар жауырын сүйекті алып, оны тергеу орнына апарып берген. Жиенөлиев Қосжанның жауырын сүйекке контрреволюциялық сөздер жазғандығы алдын-ала тергеуде және сот тергеуінде айыпкердің қылмысы мойнына толық қойылған.

Тергеу ісі 1942 жылдың 20 наурызында аяқталып, айыптау қорытындысы 22 мамырда шығарылған, оны Қызылорда облыстық НКВД Басқармасының бастығы 23 мамырда, Облпрокурор 28 мамырда, облыстық соттың қылмысты істер қарайтын сот коллегиясының дайындау мәжілісі 3 маусымда бекіткен. Қызылорда облыстық сотының қылмысты істер қарайтын көшпелі сессиясының 1942 жылғы 29 маусымдағы үкімімен айыпкер Жиенөлиев Қосжан 10 жылға бас бостандық еркінен айыруға, жазасын өтегеннен кейін 3 жылға сайлау-сайлану құқын жоюға сотталған.

Қазақ ССР Жоғарғы сотының қылмысты істер қарайтын сот коллегиясының 1942 жылғы 12 шілдедегі ұйғаруымен Қызылорда облыстық сотының 1942 жылғы 26 маусымдағы үкімін күшінде қалдырған, сотталушының шағым арызы аяқсыз тасталған.

Қазақ ССР прокуроры орынбасарының Қазақ ССР Жоғарғы сотының Президиумына 1990 жылғы 30 қаңтарда жолдаған наразылығы бойынша Жиенөлиев (Жанөлиев) Қосжан жөнінде Қызылорда облыстық сотының 1942 жылғы 29 маусымдағы үкімі мен Қазақ ССР Жоғарғы сотының қылмыстық істер қарайтын сот коллегиясының 1942 жылғы 13 шілдедегі ұйғаруын оның әрекетінде қылмыс құрамы жоқ болғандықтан, істі бұзуды және өндірістен қысқартуды сұраған. Ол толық ақталған.

ЖИЕСОВ Иса № 3 Көкарал ауылдық кеңесінде 1872 жылы туған, ірі бай, феодал болған, сауатсыз, партида жок, жұмыс істемеген, 1929 жылы контрреволюциялық әрекеттері үшін 3 жылға сотталып, Қарағандың концлагеріне айдалған, мал-мүлкі тәркіленген, жаза мерзімін толық өтеп шыққан.

Айыптау қорытындысы бойынша Жиесов Иса ете қауіпті элемент ретінде кеңес өкіметі құрылысының қас жауы болған. Ол колхоздар мен серіктестіктерді құлату, қоғамдық малды жаппай қырып жою жолымен Кеңес үкіметінің экономикалық қуатын әлсіретуге бағытталған контрреволюциялық жұмыстар жүргізген. Халық арасында кеңес үкіметіне қарсы жеңілістік үгіт айтып былай деген: «Кеңес үкіметі ұзақ өмір сүре алмайды, сондықтан қоғамдық малды ұстаудың қажеті жоқ, Жапония Қытайды жеңгеннен кейін Германиямен бірлесіп, ұйымдасқан түрде Кеңес Одағына қарсы соғыс ашады, кеңес үкіметі құлап, өкімет ауысқаннан кейін біз бұрынғы қалпымызға келеміз және үкімет төркілеп алған барлық мал-мүлкімізді қайтып аламыз».

Сол сұрапыл жылдары «халық жауы» болып ұсталғандарға аяушылық білдіріп: «Кеңес үкіметі қазақ интеллигенциясының ең таңдаулы адамдарын тұтқынға алып жатыр, бұған біз қарсы тұрып, коммунистерді террорлық жолмен құртуымыз керек, одан қорқып бас сауғалаудың қажеті жоқ, бәрібір жақын арада кеңес үкіметі құлайды», — деген. Осы қылмыстары үшін Жиесов Иса Арал аудандық НКВД бөлімінің 1938 жылғы 25 қаңтардағы қаулысымен тұтқынға алынып, қылмыстық іс қозғалған.

Ақтөбе облыстық НКВД Басқармасы жанындағы үштіктің 1938 жылғы 2 ақпандағы қаулысымен Жиесов Иса ең жоғары жаза — ату жазасына сотталып, мал-мүлкі тәркіленген.

Қызылорда облыстық соты Президиумының 1958 жылғы 30 маусымдағы қаулысымен Ақтөбе облыстық НКВД Басқармасы жанындағы үштіктің 1938 жылғы 2 ақпандағы Жиесов Иса жөніндегі қаулысы бұзылып, қылмыс құрамы анықталмағандықтан іс мүлдем қысқартылған. Облыстық прокурордың наразылығы қанағаттандырылған.

Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы бөлімінің 1995 жылғы 21 желтоқсандағы қорытындысымен Жиесов Иса Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 14 сәуірдегі Заңының негізінде толық ақталған.

ЖОЛМЫРЗАЕВ Абдулла Қамбаш ауылдық кеңесі, Сульфат поселкесінде 1911 жылы туған, білімі арнаулы орта, партияда жоқ, қамауға алынғанға дейін Сульфат поселкесінде тұрған, Ақбөгет мектебінде мұғалім болып жұмыс істеген.

Жолмырзаев Ұлы Отан соғысы кезінде үш жылдай немістердің тұтқынында болып, одан 1945 жылғы 5 мамырда америка әскерлері арқылы тұтқыннан босатылған. Репатриациядан кейін ол Арал ауданында тұрып, Аёбөгет орталау мектебінде мұғалім болып жұмыс істеген. СССР-дың мемлекеттік құрылысына жауыздықпен қараған ол жұртшылық арасында кеңес үкіметіне қарсы үгіт жүргізген, партия мен кеңес үкіметінің шараларын бұрмалап, оған күнә жакқан, капиталистік елдердің саяси және экономикалық жағдайын, буржуазиялық елдердің «демократиясын» мадақтаған деп оған айып тағылып, Қызылорда облыстық ТСБ Басқармасының тергеу бөлімшесінің 1951 жылғы 14 тамыздағы қаулысымен тұтқынға алынып, РСФСР ҚК-ның 58 бабының 10-1 тармағымен қылмыстық іс қозғалған.

Қызылорда облыстық сотының қылмысты істер қарайтын сот коллегиясының 1951 жылғы 9 желтоқсандағы үкімімен Жолмырзаев Абдулла 10 жылға бас бостандық еркінен айыруға, 5 жыл саяси құқын жоюға сотталған.

Қазақ ССР Жоғарғы сотының қылмысты істер қарайтын сот коллегиясының 1952 жылғы 7 қаңтардағы үйғаруымен Қызылорда облыстық сотының 1951 жылғы 9 желтоқсандағы Жолмырзаев Абулла жөніндегі үкімі күшінде қалдырылған.

СССР Жоғарғы соты Пленумының 1961 жылғы 26 сәуірдегі қаулысымен Қызылорда облыстық сотының 1951 жылғы 9 желтоқсандағы үкімі, Қазақ ССР Жоғарғы сотының қылмысты істер қарайтын сот коллегиясының 1952 жылғы 7 қаңтардағы Жолмырзаев Абдулла жөніндегі үйғаруы бұзылып, оның өрекетінде қылмыс белгісі жоқ болғандықтан іс мүлдем қысқартылған. Ол толық ақталған.

ЖОЛМЫРЗАЕВ Қадырбай Сазды ауылдық кеңесінде 1908 жылы туған, байдың баласы, малшы, сауатты, партияда жоқ, қамауға алынғанға дейін осы ауылда тұрған, «Жігер» колхозының төрағасы болып жұмыс істеген.

ения. Он говорит: «На заем пусть подписываются колхозники, им нужно защищать свои колхозы». После ареста Кузнецова, Марков признал население написать характеристику о Кузнецове, что он человек хороший и такого директора у нас еще не было, а также сожалел об его аресте органами НКВД, за что он постановлением Аральского РО НКВД от 13 ноября 1937 года арестован и привлечен к уголовной ответственности.

Постановлением тройки при УНКВД по Актыбинской области от 2 декабря 1937 года Марков Матвей Сергеевич осужден на 10 лет в ИТЛ.

Постановлением Президиума Кызылординского Облсуда от 13 июня 1962 года Постановление быв. тройки при УНКВД по Актыбинской области от 2 декабря 1937 года по делу Маркова М. С. отменено, а дело производством прекращено за отсутствием в его действиях состава преступления.

Протест облпрокурора удовлетворен.

МАРТЫНОВ Иван Никитич родился в 1910 году в Бузулукском районе Чкаловской области, русский, образование 5 классов, беспартийный, до ареста проживал на станции Саксауская, работал плотником прорабского участка. За антисоветскую контрреволюционную, подрывно-вредительскую работу и антисоветскую агитацию среди рабочих арестован и привлечен к уголовной ответственности. Приговором Военного Трибунала Оренбургской ж/д. от 9 января 1943 года Мартынов И. Н. осужден на 10 лет лишения свободы, реабилитирован 29 сентября 1970 года.

МАРТЫНОВ Матвей Никитович родился в 1889 году, русский, образование начальное, беспартийный, до ареста проживал в гор. Аральске, работал в рыбзаводе. За антисоветскую контрреволюционную провокаторскую агитацию среди рабочих, подрывно-вредительскую работу арестован и привлечен к уголовной ответственности. Постановлением тройки при УНКВД по Актыбинской области от 25 ноября 1937 года Мартынов М. Н. осужден на 10 лет лишения свободы, реабилитирован 2 июня 1989 года.

МАХАМБЕТОВ Елдесер Арал ауданының № 6 ауылдық кенесінде 1895 жылы туған, әкесі патша үкіметі тұсында Райым болысында 3 жыл сот болған, Елдесердің өзі де ірі бай болған, тұрақты жұмыс істемеген, шала сауатты, партияда жок, бұрын сотталған, үйленген, әйелі — Балшын, балалары — Абылай, Мұздыбай, қызы — Абуза.

Махамбетов Елдесер 1936 жылы колхоз төрағасы болып тұрып, социалистік меншікті талан-таражға салғаны үшін Арал аудандық халық соты арқылы бір жарым жылға бас бостандық еркінен айыруға сотталған. Махамбетов № 6 ауылдық кеңестің территориясында тұрып, кеңес өкіметіне қарсы жат пиғылда болып, тұрғындар арасында колхоз құрылысын бұзуға, колхозшылардың ауқатты тұрмысын нашарлатуға бағытталған контрреволюциялық ұлтшылдық үгіт жүргізген, сонымен бірге: «Жақын арада Кеңес Одағы құриды, малды құртындар, соғыс болған жағдайда коммунистер бөрібір оны тартып алады» деп жеңілістік лақаптар таратқан. Ол Сталиндік конституцияны бұрмалап: «Конституция тек коммунистерге ғана жақсы, ал басқа жұртшылыққа ол тек қана алдамаш», — деген. Сол жылғы маусым,

шілде айларының арасында контрреволюциялық әрекеттер жүргізіп, оларды ауылшаруашылық артелінің Уставына көшеуге үгіттеген, сонымен қатар сайлау науқаны кезінде Махамбетов колхоз Басқармасына бай-жауыз элементтердің кандидатураларын ұсынған.

Осы қылмысы үшін Махамбетов Елдесер Арал аудандық НКВД бөлімінің 1937 жылғы 3 қарашадағы қаулысымен тұтқынға алынып, қылмыстық іс қозғалған.

Тергеу ісі аяқталып, айыптау қорытындысы 10 қарашада шығарылған, оны Арал аудандық НКВД бөлімінің бастығы 13-қарашада бекіткен.

Ақтөбе облыстық НКВД Басқармасының жанындағы үштіктің 1937 жылғы 15 қарашадағы қаулысымен Махамбетов Елдесер 10 жылға бас бостандық еркінен айыруға сотталған.

Қызылорда облыстық соты Президиумының 1988 жылғы 26 қазандағы қаулысымен Ақтөбе облыстық НКВД Басқармасының жанындағы үштіктің 1937 жылғы 15 қарашадағы Махамбетов Елдесер жөніндегі қаулысы бұзылып, әрекетінде қылмыс құрамы жоқ болғандықтан іс қысқартылған.

Облыстық прокурордың наразылығы қанағаттандырылған.

МАХИЕВ Жанділда Арал ауданында 1914 жылы туған, білімі орталау, БК(б)П мүшесі, осы іске байланысты партия қатарынан шығарылған, қамауға алынғанға дейін осы ауданның № 7 ауылы, «Сазды» колхозында тұрған. Контрреволюциялық ұлтшылдық ұйымның мүшесі болып, кеңес үкіметіне, коммунистік партияға қарсы үгіттер жүргізіп, елде жүргізіліп жатқан саяси-экономикалық науқанға қарсы шыққаны үшін тұтқынға алынып, қылмыстық іс қозғалған. Қызылорда облыстық сотының 1942 жылғы 30 қарашадағы үкімімен Махиев Жанділда РСФСР ҚК-ның 58 бабының 10—2 тармағымен 10 жылға бас бостандық еркінен айыруға сотталған, 1989 жылғы 6 қаңтарда ақталған.

МӨМБЕТӨЛИЕВ Аман Арал ауданында 1921 жылы туған, білімі орталау, партияда жок, қамауға алынғанға дейін осы ауданда тұрған, машина жүргізуші болып жұмыс істеген. Кеңес үкіметі мен коммунистік партияға қарсы контрреволюциялық, жеңілістік үгіттер жүргізген, фашистік Германияның соғыс техникасын, халқының тұрмысын мадақтап, колхозшылардың тұрмысын жамандағаны үшін тұтқынға алынып, қылмыстық іс қозғалған. ТуркВО Әскери Трибуналының 1950 жылғы 17 маусымдағы үкімімен Мөмбетөлиев Аман 5 жылға бас бостандық еркінен айыруға сотталған, 1996 жылғы 4 сәуірде ақталған.

МӨМБЕТОВ Айтжан Қарақұм ауылдық кеңесі, «Алға» колхозында 1900 жылы туған, сауаты бар, БЛКЖО мүшесі, бұрын сотты болмаған, мұғалім болып жұмыс істеген, үйленген, әйелі, бір баласы бар. Мөмбетов Айтжан 1937 жылғы «Сайгонды» ауылдық кеңесіне қарасты «Шөмішкөл» колхозындағы бастауыш мектепте мұғалім болып жұмыс істеп жүргенде оқушылар арасында үкімет пен партияның беделін төгетін ойын қойған. Ойында балалардың бас-басына көсемдердің аттарын қойып, Мөмбетов ойынды басқарып, ортасында жүріп, мынадай төртіп берген: «Мен көсемдердің атын атағанда орындарыңнан тез

тұра алмасандар түрліше хайуандардың атын атап, құлқын істейсіндер»,— деген. Мұнымен қатар Мәмбетов Айтжан 1938 жылы сәуірдің 6 күні «Қарақұм» ауылдық кеңесінің қарауындағы «Жаңа-талап» артелінің бастауыш мектебінде мұғалім болып тұрғанда оқушы балалардың арасында сол мектеп ішінде ойын қойған. Мұнда да ойынды теріс бағытқа айналдырып, балаларға көсемдердің аттарын қойған. Оқушы Иманәлиева, Шынтаева және басқаларына Мәмбетов өзі сол балалардың арасында жүріп, мынандай тапсырма берген: «Мен сендердің орталарыңда жүріп көсемдердің атын атағанда орындарыңнан тұра алмай қалсаңдар, айуанның мінез-құлқын істейсіндер»,— деген. Мұны сол ойында Мәмбетов өзінің берген тәртібін орындатқан. Мәмбетов өзі мұғалім болып тұрып, өр уақыт оқушылар арасында өкіметке қарсы контрреволюциялық үгіт таратып, коммунистер партиясының, кеңестер үкіметінің көсемдеріне қарсы қасақана үгіттер таратқан. Осындай қарсылық әдістерін қолдана отырып, үкіметтің беделін, мәдениетін түсіруге тырысқан. Мәмбетов Айтжан түп негізі 30 жылдары әлді шаруа қатарына жатып, үкімет тарапынан ауыр салық түсіп, оны орындамай сол жылдары Үргенішке қашып кетіп, мұнан 1936 жылдары қайтып келген..

Осы қылмыстары үшін Мәмбетов Айтжан Арал аудандық НКВД бөлімінің 1938 жылғы 4 шілдедегі қаулысымен тұтқынға алынып, РСФСР ҚК-ның 58 бабының 10 тармағымен қылмысты іс қозғалған. Тергеу ісі сол жылғы 27 қыркүйекте аяқталып, айыптау қорытындысы 19 қазанда шығарылған, оны облыстық прокурордың орынбасары 4 қарашадағы қаулысымен және Қызылорда облыстық сотының дайындау мәжілісінің 9 желтоқсандағы қаулысымен бекіткен.

Қызылорда облыстық сотының көшпелі сессиясының 1938 жылғы 17 желтоқсандағы үкімімен Мәмбетов Айтжан 5 жылға бас бостандық еркінен айыруға, жазасын өтегеннен кейін 2 жылға сайлау-сайлану құқы жоюға сотталған.

Қазақ ССР Жоғарғы сотының қылмысты істер қарайтын сот коллегиясының 1939 жылғы 25 қарашадағы ұйғаруымен Қызылорда облыстық сотының үкімін күшінде қалдырып, сотталушының шағым арызын аяқсыз тастаған.

Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Бөлім бастығының 1992 жылғы 28 қыркүйектегі қорытындысы бойынша Мәмбетов Айтжан Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 14 сәуірдегі заңының негізінде толық ақталған.

№ 38 ХАТТАМА

1938 жыл 27 сәуір күні Арал аудандық комсомол комитетінің бюро мәжілісі болды. Қатысқандар: Ұзақбаев, Сәрсенбиев, Әбішев, Сухамлинов, Қосмамбетов, Арыстамбеков.

Тыңдалды: «Жаңа талап» артелі жанындағы бастауыш комсомол ұйымының қаулысын қарау. (Ұзақбаев).

«Жаңаталап» артелі жанындағы бастауыш мектеп оқытушысы оқушылардың ойын-сауығында оқушыларға көсемдердің атын қойып, оларға түрлі міндеттер

қойып, орындай алмағандарға түрлі айуан болуды бұйырған, мысалы: Сталиннің атын қойған балаға орнынан тұр дегенде бірден тұра алмағаны үшін, шошқа болып қорсылда деп зорлаған. Екінші Ворошиловтың атын қойған балаға — орнынан тұр дегенде, бірден тұра алмағаны үшін бура бол деп бұйырған. Тағы басқаларын да Калинин, Молотовтардың атын қойып, жоғарыдағыдай бұйрық берген.

Оқытушы Мәмбетов істеген контрреволюциялық жұмыстары комсомол жиылысында мойнына қойылған.

Қаулы: НКВД аудандық бөлімінен оқытушы Мәмбетовтың жастар арасында істеген қылмысы тексерілуі, жауапқа тартылуы сұралын.

«Жаңаталап» бастауыш комсомол ұйымының комсомолдарына бұл істің кеңес үкіметіне қарсы қылмыс екенін түсіндіру бюро мүшесі Әбішевке тапсырылсын.

Арал аудандық комсомол комитетінің Секретары: (Ұзақбаев)
(қолы бар).

МӘМБЕТОВ Шегенбай № 7 «Октябрь» ауылдық кеңесі, «Даки» серіктігінде 1893 жылы туған, ірі байфеодал болған, сауатсыз, партияда жоқ, бұрын сотты болған, «Даки» серіктігінің мүшесі, осы жерде тұрған, үйленген, әйелі — Мазира, балалары — Күмісбай, Жамаладин, Кемаладин, қыздары — Өрік, Мағрипа. Мәмбетов Шегенбайдың 1928 жылы малмүлкі тәркіленіп, Адай округіне жер аударылған, 1932 жылы ол жерден қашып Арал ауданына келген. Бұл жерде ол қарақшылар көтерілісін ұйымдастырып, кеңес үкіметіне қарсы шығып, жаппай көшуді ұйымдастырған. Азамат соғысы кезінде Мәмбетов ақтардың армиясына ат көлігімен және азық-түлікпен белсенді түрде көмек көрсеткен. 1932 жылы Мәмбетов бұрынғы Шалқар аудандық ОГПУ бөлімі арқылы тұтқынға алынып, КИЗ-да қамауда жатқан жерінен қашып кеткен, сөйтіп Әлімбаев деген жалған фамилиямен жүрген. 1936 жылы колхоз мүшелігіне кіріп алып, колхоз құрылысына қарсы бағытталған бұддіру жұмыстарын жүргізген, байлар элементерімен рулық топтар ұйымдастырып, контрреволюциялық үгітпен айналысқан.

1937 жылдың шілде айында бірнеше адамдардың қатысуымен Мәмбетов: «Қазіргі уақытта Испанияда соғыс жүріп жатыр, фашистер оны жеңгеннен кейін СССР-ға қарсы соғыс ашады, кеңес өкіметі бұл соғыста жеңіліп құриды»,— деп контрреволюциялық сөз айтқан. Сол күні Мәмбетов колхозшыларды малды сойып, құртуға шақырып: «Егерде оны елдерің істемесеңдер, онда бәрiбiр сендерден кеңес үкіметі тартып алып қояды»,— деген.


Осы қылмысы үшін Мәмбетов Шегенбай Арал аудандық НКВД бөлімінің 1935 жылғы 5 қыркүйектегі қаулысымен тұтқынға алынып, қылмысты іс қозғалған.

Тергеу ісі аяқталып, айыптау қорытындысы 1937 жылдың 2 қарашасында шығарылып, оны Арал аудандық НКВД бөлімінің бастығы 5 қарашада бекіткен. Ақтөбе облыстық НКВД Басқармасы жанындағы үштіктің 1937 жылғы 10 қарашадағы қаулысымен

Мәмбетов Шегенбай 10 жылға бас бостандық еркінен айыруға сотталған.

Қызылорда облыстық прокурорының 1989 жылғы 22 мамырдағы қорытындысымен Мәмбетов Шегенбай СССР Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1989 жылғы 16 қаңтардағы жарлығының негізінде толық ақталған.

МЕЖЕНОВ Константин Константинович родился в 1910 году в гор. Сталине, русский, образование среднее, беспартийный, до ареста проживал в гор. Аральске, работал помощником машиниста. За антисоветскую контрреволюционную провокаторскую агитацию среди рабочих, подрывно-вредительскую работу на железной дороге арестован и привлечен к уголовной ответственности. Приговором Военного Трибунала ж/д от 13 августа 1945 года Меженов К. К. осужден на 10 лет лишения свободы, реабилитирован 23 февраля 1990 г.



МЕЛЬНИК Иван Афанасевич родился в 1917 году в Винницкой области, украинец, образование среднее, беспартийный, до ареста проживал в гор. Аральске, работал кассиром. За антисоветскую контрреволюционную провокаторскую агитацию и вредительскую работу арестован и привлечен к уголовной ответственности. Приговором Кызылординского областного суда от 3 декабря 1940 года Мельник И. А. осужден на 5 лет лишения свободы, реабилитирован 16 марта 1990 года.


МЕРЕКБАЕВ Көптілеу Бөген ауылдық кеңесі, Қарашалаң колхозында 1895 жылы туған, шала сауатты, партияда жоқ, малшы, ірі байдың, болыстың баласы, 1937 жылы мемлекеттік салық тапсырмасын орындамағаны үшін 5 жылға бас бостандығы еркінен айыруға сотталған, колхоздан контрреволюциялық әрекеті үшін шығарылып, Асан қаракшылары қозғалысына қатысқан, кеңес үкіметінің қас жауы ретінде бай-молдалармен бірігіп, бас қосып жиын өткізіп, онда контрреволюциялық жауыздық жұмыс жүргізуге келісіп отырған, колхозшылар арасында кенес үкіметіне, колхоз құрылысына қарсы үгіт жүргізген. Осы қылмысы үшін Арал аудандық НКВД бөлімінің 1937 жылғы 5 қарашадағы қаулысымен тұтқынға алынып, қылмыстық іс қозғаған. Ақтөбе облыстық НКВД Басқармасы жанындағы үштіктің 1937жылғы 3 қарашадағы қаулысымен Мерекбаев Көптілеу ең жоғары жаза — ату жазасына сотталған, үкім сол жылғы 3 желтоқсанда орындалған.

Қызылорда облыстық соты Президиумының 1957 жылғы 17 желтоқсандағы қаулысымен Ақтөбе облыстық НКВД Басқармасы жанындағы үштіктің 1937 жылғы 3 қарашадағы қаулысы бұзылып, оның әрекетінде қылмыстың белгісі болмағандықтан іс өндірістен қысқартылған. Облпрокурордың наразылығы қанағаттандырылған.

Қызылорда облыстық прокурордың 1997 жылғы 13 мамырдағы қорытындысы бойынша Мерекба-

ев Көптілеу Қазақстан Республикасының «Жалпай саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау туралы» 1993 жылғы 14 сәуірдегі Заңының негізінде толық ақталған.

МЕРКУЛОВ Федор Андреевич родился в 1896 году в селе Ановка, Воронежской области, русский, образование среднее, беспартийный, до ареста проживал в гор. Аральске, работал начальником стройконторы, за антисоветскую контрреволюционную подрывно-вредительскую работу арестован и привлечен к уголовной ответственности. Приговором Спецколлегии Актыобинского областного суда от 13 марта 1937 года Меркулов Ф. А. осужден на 7 лет лишения свободы, реабилитирован 29 января 1990 года.



МИХАЙЛОВА (СВИРИДОВА) Вера Ефимовна родилась в 1884 году в гор. Одессе, русская, образование высшее медицинское, беспартийная, до ареста проживала в гор. Аральске, работала врачом. За антисоветскую контрреволюционную провокаторскую агитацию, вредительско-террористическую работу арестована и привлечена к уголовной ответственности. Приговором Кызылординского областного суда от 30 августа 1941 года осуждена на 10 лет лишения свободы. Постановлением Особого совещания при НКВД СССР от 11 февраля 1942 года Михайлова (Свиридова) Вера Ефимовна осуждена к высшей мере наказания — расстрелу, реабилитирована 7 августа 1989 года.

МИЩЕНКО Василий Харитонович родился в 1905 году в деревне Гуляйном этого же района, Днепропетровской области, украинец, гражданин СССР, сын помещика, образование н/среднее, беспартийный, до ареста проживал на ст. Саксаульская, работал бухгалтером 10-й дистанции пути.

По обвинительному заключению Мищенко В. Х. — кулак, в 1930 году совместно с отцом был раскулачен и сослан в гор. Надеждинск. Откуда в 1935 году сбежал и скрыв свое прошлое поступил работать в Соль-Илецкую МТС. Являясь юрил противником Советской власти, он после побега из ссылки встал на путь активной организованной борьбы с советской властью за изменение существующего строя. С этой целью в 1936—1937 года на ст. Илецк Оренбургской ж/д. создал из кулацко-белогвардейского элемента крупную контрреволюционную, кулацко-белогвардейскую, повстанческую, террористическую организацию, в которую завербовал кулаков и активных белогвардейцев.

В 1937 году на ст. Саксаульская создал вторую контрреволюционную, повстанческую, террористическую организацию, в которую вовлек бывших кулаков — 4 лица. Возглавлял обе эти организации, он активно вел борьбу против партии и Советской власти. Давал участникам этих организаций задания и проводил через них, а также лично сам контррево-

люционную пропаганду, вредительскую, диверсионную, подрывную работу на жел. дор. транспорте и в других отраслях народного хозяйства. Одновременно подготовлял эти организации к восстанию в тылу на случай возникновения войны между фашистскими странами и СССР.

В 1937 году с целью объединения для совместной борьбы с советской властью всех контрреволюционных, кулацко-белогвардейских формирований, установил связь с руководителем кулацко-белогвардейской, террористической организации на станции Оренбург Фатиевым-Макулиным. Готовил через участников, созданных им кулацко-белогвардейских, повстанческих организаций на ст. Соль-Илецк и Саксаульская, террористические акты над руководителями партии и советского правительства, за что постановлением ОДТО ГУГБ НКВД Оренбургской ж/д от 9 февраля 1938 года арестован и привлечен к уголовной ответственности.

Постановлением тройки при УНКВД по Оренбургской области от 15 февраля 1938 года Мищенко Василий Харитонович осужден к высшей мере наказания — расстрелу.

Постановлением Президиума Кызылординского облсуда от 9 февраля 1960 года постановление быв. тройки при УНКВД по Оренбургской области от 15 февраля 1938 года по делу Мищенко Василия Харитоновича отменено и дело производством прекращено за отсутствием состава преступления.

Протест облпрокурора удовлетворен.
Мищенко В. Х. реабилитирован посмертно.

МОЛЖІГІТОВ Жолдыбай (Жалдыбай) Арал ауданының № 8 ауылында 1875 жылы туған, сауатсыз, партияда жоқ, малшы.

ЖАЛДЫБАЕВ (Жолдыбаев) Байғозы Арал ауданының № 8 ауылында 1895 жылы туған, Молжігітов Жолдыбайдың баласы, шала сауатты, партияда жоқ, малшы. Жалдыбай мен Байғозы кедей шаруалардың арасында қолхоздан шығып, Қарақалпақстанға қоныс аударуға үгіт жүргізген, қошуге қарсы болғандарды соққыға алған. Осы қылмыстары үшін Қазалы аудандық ОГПУ бөлімшесінің 1932 жылғы 29 тамыздағы қаулысымен өкесі мен баласы тұтқынға алынып, РСФСР ҚК-ның 58 бабының 10 тармағымен қылмыстық іс қозғалған.

Арал аудандық ОГПУ бөлімінің 1932 жылғы 20 қазандағы қаулысымен Молжігітов Жолдыбай мен Жолдыбаев Байғозы жөніндегі қозғалған қылмыстық іс олардың кедей шаруа болғаны, Аралдан Қазалыға қоныс аударып, басқаларға ықпал жасамағаны үшін істері қысқартылып, олар қамаудан босатылған.

Қызылорда облыстық прокурордың 1997 жылғы 8 тамыздағы қорытындысымен Молжігітов Жолдыбай мен Жолдыбаев Байғозы СССР Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1989 жылғы 16 қаңтардағы жарлығының негізінде толық ақталған.

МУЗЫКО Федор Иванович родился в 1905 году в селе Круглое, Донецкой области, украинец, образование начальное, беспартийный, сын судовладельца кулака, до ареста проживал в гор. Аральске, работал тех. директором рыбокомбината.

Музыка Федор Иванович вместо со своим отцом Музыка И. П. проживал на местности «Бугунь», где

имели свое судно, свое кустарное производство по обработке рыбы и эксплуатировал батраков. В 1928 году, видя начавшуюся ликвидацию баев-феодалов на основе сплошной коллективизации, в то же время частичную конфискацию его личного имущества, средства производства продали, скрылись. Музыка Ф. И., оставшись враждебно настроен против Советской власти, стал работать в государственных промышленных предприятиях, где развернул свою антисоветскую, вредительскую деятельность, направленную на возбуждение недовольства трудящихся советским строем. Работая тех. директором рыбохолодильного комбината, стал отправлять негодные рыбы для питания трудящихся. При этом когда рабочие возражали против его действий, он иронически высмеивал их и злобно говорил: «Мы их накормим рыбой с Аральского моря», за что постановлением Аральского РО НКВД от 9 августа 1937 года арестован и привлечен к уголовной ответственности по ст. 58—7, 11 УК РСФСР.

Постановлением тройки УНКВД по Актыбинской области от 15 ноября 1937 года Музыка Федор Иванович заключен в ИТЛ сроком на 10 лет.

Постановлением Президиума Кызылординского облсуда от 3 июля 1957 года решение бывшей тройки УНКВД по Актыбинской области от 15 ноября 1937 года отменено и дело по обвинению Музыка Ф. И. за отсутствием состава преступления в его действиях прекращено.

По заключению прокурора Кызылординской области от 13 мая 1997 года Музыка Ф. И. на основании Закона Республики Казахстан «О реабилитации жертв массовых политических репрессий» от 14 апреля 1993 года реабилитирован.

МУРКА Нестор Васильевич родился в 1896 году в селе Верхне-Белозерск Мелитопольского уезда, Таврической губернии, украинец, малограмотный, беспартийный, до ареста проживал в гор. Аральске, работал морозильщиком на рыбохолодильном комбинате. В 1929 году выслан из пос. Федоровка, этого же района Кустанайской области. Он обвиняется в том, что тесно связан с активными участниками фашистско-диверсионной группы в системе Аралгорьбтреста. Вместе с ними проводил среди населения спецоселка активную фашистскую пропаганду, систематически высказывал пораженческую агитацию в пользу фашистских стран Германии и др., о неизбежности войны и неминуемой гибели в этой войне СССР, высказывал контрреволюционные клеветнические измышления в отношении политики партии и правительства, восхвалял врагов народа троцкистов, систематически пропагандировал среди населения преимущество капиталистической системы перед социалистической, за что постановлением 3 отделения УГБ Актыбинского обл. УНКВД от 9 апреля 1937 года арестован, привлечен к уголовной ответственности.

Постановлением тройки при УНКВД по Актыбинской области от 30 ноября 1937 года по делу Мурка Н. В. отменено с прекращением дела производством за недоказанностью обвинения. Протест облпрокурора удовлетворен.

По заключению прокурора Кызылординской области от 13 мая 1997 года Мурка Н. В. на оснований Закона Республики Казахстан «О реабилитации жертв массовых политических репрессий» от 14 апреля 1993 года реабилитирован.

МЫНЖАСАРОВ немесе **ОРАЗӘЛИЕВ** Шынмырза Арал ауданының № 9 ауылында 1902 жылы туған, бай болған, сауатты, партияда жоқ, «Көгертү» серіктестігінің мүшесі, бұрын үш рет сотталған. Кейінгі қамауға алынғанға дейін осы ауданның «Жақсықылыш» ауылдық кеңесінде тұрған, үйленген, әйелі — Маржан, баласы — Әділбай, інілері — Құттыбай, Қарман, Шұға.

Мынжасаров, Оразәлиев 1926—1930 жылдары өзінің шаруашылығын, мал-мүлкін тәркілетпеу үшін сапыл-құртып, Бірғыз ауданына көшіп кеткен. 1929 жылы Арал ауданына қайтып келіп, қаракшылардың көтерілісіне қатысқан. Бұрын контрреволюциялық әрекеті және колхоз малын, мемлекеттік-кооператив меншігін жаппай талан-таражға салғаны үшін үш рет 10 жылдан бас бостандық еркінен айыруға сотталған, бірақ жаза мерзімін толық өтемеген. 1931—1933 жылдары колхозшыларды басқа Республикаға көшіруге белсенді түрде әрекет жасаған. Ол өзінің көптеген байлармен байланыс жасағанының арқасында Калинин атындағы колхоздың хатшысы қызметіне тұрып алып, қызмет бабын пайдаланып, өзінің маңайына байлардың контрреволюциялық ұлтшылдық тобын ұйымдастырған. Бұл топтың міндеті кеңес үкіметіне қарсы колхоз құрылысын құлату мақсатында төменгі кеңес аппаратының басшы орындарын басып алу болған. Байлар Көбеков, Баекеев, Ермекқараев тағы басқалардың көмегімен контрреволюциялық үгітпен айналысқан. Тұрғындарды көшуге, малды жаппай сойып құртуға, кеңес өкіметінің қаулыларына бағынбауға шақырған. Мемлекеттен колхозшыларға көмек ретінде алынған малдарды Мынжасаров байларға таратып берген, сөйтіп кедейлердің Кеңес өкіметіне деген ренішін тудырған, колхозшыларды қорғаныс замына жазылмауға үгіттеген, мал басын кеміту мақсатында әдейі-қасақана колхоздың асыл тұқымды малдарын сойып жіберген.

Осы қылмысы үшін Мынжасаров — Оразәлиев Шынмырза Арал аудандық НКВД бөлімінің 1937 жылғы 17 қарашадағы қаулысымен тұтқынға алынып, қылмыстық іс қозғалған.


Тергеу ісі аяқталып, айыптау қорытындысы 1937 жылдың 21 қарашасында Арал қаласында шығарылған, оны Арал аудандық НКВД бөлімінің бастығы 25 қарашада бекіткен.

Ақтөбе облыстық НКВД Басқармасының жанындағы үштіктің 1937 жылғы 6 желтоқсандағы қаулысымен Мынжасаров — Оразәлиев Шынмырза ең жоғары жаза—ату жазасына сотталған, мал-мүлкі тәркіленген.

Бұл үкім 1937 жылғы 9 желтоқсан күні Ақтөбе қаласында орындалған.

Қызылорда облыстық прокуроры орынбасарының 1989 жылғы 9 маусымдағы қорытындысымен Мынжасаров — Оразәлиев Шынмырза СССР Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1989 жылғы 16 қаңтардағы жарлығының негізінде толық ақталған.

НАКОНЕЧНЫЙ Петр Леонтьевич родился в 1900 году в гор. Благовещенске, Амурской области, русский, гражданин СССР,



образование 6 классов, беспартийный, до ареста проживал на ст. Саксаульская, дом 20. кв. 22, работал слесарем депо.

По обвинительному заключению Наконечный П. Л. являлся участником шпионско-диверсионной, террористической организации. Проживая в Харбине с 1930 года по день выезда в СССР, состоял членом фашистской организации «Мушкетеры». В 1935 году агентом японской раз-

ведки Ивановым был завербован в качестве секретного сотрудника шпионской разведки. Проживая в гор. Харбине, занимался провокаторской деятельностью, выражавшейся в выдаче Японо-Манчжурским властям активных участников нелегальных партийных, профсоюзных и комсомольских организаций. В 1935 году японской разведкой переброшен на территорию СССР с шпионскими, диверсионными заданиями. В том же году по прибытию на ст. Саксаульская установил связь с резидентом японской разведки Ситеко, через которого вошел в состав шпионской, диверсионной группы, существовавшей на ст. Саксаульская.

С 1935 года по день ареста он собрал и передал через резидента Ситека для японской разведки ряд шпионских сведений, имеющих оборонное значение и политического характера. Проводил диверсионную, вредительскую работу по разрушению паровозного хозяйства депо Саксаульская. В 1937 году вывел из строя три паровоза, которые были отправлены в заводской ремонт. На военное время имел задание совершить крушения и поджог депо. Проводил контрреволюционную пропаганду против мероприятий ВКП(б) и правительства, подготавливал террористические акты над руководителями партии и правительства, за что он постановлением ОДТО ГУГБ НКВД ст. Казалинск от 25 октября 1937 года арестован и привлечен к уголовной ответственности по ст. ст. 58—4, 6, 8 через 17-го, 9, 11 УК РСФСР.

Постановлением Комиссии НКВД и Прокурора СССР от 25 декабря 1937 года Наконечный Петр Леонтьевич осужден к высшей мере наказания — расстрелу.

Определением Военного Трибунала Туркестанского Военного Округа от 27 апреля 1960 года Постановление Комиссии НКВД и Прокурора СССР от 25 декабря 1937 года в отношении Наконечного Петра Леонтьевича отменено и дело о нем производством прекращено за отсутствием события преступления.

Протест Военного прокурора ТуркВО удовлетворен.

Наконечный П. Л. реабилитирован посмертно.

НАМ Ю-ХО родился в 1902 году в гор. Чендин (Корея), гражданин СССР, образования среднеспециальное, беспартийный, до ареста проживал в гор. Аральске, работал зубным техником в горбольнице. За антисоветскую контрреволюционную агитацию, шпионско-подрывную, провокационно-вредительскую работу арестован и привлечен к уголовной ответственности. Постановлением тройки при УНКВД по Кызылординской области от 27 октября 1938 года Нам Ю-Хо осужден к высшей мере наказания — расстрелу, реабилитирован 29 июня 1989 г.

НАУАНОВА Нәзира Арал ауданында 1915 жылы туған, шала сауатты, партияда жоқ, қамауға алынғанға дейін осы ауданда тұрған, «Аралсольда» жұмыс істеген. Кеңес үкіметіне қарсы контрреволюциялық үгіт және әрекеттер жасағаны үшін тұтқынға алынып, қылмыстық іс қозғалған. СССР НКВД-ның жанындағы Ерекше Мәжілістің үкімімен 1945 жылғы 28 шілдеде Науанова Нәзира 5 жылға жер аударуға сотталған, 1989 жылғы 19 қыркүйекте ақталған.

НАУРЗАЛИЕВ (НАУРЫЗӘЛИЕВ) Итжемес Ақирек, Райым ауылдық кеңесі, «Қызылжар» колхозында 1914 жылы туған, өлеуметтік негізі кедей-шаруа, білімі 7 класс, 1932 жылы есепшілер курсы бітірген, партияда жоқ, 1939 жылы әйелін сабағаны үшін 1,5 жылға сотталған, қамауға алынғанға дейін Бекбаулы сельпосында қойма менгерушісі болып жұмыс істеген, осы стансада тұрған, үйленген, әйелі Бөрікбаева Дәриха.

Наурызәлиев Итжемес Бекбаулы стансасында тұрғанда кеңес үкіметіне қарсы контрреволюциялық, жеңілстік сипатта үгіт таратып, фашистік Германияны мақтап: «Гитлер Германиясы соғыста Кеңес Одағын сөзсіз жеңеді», — деп сөз айтқан. Мәселен, 1941 жылдың 3 тамыз күні Бекбаулы сельпосының кеңесінде оған әскер қатарына шақырылған қағазын бергенде сельпо қызметкерлерінің көзінше дауыстап: «Кеңес үкіметі жойылсын, Герман фашизмі жасасын, кеңес армиясы талқандалады, жеңіс Германия жағына болады, кеңес үкіметі біздерді оған өлсін деп жібереді...» — деп контрреволюциялық сөздер айтқан. Сондай-ақ 1941 жылдың қараша айының 30 күні қызылөскер қатарына екінші рет шақырылған уақытта Бекбаулы стансасына шала мас күйінде барып, поезд күтіп отырған адамдардың ортасында үкімет пен партияның әскерге адам алу саясатына қарсы болып, сол жерде контрреволюциялық сөздер айтып, фашистік Германияның әскерін мақтап, кеңес әскерлеріне қарсы теріс-аяу сөздер айтқан. Осы қылмысы үшін Наурызәлиев Итжемес Арал аудандық НКВД бөлімінің 1942 жылғы 6 сәуірдегі



қаулысымен тұтқынға алынып, РСФСР ҚК-ның 58 бабының 10 тармағы 2-бөлімімен қылмыстық іс қозғалған.

Тергеу ісі 1942 жылғы 9 маусымда аяқталып, айып-тау қорытындысы 15 маусымда шығарылған, оны Қызылорда облыстық НКВД Басқармасы бастығының орынбасары 15 маусымда, облыстық соттың қылмыстық істер қарайтын сот коллегиясы дайындақ мәжілісінің 23 маусымдағы ұйғаруымен бекіткен. Қызылорда облыстық сотының қылмыстық істер қарайтын сот коллегиясы көшпелі сессиясының 1942 жылдың шілде айының 15 күнгі үкімімен айыпкер Наурызәлиев Итжемес 10 жылға бас бостандық еркінен айыруға, жазасын өтегеннен кейін сайлау-сайлану құқын 3 жылға жоюға, өзіне тиісті мал-мүлкіні тәркілеуге сотталған.

Қазақ ССР Жоғарғы сотының қылмыстық істер қарайтын сот коллегиясының 1942 жылғы 10 қыркүйектегі ұйғаруымен Қызылорда облыстық сотының қылмыстық істер қарайтын сот коллегиясының 1942 жылғы 15 шілдедегі үкімін күшінде қалдырып, Наурызәлиевтің шағым арызын аяқсыз тастаған.

Қазақ ССР Прокуроры орынбасарының бақылау ретінде Наурызәлиевтің ісі жөнінде Қазақ ССР Жоғарғы сотының Президиумына 1990 жылғы 6 ақпанда жолдаған наразылығы бойынша Наурызәлиев Итжемес жөніндегі Қызылорда облыстық сотының 1942 жылғы 15 шілдедегі үкімін және Қазақ ССР Жоғарғы сотының қылмыстық істер қарайтын сот коллегиясының 1942 жылғы 10 қыркүйектегі ұйғарымын бұзып, оның ісін қылмыстың құрамы болмағандықтан қысқартуды сұраған.

НЕКРАСОВ Николай Петрович родился в 1888 году в селе Преображенки, Бузулукского района, Чкаловской области, русский, малограмотный, беспартийный, женат на дочери крупного кулака, до ареста работал ремонтным рабочим пути 6-го околотка 11-й дистанции пути Оренбургской ж/д, ранее работал бригадиром этого же околотка, проживал в пос. Камышлы-Баш Аральского района, жена — Анастасия Гордеевна, сын — Михаил Николаевич, проживали в пос. Камышлы-Баш.

Некрасов Н. П. арестован 22 октября 1940 года, осужден по ст. 58—10 ч. 1 и 59—3 «в» УК РСФСР к 4 годам лишения свободы в ИТЛ с поражением прав на 2 года.

Определением ж/д коллегии Верховного Суда СССР от 30 июня 1941 года приговор линейного суда в отношении Некрасова оставлен в силе, а жалоба без удовлетворения.

В кассационной жалобе Некрасов признав свою вину в халатном отношении, начисто отрицал обвинение по ст. 58—10 ч. 1 УК, т.е. совершение им антисоветской агитации.

По заключению прокурора отдела Генеральной прокуратуры Республики Казахстан от 5 мая 1998 года Некрасов по ст. 59—3 «в» ч. 1 УК осужден обоснованно по огульному обвинению по политическим мотивам.

Так как его вина по ст. 59—3 ч. 1 УК подтверждается показаниями свидетелей, пояснивших, что он вместо новых накладок оставил старые, своевременно

но не заменил и привел к износу накладок и других запчастей.

А по обвинению по ст. 58—3 ч. 1 УК подтверждается показаниями свидетелей пояснивших, что он вместе новых накладок оставил старые, своевременно не заменил и привел к износу накладок и других запчастей.

А по обвинению по ст. 58—10 ч. 1 УК доказательств по делу не имеется, кроме высказывания его, что во время первой мировой войны, когда был в плену у немцев (до 1921 года) жилось лучше, что на западе все-таки жизненные условия хорошие, чем у нас в стране и т.п. Эти его высказывания не содержат состава преступления, предусмотренного ст. 58—10 ч. 1 УК, так как в них нет призывов к свержению, подрыву или ослаблению Советской власти.

Таким образом, Некрасов осужден к обоснованию по ст. 59—3 ч. 1 УК и по ней подлежит реабилитации, а по обвинению и осуждению по ст. 58—10 ч. 1 УК, как лицо необоснованно репрессированное по политическим мотивам того периода и он на основании Закона Республики Казахстан от 14 апреля 1993 года реабилитирован.

НЕСТЕРЕНКО Федор Андреевич родился в 1912 году в Курской губернии, украинец, образование 6 классов, беспартийный, до ареста проживал в гор. Аральске, работал монтером радиостанций. За антисоветскую контрреволюционную провокаторскую агитацию и подрывно-вредительскую работу арестован и привлечен к уголовной ответственности. Приговором Кызылординского областного суда от 29 ноября 1938 года Нестеренко Ф. А. осужден на 6 лет лишения свободы, реабилитирован 16 февраля 1990 года.

НЕТАЛИН Абдулла Ахметұлы Ақтөбе облысы, Бірғыз ауданының № 4 ауылында 1913 жылы туған, ұлты қазақ, ауыл старшинасының баласы, білімі орта, 1930 жылдан БЛКЖО мүшесі, 1937 жылы комсомол қатарынан шығарылған, қамауға алынғанға дейін Арал қаласы, Молотов көшесі, 7 үйде тұрған, қызметкер, Арал қалалық кеңесі атқару комитетінде хатшы болып қызмет атқарған, (халық жауы Құлымбетовтың туысы).

Негалин Абдулла Ахметұлы Құлымбетовпен тікелей байланыста болып, контрреволюциялық ұлтшылдық ұйымның тапсырмасымен кеңес үкіметіне қарсы контрреволюциялық жұмыстарды белсенді жүргізген. Құлымбетовтың көмегімен Негалин Абдулла 1934 жылы Алматы қаласындағы жоғары оқу орнына түсіп, Құлымбетовтың үйіне жиі барып тұрған, провокациялық әңгімелер айтқан. Қалалық кеңестің хатшысы болып тұрғанда құпия документтерді ұрлап контрреволюциялық ұлттық ұйым мүшелеріне беріп отырған, осы ұйымның жасырын жиындарына қатысқан. Осы қылмыстары үшін Арал аудандық НКВД бөлімінің 1937 жылғы 21 қарашадағы қаулысымен тұтқынға алынып, қылмыстық іс қозғалған.

Ақтөбе облыстық НКВД Басқармасының жанындағы үштіктің 1937 жылғы 6 желтоқсандағы қаулысымен Негалин Абдулла 10 жылға бас бостандық еркінен айыруға сотталған.

Ақтөбе облыстық соты Президиумының 1959 жыл-

ғы 14 тамыздағы қаулысымен Ақтөбе облыстық НКВД Басқармасы жанындағы үштіктің 1937 жылғы 6 желтоқсандағы қаулысы бұзылып, Негалин Абдуллаға тағылған айыптың анықталмағаны үшін іс мүлдем қысқартылған. Облпрокурордың наразылығы қанағаттандырылған.

Қызылорда облыстық прокурордың 1997 жылғы 30 маусымдағы қорытындысымен Негалин Абдулла Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 14 сәуірдегі Заңының негізінде толық ақталған.

НЕТАЛИН Ахмет Ақтөбе облысы, Бірғыз ауданының № 4 ауылында 1872 жылы туған, революцияға дейін бірнеше жыл ауыл старшинасы, бай болған, сауатты, білімі ортадан жоғары, партияда жоқ, 1922 жылы түрмеде 3 жарым ай отырып шыққан. Әйелі — Зәбира, баласы — Абдулла, қамауға алынғанға дейін Арал қаласында тұрған, мал-мүлкі төркіленіп, өзі қашып кеткен.

Негалин Ахмет халық жаулары Құлымбетов, Жұбанов, Бахтыбергеновтермен тікелей байланыс жасап, солардың тапсырмасымен кеңес үкіметіне қарсы бағытталған контрреволюциялық әрекеттер жасаған. 1937 жылғы маусым айында өзінің үйінде жоғарыдағылар қатысқан жиында Жұбанов: «Біз Алашорда партиясының қатарында болғанда коммунистерге қалай соққы бергенімізді сендер білесіңдер, бұл күрес әлі тоқтаған жоқ, жүріп жатыр, бүкіл қазақ халқы біздің жағмызда, деген. Одан кейін оны Құлымбетов пен Негалин Ахмет жақтап былай деген: «Қазір елдегі жағдай өте ауыр, жақын арада капиталистік елдер Германия мен Жапония СССР-ге қарсы соғыс ашады, кеңес өкіметі құлатылып, біздер Жапонияға кетеміз». Ол тағы да осы жылдың мамыр айында: «Қазір қазақ интеллигенциясы кеңес үкіметінің саясатына қарсы, атқару комитетінде қазақтар отырғанда барлығында кеңес үкіметіне қарсы шығады», — деген. Ол осындай контрреволюциялық пікірлерін үнемі жүргізіп отырған. Осы қылмыстары үшін ол Арал аудандық НКВД бөлімінің 1937 жылғы 21 қарашадағы қаулысымен тұтқынға алынып, қылмыстық іс қозғалған.

Ақтөбе облыстық НКВД Басқармасы жанындағы үштіктің 1937 жылғы 30 қарашадағы қаулысымен Негалин Ахмет ең жоғары жаза — ату жазасына сотталған. Үкім сол жылғы 3 желтоқсанда орындалған. Қызылорда облыстық соты Президиумының 1961 жылғы 31 мамырдағы қаулысы мен Ақтөбе облыстық НКВД Басқармасы жанындағы үштіктің 1937 жылғы 30 қарашадағы Негалин Ахмет жөніндегі қаулысы бұзылып, оның ерекетінде қылмыс белгісі болмағандықтан іс мүлдем қысқартылған. Облпрокурордың назарылығы қанағаттандырылған.

Негалин Ахмет толық ақталған.

НИ Михаил Ильич родился в 1916 году в Приморском крае, кореец, образование высшее, беспартийный, до ареста проживал в гор. Аральске, работал технологом рыбокомбината. За антисоветскую контрреволюционную провокаторскую агитацию среди рабочих и служащих арестован и привлечен к уголовной ответственности. Приговором Кызылординского областного суда от 12 ноября 1940 года Ни М. И. осужден на 5 лет лишения свободы, реабилитирован 13 июля 1990 года.

НИКИТИН Николай Григорьевич родился в 1905 году на ст. Даймоугоу-Маджу-Во, КВЖД, русский, гражданин СССР, образование среднее, с 1928 по 1935 года член ВКП(б), в 1936 году исключен из партии за связь с классово-чуждым элементом и лицами подозрительными в шпионаже и выслан из ДВК как социально опасный элемент, до ареста проживал в гор. Аральске, работал слесарем госпароходства.

По обвинительному заключению Никитин Н. Г. будучи коммунистом на ДВК, рекомендовал в партию харбинца Чужака Кисель — японского шпиона. Работая до 1929 года на жел. дор. станции Мулин арестовывался китайскими властями и был направлен в концлагерь Сумбей. После освобождения из лагеря неоднократно выезжал в Харбин. В бытность нахождения в ссылке в г. Аральске имел тесную связь с разоблаченным врагом народа Овчинниковым.

Работая в госпароходстве и будучи обременен своей высылкой, систематически среди ссыльных занимался антисоветской агитацией, направленной на дискредитацию Сталинской Конституции. В праздник 20-й годовщины Октябрьской революции во время демонстрации Никитин в присутствии Кириянова сказал: «Этот праздник тому хорош, кто залез на трибуну», при этом нецензурно выразился по адресу вождя Компартии.

Аналогичные контрреволюционные проявления со стороны Никитина были не единичны, за это он постановлением Аральского РО НКВД от 16 ноября 1937 года арестован и привлечен к уголовной ответственности по ст. 58—10 УК РСФСР.

Постановлением тройки при УНКВД по Актыбинской области от 25 ноября 1937 года Никитин Николай Григорьевич осужден на 10 лет в ИТЛ.

Постановлением Президиума Кызылординской облсуда от 31 мая 1962 года Постановлением быв. тройки при УНКВД по Актыбинской области от 25 ноября 1937 года в отношении Никитина Николая Григорьевича отменено и дело производством прекращено за отсутствием в его действиях состава преступления.

Протест облпрокурора удовлетворен.

НОГИН Михайл Алексеевич родился в 1902 году в селе Бобровка, Куйбышевской области, русский, образование неполное среднее, беспартийный, до ареста проживал в гор. Аральске, работал экспедитором хлебопекарни. За антисоветскую контрреволюционную провокаторскую агитацию и подрывно-вредительскую работу арестован и привлечен к уголовной ответственности. Постановлением тройки УНКВД по Актыбинской области в 1937 году Ногин М. А. осужден на 10 лет лишения свободы, реабилитирован 31 марта 1994 года.

НҮРЖАНОВ Рақымберді № 10 Бөген ауылдық кеңесінде 1872 жылы туған, бай-молда болған, мешіт ұстаған, арабша сауатты, партияда жоқ, жұмыс істемеген, 1931 жылы қуғын-сүргіннен қарақалпақстанға қашып кеткен, үйленген, әйелі — Әлима, баласы — Жарна, қызы — Раш.

Нуржанов Рақымберді кеңес өкіметінің қас жауы ретінде Аймағамбетов Тәжімбет, Мерекбаев басқ-

арған контрреволюциялық ұлтшылдық топтың мүшесі болған, осы топты ауылшаруашылық артелінің Уставына көшірмеуге, колхоздарды жоюға, малды жаспай сойып құртуға, басқа жакқа көшіп кетуге, партия мен үкіметтің жүргізіп жатқан шараларын орындамауға бағытталған контрреволюциялық үгіт жүргізген. Нуржанов Измағамбетовпен бірге серіктік мүшелері арасында балық аулау жоспарын орындамай, оны колхозға өткізбеу үшін зиянкестік жұмыстар жүргізген, ауланған балықты ишан Аймағамбетовке контрреволюциялық ұлтшылдық топтың пайдасына тапсыруды және оның бір бөлігін зиянкестік мақсатында жерге көмуді ұйғарған. Олардың күнделікті үгіттерінің арқасында бригадирлер Шірекешов, Жүгінісов колхозға балық тапсыру орнына ауланған балықты жерге көмген, жартысын ишан Аймағамбетовке тапсырған.

Нуржанов контрреволюциялық-ұлтшылдық сезім білдіріп жұртшылық арасында: «Партия мен үкіметтің қаулылары қағаз жүзінде қалып жатыр, қаулыда Қазақстанда бірде-бір орыстар қалмасын», — делінген. «Ал іс жүзінде керісінше болып шықты, қазақтарды барлық жерде түрткіге алып, жақсы қызметтен қуып» орыстарды орналастырып жатыр, ол біз қаналуда қалып келеміз, одан да сорақысы сол қазақтарды тексермей түрмеге қамауда, қазіргі кезде барлық ескі түрмелер қазақтарға толды, енді жаңа түрмелер салып жатыр, сондықтан бізге бірінші кезекте көтеріліске дайын тұруымыз керек, орыстарды құрту үшін ұлттық шайқас жасауымыз керек», — деп үгіт жүргізген. Нуржанов соғыс туралы провокациялық лақаптар таратып: «Біз фашистерге жақтасып, оларға көмек көрсетіп, олардың кеңес үкіметіне қарсы соғыс ашып жеңетін күнін күтуіміз керек», — деп айтқан.

Осы қылмысы үшін Нуржанов Рақымберді Арал аудандық НКВД бөлімінің 1937 жылғы 21 қарашадағы қаулысымен тұтқынға алынып, қылмыстық іс қозғалған.

Тергеу ісі аяқталып, айыптау қорытындысы шығарылған, оны Арал аудандық НКВД бөлімінің бастығы 25 қарашада бекіткен.

Ақтөбе облыстық НКВД Басқармасының жанындағы Үштіктің 1937 жылғы 6 желтоқсандағы қаулысымен Нуржанов Рақымберді ең жоғары жаза — ату жазасына сотталған, мал-мүлкі тәркіленген. Бұл үкім 1937 жылғы 9 желтоқсанда Ақтөбе қаласында орындалған.

Қызылорда облыстық прокуроры орынбасарының 1989 жылғы 9 маусымдағы қорытындысымен Нуржанов Рақымберді СССР Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1989 жылғы 16 қаңтардағы жарлығының негізінде толық ақталған.

НҮРПЕЙІСОВ Әлжан № 11 Қаратерең ауылдық кеңесінде 1876 жылы туған, молда болған, арабша сауатты, партияда жоқ, тұрақты жұмыс істемеген, 1928 жылы дауыс беру құқынан айрылған, сосын ауылдық кеңесінде тұрған, үйленген, әйелі — Маржан.

Нүрпейісов Әлжан кеңес өкіметіне қарсы жат пиғылда болып, колхоз құрылысын бұзуға, колхозшылардың тұрмысын нашарлатуға бағытталған кон-

трреволюциялық, жауыздық-зиянкестік әрекеттермен үнемі айналысқан, сонымен бірге провокациялық лақаптар тартып, жұртшылық арасында кеңес медицинасының беделін түсірген. Ол өзінің контрреволюциялық жауыздық-зиянкестік жұмысын имам Баймұқанов Мұхамеджанмен тығыз байланыс жасап жүргізген. Баймұқанов Уфа муфтиімен байланыста болып, одан 1923 жылы қағаз алып, имам молда етіп Смағұлов Серкенді тағайындаған. Олардың тығыз байланысы және біріккен контрреволюциялық-зиянкестік жұмыстарының арқасында 1935 жылдың аяғында Нұрпейісов жасырын бір мәжілісте жоғарыда көрсетілген молдалар арқылы тұрғындар арасында контрреволюциялық әрекеттер жүргізуге тартылған. Мәселен, 1937 жылдың наурыз айында Нұрпейісовтің басшылығымен Мамық деген әйелдің намазына 250-дей колхозшыларды жинаған, оларды көктемгі балық аулау жұмысының қызып жатқан кезінде екі күн жұмыстан қалдырып, соның салдарынан балық аулау жоспары орындалмай қалған.

Нұрпейісов Әлжан сол жылғы сәуір айында жоғарыда көрсетілген молдалардың бір мәжілісінде жаңа мешіт салу үшін қаржы жинауға, жұртшылық арасында контрреволюциялық жұмыстар жүргізуге тапсырмалар алған. Ол бұл жұмысты жүргізіп, жұртшылықтан 400 сомдай қаржы жинап, кейін оны өзі пайдаланып кеткен. Нұрпейісов балаларды сүйдетке отырғызумен айналысып, піштірілген жерге тарының сабағын жағып, күлін сеуіп, көп ауруға шалдықтырған. Ол өзінің контрреволюциялық жұмыстарына діни салт-дәстүрлерді пайдаланып, жиындар өткізіп отырған.

Осы қылмысы үшін Нұрпейісов Әлжан Арал аудандық НКВД бөлімінің 1937 жылы 16 қыркүйектегі қаулысымен тұтқынға алынып, қылмыстық іс қозғалған.

Тергеу ісі аяқталып, айыптау қорытындысы шығарылған, оны Арал аудандық НКВД бөлімінің бастығы 1937 жылғы 5 қарашада бекіткен.

Ақтөбе облыстық НКВД Басқармасының жанындағы үштіктің 1937 жылғы 10 қарашадағы қаулысымен Нұрпейісов Әлжан 10 жылға бас бостандық еркінен айыруға сотталған.

Қызылорда облыстық прокуроры орынбасарының 1989 жылғы 25 қыркүйектегі қорытындысымен Нұрпейісов Әлжан СССР Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1989 жылғы 16 қаңтардағы жарлығының негізінде толық ақталған.

НҰРЫМБЕТОВ Қалнияз Үргеніш қаласында 1885 жылы туған, ОГПУ-дың өкілетті өкілдігі жанындағы үштіктің 1931 жылғы 16 желтоқсандағы қаулысымен 3 жылға жер аударуға сотталған. Қамауға алынғанға дейін Ырғыз ауданының № 15 ауылында тұрған, малшы болған, 1989 жылғы 29 тамызда ақталған.

НҰРЫШЕВ Ұзақбай № 6 «Октябрь» ауылдық кеңесінде 1904 жылы туған, ірі бай болған, атакты ишан-молданың баласы, шала сауатты, партияда жоқ, «Даки» серіктігінің төрағасы болып жұмыс істеген. 1920 жылы өз шаруашылығын, мал-мүлкін төркілетуге түсірмеу үшін сатып құртқан. Өзінің

маңайына бұрынғы қуғын-сүргінге түскен байлар мен молдалардан контрреволюциялық-ұлттық топ ұйымдастырып, колхозда жауыздық-зулымдық жұмыстарын жүргізген. 1937 жылы шілде айында Нұрышев колхоз жиналысында СССР қорғаныс заңына жазылуға ашықтан-ашық қарсы шыққан, ол былай деген: «Біз кедейміз, жарлымыз, кеңес үкіметі бізден ешнәрсе сұрамасын, қайта колхозшыларға ақша беріп, көмек көрсетсін, басшылықта отырған коммунистер адам емес, олар колхозды, жұртшылықты басқара алмайды, қайта партияда жоқтар жақсы басқарады, сондықтан коммунистерден жақсылық күтудің керегі жоқ».

Колхозда жылқы фермасын ұйымдастыру пайдасыз деп үгіттеу салдарынан жылқы фермасы ұйымдастырылмай қалған. Осы қылмыстары үшін Арал аудандық НКВД бөлімінің 1937 жылғы 26 қарашадағы қаулысымен ол тұтқынға алынып, қылмыстық іс қозғалған.

Ақтөбе облыстық НКВД Басқармасы жанындағы үштіктің 1937 жылғы 30 қарашадағы қаулысымен Нұрышев Ұзақбай 10 жылға бас бостандық еркінен айыруға сотталған.

Қызылорда облыстық соты Президиумының 1960 жылғы 17 тамыздағы қаулысымен Ақтөбе облыстық НКВД Басқармасы жанындағы үштіктің 1937 жылғы 30 қарашадағы Нұрышев Ұзақбай жөніндегі қаулысы бұзылып, оның әрекетінде қылмыс белгісі жоқ болғандықтан іс мүлдем қысқартылған. Облпрокурордың наразылығы қанағаттандырылған. Соттың шешімі бойынша Нұрышев Ұзақбай толық ақталған.

О

ОВЧИННИКОВ Иван Федорович родился в 1897 году в Витебском районе, русский, образование высшее, беспартийный, до ареста проживал в гор. Аральске, работал старшим научным сотрудником научной станции. За антисоветскую контрреволюционную провокаторскую, подрывно-вредительскую работу арестован и привлечен к уголовной ответственности. Постановлением тройки при УНКВД по Актобинской области от 4 ноября 1937 года Овчинников И. Ф. осужден на 10 лет лишения свободы, реабилитирован 29 августа 1989 года.

ОМАРОВ Гасан Гусейн родился в 1881 году в гор. Когор, Дагестанской АССР, дагестанец, малограмотный, беспартийный, до ареста проживал в гор. Аральске, работал рабочим в Аралсульфате. За антисоветскую контрреволюционную провокаторскую агитацию среди рабочих, подрывно-вредительскую работу арестован и привлечен к уголовной ответственности. Приговором Кызылординского областного суда от 6 ноября 1942 года Омаров Гасан Гусейн осужден на 10 лет лишения свободы, реабилитирован 31 октября 1995 года.

ОҢҒАРОВ Нұрадин Райым ауылдық кеңесінде 1881 жылы туған, кейін Қазалы ауылында тұрған, бай-

молда болған, діни медресені бітірген, мешіт ұстаған. 1931—32 жылдары байларға салынған салықты төлемегені үшін, сайлау-сайлану құқынан айырылған, содан кейін қуғын-сүргіннен қашып бас сауғалайды. Аралға 1935 жылы қайтып оралып, ел ішінде жүріп контрреволюциялық жұмыстар жүргізіп, кеңес үкіметіне қарсы түрлі лақаптар таратады және өзінің жақын таныстарын Ауданстанға көшуге шақырады. Өзінің Сталиндік конституцияға сенбейтінін, ол тек алдамшы екенін, дінге, құдайға сену керек»,— деп уағыздайды. Осы қылмысы үшін Арал аудандық НКВД бөлімінің 1937 жылғы 27 тамыздағы қаулысымен тұтқынға алынып, қылмыстық іс қозғалған. Ақтөбе облыстық НКВД Басқармасы жанындағы үштіктің 1937 жылғы 15 қыркүйектегі қаулысымен ең жоғары жаза — ату жазасына сотталған, үкім 1937 жылғы 21 қыркүйекте орындалған.

1989 жылғы тамыздың 7 күні облыстық прокурор архивтік қылмысты істі қайта қарап, өзінің қорытындысымен Оңғаров Нұрадидің оның әрекетінде қылмыстың белгісі болмағандықтан мүлдем ақталған.

ОРАЗБАЕВ Еңсеп Арал ауданының № 8 ауылы, «Жаңаталап» серіктестігінде 1873 жылы туған, бай болған, 1931 жылы контрреволюциялық әрекеті үшін мал-мүлкі тәркіленіп, 5 жылға бас бостандық еркінен айыруға сотталған, жаза мерзімін толық өтемей қамаудан босанып шыққан, сауатсыз, партияда жоқ, кейінгі кезде Қарақұм ауылдық кеңесінде тұрған, үйленген, әйелі Дәмеш, баласы Қыстау, қызы Бибіжамал.

Оразбаев Еңсеп кеңес үкіметіне, оның жүргізіп жатқан саяси-шаруашылық науқанына қарсы үгіт жүргізіп, № 8 ауылдық кеңесі тұрғындарын елден басқа жаққа жаппай көшуін ұйымдастырған. Колхозшыларды ауылшаруашылық артелінің Уставын қабылдамауға, қоғамдық малдарды қырып — жоюға шақырған. «Артельге көшесендер аштан өлесіндер, барлық малды кеңес үкіметі алып қояды, сондықтан партия мен кеңес үкіметінің қаулысына бағынбай, одан бас тартып көшу керек»,— деп үгіт таратқан. Сталиндік конституцияға қара күйе жағып, «Ол халықтың тұрмысын жақсартқан жоқ, керісінше жағдай барынша нашарлап кетті»— деген.

Осы қылмысы үшін Оразбаев Еңсеп Арал аудандық НКВД бөлімінің 1937 жылғы 4 қарашадағы қаулысымен тұтқынға алынып, қылмысты іс қозғалған. Тергеу ісі аяқталып, айыптау қорытындысы 15 қарашада шығарылған, оны Арал аудандық НКВД бөлімінің бастығы сол күні бекіткен.

Ақтөбе облыстық НКВД Басқармасы жанындағы үштіктің 1937 жылғы 20 қарашадағы қаулысымен 10 жылға бас бостандық еркінен айыруға сотталған. Қызылорда облпрокурорының 1941 жылғы 10 шілдедегі қорытындысы бойынша Ақтөбе облыстық НКВД Басқармасы жанындағы үштіктің қаулысын дұрыс деп танып, Оразбаевтың арызын нәтижесіз қалдырған.

жылғы 17 қазанда тұтқынға алынып, қылмысты іс қозғалған. Қызылорда облыстық сотының қылмысты істер қарайтын сот коллегиясының 1950 жылғы 18 қарашадағы үкімімен РСФСР ҚК-ның 58 бабының 14 тармағы негізінде 10 жылға бас бостандығы еркінен айыруға сотталған шартты жазасы өзгертіліп, қамаудан босатылған.

Қазақ ССР Жоғарғы Сотының қылмысты істер қарайтын сот коллегиясының 1951 жылғы 10 қаңтардағы ұйғаруымен Қызылорда облыстық сотының 1950 жылғы 18 қарашадағы үкімі бойынша айыптау жазасының жеңілдігі үшін бұзылып, іс сол облыста сот тергеуі арқылы басқа сот құрамында қайта қарауға жіберілген.

Қызылорда облыстық сотының қылмысты істер қарайтын сот коллегиясының 1951 жылғы 13 ақпандағы ұйғаруымен Аманбаев Нұрман қайтадан қамауға алынған.

Қызылорда облыстық сотының қылмысты істер қарайтын сот коллегиясының 1951 жылғы 8 наурыздағы үкімімен Аманбаев Нұрман 10 жылға бас бостандық еркінен айыруға, 3 жылға саяси құқын жоюға сотталған.

Қазақ ССР Жоғарғы Сотының қылмысты істер қарайтын сот коллегиясының 1951 жылғы 31 наурыздағы ұйғаруымен сотталушы Аманбаев Нұрман жөніндегі іс бұзылып, оның әрекетінде қылмысы РСФСР ҚК-ның 58 бабының 14 тармағынан 82 бабының 1 бөліміне жатқызылып, оны 3 жыл бас бостандығы еркінен айыруға, саяси құқын жоймауға ұйғарылған, бұл жазаның мерзімі Қарақалпақ АССР Жоғарғы Сотының 1932 жылғы 8 желтоқсандағы үкімімен жабылған.

СССР Жоғарғы Соты Пленумының 1957 жылғы 12 сәуірдегі қаулысымен Қызылорда облыстық сотының 1951 жылғы 8 наурыздағы және Қазақ ССР Жоғарғы Сотының 1951 жылғы 31 наурыздағы, сонымен қатар Қазақ ССР Жоғарғы Соты Президиумының 1955 жылғы 7 ақпандағы қаулысы бұзылып, оның әрекетінде қылмыс құрамының жоқтығына байланысты ол жөніндегі іс өндірістен қысқартылған.

Қызылорда облыстық прокурордың 1997 жылғы 13 мамырдағы қорытындысымен Аманбаев Нұрман Қазақстан Республикасының 14.04.1997 жылғы 14 сәуірдегі Заңының негізінде толық ақталған.

АМАНҚҰЛОВ Аралбай Қазалы ауданының № 8 ауылы, “Қаракөл” колхозында 1902 жылы туған, саудагер болған, жалшы ұстаған, шала сауатты, партияда жоқ, колхозшы, 1933 жылы өкімет тарапынан берілген азық-түлік комегін ішіп-жел қойғаны үшін 3 жылға бас бостандық еркінен айыруға сотталған, 1936 жылы көп әйел алғаны үшін 1 жылға еріксіз жұмысқа сотталған, үйленген, әйелдері — Әлима, Өнөпия, қыздары — Айша, Дәриха, Дәмила, баласы — Тенізбай.

Аманқұлов Аралбай жұртшылық арасында үнемі контрреволюциялық жеңістік үгіт жүргізіп келген. 1936 жылы қазан айында ол: “Кеңес үкіметі колхозшыларды қанауда, біз күні-түні жұмыс істейміз, соған қарамастан біз аш жүреміз және киіміміз де жоқ, ал коммунистер бізде барлығы да бар деп мақтанады, ал шындығына келгенде бізде ешнәрсе жоқ”. Колхозшыларды колхоздан шығуға және өздерінің

жеке шаруашылығын жүргізуге шақырған. 1937 жылдың қаңтар айында ол: “Егер де кеңес үкіметі болмаса ол бай болған болар еді, ал кеңес үкіметі азаматтарға өмір сүргізбейді, бірақ бәрібір жақын арада кеңес өкіметі құлатылады, сонда өмір сүру жақсартылады”, — деген. 1937 жылдың наурыз айында ол: “Германия және Жапония кеңес үкіметін жақын арада жөнелді, сөйтіп біздің Қазақстан территориясында мұсылман өкіметі қайтадан орнайды, сонда жақсы тұратын боламыз”, — деген. Сол жылғы наурыз айында кеңес үкіметіне ренішін білдіріп, партия мен үкімет көсемдері адресіне жаман сөздер айтқан. Аманқұлов Аралбай неше түрлі әдіспен және төсілмен колхозды таратқысы келген. Ол: “Колхозшыларды учаскелерге ру руга бөлу керек”, — деп ру тартысын қоздырмақшы болған. Ол барлық уақытта № 8 ауылда басшылық қызметті алуға ұмтылған, № 9 ауыл колхозы егісіне әдейі су бермеген, соның салдарынан бірнеше гектар егіс шықпай өліп қалғаны үшін айып тағылып, Аманқұлов Аралбай Қазалы аудандық НКВД бөлімінің 1937 жылғы 14 тамыздағы қаулысымен тұтқынға алынып, қылмыстық іс қозғалған.

Тергеу ісі аяқталып, айыптау қорытындысы сол жылғы 5 қазанда шығарылған.

Оңтүстік Қазақстан облыстық НКВД Басқармасы жанындағы үштіктің 1937 жылғы 11 қазандағы қаулысымен Аманқұлов Аралбай 10 жылға концлагерьге сотталған.

Қызылорда облыстық НКВД Басқармасының 1939 жылғы 16 қыркүйектегі қаулысы бойынша Оңтүстік Қазақстан облыстық НКВД Басқармасы жанындағы үштіктің қаулысын дұрыс деп тауып, Аманқұловтың үштіктің қаулысын қайта қарау туралы арызын қабылдамай тастаған.

Қызылорда облпрокуроры орынбасарының 1940 жылғы 26 наурыздағы қорытындысы бойынша сотталушы Аманқұловтың арызын қанағаттандырмай тастаған, істі облыстық НКВД Басқармасының 1 бөліміне архивте сақтауға жіберген.

Қызылорда облпрокуроры орынбасарының 1989 жылғы 15 мамырдағы қорытындысымен Аманқұлов Аралбай СССР Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1989 жылғы 16 қаңтардағы жарлығының негізінде толық ақталған.

АНДРЕЕВ Павел Евграфович родился в 1905 году в селе Тимофеевка, Восточно-Казахстанской области, русский, образование начальное, беспартийный, до ареста проживал в Казалинском районе. Он обвиняется в том, что проводил антисоветскую контрреволюционную агитацию и подрывно-шпионскую, диверсионную деятельность, за что арестован и привлечен к уголовной ответственности. Постановлением тройки при УНКВД по Южно-Казахстанской области от 22 января 1938 года Андреев П. Е. осужден к высшей мере наказания — расстрелу. Он реабилитирован 4 декабря 1995 года.

АНТИПИН Инокентий Андреевич родился в 1890 году в селе Кайманово, Усть-Куцкого района, Восточно-Сибирского края, русский, гражданин СССР, образование низшее, окончил 1 класс церковно-приходской школы, беспартийный, до ареста проживал на ст. Казалинск, работал маляром-художником на

5-м вагонном участке ст. Казалинск. С 1912 по 1918 год служил в царской армии в чине старшего унтер-офицера 4-го пограничного кав. полка.

По обвинительному заключению Антипин И. А. являлся участником шпионско-диверсионной, террористической организации, агентом японской разведки. В 1935 году в гор. Харбине был завербован в качестве секретного сотрудника японской разведки полицейским надзирателем Левички. В 1935 году был переброшен японскими разведорганами на территорию СССР с заданиями шпионского и диверсионного характера. В том же году на территории СССР установил связь с резидентом японской разведки Мишениным Т. А., по указанию которого в 1936 году связался с резидентом Провацким А. и вошел в состав шпионской диверсионной группы, существовавшей на ст. Казалинск.

С 1935 года по день ареста он собрал и передал японской разведке через резидента Провацкого шпионские сведения, имеющие оборонные значения. По заданию резидента Провацкого с целью совершения диверсионных актов посыпал песок в буксы вагонов и вредительски проводил окраску вагонов, вместо олифы красил керосином. Систематически проводил контрреволюционную агитацию среди рабочих против мероприятий партии и правительства, разлагал трудовую дисциплину, за что он постановлением ОДТО ГУГБ НКВД ст. Казалинск от 17 октября 1937 года арестован и привлечен к уголовной ответственности по ст. 58-4, 6, 9, 11 УК РСФСР.

Постановлением Комиссии НКВД и Прокурора СССР от 25 декабря 1937 года Антипин Иннокентий Андреевич осужден к высшей мере наказания — расстрелу.

Определением Военного Трибунала Приволжского Военного Округа от 3 июня 1958 года Постановление Комиссии НКВД и Прокурора СССР от 25 декабря 1937 года в отношении Антипина Иннокентия Андреевича отменено и дело о нем производством прекращено в силу п. 5 ст. 4 УПК РСФСР за отсутствием состава преступления.

Антипин И. А. реабилитирован посмертно.

АНТРОПОВ Василий Петрович родился в 1894 году в гор. Казалинске, русский, гражданин СССР, из кулаков, образование начальное, беспартийный, до ареста проживал в Ново-Казалинске по ул. Большевикская, 18, работал осмотриком вагонов 6-го вагонного участка ст. Казалинск.

Он в 1914 году служил надзирателем Казалинской тюрьмы, имел кулацкое хозяйство, содержал наемных рабочих, для того, чтобы не быть раскулаченным, свое хозяйство ликвидировал. С 1926 года работал на ж/д транспорте до 1932 года кондуктором и с 1933 года работал в вагонном участке осмотриком вагонов. По обвинительному заключению он являлся участником контрреволюционной кулацкой диверсионной, вредительской группы, существовавшей на ст. Казалинск, вел контрреволюционную агитацию против важнейших мероприятий партии и Советского правительства, занимался вредительством и совершал диверсионные акты. Хорошо владел казахским языком и общаясь с казахами, систематически вел агитацию против Советской власти, доку-

зывал им о необходимости вооруженной борьбы. В декабре 1936 года возле будки осмотра группы казахов, проявлявших недовольство на удержания за Гос. заем обороны говорил: “Вы работаете как верблюды и быки, получаете за это гроши — черный хлеб, с вас Советская власть съедет последнюю шкуру”. В мае 1937 года после демонстрации, группе рабочих казахов говорил: “Советская власть еле держится, ее надо убрать, для этого необходимо вооруженное восстание”. Систематически пропускал с поездами вагоны с браком первой категории, в связи с чем поезда терпели различные аварии и крушения. В ноябре 1936 года из-за вредительского деяния на перроне Кубек-Уинду вагон сошел с рельса и повредил путь на протяжении 570 метров, тем самым нанес убыток в сумме 5800 рублей, также в марте 1937 года на перегоне Бекбаулы-Камбаш у цистерны, груженной хлопковым маслом слетел бандаж, цистерна свалилась под откос, повреждено 15 вагонов, за что он постановлением ОДТО ГУГБ НКВД ст. Казалинск от 9 февраля 1938 года арестован и привлечен к уголовной ответственности.

Постановлением тройки при УНКВД по Оренбургской области от 15 февраля 1938 года Антропов Василий Петрович осужден к высшей мере наказания — расстрелу. Приговор приведен в исполнение 21 февраля 1938 года в 23 часа.

Постановлением Президиума Оренбургского областного суда от 24 ноября 1958 года Постановление тройки при УНКВД по Оренбургской области от 15 февраля 1938 года в отношении Антропова Василия Петровича отменено и дело о нем прекращено за отсутствием состава преступления.

АРСЕЕВ Василий Иванович родился в 1913 году в Майском районе, Ивано-Промышленной области, русский, образование среднее, до ареста проживал в гор. Казалинске, был красноармейцем кавалерийского полка. Он обвиняется в том, что проводил антисоветскую контрреволюционную провокаторскую агитацию и шпионско-диверсионную деятельность, за что арестован и привлечен к уголовной ответственности. Приговором Военного Трибунала пограничной и внутренней охраны НКВД от 18 октября 1937 года осужден на 7 лет лишения свободы. Он реабилитирован 4 ноября 1991 года.

АРЫЗБАЕВ Құлтасбай Қарашентал ауылдық кеңесінде 1885 жылы туған, бай болған, білімі бастауыш, партияда жоқ, приставтың аудармашысы болған. 1926 жылы мал ұрлап сойғаны үшін Қазалы аудандық милиция бөлімі арқылы ұсталып, 4 жылға сотталған, 1929 жылы 1 жылға сотталған, оған тағылған айып: “Жұртшылық арасында кеңес үкіметіне қарсы үнемі үгіт жүргізген, кеңес үкіметі башлыларының адресіне жаман сөздер айтып, балағаттаған, қолжозшылар арасында оларды қолхоздан шығуға үгіттеген, соғыс туралы, кеңес үкіметінің құлайтыны жайлы суық хабарлар таратқан, деп Қазалы аудандық НКВД бөлімінің 1938 жылғы 31 наурыздағы қаулысымен тұтқынына алынып, РСФСР ҚК-ның 58 бабының 2, 7, 11 тармағымен қылмыстық іс қозғалған. Қызылорда облыстық сотының арнаулы коллегиясының 1938 жылғы 13 қыркүйектегі үкімімен айыпкер Арызбаев Құлтасбай ең жоғары жаза — ату жазасына сотталған. Қазақ

ССР Жоғарғы сотының қылмыстық істер қарайтын сот коллегиясының 1938 жылғы 29 қыркүйектегі ұйғаруымен Қызылорда облысының 1938 жылғы 13 қыркүйектегі үкімі бұзылып, істі алдын ала тергеу арқылы қайта қарауға жіберген.

Қызылорда облыстық сотының көшпелі сессиясының 1938 жылғы 23 қарашадағы үкімімен айыпкер Арызбаев Құлтасбайды ҚК-ның 58 бабының 2, 7, 11 тармақтарымен айыпты деп тауып, кеңес үкіметіне жат, қоғамға қауіпті адам болғандықтан әлеуметті қорғау шарасының ең ауыры — ату жазасына сотталған. Қазақ ССР Жоғарғы сотының қылмыстық істер қарайтын сот коллегиясының 1939 жылғы 4 наурыздағы ұйғаруымен Қызылорда облыстық сотының 1938 жылғы 23 қарашадағы үкімін бұзып, Арызбаев Құлтасбайдың қылмысын РСФСР ҚК-ның 58 бабының 10 тармағы, 1 бөліміне жатқызып, айып жазасын 10 жылға бас бостандық еркінен айыруға, сайлау құқын 5 жылға жоюға, ал, ҚК-ның 58 бабының 2, 7, 11 тармақтары бойынша қылмыс құрамы анықталмағандықтан үкімінен алынып тасталған.

Қызылорда облыстық прокурордың 1937 жылғы 13 мамырдағы қорытындысымен Арызбаев Құлтасбай Қазақстан Республикасының “Жаппай саяси қуғын-сүргіндер құрбандарын ақтау туралы” 1993 жылғы 14 сәуірдегі Заңының негізінде толық ақталған.

АРЫҚБАЕВ Төлеміс Қазалы ауданының № 13 ауылы, “Еңбек” колхозында 1880 жылы туған, бұрын бай болған, шала сауатты, партияда жоқ, колхозшы, үйлі-жайлы, әйелі — Майсары, балалары — Жанғазы, Тереахмет, Шахмардан, Камал, Шүлез.

Арықбаев Төлеміс бұрын бай, қанаушы, ұлтшыл, кеңес үкіметіне қарсы күрескен Асан қарақшылары көтерілісін белсенді ұйымдастырушысы болған, № 12, 13, 14 ауылдардың территориясында тұрғындардың арасынан тұрақсыз адамдарды қарақшыларға қатыстыру үшін күштеп

тартқан, сол үшін ол 1930 жылы тұтқынға алынған, бірақ қуғын-сүргіннен Қарақалпақстанға қашып кеткен, осыған дейін ол сол 1930 жылы № 13 ауылда кеңес үкіметіне қарсы көтерілістік үгіт жүргізіп, буржуазиялық, мұсылман өкіметін қайта құру үшін ашықтан ашық қолына ақ ту ұстап, контрреволюциялық ұранмен сөздер айтқан.

Ол партия мен үкіметтің жүргізіп жатқан шараларына қарсы шығып, тұрғындар арасында кеңес үкіметіне теріс пікір тудырған. 1937 жылғы наурыз айында Арықбаев: “Колхозда біз нашар тұрамыз, бұрын біз жекешеленіп тұрғанымызда анағұрлым жақсы тұрып едік, енді ондай тұрмыс ешқашанда болмайтын шығар”, — деген. 1938 жылы шөп шабу кезінде ол: “Колхозда жұмыс істеудің қажеті жоқ, колхозшыларға одан келетін пайда шамалы, барлық пайда өкіметке кетеді”, — деген. Осындай үгіттің салдарынан колхозшылар 5 күндей жұмысқа шықпай

қалған. 1939 жылы көктемде Арықбаев 10 гектар тары егіп, оны судан қалдырып, ақырында тары шықпай қалған. 1940 жылы ол колхоздың күрішіне күзетші болып тұрғанда әдейі күрішке қарамай 1,5 гектар колхоздың күрішін мал басып, жаншып кеткені үшін айып тағылып, Арықбаев Төлеміс Қазалы аудандық НКВД бөлімінің 1940 жылғы 11 қарашадағы қаулысымен тұтқынға алынып, РСФСР ҚК-ның 58 бабының 10 тармағы, 1 бөлімімен қылмыстық іс қозғалған.

Тергеу ісі 1940 жылдың 28 желтоқсанында аяқталып, айыптау қорытындысы 1941 жылдың 4 қаңтарында шығарылған, онымен Қызылорда облыстық НКВД Басқармасының тергеу бөлімшесі келіскен. Қызылорда облыстық прокурор өзін 1941 жылғы 13 қаңтардағы қорытындысымен және Қызылорда облыстық соттың қылмысты істер қарайтын сот коллегиясының дайындау мәжілісінің қаулысымен бекіткен.

Қызылорда облыстық соттың қылмысты істер қарайтын сот коллегиясының 1941 жылғы 28 қаңтардағы үкімімен айыпкер Арықбаев Төлеміс 7 жылға бас бостандық еркінен айыруға, 3 жылға сайлау-сайлану құқын жоюға сотталған.


Қазақ ССР Жоғарғы сотының қылмыстық істер қарайтын сот коллегиясының 1941 жылғы 14 наурыздағы ұйғаруымен Қызылорда облыстық сотының үкімін күшінде қалдырып, Арықбаевтың шағмы арызы аяқсыз тасталған.

Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының бөлім бастығының 1995 жылғы 26 қыркүйектегі қорытындысымен Арықбаев Төлеміс Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 14 сәуірдегі Заңының негізінде толық ақталған.

АСС Иссер Абрамович родился в 1903 году в гор. Слуцке, Белорусской ССР, еврей, гражданин СССР, сын купца, образование средне-техническое, беспартийный, до ареста проживал на ст. Казалинск, работал начальником электросилового установок 6-го паровозного отделения ст. Казалинск.

Он 26 марта 1934 года линсудом Оренбургской ж/д был приговорен к 1-му году принудительных работ с удержанием 10 процентов заработка за аварию и вывод из строя двигателя, вследствие чего электростанция не работала в течение 10 суток.

Он обвиняется в том, что с 1935 года являлся членом контрреволюционной, троцкистско-бухаринской организации, по заданию которой в электросиловом хозяйстве ст. Казалинск проводил диверсионно-вредительскую работу. Он говорил: “Почти ежемесячно происходили крупные аварии и мелкие поломки машин, что привело к развалу электрооборудования”. По заданию троцкистско-бухаринской организации в электростанции с. Казалинск создан диверсионно-вредительскую группу из бывших кулаков и прочего классово-чуждого элемента. С целью диверсии они не устраняли обнаруженные дефекты у двигателей внутреннего сгорания, не проводили своевременного ремонта деталей и электрооборудования, в результате чего происходили систематические аварии. Он был в курсе о террористических намерениях право-троцкистской организации и знал о под-



готовке террористических актов над руководителями партии и правительства, за что он Постановлением ОДТО ГУГБ НКВД ст. Казалинск от 17 октября 1937 года арестован и привлечен к уголовной ответственности по ст. 58-8, 9, 11 УК РСФСР.

Приговором Военной Коллегии Верховного Суда СССР от 9 февраля 1938 года Асс Иссер Абрамович осужден к высшей мере наказания — расстрелу.

Определением Военной Коллегии Верховного Суда СССР от 15 августа 1957 года Приговор Военной Коллегии Верховного Суда СССР от 9 февраля 1938 года в отношении Асса Иссера Абрамовича по вновь открывшимся обстоятельствам отменен и дело производством прекращено за отсутствием состава преступления.

АХМЕТЖАНОВА Ольга Григорьевна родилась в 1900 году в гор. Чкалове, русская, гражданка СССР, образование среднее, беспартийная, до ареста проживала в Казалинском районе в колхозе “Келарык”, № 16 а/с работала библиотекарем, муж Ахметжанов Абдулла работал учителем Куларьской НСШ, дочь — Ахметжанова Сайда Александровна, 1924 года рождения.

Она обвиняется в том, что будучи враждебно настроенной к Советской власти, среди населения колхоза распространяла контрреволюционную агитацию порожественного характера, возводила клевету по адресу руководителей партии и Правительства, по адресу Советской печати и Информбюро и жизни в Советской стране, восхваляла фашистскую Германию, ее армию, технику и жизнь на оккупированной ею территории, высказывалась о несомненной победе Германии над Советским Союзом, за что она Постановлением Казалинского РО НКВД от 19 июня 1942 года арестована и привлечена к уголовной ответственности по ст. 58-10 ч. 2 УК РСФСР.

Приговором выездной сессии Кызылординского облсуда от 26 августа 1942 года Ахметжанова Ольга Григорьевна осуждена на 10 лет лишения свободы с поражением в избирательных правах сроком на 5 лет. Определением Судебной Коллегии по уголовным делам Верховного Суда Казахской ССР от 10 октября 1942 года приговор Кызылординского облсуда по делу Ахметжановой оставлен в силе. Срок наказания она отбыла полностью и была освобождена 19 июня 1952 года из Карлага.

Постановлением Президиума Верховного Суда Казахской ССР от 28 февраля 1962 года Приговор Кызылординского облсуда от 26 августа 1942 года, Определением Верховного Суда Казахской ССР от 10 октября 1942 года по делу Ахметжановой Ольги Григорьевны отменены и дело производством прекращено за отсутствием в ее действиях состава преступления. Протест прокурора Казахской ССР удовлетворен.



АЯЗБАЕВ Аманбай Қазалы ауданының № 1 Майлыбас ауылында 1892 жылы туған, бұрын бай болған, тұрақты 3 жалшы ұстаған, шала сауатты, партияды жок, № 102 Ақжар разьезінде тұрған, 12 жол дистанциясында жол қарашы болып жұмыс істеген, үйленген, әйелі — Аймағұл, туысы — Аязбаев Мырзабай.

1931 жылы Аязбаевтың шаруашылығы төркіленген, ол жер аударулан қашып, Өзбекстанға барып тығылған. Ол жақта 1933 жылға дейін тұрып, кейін Қазалы ауданына қайтып келіп, темір жол транспортына жұмысқа тұрған. Жұмыс істеп жүріп, байлар Ермахановпен, Бөленбаевпен, Кетебаевпен, тағы басқалармен байланысын жалғастырып, олармен бірге кеңес үкіметіне қастық пиғылда үнемі контрреволюциялық үгіт жүргізген. Мысалы, Кетебаевпен және басқалармен өңгімесінде: “Тухачевский жақсы адам болған, кеңес үкіметіне қарсы жақын арада Жапония соғыс ашуы мүмкін, ол соғыста Россия жеңіледі, ол Жапонияға төтеп бере алмайды”, — деген.

Аязбаев Тухачевскийге аяушылық сезім білдіріп, жеңіліс сипаттағы өзінің ойын: “Соғыс тез болса екен, кеңес үкіметі онда ұзақ тұра алмайды, Россияда бұрынғы үкімет орнап, кеңес үкіметі бізден тартып алғандарын қайтарар еді”, — деген. Ол Коммунистік партия мен Кеңес үкіметінің көсемдерін балағаттап, тіл тигізгені үшін айып тағылып, Аязбаев Аманбай Қазалы стансасының ОДТОГУГБ НКВД бөлімінде 1937 жылғы 18 қазандағы қаулысымен тұтқынға алынып, қылмыстық іс қозғалған.

Тергеу ісі аяқталып, айыптау қорытындысы 1937 жылдың 25 қазанында шығарылған, істі Оңтүстік Қазақстан облыстық НКВД Басқармасы жанындағы үштіктің қарауына жіберген.

Оңтүстік Қазақстан облыстық НКВД Басқармасы жанындағы үштіктің 1937 жылы 1 қарашадағы қаулысымен Аязбаев Аманбай 10 жылға концлагерьге сотталған.

Оңтүстік Қазақстан облыстық НКВД Басқармасының 3 транспорт тобының 1940 жылғы 23 мамырдағы қаулысында: “Аязбаев бай болмаған, оның шаруашылығы ешуақытта төркіленбеген, ол темір жол байында ұзақ жылдар жақсы жұмыс істеп, көзге көрінген, Оңтүстік Қазақстан облыстық НКВД Басқармасы жанындағы үштіктің Аманбай Аманбаев жөніндегі қаулысы бузылып, іс өндірістен қысқартылсын. Аязбаев қамаудан босатылсын, осы қаулы тергеу ісімен СССР НКВД-сы жанындағы ерекше мәжілісінің қарауына жіберілсін”, — делінген. Аязбаев Аманбай НКВД-ның жоғлағында 1942 жылдың 7 желтоқсанында қайтыс болған.

СССР НКВД-ның Ерекше Мәжілісінің 1943 жылғы 9 қаңтардағы қаулысында: “Оңтүстік Қазақстан облыстық НКВД Басқармасы жанындағы үштіктің 1937 жылғы 1 қарашадағы қаулысы бузылып, іс өндірістен қысқартылсын, Аязбаев Аманбай қамаудан босатылсын”, — делінген.

Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының бөлім бастығының 1997 жылғы 27 қаңтардағы қорытындысымен Аязбаев Аманбай Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 14 сәуірдегі Заңының негізінде толық ақталған.

ӘБДІРАХМАНОВ Қожамақсұм Қазалы қаласында 1886 жылы туған, шала сауатты, партияда жоқ, қамауға алынғанға дейін Арал қаласында тұрған, Қарақалпақ Бас ет экспедициясында жұмыс істеген. Оған кеңес үкіметіне қарсы контрреволюциялық, провокаторлық жіт жүргізген, партия мен үкіметтің жүргізіп жатқан шараларына қарсы әртүрлі зиянкестік әрекеттер жасағаны үшін айып тағылып, тұтқынға алынып, қылмыстық іс қозғалған. Ақтөбе облыстық НКВД Басқармасы жанындағы үштіктің 1937 жылғы 20 қазандағы қаулысымен 10 жылға сотталған. Ол 1990 жылғы 30 қазанда толық ақталған. **ӘБІЛОВ Қонысбай** Қазалы ауданының № 3 ауылдық кеңесі, Молотов атындағы колхозда 1920 жылы туған, кедей, білімі 5 класс, партияда жоқ, бұрын сотталмаған, Молотов атындағы колхозда колхозшы, кейіннен аудандық тұтынушылар одағында жұмыс істеген, әйелі — Әбілова Агина, апасы — Райымкүл, қарындасы — Сыргалы.

Әбілов Қонысбай 1941 жылы Қызыл Армия қатарына алынып, Отан соғысына қатардағы жауынгер ретінде қатысқан, 1941 жылғы 19 қыркүйекте ұрыс жүріп жатқан кезде ешқандай қарсылық көрсетпей неміс армиясының тұтқынына түскен. Әскери тұтқындар лагерінде жүріп, ол 1942 жылғы мамыр айында неміс командованиесы Қызыл Армияға қарсы күресу үшін Орта Азия ұлттарынан құрған бөлімше құрамына кірген. Кеңес үкіметіне қарсы түрлі жаттығулардан өткеннен кейін ол 1942 жылғы 1 шілдеде жоғарыда көрсетілген бөлімшенің құрамында Қызыл Армияға қарсы соғысуға майданға жіберілген. Барековск бағытында Қызыл Армияға қарсы ұрыста 1942 жылғы 19 шілдеде Әбілов жарақаттанып, Сталин облысы, Горловка қаласындағы ауруханаға немістер арқылы әкелінген. Ауруханадан жазылып шыққаннан кейін неміс басқыншыларымен байланысы бар адамның көмегімен ол 1943 жылғы мамыр айында Горловка қаласында тұруға документ алып, неміс ауруханасын күзетуге жұмысқа тұрған. Осы жұмыста жүріп, ол өз жұмысына адал қарағаны үшін неміс басқыншыларынан сыйлықтар алған. Қызыл Армия неміс басқыншыларынан Горловка қаласын азат ету кезінде, 1943 жылғы қыркүйек айында Әбілов ауылға қайтып оралған. Осы ауданның “Дихан” колхозында тұрып, ол жұртшылық арасында кеңес үкіметіне қарсы жеңілістік сипаттағы үгіт жүргізген. Кеңес Одағының экономикасына және қызыл Армияға жала жауып, фашистік Германияның қарулы күшінің, оның техникасын, материалдық жағдайын, тұтқынға түскен қызыл әскерлерге адамгершілікпен қараған деп мадақтаған. Сол үшін Әбілов Қонысбай Қызылорда облыстық МІГБ Басқармасының 2 бөлімінің 1945 жылғы 8 мамырдағы қаулысымен тұтқынға алынып, РСФСР, ҚК-ның 58 бабының 1“б” және 10-2 тармақтарымен қылмыстық іс қозғалған.

Қызылорда облыстық сотының қылмысты істер қарайтын сот коллегиясының 1946 жылғы 25

ақпандағы үкімімен айыпкер Әбілов Қонысбай 8 жылға бас бостандық еркінен айыруға, 2 жылға саяси құқын жоюға сотталған.

Қазақ ССР Жоғарғы Сотының қылмысты істер қарайтын сот коллегиясының 1946 жылғы 20 наурыздағы ұйғаруымен Қызылорда облыстық сотының үкімі күшінде қалдырылған.

Қазақ ССР Жоғарғы Соты Президиумының 1961 жылғы 12 маусымдағы қаулысымен Қызылорда облыстық сотының 1946 жылғы 25 ақпандағы үкімі және Қазақ ССР Жоғарғы Сотының 1946 жылғы 20 наурыздағы Әбілов Қонысбайдың ісі жөніндегі ұйғарымы бұзылып, оның әрекетінде қылмыс белгісі жоқ болғандықтан іс мүлдем қысқартылған.

ӘЛМҰХАМЕДОВ (ӘЛМАҒАМБЕТОВ) Құдайберген Қазалы ауданының № 15 “Арықбалық” ауылында 1880 жылы туған, бұрын бай-молда болған, сауатты, партияда жоқ, колхоз мүлкінің ішіп-жеп қойғаны үшін 10 жылға сотталған, қарақшылар көтерілісіне қатысқан, № 17 ауылдың “Дихан” колхозында кейін Калинин атындағы колхозда тұрған, колхозшы, үйлі-жайлы.

Әлмұхамедов Құдайберген Кеңес үкіметіне қарсы ұлтшылдық ұйымға белсенді түрде қатысқан, бұл ұйымға ол 1919 жылы Күлетов және Күзембаев арқылы тартылған, осы ұйымға қатысушылардың кеңес үкіметіне қарсы жүргізген әрекеттеріне белсене қатысқан. Әлмұхамедов осы ұйымға селпониң бұрынғы төрағасы Жанқылышев Серғалиден, Бөлекбаев Қашымды, бай Айтмағамбетов Ерлелені тартқан, оларға мынандай тапсырмалар берген:

- 1) Кеңес үкіметіне қарсы ұлтшылдық ұйымға жаңадан мүшелер тарту;
- 2) Ауыл шаруашылығында колхоздарды құлатуға бағытталған зиянкестік бүліншілік жұмыстар жүргізу. Сонымен қатар Әлмұхамедов колхозда жұмыс істеп жүріп, су шаруашылығында зиянкестік жұмыстар жүргізген. 1924 жылы соның ұсынысымен Майлыбас ауылдық кеңесіне қарасты “Қошқарбек” деген жерден жарма қазылған. Онда 80 адам бір жарым ай жұмыс істеген, жармадан су жібергенде одан су ақпаған, содан жарманы пайдаланбай тастап кетуге мәжбүр болған.

1936 жылы № 17 ауылдың “Дихан” колхозында есептеуші болып жұмыс істеп жүріп, Күлетовтың және Күзембаевтың тапсырмасымен колхоздың 5 мың сомдық мүлкінің ішіп-жеп қойғаны үшін айып тағылып, Әлмұхамедов Құдайберген Қазалы аудандық НКВД Бөлімінің 1938 жылғы 27 сәуірдегі қаулысымен тұтқынға алынып, РСФСР ҚК-ның 58 бабының 2, 7, 11 тармақтарымен қылмыстық іс қозғалған.

Тергеу ісі сол жылғы 25 мамырда аяқталып, айыптау қорытындысы шығарылған, онымен Қызылорда облыстық НКВД Басқармасы УГБ-ның 4 бөлімінің бастығы келіскен.

Қызылорда облыстық сотының арнайы коллегиясының 1938 жылғы 10 қыркүйектегі үкімімен айыпкер Әлмұхамедов (Әлмағамбетов) Құдайберген ҚК-ның 58 бабының 2, 7, 11 тармақтарымен айыпты деп табылып, үкіметтің 1938 жылғы 2 қазандағы қаулысына лайық 15 жылға бас бостандық еркінен айыруға, 5 жылға сайлау-сайлану құқын жоюға, өзіне тиісті мал-мүлкіні тәркілеуге сотталған.

Қазақ ССР прокуроры орынбасарының Әлмұхамедовтың ісі жөнінде Қазақ ССР Жоғарғы сотының қылмысты істер қарайтын сот коллегиясына 1990 жылғы 2 қаңтарда жолдаған наразылығы бойынша Қызылорда облыстық сотының 1938 жылғы 10 қыркүйектегі Әлмұхамедов Құдайберген жөніндегі үкімін бұзып, оның өркетінде кодекстің 58 бабының 2, 7, 11 тармақтарында көрсетілген қылмыстың сипаты болмағандықтан, қылмыстық істі қысқартуды сураған.

ӘЛІБЕКОВ Азил Қарағанды облысы, Шет ауданының № 10 ауылында 1907 жылы туған, кейін Қазалы қаласында тұрған, қызметкер, сауатты, БҚ(б)П мүшесі, Қазалы аудандық денсаулық сақтау бөлімінің меңгерушісі болып қызмет атқарған, партия қатарынан осы іске айналысты шығарылған. Әлібеков Азил кеңес үкіметіне қарсы ұлттық ұйымға белсенді қатысушы, бұл ұйымға 1937 жылы тартылған. 1937 жылы ол партия конференциясы өтіп жатқан кезде осы ұлттық ұйымның жұмысына белсене қатысып, партия комитетінің сайлауын өткізер кезде партияның ұйым мүшелерін енгізуге тырысқан. Ондағы мақсаты өздерінің кеңес үкіметіне қарсы жауыздық жұмыстарын жүргізу үшін аудандағы басшылық қызметтерді басып алу болған. 1937 жылы аудандық комсомол конференциясын өткізерде де жаңағыдай жауыздық жұмыстар жүргізген, комсомол қатарын кеңес үкіметіне қарсы ұлттық элементтермен толтырған, тікелей өзі денсаулық сақтау саласында жауыздық жұмыстар жүргізіп, осы саладағы партия мен үкіметтің шараларын бұзған, денсаулық сақтау саласына қаралған қаржыны жауыздықпен әдейі басқа жаққа оңды-солды жұмсағаны үшін айып тағылып, Қазалы аудандық НКВД бөлімінің 1938 жылғы 16 тамыздағы қаулысымен тұтқынға алынып, РСФСР ҚК-ның 58 бабының 7, 11 тарауларымен қылмыстық іс қозғалған. Қызылорда облыстық сотының көшпелі сессиясының 1938 жылғы 12 қарашадағы үкімімен Әлібеков Азил 7 жылға бас бостандық еркінен айыруға, 3 жылға саяси құқын жоюға сотталған.

Қазақ ССР Жоғарғы сотының қылмысты істер қарайтын сот коллегиясының 1940 жылғы 22 қарашадағы ұйғаруымен Қызылорда облыстық соттың 1938 жылғы 22 қарашадағы Әлібековтың ісі жөніндегі үкімі бұзылып, істі алдын ала тергеу арқылы қайта қарауға жіберген.

Қызылорда облыстық НКВД Басқармасының тергеу бөлімшесінің 1941 жылғы 24 маусымдағы қаулысымен Әлібеков Азилді айыптаған тергеу ісі оның түрмеде қайтыс болуына байланысты өндірістен қысқартылған.

Қызылорда облыстық прокурордың 1997 жылғы 20 мамырдағы қорытындысымен Әлібеков Азил СССР Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1989 жылғы 16 қаңтардағы жарлығы негізінде толық ақталған.

ӘЛІМБАЕВ Әбіш (Әбшен) Қазалы ауданы, № 7 ауылында 1893 жылы туған, орта шаруа, сауатты, партияда жок, қамауға алынғанға дейін осы ауылда тұрған, жұмыс істемеген.

Оған Қызылқұмдағы Ақмырза қарақшыларының көтерілісіне қатысып, ел ішінде кеңес үкіметіне қарсы үгіт жүргізген, қарақшыларды азық-түлікпен,

қару-жарақпен жабдықтап отырғаны үшін айып тағылып, ОГПУ Қызылорда бөлімінің 1930 жылғы 1 қазандағы қаулысымен тұтқынға алынып, РСФСР ҚК-ның 58, 59 бабтарымен айып тағылып, қылмыстық іс қозғалған, Қазақстан ОГПУ Өкілетті өкілдігі жанындағы үштіктің 1930 жылғы 10 қарашадағы қаулысымен Әлімбаев Әбіш (Әбшен) 5 жылға концлагерге сотталған.

Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының 1995 жылғы 8 желтоқсандағы қорытындысымен толық ақталған.

ӘМБЕТОВ Бейсін Қазалы ауданы, бұрынғы Мико-ян атындағы колхозда 1901 жылы туған, сауатсыз, үйленген, бұрын сотталмаған, Қазалы АӘК арқылы әскер қатарына 1942 жылғы қазан айында алынып, 953 АП құрамында қатардағы жауынгер ретінде Отан соғысына қатысқан.

Әмбетов Б. неміс басқыншыларына қарсы соғысудан бас тарту мақсатында 1943 жылғы 4 қаңтарда өз қолын өзі атқан. Осы қылмысы үшін 257 АД НКВД-ның, Ерекше Бөлімінің 1943 жылғы 5 қаңтардағы қаулысымен Әмбетов Бейсін ең ауыр қылмыстық жаза — атуға кесілген. Ол сол күні жауынгерлер сапының алдында атылған.

Қазақстан Республикасының ГВП бөлімінің әскери прокуроры Ю. Зазулиннің осы қылмысты іс жөнінде шығарған қорытындысында Әмбетов Бейсінге тағылған жауыздық қылмысы толық түрде анықталмаған, ең жоғары жазаға ол сот органына жатпайтын 257 АД НКВД-ның Ерекше Бөлімінің қаулысымен жазаланған, сондықтан “Әмбетов Б. толық ақталуға жатады” делінген.

Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 14 сәуірдегі Заңының 5 бабы “Г” пунктiмен Әмбетов Б. толық ақталған.

Б

БАЙШОРАЕВА Құлхан Қазалы ауданында 1917 жылы туған, кедей шаруаның қызы, шала сауатты, партияда жок, үй шаруасында, бұрын сотты болмаған, күйеуі Байшораяев Қазы 1938 жылдың 20 ақпанында СССР Жоғарғы сотының әскери коллегиясының көшпелі сессиясы арқылы “халық жауы” ретінде ең жоғары жаза — ату жазасына сотталған, сінділері — Бихан, Дұрдана, Бальнга, Құмбай. Байшораяева Құлхан Қазалы аудандық НКВД бөлімінің 1938 жылғы 9 наурыздағы қаулысымен тұтқынға алынған.

Тергеу барысында оған 2-ақ сурақ қойылған:

Сурақ: Күйеуің Байшораяевтың контрреволюциялық әрекеттері туралы айтыңыз.

Жауап: Күйеуімнің контрреволюциялық әрекеті жөнінде еш нәрсе білмеймін.

Сурақ: Күйеуіңіздің контрреволюциялық әрекеттері жөнінде дұрыс жауап беруіңізді тергеу талап етеді.

Жауап: тағы да қайталаймын, күйеуімнің контрреволюциялық әрекеті жөнінде еш нәрсе білмеймін.

Бұдан артық айтарым жок.

Тергеу ісі 10 сәуірде сонымен біткен, айыптау қорытындысы сол күні шығарылып, оған РСФСР ҚК-ның 17-58-2, 8, 9, 11 тармақтармен айып тағылған, ісі сотқа берілген.

Қазақ ССР НКВД УГВ-ның 4 Бөлімінің 1938 жылғы 23 мамырдағы қорытындысымен Байшораева Күлханды айыптаған тергеу ісі СССР НКВД-ның Ерекше Мәжілісінің қарауына жіберілген.

СССР НКВД-ның жанындағы Ерекше Мәжілісінің 1938 жылғы 21 шілдедегі қаулысымен Байшораева Күлхан “Халық жауының” отбасы мүшесі ретінде 5 жылға еңбек түзету лагеріне сотталған. Байшораева Күлхан 1938 жылдың тамыз айында Ақмола ИТЛ-на айдалған.

Қызылорда облыстық прокуроры орынбасарының 1990 жылғы 30 қазандағы Қорытындысымен Байшораева Күлхан СССР Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1989 жылғы 13 қаңтардағы жарлығының негізінде толық ақталған.

Редакциядан: “Аза” кітабының бірінші томында (67 бет) Байшораева Күлхан қоғамдық еңбекпен айналыспады, арамтамақтыққа салынды деп айып тағылып 5 жылға сотталған делінген.

БАЙШОРАЕВ Қазы Қазалы қаласында 1909 жылы туған, білімі арнаулы орта, орман технигі, БК(б)П мүшелігіне кандидат, Қазалы МТС-ның директоры болып қызмет атқарған, 1937 жылы кеңес үкіметіне қарсы ұлттық, жауыздық ұйымның белсенді мүшесінің бірі болған, осы ұйымның тапсырмасымен ауылшаруашылығында контрреволюциялық жауыздық жұмыстар жүргізген, МТС колхоздар алдындағы міндеттерін үнемі орындамаған, колхоздардың жерін жауыздықпен дұрыс өңдемеген, МТС-тың өндіріс-қаржы жоспарын орындауды қасақана бұзып отырған, тракторлар мен автомашиналарды жауыздықпен дұрыс жөндемеген, жаңа тракторлар мен автомашиналарды істен шығарған, колхоздардың дөңді дақылдары мен күрішін күтіп-баптау мен суаруын бұзған, сойтіп өледі осы дақылдардың өнімділігін кеміткен, соның салдарынан шаруашылықтар мемлекетке астық тапсыру міндеттемелерін орындамағаны үшін айып тағылып, Қазалы аудандық НКВД бөлімінің 1937 жылғы 26 қазандағы қаулысымен тұтқынға алынып, РСФСР ҚК-ның бабының 7, 8, 11 тармақтарымен қылмыстық іс қозғалған. СССР Жоғарғы Соты Әскери Коллегиясының 1938 жылғы 20 ақпандағы үкімімен ең жоғары жаза — ату жазасына сотталған, үкім Шымкент қаласында сол күні орындалған.

СССР Жоғарғы Соты Әскери Коллегиясының 1964 жылғы 30 шілдедегі ұйғаруымен СССР Жоғарғы Соты Әскери Коллегиясының 1938 жылғы 20 ақпандағы Байшораев Қазы жайлы үкімі жаңа ашылған жағдайға байланысты бұзылып, оның ерекетінде қылмыстың белгісі болмағандықтан іс өндірістен қысқартылған. СССР Бас прокуроры орынбасарының қорытындысы қанағаттандырылған.

БАКУШИН Елиферий Фомич родился в 1884 году в гор. Казалинске, русский, малограмотный, беспартийный, до ареста проживал там же, был рыбаком. Он обвиняется в том, что проводил антисоветскую контрреволюционную агитацию и подрывно-вредительскую деятельность, за что арестован и привлечен

к уголовной ответственности. Постановлением Тройки при Особом Совещании УНКВД от 20 октября 1937 года осужден на 10 лет лишения свободы. Он реабилитирован 18 августа 1992 года.

БАЛЫМБЕТОВ Сайман Қазалы ауданының № 8 ауылында 1884 жылы туған, ірі бай, молда болған, мешіт ұстаған, арабша сауаты бар, партияда жоқ, бұрын сотты болмаған, колхоз дүкенінде ет сатушы болып жұмыс істеген, қамауға алынғанға дейін Арал қаласында 4 куст, № 14 үйде тұрған, үйленген, әйелі — Талшын, баласы — Абдулла.

Балымбетов Сайман қуғын-сүргіннен аман қалу мақсатында 1929 жылы Қазалыдағы өзінің шаруашылығын сатып құртып, Арал ауданында тұруға көшіп келген. Ол контрреволюциялық панисламдық ұйымның мүшесі болған, сол ұйымның басшыларының бірі Байгелдінов Хұсайынмен байланыс жасаған. Арал ауданында тұрып, өзінің маңайына контрреволюциялық ұлтшылдық элементтерді ұйымдастырған, кеңес өкіметіне қарсы бағытталған контрреволюциялық жұмыстар жүргізген. Діни салт-дәстүрлерді өткізуді сылтау етіп, колхозшылардың үйлеріне барғанда: “Бізге кеңес үкіметі ешнәрсе берген жоқ және бермейді де, ол шаруаларды, әсіресе қазақ малшыларын аштыққа ұшыратты”, — деген. Сонымен бірге ол малды жаппай сойып құртуға, колхоздан шығуға үгіт жүргізген. Мешіт салуға қаржы жинап жүргенде террорлық жасау мен тұрғындарды қорқытып “Кімде-кім дінді ұстамаса, оған сенбесе, оны кейін халықтың өзі-ақ өлтіреді”, — деген.

Осы қылмысы үшін Балымбетов Сайман Арал аудандық НКВД бөлімінің 1937 жылғы 9 тамыздағы қаулысымен тұтқынға алынып, қылмыстық іс қозғалған. Тергеу ісі аяқталып, айыптау қорытындысы 1937 жылдың 15 қыркүйегінде Ақтөбе қаласында шығарылған. Ақтөбе облыстық НКВД Басқармасының жанындағы үштіктің 1937 жылғы 14 қазандағы қаулысымен Балымбетов Сайман ең жоғары жаза — ату жазасына сотталған, мал-мүлкі төркіленген. Бұл үкім 1937 жылғы 20 қазан күні Ақтөбе қаласында орындалған.

Қызылорда облыстық прокуроры орынбасарының 1989 жылғы 6 шілдедегі қорытындысымен Балымбетов Сайман СССР Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1989 жылғы 16 қаңтардағы жарлығының негізінде толық ақталған.

БАЛҚОЖАЕВ Берліш Қазалы ауданының № 8 ауылда 1897 жылы туған.

БАЛҚОЖАЕВ Қалмахан Қазалы ауданының № 8 ауылында 1898 жылы туған.

Оңтүстік Қазақстан облысы ОГПУ-ның Қазалы аудандық бөлімінің 1933 жылғы 1 мамырдағы қаулысымен тұтқынға алынып, РСФСР ҚК-ның 58 бабының 10 тармағымен қылмыстық іс қозғалған. Осы аудандық бөлімнің 1933 жылғы 29 қыркүйектегі қаулысымен тергеу барысында олардың қылмыстық ерекеттері толық анықталмағандықтан істері өндірістен қысқартылып, екеуі де қамаудан босатылған.

БАХАРЕВ Терентий Дмитриевич родился в 1885 году в гор. Казалинске, русский, малограмотный, беспартийный, до ареста проживал там же, был рыбаком. Он обвиняется в том, что проводил антисоветскую

контрреволюционную агитацию пораженческого характера и подрывно-шпионскую, диверсионную, вредительскую деятельность, за что он арестован и привлечен к уголовной ответственности. Постановлением тройки при УНКВД по Южно-Казахстанской области от 15 октября 1937 года Бахарев Т. Д. осужден к высшей мере наказания — расстрелу. Он реабилитирован 6 июня 1989 года.

БЕГӘЛИЕВ Дінқожа № 1 Майлыбас ауылдық кеңесі, “Қаракүм” (қазіргі Қуандария) жерінде 1871 жылы туған, кейін осы ауданның № 1 ауылдық кеңесі, “Бірлік” колхозында тұрған, әлеуметтік негізі бай болған, сауатсыз, партияда жоқ, колхозшы, бұрын сотталмаған, үйлі-жайлы, әйелі — Жүніс, қыздары — Дуржамал, Құлжамал.

Бегәлиев Дінқожа партия мен Кеңес үкіметінің саясатына қарсы пікірде болып, тұрғындар арасында үнемі кеңес үкіметіне қарсы үгіт таратып, колхозды құлатуға бағытталған жауыздық жұмыстарды үнемі жүргізген, кейбір колхозшылардың санасындағы ескі қалдықтарды пайдаланып, Бегәлиев оларды діни өлетұрыпқа сендіріп, соның негізінде жеңілістік сипаттағы контрреволюциялық үгіттер таратқан.


1938 жылы Бегәлиев колхозшыларды Өзбекстанға көшіруді ұйымдастырғысы келген, бұл үшін діни сенімді пайдаланған. Ол колхозды құлату мақсатында колхоз жұмысына үнемі зиянкестік жасаған, еңбек тәртібін бұзып, өзінің жеке меншігіндегі малдарын күртқан. 1938 жылы ол екі жұмыс түйесін және 19 бас уақ малды сойған, сөйтіп колхоздың экономикасына зиян келтіргені үшін айып тағылып, Бегәлиев Дінқожа Қазалы аудандық НКГБ бөлімінің 1941 жылғы 5 сәуірдегі қаулысымен тұтқынға алынып, РСФСР ҚК-ның 58 бабының 10-1 тармағымен қылмысты іс қозғалған.

Тергеу ісі аяқталып, айыптау қорытындысы 1941 жылдың 31 мамырда шығарылған. Оны облыстық прокурор және Қызылорда облыстық сотының қылмысты істер қарайтын сот коллегиясының дайындау мәжілісі бекіткен.

Қызылорда облыстық сотының қылмысты істер қарайтын сот коллегиясының 1941 жылғы 14 шілдедегі үкімімен Бегәлиев Дінқожа 10 жылға бас бостандық еркінен айыруға, осы жазасын өтегеннен кейін 3 жылға сайлау-сайлану құқын жоюға сотталған.

Қазақ ССР Жоғарғы сотының қылмысты істер қарайтын сот коллегиясының 1941 жылғы 4 тамыздағы ұйғаруымен Қызылорда облсотының үкімін күшінде қалдырып, сотталушының арызын аяқсыз тастаған.

Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Бөлім бастығының 1995 жылғы 11 желтоқсандағы қорытындысымен Бегәлиев Дінқожа Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 14 сәуірдегі Заңының негізінде толық ақталған.



БЕКЕТОВ Қияш Қазалы ауданында 1887 жылы туған, сауатсыз, партияда жоқ, қамауға алынғанға дейін осы ауданда тұрған, жұмысшы болған.

Оған Кеңес үкіметіне қарсы контрреволюциялық, провокаторлық үгіт жүргізгені, патша өкіметі тусындағы халықтың тұрмысын мадақтап, партия мен Кеңес үкіметінің жүргізіп жатқан саяси-экономикалық шараларына қарсы зиянкестік әрекеттер жасағаны үшін айып тағылып, тұтқынға алынып, қылмыстық іс қозғалған. Қызылорда облыстық сотының 1938 жылғы 21 маусымдағы үкімімен Бекетов Қияш 10 жылға бас бостандық еркінен айыруға сотталған. Ол 1990 жылғы 17 тамызда ақталған.

БЕРЕЗИН Юрий Юрьевич родился в 1893 году в дер. Сандрю, (Вентрия), русский, образование начальное, беспартийный, до ареста проживал на ст. Казалинск, работал путевым обходчиком. Он обвиняется в том, что проводил антисоветскую контрреволюционную агитацию и вредительскую деятельность на железнодорожном транспорте, за что арестован и привлечен к уголовной ответственности. Однако при следствии предъявленные обвинения не подтверждены и он из-под стражи освобожден. Он реабилитирован 20 января 1994 года.

БЕЛЕВИЧ Иосиф Павлович родился в 1887 году в селе Войткевичи, Волковыского уезда, Гродненской губернии (Польша), по национальности поляк, гражданин СССР, образование начальное, беспартийный, образование начальное, до ареста проживал на разезде № 85 Сары Чиганак Оренбургской ж/д, работал дорожным мастером. Был судим в 1925 году в Казалинске за недостачу материалов на складе, судом оправдан.

По обвинительному заключению Белевич И. П. являлся участником контрреволюционной польской, националистической организации, именованной “Польская организация Войскова”, завербован в данную организацию активным участником ее, машинистом депо Саксаульская Дембицким В. А. В первой половине 1936 года по день ареста он собрал и передал польской разведке ряд шпионских сведений оборонного и политического характера. По заданию организации “ПОВ” за это же время проводил диверсионную работу по организации крушений поездов. Сознательно в опасных уклонах и кривых местах пути оставлял несменными лопнувшие накладки, недобитые костыли, плохо свернутые стыковые болты, не устранял толчки перекосы. На случай военного времени Польши против СССР вел подготовку и разработал план совершения массовых диверсионных актов, организации крушений поездов, уничтожения железнодорожных мостов и приведения в негодное состояние всего стрелочного хозяйства, за что он постановлением ОДТО ГУГБ НКВД ст. Казалинск от 31 октября 1937 года арестован и привлечен к уголовной ответственности по ст. 58-1 “а”, 8, 9, 11 УК РСФСР.

Постановлением Комиссии НКВД и Прокурора СССР от 16 декабря 1937 года Белевич И. П. осужден к высшей мере наказания — расстрелу. Приговор приведен в исполнение 26 декабря 1937 года. Определением Военного Трибунала Приволжского Военного Округа от 8 апреля 1958 года Постановле-

ние Комиссии НКВД и Прокурора СССР от 16 декабря 1937 года в отношении Белевича Иосифа Павловича отменено и дело о нем производством прекращено за отсутствием состава преступления. Протест Военного Прокурора ПриВО удовлетворен. Белевич И. П. реабилитирован посмертно.

БЕРЕЗОВОЙ Николай Петрович родился в 1915 году в гор. Харбине Сев. Манчжурии, русский, гражда-



нин СССР, окончил Харбинскую школу 2-й ступени, беспартийный, до ареста проживал на ст. Казалинск, работал слесарем вагонного участка ст. Казалинск.

По обвинительному заключению Березовой Н. П. являлся участником шпионско-диверсионной, террористической организации, агентом японской разведки. В 1935 году был завербован японскими разведорганами в качестве секретного сотрудника. Про-

живая на КВЖД вел провокаторскую деятельность, выдавал полиции революционно настроенных советских граждан. В 1935 году переброшен на территорию СССР с заданиями шпионского и диверсионного характера. В том же году по прибытии в СССР установил связь с резидентом японской разведки Мишениным, через которого вошел в состав шпионской, диверсионной группы, существовавшей на ст. Казалинск. С 1935 года по день ареста он собрал и передал японской разведке через ее резидента Мишенина шпионские сведения оборонного значения, проводил диверсионные акты, в буксы вагонов насыпал медные стружки, изготовлял непригодный к употреблению инструмент. На случай войны Японии с Советским Союзом готовил взрыв водоемных сооружений ст. Казалинск, за что он Постановлением ОДТО ГУГБ НКВД ст. Казалинск от 11 октября 1937 года арестован и привлечен к уголовной ответственности по ст. ст. 58-4, 6, 9, 11 УК РСФСР.

Постановлением Особого Совещания при НКВД СССР от 29 декабря 1937 года Березовой Николаю Петровичу осужден на 10 лет в ИТЛ.

Определением Военного Трибунала Приволжского Военного Округа от 27 января 1959 года Постановление Особого Совещания при НКВД СССР от 29 декабря 1937 года в отношении Березового Николая Петровича отменено и дело производством прекращено за отсутствием состава преступления.

Протест Военного Прокурора Приволжского в/о удовлетворен.

Березовой Н. П. полностью реабилитирован.

БИКЕЕВ Платон Федорович родился в 1899 году в селе Языково Петровского района, Куйбышевской области, русский, гражданин СССР, сын крупного кулака, образование низшее, беспартийный, до ареста проживал на ст. Казалинск, по ул. Карла Маркса, 26, работал кочегаром депо Казалинск.

По обвинительному заключению Бикеев П. Ф. с 1936 года являлся участником контрреволюционной, кулацкой, диверсионной, вредительской группы действовавшей на ст. Казалинск, в которую вовлечен руководителем этой группы Волковым. Являлся ее активным участником, систематически по заданиям Волкова проводил контрреволюционную, диверсионную и вредительскую деятельность, направленную против мероприятий партии и правительства и на подрыв жел. дор. транспорта.

Работая кочегаром в депо Казалинск, с диверсионной целью систематически выводил из строя котлы парового отопления и паровозов. С целью вредительства по заданию Волкова систематически сыпал песок и уголь, употребляемый для топки паровых котлов, чем выводил из строя паровые котлы, а также систематически сыпал песок в буксы вагонов и паровозов, чем выводил из строя подвижной состав, паровозы и вагоны. Имея задание от руководителей Волкова, подготовлял поджог механического цеха депо Казалинск. С 1936 года систематически среди рабочих проводил контрреволюционную пропаганду, направленную против мероприятий партии и правительства, за что он Постановлением ОДТО ГУГБ НКВД ст. Казалинск от 5 октября 1937 года арестован и привлечен к уголовной ответственности.

Постановлением тройки при УНКВД по Оренбургской области от 18 декабря 1937 года Бикеев Платон Федорович осужден на 10 лет в концлагерь.

Постановлением Президиума Оренбургского областного суда от 2 ноября 1958 года Постановление тройки при УНКВД по Оренбургской области от 18 декабря 1937 года в отношении Бикеева Платона Федоровича отменено и дело производством прекращено за отсутствием состава преступления.

БИКЕЕВ Федор Алексеевич родился в 1879 году в селе Языково, Барского района, Куйбышевской области, русский, гражданин СССР, из крестьян-кулаков, малограмотный, беспартийный, до ареста проживал на ст. Казалинск по ул. Карла Маркса, 26, работал сторожем топливного склада.

В 1931 году лишался избирательных прав, был раскулачен, имущество конфисковано. Он с 1936 года являлся участником контрреволюционной, кулацкой, диверсионной, вредительской группы, действовавшей на ст. Казалинск, в которую вовлечен руководителем этой группы Волковым. Являлся ее активным участником, систематически проводил среди рабочих контрреволюционную пропаганду, направленную против мероприятий партии и Советской власти и диверсионно-вредительскую работу на ж/д транспорте. В 1936 году по заданию Волкова систематически обрезал у вагонов воздушные рукава автоторможения. В 1936 году с вредительской целью систематически сыпал песок в буксы вагонов и паровозов. В 1936—37 гг. с диверсионной целью не соблюдал правила противопожарной безопасности. В 1937 году совершил диверсионный акт, поджог материального склада и бака с горячим на ст. Казалинск, за что Постановлением ДТО ГУГБ НКВД Оренбургской ж/д от 15 октября 1937 года арестован и привлечен к уголовной ответственности.

Постановлением тройки при УНКВД по Оренбургской области от 18 декабря 1937 года Бикеев Федор Алексеевич осужден на 10 лет лишения свободы в концлагерь.

Постановлением Президиума Оренбургского областного суда от 3 ноября 1958 года Постановление тройки УНКВД Оренбургской области от 18 декабря 1937 года в отношении Бикеева Федора Алексеевича отменено и дело производством прекращено за отсутствием состава преступления.

БОГАТИКОВ Максим Степанович родился в 1895 году в Пензенской области, русский, образование начальное, беспартийный, до ареста проживал в Казанском районе, работал плотником. Он обвиняется в том, что систематически проводил среди населения антисоветскую контрреволюционную, провокаторскую агитацию и подрывно-шпионскую, вредительскую деятельность, за что арестован и привлечен к уголовной ответственности. Постановлением Кызылординского областного суда от 9 августа 1952 года он осужден на 10 лет лишения свободы. Он реабилитирован 24 января 1990 года.

БОЛАТБАЕВ Жармахан Кызылорда ауданының № 5 ауылында 1905 жылы туған, білімі бастауып, 1927 жылдан БК (б)П мүшесі, 1937 жылы осы іске байланысты партия қатарынан шығарылған, қызметкер, қамауға алынғанға дейін Қазалы аудандық халық шаруашылық есебі (нархоз учет) мекемесінде инспектор болып жұмыс істеген, Қазалы қаласы, Карл Либнехт көшесі, № 3 үйде тұрған, бұрын сотты болмаған, үйленген, әйелі — Нағима.

Қамысбаев сәуір айының 9 күні үйінде отырып бір колхоз мүшесіне: «Колхозға мүше болам деп азып, көзің іріндеп келіпті ғой», — деп өзінің колхоз құрылысына қарсы екенін білдіріп, сықақтап күлген. Ол ауыл старшинасы болып еңбеккерлерді қанаған және колхозда еңбек етпей, жеке меншікті жұмыс істеп, колхозшылар арасында ру жігін қоздырған. Колхоз мүшелерінің осы жылғы 18 шілдедегі қаулысымен оны колхоз мүшелігінен шығарған. Қазақтың өдет-ғұрып, салт-санасын жаңғырту мақсатымен өлген әкесіне бір өгіз, бір қой сойып, 10 пұт күріш басып, ел-жұртты шақырып, үш молдаға құран шығартып, ас берген. Қаңтар айының шінде Қамысбаев ағасының бір өгізін «құрбан» айтқа сойып, құдайы жасап, көңіл жетер адамдарымен етін бөліп алған. Әйел теңдігін аяққа басып, өлген інісінің Әйелін өменгерлікке әйелінің үстіне алып, бала тудырып, қос әйел алып келген үшін айып тағылып, Қамысбаев Аққасын Қазалы аудандық НКВД бөлімінің 1937 жылғы 11 желтоқсандағы қаулысымен тұтқынға алынып, РСФСР ҚК-ның 58 бабының 10 тармағының 1 бөлімімен қылмыстық іс қозғалған.

Тергеу ісі аяқталып, айыптау қорытындысы шығарылған, оны облыстық прокурор 1938 жылғы ақпан айының 11 күні, Қызылорда облыстық сотының арнаулы коллегиясының дайындық мәжілісі 1938 жылғы 25 сәуірдегі қаулысымен бекіткен.

Қызылорда облыстық сотының арнаулы коллегиясының 1938 жылғы 31 мамырдағы үкімімен Қамысбаев Аққасын 10 жылға бас бостандық еркінен айыруға, жазасын өтегеннен кейін 5 жылға сайлау-сайлану құқын жоюға сотталған.

Қазақ ССР Жоғарғы Сотының қылмысты істер қарайтын сот коллегиясының 1938 жылғы 23 тамыздағы ұйғаруымен аталған үкім күшінде қалдырылған.

Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының бөлім бастығының 1998 жылғы 17 сәуірдегі қорытындысымен Қамысбаев Аққасын Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 14 сәуірдегі Заңының негізінде толық ақталған.

ҚАРАМАНОВ Ахмет Қазалы ауданында 1904 жылы туған, білімі арнаулы орта, партияда жоқ, қамауға алынғанға дейін Қазалы қаласында тұрған, аудандық су шаруашылығында аға техник болып жұмыс істеген. Оған кеңес үкіметіне қарсы контрреволюциялық жеңіліс сипаттағы провокаторлық үгіт жүргізіп, ауылшаруашылық саласында өртүрлі зиянкестік әрекеттер жасағаны үшін айып тағылып, 1941 жылғы 10 қыркүйектегі үкімімен 8 жылға бас бостандық еркінен айыруға сотталған. Ол 1989 жылғы 30 маусымда ақталған.

ҚОЖАНБЕРДИЕВ Әлмағамбет Қазалы ауданының № 8 ауылында 1908 жылы туған, кейін Ұзынқайыр аралында тұрған, шала сауатты, партияда жоқ, Ұзынқайыр балық зауытында жұмысшы болып жұмыс істеген. 1932 жылы қоғам мүлкін ішіп-жесіп қойғаны үшін 10 жылға сотталған. 1936 жылы босанып шыққан, 1941 жылы бұзықтық жасағаны үшін 3 жылға сотталып, одан мерзімінен бұрын босанып шыққан. 1938 жылы РСФСР ҚК-тың 74 бабының 2 тармағымен бір жарым жылға сотталған. 1942 жылғы мамыр айының 10 күні Ұзынқайыр балық зауыты-

ның жұмысшылары арасында кеңес өкіметіне, партияға, оның көсемдеріне қарсы контрреволюциялық үгіт айтқан, дауыстап фашистік сипаттағы ұрандар тастаған. «Кеңес үкіметі соғыста жеңіледі»,— деп айқай салған. «Коммунистерді, зауыттың парторгын, техникалық директорын өлтірем»,— деп қорқытқан. Арал аудандық НКВД бөлімінің 1942 жылғы мамыр айының 11 күнгі қаулысымен тұтқынға алынып, РСФСР ҚК-ның 58 бабының 10 тармағының 2 бөлімімен және 58 бабының 8-19 тармағымен қылмыстық іс қозғалған. Орта Азия Әскери Округының Қызылорда гарнизоны Әскери Трибуналының 1942 жылғы тамыз айының 9 күнгі үкімімен ең жоғары жаза — ату жазасына сотталған.

СССР Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1989 жылғы қаңтар айының 16 жұлдызындағы жарлығына сәйкес Қожанбердиев Әлмағамбет 1992 жылғы 10 маусымда толық ақталған.

ҚОЖАМБЕРДИЕВ Қызылорда ауданының № 1 ауылында 1893 жылы туған, білімі бастауш, партияда жоқ, қамауға алынғанға дейін Қазалы ауданының № 4 ауылында тұрған, колхоз төрағасы болып жұмыс істеген. Оған кеңес үкіметіне қарсы контрреволюциялық, ұлтшылдық ұйымның мүшесі болған, сол ұйымның тапсырмасымен колхозшылар арасында кеңес үкіметіне қарсы провокаторлық үгіт жүргізіп, оларды колхоздан шығып, басқа жаққа көшуге шақырған, колхоз мүлкін талан-таражға салып, өртүрлі зиянкістік әрекеттер жасағаны үшін айып тағылып, тұтқынға алынып, қылмыстық іс қозғалған. ОГПУ өкілетті өкілдігі жанындағы үштіктің 1933 жылғы 9 мамырдағы қаулысымен 10 жылға бас бостандық еркінен айыруға сотталған. Ол 1989 жылғы 24 тамызда ақталған.

ҚОЖАНАЗАРОВ (Қожаниязов) Сатыбалды Қазалы ауданының № 3 «Қарашенгөл» ауылдық кеңесі, «Ақарық» колхозында 1898 жылы туған, әкесі бай, бимолда болған, ауруларды құран ашып емдеген, Сатыбалды Төшкент қаласында САКУ-дың 3 класын бітірген және бір жарым ай кондуктор бригадасы нарядчигінің оқушысы болған. 1925 жылдан БК(б)П мүшесі, 1931 жылы контрреволюциялық ұлтшылдық ұйымның мүшесі болғандықтан партия қатарынан шығарылған. 1930 жылғы 15 мамырда Төшкент қаласында контрреволюциялық ұлтшылдық «Тюрк-Берлиги» ұйымына қатысқаны үшін ОГПУ өкілетті өкілдігі жанындағы үштіктің қаулысымен тұтқынға алынып, бір жылдай қамауда отырып, босанып шыққан, 1932 жылы колхоздың тұқымын ұрлағаны үшін милиция арқылы тұтқынға алынып, 2 айдай қамауда отырып, босанып шыққан. Үйленген, әйелі — Дарбике, қызы — Зайприда.

Қожаназаров (Қожаниязов) Сатыбалды 1930 жылы Төшкент қаласында Орта Азия Ком. вуз-да оқуда жүріп, контрреволюциялық ұлтшылдық «Тюрк-Берлиги» ұйымына мүше болып кірген. Бұл ұйым алдына кеңес өкіметін құлатып, Түркияның қол астында Түрік тектес халықтарды біріктіріп, буржуазиялық өкімет құруды мақсат етіп қойған. Қожаназаров осы ұйымның басқа мүшелерімен бірге ОГПУ арқылы тұтқынға алынып, сотталған. Жаза мерзімін толық өтеп шыққаннан кейін ол Қазалы ауданына қайтып келіп, өзінің контрреволюциялық әрекетін

жүргізе бастаған, Троцкийді мақтап Орталық партия комитетінің саясатын келемеждеп беделін түсірген. 1937 жылғы 30 қаңтарда және 1 ақпанда кеңес өкіметі 1937 жылғы мамыр айына дейін Троцкийдің қолдауымен Жапония мен Германия арқылы құлатылады»— деп лақап таратқан. «Троцкийді жақтаушы деп мені транспорттан жұмыстан босатты»— деген сөздер айтқан. Мамыр айында Қожаназаров колхоз жиналысында БК(б)П Орталық Комитетіне қарсы контрреволюциялық сөздер айтқан: «1932 жылғы Қазақстандағы аштық Өлкелік партия комитетінің бұрынғы басшыларының кінәсінен болған жоқ, қайта БК(б)П Орталық Комитетінің дұрыс саясат жүргізуінен болып отыр»,— деген.

Осы қылмысы үшін Қожаназаров Сатыбалды Қазалы аудандық НКВД бөлімінің 1937 жылғы 25 тамыздағы қаулысымен тұтқынға алынып, қылмыстық іс қозғалған.

Оңтүстік Қазақстан Облыстық НКВД Басқармасы жанындағы үштіктің 1937 жылғы 19 қарашадағы қаулысымен Қожаназаров Сатыбалды 10 жылға концлагерьге сотталған.

Қазақ ССР прокуроры көмекшісінің 1939 жылғы 9 сәуірдегі қорытындысымен үштіктің қаулысымен келісіп, сотталушы Қожаназаровтың шағым арызын аяқсыз тастаған.

Қожаназаров Сатыбалды сотталғаннан кейін СССР НКВД-ның Волгалагына (Рыбинск ауданы) айдалған, Рыбинск Гидроузлына Волжск ИТЛ-на 1938 жылғы 25 ақпанда келген.

Қызылорда облпрокуроры орынбасарының 1989 жылғы 22 мамырдағы қорытындысымен Қожаназаров Сатыбалды СССР Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1989 жылғы 16 қаңтардағы жарлығының негізінде толық ақталған.

ҚОЖАНОВ Дайрабай Қазалы ауданында 1891 жылы туған, білімі бастауыш, партияда жоқ, қамауға алынғанға дейін осы ауданның Байқожа стансасында тұрған, темір жол бойында жүк түсіруші болып жұмыс істеген.

Оған контрреволюциялық, ұлтшылдық ұйымның мүшесі, кеңес үкіметіне қарсы провокаторлық үгіт жүргізген, темір жол бойында өртүрлі зиянкістік әрекеттер жасағаны үшін айып тағылып, тұтқынға алынып, қылмыстық іс қозғалған. НКВД Басқармасы жанындағы үштіктің 1939 жылғы 26 қаңтардағы қаулысымен ең жоғары жаза — ату жазасына сотталған. Ол 1996 жылғы 15 сәуірде ақталған.

ҚОЖАХМЕТОВ Ақсай Қазалы ауданының № 25 ауылында 1888 жылы туған, негізі кедей шаруа, шала сауатты, партияда жоқ, балық аулаумен айналысқан, үйленген, қарамағында 4 жаны бар, бұрын сотты болмаған, қамауға алынғанға дейін «Қара терең» аралында тұрған.

Қожахметов Ақсай 1930 жылдың қыркүйек айында Қазалы ауданының Арал теңізі маңында қарақшыларды талқандағаннан кейін ауыл азаматтарын әскер қатарына жібермеу жөнінде тұрғындар арасында үгіт жүргізген. Осы мәселе жөнінде Қожахметов қыркүйек айының бас кезінде «Қара терең» колхозы мүшелерінің жалпы жиналысында: «Қалаға жақын тұратын жұртшылық Кеңес өкіметіне қарсы шыққан, әскер қатарына шақырылғандарды олар бере

берсін, біз одан кейін береміз, өйткені ханнан қорқымыз керек, ол кейін бізден кек алуы мүмкін», — деп ашықтан-ашық шығып сөйлеген. Осы жиналысқа екі қарақшылар Тілеубаев Қали мен Башай (фамилиясы жок) қатысқан. Олардың келгендегі мақсаты қарақшыларға адам тарту, ол туралы Қожахметов білген, бірақ Қызыл әскер отрядтарына хабарламаған. Ол Кеңес үкіметі жүргізіп жатқан шараларға қарсы ашықтан-ашық контрреволюциялық үгіт жүргізгені үшін айып тағылып, Қожахметов Ақсай ОГПУ Басқармасының Арал теңізі бөлімшесінің 1930 жылғы 25 қыркүйектегі қаулысымен тұтқынға алынып, РСФСР ҚК-ның 58 бабының 10 тармағымен қылмыстық іс қозғалған.

Тергеу ісі 27 қазанда аяқталып, айыптау қорытындысы шығарылған, оны ОГПУ-дың Шымкент оперсекторының бастығы бекіткен.

Қазақстандағы ОГПУ өкілетті өкілдігі жанындағы үштіктің 1930 жылғы 19 қарашадағы қаулысымен Қожахметов Ақсай 5 жылға концлагерьге сотталған. Қызылорда облыстық прокуроры орынбасарының 1989 жылғы 4 тамыздағы қорытындысымен Қожахметов Ақсай СССР Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1989 жылғы 16 қаңтардағы жарлығының негізінде толық ақталған.

ҚОЙШЫБАЕВ Жанділда Қазалы ауданының № 16 Көларық ауылдық кеңесі, Ақирек деген жерінде 1900 жылы туған, байдың баласы, шала сауатты, партияды жок. 1933 жылы жәрдемге берілген азық-түлікті ішіп-жеп қойғаны үшін 2 жылға сотталған, жанадан ұйымдасқан Киров атындағы колхоздың төрағасы, кейін осы колхозда колхозшы болған, үйленген, әйелі — Күләнкер.

Қойшыбаев Жанділда Кеңес өкіметіне қарсы ұлтшылдық ұйымға 1936 жылдың желтоқсан айында осы ұйымның белсенді мүшесі, № 7 ауылдық кеңестің бұрынғы төрағасы Сағындықов Балкей арқылы тартылған. Ол кеңес үкіметіне қарсы бүліншілік, зиянкестік жұмыстарға белсенді түрде қатысқан. Қойшыбаев халық жауы болып сотталған Сағындықовпен хат арқылы байланыс жасап, оған материалдық көмек көрсетіп, жалған докумен-тер жасап берген. Сондай-ақ Сағындықовтың тапсырмасымен Киров атындағы колхоздың экономикасын әлсірету мақсатында бүліншілік-зиянкестік жұмыстар жүргізген, сөйтіп колхозда 60-тай малын азайтып жіберген. Одан басқа ол зиянкестікпен 28 бас құлындайтын биені ауыр жұмыстарға пайдаланып, соның салдарынан 5 бие іші тастап кеткен, астық бастырып жатқан комбайнерлердің жұмысын өдейі тоқтатқан және Киров атындағы колхоздың колхозшыларының арасында іріткі салып еңбек тәртібін бұзған. 1937 жылы Құдайбергеновтың, Сағындықовтың, Демесовтың қолдауымен Қойшыбаев Жанділда Киров атындағы колхоздың төрағасы болып қызмет істеген және солардың қолдауымен оқуға жіберілген, оқудан қайтып келгеннен кейін ол колхозшылардың қарсылығына қарамастан Киров атындағы колхоздың қайтадан төрағасы болып тағайындалған.

Осы қылмысы үшін Қойшыбаев Жанділда Қазалы аудандық НКВД бөлімінің 1938 жылғы 15 қазандағы қаулысымен тұтқынға алынып, РСФСР ҚК-ның 58 бабының 7, 10, 11 тармақтарымен қылмыстық іс қозғалған.

Тергеу ісі 1938 жылдың 26 қарашасында аяқталып, айыптау қорытындысы сол жылғы 10 желтоқсанда шығарылған. Айыптау қорытындысы облпрокурордың орынбасарының сол жылғы 13 желтоқсандағы қорытындысымен және облыстық соттың дайындау межілісінің 15 желтоқсандағы қаулысымен бекітілген.

Қызылорда облыстық сотының көшпелі сессиясының 1938 жылғы 21 желтоқсандағы үкімімен Қойшыбаев Жанділда ҚК-ның 58 10-1 бөлімімен 7 жылға бас бостандық еркінен айыруға, ҚК-тың 58-7, 11 бабымен үкіметтің 1937 жылғы 2 қазандағы қаулысына сүйеніп 13 жылға бас бостандық еркінен айыруға, осы заңның 49 бабының төртінші лайық жазасы 13 жыл деп есептеп 5 жылға сайлау-сайлану құқын жоюға, сотталған, өзіне тиісті бір сиыр және бір жылқысын тәркілеген.


Қазақ ССР Жоғарғы Сотының қылмысты істер қарайтын сот коллегиясының 1956 жылғы 21 желтоқсандағы ұйғаруымен Қызылорда облыстық сотының 1938 жылғы 21 желтоқсандағы Қойшыбаев Жанділда жөніндегі үкімі бұзылып, оған тағылған айыптың анықталмағаны үшін іс өндірістен қысқартылған. Қазақ ССР прокуратурасының бөлім бастығының 1995 жылғы 7 желтоқсандағы Қорытындысымен Қойшыбаев Жанділда Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 14 сәуірдегі Заңының негізінде толық ақталған.

ҚОНЫСОВ Әбубөкір Қазалы ауданының № 22 ауылында 1886 жылы туған, сауатсыз, партияды жок, қамауға алынғанға дейін осы ауылда тұрған, егінші болған. Оған Кеңес үкіметіне қарсы контрреволюциялық, провокаторлық үгіт жүргізіп, партия мен үкіметтің ауыл шаруашылығында жүргізіп жатқан шараларының жүзеге асырылуына кедергілер мен зиянкестік әрекеттер жасағаны үшін айып тағылып, тұтқынға алынып, қылмыстық іс қозғалған. ОГПУ өкілетті өкілдігі жанындағы үштіктің 1932 жылғы 27 наурыздағы қаулысымен 5 жылға бас бостандық еркінен айыруға сотталған. 1989 жылғы 16 қазанда ақталған.

ҚОНЫСОВ Сары Қазалы ауданында 1881 жылы туған, сауатсыз, партияды жок, қамауға алынғанға дейін осы ауданда тұрған, малшы болған. Оған Кеңес үкіметіне қарсы контрреволюциялық үгіт жүргізіп, патша үкіметі тұсындағы тұрмысты мадақтап, колхоз құрылысына қарсы зиянкестік әрекеттер жасағаны үшін айып тағылып, ОГПУ өкілетті өкілдігі жанындағы үштіктің 1932 жылғы 21 қазандағы қаулысымен тұтқынға алынып, қылмыстық іс қозғалған.

Тергеу барысында оған тағылған айып жеткіліксіз болғандықтан қамаудан босатылған. Ол 1989 жылғы 8 қыркүйекте ақталған.

ҚОҢЫРБАЕВ Бердібек Қазалы ауданының № 1 ауылы, Майлыбас стансасында 1920 жылы туған, білімі 6 класс, партияды жок, байланыс дистанциясында жұмысшы болып істеген, 1941 жылы әскер



қатарына алынған, бұрын сотталмаған, үйленбеген, інілері — Қоңырбаев Мұсабек, Төребек, қарындасы — Жансая.

Қоңырбаев Бердібек Киквидзе атындағы 16 атқыштар дивизиясы, 244 атқыштар полкінің құрамында қатардағы жауынгер ретінде Отан соғысына қатысып, 1941 жылдың 3 тамызында Таллин қаласының маңындағы бір селоларда болған ұрыста кеңес әскерінің антын бұзып, қолындағы мылтығымен, ешқандай қарсылық көрсетпей немістердің тұтқынына берілген. Әскери тұтқындардың № 333 «Бинаминовка» лагерінде (Польша) тұтқында жүріп ол 1942 жылдың қараша айында немістердің «Түркістан ұлттық легионына» өз еркімен кірген. 1943 жылдың шілде айында ол «Бинаминовка» лагерінен Краков қаласына жіберіліп, ол жерде неміс легионері формасында киім киіп, фашистік Германияға адал қызмет ететін деп ант алған және 1944 жылдың сәуір айына дейін қатардағы неміс әскері ретінде қызмет жасап, әскери іске жаттыққан.

1944 жылдың сәуір айында легионер ретінде Долле қаласына Францияға жіберілген. Ол жерде неміс винтовкасымен қаруланып, неміс әскерлерімен бірге 1944 жылдың тамыз айына дейін неміс қорғаныс шебін құрған және Долле қаласының территориясында қолына қару алып үнемі күзетшілікте тұрған. 1944 жылдың тамыз айында легионерлер ротасының құрамында неміс жаяу әскерлер бөлімшесімен бірге Бессенжон қаласына (Франция) жіберілген. Ол жерде бірнеше күннен кейін сол бөлімшенің құрамында Француз партизандарына қарсы Бессенжон-Мильгаузен қалаларының арасындағы тас жол учаскелерінде тұрған жазалау экспедициясына кірген. Сол жерде жүріп, ол француз партизандарына қарсы бірнеше соғыстарға қатысқан. Мюнгаузенде жүріп Қоңырбаев екі ай бойы немістердің рота командирінің деншігі болып қызмет атқарған, содан кейін немістердің аудармашылар мектебіне алынып, онда неміс тілін және әскери істі үйренген. Ол мектеп кейін Фельдштетин қаласына көшірілген, мектептен бірге Қоңырбаев та келген. 1945 жылдың сәуір айында осы қаланы қорғауда ол американдық әскерлерінің қолына түсіп, ең алдымен Манхайм лагеріне, одан кейін Формс лагеріне жіберілген. Формс лагерінде жүріп, Қоңырбаев 1945 жылдың сәуір айының аяғында американдық армиясының штабына шақырылып, онда ол кеңес одағына қайтпау мәселесі жөнінде тергеуге алынған, бұл тергеуді жарияламау туралы одан тілхат алған.

1945 жылдың маусым айында Ковель қаласындағы лагерде өкімет тексеруінен өткен кезде Қоңырбаев немістерге сатылған өрекеттерін жасырып, репатриант болып өзінің туған жері Майлыбас стансасына қайтып келген.

Осы қылмыстары үшін Қоңырбаев Бердібек Қазалы стансасы МГБ Күзет бөлімінің тергеу тобының 1948 жылғы 23 наурыздағы қаулысымен тұтқынға алынып, РСФСР ҚК-ның 58 бабының 1 «б» тармағымен қылмыстық іс қозғалған.

Тергеу ісі аяқталып, айыптау қорытындысы 1948 жылдың 12 шілдесінде шығарылған.

Оңтүстік Орал Әскери Округінің Әскери Трибуналының 1948 жылғы 21 шілдедегі үкімімен Қоңырба-

ев Бердібек 25 жылға еңбек түзету лагеріне, 5 жылға саяси құқын жоюға сотталған, кейін жазасы 10 жылға түсірілген.

Қоңырбаев Бердібек Красноярск өлкесі, Норильск қаласындағы еңбек түзету лагеріне айдалған.

СССР Жоғарғы Сотының 1955 жылғы 27 қазандағы қаулысымен Қоңырбаев Бердібек СССР Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1955 жылғы 17 қыркүйектегі жарлығының негізінде қамаудан босатылып, сотталған айыбы алынып тасталған.

Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Бөлім бастығының 1997 жылғы 21 ақпандағы қорытындысымен Қоңырбаев Бердібек Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 14 сәуірдегі жарлығының негізінде толық ақталған.

ҚОҢЫРБАЕВ Сахи Қазалы ауданының № 9 ауылдық кеңесі, Жданов атындағы колхозда 1910 жылы туған, негізі кедей шаруа, білімі бастауыш, партияда жок, колхозда өндіріс бригадирі болып жұмыс істеген, бұрын сотталмаған, үйленген, өйелі — Тұрсын, баласы — Сахив Ержан, қарындасы — Қоңырбаева Балау.

Қоңырбаев Сахи Қазалы АӘК арқылы 1942 жылдың маусым айында әскерге алынып, Чкалов облысының Топк стансасында әскери жаттығуда болып, сол жылғы тамыз айында майданға аттанған. 1942 жылдың тамыз айынан 1943 жылдың 16 қазанына дейін Волхов бағытындағы майданда 22 бригада, 163 АП құрамында қатардағы жауынгер ретінде соғысқа қатысқан. 1943 жылдың 16 қазанында ұрыс даласында немістердің тұтқынына түскен. Тұтқында жүріп 1944 жылдың қыркүйек айында Польшаның Томашево қаласында кеңес армиясы мен партизандар қозғалысына қарсы соғысу үшін неміс командованиясы арқылы құрылған «Түркістан легионына» өз еркімен кірген. Бұл легионда 1 батальонның 3 взводына легионер болып «фашистік Германияға адал қызмет ететін», — деп ант алған. Осы батальонның құрамында 1944 жылдың қыркүйек, желтоқсан айларында Польша территориясында немістердің қорғаныс бекіністерін салуға белсене қатысқан. 1945 жылдың қаңтар айынан мамыр айына дейін жоғарыда көрсетілген батальонның құрамында фашистік Германияның территориясында қорғаныс бекіністерін салуға белсене қатысқан.

Сонымен қатар 1944 жылы немістердің барлау органына құпия түрде қызмет жасауға өз еркімен кіріп, оның тапсырмасымен бір жыл көлемінде бақылау-барлау жұмысымен айналысқан, неміс басқыншыларына қарсы пиғылда болған екі легионерлі тауып, немістерге тапсырған. Фашистік Германияға адал қызмет жасағаны үшін неміс командованиясы арқылы «Көк лента» медалімен марапатталған. 1945 жылдың мамыр айында неміс армиясының талқандалған кезінде кеңес армиясы арқылы босанып, фильтрациялық лагерьге жіберілген, онда ол өзінің сатқындық өрекетін жасырған. 1945 жылдың қыркүйек айында Украин ССР-ы Сталино қаласындағы «Сталинжилстрой» өндірісіне өзінің жазасын өтеуге жіберілген, онда ол 1946 жылдың 25 маусымына дейін жұмыс істеп, Қызылорда облысына қашып келген. Осы қылмыстары үшін Қоңырбаев Сахи Қызылорда облыстық МГБ Басқармасының 1947 жылғы 28 маусымдағы қаулысымен тұтқынға алынып, РСФСР

ҚК-ның 58 бабының 1 «б» тармағымен және СССР Жоғарғы Кеңес Президиумының 1941 жылғы 26 желтоқсандағы жарлығымен қылмыстық іс қозғалған. Тергеу ісі аяқталып, айыптау қорытындысы 1947 жылдың 18 тамызында шығарылған.

Түркістан Әскери Округінің Әскери Трибуналының 1947 жылғы 22 желтоқсандағы үкімімен Қоңырбаев Сахи 25 жылға еңбек түзету лагеріне, 5 жылға саяси құқын жоюға сотталған.

СССР Жоғарғы сотының Әскери Коллегиясының 1948 жылғы 3 наурыздағы ұйғаруымен ТуркВО Әскери Трибуналының Қоңырбаев Сахи жөніндегі үкімі күшінде қалдырылып, сотталушының шағым арызы қанағаттандырылмаған.

Қоңырбаев Сахи Кемеров облысы, Маршинск қаласындағы лагерге айдалған.

Қызылорда облыстық МВД Басқармасының аға тергеушісінің 1955 жылғы 31 тамыздағы қорытындысы бойынша ТуркВО Әскери Трибуналының Қоңырбаев Сахи жөніндегі үкімін 25 жылдан нақты отырған күніне қысқартып, қамаудан босатуды сұраған.

Контрреволюциялық қылмысы үшін сотталғандардың ісін қайта қарау жөніндегі Қызылорда облыстық комиссияның 1955 жылғы 5 қазандағы қаулысы бойынша Қоңырбаев Сахидің жаза мерзімін 10 жылға түсірген.

ТуркВО Әскери прокуроры көмекшісінің 1955 жылғы 3 қарашадағы қаулысымен Қоңырбаев Сахиды айыптаған ісі және оның шағым арызы бақылау өндірісінен тоқтатылған.

Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Бөлім бастығының 1996 жылғы 15 сәуірдегі қорытындысымен Қоңырбаев Сахи Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 14 сәуірдегі Заңының негізінде толық ақталған.

ҚОСЫМОВ Жалғасбай Қазалы ауданының № 3 ауылында 1890 жылы туған, шала сауатты, партияда жоқ, қамауға алынғанға дейін осы ауылда тұрған. Оған кеңес үкіметіне қарсы жат пікірде болып, партия мен кеңес үкіметі жүргізіп жатқан шараларды бұзуға бағытталған контрреволюциялық әрекеттер жасаған және провокаторлық үгіт жүргізгені үшін айып тағылып, тұтқынға алынып, қылмыстық іс қозғалған. РСФСР Жоғарғы Сотының 1931 жылғы 12 қазандағы үкімімен 10 жылға бас бостандық еркінен айыруға сотталған. Ол 1997 жылғы 10 наурызда ақталған.

ҚАСЫМОВ Меңдіғара Қазалы ауданының № 24 ауылында 1870 жылы туған, бай болған, сауатсыз, партияда жоқ, колхозшы, үйлі — жайлы, дауыс беру құқынан айрылған.

Қасымов Меңдіғара әлеуметтік жағдайы бай ретінде кеңес үкіметіне қарсы жат пікірде болып, кейінгі екі жылдың ішінде партия мен кеңес үкіметі жүргізіп жатқан барлық шараларды бұзуға бағытталған контрреволюциялық жұмыстар жүргізген. 1930 жылы Қазалы ауданындағы қарулы көтерілісті ұйымдастырушылардың бірі болған, көтеріліс үшін үгіт жүргізген және өзі қолына қару алып, Комотрядтарға қарсы ұрысқа қатысқан. 1931 жылы колхоздың астығын жашпай ұрлау үшін үгіт жүргізіп, өзі де үнемі астық ұрлаумен айналысқан. 1930 жыл-

дың қыркүйек айының басында № 24 ауылдағы «Саға» деген жерде Бекетов Қияштың үйінде Қасымов Меңдіғара байлардың мәжілісіне қатысқан, онда қарақшылар ұйымдастыру туралы және қолға қару алып, Кеңес үкіметіне қарсы шығу мәселесі талқыланған, ол үшін осы мәжілісте мынадай шешім қабылданған: «үкіметке астық бермеу, ауданнан келетін өкілдерді сабап жіберу және қарақшылар ұйымдастыру, қарақшыларға қосылғысы келмейтіндерге күш қолдану». Осы мәжілісте Қасымов Меңдіғара шығып сөйлеп былай деген: «Мен ауыр адаммын, адамдарды ұрысқа айдап салу қолымнан келмейді, бірақ мен шаруашылықты басқарамын және барлық ақсақалдарға қарақшылар ұйымдастыру жұмысын жүргізулеріне бұйрық беремін», бұл жұмысты олар орындаған, Қасымов қарақшыларды ұйымдастырушы ретінде Комотрядтарға қарсы барлық ұрыстарға қатысқан.

1931 жылғы қыркүйек айында № 24 ауылда «Күтебақи» деген жердегі колхоз қырманьында колхозшылар арасында астық ұрлау туралы үгіт жүргізіп былай деген: «Астықты тығып қойып, үндемеу керек, барлығымызды сотқа бере берсін, аштан өлмеуіміз керек, бәрібір сендерге өкімет астық бермейді». Осы үгіттен кейін колхозшылар жашпай астық ұрлауға шыққан, оның ішінде Қасымовтың өзі де 10 пұт астық ұрлаған, бұл астық оның үйін тінтігенде шыққан.

Осы қылмысы үшін Қасымов Меңдіғара ОГПУ-дың Қазалы аудандық бөлімінің 1931 жылғы 4 желтоқсандағы қаулысымен тұтқынға алынып, РСФСР ҚК-ның 58 бабының 2, 10 тармақтарымен қылмыстық іс қозғалған.

Тергеу ісі аяқталып, айыптау қорытындысы 1932 жылдың 11 қаңтарында шығарылған.

Қазақстандағы ОГПУ өкілетті өкілдігі жанындағы үштіктің 1932 жылғы 4 наурыздағы қаулысымен Қасымов 5 жылға Қазақстандағы тысқары жерге жер аударуға, мал-мүлкін тәркілеуге сотталған.

Қызылорда облыстық прокурордың орынбасарының 1989 жылғы 16 қазандағы қорытындысымен Қасымов Меңдіғара СССР Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1989 жылғы 16 қаңтардағы жарлығының негізінде толық ақталған.

ҚУДАЙБЕРГЕНОВ Патса Түркістан ауданы, Жалғызғаш ауылында 1902 жылы туған, Шаян ауданындағы байдың баласы, білімі жоғары, Комвузды бітірген, 1924 жылдан БК(б)ІІ мүшесі, КП(б)К Қазалы аудандық комитетінің хатшысы болып қызмет атқарған, КП(б)К Оңтүстік Қазақстан облыстық комитеті бюросының 1937 жылғы 26 қыркүйектегі қаулысымен ол халық жауы ретінде жұмыстан және партиядан шығарылған. Оған мынандай айып тағылған: ол 1924 жылдан контрреволюциялық-буржуазиялық, ұлтшылдық топқа қосылып кеңес үкіметіне қарсы белсенді жұмыс жүргізген, 1936 жылдан бастап контрреволюциялық-буржуазиялық-ұлтшылдық, террорлық-диверсиялық-жауыздық ұйымының мүшесі болған. Олардың алға қойған мақсаты — Қазақстанды қарумен СССР-дан бөліп алып, Жапонияның қол астында Қазақ буржуазиялық мемлекет құру

болған. Қазалы аудандық партия комитетінің хатшысы болып тұрып, ауданда контрреволюциялық жауыздық топ құрып және оны басқарып, ауыл шаруашылығында кеңес үкіметінің жүргізіп жатқан шараларына қарсы шығып, медицина, халық ағарту салаларында жауыздық жұмыстар жүргізген деп Оңтүстік Қазақстан облыстық НКВД Басқармасы ІV бөлімінің 1937 жылғы 28 қыркүйектегі қаулысымен тұтқынға алынып, РСФСР ҚК-ның 58 бабының 7, 8, 11 тармақтарымен қылмыстық іс қозғалған. СССР Жоғарғы Соты Коллегиясының 1938 жылғы 20 ақпандағы үкімімен Құдайбергенов Патса ең жоғары жаза — ату жазасына сотталған, үкім сол күні орындалған.

СССР Жоғарғы Соты Әскери Коллегиясының 1957 жылғы 18 шілдедегі ұйғаруымен СССР Жоғарғы Соты Әскери Коллегиясының 1938 жылғы 20 ақпандағы үкімі жаңа ашылған жағдайларға байланысты бұзылып, оның әрекетінде қылмыс белгісі болмағандықтан қысқартылған. Облпрокурордың 1997 жылғы 13 мамырдағы қорытындысымен ол толық ақталған.

ҚҰЛБАЕВА-РҮСТЕМОВА Күлсім Махатқызы Петропавл облысы, Көкшетау қаласында 1915 жылы туған, кедей шаруаның отбасынан шыққан, білімі 6 класс, партияда жоқ, үй шаруасында, бұрын сотты болмаған, күйеуі Рүстемов Құндықбай 1938 жылдың 20 ақпанында СССР Жоғарғы Сотының Әскери Коллегиясының көшпелі сессиясы арқылы «халық жауы» ретінде 10 жылға құлып астына сотталған, баласы Рүстемов Ким, қызы Рүстемова Клара, сіңілісі Құлбаева Ира, Қазалы қаласы, Қазалы көшесі № 4 үйде тұрған.

Құлбаева-Рүстемова Күлсім Махатқызы Қазалы аудандық НКВД бөлімінің 1938 жылғы 10 наурыздағы қаулысымен тұтқынға алынған, тергеу барысында оған бар болғаны 3-ақ сұрақ қойылған, барлығына теріс жауап берілген, тергеу ісі 20 мамырда аяқталып, сол күні айыптау қорытындысы шығарылған. Оған тағылған айып бойынша — ол күйеуінің кеңес үкіметіне қарсы контрреволюциялық-ұлтшылдық әрекеттерін біле тұра тергеу органынан жасырғаны үшін РСФСР ҚК-ның 17-58 бабының 2, 8, 9, 11 тармақтарымен қылмысқа тартылған.

Қазақ ССР НКВД УГБ Бөлімінің 2 бөлімшесінің 1938 жылғы 10 маусымдағы қорытындысымен Құлбаева-Рүстемованың тергеу ісі СССР НКВД-ның Ерекше Мәжілісінің қарауына жіберілген.

СССР НКВД-ның жаңындағы Ерекше Мәжілісінің 1938 жылғы 21 шілдедегі қаулысымен Құлбаева-Рүстемова Күлсім Махатқызы өлеуметтік қауіпті элемент ретінде 2 жылға тұрған жерінде көз бақылауына берілген.

Қызылорда облыстық прокуроры орынбасарының 1990 жылғы 30 қазандағы қорытындысымен Құлбаева-Рүстемова Күлсім Махатқызы СССР Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1989 жылғы 16 қаңтардағы жарлығының негізінде толық ақталған.

ҚҰЛБАЕВА Фазилиа Махатқызы бұрынғы Көкшетау уезі, Бостандық болысының № 4 ауылында 1904 жылы туған, сауатты, БК(б)П мүшесі, осы іске байланысты партия қатарынан шығарылған, бұрын сотты болмаған, қамауға алынғанға дейін Қазалы аудандық партия комитетінің үшінші хатшысы болып қызмет атқарған, Қазалы қаласы, Свердлов көшесі,

№ 4 үйде тұрған, үйленген, күйеуі Типий Бүтембаев — аудандық қаржы бөлімінде инспектор болып жұмыс істеген, балалары — Сәбит, Карл, қызы — Вера.

Құлбаева Фазилиа Махатқызы Кеңес үкіметіне қарсы контрреволюциялық ұлтшылдық-диверсиялық ұйымның белсенді мүшесі болған. Бұл ұйымға ол Қазалы аудандық партия комитетінің бұрынғы хатшысы Құдайбергенов Патса арқылы 1937 жылдың басында тартылған. 1937 жылы Құлбаева орыс коммунистерімен күрес мәселесі бойынша партия мен үкіметке қарсы екі жиында қатысқан. Сол жылы ол қазақ жастары мен коммунистерді түрлі үгіт арқылы дайындап, олардың сана-сезіміне ұлтшылдық идеяны енгізген. 1937 жылы Құлбаева Кеңес сайлауы алдындағы бір учаскеде сайлау комиссияның құрамына өкіметке қарсы, бұрын сотталған адамдарды енгізіп, соның салдарынан учаске бойынша сайлау алдындағы науқан бұзылған. Құлбаева ауданда контрреволюциялық, зиянкестік, бүлдірушілік жұмыстар жүргізгені үшін айып тағылып, Құлбаева Фазилиа Махатқызы Қазалы аудандық НКВД бөлімінің 1937 жылғы 26 қазандағы қаулысымен тұтқынға алынып, РСФСР ҚК-ның 17-58 бабының 8, 10, 11 тармақтарымен қылмыстық іс қозғалған. Тергеу ісі сол жылғы 6 желтоқсанда аяқталып, айыптау қорытындысы сол күні шығарылған. Оны Оңтүстік Қазақстан облыстық прокуроры 8 желтоқсанда бекіткен.

СССР Жоғарғы Сотының Әскери Коллегиясының 1938 жылғы 21 ақпандағы үкімімен Құлбаева Фазилиа 10 жылға бас бостандық еркінен айыруға, жазасын өтегеннен кейін 5 жылға саяси құқын жоюға, өзіне тиісті мүліктерін тәркілеуге сотталған.

Қазақ ССР прокуроры орынбасарының СССР Бас прокурорының атына 1990 жылғы 1 тамызда жолдан ұсынысы бойынша СССР Жоғарғы сотының Пленумына СССР Жоғарғы сотының Әскери Коллегиясының 1938 жылғы 21 ақпандағы Құлбаева Фазилиа жайлы үкімін бұзуға, оның әрекетінде қылмыс құрамы болмағандықтан істі қысқартуға наразылық енгізуді сұраған.

СССР прокуратурасының Басқарма прокурорының 1991 жылғы 19 желтоқсандағы қорытындысымен Құлбаева Фазилиа СССР Президентінің 1990 жылғы 13 тамыздағы жарлығының негізінде толық ақталған.

ҚҰМАЕВ Данияр Қазалы ауданының № 4 ауылында 1907 жылы туған, білімі бастауып, партияда жоқ, қамауға алынғанға дейін осы ауданның «Бостандық» колхозында тұрған, колхозшы. Оған кеңес үкіметіне қарсы контрреволюциялық, провокаторлық, ұлтшылдық үгіт жүргізген, партия мен үкіметтің шараларына, колхоз құрылысына қарсы әртүрлі зиянкестік әрекеттер жасаған деп айып тағылып, тұтқынға алынып, қылмыстық іс қозғалған. Оңтүстік Қазақстан облыстық НКВД Басқармасы жаңындағы үштіктің 1937 жылғы 1 қарашадағы қаулысымен 10 жылға бас бостандық еркінен айыруға сотталған. Ол 1989 жылғы 4 тамызда ақталған.

ҚҰРМАНБАЕВ Жұбатқан Қазалы ауданының № 18 ауылында 1891 жылы туған, орта шаруа отбасынан шыққан, шала сауатты, партияда жоқ, 1941 жылы Қазалы халық соты арқылы РСФСР ҚК-ның 109

бабымен 9 айға еріксіз жұмысқа сотталған. Қазалы астық дайындау мекемесінде қойма меңгерушісі болып жұмыс істеген, Жаңа Қазалы поселкесінде тұрған, үйленген, әйелі — Шекер, қыздары — Бибісара, Бибізада, Шолпан, ұлдары — Аралбай, Оралбай, қамауға алынғанға дейін Молотов атындағы колхозда тұрған, колхозда есепші болып жұмыс істеген.

Құрманбаев Жұбатқан Кеңес үкіметіне қарсы жат пиялда болып, Отан соғысы кезінде жұртшылық арасында контрреволюциялық жөнілістік үгіт жүргізген, СССР-да капитализмді қайта орнату туралы әңгімелер айтқан, Кеңес үкіметі мен партияның саясатына, кеңес баспасөзіне және Совинформбюроның хабарларын теріске шығарып, жала жапқан.

Құрманбаев Қазалы қаласында тұрғанда саудамен айналысқан, 1923 жылдан 1929 жылға дейін өзінің жеке галантереялық дүкені болған, саудагер болғаны үшін сайлау және сайлану құқы жоғайлған. Молотов атындағы колхозда есептеуші болып жұмыс істеп тұрғанда өз жұмысына салқын, немқұрайды қараған. Құрманбаев соғыс жылдары фашистік Германияны, Гитлер армиясын, оның соғыс техникасын мақтаған, «Фашистік Германия Кеңес Одағын осы соғыста сөзсіз жеңеді», — деп сөзгеуілдік сөздер айтқан. Коммунистік партияның басшылық ролін кемітіп, оның беделін түсіргені үшін айып тағылып, Құрманбаев Жұбатқан Қазалы аудандық НКГБ бөлімінің 1944 жылғы 25 желтоқсандағы қаулысымен тұтқынға алынып, РСФСР ҚК-ның 58 бабының 10 тармағы 2 бөлімімен қылмыстық іс қозғалған.

Тергеу ісі 1945 жылғы 5 наурызда аяқталып, айыптау қорытындысы 6 наурызда шығарылған, оны Қызылорда облыстық НКГБ Басқармасының бастығы 7 наурызда, облпрокурордың көмекшісі 21 наурызда, Қызылорда облыстық сотының қылмысты істер қарайтын сот коллегиясының дайындық мәжілісінің 27 наурыздағы ұйғаруымен бекіткен.

Қызылорда облыстық сотының қылмысты істер қарайтын сот коллегиясының 1945 жылғы 8 мамырдағы үкімімен айыпкер Құрманбаев Жұбатқан 10 жылға бас бостандық еркінен айыруға, жазасын толық өтегеннен кейін 5 жылға сайлау-сайлану құқын жоюға, жеке мүліктерін төркілеуге сотталған.

Қазақ ССР Жоғарғы сотының қылмыстық істер қарайтын сот коллегиясының 1945 жылғы 20 шілдедегі ұйғаруымен Қызылорда облсотының 1945 жылғы 8 мамырдағы Құрманбаев Жұбатқан жайлы үкімі күшінде қалдырылған, оның шағым арызы аяқсыз тасталған.

Қазақ ССР Прокуратурасы прокурорының 1945 жылғы 19 желтоқсандағы қаулысымен сотталушы Ж. Құрманбаевтың арызында көрсетілген жағдайлардың негізсіздігі үшін сот шешіміне шағымы қабылданбай тасталған.

Қазақ ССР Жоғарғы сотының Президиумының 1989 жылғы 3 наурыздағы қаулысымен Қызылорда облыстық сотының 1945 жылғы 8 мамырдағы үкімі, Қазақ ССР Жоғарғы сотының қылмыстық істер қарайтын коллегиясының 1945 жылғы 20 шілдедегі Құрманбаев Жұбатқан жөніндегі ұйғаруы бұзылып, қылмысты істі оның өрекетінде қылмыс құрамы жок болғандықтан өндірістен қысқартқан.

Қазақ ССР прокурорының наразылығы қанағаттандырылған. Құрманбаев Жұбатқан соттың шешімі бойынша толық ақталған.

ҚҰРМАНОВ Сәдуақас Қазалы ауданының № 15 ауылында 1873 жылы туған, кейін Қазалы қаласы, Калинин көшесі, 53 үйде тұрған, бай болған, мал-мүлкі төркіленген, сауатты, партияда жоқ, 1932 жылы мемлекеттік салықты төлемегені үшін 5 жылға сотталған, 1937 жылы үнемі саудагерлік жасағаны үшін 5 жылға сотталған, үйленген, әйелі — Ханым, баласы — Малғеждар, қызы — Камал.

Құрманов Сәдуақас 1938 жылдың 13 мамырында Семей түрмесінен этаппен Қазалыға айдалып келіп, Қазалы аудандық милициясының КПЗ-да отырып, тұтқындар арасында кеңес үкіметіне қарсы бағытталған контрреволюциялық үгіт жүргізген. Онда былай деген: «Кеңес үкіметінің өмір сүруіне екі-ақ жыл қалды, одан кейін ол құлауға тиіс, өйткені қазіргі уақытта кеңес үкіметі өзінің адамдарының жартысын атып тастады, ал Қазақстанда бірінғай көрістер ғана қалды, қазақтардың барлығын атып тастады». Одан кейін тағы былай деді: «Бұл жерде отырғандар ҚК-ның 58 бабымен қылмысқа тартылса, онда оған өмір жок, ол атылды деп санай беріндер, өйткені мен Семей түрмесінде 32 адамның ҚК-ның 58 бабымен сотталғандардың атылғанын көрдім, ал олардың кимдерін түрмеде отырған, алаяқ-ұрлықшыларға үлестіріп берген. Сендерге түрмеден қашу керек, одан басқа амал жоқ, бәрібір 58 баппен қылмысқа тартылсаңдар, сендерге өмір жок». Тағы бірде ол былай деген: «Кеңес үкіметі ұзақ өмір сүре алмайды, оны құлатады, өйткені ол барлық жағынан капиталистік елдердің қоршауында тұр».

Тергеу барысында Құрманов Сәдуақас өзін «айыптымын», — деп мойындамаған, бірақ оның кеңес үкіметіне қарсы өрекеті қуәлардың жауабымен толық анықталған. Оған РСФСР ҚК-ның 58 бабының 10 тармағымен айып тағылып, ісін Қызылорда облыстық сотының арнайы коллегиясының қарауына жіберілген. Айыптау қорытындысын облыстық прокурордың міндетін атқарушының 1938 жылғы 4 тамыздағы қорытындысымен және Қызылорда облыстық соттың арнаулы коллегиясының дайындау мәжілісінің ұйғаруымен бекітілген.

Қызылорда облыстық сотының арнаулы коллегиясының 1938 жылғы 13 қыркүйектегі үкімімен Құрманов Сәдуақас 10 жылға бас бостандық еркінен айыруға, жазасын өтеп болғаннан кейін 5 жылға сайлау-сайлану құқын жоюға сотталған.

Қазақ ССР Жоғарғы сотының қылмысты істер қарайтын сот коллегиясының 1938 жылғы 19 желтоқсандағы ұйғаруымен Қызылорда облсотының үкімі күшінде қалдырылған, сотталушының арызы қанағаттандырылмаған.

Құрманов Сәдуақас НКВД-ның Краслагында 1939 жылдың 14 мамырында өкпе туберкулезі ауруынан қайтыс болған.

Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Бөлім бастығының 1995 жылғы 11 желтоқсандағы қорытындысымен Құрманов Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 14 сәуірдегі Заңының негізінде толық ақталған.

ҚҰСПАНБЕТОВ (ҚҰСМАНБЕТОВ) Ақнияз Қазалы қаласында 1899 жылы туған, шала сауатты, партияда жоқ, вагон учаскесінде слесарь болып жұмыс істеген. 1929 жылға дейін Қазалы қаласында мал алып, ет саатмен айналысқан, сол жылы бай-құлақ, саудагер ретінде мал-мүлік төркіленіп, азаматтық құқынан айырылған, 1936 жылы контрреволюциялық-диверсиялық, жауыздық бай-құлақтардың тобына еніп, оның тапсырмасымен темір жол транспорттыңда бірнеше диверсиялық-жауыздық әрекеттер жасаған. Қазалы стансасында темір жол стрелкасына бетен заттар қойып, маневр жасап жатқанда авария жасайды, қазақ жұмысшылары арасында СССР ұлт саясатына, кеңес үкіметі мен партияның барлық шараларына, Сталиндік Конституцияға қара жағып, үдіт жүргізгені үшін айып тағылып, Қазалы стансасы ОГТО ГУГБ НКВД-ның 1938 жылғы 22 қаңтардағы қаулысымен тұтқынға алынып, қылмыстық іс қозғалған. Оңтүстік Қазақстан облыстық НКВД Басқармасы жанындағы үштіктің 1938 жылғы 14 ақпандағы қаулысымен ең жоғары жаза — ату жазасына сотталған.

Қызылорда облпрокуроры орынбасарының 1989 жылғы 7 тамыздағы қорытындысымен СССР Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1989 жылғы 16 қаңтардағы жарлығына сәйкес Құспанбетов (Құсманбетов) Ақнияз толық ақталған.

ҚҰТТЫМҰРАТОВ Бақи Қазалы ауданының № 14 ауылында 1897 жылы туған, партияда жоқ, жұмыс істемеген, бай баласы. 1930 жылғы қыркүйек айында «Асан» руының қарақшылар қозғалысының ұйымдастырушылық ролін атқарған және қолына қару алып ком. отрядтарына қарсы күрескен. 1930 жылғы 4 қыркүйекте: «Кімде-кім мемлекетке астық тапсырғысы келмесе большевиктерге қарсы көтеріліске шықсын», — деп ту ұстатып, кедейлерді ұрысқа айдаған. 1932 жылғы көктемгі егіс кезінде бригадир болып жұмыс істеп жүріп, 70 пұт колхоздың салысын ұрлаған. 1932 жылы шілде айының басында колхоздың 2 түйесін Арал ауданына сатып жіберген. Сол жылғы 20 шілдеде «Октябрь» колхозының колхозшылары арасында Қарақалпақстанға көшуге үгіт жүргізгені үшін айып тағылып, Қазалы аудандық НКВД бөлімінің 1932 жылғы 8 қыркүйектегі қаулысымен тұтқынға алынып, РСФСР ҚК-ның 58 бабының 7 тармағымен қылмыстық іс қозғалған. Қазақстандағы ОГПУ өкілетті өкілдігі жанындағы үштіктің 1932 жылғы 19 қазандағы қаулысымен ең жоғары жаза — ату жазасына сотталған. Осы үштіктің 1932 жылғы 29 қазандағы қаулысымен Б. Құттымұратовтың ісі соттың қарауына берілген. Одан кейін не болғаны белгісіз, іс қағаздары істе жоқ. Қызылорда облыстық прокурордың 1997 жылғы 19 мамырдағы қаулысымен Б. Құттымұратов Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 14 сәуірдегі Заңының негізінде толық ақталған.

Л

ЛАВРИНОВ Иван Лукьянович родился в 1896 году в селе Борское, того же района, Куйбышевской обла-

сти, русский, гражданин СССР, образование среднетехническое, беспартийный, до ареста проживал на ст. Казалинск, работал диспетчером 6-отделения службы движения станции Казалинск.

По обвинительному заключению Лавринов И. Л. являлся участником контрреволюционной, троцкистско-бухаринской, террористической организации и проводил активную вредительскую, диверсионную деятельность. В эту организацию он завербован в 1935 году одним из активных участников Хватковым. Лавринов работал диспетчером 6-го отделения службы движения, по заданию организации провел ряд вредительских и диверсионных актов. В январе 1936 года через начальника станции Джусалы произвел диверсии с пассажирскими поездами № 74 и № 7, в апреле месяце 1937 года дал распоряжение дежурному ст. Кемесалган о приеме двух поездов, при наличии одного свободного пути. Знал о подготовке террористических актов над руководителями партии и правительства. Систематически срывал, утвержденный наркомом, график движения поездов, чем дезорганизовал движение и создавал пробки на дороге, за что он постановлением ДТО ГУГБ НКВД ст. Казалинск был арестован и привлечен к уголовной ответственности по ст. 58-8, 9, 11 УК РСФСР.

Приговором Военной Коллегии Верховного Суда СССР от 9 февраля 1938 года Лавринов Иван Лукьянович осужден к высшей мере наказания — расстрелу. Приговор приведен в исполнение 9 февраля 1938 года в гор. Оренбурге.

Определением Военной Коллегии Верховного Суда СССР от 15 августа 1957 года Приговором Военной Коллегии Верховного Суда СССР от 9 февраля 1938 года в отношении Лавринова Ивана Лукьяновича по вновь открывшимся обстоятельствам отменен и дело производством прекращено за отсутствием состава преступления. Лавринов полностью реабилитирован. **ЛАВРИНОВА** Анисья Федотовна родилась в 1900 году в Куйбышевской области, русская, образование начальное, беспартийная, до ареста проживала на ст. Казалинск, была домохозяйкой. Она обвиняется в том, что была женой «врага народа», активно вела антисоветскую контрреволюционную агитацию и подрывно-вредительскую деятельность, за что арестована и привлечена к уголовной ответственности. Приговором Особого Совещания при НКВД от 4 июня 1938 года осуждена на 8 лет лишения свободы. Она реабилитирована 4 сентября 1989 года.

ЛАНГАЕВ Макар Андреевич родился в 1895 году в селе Александровка, русский, образование начальное, беспартийный, до ареста проживал на станции Камышлы Баш. Казалинского района, работал стрелочником ж/д. Он обвиняется в том, что проводил антисоветскую контрреволюционную агитацию и подрывно-вредительскую деятельность на железной дороге, за что арестован и привлечен к уголовной ответственности. Приговором Линейного Суда Оренбургской ж/д от 22 апреля 1935 года осужден на 3 года лишения свободы. Он реабилитирован 3 сентября 1992 года.

ЛАПШИН Алексей Львович родился в 1906 году в гор. Новосибирске, русский, гражданин СССР, образование среднее, беспартийный, до ареста прожи-

вал на ст. Казалинск, работал товарным кассиром ст. Казалинск.

По обвинительному заключению Лапшин А. Л. являлся участником шпионско-диверсионной, террористической организации, агентом японской разведки. Находясь на территории Манчжурии, в 1932 году был завербован надзирателем японо-манчжурской полиции Стимко в качестве секретного сотрудника, по заданию которого в период 1932-34 годов занимался выявлением революционно настроенных граждан и передавал их в руки разведывательных органов.

В 1935 году японо-манчжурскими разведорганами был переброшен в СССР с заданиями шпионско-диверсионного характера. Работал на ст. Казалинск, установил связь с резидентом японской разведки Провацким, через которого вошел в контрреволюционную диверсионную организацию, по заданию которого проводил вредительскую работу по срыву плана погрузки важнейших государственных грузов. Также занимался сбором шпионских сведений о погрузке и проследовании воинских грузов в расположении воинских частей. Все сведения передавал Провацкому, за что он постановлением ОДТО ГУГБ НКВД ст. Казалинск от 11 октября 1937 года арестован и привлечен к уголовной ответственности по ст. ст. 58-4, 6, 9, 11 УК РСФСР.

Постановлением Комиссии НКВД и Прокурора СССР от 20 декабря 1937 года Лапшин Алексей Львович осужден к высшей мере наказания — расстрелу. Определением Военного Трибунала Приволжского Военного Округа от 3 июля 1958 года Постановления Комиссии НКВД и прокурора СССР от 20 декабря 1937 года в отношении Лапшина А. Л. отменено и дело о нем производством прекращено в силу п. 5 ст. 4 УК РСФСР за отсутствием состава преступления.

ЛАСТОЧКИНА Александра Федоровна родилась в 1915 году в гор. Ржеве, Калининской области, русская, образование среднее, беспартийная, до ареста проживала в гор. Казалинске, временно не работала. Она обвиняется в том, что была участницей контрреволюционной, троцкистско-зиновьевской террористической организацией, активно проводила антисоветскую, провокационную агитацию пораженческого характера и шпионско-вредительскую деятельность, за что арестована и привлечена к уголовной ответственности. Приговором Кызылординского областного суда от 22 ноября 1943 года осуждена на 10 лет лишения свободы. Она реабилитирована 3 марта 1989 года.

ЛЕПЕСОВ Өтебай немесе ол Шалмағамбет Қазалы ауданының № 1 Майлыбас ауылдық кеңесі, «Комсомол» колхозында 1869 жылы туған, кейін Қазалы стансасында тұрған, әлеуметтік негізі молда-ишан, бай болған, партияда жоқ, жұмыс істемеген, үйлі-жайлы, өйелі — Сырға, баласы — Өтебаев Омар. Лепесов Өтебай кеңес өкіметіне қарсы ұлтшылдық ұйымға 1937 жылдың маусым айында «Комсомол» колхозының бұрынғы төрағасы Орынбаев Жылқыайдар арқылы кірген. Ол осы ұйымға қатысушылардың кеңес үкіметіне қарсы ұлтшылдық әрекеттеріне белсенді түрде қатысқан. Лепесов Өте-

бай Орынбаевтан алған контрреволюциялық дұшпандық тапсырманы орындау үшін колхозшылар арасында діни әдет-ғұрыпты пайдаланған. 1937 жылдың желтоқсан айында Лепесов «Комсомол» колхозындағы жұмысты бұзу мақсатында жұмыс уақытында 40 шақты колхозшыларды намазға шақырып алып, тұқым тазалау жұмысын бұзған. Қантар айында ол колхозда жасырын діни әдет-ғұрып өткізіп, оған колхозшыларды шақырып, олардан 400 сом ақша жинап алған, оның 150 сомын колхозшыларға таратып берген, ондағы мақсаты олардың діни сенімін арттыру, колхозшыларды қоғамдық еңбекке қатыстырмау және колхоздарда мемлекеттік жоспарлардың орындалуын бұзу. Кеңес үкіметіне, партияға қарсы контрреволюциялық үгіт жүргізген, партия мен үкіметтің ауылдарда жүргізіп жатқан шараларын бұзуға дінді пайдаланғаны үшін айып тағылып, Лепесов Өтебай (Шалмағамбет) — Қазалы аудандық НКВД бөлімінің 1938 жылғы 17 сәуірдегі қаулысымен тұтқынға алынып, РСФСР ҚК-ның 58 бабының 2, 7, 10, 11 тармақтарымен қылмыстық іс қозғалған.

Тергеу ісі 1938 жылдың 20 маусымында аяқталып, айыптау қорытындысы 1938 жылдың 21 маусымында шығарылған. Облыстық прокурор айыптау қорытындысын сол жылғы 3 тамызда бекіткен, істі Қызылорда облыстық соттың арнаулы коллегиясының қарауына жіберген.

Қызылорда облыстық сотының арнаулы коллегиясының 1938 жылғы 9 қыркүйектегі үкімімен Лепесов Өтебай 15 жылға бас бостандық еркінен айыруға, 5 жылға сайлау-сайлану құқын жоюға, өзіне тиісті мал-мүлкін тәркілеуге сотталған.

Қазақ ССР Жоғарғы Сотының қылмысты істер қарайтын сот коллегиясының 1939 жылғы 20 қазандағы ұйғаруымен Қызылорда облыстық сотының арнаулы коллегиясының 1938 жылғы 9 қыркүйектегі Лепесов жөніндегі үкімі бұзылған. Істен Лепесовты ҚК-ның 58 бабының 2, 11 тармақтарымен айыптан айыбы алынып тасталған, бұл жөніндегі іс ҚК-ның 204 бабының «б» тармағына жатқызылып, өндірістен қысқартылған. Лепесовты ҚК-ның 58 бабының 10 тармағымен айыптаған іс алдын-ала тергеу арқылы қайта қарауға жіберілген.

Қайта тергеу ісі 1940 жылдың 12 шілдесінде аяқталып, айыптау қорытындысы сол жылғы 22 шілдеде шығарылған. Облпрокурор айыптау қорытындысын сол жылғы 27 шілдеде бекітіп, істі Қызылорда облыстық соттың қылмысты істер қарайтын сот коллегиясының қарауына жіберген.

Қызылорда облыстық сотының қылмысты істер қарайтын сот коллегиясының 1940 жылғы 31 тамыздағы үкімімен айыпкер Лепесов Өтебай (Шалмағамбет) істеген қылмысына сөйкес ҚК-ның 58-10-1 бабы бойынша 10 жылға бас бостандық еркінен айыруға, бұл жазасын өтегеннен кейін 2 жылға сайлау-сайлану құқын жоюға сотталған.

Қазақ ССР Жоғарғы Сотының қылмысты істер қарайтын сот коллегиясының 1940 жылғы 19 қыркүйектегі ұйғаруымен Қызылорда облыстық сотының үкімі күшінде қалдырылған, сотталушының шағым-арызы аяқсыз тасталған.


Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Бөлім бастығының 1996 жылғы 25 наурыздағы

корытындысымен Лепесов Өтебай (Шалмағамбет) Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 14 сәуірінде Заңның негізінде толық ақталған.

ЛЕТТИЦКИЙ Станислав Викентьевич родился в 1878 году в хуторе Губарево бывшей Ковенской губернии, Польша, до ареста он проживал на ст. Кубек, Оренбургской ж/д, работал дорожным мастером 12-й дистанции службы пути 1-го околотка, образование среднее, беспартийный, Постановлением 6-го отделения ДТО ГУГБ УНКВД г. Оренбурга от 3 августа 1937 года арестован и возбуждено уголовное дело по ст. 58-6, 11 УК, решением Комиссии НКВД и Прокурора СССР от 16 декабря 1937 года осужден к высшей мере наказания — расстрелу. Определением Военного Трибунала Белорусского Военного Округа от 1 октября 1957 года решение Комиссии НКВД и Прокурора СССР от 16 декабря 1937 года в отношении Леттицкого С. В. отменено и дело его прекращено за отсутствием состава преступления. Протест. Зам. Генерального прокурора СССР на решение комиссии — удовлетворен. Он реабилитирован в 1957 году. **ЛИ САН-САН** родился в 1899 году в гор. Ван-Чин (Китай) кореец, гражданин СССР, образование начальное, беспартийный, до ареста проживал в Ново-Казалинске, работал парикмахером. Он обвиняется в том, что был агентом разведорганов Японии, проводил подрывно-шпионскую, диверсионную деятельность и антисоветскую, провокаторскую агитацию среди корейского населения, за что арестован и привлечен к уголовной ответственности. Приговором Особого Совещания при НКВД от 5 сентября 1938 года осужден к высшей мере наказания — расстрелу. Он реабилитирован 30 июня 1989 года.

ЛИТВИНЕНКО Василий Никифорович родился в 1906 году в Полтавской области, украинец, образование среднее, беспартийный, до ареста проживал в гор. Казалинске, работал бухгалтером райпотребсоюза. Он обвиняется в том, что являлся членом контрреволюционной, троцкистско-зиновьевской террористической организации, активно проводил антисоветскую, провокаторскую агитацию пораженческого характера и подрывно-шпионскую диверсионную деятельность, как бухгалтер запутал отчетность и растранижил общественную собственность, за что арестован и привлечен к уголовной ответственности. Приговором Кызылординского областного суда от 18 сентября 1942 года осужден к высшей мере наказания — расстрелу. Он реабилитирован 28 марта 1990 года.

ЛИЧМАНОВА Анна Ивановна родилась в 1904 году в гор. Оренбурге, русская, образование 5 классов, беспартийная, домохозяйка, проживала в гор. Казалинске, жена врага народа Личманова Степана Васильевича, осужденного Военной Коллегией Верх-



Приговором военной коллегии Верховного Суда СССР от 9 февраля 1938 года Эрнст П. А. осужден к высшей мере наказания — расстрелу. Приговор приведен в исполнение 9 февраля 1938 года в гор. Оренбурге.

Определением военной коллегии Верховного Суда СССР от 15 августа 1957 года приговор военной коллегии Верховного Суда СССР от 9 февраля 1938 года в отношении Эрнста Павла Александровича отме-

нен и дело производством прекращено на основании ст. 4 п. 5 УПК РСФСР за отсутствием состава преступления.

Эрнст П. Д. реабилитирован посмертно.

Ы

ЫБЫРАЙМОВ Әліш Қазалы ауданының № 14 ауылы, «Жаңатұрмыс» колхозында 1892 жылы туған, колхозшы, бай баласы, өзі де бай болған, партияда жоқ, шала сауатты, 1930 жылы Қарақұмдағы Асан көтерілісіне белсене қатысқан. Ол кеңес үкіметіне қарсы бағытта болып, колхозшылар арасында колхозды қулату, колхоздан шығып, басқа жаққа көшіп кету бағытында жауыздық жұмыстармен қатар үгіт жүргізген, соның салдарынан 11 шаруашылық 1938 жылдың егін жоспары орындалмай қалған, ол кеңес үкіметіне қарсы ұлтшылдық-террорлық, көтерілісшілер ұйымының мүшесі болған, деп айып тағылып, Қазалы аудандық НКВД бөлімінің 1938 жылғы 21 сәуірдегі қаулысымен тұтқынға алынып, РСФСР ҚК-ның 58 бабының 2, 7, 10 11 тармақтарымен қылмыстық іс қозғалған.

Қызылорда облыстық соты арнаулы коллегиясының 1938 жылы 13 қыркүйектегі үкімімен айыпкер Ыбырайымов Әліш 25 жылға бас бостандығы еркінен айыруға, жазасын өтегеннен кейін саяси құқын 5 жылға жоюға, өзіне тиісті мал-мүлкін төркілеуге сотталған.

Қазақ ССР Жоғарғы сотының қылмысты істер қарайтын сот коллегиясының 1957 жылғы 26 тамыздағы ұйғаруымен Қызылорда облыстық сотының үкімі бұзылып, Ыбырайымов Әліш жөнінде оның әрекетінде қылмыс белгісі болмағандықтан ісі мүлдем қысқартылған.

Қызылорда облыстық прокурордың 1997 жылғы 29 мамырдағы қорытындысымен Ыбырайымов Әліш СССР Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1989 жылғы 16 қаңтардағы жарлығы негізінде толық ақталған.

Я

ЯМЫШЕВ Владимир Федотович родился в 1897 году в гор. Астрахань, русский, образование высшее, беспартийный, до ареста проживал на станциях Казалинск, работал экономистом. Он обвиняется в том, что являлся участником контрреволюционной, троцкистско-бухаринской, террористической организации, по заданию которого активно проводил антисоветскую, провокационную агитацию пораженческого характера и шпионско-диверсионную, подрывно-вредительскую деятельность, за что арестован и привлечен к уголовной ответственности. Приговором линейного суда Оренбургской ж/д от 4 сентяб-

ря 1941 года осужден на 10 лет лишения свободы. Он реабилитирован 7 декабря 1989 года.

Топтама.

НҰРЫМБЕТОВ Қалша Қазалы ауданында 1899 жылы туған, сауатты, үйленген, партияда жоқ, бұрын сотталмаған, тұтқынға алынғанға дейін колхоз төрағасы болып жұмыс атқарған.

ҚАРЫНБАЕВ Исатай Қазалы ауданында 1917 жылы туған, сауатты, үйленген, партияда жоқ, бұрын сотталмаған, тұтқынға алынғанға дейін колхозда есепші болып жұмыс атқарған.

БЕКЕНОВ Жаназар Қазалы ауданында 1891 жылы туған, сауатты, үйленген, партияда жоқ, бұрын саяси белгімен сотталған, тұтқынға алынғанға дейін колхоздың қойма меңгерушісі болып жұмыс атқарған.

Олар ұрыс даласында өзара бірігіп, халықтың арасында кеңес мемлекетін жамандап, Германия мемлекетін мақтаған, колхоздың азығын (бидайын) талан-тараж еткен, өзінің сыбайластарына таратып беріп, көп шығын жасағандары үшін тұтқынға алынып, РСФСР ҚК-нің 58—10 бабы 2 тармағында көрсетілген қылмыстық айып тағылған.

1942 жылғы 21 тамызында Қызылорда облыстық соты қылмыстық істі қарап, Нұрымбетовті 10 жылға бас бостандық еркінен айыруға, Қарынбаев пен Бекеновті ең жоғары жаза — ату жазасына соттаған.

1942 жылғы 14 қыркүйекте Қазақ ССР-нің Жоғарғы Сотының ұйғаруымен 1932 жылғы 7 тамыздағы өкіметі Жарлығының негізінде облыстық соттың ату жазасы туралы үкімін бұзып, Қарынбаев пен Бекеновті 10 жылға бас бостандығы еркінен айыру жазасымен шектелген.

Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 14 сәуір «Жаппай саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау туралы» Заңының негізінде Нұрымбетов, Қарынбаев

және Бекеновтер өз пікірлерін іс жүзіне асырмағандығы ескеріліп, 1999 жылғы 22 қарашада толық ақталған.

ТЛЕУҚАБЫЛОВ Байзақ Қазалы ауданының № 10 ауылында 1920 жылы туған, қазақ, шала сауатты, автокөлік жүргізушісі болып жұмыс істеген.

КӨШІМБЕТОВ Нажмадин Қазалы ауданының № 10 ауылында 1905 жылы туған, шала сауатты, партияда жоқ, бұрын Қазалы ауданының соты РСФСР ҚК-нің 111 бабымен 1 жылға еңбек түзету жұмысына соттаған.

Тлеуқабылов пен Көшімбетов 1942 жылы ұрыс майданындағы шайқастар кезінде немістердің тұтқынына түскен. Осы жерде «Түркістан легионына» өз еркімен кіріп, фашистік Германияға адал қызмет етуге ант берген.

Тлеуқабылов неміс әскерлерімен бірге Брянск қаласының маңында Кеңес әскеріне қарсы шайқасқа қатысқан. 1944 жылы қыс айларында Батыс майданына жіберіліп, неміс әскерлерінің қатарында 1942—1944 жылдар аралығында болған.

Ал, Көшімбетов неміс әскерлерінде 1942 жылдың басынан 1945 жылдың сәуір айына дейін болған.

Осы қылмыстары үшін 1947 жылғы 20 қазанында тұтқынға алынып, ТуркВО-ның әскери Трибуналы 1948 жылы 17 ақпанда РСФСР ҚК-нің 58—1 бабы «б» тармағымен айыпталған қылмыстық істі қарап, Тлеуқабылов пен Көшімбетовтің әрқайсысын 25 жылға бас бостандығы еркінен айыруға соттаған.

1997 жылғы 24 қарашада Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 14 сәуірдегі «Жаппай саяси қуғын-сүргінде құрбандарын ақтау туралы» Заңына сәйкес Тлеуқабылов, Көшімбетов ақталған.

Себебі, қайта тексеру кезінде олар неміс әскерлерінің құрамында қызыл әскерлерге қарсы соғыспағандығы, тек қана немістердің жұмысшы батальонында жұмыс істегендері анықталған. Олардың сауатсыздығын пайдаланып, тергеу дұрыс жүргізілмеген, куәлардың жауаптары жалған жазылған.

ҚАРМАҚШЫ АУДАНЫ

А

АЗАМАТОВ Сәдуақас — Қармақшы ауданының № 19 ауылында 1886 жылы туған, сауатсыз, партияда жоқ, қамауға алынғанға дейін осы ауданда тұрған, темір жолдың семафор қарауылы болып жұмыс істеген.

Оған «кеңес үкіметіне қарсы үгіт жүргізді, зиянкестік әрекеттер жасады», — деп айып тағылып, Қазақстандағы ОГПУ-дың өкілетті өкілігі үштігінің 1933 жылғы 29 маусымдағы қаулысымен 5 жылға сотталған. Ол 1989 жылғы 29 маусымда ақталған.

АҚТАЕВ Күзек — Қармақшы ауданының № 13 ауылында 1889 жылы туған, кейін № 8 ауыл, «Оян» колхозында тұрған, бай баласы, колхозшы, 1930 жылы 8 шаруа қожалығын ұйымдастырып, Қарақұм-ға көшіп барып, қарақшылар қатарына қосылғаны үшін 1932 жылы ОГПУ органы арқылы тұтқынға алынып, одан көп кешікпей қашып шығып, 1936 жылға дейін жасырынып жүрген. Ол колхозшылар арасында контрреволюциялық үгіт жүргізіп, ашықтан-ашық «халық жауларын» қорғап өңгіме айтқан. Колхоздың шаруашылық жұмысының меңгерушісі қызметіне орналасып алып, көптеген зиянкестік әрекеттер жасаған, деп айып тағылып, Қармақшы аудандық НКВД бөлімінің 1937 жылғы 14 тамыздағы қаулысымен тұтқынға алынып, қылмыстық іс қозғалған. Оңтүстік Қазақстан облыстық НКВД Бас-қармасы жанындағы үштіктің 1937 жылғы 11 қазандағы қаулысымен ең жоғары жаза — ату жазасына сотталған. Бұл үкім сол жылғы 20 қазан күні сағат 24-те орындалған.

Облыстық прокурордың 1989 жылғы 9 тамыздағы қорытындысымен Ақтаев Күзектің әрекетінде қылмыстың белгісі болмағандықтан, толық ақталған.

АЛДОНҒАРОВ Ахмет — Қармақшы ауданының № 13 ауылында 1900 жылы туған, ірі байдың баласы, білімі орта және совпартия мектебін бітірген, 1928 жылдан БК(б)П мүшесі, қызметкер, қамауға алынғанға дейін Тереңөзек аудандық атқару комитеті төрағасының орынбасары болып қызмет атқарған. Тереңөзек поселкесінде тұрған, бұрын сотталған, үйленген, әйелі — Төжә, балалары — Садық, Сәдуақас, қыздары — Күлаш, Күлпаршы.

Алдонғаров Ахмет кеңес өкіметіне қарсы ұлтшылдық ұйымның белсенді мүшелерінің бірі болған, бұл

ұйымға ол Қызылорда аудандық партия комитетінің бұрынғы хатшысы Төлегенов Ергали арқылы 1937 жылы тартылған. Алдонғаров Ахмет осы ұйымның тапсырмасымен ауыл шаруашылығында жауыздық дұшпандық жұмыстар жүргізіп, Тереңөзек ауданының колхоздарына дөңді дақылдарды жарамсыз жерлерге егуге тапсырма берген, соның салдарынан 327 гектар егістік өліп қалған. Кеңес өкіметіне қарсы ұлтшылдық диверсиялық дұшпандық ұйымға бірнеше адамдарды тартқаны үшін айып тағылған.

Алдонғаров Қызылорда облыстық НКВД бөлімінің 1938 жылғы 8 маусымдағы қаулысымен тұтқынға алынып, РСФСР ҚК-ның 58 бабының 2, 7, 11 тармақтарымен қылмыстық іс қозғалған.


Тергеу ісі 1939 жылғы 11 сәуірде аяқталып, айыптау қорытындысы сол күні шығарылған.

Қызылорда облыстық соттың көшпелі сессиясының 1939 жылғы 25 сәуірдегі үкімімен Алдонғаров Ахмет 10 жылға бас бостандық еркінен айыруға, 5 жылға сайлау-сайлану құқын жоюға сотталған.

Қазақ ССР Жоғарғы сотының қылмысты істер қарайтын сот коллегиясының 1940 жылғы 9 мамырдағы ұйғаруымен Қызылорда облыстық сотының 1939 жылғы 25 сәуірдегі Алдонғаров жөніндегі үкімі бұзылып, оның әрекетінде қылмыс белгісі анықталмағандықтан іс өндірістен қысқартылған, Алдонғаров қамаудан босатылған.

Қызылорда облыстық НКВД Басқармасының 1940 жылғы 6 тамыздағы қорытындысы бойынша Қазақ ССР Жоғарғы Сотының Қылмыстық істер қарайтын сот коллегиясының ұйғарымымен келісіп, Алдонғаровты қамаудан босату туралы қаулы алған. Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының бөлім бастығының 1996 жылғы 15 сәуірдегі қорытындысымен Алдонғаров Ахмет Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 14 сәуірдегі заңының негізінде толық ақталған.


АНИСИМОВА Елена Семеновна родилась в 1892 году в гор. Вязьма, Западная область, русская, замужняя, член ВКП(б) с 1924 года, образование выс-



шес, из семьи служащей, проживала в пос. Кармакчи, работала портнягой на дому и давала уроки в школе по математике, в июне 1936 года во время обмена партдокументов исключена из партии за связь с сосланным троцкистом. Была выслана из Москвы по постановлению Особого совещания при НКВД СССР от 29 октября 1936 года как социально-опасный элемент в Казахстан сроком на 5 лет. Являясь ссыльной и будучи враждебно настроенной против Советской власти, занималась контрреволюционной троцкистской агитацией, за что постановлением Кармакчинского РО НКВД от 22 ноября 1937 года арестована, привлечена к уголовной ответственности по ст. 58-10 УК РСФСР. Постановлением Особого Совещания при НКВД СССР от 29 декабря 1937 года она как член семьи изменника родины заключена в ИТЛ сроком на 5 лет.

Определением Военного Трибунала Воронежского Военного Округа от 23 апреля 1957 года Постановлением Особого Совещания при НКВД СССР от 29 октября 1936 года и 29 декабря 1937 года в отношении Анисимовой Е. С. отменено и дело о ней на основании ст. 4 пункта 5 УПК РСФСР прекращено. По заключению прокурора Кызылординской области от 19 мая 1997 года на основании Закона Республики Казахстан «О реабилитации жертв массовых политических репрессий» от 14 апреля 1993 года реабилитирована.

АТАНТАЕВ Әужан Қармақшы ауданының № 1 ауылында 1894 жылы туған, кейін Қармақшы



поселкесінде тұрған, білімі 3 класс, партияда жоқ, бай отбасынан шыққан, Жосалы стансасындағы ипподромда күзетші болып жұмыс істеген. 1929 жылға дейін молда болған, саудагершілікпен айналысқан, ірі шаруашылық егесі, жалшылар жалдаған, 1928 жылы малмүлкі төркіленген, қырғын-сүргіннен қашып Қарақұмға барып тығылған, қарақшыларға қосылып, бейбіт елді тонаумен айналысқан. Қарақшылар

тал-қандалғаннан кейін 1932 жылы жасырынып жүріп, ел арасында кеңес үкіметіне қарсы үгіт жүргізген, молдалықпен айналысып, өлген адамдарға құран шығарғаны үшін айып тағылып, Чқалов облыстық НКВД Басқармасының 1-арнаулы бөлімінің 1940 жылғы 28 қаңтардағы қаулысымен тұтқынға алынып, РСФСР ҚК-ның 58 бабының 10 тармағымен қылмысты іс қозғалған.

Орынбор темір жолы ДТО НКВД-ның 1940 жылғы 26 наурыздағы қаулысымен тергеу ісі өндірістен қысқартылып, айыпкер Ә. Атантаев тұтқыннан босатылған. Қызылорда облыстық прокурордың 22 мамырдағы 1997 жылғы қорытындысымен Ә. Атантаев СССР Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1989 жылғы 16 қаңтардағы жарлығының негізінде толық ақталған.

АСТАХИН Василий Васильевич родился в 1877 году в селе Дубровка, Пензенской губернии, русский, беспартийный, малограмотный, до ареста проживал в пос. Кармакчи, работал кондуктором на станции Джусалы. За контрреволюционную антисоветскую агитацию среди жел. дор. рабочих и вредительскую работу арестован и привлечен к уголовной ответственности. Постановлением тройки при УНКВД по Южно-Казахстанской области от 4 декабря 1937 года Астахин В. В. осужден на 10 лет лишения свободы. Он реабилитирован 25 сентября 1989 года.

АХМЕТОВ Қибай — Қармақшы ауданының № 13 ауылында 1898 жылы туған, шала сауатты, партияда жоқ, қамауға алынғанға дейін № 105 Сартоғай разьезінде жұмысшы болған. Оған кеңес үкіметіне қарсы контрреволюциялық зиянкестік әрекеттер жасағаны үшін айып тағылып, Орынбор темір жолының ГУГБ НКВД-ның 1938 жылғы 1 тамыздағы қаулысымен тұтқынға алынып, РСФСР ҚК-ның 58 бабының 9, 11 тармақтарымен қылмыстық іс қозғалған. Тергеу барысында қылмыс құрамы анықталмағандықтан іс өндірістен қысқартылып, Ахметов Қибай 1938 жылғы 31 желтоқсанда қамаудан босатылған. Ол толық ақталған.

АЙТЖАНОВ Сатыбай — Қармақшы ауданының «Көктөбе» ауылдық кеңесінде 1914 жылы туған, үйленген, партияда жоқ, шала сауатты, орта шаруа, бұрын сотталмаған, Отан соғысына Қармақшы аудандық әскери комиссариаты арқылы 1942 жылғы маусым айында шақырылған.

Айтжанов 1241 номері атқыштар полкінің құрамында соғысқа қатысқан. 1942 жылғы 30 тамызда неміс фашистерімен соғыста қаруын тастап, қорқақтықпен ұрыс даласынан қашқан.

Осы қылмысы үшін мемлекеттік қауіпсіздік комитеті № 375 атқыштар дивизиясы НКВД-ның ерекше бөлімінің оперативтік өкілі лейтенант Карпенконың қаулысымен Айтжанов Сатыбай 1942 жылғы 30 тамызында № 375 атқыштар дивизиясы № 1245 полктің сапта тұрған 45 қызыл әскерлердің алдында атылған.

Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 14 сәуірдегі «Жаппай саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау туралы» Заңының 5 бабы «Г» тармағына сәйкес сот орындарынан тысқары шешіммен атылғанына байланысты Айтжанов 1998 жылғы 26 маусымында толық ақталған.

АХМЕТОВ Сансызбай — Қармақшы ауданының № 24 ауылдық кеңесі, «Бостандық» колхозында 1913 жылы туған, негізі кедей-шаруа, сауатты, партияда жоқ, колхозда бригадир болып жұмыс істеген. 1938 жылғы 29 наурызда Қармақшы халық соты арқылы РСФСР ҚК-ның (146 ст.) 74 бабымен 3 жылға сотталған, үйленбеген.

Ахметов Сансызбай кеңес үкіметіне қарсы ұлтшылдық ұйымға белсенді түрде қатысқан. Ол бұл ұйымға 1935 жылдың тамыз айында ұйым басшыларының бірі Қарлыбаев Абдрай арқылы тартылған. Ахметов ұйымға қосылуға өзінің келісімін беріп, Қарлыбаевтан ауыл шаруашылығында зиянкестік, бүлдірушілік жұмыстармен бірге коммунист белсенділерге қарсы террорлық жұмыстар жүргізуге

тапсырмалар алған. Ахметов контрреволюциялық ұйымның тапсырмаларын орындай отырып, колхозда зиянкестік-бүлікшілік жұмыстар жүргізген. 1937 жылдың көктемгі егіс кезінде Ахметов колхозда бригадир болып жұмыс істеп жүріп, қасақана күршіті күрмекпен араластырып еккен, минералды тыңайтқышты қолданбаған, соның салдарынан күршіттің шығымдылығы мен өнімділігі төмен болған. Ұйымға қатысушылармен бірге қырманда қалған 900 цн. күршітті жинап алмай, жанбыр мен қардың астында қалдырып, пайдалануға жарамай шіріп кеткен. «Ахметов 1937 жылдың 13 маусым күні ауылдық кеңестің төрағасы Әлменовты өлтіру туралы мәселені талқылап, оны орындаушыларды дайындаған» — деп айып тағылған.

Қармақшы аудандық НКВД бөлімінің 1938 жылғы 29 наурыздағы қаулысымен тұтқынға алынып, РСФСР ҚК-ның 258 бабының 2, 7, 8, 11 тармақтарымен қылмыстық іс қозғалған.

Тергеу ісі сол жылғы 25 сәуірде аяқталып, айыптау қорытындысы 23 мамырда шығарылған, оны Қызылорда облыстық НКВД Басқармасының бастығы 26 мамырда, облпрокурор 4 тамызда, Қызылорда облыстық сотының арнаулы коллегиясының дайындау мәжілісінің 11 тамыздағы қаулысымен бекіткен. Қазақ ССР НКВД-ның шекара және ішкі күзет Әскери Трибуналының 1938 жылғы 5 қарашадағы үкімімен Ахметов Сансызбай 10 жылға бас бостандық еркінен айыруға, жазасын өтегеннен кейін 5 жылға саяси құқын жоюға, мал-мүлкін тәркілеуге сотталған.

Қазақ ССР Жоғарғы сотының қылмысты істер қарайтын сот коллегиясының 1990 жылғы 26 сәуірдегі ұйғаруымен Қазақ ССР НКВД-ның шекара және ішкі күзет Әскери Трибуналының 1938 жылғы 5 қарашадағы Ахметов Сансызбай жайлы үкімі бұзылып, оның әрекетінде қылмыс белгісі болмағандықтан іс мүлдем қысқартылған.

Қазақ ССР прокурорының бірінші орынбасарының наразылығы қанағаттандырылған. Ол толық ақталған.

АЮПОВ Себеп — Қармақшы ауданының № 24 ауылында 1897 жылы туған, байдың баласы, шала сауатты, партияда жоқ, «Шолақарық» колхозының төрағасы болып жұмыс істеген, әйелі — Ажар, қыздары — Қарлыға, Райхан. Аюпов Себеп бұрынғы бай ретінде кеңес үкіметіне қарсы жауыздық пиғылда болған. Ол ауылшаруашылығында үнемі зиянкестікпен айналысып, колхозшылар арасында контрреволюциялық үгіттер жүргізген. 1933 жылы ол № 24 ауылдық кеңестің төрағасы болып тұрған кезінде жауыздық мақсатында ауылдағы малды жаппай қыруды ұйымдастырған, астық дайындау науқанын әдейі бұзған, сол үшін ол Қазақстандағы ОГПУ-дың өкілетті өкілдігі жанындағы үштіктің 1933 жылғы 13 шілдедегі қаулысымен ҚК-ның 58-7, 11 тармақтарымен 8 жылға концлагерьге сотталған. Қызылорда еңбек түзету колониясы жанындағы қадағалау комитетінің (наблюдком) 1933 жылғы 6 қазандағы қаулысымен аурулығына байланысты толық жазылып кеткенше, тілхатпен қамаудан босатылған. Ауылда жүріп өзінің жауыздық-зиянкестік әрекетін одан әрі жүргізе берген. 1937 жылы оның

тапсырмасымен жазғы жайылымға қойылған малдар 40—50 күнге дейін көшірілмеген. Соның салдарымен мал жаппай өлім-жітімге ұшыраған (32 қой шығын болған). Бұл колхозда 2 тонна минералды тыңайтқыш кеуіп, оны жерге көмген, ауданға «тыңайтқыш егістікке төгілді» — деп өтірік ақпар берген.

1936 жылдың қараша айында кеңес үкіметінің беделін түсіру мақсатында ауылдық кеңестің кеңесін колхоздың кеңесінен далаға шығарып тастаған. СССР Қорғаныс заңына жазылуды талқылап жатқанда Аюпов жиналыста заемға жазылуға қарсы шығып сөйлеп: «Бізге заемның қажеті жоқ, кеңес үкіметінің де керегі жоқ», — деген. Сол үшін ол Қармақшы аудандық НКВД бөлімінің 1937 жылғы 24 тамыздағы қаулысымен тұтқынға алынып, қылмыстық іс қозғалған.

Айыптау қорытындысы бойынша Аюповты айыптаған тергеу ісі 1937 жылдың 21 қазанында аяқталып, оның ісін Оңтүстік Қазақстан облыстық НКВД Басқармасы жанындағы үштіктің қарауына жіберген. Оңтүстік Қазақстан облыстық НКВД Басқармасы жанындағы үштіктің 1937 жылғы 4 қарашадағы қаулысымен Аюпов Себеп 10 жылға концлагерьге сотталған.


Қызылорда облыстық соты Президиумының 1989 жылғы 27 ақпандағы қаулысымен Оңтүстік Қазақстан облыстық НКВД Басқармасы жанындағы үштіктің 1937 жылғы 4 қарашадағы Аюпов Себеп жөніндегі қаулысы бұзылып, оның әрекетінде қылмыс белгісі болмағандықтан іс өндірістен қысқартылған.

Облыстық прокурордың наразылығы қанағаттандырылған. Ол толық ақталған.



ӘБДІРАМАНОВ Асамадин — Қармақшы ауданының № 6 Қашқансу ауылы, Аманкелді атындағы колхозда 1916 жылы туған, 1938 жылы төркіленген ірі байдың баласы, білімі бастауыш, партияда жоқ, колхозшы, 1941 жылы колхоздың астығын ұрлағаны үшін Қармақшы халық соты арқылы РСФСР ҚК-ның 129 бабымен бір жылға бас бостандық еркінен айыруға сотталған, үйленбеген, шешесі — Күләп.

Әбдіраманов Асамадин кеңес үкіметіне жат пікірде болып, Аманкелді атындағы колхоздың колхозшылары арасында үнемі контрреволюциялық жеңілістік сипаттағы үгіт жүргізіп келген. Фашист Гитлерің мақтап былай деген: «Гитлер кеңес Одағымен қатаң жоспармен соғысуда, оның жоспары бойынша



Мәскеу Германияның орталық астанасы болуы керек, ал Ленинград оның бір колониясының орталығы болады, ол сөзсіз орындалады, өйткені Мәскеу қаласының 3/4 бөлігі неміс ұшақтарының бомбаларынан қираған». Ол колхозшылар арасында колхоз құрылысына қарсы үгіт жүргізіп, колхозшылардың тұрмысын жамандап әртүрлі сөздер айтқаны үшін айып тағылып, Қармақшы аудандық НКВД бөлімінің 1941 жылғы 22 қазандағы қаулысымен тұтқынға алынып, РСФСР ҚК-ның 58 бабы 10 тармағының, 2 бөлімімен қылмыстық іс қозғалған.

Тергеу ісі 1942 жылдың 12 ақпанында аяқталып, айыптау қорытындысы сол жылғы 21 мамырда шығарылған. Оны облыстық прокурордың 26 мамырдағы қорытындысымен және облыстық соттың қылмысты істер қарайтын сот коллегиясының дайындау мәжілісінің 3 маусымдағы ұйғаруымен бекіткен. Қызылорда облыстық сотының көшпелі сессиясының 1942 жылғы 1 шілдедегі үкімімен Әбдіраманов Асамадин 10 жылға бас бостандық еркінен айыруға, 5 жылға сайлау-сайлану құқын жоюға, мал-мүлік болмағандықтан тәркілеу қолданбауға сотталған.

Қазақ ССР Жоғарғы сотының қылмысты істер қарайтын сот коллегиясының 1942 жылғы 14 тамыздағы ұйғаруымен Қызылорда облыстық сотының 1942 жылғы 2 шілдедегі үкімі күшінде қалдырылған, айыпкердің шағым арызы аяқсыз тасталған.

Қазақ ССР Прокуроры орынбасарының Қазақ ССР Жоғарғы сотының Президиумына 1990 жылғы 24 тамызда жолдаған наразылығы бойынша Қызылорда облыстық сотының 1942 жылғы 2 шілдедегі Әбдіраманов Асамадин жөніндегі үкімін және Қазақ ССР Жоғарғы сотының қылмысты істер қарайтын сот коллегиясының 1942 жылғы 14 тамыздағы ұйғаруын бұзуды, істі оның өрекетінде қылмыс құрамы болмағандықтан қысқартуды сұраған. Ол толық ақталған.


ӘЛЖАНОВ Темір — Қармақшы ауданының № 10 ауылы, «Ақжар» колхозында 1892 жылы туған, негізі кедей шаруа, шала сауатты, партияда жоқ, колхозшы, бұрын сотталмаған, үйленген.

1938 жылдың қыркүйек айының 21 күні «Ақжар» колхозының егісінің басында колхозшылардың жалпы жиналысы болған. Бұл жиналыста жиын-терін мәселесі және еңбек тәртібі жайында мәселе қаралып, колхозшылар арасында еңбек істемейтін Темірбаев туралы әңгіме болған. Темірбаевтың жасы 54-55-тер шамасында, колхозшылар оның жалқаулығын, қолынан келетін жұмысын істемейтінін мойнына қойып, ақырғы рет ескерту жасаған. Осы әңгіменің үстінде колхозшылар арасында отырған Әлжанов Темір сөз алып былай деген: «Жасы 60-тан асқан кісі конституция бойынша жұмыстан, салықтан босайды деген қайда?» — деп сұрақ қойған. Конституция бойынша әркім қолынан келген қызметін істейді десе онда конституция дұрыс емес деп конституцияны жамандаған. Үкімет пен партияның атына контрреволюциялық сөздер айтқаны үшін айып тағылып, Қармақшы аудандық НКВД бөлімінің 1938 жылғы 22 қарашадағы қаулысымен тұтқынға алынып, РСФСР ҚК-ның 58 бабы 10 тармағының 1 бөлімімен қылмыстық іс қозғалған. Тергеу ісі аяқталып, айыптау қорытындысы сол жылғы 7 желтоқсанда шығарылған, оны облыстық прокурордың орынбасары бекіткен.

Қызылорда облыстық сотының көшпелі сессиясының 1938 жылғы 23 желтоқсандағы үкімімен Әлжанов Темір 5 жылға бас бостандық еркінен айыруға, 2 жылға сайлау-сайлану құқын жоюға сотталған. Қазақ ССР Жоғарғы сотының қылмысты істер қарайтын сот коллегиясының 1939 жылғы 27 қаңтардағы ұйғаруымен Қызылорда облыстық сотының үкімін күшінде қалдырып, сотталушының шағым арызын аяқсыз тастаған.

Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Бөлім бастығының 1993 жылғы 3 қыркүйектегі қорытындысымен Әлжанов Темір Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 14 сәуірдегі заңының негізінде толық ақталған.

ӘЛИАСҚАРОВ Сұлтан — Қармақшы ауданының № 6 ауылы, Аманкелді атындағы колхозда 1913 жылы



туған, байдың баласы, білімі 2 класс, БАК(б)П мүшесі, партия қатарынан шығарылған, колхозшы, 1941 жылдың 24 сәуірінде РСФСР ҚК-ның 109 бабымен 3 жылға сотталған, кейін ісі қайта қаралып, 6 айға еріксіз жұмысқа сотталған, үйленген, әйелі — Манат, баласы — Тұрсынбай, қызы — Қалам, інісі Кенжебек.

Әлиасқаров Сұлтан кенес өкіметіне қарсы жат пиғылда жүріп, Аманкелді атындағы кол-

хоздың тұрғындары арасында үнемі партия мен үкіметтің жүргізіп жатқан шараларына қарсы бағытталған контрреволюциялық үгіт таратып келген. «Колхоз құрылысы кезінде жақсы өмір болмайды, өйткені колхозшылар барлық құқықтан айырылған, мал мен астықты үкімет түк қалдырмай алып қойғандықтан колхозшылар аштан өлуде, сондықтан колхозды тарату керек, өйтпеген жағдайда алағай уақытта өмір сүру мүмкін емес», — деген.

Осымен қатар Әлиасқаров жеңілістік сипаттағы провокациялық лақаптар таратқан, неміс фашистерінің армиясын мадақтап, олардың уақытша табыстарын тілге тиек еткен. Ол ашықтан-ашық Кеңес Үкіметіне қарсы шығып, «тез арада Германия жеңсе екен...», — деген. Оған осындай айыптар тағылып, Қармақшы аудандық НКВД бөлімінің 1942 жылғы 22 қазандағы қаулысымен тұтқынға алынып, РСФСР ҚК-ның 58 бабының 10 тармағы 2 бөлімімен қылмыстық іс қозғалған.

Тергеу ісі 1942 жылдың 30 сәуірінде аяқталып, айыптау қорытындысы 26 мамырда Қызылорда қаласында шығарылған, оны Қызылорда облыстық НКВД басқармасының бастығы 26 мамырда, Қызылорда облыстық сотының қылмыстық істер қарайтын сот коллегиясының дайындау мәжілісінің 3 маусымдағы ұйғаруымен бекіткен.

Қызылорда облыстық сотының көшпелі сессиясының 1942 жылғы шілде айының 1 күнгі үкімімен Әлиасқаров Сұлтан 10 жылға бас бостандық еркінен

айыруға, жазасын өтегеннен кейін 5 жылға сайлау-сайлану құқын жоюға сотталған.

Қазақ ССР Жоғарғы сотының қылмысты істер қарайтын сот коллегиясының 1942 жылғы 14 тамыздағы ұйғаруымен Қызылорда облыстық сотының 1942 жылғы шілдедегі үкімін күшіңде қалдырып, сотталушының шағым-арызын аяқсыз тастаған.

Қазақ ССР Жоғарғы соты Президиумының 1989 жылғы 21 сәуірдегі қаулысымен Әлиасқаров Сұлтан жөніндегі Қызылорда облыстық сотының 1942 жылғы 1 шілдедегі үкімімен Қазақ ССР Жоғарғы сотының қылмыстық істер қарайтын сот коллегиясының 1942 жылғы 14 тамыздағы ұйғаруын бұзып, қылмыстық істі оның өрекетінде қылмыс сипаты болмағандықтан қысқартқан.

Қазақ ССР Прокуроры орынбасарының наразылығы қанағаттандырылған. Ол толық ақталған.

ӘЛІБАЕВ Әбдіразақ — Қармақшы ауданының № 8 ауылы, «Жаңабақыт» колхозында 1885 жылы туған, руы Қожажелді, әкесі бай, ишан-ахун болған, екі мешіті, бір диірмені болған, жалшы ұстаған, өзі де молда, арабша сауатты, партияда жоқ, бұрын сотталған, үйленген, әйелі — Дәруған, балалары — Әбілқайыр, Әмилудлла, қызы — Сақып.

Әлібаев Әбдіразақтың мал-мүлкі 1931 жылы төркіленген, сол жылы РСФСР ҚК-ның 61 бабының 2 тармағымен 2 жылға бас бостандық еркінен айыруға, жазасын өтеп шыққаннан кейін 5 жылға жер аударуға сотталған. Ол кеңес үкіметіне қарсы жат пікірде болып, ауылда үнемі контрреволюциялық үгіт жүргізіп келген: «Біздер, мұсылмандар, мұсылман дінін нығайтуымыз керек, кеңес үкіметі дінге қарсы, дінге сенбедер дейді, бірақ оған иланбау керек» деген.

1936 жылдың желтоқсан айында Әлібаев жақын ауылдардағы белгілі молдалармен жасырын құпия жиын өткізіп, онда жұртшылық арасында контрреволюциялық діни насихат жүргізудің доспарын жасаған. Өр молдаға өзінің ауылында мұсылман кадрларын дінге тартуға тәртіп берілген. Осы жоспарды жүзеге асыру жолында Әлібаев діни салт-дәстүрлерді өткізу кезінде тұрғындар арасында контрреволюциялық насихат таратқан: «Жаңа Конституция бойынша құдайға сенуге болмайды, сондықтан барлық мұсылмандар бірігіп, мұсылман жолымен жүруіміз керек» — деген. Діни дәстүрлерді өткізу кезінде тұрғындардан алым-салақа жинағаны үшін айып тағылып, Әлібаев Әбдіразақ Қармақшы аудандық НКВД бөлімінің 1937 жылғы 29 тамыздағы қаулысымен тұтқынға алынып, қылмыстық іс қозғалған. Тергеу ісі аяқталып, айыптау қорытындысы шығарылған, оны Қармақшы аудандық НКВД бөлімінің бастығы бекіткен.

Оңтүстік Қазақстан облыстық НКВД Басқармасының жанындағы үштіктің 1937 жылғы 23 қазандағы қаулысымен 10 жылға концлагерьге сотталған.

Қызылорда облыстық прокуроры орынбасарының 1989 жылғы 19 қыркүйектегі қорытындысымен Әлібаев Әбдіразақ СССР Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1989 жылғы 16 қаңтардағы жарлығының негізінде толық ақталған.

БАДЫРАҚОВ Қанибай — Қармақшы ауданының № 2 ауылы, Каганович атындағы колхозда 1920 жылы туған, кейін Жаңақорған поселкесі, Совет көшесі, 21 үйде тұрған, білімі жоғары, Қызылорда пединститутын бітірген, 30-жылдық ВЛКСМ атындағы орта мектептің директоры болып қызмет істеген, БК(б)П мүшесі, 1942 жылдың қараша айынан 1944 жылдың тамыз айына дейін Отан соғысына қатысып, 3 Украин майданында ұрысқан. Оған тағылған айып: «Совет Армиясы қатарында Отан соғысы майданында жүріп, өзінің жауыздық пиғылымен Орта Азия ұлттары өскери қызметкерлері арасында кеңес үкіметіне қарсы ұлтшылдық жұмыстар жүргізген. Берлиндегі «Түркістандық ұлттық комитетінің» мүшесі Айтбаев Мәжитпен байланыс жасаған. Өскерден ауылға келгеннен кейін де кеңес үкіметіне қарсы ұлтшылдық жұмыстар жүргізген, кеңес үкіметі мен партияның жүргізіп жатқан шараларын, шындық өмірді бұрмалап, теріске шығаруға тырысқан, сонымен қатар капиталистік әлдердегі экономикалық өмірді мақтаған» — деп айып тағылып, Қызылорда облыстық МГБ Басқармасы бөлімінің 1951 жылғы 17 тамыздағы қаулысымен тұтқынға алынып, РСФСР ҚК-ның 58 бабының 10 тармағы, 2 бөлімімен қылмыстық іс қозғалған.

Қызылорда облыстық сотының қылмыстық істер қарайтын сот коллегиясының 1951 жылғы 3 қарашадағы үкімімен 25 жылға еңбек түзету лагеріне, 5 жылға саяси құқын жоюға сотталған, «Еңбектегі ерлігі үшін», «Германияны жеңгені үшін», «Сталинградты қорғағаны үшін» медальдарынан айырған. Қазақ ССР Жоғарғы сотының қылмыстық істер қарайтын сот коллегиясының 1951 жылғы 30 қарашадағы ұйғаруымен Қызылорда облыстық соттың үкімін күшіңде қалдырған. Қазақ ССР Жоғарғы сотының қылмыстық істер қарайтын сот коллегиясының 1953 жылғы 11 қарашадағы ұйғаруымен Қызылорда облыстық соттың 1951 жылғы 3 қарашадағы үкімі және Қазақ ССР Жоғарғы сотының 1951 жылғы 30 қарашадағы ұйғаруы бұзылып, Бадырақов Қанибай туралы іс алдын-ала тергеу арқылы қайта қарауға жіберілген.

Қызылорда облыстық МГБ Басқармасы тергеу бөлімінің 1954 жылғы 14 сәуірдегі қаулысында атап көрсетілгеніндей қосымша тексеру қорытындысы бойынша айыпкердің кеңес үкіметіне қарсы ұлтшылдық қызметі жайлы фактісі және оның отанын сатқан Айтбаевпен байланыс дәлелденбеген деп РСФСР УПК-ның 204 бабының «б» пунктіне сүйеніп Бадырақовтың тергеу ісін одан әрі жүргізуді өндірістен тоқтатып, оны қамаудан босату туралы қаулы алған.

Қызылорда облыстық прокурорының 1997 жылғы 20 мамырдағы қорытындысымен Бадырақов Қанибай СССР Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1989 жылғы 16 қаңтардағы жарлығы негізінде толық ақталған.

БАЙҒАЗИЕВ Әли Қармақшы ауданының № 19 ауылында 1903 жылы туған, білімі орталау, БК(б)П

мүшелігіне кандидат, партия ячейкесінің техникалық хатшысы болып қызмет істеген, қамауға алынғанға дейін сол ауылда тұрған, осы іске байланысты партия қатарынан шығарылған.

Оған кеңес үкіметі мен партияның ауылшаруашылығында жүргізіп жатқан шараларына қарсы шығып, зиянкестік әрекеттер жасағаны үшін айып тағылып, тұтқынға алынған. Қазақстандағы ОГПУ өкілетті өкілдігі жанындағы үштіктің 1933 жылғы 29 маусымдағы қаулысымен 5 жылға сотталған. Ол 1989 жылғы 13 шілдеде толық ақталған.

БАЙМАҒАМБЕТОВ Әбілда — Қармақшы ауданының № 19 ауылында 1888 жылы туған, сауатсыз, партияда жоқ, қамауға алынғанға дейін «Қызыл кедей» колхозында тұрған, колхозшы.

Оған кеңес үкіметін жамандап, контрреволюциялық үгіт таратқан, колхоз құрылысына зиянкестік әрекеттер жасағаны үшін айып тағылып, тұтқынға алынған. Қазақстандағы ОГПУ өкілетті өкілдігі жанындағы үштіктің 1933 жылғы 29 маусымдағы қаулысымен 5 жылға сотталған. Ол 1989 жылғы 29 маусымда ақталған.

БАЙМАХАНОВ Омар Қармақшы ауданының № 4 ауылы, «Жаңа талап» колхозында 1895 жылы туған, елеуметтік негізі кедей-шаруа, шала сауатты, партияда жоқ, қамауға алынғанға дейін «Жаңаталап» колхозының төрағасы болып жұмыс істеген, бұрын сотты болмаған, үйленген, әйелі — Дәмелі, қыздары — Пал, Нишан, ұлы — Сұлтан.

Баймаханов Омар кеңес үкіметіне қарсы контрреволюциялық, ұлтшылдық ұйымға белсенді түрде қатысқан. Бұл ұйымға ол 1936 жылдың соуір айында осы ұйымның басшыларының бірі, аудандық жер бөлімінің бұрынғы бастығы Шүкіров Алмас арқылы тартылған. Ол «халық жауы» болып ұсталып, 1938 жылдың наурыз айында сотталып кеткен. Баймаханов Омар осы ұйымға қатысуға өзінің келісімін беріп, Шүкіровтен ауыл шаруашылығында зиянкестік-бүлдірушілік жұмыстар жүргізуге тапсырмалар алған. Ол «Жаңаболат» колхозының төрағасы болып тұрғанда 1937 жылы жауыздық мақсатында 30 гектар күрішті судан қалдырып, 110 гектар күрішті отамай, ақырында 140 гектар күріштік пайдаға жарамай қалған.

Ол колхоздың малын талан-таражға салған. Тек 1937 жылдың ішінде ғана колхозшылардың келісімінсіз Шүкіровтың тапсырмасымен 27 бас қойды Қызылордаға өкеліп сатып жіберіп, ақшасын өздері пайдаланған. Серіктестіктің ауылшаруашылық уставына көшуіне қарсы тұрған үшін айып тағылып, Баймаханов Омар Қармақшы аудандық НКВД бөлімінің 1938 жылғы 1 шілдедегі қаулысымен тұтқынға алынып, РСФСР ҚК-ның 58 бабының 2, 7, 11 тармақтарымен қылмыстық іс қозғалған.

Тергеу ісі 1939 жылдың 15 қаңтарында аяқталып, айыптау қорытындысы 20 қаңтарында шығарылған, оны Қызылорда облыстық НКВД Басқармасының бастығы 29 қаңтарда, облыстық прокурордың орынбасары 7 ақпанда және облыстық соттың қылмысты істер қарайтын сот коллегиясының дайындау бөлігінің 1939 жылғы 3 қарашадағы қаулысымен бекіткен.

Қызылорда облыстық сотының көшпелі сессиясының 1939 жылғы 28 ақпандағы үкімімен Баймаханов

Омардың ҚК-ның 58-7, 11 және 58-2 бабының тармақтарымен және үкіметтің 1937 жылғы 2 қазандағы қаулысына сүйеніп, 20 жылға бас бостандық еркінен айыруға, жазасын өтегеннен кейін 5 жылға саяси құқын жоюға, өзіне тиісті мал-мүлкін төркілеуге сотталған.

Баймаханов Омар сотталған кейін Киров облысы, Вятск ИТЛ, Волосницк п/отд. 1939 жылдың 27 қыркүйегінде айдалып келген.

Қазақ ССР прокурорының қадағалау ретінде Қазақ ССР Жоғарғы сотының қылмысты істер қарайтын сот коллегиясына жолдаған наразылығы бойынша Қызылорда облыстық сотының үкімін бұзуды, істі қысқартуды, Баймаханов Омарды қамаудан босатуды және істі қайта тергеуге жіберуді сұраған.

Қазақ ССР Жоғарғы сотының қылмысты істер қарайтын сот коллегиясының 1940 жылғы 24 қаңтардағы ұйғаруымен Республика прокурорының наразылығымен келісіп, Қызылорда облыстық сотының 1939 жылғы 28 ақпандағы Баймаханов Омар жөніндегі үкімін бұзып, тағылған айып анықталмағандықтан істі тоқтатып, облпрокурорға Баймахановтың қызмет бабын теріс пайдаланған фактісін тергеу үшін алдын-ала тергеуге, Баймахановтың ешқайда кетіп қалмауы туралы тілхат алып қамаудан босатқан.


Қызылорда облыстық НКВД Басқармасының тергеу бөлімшесінің 1940 жылғы 20 қыркүйектегі қаулысымен Қазақ ССР Жоғарғы сотының ұйғаруымен және Қазақ ССР прокурорының наразылығымен келіскен. Баймаханов Омардың РСФСР ҚК-ның 58 бабының 2, 7, 11 тармақтарымен айыпталған ісі анықталмағандықтан тоқтатылып, тергеу ісіне қызмет бабын теріс пайдаланған фактілері туралы іс-қағаздар бөлек алынып, Қармақшы аудандық прокурорына тексеруге берілген.

Облыстық прокурордың аға көмекшісінің 1991 жылғы 24 қазандағы қаулысымен Баймаханов Омар жөніндегі қылмыстық іс оның әрекетінде қылмыс құрамы болмағандықтан өндірістен қысқартылған.

БАЙМАХАНОВ Смайыл — Қармақшы ауданының № 19 ауылында 1901 жылы туған, Қазақстандағы ОГПУ өкілетті өкілдігі жанындағы үштіктің қаулысымен тұтқынға алынған, кейін қамауда отырған күндерін есептеп тұтқыннан босатылған (іс қағаздарында мұнан басқа мәліметтер жоқ). Ол 1989 жылғы 29 маусымда толық ақталған.

БАЙТАБЫНОВ Ермахан — Қармақшы ауданының № 19 ауылында 1893 жылы туған, шала сауатты, партияда жоқ, қамауға алынғанға дейін «Қызыл-кедей» колхозында тұрған, колхозда бригадир болып жұмыс істеген. Оған кеңес үкіметі мен партияның ауыл шаруашылығында жүргізіп жатқан шараларына қарсы колхозшылар арасында үгіт жүргізіп, зиянкестік әрекеттер жасағаны үшін айып тағылып, тұтқынға алынған. Қазақстандағы ОГПУ өкілетті өкілдігі жанындағы үштіктің 1933 жылғы 29 маусымдағы қаулысымен 8 жылға сотталған. Ол 1989 жылғы 13 шілдеде толық ақталған.

БАЙШІМІРОВ Сермағамбет — Қармақшы ауданының № 2 ауылында 1902 жылы туған, негізі кедейшаруа, шала сауатты, партияда жок, еш жерде жұмыс істемеген, 1939 жылдың қазан айында Қармақшы халық соты арқылы РСФСР ҚК-ның 74 бабының 11-тармағымен 2 жылға бас бостандық еркінен айыруға сотталған, үйленген, әйелі — Бұлтай, балалары — Бермағамбет, Жұлмағамбет, Айымторы. Байшіміров Сермағамбет Коми АССР, пос. Железнодорожный, Севжелдорлагтан 1941 жылғы 19 қазанда босанып шыққан, Қармақшы пос. Қазақ көпесі, № 42 үйде тұрған.



Байшіміров Сермағамбет партия мен Кеңес үкіметіне, оның басшыларына қарсы жат пікірде болып, Қармақшы поселкесінің тұрғындары арасында жеңіліс сипаттағы контрреволюциялық үгіт жүргізіп келген. «Кеңес құрылысында халық ауыр тұрмыс шегуде, аш-жалаңаш, бұның барлығына кінәлі большевиктер партиясының, кеңес үкіметінің басшылары», — деп провокациялық сөздер айтқан, көсемдердің аттарын атап жаман сөздермен тіл тигізіп балағаттаған. Одан кейін: «Оқасы жок, жуыр арада Кеңес Одағы құлайды», — деген. Сонымен бірге ол партия мен үкімет басшыларына өзінің террорлық пиғылын айтқан: «өлтіру керек, өлтірем, барлығын атамын», — дегені үшін айып тағылып, Байшіміров Сермағамбет Қармақшы аудандық НКВД бөлімінің 1941 жылғы 2 желтоқсандағы қаулысымен тұтқынға алынып, РСФСР ҚК-ның 17-58 бабының 8 тармағымен және 58 бабының 10 тармағының 1 бөлімімен қылмыстық іс қозғалған.

Тергеу ісі 1942 жылдың 31 қаңтарында аяқталып, айыптау қорытындысы сол күні шығарылған, оны Қызылорда облыстық НКВД Басқармасы бастығының орынбасары, облпрокурор 3 ақпанда бекіткен. СССР НКВД-ның жанындағы Ерекше мәжілісінің 1942 жылғы 6 мамырдағы қаулысымен Байшіміров Сермағамбет 5 жылға еңбек түзету лагеріне сотталған.

Қызылорда облыстық прокуроры орынбасарының 1989 жылғы 4 тамыздағы қорытындысымен Байшіміров Сермағамбет СССР Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1989 жылғы 16 қаңтардағы жарлығының негізінде толық ақталған.

БАҚТЫБАЕВ Байкемел — Қармақшы ауданының № 19 ауылында 1892 жылы туған, шала сауатты, партияда жок, қамауға алынғанға дейін «Қызыл кедей» колхозында тұрған, колхозда еңбек жөніндегі бригадир болып жұмыс істеген.

Оған Кеңес үкіметіне қарсы контрреволюциялық үгіт жүргізгені, колхоз құрылысында әртүрлі зиянкестік әрекеттер жасағаны үшін айып тағылып, тұтқынға алынған. Қазақстандағы ОГПУ өкілетті өкілдігі жанындағы үштіктің 1933 жылғы 29 маусымдағы қаулысымен 8 жылға бас бостандық еркінен айы-

руға сотталған. Ол 1989 жылғы 13 шілдеде толық ақталған.

БАЛТРУШЕВИЧ Серафима Андреевна — родилась в 1901 году в гор. Москве, русская, образование среднее, в 1917 году окончила гимназию, беспартийная, выслана из Москвы на основании Постановления Особого Совещания при НКВД СССР от 29 октября 1936 года в Казахстан сроком на 5 лет как социально-опасный элемент, проживала в пос. Кармакчи, ул. Ленина, № 23, работала в банке в качестве секретаря-машинистки. Она обвиняется в том, что являясь ссыльной и будучи враждебно настроенной против Советской власти, за время нахождения в ссылке занималась контрреволюционной троцкистской агитацией, за что она была арестована постановлением Кармакчинского РО НКВД от 23 ноября 1937 года, привлечена к уголовной ответственности по ст. 58-10 УК РСФСР. Постановлением Особого Совещания при НКВД СССР от 29 декабря 1937 года как член семьи изменника родины она заключена в ИТЛ сроком на 8 лет. Определением Военного Трибунала ТуркВО от 27 декабря 1956 года Постановление Особого Совещания при НКВД СССР от 29 октября 1937 года в отношении Балтрушевич С. А. отменено и дело на нее производством прекращено за отсутствием в ее действиях состава преступления. По заключению прокурора Кызылординской области от 13 мая 1997 года Балтрушевич С. А. на основании Закона Республики Казахстан «О реабилитации жертв массовых политических репрессий» от 14 апреля 1993 года реабилитирована.

БАНДАЛЕТ Сергей Иванович — родился в 1913 году на станции Дебальцево Артановского района, Сталинской области, украинец, образование высшее, до ареста проживал в пос. Джусалы, работал главным инженером мехзавода.

За контрреволюционную антисоветскую агитацию и вредительско-подрывную деятельность арестован 2 сентября 1940 года и привлечен к уголовной ответственности, но не осужден. Он реабилитирован.

БАРАНОВСКИЙ Борис Константинович — родился в 1905 году в гор. Кызылорде, по национальности поляк, подданный СССР, образование 7 классов, в 1931 г. по октябрь 1935 года состоял членом ВКП(б), исключен из рядов партии за служебные преступления и разложение, до ареста проживал в пос. Кармакчи, работал зав. столовой в Джусалинском аэропорте.

Он обвиняется в том, что, являясь сыном торговца и будучи враждебно настроен против Советской власти, среди населения систематически проводил контрреволюционно-пораженческую агитацию против Советской власти, так летом 1937 года он среди рабочих и служащих аэропорта говорил: «СССР в предстоящей войне все равно проиграет, так как Красная Армия никуда не годится по сравнению с японской и другими, там техника во много раз сильнее нашей». Он имел тесную связь с контрреволюционными элементами в районе арестованными преступниками, за что постановлением 3 отдела Южно-Казахстанского облуправления НКВД от 29 августа 1937 года арестован и привлечен к уголовной ответственности.

Постановлением тройки при УНКВД по Южно-Казахстанской области от 4 декабря 1937 года Барановский Б. К. заключен в концлагерь сроком на 10 лет. Данное дело на основании приказа Прокурора СССР и НКВД СССР за № 2709 от 26 декабря 1938 года опротестовано и выслано на исследование.

Постановлением следчаты УНКВД по Кызылординской области от 19 августа 1939 года решение тройки УНКВД по Ю/К Области в отношении Барановского Бориса Константиновича отменено, следственное дело прекращено и он из-под стражи освобожден.

По заключению прокурора Кызылординской области от 29 июня 1997 года Барановский Борис Константинович на основании Закона Республики Казахстан от 14 апреля 1993 года реабилитирован.

БАХАРЕВ Авдей Игнатьевич родился в 1885 году в пос. Кармакчи, русский, малограмотный, беспартийный, до ареста проживал в Чиилинском районе, работал рыбаком райпромкомбината.

За антисоветскую, контрреволюционную и вредительскую деятельность арестован и привлечен к уголовной ответственности. Приговором Кызылординского областного суда от 22 октября 1952 года по ст. 58-10 ч. 1 УК РСФСР осужден на 10 лет лишения свободы. Он реабилитирован 31 марта 1989 года.

БАШТАННИКОВ Анисим Данилович — родился в 1879 году в Павлоградском районе, Днепропетровской области, украинец, малограмотный, беспартийный, до ареста проживал в пос. Кармакчи, работал слесарем-водопроводчиком на станции Джусалы.

За антисоветскую контрреволюционную агитацию среди рабочих и подрывно-вредительскую деятельность на жел. дороге арестован и привлечен к уголовной ответственности. Он осужден 7 июня 1938 года по ст. 58-10 ч. 1 УК РСФСР на 7 лет лишения свободы. Реабилитирован 21 октября 1988 года.

БӨЙІМБЕТОВ Махат — Кармакчи ауданының № 19 ауылында 1885 жылы туған, шала сауатты, партияда жоқ, қамауға алынғанға дейін Кармакшы поселкесінде тұрған, қамыс зауыты жанындағы дүкеннің менгерушісі болып жұмыс істеген.

Оған кеңес үкіметі мен партияның ауыл шаруашылығындағы жүргізіп жатқан шараларына қарсы үгіт жүргізгені, түрлі зиянкестік әрекеттер жасағаны үшін айып тағылып, тұтқынға алынған. Қазақстандағы ОГПУ өкілетті өкілдігінің жанындағы үштіктің 1933 жылғы 29 маусымдағы қаулысымен 5 жылға бас бостандық еркінен айыруға сотталған. Ол 1989 жылғы 13 шілдеде толық ақталған.

БЕКЕНОВ Айтбай — Кармакшы ауданының № 19 ауылында 1909 жылы туған, сауатты, партияда жоқ, қамауға алынғанға дейін осы ауылда тұрған, ауылдық кеңестің хатшысы болып жұмыс істеген.

Оған кеңес үкіметіне қарсы контрреволюциялық үгіт жүргізгені, үкімет пен партияның ауыл шаруашылығында жүргізіп жатқан шараларына қарсы әрекеттер жасағаны үшін айып тағылып, қылмыстық іс қозғалған. Қазақстандағы ОГПУ өкілетті өкілдігі жанындағы үштіктің 1933 жылғы 29 маусымдағы қаулысымен 3 жылға бас бостандық еркінен айыруға сотталған. Ол 1989 жылғы 29 маусымда толық ақталған.

БЕКЖАНОВ Жағтай — Қармакшы ауданының № 6 ауылында 1905 жылы туған, шала сауатты, партияда жоқ, қамауға алынғанға дейін Қорқыт станса-сында тұрған, темір жолда жұмысшы болып істеген. Оған кеңес үкіметіне қарсы контрреволюциялық үгіт жүргізген, темір жол бойында әртүрлі зиянкестік әрекеттер жасаған деп айып тағылып, Орынбор теміржолының ГУГБ НКВД-ның 1938 жылғы 8 қазандағы қаулысымен тұтқынға алынып, РСФСР ҚК-ның 58 бабының 2, 9, 11 тармақтарымен қылмыстық іс қозғалған, бірақ тергеу барысында қылмыс құрамы анықталмағандықтан 1938 жылы 31 желтоқсанда іс қысқартылып, қамаудан босатылған. Ол толық ақталған.

БЕТИЦ Фрол Иванович — родился в 1908 году в Румынии, образование начальное, беспартийный, до ареста проживал в пос. Кармакчи, без определенных занятий. За антисоветскую контрреволюционную, провокаторскую агитацию среди населения и шпионско-подрывную, вредительскую деятельность арестован, привлечен к уголовной ответственности. Решением Особого Совещания при НКВД от 10 января 1948 года Бетич Ф. И. осужден на 10 лет лишения свободы. Он реабилитирован 4 сентября 1989 года.

БИГУС-ПАНОВА Апполинурия Войсеховна — родилась в 1910 году в дер. Заречье, Проскуровского района, Винницкой области, образование неполное среднее, беспартийная, до ареста проживала в пос. Кармакчи, работала рассыльной в автобазе.

За антисоветскую контрреволюционную агитацию среди рабочих автобазы и вредительскую деятельность арестована и привлечена к уголовной ответственности. Постановлением тройки при УНКВД по Южно-Казахстанской области от 9 декабря 1937 года она осуждена на 10 лет лишения свободы. Постановлением УНКВД по Кызылординской области от 5 октября 1939 года решение бывшей тройки отменено, дело прекращено за отсутствием состава преступления. Она реабилитирована.

БИЛЬЧЕНКО Григорий Амосович — родился в 1907 году в Акмолинской области, украинец, образование неполное среднее, беспартийный, до ареста проживал в Карсакбае, работал рабочим комбината. За антисоветскую контрреволюционную, провокаторскую и вредительскую деятельность арестован и привлечен к уголовной ответственности. Постановлением тройки при ПП ОГПУ от 25 марта 1930 года осужден на 3 года лишения свободы. Он реабилитирован 9 августа 1989 года.


БОЖЕДОМОВ Андрей Стахевич — родился в 1887 году в пос. Кармакчи, беспартийный, единоличник-рыбак, проживал в пос. Кармакчи. Он обвинялся в том, что будучи враждебно настроенным против Советской власти, умышленно игнорировал, не выполнял законов Советской власти, не платил Государству госналогов в течение ряда лет, сознательно не принимал участие в голосовании на выборах в Верховный Совет СССР и Казахской ССР, а также не принимал участие в голосовании выборов в местные советы депутатов трудящихся, заявлял: «пусть данную власть избирает тот, кому она нужна». Дейей школьного возраста не пускал учиться в школу, сыновей допризывного возраста не пускал служить

в Красную Армию, при этом заявлял, что защищать Советскую власть не будем, не брал советский паспорт. Систематически проводил контрреволюционную религиозную пропаганду в пос. Кармакчи среди населения уральцев-старообрядцев, за что Постановлением УНКВД по Кызылординской области от 21 ноября 1939 года он арестован и привлечен к уголовной ответственности по ст. 60-69-73 192 «а» п. 58-10 УК РСФСР.

Постановлением след. части УНКВД по Кызылординской области от 25 января 1940 года следственное дело по обвинению Божедомова Андрея Стахеевича за смертью последнего в тюрьме № 10 г. Кызылорды 5 января 1940 года прекращено.

По заключению прокурора Кызылординской области от 7 августа 1997 года Божедомов А. С. на основании Указа Президиума Верховного Совета СССР от 16 января 1989 года реабилитирован.

БОРЦОВ Александр Маркелович — родился в 1910 году в пос. Суворовский, Забайкальской ж/д. ст. Борзя, русский, беспартийный, образование 7 классов, имеет специальности сапожника, шофера и конторского работника, до ареста проживал в общежитии автобазы при ст. Жусалы, работал кладовщиком отдела технического снабжения автобазы медеплавильного комбината. Он обвиняется в том, что будучи в гор. Дайрене и имея связь с департаментом полиции, дал согласие работать шпионом на территории СССР



в пользу Японии, прибыв в СССР свою принадлежность к шпионской разведке скрыл и для практического осуществления шпионажа устроился в транспортную контору Карсакабайского медеплавильного комбината, доставлял шпионские сведения, за что постановлением Кармакчинского РО НКВД от 13 октября 1937 года Борцов А. М. арестован и привлечен к уголовной ответственности по ст. 58-6 УК РСФСР. Постановлением Комиссии НКВД и Прокурора СССР от 14 января 1938 года Борцов Александр Маркелович осужден к высшей мере наказания — расстрелу. Определением Военного Трибунала ТуркВО от 31 марта 1958 года Постановление Комиссии НКВД и Прокурора СССР от 14 января 1938 года в отношении Борцова А. М. отменено и дело на него прекращено за отсутствием состава преступления. По заключению прокурора Кызылординской области от 30 мая 1997 года Борцов Александр Маркелович на основании Закона Республики Казахстан от 14 апреля 1993 года реабилитирован.

БОКУЕВ Абумуслим — родился в 1915 году в дер. Дасу-Борзой, Чечено-Ингушской АССР, чеченец, образование неполное среднее, беспартийный, до ареста проживал в Кармакчинском районе. За антисоветскую контрреволюционную, провокаторскую и вредительскую деятельность арестован и возбуж-

дено уголовное дело. Приговором Кызылординского областного суда от 13 июня 1945 года уголовное дело прекращено за отсутствием состава преступления. Он реабилитирован 1 декабря 1995 года.

БОКУЕВ Абубакир — родился в 1908 году в дер. Дачу-Борзой, Чечено-Ингушской АССР, чеченец, образование начальное, беспартийный, до ареста проживал в Кармакчинском районе. За антисоветскую, контрреволюционную, провокаторскую и вредительскую деятельность арестован и возбуждено уголовное дело. Приговором Кызылординского областного суда от 13 июня 1945 года уголовное дело прекращено за отсутствием состава преступления. Он реабилитирован 1 декабря 1995 года.

БОРЦОВА Мария Семеновна — родилась в 1898 году на станции Суворовской Багалбатинский отдел, Кубанской области, русская, училась в гор. Харбине, окончила 5 кл. коммерческого училища в 1915 году, беспартийная, до ареста проживала на ст. Джусалы, работала в автобазе медеплавильного комбината диспетчером. Она обвиняется в том, что является завербованной агентом одной из иностранных держав, которой доставляла шпионские сведения. Находясь в разных городах Китая — Харбине, Пекине, Нанкине и др. она, сожительствуя с мужем и зная о связях мужа



с департаментом полиции и его принадлежности к Японской разведке, не только не разоблачила его, как шпиона, но скрыла это от органов следствия, за что постановлением Кармакчинского РО НКВД от 13 октября 1937 года она арестована и привлечена к уголовной ответственности по ст. 58-6 УК РСФСР. Постановлением Особого Совещания НКВД СССР от 16.1-38 года она за контрреволюционную деятельность заключена в ИТЛ сроком на 10 лет. Определением военного трибунала ТуркВО от 10 июля 1956 года Постановление Особого Совещания при НКВД СССР от 16 января 1938 года в отношении Борцовой М. С. отменено и дело о ней производством прекращено за отсутствием состава преступления.

По заключению прокурора Кызылординской области от 19 мая 1997 года Борцова М. С. на основании Указа Президиума Верхов. Совета СССР от 16 января 1993 года реабилитирована.

БӨГЕМБАЕВ Үзак — (туған жылы, күні көрсетілмеген), Кармакчы поселкесінде туған, шаласауатты, 1942 жылы өскер қатарына шақырылып, № 578 атқыштар полкінің құрамында Отан соғысына қатысқан.

1942 жылғы 11 тамызда өскери міндеттен жалтару мақсатында қорқақтық жасап, ұрыс даласындан қашқан. Ұсталған кезінде қаруымен қарсылық жасаған. Осы қылмысы үшін Бөгенбаев тұтқынға алынып, 1942 жылғы 11 тамызда НКВД-ның 208 СД ерекше

бөлімінің қаулысымен ең жоғары жаза-ату жаза-сын қолданып, сапта тұрған жауынгерлердің алдында атылған.

Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 14 сәуірде “Жапшай саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау туралы” Заңының 5 бабы “Г” тармағына сәйкес сот органдарының шешімінсіз аттылығына байланысты Бөтембаев толық ақталған.

БӨЛЕКБАЕВ Алахия (Қанапия) — Қармақшы ауданының № 1 ауылында 1895 жылы туған, негізі кедей шаруа, шала сауатты,



партияда жоқ, 1930 жылғы 19 қарашада Қазақстандағы ОГПУ өкілетті өкілдігі жанындағы үштіктің қаулысымен РСФСР ҚК-ның 58-2 бабымен 10 жылға еңбек түзету лагеріне сотталған, кейінгі кезде Теренөзек атқару комитетінде күзетші болып жұмыс істеген. Теренөзек поселкесі, 1-май көшесі, № 30 үйде тұрған. Бөлекбаев Алахия қарақшылардың көтерілісіне 226 адамның бірі болып

қатысқан, ол 1930 жылдың 19 қарашасында Қазақстандағы ОГПУ өкілетті өкілдігі жанындағы үштіктің қаулысымен РСФСР ҚК-ның 58-2 бабымен 10 жылға еңбек-түзету лагеріне сотталып, жазасын өтеу үшін СССР МВД-ның Қарлағана айдалған, одан 1931 жылдың 15 сәуірінде қашып шығып, Қырғыз, Өзбек, Қазақ ССР-ның территориясында жасырынып жүрген. 1932 жылы ОГПУ прокурорының жолдамасы бойынша Бөлекбаев Алахияның өтейтін жазасы 3 жылға дейін қысқартылған. Іздеу жариялау шараларының арқасында Бөлекбаев Теренөзек поселкесінен табылып ұсталған. Тергеу барысында ол Қарлаған қашқанын мойындамай: «1930 жылы Қарақұм қарақшылар көтерілісіне қатысқаны үшін РСФСР ҚК-ның 58-2 бабымен өзінің туысы Бөлекбаев Алахия сотталды және ол Қарлағта өлген деп, өзін ешқашан сотты болғаным жоқ!», — деп көрсеткен. Бірақ Бөлекбаев Алахияның қылмысты әрекеті куәлардың берген жауабымен, істегі документтермен толық мойнына қойылған. Бөлекбаев Алахияның берген жауабында сотталған оның туысы Бөлекбаев Алахия және ол Қарлағта өлді дегені теріске шығарылған. Қарағанды лагерінің берген документінде Бөлекбаев Алахия Қарлағта жаза мерзімін өтемеген және өлгені туралы тіркелмеген. 1950 жылдың 14 қаңтарында Қызылорда облыстық МВД Басқармасының жедел іздеу бөлімі арқылы Бөлекбаев Алахия ұсталып, қамадан қашқаны үшін РСФСР ҚК-ның 58-14 бабымен қылмысқа тартылған.

Тергеу ісі аяқталып, айыптау қорытындысы 1950 жылдың 3 сәуірінде шығарылған.

Қызылорда облыстық сотының қылмысты істер қарайтын сот коллегиясының 1950 жылғы 21 сәуірдегі ұйғаруымен РСФСР ҚК-ның 58-14 бабымен айыпталған Бөлекбаев Алахияның қылмысты ісі жайлы айыптау қорытындыны бекітпей, бұл істі

қайта тергеу үшін Қызылорда облпрокурорына жолдаған.

Қарақұм қарақшыларының көтерілісіне қатысқан Бөлекбаев және 226 адамды айыптаған архивтік тергеу делосында Бөлекбаев Алахия тіркелмеген, ал Бөлекбаев Алахия тіркелген.

Тергеу ісі 1950 жылдың 11 мамырында аяқталып, айыптау қорытындысы сол жылғы 13 мамырда шығарылған.

Қызылорда облыстық сотының қылмысты істер қарайтын сот коллегиясының 1950 жылғы 4 қазандағы ұйғаруымен айыптау қорытындысы бекітілген. Қызылорда облыстық сотының қылмысты істер қарайтын сот коллегиясының 1950 жылғы 7 қазандағы үкімімен Бөлекбаев Алахияны ҚК-ның 58-14 бабымен айыпты деп тауып, 8 жылға бас бостандық еркінен айыруға, 3 жылға сайлау-сайлану құқын жоюға және мал-мүлкін тәркілеуге сотталған.

Қазақ ССР Жоғарғы сотының қылмысты істер қарайтын сот коллегиясының 1950 жылғы 31 қазандағы ұйғаруымен Қызылорда облыстық сотының 1950 жылғы 7 қазандағы Бөлекбаев Алахия жөніндегі үкімін күшінде қалдырып, шағым арызы нәтижесіз тасталған.

Қазақ ССР прокуроры орынбасарының 1990 жылғы 31 тамыздағы Қазақ ССР Жоғарғы сотының Президиумына жолдаған наразылығы бойынша Қызылорда облыстық сотының 1950 жылғы 7 қазандағы үкімі мен Қазақ ССР Жоғарғы сотының 1950 жылғы 31 қазандағы ұйғаруын бұзып, сотталушы Бөлекбаев жөніндегі қылмысты істі оның әрекетінде қылмыстық белгісі болмағандықтан қысқартуды сұраған.

Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының бөлім бастығының 1996 жылғы 28 ақпандағы қорытындысымен Бөлекбаев Алахия Қазақстан Республикасы 1993 жылғы 14 сәуірдегі Заңының негізінде толық ақталған.

БӨЛЕКБАЕВ Дошанай — Қармақшы ауданының № 3 ауылдық кеңесінде 1906 жылы туған, 1930 жылы қызыл отрядтарға қарсы Жұмағазы қарақшыларының көтерілісіне белсенді қатысқаны үшін үштіктің қаулысымен РСФСР ҚК-ның 58 бабының 2 тармағымен 5 жылға бас бостандық еркінен айыруға сотталған. Ол кейін толық ақталған.

В

ВАШКЕВИЧ Григорий Петрович — родился в 1883 году в Заславском районе Минской области, белорус, малограмотный, беспартийный, до ареста проживал в пос. Кармакчи, работал кузнецом. За антисоветскую контрреволюционную, провокаторскую деятельность арестован и привлечен к уголовной ответственности. Постановлением тройки при УНКВД по Южно-Казахстанской области от 30 декабря 1937 года осужден на 10 лет лишения свободы. Он реабилитирован 13 сентября 1989 года.

ВИНОГРАДОВА Любовь Васильевна — родилась в 1924 году в дер. Карнаевка, Болоновского района,

Саратовской области, русская, образование 5 классов, беспартийная, судима по ст. 162 п. «В» УК РСФСР нарсудом гор. Саратова в марте 1946 года за квартирную кражу на 1,5 года, без определенного места жительства и занятий. Она обвиняется в том, что находясь в лагере заключенных ст. Карамыш, Саратовской области, с целью уклонения от дальнейшего отбывания срока наказания 15 апреля 1947 года совершила побег с места заключения и скрылась. Постановлением Аральского РО МВД от 15 мая 1947 года она была арестована и возбуждено уголовное дело по ст. 58-14 УК РСФСР. Постановлением Аральского РО МВД от 28 июня 1947 года следствие по обвинению Виноградовой Л. В. в преступлении, предусмотренном по ст. 58-14 УК, за недостаточности улики для передачи в суд дело следствием прекращено и из-под стражи освобождена. По заключению прокурора Кызылординской области от 30 апреля 1997 года Виноградова Л. В. на основании Указа Президиума Верховного Совета СССР от 16 января 1989 года реабилитирована.

ВИСАЙТОВ Эдильгирей — родился в 1889 году в селе Дашно-Ведепо, Чечено-Ингушской АССР, чеченец, неграмотный, беспартийный, до ареста проживал в Кармакчинском районе, не работал. За антисоветскую контрреволюционную, провокаторскую агитацию среди чеченцев и вредительскую деятельность арестован и привлечен к уголовной ответственности. Приговором Кызылординского областного суда от 20 августа 1945 года осужден на 10 лет лишения свободы. Он реабилитирован 31 октября 1995 года.

ВИТЯНЬИЙ Константин Андреевич — родился в 1882 году в Винницкой области, украинец, малограмотный, беспартийный, до ареста проживал в пос. Кармакчи, работал плотником. За антисоветскую контрреволюционную, провокаторскую и вредительскую деятельность арестован и привлечен к уголовной ответственности. Постановлением тройки при УНКВД по Южно-Казакстанской области от 30 декабря 1937 года осужден на 10 лет лишения свободы. Он реабилитирован 2 августа 1989 года.

Д

ДАВИЛИН Иосиф Прокофьевич — родился в 1886 году в пос. Кармакчи, русский, малограмотный, беспартийный, до ареста проживал там же. За антисоветскую контрреволюционную, провокаторскую агитацию среди населения и подрывно-вредительскую деятельность арестован и привлечен к уголовной ответственности. Постановлением тройки при УНКВД по Южно-Казакстанской области от 15 сентября 1937 года осужден к высшей мере наказания — расстрелу. Он реабилитирован 8 августа 1989 года.

ДЕРБЫШЕВ Семен Евсеевич — родился в 1895 году в селе Леузы, Верх-Кигинского района, БАССР, русский, гражданин СССР, грамотный, беспартийный, до ареста проживал на ст. Джусалы, работал кузне-

цом службы пути 12-й дистанции.


Служил в белой армии с 1919 по 1920 год у Колчака добровольцем. Он являлся участником фашистской, шпионско-диверсионной, террористической организации. Находясь на КВЖД до 1935 года вел провокаторскую деятельность, выдавал японо-манчжурским властям революционно настроенных советских граждан и активных участников нелегальных профсоюзных организаций. В 1935 году был завербован в качестве агента японских разведорганов и в этом же году переброшен на территорию СССР со специальными заданиями по шпионско-диверсионной работе. В 1935 году на ст. Джусалы он установил связь с резидентом японской разведки Козловым, через которого вошел в шпионско-диверсионную группу, существовавшую на ст. Джусалы. Работая кузнецом 12-й дистанции пути на ст. Джусалы по заданию японских разведорганов проводил подрывную диверсионную работу, вредительски производил ремонт путевого инструмента. В 1935—36 г. г. с целью организации крушения поездов во время ремонта стрелочных переводов укоротил стрелочные тяги. В 1937 году подготовлял крушение воинского поезда, для этого вложил в крестовину куски железа, крушение было предотвращено дежурным стрелочником. Систематически среди железнодорожников и местного населения проводил контрреволюционную агитацию против мероприятий партии и советской власти, за что он постановлением ДТО ГУГБ НКВД Оренбургской ж/д от 14 сентября 1937 года арестован и привлечен к уголовной ответственности пост. 58-4, 6, 9, 11 УК РСФСР. Постановлением Комиссий НКВД и Прокурора СССР от 25 декабря 1937 года Дербышев Семен Евсеевич осужден к высшей мере наказания — расстрелу.

Определением военного трибунала Белорусского Военного Округа от 15 октября 1957 года Постановлением комиссии НКВД и Прокурора СССР от 25 декабря 1937 года в отношении Дербышева Семена Евсеевича отменено и дело о нем прекращено за отсутствием состава преступления.

Дербышев С. Е. реабилитирован посмертно.

ДЕРЕЛЯК Терентий Иосифович — родился в 1884 году в пос. Юридовка, Головановской волости, Казанец-Подольской губернии, русский, гражданин СССР, малограмотный, беспартийный, до ареста проживал на ст. Джусалы, работал мостовым слесарем 12 дист. службы пути.

По обвинительному заключению он являлся участником шпионско-диверсионной, террористической организации, агентом японской разведки. В 1935 году проживал в гор. Харбине, был завербован белоэмигрантом Щербина в качестве агента японских разведорганов. В 1935 году был переброшен японской



разведкой на территорию СССР для шпионской, диверсионной работы. В том же году установил связь с резидентом японской разведки Бутаковым А. Г., через которого вошел в состав шпионской диверсионной группы существовавшей на ст. Казалинск. С 1935 года по день ареста он собрал и передал через Бутакова японской разведке ряд шпионских сведений, в частности о наличии на дистанции пути ж/д-ных мостов, их состоянии, о количестве штатных единиц в дистанции пути с разбивкой на категории, о промышленном значении медно-плавильного Карсакбайского комбината, о настроении населения. В целях разрушения ж/д мостов умышленно затягивал устранение образовавшихся трещин в мостовых брусьях, затягивал проверку правильности уложенных мостовых катков и их очистку. Путевое скрепление на мостах: болты, костыли, накладки содержал в хаотическом состоянии. На военное время имел задание взорвать мост через реку Сырдария, за что он постановлением ОДТО ГУГБ НКВД ст. Казалинск от 9 октября 1937 года арестован и привлечен к уголовной ответственности по ст. ст. 58-4, 6, 9, 11 УК РСФСР.

Постановлением Комиссий НКВД и Прокурора СССР от 25 декабря 1937 года Дереляк Терентий Иосифович осужден к высшей мере наказания — расстрелу.

Определением Военного Трибунала Приволжского Военного Округа от 8 апреля 1958 года Постановлением Комиссии НКВД и Прокурора СССР от 25 декабря 1937 года в отношении Дереляк Т. И. отменено и дело о нем прекращено за отсутствием состава преступления.

Протест военного прокурора ПриВО удовлетворен. Дереляк Т. И. реабилитирован посмертно.

ДИМИТРИЕВ Александр Иванович — родился в 1878 году в селе Пискали, Ставропольского края, русский, грамотный, беспартийный, до ареста проживал в пос. Кармакчи, был служителем культа. За антисоветскую, контрреволюционную, религиозную агитацию среди населения и подрывно-вредительскую деятельность арестован и привлечен к уголовной ответственности. Постановлением тройки при УНКВД по Южно-Казахстанской области от 25 декабря 1937 года осужден на 10 лет лишения свободы. Он реабилитирован 22 января 1996 года.

ДОБРИН Ефим Иванович — родился в 1884 году в пос. Кармакчи, русский, малограмотный, беспартийный, до ареста проживал там же. За антисоветскую контрреволюционную, провокаторскую агитацию и вредительскую деятельность арестован и привлечен к уголовной ответственности. Приговором Кызылординского областного суда от 21 ноября 1939 года осужден на 10 лет лишения свободы. Он реабилитирован 22 января 1996 года.

ДОСОВ Экен Бектайұлы — Кармакшы ауданы, «1 Май» колхозында 1918 жылы туған, медицина қызметінің лейтенанты, жоғары білімді, БК(б)П мүшесі, Қармакшы АӘК арқылы 1939 жылы әскерге алынып, 141 Қызылтулы Киев атқыштар дивизиясы 19 гвардиялық полк құрамында фельдшер ретінде соғысқа қатысқан. Жауға еріксіз тұтқын болып, 1942 жылғы 11 қазанда КГБ қолына түскен, қамауға алы-

нып, тергеу жұмыстары жүргізілген. Бірақ Ұлттық қауіпсіздік комитеті облыстық Басқармасының архивінде оның сотталғаны жайлы материалдар жоқ. «Боздақтар» естелік кітабының үшінші томында (38 бетте) Досов Экен Бектайұлы 1944 жылғы 21 шілдеде қаза тауып, ұрыс даласында жерленді деп жазылған.

ДУБОВ Григорий Алексеевич — родился в 1902 году в селе Ромадановка, Уфимской области, русский, образование средне-специальное, беспартийный, до ареста проживал в пос. Кармакчи, работал ветфельдшером РайЗО. За антисоветскую контрреволюционную, провокаторскую агитацию пораженческого характера и подрывно-вредительскую деятельность арестован и привлечен к уголовной ответственности. Приговором Кызылординского областного суда от 15 августа 1942 года осужден на 10 лет лишения свободы. Он реабилитирован 10 января 1967 года.

Г

ГАГАЕВ Ваха — родился в 1910 году в Чечено-Ингушской АССР, чеченец, образование начальное, беспартийный, до ареста проживал в пос. Кармакчи, работал в мехзаводе. За антисоветскую контрреволюционную и вредительскую деятельность арестован и привлечен к уголовной ответственности. Решением Особого Сопсования при МВД СССР от 27 марта 1947 года осужден на 5 лет лишения свободы. Он реабилитирован 9 августа 1989 года.

ГЕЙДАРОВ Люфтей — родился в 1899 году в селе Хивешан, Грузинской ССР, азербайджанец, образование начальное, беспартийный, до ареста проживал в Кармакчинском районе. За антисоветскую контрреволюционную, провокаторскую агитацию среди населения и вредительскую работу арестован и привлечен к уголовной ответственности. Приговором Кызылординского областного суда в 1951 году осужден на 10 лет лишения свободы. Он реабилитирован Генеральной прокуратурой 28 сентября 1995 года.

Е

ЕЛДЕСОВ Жақып — Қармакшы ауданында 1902 жылы туған, білімі бастауыш, партияда жоқ, қамауға алынғанға дейін № 3 разьеде тұрған, темір жолда жұмысшы болып істеген. Кенес үкіметіне қарсы контрреволюциялық үгіт жүргізген, темір жол бойында жауыздық, зиянқестік әрекеттер жасағаны үшін айып тағылып, тұтқынға алынған. Өзбек ССР-і НКВД жанындағы үштіктің 1937 жылғы 9 желтоқсандағы қаулысымен 8 жылға бас бостандық еркінен айыруға сотталған. Ол 1989 жылғы 9 тамызда толық ақталған.

ЕЛЕМЕСОВ Бұқай (Бақай) — Қармақшы ауданының № 5 ауылы, «Бидайкөл» колхозында 1912 жылы туған, негізі кедейшаруа, білімі орта, партияды жоқ, бұрын сотталған, қамауға алынғанға дейін Жалағаш ет кеңшарында экспедитор болып жұмыс істеген, үйленген, әйелі — Торша, баласы — Болатбек, «Бидай-көл» колхозында тұрған.

Елемесов Б. 1933—1935

жылдары контрреволюциялық ұлтшылдық элементтермен, оның ішінде «халық жауы» Жүргеновпен тығыз байланыс жасап, олардың ықпалымен Жаңақорған ауданының территориясында кеңес үкіметіне қарсы жұмыстар жүргізген. 1935 жылы Жүргеновтің жіберуімен Үржар ауданына жұмысқа келіп, контрреволюциялық-ұлтшылдық ұйымға кірген. Осы ауданда «Науалы» орта мектебінің директоры болып тұрып, халық ағарту саласында жауыздық зиянкестік жұмыстар жүргізіп, колхозшылар арасында кеңес үкіметіне қарсы үгіт таратқан. Осы ұйымға белсенді түрде қатысқаны үшін Елемесов Бұқай 1937 жылдың 16 қыркүйегінде Алматы облыстық НКВД Басқармасының қаулысымен тұтқынға алынған. 1937 жылдың 7 желтоқсанында Алматы облыстық НКВД Басқармасының жанындағы үштіктің қаулысымен РСФСР ҚК-ның 58 бабының 7, 10, 11 тармақтарымен 10 жылға бас бостандық еркінен айыруға сотталған.

Б. Елемесов жазасын толық өтеп, 1947 жылғы 16 қыркүйекте ИТЛ (лагері «АИ» № 1 МВД) қамаудан босанып шыққан.

Қызылорда облыстық МГБ Басқармасының 1949 жылғы 18 қаңтардағы қаулысымен Елемесов Бұқай (Бақай) тұтқынға алынып, РСФСР ҚК-ның 58 бабының 7, 10-1, 11 тармақтарымен қылмыстық іс қозғалған.


Тергеу ісі 1949 жылғы 24 ақпанда аяқталып, айыптау қорытындысы 25 ақпанда Қызылорда қаласында шығарылған, оны Қызылорда облыстық МГБ Басқармасының бастығы 2 наурызда бекіткен.

Қазақ ССР МГБ-ның тергеу бөлімінің 1949 жылғы 21 сәуірдегі қорытындысы бойынша Б. Елемесовты айыптаған тергеу ісін Қазақ ССР Прокурорының келісімімен СССР МГБ-ның жанындағы Ерекше мәжілісінің қарауына жіберілген.

СССР МГБ-ның жанындағы Ерекше Мәжілісінің 1949 жылғы 20 шілдедегі қаулысымен Елемесов Бұқай (Бақай) Краснояр өлкесіне жер аударылған (мерзімі көрсетілмеген). Ол Краснояр өлкесі, Енисей ауданы, Зырянқа поселкесінде тұрған.

Қызылорда облыстық прокуроры орынбасарының 1989 жылғы 22 мамырдағы қорытындысымен Елемесов Бұқай (Бақай) СССР Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1989 жылғы 16 қаңтардағы жарлығының негізінде толық ақталған.

ЕРДӘУЛЕТОВ Батырбек — Қармақшы ауданының № 9 ауылы, «Көктөбе» колхозында 1893 жылы ту-



ған, бай-атқамінердің баласы, шала сауатты, 1939 жылдан 1945 жылға дейін БК(б)П мүшесі болған, осы іске байланысты партия қатарынан шығарылған, қамауға алынғанға дейін № 9 ауылдық кеңесі, «Көктөбе» колхозының төрағасы болып жұмыс істеген, бұрын сотты болмаған, үйленген, әйелі — Қанбибі, балалары — Орынтай, Шынығұл, Шөруан, Кенесбай, Кенбейлі.

Ердаулетов Батырбек — «Көктөбе» колхозының төрағасы болып жұмыс істеп жүргенде кеңес өкіметіне қарсы колхоздың экономикалық қуатын әлсіретуге бағытталған жауыздық-зиянкестік жұмыстар жүргізген. Ол 1933 жылы өзінің туыстарымен бірге СССР шекарасынан жасырын түрде Ауғанстанға өтіп кетпекші болған, бірақ ол шекарадан өте алмаған, ал туыстары Ауғанстанға өтіп кеткен. Ердаулетов Батырбек Кеңес құрылысына қастандық пиғылда болып, Отан соғысы кезінде тұрғындар арасында кеңес Үкіметіне қарсы үгіт жүргізіп, колхоз құрылысына жала жауып, «Алдағы уақытта кеңес құрылысы өзгереді, колхоздар жойылады-мыс», — деп сөуегейлік сөздер айтқан. Сонымен бірге ол «Көктөбе» колхозының төрағасы болып тұрып, колхозда еңбек тәртібін әлсіретуге, егіс өнімділігін азайтуға, колхоз малын, астығын және қаржысын талан-таражға салу жолымен колхозды құлатуға бағытталған қылмыстық жұмыстар жүргізген.

1942 жылғы жаз айында колхоздың мал фермесінде Ердаулетов бір колхозшыға: «Германия Кеңес Одағын жеңген күннен бастап ешқандай колхоз болмайды, колхоздың барлық малы колхозшыларға таратылып беріледі», — деген. 1944 жылдың қаңтар айында Ердаулетов бірнеше колхозшылардың қатысуында: «Германия ең күшті және бай ел. Қызыл Армия қыстың күні жеңгенімен, жазда немістер шабуылға шығады. Германия СССР-ды жеңеді, сонда колхоз болмайды, мал колхозшыларға таратылып беріледі», — деген. 1945 жылғы көктемгі егіс науқаны кезінде Ердаулетов жарамсыз жерге 24 гектар бидай еккен, ақырында бидай шықпай қалып, колхозға қыруар зиян келтірген. 1944 жылы ол қасақана шөп дайындау жоспарын орындамаған. Бірақ ол ауданның партия, кеңес органдарына шөп дайындау жоспары толық орындалғаны жайлы өтірік ақпар берген. Соның салдарынан мал азығының болмауынан 32 бас қой мен ешкі өлім-жітімге ұшыраған. 1944 жылдың қараша айында Ердаулетов қойшыларға әдейі 20 бас қойдың жүнін қыс айында қырықтырған, содан ол қойлар суықтан үсіп өлген. Бұдан басқа Ердаулетов колхоз фермасынан 112 бас қой мен ешкіні, 8 бас ірі қараны, бір жылқыны ұрлап, талан-таражға салған.

Тағы да Ердаулетов колхоздың ақшасын және көшіп келген шешендерге беруге қойылған 325 кг ұнды, 3,5 кг жарманы ұрлап, өзі пайдаланған, аштықтан әлсіреу салдарынан 24 шешен өлген.

Ердаулетовтің осындай қылмысты істері колхозшылардың ыза-кегіні тудырған, соның салдарынан 1943—45 жылдардың ішінде колхоздан 19 үй қожалығы көшіп кеткені үшін айып тағылған.

Ердаулетов Батырбек Қызылорда облыстық НКГБ басқармасының 1945 жылғы 4 қыркүйектегі қаулысымен тұтқынға алынып, РСФСР ҚК-ның 58 ба-

бының және үкіметтің 1938 жылғы 7 тамыздағы заңының 10 тармағының 2 бөлімімен қылмыстық іс қозғалған.

Тергеу ісі 1946 жылғы 9 қаңтар күні аяқталып, айыптау қорытындысы 9 қаңтарда шығарылған, оны Қызылорда облыстық НКГВ басқармасы бастығының орынбасары 9 қаңтарда, облпрокурордың орынбасары 10 қаңтарда, Қызылорда облыстық соттың қылмысты істер қарайтын сот коллегиясының дайындау мәжілісінің 16 қаңтардағы ұйғаруымен бекіткен.

Қызылорда облыстық сотының қылмысты істер қарайтын көшпелі сессиясының 1946 жылғы 25, 26, 27 қаңтардағы үкімімен айыпкер Ердеулетов Батырбек 10 жылға бас бостандық еркінен айыруға, жазасын толық өтегеннен кейін 5 жылға саяси құқын жоюға, мал-мүлкін төркілеуге сотталған.

Қазақ ССР Жоғарғы сотының қылмысты істер қарайтын сот коллегиясының ұйғаруымен Қызылорда облсотының 1946 жылғы 27 қаңтардағы үкімін күшінде қалдырып, шағым арызды нәтижесіз тастаған.

Қазақ ССР Жоғарғы сотының Президиумының 1989 жылғы 6 қаңтардағы қаулысымен Қызылорда облыстық сотының 1946 жылғы 27 қаңтардағы Ердеулетов Батырбек жөніндегі үкімі мен Қазақ ССР Жоғарғы сотының қылмыстық істер қарайтын сот коллегиясының 1946 жылғы 13 наурыздағы ұйғаруын бұзып, қылмыстық істі оның әрекеттерінде қылмыс сипаты болмағандықтан қысқартқан.

Қазақ ССР прокурорының наразылығы қанағаттандырылған.

ЕРКЕБАЕВ Баймахан — Қармақшы ауданының № 16 ауылы, «Еңбекші» колхозында 1874 жылы туған, ірі бай-молданың баласы, өзі де бай-молда болған, 2 жалшы ұстаған, 4 жылдық діни медресені бітірген, партияда жоқ, 1930 жылы мал-мүлкі төркіленіп, құлақтар лагеріне жер аударуға сотталған, одан қашып Қарақұмдағы қарақшыларға қосылған, одан ауылына 1934 жылы оралған, үйленген, әйелі — Зағира, қызы — Исхали.

Еркебаев Баймахан 1930 жылы Қарақұмда қолына қару алып, Кеңес Үкіметіне қарсы күрескен. 1934 жылы ауылына қайтып келіп, Еркебаев жұртшылық арасында ашықтан-ашық контрреволюциялық, жеңілістік және ұлтшылдық үгіт жүргізген. 1937 жылдың тамыз айында ол: «1937 жылы қазақтардың барлығына зобалаң туады. Қазірдің өзінде кеңес Үкіметі жаппай тұтқындауды жүргізіп жатыр, тек қана кейінгі күндердің өзінде ғана 2448 адам тұтқынға алынды. Халық жаулары Құлымбетовтің, Жүргеновтің т. б. тұтқынға алынғандарын естіген бойда Еркебаев қазақтың зиялы адамдарын, қызметкерлерін тұтқынға алды, Құлымбетовты тұтқынға алғанда оны — Жапонияның шпионы деп жазған, бұл дұрыс емес, халық оған сенбейді, бұл көзбояушылық» — деген. «Еркебаев еңбесіз табыспен күн көріп, жұртшылықтан діни салт-дәстүрді жүргізгені үшін алым алып отырған», — деп айып тағылып, Еркебаев Баймахан Қармақшы аудандық НКВД бөлімінің 1937 жылдың 27 қазанындағы қаулысымен тұтқынға алынып, қылмыстық іс қозғалған.

Оңтүстік Қазақстан облыстық НКВД Басқармасы жанындағы үштіктің 1937 жылғы 28 қарашадағы қаулысымен Еркебаев Баймахан ең жоғары жаза — ату жазасына сотталған, жеке мүлкі төркіленген. Бұл үкім 1937 жылдың 19 желтоқсан күні сағат 24-те орындалған.

Қызылорда облпрокуроры орынбасарының 1989 жылғы 22 мамырдағы қорытындысымен Еркебаев Баймахан СССР Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1989 жылғы 16 қаңтардағы жарлығының негізінде толық ақталған.

ЕРНИЯЗОВ Айдәуірат — Қармақшы ауданында 1906 жылы туған, білімі орталау, партияда жоқ, қамауға алынғанға дейін Қызылорда қаласында тұрған, жұмыс істемеген. Оған кеңес үкіметіне қарсы контрреволюциялық үгіт жүргізген, үкімет пен партияның саясатына қарсы болып, әртүрлі зиянкестік әрекеттер жасаған деп айып тағылып, тұтқынға алынған. Оңтүстік Қазақстан облыстық НКВД Басқармасының жанындағы үштіктің 1937 жылғы 28 қарашадағы қаулысымен 10 жылға бас бостандық еркінен айыруға сотталған. Ол 1966 жылғы 19 қарашада ақталған.


ЕСЕНОВ (Есімов) Бағдәулет — Қармақшы ауданының № 9 ауылында 1896 жылы туған, білімі бастауыш, партияда жоқ, «Қызыл әскер» колхозы төрағасының орынбасары болып жұмыс істеген. Оған кеңес үкіметіне қарсы ұлтшылдық ұйымның мүшесі, соның тапсырмасымен колхозда жауыздық жұмыстар жүргізген деп айып тағылып, Қармақшы аудандық НКВД бөлімінің 1937 жылғы 17 тамыздағы қаулысымен тұтқынға алынып, РСФСР ҚК-ның 58 бабының 2, 7, 11 тармақтарымен қылмыстық іс қозғалған. Қармақшы аудандық НКВД бөлімінің 1938 жылғы 2 желтоқсандағы қаулысымен Есенов Бағдәулетке тағылған айып анықталмағандықтан тергеу ісі өндірістен қысқартылып, қамаудан босатылған. Қызылорда облыстық прокурордың 1997 жылғы 12 мамырдағы қорытындысымен Б. Есенов СССР Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1989 жылғы 16 қаңтардағы жарлығының негізінде толық ақталған.

ЕШМҰРАТОВ Қыстаубай — Қармақшы ауданының № 20 ауылында 1890 (1900) жылы туған, әлеуметтік

негізі — шаруа, шала сауатты, партияда жоқ, бұрын сотты болмаған, үйленген, қамауға алынғанға дейін № 9 ауылдық кеңестің төрағасы болып қызмет атқарған.

Ешмұратов Қыстаубай Қармақшы ауданында ашылған кеңес үкіметіне қарсы контрреволюциялық, ұлтшылдық ұйымға белсенді түрде қатысқан. Бұл ұйымға ол ұйым жетекшілерінің бірі Қарлыбаев Абрай арқылы 1935 жылдың тамыз айында тартылып, одан ауыл

шаруашылығында зиянкестік-бүліншілік жұмыстар жүргізуге тапсырмалар алған. Ешмұратов № 9 ауыл-



дық кеңестің төрағасы болып қызмет атқарып жүріп, ұйымның тапсырмасымен 1937 жылы № 9 ауылға қарасты колхоздардың егіс арықтарын тазалауды әдейі ұзаққа созған, соның салдарынан 90 гектар күріштік сусыз қалған.

Сонымен қатар Ешмұратов Қыстаубай малды қырып-жою үшін үгіт жүргізген, соның салдарынан 1937 жылы 20 бас қой шығынға ұшыраған. Сол жылы «Ақбел» колхозына 25 гектар себілген күріштікке су жібермендер деп зиянкестік тапсырма берген, содан ол егіс шықпай қалған. Ешмұратов Қыстаубай кеңес үкіметіне қарсы контрреволюциялық ұлтшылдық, террорлық ұйымға қатысушылар Ұзақбаев Токсейітті, Пірімбетов Шамшитті, Байназаров Әбенді және басқаларды террорлық жолға түсірген. № 24 ауылдық кеңестің бұрынғы төрағасы Әлменов Төремұратты өлтіруге әрекет жасағандарды біле тұра оларға уақытында шара көрмегені үшін айып тағылып, Ешмұратов Қыстаубай Қармақшы аудандық НКВД бөлімінің 1938 жылғы 22 сәуірдегі қаулысымен тұтқынға алынып, РСФСР ҚК-ның 58 бабының 2, 11 тармақтарымен қылмыстық іс қозғалған.

Тергеу ісі аяқталып, айыптау қорытындысы 1939 жылдың 8 сәуірінде шығарылып, оны облыстық прокурор сол жылғы 11 сәуірде бекіткен.

Қызылорда облыстық сотының көшпелі сессиясының 1939 жылғы 25 сәуірдегі үкімімен Ешмұратов Қыстаубай 5 жылға бас бостандық еркінен айыруға, 2 жылға сайлау-сайлану құқын жоюға сотталған.

Қазақ ССР Прокурорының бірінші орынбасарының Ешмұратов Қыстаубайдың ісі жөнінде Қазақ ССР Жоғарғы сотының қылмысты істер қарайтын сот коллегиясына 1990 жылғы 15 ақпанда жолдаған наразылығы бойынша Қызылорда облыстық сотының 1939 жылғы 25 сәуірдегі Ешмұратов Қыстаубай жөніндегі үкімін бұзуды, істі оның әрекетінде қылмыс құрамы болмағандықтан қысқартуды сұраған. Ол толық ақталған.

Ж

ЖАМАНҚҰЛОВ Есхан — Қармақшы ауданының № 5 «Бозарқаш» ауылдық кеңесіне қарасты «Жаңажол» колхозында 1893 жылы туған, сауатсыз, партияда жок, бұрын сотты болмаған, «Жаңажол» колхозының темір ұстасы болып жұмыс істеген, үйленген, 6 жаны бар.

Жаманқұлов Есхан 1930 жылға дейін сыр бойында Қызылқұмда көшіп жүрген, 1930 жылы Қазалы ауданы 18-ауылға қарасты «Баймұрат» колхозына кіріп, онда 1933 жылға дейін болып, 1933 жылы Қармақшы ауданындағы өзінің туған жері «Жаңажол» колхозына көшіп келген. Осы колхозта темір ұстасы болып жұмыс істеп жүргенде 1941 жылдың 8 тамызында колхозшылар арасында Герман фашистерімен Кеңес Одағының арасында болып жатқан соғыс жайлы өңгімелер қозғап: «Германия фашистері Кеңестер Одағының көп жерлерін басып алды, енді Мәскеу мен Ленинградты алады,

тез арада біздің отырған жерімізге де келеді, қызыл Армияға кеткендерден хат келмей жатыр, олар соғыста жүріп қырылып қалған. Кеңес үкіметі күзге қарсы астықты жинап алып, колхозшыларға еш нәрсе қалдырмайды», — деп халықтың арасында үрейлі дабыл туғызатын контрреволюциялық өтірік өсектер таратқан. 1930 жылдары ол Қаракұмда ұйымдасқан қарақшыларға белсенді қатынасып, соларға мылтық, тағы сол сияқты құралдар жасап беріп отырғаны үшін айып тағылып, Жаманқұлов Есхан Қармақшы аудандық прокурорының 1941 жылғы 25 тамыздағы қаулысымен тұтқынға алынып, РСФСР ҚК-ның 58 бабының 10 тармағы 2 бөлімімен және СССР Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1941 жылғы 6 шілдедегі жарлығы бойынша қылмыстық іс қозғалған.

Тергеу ісі 1941 жылғы 25 қазанда аяқталып, айыптау қорытындысы сол күні шығарылған. Оны Қызылорда облыстық прокуроры 8 қарашадағы қаулысымен және Қызылорда облыстық сотының қылмысты істер қарайтын сот коллегиясының дайындау мәжілісінің 21 қарашадағы ұйғаруымен бекіткен. Қызылорда облыстық сотының көшпелі сессиясының 1941 жылғы 10 желтоқсандағы үкімімен айыпкер Жаманқұлов Есхан 10 жылға бас бостандық еркінен айыруға және негізгі жазасын өтегеннен кейін 5 жылға сайлау-сайлану құқын жоюға сотталған.

Қазақ ССР Жоғарғы сотының қылмысты істер қарайтын сот коллегиясының 1942 жылғы 9 қаңтардағы ұйғаруымен бұл іс бойынша шығарылған Қызылорда облыстық сотының үкімін күшінде қалдырып, сотталушының шағым арызын аяқсыз тастаған. Қазақ ССР прокуроры орынбасарының Е. Жаманқұловтың ісі жөнінде Қазақ ССР Жоғарғы сотының Президиумына 1990 жылғы 24 тамызда жолдаған наразылығы бойынша Жаманқұлов Есхан туралы шығарылған Қызылорда облыстық сотының 1941 жылғы желтоқсан айының 10 күнгі үкімін және Қазақ ССР Жоғарғы сотының қылмысты істер қарайтын сот коллегиясының 1942 жылғы қаңтар айының 9 күнгі ұйғаруын бұзуды, істі оның әрекетінде қылмыс құрамы болмағандықтан қысқартуды сұраған.

Анықтама

Берілді аудандық прокурор Лаңбаевқа, себебі «Жаңажол» колхозының мүшесі Жаманқұлов Есхан деген 1925-26-27 жылдары Қаракұмда болған. 1928-29-30 жылдары Қызылқұмда болған, яғни Ақмырзаның көтерілісіне қатысып, оларға ұсталық еткен. 1935 жылдан бермен қарай «Жаңажол» колхозына мүше болып келеді, сондықтан анықтама берілді.

Бозарқаш ауылдық кеңесі атқару комитетінің пред:

(ЖҮСІПБАЕВ)
секретары:
(ЕРЛЕПЕСОВ).

28/VIII-1941 ж.

ЖАМАНҚӨЗЕВ Мамыр — Торғай облысы Ырғыз ауданының «Мамыр» деген жерінде 1885 жылы ту-

ған, кейін Қармақшы ауданының № 5 ауылында тұрған, руы Қожагелді, бай болған, сауатты, партияда жок, революцияға дейін 10 жылдай болыстың писары болған, кеңес өкіметі тұсында саудамен айналысқан, КазЦИК-тің 1928 жылғы 27 тамыздағы декретіне байланысты оның мал-мүлкі тәркіленіп, өзі Адай округіне жер аударылған, екі әйелі болған. Жаманкөзов Мамыр Қармақшы ауданының № 5 ауылында революцияға дейін көп жылдар бойы болыстың писары болып тұрып, болыстың сауатсыздығын пайдаланып, Жаманкөзов болыстың қызметін атқарған, осының арқасында айла-шарғы тәсілдерімен қысқа уақыттың ішінде ірі бай болып шыққан.

1916 жылы қазақ жұртшылығы арасынан тылдағы жұмысқа жұмысшылар алу кезінде ол байларды қорғап, тылдағы жұмысқа негізінен кедейлерді жіберіп, оның бұйрығына бағынбағандарды ұрып-соғып жазалаған, байлардың балаларын тылдағы жұмыстан босатқан. Патша үкіметіне берілгендігі және өзінің әрекеттері үшін оған сыйлық ретінде «За усердие» деген жазуы бар алтын медальмен марапатталған. Кеңес өкіметі орнағаннан кейін ол бірнеше жылдар бойы кедейлерді қанап, оларды қорлап келген. Тұрғындар арасында Жаманкөзов ру араздығын тудырып, ұлттық-тұрмыстық жағдайды төменгі кеңес аппаратын басып алу үшін пайдаланған. Кеңестерге сайлау науқаны болған кезде ауылдық кеңес пен болыстық атқару комитетінің құрамына өзінің адамдарын топтасқан күрес жолымен ендіруге бірнеше рет қолы жеткен, соның нәтижесінде ауылдарда кеңес құрылысына кедергі жасаған, бұл аппаратта байлардың қойған адамдары өкіметтің барлық шараларын ауылдағы буржуазия элементтерінің пайдасына жұмсаған.

1925 жылы сайлау науқаны кезінде осындай жолмен өзінің адамы Бітегенов пен Базаровты тыққан, Базаров болыстық атқару комитеті төрағасының орынбасары қызметіне орналасқан, кейінгі сайлауда байларды қорғағаны үшін құрамынан шығарылған. 1926 жылы ол кедейлерді өзінің ырқына көндіріп, тобына қосып алған, ауылдық кеңеске өзінің адамы Бітегеновті өткізген, өзінің «еңбегі» үшін ол одан 100 сом пара алған.

1927 жылы ауылдық кеңеске өзінің туысы Оңалбаевты өткізу үшін делегаттарды үгіттеп, оларға «сыйлық беремін» деп уәде берген, бірақ кедейлердің таптық сана сезімі оянып, оны ауылдық кеңеске өткізбеген. Сол жылы кеңестердің болыстық съезінде ол дауыс беру құқынан айырылған болатын, топтасқан күрес жүргізіп, соның салдарынан съезд екі топқа бөлінген, оның бір тобын — 200 үй иелерін Жаманкөзов басқарған. Жаманкөзовтің әрекеттері «Советская степь» газетінде әшкереленуіне байланысты ол газеттің селолық тілшісі Оразбаевты өлтіруге дайындық жүргізген, бірақ жергілікті өкімет органы арқылы астыртын әрекеттер кезінде тоқтатылған.

Жаманкөзов «Түркістан өлкесін жақын арада Англия басып алады», «оңшылдар» жеңетін болса, онда БК(б)П сөзсіз тарайды, онда буржуазия элементтері «бостандықта өмір сүреді» — деп контрреволюциялық үгіт таратқаны, үшін айып тағылып, Жаманкө-

зов Мамыр Қазақстандағы ОГПУ өкілетті өкілдігі Шығыс бөлімінің 1929 жылғы 5 қаңтардағы қаулысымен тұтқынға алынып, РСФСР ҚК-ның 58 бабының 8, 11 тармақтарымен, 169 бабтың 11-бөлімімен, 173 бабтың 11-бөлімімен және 174 бабпен қылмыстық іс қозғалған.

Тергеу ісі 1929 жылдың 3 сәуірінде аяқталып, айыптау қорытындысы шығарылған.

ОГПУ коллегиясының жанындағы Ерекше мәжілісінің 1929 жылғы 14 маусымдағы қаулысымен Жаманкөзов Мамыр Қазақстаннан тыс жерге 3 жылға жер аударылған.

Письмо-телеграмма, Москва Коллегию ОГПУ, уполномоченному.

Письмо-телеграмма Москва, два адреса; Коллегию ОГПУ, копия прокурору Крыленко. Прошу сообщить положение моего дела по обвинению в преступлениях, пред-усмотренных разными статьями уголовного кодекса точка Все имущество оставшееся конфискации находится Кармакчи прежнего моего жительства я единственный кормилец арестованная моя семья находится чужом не знакомом месте без всякого достоинства существования обречены голодную смерть точка кроме того наступает зима где я должен заготовить семье пропитание хлеба чего лишена арестом более 5 месяцев точка надеюсь что вы не допустите гибели целого семейства голоду прошу освободить поруки местных жителей чтобы дать возможность добыть хлеб дальнейшего существования личным трудом Адрес УИЛ Домзак Казахстана Джаманкузов

31/8-29 г. из Уила.

Қызылорда облыстық прокурорының міндетін атқарушының 1994 жылғы 11 наурыздағы қорытындысымен Жаманкөзов мамыр СССР Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1989 жылғы 16 қаңтардағы жарлығының негізінде толық ақталған.

ЖАНАЗАРОВ Татабай Қармақшы ауданында 1882 жылы туған, сауатсыз, партияда жок, қамауға алынғанға дейін Қармақшы поселкесінде тұрған, жұмыс істемеген. Оған кеңес үкіметіне қарсы контрреволюциялық, ұлтшылдық үгіт жүргізген, өртүрлі зиянкестік әрекеттер жасаған деп айып тағылып, қылмыстық іс қозғалған. НКВД жанындағы Ерекше мәжілісінің 1940 жылғы 22 маусымдағы үкімімен 5 жылға бас бостандық еркінен айыруға сотталған. Ол 1989 жылғы 7 тамызда толық ақталған.

ЖАНБӨЛҒАНОВ Төребек Қармақшы ауданы территориясында 1916 жылы туған, білімі орта, паровоз машинистерін өзірлейтін курсті оқып бітірген, аудандық баспаханада өріп теруші, механикалық зауытта жұмысшы, аудандық комсомол комитетінің бөлім меңгерушісі, БЛКЖО мүшесі.

Қармақшы аудандық НКВД бөлімі оны 1938 жылғы 19 маусымда «халық жауы» ретінде тұтқынға

алып, Тұрмағамбет Ізтілеуұлымен бірге қамаған. Түрмеде отырған кезде Төрбек Жанболғанов жайлы бір әзіл өңгіме елге жайылған. Ол: «Ойпырмай, бұл түрмеден қалай шығар екенбіз?»— деп жылай берсе керек. Сонда Тұрмағамбет оған жекіп: «Анау есікті ұзынынан және көлденеңінен қарыстап өлшеп кел» — депті. Төрбек өлшеп келіп «Ұзыны он екі қарыс, көлденеңі алты қарыс»,— дейді. Сонда Тұрмағамбет: «Шешеннің екі елісінен шыққанда, он екі қарыс есіктен шықпаймын деп отырсың ба?»— деп жекіпті.

Десе дегендей, Жанболғанов Төрбектің қылмыстық әрекеті тергеу үстінде дәлелденбесе де, оған жыл берілмесе де, 1939 жылғы 21 қарашаға дейін түрмеде ұсталған. Ақтығы дәлелденіп, түрмеден босатылған. **ЖАНБОСЫНОВ** Қабыл Қармақшы ауданында 1875 жылы туған, руы сығай — алтын, бай болған, сауатсыз, партияда жоқ, қамауға алынғанға дейін осы ауданда тұрған.

Қарақұм көтерілісі не себептен болды? Кеңес өкіметінің теріс саясаты, ауылшаруашылығын күштеп ұйымдастыру, байлармен қоса орташаларды, тіптен кедейлерді де құлақтар қатарына жатқызып, жаппай жұрттың мал-мүлкін тәркілеу, дінге тиым салу, міне, осындай келеңсіз шараларға наразы болған ел амалсыздан бас көтерген. Қарақұм көтерілісінің басты кейіпкері Бөйімбетов Жұмағазы болған.

Бұл кісі аukatты кісілердің баласы Идирис, Ернияз, тағы басқалармен Пәкістанда парсы тілінде жоғарғы дін мектебін бітіреді де, бала оқытумен айналыспай ел аралап бірінғай молдалықпен 1928 жылға дейін айналысады. (Ақсақалдардың айтуы бойынша).

Қарақұм көтерілісіне қатысқан Жанайдаров Құрбан, Жиенбаев Биман, Жұбанов Шалбай, Алдабергенов Бисенбі, Досқабылов Қайділда, Тышқанбаев Әбілда, Құтышев Абдразақ, Елібаев Торғай және басқа қарттардың айтқан мағлұматтары заңгер Әмірхан Бөкіровтің тергеу материалдары бойынша берген мәліметіне тура келеді. Бұл атты аталған кісілер сол кездегі Қармақшы ауданының № 1 ауылының ауыл кеңесі Дәулетов Сқақтың, «Қарақұм бандасына ешқандай қатысы жоқ» деген анықтамасымен қалғандар, сонда да болса 1931 жылы Өзбекстан, Түркменстанға қоныс аударған.

Ауданнан келген уәкілдердің діни жолмен жүруге қарсы екенін, мешіттерді жаптырып, халықты жаппай қуғын-сүргінге ұшыратқанын өз көзімен көрген халық Бөйімбетов Жұмағазының пікіріне қосылып, 600-дей от басы өз еркімен Қарақұмға көшеді, бұларға көшіп-қонып жүрген 5000-дай қыпшақ, табын, шөмекейлермен Торғай бойын панаалап келген жаппас руының адамдары қосылып, барлық ру уәкілдерінің келісімімен Бөйімбетов Жұмағазыны хан сайлады. Көтеріліске қатысушылардың айтуы бойынша, аузынан оқтайтын сирақты аңшы мылтықтары, 100-ге тарта мерген сарбаздары бар екен. Бұта жоқ жерді қазып, үстіне қаңбақ жауып, соның ішінде отырып ауылды қорғайтын еді, егерде қызылдық отряды болса, 200 метрден киіктің текесін таңдағандай, командирлерін таңдап атып елге жолатпайтын, қай жерде құдық бар, сол маңайды да қорғайтын болған.

Жалағаш ауданында мешіт салдырған Иманқұлдың дүкеншісі болған Исқақов Оспанның айтуы бойынша Ташкент қаласынан оқ дәрі, қару-жарақ жіберіп, оны осы дүкенге түсіріп, онан түйемен алып кетіп тұрған.

Алматыдан арнайы келген мемлекет комиссиясы бірнеше күн келіссөз жүргізіп, соның нәтижесінде бас көтерген жұрт ауылдарына тараған.

Бұдан кейін көтерілісшілердің басшылары Бөйімбетов Жұмағазы, Алмағанбетов Ысқақ, Қыпшақбаев Мешітбай, Құздықов Сағит, Әмірбаев Оразбай, Байбақтин Берші, Талқанбаев Баймағанбет, Тыныштықов Кенжебай, Ахметов Тілеуғалиларды «келте сөзді жалғастырамыз»,— деп алдап Алматыға шақыртады да, Қазақстанның Біріккен саяси бас басқармасы «Қарақұмдағы банда көтерілісі» деген ат тағып, қылмыстық іс қозғап 9 адамды қамауға алады.

Тергеуде К. Құлмақанов деген кісі былай деп жауап берген: «Мемлекет комиссиясы өз уәдесінде тұрып Бөйімбетов Жұмағазымен қасындағы қарттарын кері қайтарса, кеңес өкіметімен тіл табыса отырып, тыныш өмір сүретіндерін, егерде оларды кері қайтармаса, онда елді алдайтын мұндай өкіметке бағынбайтындығын айтады».

Бұл хабар Қарақұмға жеткеннен кейін ел қайта абыржи бастайды, «енді қандай күй кешеміз»,— деген үрей күшейе түседі, қалай екенде де, абыржыған жұрт жанадан хан сайлап, Қарақұмға келетін қызыл отрядтан қорғанудың жолын іздейді. Бұған басшылық жасаған Айдаров, Қайранбаев, Қылышбаевтар 1930 жылы шілде айында Төлебаев Мықымбайдың баласының сүндет тойын пайдаланып, Жұбанов Қожбанды хан сайлайды. Оның басты себептері ірі байлардың басым көпшілігі, қалт жібермейтін сұрмергендер Жұбанов Қожбанның қайын жұрты табын Алментайдың балалары екен.

Қожбан хан енді өзіне кеңесші етіп жаппас руынан торғайлық Маханбетов Әшірбекті, Сығай алтын Жанбосынов Қабылды, табын руынан тереңезектік Раманқұлов Мірәліні тағайындап, мергендерді қайта жинастырып, сарбаздар санын 2000-ға жеткізеді. 1930 жылы тамыз айында Қазақстанның Біріккен бас Басқармасының оперативтік тобы бір дивизион өскер жіберіп, бірнеше рет ұрысқа түсе отырып, ақырында сол жылы 8-желтоқсанда Сарысу бойында Қожбан ханның сарбаздарын талқандап, 57 адам өледі және 32 мергендерімен 30 адамды тұтқындайды, қалғандары құм арасында жасырынып қалады. Біріккен саяси Бас Басқармасының арнайы қаруланған тобы Қарақұмды сүзіп ақ қарасына қарамай абақтыға жаппақ, тек қолында ауыл кеңесінің «Бандаға ешқандай қатысы жоқ»,— деген анықтамасы барлар ғана босатылған.

Ә. Бөкіровтің тергеу құжаты бойынша:—400 адамды қамауға алып, тергеу барысында 195 адамды босатқан, 220 адамды мемлекетке қарсы қылмыстар жасағаны үшін айып тағып, Қожамжаров, Дабыловтар 7 адамды қосып, Біріккен саяси бас Басқарманың үштігімен, (айыптау қорытындысы жоқ), 227 адамға үкім шығарған, оның 118-ін ату жазасына, 109-ын 3 жылдан 10 жылға дейін бас бостандығынан айырып, концлагерьлерге жіберген.


Жазаға тартылғандардың ішінде байлардың саны 120 адам, оның 88-іне ату жазасы берілген. Оның ішінде Жанбосынов Қабыл да бар.

Бұл нәубеттен аман қалғандарды 1937—1938 жылдары шолақ белсенділер қолға түсіріп, олардың көзін жойып тынады. Бұған бір дәлел есебінде нақақтан-нақақ 1902 жылы туған Елдесов Жақып деген ағайымды 9 желтоқсан 1937 жылы сегіз жылға соттағып жіберген. Сол кеткеннен хабарсыз, құрбан болғандардың бір-екіуінің ұрпағын атай кетуге тура келеді. Қыпшақбаев Мешітбайдың баласы Аңсатбай балалары Қармақшы ауданында тұрады. Жанбосынов Қабыл, Қабылдың баласы Естай ауыл кеңесінен: «Бандаға ешқандай қатысы жоқ» — деп алған анықтамасымен әскери мектепті тауысып, Фин соғысына қатысып, одан кейінгі соғыста Сталинград шайқасында қаза табады. Естайдың баласы Қабылов Ахмедия запастағы армия генералы, Эстонияда тұрады.

Төлебаев Мықымбайдың баласы армия полковнигі Мукумов Тажикен Алматыда.

ЖАНКЕМЕЛІОВ Жәкен — Қармақшы ауданының № 1 ауылында 1869 жылы туған, сауатсыз, партияда жоқ, қамауға алынғанға дейін Қызылорда қаласында тұрған. Оған кеңес үкіметіне қарсы контрреволюциялық, ұлтшылдық дін үгіт жүргізген, ауыл шаруашылығына, колхоз құрылысына қарсы зиянкестік әрекеттер жасаған — деп айып тағылып, тұтқынға алынған. Оңтүстік Қазақстан облыстық НКВД басқармасы жанындағы үштіктің 1937 жылғы 31 тамыздағы қаулысымен ең жоғарғы жаза-атуға сотталған. Ол 1989 жылғы 2 қарашада ақталған.

ЖАППАСБАЕВ Әби — Қармақшы ауданының № 19 ауылында 1908 жылы туған, білімі бастауыш, партияда жоқ, қамауға алынғанға дейін «Қызыл-кедей» колхозында тұрған, колхозда есептеуші (счетовод) болып жұмыс істеген. Оған кеңес үкіметіне қарсы контрреволюциялық үгіт жүргізген, колхоздың есеп-қисап жұмысын шатастырып, зиянкестік әрекеттер жасаған-деп айып тағылып тұтқынға алынған, сойтіп қылмыстық іс қозғалған. Қазақстандағы ОГПУ өкілетті өкілдігі жанындағы үштіктің 1933



жылғы 29 тамыздағы үкімімен 3 жылға бас бостандық еркінен айыруға сотталған. Ол 1989 жылғы 29 маусымда ақталған.

ЖАППАСБАЕВ немесе **ТОҚМЫРЗАЕВ Тойшыбай** Қармақшы ауданының № 23 ауылында 1890 жылы туған, кейін осы аудандық № 24 ауылы, «Бостандық» колхозында тұрған, бұрын бай болған, сауатсыз, партияда жоқ, колхозшы, бұрын сотталған, үйлі-жайлы, әйелі — Қантай, қызы — Сұлу, баласы — Мұхамбетжан.

Жаппасбаев Тойшыбай Кеңес үкіметіне қарсы ұлтшылдық контрреволюциялық ұйымның мүшесі

болған. Бұл ұйымға ол Пірімбетов Шамшит арқылы тартылған. Жаппасбаев Пірімбетовтің тапсырмасымен ауылшаруашылығында колхоздарды құлауға бағытталған зиянкестік бүліншілік жұмыстар жүргізген. Қырманда қалған 900 цн. күрішті суыққа қалдырғанын біле тұра күрішті сақтаудың шараларын көрмеген, соның салдарынан күріштің 50 пайызы жарамсыз болып қалған. Кеңес Одағының күшқуатын әлсірету, кеңес үкіметіне қарсы халықтың наразылығын тудыру мақсатында контрреволюциялық үгіт таратқаны үшін айып тағылып Жаппасбаев Тойшыбай Қармақшы аудандық НКВД бөлімінің 1938 жылғы 2 наурыздағы қаулысымен тұтқынға алынып, РСФСР ҚК-ның 58 бабының 2, 7, 8, 11 тармақтарымен қылмыстық іс қозғалған. Тергеу ісі сол жылғы 25 сәуірде аяқталып, айыптау қорытындысы сол жылғы 20 мамырда шығарылған.

Қызылорда облыстық прокурордың міндетін атқарушының 1938 жылғы 3 шілдедегі қорытындысымен және Қазақ ССР НКВД-ның Шекара және Ішкі әскерлерінің әскери прокурорының 1938 жылғы 4 қыркүйектегі қаулысы мен айыптау қорытындысы бекітілген.

Қазақ ССР Шекара және Ішкі күзегінің әскери Трибуналының тұрақты сессиясының 1938 жылғы 2 қарашадағы үкімімен Жаппасбаев Тойшыбай 15 жылға бас бостандығынан айыруға, 5 жылға саяси құқын жоюға сотталған.

СССР Жоғарғы Сотының Әскери Коллегиясының 1943 жылғы 3 қыркүйектегі ұйғарумен Әскери Трибуналының 1938 жылғы 2 қарашадағы үкімі бұзылып, Жаппасбаевтың дұрыс сотталмағаны үшін ол жөніндегі іс өндірістен қысқартылып, Жаппасбаев қамаудан босатылған.

Бұл кезде Жаппасбаев Красноярск қаласы НКВД-ның Норильск ИТК-да тұтқынға болған. Ол 1944 жылдың 10 наурызында Норильск ИТЛ-нан босанып шыққан.

Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының бөлім бастығының 1995 жылғы 8 желтоқсандағы қорытындысымен Жаппасбаев Тойшыбай Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 14 сәуірдегі Заңының негізінде толық ақталған.

ЖОЛДЫБАЕВ Нысанбай — Қармақшы ауданының № 8 ауылы Чапаев атындағы колхозда 1875 жылы туған, кейін Сырдария ауданының № 15 ауылы Қарауылтөбе колхозында колхозшы, партияда жоқ, сауатсыз, бұрын бай және қарақшылар қатарында болып, кеңес үкіметіне қарсы Қарақұм қарулы көтерілісіне қатысқан, ол кеңес үкіметінің қас жауы ретінде колхозшылар арасында контрреволюциялық жеңіліс сипатында үгіт жүргізген, Германияның күшқуатын мақтап, оның СССР-ді жеңетініне, халықтың жағдайын жақсартатынына сенім білдіргені үшін айып тағылып, Сырдария аудандық НКВД бөлімінің 1942 жылғы 3 ақпандағы қаулысымен тұтқынға алынып, РСФСР ҚК-ның 58 бабының 10 тармағы 2 бөлімімен қылмыстық іс қозғалған.

Қызылорда облыстық соттың 1942 жылғы 4 шілдедегі үкімімен Жолдыбаев Нысанбай 10 жылға бас бостандығы еркінен айыруға, жазасын өтегеннен кейін 5 жылға саяси құқын жоюға сотталған.

Қазақ ССР Жоғарғы сотының қылмыстық істер

қарайтын сот коллегиясының 1942 жылғы 13 шілдедегі ұйғаруымен Қызылорда облыстық сотының үкімі күшінде қалдырылған.

Қазақ ССР Жоғарғы соты Президиумының 1966 жылғы 16 сәуірдегі қаулысымен Қызылорда облыстық сотының 1942 жылғы 4 шілдедегі үкімі және Қазақ ССР Жоғарғы Сотының 1942 жылғы 13 шілдедегі Жолдыбаев Нысанбай жөніндегі ұйғаруы бұзылып, оның әрекетінде қылмыс белгісі болмағандықтан іс мүлдем қысқартылған.

Қызылорда облыстық прокурордың 7.08.1997 жылғы қорытындысымен Жолдыбаев Нысанбай СССР жоғарғы Кеңесі Президиумының 1989 жылғы 16 қаңтардағы жарлығы негізінде толық ақталған.

Баласы Нысанбаев Әбдімәлік — философия ғылымының докторы, профессор, ұлттық ғылым академиясының мүше корреспонденті, Қазақстан Республикасы Әлеуметтік ғылымдар академиясының президенті.

ЖОРЫҚБАЕВ (ЖҮРКЕБАЕВ) Оспан — Қармақшы ауданының № 25 ауылы, «Алғабас» колхозында 1876 жылы туған, бай, бидің баласы, өзі де бай болған, жалшы ұстаған, шала сауатты, партияда жоқ, бұрын сотты болған, «Алғабас» колхозында колхозшы, үйленген, әйелі — Күлей, баласы — Запдин, қызы — Тебіс. Жорықбаев Оспан 1931 жылы міндетті салық тапсырмасын қасақана орындамағаны үшін 2 жылға бас бостандық еркінен айыруға сотталған, мал-мүлік төркіленген, жаза мерзімін толық өтемей қамаудан қашып кеткен. Жорықбаев кеңес үкіметіне қарсы жат пиғылда болып, ауылға қайтып келгеннен кейін жұртшылық арасында үнемі колхозға қарсы жеңілістік үгіт жүргізген. Сол жылғы ақпан айында Жорықбаев колхозшылар арасында: «Малға ақшаны төлемеу керек, бәрбір мемлекет мал бермейді, ол алдамшы нәрсе, ал малды бере қойған жағдайда бәрбір кейін қайтып алады», — деген, СССР Қорғаныс заемына жазылу кезінде (маусым айында) Жорықбаев колхозшылардың үйлеріне барып: «Заемға жазылудың қажеті жоқ, бәрбір мемлекет сендерді алдап сазға отырғызады», — деген. Жорықбаев контрреволюциялық үгітін үнемі жүргізіп келген — деп айып тағылып, Қармақшы аудандық НКВД бөлімінің 1937 жылғы 24 тамыздағы қаулысымен тұтқынға алынып, қылмыстық іс қозғалған.

Тергеу ісі аяқталып, айыптау қорытындысы шығарылған. Оңтүстік Қазақстан облыстық НКВД Басқармасының жанындағы үштіктің 1937 жылғы 11 қазандағы қаулысымен Жорықбаев Оспан 10 жылға концлагерьге сотталған.

Қызылорда облыстық прокурордың 1989 жылғы 25 қыркүйектегі қорытындысымен Жорықбаев Оспан СССР Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1989 жылғы 16 қаңтардағы жарлығының негізінде толық ақталған.

ЖҰМАҒҰЛОВ Қозыбай (Қазыбай) — Қармақшы ауданының № 4 ауылында 1898 жылы туған, шала сауатты, партияда жоқ, «Комсомол» колхозында ферма менгерушісі болып жұмыс істеген, оған — Кеңес үкіметіне қарсы ұлтшылдық ұйымға қатысушы, оның тапсырмасымен колхозда жауыздық-зиянқестік жұмыстар жүргізігені үшін айып тағылып, Қармақшы аудандық НКВД бөлімінің 1938 жылғы 21

шілдедегі қаулысымен тұтқынға алынып, РСФСР ҚК-ның 58 бабының 2, 7, 11 тармақтарымен қылмыстық іс қозғалған. Қармақшы аудандық НКВД бөлімінің 1938 жылғы 15 қазандағы қаулысымен тергеу барысында оған тағылған айып анықталмағандықтан Жұмағұлов Қазыбайдың ісі өндірістен қысқартылып, тұтқыннан босатылған.

Қызылорда облыстық прокурордың 1997 жылғы 20 мамырдағы қорытындысымен Жұмағұлов Қазыбай СССР Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1989 жылғы 16 қаңтардағы жарлығының негізінде толық ақталған.

ЖҰМАТОВ Әуезтай — Қармақшы ауданының № 1 ауылы, «Қаракөл» колхозында 1921 жылы туған, білімі арнаулы орта, мұғалім, партияда жоқ, бұрын сотталмаған, үйленген, әйелі Исаханова Ғалия, Қызыл Там стансасындағы Панфилов атындағы орталау мектепте мұғалім болып жұмыс істеген, 1942 жылдың қаңтар айында Қармақшы АӘК арқылы армия қатарына алынған.

Жұматов Әуезтай әскер қатарына алынғасын Өзбек ССР-ының Самарқанд қаласындағы 103 атқыштар дивизиясы, 668 атқыштар полкі, 3 батальоны, автоматшылар ротасының 2 взводу, 3 бөлімшесінде қатардағы жауынгер ретінде әскери борышын атқарып, 1942 жылдың мамыр айының басында сол дивизиясының құрамында майданға аттанған. 1942 жылдың 3 мамырынан 26 мамырға дейін Харьков бағытындағы майданның Лозовая стансасы ауданында немістерге қарсы соғысқа қатысқан. Сол соғыста ешқандай қарсылық көрсетпей немістердің тұтқынына түскен. Тұтқында жүріп ол 1942 жылдың желтоқсан айында Польшаның Вениаминово деген жерінде Отанды сатып, кеңес өкіметіне қарсы құрылған «Түркістан легионына» өз еркімен кірген. Сол легионда жүріп: «Фашистік Германияға адал қызмет етемін», деп ант берген, офицерлер даирлайтын мектепті бітіргеннен кейін командалық қызмет атқарып, неміс армиясының унтер-офицері шенін алған. 1943 жылдың ақпан айынан мамыр айына дейін 102 батальон, 4 рота, 2 взвод бөлімшесінің командирі ретінде Польшаның Вениаминово және Курчино деген жерлерінде легионерлерді әскери іске оқытып үйреткен, 1943 жылдың мамыр айынан 1944 жылдың желтоқсан айына дейін жоғарыда көрсетілген батальонның бөлімше командирі болып, Смоленск, Минск, Белосток, Грозно қалаларының аудандарында және Польша территориясында кеңес партизандарына қарсы соғысқа белсенді түрде қатысқан.

1944 жылдың желтоқсан айында Шығыс Пруссияның Ребинау деген жерінде адал қызметі үшін неміс командованиясы арқылы көк ленталы неміс орденімен марапатталып, 102 батальонның взвод командирі болып тағайындалған. Ол Германия территориясында Қызыл Армияға қарсы бірнеше соғыс операцияларына қатысқан, сол соғыстардың бірінде кеңес әскерлерінің қолына түсіп, СССР ға қайтарылған.

1945 жылдың ақпан айынан 1946 жылдың желтоқсан айына дейін ол сүзекілеп тексеретін лагерьде болып, өзінің сатқындық әрекеттерін жасырған. 1946 жылдың ақпан айында лагерьден босатылғаннан кейін Қызылорда облысының Қармақшы ауданына келіп «Қаракөл» колхозында жұмыс істеген.

Осы тағылған айыптары үшін Жұматов Әуезтай Қызылорда облыстық МГБ Басқармасының 1948 жылғы 23 қазандағы қаулысымен тұтқынға алынып, РСФСР ҚК-ның 58 бабының-1 «б» тармағымен қылмыстық іс қозғалған. Тергеу ісі аяқталып, айыптау қорытындысы 1948 жылғы 21 желтоқсанда шығарылған, іс ТУРКВО-ның өскери трибуналының қарауына берілген.

Түркістан Әскери Округінің Әскери Трибуналының 1949 жылғы 11 ақпандағы үкімімен Жұматов Әуезтай 25 жылға еңбек түзету лагеріне, 5 жылға саяси құқын жоюға, барлық мүлкін тәркілеуге сотталған. СССР Жоғарғы Сотының Әскери коллегиясының 1949 жылғы 20 сәуірдегі ұйғаруымен өскери трибунальдің Ә. Жұматов жөніндегі үкімі күшінде қалдырылып, оның шағым арызы аяқсыз қалдырылған. Контрреволюциялық қылмыс үшін сотталғандардың ісін қайта қарайтын Қызылорда облыстық комиссияның 1955 жылғы 8 наурыздағы қаулысымен Жұматов Әуезтайдың жаза мерзімін 12 жылға еңбек түзету лагеріне қысқартқан.

Жұматов Әуезтай МВД-ның Степлагының 1 лагбөлімшесінің 3 лагпунктінде болған.

Қызылорда облыстық прокуроры аға көмекшісінің 1989 жылғы желтоқсан айындағы қорытындысы бойынша ТУРКВО Әскери Трибуналының үкімімен СССР Жоғарғы Сотының Әскери Коллегиясының ұйғаруымен келіскен.

Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының бөлім бастығының 1997 жылғы 21 ақпандағы қорытындысымен Жұматов Әуезтай Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 14 сәуірдегі Заңының негізінде толық ақталған.

ЖУМАШЕВА-ДОЛГИХ Татьяна Ивановна — родилась в 1918 году в Омской области, русская, образование неполное среднее, беспартийная, до ареста проживала в пос. Кармакчи, без определенных занятий. Она обвиняется в том, что среди населения систематически проводила антисоветскую, контрреволюционную, провокационную агитацию пораженческого характера, за что она была арестована, но не осуждена. Она реабилитирована 9 марта 1942 года.

ЖҮНДІБАЕВ Есім — Қармақшы ауданының № 13 ауылында 1878 жылы туған, № 105 Сарығай разьезінде тұрған, бай баласы, Сырдария өзенінің бойында бақша өсірумен айналысқан, сауатсыз, партияда жоқ, 1929 жылы мал-мүлкі тәркіленген, саяси құқы жойылған. Оған тағылған айып: «№ 105 Сарығай разьезінде контрреволюциялық-диверсиялық актілер жасаған, оның қатысуымен 1938 жылғы 28 ақпанда Дирментөбе стансасындағы поездың соқтығысы жасалған» — деп Орынбор темір жолының ЛТО ГУТБ НКВД-ның 5 бөлімшесінің 1938 жылғы 25 шілдедегі қаулысымен тұтқынға алынып, РСФСР ҚК-ның 58 бабының 9, 11 тармақтарымен қылмыстық іс қозғалған.


Қазалы станциясы ОДТО НКВД-ның 1939 жылғы 2 сәуірдегі қаулысымен Жүндібаев Есімге алдын ала тергеу барысында РСФСР ҚК-ның 58 бабының 10 тармағымен тағылған айып анықталмағандықтан Жүндібаев Есім жайлы тергеу ісі тоқтатылып, ол қамаудан босатылған.

Қызылорда облыстық прокурордың 1997 жылғы 7 тамыздағы қорытындысымен Жүндібаев Есім СССР Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1989 жылғы 16 қаңтардағы жарлығы негізінде толық ақталған.

ЖҮРГЕНОВ Қара — Қармақшы ауданының № 16 ауылы, Қаракөл жерінде 1858 жылы туған, сауаты жоқ, 1928 жылы мал-мүлкі тәркіленіп, бай, жартылай феодал ретінде ОГПУ органы арқылы Қарқаралы округіне 5 жылға жер аударылған. Қарақшылар қозғалысының белсенді ұйымдастырушысы, бірнеше жылдың ішінде патша үкіметін жақтап контрреволюциялық жауыздық әрекеттер жасап үгіт жүргізген, 1937 жылғы сәуір айында өзінің үйіне қолхозшыларды жиып алып, кеңес үкіметін жамандап үгіт айтқан. 1937 жылғы 24 ақпанда «Жаңа талап» колхозының жиналысында контрреволюциялық сөзбен шығып сөйлеген, — деп айып тағылып, Қармақшы аудандық НКВД бөлімінің 1937 жылғы 17 тамызда тұтқынға алынып, қылмыстық іс қозғалған. Оңтүстік Қазақстан облыстық НКВД Басқармасының жанындағы үштіктің 1937 жылғы 15 қыркүйектегі қаулысымен ең жоғары жаза — ату жазасына сотталған, үкім сол жылғы 26 қыркүйекте орындалған.

СССР Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1989 жылғы 16 қаңтардағы жарлығының негізінде 1990 жылғы 28 қарашада Жүргенов Қара ақталған.

ЖҮСІПБАЕВ Сқақ — Қармақшы ауданының № 2 ауылы, «Абыла» колхозында 1900 жылы туған,



өлеуметтік негізі кедей шаруа, білімі 7 класс, 1932 жылдан БК(б)П мүшесі, осы іске байланысты партия қатарынан шығарылған, бұрын сотты болмаған, қамауға алынғанға дейін осы ауданның № 12 ауылы, Ворошилов атындағы колхозда тұрған. Аудандық оқу бөлімінде сауатсыздарды жою жөніндегі инспекторы болып жұмыс істеген, одан 1941 жылдың қаңтар айында шығарылған, үйленген, әйелі — Жүсіпбаева Қамқа.

Жүсіпбаев Сқақ Қармақшы ауданының № 12 ауылдық кеңесі, Ворошилов атындағы колхозда тұрып, колхоз тұрғындары арасында кеңес өкіметіне, партия мен үкіметтің шараларына қарсы үнемі контрреволюциялық үгіт таратып келген, партия мен үкімет басшыларының, Қызыл Армияның адресіне жала жауып, Германия фашизмімен және оның армиясын мақтап, ол: «Кеңес одағы сөзсіз жеңіледі», — деп өзінің жауыздық сөздерін айтқан.

1942 жылдың 10 қаңтарында колхозшылар арасында ұлтшылдық сипаттағы провокациялық лақаптар таратқан: «Егерде осы соғыста СССР Үкіметі құласа онда ауылдарда араб жазуы орын алар еді, мен халықты арабша оқытар едім», — деген. Тағы да: «Герман армиясының жоғарғы командованиясында Мұстафа Шоқаев пен Міржақып Дулатов жұмыс істеуде, олар тұтқынға түскен барлық қазақтарды ешқандай жазасыз босатып жатыр. Олар тіпті қазақ халқының өмір тұрмысын қызығып сұрауда. Тұтқындағы қазақтарға Шоқаев арқылы азық-түлік, киім беруде», — деп лақап таратқан. Ол фашистік

Германияны мақтап: «Германия жер жүзіндегі ең қуатты және күшті өкімет, немістер жер жүзіндегі барлық ұлттардың ішіндегі ең жоғары асыл тұқымды халық деген», — деп айып тағылып, Қызылорда облыстық НКВД Басқармасы СПО-ның 1942 жылғы 28 ақпандағы қаулысымен тұтқынға алынып, РСФСР ҚК-ның 58 бабының 10 тармағы, 2 бөлімімен қылмыстық іс қозғалған.

Тергеу ісі Қармақшы аудандық НКВД бөлімі арқылы жүргізіліп, 1942 жылдың 26 мамырда аяқталған, айыптау қорытындысы 1 маусымда шығарылған. Оны Қызылорда облыстық НКВД Басқармасы бастығының орынбасары, облыстық прокурор өзінің 5 маусымдағы қаулысымен және Қызылорда облыстық сотының қылмысты істер қарайтын сот коллегиясының дайындау мәжілісінің 11 маусымдағы ұйғаруымен бекіткен. Қызылорда облыстық сотының көшпелі сессиясының 1942 жылғы шілде айының 4 күнгі Үкімінен Жүсіпбаев Сқақ 10 жылға бас бостандық еркінен айыруға, жазасын өтегеннен кейін 5 жылға сайлаусайлану құқын жоюға, өзіне тиісті мал-мүлкін төркілеуге сотталған.

Қазақ ССР Жоғарғы сотының қылмысты істер қарайтын сот коллегиясының 1942 жылғы 14 тамыздағы ұйғаруымен Қызылорда облыстық сотының 1942 жылғы 4 шілдедегі үкімін күшінде қалдырып, сотталушының шағым арызын аяқсыз тастаған.

Қазақ ССР Прокуроры орынбасарының Жүсіпбаев Сқақтың қылмыстық ісі жөніндегі Қазақ ССР Жоғарғы сотының Президиумына 1990 жылғы 15 тамызда жолдаған наразылығы бойынша Жүсіпбаев Сқақ туралы Қызылорда облыстық сотының 1942 жылғы 4 шілдедегі үкімін және Қазақ ССР Жоғарғы сотының Президиумына 1990 жылғы 15 тамызда жолдаған наразылығы бойынша Жүсіпбаев Сқақ туралы Қызылорда облыстық сотының 1942 жылғы 4 шілдедегі үкімін және Қазақ ССР Жоғарғы сотының қылмыстық істер қарайтын сот коллегиясының 1942 жылғы 14 тамыздағы ұйғаруын бұзуды, істі оның әрекетінде қылмыс құрамы болмағандықтан қысқартуды сұраған.

Ол толық ақталған.

ЖҮСІПОВ Әбен — Қармақшы ауданының № 19 ауылында 1898 жылы туған, шала сауатты, партияда жоқ, қамауға алынғанға дейін «Қызыл Кедей» колхозында тұрған, бақташы болып жұмыс істеген. Оған Кеңес үкіметіне қарсы контрреволюциялық, ұлтшылдық үгіт жүргізген, колхоз құрылысына, ауылшаруашылық шараларына қарсы зиянкестік әрекеттер жасаған деп айып тағылып, тұтқынға алынып, қылмыстық іс қозғалған. Қазақстандағы ОГПУ өкілетті өкілдігі жанындағы үштіктің 1933 жылғы 29 маусымдағы үкімімен 5 жылға бас бостандық еркінен айыруға сотталған. Ол 1989 жылғы 29 маусымда толық ақталған.

3

ЗАЛҒАРАЕВ Әбірақман — Қармақшы ауданының № 13 ауылында 1916 жылы туған, білімі бастауыш,

партияда жоқ, қамауға алынғанға дейін № 105 Сарытоғай разьезінде тұрған, темір жолда жұмысшы болып жұмыс істеген. Оған кеңес үкіметіне қарсы контрреволюциялық үгіт жүргізген, темір жол бойында зиянкестік әрекеттер жасағаны үшін тұтқынға алынып, қылмыстық іс қозғалған. Орынбор темір жолының ГУГБ НКВД-ның 1938 жылғы 8 қазандағы қаулысымен РСФСР ҚК-ның 58 бабының 2, 9, 11 тармақтарымен қылмыстық іс қозғалған. Тергеу барысында қылмыс құрамы анықталмағандықтан 1938 жылғы 31 желтоқсанда ісі қысқартылып, қамаудан босатылған. Ол толық ақталған.

ЗАЛҒАРАЕВ Қари — Қармақшы ауданының № 13 ауылында 1914 жылы туған, білімі арнаулы орта, партияда жоқ, қамауға алынғанға дейін Төретам стансасында тұрған, сондағы бастауыш мектептің меңгерушісі болып жұмыс істеген. Оған кеңес үкіметіне қарсы контрреволюциялық үгіт жүргізген, мектеп жұмысын барынша құлатып, зиянкестік әрекеттер жасаған деп айып тағылып тұтқынға алынып, РСФСР ҚК-ның 58 бабының 10 тармағымен қылмыс құрамы анықталмағандықтан, 1939 жылғы 29 желтоқсанда ісі қысқартылып, қамаудан босатылған. Ол толық анықталған.

ЗАЛҒАРАЕВ Наурызбай — Қармақшы ауданының № 13 ауылында 1887 жылы туған, сауатсыз, партияда жоқ, қамауға алынғанға дейін № 105 Сарытоғай разьезінде тұрған, жұмысшы болған. Оған кеңес үкіметіне қарсы контрреволюциялық ұлтшылдық үгіт жүргізген, темір жол бойында зиянкестік контрреволюциялық ұлтшылдық үгіт жүргізген, темір жол бойында зиянкестік әрекеттер жасаған деп айып тағылып, тұтқынға алынып, РСФСР ҚК-ның 58 бабының 10 тармағымен қылмыстық іс қозғалған. Тергеу барысында қылмыс құрамы анықталмағандықтан ісі қысқартылып, қамаудан босатылған.

И

ИЛЬИЧЕВ Пимон Иванович родился в 1865 году в Уральской губернии, русский, грамотный, беспартийный, до ареста проживал на станции Джусалы, был священником.

Он обвиняется в том, что среди верующих вел анти-советскую контрреволюционную, религиозную агитацию, проводил подрывно-шпионскую и вредительскую работу, за что арестован и привлечен к уголовной ответственности. Постановлением тройки при ПП ОГПУ в Казахстане от 24 апреля 1930 года осужден к высшей мере наказания — расстрелу. Он реабилитирован 6 июня 1989 года.

ИНЕВ Анатолий Павлович — родился в 1915 году в дер. Слатино, Горьковской области, русский, до ареста проживал на ст. Джусалы, работал авиатехником 34-го отряда сев. Каз. Упр. ГВФ на ст. Джусалы, грамотный, не судим беспартийный. Он обвиняется в том, что будучи авиатехником 34 отряда СКУ ГВФ с целью вредительства перекрыл

краны бензофильтров правых баков с горячим тяжелого самолета Г-2, в результате самолет приведен к вынужденной посадке и потерпел аварию, за что он арестован 27 мая 1937 года и обвинен по ст. 58-7 УК РСФСР. Постановлением УНКВД по Актыбинской области от 28 сентября 1937 года дело прекращено. В деле нет решения судебных органов.

По заключению прокурора Кызылординской области от 19 мая 1997 года Йнев А. П. на основании Указа Президиума Верховного Совета СССР от 16 января 1989 года реабилитирован.

ИСМАЙЛОВ Хуссин — родился в 1888 году в Чечено-Ингушской АССР, чеченец, неграмотный, беспартийный, до ареста проживал в пос. Кармакчи, работал кузнецом артели. Он обвиняется в том, что вел среди чеченцев антисоветскую контрреволюционную, провокаторско-религиозную агитацию и вредительскую работу, арестован и привлечен к уголовной ответственности. Решением Особого Сопещания при НКВД от 10 февраля 1945 года осужден на 5 лет лишения свободы. Он реабилитирован 23 июля 1989 года.

ИШАНОВ (Исчанов) Жүніскүл — Қармақшы ауданың № 21 ауылында 1897 жылы туған, шала сауаты, партияда жоқ, «Белсенді» колхозында бригадир болып жұмыс істеген, 1929 жылы колхоздың малын қырып жойғаны үшін тергеуге алынып сотталған. Оған тағылған айып: «Ол кеңес үкіметіне қарсы контрреволюциялық ұлттық ұйымның мүшесі болған, оның тапсырмасымен колхозда жауыздық-зиянкестік жұмыстар жүргізген», — деп Қармақшы аудандық НКВД бөлімінің 1938 тамыздағы қаулысымен тұтқынға алынып, РСФСР ҚК-ның 58 бабының 2, 7, 11 тармақтарымен қылмыстық іс қозғалған.

Қармақшы аудандық НКВД бөлімінің 1938 жылғы 7 желтоқсандағы қаулысымен тергеу барысында оған тағылған айып анықталмағандықтан айыпкер Ишанов Жүніскүлдің тергеу ісі өндірістен тоқтатылып, қамаудан босатылған.

Қызылорда облыстық прокурордың 1997 жылғы 29 мамырдағы қорытындысымен Ишанов Жүніскүл СССР Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1989 жылғы 16 қаңтардағы жарлығының негізінде толық ақталған.

ИТАШЕВ Жалтыр — Қармақшы ауданында 1902 жылы туған, білімі бастауыш, партияда жоқ, қамауға алынғанға дейін Чкалов атындағы колхозда тұрған, колхозшы болған.

Оған кеңес үкіметіне қарсы контрреволюциялық, ұлтшылдық және жеңілдістік үгіт таратқан, фашистік Германияның армиясын, техникасын мадақтап, кеңес үкіметінің осы соғыста жеңілетіні туралы өртүрлі лақаптар айтқан, колхоз құрылысына қарсы зиянкестік әрекеттер жасағаны үшін айып тағылып, тұтқынға алынып, РСФСР ҚК-ның 58 бабы 10 тармағының 2 бөлімімен қылмыстық іс қозғалған. Қызылорда облыстық сотының 1942 жылғы 21 қыркүйектегі үкімімен 10 жылға бас бостандық еркінен айыруға сотталған. Ол 1989 жылғы 3 наурызда толық ақталған.

КАЗАНСКИЙ Константин Александрович — родился в 1881 году в Ярославской губернии, русский, образование среднее специальное, беспартийный, до ареста проживал в Карсакбайском районе, Жезказганской области, работал заместителем заведующего транспортного отдела Карсакбайского комбината.

Он обвиняется в том, что вел среди рабочих и служащих антисоветскую контрреволюционную, провокаторскую агитацию и подрывно-вредительскую деятельность, за что арестован и привлечен к уголовной ответственности. Решением Особого Сопещания при НКВД от 19 августа 1940 года осужден на 5 лет лишения свободы. Он реабилитирован.

КАЙГОРОВОДА Валентина Игнатьевна — родилась в 1904 году в дер. Мотовилиха, Пермской губернии, русская, замужняя, образование высшее медицинское, беспартийная, до ареста проживала в пос. Кармакчи, работала зав. амбулаторией, врач-терапевт. Муж Радин З. А. бывш. начальник центр. лаборатории завода № 16, осужден 5.10.1936 года Военной Коллегией Верховуда СССР по ст. ст. 58-8, 11 УК РСФСР к высшей мере наказания — расстрелу за активное участие в антисоветской террористической организации. Кайгородова В. И. постановлением Особого Сопещания при НКВД от 29 октября 1936 года, как социально-опасный элемент, была враждебно настроенной против Советской власти, занималась контрреволюционно-троцкистской агитацией, за что была арестована постановлением Кармакчинского РО НКВД от 27 ноября 1937 года и привлечена к уголовной ответственности по ст. 58-10 УК РСФСР.

Постановлением Особого Сопещания при НКВД СССР от 29 декабря 1937 года, как член семьи изменника Родины, осуждена к 8 годам ИТЛ. Определением Военной Коллегии Верховного Суда СССР от 29 апреля 1955 года постановление особого Сопещания от 29 октября 1936 года и 29 декабря 1937 года в отношении Кайгородовой В. И. отменено на основании ст. 4. П. 5 УПК РСФСР, дело в уголовном порядке прекращено за отсутствием в ее действиях состава преступления. Протест Ген. Прокурора СССР удовлетворен.

По заключению прокурора Кызылординской области от 19 мая 1947 года Кайгородова В. И. на основании Закона Республики Казахстан «О реабилитации жертв массовых политических репрессий» от 14 апреля 1993 года реабилитирована.

КАН ИР-МО — родился в 1901 году в Корее, образование начальное, беспартийный, до ареста проживал в Кармакчинском районе, работал столоярм. Он обвиняется в том, что вел среди корейцев антисоветскую контрреволюционную агитацию и вредительскую работу, за что арестован и привлечен к уголовной ответственности. Решением Особого Сопещания при НКВД осужден на 3 года лишения свободы. Он реабилитирован 6 июня 1989 года.

КАН ЦОЙ-ДЕН — родился в 1896 году в гор. Сухан, Корея, гражданин СССР, образование высшее, член ВКП(б), до ареста проживал в ауле № 9 Кармакчинского района, работал преподавателем школы. Он обвиняется в том, что вел среди корейцев антисоветскую, контрреволюционную, провокаторскую агитацию и подрывно-шпионскую, вредительскую деятельность, арестован и привлечен к уголовной ответственности. Постановлением тройки при УНКВД по Кызылординской области от 28 августа 1938 года осужден к высшей мере наказания — расстрелу. Он реабилитирован 15 мая 1989 года.

КЕНЖЕБАЕВ Жақыпбек — Кармакшы ауданының № 4 ауылы, «Қызыл Жұлдыз» колхозында 1893 жылы туған, әлеуметтік негізі кедей шаруа, шала сауатты, партияда жоқ, бұрын сотты болмаған, қаматуға алынғанға дейін «Қызыл Жұлдыз» колхозының Басқарма төрағасы, кейін бригадир болып жұмыс істеген.

Кенжебаев Жақыпбек 1937 жылы мамыр айының ішінде бірнеше колхозшылармен отырғанда, сол бас қосқан уақытты пайдаланып, өзінің жанында отырған колхозшылардың ішінен азамат Әйменов Омар, Кенжебаевқа: «Үкімет ет салығын не үшін тығыздатып жатыр, оған қандай себептер бар екен», — деген сұраулар беріп, ол туралы толық түсінік алмақшы болған. Бірақ Кенжебаев колхозшы Әлменовтің ол сұрағына дұрыс жауап беріп, оны түсіндірудің орнына: «жоғарыда отырған көсемдерге ет керек болған болар, болмаса не нәрсе дейсің, ол ет жемей «пәленшемді» жейді дейсің бе», — деп үкімет пен партияның көсемінің атын атап, контрреволюциялық сөздер айтқан. Кенжебаевтың контрреволюциялық сөзіне қарсылық еткендерге ол: «Мен білмей қалыппын, менің айтқан сөздерімді есітіп, мына жақта коммунистер тұр екен ғой», — деп жауап қайтарған. Сонымен Кенжебаев өзінің коммунист партиясына жақындығының жоқ екенін, оған наразы екенін білдіргені үшін айып тағылды.

Кармакшы аудандық НКВД бөлімінің 1938 жылғы 1 қыркүйектегі қаулысымен тұтқынға алынып, РСФСР ҚК-ның 58 бабының 10 тармағымен қылмыстық іс қозғалған.

Тергеу ісі сол жылғы 11 қыркүйекте аяқталып, айыптау қорытындысы шығарылған. Оны облыстық прокурордың жәрдемшісі, тергеу бөлімінің бастығы және Қызылорда облыстық соттың қылмысты істер қарайтын сот коллегиясының дайындау мәжілісінің 19 қазандағы қаулысымен бекіткен. Қызылорда облыстық сотының қылмысты істер қарайтын сот коллегиясының 1938 жылғы 1 қарашадағы Үкімімен айыпкер Кенжебаев Жақыпбек 3 жылға бас бостандық еркінен айыруға, 2 жылға сайлау-сайлану құқын жоюға сотталған.

Қазақ ССР Жоғарғы сотының қылмысты істер қарайтын сот коллегиясының 1938 жылғы 27 желтоқсандағы ұйғаруымен Қызылорда облыстық сотының үкімін күшінде қалдырып, сотталушының шағым арызын аяқсыз тастаған.

Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының бөлім бастығының 1994 жылғы 24 ақпандағы қоры-

тындысында: «Кенжебаевтың өрекетінде қылмыстық құрамы жоқ, ол негізсіз сотталған, сондықтан ол Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 14 сәуірдегі Заңының негізінде толық ақталуға жатады», — делінген.

КИМ ТЕН-ВОН родился в 1882 году в селе Альби-Сомта КНДР, гражданин СССР, малограмотный, беспартийный, до ареста проживал в Кармакчинском районе. Он обвиняется в том, что вел среди корейцев антисоветскую, контрреволюционную, провокаторскую агитацию и вредительскую работу, за что арестован и привлечен к уголовной ответственности. Приговором Кызылординского областного суда от 12 ноября 1938 года осужден на 8 лет лишения свободы. Он реабилитирован 6 января 1996 года.

КИМ ХЯ-СЕК родился в 1912 году в Корее, гражданин СССР, образование среднее, с 1932 года кандидат в члены ВКП(б), исключен из партии в связи с арестом, учился в Корейском пединституте в гор. Кызылорде. Он обвиняется в том, что в 1912 году нелегально прибыл на территорию СССР из Кореи. В 1932 году в гор. Владивостоке устроился на учебу в Педрабфак, а позднее в пединститут, где в тот момент особо широко проводил контрреволюционную работу антисоветская группировка «Корбюро», что дает основание подозревать в пользу одного из капиталистических государств. Постановлением 3-го отд. Кызылординского обл. УНКВД от 27 мая 1938 года он арестован и возбуждено уголовное дело по ст. 58-6 УК РСФСР. Постановлением Особой тройки при УНКВД по Кызылординской области от 28 сентября 1938 года как соц. опасный элемент заключен в ИТЛ сроком на 5 лет.


Постановлением 3-го Отд. УГБ УНКВД по Кызылординской области от 17 декабря 1938 года след. дело по обвинению Ким Хя-Сек производством прекращено, и он освобожден из-под стражи за отсутствием состава преступления.


По заключению Прокурора Кызылординской области от 19 мая 1997 года Ким Хя-Сек на основании Указа Президиума Верховного Совета СССР от 16 января 1989 года реабилитирован.

КОЗИМЕУР Франтишек

родился в 1898 году в Чехословакии, образование начальное, беспартийный, до ареста проживал в Кармакчинском районе, работал каменщиком. Он обвиняется в том, что вел среди рабочих антисоветскую, контрреволюционную, провокаторскую агитацию и подрывно-вредительскую деятельность, за что арестован и привлечен к уголовной ответственности. Приговором Кызылординского областного суда от 11 апреля 1941 года осужден на 8 лет лишения свободы. Он реабилитирован 13 марта 1990 года.

КОЗЛОВ Николай Николаевич родился в 1874 году в гор. Васильсурск, Горьковского края, русский, с





1926 года гражданин СССР, грамотный, служащий, беспартийный, до ареста проживал на ст. Джусалы, работал бухгалтером службы пути конторы 12 дистанции ст. Джусалы.

По обвинительному заключению Козлов Н. Н. являлся участником шпионско-диверсионной, террористической организации, агентом японской разведки. Проживая на ст. Бухэду КВЖД с 1934 года

и до выезда в СССР являлся агентом японской полиции. Будучи завербован надзирателем полиции Вашиным, выдал полиции комсомольца Кроткова, который был арестован. В 1935 году переброшен на территорию СССР с заданиями шпионско-диверсионного характера. По прибытии на ст. Джусалы Козлов установил связь с резидентом японской разведки Мишениным, а через последнего с резидентом Мишениным, по заданию которого на ст. Джусалы установил связь с агентами японских разведорганов и создал контрреволюционную, шпионско-диверсионную группу и возглавил ее работу. По заданию японских разведорганов собрал сведения шпионского характера, имеющие оборонные значения. Эти сведения передал резиденту Шуцкому. В 1936 году через агентов резидентуры подготовил на военный период времени крушения товарных и военных поездов и поджоги ж/д складов, за что он постановлением ОДТО ГУГБ НКВД ст. Казалинск от 17 октября 1937 года арестован и привлечен к уголовной ответственности по ст. ст. 58-4, 6, 9, 11 УК РСФСР.

Постановлением Комиссии НКВД и Прокурора СССР от 25 декабря 1937 года Козлов Николай Николаевич осужден к высшей мере наказания — расстрелу.

Определением Военного Трибунала Белорусского Военного Округа от 15 октября 1957 года постановление Комиссии НКВД и Прокурора СССР от 25 декабря 1937 года в отношении Козлова Н. Н. отменено и дело о нем дальнейшим производством прекращено за отсутствием состава преступления.

Козлов Н. Н. реабилитирован посмертно.

КОЛОБАЕВА Пелагея Петровна родилась в 1902 году в Московской области, русская, образование неполное среднее, беспартийная, до ареста проживала в пос. Кармакчи, без определенных занятий. Она обвиняется в том, что вела антисоветскую контрреволюционную, провокаторскую агитацию и подрывно-вредительскую деятельность, за что арестована и привлечена к уголовной ответственности. Постановлением тройки УНКВД по Южно-Казахстанской области от 30 декабря 1937 года осуждена на 10 лет лишения свободы. Она реабилитирована 15 мая 1989 года.

КОТЕЛЬНИКОВ Семен Иванович родился в 1909 году в селе Старый Шуструй, Нижне-Ломовского района, Пензенской области, русский, образование


начальное, беспартийный, до ареста проживал на ст. Джусалы, работал плотником 12 дистанции службы пути. Постановлением Опер. отделения НКВД по Кызылординской области от 21 июля 1941 года арестован и привлечен к уголовной ответственности по ст. 58-10 ч. 2 УК РСФСР. Приговором судебной коллегии по уголовным делам Кызылординского облсуда от 31 августа 1941 года осужден на 10 лет лишения свободы с поражением избирательных прав на 3 года. Определением коллегии по уголовным делам Верховного Суда Казахской ССР от 27 октября 1941 года приговор судебной коллегии Кызылординского облсуда от 31 августа 1941 года оставлен в силе, протест Прокурора КазССР остался без удовлетворения. Постановлением Президиума Верховного Суда Казахской ССР от 30 сентября 1963 года Приговор Кызылординского облсуда и Определение судебной коллегии по уголовным делам Верховного Суда Казахской ССР отменены и дело в отношении Котельникова С. И. производством прекращено за отсутствием состава преступления. Протест Зам. Председателя Верховного Суда КазССР удовлетворен.

КОЧНЕВ Пётр Петрович родился в 1884 году в селе Кишилеево, Ивановской области, малограмотный, беспартийный, до ареста проживал в Кармакчинском районе, работал маляром, столяром. Он обвиняется в том, что вел антисоветскую, контрреволюционную агитацию, проводил вредительскую работу, за что арестован и привлечен к уголовной ответственности. Постановлением тройки при УНКВД по Южно-Казахстанской области от 11 декабря 1937 года осужден на 10 лет лишения свободы. Он реабилитирован 10 января 1996 года.

КУЗЬМИН-ОРЛОВ Николай Иванович родился в 1894 году в г. Ленинграде, из семьи служащего, в старой армии служил в чине подпоручика, выслан постановлением Особого Совещания при НКВД от 28 декабря 1935 года за антисоветскую агитацию и незаконное хранение оружия на 3 года в Казахстан, образование средне-техническое, беспартийный, по профессии радиотехник, до ареста проживал в пос. Кармакчи по ул. Казахская, 24, нигде не работал. Он обвиняется в том, что находясь в ссылке и будучи враждебно настроен против Советской власти, он за последнее время систематически занимался контрреволюционной агитацией, направленной на дискредитацию мероприятий партии, правительства и советской печати, высказывал мысли пораженческого характера, проповедовал идею непротивостояния злу, высказывался за побег из ссылки, за что постановлением Кармакчинского РО НКВД от 1 декабря 1938 года он арестован и привлечен к уголовной ответственности по ст. 58-10 УК РСФСР. Постановлением Кармакчинского РО НКВД от 17 декабря 1938 года возбужденное дело в отношении Кузьмина-Орлова Николая Ивановича производством прекращено за отсутствием состава преступления и из-под стражи освобожден.

По заключению прокурора Кызылординской области от 29 мая 1997 года Кузьмин-Орлов Николай Иванович на основании Указа Президиума Верховного Совета СССР от 16 января 1989 года реабилитирован.

КІРЕКЕСОВ Баймахан Қармақшы ауданының № 13 ауылында 1899 жылы туған, кулак тегінен шыққан, сауатты, 1932 жылдан 1937 жылға дейін БК(б)П мүшесі, контрреволюциялық әрекеті үшін партия қатарынан шығарылған, қамауға алынғанға дейін Қорқыт стансасында тұрған, темір жолда аға стрелочник болып жұмыс істеген.



Ол 1929—30 жылдары Ақмырза қарақшыларының көтерілісіне қатысқан.

Айыптау қорытындысы бойынша Кірекесов Баймахан ірі кулактың, болыстың баласы, 1929 жылдың аяғында мал-мүліктен айырылып қалудан қауіптеніп, жалған документпен барлық малын сатып жіберген, өзінің әлеуметтік тегін жасырып, Қорқыт стансасына стрелочник болып жұмысқа орналасқан. Сол жылы кеңес үкіметі мен партияның жүргізіп жатқан шараларына қарсы жауыздық тұрғыда өзінің туысы Кірекесов Ақмедияр-Қарабаймен Ақмырза қарақшылары көтерілісшілерінің жағына белсенділікпен қатысқан, қазақ жұртшылығы арасынан кеңес үкіметінің қуғын-сүргінінен қашқан бұрынғы кулактарды, шпиондар мен молдаларды тауып, оларды үгіттеп Ақмырза қарақшы отрядтарына қостырған.

1932 жылы БК(б)П қатарына кіріп, партия билетін бүркемеленіп, төмендегідей диверсиялық-жауыздық әрекеттер жасаған.

1936 жылдың жазында туысқаны Кірекесов Ақмедияр-Қарабаймен Жосалы стансасынан 3 шақырым жердегі солтүстік семафор жақтағы реліске товар поезын апатқа ұшырату үшін шпалдар тастаған. Ордазы разьезінен келе жатқан 12 жол дистанциясының автодрезинасы үлкен жылдамдықпен келіп шпалға соғып қираған, соның нәтижесінде поезд күйреуден аман қалған. Сол жылы Жосалы стансасында товар вагонының буксысына күм құйып, соның салдарынан Ордазы разьезінде поездың составында бірнеше вагонның буксысы жанған, ал бір вагонның белдешуесі сынып кетуінен поезд күйреп, темір жол транспортына үлкен зиян келтірілген.

Қорқыт стансасының аға стрелочнигі болып тұрған кезінде қазақ жұмысшыларының арасында партия мен кеңес үкіметінің жүргізіп отырған шараларына қарсы үнемі контрреволюциялық үгіт жүргізген. Өзінің манайына дүшпан элементтерінен топ құрып, оларды кеңес үкіметіне қарсы қоюға дайындағаны үшін айып тағылып, Қазалы ст. ОДТО ГУГБ НКВД-ның 1932 жылғы 20 қазандағы қаулысымен тұтқынға алынып, қылмыстық іс қозғалған.

Орынбор облыстық НКВД Басқармасы жанындағы үштіктің 1937 жылғы 18 желтоқсандағы қаулысымен Кірекесов Баймахан 10 жылға концлагерьге сотталған.

Орынбор темір жолы ДТО НКВД-ның 1940 жылғы 19 наурыздағы қаулысымен Орынбор облыстық

НКВД Басқармасы жанындағы үштіктің 1937 жылғы 18 желтоқсандағы Кірекесов Баймахан жөніндегі қаулысы бұзылып, іс өндірістен қысқартылған, Кірекесов Баймахан қамаудан, 1940 жылғы 8 сәуірде лагерьден босатылған.

КІРЕКЕСОВ Ақмедияр-Қарабай Қармақшы ауданының № 13 ауылында 1903 жылы туған, кейін Қорқыт стансасында тұрған, әлеуметтік тегі кулак, болыс баласы, сауаты бар, 1930 жылдан темір жолда жұмыс істеген, 1931 жылдан 1937 жылға дейін БК(б)П мүшесі, партиядан контрреволюциялық әрекеті үшін шығарылған, қамауға алынғанға дейін Қорқыт стансасында аға стрелочник болып жұмыс істеген.

Айыптау қорытындысы бойынша Кірекесов Ақмедияр —Қарабай 1929 жылы Ақмырза қарақшылары көтерілісшілерінің жағына белсенділікпен қатысқан, қазақ жұртшылығы арасынан кеңес үкіметінің қуғын-сүргінінен қашқан бұрынғы кулактарды, шпалдар мен молдаларды тауып, оларды үгіттеп Ақмырза қарақшы отрядтарына қостырған. 1929—30 жылдары мал-мүліктен айырылып қалудан қауіптеніп, жалған документпен барлық малын сатып жіберген, өзінің әлеуметтік тегін жасырып, темір жол транспортына жұмысқа орналасқан. 1932 жылы БК(б)П қатарына кіріп, партия билетін бүркемеленіп, төмендегідей диверсиялық-жауыздық әрекеттер жасаған.

1936 жылдың жазында туысқан ағасы Кірекесов Баймаханмен Ордазы разьезі мен Жосалы стансасының арасындағы темір жол релісіне поездды апатқа ұшырату үшін шпалдар тастаған, Ордазы разьезінен келе жатқан 12 жол дистанциясының автодрезинасы үлкен жылдамдықпен келіп, шпалға соғып, істен шыққан. Өзінің кезекшілігінде кетіп бара жатқан товар поезының автотормоз тұтқасын кесіп, буксысына күм құйған, соның салдарынан бірнеше вагонның буксысы жанып, бірнеше вагон жолдан шығып кеткен, сөйтіп темір жолға зиян келтірілген.

Қорқыт стансасында стрелочник болып жұмыс істеп жүргенде БК(б)П көсемнің портреттегі көзін папирос шоғымен күйдірген. Жұмысшылар арасында: «Кеңес үкіметін құлатып, капитализмді қайта құру керек», — деп үгіт жүргізген. Қазақстанды Кеңес Одағынан бөліп алу жайлы ауыл жұртшылығын үгіттеген. Соғыс бола қалған жағдайда ол ағасы Баймаханмен теміржол транспортында маңызды техникалық объектілерді қирату, поездарды апатқа ұшырату сияқты ірі диверсиялық акт ұйымдастыруды көздегені үшін айып тағылып, Қазалы стансасы ОДТО ГУГБ НКВД бөлімінің 1937 жылғы 23 қазандағы қаулысымен тұтқынға алынып, қылмыстық іс қозғалған.

Орынбор облыстық НКВД Басқармасы жанындағы үштіктің 1937 жылғы 18 желтоқсандағы қаулысымен Кірекесов Ақмедияр-Қарабай 10 жылға концлагерьге сотталған.

Орынбор темір жолы ДТО НКВД-ның 1940 жылғы 20 наурыздағы қаулысымен Орынбор облыстық НКВД Басқармасы жанындағы үштіктің 1937 жылғы 18 желтоқсандағы Кірекесов Ақмедияр-Қарабай жөніндегі қаулысы бұзылып, іс өндірістен қысқартылған, Кірекесов Ақмедияр қамаудан босатылған.

Қ

ҚАБЫЛОВ Алашбай Қармақшы ауданы, № 13 ауылда 1890 жылы туған, сауаты бар, партияда жоқ, қамауға алынғанға дейін осы ауылда тұрған, Қаракүм қарақшылары құрылғаннан бастап Жұмағазы мен Қожбан басқарған қарақшыларға мүше болып, ел арасында кеңес үкіметіне қарсы контрреволюциялық, ұлтшылдық үгіт жүргізген және зиянкестік әрекеттер жасағаны үшін тұтқынға алынып, қылмыстық іс қозғалған. Қазақстандағы ОГПУ өкілетті өкілдігінің жанындағы үштіктің 1930 жылғы 19 қарашадағы қаулысымен ең жоғары жаза — атуға сотталған.

Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 14 сәуірдегі заңының негізінде толық ақталған (қызы — Жәмила, Қызылорда қаласы, Абай даңғылы, 30 үй, 99 пәтерде тұрады).

ҚАЙМАҚБАЕВ Сержан Қармақшы ауданы, № 9 ауылдық кеңесі, Карл Маркс атындағы колхозда туған (туған жылы, білімі белгісіз), Карл Маркс атындағы колхоздың төрағасы болып жұмыс істеген.

1937 жылы Қармақшы аудандық ОГПУ бөлімі тұтқындап, РСФСР ҚК-ның 58 бабымен қылмыстық іс қозғалған. 1937 жылғы 7 ақпанда атылған. (Қызылорда қаласында тұратын немере інісі Раушанбек Таубаевтың айтуы бойынша).

ҚАРАБАСОВ Асанхан Қармақшы ауданының № 11 ауылдық кеңесі, «Томарбөгет» колхозында 1911 жылы туған, әлеуметтік негізі кедей шаруа, сауаты, бұрын ВЛКСМ мүшесі болған, комсомол қатарынан шығарылған, екі рет сотталған, 1931 жылдан БК(б)П мүшесі, ауылдық кеңестің төрағасы Ешевті өлтіруге қатысқаны үшін 3 жылға сотталған, жаза мерзімін өтеген, 1934 жылы ауылдық кеңестің хатшысы болып қызмет істеп жүргенде колхоздың тұқым фондасын ішіп-жеп қойғаны үшін ҚК-ның 109 бабымен 3 жылға сотталған, НКВД-ның Байкал—Амур ИТЛ-нан 1936 жылдың 27 қазанында жазасын өтеп, қамаудан босанып шыққан, «Томарбөгет» колхозында сауатсыздар мектебінде мұғалім болып жұмыс істеген, үйленбеген.

Қарабасов Асанхан 1937 жылдың 8 мамыр күні колхоздың қызымүйісінде сауатсыз колхозшыларға партия мен үкіметтің қаулысы жөнінде газет оқып беруді өтінген мектеп мұғалімінің ұсынысына ол қарсы шығып, партия мен үкіметтің көсемдерін жаман сөздермен балағаттап тіл тигізген, «Маған партия мен үкіметтің басшыларының керегі жоқ, ал сендерге бұл сөз ауыр тисе, онда мектептің есігіне қара жалау іліп қойындар», — деген. Сөйтіп партия мен кеңес үкіметіне қастық ойлағаны үшін айып тағылып, Қарабасов Асанхан Қармақшы аудандық НКВД бөлімінің 1937 жылғы 29 маусымдағы қаулысымен тұтқынға алынып, РСФСР ҚК-ның 58 бабының 10 тармағы 1 бөлімімен қылмыстық іс қозғалған.

Тергеу ісі сол жылғы 31 шілдеде аяқталып, айыптау қорытындысы сол күні шығарылған, оны Оңтүстік Қазақстан облыстық прокурорының 1937 жылғы 28 қыркүйектегі қаулысымен және Оңтүстік Қазақстан

облыстық сотының арнайы коллегиясының дайындау мәжілісінің 1937 жылғы 28 қыркүйектегі қаулысымен бекіткен.

Оңтүстік Қазақстан облыстық сотының арнайы коллегиясының 1937 жылғы 8 қазандағы үкімімен Қарабасов Асанхан 10 жылға бас бостандық еркінен айыруға, 4 жылға сайлау-сайлану құқын жоюға сотталған.

Қазақ ССР Жоғарғы сотының арнайы коллегиясының 1937 жылғы 3 қарашадағы ұйғаруымен Оңтүстік Қазақстан облыстық сотының арнайы коллегиясының үкімін күшінде қалдырған, Қарабасовтың шағым арызын аяқсыз тастаған.

Қазақ ССР прокуроры орынбасарының А. Қарабасовтың ісі жөнінде Қазақ ССР Жоғарғы Сотының Президиумына 1990 жылғы 17 мамырда Оңтүстік Қазақстан облыстық сотының арнайы коллегиясының 1937 жылғы 8 қазандағы үкімін және Қазақ ССР Жоғарғы сотының 1937 жылғы 3 қарашадағы ұйғаруын бұзып, оның әрекетінде қылмыстың белгісі болмағандықтан қылмыстық істі қысқартуды сұраған.

Ол толық ақталған.

ҚАРАКЕНЕЕВ Дастан Қармақшы ауданының № 9 ауылында 1909 жылы туған, білімі бастауыш, партияда жоқ, қамауға алынғанға дейін Қармақшы поселкесінде тұрған, сельпоның экспедиторы болып жұмыс істеген. Оған кеңес үкіметіне қарсы контрреволюциялық үгіт жүргізгені, сауда жүйесінде өртүрлі зиянкестік әрекеттер жасағаны үшін айып тағылып, РСФСР ҚК-ның 58 бабының 10, 11 тармақтарымен қылмыстық іс қозғалған. Қызылорда облыстық сотының 1951 жылғы 19 қаңтардағы үкімімен 10 жылға бас бостандық еркінен айыруға сотталған. Ол 1993 жылғы 28 қазанда ақталған.

ҚАСЫМБАЕВ Әлқуат-Қармақшы ауданының № 15 ауылында 1914 жылы туған, 1938 жылғы 7 ақпанда тұтқынға алынып, РСФСР ҚК-ның 58 бабының 8 тармағымен айып тағылған. Ол 1930 жылы өзінің туыстары Қуандық және Сүлейменмен Ақмырза Қарақшыларына белсенді түрде қатысқан. 1937 жылғы наурыз айында ол С. Ерболатовтың үйін ерген.

Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасының саяси қуғын-сүргіндер құрбандарын ақтау бөлімінің осы қылмысты іс жөнінде шығарған қорытындысы бойынша бақылауда тұрған өндірістік материалды тексеріп қарағанда төмендегілер анықталған:

Істе айптау қорытындысынан бақса ешқандай процессуалдық іс қағаздар тергеу протоколдары, бас шарасын бұлтартпау туралы қаулы, айып, тағу қаулысы жоқ болған. Сондықтан оның қандай жауаптары бергені, өзін кінәлі деп санамалы жоқпа белгісіз, сонымен қатар тергеу немен аяқталады, ісі сотқа жіберіледі және сот шешімі шықтырма белгісіз. Осы уақытқа дейін негізгі қылмысты істің қай жерде тұрғаны анықталмаған, ол жөнінде қандай шешім қабылданғаны белгісіз.

Бірақ бақылауда тұрған істе Ә. Қасымбаев туралы мәліметтерде ол РСФСР ҚК-нің 58 бабының 8 тармағымен жауапқа тартылған және делінген. Қасымбаев Ә. 1997 жылғы 15 қарашада толық ақталған.

ҚИСЫҚОВ (КИСЕКОВ) Әбдали (Әбжали) Қармақшы ауданының № 6 ауылы «Жігер» колхозында 1910 жылы туған, сауатты, партияда жоқ, сауатсыздар мектебінде мұғалім болып жұмыс істеген, 1937 жылы 1 жылға сотталған.

Оған тағылған айып: Ол кеңес үкіметіне қарсы контрреволюциялық ұлтшылдық ұйымның мүшесі болған, оның тапсырмасымен колхозда зиянкестік-зұлымдық жұмыстар жүргізген, — деп айып тағылып Қармақшы аудандық НКВД бөлімінің 1938 жылғы қаулысымен Қисықов Ә. тұтқынға алынып, РСФСР ҚК-ның 58 бабының 2, 7, 11 тармақтарымен қылмыстық іс қозғалған.

Қармақшы аудандық НКВД бөлімінің 1938 жылғы 5 қарашадағы қаулысымен айыпкер Қисықовқа тағылған айыптың тергеу барысында анықталмағандығынан іс мүлдем қысқартылып, қамаудан босатылған.

Қызылорда облыстық прокурордың 1997 жылғы 29 мамырдағы қорытындысымен Қисықов Әбжали СССР Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1989 жылғы 16 қаңтардағы жарлығының негізінде толық ақталған.

ҚОҒАБАЕВ Мәмбет Қармақшы ауданы, № 10 ауылдық кеңесі, Ленин атындағы колхоз территориясында 1869 жылы туған, Қызылқұмда, Жаңалария өзені бойында мал бағумен айналысқан, 12 ұл-қыздары болған, ұлдары — Оспан, Сердалы, Бердібек, қыздарының кенжесі Қызылорда қаласының тұрғыны Зибә Омарбаеваның айтуы бойынша осы мәлімет естелік кітапқа енгізілді. Телефоны: 7-10-14. Әкемді «халық жауы» ретінде, Қызылқұмдағы Ақмырза молда көтерілісшілеріне тікелей қатыспаса да, солар малдарын тартып алып, сойып жеген өкемнің малдарын «Ақмырзаға малынды тілеуестікпен бердің» деген желеумен 1931 жылы ГПУ қызметкерлері ұстап кеткенде: «Мен 16 жаста едім. Мені күйеуге ұзата салысымен, өкем түрмеге кетті. Ағаларым Оспан, Сердалы, Бердібек те қашып-пысып жоқ болып кетті. Әкем сол кеткеннен із-түзсіз кетіп барады, — дейді Зибә алай екі көзінен жасын парлата отырып. «Боздақтар» редакциясынан Қоғабаев Мәмбет жайлы деректі облыстық ұлттық хауіпсіздік комитеті архивінен таба алмадық. Мүмкін оның аты-жөні дұрыс жазылмаған да болар.

ҚОДАРОВ Садық Қармақшы ауданының № 4 Далакөл ауылы, «Көптіңкөлі» серіктестігінде 1861 жылы туған, арабша сауатты, атақты молда-ишан, мешіт ұстаған, Бұхарада, Хивада құран ашып емдеушілер даярлайтын діни оқу орнында оқыған, 1932 жылы молдалық жасағаны үшін тұтқынға алынып, абақтыда алты ай отырып шыққан.

Оған Қармақшы ауданында тәуіпкерлікпен айналысып, жасырын түрде адам емдеп сол үшін олардан алым алатын болған, Кеңес үкіметі мен партия саясатына қарсы үгіт жүргізгені үшін айып тағылып, ОГПУ-дың Қармақшы аудандық өкілінің 1936 жылғы 18 ақпандағы қаулысымен тұтқынға алынып, қылмыстық іс қозғалған.

Қармақшы аудандық НКВД бөлімінің 1936 жылғы 25 маусымдағы қаулысымен Қодаров Садықтың жасының ұлғаюына, еңбекке жарамсыз мүгедектігін ескеріп УПК-ның 202 бабына сәйкес істі қысқартқан.

Қызылорда облыстық прокурордың 1997 жылғы 12 мамырдағы қорытындысымен Қодаров Садық СССР Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1989 жылғы 16 қаңтардағы жарлығының негізінде толық ақталған. **ҚОЖАЕВ** Төрәлі Қармақшы ауданының № 13 ауылында 1903 жылы туған, Қорқыт стансасында тұрған, әкесі ірі бай болған, өзі сауатты, БК(6)П мүшесі, Қорқыт стансасында темір жолда стрелочник болып жұмыс істеген, контрреволюциялық топқа кіріп, диверсиялық жауыздық әрекеттер жасаған, 1936 жылы жүк пойызын жүріп бара жатқанда апатқа ұшырату мақсатында ағытып жібереді, содан екі поезд соғысады. 1937 жылы ол Қазалы стансасында вагон шеберханасын, сол жылы Жосалы стансасындағы депоны да өртемекші болғаны үшін айып тағылып, Қазалы стансасы ОДТО ГУГБ НКВД-ның 1938 жылғы 26 қаңтардағы қаулысымен тұтқынға алынып, қылмысты іс қозғалған. Оңтүстік Қазақстан облыстық НКВД Басқармасы жанындағы үштіктің 1938 жылғы 14 ақпандағы қаулысымен ең жоғары жаза — ату жазасына сотталған. 1989 жылғы тамыздың 17 күні облыстық прокурор архивтік қылмысты істі қайта қарап, өзінің қорытындысымен Қожаев Төрәлінің әрекетінде қылмыстық белгісі болмағандықтан мүлдем ақтаған.

ҚОЖАМҰРАТОВ Мұхамеджан — Қармақшы ауданының № 8 ауылында 1896 жылы туған, сол ауылда тұрған.

Оған тағылған айып бойынша ол кеңес өкіметіне қарсы контрреволюциялық ұлтшылдық ұйымға қатысып, оның тапсырмасымен ауыл шаруашылық саласында зиянкестік, жауыздық жұмыстар жүргізген, сөйтіп РСФСР ҚК-нің 58 бабының 2-76 бөлімінің, 58-11 тармағына жататын қылмыс жасаған.

Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасының саяси қуғын-сүргіндер құрбандарын ақтау бөлімінің прокуроры Ж.С. Құлымбетовтің осы қылмысты іс жөнінде шығарған қорытындысы бойынша іс материалымен танысқанда Қожамұратов өзінің қинасын мойындамаған. Оның айыбы іс материалымен де анықталмаған. Істе оны тұтқынға алу жөнінде қаулы, оны Қызылорда түрмесіне өкелу жөнінде қаулы бар. Бірақ істе қылмысты іс сотқа жіберілдіме жоқпа және сот шешімі шықтыма жоқ па белгісіз.

КГБ қызметкерлері арқылы негізгі қылмысты істі табуға және оны тексерудің және соттың шешімін шығаруға шара көрілген, осыған байланысты 1959, 1966 және 1989 жылдары тиісті орындарға сұрау жасалған.

Бірақ қылмысты істің қай жерде тұрғаны туралы ешқандай мәлімет болмаған Қожамұратовтың әрекетінде қылмыс құрамының белгісі болмағандығын, кеңес өкіметіне қарсы үгіт жүргізбегенін және зиянкестік әрекеттер жасамағанын еске ала отырып, ол қылмыстық жауапқа заңсыз тартылған — деген қорытынды шығарылған.

Осы айтылғандардың негізінде Қожамұратов М. Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 14 сәуірдегі Заңына сәйкес толық ақталуға жатады делінген. Ол 1997 жылғы 10 қыркүйекте ақталған.

ҚОШҚАРОВ Мәмет Қармақшы ауданының «Ақжар» ауылында 1875 жылы туған, сауатсыз, партияда жоқ,

қамауға алынғанға дейін «Ушанкөл» колхозында тұрған, колхозшы. Оған кеңес үкіметіне қарсы контрреволюциялық үгіт жүргізгені, колхозда зиянқестік әрекеттер жасағаны үшін айып тағылып, тұтқынға алынып, қылмыстық іс қозғалған. Оңтүстік Қазақстан облыстық НКВД Басқармасы жанындағы үштіктің 1937 жылғы 30 желтоқсандағы қаулысымен 10 жылға бас бостандық еркінен айыруға сотталған. Ол 1989 жылғы 26 қыркүйекте ақталған.

ҚҰЛАТОВ Дастан Қармақшы ауданының № 9 ауылында 1891 жылы туған, бай баласы, шала сауатты, партияда жоқ, 1930 жылы Ақмырза қарақшыларының құрамында болған, байлардың мал-мүлкін төркілеу кезінде қуғын-сүргіннен қашып жүрген, қамауға алынғанға дейін Жосалы стансасында жұмысшы болып істеген.

НАРБУЛДАЕВ (НАРБУЛОВ) Әбдіраш Қармақшы ауданының № 9 ауылында 1890 жылы туған, бай баласы, сауаты бар, партияда жоқ, қамауға алынғанға дейін Жосалы стансасында жұмысшы болып істеген.


ӨТЕГЕНОВ Құдайберген Қармақшы ауданының № 4 ауылында 1906 жылы туған, бай баласы, әкесі Қармақшы поселкесінде болып полицейі болған, 1929 жылы мал-мүлкі төркіленіп, әзі жер аударылған, шала сауатты, партияда жоқ, қамауға алынғанға дейін Жосалы стансасында жұмысшы болып істеген. Айыптау қорытындысы бойынша бұларға контрреволюциялық кулак-байлар, ақ-гвардияшылар, көтерілісшілер, диверсиялық топтың мүшелері болған, осы топтың тапсырмасымен олар темір жол транспортында әр түрлі зиянқестік әрекеттер жасаған, кеңес үкіметіне, оның құрылысына қарсы үгіт жүргізген және қарулы көтеріліске дайындық жасағаны үшін айып тағылып, Қазалы стансасының ОДТО ГУГБ НКВД-ның 1938 жылғы 10 пілдедегі қаулысымен Құлтаев Дастан, Нарбулдаев (Нарбулов) Әбдіраш, Өтегенов Құдайберген тұтқынға алынып, РСФСР ҚК-ның 58 бабының 2, 9, 11 тармақтарымен қылмыстық іс қозғалған.

Қазалы стансасының ОДТО ГУГБ НКВД-ның 1939 жылғы 13 қаңтардағы қаулысымен Құлтаев Дастан, Нарбулдаев (Нарбулов) Әбдіраш, Өтегенов Құдайберген Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 14 сәуірдегі Заңының негізінде толық ақталған.

ҚҰЛБАЕВ Орынбасар Қармақшы ауданының № 9 ауылында 1912 жылы туған, білімі 7 класс, БЛКЖО мүшесі, Қармақшы пос., Аманкелді көшесі № 38 үйде тұрған, аудандық прокуратурада хатшы болып жұмыс істеген. Оған кеңес үкіметіне қарсы ұлттық ұйымның мүшесі, оның тапсырмасымен жұртшылық арасында үнемі контрреволюциялық жауыздық жұмыс және үгіт жүргізгені үшін айып тағылып, Қармақшы аудандық НКВД бөлімінің 1938 жылғы 13 қазандағы қаулысымен тұтқынға алынып, РСФСР ҚК-ның 58 бабының 7, 10, 11 тармақтарымен қылмыстық іс қозғалған. Қармақшы аудандық НКВД бөлімінің 1938 жылғы 8 желтоқсандағы қаулысымен Құлбаев Орынбасарға тергеу барысында тағылған айыптың анықталмауына байланысты іс өндірістен қысқартылып, ол қамаудан босатылған. Қызылорда облыстық прокурордың 1997 жылғы 24 сәуірдегі қорытындысымен Құлбаев Орынбасар

СССР Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1989 жылғы 16 қаңтардағы жарлығы негізінде толық ақталған.

ҚҰСАНОВ Құндақбай Қармақшы ауданының № 3(14) ауылында 1904 жылы туған, байдың баласы,



шала сауатты, партияда жоқ, қамауға алынғанға дейін, Орынбор темір жолы Жосалы стансасында құрылыс учаскесінде кесек құюшы және көмір қоймасында жұмысшы болып істеген, Жосалы стансасы, Қазақ көшесі, № 12 үйде тұрған, бұрын сотты болмаған, үйленбеген.

Қусанов Құндақбай ірі бай болған, 1929 жылы мал-мүлкі төркіленіп дауыс беру құқынан айырылған, жер аударудан

қашып, Қарақұмға барып жасырынған, сөйтіп Жұмағазиев пен Қожбановтардың қарақшыларына қосылып, екі жыл бойы кеңес Үкіметіне қарсы күрескен. Байлар көтерілісі жойылғаннан кейін 1933 жылға дейін ауылдарда жасырынып жүрген, 1933 жылы өзінің әлеуметтік негізін және қарақшыларға қосылып кеңес өкіметіне қарсы байлар көтерілісіне қатысқанын жасырып, темір жол транспортына жұмысқа тұрған. Көмір қоймасында жұмыс істеп жүріп, көмірге май құю жолымен зиянқестік жұмыстар жүргізген, соның салдарынан көтергіш кранды істен шығарған. Вагондардан көмір түсіру жұмыстарын үнемі ұстап отырған. Партия мен Кеңес үкіметіне қарсы контрреволюциялық үгіт жүргізіп келген. 1937 жылдың желтоқсаны айында көтергіш кранның «Фридман» май құйғышын бұзғаны үшін айып тағылып, Қазалы стансасы НКВД ОДТО ГУГБ-ның 1938 жылғы 14 сәуірдегі қаулысымен тұтқынға алынып, қылмыстық іс қозғалған.

Тергеу ісі аяқталып, айыптау қорытындысы 1938 жылдың 20 сәуірінде шығарылған, оны Орынбор НКВД ДТО ГУГБ бастығы бекіткен.

Орынбор облыстық НКВД Басқармасының жанындағы үштіктің 1938 жылғы 22 сәуірдегі қаулысымен Қусанов Құндақбай 10 жылға концлагерьге сотталған.

Орынбор темір жолы НКВД ДТО тергеушісінің 1939 жылғы 2 қазандағы қаулысымен тергеу ісі өндірістен қысқартылып, Орынбор облыстық НКВД Басқармасы жанындағы үштіктің 1938 жылғы 22 сәуірдегі Қусанов Құндақбай жөніндегі қаулысы дұрыс болмағандықтан бұзылып, Қусанов тұтқыннан босатылған.

Бұл қаулыны Укалов облыстық НКВД Басқармасының бастығы 1939 жылғы 3 қазанда бекіткен. Қусанов Құндақбай сотталғаннан кейін Архангельск облысы, Котлас стансасы, НКВД-ның Ухтмечлагында қамауда болған.

Қызылорда облыстық прокурордың аға көмекшісінің 1991 жылғы 24 қазандағы қаулысымен Қусанов Құндақбай жөніндегі қылмыстық іс

оның әрекетінде қылмыс құрамы болмағандықтан өндірістен қыс-қартылған. Бұл қаулыны облыстық прокурордың бірінші орынбасары бекіткен. Ол толық ақталған.

Л

ХОН БО-ХО родился в 1897 году в Корее, образование неполное среднее, беспартийный, до ареста проживал в пос. Кармакчи, без определенных занятий. Он обвиняется в том, что проводил антисоветскую контрреволюционную, провокаторскую агитацию среди корейского населения и шпионско-диверсионную подрывно-вредительскую деятельность, за что арестован и привлечен к уголовной ответственности. Постановлением тройки при УНКВД по Кызылординской области от 29 сентября 1938 года осужден к высшей мере наказания — расстрелу. Он реабилитирован 15 мая 1989 года.

Ч

ЧАГОВСКАЯ Лея Миеровна родилась в 1900 году в гор. Умань Киевской области, еврейка, образование начальное, выслана из Москвы на основании постановления Особого Совещания при НКВД СССР от 29 октября 1936 года как социально-опасный элемент в Казахстан на 5 лет, до ареста проживала в пос. Кармакчи, портниха, работала на дому. Будучи враждебно настроенной против Советской власти, за время нахождения в ссылке занималась контрреволюционной троцкистской агитацией, за что постановлением Кармакчинского РО НКВД от 22 ноября 1937 года арестован и привлечен к уголовной ответственности по ст. 58-10 УК РСФСР. Постановлением Особого Совещания при НКВД СССР от 29 декабря 1937 года Чаговская Л.М. осуждена сроком на 8 лет в ИТЛ как член семьи изменника Родины.

Определением Военного Трибунала от 14 октября 1955 года Постановление Особого Совещания при НКВД СССР от 29 декабря 1937 года по делу Чаговской Л.М. отменено и дело о ней в уголовном порядке дальнейшим производством прекращено. Указом Президиума Верховного Совета СССР от 16.01.1989 года реабилитирована.

Ш

ШАДЕЕВА Зейпен Кармакшы ауданының № 10 Жалғыз Құм ауылдық кеңесінде 1920 жылы туған, шыққан тегі кедей шаруа, оқушы.

Шадеева Зейпен ауылындағы мектептің 7 класында оқып жүріп, оқудың аяғында 4 оқушы болып жолда келе жатып, Шадеева қасындағы бірге келе жатқан балалардың көзінше партия мен үкімет көсемдеріне тіл тигізіп, контрреволюциялық сөздер айтқаны үшін айып тағылып, Кармакшы аудандық НКВД бөлімінің 1937 жылғы 19 шілдедегі қаулысымен 17 жасында тұтқынға алынып, РСФСР ҚК-ның 58 бабының 10 тармағы 1 бөлімімен қылмыстық іс қозғалған.

Тергеу ісі аяқталып, айыптау қорытындысы 1937 жылдың 5 қарашасында шығарылған. Істі облыстық сотқа негізінен қарап шешу үшін жіберілген. Оңтүстік Қазақстан облыстық сотының Арнайы коллегиясының дайындық мәжілісінің 1937 жылғы 20 қарашадағы қаулысымен айыптау қорытындысы бекітілген. Істі қарау үшін Қызылорда сотына жіберілген.

Қызылорда облыстық сотының арнайы коллегиясының 1938 жылғы 27 сәуірдегі үкімімен Шадеева Зейпенді РСФСР ҚК-ның 58-10, 1 бөлімімен жазаға тартуға дәлелдемелер жеткіліксіз болғандықтан ақтап, тұтқыннан босатқан, істі өндірістен қысқартқан.

Қазақстан Республикасы Бас прокуратураның бөлім бастығының 1995 жылғы 9 желтоқсандағы қорытындысында Шадееваның өрекеттерінде және сөздерінде контрреволюциялық ұғым жоқтығын және кеңес үкіметін құлатуға, өлсіретуге ешкімді үгіттемегені, оның сөздерінде РСФСР ҚК-ның 58-10, 1 бөлімінде көрсетілген сипаттардың (белгілердің) жоқтығы анықталып, Зейпен Шадееваның РСФСР ҚК-ның 58-10, 1 бөлімімен айыпталып қамауға алынуы істің сотқа жіберілуі заңсыз екені атап көрсетілген.

Шадеева Зейпен Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 14 сәуірдегі Заңының негізінде толық ақталған.

ШАЛАЕВ Берше Кармакшы ауданының № 13 ауылында 1891 жылы туған, білімі бастауыш, шала сауатты, партияда жоқ, қамауға алынғанға дейін № 105 Сартоғай развезінде тұрған, теміржолда жұмысшы болып істеген.

Оған Кеңес үкіметіне қарсы контрреволюциялық үгіт жүргізіп, темір жол бойында әртүрлі зиянкестік өрекеттер жасағаны үшін айып тағылып Орынбор темір жолының ГУГБ НКВД-ның 1938 жылғы 8 тамыздағы қаулысымен қамауға алынып, РСФСР ҚК-

ның 58 бабының 9, 10, 11 тармақтарымен қылмыстық іс қозғалған. Тергеу барысында қылмыс құрамы анықталмағандықтан 1938 жылғы 31 желтоқсанда іс қысқартылып, Шалаев Берше қамаудан босатылған.

ШАЛАЕВ Сұлтанбек Қармақшы ауданының № 13 ауылында 1910 жылы туған, білімі бастауыш, партияда жоқ, қамауға алынғанға дейін № 105 Сартоғай развезінде тұрған, развездің кезекшісі болып жұмыс істеген. Оған Кеңес үкіметіне қарсы контрреволюциялық үгіт жүргізіп, темір жол бойында әртүрлі зиянқестік әрекеттер жасағаны үшін айып тағылып, Орынбор темір жолының ГУГБ НКВД-ның 1938 жылғы 8 қазандағы қаулысымен қамауға алынып, РСФСР ҚК-ның 58 бабының 2, 9, 10, 11 тармақтарымен қылмыстық іс қозғалған. Тергеу барысында қылмыс құрамы анықталмағандықтан 1938 жылғы 31 желтоқсанда іс қысқартылып, Шалаев Сұлтанбек қамаудан босатылған.

ШАНКАМАЛОВ Жәкен Қармақшы ауданының № 1 ауылында 1869 жылы туған, сауаты жоқ, бай, жартылай феодал болған, 1928 жылы мал-мүлкі тәркіленіп, өзі жанұясымен Адаев округіне жер аударылған, онда 1931 жылға дейін тұрған, 1930 жылы айдауда жүріп қашып, жарты жолда ОГПУ-дың отрядтары арқылы ұсталған. 10 ай тұтқында отырып, өзінің кінәсін мойындағаннан кейін, оны тілхатпен босатады, бірақ тілхатты бұзып, Пахта-Аралға қашып, 1936 жылға дейін сол ауылда болады. Контрреволюциялық топ құрып бірнеше жауыздық әрекеттер жасағаны үшін айып тағылып, Қызылорда аудандық НКВД бөлімінің 1937 жылғы 12 тамыздағы қаулысымен тұтқынға алынып, қылмыстық іс қозғалған. Оңтүстік Қазақстан облыстық НКВД Басқармасы жанындағы үштіктің 1937 жылғы 31 тамыздағы қаулысымен ең жоғары жаза — ату жазасына сотталған, үкім сол жылдың 6 қыркүйек айының 6 күні орындалған.

1989 жылғы қараша айының 2-күні СССР Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1989 жылғы қаңтар айының 16 жұлдызындағы жарлығына сөйкес Шанкамалов Жәкен толық ақталған.

ШАПҚЫНБАЕВ Байман Қармақшы ауданында 1893 жылы туған, кейін Сырдария ауданының № 15 ауылында тұрған, әлеуметтік негізі кедей шаруа, сауатты, 1921 жылдан БК(б)П мүшесі, осы іске байланысты партия қатарынан шығарылған, бұрын сотты болмаған, қамауға алынғанға дейін Сырдария ауданының № 15 «Қызыл Жарма» ауылдық кеңесінің төрағасы және парторг болып қызмет атқарған, үйленген, әйелі — Маржан, баласы — Ашнас.

Шапқынбаев Байман Қызылорда облысындағы Кеңес үкіметіне қарсы контрреволюциялық ұлтшылдық ұйымға белсенді түрде қатысқан. Ол бұл ұйымға


1927 жылдың ақпан айында Қызылорда жер бөлімінің бұрынғы менгерушісі Жүсіпбаев және Қызылорда аудандық партия комитетінің нұсқаушысы Тышқанбаев арқылы тартылған. Осы ұйымға қатысушылардың Кеңес үкіметіне қарсы жүргізген әрекеттеріне белсене қатысқан. Шапқынбаев бұл ұйымға жаңадан «Комсомол» колхозының төрағасы Бисенбаев Төлегенді, осы колхоздың есепшісі Оспанов Махмұтты, колхоз бригадирі Жайымбетов Сахияны, колхоз төрағасының орынбасары Жанғазиев Серікбайды, «Қарауыл Төбе» колхозының есептеушісі Өткелбаев Әбдрахманды және «Тереңсай» колхозының бригадирі — Өтегенов Жұмашты тартқан. Оларға мынандай тапсырмалар берген. Ұйымға жаңадан мүшелер тарту, жауыздық жолмен мал басын құрту, партия мен Кеңес үкіметінің жүргізіп жатқан саяси-шаруашылық науқанын бұзу, астық тұқымын дер кезінде сеппеу, суармау және жинамау жолымен астық өнімділігін азайтуға жету. Шапқынбаевтың тікелей тапсырмасымен Бисембаев, Жанғазиев және Оспанов мал басын құрту үшін үгіт жүргізген, соның салдарынан 1937 жылы «Комсомол» колхозында 50 бас мал құрыған, 20 гектар тарыны жарамсыз соры шығып кеткен жерге екен, соның салдарынан егін шықпай қалған. 50 гектар күріш 1938 жылдың қаңтар айына дейін бастырылмай құрып кеткен.

Барлық жұмыс малы күтімсіздіктен және мал азығынсыз 1938 жылдың көктемінде көтеремдіктен егіс жұмысына жарамай қалған, содан барып көктемгі егіс мерзімі ұзаққа созылып кеткен. Шапқынбаев егіс арығын биік жерден қазуға нұсқау берген, соның салдарынан арықтан су ақпай «Комсомол» колхозының егісі сусыз қалған.

«Тереңсай» және «Қарауылтөбе» колхоздарында Шапқынбаев өзінің ұйымға тартқан Өтегенов және Өткелбаев арқылы зиянқестік жұмыстар жүргізген. Шапқынбаевтың тапсырмасымен олар 30 га күрішті, 12 га бидайды, 3 га арпаны, 15 га тарыны және 5 га мақтаны соры шығып кеткен жарамсыз жерге екен, содан егін шықпай өліп қалған. Олар 30 бас малды әдейі қасақана құртқан. Сонымен қатар Шапқынбаев № 15 ауылдық кеңестің төрағасы болып қызмет істеп жүргенде колхозшылар арасында мал басын қырып жою туралы контрреволюциялық үгіт жүргізген, соның салдарынан 1937 жылы «Қарауыл Төбе» колхозы бойынша 30 бас, «Комсомол» колхозы бойынша 50 бас және «Терең Сай» колхозы бойынша 10 бас мал құрыған.

Осы қылмысы үшін Шапқынбаев Байман Қызылорда облыстық НКВД Басқармасы УГБ-ның 4 бөлімшесінің 1938 жылғы 31 мамырдағы қаулысымен тұтқынға алынып РСФСР ҚК-ның 58 бабының 2, 7, 11 тармақтарымен қылмыстық іс қозғалған. Тергеу ісі сол жылғы 27 маусымда аяқталған, айыптау қорытындысы 10 шілдеде шығарылған. Оны облыстық прокурор 5 тамыздағы қорытындысымен және Қызылорда облыстық сотының арнайы коллегиясының дайындық мәжілісінің 11 тамыздағы қаулысымен бекіткен.

Қызылорда облыстық сотының арнайы коллегиясының 1938 жылғы 4 қыркүйектегі үкімімен айыпкер Шапқынбаев Байманды ҚК-ның 58 бабының 2,



7, 11 тармактарымен айыпты деп тауып, үкіметтің 2.10.1937 жылғы қаулысына лайық 20 жылға бас бостандық еркінен айыруға, 5 жылға сайлау-сайлану құқын жоюға, өзіне тиісті мал-мүлкін тәркілеуге соттаған.

Шапқынбаев Байман МВД-ның Дубравлагына 1951 жылдың 27 тамызында айдалып келген, 1952 жылғы 12 қаңтарда арудан қайтыс болған.

Қазақ ССР прокурорының орынбасарының бақылау ретінде Б. Шапқынбаевтың ісі жөнінде Қазақ ССР Жоғарғы сотының қылмысты істер қарайтын сот коллегиясына 1990 жылғы 22 тамызда жолдаған наразылығы бойынша Шапқынбаев Байман жөніндегі Қызылорда облыстық сотының 4 қыркүйек 1938 жылғы үкімін бұзып, бұл істі оның өрекетінде қылмыстық сипаты болмағандықтан қысқартуды сұраған

1938 жылғы 2 маусымдағы Сырдария аудандық партия комитетінің бюро мәжілісінің протоколы (Протокол № 21).

Тыңдалды: Шапқынбаев Байманның ісі туралы (Ж. Қайыпов).

Қаулы: Шапқынбаев Байман Ілгеріден-ақ ұлтшыл екені және халық жауы ұлтшыл-фашистің мүшесі, агенті екені анықталғаннан кейін ҚК(б)П-ның мүшелігінен шығарылсын. Қолындағы партия билеті алынсын.

Сырдария аудандық партия комитетінің секретары: (Неісінов).

ШЕГЕБАЕВ Әбдіразақ (Әбдрәсіл) Қайырбергенұлы Қармақшы ауданы, қазіргі «Майлыөзек» серіктестігі территориясындағы шағын елді мекендердің бірі «Түпбөгетте» дүниеге келді. Қармақшыдағы түземдік мектептегі орысша оқуға беріледі де, оны бітірген соң Ташкент қаласындағы гимназияға барып оқуға түседі. Оны 1922 жылы бітіреді.

1927 жылы Орынбор теміржолы бөлімшесінің саяси бөліміне нұсқаушы болып қызметке тұрады. 1925 жылы Қазалы аудандық жұмысшы бақылаушы комитетін басқарып, онда 1929 жылға дейін істейді. Онан кейін Қызылорда облыстық жинақ қасалары жүйесіне меңгеруші болды.

1931 жылы Әбдіразақ Шегебаев Жезқазған облысының Обаған аудандық атқару комитетіне төраға етіп жіберілді. 1934 жылы Қызылорда облысының Жаңақорған аудандық комитетінің, 1938 жылы Оңтүстік Қазақстан облысы Арыс аудандық атқару комитетінің төрағасы болып істеді.

1938 жылғы 12 қарашада оған Халық жауы деген айып тағылып, НКВД үштігінің өкімімен 12 жылға

сотталып, Сібірге жер аударылған. 1939 жылғы 12 қарашада ол НКВД түрмесінде қайтыс болды. Әбдіразақ Шегебаев түрмеде жатып Оңтүстік Қазақстан облыстық прокурорына арыз жолдаған болатын. Оның арызы қанағаттандырылып, Шегебаев Әбдіразақ 1941 жылғы 20 қазанда толық ақталды, бірақ ол өзінің ақталғанын білмеген күйі мәңгілікке көз жұмды.

ШЕ-ДЯ-РЕН родился в 1904 году в Корее, кореец, гражданин СССР, окончил 1 ступень в Корее, беспартийный, до ареста проживал в колхозе, «III Интернационал» Кармакчинского района, колхозник. Он обвиняется в том, что в 1920 году в период японской интервенции на ДВК вместе со своим зятем агентом японской разведки Хам-Сын-Секом прибыл в СССР и оказывал помощь японским войскам в доставке фуража и продовольствия. В 1922 году во время эвакуации японских войск из ДВК он вместе со своим зятем уехал в Корею. Будучи в Корее, в 1926 году он был завербован японской разведкой для шпионской работы, с том же году перебросен в СССР для шпионской работы в пользу Японии. Находясь на территории СССР в гор. Ворошилово ДВК он занимался сбором шпионских сведений, как-то: «О расположении и наличии воинских частей и построении корейского населения на ДВК. Эти собранные шпионские сведения он передал японской разведке через японского резидента Хам-Сын-Сек, за что он постановлением Кармакчинского РО НКВД от 10 апреля 1938 года арестован и привлечен к уголовной ответственности по ст. 58-6 УК РСФСР. Постановлением особой тройки при УНКВД по Кызылординской области от 9 октября 1938 года Ше-Дя-Рен осужден к высшей мере наказания — расстрелу. Приговор приведен в исполнение 16 октября 1938 года Кызылординским обл. упр. УГБ НКВД.

Определением Военного Трибунала ТуркВО от 25 мая 1960 года постановлением особой тройки при УНКВД по Кызылординской области от 9 октября 1938 года в отношении Ше-Дя-Рена отменено и дело он нем прекращено за отсутствием состава преступления. Ше-Дя-Рен реабилитирован.

ШОНАЕВ Бектібай Қармақшы ауданының № 10 ауылында 1880 жылы туған, кейін осы ауданның № 12 Ақжарма ауылында тұрған, өкесі де, өзі де ірі бай болған, патша үкіметі тұсында «Қуандарияда» болыс болған, тұрақты 5 жалшы ұстаған. 1931 жылы бай ретінде салық салынған, оны орындамай Өзбекстанға қашып кеткен, сауаты бар, партияда жоқ, № 12 Ақжарма ауылындағы «Қарасу» тозында колхозшы, үйлі-жайлы, екі әйелі бар. Қожахметова Ұрхия, Күнімова Маржан, балалары Әбжан, Әбілжан, Қазтай, қыздары — Ашырбан, Жаңыл, Әсия, Дәмелі. Шонаев Бектібай Кеңес үкіметіне қарсы контрреволюциялық пиғылда болып, Кеңес үкіметінің барлық шараларына, атап айтқанда ауыл шаруашылығын коллективтендіруге, астық дайындауға қарсы үнемі контрреволюциялық үгіт жүргізіп, капиталистік елдердегі жағдайды мадақтаған. 1930 жылы қуғыннан қашып, Қызылорда ауданына келіп, тығылшып жүріп, Өзбекстанға топпен көшуді ұйымдастырған, бір ауданнан екінші ауданға барып, ақырында 1933



жылы өзінің туысы Шонаев Төттібайды Қармақшы ауданынан Ауғанстанға тобымен қашқан байлармен бірге жіберген. Өзінің туысы Шонаев Төттібайды Ауғанстанға өткізіп жібергеннен кейін, Шонаев Бектібай Қызылорда ауданына қайтып келіп, Ауғанстанға көшуге топтар дайындаумен айналысқан, колхозшыларға: «Ауғанстанда СССР-дағыдан өмір сүру анағұрлым жақсы, қазақтар ол жақта көп мал ұстайды, қазақтарды бір жерге топтастырып ақшалай, малдай көмек көрсетеді», — деген. Сонымен қатар ол контрреволюциялық өлеңдер таратып, капиталистік мемлекеттерді мадақтағаны үшін айып тағылып, Шонаев Бектібай Қызылорда аудандық НКВД бөлімінің 1937 жылғы 15 тамыздағы қаулысымен тұтқынға алынып, қылмыстық іс қозғалған. Іс бойынша тергеу РСФСР ҚК-ның төртбі бойынша жүргізілмей өрескел бұрмаланған, тергеу орыс тілінде аудармашысыз жүргізілген, Шонаев Бектібайға айыбы көрсетілмеген, іс материалдарымен таныстырылмаған, айыптау қорытындысын ешкім бекітпеген. Оңтүстік Қазақстан облыстық НКВД Басқармасы жанындағы үштіктің 1937 жылғы 19 қарашадағы қаулысымен Шонаев Бектібай 10 жылға концлагерьге сотталған.

Оңтүстік Қазақстан облыстық соты Президиумының 1958 жылғы 18 желтоқсандағы қаулысымен Оңтүстік Қазақстан облыстық НКВД Басқармасы жанындағы үштіктің 1937 жылғы 19 қарашадағы Шонаев Бектібай жөніндегі қаулысы бұзылып, оған тағылған айыптың анықталмағандығынан ол жөнінде іс қысқартылған. Оңтүстік Қазақстан облыстық прокурорының наразылығы қанағаттандырылған. Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының бөлім бастығының 1996 жылғы 25 наурыздағы қорытындысымен Шонаев Бектібай Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 14 сәуірдегі Заңының негізінде толық ақталған.

ШОНТАЕВ Баймырза Қармақшы ауданының № 19 ауылында 1882 жылы туған, сауатсыз, партияда жок, қамауға алынғанға дейін осы ауылда тұрған, балықшы. Оған Кеңес үкіметіне қарсы контрреволюциялық үгіт жүргізіп, ауыл шаруашылығында жүргізіліп жатқан шараларға, колхоз құрылысына қарсы әрекеттер жасағаны үшін айып тағылып, тұтқынға алынып, қылмыстық іс қозғалған. Қазақстандағы ОГПУ өкілетті өкілдігі жанындағы үштіктің 1933 жылғы 29 маусымдағы қаулысымен 5 жылға бас бостандық еркінен айыруға сотталған. Ол 1989 жылғы маусымда ақталған.

ШТЫКОВ Лев Яковлевич родился в 1899 году в гор. Одессе, русский, образование высшее, член ВКП(б), исключен из партии в связи с этим делом, до ареста проживал в пос. Джусалы, работал директором Мехзавода. Он обвиняется в том, что был членом контрреволюционной троцкистско-бухаринской террористической организации, активно проводил антисоветскую провокаторскую агитацию пораженческого характера и шпионско-диверсионную, подрывно-вредительскую деятельность, развалил работу завода, разлагал трудовую дисциплину, за что арестован и привлечен к уголовной ответственности. Приговором Кызылординского областного суда от 2 ноября 1941 года осужден на 10 лет лишения свободы. Он реабилитирован.

Ш

ШЕТИНИН Федор Федорович родился в 1902 году в селе Судакво Оренбургской области, русский, образование начальное, беспартийный, до ареста проживал на ст. Джусалы, был рабочим. Он обвиняется в том, что проводил антисоветскую контрреволюционную, провокаторскую агитацию среди рабочих и подрывно-шпионскую, вредительскую деятельность на железной дороге, за что арестован и привлечен к уголовной ответственности. Постановлением тройки при УНКВД по Южно-Казахстанской области от 30 января 1938 года осужден к высшей мере наказания — расстрелу. Он реабилитирован 22 января 1996 года.


Ы

ЫБЫРАЕВ Мұса Қармақшы ауданының № 3 ауылында 1902 жылы туған, байдың баласы, шала сауатты, партияда жок, қамауға алынғанға дейін Жосалы стансасында көмір қоймасында жұмысшы болып істеген, Свердлов көшесі № 9 үйде тұрған, бұрын сотты болмаған, үйленген, әйелі — Қадияш, ұлы — Шаймерден, қарындасы — Қабура.

Ыбыраев Мұса 1929 жылға дейін бай болып, сол жылы мал-мүлкі төркіленіп, азаматтық құқынан айрылған, жер аударудан қашып Қарақұмға жасырынып, Жұмағазиев пен Қожбановтардың қарақшыларына қосылып, 1931 жылға дейін Кеңес үкіметіне қарсы күрескен.

Қарақшылар талқандалғаннан кейін Өзбекстанның Сырдария стансасына барып, 1933 жылға дейін жасырынып жүрген. 1933 жылы ол өзінің өткендегі әлеуметтік негізін жасырып, төмір жол транспортына жұмысқа кірген.

Жосалы стансасындағы көмір қоймасында жұмысшы болып істеген кезінде өзінің маңайына



бұрын қарақшыларға қатысқан Отызбаев пен Әбірамановты, тағы басқаларды топтастырған. Ол өзінің осы тобымен көмірді маймен араластырып, паровоздарды көмірмен қамтамасыз ететін көтергіш кранды істен шығарған. Паровоздарға берілетін көмірді зиянкестікпен үнемі топырақпен араластырып беріп, соның салдарынан поездар да жолда тоқтап қалып, кешіретін болған. Партия мен Кеңес үкіметіне қарсы контрреволюциялық үгітті үнемі жүргізіп келген. Жосалы стансасындағы су айдағышқа (водокачка) дивер-

сиялық акт жасауға дайындық жасағаны үшін айып тағылып, Ыбыраев Мұса Қазалы стансасының НКВД ОДТО ГУГБ-ның 1938 жылғы 14 сәуірдегі қаулысымен тұтқынға алынып, қылмыстық іс қозғалған.

Тергеу ісі аяқталып, айыптау қорытындысы 1938 жылғы 20 сәуірде шығарылған, оны Орынбор НКВД Басқармасының бастығы бекіткен. Орынбор облыстық НКВД Басқармасы жанындағы үштіктің 1938 жылғы 22 сәуірдегі қаулысымен Ыбыраев Мұса 10 жылға концлагерьге сотталған.

Ыбыраев Мұса сотталғаннан кейін Коми АССР Чибью поселкесі НКВД-ның Ухто-Ижемск ИТЛ-на айдалған.

Орынбор Теміржолы НКВД ДТО тергеушісінің 1939 жылғы 21 қыркүйектегі қаулысымен Ыбыраев Мұса жөніндегі тергеу ісі өндірістен қысқартылған. Чкалов облыстық НКВД басқармасы жанындағы үштіктің 1938 жылғы 22 сәуірдегі қаулысы дұрыс шығарылмағандықтан бұзылып, сотталушы М. Ыбыраев қамаудан босатылған.

Бұл қаулыны Чкалов облысының НКВД Басқармасының бастығы 26 қыркүйекте бекіткен.

Ыбыраев Мұса 1939 жылдың 1 қарашасы күні лагерден босанып шыққан.

Қызылорда облыстық прокуратурасы аға прокурорының 1991 жылғы 9 шілдедегі қаулысымен Орынбор облыстық НКВД Басқармасы жанындағы үштіктің 1938 жылғы 22 сәуірдегі М. Ыбраев жөніндегі қаулысы бұзылып, оның әрекетінде қылмыс құрамы болмағандықтан іс өндірістен қысқартылған. Ол толық ақталған.

I

ІСКЕНДІРОВ Жұнбас Қармақшы ауданының № 1 Сырдария ауылдық кеңесінде 1877 жылы туған, баймолда болған, руы қожа, арабша сауатты, партияда жоқ, жұмыс істемеген, қамауға алынғанға дейін Орынбор темір жолы «Диірмен Төбе» стансасында тұрған, үйленген, әйелі — Злиха, ұлы — Молдағали, қыздары — Әлима, Әмида, Әзиза, ұлы — Қожағали.

Іскендіров Жұнбас қазақ жұртшылығының арасында Кеңес үкіметіне қарсы үгіт жүргізген және діни салт-дәстүрді таратқан, қайтыс болған адамдарға намаз шығарған, бала пішкен. 1929 жылға дейін байшаруашылығын иемденіп жалшылар ұстап, олардың еңбегін қанаған, бір жерде тұрақтап отырмай әр жерге көшіп-қонып жүрген. 1929—1930 жылдардағы байлар көтерілісі кезінде Қарақалпақстанға көшіп, ол жақтан бір өзі қайтып келген. 1934—1935 жылдары өзінің жан ұясын көшіріп өкелген.

1935 жылдан 1940 жылға дейін еш жерде жұмыс істемеген, тек кеңес өкіметіне қарсы үгіт жүргізіп, жеңілістік пікір таратқан және кеңес өкіметін жамандап, оған күйе жаққан.

1939 жылдың қазан айында Іскендіров өзінің жеркепе үйінде Сыздықов Жарылқасынның қатысуында: «...Кеңес өкіметінің тұсындағы осы өмір — өмір

ме, біздің барлығымыз аштан өлеміз...» — деген. 1939 жылғы желтоқсан айында Іскендіров колхоздар туралы жала лақаптар таратқан: «Кеңес өкіметінің тұсында өмір сүру өте қиын болып кетті, мата мен астық жоқ, бұрын, Кеңес өкіметіне дейін бұдан әлдеқайда жақсы тұрған едік, қазір қазақтар колхоздарда аш-жалаңаш отыр, барлық малын үкімет алып қойып, олардың тұрмысын нашарлатып жіберген, күйі нашар колхозшыларды жұмысқа зорлап қосуда» — дегені үшін айып тағылып, Іскендіров Жұнбас Чкалов облыстық НКВД Басқармасының 1 арнаулы бөлімінің 1940 жылғы 28 қаңтардағы қаулысымен тұтқынға алынып, РСФСР ҚК-ның 58 бабының 10 тармағы 1 бөлімімен қылмыстық іс қозғалған.


Тергеу ісі 1940 жылдың 6 ақпанында аяқталған, айыптау қорытындысы 8 ақпанда шығарылған, оны Орынбор темір жолы НКВД ДТО-ның бастығы 14 ақпанда бекіткен.

СССР НКВД-сы жанындағы Ерекше Мәжілісінің 1940 жылғы 22 маусымдағы қаулысымен Іскендіров Жұнбас 5 жылға еңбек түзету лагеріне сотталған. Қызылорда облыстық КГБ Басқармасының тергеу бөлімінің 1961 жылғы 12 шілдедегі қорытындысы бойынша СССР НКВД-сы жанындағы Ерекше Мәжілісінің 1940 жылғы 22 маусымдағы Іскендіров Жұнбас жайлы қаулысын бұзуды, ол туралы істі Қазақ ССР УПК-ның 179 бабының 2 тармағы негізінде өндірістен қысқартқан.

Қызылорда облыстық соты Призидиумының 1961 жылғы 3 тамыздағы қаулысымен СССР НКВД-сы жанындағы Ерекше Мәжілісінің 1940 жылғы 22 маусымдағы Іскендіров Жұнбас жөніндегі қаулысы бұзылып, оған тағылған айыптың анықталмауынан іс өндірістен қысқартылған.

Облпрокурордың наразылығы қанағаттандырылған. Қазақстан Республикасы Бас прокуроры көмекшісінің 1992 жылғы 6 шілдедегі қорытындысымен Іскендіров Жұнбас СССР Президентінің 1990 жылғы 13 тамыздағы жарлығының негізінде толық ақталған.

Ю



ЮРЧИК Эдуард Иосифович родился в 1911 году в с. Грабов, Минской области, по национальности поляк, гражданин СССР, образование среднее-специальное, летное. С 1931 по 1934 год член ВКП(б), исключен за неуплату членских взносов и утерю партбилета, до ареста проживал в пос. Кармачки, работал пилотом Гражд. Возд. Флота на линии Джусалы — Карсакпай.

Он обвиняется в том, что будучи пилотом Актюбинского Управления Гражданского воздушного флота, был завербован для шпионской работы агентом немецкой разведки Унгефугом К. И. Кроме того он в 1933 году работал пилотом, незаконно перелетал границу и приземлился на афганской территории, где находился в течении 15 суток, за что постановлением Кармакчинского РО НКВД от 23 сентября 1937 года Юрчик Э.И. арестован и привлечен к уголовной ответственности по ст. 58-6 УК РСФСР.

Постановлением тройки при УНКВД по Южно-Казахстанской области от 8 октября 1938 года Юрчик Эдуард Иосифович осужден к высшей мере наказания — расстрелу.

Определением военного трибунала ТуркВО от 10 мая 1957 года постановление тройки УНКВД Южно-Казахстанской области от 8 октября 1938 года в отношении Юрчика Эдуарда Иосифовича отменено и дело о нем на основании п «в» ст. 2 УПК Узб. ССР производством прекращено за отсутствием состава преступления.

Заключением прокурора Кызылординской области от 30.05.1997 г. Юрчик Эдуард Иосифович на основании Закона Республики Казахстан от 14.04.1993 года реабилитирован.

ЯХИЯЕВ Құрман Қармақшы ауданының № 2 ауылы «Абыл» колхозында 1910 жылы туған, сауатты, партияда жоқ, 1934 жылдан № 2 ауылдан кеңестің төрағасы болып қызмет атқарған. Оған тағылған айып бойынша ол кеңес үкіметіне қарсы ұлтшылдық ұйымның мүшесі болған, сол ұйымның тапсырмасымен ауылда жауыздық-зиянкестік жұмыстар жүргізгені үшін Қармақшы аудандық НКВД бөлімінің 1938 жылғы 19 шілдедегі қаулысымен тұтқынға алынып, РСФСР ҚК-ның 58 бабының 2, 7, 11 тармақтарымен қылмыстық іс қозғалған. Қармақшы аудандық НКВД бөлімінің 1938 жылғы 11 желтоқсандағы қаулысымен Яхияев Құрманның ісі тергеу барысында оған тағылған айыптың анықталмауынан өндірістен қысқартылып, қамаудан босатылған.

Қызылорда облыстық прокурордың 1997 жылғы 25 сәуірдегі қорытындысымен Яхияев (Жахияев) Құрман СССР жоғарғы кеңесі Президиумының 1989 жылғы 16 қаңтардағы жарлығы негізінде толық ақталған.

ЖАЛАҒАШ АУДАНЫ



ӘЛИАСҚАРОВ Сұлтан Жалағаш ауданында 1912 жылы туған, білімі бастауыш, партияда жоқ, қамауға алынғанға дейін Қармақшы ауданының Амангелді атындағы колхозында тұрған, колхозшы болып жұмыс істеген.

Ол Кеңес үкіметіне қарсы контрреволюциялық, ұлтшылдық, провокаторлық, жеңілістік үгіт жүргізіп, Герман фашизмінің соғыс техникасы мен армиясын мадақтап, бұл соғыста Германия Кеңес үкіметін жеңеді деп сәуегейлік лақап таратқан және колхоз құрылысына қарсы зиянкестік әрекеттер жасаған. Осы қылмысы үшін тұтқынға алынып, қылмыстық іс қозғалған. Қызылорда облыстық сотының 1942 жылғы 1 шілдедегі үкімімен 10 жылға бас бостандық еркінен айыруға сотталған. Ол 1989 жылғы 21 сәуірде ақталған.

ӘЛМЕНТАЕВ Қауыш № 21 ауылы “Иіркөл” колхозында 1897 жылы туған, байдың баласы, сауатсыз, партияда жоқ, белгілі жұмыс істемеген, бұрын сотты болмаған, бір жерде тұрақтанып отырмаған, Қарақұмда өкімет органынан жасырынып жүрген, үйленген. Әйелі — Ибагүл, балалары — Темірғали, Нажбен, Нағима, Шарипа.

ӘЛМЕНТАЕВ Қауыш 1930—1931 жылдары Қарақұмда контрреволюциялық көтеріліс ұйымдасқан кезде бай-молда элементтерінің кеңес үкіметіне қарсы ұйымдастырған Қарақұм қарулы көтерілісіне белсене қатысқан. 1931 жылы көтеріліс талқандалғаннан кейін ол жасырын жағдайға көшіп, ұсталғанға дейін өкімет органынан тығылып жүрген. Осы жағдайда жүріп Әлментаев Қауыш өзінің маңайына 6 адамнан қарақшылар ұйымдастырған. Оған: Әбілқожасов Д., Ақбөпеев Ертай, Сақов Балабай, Қаражігітов Инжіпия және басқалар кірген, ал Отан соғысы кезінде Әлментаев Кеңес өкіметіне қарсы бұрынғы қарақшылар көтерілісіне қатысқандарды және Қызыл Армия қатарынан қашып жүргендерді топтастырып, қарақшылар басшысы Қуандықовпен келісіп, 1943 жылдың мамыр айында 30 адамнан құралған біріккен қарақшылар тобын құрып, оны басқарған.

Әлментаев Қауыш қарақшылар тобын басқарушы ретінде топқа қатысушылардың әрқайсысына кеңес өкіметінің органына қарулы қарсылық көрсету

және Қарақұмда қаруланған қарақшылықпен айналысу міндетін үнемі қойып отырған. Әлментаевтың осы қойған ұсынысын орындай отырып, қарақшылар тобы 1943—1944 жылдары бірнеше рет өкімет органдары өкілдеріне қарулы қарсылық көрсеткен, ал соның кейінгісінде (Ақсай деген жерде) 1944 жылғы 24 қазанда Әлментаевтың қарақшылар тобы құрамында Әлментаев Қауыштың өзі бас болып, Әлментаев Әбіш, Қаражігітов Инжіпия, Исаев Дүйсенбек және басқалар НКВД-ның жедел тобының қоршауында тұрғанда және олардың өз еріктерімен қаруларыңды тастаңдар деген ескертпелеріне қарамастан, қарақшылар қарсылық көрсеткен, соның салдарынан НКВД-ның жедел тобынан лейтенант Ачкасов және жол көрсетуші Қарамергенов қаза тапқан, олардың аттары мен қару-жарақтарын қарақшылар басып алған.

1944 жылдың 20 қыркүйегінде Қарақұмның “Құлжұмар” деген жерінде Әлментаев Қауыш топ мүшелері Әбіш, Инжіпия, Таусагов, Серікбаев, Төлепов Үргенішбай, Ақбөпеев және басқалармен бірге НКВД-ның жедел тобына тағы да қарулы қарсылық көрсеткен, бұл тұста олар жедел топтың 2 атын, бір түйесін, киім-кешектері мен азық-түліктерін басып алған. 1944 жылдың 2 тамызында “Сарпан” деген жерде Әлментаев басқарған 23 адам НКВД-ның жедел тобымен қарулы шайқас жасап, қарақшылар жедел топтың 3 жол көрсетушілерін ұстап, Әлментаевтың тікелей өзі олардан жедел топтың құрамы неше адамнан тұрады, қарулары қандай, соны білу мақсатында тергеп жауап алған. Әлментаев Қауыш қарақшыларға қатысушы Әбдіраманов Шығанаққа, Қарғабасов Қонақбайға, Белеков, немесе ол Қойкиев Сақыбайға колхоздар мен жергілікті халықты тонаумен айналысуға тапсырма берген, соның нәтижесінде олар 22 жылқыны, 4 түйені, соның ішінде Әлментаевтың өзі колхоз фермасынан бір түйе ұрлаған. Сонымен қатар Әлментаев Қауыш Кеңестер Олағының Әскери күш-қуатын әлсіретуге бағытталған кеңес өкіметіне қарсы жеңілістік сипаттағы үгітті үнемі жүргізіп, СССР-да аштық туралы жалақорлық сөздер таратқан.

Осы қылмыстары үшін Әлментаев Қауыш Қызылорда облыстық НКВД басқармасының 1945 жылғы 3 қыркүйектегі қаулысымен тұтқынға алынып, РСФСР ҚК-ның 59-бабының 3 тармағымен, 58 бабының 10 тармағы, 2 бөлімімен қылмыстық іс қозғалған. Тергеу ісі 1945 жылдың 16 қарашасында аяқталып, айыптау қорытындысы сол күні шығарылған, оны

Қызылорда облыстық НКВД басқармасының бастығы 19 қарашада бекіткен және оны облыстық прокурор, Қызылорда облыстық Сотының қылмысты істер қарайтын сот коллегиясының дайындау мәжілісінің 1945 жылғы 10 желтоқсандағы ұйғаруымен бекіткен.

Қызылорда облыстық Сотының қылмысты істер қарайтын Сот коллегиясының 1945 жылғы 17 желтоқсандағы үкімімен айыпкер Әлментаев Қауыш — ең жоғары жаза — ату жазасына кесілген, мал-мүлкі тәркіленген.

Қазақ ССР Жоғарғы Сотының Қылмысты істер қарайтын сот коллегиясының 1946 жылғы 12 қаңтардағы ұйғаруымен Қызылорда облыстық сотының 1945 жылғы 17 желтоқсандағы сотталушы Әлментаев Қауыш жөніндегі үкімі күшінде қалдырылған, оның шағым арызсы нәтижесіз тасталған.

Қазақ ССР Жоғарғы Кеңесі Президиумы мәжілісінің 1946 жылғы 11 сәуірдегі қаулысымен Қызылорда облыстық сотының Әлментаев Қауыш жөніндегі үкімін күшінде қалдырылған.

Қызылорда облыстық прокурордың қортындысы бойынша Әлментаев Қауыш СССР Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1989 жылғы 16 қаңтардағы Жарлығының негізінде толық ақталған.

ӘУЕСБАЕВ Айтбай Мәдениет ауылдық кеңесі, “Бірлік” колхозында 1892 жылы туған, молда болған, сауатты, партияда жоқ, “Бірлік” колхозында колхозшы, бұрын сотты болмаған, үйленген.

Әуесбаев Айтбай бұрынғы ескі уақытта молда болып, бала оқытып, халықтың еңбегін сорып, еңбек етпей мал тапқан адам. Колхоз құрылғаннан кейін 1934 жылдан колхозға мүше болған. 1937—1938 жылдары “Бірлік” колхозы төрағасының орынбасары, 1940 жылы 6 айдай колхоз төрағасы болып жұмыс істеген. Кеңес үкіметіне қарсы ниетпен колхозшылар арасында контрреволюциялық үгіт таратқан. 1941 жылғы 28 маусым күні “Бірлік” колхозының активтерімен бас қосқан басқарма жиналысында Әуесбаев былай деп контрреволюциялық сөз сөйлеген: “Менің ішетін тамағым жоқ, жұмысқа шықпаймын, кімде-кімнің ішетін тамағы жоқ болса жұмысқа шықпасын”. Әуесбаевтың осы сөзіне еріп ертеңіне 29 маусым күні жұмысқа Молдыбаев деген колхозшы шықпай қалған. Сол күні бригадир жұмысқа шығару үшін Әуесбаевтың үйіне барып жұмысқа шық десе Әуесбаев “жұмысқа шықпаймын”, деген. Осыдан кейін Әуесбаевты колхоздың кеңсесіне шақырып алып, “неге жұмысқа шықпайсың”, деп колхоз төрағасы сұрағанда, ол былай деген: “Мен жұмысқа бармаймын деген соң бармаймын, Германияны өкеліш орнатпасаңдар жұмысқа шықпаймын”. Колхоз төрағасы, тағы басқалары “Қателесесіз, сөзіңді қайтып алыңыз”, — дегенде ол: “айтқаным сол, мені аттырып жіберіңдер”, — деген.

Осы қылмысы үшін Әуесбаев Айтбай Жалағаш аудандық прокуратурасының халық тергеушісінің 1941 жылғы 15 тамыздағы қаулысымен тұтқынға алынып, РСФСР ҚК-ның 58 бабының 10 тармағы, 2 бөлімімен қылмыстық іс қозғалған.

Тергеу ісі сол жылғы 7 қыркүйекте аяқталып, айыптау қорытындысы сол күні шығарылған. Оны облыстық прокурор 12 қыркүйекте және облыс-

тық соттың қылмысты істер қарайтын сот коллегиясының дайындау мәжілісінің 22 қыркүйектегі ұйғаруымен бекіткен.

Қызылорда облыстық сотының қылмысты істер қарайтын сот коллегиясының 1941 жылғы 30 қыркүйектегі үкімімен Әуесбаев Айтбай 10 жылға бас бостандық еркінен айыруға, жазасын өтегеннен кейін 2 жылға сайлау-сайлану құқын жоюға, өзіне тиісті мал-мүлкін төркілеуге сотталған.

Қазақ ССР Жоғарғы Сотының қылмысты істер қарайтын сот коллегиясының 1941 жылғы 10 қарашадағы ұйғаруымен Қызылорда облыстық сотының 1941 жылғы 30 қыркүйектегі шығарған үкімін күшінде қалдырып, сотталушы Әуесбаевтың шағым арызын аяқсыз тастаған.

Қазақ ССР прокуроры орынбасарының бақылау ретінде А. Әуесбаевтың қылмысты ісі жөнінде Қазақ ССР Жоғарғы Сотының Президиумына 1990 жылғы 24 тамыздағы жолдаған наразылығы бойынша Әуесбаев Айтбай жайлы Қызылорда облыстық сотының 1941 жылғы қыркүйектің 30 күнгі үкімін және Қазақ ССР Жоғарғы Сотының Қылмысты істер қарайтын сот коллегиясының 1941 жылғы 10 қарашадағы ұйғаруын бұзуды, істі оның әрекетінде қылмыс құрамы болмағандықтан қысқартуды сұраған. Әуесбаев Айтбай ақталған.

Б

БАЙМАҒАМБЕТОВ Назар Карл Маркс ауылдық кеңесі, “Қызыл Ту” колхозында 1910 жылы туған, сауатты, БК(б)П мүшесі, “Жігер” колхозының төрағасы болып қызмет атқарған, осы қызметте жүріп ол колхозшылар арасында үнемі кеңес өкіметіне қарсы үгіт жүргізген, партия мен кеңес үкіметінің жүргізіп отырған шараларына, үкімет құрылысына наразылығын білдірген — деп айып тағылып, Қызылорда облыстық НКВД Басқармасы ӘҚО-ның 1942 жылғы 12 тамыздағы қаулысымен тұтқынға алынып, РСФСР ҚК-ның 58 бабының 10 тармағының 2 бөлімімен қылмысты іс қозғалған. Қызылорда облыстық сотының қылмысты істер қарайтын сот коллегиясының 1942 жылғы 6 қарашадағы үкімімен 10 жылға бас бостандық еркінен айыруға, 3 жылға саяси құқын жоюға сотталған.

Қазақ ССР Жоғарғы сотының қылмыстық істер қарайтын сот коллегиясының 1942 жылғы 28 қарашадағы Қызылорда облыстық соты қылмыстық істер қарайтын сот коллегиясының 1942 жылғы 6 қарашадағы үкімі бұзылып, алдын ала тергеу жүргізіліп, істі қайта қарауға жіберген. Қызылорда облыстық НКВД басқармасының Тергеу бөлімшесінің 1943 жылғы 20 тамыздағы қаулысымен Баймағамбетовтің айыптау ісінде қылмыс құрамы болмағандықтан өндірістен қысқартылып, ол қамаудан босатылған. Қазақ ССР НКВД тергеу бөлімінің 1943 жылғы 4 қыркүйектегі қорытындысымен Қызылорда облыстық НКВД Басқармасының жоғарыда көрсетілген қаулысымен

келіскен. Қызылорда облыстық прокурорының 1997 жылғы 25 сәуірдегі қорытындысы бойынша Баймағамбетов Назар СССР Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1989 жылғы 16 қаңтардағы Заңы негізінде толық ақталған.

БИСЕНОВ Қазыбай “Мәдениет” ауылдық кеңесі, “Мәдениет” колхозында 1904 жылы туған, білімі бастауыш, партияда жоқ, ферма меңгерушісі болып жұмыс істеген. Оған — колхозшылар арасында кеңес үкіметіне қарсы партия мен үкіметтің жүргізіп отырған шараларын жүзеге асырмау бағытында үгіт жүргізген — деп айып тағылып, Жалағаш аудандық НКВД бөлімінің 1940 жылғы 13 сәуірдегі қаулысымен қылмыстық іс қозғалған. Қызылорда облыстық НКВД Басқармасы ЭҚО-ның 1940 жылғы 20 сәуірдегі қаулысымен Бисенов Қазыбайды қылмысқа тартуға оған тағылған айыптың жеткіліксіздігінен іс өндірістен қысқартылып, қамаудан босатылған. Қызылорда облыстық прокурордың 1997 жылғы 25 сәуірдегі қорытындысымен Бисенов Қазыбай СССР Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1989 жылғы 16 қаңтардағы жарлығы негізінде толық ақталған.

БӨРІБАСОВ Сейсен Жалағаш ауданында 1906 жылы туған, НКВД жанындағы ерекше мәжілістің үкімімен 1948 жылғы 27 ақпанда 10 жылға сотталған, қамауға алынғанға дейін осы ауданда тұрған. “Жұлдыз” колхозының қолхозшысы болған. 1989 жылғы 4 тамызда ақталған.

БУТЕНКО Константин Леонтьевич родился 1881 году в Сумской области, осужден Кызылординским облсудом 14 октября 1949 года на 10 лет, до ареста проживал в пос. Джалагаш, работал плотником МТС. Реабилитирован 18 мая 1965 года.


БУТКЕВИЧ Теодор Теодорович родился в 1871 году в г. Двинск, Латв. ССР, по национальности поляк, без гражданства, образования высшее, окончил Дерпгский университет — юридический факультет, по специальности юриконсульт торговых фирм, проживал в пос. Джалагаше, работал дезинфектором райздрав отдела. Постановлением Особого Совещания при НКВД СССР от 8 марта 1941 года за антисоветскую агитацию сослан в Казахстан сроком на 5 лет. Он обвиняется в том, что систематически высказывает свое недовольство Советской власти и распространяет среди населения антисоветскую агитацию пораженческого характера, возводят клевету по адресу советского правительства и компартии, Красной Армии. Восхваляет Гитлера, выражался нецензурными и оскорбительными словами по адресу большевистской партии, за что Постановлением СПО УНКВД по Кызылординской области от 29 сентября 1942 года арестован и привлечен к уголовной ответственности по ст. 58—10 ч. 2 УК РСФСР.

Постановлением СПО УНКВД по Кызылординской области от 16 ноября 1942 года дело по обвинению Буткевича Т. Т. производством следствия прекращено в связи с его смертью.

По заключению прокурора Кызылординской области от 12.05.97 г. Буткевич Т. Т. на основании Указа Президиума Верховного Совета СССР от 16.01.1989 года реабилитирован.

Д

ДӘУІТБАЕВ Әбдіхалық Мұстақұлы Жамбыл атындағы колхозда 1916 жылы туған, негізі кедей-шаруа,



білімі арнаулы орта, ауылшаруашылық техникумын бітірген, мамандығы агроном, партияда жоқ, Жалағаш аудандық жер бөлімінде агроном болып жұмыс істеген, бұрын сотталмаған, үйленген, әйелі — Жақсыбала, балалары — Шақарбек, Аманкелді.

Дәуітбаев Әбдіхалық — әскер қатарына 1939 жылдың қараша айында алынып, Киев облысының Белая Церковь қаласында әскери жаттығуда болған, одан Перемышль қала-

сындағы 71 артполкқа алынған, бұл полкта 1941 жылдың сәуір айына дейін байланыс бөлімшесінде аға телефонист болып қызмет атқарған, кейін 73 артполкта кіші сержант шенінде байланыс бөлімшесінің командирі болған. Отан соғысы басталғанда осы полктың құрамында урысқа қатысып, 1941 жылдың 26 маусымында Перемышль қаласының ауданында болған шайқаста немістердің тұтқынына түскен. 1942 жылдың қараша айында Польшаның Легионова деген жерінде Кеңес Одағына қарулы күрес үшін неміс командованиясы арқылы сатқындардан құрылған “Түркістан легионына” Отанын сағып өз еркімен кірген. Бұл легионда жүріп ол фашистік Германияға адал қызмет ететіні деп ант берген және 9 батальонның 2 ротасы, шаруашылық взводы жанындағы бөлімше командирі болып, неміс армиясының ефрейторы шенін алған. 1943 жылдың қаңтар айынан 1944 жылдың қыркүйек айына дейін жоғарыда көрсетілген батальон құрамында Польша мен Югославия территорияларында партизандарға қарсы ұрыстарға белсенді түрде қатысқан. 1944 жылдың қыркүйек айында Югославияның Белград қаласының ауданында Югославия партизандарының тұтқынына түсіп, кейін кеңес Одағына қайтарылып берілген.

Фильтрациялық лагерде жүріп ол кеңес органынан өзінің сатқындық әрекетін жасырған. Осы қылмыстары үшін Дәуітбаев Әбдіхалық Қызылорда облыстық МГБ Басқармасының 1949 жылғы 11 маусымдағы қаулысымен тұтқынға алынып, РСФСР ҚК-ның 58 бабының 1“б” тармағымен қылмыстық іс қозғалған.

Тергеу ісі 1949 жылдың 5 тамызында аяқталып, айыпталу қорытындысы сол күні шығарылған.

Түркістан Әскери Округінің Әскери Трибуналының көшпелі сессиясының 1949 жылғы 12 қыркүйектегі үкімімен Дәуітбаев Әбдіхалық СССР Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1947 жылғы 26 мамырдағы “Өлім жазасын жою” туралы Жарлығына сәйкес 25 жылға

еңбек түзету лагеріне, 5 жылға саяси құқын жоюға жеке мүлкін тәркілеуге сотталған.

СССР Жоғарғы Сотының Әскери коллегиясының 1949 жылғы 3 желтоқсандағы ұйғаруымен ТуркВО Әскери Округінің Ә. Дәуітбаев жөніндегі үкімі күшінде қалдырылған, сотталушының шағым арызы қанағаттандырылмай тасталған.

Қызылорда облыстық КГБ Басқармасының 1954 жылғы 24 тамыздағы қорытындысы бойынша және контрреволюциялық қылмысы үшін сотталғандардың ісін қайта қарау жөніндегі Қызылорда облыстық комиссиясының 1954 жылғы 30 тамыздағы қаулысы бойынша Дәуітбаев Әбдіхалықтың жаза мерзімін оның қамауда отырған күніне жатқызып, қамаудан босатылсын — деп шешім қабылдаған.


ТуркВО Әскери прокуроры аға көмекшісінің 1956 жылғы 26 наурыздағы қорытындысымен Дәуітбаевтың қылмысын СССР Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1955 жылғы 17 қыркүйектегі “1941—1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысы кезіне басқыншылармен сыбайлас болған кеңес азаматтарына амнистия жасау туралы” (об амнистии советских граждан, сотрудничавших с оккупантами в период Великой Отечественной войны 1941—1945 гг.”). Указының 3 және 6 баптарына жатқызылған.

Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының бөлім Бастығының 1996 жылғы 30 желтоқсандағы қорытындысымен Дәуітбаев Әбдіхалық — Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 14 сәуірдегі Заңының негізінде толық ақталған.

Е

ЕРЖАНОВ Рақымбай № 18 ауылдық кеңесі, “20 жылдық Қазақстан” колхозында 1904 жылы туған, байдың баласы, білімі бастауыш, БК(б)П мүшесі, осы іске байланысты партия қатарынан шығарылған, 1933 жылы НКВД органы арқылы тұтқынға алынған, кейінгі кезде Теренөзек ауданы, Аламесек ауылдық кеңесі, “Ақарық” колхозында тұрған, осы ауданның № 13 ауылдық кеңесінің төрағасы болып қызмет атқарған, үйленген, әйелі — Ержанова Жібек, баласы — Ержанов Имамзада, қызы — Ержанова Дания, інісі — Ержанов Шахман.

Ержанов Рақымбай Теренөзек ауданындағы Аламесек ауылдық кеңесінің төрағасы болып қызмет істеп жүріп, өзінің жат пікірлігіне салынып, халық арасында үнемі контрреволюциялық, халықты үрейлендіретін, жеңілістік сипаттағы өсектер таратқан. Сонымен бірге фашистік Германия әскерінің күшін, оның соғыс техникасын мақтап, кеңес үкіметі



мен партияға тіл тигізген, күнделікті Кеңес Информбюросының хабарына сенбестік туғызған. Бұдан басқа 1942 жылдың 26 маусымында өзінің әскер қатарына шақырылуына байланысты ескі дін жолымен мал сойылып, құдайы жолы істеп, майданға барғанда Отан үшін соғыспай, немістерге тұтқынға өтіп кететіндігін айтып, басқаларды да осы жолға үгіттеген.

Осы қылмысы үшін Ержанов Рақымбай Теренөзек аудандық НКВД бөлімінің 1942 жылғы 11 шілдедегі қаулысымен тұтқынға алынып, РСФСР ҚК 58 бабының 10 тармағы, 2 бөлімімен және 16—79 бабының 1 бөлімімен қылмыстық іс қозғалған.

Тергеу ісі 1942 жылдың 17 шілдесінде аяқталып, айыптау қорытындысы сол жылғы 21 шілдеде шығарылған, оны Қызылорда облыстық НКВД Басқармасы бастығының оринбасары 22 шілде күні, облыстық прокурор 26 шілдедегі қаулысымен және Қызылорда облыстық сотының қылмысты істер қарайтын коллегиясының дайындық мәжілісінің 1 тамыздағы ұйғаруымен бекіткен.

Қызылорда облыстық сотының көшпелі сессиясының 1942 жылғы 7 тамыздағы үкімімен Ержанов Рақымбай — 10 жылға бас бостандық еркінен айыруға, жазасын өтегеннен кейін 5 жылға сайлау-сайлану құқын жоюға, мал-мүлкін тәркілеуге сотталған.

Қазақ ССР Жоғарғы Сотының Қылмысты істер қарайтын сот коллегиясының 1942 жылғы 10 қыркүйектегі ұйғаруымен Қызылорда облыстық сотының 1948 жылғы 7 тамыздағы үкімін күшінде қалдырып, Ержановтың шағым арызын аяқсыз тастаған. Қазақ ССР прокуроры оринбасарының бақылау ретінде Ержановтың ісі жөніндегі Қазақ ССР Жоғарғы Сотының Президиумына 1990 жылы 9 ақпанда жолдаған наразылығы бойынша Ержанов Рақымбай жайлы Қызылорда облыстық сотының 42 жылғы 7 тамыздағы үкімімін, Қазақ ССР Жоғарғы сотының 42 жылғы 10 қыркүйектегі ұйғаруын бұзып, оның өрекетінде қылмысты істің құрамы жоқ болғандықтан қысқартуды сұраған. Ержанов Рақымбай толық ақталған.

ЕРМАКОВА Степанида Силаевна родилась в 1898 году в Вишневском районе, Ростовской области, осуждена Кызылординским облсудом 14 октября 1949 года на 10 лет, до ареста проживала в пос. Джалагаш, работала сторожем детской консультации. Реабилитирована 18 мая 1965 года.

Ж

ЖҮСІПОВ Қамысбай № 26 “Еңбек” ауылдық кеңесі “Қызыл Октябрь” колхозында 1908 жылы туған, байдың баласы, сауатты, БК(б)П мүшесі, осы іске байланысты партия қатарынан шығарылған, бұрын сотты болмаған, қамауға алынғанға дейін “Қызыл Октябрь” колхозында партия комитетінің хатшысы болып қызмет атқарған, үйленген, әйелі, 4 баласы бар. Жүсіпов Қамысбай 1941 жылдан “Қызыл Октябрь” колхозында партком хатшысы болып қызмет істеген,

сол жылы қараша айында колхоз міндетті күрішінен құтылғаннан кейін колхоз мүшелеріне еңбекке 1 килограмнан аван беруге 9 айға тізім жасайды, колхоз төрағасы Қалдыбаев ауданға жиналысқа кетіп бара жатып Жүсіповті уақытша орнына қалдырады, авансты өзінше бермей тұра тұруға орнына қалған Жүсіповке және қойма менгерушісі Смайловқа тапсырады. Сол күні Жүсіпов қырманның басына келіп колхоздың қойма менгерушісі Смайловке астықты сол күннен қалдырмай таратуды бұйырады. Жасалған тізім бойынша 200 пн. астық қолхозшыларға беріледі. Жоспар бойынша 90 центнер тұқым қалудың орнына 55 центнер ғана тұқым қалған. Жүсіпов колхоз астығын таратқан уақытында қойма менгерушісі Смайловке “колхоз мүшелерінің еңбегін бермеуге ешкімнің қақысы жоқ”, — деген. “Биылғы жылы колхоз мүшелеріне астықты беру керек, биыл елді ердің ері, егеудің сынығы сақтайды”, — деп өзі басында тұрып астық таратқан.

Колхоздың жалпы жиналысы болып, оның қаулысы бойынша колхозшылардан 35 центнер күріш қайтарылып, тұқым қорына салынатын болған кезде Жүсіпов колхозшылар арасында үгіт айтып, астықты қайтарттырмаған. Соның салдарынан 11 центнер күріш жиналып, қалған тұқым жиналмай қалған. Жоғарыда көрсетілген әрекеттердің салдарынан “Қызыл Октябрь” колхозының тұқым қоры уақытылы дайындалмай және кондициядан өтпей, егіс науқанына үлкен зияны тиген.

Жүсіпов колхозшылар арасында контрреволюциялық үгіттер айтып, өзі соғысқа бара қойса Отан үшін емес, неміс фашистеріне жәрдем беретіндігін айтқан. Жүсіповтің әкесі бай қатарында төркіленген. Жүсіпов өзінің ата-тегін жасырып партия қатарына кірген. Осы қылмысы үшін Жүсіпов Қамысбай Жалағаш аудандық прокуратурасы халық тергеушісінің 1942 жылғы 5 сәуірдегі қаулысымен тұтқынға алынып, РСФСР ҚК 58 бабының 10 тармағы 2 бөлімімен және 58—14 бабымен қылмыстық іс қозғалған.

Тергеу ісі сол жылғы 17 сәуірде аяқталып, айыптау қорытындысы сол жылғы 18 сәуірде шығарылған. Оны облыстық прокурордың 23 сәуірдегі қаулысымен және облыстық соттың қылмысты істер қарайтын сот коллегиясының дайындау мәжілісінің 28 сәуірдегі ұйғаруымен бекіткен.

Қызылорда облыстық сотының көшпелі сессиясының 1942 жылғы 4 мамырдағы үкімімен Жүсіпов Қамысбай 10 жылға бас бостандық еркінен айыруға, 3 жылға сайлау-сайлану құқын жоюға сотталған.

Қазақ ССР Жоғарғы Сотының Қылмысты істер қарайтын сот коллегиясының 1942 жылғы 26 мамырдағы ұйғаруымен Қызылорда облыстық сотының үкімін күшінде қалдырып, айыпкердің шағымын аяқсыз тастаған.

Қазақ ССР прокуроры орынбасарының бақылау ретінде Жүнісовтың қылмысты ісі бойынша Қазақ ССР Жоғарғы Сотының Президиумына жолдаған наразылығы бойынша Жүсіпов Қамысбай жайлы Қызылорда облыстық сотының 1942 жылғы мамырдағы үкімін және Қазақ ССР Жоғарғы Сотының қылмысты істер қарайтын сот коллегиясының 1942 жылғы 26 маусымдағы ұйғаруын бұзып, істі оның әрекетінде қылмыс құрамы болмағандықтан қысқартуды сұраған.

Заседания бюро Джалагашского РК КП(б) К от 5/1—42 г.

О ходе реализации решения VI пленума ОК КП (б)К в части подготовки к весенней посевной компании 1942 года.

В части постановили:

Факты раздачи зерна на трудодни до засыпки семян в колхозе “Кызыл Октябрь” поручить прокурору тов. Сулейменову в кратчайший срок проверить и виновных привлечь к ответственности.

Секретарь Джалагашского РК КП(б) К:
(Рустемов)

Протокол № 10

1942 жылғы 20 ақпан күні “Қызыл Октябрь” колхозы жанындағы бастауыш партия ұйымының жалпы жиналысы болды.

Қатысқан мүше “3” кандидаты, “2” сырттан қатысқандар — Рустемов — секретарь РК КП(б), Қисияқов — аудандық жер бөлімінің начальнигі.

Жиналыс ағасы — Жүсіпов
хатшысы — Смайлов

Күн тәртібіндегі мәселе:

Бастауыш партия ұйымының Сталиннің 6—7/ХІ дегі Моссоветте сөйлеген сөзін талқылағаннан алған міндеттерінің орындалуы туралы партия ұйымының секретары Ж. Жүсіповтың баяндамасы.

Кейінгі кезде бастауыш партия ұйымының жалпы жиналысы Сталин жолдастың партия ұйымының алдына қойған міндеттемелерінен тиісті қорытынды шығара алмағанын атап көрсетеді. Бастауыш партия ұйымының секретары Жүсіпов соғыс жағдайына бейімдеп жұмысты қайта қоюдың орнына өзі бас болып колхоз ортасындағы астықты мемлекетке қарсылық пікірмен заңсыз таратып берген. Колхоздың күрішін қырманда бастыру кезінде колхоздың председателі Қалдыбаевтың ауданға кеткенін пайдаланып, бір күннің ішінде еңбекке 1 кг-нан барлық күрішті таратып жіберген, астықты колхоз председателінен рұқсатсыз бермейін деп қарсылық көрсеткен склад бастығы Исмайыловке колхозшыларға астықты бермей, сен Германияға жәрдемдесіп отырсың, колхоздың астығында ешкімнің әкесінің ақысы жоқ, астықты колхозшыларға бүгін тарат, мен жауап беремін деген. Соның салдарынан “Қызыл Октябрь” колхозын 1942 жыл дайындығына егіс тұқымсыз қалған. Жоспар бойынша құйылуға тиісті 90 центнер күріштен 55 центнер ғана құйылған. 14 центнер тары тұқы-

мынан 10 центнер кұйылған, 73 центнер бидайдан 55 центнер кұйылған. Қолда бар 55 центнер күріш тұқымынан 25 центнер ғана 20 ақпанға тазаланған. Қолда бар бір соқа, 3 тырма осы күнге дейін ремонтталмаған, көп төгу жұмысы нашар тасылып келеді.

Бастауыш партия ұйымының секретары Жүсіпов колхоз шаруашылығында осындай кемшіліктер бола тұрса да, 15 колхозшыны ертіп 15 күн ешкімнен рұқсатсыз Қызылордаға базар базарлап кеткен, қыдырымпаздыққа салынған. Кейінгі кезде колхозшылардың арасында саяси агитация жұмысы тоқтап қалған. Осыларды көрсетіп партия ұйымының жалпы жиналысы

Қаулы етеді:

Бастауыш партия ұйымының секретары Ж. Жүсіпов мемлекетке қарсы колхоз шаруашылығына колхозшыларды қарсы қойып сол туралы тікелей агитация жүргізіп, колхоз астығын заңсыз тікелей таратып жіберуге басшылық етіп, соның салдарынан колхозға 1942 жылы кұйылуға тиісті тұқымдарын жеткізбей, колхоз шаруашылығын күнделікті бақылап көмектесу орнына өзі бас болып 15 күн рұқсатсыз қышырып кеткені үшін Жүсіповке есеп картішкісіне жазылған қағаз сөгіс берілісін.

Колхозшылармен ақырғы есеп жасап, жылуға тиісті 35 центнер күріш тұқымын 21 ақпан күні кешке дейін жинап алу Жүсіпов пен Қалдыбаевқа тапсырылсын. Колхозшыларды ертеден кешке дейін пайдалана отырып, күріш тазарту жұмысын 23 ақпанға, көң тасу жұмысын 1 наурызға дейін орындап, қорытынды шығару колхоз председателінен талап етілісін. Қызыл Армияға жылы киім жинау жұмысын 24 ақпаннан қалдырмай орындап, қорытынды шығару Жүсіповтың жеке басынан талап етілісін.

Колхоздың ортасындағы салынуға тиісті моншаны 21 ақпан күні бітіруді Қалдыбаевқа тапсырамын.

Қолда бар соқа тырма 2 күн срок ішінде бір жерге жинап ремонтталатын болсын. Осы қаулының орындалуын бақылау бастауыш партия ұйымының секретары Жүсіповке тапсырылсын.

Жиналыс ағасы: (Жүсіпов)
Секретарь: (Исмайылов)
(қол қойған)

ЖЫЛГЕЛДИЕВ (Жолгелдиев) Ерғали № 12 ауылында 1901 жылы туған, сауатсыз, үйленген, бұрын сотталмаған, Жалағаш АӘК арқылы әскер қатарына алынып, 3 ГОЛМБр-ның 3 батальоны құрамында қатардағы жауынгер ретінде Отан соғысына қатысқан. Ол 1943 жылдың 19 ақпанында қорқақтық жасап, ұрыс даласынан қашқан. Осы қылмысы үшін 3 ГОЛМБр НКВД Ерекше Бөлімінің 1943 жылғы 19 ақпандағы қаулысымен Жылгелдиев Ерғали ең жоғары жаза — ату жазасына кесілген.

Қазақстан Республикасы Бас Әскери прокурордың аға көмекшісі юстиция полковнигі А. Б. Шегировтың осы қылмысты іс жөнінде шығарған қорытындысы бойынша Жылгелдиев Е. сот органысыз НКВД

Ерекше Бөлімінің қаулысымен ең жоғары қылмыстық жазаға ұшыраған, сондықтан ол ақталуға жатады делінген.

Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 14 сәуірдегі Заңының 5 бабы, “Г” пунктiнiң негiзiнде Жылгелдиев Ерғали толық ақталған.


З

ЗАКОНОВ Степан Евстафьевич родился в 1892 году в Чкаловской области, осужден особым совещанием МГБ СССР 10 февраля 1950 года на 10 лет, до ареста проживал в поселке Джалагаш, не работал. Реабилитирован 16 октября 1989 года.

ЗВЕРЕВА Василиса Дмитриевна родилась в 1904 году в селе Борисовка, Чкаловской области, осуждена Кызылординским облсудом 14 октября 1949 года на 8 лет, до ареста проживала в пос. Джалагаш, была домохозяйкой. Реабилитирована 18 мая 1965 года. ЗИСС Якуб Маркусович родился в 1915 году в гор. Перемышль, осужден Кызылординским облсудом 30 марта 1942 года по статье 162, п “в” и 58—10—1 на 10 лет, до ареста проживала в пос. Джалагаш по ул. Энгельса, № 2, нигде не работал. Реабилитирован 3 марта 1989 года (по ст. 25—10—2).

К

КИМ Илья Иванович родился в 1901 году в с. Синельникова, Молотовского района, ДВК, кореец, гр-н СССР, образование 3 класса



сельской школы, беспартийный, до ареста проживал на станции Джалагаш, служивший, нигде не работал, исключен из ВКП(б) за пассивность.

Он обвиняется в том, что будучи в с. Синельникова в 1933 году вместе с Ким Ин-Хаким, Ким Яковом, организовал группу для связи с заграницей — японской разведкой и по заданию которой занимались сбором шпионских сведений с территории СССР, будучи

на ст. Джалагаш, вел антисоветскую агитацию среди масс против мероприятий советской власти, подготовил для вербовки до 30 человек корейцев из числа наиболее враждебных к Советской власти. По заданию японской разведки пролез на службу в органы НКВД и работал до 1937 года в качестве оперативного сотрудника, способствовал скрытию от органов НКВД деятельности японской шпионской рези-

дентуры, участником которой являлся сам, за что он Постановлением Кармакчинского РО НКВД от 28 апреля 1938 года арестован и привлечен к уголовной ответственности по ст. 58—6 УК РСФСР. Постановлением Особого Сопещения при НКВД от 17 марта 1940 года Ким Илья Иванович заключен в ИТЛ сроком на 3 года. Определением Военного Трибунала ТуркВО от 22 марта 1961 года — Постановление Особого Сопещения при НКВД СССР от 17 марта 1940 года в отношении Ким Илья Ивановича отменено и дело о нем прекращено за отсутствием события преступления. Он реабилитирован.

К

ҚОСЫЛҒАНОВ Мүсілім 1922 жылы “Жаңа қазақ” колхозында туған, шала сауатты, үйленбеген, партияды жок, бұрын сотталмаған, Отан соғысына 1942 жылы шақырылып, минометтік атқыштар батальонының құрамында соғысқа қатысқан.

9 ақпан 1943 жылы жауға шабуыл жасау операциясы кезінде қаруын тастап, қорқақтық жасап, ұрыс даласынан қашқан.

9 ақпан 1943 жылы НКВД ерекше бөлімінің қаулысымен Қосылғанов жасаған қылмысы үшін ең жоғары жазамен атылған.

Қазақстан Республикасының 14 сәуір 1993 жылғы “Жаппай қуғын-сүргін құрбандарын ақтау туралы” Заңына сәйкес сот орындарынан тысқары шешіммен атылғанына байланысты Қосылғанов 31 тамыз 1999 жылы толық ақталған.

Л

ЛАПЕНКО Василий Ильич родился в 1906 году на станции Акан-Бурлук Арык-Балыкского района, русский, образование начальное, член ВКП(б), в 1936 году выбыл механически, по соципроисхождению из семьи крупного кулака-эксплуататора чужого труда, до ареста проживал на станции Каракеткен Джалагашского района, работал механиком по сельхозмашинам в Каракеткенской МТС.

Он обвиняется в том, что являясь в прошлом кулаком и будучи враждебно настроенным против советской власти, систематически занимался контрреволюционной агитацией, восхваляя дореволюционное житье, так в день 1-го Мая 1937 года среди рабочих автобазы агитировал: “Развесели красные тряпки и радуются неизвестно чему, а самим жрать нечего. Раньше жили без этих украшений и жили лучше и веселее, так как жили в достатке”, и тут же добавил: “Раньше работали так, знали что на себя, а теперь на какое-то государство”. В день выборов в Верховный Совет 12-го декабря 1937 года группе

рабочих МТС говорил: “Сколько ни голосуй, жизнь от этого лучше не станет”. По приезде в район все время держал тесную связь со своим родственником быв. кулаком и белоградцей Крамаренко Абрамом (репрессирован в 1937 г.), за что Лапенко В. И. Постановлением Кармакчинского РО НКВД от 22 января 1938 года арестован и привлечен к уголовной ответственности по ст. 58—10 УК РСФСР.

Приговором спецколлегии Кызылординского облсуда от 7 июня 1938 года Лапенко Василий Ильич осужден на 8 лет лишения свободы с поражением в правах сроком на 3 года.

Определением Спецколлегии Верховного Суда Казахской ССР от 20 июля 1938 года приговор Кызылординского облсуда оставлен в силе.

Постановлением Президиума Верховного Суда Казахской ССР от 28 февраля 1962 года — приговор Кызылординского облсуда от 7 июня 1938 года, Определение Верховного суда Казахской ССР от 20 июля 1938 года по делу Лапенко Василия Ильича отменены и дело производством прекращено за отсутствием в его действиях состава преступления. Протест прокурора Казахской ССР удовлетворен.

М

МАКАРЕНКО Николай Моисеевич родился в 1890 году Кузмерском районе, Орджоникидзевской области, осужден 13 июля 1943 г. по ст. 58—10—2 УК РСФСР на 10 лет, до ареста проживал на станции Каракеткен Джалагашского р-на, работал рыбаком колхоза “Игилик”. Реабилитирован 6 января 1989 года.

МАСАҚБАЕВ Әлімбет № 18 ауылында 1881 жылы туған, малшы, тұрақты мекен-жайы болмаған, Жаңа дария бойында көшіп-қонып жүрген, партияды жок, сауатсыз, ірі бай болған, мал-мүлкі 1930 жылы Ала-месеқ ауданында төркіленген, қуғын-сүргіннен қашқан, 1932 жылы Қармақшы ауданында ОГПУ органы арқылы ұсталып, кейін босатылған. Оған тағылған айып:— Кызылқұмда тұрған кезінде өзінің маңайына әскери борышын өтеуден қашып жүрген әскер жасындағыларды жинап, олардың міндетті әскери борышын өтеуге бармауға үгіттеген — деп Жалағаш аудандық НКВД бөлімінің 1943 жылғы 16 ақпандағы қаулысымен тұтқынға алынып, РСФСР ҚК 58 бабының 10 тармағының 2 бөлімімен қылмыстық іс қозғалған. Кызылорда облыстық НКВД Басқармасының ББ бөлімінің 1943 жылғы 21 сәуірдегі қаулысымен Масақбаев Әлімбетті айыптаған тергеу ісі сотқа беруге жинақталған дәлелдің жеткіліксіздігінен тергеу ендірістен қысқартылып, ол тұтқыннан босатылған.

Облыстық прокурордың аға көмекшісінің 1991 жылғы 4 ақпандағы қаулысы бойынша Қызылорда облыстық НКВД Басқармасының 1943 жылғы 21 сәуірдегі А. Масақбаевтың тергеу ісін тоқтату туралы қаулысы бұзылған. Ә. Масақбаев жайлы қылмыстық іс оның әрекетінде қылмыс құрамы-

ның болмауына байланысты өндірістен қысқартылған.

Қызылорда облыстық прокурордың 1997 жылғы 21 сәуірдегі қорытындысымен Масақбаев Әлімбет Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 14 сәуірдегі Заңының негізінде толық ақталған.

МАНАЙДАРОВ Жоремхан 1904 жылы Жалағаш ауданында туған, үйленген, сауатсыз, партияда жоқ, бұрын сотталмаған, 1942 жылы әскер қатарына шақырылып, № 43 атқыштар полкінің құрамында Отан соғысына қатысқан.

9 тамыз 1942 жылы ұрыс даласында қорқақтық жасап, тылға қашқан жерінде ұсталған.

Осы қылмысы үшін Манайдаров тұтқынға алынып, 10 тамыз 1942 жылы НКВД 16 СД ерекше бөлімінің қаулысымен ең жоғары жаза — ату жазасына сотталып, сапта тұрған жауынгерлердің алдында атылған.

Қазақстан Республикасының 14 сәуір 1993 жылғы “Жаппай саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау туралы” Заңының 5 бабы “Г” тармағына сәйкес сот органдарынан тысқары шешіммен атылғанына байланысты Манайдаров толық ақталған.

Н

НАУМОВ Федор Антонович родился в 1885 году в селе Орск, Чкаловской области, осужден 13 июля 1943 года по ст. 58—10—2 УК РСФСР на 10 лет, до ареста проживал на станции Каракеткен Джалагашского района, работал стрелочником железной дороги. Реабилитирован 6 января 1989 года.

О

ОГУРСКАЯ Зинаида Антиповна родилась в 1909 году в г. Слуцке, Ленинградской области, осуждена Кызылординским Облсудом 10 августа 1950 года на 8 лет, до ареста проживала в пос. Джалагаш, работала уборщицей промартели. Реабилитирована 24 января 1990 года.

П

ПАК Тон-Гук родился в 1891 году в Корее, осужден Кызылординским облсудом 17 июля 1938 года по статьям 58—10—1 УК РСФСР на 8 лет, до ареста

проживал на станции Джалагаш, работал рабочим селекционной станции. Реабилитирован 3 марта 1989 года.

ПАК ТХЯ-КВА (ПАК Василий) родился в 1894 году в Корее, осужден Комиссией НКВД и Прокуратурой СССР 5 сентября 1938 года к высшей мере наказания — расстрелу, до ареста проживал на станции Жалагаш, был колхозником колхоза “Авангард”. Реабилитирован 13 июля 1989 года.

ПРОКОЕВА Лукерья Алексеевна родилась в 1903 году Богатовского района Куйбышевской области, осуждена 13 июля 1943 года по ст. 58—10—2 УК РСФСР на 10 лет, до ареста проживала на станции Кара Кеткен Джалагашского района, работала бухгалтером колхоза “Игилик”. Реабилитирована 6 января 1989 года.

ПРОКОПЕНКО Савва Матвеевич родился в 1880 году в гор. Таганроге, Ростовской области, осужден особым Совещанием при МВД СССР 12 ноября 1949 года на 10 лет, до ареста проживал в пос. Джалагаш, работал сторожом в рыбхозпроме. Реабилитирован 4 августа 1989 года.

С

САРИЕВ Мамырай 1909 жылы “Еңбек” кеншарында туған, руы керей, білімі орта, Қызылорда қаласындағы жұмысшы факультетін бітірген, 1932 жылдың қаңтар айынан БК(б)П мүшелігіне кандидат, РТС мекемесінде жұмыс істеген. Қызылорда қаласының “Бегілік” көпесінде тұрған.

Сариев Мамырай 1929 жылы астана Қызылордадан Алматы қаласына көшкенде сол жаққа жұмысқа ауысып, Алматы облысының Қаскелең ауданындағы “Қаратерен” совхозының бастығы болып жұмыс істеген. Оған кеңес үкіметі мен партияның ауыл шаруашылығында жүргізіп жатқан шараларына қарсы контрреволюциялық зиянкестік жұмыстар жүргізген, Троцкистік-зиновьевшілдік ұйымға белсене қатысып, халық арасында жауыздық үгіттер таратқан деп айып тағылып “халық жауы” ретінде Жамбыл облысының Қастек аудандық партия комитетінің 1937 жылғы 8 қаңтардағы қаулысымен Сариев Мамырай БК(б)П мүшесіне кандидаттығынан шығарылып, қамауға алынған. Оған РСФСР ҚК-ның 58 бабының 2,7 тармақтарымен айып тағылған.

Алматы облыстық сотының 1937 жылғы 29 қарашадағы үкімімен Сариев Мамырай ату жазасына сотталған. Бұл үкім кешікпей орындалған.

Қазақ ССР Жоғарғы сотының қылмысты істер қарайтын сот комиссиясының 1957 жылғы 30 сәуірдегі ұйғаруымен Алматы облыстық сотының жоғарыда көрсетілген үкімі бұзылып, М. Сариев жөніндегі қылмысты іс қысқартылып, ол толық ақталған.

Қазақстан Компартиясы Алматы облыстық ұйымының бақылау-тексеру комиссиясы Президиумының 1999 жылғы 27 наурыздағы қаулысымен (протокол № 21, 4) Сариев Мамырайды 1932 жылдың қаңтары-

нан КПСС мүшелігіне кандидат етіп қайта қалдырған.

(Қызы Мамыраева Жамила Қызылорда қаласы “Шұғыла” мәлтек ауданы, 16 үй, 63 пәтерде тұрады).

СНИТКО Анатолий Петрович родился в 1891 году в пос. Джалагаш, осужден Кызылординским облсудом 20 августа 1940 года на 5 лет, до ареста проживал там же, был рыбаком, реабилитирован 11 января 1990 года.

СОСИПАТРОВ Кирилл Васильевич родился в 1891 году в Ленинградском округе, осужден тройкой при ПП ОГПУ на 5 лет, до ареста проживал на станции Джалагаш, работал пом. нач. станции Джалагаш. Реабилитирован 9 июня 1989 года.

СУЛТАНОВ Сейдахмет Омарович родился в 1932 году в селе Хорочай, Чечено-Ингушской АССР, осужден Кызылординским облсудом 21 января 1951 года на 10 лет, до ареста проживал в Джалагашском районе. Реабилитирован 11 декабря 1995 года.

СҮЙЕНІШЕВ Мәмбетәлі Жалағаш ауданында 1879 жылы туған, Оңтүстік Қазақстан облысының НКВД Басқармасының үштігімен 1937 жылғы 27 қыркүйекте сотталған, қамауға алынғанға дейін осы ауданның № 16 ауылында тұрған, колхозшы болған. 1989 жылғы 4 қыркүйекте ақталған, неше жылға сотталғаны көрсетілмеген. Ол толық ақталған.

T

ТАБЫНБАЕВ Жолдасбай Жалағаш ауданының № 18 ауылдық кеңесі, “Қызылдиқан” колхозында 1897 жылы туған, әлеуметтік негізі орта шаруа, шала сауатты, партияда жоқ, колхозшы, 1941 жылы 25 қазанда РСФСР ҚК 74 бабының 1 тармағымен бір жылға бас бостандық еркінен айыруға сотталған, осы колхозда тұрған, үйленген, өйелі — Зейнеп, баласы Саябек, қарындасы — Баян.

Табынбаев Жолдасбай Кеңес өкіметіне жат жауыздық пікірде болып, Отан соғысының ауыр күндерінде әскер қатарына барудан қашып, екі жылдан астам уақыт Қызылқұмда, Қарқалпақ АССР-да тығылып жүрген. 1944—1947 жылдары Жалағаш ауданының “Қызылдиқан” колхозында тұрып, еш жерде жұмыс істемеген, сөйтіп жүріп колхозшылар арасында: “Колхозшыларға жұмысқа шықпандар, одан сендерге келетін ешқандай пайда жоқ”, — деп еңбек төртібін бұзған. Сонымен бірге, кеңес өкіметіне қарсы үгіт жүргізе отырып, колхозшыларға былай деген: “Колхозшылар аш-жалаңаш жүр, олар егін егіп, оны тегіс жинайды, бірақ өкімет оның барлығын алып қойып, колхозшыларды аш қалдырады”. Революцияға дейінгі патша тұсындағы өмірді мақтап, колхозшыларға былай деген: “Бұрынғы байлар адамдарға жақсы қамқорлық жасап, барлық керекті заттармен қамтамасыз еткен еді, ал, қазіргі кеңес үкіметі, колхоз құрылысы олай істеп отырған жоқ”. Осы қылмысы үшін Табынбаев Жолдасбай — Қызылорда облыстық МГБ Басқармасының 1947 жылғы

10 сәуірдегі қаулысымен тұтқынға алынып РСФСР ҚК 58 бабының 10 тармағы 1 бөлімімен қылмыстық іс қозғалған.

Тергеу ісі мамыр айының 27 күні аяқталып, айыптау қорытындысы 30 мамырда шығарылған, оны Қызылорда облыстық МГБ Басқармасы бастығының орынбасары 30 мамырда, Қызылорда облыстық сотының қылмысты істер қарайтын сот коллегиясының дайындау мәжілісінің 13 маусымындағы ұйғаруымен бекіткен.

Қызылорда облыстық Сотының қылмыстық істер қарайтын сот коллегиясының 1947 жылғы 17 шілдедегі үкімімен Табынбаев Жолдасбай 6 жылға бас бостандық еркінен айырып еңбек түзету лагеріне, жазасын өтегеннен кейін 3 жылға сайлау-сайлану құқын жоюға, өзіне тиісті мүлкін төркілеуге сотталған.

Қазақ ССР Жоғарғы Сотының қылмысты істер қарайтын сот коллегиясының 1947 жылғы 30 шілдедегі ұйғаруымен Қызылорда облыстық сотының үкімін күшінде қалдырып, Табынбаевтың шағым арызын аяқсыз тастаған, сот үкімімен мал-мүлкін төркілеуді шығарып тастаған.

Қазақ ССР прокуратураның бірінші орынбасарының бақылау ретінде Табынбаевтың ісі жөнінде Қазақ ССР Жоғарғы Соты Президиумының 1947 жылғы 30 шілдедегі Табынбаев Жолдасбай жөніндегі ұйғаруын бұзуды, істі оның өркетінде қылмыс құрамы болмағандықтан қысқартуды сұраған. Табынбаев Жолдасбай ақталған.

ТИМОФЕЕВА Матрена Дмитриевна родилась в 1893 году в д. Матажелиха Лихославльского района, Калининской области, русская, гр-ка СССР, беспартийная, образование начальное, проживала в пос. Джалагаш, работала уборщицей школы.

Она обвиняется в том, что являясь в прошлом членом ВКП(б) в период XIV съезда партии выступала против генеральной линии партии, поддерживая взгляды троцкистско-зиновьевской оппозиции. Принимала участие в конспиративных собраниях троцкистов, где читалась контрреволюционная троцкистская литература. За принадлежность к троцкистско-зиновьевской оппозиции она была в 1936 году исключена из ВКП(б) и как социально-опасный элемент, выслана из Ленинграда в Казахстан. Будучи враждебно настроенной против ВКП(б) и Советской власти среди населения распространяла клеветнические измышления по адресу руководителей партии и правительства, выражая недовольство мероприятиями, проводимыми партией и советской властью, за что она по постановлением Джалагашского РО МГБ от 13 ноября 1948 года арестована и привлечена к уголовной ответственности по ст. 58—2—10, 1, 11 УК РСФСР. Постановлением Особого Совещания при МГБ СССР от 2 апреля 1949 года осуждена на 10 лет в ИТЛ.

Постановлением президиума Кызылординского облсуда от 23 апреля 1958 года Постановление бывш. Особого Совещания при МГБ СССР от 2 апреля 1949 года по делу Тимофеевой М. Д. в части обвинения по ст. 58—2 и 58—11 УК отменено и дело в этой части производством прекращено за отсутствием в ее действиях состава этих преступлений, а в части

ст. 58—10 ч. 1 УК Постановление оставлено в силе. Протест облпрокурора удовлетворен. Определением Судебной коллегии по уголовным делам Верховного Суда Казахской ССР от 10 июня 1958 года — Протест Генерального прокурора СССР — удовлетворен. Постановление бывш. Особого Соправления при МГБ СССР от 2.04.1949 г. и Постановление Президиума Кызылординского облсуда от 23.04.1958 года в отношении Тимофеевой Д. В. в части признания ее виновной по ст. 58—10 УК РСФСР — отменено и дело в силу ст. 4 п. 5 УПК РСФСР дальнейшим производством прекращено. По заключению облпрокурора Кызылординской области от 13.05.97 года Тимофеева Матрена Дмитриевна на основании Закона Республики Казахстан “О реабилитации жертв массовых политических репрессий” от 14.04.1993 года реабилитирована.

Ч

ЧУПИРИН Василий Андреевич родился в 1879 году в гор. Кременчуг, Полтавской области, русский, малограмотный, беспартийный, до ареста проживал в пос. Джалагаш, работал частным переплетчиком. Он обвиняется в том, что является участником контрреволюционной, националистической, террористической организаций, по заданию которого проводил антисоветскую, провокаторскую агитацию и шпионско-диверсионную, подрывно-вредительскую деятельность, за что арестован и привлечен к уголовной ответственности. Постановлением Особого Соправления при МГБ от 10 июня 1949 года осужден на 10 лет лишения свободы. Он реабилитирован 20 января 1996 года.

Ш

ШАМБИЛОВ Құттыаяқ № 26 ауылында 1901 жылы туған, сауатсыз, үйленген, 1942 жылы РСФСР ҚК-ның 193 бабының 10 тармағы, “а” пунктiмен 10 жылға сотталып, майданға жіберілген, 163 айып ротасының құрамында қатардағы жауынгер ретінде Отан соғысына қатысқан. Ол бұрын қашқын ретінде сотталған және қорғаныстың алдыңғы шебінде жүріп, 1943 жылдың мамыр айында Кеңес үкіметіне қарсы үгіт жүргізіп, жауынгерлерді жау жағына өтуге шақырған. Осы қылмысы үшін Шамбілов Қ. 87 АД-ның Әскери Трибуналының 1943 жылғы 10 тамыздағы үкімімен 10 жылға бас бостандығынан айыруға, 5 жылға саяси құқын жоюға, өзіне тиісті мүлкін төркілеуге сотталған. Қазақстан Республикасы Бас Әскери прокурордың аға көмекшісі, юстиция полковнигі А. Б. Шегировтың осы қылмысты іс жөнінде шығарған қорытындысы бойынша Қ. Шамбіловтың Кеңес үкіметіне


қарсы жүргізген үгіті толық анықталған. Оның заңға қарсы әрекеті дұрыс келтірілген, жазасы қылмысты Заңға сөйкес берілген.

Бірақ, Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 14 сәуірдегі Заңының 4 бабы, “Б” пунктiнің негізінде Шамбілов Қ. толық ақтауға жатады”, — делінген. Ол 1998 жылғы 10 шілдеде толық ақталған.

ШМАЛЬЦ Петр Кондрагевич родился в 1903 году в селе Маринберг, Саратовской области, образование начальное, беспартийный, до ареста проживал в Жалагашском районе. Он обвиняется в том, что активно проводил среди населения антисоветскую, провокаторскую агитацию и подрывно-диверсионную, террористическую и вредительскую деятельность, за что арестован и привлечен к уголовной ответственности. Приговором Кызылординского областного суда от 13 февраля 1951 года осужден на 8 лет лишения свободы. Он реабилитирован 4 января 1995 года.

Э

ЭМ СОН-ХАК (Дюн) родился в 1893 году в Коре, гражданин СССР, образование неполное среднее, беспартийный, до ареста проживал на станции Жалагаш, не работал. Он обвиняется в том, что являлся агентом Японской разведорганов, по заданию которого систематически проводил антисоветскую, контрреволюционную, провокаторскую агитацию среди корейского населения и шпионско-диверсионную, террористическую и подрывно-вредительскую деятельность, за что арестован и привлечен к уголовной ответственности. Приговором НКВД СССР от 11 февраля 1938 года осужден к высшей мере наказания — расстрелу. Он реабилитирован 30 июня 1989 года.



Топтама

1. **НАҚПАЕВ** Қалмағанбет Жалағаш ауданының № 23 ауылында 1910 жылы туған, шала сауатты, партияда жоқ, бұрын сотталмаған, кедей-шаруа, үйленген, өйілі — Нақпаева Райхан, қыздары — Оразкүл, Шырынкүл.

Отан соғысына Жалағаш аудандық әскери комиссариаты арқылы 1942 жылғы маусым айында шақырылған. Ол ұрыс майдандарының алғы шептерінде бөлімше командирі қатарында соғысқан.

2. **ЕРҒОЖАПОВ** Сейдахмет Алматы облысы Қаратас ауданының “Айдар” ауылында 1909 жылы туған,

шала сауатты, партияда жок, бұрын сотталған, кедей-шаруа, малшы, үйленген, өйелі — Ерғожапова Рахия, ұлы — Мырзахан.

Отан соғысына Қаратас аудандық әскери комиссариаты арқылы 1942 жылғы маусым айында шақырылып, ұрыс майданының алғы шептерінде соғысқа қатысқан.

Нақпаев пен Ерғожапов ұрыс майдандарының алғы шептерінде жүріп, қызыл әскерлер арасында неміс фашистері туралы үгіт-насихат жұмыстарын жүргізіп, олардың листовкаларын таратып, Отанын сатпақшы пиғылда болған.

Осы қылмыстары үшін НКВД-ның ерекше бөлімінің қаулысымен екеуі де 1942 жылғы 24 тамызда қамауға алынған.

1942 жылғы 2 қыркүйекте Брянск майданының Әскери трибунасы РСФСР ҚК-нің 58—10—2 тармағы және 58—2 баптарымен айыпталған Нақпаев пен Ерғожаповтың қылмысты істерін қарап, әрқайсысына 10 жылдан бас бостандық еркінен айыруға және саяси құқын 5 жылға жоюға соттаған.

СССР Жоғарғы сотының әскери коллегиясы 1942 жылы 31 желтоқсан күні олардың шағым арыздарын қарап, үкімді өзінің күшінде қалдырып, шағым қанағаттандырылмаған.

Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 14 сәуірінде “Жаплай саяси қуғын-сүргіндер құрбандарын ақтау туралы” Заңының 4 бабы “В” тармағына сәйкес Нақпаев пен Ерғожапов 1989 жылғы 9 тамызында толық ақталған.

ТЕРЕҢӨЗЕК АУДАНЫ БОЙЫНША

А

АБЛАНОВ Алтай № 11 “Көкжиде” ауылдық кеңесі, “Шымбөгет” колхозында 1922 жылы туған, негізі кедей-шаруа, білімі арнаулы орта, партияда жоқ, мамандығы мұғалім, бұрын сотты болмаған, қамауға алынғанға дейін осы колхозда тұрған, үйленбеген, інісі Абланов Әлмағамбет.

Абланов Алтай № 11 “Көкжиде” ауылдық кеңесінде жүріп, Германия мен Кеңес Одағының арасындағы соғыс жағдайына байланысты колхоз тұрғындары арасында үнемі кеңес үкіметіне қарсы жеңілістік үгіт таратқан, фашист армиясының күш-қуатын мақтаған. Мысалы, 1941 жылдың 25 тамыз күні № 11 ауылдық “Комсомол” колхозында көптеген колхозшылардың арасында: “24 тамызда неміс әскерлері Ленинградты басып алды, енді Мәскеуге қауіп туып тұр, Қызыл Армия неміс армиясының шабуылына тойтарыс бере алмайды, өйткені олар техника жағынан күшті қаруланған”, — деген.

Осы қылмысы үшін Абланов Алтай Тереңөзек аудандық НКВД бөлімінің 1941 жылғы 11 қыркүйектегі қаулысымен тұтқынға алынып, РСФСР ҚК-ның 58 бабының 10 тармағы 2 бөлімімен қылмыстық іс қозғалған.

Тергеу ісі 25 қазанда аяқталып, айыптау қорытындысы сол күні шығарылған, оны Қызылорда облыстық НКВД Басқармасының бастығы, облыстық прокурор 1 қарашада, Қызылорда облыстық сотының қылмысты істер қарайтын сот коллегиясының дайындау мәжілісінің 4 қарашадағы ұйғаруымен бекіткен.

Қызылорда облыстық сотының қылмысты істер қарайтын сот коллегиясының 1941 жылғы 15 қарашадағы үкімімен Абланов Алтай 10 жылға бас бостандық еркінен айыруға, жазасын өтегеннен кейін 5 жылға сайлау-сайлану құқын жоюға сотталған.

Қазақ ССР Жоғарғы Сотының қылмысты істер қарайтын сот коллегиясының 1941 жылғы 19 желтоқсандағы ұйғаруымен Қызылорда облыстық сотының үкімін күшінде қалдырып, сотталушының арызы қанағаттандырылмаған.

Қазақ ССР Жоғарғы Соты Президиумының 1989 жылғы 21 сәуірдегі қаулысымен Абланов Алтай жөніндегі Қызылорда облыстық сотының 1941 жылғы 15 қарашадағы үкімі мен Қазақ ССР Жоғарғы

сотының қылмысты істер қарайтын сот коллегиясының 1941 жылғы 19 желтоқсандағы ұйғаруын бұзып, қылмыстық істі оның әрекетінде қылмыс сипаты болмағандықтан қысқартылған.

Қазақ ССР прокуроры орынбасарының наразылығы қанағаттандырылған.

АМАНБАЕВ Кенжеғұл № 1 “Қызылөзек” ауылында 1894 жылы туған, балықшы отбасынан шыққан, діни орталау білімі бар, партияда жоқ, бұрын сотты болмаған, қамауға алынғанға дейін Қызылорда қаласындағы “Трудовик” артелінде етікші болып жұмыс істеген. Қызылорда қаласы, колхоз көшесі № 6 үйде тұрған, үйленген, әйелі — Ажар, балалары — Ибрагим, Балтабай, Байқадам, 1918 жылы ақтар армиясында жауынгер болған. Аманбаев Кенжеғұл өзінің жеке меншік етік дүкенін ұстаған, ол тұрғындар арасында үнемі партия мен кеңес үкіметінің шараларына қарсы бағытталған контрреволюциялық жеңілістік үгіт жүргізіп келген. Сонымен қатар колхоз құрылысының беделін түсіру мақсатында провокациялық сөздер айтқан. Кеңес өкіметіне қарсы жат пікірде болған. Ол Кеңес Одағындағы тұрмыстық жағдайға жала жауып, патша тұсындағы өмірді көксеп мадақтаған. Сол сияқты Қызыл Армияға, Кеңес баспасөзі мен Информбюро хабарына күйе жағып, неміс-фашист армиясының күші мен қуатын мақтап: “Осы соғыста Германия Кеңестер Одағын сөзсіз жеңеді”, деп сөуегейлік айтқан.

Осы қылмысы үшін Аманбаев Кенжеғұл Қызылорда облыстық НКГБ Басқармасының тергеу бөлімшесінің 1944 жылғы 30 сәуірдегі қаулысымен тұтқынға алынып, РСФСР ҚК-ның 58 бабының 10 тармағы, 2 бөлімімен қылмыстық іс қозғалған.

Тергеу ісі 1944 жылдың 19 мамыр күні аяқталып, айыптау қорытындысы сол күні шығарылған, оны Қызылорда облыстық НКГБ Басқармасының бастығы сол күні, облыстық прокурор 22 мамырда, Қызылорда облыстық сотының қылмыстық істер қарайтын сот коллегиясының дайындау мәжілісінің 3 маусымдағы ұйғаруымен бекіткен.

Қызылорда облыстық сотының қылмысты істер қарайтын сот коллегиясының 1944 жылғы 10 шілдедегі үкімімен Аманбаев Кенжеғұл 10 жылға бас бостандық еркінен айыруға, жазасын өтегеннен кейін 5 жылға сайлау-сайлану құқын жоюға, өзіне тиісті мүлкін төркілеуге сотталған.

Қазақ ССР Жоғарғы Сотының Қылмыстық Істер қарайтын сот коллегиясының 1944 жылғы 17 тамыздағы ұйғаруымен Қызылорда облыстық сотының

1944 жылғы 10 шілдедегі үкімін күшінде қалдырып, сотталушы Аманбаевтың шағымын нәтижесіз тастаған.

Қазақ ССР Жоғары Соты Президиумының 1989 жылғы 21 сәуірдегі Қаулысымен Қызылорда облыстық сотының 1944 жылғы 10 шілдедегі Аманбаев Кенжегүл жөніндегі үкімі мен Қазақ ССР Жоғарғы Сотының қылмыстық істер қарайтын сот коллегиясының 1944 жылғы 14 тамыздағы ұйғаруын бұзып, оның әрекетінде қылмыс белгісі болмағандықтан істі қысқартқан.

Қазақ ССР прокуроры орынбасарының наразылығы қанағаттандырылған.

АМАНДЫҚОВ Ешмұрат Далакөл ауылдық кеңесінде 1910 жылы туған, кейін Қызылорда қаласы, № 8 үйде тұрған, әлеуметтік негізі кедей-шаруа, білімі 6 класс, 1925 жылдан БЛКЖО мүшесі, осы іске байланысты комсомол қатарынан шығарылған, бұрын Қызылорда аудандық атқару комитетінің ұйымдастыру бөлімінің меңгерушісі, қамауға алынғанға дейін Сырдария аудандық атқару комитетінің жауапты хатшысы болып қызмет атқарған, үйленген, әйелі — Нәбира, інілері — Мұхамбет, Дашмұрат.

Амандықов Ешмұрат кеңес өкіметіне қарсы, ұлтшылдық, контрреволюциялық ұйымның белсенді мүшесі болған, бұл ұйымға ол 1937 жылдың қаңтар айында Қызылорда аудандық атқару комитетінің бұрынғы есепшісі, қазіргі “Аққұм” колхозының парторы Жалекеев Балмағамбетті және сол колхоздың мұғалімі Орынбаев Байтананы тартқан, оларға мынадай тапсырмалар берген:

- 1) Кеңес өкіметіне қарсы ұлтшылдық ұйымға жаңа адамдар тарту.
- 2) Ауылшаруашылығында колхоздарды құлатуға, мал басын құртуға бағытталған зиянкестік жұмыстар жүргізу.
- 3) Тұрғындардың мәдени-саяси өсуіне кедергі жасау.

Амандықов аудандық атқару комитетінің ұйымдастыру бөлімінің меңгерушісі болып тұрғанда өзінің қызмет бабын пайдаланып, ауылдық кеңестердің жұмыстарын құлатуға, әсіресе ұйымдастыру-көпшілік жұмыстарын өрістету ісіне зиянкестік жасаған, көпшілік ауылдық кеңестерде пленумдар өткізілмеген, секциялар мен депутаттар тобы жұмыс істемеген.

Осы қылмысы үшін Амандықов Ешмұрат — Қызылорда аудандық НКВД бөлімінің 1938 жылғы 2 наурыздағы қаулысымен тұтқынға алынып, РСФСР ҚК-ның 17—58—8 және 58—11 бабының тармақтарымен қылмыстық іс қозғалған.

Тергеу ісі 1938 жылдың 7 сәуірінде аяқталып, айыптау қорытындысын Қызылорда облыстық НКВД Басқармасының УГБ-ның 4 бөлімі сол жылғы 25 сәуірде шығарған, оны Қызылорда облыстық прокуроры бекіткен.

Қазақ ССР НКВД УГБ 4 Бөлімінің 2 Бөлімшесінің 1938 жылғы 7 мамырдағы қорытындысымен айыптау қорытындысына келіскен.

Қазақ ССР НКВД-ның Шекара және Ішкі Әскерлері әскери прокурорының 1938 жылғы 9 мамырдағы қаулысымен айыптау қорытындысы бекітілген. Амандықовтың ісі СССР Жоғарғы Сотының Әске-

ри коллегиясының қарауына жіберілген.

СССР Жоғарғы Сотының Әскери Коллегиясының 1938 жылғы 14 қарашадағы үкімімен Амандықов Ешмұрат — 10 жылға құлып астына, 5 жылға сайлау-сайлану құқын жоюға, өзіне тиісті мүлкін төркілеуге сотталған.

Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының бөлім бастығының 1995 жылғы 1 қыркүйектегі қорытындысымен Амандықов Ешмұрат Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 14 сәуірдегі Заңының негізінде толық ақталған.

АЙЕКЕНОВ Нұртаза № 7 ауылында 1908 жылы туған, білімі орталау, БК(б)П мүшесі, 1938 жылғы 17 қазанда қамалған, Қызылорда облыстық сотының 1939 жылғы 23 сәуірдегі үкімімен 12 жылға бас бостандығынан және 5 жылға сайлау құқынан айыруға сотталған. Қызылорда облыстық прокурорының 1941 жылғы 3 сәуірдегі қаулысымен, УНКГБ және Қазақ ССР-ы НКГБ қорытындысымен қылмыстық ісі толық болмағандықтан қысқартылып, қамаудан босатылған, қамауға алынғанға дейін Қызылорда Саранча экспедициясында техник болып қызмет атқарған.

АЙТБАЕВА Құрманкүл Аламесек ауылдық кеңесінде 1909 жылы туған, сауатты, қызметкер, БК(б)П мүшесі, Тереңөзек аудандық партия комитетінде нұсқаушы болып қызмет атқарған, оған кеңес үкіметіне қарсы — ұлтшылдық террорлық-көтерілісшілер ұйымының мүшесі, соның тапсырмасымен контрреволюциялық жұмыстар жүргізген — деп айып тағылып, Қызылорда облыстық НКВД Басқармасы 4 бөлімшесінің 1938 жылғы 28 сәуірдегі қаулысымен тұтқынға алынып, РСФСР ҚК-ның 58 бабының 2, 11 тармақтарымен



қылмыстық іс қозғалған. Батыс Қазақстан бойынша ҚССР Шекара және ішкі Күзетінің Әскери Трибуналы тұрақты сессиясының 1938 жылғы 27 қазандағы үкімімен Айтбаева Құрманкүл 10 жылға түрме қамауына, 5 жылға саяси құқын жоюға сотталған. **АЛДОНҒАРОВ** Ахмет Тереңөзек ауданының 1990 жылы туған, Қызылорда облыстық сотының үкімімен 1938 жылғы 9 маусымда 10 жылға сотталған, қамауға алынғанға дейін осы ауданда тұрған, төраға орынбасары болып қызмет атқарған, 1996 жылғы 15 сәуірде ақталған.

АХМЕТОВ Тұрым № 24 ауылында 1904 жылы туған, 1942 жылғы 13 желтоқсанда ұсталған, кейін, ісі қысқартылған, қамауға алынғанға дейін 453 атқыштар полкінің 1 батальонында Қызылөскер болған, 1991 жылғы 24 қазанда ақталған.

АСҚАРОВ Арысбай № 7 ауылында 1919 жылы туған, білімі орта, бұрын сотталмаған, Тереңөзек АӘК арқылы әскер қатарына алынып, АП (полктің номері көрсетілмеген) құрамында қатардағы жауынгер ретінде Отан соғысына қатысқан. 1942 жылдың қыркүйек айында жау тұтқынна түсіп, өз

еркімен “Түркістан легионына” кірген, фашистік Германияға адал қызмет етемін деп ант алған. Легион құрамында ол 1943 жылдың тамыз айына дейін болып, одан кейін Кеңес әскерлері жағына өткен. Осы қылмысы үшін Асқаров Арысбай РСФСР ҚК-ның 58 бабы, 1“б” тармағымен 15 жылға, 5 жылға саяси құқын жоюға, өзіне тиісті мүлкін тәркілеуге сотталған.

СССР ВК ВС-ның 1949 жылғы 15 қазандағы ұйғаруы бойынша үкім күшінде қалған, сотталушының шағым арызы қанағаттанғысыз қалдырылған.

Қазақстан Республикасы Бас Әскери прокурордың аға көмекшісі, юстиция полковнигі А. Б. Шегировтың осы қылмысты іс жөнінде шығарған қорытындысы бойынша Асқаров А. тұтқынға оған байланысыз жағдайда түскен, Кеңес әскерлеріне, партизандарға қарсы ұрысқа қатыспаған. Асқаровтың әрекетінде оған тағылған қылмыс құрамының белгісі формалды түрде замұндалған, сондықтан Асқаровты қылмысқа тарту негізсіз болған — делінген.

Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 14 сәуірдегі Заңының 5 бабы, “А” пунктінің негізінде Асқаров Арысбай 1998 жылғы 13 шілдеде толық ақталған.

АРЫСТАНОВ Жүсіпбек № 11 ауылда 1904 жылы туған, кедей шаруа отбасынан шыққан, білімі жоғары, кәсібі мұғалім, партияда жоқ, бұрын сотталған, үйленген, ВЛКСМ-ның 25 жылдығы атындағы артедің цех бастығы болып жұмыс істеген, Қызылорда қаласы, Шевченко көшесі, 25 үйде тұрған, әйелі — Арыстанова Сара, қыздары — Арыстанова Ш. Ж., Арыстанова Г. Ж., баласы — Арыстанова М. Ж.

Арыстанов Жүсіпбек Қазақстандағы Кеңес өкіметіне қарсы ұлтшылдық ұйымға белсенді түрде қатысып, оның тапсырмасымен көтерілісшілер тобын құрған, сол үшін 1938 жылғы 11 тамызда тұтқынға алынып, 1940 жылғы 26 қазанда СССР НКВД жанындағы Ерекше мәжілісі арқылы РСФСР ҚК-ның 58-бабының 2 және 58 баптың 11 тармақтарымен 8 жылға бас бостандық еркінен айыруға сотталған. Жаза мерзімін толық өтеп, 1946 жылдың тамыз айының басында қамаудан босанған.


Арыстанов Жүсіпбек 1948 жылғы 11 желтоқсанда екінші рет тұтқынға алынып, сол жылғы 27 желтоқсанда бұрынғы айып қайта тағылған. Айыптау қорытындысын Қызылорда облыстық МГБ Басқармасының тергеу бөлімінің тергеу ісі жасаған.

СССР МГБ жанындағы ерекше мәжілісінің 1949 жылғы 20 сәуірдегі қаулысымен Арыстанов РСФСР ҚК-ның 58 бабының 2, 58 бабының 11 тармақтарымен жер аударуға сотталған және Новосибирь облысына айдалған. 1954 жылдың 25 желтоқсанында СССР Жоғарғы Сотының қылмысты істер қарайтын Сот коллегиясының ұйғаруымен СССР Бас прокуратурының наразылығы қаралып, СССР МГБ жанындағы Ерекше Мәжілісінің 1949 жылғы 20 сәуірдегі қаулысы бұзылып, іс өндірістен қысқартылған, Арыстанов Жүсіпбекті жер аударудан босатып, арнайы қоныс аударуға шешім қабылданған. (Арыстанов арнайы қоныс аударуда Новосибирь облысының Михайлов ауданы, Чумаково селосы, Ленин 4-те болған). Арыстанов Жүсіпбектің айыбы СССР Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1989 жылғы 16 қаңтардағы Жарлығының 1 бабына жатады. Ол 1997 жылғы 22 мамырда толық ақталған.



ӘБІЛҚАСЫМОВ, немесе **ТИЯНАҚОВ** Меңлібай (бек)

№ 12 ауылдық кеңесі, Ворошилов атындағы колхозда 1901 жылы туған, ірі байдың баласы, шала сауатты, партияда жоқ, 1929 жылы әкесінің және өзінің мал-мүлкі тәркіленген. Баласы — Меңлібеков Сәдуақас, Сейіл, інісі — Әбілқасымов Сарыбек, әйелі — Патым.



Әбілқасымов Меңлібек — 1930 жылы кеңес өкіметіне қарсы Қарақұм қарақшыларының қарулы көтерілісіне қатысқаны үшін ОГПУ органы арқылы тұтқынға алынып, сол жылғы 29 қарашада Қазақстандағы ОГПУ өкілетті өкілдігі жанындағы үштіктің қаулысымен РСФСР ҚК-ның 58 бабының 2 тармағымен 10 жылға еңбек түзету лагеріне сотталған. Айып жазасын өтеу үшін оны Қарлағтың № 63 Чу құрылысына айдаған, сонда жүріп, жазасын өтпей 1931 жылдың 15 ақпанда лагерьден қашып кетіп Өзбекстанда, Тәжікстанда тығылып жүріп Әбілқасымов Меңлібек фамилиясын өзгертіп, Тиянақов Меңлібай болып жүрген. Тереңөзекке 1941 жылдың шілде айында қайтып келген.

Әбілқасымов Меңлібек — Тереңөзектің № 6 ауылдық кеңесіне қарасты Ворошилов атындағы колхозда жұмыс істей жүріп, 1941 жылдың қазан-қараша айларында колхозшылар арасында кеңес үкіметі мен партияның шараларына қарсы контрреволюциялық үгіт таратқан. Сол жылғы 20 және 29 қазанда Ворошилов атындағы колхоздың сельпосының асқанасында және колхозшы Жарылқасыновтың үйінде бірнеше колхозшылардың алдында фашистік Германия әскерлерінің күшін мақтап, қызыләскерлердің күш-қуатын жамандап өсектеген. Сонымен қатар ол Мәскеу мен Ленинград қалаларын немістер басып алды, кеңес үкіметі оны жасырып отыр, бұл соғыста СССР жеңіледі”, — деп контрреволюциялық-жеңілістік лақаптар таратқан.

Осы қылмыстары үшін Әбілқасымов (Тиянақов) Меңлібек — Тереңөзек аудандық НКВД бөлімінің 1941 жылғы 5 желтоқсандағы қаулысымен тұтқынға алынып, РСФСР ҚК-ның 58 бабының 10 тармағының 2 бөлімімен қылмыстық іс қозғалған.

Тергеу ісі аяқталып, айыптау қорытындысы 1942 жылғы 21 мамырда шығарылған, іс Қызылорда облыстық соттың қарауына берілген.


Қызылорда облыстық сотының көшпелі сессиясының 1942 жылғы 20 маусымдағы үкімімен Әбілқасымов Меңлібек — Тиянақов Меңлібай 10 жылға бас бостандық еркінен айырып, 5 жылға сайлау-сайлану құқын жоюға сотталған.

Қызылорда облыстық прокурордың — юстицияның аға заң кеңесшісі С. Үмбеталиевтің Қазақ ССР прокуроры Юстицияның I классты мемлекеттік кеңесші Г. Б. Елемесовке ұсынысы бойынша сотталушы М. Әбілқасымов жөнінде Қызылорда облыстық сотының 10 маусым 1942 жылғы шығарған үкімін бұзуға Қазақ ССР Жоғарғы Сотының Президиумына қадғалау ретінде наразылық келтіріп, оның өрекетінде қылмыс сипаты болмағандықтан қылмысты істі қысқартуға жатқызуды сұраған.

Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Бөлім бастығының 1997 жылғы 21 ақпандағы қорытындысы бойынша Әбілқасымов Мендібек (Тиянақов Мендібай) Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 14 сәуірдегі “Жаппай саяси қуғын-сүргіндер құрбандарын ақтау туралы” Заңының негізінде толық ақталған.

ӘЛИАҚБАРОВ Бөкір Тереңөзек ауданында 1903 жылы туған, ОГПУ-дың өкілетті өкілдігі жанындағы үштіктің қаулысымен 1933 жылғы 29 қаңтарда алдын ала қамаудан кейін тұтқыннан босатылған. 1995 жылғы 7 желтоқсанда ақталған.

ӘСЕНОВ Мүтән № 12 “Ақжарма ауылдық кеңесі, “Шандайкөл” колхозында 1891 жылы туған, бай — молда болған, шала сауатты, 1926—1928 жылдары БК(б)П мүшесі болған, колхозшы, партия қатарынан шығарылған, бұрын сотты болған, “Шандайкөл” колхозында тұрған, үйленген, әйелі — Баян, қызы — Ақжан.



Әсенов Мүтән Кеңес үкіметіне қарсы жат пиғылда болып, кеңес құрылысына, Қызыл Армияға қарсы бағытталған провокациялық-жеңілістік сипаттағы контрреволюция-

лық үгітті үнемі жүргізіп келген, Германия армиясы мен оның техникасын мақтаған. 1941 жылғы 7 тамыздағы өзінің кеңес өкіметіне қарсы “Шандайкөл” колхозының қырман басында сөйлеген сөзінде Әсенов Мүтән: “Жақын арада Жапония Кеңес Одағына қарсы соғыс ашады, сосын Германиямен бірге Кеңес Одағын тез құртады, Германияда соғыс техникасы күшті, жақын арада Кеңес Одағы болмайды” — деген. 1941 жылдың 12 қазан күні Қызыл Армия үшін жылы киімдер жинауға қарсы “Шандайкөл” колхозының дүкенінде тұрып Әсенов: “Қызыл Армияға барлық халық көмектесіп жатыр, бірақ ешқандай нәтиже жоқ, немістер күнде Кеңес Одағының көптеген қалаларын жаулап, басып алып жатыр, Кеңес Одағының соғыс техникасынан немістердің соғыс техникасы күштірек, бұл соғыста немістер жеңіске жетеді, сондықтан мен Қызыл Армия үшін ешқандай жылы киім бермеймін” — деген. Содан кейін Қызыл Армияның адресіне жаман сөздер айтып балағаттаған. Осындай жаман сөздерді ол 14 қазанда да айтқан.

Осы қылмысы үшін Әсенов Мүтән Тереңөзек аудандық НКВД бөлімінің 1941 жылғы 9 қарашадағы қаулысымен тұтқынға алынып, РСФСР ҚК-ның 58 бабының 10 тармағының 2 бөлімімен қылмыстық іс қозғалған.

Тергеу ісі 1942 жылдың 26 қаңтарында аяқталып, айыптау қорытындысы 10 ақпанда Қызылорда қаласында шығарылған, оны Қызылорда облыстық НКВД Басқармасының бастығы 12 ақпанда, облыстық прокурор 14 ақпанда бекіткен.

СССР НКВД-ның жанындағы Ерекше Мәжілісінің 1942 жылғы 13 маусымдағы қаулысымен Әсенов Мүтән — 5 жылға Солтүстік Қазақстанға жер аударуға сотталған.

Қызылорда облыстық прокуроры орынбасарының 1989 жылғы 13 қыркүйектегі қорытындысымен Әсенов Мүтән — СССР Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1989 жылғы 16 қаңтардағы Жарлығының негізінде толық ақталған.

ӘЛІМОВ Жолдыбай Тереңөзек ауданында 1918 жылы туған, Оңтүстік Қазақстан облыстық соты арқылы 1944 жылғы 26 қаңтарда 8 жылға сотталған, 37 ИТК-да айып мерзімін өтеген, 1990 жылғы 25 сәуірде ақталған.

Б

БАЙМАҒАМБЕТОВ Мәмбет Қызылорда ауданының Шалайыр колхозында —1876 жылы туған, Қызылорда облыстық сотының үкімімен 1938 жылғы 7 ақпанда 15 жылға сотталған, қамауға алынғанға дейін осы ауданда тұрған, 1996 жылғы 28 ақпанда ақталған.

БАЙТАЛИЕВ Әйткен № 12 ауыл Аламесек поселкесінде 1907 жылы туған, сауатты, БК(б)П мүшесі, Тереңөзек аудандық ОГПУ бөлімінің 1930 жылғы 16 қарашадағы қаулысымен тұтқынға алынып, РСФСР ҚК-ның 17—58 бабының 2 тармағымен қылмыстық іс қозғалған, оған — Қарақұмдағы қарақшылармен байланыс жасап, оларды азық-түлікпен қамтамасыз етіп отырған, байлардың мал-мүлкін ауыл-шаруашылығына салып жасырып алып қалғаны үшін олардан пара алып отырған — деп кінә табылған. Қазақстандағы ОГПУ-дың өкілетті өкілдері жанындағы үштіктің 1930 жылғы 31 желтоқсандағы қаулысымен ең жоғары жаза — ату жазасына сотталған. Үкім 31 жылғы 1 ақпанда Қызылорда қаласында орындалған.

1989 жылғы маусым айының 23 күні облыстық прокурор архивтік қылмысты істі қайта қарап, өзінің қорытындысымен Байталиев Әйткенді оның өрекетінде қылмыстың белгісі болмағандықтан мүлдем ақтаған.

БАҚТЫБАЕВ Байкемел Тереңөзек ауданының № 40 ауылында 1896 жылы туған, Қазақстандағы ОГПУ-дың өкілетті өкілдігі үштігімен 1933 жылғы 29 ма-

усымда 5 жылға сотталған, қамауға алынғанға дейін осы ауданда тұрған, “Қызыл кедей” колхозының мүшесі болған, 1989 жылғы 29 маусымда ақталған.

БАШТУЕВ Доку родился в 1905 в с. Большой Воронды, Шатоевского района, ЧИАССР, чеченец, неграмотный, беспартийный, нигде не работал, проживал в колхозе “Кзыл Дихан” Теренозекского района. Он обвиняется в том, что с момента прибытия спецпереселенцем в Казахской ССР с 1944 года не занимался общественно полезным трудом, вел паразитический образ жизни, занимался разложением труддисциплины среди спецпереселенцев, тем самым саботировал, за что постановлением Теренозекского РО НКВД от 3 июня 1945 года арестован и привлечен к уголовной ответственности по ст. 58—14 УК РСФСР. Постановлением пом. облпрокурора по надзору за органами милиции и НКВД прокуратуры Кзылординской области от 9 июля 1945 года уголовное преследование в отношении Баштуева Д. за отсутствием признака по ст. 58—14 УК производством прекращено и он освобожден из-под стражи.

По заключению прокурора Кзылординской области от 20 мая 1997 года Баштуева Доку на основании Указа Президиума Верховного Совета СССР от 16 января 1989 года — реабилитирован.

БЕДЕБЕКОВ Серікбай Теренөзек ауданының № 2 ауылдық кенесінде 1887 жылы туған, кейін Қызылорда қаласы, Қазақ көшесі № 27 үйде тұрған, қызметкер болған, Теренөзек аудандық су шаруашылығында гидротехник болып қызмет істеген. 1905 жылы 3 кластық Перовск училищесін бітірген, партияда жоқ. Оған тағылған айып: Кеңес үкіметіне қарсы ұлттық ұйымның мүшесі болған, осы ұйымға бірнеше адамдарды азғырып, үгіттеп тартқан, ұйымның тапсырмасымен су шаруашылығы саласында жауыздық әрекеттер жасаған, ұйымның бақса да мүшелерімен бірігіп көтеріліс жасауға және қоныс аударуға дайындық жұмыстарын жүргізуге қатысқан — деп Қызылорда облыстық НКВД Басқармасы 4 бөлімінің 1938 жылғы 9 шілдедегі қаулысымен тұтқынға алынып, РСФСР ҚК-ның 58 бабының 2, 7, 11 тармақтарымен қылмыстық іс қозғалған. Қызылорда облыстық НКВД Басқармасы 3 бөлімінің 1939 жылғы 10 ақпандағы қаулысымен — сотқа беруге тергеу материалдарының жеткіліксіздігі үшін С. Беделбековтың тергеу ісі тоқтатылып, тұтқыннан босатылған.

Қызылорда облыстық прокурордың 30 сәуір 1997 жылғы қорытындысымен Беделбеков Серікбай — СССР Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1989 жылғы 16 қаңтарығы жарлығымен толық ақталған.

БЕКЕШЕВ Жайтабар Теренөзек ауданының № 6 ауылында 1897 жылы туған, ОГПУ-дың өкілетті өкілдігі жанындағы үштіктің қаулысымен 1931 жылы ең жоғарғы жаза — ату жазасына сотталған, қамауға алынғанға дейін осы ауданда тұрған, 1995 жылғы 26 қыркүйекте ақталған.

БИДИЕВ Рашид родился в 1884 году в Чечено-Ингушской АССР, приговором Кзылординского облсуда 19 сентября 1950 года осужден на 25 лет, до

ареста проживал в Теренозекском районе, колхозе им. Ворошилова, был колхозником, реабилитирован 25 марта 1995 года.

В

ВАКСМАН Зелик Львович родился в 1904 году в гор. Кишиневе, молдаванин, образование начальное, беспартийный, до ареста проживал в пос. Теренозек, без определенных занятий. Он обвиняется в том, что являлся участником контрреволюционной, террористической организаций, активно проводил антисоветскую, провокаторскую агитацию пораженческого характера и шпионско-диверсионную, подрывно-вредительскую деятельность, за что арестован и привлечен к уголовной ответственности. Приговором Кзылординского областного суда от 18 июня 1942 года осужден на 10 лет лишения свободы. Он реабилитирован 17 февраля 1965 года.

ВИНОГРАДОВ Михаил Владимирович родился в 1888 году в Пищучском районе, Горьковской области, русский, образование начальное, беспартийный, до ареста проживал в Теренозекском районе, работал прорабом Аламесекской МТС. Он обвиняется в том, что являлся участником контрреволюционной, террористической организаций, по заданию которой активно проводил антисоветскую, провокаторскую агитацию пораженческого характера и шпионско-подрывную, диверсионно-вредительскую деятельность, за что арестован и привлечен к уголовной ответственности. Приговором Кзылординского областного суда от 8 августа 1942 года осужден на 10 лет лишения свободы. Он реабилитирован 3 февраля 1989 года.

Г

ГЛАВИНСКИЙ Иосиф Адамович родился в 1895 году в Опшленском районе, Белорусской ССР, еврей, малограмотный, беспартийный, до ареста проживал в пос. Теренозек, работал сторожем райбольницы. Он обвиняется в том, что являлся членом контрреволюционной, террористической организации, по заданию которой активно проводил антисоветскую, провокаторскую агитацию пораженческого характера, шпионско-диверсионную, подрывно-вредительскую деятельность, за что арестован и привлечен к уголовной ответственности. Приговором Кзылординского областного суда от 20 августа 1944 года по ст. 58—10 ч. 2 УК РСФСР осужден к высшей мере наказания — расстрелу. Он реабилитирован 3 марта 1989 года.

ГУМАТ Гажипаль Оғлы, он же АЖИГАЛИЕВ Умбат родилса в 1862 году в Иране, азербайжанец, грамотен по арабски, беспартийный, до ареста проживал в Кызылординском районе, в ауле № 15, был знахарем. Он обвиняется в том, что являлся агентом и шпионом Ирана, проводил антисоветскую, провокаторскую и религиозную агитацию, шпионско-диверсионную, подрывно-вредительскую деятельность, за что арестован и привлечен к уголовной ответственности. Решением НКВД СССР от 2 сентября 1938 года приговорен к высшей мере наказания — расстрелу. Он реабилитирован 30 августа 1989 года.

Д

ДАЙЫРОВ Изтай Бекішұлы № 5 ауылда 1912 жылы туған, білімі орта, үйленген, бұрын сотталмаған, Тереңөзек АӘК арқылы әскер қатарына 1942 жылдың наурыз айында алынып, 284 АП құрамында қатардағы жауынгер ретінде Отан соғысына қатысқан. 1942 жылдың қазан айында жау тұтқынына түсіп, тергеуде әскери құпия мағлұматтарды айтып қойған. Тұтқында 1942 жылдың 9 желтоқсанына дейін жүріп Дайыров өртүрлі шаруашылық жұмыстарды атқарған. Осы қылмысы үшін Дайыров І. Б. 13 ГАД әскери трибуналының 1942 жылғы 17 желтоқсандағы үкімімен (РСФСР ҚК-ның 58 бабының 1“б” тармағымен) 10 жылға, 3 жылға саяси құқын жоюға, өзіне тиісті мүлкін тәркілеуге сотталған.

Қазақстан Республикасы Бас әскери прокурордың аға көмекшісі, юстиция полковнигі А. Б. Шегировтың осы қылмысты іс жөнінде шығарған қорытындысы бойынша Дайыров Изтай жау тұтқынына оған байланыссыз жағдайда түскен. Оның айыбы жауға әскери құпияны айтқаны Дайыровтың “мойындауына” негізделген, басқа материалдармен іс анықталмайды. Оның Отанды сатқандығы іс материалында негізінен мойнына қойылмаған, сондықтан оның қылмыстық жауапқа тартылуы және сотталуы негізсіз деп тапқан.


Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 14 сәуірдегі Заңының 5 бабы, “А” пунктiнiң негiзiнде Дайыров Изтай 1998 жылғы 30 маусымда толық ақталған.

ДОБЫСОВА Тұрсын Тереңөзек ауданында 1923 жылы туған, білімі орталау, партияда жок, қамауға алынғанға дейін осы ауданда тұрған. Аламесек МТС-да трактор жүргізушісі болып жұмыс істеген. Ол колхозшылар арасында кеңес үкіметіне қарсы контрреволюциялық, ұлтшылдық үгіт жүргізіп, ауыл шаруашылығында жауыздық-зиянкестік әрекеттер жасағаны үшін тұтқынға алынып, қылмыстық іс қозғалған. НКВД жанындағы Ерекше мәжілістің 1945 жылғы 27 қазандағы үкімімен 5 жылға жер аударуға сотталған. Ол 1989 жылғы 2 қарашада ақталған.

ДОСЫМОВ Ыдырыс Көсемұлы Қызылорда ауданының № 11 ауылында 1919 жылы туған, білімі орта-

лау, партияда жок, қамауға алынғанға дейін Смоленск жаяу әскерлер училищесінің курсанты болған. Ол кеңес үкіметіне қарсы контрреволюциялық, жеңілістік үгіт жүргізіп, өртүрлі зиянкестік әрекеттер жасағаны үшін тұтқынға алынып, қылмыстық іс қозғалған. Батыс Әскери Округінің 1941 жылғы 6 шілдедегі үкімімен ең жоғары жаза — ату жазасына сотталған. Ол 1996 жылғы 22 қаңтарда ақталған.

ДҮЙСЕКОВ Өтеген № 13 ауылдық кеңесі “Жаңа-Дария” колхозында 1905 жылы туған, бай баласы, сауаты бар, партияда жок, колхозшы.



Оған тағылған айып: “Жаңа Дария” колхозында ұйымдасқан кеңес үкіметіне қарсы байлар тобына белсенді түрде қатысқан, осы топтың жасырын жиындарына бірнеше рет қатысып, онда “Жаңа Дария” колхозының активтеріне террорлық актілер жасау мәселелері талқыланған және колхозшылар арасында кеңес үкіметіне қарсы үгіт жүргізген”, — деп

Тереңөзек аудандық НКВД бөлімінің 1940 жылғы 21 наурыздағы қаулысымен тұтқынға алынып, РСФСР ҚК-ның 58 бабының 10, 11 тармақтарымен қылмыстық іс қозғалған.

Қызылорда облыстық НКВД Басқармасының тергеу бөлімшесінің 1941 жылғы 15 ақпандағы қаулысымен Дүйсеков Өтеген жөніндегі тергеу ісі оның қылмысы анықталмағандықтан мүлдем қысқартылып, айыпкер қамаудан босатылған.

Қызылорда облыстық прокурордың 1997 жылғы 8 тамыздағы қорытындысымен Дүйсеков Өтеген СССР Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1989 жылғы 16 қаңтардағы жарлығының негізінде толық ақталған.

Е

ЕЛЕМЕСОВ Нұрбай 1885 жылы Аламесек (Тереңөзек) ауданының № 5 ауылында туған, малшы.

Ол халық арасындағы өзінің беделін пайдаланып, Кеңес өкіметіне, колхоз құрылысына қарсы үгіт-насихат жұмыстарын жүргізген. Кедей шаруаларды колхоз мүшелігіне кірмей, Қармақшыдағы Ақмырза қарақшыларына қосылуға үгіттеген.

Осы қылмысы үшін Елемесов 29 қазан 1930 жылы тұтқынға алынып, 9 маусым 1931 жылы Қазақстан ОГПУ өкілетті өкілдігі жанындағы үштіктің РСФСР Қылмыс Кодексінің 58—10 бабымен айыпталған қаулысымен 5 жылға бас бостандығы еркінен айырып, концлагерге жіберуге соттаған.

20 қазан 1997 жылы Қазақстан Республикасының 14 сәуір 1993 жылғы “Жаппай саяси құғын-сүргіндер құрбандарын ақтау туралы” Заңына сөйкес Елемесов ақталған.

Себебі іс бойынша Елемесовтің кінәсі дәлелденбейді, өзі де мойындамайды, 2—3 куәның жауаптарынан басқа Елемесовтың қылмысын дәлелдейтін құжаттар жоқ. Елемесов ешқандай контрреволюциялық үгіт-насихат жұмысын жүргізбеген. Елемесов дәлелсіз, заңсыз сотталған.

ЕЛІКБАЕВ Қайырбек Қызылорда ауданының № 35 ауылында 1901 жылы туған, сауатты, бай баласы, “Жаңа Қоныс” колхозының төрағасы, Қызылорда аудандық ОГПУ бөлімінің 1932 жылғы 25 қыркүйектегі қаулысымен тұтқынға алынып, РСФСР ҚК-ның 58 бабының 10 тармағымен қылмыстық іс қозғалған. Оған колхозшылар арасында колхозды құлату, малын құрту мақсатында байлардан топ құрған, байларға колхоздың малын тартып берген, кеңес үкіметіне қарсы үгіт жүргізгені үшін айып тағылған. Қазақстандағы ОГПУ-дың өкілетті өкілдігі жанындағы үштіктің 1933 жылғы 9 наурыздағы қаулысымен ең жоғары жаза — ату жазасына сотталған, үкім 1933 жылғы 16 сәуірде Қызылорда қаласында орындалған.

1989 жылғы шілде айының қорытындысымен Елікбаев Қайырбектің өрекетінде қылмыстың белгісі болмағандықтан мүлдем ақталған.

ЕМБЕРГЕНОВ Абдрай Теренөзек ауданы, “Көкжиде” колхозында 1917 жылы туған, шала сауатты, үйленген, бұрын сотталмаған, 1939 жылы әскер қатарына алынған, 62 АП құрамында қатардағы жауынгер ретінде Отан соғысына қатысып, 1941 жылдың қазан айында жау тұтқынына түскен. 1943 жылдың қыркүйек айында “Түркістан легионына” кірген, одан кейін жұмысшы батальоны құрамында Францияға жіберілген, онда 1944 жылдың тамыз айына дейін бекініс құрылыстарында жұмыс істеп жүргенде одақтастар әскерлері тұтқынына түскен. Осы қылмысы үшін ол Түркістан Әскери Округі Әскери трибуналының 1950 жылғы 31 наурыздағы үкімімен 25 жылға, 5 жылға саяси құқын жоюға, өзіне тиісті мүлкін тәркілеуге сотталған.

Қазақстан Республикасы ГВП бөлімінің бас прокуроры Ю. Зазулиннің осы қылмысты іс бойынша шығарған қорытындысында Ембергенов А. жау тұтқынына қоршауда қалып қойғандықтан, жауға қарсы тұра алмағандықтан түскен. Ол тұтқында жүріп Қызыл Армияға, одақтастар әскерлеріне және партизандарға қарсы ұрыстарға қатыспаған, СССР-ға қарсы өрекеттермен айналыспаған, Ембергеновтің өрекетіндегі қылмыстық құрам формалды түрде ойдан шығарылған, сондықтан оның саяси қуғын-сүргінге түсуі негізсіз деп тапқан. Ембергенов Абдрай Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 14 сәуірдегі Заңының 5 бабының “А” пунктіннің негізінде толық ақталған.

ЕСЖАНОВ Хайрулла Қарсақбай ауданында 1903 жылы туған, білімі бастауыш, партияда жоқ, қамауға алынғанға дейін Теренөзек ауданында тұрған. Ол кеңес үкіметіне қарсы контрреволюциялық, террорлық, ұлтшылдық ұйымға белсене қатысып, колхозшылар арасында үгіт жүргізген, колхоз құрылысы, ауыл шаруашылығы саласында жүргізіліп жатқан шараларға қарсы жауыздық-зиянкестік өрекеттер жасаған, колхозшыларды колхоздан шығуға шақырған. Оған осындай айып тағылып, тұтқынға алы-

нып, қылмыстық іс қозғалған. ОГПУ өкілетті өкілдігі жанындағы үштіктің қаулысымен 1931 жылы 10 жылға бас бостандық еркінен айыруға сотталған. Ол 1995 жылғы 26 қыркүйекте ақталған.

Ж

ЖАБРАИЛОВ Мумадиди родился в 1904 году в селе Гатон-Кали, Шатойского района, Ч. И. АССР по национальности чеченец, беспартийный, неграмотный, спецпереселенец из Северного Кавказа, проживал в колхозе им. Карла Маркса, № 8 ауылсовета, Теренөзекского района, общественно-полезным трудом не занимался. Он обвиняется в том, что систематически вел антисоветскую агитацию, направленную на разложение трудовой дисциплины среди переселенцев-чеченцев в колхозе, распространял провокационные слухи о том, что в связи с окончанием войны спецпереселенцы будут отправлены на советский Кавказ, а поэтому работать не нужно, за что постановлением Теренөзекского РО НКВД от 14 июня 1945 года арестован и возбуждено уголовное дело по ст. 58—10 УК РСФСР. В процессе следствия он заболел, 22.06.1945 года госпитализирован в больницу, 24 июня 1945 года умер. Постановлением Теренөзекского РОНКВД от 25 июня 1945 года следственное дело М. Жабраилова производством прекращено. По заключению облпрокурора от 9 мая 1997 года Жабраилова Мумадиди на основании Указа Президиума Верховного Совета СССР от 16 января 1989 года реабилитирован.

ЖАЛМҰХАМЕДОВ Аймағамбет № 7 ауылында 1903 жылы туған, білімі орталау, партияда жоқ, қамауға алынғанға дейін осы ауданның Қызыл Ту колхозында тұрған, аудандық су шаруашылығының гидромері болып жұмыс істеген. Ол кеңес үкіметіне тіл тигізіп, контрреволюциялық сөздер айтқан және ауыл шаруашылығында зиянкестік өрекеттер жасағаны үшін тұтқынға алынып, қылмыстық іс қозғалған. НКВД жанындағы Ерекше мәжілістің 1949 жылғы 29 қазандағы үкімімен жер аударылған. Ол 1989 жылғы 22 мамырда ақталған.

ЖАМАНБАЕВ Дәулетияр № 23 ауылында 1921 жылы туған, сауатты, партияда жоқ, БЛКЖО мүшесі, “Бостандық Жол” колхозында хатшы болып жұмыс істеген. Совет Армиясынан қашып жүріп, қарақшылар тобына қатысқан, өзінің қызмет бабын пайдаланып, 1942 жылдың маусым айына дейін армиядан қашып жүріп қашақтарды жасырған, оларды мылтықпен қамтамасыз етіп, тығыз байланыс жасап отырғаны үшін айып тағылып, Қызылорда облыстық НКВД Басқармасы ОББ-ның 1943 жылғы 19 ақпандағы қаулысымен тұтқынға алынып, РСФСР ҚК-ның 17—58 бабының 1 “б” тармағымен қылмыстық іс қозғалған.

Қызылорда облыстық НКВД Басқармасы ОББ-ның 1943 жылғы 12 шілдедегі қаулысымен Жаманбаев Дәулетиярды айыптаған тергеу ісі сотқа беруге қылмыстың жеткіліксіздігінен өндірістен қысқартылып,

ол қамаудан босатылған. Қызылорда облпрокурордың 25 ақпан 1997 жылғы қорытындысымен Жаманбаев Дәулетияр СССР Жоғарғы Кеңесі Президиумының 16 қаңтар 1989 жылғы жарлығы негізінде толық ақталған.

ЖАМАНОВ Ахмет № 2 ауылында 1887 жылы туған, сауатсыз, партияда жоқ, қамауға алынғанға дейін осы ауданда тұрған, жұмысшы болған. Ол кеңес үкіметіне қарсы контрреволюциялық жеңілістік үгіт жүргізген, фашистік Германияның армиясы мен соғыс техникасын мақтап, Кеңес Армиясын жамандаған, әртүрлі зиянкестік әрекеттер жасағаны үшін тұтқынға алынып, қылмыстық іс қозғалған. Төшкен темір жолының әскери трибуналының 1943 жылғы 9 тамыздағы үкімімен 5 жылға бас бостандық еркінен айыруға сотталған. Ол 1990 жылғы 30 қаңтарда ақталған.

ЖАМАНОВ Қаратай Теренөзек ауданында 1902 жылы туған, білімі бастауыш, партияда жоқ, қамауға алынғанға дейін осы ауданның № 2 ауылында тұрған, малшы болған. Ол кеңес үкіметіне қарсы контрреволюциялық үгіт жүргізіп, колхоздастыру жұмысына қарсы шығып, дұшпандық әрекеттер жасағаны үшін тұтқынға алынып, қылмыстық іс қозғалған. ОГПУ өкілетті өкілдігі жанындағы үштіктің 1930 жылғы 21 қарашадағы қаулысымен 3 жылға бас бостандық еркінен айыруға сотталған. Ол 1989 жылғы 4 қыркүйекте ақталған.

ЖАНҒЫЗОВ Есмахан № 43 ауылында 1888 жылы туған, шала сауатты, партияда жоқ, қамауға алынғанға дейін Қармақшы ауданының “Қызыл Кедей” колхозында табельщик болып жұмыс істеген. Ол кеңес үкіметіне қарсы контрреволюциялық, ұлтшылдық үгіт жүргізіп, колхоз құрылысына, ауыл шаруашылығына дұшпандықпен зиянкестік әрекеттер жасағаны үшін тұтқынға алынып, қылмыстық іс қозғалған. Қазақстандағы ОГПУ өкілетті өкілдігі жанындағы үштіктің 1933 жылғы 29 маусымдағы қаулысымен 8 жылға бас бостандық еркінен айыруға сотталған. Ол 1989 жылғы 13 шілдеде ақталған.

ЖАНСЕЙІТОВ Әлжаппар № 3 ауылда 1917 жылы туған, кейін Теренөзек поселкесінде тұрған, негізі кедей шаруа, білімі бастауыш, партияда жоқ, “про-мартельде” машина жүргізуші болып жұмыс істеген, бұрын сотталмаған, үйленген, әйелі — Пәтима, қызы — Зинеп, інісі — Жансейітов Әбілда.

Жансейітов Әлжаппар әскер қатарына 1940 жылдың қазан айында Қырғыз ССР-ы, Ош облысы, Сүлік АӘК арқылы алынған. Батыс Белоруссияның “Старая дорога” қаласындағы автомобиль жүргізушілер дайындайтын мектебіне курсант болып алынған. Онда үш ай оқып



бітіріп, 128 мото-атқыштар полкінің карамағына жіберілген, онда авторотаның автомобиль жүргізушісі болған. Сол полкта Баранович облысының Слонинск ауданында соғыс басталғанша болған, осы

полктың құрамында немістерге қарсы соғысқа қатысып, 1941 жылдың шілдесінде Минск бағытындағы ұрыста немістердің тұтқынына түскен. Немістер жағында тұтқында жүріп, ол 1942 жылдың наурыз айында Польшаның Личиново деген жерінде неміс командованиясы арқылы сатқындардан құрылған “Түркістан легионына” Отанын сатып, өз еркімен кірген. Осы легионда жүріп: “Фашистік Германияға адал қызмет жасаймын”, — деп ант беріп, “Түркістан легионының” командирі капитан Ермектің жеке машина жүргізушісі болып қызмет жасаған, неміс армиясының “Унтер-офицер” шенін алған, қолына қару алып партизандарға қарсы бірнеше рет соғысқа қатысқан.

1944 жылдың қаңтар айынан 1945 жылдың мамыр айына дейін немістердің басып алған территориясында қорғаныс бекіністерін салуға қатысқан, ақырында кеңес әскерлерінің қолына түсіп, кеңес жағына қайтарылған. Фильтрациялық лагерде жүріп кеңес органдарынан өзінің сатқындық әрекеттерін жасырған.

Осы қылмыстары үшін Жансейітов Әлжаппар Қызылорда облыстық МГБ Басқармасының 1949 жылғы 21 сәуірдегі қаулысымен тұтқынға алынып, РСФСР ҚК-ның 58 бабының 1 “б” тармағымен қылмыстық іс қозғалған.

Тергеу ісі 1949 жылдың 13 маусымда аяқталып, айыптау қорытындысы сол жылғы 14 маусымда шығарылған.

Түркістан Әскери Округінің әскери трибуналының 1949 жылғы 24 шілдедегі үкімімен Жансейітов Әлжаппар СССР Жоғарғы Кеңесі Президиумының “Ату жазасын жою туралы” жарлығына сәйкес 25 жылға еңбек түзету лагеріне, 5 жылға саяси құқын жоюға, жеке мүлкін тәркілеуге сотталған.

СССР Жоғарғы Сотының Әскери коллегиясының 1949 жылғы 14 қыркүйектегі жарлығымен ТуркВО әскери трибуналының Жансейітов жөніндегі үкімін күшінде қалдырып, оның шағым арызы аяқсыз тасталған.

Қызылорда облыстық прокурордың көмекшісінің 1954 жылғы 17 желтоқсандағы қорытындысы бойынша және контрреволюциялық қылмыстары үшін сотталғандардың қылмысты ісін қайта қарау қаулысымен Жансейітов Әлжаппардың жаза мерзімін 7 жылға еңбек түзету лагеріне түсіру жөнінде шешім қабылдаған.

Қызылорда облыстық прокурордың аға көмекшісінің 1990 жылғы 31 қаңтардағы қорытындысы бойынша Түркістан Әскери Округінің әскери трибуналының үкімімен және СССР Жоғарғы Соты Әскери коллегиясының сотталушы Жансейітов Ә. жөніндегі ұйғаруында оның жасаған қылмысының ауырлығымен келісуді сұраған.

Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының бөлім бастығының 1996 жылғы 30 желтоқсандағы қорытындысымен Жансейітов Әлжаппар Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 14 сәуірдегі Заңының негізінде толық ақталған.

ЖАҢАБАТЫРОВ Оспан Қызылорда ауданының Теренөзек учаскесі, № 14 ауылында тұрған, (басқа өмірбаяны жоқ), бай-қулақ, ұры болған. Ол үнемі колхоздың экономикасын нашарлату мақсатында

колхоз малын ұрлап-сойып, ішіп-жеп қойған. 1932 жылы жасырын жүрген байлардан құрамында 25 аламы бар қаракшы-шайқа ұйымдастырып, Сырдария өзенінің бойындағы қалың қамыстың арасына тығылып, үйлерді, жолаушыларды тонайды, колхоздың малын, затын ұрлайды. Қызылорда ауданынан ұрланған малды басқа аудандарға апарып сатып, ол жақтан ұрлаған малды Қызылорда ауданына әкеліп сатумен айналысқан. Тек қана 1932 жылдың ішінде Қызылорда ауданынан 50 бас жұмыс малын ұрлаған. Сол үшін ол ОГПУ-дың Қызылорда қалалық-аудандық бөлімінің 1933 жылғы 13 қаңтардағы қаулысымен тұтқынға алынып, РСФСР ҚК-ның 166 бабының 2 бөлімімен, 58-бабының 3 тармағымен, 59 бабының 3 тармағымен қылмыстық іс қозғалған. ОГПУ-дың Қызылорда қалалық-аудандық бөлімінің 1933 жылғы 25 наурыздағы қаулысымен Жаңабатыров Оспаннұң сол жылғы 22 наурызда ОГПУ-дың Балалық-аудандық камерасында өкпе туберкулезі ауруынан қайтыс болуына байланысты оның қылмысты ісі тоқтатылып, архивке тапсырылған.

Қызылорда облыстық прокурордың 1997 жылғы 28 ақпандағы қорытындысымен Жаңабатыров Оспан Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 14 ақпандағы Заңының негізінде толық ақталған.

ЖАРҚЫНОВ Ахмет № 20 ауылында тұрған, шала сауатты, партияда жоқ, қамауға алынғанға дейін осы ауданда тұрған. Ол кеңес үкіметіне қарсы контрреволюциялық, ұлтшылдық үгіт жүргізіп, партия мен үкіметтің колхоз құрылысында, ауыл шаруашылығында жүргізіліп жатқан шараларына қарсы зиянкестік әрекеттер жасағаны үшін тұтқынға алынып, қылмыстық іс қозғалған. ОГПУ Өкілетті өкілдігі жанындағы үштіктің 1933 жылғы 29 маусымдағы қаулысымен 5 жылға бас бостандық еркінен айыруға сотталған. 1995 жылғы 1 желтоқсанда ақталған.

ЖАРЫСБАЕВ Оспан № 20 ауылында 1906 жылы туған, білімі бастауыш, партияда жоқ, қамауға алынғанға дейін осы ауылда тұрған, колхозшы. Ол кеңес үкіметіне қарсы контрреволюциялық, ұлтшылдық үгіт жүргізіп, партия мен үкіметтің колхоз құрылысында, ауыл шаруашылығында жүргізіліп жатқан шараларына қарсы зиянкестік әрекеттер жасағаны үшін тұтқынға алынып, қылмыстық іс қозғалған. ОГПУ Өкілетті өкілдігі жанындағы үштіктің 1933 жылғы 29 маусымдағы қаулысымен 3 жылға бас бостандық еркінен айыруға сотталған. Ол 1995 жылғы 1 желтоқсанда ақталған.

ЖҰМАҒҰЛОВА Әсия Аламесек селосында 1898 жылы туған, шала сауатты, партияда жоқ, қамауға алынғанға дейін осы ауданның № 8 ауылында тұрған, серіктестіктің жұмысшысы болған. Ол кеңес үкіметіне қарсы контрреволюциялық, ұлтшылдық үгіт жүргізіп, партия мен үкіметтің ауыл шаруашылығында жүргізіп жатқан шараларына қарсы наразылық білдіріп, зиянкестік жасағаны үшін тұтқынға алынып, қылмыстық іс қозғалған. РСФСР Жоғарғы соты Қазақ бөлімінің 1934 жылғы 28 маусымдағы үкімімен 5 жылға бас бостандық еркінен айыруға сотталған. Ол 1996 жылғы 28 ақпанда ақталған.

ЖҰМАНОВ Балхаш Аламесек ауылдық кеңесінде 1900 жылы туған, кейін Қызылорда қаласы, Пер-

шин көшесі № 1 үйде тұрған, негізі кедей шаруа, Төшкен қаласындағы САГУ-дың жанындағы рабфактың дайындау бөлімінде 2 жыл оқыған, 1930 жылдан БК(б)П мүшесі, осы іске байланысты партия қатарынан шығарылған, 1938 жылдың 15 ақпанына дейін Қызылорда аудандық ішкі сауда бөлімінің менгерушісі болып қызмет атқарған, бұрын сотталмаған, үйленген, әйелі — Пейішкул.

Жұманов Балхаш кеңес үкіметіне қарсы ұлтшылдық контрреволюциялық ұйымға белсенді түрде қатысқан, бұл ұйымға ол Қызылорда аудандық атқару комитетінің бұрынғы төрағасы Қошамбаев арқылы тартылған. Жұманов бұл ұйымға базар комитетінің бұрынғы бастығы Басановты, базар комитетінің бұрынғы ақша жинаушысы Нурманов Сәйдірді тартқан, оларға мынадай тапсырмалар берген:

- 1) Қалада саудагерлікті дамытуға жәрдем жасап, кеңес сауда дамыту ісінде бүлікшілік жұмыстар жүргізу;
- 2) Ұйымға жана адамдар тарту.

Жұманов аудандық ішкі сауда бөлімінің менгерушісі болып тұрғанда тұрғындарды азық-түлікпен, өндіріс тауарларымен қамтамасыз етуді бұзу мақсатында саудагершілікті дамытуға жәрдемдескен.

Осы қылмысы үшін Жұманов Балхаш — Қызылорда аудандық НКВД бөлімінің 1938 жылғы 2 наурыздағы қаулысымен тұтқынға алынып, РСФСР ҚК-ның 58 бабының 2, 7, 11 тармақтарымен қылмыстық іс қозғалған.

Тергеу ісі 1938 жылғы 9 сәуірінде аяқталып, айыптау қорытындысы сол жылғы 15 сәуірде шығарылған. Айыптау қорытындысы облыстық прокурордың 1938 жылғы 1 қыркүйектегі қорытындысымен және Қызылорда облыстық сотының арнайы коллегиясының дайындау мәжілісінің сол жылғы 23 қыркүйектегі қаулысымен бекітілген.

Қызылорда облыстық сотының 1938 жылғы 13 қазандағы үкімімен Жұманов Балхаш 15 жылға бас бостандық еркінен айыруға, 5 жылға сайлау-сайлану құқын жоюға, өзіне тиісті мүлкін тәркілеуге сотталған.


Қазақ ССР Жоғарғы сотының қылмысты істер қарайтын сот коллегиясының 1940 жылғы 24 қаңтардағы ұйғаруымен Қызылорда облыстық сотының үкімін бұзып, қылмыс белгісі анықталмағандықтан іс өндірістен қысқартылып, Б. Жұманов қамаудан босатылған.

Қызылорда облыстық НКВД Басқармасының тергеу бөлімінің 1940 жылғы 4 қазандағы қаулысы бойынша Қазақ ССР Жоғарғы соты коллегиясының ұйғаруымен келіскен. Жұманов айыптаған тергеу ісі қамауда отырған Жұманов босатылсын дегінген.

Жұманов Балхаш Свердлов қаласындағы Вятлагтан 1940 жылдың 5 қарашасында босатылған.

Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының бөлім бастығының 1996 жылғы 10 қаңтардағы қорытындысымен Жұманов Балхаш Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 14 сәуірдегі Заңының негізінде толық ақталған.

ЖҮСІПОВ Әбдірахман Теренөзек ауданында туған, (туған жылы көрсетілмеген), шала сауатты, бұрын сотталмаған, 1942 жылдың маусым айында Теренөзек АӘК арқылы әскерге алынып, 342 АП құра-



мында қатардағы жауынгер ретінде Отан соғысына қатысқан, 1943 жылдың 10 ақпанында қорқақтық жасап, ұрыс даласынан қашқан. Осы қылмысы үшін Жүсіпов Ә. 63 ГАД НКВД-ның Ерекше Бөлімінің 1943 жығы 11 ақпандағы қаулысымен ең жоғары жаза — ату жазасына кесілген.

Қазақстан Республикасы Бас Әскери прокурордың аға көмекшісі, юстиция полковнигі А. Б. Шегировтың осы қылмысты іс

жөнінде шығарған қорытындысы бойынша Жүсіпов Әбдірахман сот органысыз НКВД Ерекше Бөлімінің қаулысымен ең жоғары қылмыстық жазаға ұшыраған, сондықтан ол толық ақталуға жатады делінген. Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 14 сәуірдегі Заңының 5 бабы, “Г” пунктiнiң негiзiнде Жүсіпов Әбдірахман 1998 жылғы 29 маусымда толық ақталған.

И

ИСАЕВ Аманбек № 1 Қараөзек ауылында 1897 жылы туған, бай баласы, білімі орта, 1919 жылдан БК(б)П мүшесі, бұрын 1 Май колхозының төрағасы, кейін Тереңөзек аудандық жер бөлімінің бастығы болып қызмет атқарған. 1927 жылы кооперация ісі жөнінде 1 жылға сотталған. Оған кеңес үкіметіне қарсы ұлтшылдық ұйымға қатысып, осы ұйымға 4 адамды үгіттеп тартқан, оларға колхоз фермасында жауыздық жұмыстар жүргізу, малдарды күтуге қарамау, уақытылы жем-шөбін, суын бермеу, егіс даласын уақытылы суармау туралы тапсырма берген, өзі де контрреволюциялық, жауыздық жұмыстар жүргізгені үшін айып тағылып, Қызылорда облыстық НКВД Басқармасы 4 бөлімінің 1938 жылғы 18 шілдедегі қаулысымен тұтқынға алынып, РСФСР ҚК-ның 58 бабының 2, 8, 11 тармақтарымен қылмыстық іс қозғалған. Қызылорда облыстық сотының 1938 жылғы 9 қазандағы үкімімен Исаев Аманбек 20 жылға бас бостандығынан айыруға, 5 жылға саяси құқын жоюға сотталған.

Қазақ ССР Жоғарғы сотының қылмысты істер қарайтын сот коллегиясының 1940 жылғы 9 маусымдағы ұйғаруы бойынша Қызылорда облыстық сотының 9.10.1938 жылғы үкімі бұзылып, өндірістен тоқтатылған, істі алдын-ала тергеу арқылы қайта қарауға қайтарылған. Исаев Аманбектен тіл-хат алып, қамаудан босатылсын делінген.

Сырдария аудандық НКВД бөлімінің 1940 жылғы 31 қазандағы қаулысымен Исаев Аманбекті айыптаған тергеу ісі өндірістен тоқтатылып, қамаудан босатылған, тергеу ісі осы қаулымен Қызылорда облыстық

НКВД Басқармасының тергеу бөлімшесіне жіберілген.


Қызылорда облыстық НКВД Басқармасы тергеу бөлімшесінің 1940 жылғы 4 қарашадағы қаулысымен Қазақ ССР Жоғарғы Сотының 1940 жылғы 9 мамырдағы ұйғаруымен және Сырдария аудандық НКВД бөлімінің 30.10.1940 жылғы қаулысымен келіскен, А. Исаевтың қылмыстық ісі тоқтатылып, қамаудан босатылған.

Қызылорда облыстық прокурордың 1997 жылғы 4 мамырдағы қорытындысымен А. Исаев СССР Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1989 жылғы 16 қаңтардағы жарлығы негізінде толық ақталған.


ИСЕНЕТОВ Раушанбек № 20 ауылында 1896 жылы туған, білімі бастауыш, партияда жоқ, қамауға алынғанға дейін осы ауданда тұрған. Ол кеңес үкіметіне қарсы контрреволюциялық, ұлтшылдық үгіт жүргізіп, патша үкіметі тұсындағы өмірді көкөсп, партия мен үкіметтің ауыл шаруашылығында жүргізіп жатқан шараларына қарсы зиянкестік әрекеттер жасағаны үшін тұтқынға алынып, қылмыстық іс қозғалған. ОГПУ өкілетті өкілдігі жанындағы үштіктің 1933 жылғы 29 маусымдағы қаулысымен 10 жылға бас бостандық еркінен айыруға сотталған. Ол 1995 жылғы 1 желтоқсанда ақталған.

К

КАМАЛОВ Темір Қараөзек станциясы территориясында 1898 жылы туған, 1919 жылдан БК(б)П



мүшесі, 1919—1922 жылдары Перовскіде уездік халық ағарту бөлімінің хатшысы, уездік атқару комитетінің хатшысы, 1925—1926 жылдары юстиция халық комиссариаты өкімшілік басқармасының бастығы, 1926—1927 жылдары Қазақстан Орталық Атқару комитеті ревизиялық комиссиясының төрағасы, 1928—1929 жылдары Орталық Атқару комитеті төрағасының орынбасары, 1929—1931 жылдары халық бақылау тексеру комитетінің төрағасы, 1932—1934 жылдары Ақтөбе облыстық партия комитеті партиялық бақылау комитетінің хатшысы, 1935—1936 жылдары Оңтүстік Қазақстан партия комитеті партколлегиясының мүшесі қызметтерін атқарған. 1937 жылғы 14 тамызда “халық жауы” атанып, қамауға аларда Қостанай облыстық партия комитетінің советтік сауда бөлімінің меңгерушісі болып істеген. КСРО Жоғарғы соты әскери коллегиясының Алматы қаласындағы 1938 жылғы 28 ақпандағы үкімімен Т. Камалов Алматы қаласында 40 адамның бірі болып атылған.



СОВЕТСКОМУ И СОВЕТСКИМ ВОЕННЫМ ТОВАРИЩАМ
СОВЕТСКОМУ ВОЕННОМУ ТОВАРИЩУ

Курметті Қ. Кәрібөзов қызыл армиядағы
Азаматтық қызметіне

Қызыл Армиядағы
Қызыл Армиядағы
Қызыл Армиядағы

Курметті Қ. Кәрібөзов қызыл армиядағы
Азаматтық қызметіне

Қызыл Армиядағы
Қызыл Армиядағы
Қызыл Армиядағы

Қызыл Армиядағы
Қызыл Армиядағы
Қызыл Армиядағы

Қызыл Армиядағы
Қызыл Армиядағы
Қызыл Армиядағы

Қызыл Армиядағы
Қызыл Армиядағы
Қызыл Армиядағы

Қызыл Армиядағы
Қызыл Армиядағы
Қызыл Армиядағы

Қызыл Армиядағы
Қызыл Армиядағы
Қызыл Армиядағы

СССР Жоғарғы соты әскери коллегиясының 1958 жылғы 20 наурыздағы шешімімен әскери коллегияның 1938 жылғы 28 ақпандағы Камалов Темір жөніндегі үкімі бұзылып, оның әрекетінде қылмыстық белгі болмауы себепті толық ақталған.

КАН Ир-Хван родился в 1909 году в Китае, гражданин СССР, образование среднее, член ВКП(б), до ареста проживал на станции Теренозек, работал промартеле "Жизнь Казахстана". Он обвиняется в том, что являлся участником контрреволюционной, троцкистско-бухаринской, террористической организации, агентом японской разведорганов, активно проводил антисоветскую, провокаторскую агитацию среди корейского населения и шпионско-диверсионную, подрывно-вредительскую деятельность, за что арестован и привлечен к уголовной ответственности. Постановлением тройки при УНКВД по Кызылординской области от 9 сентября 1938 года осужден к высшей мере наказания — расстрелу. Он реабилитирован 22 мая 1989 года.

КӨРІБӨЗОВ Ермагамбет № 3 ауыл, Қараөзек стансасында 1914 жылы туған, әлеуметтік негізі кедей

шаруа, білімі арнаулы орта, бұрын БК(б)П мүшелігіне кандидат болған, партия қатарынан шығарылған, мамандығы мұғалім, Қараөзек жындығарна колониясы жанындағы республикалық арнаулы балалар үйінде тәрбиеші және бухгалтер болып жұмыс істеген, қамауға алынғанға дейін Теренөзек ауданының XVII партсъезд атындағы колхозда тұрған, бұрын сотты болмаған, үйленген, әйелі — Күлзада, баласы — Бегалы.

Кәрібөзов Ермагамбет 1931 жылы Қызылорда қаласындағы Мұратбаев атындағы орталау мектепті бітірген, одан кейін кешкі мектепті оқып бітірген. 1935 жылы Сұлутөбе поселкесінде бастауыш мектепте мұғалім болып жұмыс істеген. 1938 жылы Қызылорда педучилищесін сырттай оқып бітірген. Осы жылы Қызылорда стансасындағы "Большевиктік жол" газетінің редакциясында 1940 жылға дейін жұмыс істеген. 1941 жылдан 1942 жылға дейін, (әскерге шақырылғанға дейін) 18 партсъезд атындағы колхозда Крупская атындағы орталау мектепте мұғалім болып жұмыс істеген.

Кәрібөзов Кеңес Үкіметіне қарсы пиғылда болып келген, бірнеше жыл бойы кеңес үкіметіне қарсы

мазмұнда үнемі қолы қойылмаған, аты-жөні жоқ (аноним) хаттар жазып келген, онда коммунистік партия мен кеңес үкіметінің жүргізіп жатқан шараларына өзінің қарсы екенін айтып, кеңес үкіметінің саясатына жала жауып, қаралаған. Мәселен, 1940 жылы осындай хатты Қызылорда облыстық партия комитетіне, СССР Темір жол наркомының (Л. М. Каганович) атына және 1947 жылы СССР МВД-ның, Мәскеу қаласының ВКП(б) қалалық комитетінің атына жазған. Көрбөзовтың бұл хаттары 1940 жылғы 27 сәуірдегі № 402 және 1948 жылғы 28 маусымдағы № 234 экспертизаның актісі арқылы анықталған. 1942 жылдың маусым айында Теренөзек АӘК арқылы әскер қатарына алынған. Уфа қаласының маңындағы Алкино стансасына келіп, 97 АП-ның миномет ротасының құрамына тіркелген. Сол жылғы шілде айында майданда Орлов бағытына жіберіліп, 78 АП құрамында соғысқа қатысқан. Майданның бұл бағытында 1942 жылдың 24 қарашасына дейін болған, 25 қарашада Орлов қаласының ауданында Отандық қорғағысы келмей, қарсылық көрсетпей сатқындықпен немістердің тұтқынына түскен, онда соғыс біткенше болған. Ең әуелі Николаев қаласындағы әскери тұтқындар лагерінде 1943 жылдың қаңтар айына дейін болған. Одан Венгрияның Мунхаш, Черный қалаларына, одан Австрияның Брук қаласына айдалған. 1945 жылдың қаңтар айында Германияның Меменген қаласындағы әскери тұтқындар лагеріне айдалған. 1945 жылғы 25 сәуірде американдық әскерлері арқылы басқа тұтқындармен бірге босанып, кеңес Үкіметі командованиясының қарауына берілген, филтрациялық тексеруден өткен.

Жоғарыда көрсетілген қылмыстары үшін Көрбөзов Ермағамбет Қызылорда облыстық МГБ Басқармасының 1948 жылғы 25 қыркүйектегі қаулысымен тұтқынға алынып, РСФСР ҚК-ның 58 бабының 10 тармағы, 1 бөлімімен қылмыстық іс қозғалған.

Тергеу ісі 1948 жылдың 18 қарашасында аяқталып, айыптау қорытындысы сол күні шығарылған. Оны Қызылорда облыстық прокуроры 30 қарашада және Қызылорда облыстық сотының қылмысты істер қарайтын сот коллегиясының дайындау мәжілісінің 4 желтоқсандағы ұйғаруымен бекіткен.

Қызылорда облыстық сотының қылмысты істер қарайтын сот коллегиясының 1948 жылғы 7 желтоқсандағы үкімімен Көрбөзов Ермағамбет 8 жылға бас бостандық еркінен айырып, еңбек түзету лагеріне, 5 жылға сайлау-сайлану құқын жоюға сотталған.

Қазақ ССР Жоғарғы сотының қылмысты істер қарайтын сот коллегиясының 1949 жылғы 10 қаңтардағы ұйғаруымен Қызылорда облыстық сотының 1949 жылғы 7 желтоқсандағы үкімі күшінде қалдырылған, сотталушының шағым арызы нәтижесіз тасталған.

Қазақ ССР прокуроры бірінші орынбасарының Көрбөзовтың ісі бойынша бақылау ретінде Қазақ ССР Жоғарғы сотының Президиумына жолдаған наразлығында (1990 жылғы 24 тамыз) Қызылорда облыстық сотының 1948 жылғы 7 желтоқсандағы үкімін және Қазақ ССР Жоғарғы сотының қылмысты істер қарайтын сот коллегиясының 1949 жылғы 10 қаңтардағы Көрбөзов Ермағамбет жөніндегі ұйғаруын бұзуды, оның әрекетінде қылмыс белгісі болмағандықтан істі мүлдем қысқартуды сұраған.

Қызылорда облыстық прокурордың қорытындысымен Көрбөзов Ермағамбет СССР Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1989 жылғы 16 қаңтардағы жарлығының негізінде толық ақталған.

КЕНШІМОВ Ермахан Аламуханұлы 1886 жылы туған, сауатсыз, партияда жоқ, бұрын сотты болған, қамауға алынғанға дейін осы ауылда тұрған. Ол кеңес үкіметіне жат пікірде болып, тұрғындар арасында контрреволюциялық, провокаторлық үгіт жүргізген, патша үкіметі тұсындағы діни салт-дәстүрлерді мадақтап, партия мен кеңес үкіметінің адресіне тіл тигізіп, жаман сөздер айтқан, ауыл шаруашылығында өртүрлі зиянкестік-бүлдірушілік әрекеттер жасағаны үшін тұтқынға алынып, қылмыстық іс қозғалған. Оңтүстік Қазақстан облыстық НКВД Басқармасы жанындағы үштіктің 1937 жылғы 15 қыркүйектегі қаулысымен ең жоғары жаза — ату жазасына сотталған. Ол 1989 жылғы 4 тамызда ақталған.

КЕҢЕСОВ Бекқұл № 23 ауылдық кеңесі Сталин атындағы колхозда 1883 жылы туған, бай болған, сауатсыз, партияда жоқ, 1932 жылы мал-мүлкі тәркіленіп, өзі 8 жылға сотталған, айып мерзімін өтемей қашып кеткен. Айыптау қорытындысы бойынша ол 1932 жылғы 28 шілде күні астық дайындау науқаны кезінде № 41 ауылдың “Бостандық жол” колхозының 58 колхозшысы 58 бау бидайды өзара келісіп, Кеңесов Бекқұлдың басшылығымен бөлісіп алып кеткен, қырман қарауылын астық ұрлап өкелуге жұмсаған, “Қалайда болса бидай аламыз, ашпыз”, — деп үгіт жүргізген. Колхозшылар арасында тұрып: “Нағыз кедейсіндер, үкімет сендерге ешнәрсе қылмайды, ұрлап ала беріңдер”, деп оларды азғырған. Сөйтіп жүргізіліп жатқан саяси маңызы бар науқанға кесіріп тигізіп, соның салдарынан үкіметке астық тапсыру жоспары орындалмай қалғаны үшін айып тағылған.

Қызылорда ауданы 4-бөлім халық сотының 1932 жылғы қыркүйек айының 6—7 күнгі үкімімен айыпкер Кеңесов Бекқұл 5 жылға сотталған. Оңтүстік Қазақстан облыстық сотының 1933 жылғы 20 мамырдағы ұйғаруымен сот үкімі күшінде қалдырылған.

Кеңес үкіметіне қарсы жүргізген қызметі жайлы түскен материалдар негізінде Теренөзек аудандық НКВД бөлімінің 1941 жылғы 2 желтоқсандағы қаулысымен Б. Кеңесов тұтқынға алынып, РСФСР ҚК-ның 58 бабының 10 тармағымен қылмыстық іс қозғалған. Ол 1939 жылдан Сталин атындағы колхозда колхозшылар арасында: “Ком. партия мен кеңес үкіметі жеңіледі”, — деп лақап таратқаны үшін айып тағылған. Теренөзек аудандық НКВД бөлімінің 1992 жылғы 27 ақпандағы қаулысымен Б. Кеңесовті айыптау тергеуі тоқтатылып, қамаудан босатылған.

Қызылорда облыстық прокурордың 1997 жылғы 30 сәуірдегі қорытындысымен Б. Кеңесов СССР Жоғарғы Кеңес Президиумының 1989 жылғы 16 қаңтардағы жарлығы негізінде толық ақталған.

КИМ Е-СУ родился в 1908 году в Корее, образованное среднее, чл. ВКП(б), работал парикмахером на ст. Теренөзек, 1926 году в сопровождении японского шпиона нелегально перешел границу СССР из Китая. Проживая в Советском Союзе, ДВК, имел

связь с сотрудником японского консульства, от которого получил денег в сумме 300 иен с целью открытия нелегального перехода границы СССР, подделал документы, по которым приобрел советский паспорт, после чего обманным путем пробрался в ряды ВКП(б). В 1935 году исключен из партии и выслан в Казахстан как социально-опасный элемент. Постановлением 3-отд. УНКВД Кызылординской области от 8 июня 1938 года он арестован и привлечен к уголовной ответственности по ст. 58—6 УК РСФСР. Постановлением тройки при УНКВД по Кызылординской области от 29 сентября 1938 года он осужден на 10 лет в ИТЛ. Постановлением зам. нач. УНКВД по Кызылординской области от 21 мая 1939 года по обвинению Ким Е-Су прекращено. По заключению прокурора Кызылординской области от 24 апреля 1997 года Ким Е-Су на основании Указа Президиума Верховного Совета СССР от 16 января 1989 года реабилитирован.

КЛИППЕНШТЕЙН Яков Генрихович родился в 1912 году в Кичкесском районе, Чкаловской области, образование неполное среднее, беспартийный, до ареста проживал в пос. Теренозек, работал старшим бухгалтером райпотребсоюза. Он обвиняется в том, что являлся участником контрреволюционной, троцкистско-бухаринской, террористической организации, по заданию которой активно проводил антисоветскую, провокационную агитацию пораженческого характера и шпионско-диверсионную, подрывно-вредительскую деятельность, за что арестован и привлечен к уголовной ответственности. Приговором Кызылординского областного суда от 14 сентября 1942 года осужден на 10 лет лишения свободы. Он реабилитирован 19 апреля 1990 года.

КОН Сан-Сер родился в 1907 году в Корее, гражданин СССР, образование начальное, беспартийный, до ареста проживал в Теренозекском районе, работал плотником. Он обвиняется в том, что систематически и активно проводил среди корейского населения антисоветскую, контрреволюционную агитацию и шпионско-вредительскую работу, за что арестован и привлечен к уголовной ответственности. Приговором Кызылординского областного суда от 15 сентября 1947 года осужден на 7 лет лишения свободы. Он реабилитирован 14 марта 1990 года.

КОБЕНОВ Жуманәли Теренозек ауданында 1905 жылы туған, білімі бастауыш, партияда жоқ, қамауға алынғанға дейін осы ауданның Қараөзек стансасында тұрған, темір жол бойында жол барлаушы болып жұмыс істеген. Ол кеңес үкіметіне қарсы контрреволюциялық, провокаторлық үгіт жүргізіп, темір жол бойында зиянкестік, бүлдірушілік әрекеттер жасағаны үшін тұтқынға алынып, қылмыстық іс қозғалған. НКВД жанындағы Ерекше мәжілістің 1944 жылғы 2 қыркүйектегі үкімімен 5 жылға бас бостандық еркінен айыруға сотталған. Ол 1989 жылғы 7 тамызда ақталған.

КӨКІЕВ Бекберген № 1 Кызылөзек ауылдық кеңесінде 1878 жылы туған, әлеуметтік негізі — орта шаруа, сауатсыз, партияда жоқ, жұмыс істемеген, бұрын сотталған, үйленген, әйелі — Қандыгүл, балалары Даужан, Манап, Еркінай, Ілияс, Құлара, қамауға алынғанға дейін, Кызылорда қаласы Қазақ көшесі, № 19 үйде тұрған.

Көкжиев 1920 жылдың 23 мамырынан 19 қарашасына дейін қару-жарақ сатқаны үшін Турческа арқылы тұтқынға алынған, 1932 жылы РСФСР ҚК-ның 61 бабының 111 бөлімімен сотталған. 1933 жылы Қызылорда халық соты арқылы РСФСР ҚК-ның 117 бабымен 3 жылға сотталған. 1936 жылы Қызылорда халық соты арқылы РСФСР ҚК-ның 162 бабымен бір жылға сотталған.

Кеңес құрылысына жауыздық пиғылда болған Көкжиев Отан соғысы кезеңдерінде өзінің айналасындағыларға Германиямен соғыста Кеңес Одағы жеңіледі деп үгіт жүргізіп келген, кеңес үкіметіне қарсы провокациялық пікірлер таратып, оның жүргізіп жатқан шараларына қарсы шығып, жала жапқан. 1942 жылдың тамыз айында Көкжиев өзінің үйінде Рахметова Ділдах (БК(б)П мүшесі), Шамаев Базпа және Шамаева Ақтайдың қатысуында Германия Кеңес Одағын жеңеді деп жеңілістік лақаптар таратып, Рахметова Ділдахты БК(б)П қатарынан шығуға көндірген. 1942 жылдың желтоқсан айында танк колоннасын салуға қаржы жинау саяси наұқанын жүргізіп жатқанда Көкжиев өзінің үйінде Мінайдаров Есіркеп және Рахметова Ділдахтың қатысуында бұл шараларды теріске айналдырған. Еліміздің қорғанысына ірі қаражат жинаған тәуір патриоттарды кемітіп, жеңілістік пікірлер айтқан. Ол колхозшылардың материалдық тұрмысына провокациялық лақаптар таратқан. 1943 жылдың наурыз — тамыз айларында Көкжиев Рахметованың, Шамаевтың және Шамаеваның қатысуымен Кеңес Одағы мен Англияның арасындағы өзара көмек туралы жасалған келісімге провокациялық пікірлер таратқан. 1943 жылдың қыркүйек айында Көкжиев дінге сенушілер арасында Кеңестер Одағының дін жөніндегі шаралары Англия мен Американың нұсқауымен жүргізілуде деп провокациялық өңгімелер айтқан. Кызылорда қаласының дінге сенуші мұсылмандардың Орталық дін Басқармасының үндеуін талқылаған кезде Қызыл Армияға көмек ретінде қаржы жинауға келіскен. Жиналған қаржыны Часбанкіге салуға ұйғарылған, Көкжиев жинаған ақшадан 5000 сомды өзі пайдаланып кеткен. 1944 жылдың наурыз айында Қызыл Армияның жаңа формасы (погон тағу) шыққан кезде Көкжиев өзінің таныстарына бұл СССР-дағы өкіметтік құрылыстың өзгеруінің белгісі деп контрреволюциялық сөздер айтқан.

Осы қылмысы үшін Көкжиев Бекберген Кызылорда облыстық НКГБ Басқармасының 1945 жылғы 12 наурыздағы қаулысымен тұтқынға алынып, РСФСР ҚК-ның 58 бабының 10 тармағы, 11 бөлімімен қылмыстық іс қозғалған.

Тергеу ісі 1945 жылдың 10 мамырында аяқталып, айыптау қорығандысы 12 мамырда шығарылған, ол Кызылорда облыстық сотының қылмысты істер қарайтын сот коллегиясының дайындау мәжілісінің 1945 жылғы 23 мамырдағы қаулысымен бекітілген. Кызылорда облыстық сотының қылмысты істер қарайтын сот коллегиясының 1945 жылғы 29—30 мамырдағы үкімімен Көкжиев Бекберген 6 жылға бас бостандық еркінен айыруға, 2 жылға сайлау-сайлану құқын жоюға, өзіне тиісті мүлкін тәркілеуге сотталған.

Қазақ ССР Жоғарғы сотының қылмысты істер қарайтын сот коллегиясының 1945 жылғы 26 маусымдағы

ұйғаруымен Қызылорда облыстық сотының 1945 жылғы 29—30 мамырдағы Көкжиев жөніндегі үкімін бұзып, істі сот тергеуімен қайта қарау үшін басқа құрамда сол соттың өзіне жіберген.

Қызылорда облыстық сотының қылмысты істер қарайтын сот коллегиясының 1945 жылғы 24—26 қыркүйектегі үкімімен айыпкер Көкжиев Бекберген 6 жылға бас бостандық еркінен айыруға қамауға алынған, 3 жылға сайлау-сайлану құқын жоюға, өзіне тиісті мал-мүлкін тәркілеуге сотталған.

Қазақ ССР Жоғарғы Сотының қылмысты істер қаарйтын сот коллегиясының 1945 жылғы 30 қарашалағы ұйғаруымен Қызылорда облыстық сотының 1945 жылғы 30 қарашадағы үкімін бұзып, Көкжиев Бекберген жөнінде оның әрекетінде қылмыс белгісі анықталмағандықтан ісі мүлдем қысқартылған. Қазақ ССР прокуроры орынбасарының наразылығы қанағаттандырылған.

Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының бөлім бастығының 1995 жылғы 10 қыркүйектегі қорытындысымен Көкжиев Бекберген Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 14 сәуірдегі Заңының негізінде толық ақталған.

КРУПСКИЙ Амфион Карлович родился в 1903 году в селе Киверцы, Волынской области, образование начальное, беспартийный, до ареста проживал в Терезовском районе. Он обвиняется в том, что являлся участником контрреволюционной, троцкистско-бухаринской, террористической организаций, активно проводил шпионско-диверсионную и подрывно-вредительскую деятельность, антисоветскую провокаторскую агитацию, за что арестован и привлечен к уголовной ответственности. Приговором Кызылординского областного суда от 2 апреля 1953 года осужден на 10 лет лишения свободы. Он реабилитирован 6 января 1996 года.

Қ

ҚАНАТБАЕВ Назымбай № 11 ауыл, “Комсомол” колхозында 1888 жылы туған, байдың баласы, шала сауатты, 1927 БК(б)П мүшесі, 1929 жылы байдың баласы болғандықтан партия қатарынан шығарылған, № 11 ауылдық кеңесінің төрағасы болған, бұрын сотталмаған, үйленген, әйелі — Мерует, баласы — Ахмет.

Қанатбаев Назымбай байдың баласы ретінде кеңес үкіметіне жат ғығылда болып, колхозшылар арасында үнемі жеңіліс сипатында контрреволюциялық үгіт таратып келген, неміс фашистерінің армиясын, оның техникасы мен күшін мақтап, большевиктер партиясы мен кеңес үкіметінің адресіне жала жауып: “Германиямен соғыста Кеңес Одағы жеңіледі”, — деп сөз айтқан. “Кеңес үкіметі халықты қандай жағдайға душар етті, енді шалдарды армияға алып, кілен әйелдер қалды, бұл қазақ халқына келген зобалаң. Кеңес өкіметі халықты құртып болды”, — деген. Сонымен қатар Орал өзенінде темір жол көпірін су алып кетуіне байланысты кеңес үкіметіне қарсы

провокациялық жеңіліс сипаттағы лақаптар таратқан. “Большевиктердің күні бітті, енді ешқайда бара алмайды, Орал өзенінде көпірді су басқан жоқ, немістер Мәскеуді қоршап, көпірді бұзған солар” деген. Кеңес баспасөзінің адресіне жала жауып, Қанатбаев кеңес үкіметіне қарсы мынадай пікір айтқан:

“...газеттерде Қызылордаға бізде адамдардың резерві өлі көп, — деп жазады, ал шындығына келгенде бұл резервте бірыңғай әйелдер ғана қалды, бұл әшейін көзбояушылық, халықты өлімге жіберуде...” — деген. Осы қылмысы үшін Қанатбаев Назымбай Қызылорда облыстық НКВД Басқармасы СПО-ның 1942 жылғы 30 маусымдағы қаулысымен тұтқынға алынып, РСФСР ҚК-ның 58 бабының 10 тармағының 11-бөлімімен қылмыстық іс қозғалған.

Тергеу ісі сол жылғы 17 шілдеде аяқталып, айыптау қорытындысы 22 шілдеде шығарылған. Іс Қызылорда облыстық сотының қарауына берілген.

Қызылорда облыстық сотының 1942 жылғы 8 тамыздағы үкімімен Қанатбаев Назымбай 10 жылға бас бостандық еркінен айыруға, жазасын өтегеннен кейін 5 жылға сайлану-сайлану құқын жоюға, бір сиырын және ұсталған 500 сом ақшасын мемлекет пайдасына тәркілеуге сотталған.

Қазақ ССР Жоғарғы сотының қылмысты істер қарайтын сот коллегиясының 1942 жылғы 10 қыркүйектегі ұйғаруымен Қызылорда облыстық сотының 1942 жылғы 8 тамыздағы үкімін күшінде қалдырып, сотталушы Қанатбаевтың шағым-арызын аяқсыз тастаған.

Қазақ ССР Жоғарғы сотының Президиумының 1989 жылғы 21 сәуірдегі қаулысымен Н. Қанатбаев жөніндегі Қызылорда облыстық соты қылмыстық істер қарайтын сот коллегиясының 1942 жылғы 10 қыркүйектегі ұйғаруын бұзып, оның әрекетінде қылмыс сипаты болмағандықтан іс қысқартылған.

Қазақ ССР прокуроры орынбасарының наразылығы қанағаттандырылған.

ҚАРЛЫБАЕВА Зәхия Рысмаханқызы Аламесек ауылы, “Бостандық” колхозында 1903 жылы туған, кедей-шаруаның отбасынан шыққан, шала сауатты, 1932 жылдан 1937 жылға дейін БК(б)П мүшесі, осы іске байланысты партия қатарынан шығарылған, үй шаруасында, бұрын сотты болмаған, күйеуі Қарлыбаев Абдрай 1937 жылдың 20 ақпанында СССР Жоғарғы сотының өскери коллегиясының көшпелі сессиясы арқылы “халық жауы” ретінде ең жоғары жаза — ату жазасына сотталған, баласы — Әмір Қарлыбаев, сіңлісі — Мырзағұл.

Қарлыбаева Зәхия Рысмаханқызы Оңтүстік Қазақстан облысы, Келес аудандық НКВД бөлімінің 1938 жылғы 13 наурыздағы қаулысымен тұтқынға алынған, тергеу ісін сол жерде жүргізген, тергеу барысында оған бар болғаны 4-ақ сурақ қойылған, барлығына да кері жауап берілген. Оған тағылған айып: “Ол күйеуінің кеңес үкіметіне қарсы контрреволюциялық ұлтшылдық әрекеттерін біле тұра тергеу органынан жасырған”, деп РСФСР ҚК-ның 17—58—2, 8, 9, 11 тармақтарымен қылмысқа таратылған. Тергеу ісі 30 сәуірде аяқталып, сол күні айыптау қорытындысы шығарылған.

Қазақ ССР НКВД УГБ-ның 4 бөлімінің 1938 жылғы 31 мамырдағы қорытындысымен Қарлыбаева

Рзахияны айыптаған тергеу ісі СССР НКВД-ның Ерекше Мәжілісінің қарауына жіберілген. СССР НКВД-ның жанындағы Ерекше Мәжілісінің 1938 жылғы 21 шілдедегі қаулысымен Қарлыбаева Рзахия — “халық жауы” семьясының мүшесі ретінде 5 жылға еңбек түзету лагеріне сотталған. Қарлыбаева Рзахия 1938 жылдың 9 тамызында Ақмола ИТЛ-на айдалған.

Қызылорда облыстық прокуроры орынбасарының 1990 жылғы 30 қазандағы қорытындысымен Қарлыбаева Рзахия Рысмаханқызы СССР Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1989 жылғы 16 қаңтардағы жарлығының негізінде толық ақталған.

ҚАНАТБАЕВ Рақымбай Теренөзек ауданында 1888 жылы туған, сауатсыз, партияда жок, қамауға алынғанға дейін осы ауданның “Комсомол” колхозында тұрған, колхозшы болған. Ол кеңес үкіметіне қарсы контрреволюциялық провокациялық, ұлтшылдық, діни үгіттер жүргізген. “Кеңес үкіметі фашистік Германиядан жеңіледі, өйткені Германияның соғыс техникасы біздікінен әлдеқайда күшті, соғыс заемына жазылмандар”, — деп лақап таратқан. Осы қылмысы үшін ол тұтқынға алынып, қылмыстық іс қозғалған. Қызылорда облыстық сотының 1942 жылғы 8 тамыздағы үкімімен 10 жылға бас бостандық еркінен айыруға сотталған. Ол 1989 жылғы 21 сәуірде ақталған.

ҚАШҚЫНБАЕВ Балқыбек Теренөзек ауданының территориясында 1902 жылы туған, руы — қарақойлы, әкесі шаруа болған, Балқыбек інісі Байқадам екеуі еке-шешесінен жастай жетім қалып, байларға жалшы болып жұмыс істеген. Кейін бұлар Жамбыл облысының Шу ауданына көшіп келіп, сол жерде кейілердің балаларын оқытатын “Батырақ” мектебінде оқып, білім алады. Сөйтіп жүріп партия қатарына өтіп, НКВД-да жұмыс істейді. Содан жұмыс істеп жүргенде 1938 жылы “халық жауы” деп ұсталып кеткен. Ұлы Отан соғысы басталған кезде үйіне хат келеді: “Соғысқа шығарды, жарық дүниені көретін күн бар екен ғой, аман болсам соғыс біткен соң барамын”, — деп жазғаннан кейін хабар болмай кеткен. (Қызылорда қаласының екінші мөлтек ауданы 25 үй, 92 пәтерде тұратын Балқыбектің қызы Садықова Райкүлдің айтуы бойынша).

ҚАШҚЫНБАЕВ Байқадам Теренөзек ауданының территориясында 1904 жылы туған, руы қарақойлы, әкесі шаруа болған.

Қашқынбаев Байқадам 1929—1930 жылдары Жамбыл облысы Талас өндірістік басқармасы “Байқадам” селосында елді қоныстандыру және колхоз ұйымдастыру жөнінде өкіл болып жұмыс істеген. Ол бұрынғы “Саудақент” учаскесінде елді отырықшылыққа айналдыру мақсатында көптеген үйлер, жаңа құрылыстар салуға басшылық еткен. Бірнеше колхоздың іргесін қалап, құрған. Кедей батырақтарды колхозға ұйымдастырған, қажырлы коммунист болған. 1930 жылы қыркүйек айында Анқай деген бандалар бейбіт елді тонап, колхозды ыдырату мақсатын көздеген. Осы айқас кезінде олар Байқадамды аюандықпен азаптап өлтірген. Бірақ еңбекшілер депутаттары Талас аудандық кеңес атқару комитеті мен ҚК(б)П аудандық комитетінің қаулысы бойынша оның сіңірген еңбегі мен есімін

мәңгі ұмытпас үшін “Саудақент” селосын Байқадам деп атаған. Бұл село 1962 жылдың тамыз айына дейін Сарысу ауданының орталығы болып келген. Бұл анықтама куәлікті Байқадам селолық кеңесінің төрағасы Есембеков, хатшысы Қаражігітова қол қойып, мөр басып берген. Оны еңбекшілер депутаттары Талас селолық аудандық атқару комитетінің хатшысы 1964 жылғы 1 наурызда қол қойып, мөр басып куәландырған.

ҚОЙШЫБАЕВ Әлмахан бұрынғы Аламесек, кейінгі Теренөзек ауданының № 51 ауылында 1905 жылы туған, руы — сарқасқа, байдың баласы, сауатты, партияда жок, 1930 жылдың қараша айында дауыс беру құқынан айырылған, міндетті салық тапсырмасын орындамағаны үшін екі рет сотты болған, үйленген.


Қойшыбаев Әлмахан кеңес үкіметінің бай-кулақтарды тап жауы ретінде жою жөнінде жүргізіп жатқан шаралары кезінде 1930 жылы колхоздастыруға қарсы қозғалыс ұйымдастырып, үгіт жүргізген. 1931 жылғы 28 сәуір күні Мейрманов Жүсіптің үйінде кедейлерді егін егуден бас тартуға үгіттеген. “Кімде-кім егін ексе, ол төркілеспеді”, — деген. Қойшыбаевқа 30 пұт төлеуге тапсырма-жоспар берілген, ол бірақ оны орындаудан үзілді-кесілді бас тартқан, одан басқа 11 кедей шаруаларды тұқым тапсырудан бас тарту туралы үгіттеген. Соның салдарынан кедей шаруалар егін егуден, тұқым тапсырудан бас тартқан. 1930 жылдың қаңтар — ақпан айларында ол коллективтендіруге қарсы контрреволюциялық жұмыс жүргізуінің арқасында колхоздан 180 үй-қожалығы көшіп кеткен. 1931 жылдың сәуір айында № 51 ауылдың байлары, оның ішінде Қойшыбаев та бар “Жаңа Дария” колхозынан 70 жылқыны ұрлап, Қызылқұмға айдап өкеткен. Сәуір айында Қойшыбаев милицияға шақырылған, бірақ ол өзінің кінәсін, қылмысын сезіп, тағы да Қызылқұмға қашып кеткен. Ол жерде бір айдай болып, өзінің Қызылорда қаласындағы туысы Сақтаған Есімовке барғысы келіп, өзімен бірге ұрлап алған 7 жылқыны алып Қызылордаға келіп, базарға сатып жіберген, Есімовтің үйінен ол ұсталған.

Осы қылмысы үшін Қойшыбаев Әлмахан ОГПУ-дың Қызылорда қалалық-аудандық бөлімшесінің 1931 жылғы 15 маусымдағы қаулысымен тұтқынға алынып, РСФСР ҚК-ның 58 бабының 10 тармағымен және 61 бабының 3 тармағымен қылмыстық іс қозғалған.

Тергеу ісі 21 маусымда аяқталып, айыптау қорытындысы 22 маусымда шығарылған, онымен аудандық прокурор келіскен, ОГПУ-дың Қызылорда қалалық-аудандық бөлімшесінің бастығы бекіткен.

Қазақстандағы ОГПУ өкілетті өкілдігі жанындағы үштіктің 1931 жылғы 10 қарашадағы қаулысымен Қойшыбаев Әлмахан 5 жылға бас бостандық еркінен айырып, еңбек түзету лагеріне сотталған.

Қызылорда облпрокуроры орынбасарының 1989 жылғы 22 мамырдағы қорытындысымен Қойшыбаев Әлмахан СССР Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1989 жылғы 16 қаңтардағы жарлығының негізінде толық ақталған.



ҚЫЛЫШБАЕВ Әбу бұрынғы Аламесек ауданының № 54 ауылында (1932 жылғы маусым айында № 54 ауыл территориялық жағдайына байланысты түгелдей Қазалы ауданының № 18 ауылына қосылған), 1887 жылы туған, ірі бай болған, сауатсыз, партияда жоқ, үйленген, екі әйел алған, 4 баласы бар, хан-қарақшы Қараевтың кенесшісі болған, ГПУ органы арқылы қуғын-сүргінге ұшыраған.

Қылышбаев Әбу 1930 жылы жойылған Қараев пен Қобылановтың қарақшыларына белсенділікпен қатысқан. Қызылқұмда көшіп жүріп, кеңес үкіметіне қарсы үгіт жүргізген, қоғамдық және жекелердің малын ұрлаумен айналысқан. Жұртшылықты өзінің қол астына ұстау үшін ол өзін “ГПУ-дың агентімін”, — деп айтатын болған.

1932 жылдың мамыр айында “Байша” деген жерде Қылышбаев азамат Құрақбаев дегеннің түйесін күштеп тартып алып, етке сойып алған. Тамыз айының аяғында Қызылқұмда Қылышбаев Құрақбаевты кездестіріп, оның астындағы мініп жүрген биеcін тартып алып, оны таяққа жыққан. “Талды құдық” деген жерде Қылышбаев Азамат Басықараев және Амантаевтармен көшіп жүріп, оларға: “Маусым айында соғыс басталады, Кеңес үкіметі құлайды”, — деген.

Үргенішке № 7 ауылдың азаматы Керімбек арқылы бір жылқы жіберген. Оны тінткенде сойылған аттың терісі мен еті табылған.

Осы қылмысы үшін Қылышбаев Әбу ОГПУ-дың Қазалы аудандық бөлімшесінің 1932 жылғы 24 қыркүйектегі қаулысымен тұтқынға алынып, РСФСР ҚК-ның 58 бабының 10 тармағымен және 166 бабының 2 тармағымен және 1932 жылғы 7 тамыздағы заңға сәйкес қылмыстық іс қозғалған.

Тергеу ісі аяқталып, айыптау қорытындысы 1932 жылғы 3 қазан күні шығарылған, оны ОГПУ-дың Қазалы аудандық бөлімшесінің бастығы және Оңтүстік Қазақстан облыстық ОГПУ бөлімінің бастығы 8 қазан күні бекіткен.

Қазақстандағы ОГПУ өкілетті өкілдігі жанындағы үштіктің 1932 жылғы 26 қарашадағы қаулысымен Қылышбаев Әбу — 5 жылға концлагерьге сотталған, мал-мүлкі төркіленген.

Қылышбаев Әбу — сотталғаннан кейін 1932 жылғы 29 қарашада ОГПУ-дың Карлагына айдалған.

Қызылорда облыстық прокуроры орынбасарының 1989 жылғы 6 маусымдағы қорытындысымен Қылышбаев Әбу СССР Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1989 жылғы 16 қаңтардағы жарлығының негізінде толық ақталған.

ҚҰЛМАНОВ Еркебай 1920 жылы Тереңөзек ауданының “Қаратөбе” колхозында туған, шала сауатты, ВЛКСМ мүшесі, бұрын сотталмаған, кедей-шаруа, үйленбеген.

Отан соғысына Тереңөзек аудандық әскери комиссариаты арқылы 1942 жылы сәуір айы шақырыл-

ған. Ол ұрыс майдандарында № 148 минометтік полктің құрамында болған.

Құлманов командирлердің тапсырмаларын орындаудан бас тартып, оларға қарсы келіп, сөзге келген. 8 сәуір 1942 жылы взвод командирі сержант Кузнецовтің ат қорада жұмыс істеу нарядын орындамаған, 19 сәуір 1942 жылы бөлімше командирі сержант Павловтың мылтықты тазарту тапсырмасын орындамаған. Сонымен қатар кіші командирлерге күш көрсетіп, қорқытпақшы пиғылда болған.

Осы қылмысты өрекеттері үшін Құлманов 21 сәуір 1942 жылы НКВД-нің ерекше бөлімінің қаулысымен қамауға алынған.

2 мамыр 1942 жылы 8 атты әскерлер корпусының әскери трибуналы РСФСР Қылмыс Кодексінің 19 бабы, 58—8 бабы, 12 бабының “г” тармағымен айыпталған Құлмановтың қылмысты ісін қарап, оны 10 жылға бас бостандығы еркінен айыруға және саяси құқын 5 жылға жоюға соттаған.

Қазақстан Республикасының 14 сәуір 1993 жылғы “Жаппай саяси қуғын-сүргіндер құрбандарын ақтау” туралы Заңының 5 бабы “А” тармағына сәйкес Құлманов ақталған.

М

МАЛДЫҚАРАЕВ Қозыбай 13 ауыл, “Жаңадария” колхозында 1892 жылы туған, әлеуметтік негізі шаруа, сауатсыз, партияда жоқ, бұрын сотты болмаған, колхозшы, қамауға алынғанға дейін Қармақшы ауданы, “Боз арық” колхозында тұрған, өзімен екі жаңы бар. Малдықараев Қозыбай Қармақшы ауданы 8 ауылға қарасты “Боз арық” колхозында колхозшы болып істеп жүріп, колхозшылар арасында: “Герман фашизмі тұтқынға түскен қызыл әскерлерден мұсылмандарды басқалардан бөліп алып, оларға айырықша жағдай жасап, жақсы тамақтандырады, еліме қайтамын деген мұсылман қызыл әскерлерге қолына рұқсат қағаз беріп (пропуск) қайырады екен”, — деп контрреволюциялық лақаптар таратқан. Бұл жағдайлар толық дәлелденген.

Осы қылмысы үшін Малдықараев Қозыбай Қармақшы аудандық НКВД бөлімінің 1941 жылғы 1 қарашадағы қаулысымен тұтқынға алынып, істі өзінің тергеуіне Қармақшы аудандық прокуроры алған, тергеу ісі сол жылғы 5 қарашада аяқталып, айыптау қорытындысы 8 қарашада шығарылған, Малдықараев Қозыбайға РСФСР ҚК-ның 58 бабының 10 тармағының 2 бөлімімен айып тағылған. Айыптау қорытындысын Қызылорда облыстық прокуратурасының тергеу бөлімі 1941 жылғы 25 қарашадағы қорытындысымен және Қызылорда облыстық сотының қылмысты істер қарайтын сот коллегиясының дайындау мәжілісінің 27 қарашадағы ұйғаруымен бекіткен. Қызылорда облыстық сотының көшпелі сессиясының 1941 жылғы 15 желтоқсандағы үкімімен айыпкер Малдықараев Қозыбай 10 жылға бас бостандық еркінен айыруға, 5 жылға сайлау-сайлану құқын жоюға сотталған.

Қазақ ССР Жоғарғы сотының қылмысты істер қарайтын сот коллегиясының 1942 жылғы 9 қаңтардағы ұйғаруымен Қызылорда облыстық сотының үкімі күшінде қалдырылған, сотталушының арызы аяқсыз тасталған.


Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының бөлім бастығының 1994 жылғы 7 қыркүйектегі қорытындысымен Малдықараев Қозыбай Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 14 сәуірдегі Заңының негізінде толық ақталған.

МАХАМАШЕВ Рожа Махамашевич родился в 1913 году в Чечено-Ингушской АССР, чеченец, образование начальное, беспартийный, до ареста проживал в пос. Теренозек, работал каменщиком. Он обвиняется в том, что являлся участником контрреволюционной, троцкистско-бухаринской, террористической организаций, активно проводил антисоветскую провокационную агитацию среди чеченского населения и шпионско-диверсионную, вредительскую деятельность, за что арестован и привлечен к уголовной ответственности. Приговором Кызылординского областного суда от 15 октября 1951 года осужден на 10 лет лишения свободы. Он реабилитирован 16 февраля 1990 года.

Н

НАУРЫЗБАЕВ Мұхамбетжан № 1 ауыл, “Қызылөзек” колхозында 1908 жылғы туған, байдың баласы, білімі 6 класс, партияда жоқ, бұрын сотты болмаған, “Қызыл-өзек” колхозында есепші болып жұмыс істеген, үйленген, әйелі — Жамгүл, баласы — Мұхамедин.

Наурызбаев Мұхамбетжан 1937 жылдың 10 қазан күні Қызылорда аудандық НКВД бөлімі арқылы контрреволюциялық-ұлтшылдық ұйымының Қызылордалағы филиалына белсенді түрде қатысқаны үшін тұтқынға алынған. Бұл ұйымның алдына қойған мақсаты кеңес үкіметін құлатып, Қазақстан территориясында буржуазиялық-ұлтшылдық үкімет құру болған. Осы ұйымның құрамында сол кезде М. Наурызбаев Қызылорда аудандық “Ленин туы” газеті редакторының орынбасары болып қызмет істеп жүріп, кеңес үкіметіне қарсы белсенді жұмыс жүргізген. 1937 жылдың 1 қараша күні Оңтүстік Қазақстан облыстық НКВД Бақармасының жанындағы үштіктің қаулысымен РСФСР ҚК-ның 58 бабының 10, 11 тармақтарымен 10 жылға бас бостандық еркінен айыруға сотталған. Жаза мерзімін 1947 жылғы 10 ақпанда толық өтеп шыққан. Қызылорда облыстық МГБ Басқармасының 1949 жылғы 10 қаңтардағы қаулысымен Наурызбаев



Мұхамбетжан қайтадан тұтқынға алынып, РСФСР ҚК-ның 58 бабының 10 тармағының 1 бөлімімен және 58 бабының 11 тармақтарымен қылмыстық іс қозғалған.

Тергеу ісі 1949 жылғы 28 сәуірінде аяқталып, айып-тау қорытындысы 30 сәуірде Қызылорда қаласында шығарылған, оны Қызылорда облыстық МГБ Басқармасының бастығы 10 мамырда, Қазақ ССР Прокурорының орынбасары 1 маусымда бекіткен, М. Наурызбаевты айыптаған тергеу ісін СССР ГБ-ның жанындағы Ерекше мәжілісінің қарауына жіберген. СССР МГБ-ның жанындағы Ерекше Мәжілісінің 1949 жылғы 3 тамыздағы қаулысымен Наурызбаев Мұхамбетжан кеңес үкіметіне қарсы ұлтшылдық ұйымға қатысқаны үшін жер аударуға сотталған (мерзімі көрсетілмеген).

М. Наурызбаев сотталғаннан кейін Красноярск өлкесі, Енисей ауданына 1949 жылдың 5 қазаны күні айдалған.

Қызылорда облыстық прокуроры орынбасарының 1989 жылғы 16 қазандағы қорытындысымен Наурызбаев Мұхамбетжан СССР Жоғарғы Кеңес Президиумының 1989 жылғы 16 қаңтардағы Жарлығының негізінде толық ақталған.

НУРАШЕВ Ахмет № 44 ауылында 1884 жылы туған, партияда жоқ, тәркіленген бай, тұтқыннан қашып жүрген, кейін “Қызыл кедей” колхозында тұқым базасының меңгерушісі болып жұмыс істеген. Контрреволюциялық ұйымның мүшесі, астық фондасын талан-таражға салуға өзі тікелей араласқан. Осы қылмыстарын жабу мақсатында колхоз қой қорасы мен тұқым базасын өртеуге жиналған жасырын мәжіліске қатысқан. Қармақшы аудандық ОГПУ бөлімінің 1933 жылғы 1 ақпандағы қаулысымен тұтқынға алынып, РСФСР ОГПУ коллегиясының 1933 жылғы 22 қыркүйектегі қаулысымен ең жоғары жаза — ату жазасына сотталған. Үкім 1933 жылғы 26 қарашада түнгі сағат 3-те Қызылорда қаласында орындалған.

1989 жылғы маусым айының 29 күні облыстық прокурор архивтік қылмысты істі қайта қарап, өзінің қорытындысымен Нұрашев Ахметті оның өрекетінде қылмыстың белгісі болмағандықтан мүлдем ақтаған. **НҮРМҰХАМЕДОВ** Ибадулла Мосқалұлы Теренозек ауданының “Коммуна” колхозында 1901 жылы туған, бай баласы, білімі жоғары, қызметкер, БК(б)П мүшесі, Қызылорда облыстық партия комитетінің совет саудасы бөлімінің меңгерушісі болып қызмет атқарған. Ол 1935 жылы Қарақалпақ ЦИК-ның хатшысы болған, одан Шымкент қаласына жұмысқа келген, 3—4 айдан кейін Алматыға шақырылып, 1937 жылдың аяғына дейін өлкелік партия комитетінде мал шаруашылығы бөлімінің меңгерушісі болып қызмет атқарған. 1938 жылғы маусым айында Төшкен қаласына келіп, сонда тұрған. Оған тағылған айып: “Кеңес үкіметіне қарсы ұлтшылдық террорлық-жауыздық ұйымның белсенді мүшесі болған, ұйымның тапсырмасымен Оңтүстік Қазақстан облысының совхоздарында контрреволюциялық жауыздық жұмыстар жүргізген. Сонымен қатар ол шпиондық жұмыспен айналысып, жауыздық түріндегі материалдарды жинастырған. Айыпкер Нұрмұхамедовке қарсы қылмыс қозғау Қызылорда

облыстық НКВД Басқармасы арқылы 1938 жылғы 6 маусымда жүргізіліп, оған РСФСР ҚК-ның 58 бабының 2, 7, 8, 11 тармақтарына жататын айып тағылған. Айыпкер Нұрмұхамедов 1938 жылғы 16 шілдеде Төшкен қаласында тұтқынға алынып, Қызылорда қаласына сол жылғы 18 қыркүйекте айдалып әкелінеді. 1938 жылғы 18 қыркүйектен сол жылғы 15 қарашаға дейін ол 15 рет тергеу сұрауынан өткен. Оңтүстік Қазақстан облыстық прокурордың уақытша міндетін атқарушының 1940 жылғы 17 мамырдағы қаулысымен айыпкер Нұрмұхамедов Ибадулланың қылмыстық ісі өндірістен қысқартылып, қамаудан босатылған.

Қызылорда облыстық прокурордың 1997 жылғы 20 мамырдағы қорытындысымен Нұрмұхамедов Ибадулла Москалұлы СССР Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1989 жылғы жарлығының негізінде толық ақталған.


НҮРПЕЙІСОВ Айтжан № 20 ауылында 1911 жылы туған, білімі бастауыш, партияда жоқ, қамауға алынғанға дейін осы ауылда тұрған. Ол 1933 жылы кеңес үкіметіне қарсы контрреволюциялық, ұлтшылдық байлар тобының қатарына кірген, осы топтың мүшесі ретінде ауыл шаруашылығында зиянкестік әрекеттер жасаған, колхозшыларға азық-түліктен берілген көмектен ол үш рет алған. Осы қылмыстары үшін тұтқынға алынып, қылмыстық іс қозғалған, ОГПУ жанындағы үштіктің 1933 жылғы 22 маусымдағы қаулысымен тағылған айып анықталмағандықтан қамаудан босатылған. Ол толық ақталған.

О

ОҢАЛБАЕВ Айғали бұрынғы Аламесек № 17 ауылында 1893 жылы туған, ірі бай болған, шала сауатты, партияда жоқ, Сырдария ауданының № 15 ауылы, “Қарауыл төбе” колхозында тұрған, 1930 жылы мал-мүлкі төркіленген. Ол 1931 жылы қарақшылар қозғалысына белсене қатысқан. Сол жылы Әбілдаев Ғаниды өлтірген. Қарақшыларға қатысып, террорлық акт жасағаннан кейін, ол Өзбекстан арқылы Ауғанстанға қашып кеткен, ол жақтан 1937 жылы қайтып келіп, 15 ауыл, “Қарауыл төбе” колхозында тұрған, оған шетел шпионы және шпиондық жұмыстар жүргізеді деген сенімсіздік туады. Қызылорда облыстық НКВД Басқармасының 1938 жылғы 18 наурыздағы қаулысымен Оңалбаев Айғали тұтқынға алынып, РСФСР ҚК-ның 58 бабының 6, 8 тармақтарымен қылмыстық іс қозғалған. Қызылорда облыстық НКВД Басқармасы УГБ-ның 3 бөлімшесінің 1938 жылғы 15 шілдедегі қаулысымен айыпкер Оңалбаев Айғалидың қылмысы анықталмағандықтан ісі қысқартылып, ол тұтқыннан босатылған.

Қызылорда облыстық прокурордың 1997 жылғы 21 ақпандағы қорытындысымен Оңалбаев Айғали Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 14 ақпандағы Заңының негізінде толық ақталған.

ОРАЗБАЕВ Құдабай немесе Шүкірбай № 11 ауылында 1910 жылы туған, білімі арнаулы орта,



педучилищені бітірген, мамандығы мұғалім, БК(б)П мүшесі, партбилетін жоғалтқаны үшін партия қатарынан шығарылған, осы ауданның № 11 ауылы, “Комсомол” колхозында мұғалім болып жұмыс істеген. Кеңес Армиясы қатарына 1941 жылғы тамыз айында алынған, 1942 жылдың наурыз айынан шілде айына дейін 184 атты әскер дивизиясы, 17 атты әскер полкінің құрамында қатардағы жауынгер

ретінде Калинин майданында соғысқа қатысып, сол жылғы шілде айында неміс әскерлерінің тұтқынына түскен. Тұтқында жүріп, “Түркістан легионына” өз еркімен кіріп, 1942 жылғы қазан айында “Фашистік Германияға адал қызмет етемін”, — деп ант алған. 1/76 айыптау батальонының 1 ротасына легионерлердің пифылын, жүріс-тұрысын байқауға жіберілген осы ротаның құрамында 1942 жылдан 1943 жылдың мамыр айына дейін Кинель, Брянск ормандарындағы кеңес партизандарына қарсы ұрысқа белсенді қатысады. Одан кейін: “Батальон құрамында Адриат теңізінің жағалауында қорғаныс құрылысын салуға Албанияға жіберілген”, — деп айып тағылып, Қызылорда облыстық МГБ Басқармасы бөлімшесінің 1949 жылғы 16 шілдедегі қаулысымен тұтқынға алынып, РСФСР ҚК-ның 58 бабының 1“б” тармағымен қылмыстық іс қозғалған.

Қызылорда облыстық МГБ Басқармасы тергеу бөлімшесінің 1950 жылғы 18 қаңтардағы қаулысымен айыпкер Оразбаев Шүкірбайдың қылмыс құрамы анықталмағандықтан ісі қысқартылып, қамаудан босатылған.

Қызылорда облыстық прокурордың 1997 жылғы 24 ақпандағы қорытындысымен Оразбаев Шүкірбай СССР Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1989 жылғы 16 қаңтардағы жарлығы негізінде толық ақталған.

П

ПАК Григорий родился в 1896 году в г. Мукту, в Корее, малограмотный, беспартийный, гр-н СССР, он 5 апреля 1938 года вступил в колхоз “Шымбогет” Теренозекского района, где, проработав около 10 дней, ушел в г. Кызылорда без разрешения правления колхоза. В г. Кызылорда проживал около месяца, вернулся в колхоз, приступил к работе, находясь в колхозе, систематически саботировал, не работал, вел среди колхозников контрреволюционную анти-советскую агитацию, склоняя колхозников бросить работу и уехать из колхоза. Ряд колхозников, попав под влияние Пака Григория, не стали выходить на работу и совсем ушли из колхоза, за что Поста-

новлением уполном. отд. БХСС ОУРКМ от 13 августа 1938 года арестован и привлечен к уголовной ответственности по ст. 58—10 ч. 1—УК РСФСР. Приговором Кызылординского областного суда от 1 декабря 1938 года Пак Григорий на основании ст. 326 п. 3“А” УПК за недоказанность преступления по ст. 58—10 ч. 1 УК РСФСР со стороны обвиняемого Пака Григория оправдан, из-под стражи освобожден. По заключению прокурора Кызылординской области от 25 апреля 1997 года Пак Григорий на основании Указа Президиума Верховного Совета СССР от 16 января 1989 года реабилитирован.

Р

РАТКИН Архип Иванович родился в 1887 году в Чкаловской области, образование начальное, беспартийный, до ареста проживал на станции “Бекбаулы”, работал заведующим ларьком райОРСа. Он обвиняется в том, что проводил антисоветскую, контрреволюционную, провокаторскую агитацию порожненного характера и подрывно-вредительскую работу, за что арестован и привлечен к уголовной ответственности. Приговором Линейного суда Оренбургской ж/д от 20 октября 1943 года осужден на 6 лет лишения свободы. Он реабилитирован 28 апреля 1990 года.

РЫСБАЕВ Сағымбай № 8 ауылында 1906 жылы туған, байдың баласы, әкесі Әбіл 1929/30 жылдары Жаңақорған ауданында мал-мүлкі тәркіленіп, 10 жылға бас бостандық еркінен айыруға сотталған, кейін қамаудан қашып шыққан, 1937 жылғы қуғын-сүргіннен тағы да қашып тығылған. Сағымбай сауатты, қызметкер, 1927 жылдан БК(б)П мүшесі, осы іске байланысты партия қатарынан шығарылған, Қызылорда облыстық партия комитеті хатшысының көмекшісі болып қызмет істеген, қамауға алынғанға дейін Каз. ТАГ-тың Қызылорда облысындағы менгерушісі болып қызмет атқарған, Қызылорда қаласы, Першин көшесі, № 1 үйде тұрған, үйленген, әйелі — Жәмила, баласы — Сақтаған.

Рысбаев Сағымбай Қазақстанда болып келген троцкистік ұлтшыл фашистік ұйымның Қызылорда қаласындағы контрреволюциялық ұйымына қатынасып, 1936 жылдан бастап өздерінің кеңес үкіметіне қарсы контрреволюциялық мақсаттарын іске асырмақ болған. Қазақстанды СССР-дан бөліп алып, капиталистік мемлекеттерге қоспақ болған, осы мақсаттарды іске асыру жолымен Рысбаев контрреволюциялық ұйымға жаңадан адамдар тартып, оның қатарын көбейткен. Бұрынғы Қызылорда ауданының “1-Май” колхозында партия ұйымының хатшысы болып тұрғанда Рысбаевты Төлегенов (Қызылорда аудандық партия комитетінің сол кездегі хатшысы) — кеңесіне шақырып алып, контрреволюциялық ұйымға тартып, колхоз ішінде зиянкестік істеуге түрлі тапсырмалар берген. Рысбаев Төлегеновтің контрреволюциялық зиянкестік тапсырмаларын орындап отырған. Мысалы, сол ауылдық кеңестің төрағасы

Тасқараевты, тағы бірнеше белсенділерді контрреволюциялық ұйымға тартып, колхоздың мал және егін шаруашылығына зиянкестік жасаған. Осы қылмысы үшін Рысбаев Сағымбай Қызылорда облыстық НКВД Басқармасының 4 бөлімшесінің 1938 жылғы 27 сәуірдегі қаулысымен тұтқынға алынып, РСФСР ҚК-ның 58 бабының 2, 7, 10, 11 тармақтарымен қылмыстық іс қозғалған. Тергеу ісі 1938 жылдың 23 маусымында аяқталып, айыптау қорытындысы сол жылғы тамыз айында шығарылған. Қызылорда облыстық прокурордың міндетін атқарушының 1938 жылғы 8 тамыздағы қорытындысымен және Қызылорда облыстық сотының арнайы коллегиясының дайындау мәжілісінің сол жылғы 11 тамыздағы қаулысымен айыптау қорытындысы бекітілген.

Қызылорда облыстық сотының арнайы коллегиясының 1938 жылғы 17 тамыздағы үкімімен Рысбаев Сағымбайды ҚК-ның 58—10 бабымен айыпты деп тауып, 10 жыл бас бостандық еркінен айыруға, ҚК-ның 58—2, 7, 11 бабымен айыпты деп тауып, үкіметтің 1937 жылғы 2 қазандағы қаулысына лайық 20 жыл бас бостандық еркінен айыруға, ҚК-ның 49 бабы бойынша жазаның ең ауыры 20 жыл болып есептелеуі, өзіннің тиісті мүлкін тәркілеуге, жазасын өтеп болғаннан кейін 5 жылға сайлау-сайлану құқын жоюға сотталған.

Қазақ ССР Жоғарғы сотының қылмысты істер қарайтын сот коллегиясының 1939 жылғы 3 қарашадағы ұйғаруымен Қызылорда облыстық сотының арнайы коллегиясының 1938 жылғы 17 тамыздағы Рысбаевтың ісі жөніндегі үкімі бұзылып, қылмыс белгісінің анықталмағаны үшін іс өндірістен қысқартылып, Рысбаев Сағымбай қамаудан босатылған.

Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасы бөлім бастығының 1996 жылғы 10 қаңтардағы қорытындысымен Рысбаев Сағымбай Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 14 сәуірдегі Заңының негізінде толық ақталған.

Рысбаев Сағымбай 1935 жылы Қызылорда қалалық кеңесінің төрағасы болып қызмет атқарған, сол жылғы қыркүйек айында Оңтүстік Қазақстан облыстық партконтроль арқылы осы жұмыстарды алып жүре алмағандықтан жұмыстан алынған, қатаң сөгіс берілген, сөйтіп төменгі қызметке жіберілген. Қызылорда аудандық партия комитеті Рысбаевты Сұлутөбе МТС-на шаруашылық менгерушісі (завхоз) етіп жіберген, онда 1935 жылдың аяғына дейін жұмыс істеген. 1936 жылдың мамыр айында Төлегенов шақырып алып Рысбаевты партия қызметіне жіберген.

С

САМСОНОВ Владимир Егорович родился в 1901 году в селе Жигули, Сосново-Солонецкого района, Куйбышевской области, русский, гражданин СССР, образование 2 класса сельской школы, беспартийный, до ареста проживал на станции Теренозек, работал машинистом водокачки.

По обвинительному заключению Самсонов В. Е. работая старшим машинистом водокачки ст. Теренозек, систематически на протяжении с 1941 года по день ареста 23 апреля 1944 года среди работников водокачки ст. Теренозек и работников службы движения этой же станции проводил антисоветскую агитацию, высказывая пораженческие настроения, распространял провокационные слухи о положении на фронтах Отечественной войны, клеветал на вождя народов и на проводимые мероприятия Советского Правительства, восхвалял мощь, технику и обеспеченность немецкой армии вооружением и питанием, в отрицательной форме высказывался о моще и силе Советского Союза и на обеспеченность Красной Армии вооружением и питанием. Оporочивал колхозы, колхозную жизнь, клеветал на Советскую печать, восхвалял жизнь трудящихся Германии и опорочивал жизнь трудящихся при Советской власти, за что он постановлением ОТО НКГБ ст. Кызылорда от 23 апреля 1944 года арестован и привлечен к уголовной ответственности по ст. 58—10 ч. 2 УК РСФСР.

Приговором Военного Трибунала Ташкентской ж/д от 3 июля 1944 года Самсонов В. Е. осужден на 8 лет в ИТЛ с последующим поражением в избирательных правах сроком на 3 года.

Определением Судебной коллегии по уголовным делам Верховного Суда Казахской ССР от 30 января 1964 года Приговор Военного Трибунала Ташкентской ж/д в отношении Самсонова В. Е. отменен и дело производством прекращено за отсутствием состава преступления. Протест Зам. прокурора Каз. ССР удовлетворен.

САПАРОВ Қайқы № 7 ауылында 1900 жылы туған, білімі бастауыш, партияда жок, қамауға алынғанға дейін осы ауылда тұрған, колхозшы. Ол кеңес үкіметіне қарсы контрреволюциялық үгіт жүргізіп, колхоз құрылысында, ауыл шаруашылық саласында жүргізіліп жатқан шараларға қарсы дұшпандық, зиянкестік әрекеттер жасағаны үшін тұтқынға алынып, қылмыстық іс қозғалған. Кызылорда облыстық сотының 1938 жылғы 20 қазандағы үкімімен 8 жылға бас бостандық еркінен айыруға сотталған. Ол 1990 жылғы 29 тамызда ақталған.

САРБАСОВ Хамза № 11 ауылдық кеңесінде 1895 жылы туған, кейін Кызылорда қаласы, Карл Маркс кеңесінде тұрған, білімі орта, қызметкер, “Ленин туы” газетінің бұрынғы редакторы, кейін Кызылорда облыстық оқу бөлімінің меңгерушісі болып қызмет атқарған, 1926 жылдан БК(б)П мүшесі. Кызылорда қалалық партия комитетінің 1938 жылғы 27 маусымдағы бюро мәжілісінің қаулысымен “халық жауы” ретінде партиядан шығарылған. Оған тағылған айып: “1926 жылдан кеңес үкіметіне қарсы ұлттық, диверсиялық-жауыздық ұйымның мүшесі болған, осы ұйымның тапсырмасымен ол осы ұйымға 4 адамды дайындап кіргізген, оларға мынадай контрреволюциялық тапсырмалар берген: ұйымға жаңадан көбірек адам тартып, оның қатарын өсіру, жүргізілу арасында кеңес үкіметіне қарсы үгіт жүргізу, Сарбасов Хамза осы ұйымның жетекшісі бұрынғы Халық ағарту комиссары Жүргеновтың тапсырмасымен Алматы қаласындағы қазақ музы-

калық театрын құлатуға жауыздық жұмыс жүргізген, осы мақсатта “Қыз Жібек”, “Айман — Шолпан” пьесаларын дайындауға сметада белгіленген әрқайсысына 25 мың сом жұмсау орнына 60 мыңдан артық жұмсаған. Халық ағарту саласында жұмыс істеп жүріп, ол жауыздық жұмыстар жүргізген, мектептерді әдейі жөндеуден өткізбеген, оларды отыпмен қамтамасыз етпеген, көптеген мектептер мұғалімдермен толықтырылмаған, оның ішінде Сарбасов директор болған Жамбылдың педтехникумы да бар. Соның салдарынан барлық мектептер жұрыс жұмыс істемеген. 1936 жылы студенттерге стипендия беруді әдейі кешіктірген, студенттер асханасы азық-түлікпен қамтамасыз етілмеген.

Сарбасов “Ленин туы” газетінің редакторы болып қызмет атқарғанда СССР Жоғарғы Кеңесінің сайлауы қарсаңында 1937 жылғы желтоқсан айында газет көптеген теріс қателермен шығарылып, газеттің мазмұны бұзылған, үкімет мүшелерінің портреттері анық шықпаған. Кызылорда қаласындағы ҚазГУ-дың рабфагының директоры болып тұрғанда ол жауыздық мақсатта рабфактың дайындық курсына 4—5 кластық білімі барларды қабылдаған, 1—2 курстың студенттерін топтап шығарып жіберіп, кадрларды дайындап шығаруды бұзған, сөйтіп мемлекетке үлкен зиян келтірген”, — деп Кызылорда облыстық НКВД УГБ-ның 4 бөлімінің 1938 жылғы 31 мамырдағы қаулысымен тұтқынға алынып, РСФСР ҚК-ның 58 бабының 2, 7, 10 тармақтарымен қылмыстық іс қозғалған. Кызылорда облыстық сотының 1938 жылғы 11 маусымдағы үкімімен Сарбасов Хамза 15 жылға бас бостандық еркінен айыруға, 5 жылға саяси құқын жоюға сотталған. Қазақ ССР Жоғарғы сотының қылмыстық істер қарайтын сот коллегиясының 1941 жылғы 18 қаңтардағы ұйғаруымен Кызылорда облыстық сотының 1939 жылғы 11 маусымдағы үкімі бұзылып, алдын-ала тергеу арқылы істі соттың басқа құрамында қайта қарауға жіберген.

Қазақ ССР Прокурорының 1941 жылғы 10 маусымдағы қорытындысымен Сарбасовтың қылмыстық ісін сотқа беруге материалы толық болмағандықтан өндірістен қысқартылып, қамаудан босатылған.

Кызылорда облыстық прокурордың 1997 жылғы 15 мамырдағы қорытындысымен Сарбасов Хамза Қазақстан Республикасының 1993 жылы 14 ақпандағы заңының негізінде толық ақталған.

СӨРСЕНОВ Ералы Піркейлі ауылдық кеңесінде 1896 жылы туған, 1914 жылы Бұхара қаласында орта діни медресені бітіріп, “молда” деген атақ алған, партияда жок, 1927 жылға дейін ауданның әр жеріндегі мешіттерде молдалықпен айналысқан, 1927 жылы Піркейлі ауылында жеке мешіт соғып, молдалық жасаған. 1929 жылы астық тапсыру жөніндегі нақты тапсырманы орындамағаны үшін 1 жылға еріксіз жұмысқа сотталған, жазасын өтемей, қырғыздың Октябрь ауданына қашып кеткен. Әйелі — Қалампыр, қызы — Ералиева Райкүл. Айыптау қорытындысы бойынша ол бірнеше жыл үнемі кеңес үкіметіне қарсы контрреволюциялық-жеңіліс үгітін жүргізген, жасырын түрде ауылдарды аралап, діни топтар құрған, оларды контрреволюциялық жұмыстарға пайдаланған. “Кеңес үкіметі жақын арада құлайды”, — деп жүртшылық арасы-

да лақап таратқан, колхозшылардан алым жинаған. Діни жасырын топқа кеңес үкіметіне қарсы пиғылдағы адамдарды тартып, оларды жеңіліс рухына бейімдеген. Ол өзінің контрреволюциялық әрекетін Құрманғали молданың (контрреволюциялық ұйымның мүшесі) тапсырмасымен жүргізгені үшін Қызылорда аудандық НКВД бөлімінің 1937 жылғы 29 шілдедегі қаулысымен тұтқынға алынып, қылмысты іс қозғалған.

Оңтүстік Қазақстан облыстық НКВД Басқармасы жанындағы үштіктің 1937 жылғы 26 тамыздағы қаулысымен Сәрсенов Ералы ең жоғары жаза — ату жазасына сотталған, үкім сол жылғы 4 қыркүйекте орындалған.

Оңтүстік Қазақстан облыстық соты Президиумының 1957 жылғы 16 мамырдағы қаулысымен үштіктің 1937 жылғы 26 тамыздағы Сәрсенов Ералы жөніндегі қаулысы бұзылып, оның қылмысы анықталмағандықтан іс мүлдем қысқартылған. Облпрокурордың наразылығы қанағаттандырылған.

Қызылорда облыстық прокурорының 1997 жылғы 16 қыркүйектегі қорытындысымен Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 14 сәуірдегі Заңының негізінде толық ақталған.

СӘТІҒҰЛОВ Нұрғали Тереңөзек ауданы, Қараөзек өзені бойында кедей шаруаның семьясында өмірге келген. Өмір жолын екінші ауылда болыстық жер бөлімінде жер реформасын жүргізуші болып бастаған. Түркістан өлкелік партия комитетінің жауапты хатшысы, Халық комиссарлар Советінің Коллегия мүшесі, іс басқарушысы қызметіне дейін өскен. 1919 жылы Перовскі Тетенше Комиссия төрағасының орынбасары болып тағайындалып, онда 1920 жылғы қазан айына дейін істеген. Осы қызметте жүріп, халыққа жеккөріністі болған Иосиф Гержотты тұтқындау операциясына қатысқан. 1920—1922 жылдары Түркістан өлкелік партия комитеті насихат және үгіт бөлімінің меңгерушісі, жер-су бөлімінің меңгерушісі болды. 1922—1923 жылдары Ташкентте Ішкі Істер Халық Комиссары, Жетісу, Алматы қаласы бойынша жерге орналастыру жөніндегі сенімді өкіл, 1923 жылғы шілдеден 1924 жылғы ақпанға дейін Ақмешіт қаласында Уездік партия комитетінің хатшысы, 1924 жылғы наурыздан 1925 жылға дейін Шымкент қаласындағы Губерниялық прокурор, 1925 жылғы наурыздан 1929 жылға дейін Петропавл қаласында губерниялық прокурор, 1929—1930 жылдары Орда қаласында губерниялық прокурор болып істеген. 1930 жылғы қыркүйекте Орда қаласының совет атқару комитетінің төрағасы, 1932 жылы Алматы қаласында халық комиссарлар советінің коллегия мүшесі, іс басқарушысы болды, онан кейін бір жыл Ақмола қалалық совет атқару комитетінің төрағасы болып істеді, өмірінің соңғы кезінде өнеркәсіп басқармасының бастығы болды. Алматы облыстық жергілікті өнеркәсіп басқармасының бастығы болды.

1937 жылғы 7 тамызда НКВД жендегі оны “халық жауы” деп жариялап, тұтқындады да, 1938 жылғы 3 наурызда 38 боздақтың бірі болып, Алматы түрмесінде атылды.

(Бұл мәліметтер Сәтіғұлов Нұрғалидың жалғыз ұрпағы Клара ұсынған құжаттардан, “Дала дидары” газетінің № 41 санынан алынды).

СЕРЖАНОВ Ералы “Ақарық” колхозында 1901 жылы туған, білімі бастауыш, партияда жоқ, қамауға алынғанға дейін осы колхозда тұрған. Ол Кеңес үкіметіне қарсы контрреволюциялық, ұлтшылдық ұйымға белсене қатысып, колхозшылар арасында провокациялық үгіт жүргізіп, партия мен үкіметтің ауыл шаруашылығында жүргізіп жатқан шараларына қарсы зиянкестік әрекеттер жасағандықтан айып тағылып, тұтқынға алынып, қылмыстық іс қозғалған. Оңтүстік Қазақстан облыстық НКВД Басқармасы жанындағы үштіктің 1937 жылғы 30 желтоқсандағы қаулысымен 10 жылға бас бостандық еркінен айыруға сотталған. Ол 1989 жылғы 22 мамырда ақталған.

СЛЮСАРЕНКО Георгий Николаевич родился в 1907 году в гор. Черкасске, Киевской области, украинец, образование начальное, беспартийный, до ареста проживал в Теренозском районе, работал кузнецом в Аламесекском МТС. Он обвиняется в том, что являлся участником контрреволюционной, троцкистско-бухаринской террористической организации, активно проводил антисоветскую провокаторскую агитацию поразительного характера, восхвалял техническую и экономическую мощь фашистской Германии, вел шпионско-диверсионную, подрывно-вредительскую деятельность в сельском хозяйстве, за что арестован и привлечен к уголовной ответственности. Приговором Кызылординского областного суда от 1 сентября 1942 года осужден по статье 58—10 ч. 2 УК РСФСР сроком на 10 лет лишения свободы. Он реабилитирован 3 марта 1989 года.

СОЛТАГЕРЕЕВ Гириң родился в 1909 году в Чечено-Ингушской АССР, чеченец, образование неполное среднее, беспартийный, до ареста проживал в колхозе им. Ворошилова, Теренозского района, работал учетчиком колхоза. Он обвиняется в том, что являлся членом контрреволюционной, националистической, террористической организации, активно проводил антисоветскую провокаторскую агитацию среди чеченского населения и шпионско-диверсионную, подрывно-вредительскую деятельность, за что арестован и привлечен к уголовной ответственности. Приговором Кызылординского областного суда от 19 сентября 1950 года осужден на 25 лет лишения свободы. Он реабилитирован 25 марта 1996 года.

СТЕПАНОВ Николай Александрович родился в 1897 году в Воронежской области, русский, образование начальное, беспартийный, до ареста проживал на станции Караозек, Теренозского района, работал машинистом водочки. Он обвиняется в том, что являлся участником контрреволюционной, террористической организации, проводил антисоветскую, провокаторскую агитацию поразительного характера и подрывно-вредительскую работу на железной дороге, за что арестован и привлечен к уголовной ответственности. Приговором особого совещания при НКВД от 12 августа 1942 года осужден на 8 лет лишения свободы. Он реабилитирован 4 сентября 1989 года.

Т

ТӨЖБЕНОВ Муса Қызылорда ауданының № 7 ауылында (4 ауыл) 1895 жылы туған, кейін 1929 жылдан Арал қаласында тұрған, Қожа руынан, ірі бай, атқамінер болған, 1918 жылдан БК(б)П мүшесі, партиядан 1933 жылы Қызылорда қаласында ұлтшылдық топқа қатысқаны үшін шығарылған. 1920 жылы Қызылорда қаласында заңсыз мылтық атқаны үшін Ревтрибуналмен сотталған. 1932—33 жылдары Қызылорда ауданының № 7 ауылы “Талап” колхозында ұлтшылдық топ ұйымдастырып, колхозды құлатып, жауапты болатын болғасын қашып кеткен. Арал қаласында тұрғанда ол алашордашылармен және ұлтшылдармен тығыз байланыс жасап, солардың көмегімен балық колхоз одағына жұмысқа орналасады. Арал қаласындағы белсенді ұлтшылдардың бірі болып, қазақтар арасында контрреволюциялық фашистік үгіт жүргізген. 1933 жылы Мемлекеттік балық тресінде кадрлар бөлімінің менгерушісі болып жұмыс істеп жүргенде контрреволюциялық жұмыстар жүргізіп, қазақтармен орыстар арасында ұлттық қақтығыстар тудырған, ашықтан-ашық былай деген. “Мен осы жерде жұмыс істеп тұрғанда орыстардың жұмыс бабында көтерілуіне жол бермеймін”. Сталиндік Конституцияға наразылық білдіріп, оған өртүрлі жала жауып, бұқара арасында сояс туралы провокациялық суық хабарлар таратқандықтан айып тағылып, Арал аудандық НКВД бөлімінің 1937 жылғы 9 тамыздағы қаулысымен тұтқынға алынып, қылмыстық іс қозғалған. Ақтөбе облыстық НКВД басқармасы жанындағы үштіктің 1937 жылғы 10 қазандағы қаулысымен Төжбен Муса 8 жылға еңбек түзету лагеріне сотталған. Қызылорда облыстық соты Президиумының 1960 жылғы 9 шілдедегі қаулысымен Ақтөбе облыстық НКВД Басқармасы жанындағы үштіктің 1937 жылғы 10 қарашадағы Төжбен Муса жөніндегі қаулысы бұзылып, қылмыс құрамы жоқ болғандықтан іс мүлдем қысқартылған. Төжбен Муса сот арқылы толық ақталған.

ТӨКЕНОВ Төжі 18 партсъезд колхозында 1907 жылы туған, орта шаруа, шала сауатты, партияда жоқ, Тереңөзек ет совхозында санитар болып жұмыс істеген, үйленген, әйелі — Төжігүл, қызы — Сақып-жамал.

Төкенов Төжі 1942 жылдың маусым айында Тереңөзек АӘК арқылы әскер қатарына алынып, Отан соғысына қатысқан. 1942 жылдың қыркүйек айында ұрыс даласында немістердің тұтқынына түскен. Тұтқында жүріп басқа сатқындармен бірлесіп, өз еркімен 1944 жылдың маусым айында кеңес үкіметіне қары құрылған “Түркістан легионына” кіріп, фашистік Германияға адал қызмет ететіні деп ант алған. Сол легионда жүріп, молдалар дааярлайтын мектепті бітіріп, неміс армиясының унтер-офицер шенін алған. Ол молда есебінде легион тұтқындары арасында кеңес үкіметіне қарсы жұмыстар жүргізіп, оларды Кеңес Одағына қарсы белсенді күреске ұйымдастырған.


1945 жылғы мамыр айында Кеңес Армиясының шабуылы кезінде Төкенов кеңес армиясының тұтқынына түскен. Тереңөзек поселкесіне қайтып келгеннен кейін де Төкенов 1946 жыл бойына тұрғындар арасында кеңес үкіметіне қарсы үгіт жүргізіп, бұрынғы фашистік Германиядағы тұрмыс жағдайды мадақтап, кеңес үкіметіндегі жағдайға күйе жаққан. Төкеновке осындай қылмысы үшін РСФСР ҚК-ның 58—1“б” және 58—10 тармағының 1 бөліміне жататын айып тағылған.

Түркістан Әскери округі Әскери трибуналының 1948 жылғы 20 қарашадағы үкімімен Төкенов Төжі РСФСР ҚК-ның 58 бабының 1 тармағының “б” пунктіндегі негізінде “Өлім жазасын жою туралы” СССР Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1947 жылғы Жарлығының 2 бабына сәйкес 25 жылға, 5 жылға саяси құқын жоюға, өзіне тиісті мүлкін төркілеуге сотталған.

Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасы 4 бөлімінің әскери прокуратурасының қорытындысы бойынша Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 14 сәуірдегі Заңының негізінде Төкенов Төжі 1999 жылғы 2 маусымда толық ақталған.

ТЕМІРОВ Жармағамбет № 7 Бесөзек ауылдық кеңесінде 1905 жылы туған, әлеуметтік негізі кедей-

шаруа, шала сауатты, партияда жоқ, бұрын сотты болмаған, қамауға алынғанға дейін облыстық саяси кассасының күзетшісі болып жұмыс істеген, Қызылорда қаласы, Войтинцева көшесі, № 12 үйде тұрған, үйленген, әйелі — Айткүл.



Теміров Жармағамбет 1942 жылдың 18 шілдесінде Қызылорда облыстық прокуратура арқылы тұтқынға алынып, РСФСР ҚК-ның 169 бабымен айыпталып, 3 жылға бас бостандық

еркінен айыруға сотталған. Қызылорданың № 10 түрмесінде отырып, тұтқынға түскендігіне ызаланып, қамауда жатқан адамдардың арасында 18—19 шілде күндері: “Германияның әскерлері Ленинград пен Мәскеуді алып, күншығысқа қарай келе жатыр”, — деп өтірік жалған лақап таратқан. Сонымен қатар фашистік Германияның күшін мақтап, Қызыл Армияның күшіне сенімсіздік келтіріп, контрреволюциялық сөздер айтқан. Теміров тұтқында жатқан адамдардың арасында кеңес үкіметіне қары жеңілістік сипатта үгіт жүргізіп, мемлекеттік қылмыс жасаған. НКВД-ның № 10 Қызылорда түрмесінің делел өкілінің 1942 жылғы 23 шілдедегі қаулысымен тұтқында жатқан Теміров Жармағамбеттің үстінен қылмыстық іс қозғалған.

Тергеу ісі 1942 жылдың тамыз айының 8-күні аяқталып, айыптау қорытындысы сол күні шығарылған. Оған РСФСР ҚК-ның 58 бабының 10 тармағының 2 бөлімімен айып тағылып, айыптау қорытындысы Қызылорда облыстық НКВД Басқармасы бастығының орынбасары 10 тамызда, облыстық прокуратура

14 тамызда және Қызылорда облыстық сотының қылмысты істер қарайтын сот коллегиясының дайындау мәжілісінің 15 тамыздағы ұйғаруымен бекіткен. Қызылорда облыстық сотының қылмысты істер қарайтын сот коллегиясының 1942 жылғы 20 тамыздағы үкімімен айыпкер Теміров Жармағамбет 8 жылға бас бостандық еркінен айыруға, жазасын өтегеннен кейін 3 жылға сайлау-сайлану құқын жоюға, өзіне тиісті мал-мүлкін төркілеуге сотталған.

Қазақ ССР Жоғарғы сотының қылмысты істер қарайтын сот коллегиясының 1942 жылғы 10 қыркүйектегі ұйғаруымен Қызылорда облыстық сотының 1942 жылғы 20 тамыздағы үкімін күшінде қалдырып, Ж. Теміровтың шағым арызын нәтижесіз тастаған.

Қазақ ССР Прокуроры орынбасарының бақылау ретінде Теміровтің ісі жөнінде Қазақ ССР Жоғарғы сотының Президиумына 1990 жылғы 8 ақпанда жолдаған наразылығы бойынша Теміров Жармағамбет жайлы Қызылорда облыстық сотының 1942 жылғы 20 тамыздағы үкімін, Қазақ ССР Жоғарғы сотының қылмысты істер қарайтын сот коллегиясының 1942 жылғы 10 қыркүйектегі ұйғаруын бұзып, оның әрекетінде қылмыс белгісі болмағандықтан қысқартуды сұраған. **ТОҚМАМБЕТОВ** Айдар № 44 ауылында 1896 жылы туған, шала сауатты, партияда жоқ, қамауға алынғанға дейін Қармақшы ауданының “Қызылкедей” колхозында тұрған, колхозшы болған. Ол кеңес үкіметіне қарсы жат пиғылда болып, колхозшылар арасында контрреволюциялық, провокациялық үгіт жүргізген, партия мен Үкіметтің ауыл шаруашылығында жүргізіп жатқан шараларына қарсы зиянкестік әрекеттер жасаған. Осы қылмысы үшін тұтқынға алынып, қылмыстық іс қозғалған. Қазақстандағы ОГПУ өкілетті өкілдігі жанындағы үштіктің 1933 жылғы 29 маусымдағы қаулысымен 8 жылға бас бостандық еркінен айыруға сотталған. Ол 1989 жылғы 13 шілдеде ақталған.

ТУҒАНБАЕВ Болғамбай № 20 ауылында 1901 жылы туған, білімі бастауыш, партияда жоқ, қамауға алынғанға дейін, осы ауылда тұрған. Ол кеңес үкіметіне қарсы контрреволюциялық провокаторлық үгіт жүргізіп, колхоз құрылысына қарсы зиянкестік әрекеттер жасаған. Осы қылмысы үшін тұтқынға алынып, қылмыстық іс қозғалған. Қазақстандағы ОГПУ өкілетті өкілдігі жанындағы үштіктің 1933 жылғы 29 маусымдағы қаулысымен 3 жылға бас бостандық еркінен айыруға сотталған. Ол 1995 жылғы 1 желтоқсанда ақталған.

Ш

ШАЙНГОЛЬД Хаим-Цалел Абрамович родился в 1919 году в гор. Варшаве, еврей, образование неполное среднее, беспартийный, до ареста проживал в Теренозекском районе, работал трактористом Аламесекской МТС. Он обвиняется в том, что являлся участником контрреволюционной, шпионско-диверсионной организации, вел подрывно-вредительскую деятельность, за что арестован и привлечен к уголовной ответственности. Приговором Кызылординского областного суда от 10 августа 1943 года осуж-

ден на 10 лет лишения свободы. Он реабилитирован 3 февраля 1989 года.

ШАЛҚЫБАЕВ Бәймен Теренөзек ауданында 1893 жылы туған, білімі ортауа, БК(б)П мүшесі, осы іске байланысты партия қатарынан шығарылған, қамауға алынғанға дейін Сырдария ауданында тұрған, ауылдық кеңестің төрағасы болып қызмет атқарған. Ол кеңес үкіметіне қарсы контрреволюциялық, ұлтшылдық ұйымның мүшесі болып, ауыл шаруашылығында диверсиялық, террорлық және зиянкестік әрекеттер жасаған, ауылдық кеңестің жұмысын құлатқан. Осы қылмысы үшін тұтқынға алынып, қылмыстық іс қозғалған. Қызылорда облыстық сотың 1938 жылғы 4 тамыздағы үкімімен 20 жылға бас бостандық еркінен айыруға сотталған. Ол 1990 жылғы 22 тамызда ақталған.

ШАҢҒАРАЕВ Мағзұм “Шымбөгет” колхозы жерінде 1893 жылы туған, шала сауатты, партияда жоқ, қамауға алынғанға дейін осы колхозда колхозшы болып жұмыс істеген. Ол кеңес үкіметіне қарсы контрреволюциялық-ұлтшылдық әртүрлі зиянкестік әрекеттер жасаған. Осы қылмысы үшін тұтқынға алынып, қылмыстық іс қозғалған. НКВД жанындағы үштіктің 1945 жылғы 24 қыркүйектегі қаулысымен 5 жылға жер аударуға сотталған. Ол 1989 жылғы 30 тамызда ақталған. **ШАҢҒАРАЕВ** Рысты “Шымбөгет” колхозы жерінде 1903 жылы туған, шала сауатты, партияда жоқ, қамауға алынғанға дейін осы колхозда колхозшы болып жұмыс істеген.

Ол кеңес үкіметіне қарсы жат пікірде болып, колхоз шаруашылығына әртүрлі зиянкестік әрекеттер жасаған және колхозшылар арасында провокациялық үгіт жүргізген. Осы қылмысы үшін тұтқынға алынып, қылмыстық іс қозғалған. НКВД жанындағы Ерекше мәжілістің 1945 жылғы 24 қыркүйектегі үкімімен 5 жылға жер аударуға сотталған. Ол 1989 жылғы 30 тамызда ақталған.

ШӘКІРОВ Әбен № 2 ауылында 1873 жылы туған, сауатсыз, партияда жоқ, қамауға алынғанға дейін осы ауылда тұрған. Ол кеңес үкіметіне қарсы контрреволюциялық-ұлтшылдық үгіт жүргізіп, патша үкіметі тұсындағы халықтың тұрмысын мақтап, кеңес үкіметінің колхоздастыру жұмысын жамандаған және әртүрлі зиянкестік әрекеттер жасаған. Осы қылмысы үшін тұтқынға алынып, қылмыстық іс қозғалған. Қазақстандағы ОГПУ өкілетті өкілдігі жанындағы үштіктің 1930 жылғы 21 қарашадағы қаулысымен 5 жылға бас бостандық еркінен айыруға сотталған. Ол 1989 жылғы 4 қыркүйекте ақталған.

ШӨКІРОВ Мұқан Аламесек ауылдық кеңесінде 1912 жылы туған, НКВД-ның Қызылорда ауылдық бөлімшесінің 1938 жылғы 2 наурыздағы қаулысымен тұтқындалып, ҚК-тың 58 бабының 2, 8, 11 тармақтарымен қылмыстық іс қозғалған. Қызылорда облыстық сотының 1939 жылғы 25 мамырдағы үкімімен 4 жылға сотталған, Қазақ ССР-ы Жоғарғы Сотының қылмысты істер қарайтын сот Коллегиясының 1939 жылғы 26 маусымдағы ұйғаруымен Қызылорда облсотының үкімі бұзылған, іс өндірістен қысқартылып, тұтқыннан босатылған, қамауға алынғанға дейін ҚК-нің (б)П мүшелігіне кандидат, Қызылорда аудандық партия комитетінде (учетчик) есептеуші болып қызмет атқарған.

ШЕКТІБАЕВ Үмбет № 20 ауылында 1894 жылы туған, шала сауатты, партияда жоқ, қамауға алынғанға дейін осы ауылда тұрған. Ол кеңес үкіметіне қарсы контрреволюциялық, террорлық, ұлтшылдық үгіт жүргізіп, партия мен үкіметтің ауыл шаруашылығында жүргізіп жатқан саяси-экономикалық шараларына қарсы зиянкестік әрекеттер жасаған. Осы қылмысы үшін тұтқынға алынып, қылмыстық іс қозғалған. Қазақстандағы ОГПУ өкілетті өкілдігі жанындағы үштіктің 1933 жылғы 29 маусымдағы қаулысымен 9 жылға бас бостандық еркінен айыруға сотталған. 1995 жылғы 1 желтоқсанда ақталған.

Топтама

1. ЕСЖАНОВ Есмахан Тереңөзек ауданының № 13 ауылында 1906 жылы туған, партияда жоқ, бұрын сотталмаған.

2. ЖҮСПІНОВ Әли Тереңөзек ауданының № 13 ауылында 1905 жылы туған, партияда жоқ, бұрын сотталмаған.

1942 жылы 22 қыркүйекте Есжанов және Жүсіпов әскери қызметтен жалтару мақсатында, өзара келісіп, майданның алғы шебінде жүргендерінде Отанның сатып, жаудың әскерлеріне өтіп, тұтқынға түспекші пиғылда болған. Осы мақсатта жау жағына өтіп кеткен сатқын Сарбөпеевпен жақсы қарым-қатыста болған.

Осы қылмыстары үшін 1942 жылы 22 қыркүйекте екеуі де тұтқынға алынған.

1942 жылғы 1 қазанда НКВД-нің ерекше бөлімі Есжанов пен Жүсіповтың іс-әрекеттерінде қылмыс құрамы болмағандықтан істі өндірістен қысқартқан.

Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 14 сәуірдегі “Жапшай саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау туралы” Заңына сәйкес Есжанов пен Жүсіпов ақталған.

1. ҚАДЫРОВ Тұрған Тереңөзек ауданы, Ворошилов атындағы колхозда 1911 жылы туған, білімі 3 класс, үйленген, бұрын сотталмаған, Тереңөзек АӘК арқылы әскер қатарына 1942 жылдың маусым айында алынып, МСБ 107 ТБ құрамында қатардағы жауынгер ретінде Отан соғысына қатысқан.

2. КИЗБАЕВ Маймұхан Алматы облысында 1907 жылы туған, сауатсыз, үйленген, бұрын сотталмаған, СБ 107 ТБ құрамында қатардағы жауынгер ретінде Отан соғысына қатысқан.

Бұл екеуі 1942 жылдың 28 тамызында шабуыл операциясын өткізу кезінде, ұрыстан бой тасалау мақсатында өздерін өздері атып жарақат алған. Осы қылмыстары үшін Қалдыров Тұрған мен Кизбаев Маймұхан 107 танк бригадасы НКВД Ерекше Бөлімінің 1942 жылғы 28 тамыздағы қаулысымен ең жоғары жаза — ату жазасына кесілген. Сол күні екеуі де жауынгерлер сапының алдында атылған.

Қазақстан Республикасы Бас әскери прокурордың аға көмекшісі, юстиция полковнигі А. Б. Шегировтың осы қылмысты іс жөнінде шығарған қорытындысы бойынша Қалдыров Тұрған, Кизбаев Маймұхан сот органысыз НКВД Ерекше Бөлімінің қаулысымен ең жоғары қылмыстық жазаға ұшыраған, сондықтан бұл екеуі толық ақталуға жатады делінген. Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 14 сәуірдегі Заңының 5 бабы, “Г” пунктіннің негізінде Қалдыров Тұрған, Кизбаев Маймұхан 1998 жылғы 29 маусымда толық ақталған.

1. ШАМЕНОВ Токшылық Тереңөзек ауданының № 10 ауылында 1913 жылы туған, осы ауылда тракторшы болып істеген.

2. АЯПОВ Жақсылық Тереңөзек ауданының № 11 ауылында 1906 жылы туған.

3. ОЛЖАБАЕВ Нұртаза Тереңөзек ауданының № 11 ауылында 1905 жылы туған.

Олар неміс фашистерімен ұрыс майданында өзара келісіп, Воронеж қаласындағы ұрыста 1942 жылғы 6 қыркүйекте қолдарындағы мылтықтарымен өз еріктерімен немістердің тұтқынына түскен.

Осы қылмыстары үшін 1946 жылғы 27 сәуірінде тұтқынға алынып, 1946 жылғы 3 тамызында ТуркВО Әскери Трибуналы РСФСР ҚК-нің 58—1 бабы “б” тармағымен айыпталған қылмыстық істі қарап, Шаменов пен Аяповтың әрқайсысын 10 жылға бас бостандығы еркінен айыруға, Олжабаевты 8 жылға бас бостандығы еркінен айыруға соттаған.

1997 жылғы 24 қарашала Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 14 сәуірдегі “Жапшай саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау туралы” Заңының негізінде олар ақталған.

Себебі, олар неміс тұтқынына тірі қалу мақсатында түскен, кеңес өкіметінің қызыл әскерлеріне немесе партизандарға қарсы соғыспаған, шаруашылық жұмыстарда, шахтада жұмыс істеген, ыңғайлы жағдайларды тауып, қызыл әскер жағына Олжабаев, Аяпов, Шаменовтер өтіп, соғыс біткенше неміс фашистеріне қарсы соғысқан.

Соғыстан еліне оралғаннан кейін Олжабаев өзі НКВД-ға келіп, неміс тұтқынында болғанын баяндаған.

1. ЖЫЛҚЫБАЕВ Жұманияз 1888 жылы Аламесек ауданының № 1 ауылында туған.

2. ЖЫЛҚЫБАЕВ Сүндет 1880 жылы Аламесек ауданының № 1 ауылында туған.

3. СҮНДЕТОВ Дұрман 1905 жылы Аламесек ауданының № 1 ауылында туған.

4. МАХАНОВ Жайсанбай 1890 жылы Аламесек ауданының № 1 ауылында туған.

5. ТОРҒАЕВ Ізгілеу 1901 жылы жылы Аламесек ауданының № 1 ауылында туған.

6. ҚАРАБАЛАЕВ Қайнар 1877 жылы Аламесек ауданының № 1 ауылында туған.

7. ОРАЗАЛИЕВ Жетіру 1880 жылы Аламесек ауданының № 1 ауылында туған.

8. НҮРСЕЙТОВ Құрақбай 1885 жылы Аламесек ауданының № 1 ауылында туған.

Жинақталған құжаттарға қарағанда бұл 8 азамат өзара бірігіп, кеңес өкіметіне қарсы үгіт-насихат жұмыстарын жүргізіп, социалистік экономикалық құлдырауды армандаған.

РСФСР Қылмыс Кодексінің 58—10 және 19—53—3 бабтарымен тергеу жүргізілген, бірақ ешқайсысына да айып тағылмаған, 25 сәуір 1930 жылдан 8 мамыр 1930 жылдың аралығында заңсыз тұтқынға алынған. 8 мамыр 1930 жылы Қызылорда облысы ОГПУ-дің өкілетті өкілі тексеріп, куәлардың әрқайсысынан жауап алып, бұл азаматтардың заңсыз жауапқа тартылып, заңсыз тұтқынға алынғандары анықталып, өзінің қаулысымен істі өндірістен қысқартып, оларды тұтқыннан босатқан.


Қазақстан Республикасының 14 сәуір 1993 жылғы “Жапшай саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау туралы” Заңына сәйкес бәрі де ақталған.

СЫРДАРИЯ АУДАНЫ БОЙЫНША

А

АБЛАЕВ Алтынбек Қызылорда ауданының № 29 ауылы Қызылқұмда 1896 жылы туған, кейін Сырдария ауданының «Жас қайрат» колхозында тұрған, бұрын бай, кейін фермада бригадир болған. Партияда жоқ, шала сауатты, 1936 жылы көп өйел алғаны үшін 6 айға айыпты жұмысқа сотталған, 1940 жылы күз айында Сырдария аудандық НКВД бөлімінде 1 ай отырып шыққан, 1929—30 жылдары Қызыл-құмдағы Ағатай қарақшыларының көтерілісіне қатысқан, кенес үкіме-тінің қас жауы ретінде колхозшылар арасында контрреволюциялық насихат жүргізген коммунистерді жаман сөздермен балағаттап, «жақын арада олардың күні бітеді»,— деген және неміс фашистерінің күш-қуатын мадақтап үгіт жүргізген. Осы қылмысы үшін 1941 жылғы 22 қарашада ОБВ НКВД Басқармасының қаулысымен тұтқынға алынып, РСФСР ҚК-ның 58 бабының 10 тармағымен қылмыстық іс қозғалған. Қызылорда облыстық прокурордың 1942 жылғы 7 наурыздағы қорытындысы бойынша А. Аблаевтың қылмысты ісін СССР НКВД жанындағы Ерекше Мөжілісінің қарауына жіберіп, одан жаза мерзімін 10 жылға соттауды сұраған, істе сотталған үкімі жоқ. Қызылорда облыстық прокурордың 1997 жылғы 13 мамырдағы қорытындысы бойынша А. Аблаев Қазақстан Республикасының «Жаппай саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау туралы» 1993 жылғы 14 сәуірдегі Заңының негізінде толық ақталған.

АЙБОЛОВ Мұхамеджан Сырдария ауданының Бірқазан ауылдық тұтынушылар одағында нұсқаушы болып қызмет істеп жүріп, 1936 жылғы тамыз айында кеңес үкіметіне қарсы ұлтшылдық ұйымға аудандық тұтынушылар одағының бұрынғы төрағасы Нұрмақов Бақберген арқылы кіріп, осы ұйымға қатысушылардың кеңес үкіметіне қарсы жүргізген әрекеттеріне белсене қатысқан. Айболов коопера-



ция жүйесіндегі талан-таражды жабу мақсатында 1936 жылы 7500 сомға жалған құжат жасаған. Сөйтіп аудандық тұтынушылар одағы үлкен зиянға отырған, аудандық тұтынушылар одағы бойынша талан-тараж 69000 сом болған. Жауыздық мақсатында Айболов ұйымның басқа мүшелерімен бірге 1936 жылы Центрспиртке 31000 сомның тарысы мен қабын әдейі жібермеген. Сонымен қатар сол жылы Айболов пен Нұрмақовтың басқарған тобына аудандық тұтынушылар одағына бір kilosы 12 сомнан өсімдік майы келген, оның бір kilosын 5 сомнан сатып, аудандық тұтынушылар одағы 7000 сом зиян шеккен. Айболов ұйымның тапсырмасы бойынша жұмысын құлату, жауыздық жұмысты жасыру мақсатында 1936 жылы селпо бойынша есеп беру-сайлау науқанын бұзған, кооперацияға пайшиктер жарнасын жинауды және жаңа мүшелер тартуды орындамаған. Сол үшін ол Қызылорда облыстық НКВД Басқармасы УГБ-ның 4 бөлімшесінің 1938 жылғы маусым айындағы қаулысымен тұтқынға алынып, РСФСР ҚК-ның 58 бабының 2, 7, 11 тармақтарымен қылмыстық іс қозғалған.

Қызылорда облыстық сотының 1938 жылғы 27 қыркүйектегі үкімімен Айболов Мұхамеджан 15 жылға бас бостандық еркінен айыруға, жазасын өтегеннен кейін 5 жылға саяси құқын жоюға сотталған. Қазақ ССР прокурорының 1990 жылғы 19 маусымдағы наразылығы бойынша Айболов Мұхамеджан жайлы Қызылорда облыстық сотының 1938 жылғы 27 қыркүйектегі үкімін бұзып, бұл істі оның әрекеттерінде қылмыстың құрамы болмағандықтан істі өндірістен қысқартуды Қазақ ССР Жоғарғы Сотының қылмысты істер қарайтын сот коллегиясынан сұраған. Ол толық ақталған.

АЙДАРБЕКОВ Сұлтан № 14 ауылдық кеңесі «1 Май» колхозында 1901 жылы туған, шала сауатты, БК(б)П мүшесі, колхозда бригадир болып жұмыс істеген, әйелі —Мария, қызы — Баян.

Айыптау қорытындысы бойынша Айдарбеков Сұлтан 1942 жылдың маусым айында әскер қатарына алынып, Отан соғысына қатысқан, Ленинград майданының Волхов бағытында ұрысып, екі рет жарақаттанған, 1942 жылғы қазан айында қызыл әскерлер Атабаев Асанбайдың, Әбдіраймов Жүнісбектің және Мырзахметов Садықтың сатқындық пиғылдарын біле тұра, олардың бұл қылмысты жасаулары болдырмауға ешқандай шара көрмеген және олардың сат-қындық әрекеттерін өз бөлімшесінің командованиясына хабарламаған.

Бұл үшін жауынгерлер 1942 жылғы 15 қазанда қаруларын тастап, неміс-фашист әскерлерінің жағына өтіп кеткен. Айдарбеков Сұлтан сонымен бірге бұл қылмысты тергеу органдарынан да жасырмақшы болған, сөйтіп ол ауыр қылмыс жасаған.

Атабаев Асанбай—Отанды сатқаны үшін СтепВОН-ның әскери Тирбунальның 1946 жылғы 29 қаңтардағы үкімімен РСФСР ҚК-ның 58 бабының 1-б) тармағымен 20 жылға еңбек түзету лагеріне, 5 жылға сайлау-сайлану құқын жоюға сотталған.

Айдарбеков Сұлтан Қызылорда НКГБ басқармасының тергеу бөлімшесінің 1946 жылғы 15 ақпандағы қаулысымен тұтқынға алынып, РСФСР ҚК-ның 58 бабының 1 «б» тармағымен қылмыстық іс қозғалған.

Қызылорда облыстық НКГБ Басқармасының тергеу бөлімшесінің 1946 жылғы 27 сәуірдегі қаулысымен Айдарбеков Сұлтанға тағылған 58-1 «б» тармағы 58 бабтың 12 тармағымен ауыстырылған.

Қызылорда облыстық сотының қылмысты істер қарайтын сот коллегиясының 1946 жылғы 30—31 мамырдағы үкімімен Айдарбеков Сұлтан 5 жылға бас бостандық еркінен айыруға, 2 жылға сайлау-сайлану құқын жоюға сотталған.

Қазақ ССР Жоғарғы Сотының Қылмысты істер қарайтын сот коллегиясының 1946 жылғы 18 шілдедегі ұйғаруымен Қызылорда облсотының үкімі күшінде қалдырылған. Айдарбеков Сұлтаннның шағым арзыы аяқсыз тасталған.

Қазақ ССР прокуроры орыбасарының Қазақ ССР Жоғарғы Сотының Президиумына жолдаған наразылығында Қызылорда облыстық сотының үкімімен, Қазақ ССР Жоғарғы сотының 1946 жылғы шілде айының 18 күні ұйғаруын Айдарбековтың әрекетінде қылмыстың құрамы болмағандықтан бұзып, істі өндірістен қысқартуды сұраған.

АЛДАБЕРГЕНОВ Құрбан-Шайхы Қызылорда ауданының № 12 Ақжарма ауылдық кеңесі «Шандайкөл» серіктігінде 1877 жылы туған, революцияға дейін және одан кейін де дінді уағыздаушы адам болған, өзі жеке мешіт ұстаған, партияда жок, діни сауатты, үйлі-жайлы, сотты болмаған, кейінгі кезде «Қарасу» колхозының мүшесі болған, бірақ колхозда істемеген. 1936 жылға дейін асырап алған балам деп жалшы ұстаған, ол құлшылық жұмыста жүріп өзін-өзі атып өлтірген.

АЛДАБЕРГЕНОВ Құрбан-Шайхы дін ұстаушы ретінде құрбан шалуға Арабиядағы «Меккеге» барып, сол уақыттан бастап ол «Құрбан хажы» атанған, Меккеден қайтып келгеннен кейін Алдабергенов Құрбан-Шайхы қазақ жұртын алдау мақсатында бұрын ишан болған, «Мүл-Күлен» — (Мүлқалан) қабыр кешенесін шырақшы ретінде пайдаланып, онда күнделікті діни әдет-ғұрыпты жүргізіп, жұртшылық арасында: «Тумай жүрген қазақ әйелдері кешенеге келіп түнеше, құдайға жалбарынып бала сұраса, ол әйел бала табады», — деп контрреволюциялық-діни уағыз таратқан, олардан сол үшін заңсыз түрде алым-салық, астық, мал т.б. алып отырған.

Алдабергенов Құрбан-Шайхы ауылдық кеңестің «Мүлқалан» кешенесін бұзып, қышқын клуб пен мектеп құрылысына пайдалану туралы шығарған қаулысына қарсы контрреволюциялық үгіт таратып:

«Міне көрдіңдер ме, енді әулиелердің кешенесін бұзатын болды, оны біз бұздырмайық, бұздырсақ бізді құдай атады», — деген.

СССР Жоғарғы Кеңесінің сайлауы кезінде Құрбан-Шайхы, «сайлаушылардың тізіміне бұрынғы кулактар кіріп кеткен», — деп сылтауратып сайлауды өткізбеуге күш салған. Сонымен бірге ол сайлау комиссиясының мүшелеріне қарсы контрреволюциялық үгіт таратып, «санак біткеннен кейін сайлау комиссиясының мүшелері есікті жауып алып, комиссия мүшесі болған әйелдерді пайдаланады», — деген. Сол үшін ол Қызылорда аудандық НКВД бөлімінің 1937 жылғы 24 желтоқсандағы қаулысымен тұтқынға алынып, РСФСР ҚК-ның 58 бабының 10 тармағымен қылмыстық іс қозғалған.


Алдабергенов Құрбан-Шайхыны айыптаған тергеу ісін Оңтүстік Қазақстан облыстық НКВД Басқармасы жанындағы үштіктің қарауына 1937 жылғы 27 желтоқсанда жіберілген.

Оңтүстік Қазақстан облыстық НКВД Басқармасы жанындағы үштіктің 1937 жылғы 30 желтоқсандағы қаулысымен Алдабергенов Құрбан-Шайхы 10 жылға бас бостандық еркінен айыруға сотталған.

АЛТЫРҰОВ Тұрмахан Сырдария ауданының № 13 ауылында 1896 жылы туған, сауатты, партияда жок, қамауға алынғанға дейін Қармақшы поселкесінде тұрған, аудандық қаржы бөлімінде инспектор болып жұмыс істеген. Ол кеңес үкіметіне қарсы контрреволюциялық үгіт жүргізіп, аудандық қаржы бөлімінің салық жинау жұмысына жауыздық-зиянкестік әрекеттер жасағаны үшін тұтқынға алынып, қылмыстық іс қозғалған. Оңтүстік Қазақстан облыстық НКВД Басқармасы жанындағы үштіктің 1937 жылғы 30 желтоқсандағы қаулысымен Алтырұов Тұрмахан 10 жылға бас бостандық еркінен айыруға сотталған. 1965 жылғы 20 сәуірде ол толық ақталған.

АМАНЖОЛОВ Әбіш Сырдария ауданының № 4 ауылында 1897 жылы туған, негізі — орта шаруа, сауатсыз, партияда жок, еш жерде жұмыс істемеген,

Қызылорда қаласы қыш зауытында тұрған, үйленген.



Аманжолов Әбіш әскери борышын ақтауға міндетті болса да және оған денсаулығы жараса да әскер қатарына барудан бас тартып, шақыру қағазын ала тұра аудандық әскери комиссариатына бармай қашып жүрген, кейін Киров атындағы колхозға келіп, өскерге бармау мақсатында фамилиясын Қыстаубаевқа өзгертіп алған.

Осы қылмысы үшін ол

Қызылордада облыстық сотының қылмысты істер қарайтын сот коллегиясының 1943 жылғы 29 мамырдағы үкімімен РСФСР ҚК-ның 193 бабының 10 «а» тармағымен 6 жылға бас бостандық еркінен айыруға сотталған.

Аманжолов Әбіш Қызылорда түрмесінде қамауда жатып, қамауда жатқандардың арасында үнемі

фашистік Германияны мадақтап, кеңес өкіметіне қарсы жеңілістік үгіт жүргізген, «Фашистік Германия Кеңес Одағын жеңеді», — деп сөуегейлік айтқан. Сөйтіп ол РСФСР ҚК-ның 58 бабының 10 тармағы 2 бөлімінде қаралған мемлекеттік ауыр қылмыс жасаған.

Тергеу барысында ол айыбын толық мойындаған, айыптау қорытындысы 18 маусымда шығарылып, оны Қызылорда облыстық прокурордың орынбасары өзінің 23 шілдедегі қорытындысымен және Қызыл-орда облыстық сотының қылмысты істер қарайтын сот коллегиясының 1943 жылғы 5 тамыздағы ұйғаруымен бекіткен.

Қызылорда облыстық сотының қылмысты істер қарайтын сот коллегиясының 1943 жылғы 20 тамыздағы үкімімен Аманжолов Әбіш 10 жылға бас бостандық еркінен айыруға, осы жазаны өтегеннен кейін 5 жылға сайлау-сайлану құқын жоюға, өзіне тиісті мал-мүлкін төркілеуге сотталған.

Қазақ ССР Жоғарғы Сотының қылмысты істер қарайтын сот коллегиясының 1989 жылғы 11 қазандағы ұйғаруымен Қызылорда облыстық сотының 1943 жылғы 20 тамыздағы Аманжолов Әбіш жөніндегі үкімін бұзып, оның өрекетінде қылмыстың белгісі жоқтығына байланысты іс қысқартылған.

Қазақ ССР прокуроры орынбасарының наразылығы қанағаттандырылған.

АМАНОВ Есмахан немесе Қойбақов Есмағамбет № 5 Октябрь ауылдық кеңесі, Молотов атындағы колхозда 1887 жылы туған, руы Сумұрын, ірі байдың, патша дәуіріндегі болыстық соттың баласы, сауаты бар, 1919 жылдан БК(б)П мүшесі, 1932 жылы көктемдегі егісті бұзғаны үшін партиядан шығарылып, бір жарым жылға бас бостандығы еркінен айыруға сотталған, одан кейін Молотов атындағы колхозда ветсанитар болып жұмыс істеген. 1932 жылы партия ячейкасының хатшысы болып тұрған кезінде контрреволюциялық топтың мүшесі болып, жауыздық жұмыстарға қатысқан, тұқым фондысынан ұрланған астықтың жартысын өзі алып пайдаланған, сол топтың тапсырмасымен мал алуға, ауыл тұрғындарын көшіруді ұйымдастыруға Қарақалпақстанға барған, сол үшін Қазақстандағы ОГПУ-дің өкілетті өкілдігінің 1933 жылғы 8 маусымдағы қаулысымен РСФСР ҚК-ның 58-7 бабымен және ОГПУ-дың 1932 жылғы № 898/с бұйрығымен 10 жылға бас бостандығы еркінен айыруға сотталған, айып мерзімін өтеуге НКВД-ның Қарағанды лагеріне айдалған, 1933 жылдың тамыз айының аяғында одан қашып шығып, Өзбек, Қырғыз республикаларында Қойбақов Есмағамбет деген жалған атпен жасырынып жүрген. СССР НКВД-ның Ерекше Мәжілісінің 1937 қаңтардағы қаулысымен Қазақстандағы ОГПУ-дың өкілетті өкілдігінің Аманов Есмахан жайлы 1933 жылғы 8 маусымдағы қаулысы күшінде қалдырылған. 1934 жылы Ферғана облысы, Алты арық ауданының «Ян-Яван» қой совхозында аға шопан болып жұмыс істеп жүргенде осы совхозда жауыздар тобына кіріп, совхоз малын талан-таражға салуға қатысқан. 10 айдын ішінде осы топ совхоздың 136 бас малын ұрлаған, совхоз малын талан-таражға салуға қатысқаны үшін осы Өзбек ССР-ы Жоғарғы Сотының сот коллегиясының үкімімен, 1932 жылғы 7

тамыздағы Заңға сәйкес 10 жылға бас бостандығынан айыруға сотталған, айып мерзімін өтеуге Өзбек ССР-і НКВД-ның Чиназ еңбек түзету лагеріне айдалған. Ол одан 1936 жылдың желтоқсанында қашып шығады. Жасырынып жүріп, жалған документ алып, РСФСР ҚК-ның 58 бабының 14 тармағынан 72 бабының 1 тармағына жататын қылмыс жасаған.

Қызылорда облыстық қылмысты істер қарайтын сот коллегиясының 1948 жылғы 6 ақпандағы үкімімен айыпкер Аманов Есмахан 10 жылға бас бостандық еркінен айыруға, саяси құқын 5 жылға жоюға сотталған. Қазақ ССР Жоғарғы сотының қылмысты істер қарайтын сот коллегиясының 1948 жылғы 25 ақпандағы ұйғаруымен Қызылорда облыстық сотының 1948 жылғы 6 ақпандағы үкімі бұзылып, істі алдын ала тергеу арқылы сол соттың өзіне, басқа құрамда қайта қарауға жіберген.

Қазақ ССР Жоғарғы сотының қылмысты істер қарайтын сот коллегиясының 1948 жылғы 28 сәуірдегі ұйғаруымен Қазақ ССР Жоғарғы Сотының 1948 жылғы 25 ақпандағы ұйғаруы бұзылып, істі сол Қазақ ССР Жоғарғы Соты коллегиясына басқа сот құрамында қарауға жібереді. Қазақ ССР Жоғарғы Сотының 1948 жылғы 31 мамырдағы ұйғаруымен Қызылорда облысының соты 1948 жылғы 6 ақпандағы үкімі күшінде қалдырылған.

Қазақ ССР Жоғарғы Сотының қылмысты істер қарайтын сот коллегиясының 1948 жылғы 7 тамыздағы ұйғаруымен Қызылорда облыстық сотының үкімі, Қазақ ССР Жоғарғы сотының 1948 жылғы 31 мамырдағы ұйғаруы бұзылып, Е. Амановтың қылмыстық ісі 58-14 бабынан 82 бабтың тармағына өзгертіліп, оның айыбы 3 жыл бас бостандығы еркінен айыруға түсірілген. СССР Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1953 жылғы 27 наурыздағы «Қайырымшылық, (амнистия) туралы» Заңына сәйкес қамаудан босатылған. Қызылорда облыстық прокурордың 13.05.97 жылғы қорытындысымен Е. Аманов Қазақстан Республикасының 1993 14 сәуірдегі Заңының негізінде толық ақталған.

АСҚАРОВ Арысбай 1919 жылы Айдарлы колхозында туған, білімі орта, партияда жок, бұрын сотталмаған, үйленген, әйелі —, қызы бар. Айдарлы мектебінің директоры болып жұмыс атқарған.

Отан соғысына Сырдария аудандық әскери комиссариаты арқылы маусым айы 1940 жылы шақырылып, № 286 атқыштар полкінде Харьков бағытындағы майдандарда ұрысқа қатысқан.

Қаңтар айы 1942 жылы фашистердің тұтқынына, сол жылдың қыркүйек айында «Түркістан легионына» өз еркімен кіріп, фашистік Германияға адал қызмет ету жайлы ант қабылдаған. 1943 жылдың тамыз айына дейін унтер-офицер шенінде бөлімше командирі болған.


Осы қылмыстары үшін Асқаров 19 мамыр 1949 жылы НКВД-ның ерекше бөлімінің қаулысымен тұтқынға алынған.

1949 жылғы 19 тамызда Түркістан Әскери округінің әскери трибуналы РСФСР Қылмыс кодексінің 58-1 бабы «П» тармағымен айыптаған. Асқаровтың қылмысты ісін қарап, оны 15 жылға бас бостандығы еркінен айыруға және 5 жылға саяси құқын жоюға соттаған.

СССР Жоғары сотының әскери коллегиясы 1949 жылғы 15 қазанда Асқаровтың шағым арызын аяқсыз тастап, үкімді өз күшінде қалдырған.

Қазақстан Республикасының 14 сәуір 1993 жылғы «Жашпай саяси қуғын-сүргіндер құрбандарын ақтау туралы» Заңының 5 бабы «А» тармағына және Қазақстан Республикасының 22 шілде 1997 жылғы «Жашпай саяси қуғын-сүргіндерді ақтау туралы Заңына қосымшалар енгізу жайлы» Заңына сәйкес Асқаров ұрыс кезінде жарақат алуына байланысты тұтқынға еріксіз түсуге мәжбүр болғандығын, қызыл әскерге қарсы соғысқа қатыспағандығын, «Түркістан легионына» кіру себебі, тұтқыннан босап, өз әскерлерінің қатарына қосылу мақсатында екендігін ескеріп, 1999 жылы 13 сәуірде ақталған.

АХМЕТОВ Елеусіз Сырдария ауданының № 2 ауылында 1889 жылы туған, сауатты, қызметкер, 1919 жылдан БК(б)П мүшесі, аудандық тұтынушылар Одағының дайындау конторасының бұрынғы төрағасы, кейін облыстық тұтынушылар одағында сауда бөлімінің, кейін ұйымдастыру-көпшілік бөлімінің меңгерушісі болып қызмет атқарған. Қызылорда қаласы Шумилов көшесі, № 57 үйде тұрған, әйелі — Қатша, балалары — Жүсіпбек, Жүсіпәлі, қыздары — Раиса, Рая.



Ахметов Елеусіз Қызылорда қалалық партия комитетінің 1938 жылғы 19 маусымдағы қаулысымен халық жауы ретінде партиядан шығарылған (протокол № 17).

Айыптау қорытындысы бойынша Ахметов Елеусіз кәсіподақ кеңесінде нұсқаушы болып жұмыс істеп жүргенде 1924 жылдың қараша айында кеңес үкіметіне қарсы ұлтшылдық ұйымға сол кездегі Қызылорда БК(б)П Уторком хатшысы Көбенов арқылы тартылып, осы ұйым мүшелерінің кеңес үкіметіне қарсы жүргізген ұлтшылдық әрекеттеріне белсенді түрде қатысқан.

Ахметов Елеусіз кеңес үкіметіне қарсы ұлтшылдық ұйымға 8 адамды тартқан. Осы ұйым басшысы Көбеновтің тапсырмасымен ол байларды және кеңес үкіметіне қарсы элементтерді қорғау саясатын жүргізген, сонымен қатар байларды кеңес және партия аппараттарына тартуға барынша көмектескен. 1924 жылы Ахметов Елеусіз кеңестердің уезд сьездерінің сайлауы кезінде Көбеновтің тапсырмасымен бұрынғы Ақарық болысына барып, уезд сьезіне байлардың кандидатураларын ұсынуға үгіт жұмысын жүргізген.

Ахметов Нұрмақовпен бірге 1937 жылы аудандық тұтынушылар одағын құлағу мақсатында 146.800 сом дебиторлық қарызын өтеу талабын бермеген, дайындау конторасының мал және жүн дайындау жоспарын бұзған. Сол үшін Қызылорда облыстық НКВД УГБ-ның 4 Бөлімінің 1938 жылғы 9 маусымдағы қаулысымен Ахметов Елеусіз тұтқынға алынып,

РСФСР ҚК-ның 58 бабының 2, 7, 10, 11 тармақтарымен қылмыстық іс қозғалған.

Қызылорда облыстық сотының 1938 жылғы 14 қазандағы үкімімен Ахметов Елеусіз 15 жылға бас бостандық еркінен айыруға, жазасын өтегеннен кейін 5 жылға сайлау-сайлану құқын жоюға, өзінің жеке мал-мүлкін тәркілеуге сотталған.

Қазақ ССР Жоғарғы Сотының қылмысты істер қарайтын сот коллегиясының 1939 жылғы 10 қыркүйектегі ұйғаруымен Қызылорда облыстық сотының үкімі мынандай өзгерістермен күшінде қалдырылған: ҚК-ның 58 бабының 7, 10 тармақтары бұзылып, айып анықталмағандықтан іс қысқартылған. Сотталушының қылмыс құрамы ҚК-ның 58 бабының 2, 11 тармақтары күшінде қалдырылып, жазалау мерзімін 10 жылға бас бостандығынан айыруға, 5 жылға сайлау-сайлану құқын жоюға ұйғарған.

Ахметов Елеусіз 1941 жылғы 19 маусымда қайтыс болған. Ахметов Елеусіз до 1920 года проживал в ауле № 10 Перовского уезда, Туркестанского края, занимался сельским хозяйством.

1920—21 гг. Ак-арык, Акмечетского уезда, Туркестанского края, Секретарь, Ответ секретарь волкома ВКП(б).

1921—23 гг. Акмечеть, Акмечетского уезда, Туркестанского края, председатель кошчи-уком союза.

1923—24 гг. г. Ташкент, Туркестанского края, зав. крайкурском секретарей волисполкомов при НКВД Узбекской ССР.

1924—25 гг. г. Кызыл-Орда, Кызыл-Ординского уезда, Каз. АССР — инструктор центрального правления союза советских и торговых служащих.

1925—26 гг. г. Кызыл-Орда, Кызылординского уезда, Каз. АССР, ответсекретарь волкома ВКП(б).

1926—28 гг. г. Кызыл-Орда, Кызылординского района, Каз. АССР, инструктор райисполкома.

1928—29 гг. г. Кызыл-Орда, Кызылординского района, Каз. АССР, агент контр. бюро.

1930—31 гг. село Терень-Узяк, Терень-Узякского района, Каз. АССР, заврайживсоюзоза.

1931—32 гг. г. Кызыл-Орда, Семипалатинск — директор леспромхоза, лесптехникума.

1932 г. г. Кызыл-Орда, Кызылординского района, ответсекретарь райоседкома.


1932—36 гг. село Мерке, Аулие-Атинской области КАЗ. АССР, зав. кадрами, председатель стройкома, завкома сахстрой Меркенского сахарного завода.

1937 по 10 июля 1938 г. г. Кызылорда, Кызылординской области Каз. ССР зав. оргмассовым отделом облпотребсоюза.

АХМЕТОВ Жұман № 3 ауыл, «Қызылту» колхозында 1922 жылы туған, білімі 9 класс, партияда жоқ, мамандығы ағаш ұстасы, «Қызылту» колхозындағы орта мектепте кітапхана меңгерушісі болып жұмыс істеген, үйленген, әйелі — Сарап.

Ахметов Жұман 1942 жылдың қаңтар айында әскерге алынып, Самарқан қаласында әскери жаттығуда болған. 103 АД, 583 АП, 6 А ротасы құрамында қатардағы жауынгер ретінде 1942 жылдың наурыз айында Ворошиловград облысына келіп, одан сәуір айында осы дивизияның құрамында майданның Харьков бағытына жіберілген. 1942 жылдың 26 мамырына

дейін немістерге қарсы соғысқан. 1942 жылғы 26 мамырда Харьков облысының Алексеевка деревнясындағы шайқаста неміс әскерлеріне тұтқынға түскен. Немістердің тұтқынында жүріп Отанын саққан,



немістердің тергеуінде неміс командованиясына Совет Армиясының бақылау сипатындағы мәліметтерді айтып берген. 1942 жылдың қараша айында Польшаның территориясында кеңес үкіметіне қарсы құрылған «Түркістан легионына» өз еркімен кіріп, фашистік Германияға адал қызмет етуге ант берген. 1942 жылдың қараша айынан 1943 жылдың қараша айына дейін Польшаның Яново жеріндегі «Түркістан легионының» 222 жеке жазалаушы ротасының музыкалық тобының құрамында қызмет жасаған, ал 1943 жылдың қараша айынан 1945 жылдың сәуір айына дейін Германия территориясында «Түркістан легионының» насихатшылар взводының құрамында қызмет жасаған.

1942 жылдың қараша айынан 1945 жылдың сәуір айына дейін Ахметов қазақтың концерттік бөлімшесін басқарып, Отан сатқыншыларының арасында кеңес үкіметіне қарсы жұмыстар жүргізген. «Түркістан легионының» бөлімшелерінде концерттер қойып жүргенде кеңес үкіметіне қарсы өлеңдер айтып легиондағыларды кеңес Одағының қарулы күшіне қарсы белсенді күресуге шақырған, Кеңес Одағына жала жауып, Гитлер Германиясын және «Түркістан легионы өкіметі» деп аталатынды мадақтаған, сол үшін неміс командованиясы 1943 жылдың маусым айында Ахметовке неміс армиясының ефрейторы деген атақ берген. 1945 жылғы 28 сәуірде Ахметов басқа легионерлермен бірге американдықтарға тұтқынға түсіп, Германияның Дурх деревнясындағы Қызыл армия тұтқындарының лагеріне жіберілген. 1945 жылдың 25 шілдесінде Кеңес Одағына қайтарылу алдында американдық разведкасы оны диверсиялық жауыздық жұмыстар жүргізу және СССР территориясында агентураға жаңа адамдар тарту үшін агент етіп тартқан. Ахметов Жұман өзіне тағылып осындай айыптарды толық мойындаған.

Қызылорда облыстық МГБ Басқармасының 1950 жылғы 23 мамырдағы қаулысымен Ахметов Жұман тұтқынға алынып, РСФСР ҚК-ның 58 бабының 1 «б» тармағымен қылмыстық іс қозғалған.

Түркістан Әскери Округінің әскери трибуналының 1950 жылғы 25 тамыздағы үкімімен Ахметов Жұман 25 жылға бас бостандық еркінен айырып еңбек түзету лагеріне, 5 жылға саяси құқын жоюға, барлық мүлкін тәркілеуге сотталған. Қонтрреволюциялық қылмыспен сотталғандардың ісін қайта қарау жөніндегі Қызылорда облыстық комиссия мәжілісінің 10 жылға еңбек түзету лагеріне түсірген. Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының бөлім бастығының 1996 жылы 15 сәуірдегі қорытындысымен Ахметов Жұман Қазақстан Республи-

касының 1993 жылғы 14 сәуірдегі Заңының негізінде толық ақталған.

АХМЕТОВ Мergenбек Қызылорда ауданының № 1 ауылында 1900 жылы туған, руы көзей, байдың баласы, әкесі ауыл старшинасы болған, жалшы ұстаған, сауатты, партияда жоқ, үйленген, 3 баласы бар, сотты болмаған, колхоз мүшесі.

Ахметов Мergenбек ауыл тұрғындарының арасында өте беделді болғанын пайдаланып, колхоз және ауылдық кеңестің төрағасы болған. Өзінің қызметі бабын пайдаланып ол байларды жақтап, кедейлерді қудалаған. 1931 жылы аудандық атқару комитеті ауылдық кеңестің төрағасы қызметіне БК(б)П мүшесі Шонтиков Берғалиды жіберген. Ол Ахметовтың бай екенін біліп, оған міндетті салық салған. Сол үшін Ахметов Шонтиковқа қарсы шығып, оның үстінен жалған іс қозғайды, соның салдарынан Шонтиков тұтқынға алынған. Содан кейін Ахметов ауылдың барлық балшықтарын, оның ішінде партия ячейкасының хатшысын өзінің ықпалына алып, ауылдық кеңестің төрағасы болған. Осы кезеңде жұріп ол жұртшылық арасында ауылдан көшу жөнінде үгіт жүргізген және қоныс аударатын байларға куәлік бергені үшін олардан пара алған. Мәселен, Салилов Молдабек байдан 1 жылқы, Борамбаев Әмірзақтан 3 сиыр, өзінің туысы Үмбетов Әлиақпардан 5 жылқы, 4 түйе алған. Бұл байлардың барлығы Қоқан қаласына көшіп кеткен. Ахметов олармен тығыз байланыс жасап, барып, қайтып тұрған. Колхоздың малдарын ұрлап сойып, оны «өлім-жітімге ұшырады» деп өтірік акт жасаған. 1931 жылдың наурыз айында колхозшылар Мұрахметов Ержан, Ұлтаев Әріп ауырып, Тартоғай стансасындағы дәрігерге көрініп ауруханаға жатқан, одан шығып ауылға келе жатқанда Ахметов ұшырасып, оларды қамшымен ұрып-соғып жымққан, біреуін өзеге тастап, олардан тартып алған атпен стансаға кетіп араққа тойып алған. Ауру колхозшылар 6 шақырым жерге жаяу кетуге мәжбүр болған. Байлардың мүліктерін тиіп жіберуге Ахметовке 2 түйе қажет болған, сол үшін ол өзінің інісі Ахметов Шабекті колхоздың бақташысы Көлбаев Айтуғанға жіберген. Ол Шабекке түйенің не үшін керек екенін біліп бермей жіберген. Содан кейін бақташыға Ахметов Мergenбектің өзі келіп, өзінің жақтастарымен бақташыны және оның шешесін соққыға алып, түйелерді алып кеткен. Ахметов Мergenбектің мұндай қылығының шегі болмаған. Көктемгі егіс науқаны кезінде Ахметов кедейлер арасында ауылдан көшу жөнінде үгіт жүргізіп былай деген: «Ауылда қалуға ешқандай мүмкіншілік жоқ, тұқым фондысы жоспарын бәрібір орындай алмаймыз, сондықтан ауылдан көшу керек».

Аудандық атқару комитетінің өкілі Баталовтың өткізген жиналысынан кейін Ахметов кедейлерге «Біз жоспарды орындамаймыз, бізді соттамай тұрып ауылдан кетіп қалуымыз керек»,— деген.

1931 жылдың қазан, қараша айында Ахметов Қоқан қаласына көшіп кеткен байларға барып, ол жақтан 1932 жылдың қаңтар айында ауылға оралған, келгесін ол кедейлерге Қоқанға көшу туралы үгіт жүргізген, соның салдарынан ауылдан 41 қожалық, 1027 кой, 36 жылқы, 91 түйесімен көшіп кеткен, олардың артынан тағы да 20 қожалық көшкен. Сол үшін ол

Қызылорда қалалық-аудандық ОГПУ бөлімінің 1932 жылғы 4 мамырдағы қаулысымен тұтқынға алынып, РСФСР ҚК-ның 58 бабының 8, 10 тармақтарымен қылмыстық іс қозғалған. Тергеу барысында ол өзінің қылмыстық іс-әрекетін мойындамаған. Айыптау қорытындысы бойынша Ахметовтың ісі Оңтүстік Қазақстан облыстық ОГПУ бөлімінің жанындағы үштіктің қарауына жіберілген.

Қазақстандағы ОГПУ-дың өкілетті өкілдігі жанындағы үштіктің 1932 жылғы 31 тамыздағы қаулысымен Ахметов Мергенбай 5 жылға концлагерьге сотталған. Сол жылғы қыркүйек айында Ахметов Төшкен қаласына Средазлагеріне айдалған.

Қызылорда облыстық прокуроры орынбасарының 1989 жылғы 26 қыркүйектегі қорытындысымен Ахметов Мергенбек СССР Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1989 жылғы 16 қаңтардағы жарлығының негізінде толық ақталған.

АХМЕТОВ Нұрқожа Қарағанды облысы, Қарсақбай ауданында 1912 жылы туған, кейін Қызылорда облысы, Сырдария ауданының № 17 «Жүзкөл» ауылдық кеңесі, «Жыңғылды көл» колхозында тұрған, әлеуметтік негізі орта шаруа, шала сауатты, партияда жоқ, колхозшы, бұрын сотты болмаған, үйленбеген. Ахметов Нұрқожа «Жыңғылды көл» колхозының мүшесі болып жұмыс істеп жүріп, колхозшылар арасында кеңес өкіметінде қарсы контрреволюциялық үгіт жүргізіп келген және Отан соғысы жылдарында отан қорғау жұмыстарын орындаудан үзілді-кесілді бас тартқан. Мәселен, 1942 жылдың 13 қаңтарында еңбекшілер депутаттары Сырдария аудандық атқару комитетінің тапсыруына байланысты және «Жыңғылды көл» колхозы басқарма мәжілісінің сол жылғы 12 қаңтардағы қаулысымен Ахметов Нұрқожа Ақтөбе қаласындағы әскери мемлекеттік маңызы бар арнаулы құрылыс жұмысына бөлінген. Ахметов Нұрқожа дәлелсіз себептер айтып, Ақтөбе қаласындағы бұл жұмысқа барудан үзілді-кесілді бас тартқан. Сол 13 қаңтар күні «Жүз көл» ауылдық кеңесінің төрағасы Боранқұловтың, «Жыңғылды көл» колхозының бригадирі Сансызбаевтың және сол колхоздың төрағасы Пірмағамбетовтың көзінше Ахметов Нұрқожа Ақтөбе қаласына жұмысқа кетіп бара жатқандарға «Ақтөбе қаласына жұмысқа барғандардың барлығы өледі, қыс айында осындай жұмыс істеуге зорлау — бұл жауыздық», — деп контрреволюциялық үгіт айтқан. Содан кейін ол ауылдық кеңестің төрағасы Боранқұловты: «Ол да дұшпан, өйткені ол аудандық атқару комитетінің тапсырмасын орындап, колхозшыларды Ақтөбе қаласындағы арнаулы құрылыс жұмысына жіберіп отыр», — деп кінәлаған. Осы қылмысы үшін Ахметов Нұрқожа Сырдария аудандық прокуратурасы халық тергеушісінің 1942 жылғы 29 қаңтардағы қаулысымен тұтқынға алынып, РСФСР ҚК-ның 58 бабының 10 тармағы 2 бөлімімен және 59 бабының 6 тармағымен қылмыстық іс қозғалған. Тергеу ісі сол жылғы 16 наурызда аяқталып, айыптау қорытындысы 18 наурызда шығарылған. Оны облыстық прокурордың 23 наурыздағы қаулысымен және облыстық соттың қылмысты істер қарайтын сот коллегиясының дайындау мәжілісінің 28 наурыздағы ұйғаруымен бекіткен.

Қызылорда облыстық сотының қылмысты істер қарайтын сот коллегиясының 1942 жылғы сәуір айының 4 күнгі үкімімен айыпкер Ахметов Нұрқожа 10 жылға бас бостандық еркінен айыруға, 5 жылға сайлау-сайлану құқығы жоюға сотталған. Қазақ ССР Жоғарғы Сотының қылмысты істер қарайтын сот коллегиясының 1942 жылғы 5 мамырдағы ұйғаруымен Қызылорда облыстық сотының 1942 жылғы 4 сәуірдегі үкімін күшінде қалдырған, айыпкердің шағым арызын аяқсыз тастаған. Қазақ ССР прокуроры орынбасарының бақылау ретінде Ахметов Нұрқожаның қылмысты ісі жөнінде Қазақ ССР Жоғарғы сотының Президиумына 1989 жылғы 5 қазанда жолдаған наразылығы бойынша Қызылорда облыстық сотының 4.04.42 жылғы үкімін және Қазақ ССР Жоғарғы сотының қылмысты істер қарайтын сот коллегиясының 8.05.42 жылғы Ахметов Нұрқожа жайлы ұйғаруын бұзып, оның әрекетінде қылмыс құрамы болмағандықтан іс қысқартылған.

Мәжіліс хат № 2

1942 жылы 12 қаңтар күні «Жүзкөл» ауылдық кеңесі, «Жыңғылды көл» колхозының басқарма мүшелерінің бас қосқан Президиум жиналысы болды.

Қатысқандар саны — 9 кісі.

Мәжіліс ағасы — *Пірмағамбетов*
Хатшысы — *Дүйсенбаев*

Қаралатын мәселе:

Ақтөбеге адам дайындау.

Тыңдалды: Бұл жайлы Ж. Пірмағамбетов Қаулы: Ақтөбеге баратын адам мынандай болып белгіленсін. Ауатқомның тапсыруы бойынша 3 күндік жол тамағы, киім-кешегімен мына кісілер баратын болсын: 4. Ахметов Н. — барлығы 20 адам болып дайындалсын. Бұл жолдастарға киім жағынан киімі бар кісілерден киім алып беру жағы колхоз бастығына тапсырылсын. Бұл кісілер 13.1 күні жүретін болсын.

Мәжіліс ағасы: (Пірмағамбетов)

Хатшысы: (Дүйсенбаев)

Қол қойылған, мөрі басылған.

АЯПОВ Сатен Сырдария ауданының Талсуат ауылдық кеңесі, «Колос» колхозында 1892 жылы туған, жұмыс істемеген, сауатсыз, партияда жоқ, сотты болмаған.

Айыптау қорытындысы бойынша Аяпов Сатенге 1942 жылғы ақпан айында СССР Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1941 жылғы 29 желтоқсанындағы жарлығы бойынша Талсуат ауылдық кеңесі арқылы үш мерзіммен төлеуге 380 сом соғыс салығы түскен. Бұл салықты үкімет пайдалына Аяпов Сәтеннен өндіру үшін ауылдық кеңестің ақша жинайтын инспекторы төлем хабарландыру қағазын ұсынған. Аяпов ол қағазды ешбір дәлелсіз алмай кеңес заңын

боқтап, салықты төлеуден бас тартқан. Сол үшін Аяпов Сатен Сырдария аудандық прокурорының 1942 жылғы 5 наурыздағы қаулысымен тұтқынға алынып, РСФСР ҚК-ның 58-10, 59-6 баптарының тармақтарымен қылмыстық іс қозғалған.

Қызылорда облыстық сотының қылмысты істер қарайтын сот коллегиясының 1942 жылға 2 сәуірдегі үкімімен айыпкер Аяпов Сатен РСФСР ҚК-ның 59 бабының 6 тармағымен 5 жыл бас бостандық еркінен айыруға, 2 жыл сайлау-сайлану құқын жоюға, ҚК-ның 58 бабының 10 тармағының 2 бөлімімен 10 жыл бас бостандығынан айырып, 5 жыл саяси құқын жоюға, ҚК-ның 49 бабының төртіншісіне лайық негізгі өтейтін жазасы ҚК-ның 58 бабының 10-2 тармағымен 10 жыл бас бостандық еркінен айыруға, 5 жыл сайлау-сайлану құқын жоюға сотталған.

Қазақ ССР Жоғарғы Сотының қылмысты істер қарайтын сот коллегиясының 1942 жылғы 15 сәуірдегі ұйғаруымен Қызылорда облыстық сотының 1942 жылғы 2 сәуірдегі үкімінің ҚК-ның 58-10-2 тармағын бұзып, істің бұл жағын қысқартқан, үкімді ҚК 59 бабының 6 тармағымен күшінде қалдырып, сотталушының өтейтін жазасы 5 жыл бас бостандық еркінен айыруға, 3 жылға сайлау-сайлану құқын жоюға ұйғарған.

СССР Жоғарғы сотының қылмысты істер қарайтын сот коллегиясының 1942 жылғы 15 тамыздағы ұйғаруымен Қызылорда облыстық сотының 1942 жылғы 2 сәуірдегі үкімі және Қазақ ССР Жоғарғы Сотының 1942 жылғы 15 сәуірдегі Аяповты РСФСР ҚК-ның 59 бабының 6 тармағымен айыптаған ұйғаруы бұзылып, бұл бөліктегі іс РСФСР ҚК-ның 8 бабының негізінде өндірістен қысқартылып Аяпов Сатен қамаудан босатылған.

СССР Жоғарғы Соты төрағасының наразылығы қанағаттандырылған.

Ә

ӘБДІҚАДЫРОВ Иса 1920 жылы № 2 ауылында туған, шала сауатты, үйленбеген, партияда жок, бұрын сотталмаған. № 399 гвардиялық артиллерия полкінің құрамында соғысқа қатысқан.

Ұрыс даласында Әбдіқадиров кіші командирлердің бұйрықтарын орындаудан 2 рет бас тартқан, 1941 жылғы 28 шілдеде өз бетінше окоп қазуды тоқтатқан, 30 шілде 1941 жылы кабель сымын катушкаға ораудан бас тартқан. Сонымен қатар 1941 жылғы 28 шілдеде кіші командирді «өлтiрeмiн» — деп қорқытқан.

Тергеу барысында Әбдіқадиров окоп қазуды тоқтатпағанын, аздап дем алғысы келгенін, кабель сымын катушкаға орамағанын — орысша бұйрықты түсінбегендіктен командирлерді өлтіру туралы өңгіме болмағандығын, айтқан.

Осыған қарамастан Бағыс гарнизоны ескері округінің ескери трибуналы 1941 жылғы 4 тамызда РСФСР Қылмыс Кодексінің 19, 58-8 баптары мен 193-2 бабы «г» тармағымен айыпталған Әбдіқадировтың қылмыс-

ты ісін қарап, оны ең жоғары жаза — ату жазасына соттаған.

Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 14 сәуірдегі «Жаппай саяси қуғын-сүргіндер құрбандарын ақтау туралы» Заңының 5 бабы «А» тармағына сәйкес Әбдіқадиров ақталған.

ӘБСАТТАРОВ Әлайдар Жетікөл ауылдық кеңесінде 1912 жылы туған, молданың баласы, білімі 4 класс, үйленген, партияда жок, бұрын сотталмаған, Сырдария АӘК арқылы әскер қатарына 1941 жылдың қаңтар айында алынып, Отан соғысына қатысқан. Ол 1942 жылдың қараша айынан 1943 жылдың 12 наурызына дейін Кеңес өкіметіне қарсы пиғылда болғандықтан жауынгерлер арасында үнемі Кеңес үкіметіне қарсы жеңілістік сипатта үгіт жүргізіп келген, үкіметке жала жапқан, одан басқа жау листовкасын көтеріп, оны оқыған. Осы қылмысы үшін Әбсаттаров Ә. 101 жеке АД-ның әскери Трибуналының 1943 жылғы 22 наурыздағы үкімімен 10 жылға бас бостандық еркінен айыруға, 5 жылға саяси құқын жоюға сотталған.

Қазақстан Республикасы Бас Әскери прокурордың аға көмекшісі, юстиция полковнигі А. Б. Шегировтың осы қылмысты іс жөнінде шығарған қорытындысы бойынша Әбсаттаров Әлайдарға тағылған қылмыс оның өрекетінде жоқ болғандықтан, яғни оның үгітінде Кеңес өкіметін құлатуға, өлсіретуге немесе бүлдіруге әрекет жасау болмаған, сондықтан Әбсаттаров Ә. саяси белгімен дұрыс сотталмаған деп табу керек, делінген.

Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 14 сәуірдегі Заңының 5 бабы, «А» пунктiнiң негiзiнде Әбсаттаров Әлайдар 1998 жылғы 30 маусымда толық ақталған.

ӘБДІҒАППАРОВ Сейдахмет № 6 ауыл, Сталин ауылдық кеңесінде 1875 жылы туған, кейін ол ауданның 3 ауылы, Ленин атындағы колхозда тұрған, арабша сауатты, орташа шаруа, партияда жок, жұмыс істемеген, мал-мүлкі екі рет төркіленген. Балалары Әбдіғали, немересі — Әбдіғаппар, қыздары — Барша, Биуан, Үрзипа.

Айыптау қорытындысы бойынша Әбдіғаппаров Сейдахмет 1941 жылғы 7 және 11 тамызда екі-үш адамдардың көзінше өкіметке қарсы контрреволюциялық үгіт айтқан:

1) Біздің үкімет пен информбюро қазіргі ұрыс жайында шындықты дұрыс хабарламай отыр, біздің әскерлердің шығынын азайтып көрсетуде, шындығына келгенде біздің шығынымыз Германияның шығынынан өлдекайда көп.

2) Жапония, Түркия, Иран, Ауғанстан — Германияны қолдап және оған қосылып, жақын арада СССР-ға қарсы шыққалы отыр.

3) Неміс ұшақтары Мәскеуге күнде бомба тастап отыр, сондықтан партия мен үкімет басшылары Мәскеуден Оралға, Ақтөбеге және Алматыға келулері тиіс — деген.


Сол үшін ол Сырдария аудандық прокурорының, 1941 жылғы 14 тамыздағы қаулысымен тұтқынға алынып, РСФСР ҚК-ның 58 бабының 10 тармағының 2 бөлімімен қылмыстық іс қозғалған.

Қызылорда облыстық сотының қылмыстық істер қарайтын сот коллегиясының 1941 жылғы 11 қыркүйектегі үкімімен айыпкер Әбдіғаппаров Сей-

дахмет 8 жылға бас бостандық еркінен айыруға, жазасын өтегеннен кейін 3 жылға сайлау-сайлану құқын жоюға сотталған.

Қазақ ССР Жоғарғы Сотының қылмысты істер қарайтын сот коллегиясының 1941 жылғы 29 қазандағы ұйғаруымен Қызылорда облыстық сотының 1941 жылғы 11 қыркүйектегі үкімі күшінде қалдырылған, Әбдіғаппаровтың арзы аяқсыз тасталған. Қазақ ССР прокуроры орынбасарының 1990 жылғы 24 тамыздағы наразылығы бойынша Әбдіғаппаров Сейдахмет жөнінде шығарылған Қызылорда облыстық сотының үкімін, Қазақ ССР Жоғарғы Сотының сот коллегиясының ұйғаруын бұзуды, істі оның өрекеттерінде қылмыс құрамы болмағандықтан қысқартуды Қазақ ССР Жоғарғы Сотының Президиумынан сұраған.

Қызылорда облыстық прокурордың 1997 жылғы 15 шілдедегі қорытындысы бойынша Әбдіғаппаров Сейдахмет Қазақстан Республикасы Президентінің 1993 жылғы 14 сәуірдегі Заңының негізінде толық ақталған. **ӘБДИМОМЫНОВ** Әшім № 10 ауылы, «Тас арық» (Ақ дән) колхозында 1900 жылы туған, сауатты, БК(б)П мүшесі, 1936 жылы колхоз мүдкін талан-таражға салғаны үшін партия қатарынан шығарылған, қызметкер, қамауға алынғанға дейін «Тас арық» колхозында есеп қызметкері болып жұмыс істеген.



Айыптау қорытындысы бойынша Әбдімомынов Әшім кеңес үкіметіне қарсы контрреволюциялық ұлтшылдық ұйымға 1937 жылғы ақпан айында «Қаты көл» колхозы төрағасының бұрынғы орынбасары, кейін халық жауы болып ұсталып кеткен

Төжиев Есмахан арқылы тартылған. Кеңес үкіметіне қарсы ұлтшылдық террорлық көтерілісшілер ұйымына Төжиев Есмахан, Медетов Қалмахан «Қатыкөл» колхозының бұрынғы төрағасы, Тілеуғабылов Есахат «Тас арық» колхозының бұрынғы төрағасы, Жүсіпнахров Ыдырыс, ірі байдың (датқаннның) баласы, «Ақ дән» колхозының шаруашылық бөлімінің менгерушісі, аудандық атқару комитетінің бұрынғы төрағасы Көшембаев, аудандық партия комитетінің есеп бөлімінің бұрынғы менгерушісі Нұрғалиев, аудандық жер бөлімінің бұрынғы бастығы Жүсіпбаевтар мүше болған.

Әбдімомынов колхозда үнемі жауыздық-зиянкестік жұмыстар жүргізіп, колхоздың есеп-қисап жұмысын әдейі шағастырған, колхоз уставын бұзды, кеңес үкіметіне қарсы ұлтшылдық ұйымға қатысушыларға үнемі артық еңбек күн жазып отырған, сол үшін ол Қызылорда облыстық НКВД Басқармасының 1938 жылғы 8 сәуірдегі қаулысымен тұтқынға алынып, РСФСР ҚК-ның 58 бабының 2, 8, 11 тармақтарымен қылмыстық іс қозғалған.

Батыс Қазақстан бойынша Қазақ ССР-ның шекара және ішкі күзеті Әскери Трибуналының тұрақты

сессиясының 1938 жылғы 27 қазандағы үкімімен Әбдімомынов Әшім 10 жылға құлып астына және 5 жылға саяси құқын жоюға сотталған.

СССР Жоғарғы Сотының Әскери Коллегиясының 1939 жылғы 11 наурыздағы ұйғаруымен Әскери Трибунальдің 1938 жылғы 27 қазандағы үкімі бұзылып іс қайта тергеуге жіберілген.

Қызылорда облыстық сотының қылмысты істер қарайтын сот коллегиясының 1939 жылғы 31 мамырдағы үкімімен Әбдімомынов Әшім 3 жылға бас бостандық еркінен айыруға сотталған, саяси құқын жоймаған.

1939 жылғы 3 шілдедегі Қазақ ССР Жоғарғы Сотының телеграфпен берген бұйрығымен Әбдімомынов Әшім қамаудан босатылған.

Қазақ ССР Прокурорының бірінші орынбасарының 1990 жылғы 14 маусымдағы қорытындысы бойынша Қызылорда облыстық сотының 1939 жылғы 31 мамырдағы Әбдімомынов Әшім жөніндегі үкімін бұзып, қылмыс құрамы болмағандықтан іс қысқартылған. Ол толық ақталған.

ӘБДІЛХАДИЕВ, немесе ол **ӘКІЖАНОВ** Мұхамбетғали Оңтүстік Қазақстан облысының Созақ ауданында 1917 жылы туған, кейін Сырдария ауданының Киров ауылдық кеңесі «Жаңа тұрмыс» колхозында тұрған, колхозшы, сауаты бар, партияда жоқ, ишанның баласы, әкесі 1925 жылы Ауғанстанға көшіп кеткен.

Қызылорда облыстық НКВД Басқармасының 1938 жылғы 8 маусымдағы қаулысымен тұтқынға алынып, РСФСР ҚК-ның бабының 6 тармағымен қылмыстық іс қозғалған, оған бірнеше жыл Қызылорда, Жаңақорған аудандарының территориясында діни әдет-ғұрыпты дөріптеп колхозшылар арасында контрреволюциялық жұмыстар жүргізген, Ауғанстанның шпионы деп санауға толық негіз бар деп айып тағылған. Қызылорда облыстық НКВД Басқармасы жанындағы үштіктің 1938 жылғы 9 қазандағы қаулысымен Әбділхадиев-Әкіжанов Мұхамбетғали ең жоғары жаза — ату жазасына сотталған, үкім 1938 жылғы 16 қазанда орындалған. Қызылорда облыстық прокуроры орынбасарының 1989 жылғы 22 мамырдағы қорытындысымен ол толық ақталған.

ӘБУБӨКІРОВ Уәлихан № 14 ауылдық кеңесі «1 Май» колхозында 1922 жылы туған, білімі 5 класс, партияда жоқ, колхозшы.

Ол қызылөскер ретінде 108 атқыштар дивизиясы, 593 атқыштар полкінің құрамында Ұлы Отан соғысына қатысып, 1942 жылғы мамыр айында Харьков қаласының маңында болған шайқаста неміс әскерлеріне тұтқынға түскен. Немістердің тұтқынында жүріп 1943 жылдың қаңтар айында Польшаның Легионно деген жерінде Отанын сатып, өз еркімен «Түркістан легионына» кірген. Осы легиондағы 3 батальонның саперлар взводында қызмет етіп, «Фашистік Германияға адал қызмет етемін», — деп ант берген. 1948 жылдың шілде қыркүйек айларының арасында Польшаның Краков қаласының маңында Польша партизандарына қарсы күреске белсене қатысқан. 1943 жылдың қыркүйек айы мен 1944 жылдың маусым айының аралығында Ла-Манш шығанағы жағалауында салынып жатқан немістердің қорғаныс құрылысына қатысқан. 1944 жылдың тамыз айында


Марсель қаласының маңында француз партизандарына қарсы ұрысқа белсене қатысқан, бұл жерде ол тұтқынға түсіп, ағылшын әскерлерінің қарамағына берілген, одан ол СССР-ға қайтарылып берілген. 1944 жылғы желтоқсан айында ол Кемеров облысының Кизелов қаласындағы көмір өндірісіне жіберілген. Ол жерден 1946 жылдың қыркүйек айында қашып кетіп, ауылына қайтып келген. Сырдария ауданының «1 Май» колхозында тұрып, колхозда еңбек тәртібін бұзып, жұртшылық арасында үнемі кеңес үкіметіне қарсы үгіт жүргізген, кеңес халқының көсеміне кінә тағып, империалистік елдердің техникасын мадақтаған. Осы қылмысы үшін Сырдария аудандық МГБ бөлімшесінің 1948 жылғы 7 қаңтардағы қаулысымен тұтқынға алынып, РСФСР ҚК-ның 58 бабының 1 «б» және 10 тармағының 2 бөлімімен қылмыстық іс қозғалған.

ТуркВО-ның әскери трибуналының 1948 жылғы 25 мамырдағы үкімімен Әбубөкіров Уәлихан 25 жылға еңбек түзету лагеріне, 5 жылға саяси құқын жоюға сотталған.

СССР Жоғарғы Соты Әскери коллегиясының 1959 жылғы 27 қазандағы ұйғаруымен ТуркВО Әскери Трибуналының 1948 жылғы 25 мамырдағы Әбубөкіров Уәлиханның ісі жана ашылған жағдайларға байланысты бұзылып, қылмыс құрамы жоқ болғандықтан іс қысқартылған. Қазақстан Республикасы Бас прокурорының 1997 жылғы 31 мамырдағы қорытындысымен Әбубөкіров Уәлихан Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 14 сәуірдегі Заңының негізінде толық ақталған.

ӘЛІМБАЕВ Сүлеймен Сырдария ауданының № 14 Бірінші Май ауылдық кеңесі, «Ким» колхозында 1891 жылы туған, колхозшы, сауатсыз, партияда жоқ, үйлі-жайлы, әйелі — Тұрсынқұл, балалары — Яхуда, Аруан, Рахия, Мұлкаман, Нұрмағамбет.

Айыптау қорытындысы бойынша Әлімбаев Сүлеймен колхозшылардың арасында үнемі үкімет пен партияның саясатына қарсы үгіт жүргізумен келген. Мысалы, 1941 жылдың тамыз айының ішінде колхозшылардың арасында үкімет пен партия көсемдерінің аттарын атап, жаман сөздермен соқкен. 1941 жылғы қыркүйек айында колхозшылардың арасында: «1942 жылы колхоз бен совхоз жойылады, шаруашылық бұрынғыша болады», — деп үгіт таратқан. 1941 жылдың қараша айының ішінде бірнеше колхозшылардың арасында отырып: «қызыл әскер Германияның әскерін жеңеді деген бекер, өтірік сөз, Германияны жеңе алмайды, өйткені олардың әскеріндей күшті емес және олардың соғыс техникасы да күшті», — деп контрреволюциялық үгіт таратқан. Сол үшін Әлімбаев Сүлеймен Сырдария аудандық НКВД бөлімінің 1942 жылғы 20 сәуірдегі қаулысымен



тұтқынға алынып, РСФСР ҚК-ның 58 бабының 10 тармағының 2 бөлімімен қылмыстық іс қозғалған. Қызылорда облыстық сотының қылмысты істер қарайтын сот коллегиясының 1942 жылға 19 маусымдағы үкімімен Әлімбаев Сүлеймен 10 жылға бас бостандық еркінен айыруға, 3 жылға сайлау-сайлану құқын жоюға, мал-мүлкін төркілеуге сотталған. Қазақ ССР Жоғарғы Сотының қылмысты істер қарайтын сот коллегиясының 1942 жылғы 3 шілдедегі ұйғаруымен Қызылорда облыстық сотының үкімі күшінде қалдырылған.

Қазақ ССР Жоғарғы Соты Президиумының 1990 жылғы 16 ақпандағы қаулысымен Әлімбаев Сүлеймен жөніндегі Қызылорда облыстық сотының 1942 жылғы 19 маусымдағы үкімі, Қазақ ССР Жоғарғы Сотының 1942 жылғы 3 шілдедегі ұйғаруы бұзылып, оның өрекетінде қылмыстың құрамы жоқ болғандықтан іс өндірістен қысқартылған.

Қазақ ССР Прокуроры орынбасарының наразылығы қанағаттандырылған.


ӘМІРТЕМІРОВ Жүсіп Қызылорда ауданының № 49 ауылында 1902 жылы туған, жасы 29-да, кейін Терөзек ауданының № 9 ауылында тұрған, тұтқынға алынғанға дейін № 49 ауылдағы мектепте мұғалім болып жұмыс істеген.

1931 жылғы 25 шілдедегі айыптау қорытындысы бойынша Әміртеміров РСФСР ҚК-ның 58 бабының 10 тармағымен айыпталған. Ол колхозшылар арасында ауылшаруашылық өнімдерінің барлық түрін дайындаудан ұйымдасқан түрде бас тарту үшін үгіт жүргізген. Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының саяси қуғын-сүргіндер құрбандарын ақтау бөлімінің осы қылмысты іс жөнінде шығарған қорытындысы бойынша бақылауда тұрған өндіріс материалдарын тексеріп қарағанда төмендегілер анықталған; айыпталушының әкесі № 42 ауылдағы ірі бай және ишан болған, осыған байланысты ауылдағы байлардың, молдалардың, ишандардың, болыстардың беделінен, ықпалынан қауіптеніп олардың балаларын қылмыстық жауапқа тартқан. Істе Әміртеміровтың айыбын анықтайтын ешқандай мәліметтер жоқ, тек жауап алған протоколдары ғана бар. Айыпталушы өзінің кінәсін мойындамаған. Бақылауда тұрған істі тексеріп қарағанда айыпталушының кеңес өкіметіне қарсы өрекетін анықтайтын ешқандай мәлімет жоқ. Істе тек РСФСР ҚК-нің 58 бабының 10 тармағымен қылмысқа тартылғаны және тұтқынға алынғаны жөнінде ғана мәлімет бар. Осыған байланысты ол ақталуға жатады делінген.

Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 14 сәуірдегі Заңының негізінде Әміртеміров Жүсіп 1997 жылғы 27 қарашада толық ақталған.

Б

БАЙДӘУЛЕТОВ Қошан Ақжарма кеңесі, № 12 ауылы «Ту көл» тозында 1895 жылы туған, байдың баласы, сауатсыз, партияда жоқ, әйелі — Күміс, баласы — Зарқым, қызы — Күлінтай.



Айыптау қорытындысы бойынша Байдаулетов Қошан 1932 жылы мал ұрлағаны үшін тұтқынға алынып, Теренөзек ауданының халық соты арқылы РСФСР ҚК-ның 61 бабымен 4 жылға бас бостандығынан айыруға, мал-мүлкін тәркілеуге сотталған. Бірақ Аламедек поселкесінде қамауда отырған жерінен қашып шығып, Өзбекстанға барып, 1933 жылға дейін тығылып жүрген. 1933 жылғы

1 Май мерекесінде «Ту көл» ТОЗында мейрамға қатысып, тұрған ауыл адамдарына: «Мен қазір ақ жалау ұстаймын, сонымен шеруге шығып, «Құран» оқимыз, құдайдан кеңес үкіметі тезірек құласын, патша үкіметі келсін деп тілейміз», — деп кеңес үкіметіне қарсы контрреволюциялық үгіт жүргізген, бірақ ТОЗ-дың төрағасы Төлегенов және басқалар арқылы оған тойтарыс берген. Сол жылғы сәуір айында Байдаулетов Қошан «Байдаулет» арығын қазарда ТОЗ мүшелерін арықты қазуға жібермеуге тарысқан, өйткені ол жерде оның өкесінің бейіті болған. «Ту көл» тозының төрағасы Төлегеновке «Сен Смайыл құдайдан қорық, егерде арық жүргізсең, онда менің өкемнің моласы құлап қалуы мүмкін, ал саған арықты ескі ізімен жүргізсең бәрібір емес пе», — деген. Төлегенов оның ұсыншына келіспегендіктен Байдаулетов 3 күн жұмысқа шықпаған, сол үшін ол Қызылорда аудандық НКВД бөлімінің 1935 жылғы 28 маусымдағы қаулысымен тұтқынға алынып, РСФСР ҚК-ның 58 бабының 10 тармағымен және 82 бабымен қылмыстық іс қозғалған.

РСФСР Жоғарғы Сотының Қазақ бөлімшесінің арнайы коллегиясының көшпелі сессиясының 1935 жылғы 31 желтоқсандағы үкімімен Байдаулетов Қошан 7 жылға бас бостандық еркінен айыруға сотталған.

Қазақ ССР Прокурорының бірінші орынбасарының наразылығы бойынша РСФСР Жоғарғы Сотының Қазақ бөлімшесінің арнайы коллегиясының 1935 жылғы 31 желтоқсандағы Байдаулетов Қошан жөніндегі үкімін бұзуды, оның әрекетінде қылмыс белгісі болмағандықтан істі өндірістен қысқартуды Қазақ ССР Жоғарғы Сотының Президиумынан сұраған. Ол толық ақталған.

БАҚТЫБАЕВ Меңдіаяқ Қызылорда ауданының № 8 ауылында 1877 жылы туған, руы Сары аяқ жаппас», ірі бай болған, сауатсыз, партияда жоқ, бұрын сотталған, үйленген, әйелі — Айым, қызы — Көшербан, баласы — Әбдігаппар, қамауға алынғанға дейін осы ауданның № 9 ауылдық кеңесі, «Интернационал» колхозында тұрған.

Бақтыбаев Меңдіаяқтың шаруашылығы 1930 жылы тәркіленген, бір топ байлармен бірге РСФСР ҚК-ның 61 бабының 3 тармағымен 2 жылға кесілген, жазасын өтеп шыққаннан кейін 5 жылға Қызылорда ауданынан тысқары жерге, Орал қаласына жер аударуға сотталған. 1932 жылы тұтқыннан босатыл-

ған. 1933 жылдан № 9 ауылдық кеңестің «Интернационал» колхозына мүше болып, осы жерде тұрған.

Бақтыбаев колхоздың мүшесі болып тұрып, Кеңес өкіметіне қарсы жат пиғылда болып, колхозда контрреволюциялық-бүліншілік жұмыстар жүргізген. 1935 жылдың қаңтар айында Бақтыбаевтың қылмысты істері ашылып, контрреволюциялық әрекеттерімен және бай ретінде колхозшылардың жалпы жиналысы арқылы колхоз мүшелігінен шығарылған. Оны «Интернационал» колхозы территориясынан басқа жерге қоныс аударуға талап қойған. Бақтыбаев «Интернационал» колхозының территориясында кейінгі ұсталғанға дейін тұрып, өзінің туыстары арқылы «Найман» және «Жаппас» рулары арасында ру таластарын тудыру жолымен колхозды тарату мақсатында контрреволюциялық әрекеттер жүргізген. Ол өзінің осы үгітінің арқасында 1936 жылдың желтоқсан айында осы екі рудың арасында рулық талас жанжалдары орын алған. Колхозшылар арасында бұл рулық қастандық көпке дейін созылған. 1937 жылғы маусым айында жаппас руынан шыққан колхозшы — найман руынан шыққан колхозшыны ұрып жыққан.

Бақтыбаев «Кеңес өкіметі байлар мен қулақтарды жойып, дұрыс саясат ұстамады», — деп оған кінә тағып айыптап, контрреволюциялық үгіт жүргізген. Колхозды тарату мақсатында: «Кімде-кім колхозда жұмыс істесе ол жалаңаш болады, сондықтан колхоздан кету керек», — деп сөз айтқан, Бақтыбаевтың осы барлық контрреволюциялық әрекеттері колхоздың шаруашылығына кері әсерін тигізіп, жеке колхозшылардың көктемгі егіс пен егін жинау кезінде жұмысқа шықпай қалу фактілері орын алған.

Осы қылмыстары үшін Бақтыбаев Меңдіаяқ Қызылорда аудандық НКВД бөлімінің 1937 жылғы 11 тамыздағы қаулысымен тұтқынға алынып, қылмыстық іс қозғалған.

Тергеу ісі аяқталып, айыптау қорытындысы шығарылған, оны Қызылорда аудандық НКВД бөлімінің бастығы бекіткен.


Оңтүстік Қазақстан облыстық НКВД Басқармасының жанындағы үштіктің 1937 жылғы 20 қазандағы қаулысымен Бақтыбаев Меңдіаяқ 10 жылға концлагерьге сотталған.

Оңтүстік Қазақстан облыстық НКВД Басқармасының 1 Арнайы бөлімінің 1939 жылғы 31 наурыздағы қаулысымен үштіктің қаулысын дұрыс деп тауып, Бақтыбаевтың істі қайта қарау жөнінде жазған арызы аяқсыз тасталған.

Қызылорда облыстық прокуроры орынбасарының 1989 жылғы 25 қыркүйектегі қорытындысымен Бақтыбаев Меңдіаяқ СССР Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1989 жылғы 16 қаңтардағы жарлығының негізінде толық ақталған.

БАҚТЫБЕРГЕНОВ Қуатбай Қызылорда (Сырдария) ауданының 5 (4) ауылында 1894 жылы туған, білімі орта, 1919 жылдан БК(П) мүшесі, кеңес қызметкері, Арал аудандық атқару комитетінің төрағасы болып қызмет атқарған. Ақтөбе облыстық партия комитетінің 1937 жылғы 25 қыркүйектегі бюро

Қаулысымен (протокол № 25, п. 15) Бактыбергеновті Арал аудандық атқару комитетінің төрағасы қызметінен босатып, «халық жауы» ретінде партиядан шығарған. Оған тағылған айып: «Ол троцкистермен және оңшылдармен байланыс жасап, контрреволюциялық террорлық бас көтеру, шпionдық - диверсиялық ұлтшылдық ұйымның белсенді мүшесі болған, Қазақстанды СССР-дан



қарулы көтеріліс арқылы бөліп алып, жапондардың қол астындағы Қазақстанда буржуазиялық-демократиялық Республика орнатуды мақсат етіп қойған. Бактыбергенов осы міндетті орындау мақсатында ауылшаруашылығы мен өндіріс орындарында контрреволюциялық, жауыздық-зиянкестік жұмыстарды кеңінен жүргізген».

Осы қылмысы үшін Бактыбергенов Қ. Ақтөбе облыстық НКВД Басқармасы УГБ-ның 4 бөлімінің 1937 жылғы 25 қыркүйектегі қаулысымен тұтқынға алынып, РСФСР ҚК-нің 58-7, 17, 58-8 және 58-11 бабтарымен қылмыстық іс қозғалған. СССР Жоғарғы Соты Әскери Коллегиясының 1938 жылғы 15 ақпандағы үкімімен Бактыбергенов Қуатбай 10 жылға бас бостандығы еркінен айыруға және 5 жылға саяси құқын жоюға сотталған. Жаза мерзімін толық өтеп, 1947 жылғы 25 қыркүйекте босанып шыққан. Жоғарыдағы қылмысы үшін Бактыбергенов Қ. екінші рет 1948 жылғы 10 желтоқсанда тұтқынға алынып, РСФСР ҚК-нің 58-7, 17, 58-8, 58-11 бабтарымен айыпталып, 1949 жылғы 20 сәуірде СССР Мемлекеттік Қауыпсіздік Комитетінің Ерекше Мәжілісінің қаулысымен қоныс аударуға сотталған. Бактыбергенов Қ. екі мәрте бір қылмыстық іспен заңсыз сотталған.

СССР Жоғарғы Соты Әскери коллегиясының 1959 жылғы 25 сәуірдегі ұйғаруымен СССР Жоғарғы Соты Әскери Коллегиясының 1938 жылғы 15 ақпандағы үкімі жаңа ашылған жағдайларға байланысты бұзылып, Қ. Бактыбергеновтің өрекетінде қылмыс құрамы жоқ болғандықтан іс қысқартылған.

Қызылорда облыстық прокурордың 1997 жылғы 13 мамырдағы қорытындысымен Қ. Бактыбергенов СССР Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1989 жылғы 16 қаңтардағы жарлығы негізінде толық ақталған.

БОЛАБАЕВ Жанахан - Қызылорда ауданының № 5 ауылында 1905 жылы туған, білімі бастауыш, 1927 жылдан БКВ /п/ мүшесі, 1937 жылы осы іске байланысты партия қатарынан шығарылған, қызметкер, қамауға алынғанға дейін Қазалы аудандық халық шаруашылық есебі /наркоз учет/ мекемесінде инспектор болып жұмыс істеген, Қазалы қаласы, Карл Либхникт көшесі, № 3 үйде тұрған, бұрын сотты болмаған, үйленген, әйелі Нағима.

Болабаев Жармахан контрреволюциялық, ұлтшылдық - жауыздық ұйымның белсенді мүшесі болған. Бұл ұйымды Қазалы аудандық партия

комитетінің бұрынғы хатшысы Құдайбергенов /халық жауы болып ұсталған/, және аудандық атқару комитетінің бұрынғы төрағасы Досымбаев басқарған. Оларды алдына қойған мақсаты кеңес өкіметін құлатып, Қазақстанда капитализмді қайта орнату болған. Осылардың башпшылығымен Болабаев Қазалы аудандық халық шаруашылық есебі және аудандық қаржы бөлімі аппараттарында контрреволюциялық - ұлтшылдық және жауыздық-зиянкестік жұмыстарды белсенді түрде жүргізген. Ол аудан бойынша халық шаруашылық есебін құлақтан және есеп беру жұмысын тежеп, ауданның барлық есеп жұмысын шатастырған.

Болабаев контрреволюциялық - ұлтшылдық ұйымын 21 қыркүйекте болған бір мәжілісінде аудандық атқару комитетінің төрағасы Досымбаевтың кабинетінде Досымбаевтан аудандық қаржы бөлімінің аппаратының барлық орыс қызметкерлерін тез ығыстыру туралы тапсырма алған, бірақ бұл тапсырманы ол тұтқынға алынғандықтан орындай алмаған. Осы қылмысы үшін Болабаев Жармахан Қазалы ауданы НКРД бөлімінің 1937 жылғы 21 қазандағы қаулысымен тұтқынға алынып, қылмыстың іс қозғалған. Тергеу ісі аяқталып, айыптау қорытындысы шығарылған. Оңтүстік Қазақстан облыстық НКВД Басқармасы жанындағы үштіктің 1937 жылғы 7 желтоқсандағы қаулысымен Болабаев Жатмекен 10 жылға концлагерге сотталған.

Оңтүстік Қазақстан облыстық НКРД Басқармасының I Арнаулы бөлімінің 1939 жылғы 22 наурыздағы қаулысымен Оңтүстік Қазақстан НКРД Басқармасы жанындағы үштіктің қаулысын күшінде қалдырып, Болабаевтың арызын нәтижесін тастаған. Ж. Болабаев сотталғаннан кейін Ярослав облысы, Рыбинск қаласы НКРД-ның Волголагының Шексинск Тидроузелине айдалған.

Қызылорда облыстық соты Президиумының 1988 жылғы 16 желтоқсандағы қаулысымен Оңтүстік Қазақстан облыстық НКРД Басқармасы жанындағы үштіктің 1937 жылғы 7 желтоқсандағы Болабаев Жармахан жөніндегі қаулысын бұзып, оның өрекетінде қылмыс белгісі жоқ болғандықтан іс қысқартылған. Қызылорда облпрокурорының наразылығы қанағаттандырылған.

БОЧКАРЕВ Федор Ананьевич родился в 1915 году (место рождения неизвестно), русский, образование начальное, беспартийный, до ареста проживал в Сырдарьинском районе, работал рыбаком в Кызылординском рыбзаводе. За антисоветскую контрреволюционную агитацию среди рыбаков и провокационно-вредительскую деятельность арестован и привлечен к уголовной ответственности. Приговором Бочкарев Ф. А. осужден на 10 лет лишения свободы, реабилитирован 31 марта 1995 года.


В

ВАН ЕН-ДЕН родился в 1892 году в Корее, кореец, малограмотный, беспартийный, до ареста проживал

в аule № 9, колхоз «Казрис», Сырдарьинского района, колхозник. Он обвиняется в том, что являлся участником контрреволюционной, террористической организации, агентом японской разведки, проводил шпионско-диверсионную, подрывно-вредительскую деятельность, за что арестован и привлечен к уголовной ответственности. Решением НКВД от 11 февраля 1938 года осужден к высшей мере наказания — расстрелу. Он реабилитирован 2 ноября 1989 года.

Д

ДАЛАЕВ Мұртаза Сырдария ауданының «Құмшығанақ» ауылында 1912 жылы туған, осы ауданның



«Иіркөл» ауылында тұрған, тегі кедей-шаруа, білімі жоғары, мамандығы мұғалім, тарихшы, 1943 жылдан БК(б)П мүшесі, бұрын сотты болмаған, үйленген, әйелі — Гайнура, балалары — Емберген, Әлиакбар, Әлия.

Далаев Мұртаза 1942 жылдың қазан айында әскер қатарына алынып, 90-шы атты әскер дивизиясы, 173 атқыштар полкінің құрамында рота командирінің саяси жұмыс жөніндегі орныбасары шенінде Отан

соғысына қатысқан.

Далаев Мұртаза 173 атқыштар полкінің құрамында қазақ қызыл әскерлері арасында кеңес үкіметіне қарсы сатқындық топты дайындау кезінде провокациялық әдістер қолданған.

Осының негізінде Далаев Мұртаза 1943 жылдың 7 маусымында Ленинград майданы «Смерч» контрразведкасының басқармасы арқылы тұтқынға алынған.

Осы іс бойынша тексеру барысында анықталғаны: Далаев Мұртаза 1943 жылдың ақпан айынан сол жылдың 11 наурызына дейін майданға кетіп бара жатқанда фашистердің қызыләскерлерді немістер жағына өтуге шақырған листовкасын екі-үш қызыләскерлер арасында оқып, оны қазақшаға аударған.

Сатқындар тобына қатысушылар қазақ қызыл әскерлері арасында сол листовканың мазмұнын айтып таратқан және немістер жағына жаңадан өтушілерді тарту кезінде пайдаланған. Сол жылдың 23 наурызында Далаев сатқындар тобына қатысушылармен өңгімесінде оларға провокациялық мәселелер қойған және сатқындардың немістер жағына жаңа адамдарды тарту туралы ұсыныстарын қолдаған.

1943 жылдың 15 сәуірінде Далаев өзінің жертелесіне Қызыләскер Тантақовты шақырып алып өңгіме кезінде оған өзінің «Смерч» контрразведкасының құпия қызметкері екенін айтып қойған.

Айыпкер Далаев тергеу барында өзінің айыбын толық мойындамаған.


Тергеу ісі аяқталып, РСФСР ҚК-ның 208 бабына сәйкес істі Ленинград облысы НКВД Әскери Прокурор арқылы айыпкерді Әскери Соттың Трибуналына тапсыру үшін жіберген.

Ленинград облысы НКВД әскери Трибуналының 1943 жылғы 24 пілдедегі үкімімен Далаев Мұртаза РСФСР ҚК-ның 16-58 бабының 7 тармағымен 10 жылға бас бостандық еркін айыруға, 3 жылға саяси құқын жоюға сотталған.

Қазақстан Республикасының прокуратурасы Бас Әскери Прокуратурасының 1999 жылғы 13 сәуірдегі қорытындысы бойынша Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 14 сәуірдегі Заңының негізінде ол толық ақталған.

ДОСМАМБЕТОВ Қаһарман Сырдария ауданында 1897 жылы туған, білімі бастауыш, партияда жоқ, қамауға алынғанға дейін осы ауданда тұрған. Ол кеңес үкіметіне қарсы контрреволюциялық үгіт жүргізген, провокациялық жауыздық зиянкестік әрекеттер жазағаны үшін тұтқынға алынып, қылмыстық іс қозғалған. Өңтүстік Қазақстан облыстық НКВД Басқармасы жанындағы үштіктің 1937 жылғы 14 қарашадағы қаулысымен Досмамбетов Қаһарман 10 жылға бас бостандық еркін айыруға сотталған. 1995 жылғы 11 желтоқсанда ол толық ақталған.

ДҮЙСЕНОВ Бисен Құмсуат ауылдық кеңесі, Сұлутөбе поселкесінде 1909 жылы туған, білімі бастауыш.



Алматы қаласында бір жылдық курсті бітірген, БК(б)П мүшесі, 1941 жылғы қаңтар айында Сырдария аудандық партия комитетіне кешігіп келгені үшін партия қатарынан шығарылған, қамауға алынғанға дейін Сұлутөбе поселкесінде тұрып, сельпода жұмыс істеген. Ол екі рет сотталған. 1938 жылы РСФСР ҚК-ның 109 бабымен Созак ауданында қоғам мүлкін ішпезеп қойғаны үшін сотталған, одан ақталып шыққан,

1940 жылы жұмыстан қалып қойған үшін 5 айға еріксіз жұмысқа сотталған.

Айыптау қорытындысы бойынша Дүйсенев Бисен кеңес үкіметіне қарсы жауыздық пиғылда болып, жұртшылық арасында үнемі СССР-дағы құрылысқа қарсы бағытталған контрреволюциялық үгіт таратқан. Сонымен қатар Сұлутөбе поселкесінде жұртшылық арасында: «Кеңес Одағында нан жетіспейді, адамдар аштықтан әлсіреуде», — деп жалкорлық үгіт таратқан. Сөйтіп кеңес өкіметіне қарсы жұртшылықтың наразылығын тудырмақшы болған. 1941 жылғы 7 наурызда ол өзін «кеңес өкіметінің қас жауымын», — деп ашық айтқаны үшін Қызылорда облыстық НКГБ Басқармасының 1941 жылғы 27 маусымдағы қаулысымен тұтқынға алынып, РСФСР ҚК-ның 58 бабының 10 тармағының 2 бөлімімен қылмыстық іс қозғалған.

Қызылорда облыстық сотының қылмыстық істер қарайтын сот коллегиясының 1941 жылғы 29 қыркүйектегі үкімімен Дүйсенов Бисен 10 жылға бас бостандық еркінен айыруға, жазасын өтегеннен кейін 3 жылға саяси құқын жоюға, мал-мүлкін тәркілеуге сотталған.

Қазақ ССР Жоғарғы Сотының қылмыстық істер қарайтын сот коллегиясының 1941 жылғы 29 қазандағы ұйғаруымен Қызылорда облыстық сотының 1941 жылғы 29 қыркүйектегі Дүйсенов Бисен жөніндегі үкімі бұзылып, ісі алдын ала тергеуден бастап қайта қарауға жіберілген.

Қызылорда облыстық сотының қылмыстық істер қарайтын сот коллегиясының 1941 жылғы 31 желтоқсандағы үкімімен Дүйсенов Бисен 10 жылға бас бостандық еркінен айыруға, осы жазасын өтегеннен кейін 5 жылға саяси құқын жоюға сотталған.

Қазақ ССР Жоғарғы Сотының қылмыстық істер қарайтын сот коллегиясының 1942 жылғы 31 қаңтардағы ұйғаруымен Қызылорда обл. сотының 1941 жылғы 31 желтоқсандағы үкімі күшінде қалдырылып, сотталушының арызы аяқсыз тасталған.

Қазақ ССР Жоғарғы Соты Президиумының 1957 жылғы 15 сәуірдегі қаулысымен Қызылорда облыстық сотының 1941 жылғы 31 желтоқсандағы үкімі мен Қазақ ССР Жоғарғы Сотының қылмыстық істер қарайтын сот коллегиясының 1942 жылғы 31 қаңтардағы ұйғаруы бұзылып, Дүйсенов Бисенге тағылған айыптың жеткіліксіздігі үшін іс өндірістен қысқартылған.

Қызылорда облыстық прокурордың 1997 жылғы 13 мамырдағы қорытындысымен Дүйсенов Бисен Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 14 сәуірдегі Заңының негізінде толық ақталған.

ДІЛДАБЕКОВ Темір Сырдария ауданының № 5 «Октябрь», бұрынғы № 10 ауылдық кеңесінде 1877 жылы туған, бай жанұясынан шыққан, өзі де бай болған, 1925 жылы мал ұрлаушылар тобын ұйымдастырушы есебінде 2 жылға сотталған, 1927 жылы Қазақ ССР НКВД басқармасы жанындағы Орталық үштіктің қаулысымен Петропавлов қаласына 2 жылға жер аударылған. Одан мерзімін өтеп ауылына келгеннен кейін тағы да колхозда контрреволюциялық әрекеттер жүргізген. 1932 жылы ОГПУ органы арқылы өзінің контрреволюциялық әрекетін жасырғаны үшін тұтқынға алынған. 1935 жылы мал ұрлаушылар тобын ұйымдастырғаны және етпен сауда-саттық жасағаны үшін 6 адам 5 жылға сотталған. 1936 жылы ол мерзімінен бұрын қамаудан босатылғаннан кейін де кеңес үкіметіне қарсы белсенді күрес жүргізген. 1918—1920 жылдары БК(б)П қатарында болған, одан бай есебінде шығарылған осы қылмысы үшін ол Қызылорда аудандық НКВД бөлімінің 1937 жылғы 11 тамыздағы қаулысымен тұтқынға алынып, қылмыстық іс қозғалған. Оңтүстік Қазақстан облыстық НКВД Басқармасы жанындағы үштіктің 1937 жылғы 33 тамыздағы қаулысымен ең жоғары жаза — ату жазасына сотталған. Үкім 1937 жылғы 6 қыркүйекте орындалған.

Қызылорда облыстық прокуроры орынбасарының 1989 жылғы 8 тамыздағы қорытындысымен Ділдабеков Темір СССР Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1989 жылғы 16 қарашадағы жарлығы негізінде толық ақталған.

Е

ЕЛЕУКЕНОВ Балабай Сырдария ауданының «Колос» елді мекенінде (қазіргі Александровск поселкесінде) туған, (туған жылы, сауаты, қызметі белгісіз) кейін Қызылорда қаласында тұрған. Ол Сүлеймен Есқараев, Тұрар Рысқұлов



сияқты Қазақстанның адал азаматтарымен қатар өскен, қоғам қайраткері болған. 1937 жылы Шымкент облысы, Шәуілдір ауданында қызмет істеп жүрген жерінен «Халық жауы» деген жаламен ұсталып, НКВД жанындағы үштіктің қаулысымен РСФСР ҚК-ның 58 бабымен қылмыстық іс қозғалған. 1937 жылғы 21 ақпанда Елеуенов Балабай ең жоғары жаза — атуға сотталған. Үкіммен Шымкент қаласында 21 адамның бірі болып (тізімде № 10), атылған.

Елеуенов Балабай толық ақталған. (Сырдария ауданы «Колос», қазіргі Александровск елді мекенінде тұратын қарындасы Рәбига Елеуенованың және Қызылорда қаласында тұратын туған қарындасы Зибаш Шалабаеваның айтулары бойынша).

ЕРМАҒАМБЕТОВ Жолман Сырдария ауданының № 3 ауылы, Ленин атындағы колхозда 1919 жылы туған, ВЛКСМ мүшесі, білімі орталау, почта менгерушісі болып жұмыс істеген. 1939 жылы Қызыл Армия қатарына алынған, 1941 жылы қыркүйек айында Отан соғысына қатысып, немістердің тұтқынына түскен. Польшаның Вениаминово жерінде «Түркістан легионына» кіреді, онда 1942 жылдың қыркүйегінен 1944 жылдың сәуір айына дейін болады. Неміс армиясының унтер-офицер шенінде взвод командирі болып, өзінің взводымен қорған бекіністерін салуға белсене қатысқан. 1944 жылы сәуір айының басында неміс армиясы кейін шегінген уақытта кеңес әскерлері жағына қашып шыққан, бірақ өзінің қылмыстық әрекетін жасырған. Симферополь қаласы маңында 1944 жылғы маусым айында 255 жеке теңіз бригадасының құрамына жіберілген. 1945 жылдың 8 қаңтарына дейін үшінші украин майданында немістерге қарсы соғысқа қатысқан. Содан жараланып София қаласына госпитальға жіберілген. Одан жазылып ауылға қайтып келіп, Жетікөл ауылдық кеңесінде почта менгерушісі болып жұмыс істейді. Сырдария аудандық МГБ Бөлімінің 1949 жылғы 20 шілдедегі қаулысымен тұтқынға алынып, РСФСР ҚК-ның 58 бабының 1 «б» тармағымен айып тағылып, қылмыстық іс қозғалған.

Түркістан Әскери Округінің Әскери Трибуналының 1949 жылғы 6 қазандағы үкімімен Ермағамбетов Жолман 20 жылға еңбек түзету лагеріне, 5 жылға



Оң жақта бірінші тұрған Ермағамбетов Жолман.

сайлау-сайлану құқын жоюға сотталған. СССР Жоғарғы Әскери коллегиясының 1949 жылғы 20 желтоқсандағы ұйғаруы бойынша ТуркВО-ның үкімін күшінде қалдырған.


Контрреволюциялық қылмысы үшін істерін қайта қарайтын Қызылорда облыстық Комиссиясының 1954 жылғы 8 қазандағы Ермағамбетов Жолманның айып мерзімін нақты отырған күніне жатқызып қамаудан босатқан.

Осы қаулыда былай деп жазылған:

«Ермағамбетов Жолман Герман Армиясының «Түркістан легионынан» қашып шығып, Совет Армиясының қатарында болып, немістерге қарсы соғысқа қатысқан, бірнеше үкімет наградаларын алған, соғыста ауыр жарақат алып, III дәрежелі мүгедек болған, ауылға келіп қоғамдық пайдалы еңбекпен айналысқаны ескерілді», — делінген.

Ермағамбетов Жолман Қазақстан Бас прокурорының 1993 жылғы 14 сәуірдегі қорытындысымен толық ақталған.

ЕРТОҚАЕВ (ЕРШОҚАЕВ) Әуелбек № 14 ауыл «1 Май» ауылдық кеңесі, КИМ колхозында 1894 жылы туған (немесе сол ауданның Тартоғай, Майлы-тоғай жерінде), шала сауатты, 1923 жылдан 1933 жылға дейін БК(б)П мүшесі болған, КИМ колхозында темір ұстасы болып жұмыс істеген, 1940 жылы 6 айға сотталған, әйелі — Пейшенкүл, қыздары — Зубара, Мария, ұлдары — Мұхтар, Нұрболат.




Айыптау қорытындысы бойынша айыпкер Ертоқаев Әуелбек КИМ колхозында темір ұстасы болып жұмыс істеп жүріп, 1939 жылдан бастап колхозшылар арасында үкімет пен партияға қарсы контрреволюциялық үгіт таратқан. 1942 жылғы 18 қаңтарда ол: «Кеңес Одағы газет бетінде шындықты жазбайды, тек өтірік жалған ақпарлар беріп халықты алдайды, Кеңес Одағы Германиямен болып жатқан соғыста адамдарды малша қырып жатыр», — деп халықтың назарын теріске аударып, Гер-

мания фашизмнің күшін мақтаған. Кеңес үкіметі халыққа салықты көп салады, колхозшылардың тұрмысы өте нашарлап кетті», — деп теріс үгіт жүргізген. Мал есебі алынып жатқан кезде ол өзінің ондаған малдарын жасырып қалған. «Үкімет көп тұрмайды, жеңіс немістер жағында», — деп сөуегейлік сөздер айтқан. Сол қылмыстары үшін ол Қызылорда облыстық НКВД Басқармасы СПО-ның 1942 жылғы 6 наурыздағы қаулысымен тұтқынға алынып, РСФСР ҚК-ның 58 бабының 10 тармағының 2 бөлімімен қылмыстық іс қозғалған.

Қызылорда облыстық сотының қылмысты істер қарайтын сот коллегиясының көшпелі сессиясының 1942 жылғы 13 маусымдағы үкімімен айыпкер Ертоқаев Әуелбек 10 жылға бас бостандық еркінен айыруға, 5 жылға сайлау-сайлану құқын жоюға, өзіне тиісті мал-мүлкін тәркілеуге сотталған.

Қазақ ССР Жоғарғы сотының қылмысты істер қарайтын сот коллегиясының 1942 жылғы 30 маусымдағы ұйғаруымен Қызылорда облыстық сотының 1942 жылғы 13 маусымдағы үкімі күшінде қалдырылып, Ертоқаевтың арызы аяқсыз тасталған. Қазақстан Республикасының Бас Прокуратурасы бөлім бастығының 1996 жылғы 22 қаңтардағы қорытындысымен Ертоқаев Әуелбек Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 14 сәуірдегі Заңының негізінде толық ақталған.

ЕСІМОВ Сәрсен № 6 ауыл, Сталин ауылдық кеңесі, Сталин атындағы колхозда 1883 жылы туған, кол-



хозшы, партияда жоқ, арабша сауаты бар, үйлі-жайлы, сотты болмаған, әйелі — Назипа, қызы — Ақбала.

Айыптау қорытындысы бойынша Есімов Сәрсен бұрын молда болып, халық арасында үнемі діни жұмыстар жүргізген, колхоздың экономикалық күш-қуатын әлсіретуге, колхозшыларды ыдыратып жіберуге бағытталған жұмыстармен қатар кеңес үкіметіне қарсы контрреволюциялық үгіт

жүргізген. Сонымен қатар ол колхоз құрылысына, партия мен кеңес үкіметінің шараларына қарсы әрекеттер жасаған. Мәселен 1939 жылғы 6 қазанда колхозшылар арасында ол былай деген: «Колхозшылар өздерінің малдарын фермаға өз еркімен беріп жатқан жоқ, олардан үкімет тартып алып жатыр, енді колхозшылар малсыз қалады. Үкіметтің саясаты мал басын көбейтуге бағытталып отырған жоқ, қайта оны азайтуға бағытталған». 1939 жылғы 3 қарашада Есімов колхозшылар арасында оларды колхоздан шығып, басқа жаққа көшіп кетуге шақырған. 1940 жылғы тамыз айында ол партия көсемінің атына контрреволюциялық лақаптар таратқан. 1941 жылғы 11 шілдеде Есімов колхозшылар арасында фашистік Германияның соғыс техникасы мен армиясын мадақтап, Қызыл Армияның күш-қуатын жамандаған, баспасөз бен радионың атына жаман сөздер

айтқан. Осы қылмысы үшін ол Сырдария аудандық НКВД бөлімінің 1941 жылғы 5 қыркүйектегі қаулысымен тұтқынға алынып, РСФСР ҚК-ның 58 бабының 10 тармағының 2 бөлімімен қылмыстық іс қозғалған.

Қызылорда облыстық сотының қылмысты істер қарайтын сот коллегиясының 1941 жылғы 29-30 қазандағы үкімімен айыпкер Есімов Сәрсен 8 жылға бостандық еркінен айыруға, 3 жылға сайлау-сайлану құқын жоюға, өзіне тиісті мал-мүлкін тәркілеуге сотталған.

Қазақ ССР Жоғарғы Сотының қылмысты істер қарайтын сот коллегиясының 1941 жылғы 16 желтоқсандағы ұйғаруымен облыстық соттың үкімін бұзып, істі тиісті соттың қарауына беру үшін Қызылорда облыстық прокуратурасына жіберілген.

Қызылорда облыстық сотының қылмысты істер қарайтын сот коллегиясының 1942 жылғы 12 ақпандағы үкімімен айыпкер Есімов Сәрсен ең жоғары жаза — ату жазасына сотталған.

Қазақ ССР Жоғарғы Сотының қылмысты істер қарайтын сот коллегиясының 1942 жылғы 10 наурыздағы ұйғаруымен Қызылорда облыстық сотының 1942 жылғы 12 ақпандағы үкімі күшінде қалдырылған, Есімовтың шағым арбыз аяқсыз қалған. СССР Жоғарғы Сотының қылмысты істер қарайтын сот коллегиясының 1942 жылғы 2 мамырдағы ұйғаруымен Есімов Сәрсеннің ату жазасы 10 жылға бас бостандығынан айыруға, 5 жылға сайлау-сайлану құқын жоюға ауыстырылған.

СССР Прокуратурасының 1991 жылғы 28 маусымдағы қорытындысымен Есімов Сәрсен СССР Президентінің 1990 жылғы 13 тамыздағы Жарлығының негізінде толық ақталған.

Ж

ЖАНҚОЖАЕВ Аманжол № 15 ауылда 1918 жылы туған, білімі 7 класс, үйленбеген, бұрын сотталмаған, 1938 жылы әскер қатарына алынған, 659 АП взвод командирінің көмекшісі болып, Отан соғысына қатысқан. 1941 жылдың қазан айында неміс фашистерінің тұтқынына түсіп, 1942 жылдың қыркүйек айында «Түркістан легионына» кірген. Ол офицерлер курсы бітіріп, взвод командирі қызметіне тағайындалған, 1943 жылдың қаңтар айында совет-герман майданына жіберілген, сол жерде Қызыл Армия бөлімшесінің қолына түскен. Жанқожаев А. осы қылмысы үшін Брянск майданы Әскери Трибуналының 1943 жылғы 17 наурыздағы үкімімен РСФСР ҚК-ның 58 бабының 1 «б» тармағымен 10 жылға бас бостандық еркінен айыруға, 5 жылға саяси құқын жоюға, өзіне тиісті мүлкін тәркілеуге сотталған.

Қазақстан Республикасы ГВП бөлімінің әскери прокуроры Ю. Засулиннің осы қылмысты іс жөніндегі қорытындысында Жанқожаев оған байланыссыз жағдайда жаралы болып, қоршауда қалғандықтан тұтқынға түскен. Ол алдын-ала тергеуде және сот

мәжілісінде «Түркістан легионына» бас сауғалап, майданға кету, сөйтіп кеңес әскерлері жағына өту мақсатында кірдім деген және солай істеген, Қызыл Армияға қарсы соғысқа қатыспаған. Жанқожаевтың әрекетіндегі қылмыстық құрам формалды түрде ойдан шығарылған, сондықтан оның саяси қуғын-сүргінге түсуін негізсіз деп тапқан. Жанқожаев Аманжол Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 14 сәуірдегі Занының 5 бабының «А» пунктінің негізінде толық ақталған.

ЖАҚЫПОВ Әбубөкір Жетікөл ауылында 1872 жылы туған, молда болған, орта діни білімі бар, партияда жок, еш жерде жұмыс істемеген, қамауға алынғанға дейін Қызылорда қаласы, бұрынғы Қарақалпақ (қазіргі Журба) көшесі, № 60 үйде тұрған, баласы Әбубөкіров Піраза, қызы — Мәрия.

Жақыпов Әбубөкір Кеңес өкіметіне қарсы контрреволюциялық пиғылда болып, кеңес өкіметінің қуғын-сүргінінен тығылып жүріп, 1932 жылы қазақтардан топ құрып, жасырын шекарадан өтіп, Ауғанстанға барып Анка қаласында тұрған. Ауғанстанда Жақыпов мұсылман дінбасыларының белгілі лидерлері, СССР территориясындағы контрреволюциялық құрылымдардың басшылары Қалжанахун Мұғамур және Шайхы Ислам-Иманмен байланыс жасаған. Бұл үшеуі Ауған үкіметінің қамқорлығында болып, азық-түлікпен қамтамасыз етілген. Қалжанахун Мұғамур бұрын Қызылорда ауданында мұсылман дінінің мұхтасибі болған. Жақыпов Әбубөкір 1935 жылы Қалжанахун Мұғамур арқылы Ауғанстаннан СССР территориясына әтпекші болған кезде шекарада оны қызыл отрядтары ұстап алған, тергеу барысында ол өзінің молда екенін, Ауғанстанда эмиграцияда болғанын жасырып, тұтқыннан босанып кеткен. 1936 жылы Қызылорда қаласына келіп, Жақыпов кеңес өкіметіне қарсы контрреволюциялық, жеңілістік үгітті үнемі жүргізіп, Ауғанстандағы төртін пен тұрмысты мақтаған. 1936 жылғы желтоқсан айында Жақыпов: «Ауған үкіметі көшіп келген қазақтарды өте жақсы қарсы алды, оларға жер беріп, материалдық көмек көрсетті, менің өзім Ауған үкіметінің толық қамқорлығында болып, олардан материалдық көмектер алдым. Ауғанстанда Ислам дінін қадір тұтады, молдаларға үлкен құрмет көрсетеді», — деген сөздер айтқан. 1937 жылдың қаңтар айынан бастап Жақыпов Әбубөкір Ауғанстанға кетуге дайындалып, Қызылорда қаласында тұратын молда Құрманғали Бисембаевқа Ауғанстанға бару жұмаққа барғанымен бірдей, ал Кеңес Одағы көпірлердің елі, бұл жерде туру дозаққа барғанмен бірдей, Ауғанстанға мұсылман еліне бару барлық мұсылманның міндеті», — деп үгіт таратқан. Қолхозшылар арасында контрреволюциялық жеңілістік үгіттер жүргізіп келген.


Осы қылмыстары үшін Жақыпов Әбубөкір Қызылорда аудандық НКВД бөлімінің 1937 жылғы 5 тамыздағы қаулысымен тұтқынға алынып, РСФСР ҚК-ның 58 бабының 6, 10 тармақтарымен қылмыстық іс қозғалған.

Оңтүстік Қазақстан облыстық НКВД Басқармасы жанындағы үштіктің 1937 жылғы 20 қазандағы қаулысымен Жақыпов Әбубөкір ең жоғары жаза — ату жазасына сотталған, жеке мүліктері тәркіленген.

Бұл үкім 1937 жылдың 31 қазаны күні сағат 24-ге Қызылорда қаласында орындалған.

Қызылорда облыстық прокуроры орынбасарының 1989 жылғы 6 шілдедегі қорытындысымен Жақшпов Әбубәкір СССР Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1989 жылғы 13 қаңтардағы жарлығының негізінде толық ақталған.

ЖАНБОСЫНОВ Ешпан № 4 Киров ауылдық кеңесінде 1886 жылы туған, шала сауатты, БК(б)П мүшесі, 1937 жылы діни



өдет-ғұрыпты ұстағаны үшін партия қатарынан шығарылған, қамауға алынғанға дейін осы ауданның № 3 ауылында су шаруашылығында жұмыс істеген.

Айыптау қорытындысы бойынша Жанбосынов Ешпан кеңес үкіметіне қарсы ұлтшылдық, террорлық, бүліншілік ұйымға 1936 жылғы шілде айында Қызылорда аудандық «Ленин туы» газетінің бұрынғы редакторы

Қауымбаев Қайыпназар арқылы тартылған, осы ұйымға қатысушылардың жүргізіп отырған дұшпандық әрекеттеріне белсене қатысқан. Жанбосынов кеңес үкіметіне қарсы, ұлтшылдық ұйымға № 3 ауыл «Шолақарық» колхозының бұрынғы табельшісі Ахметов Көрімді, «Асау» колхозының мүшесі Шығанов Рахметті тартып, оларға: «Колхозшылар арасында кеңес үкіметіне қарсы үгіт жүргізесіңдер және колхоздар дұшпандық, жауыздық, бүліншілік жұмыстар жүргізесіңдер», — деп тапсырма берген, сол үшін ол Қызылорда облыстық НКВД Басқармасының 1938 жылғы 9 сәуірдегі қаулысымен тұтқынға алынып, РСФСР ҚК-ның 58 бабының 2, 8, 11 тармақтарымен қылмыстық іс қозғалған.

Қазақ ССР НКВД-ның Шекара және Ішкі күзетінің Әскери Трибуналының 1938 жылғы 16 қарашадағы үкімімен Жанбосынов Ешпан 10 жылға құлып астына, 5 жылға саяси құқын жоюға сотталған.

СССР Жоғарғы Сотының Әскери Коллегиясының 1939 жылғы 11 наурыздағы ұйғаруымен Әскери Трибуналының 1938 жылғы 16 қарашадағы үкімі бұзылып, істі қайта қарауға жіберген.

Істі қайта қарау нәтижесінде Жанбосыновтың қылмысы анықталмағандықтан 1939 жылдың 26 маусымында іс өндірістен қысқартылып, ол қамаудан босатылған.

Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы бөлімінің 1995 жылғы 9 қарашадағы қорытындысымен Жанбосынов Ешпан Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 14 сәуірдегі Заңының негізінде толық ақталған.

ЖОЛДЫБАЕВ Қосымбай Қызылорда ауданының № 31 ауылында 1882 жылы туған, сауатсыз, партияда жоқ, қамауға алынғанға дейін осы ауылда тұрған. Ол кеңес үкіметіне қарсы контрреволюциялық үгіт таратып, партия мен үкіметтің ауылшаруашылығын-

да жүргізіп жатқан саяси шаруашылық науқанына жауыздық зиянкестік әрекеттер жасағаны үшін тұтқынға алынып, қылмыстық іс қозғалған. Оңтүстік Қазақстан облыстық сотының 1931 жылғы 5 қарашадағы үкімімен Жолдыбаев Қосымбай сотталған (сотталған жаза мерзімі белгісіз). 1997 жылғы 10 наурызда ол толық ақталған.

ЖҮНІГУЗОВ-ҚАЗЫМБЕТОВ Мұса Тартоғай поселкесінде 1877 жылы туған, руы «Бөйбіше», бай-бидің от басынан шыққан, атқамінер болған, сауатсыз, партияда жоқ, бұрын сотты болмаған, үйленген. Жүнігузов Қазымбетов Мұса ауылдарда ауылшаруашылығын коллективтендіру кезінде бай кулақтарды тап ретінде жоюға байланысты тап күресі қызу жүріп жатқан кезде Тартоғай ауылында егіс жұмысын бұзуды мақсат етіп қойған. Тартоғай ауылының учаскелерінде егін егіп жатқан егіншілерге берілген жоспарды талқылау кезінде жиналыста шығып сөйлеп егіншілерді астық дайындау жоспарын қабылдамауға, ауылдық кеңес қызметкерлерінің беделін түсіруге шақырып, үгіттеген.

1930 жылдың көктемінде егін науқаны кезінде Мұса Тартоғай поселкесі тұрғындарының арасында мемлекеттен тұқым алудан бс тартуға, «Егін шықпай өнім болмай қалған жағдайда бөрібір астық дайындау жоспарын орындауға мемлекетке тұқым фондасын қайтарып беруге тура келеді», — деп үгіт жүргізген. Сол жылғы 24 қыркүйекте Тартоғай поселкесі тұрғындарының астық дайындау жоспарын қабылдау мәселесін талқылаған жалпы жиналысында Жүнігузов — Қазымбетов Мұса жиналған халықтың арасында: «Көктемде мемлекеттен тұқым алудың керекі жоқ еді. Өйткені егін шықпай қалған жағдайда тұқым алғандар астық дайындаудан құтылмайды», — деп үгіт айтқан. Осы жиналыста астық дайындау жоспарын бұзу, ауылдық кеңестің беделін түсіру мақсатында ол кеңес өкіметіне қарсы шығып сөйлеп: «Ауылдық кеңес өзінің поселкесіндегі халықтың қамын ойламайды, оған аудан алдына егін нашар, астық жоқ, астық дайындауды жүргізу мүмкін емес — дегізіп күштеп мәселе қойғызу керек», — деген. Ол өзінің беделіне сүйеніп фамилиясын Жүнігузов деп көрсетіп, фамилиясына Қазымбетовты қосымша қосып алған. Осы қылмысы үшін Жүнігузов — Қазымбетов Мұса Қызылорда аудандық ОГПУ бөлімінің 1930 жылғы 17 қазандағы қаулысымен тұтқынға алынып, РСФСР ҚК-ның 58 бабының 10 тармағымен қылмыстық іс қозғалған.

Тергеу ісі 22 қарашада аяқталып, айыптау қорытындысы шығарылған, оны Шымкент ОГПУ-ның Опергруппасының бастығы, Қызылорда аудандық прокуроры бекіткен.

Қазақстандағы ОГПУ-ді өкілетті өкілдігі жанындағы үштіктің 1931 жылғы 2 маусымдағы қаулысымен Жүнігузов — Қазымбетов Мұса 5 жылға концлагерге сотталған, мал-мүлкі тәркіленген.

Қызылорда облыстық прокуроры орынбасарының 1989 жылғы 13 қыркүйектегі қорытындысымен Жүнігузов — Қазымбетов Мұса СССР Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1989 жылғы 16 қаңтардағы жарлығының негізінде толық ақталған.

ЖҮСІПНАЗАРОВ Ыдырыс № 3 ауылда 1892 туған, негізі бай, әкесі Жүсіпназаров революцияға дейін ірі

бай болған, жалшылар ұстаған, Ыдырыстың туысы Жүсіпназаров Абдулла контрреволюциялық әрекеті үшін 1937 жылы тұтқынға алынып сотталған. Жүсіпназаров Ыдырыс партияда жоқ, білімі орталау, № 15 ауыл «Ақ Дон» колхозында шаруашылық меңгерушісі болып жұмыс істеген. 1929 жылы Қызылорда қаласында ОГПУ органы арқыл тұтқынға алынып, 11 күннен кейін тұтқыннан босатылған. Әйелі Злиха, балалары — Жұбатқан, Зайда, Шайза, Рахила.

Айыптау қорытындысы бойынша Жүсіпназаров Ыдырыс кеңес үкіметіне қарсы ұлтшылдық ұйымның Қызылорда облысындағы филиалына белсене қатысқан, ол бұл ұйымға 1936 жылдың маусым айында «Қаты көл» колхозы төрағасының бұрынғы орынбасары Төжиев Ешмахан арқылы тартылған. Жүсіпназаров Ыдырыс осы ұйымға қатысушылардың кеңес үкіметіне қарсы жүргізген әрекеттеріне белсене қатысқан. Ол осы ұйымға 4 адамды тартып, оларға мынандай тапсырмалар берген:

- 1) Кеңес үкіметіне қарсы ұлтшылдық, террорлық көтерілісшілер ұйымына жаңа адамдар тарту;
- 2) Колхозда зиянкестік-бүліншілік жұмыстар жүргізу;
- 3) Егістікке су жібермеу, суармау;
- 4) Қызылорда — Шымбай трактісының құрылысында жауыздық жұмыстар жүргізу.
- 5) Ұйымға қатысушылардың жауыздық жұмыстарын жасыру.
- 6) Егіс егу және жинау жұмысын жауыздықпен жүргізу.

Сонымен қатар Жүсіпназаров Ыдырыс «Ақ Дон» колхозында тікелей өзі жауыздық-бүліншілік жұмыстарын жүргізген. 1937 жылы колхоз төрағасының орынбасары болып тұрған кезінде колхоздың егіс жоспарын өдейі бұзған. Жүсіпназаровтың тапсырмасымен көктемгі егіс кезінде буаз биелерді ауыр жұмысқа салып іш тастатқан, мұның өзі мал басының кемуіне өкөп соқтырған. 1937 жылы Жүсіпназаровтың тапсырмасымен егістікті суару жұмысын бұзу салдарынан, егістің көп бөлігі қурап қалып, өнім алынбаған. Ол жұртшылық арасында үнемі теріс үгіт жүргізіп, қазақтар мен көрістердің арасында ұлтшылдық наразылық тудырған. Сол үшін ол Қызылорда облыстық НКВД Басқармасының 1938 жылғы 15 наурыздағы қаулысымен тұтқынға алынып, РСФСР ҚК-ның 58 бабының 2, 7, 10, 11 тармақтарымен қылмыстық іс қозғалған.

Қызылорда облыстық сотының арнаулы коллегиясының 1938 жылғы 19 сәуірдегі үкімімен Жүсіпназаров Ыдырыс 25 жылға бас бостандық еркінен айыруға, 5 жылға сайлау-сайлану құқын жоюға, өзіне тиісті мал-мүлкін тәркілеуге сотталған.

Қазақ ССР Жоғарғы сотының қылмысты істер қарайтын сот коллегиясының 1940 жылғы 24 қаңтардағы ұйғаруымен Қызылорда облыстық сотының үкімі бұзылып, қылмыс құрамының анықталмауына байланысты іс өндірістен қысқартылып, Жүсіпназаров Ыдырыс қамаудан босатылған.

Қазақстан Республикасы бас прокуратурасы бөлім бастығының 1996 жылғы 25 наурыздағы қорытындысымен Жүсіпназаров Ыдырыс Қазақстан Респуб-

ликасының 1993 жылғы 14 сәуірдегі Заңының негізінде толық ақталған. (Жүсіпназаров Ыдырыс 1939 жылдың 18 маусымында НКВД Қызылорда түрмесінен Шымкент түрмесіне айдалған, Шымкент түрмесінен 1939 жылдың 27 маусымында Севостлаг НКВД Бухта — Нагаева, Магадан, Хабаровск өлкесіне айдалған).

ЖҮСІПОВ Мәжит № 3 ауыл, Калинин атындағы колхозда 1921 жылы туған, білімі 7 класс, партияда жоқ, колхозшы, сотты болмаған, үйленген, әйелі — Айткүл.


Айыптау қорытындысы бойынша Жүсіпов Мәжит 1942 жылғы қаңтар айында Қызылорда ҚӘК арқылы әскерге алынып, 103 Д, 53 АП құрамында Самарқан қаласында әскери жаттығуда болған. 1942 жылғы наурыз айында Харьков майданына жіберілген. 1942 жылдың 27 мамырында Харьков қаласының маңындағы шайқаста неміс әскерлерінің тұтқынына түскен. Неміс жағында жүріп, 1942 жылдың қазан айында Польшаның Вениаминово жерінде Отанды сатып, кеңес үкіметіне қарсы ұйрылған «Түркістан легионына» өз еркімен кірген. «Түркістан легионына» қатысушы ретінде Жүсіпов жұмысшы батальонына жіберілген, оның құрамында ол фашистік Германияға адал қызмет жасауға ант берген, неміс армиясының «ефрейторы» деген атақ алып, бөлімше командирі болған. 1943 жылдың маусым айынан 1944 жылдың сәуір айына дейін Тимерук, Симферополь қалаларында және Крым облысының Бахчисарай ауданының Толе деревнясында кеңес әскерлеріне қарсы әртүрлі қорғаныс бекіністерін салуға белсене қатысқан және неміс армиясының тылындағы әртүрлі шаруашылық жұмыстарын атқарған.

1944 жылғы сәуір айында Кеңес Армиясының әскерлері арқылы қолға түскен. Өкімет тексеруі кезінде Кеңес үкіметі органдарынан немістердің пайдасына қызмет еткен қылмыстық әрекетін жасырып, Кеңес Армиясының қатарына қосылып, кейін әскер қатарынан босанып, туған аулына келіп колхозда жұмыс істеген.

Қызылорда облыстық МГБ Басқармасының 1949 жылғы 20 шілдедегі қаулысымен Жүсіпов Мәжит тұтқынға алынып, РСФСР ҚК-ның 58 бабының 1 «б» тармағымен қылмыстық іс қозғалған.

Түркістан Әскери Округінің әскери трибуналының 1949 жылғы 5—6 қазандағы үкімімен Жүсіпов Мәжит 15 жылға еңбек түзету лагеріне, 5 жылға саяси құқын жоюға, өзіне тиісті мүлкін тәркілеуге сотталған. СССР Жоғарғы Сотының Әскери Коллегиясының 1949 жылғы 20 желтоқсандағы ұйғаруымен ТуркВО Әскери Трибуналының Жүсіпов Мәжит жөніндегі үкімі күшінде қалдырылып, оның шағым арызы аяқсыз тасталған.

Контрреволюциялық қылмысы үшін сотталғандардың ісін қайта қарау жөніндегі Қызылорда облыс-



тық комиссиясының 1955 жылғы 24 мамырдағы қаулысымен Жүсіпов Мәжиттің тұтқында жүріп неміс әскерлерінің жұмысшы батальонында жұмыс істегенін және Совет Армиясына қарсы соғысқа қатыспағанын, сонымен қатар 1944 жылы тұтқыннан босағаннан кейін Совет Армиясының құрамында Герман армиясына қарсы соғысқанын, содан екі рет жараланғанын, сол үшін ордендермен марапатталғанын ескеріп, тұтқында отырған күндерін жаза мерзіміне жатқызып, қамаудан босатуды ұйғарған. СССР Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1954 жылғы 14 шілдедегі «жұмыс күнін есепке алу» туралы жарлығының негізінде Магадан облыстық сотының 1954 жылғы 20 желтоқсандағы ұйғаруымен 1955 жылғы 15 қаңтарда мерзімінен бұрын қамаудан босатылған. Ол толық ақталған.

И

ИБАДУЛЛАЕВ Сұлтан № 15 ауыл, Сталин атындағы колхозда 1900 жылы туған, сауаты бар, партияда жоқ, қамауға алынғанға дейін Қызылорда қаласы, Банковская көшесі № 20 үйде тұрған, темір жолда аға кондуктор болып жұмыс істеген.

Ол темір жол жұмысшылары арасында кеңес үкіметіне қарсы контрреволюциялық үгіттер таратып, темір жол бойында өртүрлі жауыздық зиянкестік әрекеттер жасағаны үшін Қызылорда стансасы ОДТО УГБ НКВД-ның 1937 жылғы 10 қыркүйектегі қаулысымен тұтқынға алынып,

РСФСР ҚК-ның 58 бабының 10 тармағымен қылмыстық іс қозғалған. Өзбек ССР НКВД-ның жанындағы үштіктің 1937 жылғы Іқазандағы қаулысымен Ибадуллаев Сұлтан ең жоғары жаза — ату жазасына сотталған. Қызылорда облыстық прокуроры орынбасарының

1989 жылғы 9 тамыздағы қорытындысымен Ибадуллаев Сұлтан СССР Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1898 жылғы 16 қарашадағы жарлығының негізінде толық ақталған.

ИМАНҚҰЛОВ Фафур Қызылорда ауданының № 44 ауылында 1912 жылы туған, білімі орталау, партияда жоқ, қамауға алынғанға дейін осы ауылда тұрған, уақытша жұмыс істе-меген.

Ол ауыл тұрғындары арасында кеңес үкіметіне қарсы контрреволюциялық үгіт жүргізіп, үкімет пен партияның ауылшаруашылығында жүргізіп жатқан шараларына қарсы өртүрлі жауыздық зиян-кестік әрекеттер жасағаны үшін тұтқынға алынып, қылмыстық іс қозғалған. Қазақстандағы ОГПУ өкілетті өкілдігі жанындағы үштіктің 1933 жылғы 14 сәуірдегі қаулысымен Иманқұлов Фафур 5 жылға бас бостандық еркінен айыруға сотталған. 1989 жылғы 9 маусымда ол толық ақталған.

К

КЕНЖЕЕВ Оқаш 1912 жылы № 14 ауылында туған, шала сауатты, үйленген, партияда жоқ, бұрын сотталмаған, 1942 жылы қаңтар айында әскер қатарына шақырылып, Отан соғысына № 489 ИТАП құрамында қатысқан.

1942 жылы қазан айында ұрыс даласында блиндаждың төбесін жабу үшін взвод командирі Бахиревтің «Бөрене алып кел!»— деген бұйрығына бағынбай, қарсылық көрсетіп, «өлтiрeмiн»,— деп қорқытқан. Осы қылмысы үшін НКВД-нің ерекше бөлімінің қаулысымен 1942 жылы 18 желтоқсанда тұтқынға алынған.


1942 жылғы 28 желтоқсанда Туапсинск қорғаныс ауданының әскери Трибуналы РСФСР Қылмыс Кодексінің 19,58-8 бабтарымен айыпталған қылмыстық істі қарап, Кенжеевті 8 жылға бас бостандығы еркінен айыруға және 3 жылға саяси құқын жоюға соттаған.

Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 14 сәуірдегі «Жаппай саяси қуғын-сүргіндер құрбандарын ақтау туралы» Заңының 5 бабы «А» тармағына сәйкес Кенжеевтің әрекетінде қылмыс құрамы жоқ болғандықтан іс ендірістен қысқартылған. Ол 1998 жылы 28 қыркүйекте ақталған.

КИМ Афанасий Андреевич родился в 1907 году в с. Эинбар, Иманского района, ДВК, кореец, гр-н СССР, грамотный, член ВКП /б/, исключен из партии по данному делу, до ареста проживал в аулсовете №9 и работал председателем колхоза «Интернационал» Сырдарьинского района.

Он изобличается как активный участник контрреволюционной националистической организации - «Шанхаец», агент японской разведки. Будучи завербован агентом японской разведки Те Губоном, активно проводил шпионскую работу на территории СССР. Одновременно по заданию этого же агента активно проводил работу по развалу колхоза «Интернационал», проводил контрреволюционную агитацию среди колхозников, за что он постановлением 3 отд. УНКВД по Кызылординской области от 26 июня 1938 года арестован и привлечен к уголовной ответственности по ст. 58 - 7 УК РСФСР.

Постановлением особой тройки при УНКВД по Кызылординской области от 5 октября 1938 года Ким Афанасий Андреевич осужден к высшей мере наказания — расстрелу, приговор приведен в испол-



нение 9 октября 1938 года Кызылординским обл. управлением УГБ НКВД.

Определением военного трибунала ТуркВО от 24 августа 1959 года Постановление особой тройки УНКВД Кызылординской области в отношении Ким Афанасия от 5 октября 1938 года отменено и дело на него на основании ст. 5 п 1 основ уголовного Судостройства СССР и Союзных республик, прекращено за отсутствием состава преступления.

По заключению прокурора Кызылординской области от 15.09.97. года Ким Афанасий Андреевич на основании Указа Президиума Верховного Совета СССР от 16.01.1989 года реабилитирован.

КИМ Бен-Дик родился в 1875 году в гор. Бенгин, Корея, малограмотный, беспартийный, колхозник, до ареста проживал в колхозе «Теренсай» №15 аулсовета Сырдарьинского района. За антисоветскую контрреволюционную агитацию среди корейского населения и шпионско-диверсионную, подрывно-вредительскую работу арестован и привлечен к уголовной ответственности. Постановлением тройки при УНКВД по Кызылординской области от 17 октября 1938 года Ким Бен-Дик осужден к высшей мере наказания - расстрелу. Он реабилитирован 15 мая 1989 года.

КИМ Вон-Пир - родился в 1887 году в гор. Андан, Корея, малограмотный, беспартийный, колхозник, до ареста проживал в колхозе им. Сталина Сырдарьинского района. За антисоветскую контрреволюционную агитацию среди колхозников-корейцев и подрывно вредительскую работу в колхозе арестован и привлечен к уголовной ответственности. Уголовное дело прекращено. Он реабилитирован 20 января 1994 года.

КИМ Григорий Иванович родился в 1895 году в Посетском районе, Дальневосточного края, образование начальное, беспартийный, до ареста проживал на станции Солотубе Сырдарьинского района, работал завхозом больницы. За антисоветскую контрреволюционную агитацию среди населения станции и подрывно-диверсионную и провокационно - вредительскую работу арестован и привлечен к уголовной ответственности. Приговором Кызылординского областного суда от 5 апреля 1941 года по статье 58 - 10 ч 1 и 58-2 УК РСФСР Ким Г.И. осужден на 5 лет лишения свободы. Он реабилитирован 3 марта 1989 года.

КИМ Сан-Дя родился в 1890 году в селе Коктявор, р-н Хончаен, округ Кадандо, кореец, гр-н СССР, малограмотный, до ареста проживал в ауле №9 Сырдарьинского района, в колхозе «Казрис», колхозник-рисовод.

Он обвиняется в том, что работая на промышленных предприятиях оборонного значения в гор. Ленинграде, связался с японским резидентом О Ха-Моги. Вступил в шпионско-диверсионную группу и в 1929 году с группой шпионов-диверсантов, возглавляемой Ван Ен-Деном перебрался в Казахстан для шпионско-диверсионной деятельности. В 1935 году с приездом в гор. Кызылорда участвовал на совещании шпионско-диверсионной группы по вопросу развертывания диверсионной работы на транспорте в момент объявления войны Японией СССР. В 1929 и в 1935 году получил денежное вознаграждение от япон-

ского резидента Каун-Гапа через шпиона-диверсанта Ван-Ен-Дена в сумме 400 рублей, за что он постановлением 3 отдела УГБ НКВД по Южно-Казахстанской области от 19 ноября 1937 года арестован и привлечен к уголовной ответственности по ст. 58 - 6 УК РСФСР.


Постановлением Комиссии НКВД и Прокурора СССР от 11 февраля 1938 года Ким Сан-Дя осужден к высшей мере наказания — расстрелу. Приговор приведен в исполнение 11 марта 1938 года.

Определением Военного трибунала ТуркВО от 7 марта 1962 года решение комиссии НКВД и Прокурора СССР от 11 февраля 1938 года в отношении Ким Сан-Дя отменено и дело производством прекращено за отсутствием события преступления. Протест Военного прокурора ТуркВО удовлетворен.

Ким Сан-Дя реабилитирован посмертно в 1962 году.

КИМ Тимофей Иванович родился в 1900 году в селе Ниже-Янчихе, Посыетского

района, ДВК, сын кулака, окончил 6 классов и 2 года учился в институте советского права. С 1932 по 1936 год состоял кандидатом в члены ВКП(б), в 1936 году исключен из партии. 25 марта 1936 г. был арестован органами НКВД в Буденновском районе ДВК в связи с исключением из партии во время обмена партбилетов. Проживая в г. Кызылорде по ул. Полторацкая, № 40, работал



в колхозе «Интернационал» Сырдарьинского района. Он обвиняется в том, что в 1920 году завербовался японской жандармерией для шпионской работы. Он подозревался в шпионстве, за что постановлением Кызылординского РО НКВД от 15 февраля 1938 года, арестован и привлечен к уголовной ответственности по ст. 58-6 УК РСФСР. Постановлением Комиссии НКВД и Прокурора СССР от 5 сентября 1938 года Ким Т. И. осужден к высшей мере наказания — расстрелу. Приговор приведен в исполнение 3 октября 1938 года. Определением Военного Трибунала ТуркВО от 16 сентября 1958 года Постановление Комиссии НКВД и Прокурора СССР от 5 сентября 1938 года в отношении Ким Т. И. отменено и дело о нем за отсутствием состава преступления производством прекращено. Протест Военного Прокурора ТуркВО удовлетворен.

По заключению прокурора Кызылординской области от 13.05.97 г. Ким Тимофей Иванович на основании Закона Республики Казахстан «О реабилитации жертв массовых политических репрессий» от 14.04.1993 года реабилитирован.


КИМ Николай Васильевич родился в 1902 году в дер. Тхяфени в Корее, образование среднее, член ВКП(б) с 1926 года. Работал пом. опер. уполномоченного Сырдарьинского РО НКВД, сержант госбезопасности. С 1919 по 1924 год работал набивщиком

папирос на частной табачной фабрике. С 1926 по 1933 год учился в рабфаке, а затем на судостроительном отделении ДВПИ в г. Владивостоке, с 1933 года работал в органах НКВД. Он изобличается в том, что является участником контрреволюционной, шпионско-диверсионной организации, созданной японской разведкой и на протяжении ряда лет вел активную шпионско-развед. деятельность, за что Постановлением 3 отдела УГБ НКВД КазССР от 15 июля 1938 года арестован и привлечен к уголовной ответственности по ст. 58, п. 1 «а» УК РСФСР. Постановлением Особого Совецания при НКВД СССР от 11 июня 1940 года осужден на 5 лет в ИТЛ, постановлением Президиума Кызылординского облсуда от 11 ноября 1959 года постановление Особого Совецания при НКВД СССР от 11.06.40 г. по делу Ким Н. В. отменено и дело о нем производством прекращено за отсутствием в его действиях состава преступления.

По заключению прокурора Кызылординской области от 23.05.97 года Ким Николай Васильевич на основании Закона Республики Казахстан «О реабилитации жертв массовых политических репрессий» от 14.04.93 года реабилитирован.

КО УН-ЕН родился в 1892 году в Корее, гражданин СССР, малограмотный, беспартийный, до ареста проживал в Сырдарьинском районе, работал рисоводом колхоза «Интернационал». За антисоветскую контрреволюционную агитацию и провокаторско-вредительскую работу в колхозе он арестован и привлечен к уголовной ответственности. Решением Особого Совецания при НКВД СССР от 31 марта 1940 года КО Ун-Ен осужден на 3 года лишения свободы. Он реабилитирован 4 августа 1989 года.

КОГАЙ ПЕН-ХИ родился в 1908 году в Корее, прибыл в СССР в 1918 году, с 1919 по 1921 год учился в сельской школе в Китае, гражданин СССР, образование начальное, с 1930 года состоял членом ВКП(б) исключен в связи с арестом, работал бригадиром колхоза «Интернационал» Сырдарьинского района. Он обвиняется в том, что проводил шпионскую работу среди колхозников-корейцев, убеждая их в неверии мероприятиям проводимым партией и правительством в колхозном строительстве. Корейцев-колхозников подговаривал за организованное эмигрирование из СССР в Корею, за что Постановлением 3 отд. УНКВД по Кызылординской области от 26 июня 1938 года арестован и привлечен к уголовной ответственности по ст. 58-6 УК РСФСР. Постановлением 3 отд. Кызылординского обл. УНКВД от 14 октября 1938 года следствие по обвинению Когай Пен-Хи из-за недоказанности состава преступления дело прекращено и из-под стражи освобожден.



По заключению прокурора Кызылординской области от 19.05.1997 года Когай Пен-Хи на основании Указа Президиума Верховного Совета СССР от 16.01.1989 года реабилитирован.

КОГАЙ Филипп Иванович родился в 1902 году в селе Синельниково, Молотовского района, ДВК, кореец, гражданин СССР, образование среднее, с 1932 года состоял членом ВКП(б), исключен из партии при проверке партдокументов, до ареста проживал в гор. Кызылорде по улице Безымянная № 22, работал бухгалтером столовой колхоза «Казрис» Сырдарьинского района.


Он в июле 1936 г. осужден Особым Совецанием при НКВД СССР сроком на 3 года адмссылки по подозрению в шпионаже.

По обвинительному заключению Когай Ф. И., проживая в гор. Спасске ДВК, в 1933 году был завербован агентом японской разведки Ким Петром Андреевичем с которым и был связан по шпионской работе. При вербовке и последующих связях получал от Кима шпионские задания: собирать сведения о настроении и экономической обеспеченности корейского населения на Дальнем Востоке, о наличии на ДВК корейских колхозов, совхозов, МТС, об их экономической мощи, о получаемой зарплате корейскими рабочими, занятыми на работе в совхозах и МТС, о их настроении и бытовых условиях. Все добытые Когаем шпионские сведения им в письменном виде передавались Киму для японской разведки, за что он постановлением Кызылординского РО НКВД от 15 февраля 1938 года арестован и привлечен к уголовной ответственности по ст. 58-1 «а» УК РСФСР. Постановлением Комиссии НКВД и Прокурора СССР от 5 сентября 1938 года Когай Филипп Иванович осужден к высшей мере наказания — расстрелу. Приговор приведен в исполнение 3 октября 1938 года.

Определением Судебной Коллегии по уголовным делам Верховного Суда Казахской ССР от 24 апреля 1963 года постановление Комиссии НКВД и Прокурора СССР от 5 сентября 1938 года в отношении Когай Филиппа Ивановича отменено и дело производством прекращено за отсутствием состава преступления.

КОРЖИНСКИЙ Владимир Никифорович родился в 1897 году в гор. Красноярске, образование низшее, беспартийный, до ареста проживал в колхозе «Колос», развед № 11, в пос. Александровский, Сырдарьинского района, работал дорожным мастером 75 околотке пути.

Он обвиняется в том, что будучи враждебно настроенным к существующему строю в СССР, среди раблужащих систематически проводил антисоветскую агитацию, направленную на дискредитацию мероприятий Сов. правительства, одновременно восхвалял жизнь и



порядки за границей, за что он постановлением ОДТО ГУГБ НКВД ст. Казалинск от 23 февраля 1938 года арестован и привлечен к уголовной ответственности по ст. 58-10 УК РСФСР.

Постановлением Особого Совещания при НКВД СССР от 19 апреля 1938 года Коржинский Владимир Никифорович заключен в ИТЛ сроком на 10 лет.

Постановлением Президиума Кызылординского облсуда от 19 июля 1960 года Постановление Особого Совещания при НКВД СССР от 19 апреля 1938 года по делу Коржинского Владимира Никифоровича отменено и дело производством прекращено за отсутствием состава преступления в его действиях. Протест облпрокурора удовлетворен.

По суду Коржинский В. Н. реабилитирован.

КОТЕЛЯ Григорий Васильевич родился в 1917 году в селе Бочай, Кишиневского уезда, Молдавской ССР, молдаванин, образование неполное среднее, беспартийный, до ареста проживал в 15 разъезде Сырдарьинского района, нигде не работал. За антисоветскую контрреволюционную агитацию среди населения разъезда пораженческого характера и шпионско-подрывную, диверсионно-вредительскую работу он арестован и привлечен к уголовной ответственности. Приговором Кызылординского областного суда от 25 августа 1943 года по ст. 58-10 ч. 2 Котеля Г. В. осужден на 10 лет лишения свободы. Он реабилитирован 3 февраля 1989 года.

КРИСТАЛЬНЫЙ Семен Ильич родился в 1896 году в гор. Ростове, русский, образование высшее, беспартийный, до ареста проживал в Сырдарьинском районе, работал врачом. За антисоветскую провокаторскую агитацию среди населения и подрывно-диверсионную, провокаторско-вредительскую деятельность он арестован и привлечен к уголовной ответственности. Приговором Кызылординского областного суда от 11 января 1952 года Кристальный С. И. осужден на 10 лет лишения свободы. Он реабилитирован 9 ноября 1989 года.

КУНСАРИЕВ Қойшыбай Қызылорда ауданының № 6 ауылында 1912 жылы туған, білімі бастауыш, партияда жок, қамауға алынғанға дейін осы ауылда тұрған. Ол ауыл тұрғындары арасында кеңес үкіметіне қарсы контрреволюциялық жеңілістік сипатта үгіт таратқан. Неміс фашистерінің армиясы мен техникасын мадақтап, кеңес үкіметінің армиясын, соғыс техникасын жамандағаны үшін ол тұтқынға алынып, қылмыстық іс қозғалған. Тергеу барысында 1942 жылы қылмыстық іс қысқартылған. Ол 1994 жылғы 20 қаңтарда толық ақталған.

Қ

КАЖӘЛИЕВ Асқар Жетікөл ауылдық кеңесі, Калинин атындағы колхозда 1920 жылы туған, колхозшы, партияда жок, білімі орталау, үйленбеген, сотты болмаған, әскер қатарына Сырдария АӘК арқы-

лы 1940 жылғы 20 қарашада алынған, 16 АД, 167 АП құрамында қатардағы жауынгер ретінде Ұлы Отан соғысына қатысқан. 1941 жылғы 28 қыркүйекте ұрыс даласында мылтығын тастап өз еркімен неміс әскерлеріне Отанын сатып, тұтқынға түскен. Оны әскери тұтқындардың лагеріне қамап, 1942 жылдың мамыр айынан немістердің 205 транспорт ротасының әскері болып майданның алдыңғы шебінде Қызыл Армияға қарсы соғысады, 1943 жылдың 25 ақпанында мылтығымен Қызыл Армияның тұтқынына түскен.

9 Атқыштар Корпусының ОО НКВД-ның 1943 жылғы 27 ақпандағы қаулысымен Қажәлиев Асқар тұтқынға алынып, РСФСР ҚК-ның 19-58 бабының 1 «б» тармағымен қылмыстық іс қозғалған.

9 Атқыштар Корпусының Әскери Трибуналының 1943 жылғы 5 наурыздағы үкімімен 16 АД, 167 АП қызыл әскері Қажәлиев Асқар ең жоғары жаза — ату жазасына сотталған. Үкім 1943 жылғы 7 наурызда Старожерелиевск стансасында орындалған.

Қызылорда облыстық НКВД Басқармасының «А» тобының 1944 жылғы 14 қазандағы қорытындысы бойынша сатқын Қажәлиев Асқардың әкесі Қажәлиев Қаратай мен шешесі Қажәлиева Назира, інісі Қаратаев Қатырхан әскер семьясы ретінде жеңілдіктерді пайдаланып келген. СССР НКВД мен СССР прокурорының 1942 жылғы 30 мамырдағы № 215/150 Директивасына сәйкес Отанын сатып кеткен Қажәлиев Асқардың әкесі Қажәлиев Қаратай мен шешесі Қажәлиева Нәзіраны жер аудару жөніндегі ісін СССР НКВД-сы жанындағы Ерекше Мәжілістің қарауына жіберуді дұрыс деп тапқан.

Қызылорда облыстық НКГБ Басқармасының бұл қорытындысымен Қазақ ССР НКВД-ның «А» Бөлімінің 3 бөлімшесі (1944 жылғы 28 қазанда) келіскен.

Қажәлиев Қаратай Жетікөл ауылдық кеңесі Калинин атындағы колхозда 1898 жылы туған, шала сауатты, партияда жок, колхозда шопан болып жұмыс істеген.

Қажәлиева Нәзира Жетікөл ауылдық кеңесі, Калинин атындағы колхозда 1892 жылы туған, колхозшы, сауатсыз, партияда жок. Балалары Батырхан 1932 жылы туған, қызы Тұрсын 1940 жылы туған.

СССР НКВД-сы жанындағы Ерекше Мәжілісінің 1945 жылғы 6 қаңтардағы қаулысымен Отанын сатқан сатқынның семьясы ретінде Қажәлиев Қаратай мен Қажәлиева Нәзіраны Қызылорда облысының бір ауданына 5 жылға жер аударуға, мал-мүлкін тәркілеуге соттаған. Олар 1945 жылғы 29 мамырда тұтқындалып, Арал ауданына этаппен айдалған.

Қызылорда облыстық прокуроры орынбасарының 1989 жылғы 19 қыркүйектегі қорытындысымен Қажәлиев Қаратай мен Қажәлиева Нәзира СССР Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1989 жылғы 16 қаңтардағы Указының негізінде толық ақталған.

ҚАЛДЫБАЕВ Бегман Қызылорда ауданының № 50 ауылында 1895 жылы туған, бай баласы, өзінің әлеуметтік жағдайын жасырып, БК(б)П қатарына кірген, «Шымбөгет» колхозының төрағасы болып қызмет атқарған. ОГПУ-дың өкілетті өкілдігі Қызылорда аудандық бөлімінің 1932 жылғы 27 тамыздағы

қаулысымен тұтқынға алынып, РСФСР ҚК-ның 58 бабының 9, 10, 11, 12, 13, 14 тармақтарымен қылмыстық іс қозғалған. Ол өзінің қызмет бабын пайдаланып, колхозда зиянқестікпен айналысып, партия мен үкіметтің шараларын іске асыруға кедергі жасаған, астық дайындау жоспарын көрер көзге бұзған, колхоздың астығын, малын талаң-таража салып, астық дайындау жоспарын орындамаған, сөйтіп колхозды құлатқан. Осы қылмысы үшін Қазақстандағы ОГПУ-дың өкілетті өкілдігі жанындағы үштіктің 1933 жылғы 5 қаңтардағы қаулысымен ең жоғары жаза — ату жазасына сотталған, үкім 1933 жылғы 6 ақпанда сағат 24-те орындалған.

Қызылорда облыстық прокуроры орынбасарының 1989 жылғы 22 мамырдағы қорытындысымен Қалдыбаев Бегман толық ақталған.

ҚАЛЫБЕКОВ Бөгембай Қызылорда ауданының № 29 ауылында 1869 жылы туған, бай болған, сауатсыз, партияда жоқ, жеке ауылшаруашылық салығы салынған, бірақ оны орындамаған, дауыс беру құқынан айрылған, үйленген.

Қалыбеков Бөгембай 1930 жылғы қыркүйек-қазан айларында салық жинау және мал дайындау жұмысын жүргізу кезінде № 29 ауылдың Қызылқұмында өзінің ауылдағы беделін пайдаланып кеңес өкіметінің өкілдерімен барынша күрес жүргізген. Олардың ауылдағы саяси экономикалық шараларын бұзған. Ауылшаруашылық салығын жинау кезінде Қалыбеков байлар мен атқа мінерлер арасында үлкен беделін пайдаланып, оларды мемлекетке салық төлеу үшін үгіттеген, бұл жөнінде ол былай деген: «Кеңес өкіметі құлаудың алдында тұр, халық барлық жерде Кеңес үкіметіне қарсы көтеріліс жасап жатыр, біз барлығымыз түгелдей мемлекетке ешқандай көмек көрсетеуіміз керек». Басқаларға үлгі көрсетіп Қалыбековтың өзі 1261 сом ауылшаруашылық салығын төлемеген. Қыркүйек айында мал дайындау науқаны кезінде Қалыбеков міндетті түрде төлеуге тиісті 10 бас қойын төлеуден бас тартқан және № 29 ауылдың байларын контрактацияны орындамауға шақырған. Соның салдарынан байлар шаруашылығы мемлекетке 140 бас қойды тапсырмаған. Қалыбеков ауылда кеңес үкіметінің шараларын бұза отырып, Өзбекстанға қашып кетпекші болған және басқаларды үгіттеген.

Осы қылмысы үшін Қалыбеков Бөгембай ОГПУ-дың Қызылорда ауданындағы өкілінің 1930 жылғы 11 қарашадағы қаулысымен тұтқынға алынып, РСФСР ҚК-ның 58 бабының 10, 11 тармақтарымен қылмыстық іс қозғалған. Тергеу ісі аяқталып, айыптау қорытындысы 1930 жылғы 25 қарашада шығарылған, оны Шымкент ОГПУ-ның Оперсекторының бастығы бекіткен.

Қазақстандағы ОГПУ өкілетті өкілдігі жанындағы үштіктің 1930 жылғы 21 желтоқсандағы қаулысымен Қалыбеков Бөгембай Қазақстаннан тысқары жерге 5 жылға жер аударылған.

Қызылорда облпрокурор орынбасарының 1989 жылғы 22 мамырдағы қорытындысымен Қалыбеков Бөгембай СССР Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1989 жылғы 16 қаңтардағы жарлығының негізінде толық ақталған.

ҚАНҚОЖАЕВ Дүйсембай № 6 ауыл, Сталин атындағы колхозда 1892 жылы туған, шала сауатты, партияда жоқ, ірі бай отбасынан шыққан, үйлі-жайлы, қамауға алынғанға дейін осы колхозда бригадир болып жұмыс істеген, әйелі — Зейнегүл, екінші әйелі — Арап, қыздары — Токжан, Ұлжан.

Қанқожаев Дүйсембай 1931 жылы салық тапсырмасын орындағаны үшін Қызылорда халық соты арқылы біржарым жылға бас бостандық еркінен айыруға сотталған. 1946 жылы қыркүйек айында бригада бойынша егісті бұзғаны үшін Сырдария халық соты арқылы 1 жылға шартты түрде бостандық еркінен айыруға сотталған. Ауыл шаруашылығын коллективтендіру кезінде мал мүлкін төркілеген. Айыптау қорытындысы бойынша — Қанқожаев Дүйсембай бұрыннан кеңес үкіметіне наразы болған. Ол Ұлы Отан соғысы жылдары колхозшылар арасында үнемі кеңес үкіметіне қарсы үгіт жүргізіп келген. Неміс армиясының күш-қуатын және фашистік төртіпті мадақтап, керісінше партия мен кеңес үкіметінің басшыларына тілін тигізіп келемеждеген, кеңес үкіметінің шындық жағдайын құбығыс етіп көрсеткен.

Соғыс біткеннен кейінгі жылдарда ол халық арасында. «Кеңес үкіметі мен Англияның арасында сөзсіз соғыс болады», — деп үнемі провокациялық лақаптар таратқан. Онымен тұрмай: «Бұл соғыста Кеңес үкіметі сөзсіз жеңіледі», — деп сөуегейлік сөздер айтқан.

Сталин атындағы колхоздың егіс бригадирі болып жұмыс істеп жүргенде колхоз құрылысына бұрыннан жауыздықпен қараған ол өзіне жүктелген міндетіне жауапсыздықпен қарап, соның салдарынан 1946 жылы астық жинау кезінде дөңнің ысырап болуына жол берген. Сонымен қатар 45 гектар тары мен жүгері егісіне мал жіберіп тапталған. Өзінің дөрекілік мінезін колхозшыларды, өскер семьясының мүшелерін ұрып-соғып зәбір көрсеткен. Сол үшін ол Қызылорда облыстық МГБ Басқармасының 1946 жылғы 10 қазандағы қаулысымен тұтқынға алынып, РСФСР ҚК-ның 58 бабының 10 тармағының 2 бөлімімен қылмыстық іс қозғалған.

Қызылорда облыстық сотының қылмысты істер қарайтын сот коллегиясының 1946 жылғы 28 желтоқсандағы үкімімен айыпкер Қанқожаев Дүйсембай 10 жылға бас бостандық еркінен айыруға, 5 жылға сайлау-сайлану құқын жоюға, мал-мүлкін төркілеуге сотталған.

Қазақ ССР Жоғарғы Сотының қылмысты істер қарайтын сот коллегиясының 1947 жылғы 31 қаңтардағы ұйғаруымен Қызылорда облыстық сотының үкімін күшінде қалдырып, Қанқожаевтың арызы аяқсыз тасталған.

Қазақ ССР прокуроры орынбасарының 1990 жылғы 17 тамыздағы қорытындысы бойынша Қызылорда облыстық сотының үкімі мен Қазақ ССР Жоғарғы Сотының ұйғаруын бұзып, Қанқожаев Дүйсембайдың әрекетінде қылмыстың белгісі болмағандықтан қылмыстық істі қысқартуды Қазақ ССР Жоғарғы Сотының Президиумынан сұраған.

Ол толық ақталған.

ҚОЖАНАЗАРОВ Тұрлыбек № 1 Тартоғай ауылдық кеңесінде 1912 жылы туған, ірі бай баласы, білімі

арнаулы орта, (диспетчер курсы бірінген), БЛКЖО мүшесі, 1937 жылғы 5 қарашада әлеуметтік тегін жасырғаны үшін БЛКЖО қатарынан шығарылған, қамауға алынғанға дейін Сырдария ауданының № 2 ауылында тұрған, бұрын диспетчер болған, Түркістан стансасында уәскелік ревизордың көмекшісі болып жұмыс істеген. Ол «Құрмет белгісі» орденімен марапатталған.

Тұрлыбектің өкесі Қожаназаров Ақберді 1937 жылғы қараша айында контрреволюциялық көтерілісті ұйымдастырушы болғаны үшін ең жоғары жаза — ату жазасына сотталған.

Айыптау қорытындысы бойынша Қожаназаров Т. Түркістан стансасында диспетчер болып жұмыс істеп жүргенде темір жол транспортының жұмысшылары мен қызметкерлері арасында үнемі кеңес үкіметі мен партияның жүргізіп жатқан шараларына, колхоз құрылысына қарсы контрреволюциялық ұлттық насихат жүргізген, қазақтарды орыстарға қарсы қойған: «Қазақстанда коллективтендірудің уақыты өлі жетпеген, қазақ жұртшылығы осы коллективтендіруден күйзеледі», — деп лақап таратқан. СССР Жоғарғы Кеңесінің сайлауына дайындық қарсаңында ол ұсынылған кандидаттарға қарсы үгіт жүргізіп: «Сайлау орталықтың нұсқауымен жүргізіледі және коммунистер ғана сайланады», — деген.

1937 жылғы тамыз айында Қожаназаров өзінің кеңес үкіметіне қарсы көзқарасымен контрреволюциялық көтерілісші ұлттық ұйымға оның басшыларының бірі Асқаров Қадырбек арқылы тартылған. Асқаровтың нұсқауымен ол Түркістан стансасында диверсиялық топ құруға тапсырма алған, оның мақсаты темір жол транспортының жеке уәскелерінде поездарды аварияға, күйретуге ұшырату болған. Бұл тапсырманы Қожаназаров қабылдағаны үшін Қызылорда стансасының ОДТОГУГБ НКВД-ның 1937 жылғы 23 желтоқсандағы қаулысымен тұтқынға алынып, РСФСР ҚК-ның 58 бабының 10, 11 тармақтарымен қылмыстық іс қозғалған.

СССР Жоғарғы Сотының Темір Жол коллегиясының 1938 жылғы 28 тамыздағы үкімімен Қожаназаров Тұрлыбек 10 жылғы бас бостандық еркінен айыруға, 5 жылға саяси құқын жоюға сотталған.

СССР Жоғарғы сотының темір жол коллегиясының 1938 жылғы 13 қарашадағы ұйғаруымен жоғарыдағы үкім бұзылып, істі алдын-ала тергеу арқылы сол соттың өзіне қайта қарауға жіберілген.

Тәшкен темір жолы прокуроры орынбасарының 1939 жылғы 29 тамыздағы қаулысымен Қожаназаров Тұрлыбектің ісі өндірістен қысқартылып, қамаудан босатылған.

ҚОЖАӘЛИЕВ Қаратай Сырдария ауданында 1880 жылы туған, сауатсыз, партияда жоқ, қамауға алынғанға дейін осы ауданда тұрған, шопан болып жұмыс істеген. Ол ауыл тұрғындары арасында кеңес үкіметіне қарсы контрреволюциялық, жеңілдік үгіт таратқан, провокациялық зиянкестік әрекеттер жасағаны үшін тұтқынға алынып, қылмыстық іс қозғалған. СССР НКВД-ы жанындағы Ерекше Мәжілістің 1945 жылғы 6 қаңтардағы үкімімен Қожаелиев Қаратай 5 жылға жер аударуға сотталған. Ол 1989 жылғы 19 қыркүйекте толық ақталған.

ҚОЙШЫБАЕВ Тақан Қызылорда ауданының № 9 ауылында 1872 жылы туған, шала сауатты, партияда жоқ, қамауға алынғанға дейін осы ауданның № 18 ауылында тұрған, гуртоправ болып жұмыс істеген. Ол ауыл тұрғындары арасында кеңес үкіметіне қарсы контрреволюциялық үгіт жүргізіп, провокациялық жауыздық-зиянкестік әрекеттер жасағаны үшін тұтқынға алынып, қылмыстық іс қозғалған. Қазақстандағы ПП ОГПУ-дың жанындағы үштіктің 1933 жылғы 9 наурыздағы қаулысымен Қойшыбаев Тақан жер аударуға сотталған. Ол 1989 жылғы 11 тамызда толық ақталған.

ҚҰЛМАҒАМБЕТОВ Мүсірепов - Қызылорда ауданының № 17 ауылында 1894 жылы туған, шала сауатты; партияда жоқ, қамауға алынғанға дейін осы ауылда тұрған, егінті болып жұмыс істеген. Ол ауыл тұрғындары арасында кеңес үкіметінде қарсы контрреволюциялық үгіт жүргізіп, партия мен үкіметтің ауылшаруашылық саласында жүргізіп жатқан шараларына қарсы зиянкестік әрекеттер жасағаны үшін тұтқынға алынып, қылмыстық іс қозғалған. Қазақстандағы ПП ОГПУ-дың жанындағы үштіктің 1933 жылғы 25 желтоқсандағы қаулысымен Құлмағамбетов Мүсіреп 6 жылға бас бостандық еркінен айыруға сотталған. Ол 1989 жылғы 11 тамызда толық ақталған.

ҚҰНАНҚАРАЕВ Шайзада-Сырдария ауданының № 6 ауылдық кеңесі Ортакшыл колхозында 1909 жылы туған, негізгі кедей шаруа, білімі орта, БК/б/ мүшесі, қамауға алынғанға дейін аудандық атқару комитетінде жауапты хатшы болып қызмет атқарған. Ол жұрттық арасында жүріп кеңес үкіметіне қарсы контрреволюциялық үгіт жүргізіп, ұлтшылдық, алатордашылар ұйымының тапсырмасымен провокациялық, жауыздық-зиянкестік әрекеттер жасағаны үшін Сырдария аудандық ОГПУ бөлімінің 1937 жылғы қаулысымен тұтқынға алынып, РСФСР ҚК-ның 58 бабымен қылмыстық іс қозғалып 10 жылға бас бостандық еркінен айырып, концлагерге сотталған. Жазасын толық етеп келіп, облыстық партия комитетінде қарауыл болып жұмыс істеп жүріп қайтыс болған.

ҚҰТЫБАЕВ Ыбырай Қызылорда ауданының № 51 ауылында 1895 жылы туған, өкесі де өзі де бай болған, сауатсыз, партияда жоқ, 1929 жылы байларды төркілеген кезде малдарын сатып құртып, колхозға кірген, бірақ кеңес үкіметіне қарсы элемент ретінде колхоздан шығарылып, міндетті төлем салығы салынған, оны орындамай Орта Азияға қашып кетіп, саудамен айналысқан, бұрын сотты болмаған, үйленген.

Құтыбаев Ыбырай Орта Азиядан ауылына қайтып келіп, екінші рет колхозға кірген. Ол ауыл кедейлерінің арасында үлкен беделге ие болып, колхозшылар арасында шаруашылық саяси науқанына қарсы үгіт жүргізген. 1932 жылдың 23 тамызында Құтыбаев колхозшылар арасында шөп дайындау науқанын бұзу үшін үгіт жүргізіп: «Сендерге шөптің керегі не, бәрі-бір сендерде мал жоқ, бұл шөпті қайтесіңдер, қай малдарына бересіңдер», — деген. Осы үгіттің арқасында 2 бригадтың колхозшылары 3 төудік бойы жұмысқа шықпаған, төртінші күні аудандық партия комитеті өкілінің күштеуімен ғана

жұмысқа шыққан. Сол жылғы 30 тамыз күні Құтыбаев өзінің беделін пайдаланып, колхозшылар арасында зиянкестік үгітін одан әрі жүргізіп, соның арқасында 30 тамыз бен 2 қыркүйек арасында колхозшылар екінші рет жұмысқа шықпаған. Соның салдарынан бұл екі бригада шөп дайындау жоспарын 60 пайызға ғана орындаған. 1932 жылдың тамыз айында Құтыбаев колхозшылар арасында Өзбекстанға жаппай көшу үшін үгіт жүргізген: «Өзбекстанда тұрмыс өте жақсы, барлығы арзан, ол жақта өмір сүріп, тұрмыс жасау оңай»,— деп сөз айтқан. Соның салдарынан бір бригадadan 7 үй қожалығы, екінші бригадadan 4 үй қожалығы көшіп кеткен. 1932 жылғы көктемде тұқым қорын жинау кезінде Құтыбаев колхозшылар арасында тағы да үкіметке тұқым қорын тапсырмау үшін үгіт жүргізген: «Біз мемлекетке тұқым қорын тапсыруға міндетті емеспіз, мемлекеттің өзі тұқым қорын беруге міндетті, астық піскен кезде мемлекет барлық астықты алып қояды, ал бізге тұқым қоры қалатын болса, онда оны мемлекетке тапсырмау керек, мемлекетке өшейін бергеннен гөрі сендер оны барлық уақытта базарға қымбат бағасына сата аласындар»,— деп үгіттеген. Осының салдарынан тұқым қорын дайындау 20 күнге созылып кеткен.

Кенес үміметіне қарсы әрекеттері үшін оған акт жасалып, жауапқа тартуға берілген, бірақ ол Өзбекстанға қашып кеткен. Бірнеше уақыт өткеннен кейін ол ауылға қайтып келіп, өзінің кенес өкіметіне қарсы әрекетін одан әрі жүргізген. 1932 жылғы мамыр айында Құтыбаев Ыбырай «Аламесек» колхозынан бір жарамды жылқыны ұрлап, оны 200 сомға сатып жіберген. Сол жылғы маусым, шілде айларында Құтыбаев екі жұмыс атын етке сойып, етін өзі пайдаланған, осы қылмыстары үшін оған акт жасалып, жауапқа тартылу үшін милиция органына тапсырылған, бірақ ол аяқсыз қалдырылған.

Осы қылмыстары үшін Құтыбаев Ыбырай ОГПУ-дың Қызылорда қалалық бөлімшесінің 1932 жылғы 3 қыркүйектегі қаулысымен тұтқынға алынып, қылмыстық іс қозғалған.

Тергеу ісі аяқталып, айыптау қорытындысы шығарылып, оны ОГПУ-дың Қызылорда қалалық бөлімшесінің бастығы 1933 жылдың 13 қаңтарында, Оңтүстік Қазақстан облыстық ОГПУ бөлімінің бастығы 5 ақпанда бекіткен.

Қазақстандағы ОГПУ-дың өкілетті өкілдігі жанындағы үштіктің 1933 жылғы 15 наурыздағы қаулысымен Құтыбаев Ыбырай 10 жылға концлагерьге сотталған, мал-мүлкі төркіленген.

Құтыбаев Ыбырай сотталғаннан кейін Қарлағқа айдалған. Қызылорда облыстық прокуроры орынбасарының 1989 жылғы 29 маусымдағы қорытындысымен Құтыбаев Ыбырай СССР Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1989 жылғы 16 қаңтардағы Жарлығының негізінде толық ақталған.

ҚЫДЫРӘЛИЕВ Әшім Қызылорда ауданының № 4 ауылында 1907 жылы туған, сауатты, қызметкер, партияда жоқ, Қызылорда байланыс мекемесінде қалалық почта бөлімшесінің менгерушісі болып қызмет істеген. Ол Кенес үкіметіне қарсы оншыл-троцкистік, шпиондық, диверсиялық- жауыздық ұйымға тартылған, сол ұйымның тапсырмасымен

мекемелердің адресіне келген ақша аудармасын жөне бағалы пакеттердің уақтылы тапсырмай ұстап, мекемелердің қаржы жағдайын нашарлатқан, мекемелердің адресіне келген қажетті қатынас қағаздарды кері қайтарып жіберіп отырған. Жауыздық мақсатта ол жіберілген посылкаларды қабылдауды қиындатып, әдейі қатарға тұруды жасаған, соның салдарынан адамдар бірнеше күн сандалып, қатарда тұрған, бұл тұрғындардың наразылығын тудырған, жауыздық жұмысы үшін контрреволюциялық ұйым мүшелерінен сыйлық алып отырған. Осы қылмысы үшін Қызылорда облыстық НКВД Басқармасы XI тобының 1938 жылғы 14 маусымдағы қаулысымен тұтқынға алынып, РСФСР ҚК-ның 58 бабының 7, 8, 11 тармақтарымен қылмыстық іс қозғалған. Қызылорда облыстық сотының 1938 жылғы 21 қазандағы үкімімен Ә. Қыдырәлиев 13 жылға бас бостандық еркінен айыруға, сайлау-сайлану құқын 4 жылға жоюға сотталған.

Қазақ ССР Жоғарғы Сотының қылмысты істер қарайтын сот коллегиясының 1940 жылғы 4 ақпандағы ұйғаруымен облыстық сотының үкімі бұзылып, УПК-ның 4 бабының 5 п. бойынша іс өндірістен қысқартылып, Ә. Қыдырәлиев қамаудан босатылған.

Қызылорда облыстық прокурордың 1997 жылғы 28 сәуірдегі қорытындысы бойынша Қыдырәлиев Әшім Қазақстан Республикасының «Жаппай саяси қуғын-сүргіндер құрбандарын ақтау туралы» Заңының 1 бабының негізінде толық ақталған.

Л

Ли Григорий Тимофеевич родился в 1894 году в д. Енбо, провинции Сен-Дин в Корее, кореец, гражданин СССР, грамотный, окончил ликбез, член ВКП(б) с 1932 г. В 1936 году привлекался по ст. 154 УК, дело следствием прекращено. До ареста проживал в пос. Соло-Тюбе Сырдарьинского района, работал председателем колхоза рыбаков «Красный Октябрь», потом проживал в г. Кызылорде, работал рядовым колхозником колхоза «Интернационал» того же района. Он обвиняется в том, что являлся участником контрреволюционной, шпионско-вредительской группы, по заданию которой он на протяжении ряда лет проводил шпионско-вредительскую работу в колхозе «Интернационал». В частности ими была ликвидирована МТФ колхоза и свиноферма, были затоплены в 1934 году до 40 га посевов риса и в 1936 году более 1000 кг рисо-шалы. Кроме того Ли Григорий среди колхозников-корейцев проводил контрреволюционную пропаганду за организованное эмигрирование из СССР в Корею и между казахов и корейцев создал национальную вражду, за что постановлением 3 отд. УГБ УНКВД по Кызылординской области от 16 ноября 1938 года арестован и привлечен к уголовной ответственности по ст. 58-6, 7 УК РСФСР. Постановлением 3 отд. УГБ УНКВД по Кызылординской области от 4 декабря 1938 года возбужден-

ное дело на Ли Г. Т. за недоказанностью состава преступления следствием прекращено, и он освобожден из-под стражи.

По заключению прокурора Кызылординской области от 26.05.97 года Ли Григорий Тимофеевич на основании Указа Президиума Верховного Совета СССР от 16.01.1989 года реабилитирован.

ЛИ ЕН-ДЯ родился в 1916 году в Корее, гражданин СССР, образование среднее, беспартийный, до ареста проживал в Сырдарьинском районе. За антисоветскую, контрреволюционную агитацию среди корейского населения и шпионско-вредительскую работу арестован, привлечен к уголовной ответственности по ст. 58-6 УК РСФСР. Постановлением тройки при УНКВД по Кызылординской области от 29 августа 1938 года Ли Ен-Дя осужден к высшей мере наказания — расстрелу. Приговор приведен в исполнение 7 октября 1938 года. Он реабилитирован посмертно.

ЛИ ЕН-ХЕН родился в 1901 году в гор. Онсен, Корея, кореец, гражданин СССР, в 1914 году в Корею окончил первую ступень, в 1934 году в гор. Хабаровске окончил Комвуз, с 1926 по 1936 год был членом ВКП(б), в 1936 году исключен из ВКП(б), до ареста проживал в колхозе «Теренсай» Сырдарьинского района, работал сезонным рабочим в данном колхозе. Он 24 апреля 1936 г. был арестован органами НКВД в подозрении подпадающие под ст. 58-4. По обвинительному заключению Ли Ен-Хен с 1919 года после первоапрельского события в Корею, служил в национальном партизанском отряде «Гунденис» на территории Манчжурии и в 1920 году вместе с этим партизанским отрядом перешел на территорию СССР через район Иман ДВК.

В январе 1924 года Ли Ен-Хен обратно ушел нелегально в Корею вместе с прибывшим из Кореи его братом японским агентом Ли Ен-Ун.

По прибытии в Корею Ли Ен-Хен явился в Онсенскую полицию с повинной и там подробно сообщил начальнику полиции Нарсе интересующие его сведения, затем был завербован последним и перебронширован на территорию СССР для проведения шпионско-разведывательной борьбы через агента японской полиции Ли Ен-Уна, передавал японской разведке собираемые сведения оборонного, политического значения. В 1926 году Ли Ен-Хен скрыв свою принадлежность к японской разведке, вступил в партию, но в 1936 году во время проверки партдокументов исключен из партии и сослан в Казахстан сроком на 3 года. Ли Ен-Хен постановлением 3 отделения УГБ НКВД по Кызылординской области от 25 февраля 1938 года арестован и привлечен к уголовной ответственности по ст. 58-6 УК РСФСР.

Постановлением Комиссии НКВД и Прокурора СССР от 5 сентября 1938 года Ли Ен-Хен осужден к высшей мере наказания — расстрелу. Приговор приведен в исполнение 3 октября 1938 года.

Определением Военного Трибунала ТуркВО от 26 марта 1963 года постановление Комиссии НКВД и Прокурора СССР от 5 сентября 1938 года в отношении Ли Ен-Хена отменено и дело о нем на основании п. 1 ст. 5 УПК Узб. ССР за отсутствием состава преступления производством прекращено.

Ли Ен-Хен реабилитирован посмертно.

М

МӨМБЕТОВ Назар № 3 ауылында 1905 жылы туған, кейін осы Сырдария ауданының «Казрис» колхозында тұрған, партияда жоқ.

Ол 1944 жылғы 26 маусымда тұтқынға алынған. Қызылорда облыстық сотының 1944 жылғы 14 желтоқсандағы үкімімен РСФСР ҚК-ның 58 бабының 14 тармағымен, 166 бабпен 10 жылға бас бостандығынан айыруға сотталған.

Оған тағылған айып бойынша ол 1942 жылдың 18 сәуірінде Әскери Трибунал арқылы РСФСР ҚК-ның 58 бабының 1 «б» тармағымен ең жоғары жаза — ату жазасына сотталған, одан кейін Әскери Трибуналдың үкімі СССР Жоғарғы Кеңесі Президиумының қаулысымен 10 жылға Бас бостандығынан айыруға ауыстырылған. Мөмбетов айып жазасын өтеу үшін Ақтөбе лагеріне жіберілген, одан 1942 жылғы 22 қазанда қамаудан қашып шыққан. Ол одан кейін қашып жүріп қарақшылар тобымен байланыс жасап, колхоздарды қарумен тонауға белсенді түрде қатысқан.

Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының саяси қуғын-сүргіндер құрбандарын ақтау бөлімінің прокуроры К. Баймахановтың осы қылмысты іс жөнінде шығарған қорытындысы бойынша қылмысты істі зерттеп танысқандағы анықтағаны төмендегідей болған: сотталушы Мөмбетовтің қарақшылық жасаудағы, яғни қарулы қарақшылықты ұйымдастырудағы және контрреволюциялық бүлік жасаудағы, арнайы мақсатпен үкіметті немесе өкімет аппаратын өлсірету жөніндегі айыбы анықталмаған. Оның әрекетінде РСФСР ҚК-нің 82 бабына жататын белгілер болған. Ал оның әрекетінде контрреволюциялық бүлікшілік жасау болмаған.

Сонымен қатар РСФСР ҚК-нің 166 бабы бойынша қылмыстық әрекет жасаған деп тапқан. Жоғарыда келтірілгендердің негізінде Мөмбетов Назар РСФСР ҚК-нің 58-14 бабымен дұрыс сотталмаған, осыған байланысты ол заңсыз саяси белгімен сотталғаны үшін ақтауға жатады, ал РСФСР ҚК-нің 166 бабымен жалпы қылмыстық әрекет жасалған. Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 14 сәуірдегі Заңының негізінде және РСФСР ҚК-нің 58-14 бабынан Мөмбетов толық ақталған.

МАЙЛЫБАЕВ Илияс № 14 ауылында 1878 жыл туған, сауатсыз, партияда жоқ, колхозшы, қамауға алынғанға дейін осы ауданның «1 май» колхозында тұрған. Ол колхозшылар арасында кеңес үкіметіне қарсы контрреволюциялық, жеңілдістік үгіт жүргізіп, Герман фашистерінің армиясы мен техникасын мадақтаған, колхоз ішінде жауыздық-зиянкестік әрекеттер жүргізгені үшін тұтқынға алынып, қылмыстық іс қозғалған. СССР НКВД-ның жанындағы Ерекше Мәжілісінің 1944 жылғы 5 тамыздағы үкімімен Майлыбаев Илияс 5 жылға бас бостандық еркінен айыруға сотталған. Ол 1989 жылғы 9 маусымда толық ақталған.

МӨЖІБАЕВ Ақмырза № 2 ауылында 1900 жылы туған, сауатсыз, партияда жоқ, қамауға алынғанға дейін

Қызылорда вагон депосының № 11 разъездегі қосалқы шаруашылығында жұмысшы болып жұмыс істеген. 1935 жылы әйелін өлтіргені үшін Қызылорда халық соты арқылы РСФСР ҚК-ның 136 бабымен 10 жылға сотталған, жазасын 1936 жылы Хабаровск қаласында өтеген. 1941 жылы 13 қазанда РСФСР ҚК-ның 109 бабымен Қызылорда қаласының халық соты арқылы 6 айға еріксіз жұмысқа сотталған.

Айыптау қорытындысы бойынша Мәжібаев Ақмырза вагон депосының қосалқы шаруашылығының жұмысшылары арасында Кеңес үкіметіне қарсы жеңілістік провокациялық үгіт таратқан, неміс фашист армиясын мадақтаған. 1941 жылғы 11 қыркүйекте Мәжібаев А. жұмысшылар арасында Кеңес баспасөзі адресіне контрреволюциялық жала жапқан, жұмысшыларды газет материалдарына сенбеуге шақырған. «Неміс армиясының Ленинградқа жетуіне 8-ақ шақырым қалды, Төшкенде қыркүйек айында жұмысшылардың көтерілісі болды»,— деп провокациялық лақап таратқан. Сол үшін ол Қызылорда стансасының ОТО НКВД-ның 1941 жылғы 15 қазандағы қаулысымен тұтқынға алынып, РСФСР ҚК-ның 58 бабы 10 тармағының 2 бөлімімен қылмыстық іс қозғалған.

СССР НКВД-сы жанындағы Ерекше Мәжілістің 1942 жылғы 15 тамыздағы қаулысымен Мәжібаев Ақмырза 8 жылға еңбек түзету лагеріне сотталған. Қызылорда облыстық прокурордың орынбасарының 1989 жылғы 4 қыркүйектегі қорытындысымен Мәжібаев Ақмырза СССР Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1989 жылғы 16 қаңтардағы жарлығының негізінде толық ақталған.

МЕДЕТОВ Рысқали Ақтөбе облысы, Шалқар ауданының № 2 ауылында 1912 жылы туған, білімі жоғары, БК(б)П мүшесі, қамауға алынғанға дейін Қызылорда ауданында тұрған, аудандық прокуратурада тергеуші болып қызмет істеген. Ол Қызылорда облыстық НКВД Басқармасы, УГБ-ның 4 бөлімінің 1938 жылғы 27 маусымдағы қаулысымен тұтқынға алынып, РСФСР ҚК-ның 58 бабының 2, 8, 11 тармақтарымен қылмыстық іс қозғалған. Жоғарыдағы көрсетілген бөлімнің 1938 жылғы 27 тамыздағы қаулысымен қылмыс құрамы толық болмағандықтан іс өндірістен қысқартылып, қамаудан босатылған.

МЕНДІБАЕВ Рахман № 15 ауыл, «Көксу» кеңшарында 1909 жылы туған, білімі бастауыш, партияда жоқ, кеңшарда бақташы болып жұмыс істеген, сотты бомаған, үйленбеген, әскер қатарына 1941 жылы қыркүйек айында алынып, 98 ОСБр, 4 батальон құрамында қатардағы жауынгер ретінде соғысқа қатысқан.

Айыптау қорытындысы бойынша Мендібаев Рахман 1943 жылдың ақпан айында Ростов қаласындағы запастағы полкқа жүріп қызылөскерлер арасында Отанды сатып, немістердің тұтқынына түсу пікірін білдірген. 1943 жылдың наурыз айында майданның алдыңғы шебінде жүріп, тағы да қызылөскерлер арасында Отанды сатуға бағытталған кеңес үкіметіне қарсы жеңілістік үгіт жүргізген, біздің жеңісімізге сенімсіздік білдіріп: «Жеңіс немістер жағында болады»,— деп айтқан. Сол үшін ол НКВД 98 ОСБ-ның

1943 жылғы 17 сәуірдегі қаулысымен тұтқынға алынып, РСФСР ҚК-ның 58 бабының 10 тармағының 2 бөлімімен қылмыстық іс қозғалған.

127 атқыштар дивизиясының Әскери Трибуналының 1943 жылғы 22 маусымдағы үкімімен Мендібаев Рахман 7 жылға бас бостандық еркінен айырып, еңбек түзету лагеріне, жазасын өтегеннен кейін 3 жылға саяси құқын жоюға сотталған.

127 АД «Смерш» ОКР-ның 1943 жылғы 20 сәуірдегі қаулысымен Мендібаев Рахман қамаудан босатылып, 127 АД-ның 4 бөлімшесіне әскери міндетін оған әрі жалғастыруға жіберілген.

Қызылорда облысы аға прокурорының 1991 жылғы 9 шілдедегі қаулысымен Мендібаев Рахманның әрекетінде қылмыс құрмы жоқ болғандықтан іс қысқартылған.

МОМЫНОВ Жақан Қызылорда ауданының № 3 ауылында 1897 жылы туған, сауатты, БК(б)П мүшесі,



1929 жылы партия қатарынан шығарылған, Қызылорда қаласында шегіртке экспедициясында қызметкер болған. Оған тағылған айып: тап жауларымен байланыс жасаған, 1937 жылғы 5 қыркүйекте Қызылорда қаласының мәдени тынығу паркінде мас күйінде көпшіліктің алдында партия мен кеңес үкіметінің басшыларын жаман сөздермен балағаттап, тіл тигізген, үкімет құрылысына өзінің көңілі толмайтынын білдіргені

үшін Қызылорда аудандық НКВД бөлімінің 1937 жылғы 6 қыркүйектегі қаулысымен тұтқынға алынып, РСФСР ҚК-ның 58 бабының 10 тармағымен қылмыстық іс қозғалған. Қызылорда облыстық сотының арнайы коллегиясының 1938 жылғы 7 мамырдағы үкімімен Момынов Жақан 8 жылға бас бостандық еркінен айыруға, 3 жылға сайлау-сайлану құқын жоюға сотталған. Қазақ ССР Жоғарғы сотының арнаулы коллегиясының 1938 жылғы 11 шілдедегі ұйғаруымен Қызылорда облыстық сотының үкімі күшінде қалдырылған.

Қазақ ССР Жоғарғы соты Президиумының 1959 жылғы 15 қазандағы қаулысымен Қызылорда облыстық сотының 1938 жылғы 7 мамырдағы үкімі, қазақ ССР Жоғарғы сотының 1938 жылғы 11 шілдедегі ұйғаруы бұзылып, Момынов Жақанның әрекетінде қылмыс белгісі болмағандықтан іс өндірістен қысқартылған. Облпрокурордың наразылығы қанағаттандырылған.

Қызылорда облыстық прокурордың 1997 жылғы 13 мамырдағы қорытындысы бойынша Момынов Жақан Қазақстан Республикасының «Жаппай саяси қуғын-сүргіндер құрбандарын ақтау туралы» 1993 жылғы 14 сәуірдегі Заңының негізінде толық ақталған.

МУЗАЕВ Юнус Муслимович родился в 1906 году в Шалинском районе, Чечено-Ингушской АССР, чеченец, образование начальное, беспартийный, до ареста проживал в Сырдарьинском районе, без оп-

ределенных занятий. За антисоветскую, контрреволюционную и провокаторскую агитацию среди чеченского населения, шпионско-диверсионную работу арестован и привлечен к уголовной ответственности. Приговором Особого Совецания при НКВД СССР от 28 апреля 1945 года Музаев Ю. М. осужден на 7 лет лишения свободы. Он реабилитирован 7 августа 1989 года.

МҰРАТОВ Әмірхан Қызылорда ауданының № 31 ауылында 1913 жылы туған, сауаты бар, партияда жоқ, малшы. 1930 жылы Қарақұм қарақшыларының көтерілісіне белсене қатысқаны үшін айып тағылып, Қызылорда аудандық ОГПУ бөлімінің 1931 жылғы 22 желтоқсандағы қаулысымен тұтқынға алынып, РСФСР ҚК-ның 58 бабының 2 тармақтарымен қылмыстық іс қозғалған.

Қызылорда аудандық ОГПУ бөлімінің 1932 жылғы 10 қаңтардағы қаулысында Ә. Мұратовқа тағылған айып тергеу барысында материалдар мен куәлардың берген жауаптары бойынша анықталмағандықтан іс өндірістен қысқартылып, ол қамаулан босатылған. Облпрокурордың 1997 жылғы 2 мамырдағы қорытындысы бойынша Ә. Мұратов СССР Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1989 жылғы 16 қаңтардағы жарлығының негізінде толық ақталған.

МЫРЗАХМЕТОВ Садық Сұлутөбе ауылдық кеңесі, «Бірлестік» колхозында 1903 жылы туған, партияда жоқ, үйленген, қамауға 1946 жылғы 23 желтоқсанда алынған. Түркістан Әскери Округі әскери Трибуналының 1947 жылғы 5 сәуірдегі үкімімен РСФСР ҚК-ның 58 бабының 1 тармағы «б» бөлімі арқылы 8 жылға бас бостандығы еркінен айыруға сотталған. Оған төмендегідей айып тағылған. Совет Армиясы қатарында қатардағы жауыңгер ретінде Отан соғысы майданының алдыңғы шебінде жүріп, өзінің өмірін сақтап қалу мақсатында және социалистік Отанды қорғағысы келмей өз еркімен немістер жағына өтіп кеткен. Ол «Түркістан легионының» жұмысшы батальонына кіріп, жау армиясына қызмет еткен.

Мырзахметов С. алдын ала тергеуде және сот мәжілісінде төмендегілерді көрсеткен: қорғаныста және алғы шепте жүріп, бір бөлімшенің құрамында менің жерлестерімнен Әбдірахманов Ш., Атабаев А. және мен қалдым. Мен сатқындық пікір білдіріп, алдыңғы шепте біз өлеміз, сондықтан жау жағына өту керек, ол жақта біз аман қаламыз — дедім. Алғы шепте жағдай өте ауыр, оқоптарда біз үнемі суда тұрдық, біздің тұрған жерімізді жау қатты атқылауға алды. Осының бәрі бізге кері әсер етті және мен осы жағдаймен өз әріптестерімнің көңілін ауладым. Бір кездердегі қатты атыстан кейін түнде үшеуіміз жау жағына өттік. Біз немістер жағына өтіп кеткенде оқопта жаралы болған бір жауыңгер қалды, басқа адам болған жоқ.

Жау жағында жүріп, 1943 жылдың мамыр айында Польшаның Жүшево қаласында «Түркістан легионының» жұмысшы батальонына тіркелдік. Онда фашистік Германияға адал қызмет етеміз деп ант алды. 1943 жылдың маусым айында «Түркістан легионының» 2-ші жұмысшы батальонының құрамында Жүшеводан Польшаның Красно қаласына келіп, ол жерде соғыс біткенше аэродром соқтық және оны жөндедік, жүк тиеу, жүк түсіру жұмыстарында

істедік. 1945 жылғы 9 мамырда Кеңес армиясы арқылы босандық.

Істе оның жау жағында жүріп Кеңес Армиясына қарсы соғысқа қатысқаны туралы ешқандай құжаттар жоқ. Жоғарыдағы айтылғандарды ескере отырып, Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының саяси қуғын-сүргіндер құрбандары ақтау бөлімінің 1997 жылғы 21 қарашадағы қорытындысымен Мырзахметов Садық Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 14 сәуірдегі Заңының негізінде толық ақталған.

Н

НАҚЫПОВ Оразбай № 6 Сталин ауылдық кеңесінде 1897 жылы туған, шала сауатты, колхозшы, партияда жоқ, қамауға алынғанға дейін осы ауылда тұрған. Ол ауыл тұрғындары арасында кеңес үкіметіне қарсы контрреволюциялық, жеңілістік үгіт жүргізіп, неміс фашистерінің армиясы мен техникасын мадақтап: «Кеңес үкіметі бұл соғыста жеңіледі», — деп провокациялық лақаптар таратқан және әр түрлі зиянкестік әрекеттер жасағаны үшін ол НКВД-ның Сырдария аудандық бөлімінің 1942 жылғы 20 шілдедегі қаулысымен тұтқынға алынып, РСФСР ҚК-ның 58 бабының 10 тармағы 2 бөлімімен қылмыстық іс қозғалған. Қызылорда облыстық сотының қылмысты істер қарайтын сот коллегиясының ұйғаруымен тергеушінің және прокурордың айыптау қорытындысымен келіспей, Нақыповтың қылмысы мойнына қойылмағандықтан ісі қысқартылып, қамаудан босатылған.

НИ Дмитрий Владимирович родился в 1878 году в с. Азми, Посветского района, Приморской области, ДВК. До ареста проживал в колхозе им. Сталина Сырдарьинского района, колхозник, малограмотный, беспартийный. Он обвиняется как агент японской разведки, активно проводил шпионско-диверсионную работу на территории СССР в пользу Японии. По заданию той же разведки вел шпионско-подпольную работу в колхозе им. Сталина, за что постановлением 3 отд. УГБ УНКВД по Кызылординской области от 26 июня 1938 года арестован и привлечен к уголовной ответственности по ст. 58-6 УК РСФСР. В постановлении 3 отд. УГБ УНКВД по Кызылординской области от 1 июля 1938 года указано, что проведенным предварительным следствием причастность к японской разведке Ни Д. В. недоказана, а поэтому, руководствуясь ст. 204 УПК РСФСР след. дело по обвинению Ни Д. В. за недоказанностью предъявленного след. обвинения прекращено, арестованный из-под стражи освобожден. По заключению прокурора Кызылординской области от 23.04.1997 года Ни Д. В. на основании Указа Президиума Верховного Совета СССР от 16.01.1989 года реабилитирован.

НИ Илья Андреевич родился в 1897 году в Посветском районе ДВК, образование начальное, беспартийный, до ареста проживал на станции Берказань Сырдарьинского района, работал каменщиком. За анти-

советскую контрреволюционную агитацию среди корейского населения и подрывно-вредительскую работу арестован и привлечен к уголовной ответственности. Приговором Особого Совещания при НКВД СССР от 22 мая 1938 года Ни И. А. осужден на 8 лет лишения свободы. Он реабилитирован 4 августа 1989 года.

НҮРЖАНОВ Сембі Нұржанұлы Бірқазан стансасында 1916 жылы туған, білімі орта, партияда жоқ, үйленбеген, Саратов қаласындағы Шаркоподшипник зауытында шофер болып жұмыс істеген. СССР НКВД-ның № 240 лагерінде болған. Нұржанов Сембі Қызыл Армия қатарында Саратов қаласындағы Сталин АӘК арқылы 1941 жылғы 16 сәуірде алынған, 22 матомех дивизияның 53—54 матомехполкінде қатардағы жауынгер ретінде Батыс майданында соғысқа қатысқан. 1941 жылдың 27 маусымында неміс-фашист басқыншыларымен ұрыс кезінде БССР-дың Барановичи ауданында мылтығын тастап неміс-фашистеріне тұтқынға түскен, содан кейін оны Польшаның Белоподляску қаласындағы әскери тұтқындардың лагеріне жіберген. Осы қаладағы неміс лагерінде жүріп, ол гарнизон полициясына полицей болып қызмет етуге өз еркімен кірген, ол жерде өз қызметімен азық-түлік қоймасын күзетіп, лагердегі фашистік ішкі тәртіп режимін нығайтуға күш салған. Тұтқындағылардың намысына тиіп, оларды тақпен сабаған.

1942 жылдың сәуір айында Нұржанов лагерде Берлиннен келген ақ-эмигрант ұлтшыл Вали-Хаюм-Хан құрған сатқындар тобына өз еркімен кірген. Одан кейін топтың құрамында Қызыл Армияға қарсы соғысу үшін неміс командованиясы ұйымдастырған Түркістан Ұлттық легионына артиллерист болып тіркелген. Сөйтіп ол Отанды сағып, айына 37,5 неміс маркасын алатын болып немістің бір адамы болған. Алдын-ала әскери дайындықтан өткеннен және фашистік Германияға адал қызмет етуге ант алғаннан кейін Нұржанов 1942 жылдың тамыз айында Түркістан ұлттық легионының құрамында Туапсе бағытындағы совет-герман майданына немістермен бірге Қызыл Армияға қарсы соғысуға жіберілген. Қызыл Армиямен қарулы шайқастың кезінде Краснодар өлкесінің Хадьжи ауданында Нұржанов артиллерист ретінде 10 күн бойы артиллериядан оқ атып, легион взводының шабуыл жасауына мүмкіндік беріп бір биіктікті алған.

Кавказдан кейін шегініп бара жатып, неміс командованиясы артиллеристерден, минометчиктерден және пулеметчиктерден ауыр рота деп аталмыш құрып, оған артиллерист ретінде Нұржановты тіркеген. Қызыл Армияның шабуылына тойтарыс беру үшін қорғаныс шебіне жіберілген. 1943 жылғы 18 қаңтарда Нұржанов Смоленск түбіндегі қорғаныста танкіге қасы оқ ататын орудиясымен шабуыл жасап келе жатқан Қызыл Армияның тұтқынына түскен.

Қызыл Армия бөлімшесінің жағында және СССР НКВД-ның № 240 арнаулы лагерінде Мемлекеттік тексеруінде жүріп Нұржанов Отанды сатқаны үшін кеңес өкіметі органының алдында жауапкершіліктен қашу мақсатында көп уақытқа дейін полицияда қызмет еткен, тұтқынға түскен және Қызыл Армияға

қарсы соғысқа қатысқан фактісін жасырып келген. Тергеу барысында Нұржанов өзінің қылмыстық айыбын мойындаған.


СССР НКВД ОКР «Смерш»-тің № 240 арнаулы лагерінің ОУ-ның 1943 жылғы 16 қазандағы қаулысымен ол тұтқынға алынып, РСФСР ҚК-ның 58 бабының 1 «б» тармағымен қылмыстық іс қозғалған.

СССР НКВД-сы жанындағы Ерекше Мәжілісінің 1944 жылғы 18 наурыздағы қаулысымен Нұржанов Сембі Нұржанұлы 10 жылға еңбек түзету лагеріне сотталған.

Қызылорда облыстық прокуроры орынбасарының 1989 жылғы 7 қыркүйектегі қорытындысымен Нұржанов Сембі Нұржанұлы СССР Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1989 жылғы 16 қаңтардағы жарлығының негізінде толық ақталған.

НҮРМАҚОВ Бақберген Сұлутөбе ауылдық кеңесіне қарасты № 13 ауылда 1899 жылы туған, сауатты,

қызметкер, БК(б)П мүшесі, партия қатарынан осы іс бойынша шығарылған, қамауға алынғанға дейін Қызылорда қаласында тұрған. Қызылорда облыстық тұтынушылар одағының сауда базасының директоры болып қызмет атқарған.



Айыптау қорытындысы бойынша Нұрмақов Бақберген 1937 жылдың наурыз айында кеңес үкіметіне қарсы ұлтшылдық-контрреволюциялық ұйымның белсенді мүшесі

болған. Ол бұл ұйымға аудандық сауда бөлімінің меңгерушісі, ұйым мүшесі Жұманов Балқаш арқылы тартылған.

Нұрмақов Кеңес үкіметіне қарсы ұлтшылдық ұйымға Бірқазан сельпосының бұрынғы төрағасы Алдаберенов Қожақмет, аудандық тұтынушылар Одағының бұрынғы инспекторы Айболов Мұхамеджанды тартқан. Оларға мынадай тапсырмалар берген: село тұрғындарының арасында кеңес үкіметіне қарсы үгіт жүргізу, ол үшін сельподағы өндіріс тауарларының кемшілігін пайдалану. Сельпода мынандай жолмен жауыздық-зиянкестік жұмыстар жүргізу: а) Сельпоға қажетті өндірістік тауарларға сұранысты уақытылы бермеу, б) қажетсіз өтпейтін тауарларды сатып алу, в) көктемгі егіске астық жинауға, шөл оруға қажетті ауылшаруашылық инвентарлары мен тауарларды тасып әкелу жұмысын бұзу. Кеңес үкіметіне қарсы ұлтшылдық ұйымға жаңа адамдарды тарту, ұйым мүшелерінің контрреволюциялық әрекеттерін жасыру.

Нұрмақовтың жеке өзі аудандық тұтынушылар одағында жауыздық жұмыстар жүргізген. Оның тапсырмасымен аудандық тұтынушылар одағының және сельпосның айналым қаржысы өтпейтін тауарларға жұмсалған, бұның өзі кооперация қаржысының тоқырап қалуына соқтырған.

Нұрмақов аудандық тұтынушылар Одағының төрағасы болып тұрғанда өтпейтін тауаларды жоғары

бағаман сатып алуының салдарынан тұтынушылар кооперациясы үлкен зиянға отырған. Сонымен қатар Нұрмақов қоғам мүлкін талан-таражға салушыларға қарсы өдейі күрес жүргізбеген, қайта оларды соттан жасырған. Сол үшін ол Қызылорда облыстық УГБ НКВД-ның 4 бөлімінің 1938 жылғы 8 сәуірдегі қаулысымен тұтқынға алынып, РСФСР ҚК-ның 58 бабының 2, 8, 11 тармақтарымен қылмыстық іс қозғалған.

Қызылорда облыстық сотының 1938 жылғы 7 шілдедегі үкімімен Нұрмақов Бакберген 5 жылға бас бостандық еркін айыруға, 2 жылға сайлау-сайлану құқын жоюға сотталған.

Қазақ ССР Жоғарғы Сотының қылмысты істер қарайтын сот коллегиясының 1939 жылғы 4 қарашадағы ұйғаруымен Қызылорда облсотының 1939 жылғы 7 шілдедегі үкімі бұзылып, УПК-ның 4 бабының 5 тармағының негізінде іс өндірістен қысқартылған, Нұрмақов Бакберген қамаудан босатылған.

НЯГА Сергей Александрович родился в 1920 году в селе Бочай, Кишиневского уезда, молдаванин, образование неполное среднее, беспартийный, до ареста проживал на 15 разезде Ташкентской ж/д, Сырдарьинского района, нигде не работал. За антисоветскую контрреволюционную, провокаторскую агитацию среди населения разезде пораженческого характера и подрывно-вредительскую деятельность арестован и привлечен к уголовной ответственности по ст. 58-10 ч. 2 УК РСФСР. Приговором Кызылординского областного суда от 25 августа 1943 года Няга С. А. осужден на 10 лет лишения свободы. Он реабилитирован 3 февраля 1989 года.

О

ОГАЙ Павел Антонович родился в 1918 году на Дальнем Востоке, кореец, образование неполное среднее, беспартийный, до ареста проживал в Сырдарьинском районе, был колхозником. За антисоветскую контрреволюционную агитацию среди корейского населения и подрывно-вредительскую работу арестован и привлечен к уголовной ответственности. Приговором Кызылординского областного суда от 7 декабря 1940 года Огай П. А. осужден на 5 лет лишения свободы. Он реабилитирован 21 сентября 1990 года.

ОРАЗОВ Баймұрза Қызылорда облысының № 2 ауылында 1866 жылы туған, сауатсыз, партияда жок, малшы, қамауға алынғанға дейін осы ауылда тұрған. Ол ауыл тұрғындары арасында кеңес үкіметіне қарсы контрреволюциялық үгіт жүргізіп, кеңес үкіметінің ауыл шаруашылығында жүргізіп жатқан шараларына қарсы жаушылық зиянкестік әрекеттер жасағаны үшін тұтқынға алынып, қылмыстық іс қозғалған. Қазақстандағы ОГПУ өкілетті өкілдігі жанындағы үштіктің 1931 жылғы 11 сәуірдегі қаулысымен Оразов Баймұрза 5 жылға жер аударуға сотталған. Ол 1989 жылғы 6 шілдеде ақталған.

ОРАҚБАЕВ Зарлық № 6 ауылдық кеңесі, Сталин атындағы колхозда 1904 жылы туған, колхозы, шала сауатты, өлеуметтік негізі ірі бай, өзі де бай болған. Үйленген, әйелі — Мауытты, балалары — Айтбай, Өуеш. Оған тағылған айып: ол 1939 жылдан бастап тұтқынға алынғанға дейін кеңес үкіметіне қарсы колхозшылар арасында үнемі контрреволюциялық үгіт жүргізген, үкіметке қарсы топ ұйымдастыру мақсатында болған, кеңес үкіметін жамандап, Герман фашизмінің күшін мақтаған, неміс самолеттері бізге де келіпті», — деп канал басындағы жұмысшыларды үрейлендірген, соның салдарынан 5 адам жұмысты тастап қашқан, колхоз құрылысына қарсы шығып, жеке меншікті шаруаға айналысуды көкесен. Отан қорғауға жиналатын жылы киім, азық-түлікке ырза еместігін білдіріп, қарсы сөздер айтқан. Осы қылмысы үшін ол Қызылорда облыстық НКВД Басқармасы СПО-ның 1942 жылғы 16 мамырдағы қаулысымен тұтқынға алынған, РСФСР ҚК-ның 58 бабының 10 тармағының 2 бөлімімен қылмыстық іс қозғалған.


Орақбаев Зарлық қылмысты іс қаралғанға дейін 1942 жылдың 25 тамызында қашып кеткен, сот оның ісін сыртынан қараған, заң бойынша айыпкерді сыртынан қарау ерекше жағдайда ғана болады, басқа уақытта айыпкерді сырттай қарауға болмайды, айыпкерге іздеу жариялануға тиіс.

Қызылорда облыстық сотының қылмысты істер қарайтын сот коллегиясының 1942 жылғы 26 тамыздағы үкімімен айыпкер Орақбаев Зарлық сыртынан ең жоғары жаза — ату жазасына сотталған.

Қазақстан ССР Жоғарғы сотының қылмысты істер қарайтын сот коллегиясының 1942 жылғы 10 қыркүйектегі ұйғаруымен Қызылорда облыстық сотының 1942 жылғы 26 тамыздағы үкімі бұзылып, істі алдын-ала тергеу арқылы қайта қарауға жіберген, айыпкерге бүкілодақтық іздеу жарияланып, «Ол табылып ұсталғаннан кейін РСФСР ҚК-ның 58 бабының 10 тармағының 2 бөлімімен және 58 бабтың 14 тармағымен жазалауға сотқа берілсін», — делінген. НКВД органдарының қолданған шараларының арқасында Орақбаев Зарлық ұсталып, Сырдария аудандық НКВД бөлімінің 1943 жылғы 13 мамырдағы қаулысымен тұтқынға алынған.

Қызылорда облыстық НКІБ Басқармасының тергеу бөлімінің 1943 жылғы 1 қазандағы қаулысымен Орақбаев Зарлықтың қылмысын тергеу барысында толық материал жиналмағандықтан, іс өндірістен қысқартылып, Орақбаев З. қамаудан босатылған. Бұл қаулымен Қазақ ССР НКВД-ның тергеу бөлімі 1943 жылғы 20 қазанда келіскен.

Қызылорда облыстық прокурордың 1997 жылғы 7 тамыздағы қорығындысымен Орақбаев Зарлық СССР Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1989 жылғы 16 қаңтардағы жарлығының негізінде толық ақталған.



II

ПАЗЫЛОВ Сұлтан № 14 «1 май» ауылдық кеңесі, «Бірлестік» колхозында 1902 жылы туған, диханшы, арабша қол қоя біледі, осы колхозда звеньевой болып жұмыс істеген, 1935 жылғы күз айында өз бригадасына жер өңдеу үшін 5200 кг суперфосфат алып, оны пайдаланбай, жерге көміп тастаған, 1936 жылғы маусым айында болған колхозшылардың жалпы жиналыстарында С. Пазылов кеңес үкіметіне, коммунистік партияның көсеміне қарсы үгіт айтып сөйлегені үшін колхоз мүшелігінен шығарылған. Осы қылмысы үшін ол Қызылорда аудандық НКВД бөлімінің 1937 жылғы 13 қаңтардағы қаулысымен тұтқынға алынып, РСФСР ҚК-ның 58 бабының 10 тармағымен және 79 бабымен қылмыстық іс қозғалған.

Қызылорда облыстық сотының арнаулы коллегиясының 1938 жылғы 25 сәуірдегі қаулысымен С. Пазыловты қылмыста тартуға материал жеткіліксіз болғандықтан қылмысты істер жүргізу Заңының 234 п. 8 бабына сүйеніп қылмысты заңның 6 бабының ескертуіне лайықты қоғамға зиянестігі жоқ болуына байланысты оның қылмысты ісі өндірістен қысқартылып, тұтқыннан босатылған. Қызылорда облыстық прокурордың 1997 жылғы 4 мамырдағы қорытындысы бойынша Пазылов Сұлтан СССР Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1989 жылғы 16 қаңтардағы жарлығының негізінде толық ақталған.

ПІРӨЛИЕВ Орақбай № 6 Сталин ауылдық кеңесінде бұрынғы «Ақ Арық» ТОЗында 1871 жылы туған, бай тұқымы, өзі де бай болған. 1930 жылы колхоздастыру науқанына қарсы болып, Өзбекстанның Қаршы ауданына қашып кеткен. Астық ұрлағаны үшін тұтқынға алынып, одан қашып шыққан. 1936 жылдың көктемінде ауылына қайтып келіп, «Ақ Арық» тозына кіріп, контрреволюциялық жұмыс жүргізгені үшін айып тағылып, Қызылорда аудандық НКВД бөлімінің 1937 жылғы 2 қазандағы қаулысымен тұтқынға алынып, қылмыстық іс қозғалған. Оңтүстік Қазақстан облыстық НКВД Басқармасы жанындағы үштіктің 1937 жылғы 11 қазандағы қаулысымен ең жоғары жаза — ату жазасына сотталған. Қызылорда облыстық прокуроры орынбасарының 1989 жылғы 9 тамыздағы қорытындысымен Пірөлиев Орақбай СССР Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1989 жылғы 16 қарашадағы жарлығы негізінде толық ақталған.

P

РОЗЕНБОИМ Шлем Аронович родился в 1923 году в гор. Ровно (Польша), по национальности еврей, гражданин СССР, образование 7 классов, беспартийный, проживал в колхозе «Теренсай» Сырдарьинского района, колхозник. Он обвиняется в том,

что, имея на руках советский паспорт, без ведома органов Советской власти и соответствующего оформления документов о выходе из гражданства СССР, зарегистрировал себя в польском представительстве как польского гражданина, тем самым незаконно приобрел польское гражданство, т.е. изменил родине, за что он постановлением КРО УНКВД по Кызылординской области от 17 февраля 1943 года арестован и привлечен к уголовной ответственности по ст. 58-1 «а» УК РСФСР. Постановлением следственного отделения УНКГБ по Кызылординской области от 3 сентября 1943 года след. дело по обвинению Розенбоим производством прекращено и из-под стражи освобожден, согласно приказа НКВД СССР и заявления обвиняемого выдан ему советский паспорт. По заключению прокурора Кызылординской области от 4.05.1997 года Розенбоим Ш. А. на основании Указа Президиума Верховного Совета СССР от 16.01.1989 года реабилитирован.

РЫСБЕКОВ Сағынбай Сұлутөбе ауылдық кеңесінде 1909 жылы туған, шала сауатты, партияда жоқ, қамауға алынғанға дейін Сұлутөбе стансасында тұрған, 6 дистанцияның 71 ололоткасында жол барлаушысы болып жұмыс істеген. Әйелі — Қалдыгүл, балалары — Қаблан, Қалдыбай Ұржамал, Күлжамал. Айыптау қорытындысы бойынша Рысбеков Сағынбай жол бойында жұмыс істеп жүріп, 1941 жылдан қамауға алынғанға дейін жұмысшылар мен қызметкерлер арасында кеңес үкіметіне қарсы үнемі үгіт жүргізіп келген, жеңілістік сөздер айтып, Отан соғысы майдандарындағы жағдай туралы провокациялық лақаптар таратқан, халық көсеміне жаман сөздер айтып, фашистік Германия халқының тұрмыс жағдайын мадақтап кеңес үкіметінің баспасөзімен Совинформбюро хабарларына күйе жаққан.

Мәселен, 1941 жылғы 27 шілдеде № 2 стрелочный постының жанындағы жұмыста жүріп, бір топ жұмысшылардың арасында мемлекетке ет тапсыру жоспарын орындау мәселесіне байланысты әңгіме қозғап, бұл мәселе туралы өзінің қарсылығын және фашистік Германияның пайдасына бағытталған өзінің жауыздық пікірін білдірген.

1941 жылдың шілде айының ортасында Сұлутөбе стансасында бір топ жұмысшылар өзара майдандағы жағдайлар, совинформбюроның хабарлары және неміс-фашист әскерлерінің майдандағы шығындары туралы әңгіме айтып тұрғанда Рысбеков бұл мәселелер туралы өзінің жеңілістік пікірін білдірген. 1942 жылдың қыркүйек айында Сұлутөбе стансасында кеңес үкіметінің және Қызыл Армияны адресіне жаман сөздер айтып, қорғанысты нығайту жөніндегі кеңес үкіметінің жүргізіп отырған шараларына қарсы шыққан. 1944 жылғы 17 ақпанда СССР халықтары және еврей ұлтының адресіне провокациялық, жауыздық-зулымдық, қастандық лақап таратып, халықтар достығын бұрмалаған. Сол үшін ол Қызылорда стансасының ОТО НКВД-ның 1944 жылғы 23 сәуірдегі қаулысымен тұтқынға алынып, РСФСР ҚК-ның 58 бабының 10 б. 2 тармағымен қылмыстық іс қозғалған.

Тәшкент темір жолының Әскери Трибуналының 1944 жылғы 3 шілдедегі үкімімен Рысбеков Сағынбай 5 жылға бас бостандығы еркінен айырып, ең-

бек түзету лагеріне, жазасын өтегеннен кейін 3 жылға сайлау-сайлану құқын жоюға сотталған.

Қазақ ССР Жоғарғы сотының қылмысты істер қарайтын Сот Коллегиясының 1990 жылғы 26 сәуірдегі ұйғаруымен Тәшкент темір жолы Әскери трибуналының 1944 жылғы 3 шілдедегі Рысбеков Сағынбай жөніндегі үкімі бұзылып, оның өрекетінде қылмыс белгісі болмағандықтан іс мүлдем қысқартылған.


Қазақ ССР прокурорының бірінші орынбасарының наразылығы қанағаттандырылған.

РЯБЧЕНКО Трофим Иванович родился в 1900 году (место рождения не указано), украинец, образование начальное, беспартийный, до ареста проживал в Сырдарьинском районе. За антисоветскую, контрреволюционную агитацию и подрывно-провокационную, вредительскую работу арестован и привлечен к уголовной ответственности. В феврале 1932 года осужден по ст. 58-7 УК РСФСР к 4 годам лишения свободы со ссылкой на 3 года. Он реабилитирован.

C

САДЫҚОВ Анадүр (Әнуар) Сырдария ауданының № 6 ауылында 1887 жылы туған, шала сауатты, партияда жоқ, негізі бай, еш жерде жұмыс істемеген, қамауға алынғанға дейін Арал қаласы, Қазақстан көшесі № 30 үйде тұрған.

Садықов Анадүр 9 жасынан бастап Жаңа Үргеніш қаласында өскен, әкесі ірі бай, өзі де бай болған, мал-мүлкі төркіленіп ОГПУ-дың шешімімен Үргеніштен Қызылорда облысына 3 жылға жер аударылған. 1930 жылдан 1935 жылға дейін Қызылорда темір жол наубайханасында қамыр илеуші, 1936 жылдан 1945 жылдың қазан айына дейін қалалық коммуналдық шаруашылық бөлімінде ат баушы болып жұмыс істеген, 1946 жылдың басынан бастап шілде айының аяғына дейін қаладағы мешітке азаншы болып жүріп, Арал қаласына тұтқындалудан қашып кеткен. Қызылорда қаласында тұрғанда ол халық арасында кеңес үкіметіне және оның жүргізіп жатқан саясатына қарсы үнемі үгіттер таратумен жүрген. Ол қоғамдық пайдалы еңбекпен айналыспай заңсыз түрде дін жолымен тәуіпкершілік жасап медициналық білімі, тиісті орындардың рұқсаты болмаса да өзін білгір молда тәуіп етіп көрсетіп, халықты алдап тәуіпшілік, емшілік жолымен дүние тауып күн көрген. Өзінің жағ пікірімен кеңес үкіметінің негізін, сайлау системасын жамандап, өртүрлі зиянкестік сөздермен сөгіп, «Кеңес үкіметі құриды, Англия,



Америка үкіметінің үстемділігі орнайды», — деп халық арасында үгіт таратқан. Сол үшін ол Қызылорда облыстық МГБ Басқармасының 2 бөлімінің 1946 жылғы 18 қыркүйектегі қаулысымен тұтқынға алынып, РСФСР ҚК-ның 58 бабының 10 тармағының 1 бөлімімен қылмыстық іс қозғалған. Қызылорда облыстық МГБ Басқармасының тергеу бөлімінің 1946 жылғы 24 қарашадағы қаулысымен А. Садықовқа қосымша РСФСР ҚК-ның 180 бабына сәйкес айып тағылған.

Қызылорда облыстық сотының 1946 жылғы 23—24 желтоқсандағы үкімімен Садықов А. РСФСР ҚК-ның 180 бабымен 6 ай бас бостандығынан айыруға, 58-10-1 тармағымен 6 жыл бас бостандығынан, 3 жыл сайлау-сайлану құқын жоюға, мал-мүлкін төркілеуге сотталған.

Қазақ ССР Жоғарғы Сотының қылмысты істер қарайтын Сот коллегиясының 1947 жылғы қаңтар айының 31 күнгі ұйғаруымен облыстық соттың үкімі күшінде қалдырылып, сотталушының шағым арызы аяқсыз тасталған.

Бақылау ретінде А. Садықовтың қылмысты ісі жайлы Қазақ ССР Жоғарғы Сотының Президиумына Қазақ ССР прокуроры орынбасарының жолдаған наразылығы бойынша Қызылорда облыстық сотының 1946 жылғы 23—24 желтоқсандағы А. Садықов жөніндегі үкімі мен Қазақ ССР Жоғарғы Сотының 1947 жылғы 31 қаңтар күнгі ұйғаруын бұзып, оның өрекетінде қылмыс белгісі болмағандықтан істі қысқартуды сұраған, ол толық ақталған.

СЕЙДАҚЗАМОВ Ілияс Қызылорда ауданының № 12 ауылында 1880 жылы туған, молда, арабша сауатты, партияда жоқ, қамауға алынғанға дейін осы ауылда тұрған. Ол ауыл тұрғындары арасында кеңес үкіметіне қарсы контрреволюциялық, діни үгіттер жүргізіп, партия мен кеңес үкіметінің саясатына қарсы шығып, ескі діни әдет-ғұрыптар мен дәстүрлерді уағыздап, өртүрлі зиянкестік-қастандық өрекеттер жасағаны үшін тұтқынға алынып, қылмыстық іс қозғалған. Оңтүстік Қазақстан облыстық НКВД Басқармасы жанындағы үштіктің 1937 жылғы 20 қазандағы қаулысымен Сейдақзамов Ілияс 10 жылға бас бостандық еркінен айыруға сотталған. Ол 1989 жылғы 25 қыркүйекте толық ақталған.

СЕРІКОВ Уәлиев № 14 ауылында 1918 жылы туған, білімі орта, партияда жоқ, үйленбеген, бұрын сотталмаған, әскер қатарына 1940 жылы алынған, 635 АП-ның құрамында кіші командир шенінде Отан соғысына қатысқан. 1941 жылдың маусым айында неміс армиясының тұтқынына түсіп, 1942 жылдың сәуір айында «Түркістан легионына» кіріп, оның құрамында 1944 жылдың наурыз айына дейін шпиондық-диверсиялық мектеп бастығының ординары қызметін атқарған, кейін рота қағаз жазушысы (писарь) болған, одан кейін кеңес партизандарының жағына өткен.

Осы қылмыстары үшін ол 1944 жылғы 1 тамызда тұтқынға алынған. СССР НКВД-сы жанындағы Ерекше Мәжілістің 1945 жылғы 21 сәуірдегі қаулысымен Серіков Уәлиев БССР ҚК-ның 63 бабының 2 тармағымен 5 жылға сотталған.

Қазақстан Республикасы ГВП бөлімінің Әскери прокуроры Ю.Зазулиннің осы қылмысты іс бойынша

шығарған қорытындысында Серіков У. немістердің тұтқынына амалсыз жағдайда түскен, «Түркістан легионында» жүргенде кеңес және одақтастардың әскерлеріне, партизандарға қарсы ұрыстарға қатыспаған, оның сот органына жатпайтын Мәжілістің қаулысымен саяси белгімен сотталуы негізсіз деп тауып, Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 14 сәуірдегі Заңының негізінде 1999 жылдың 20 қыркүйегінде толық ақталған.

СҮЛЕЙМЕНОВ Оразымбет Бірқазан ауылында 1894 жылы туған, сауаты бар, партияда жоқ, қамауға алынғанға дейін Қызылорда қаласында Карл Маркс көшесі № 16 үйде тұрған, байланыс конторасының телефон стансасында станция меңгерушісі болып жұмыс істеген. Ол кеңес үкіметіне қарсы, оңшыл троцкистік, диверсиялық-жауыздық ұйымның белсенді мүшесі болған, осы ұйымның тапсырмасымен байланыс саласында бірнеше жауыздық жұмыстар жүргізген. 1936—37 жылдары телефон стансасының жұмысын құлатқан. Осы қылмысы үшін ол Қызылорда облыстық НКВД Басқармасы 3 бөлімшесінің 1938 жылғы 11 маусымдағы қаулысымен тұтқынға алынып, РСФСР ҚК-ның 58 бабының 7, 11 тармақтарымен қылмыстық іс қозғалған.

Қызылорда облыстық сотының 1938 жылғы 3 желтоқсандағы үкімімен ол 10 жылға бостандығы еркінен айыруға, 4 жылға саяси құқын жоюға сотталған.

Қазақ ССР Жоғарғы Сотының қылмыстық істер қарайтын сот коллегиясының 1941 жылғы 10 маусымдағы ұйғаруымен Қызылорда облыстық сотының 1938 жылғы 7 желтоқсандағы үкімі бұзылып, іс өндірістен қысқартылып, Сүлейменов О. қамаудан босатылған. Қызылорда облыстық прокурордың 1997 жылғы 25 сәуірдегі қорытындысымен Сүлейменов Оразымбет СССР Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1989 жылғы 16 қаңтардағы жарлығы негізінде толық ақталған.

T

ТАЙМАНОВ Жұманазар № 14 «1 май» ауылдық кеңесінде 1887 жылы туған, сауаты бар, 1920 жылдың БК(б)П мүшесі, осы ауылдық кеңестің «Ким» колхозында МТФ меңгерушісі болып жұмыс істеген. Айыптау қорытындысы бойынша: кеңес үкіметіне қарсы ұлттық-террорлық көтерілісшілер ұйымына қатысқаны, соның тапсырмасымен контрреволюциялық жұмыстар жүргізгені үшін Қызылорда облыстық НКВД Басқармасы 4 бөлімінің 1938 жылғы 28 шілдедегі қаулысымен тұтқынға алынып, РСФСР ҚК-ның 58 бабының 2, 7, 8, 11 тармақтарымен қылмыстық іс қозғалған. Қызылорда облыстық НКВД Басқармасы УГБ-ның 3 бөлімшесінің 1938 жылғы 23 қыркүйектегі қаулысы бойынша Тайманов Жұманазарға тағылған қылмысы айыбы анықталмағандықтан УПК-ның 204 бабына сәйкес тергеу ісі тоқтатылып, қамудан босатылған.

Қызылорда облыстық прокурордың 1997 жылғы 22 сәуірдегі қорытындысымен Тайманов Жұманазар СССР Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1989 жылғы 16 қаңтардағы жарлығының негізінде толық ақталған.

ТАРАМОВ, он же **МУРЗАТАЕВ** Исмаил родился в 1907 году в Веренском районе, Чечено-Ингушской АССР, чеченец, образование начальное, беспартийный, до ареста проживал в Сырдарьинском районе, работал рабочим комбината стройматериалов. За антисоветскую контрреволюционную агитацию среди чеченского населения и рабочих комбината, диверсионно-провокационную и вредительскую работу арестован и привлечен к уголовной ответственности. Решением Особого Совещания при МВД СССР от 27 ноября 1946 года он осужден на 5 лет лишения свободы. Он реабилитирован 7 августа 1989 года.


ТАЖБЕНОВ Муса Қызылорда ауданының № 4 ауылында 1895 жылы туған, қазақ, кедей-шаруа, партияда жоқ, бұрын сотталмаған, тұтқынға алынғанға дейін Арал қаласының балық зауытында кадрлар бөлімінің меңгерушісі болып істеген.

Тажбенев Мирев басқарған контрреволюциялық ұлтшылдық ұйымға кіріп, Кеңес өкіметіне қарсы үгіт-насихат жұмысын жүргізген, қазақ халқы мен орыс халқының арасына арандатушылық әрекеттер жасаған, Сталинді Конституцияны жамандап, жалған етіп көрсеткен.

Осы қылмысы үшін Тажбенев 9 тамыз 1937 жылы тұтқынға алынып, 1937 жылғы 10 қарашада Ақтөбе облысы НКВД Басқармасы үштігінің қылмыс кодексінің бабы көрсетілмеген қаулымен 10 жылға бас бостандығы еркінен айыруға сотталған.

1960 жылғы 9 шілдеде Қызылорда облыстық сотының Президиумы облыстық прокурордың осы іс бойынша келтірген наразылығын қарап, НКВД Басқармасы үштігінің 1937 жылғы 10 қарашадағы қаулысын бұзып, Тажбеневтің іс-әрекетінде қылмыс құрамы болмағандықтан өндірістен қысқартылған. Себебі Тажбенев Кеңес өкіметіне қарсы ешқандай іс-әрекет жасамаған, сол кездегі НКВД-нің бастығы Демидов социалистік заңдылықты бұзып, куәлардан жалған жауаптар алған, тағы басқа жалған құжаттар жинаған. Сол үшін Демидов жауапқа тартылып сотталған.

Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 14 сәуірде «Жаппай саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау туралы» Заңына сәйкес Тажбенев ақталған.



ТАСҚАРАЕВ Жанәділ Тартоай поселкесінде 1899 жылы туған, бай табынан, сауатты, БК(б)П мүшесіне кандидат, қамауға алынғанға дейін Сырдария ауданының № 2 ауылы, «Ақ Арық» колхозының төрағасы болып жұмыс істеген. 1938 жылы ҚК 58-11, 7 тармағымен сотталып, ісі Қаз. ССР Жоғарғы Сотында қысқартылған.

Ол «Ақ Арық» колхозының бастығы болып тұрғанда 1941 жылдың орта шенінен бастап Отан соғысының тұсында колхозшылар арасында «Бұл соғыста кеңес үкіметі жеңіледі, фашист үкіметі жеңеді, өйткені менің нағашым Мұстафа Шоқайев Герман армиясын бастап келе жатыр, кеңес үкіметі құлап, байлар үкіметі орнайды», — деп контрреволюциялық үгіттер таратып, Гитлер армиясын мақтаған. Оның үстіне ол әдейі наразылық туғызу үшін өзінің өкімшілік қызмет бабын пайдаланып колхозшыларды ұрып жебірлеген. Осы қылмысы үшін Қызылорда облыстық НКВД Басқармасы СПО-ның 1942 жылғы 2 қазандағы қаулысымен тұтқынға алынып, РСФСР ҚК-ның 58 бабының 10 тармағының 2 бөлімімен қылмыстық іс қозғалған.

Қызылорда облыстық сотының қылмысты істер қарайтын сот коллегиясының 1942 жылғы 23 желтоқсандағы үкімінен айыпкер Тасқараев Жанаділ ең жоғары жаза — ату жазасына сотталған.

Қазақ ССР Жоғарғы Сотының қылмысты істер қарайтын сот коллегиясының 1943 жылғы 16 қаңтардағы ұйғаруымен Қызылорда облыстық сотының 1942 жылғы 23 желтоқсандағы үкімін негізінен күшінде қалдырып, Тасқараевқа ҚК-ның 58-10-2 тармағымен берілген ату жазасы 10 жыл бас бостандығынан айыру, 5 жыл саяси құқын жою жазасына ауыстырылған.

Қазақ ССР Жоғарғы Соты Президиумының 1960 жылғы 6 мамырдағы қаулысымен Қызылорда облыстық сотының 1942 жылғы 23 желтоқсандағы үкімін және Қазақ ССР Жоғарғы Сотының 1943 жылғы 16 қаңтардағы Тасқараев Жанаділді ісі жөніндегі ұйғаруы бұзылып, оның әрекетінде қылмыс белгісі жоқ болғандықтан іс мүлдем қысқартылған. Ол толық ақталған.

ТӘЖИЕВ Шәкіман (Жақман) № 14 «1 мамыр» ауылдық кеңесі, «Ким» колхозында 1907 жылы туған, білімі бастауыш, партияда жоқ, колхозшы, Сырдария ауданында НКВД бөлімінің 1942 жылғы 31 желтоқсандағы қаулысымен тұтқынға алынып, РСФСР ҚК-ның 58 бабы, 10 тармағының 2 бөлімі және 193 бабының 10 «а» тармағымен айып тағылып, қылмысты іс қозғалған. Ол армия қатарына шақырылудан қашып, колхозшылар арасында кеңес үкіметіне қарсы контрреволюциялық үгіт жүргізгені, фашистік Германияның армиясы мен техникасын мақтағаны үшін тұтқынға алынып, қылмыстық іс қозғалған.

Қызылорда облыстық сотының қылмысты істер қарайтын сот коллегиясының 1943 жылғы 30 сәуірдегі үкімімен 10 жылға бас бостандық еркінен айыруға, сайлау-сайлану құқын 2 жылға жоюға сотталған. Қазақ ССР Жоғарғы Сотының қылмысты істер қарайтын сот коллегиясының 1989 жылғы 11 қаңтардағы ұйғаруымен Қызылорда облсотының қылмыстық істер қарайтын сот коллегиясының 30 сәуір 1943 жылғы Тәжиев Шәкіман жөніндегі үкімінің РСФСР ҚК-ның 58-10-2 бөлімімен сотталған жағын бұзып, істі оның әрекетінде қылмыс сипаты болмағандықтан қысқартқан, үкімнің басқа жағын ҚК-ның 193 бабының 10 «а» тармағымен 5 жылға соттағанын өзгеріссіз қалдырып, Қазақ ССР прокуратураның наразылығы қанағаттандырылған.

ТЕ ГУ-БОН родился в 1887 году в г. Пембук-Иэю, Корея, кореец, член ВКП(б) с 1919 года, грамот-

ный, до ареста проживал в г. Кызылорде, работал парторгом в колхозе «Интернационал» Сырдарьинского района, исключен из партии в связи с арестом. Он изобличается в том, что состоял членом японско-шпионской организации «Иркутян», проводил в корейских колхозах «Казрис» и «Интернационал» контрреволюционную подрывную работу с расчетом полного развала колхозов и после чего ставил целью выезд из СССР всего корейского населения в Корею, проводил вербовку лиц из корейского населения на службу японской разведке, с которыми проводил контрреволюционную шпионскую работу, в частности ими было ликвидирована колхозная свиноферма, распределяла неделимый фонд колхоза, в колхозе применяли батрацко-наемную силу и развалили работу ячеек Осовавиахима, на случай войны Японии с СССР подготовлял диверсионные работы на более серьезных объектах, за что постановлением 3 отделения УГБ НКВД по Кызылординской области от 26 мая 1938 года арестован и привлечен к уголовной ответственности по ст. 58-6 УК РСФСР.

Постановлением особой тройки при УНКВД по Кызылординской области от 9 октября 1938 года Те Гу-Бон осужден к высшей мере наказания — расстрелу, приговор приведен в исполнение 16 октября 1938 года.

Определением Военного Трибунала ТуркВО от 24 августа 1959 года постановление особой тройки УНКВД по Кызылординской области в отношении Те Гу-Бон отменено и дело на него на основании ст. 5 п. 1 основ уголовного судопроизводства СССР и Союзных Республик прекращено за отсутствием состава преступления.

По заключению прокурора Кызылординской области от 30.05.97 года Те Гу-Бон на основании Закона Республики Казахстан от 14.04.93 года реабилитирован.

ТЕМБАЕВ Шағдарбек 1914 жылы Сырдария ауданының № 2 ауылында туған, семьясымен Амангелді атындағы колхозында тұрған, Айдарлы ауылдық кеңесінде дөрігерлік пункттің менгерушісі болып жұмыс істеген.

Тембаев 1942—1944 жылдары Ұлы Отан соғысында немістердің тұтқынына түсіп, 1944 жылы Совет Армиясы тұтқыннан босатып алған. Кеңес өкіметіне, Кеңес құрылысы мен экономикасына және Коммунистік партияға қарсы үгіттер жүргізген. Тұтқында болғанда «Түркістан легионына» өз еркімен кіріп, ант қабылдаған.

Осы қылмысы үшін 1950 жылы желтоқсан Тембаев тұтқынға алынып, 1951 жылғы 15 мамырда Қызылорда облыстық сотының қылмыстық істер қарайтын көшпелі сот коллегиясы РСФСР қылмыс Кодексінің 58-1 «б», 58-101 бөлімімен айыпталған қылмыстық істі қарап, оны 10 жылға бас бостандығы еркінен айыруға соттаған.

СССР Жоғарғы Сотының қылмыстық істер қарайтын Сот коллегиясы 9 желтоқсан 1953 жылғы Қызылорда облыстық сотының 1951 жылғы 15 мамырдағы үкімін бұзып, Тембаевтың қылмыстық іс бойынша айыбын қайта дәрежелеп, РСФСР Қылмыс кодексінің 74 бабы 2 бөліміне сәйкес оның жа-

засын 5 жылға бас бостандығы еркінне айыруға кеміткен.

1953 жылғы 27 наурызда СССР Жоғарғы Кеңесі Президиумының «Қайырымдылық» жайлы жарлығына сәйкес Тембаев жазадан босатылған.

Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 14 сәуірдегі «Жаппай саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау туралы» Заңына сәйкес Тембаев ақталған. Себебі Тембаев неміс тұтқынында болған кезінде кеңес өкіметіне қарсы ешқандай әрекет жасамаған, қарсы соғысқа қатыспаған. Тембаев тұтқында болған кезінде Қызыл әскерлер жағына өтпекші болғанында қолға түсіп, неміс гестапосы тұтқындаған. Тембаев ешқандай дәлелсіз, заңсыз сотталған.

ТОЛЫБАЕВ, ТЕЛБАЕВ Ақылбек № 2 ауылында 1898 жылы туған, кейін Сұлутөбе стансасында тұрған, кедей-шаруадан шыққан, білімі бастауыш, БК(б)П мүшесі, қамауға алынғанға дейін Қызылорда аудандық НКВД бөлімінің учаскелік инспекторы болып жұмыс істеген.

Айыптау қорытындысы бойынша Толыбаев, Телбаев Ақылбек Қызылорда аудандық милиция бөлімінің учаскелік инспекторы болып жұмыс істеп жүріп, шетел разведкасының агенті шпион Бекарысов Әжібекпен байланыс жасап, контрреволюциялық ұйымға мүше болып кірген. 1936 жылдың сәуір айында Оңтүстік Қазақстан облысының территориясына шетелден жасырын түрде келген Бекарысов Әжібек Түркістан қаласында болады, одан Қызылорда қаласына келеді. Осында бірнеше адамдармен танысып, оларды өз қарамағына тартып жиын өткізген, ол жиынға Телбаев Ақылбек те қатысқан. Бекарысов 1933 жылы өзінің туыстарымен шетелге көшіп кеткенін, ол жақта Мұстафа Шоқаймен кездескенін өңгіме еткен. Сол жерде Телбаев өзінің Мұстафа Шоқайды жақсы білетінін және жақын туыс екенін Мұстафа Шоқайдың «1 май» колхозында туысы Қалымбетов Мырзекке, Шоқаев Бәкір т.б. тұратынын айтқан.

Бекарысов Телбаевтың Мұстафа Шоқаймен туыстық қатынасына көзі жеткеннен кейін Телбаевқа Шоқайдың барлық туыстарының тізімін беруді талап еткен. Оған Телбаев келіскен. Содан кейін арада үш күн өткеннен соң Бекарысов Першин көшесінде тұратын «К» дегеннің үйінде бірнеше адам жиналып, оның ішінде Телбаев та бар, өзінің контрреволюциялық мақсаты мен міндеті туралы өңгіме қозғап, шетелден Қазақстанға контрреволюциялық ұйымға адам тартуға келгенін хабарлаған және барлық қатысып отырғандарды нұсқап контрреволюциялық ұйым мүшесі деп санайтынын айтқан.

Бекарысов милицияның учаскелік инспекторы Телбаевқа контрреволюциялық ұйымға мүше болып кіруді ұсынған. Телбаевтың келісін алғаннан кейін Бекарысов оған милиция саласы бойынша құпия істерді ашуды ұсынған. Телбаев Ақылбек контрреволюциялық ұйымға тартылғаннан кейін Бекарысовтың тапсырмасымен Мұстафа Шоқайдың туыстарының тұрған жерлерін анықтап, шпион Бекарысовқа берген.

1936 жылдың маусым айында Бекарысов Шымкент қаласында сыбайластарының үйінде Қызылорда ауданында милицияның учаскелік инспекторы Телбаевты өзінің ұйымына тартқанын айтқан.

1936 жылдың 4 мамырында Телбаев Сұлутөбе стансасында тұратын Агапов Иван Александровичтің үстінен қылмыстық іс қозғаған. Телбаев өзінің қызмет бабын пайдаланып жалған іс қозғап, қылмысқа тартқан.

1937 жылғы 4 ақпанда Оңтүстік Қазақстан облыстық прокурордың көмекшісі бұл істі қарап, учаскелік инспектор Телбаевты қызмет бабын пайдаланғаны үшін жауапқа тарту туралы қаулы алған. Өйткені тергеу ісінде іс қозғау туралы қаулы алынбаған, айыпкер Агаповтан жауап алынбаған, айыптау қорытындысы оған айтылмаған. Тергеудің біткені туралы протоколға Агаповтың қолын Телбаевтың өзі қойған, нәтижесінде Телбаев РСФСР ҚК-ның 120 және 193-17 бабтарымен жауапқа тартылған.

А. Телбаев 1937 жылғы 31 наурызда тұтқынға алынып, РСФСР ҚК-ның 58-1 «а» бабымен қылмыстық іс қозғалған. 1937 жылғы 31 мамырдағы Телбаевтың қылмыстық ісі айыптау қорытындысымен прокурорға сотқа беру үшін жіберілген. 1937 жылдың 8 маусымда прокурор арқылы қылмыстық іс елеулі кемшіліктеріне байланысты қайта тергеуге жіберілген. 1937 жылдың 19 маусымында Телбаевтың қылмыстық ісі анықталмағандықтан қықартылып, ол қамаудан босатылған.

Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасы бөлімінің 1994 жылғы 20 қаңтардағы қорытындысымен Телбаев Ақылбек Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 14 сәуірдегі Заңының негізінде толық ақталған.

ТӨРТҚАРАЕВ Қалжан (Қалмахан) Қостанай облысы, Семиозерск ауданының № 13 ауылында 1902 жылы туған, әкесі, бай помещик болған, сауатты, партияда жоқ, 1930 жылы кулак ретінде тұтқынға алынып, мал-мүлік тәркіленген, қамауға алынғанға дейін Сырдария ауданының Тартоғай ауылдық кеңесі № 7 разьезде аға стрелочник болып жұмыс істеген, сол разьезде тұрған, үйленген, әйелі — Кәкіш, екінші әйелі — Әліма.

Төртқараев Қалжан ірі байдың баласы, оның әкесі Төртқараев Пірімжанның 1917 жылға дейін шаруашылығында 200 гектар жері, 400 бас жылқысы, 100 бас ірі қарасы, 200-дей қойы және жеткілікті мөлшерде ауылшаруашылық құрал-саймандары болған. Әкесі өлгеннен кейін бұл шаруашылық баласы Төртқараев Қалжанның меншігінде қалған, ол 1930 жылы тәркіленіп, тұтқынға алынған, сөйтіп оны Қарағандыға жер аударған, ол жақтан 1932 жылы Орта Азияға қашып келіп, Төшкент темір жолы № 17 разьезде стрелочник боып жұмысқа орналасқан. Төртқараев Қалжан Кеңес өкіметіне қарсы пікірде болып, № 17 разьезде жұмыс істейтіндердің арасында үкімет пен партияның жүргізіп жатқан шараларын жоққа шығаруға, беделін түсіруге бағытталған зиянкестік, контрреволюциялық үгітті үнемі жүргізіп келген.

Осы қылмысы үшін Төртқараев Қалжан Қызылорда стансасы ОДТОГУГБ НКВД-сының 1937 жылы 26 желтоқсандағы қаулысымен тұтқынға алынып, РСФСР ҚК-ның 58 бабының 10 тармағымен қылмыстық іс қозғалған.

Тергеу ісі сол жылғы 31 желтоқсанда аяқталып, айыптау қорытындысын облыстық прокурордың

орынбасары мен Тәшкент темір жолы 1-учаскесінің транспорт прокуроры 1938 жылдың 13 қаңтарында бекітіп, істі Тәшкент темір жолы тораптық соттың қарауына жіберген.

Тәшкент темір жолы Қызылорда стансасындағы тораптық соттың 1938 жылғы 16 ақпандағы үкімімен Төртқараев Қалжан 10 жылға бас бостандық еркінен айыруға, жазасын өтегеннен кейін 5 жылға саяси құқын жоюға сотталған.

СССР Жоғарғы сотының транспорт коллегиясының 1938 жылғы 8 сәуірдегі ұйғаруымен Қызылорда стансасы тораптық сотының Төртқараев жөніндегі үкімін күшінде қалдырған, оның шағым арызын нәтижесіз тастаған.

Қазақстан Республикасы Бас прокуроры көмекшісінің 1992 жылғы 1маусымдағы қорытындысымен Төртқараев Қалжан СССР президентінің 1990 жылғы 13 тамыздағы жарлығының негізінде толық ақталған.

ТЯН Иван Викторович родился в 1906 году в ДВК, гражданин СССР, член ВКП(б), грамотный, работал бухгалтером колхоза «Интернационал» Сырдарьинского района, проживал там же. Он, будучи завербован в 1930 году японским шпионом, активно проводил шпионско-диверсионную работу на территории СССР в пользу Японии, в частности активно участвовал по развалу колхоза «Интернационал», за что постановлением 3 отд. УНКВД по Кызылординской области от 26 июня 1938 года арестован и привлечен к уголовной ответственности по ст. 58-6 УК РСФСР. Постановлением Особой тройки при УНКВД по Кызылординской области от 29 сентября 1938 года Тянь И. В. осужден к высшей мере наказания — расстрелу, приговор приведен в исполнение 7 октября 1938 года.

Определением военного трибунала ТуркВО от 4 июня постановление тройки УНКВД по Кызылординской области от 29 сентября 1938 года в отношении Тянь Ивана Викторовича отменено и дело о нем производством прекращено на основании п. 1 ст. 5 «Основ уголовного судопроизводства СССР и Союзных Республик» за отсутствием состава преступления. Протест Военного прокурора ТуркВО удовлетворен. По заключению прокурора Кызылординской области от 13.05.1997 года Тянь Иван Викторович на основании Закона Республики Казахстан «О реабилитации жертв массовых политических репрессий» от 14 апреля 1993 года реабилитирован.

Ү

ҮМБЕТОВ Рүстем № 15 Қызыл Жарма ауылдық кеңесі, «Қарауыл төбе» колхозында 1912 жылы туған, әлеуметтік негізі кедей шаруа, Орта Азия жоспарлау экономикалық институтының 2 курсы бітірген, 1925 жылдан БЛКЖО мүшесі, осы іске байланысты комсомол қатарынан шығарылған, қызметкер, мамандығы экономист, бұрын мұғалімдер одағының төрағасы болған, қамауға алынғанға дейін Ақтөбе қаласында

сауда базасының басқарушысы болып қызмет атқарған, бұрын сотталмаған, әйелі — Ұлболған.

Үмбетов Рүстем контрреволюциялық, ұлтшылдық ұйымның белсенді мүшесі болған. Ол бұл ұйымға 1935 жылдың желтоқсан айында сол кездегі «Ленин туы» газетінің редакторы Қауымбаев Қайыпназар мен Қызылорда аудандық атқару комитетінің бұрынғы жауапты хатшысы Ахметов Мұхит арқылы тартылған. Үмбетов Рүстем Қауымбаев пен Ахметовтың тапсырмасымен Қызылорда аудандық оқу бөлімінің жүйесінде бүліншілік әрекеттер жасау үшін кеңес үкіметіне қарсы ұлтшылдық ұйымның мүшелері Смағұловпен, аудандық оқу бөлімінің бұрынғы меңгерушісі Есенжоловпен, аудандық комсомол комитетінің бұрынғы хатшысымен байланыс жасаған. 1937 жылы Үмбетов Рүстем Ақтөбе қаласындағы Главкожобуының сауда базасына басқарушы қызметіне жіберілген. Ұлтшылдық ұйымның мүшесі Байғоноқтың тапсырмасымен зиянкестік жұмыстар жүргізу үшін ұйым мүшелері Кенебаев пен және Алғазинмен байланыс жасаған.

Осы қылмысы үшін Үмбетов Рүстем Қызылорда облыстық НКВД Басқармасы УГБ-ның 4 бөлімінің 1938 жылғы 20 шілдедегі қаулысымен тұтқынға алынып, РСФСР ҚК-ның 58 бабының 2, 11 тармақтарымен қылмыстық іс қозғалған. Тергеу ісі 1939 жылдың 29 наурызында аяқталып, айыптау қорытындысы сол жылғы 31 наурызда шығарылған, оны облыстық прокурор және Қызылорда облыстық сотының қылмысты істер қарайтын сот коллегиясының дайындау мәжілісінің 1939 жылғы 13 сәуірдегі қаулысымен бекіткен.

Қызылорда облыстық соттың 1939 жылғы 15 сәуірдегі үкімімен Үмбетов Рүстем 8 жылға бас бостандық еркінен айыруға, 5 жылға сайлау-сайлану құқын жоюға сотталған.

Қазақ ССР Жоғарғы Сотының қылмысты істер қарайтын сот коллегиясының 1940 жылғы 16 сәуірдегі ұйғаруымен Қызылорда облыстық сотының 1939 жылғы 15 сәуірдегі үкімі бұзылып, қылмыс құрамы анықталмағандықтан іс өндірістен қысқартылып, Үмбетов Рүстем қамаудан босатылған. Қазақ ССР прокурорының наразылығы қанағаттандырылған.

Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының бөлім бастығының 1995 жылғы 24 шілдедегі қорытындысымен Үмбетов Рүстем Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 14 сәуірдегі Заңының негізінде толық ақталған.


Ф

ФАЗЫЛОВ Сұлтан № 14 ауыл, «Бірлестік» колхозында 1902 жылы туған, шала сауатты, партияда жоқ, колхозшы. Ол 1937 жылдың 13 қаңтарында тұтқынға алынып, ҚК-ның 58 бабының 10 тармағымен және 79 бабымен қылмыстық іс қозғалған, Қызылорда облыстық сотының арнаулы коллегиясының 1938 жылғы 25 сәуірдегі қаулысымен қылмысты істер

жүргізу заңының 234 бабының «8» пунктіне сүйеніп, қылмысы жоқ деп тауып, қылмысты ісі қысқартылған және қамаудан босатылған. Ол толық ақталған.

Х

ХАНГЕЛДИН Байнияз № 16 ауылдық кеңесінде 1894 жылы туған, білімі аяқталмаған жоғары — 1929—



1931 жылдары Төшкен қаласындағы ауылшаруашылық институтында оқыған, 1919 жылдан 1922 жылға дейін БК(б)П мүшесі. Жаңақорған МТС-да учаскелік агроном болып қызмет істеген. 1939 жылы РСФСР ҚК-ның 74 бабымен 1,6 жылға сотталған. Жаңақорған МТС-да жұмыс істеп жүрген кезінде жұртшылықпен араласып, СССР мен Германия арасындағы соғыс туралы контрреволюциялық жеңіліс сипаттағы үгіт таратқан, Германия басып алған қалаларда

поптар мен байлар немістерді шіркеу қоңырауымен қарсы алуға мүмкіндік алды, герман армиясы техника жағынан біздікінен басым, жақсы қаруланған, соғыс тәжірибесі мол, ал Қызыл Армияда ондайлар жоқ. Газет пен радионың күнделікті хабарлары бойынша біздің әскерлер күніне немістің 100—200 самолетін атып құлатып жатыр, дегеніне ол жауап қайтарып былай деген, газеттерде жазылғандары біздің көзіміз көріп отырған жоқ, оған сенуге болмайды деген. Осы қылмысы үшін ол, Шиели аудандық МРО НКГБ бөлімінің 1941 жылғы 13 шілдедегі қаулысымен тұтқынға алынып, РСФСР ҚК-ның 58 бабының 10 тармағы 2 бөлімімен қылмыстық іс қозғалған. Қызылорда облыстық сотының 1941 жылғы 15—16 қарашадағы үкімімен 10 жылға бас бостандық еркінен айыруға, саяси құқын 5 жылға жоюға сотталған. Қазақ ССР Жоғарғы Сотының Қылмыстық істер қарайтын Сот Коллегиясының 1941 жылғы 10 желтоқсандағы ұйғаруымен Қызылорда облыстық сотының үкімін күшінде қалдырған. Қызылорда облыстық соты Президиумының 1956 жылғы 14 қыркүйектегі қаулысымен Қызылорда облыстық сотының 1941 жылғы 16 қарашадағы үкімі мен Қазақ ССР Жоғарғы соты Коллегиясының 1941 жылғы 10 желтоқсандағы ұйғаруы бұзылып, Б. Хангелдиннің әрекетінде қылмыс белгісі болмағандықтан іс өндірістен қысқартылған.

Қызылорда облыстық прокурордың 1997 жылғы 13 мамырдағы қорытындысымен Б. Хангелдин Қазақстан Республикасының «Жаппай саяси қуғын-сүргіндер құрбандарын ақтау туралы» Заңының негізінде толық ақталған.

БАЙНИЯЗ ХАНГЕЛДИННИҢ ӨМІРБАЯНЫ

1894 жылы туған, кедей-шаруа жанұясынан шыққан, 1904 жылға дейін Сырдария ауданының № 16 ауылында тұрған, сол жылы Перовск русско-туземское училищеге түсіп, оны 1908 жылы бітірген, 1908 жылы Перовск төрт кластық қалалық мектебіне түсіп, оны 1912 жылы бітірген. Содан кейін Төшкендегі мұғалімдік семинарияға түсіп, оны 1915 жылы бітірген, 1915 жылдың қыркүйек айынан 1916 жылғы қыркүйек айына дейін Қосқорған түземдік мектепте мұғалім болып жұмыс істеген, 1916 жылдың қыркүйек айынан 1918 жылдың ақпан айына дейін Андижан, Ферғана облыстарында мұғалім болған, 1918 жылдың ақпан айынан 1920 жылдың тамыз айына дейін Қызылорда қаласында мұғалім болған.

1920 жылдың тамыз айынан 1921 жылдың наурыз айына дейін Сырдария облыстық партия комитетінде ауылшаруашылық бөлімінің меңгерушісі, бюро мүшесі болған, 1921 жылдың наурызынан 1922 жылдың қаңтар айына дейін Амудария облыстық атқару комитетінің төрағасы болған (Қарақалпақ АССР), сонымен бірге Түркмен Республикасы ЦИК мүшесі болған. 1922 жылы наурыз айында БК(б)П қатарынан шығарылған — Жетісу облысында жер реформасын жүргізу жұмысынан бас тартқаны үшін. Содан кейін жауапты қызметтерде болмаған, тек 1931 жылы наурыз айынан 1933 жылғы ақпан айына дейін Қазалы аудандық жер бөлімінде аға агроном болып қызмет істеген, 1935 жылдың желтоқсан айынан 1937 жылы тамыз айына дейін Шымкент қаласында облыстық жер бөлімінде агроном болып жұмыс істеген.

БАЙНИЯЗ ХАНГЕЛДИННИҢ СӨЗІНЕН

1921 жылы 9 Бүкілроссиялық Советтер съезінде Ходжанов Сұлтанбектің инициативасы бойынша (ол ТүрЦИК төрағасы) мен ВЦИК құрамына енбей қалдым, облысполкомның менен басқа барлық төрағалары мүше болды, облысполком төрағалары міндетті түрде мүше болуы тиіс. Ходжановқа ренжігенімнен Төшкентке қайтып келе жатып, Чкалов ст. келгенде Ходжановқа арыз бердім. Ол ҚК(б)П Орт. Комитетінің мүшесі болатын, Қызылорда стна келгесін поездан түсіп қалдым, Амудария облысына бармадым. Ходжанов саналы түрде менің партиядан шығуымды қолайлаған еді. Ол Москвада маған сен Амудария облысполком төрағасы қызметтен босады деп хабарлаған еді.

ХВАН Семен Антонович, он же СИН-МА-НИ ролдился в 1906 году в Корее, гражданин СССР, образование среднее по-корейски, член ВКП(б) с 1932 года, проживал в ауле № 16 Сырдарьинского района, работала председателем колхоза им. Сталина. Он изобличается как агент японской разведки. Будучи завербованным на службу японской разведки и проживая на территории ДВК Хван С. А. активно участвовал в контрреволюционной шпионско-диверсионной организации в пользу Японии. Имел тесную связь с последствием разоблаченным агентом японской разведки Ким Дмитрием Николаевичем,

вместе с которым проводил шпионскую работу на территории СССР в пользу Японии, за что он постановлением 3 отд. УГБ УНКВД по Кызылординской области от 26 июня 1938 года арестован и привлечен к уголовной ответственности по ст. 58-6 УК РСФСР.

Постановлением 3 отд. УГБ УНКВД по Кызылординской области от 21 июля 1938 года следственное дело по обвинению Хван Семена (Син-Мана) за недоказанностью предъявленного обвинения следствием производством прекращено и арестованный Хван Семен из-под стражи освобожден.

По заключению прокурора Кызылординской области от 22.07.97 г. Хван Семен Антонович на основании Указа Президиума Верховного Совета СССР от 16.01.1989 года реабилитирован.

Ш

ША ПЕ-ЮН (ПЕЙ-ЮНИ) родился в 1893 году в Корее, гражданин СССР, образование среднее, член ВКП(б), до ареста проживал в Сырдарьинском районе, работал секретарем парткома колхоза «Казрис». За антисоветскую контрреволюционную, провокаторскую агитацию среди корейского населения и шпионско-диверсионную, подрывную работу исключен из партии и арестован, привлечен к уголовной ответственности. Приговором НКВД СССР от 11 февраля 1938 года Ша Пе-Юн (Пей-Юни) осужден к высшей мере наказания — расстрелу. Он реабилитирован 6 июля 1989 года.

ШАЙМБЕТОВ Шахарбек «1 май» ауылдық кеңесінде 1903 жылы туған, сауатсыз, партияда жоқ, бұрын сотталмаған, орташа шаруа, үйленген, әйелі Шаймбетова Нұрыш, ұлдары Қожахмет, Жұмахмет.

Отан соғысына Сырдария аудандық әскери комиссариаты арқылы наурыз айы 1942 жылы шақырылған. Ол Калинин бағытындағы майдандағы ұрыстарға атқаштар полкінің жауынгері қатарында қатысып, 1942 жылы қазан айынан 1945 жылдың 9 мамыр аралығында неміс фашистерінің тұтқынында болған.

Жаудың тұтқынында болып, 1943 жылы тамыз айында «Түркістан легионына» өз еркімен кіріп, фашистік Германияға адал қызмет ету жайлы ант қабылдаған. 1943 жылы қазан айы мен 1944 жылғы қыркүйек аралығында ротаның молдасы болып жұмыс атқарған. Бұдан кейін соғыс біткенше неміс армиясының бекініс жұмыстарында қатардағы легионер болып істеген. 1943 жылы қараша айында ағылшын разведкасы Шаймбетовті агент қатарына өткізіп, легиондар арасында құпия жұмысқа пайдаланған. Осы қылмыстары үшін Шаймбетов 1951 жылғы 17 маусымда Қызылорда облысының УМГБ бастығының қаулысымен қамауға алынған.

1951 жылғы 15 қазанда Тәшкен гарнизонының әскери Трибуналы РСФСР Қылмыс кодексінің 58-1 бабы «П» тармағымен айыпталған Шаймбетовтің қылмысты ісін

қарап, оны 25 жылға бас бостандығы еркінен айыруға және 5 жылға саяси құқық жоюға соттаған.

СССР Жоғары Сотының Әскери коллегиясы 1951 жылғы 6 желтоқсанда Шаймбетовтің шағым арызын қарап, қанағаттандырмай үкімді өз күшінде қалдырған.


Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 14 сәуірде «Жаппай саяси қуғын-сүргіндер құрбандарын ақтау туралы» Заңының 5 бабы «А» тармағына сәйкес Шаймбетов тұтқыны өз еркімен түспегенін және «Түркістан легионына» кіргенімен Отанына қарсы соғыспағанын ескеріп 13 сәуір 1999 жылы толық ақталған.

ШАҚАБАЕВ Жұмаділла № 6 ауылдық кеңесінде 1880 жылы туған, бұрын молда болған, «Ортақшыл» колхозының мүшесі, сол колхозда тұрған, партияда жоқ, үйленген, әйелі — Зұлпия, балалары — Кенес, Серікбай.

Ол Кеңес үкіметіне қарсы ауыл тұрғындары арасында провокациялық алауыздық үгіт жүргізген, Германиямен соғыс туралы жүрек ұшырарлық, жеңілістік пікірлер таратқан, мәселен, 1941 жылғы 27 шілдеде колхозшылар арасында ол былай деген: «Неміс армиясы күшті, олар Москваны қатты бомбылап, үлкен жарақаттады, сонымен қатар олар партия көсемдерін іздеді, бірақ оларды таба алмады, өйткені олар жеті қабат жердің астына тығылды, оларды қайткен күнде тауып, құртып жібереді, неміс самолёті Ленинградты да қатты бомбылады, ондағы тұрған әскерлердің бәрін қырып жіберген. Тірі тек 2 адам ғана қалған. 1940 жылғы қазан айында Шиели каналының құрылысының жоспарлы жұмысын бұзуға әрекет жасаған, осы каналдың құрылыс жұмысына мерзімінен үш күн кешігіп келген. Әскери жағдайға байланысты колхоздарды таратып жатыр — деген жалған хабарлар таратқан. Осы қылмысы үшін ол Сырдария аудандық НКВД бөлімінің 1941 жылғы 5 қыркүйектегі қаулысымен тұтқынға алынып, РСФСР ҚК-ның 58 бабының 10 тармағының 2 бөлімімен қылмыстық іс қозғалған. Қызылорда облыстық НКВД Басқармасы СПО-ның 1941 жылғы 6 қарашадағы қаулысымен Шақабаевтың ісін сотқа беруге тағылған айыптың жеткіліксіздігінен өндірістен қысқартылып, тұтқыннан босатылған.

Қызылорда облыстық прокурордың 1997 жылғы 24 сәуірдегі қорытындысымен Ж. Шақабаев — СССР Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1989 жылғы 16 қантардағы жарлығының негізінде толық ақталған.

ШАМАЕВ (Бағия) Бота — Қызылорда ауданының № 22 ауылында 1883 жылы туған, орта шаруа, малшы, сауатсыз, партияда жоқ, бұрын саудамен айналысқан, сайлау құқынан айырылған, үйлі-жайлы қамауға алынғанға дейін осы ауданның № 18 ауылында тұрған.



Айыптау қорытындысы бойынша — Шамаев Бота — 1930 жылғы көктемгі егіс науқанының қызып жатқан кезінде № 18 ауылдың территориясына қарайтын «Казрис» тәжірибе шаруашылық артелінің (ол 1929 жылы құрылған), күріш егісін бұзу мақсатында 29 сәуір күні өзінің туыстары мен достарын шақырып алып, 60—70 адамды таяқпен, балтамен, орақпен қаруландырып, «Казрис» артелінің жер жырттып жатқан жеріне келіп, Шамаев Бота басқарған адамдар тракторист пен жұмысшылардың істеп жатқан жұмысын тоқтатқан. Шамаев оларға былай деген: «Жер біздің ауылдың қазақтарынікі, сендердің оны жыртуға қақыларың жоқ», Артель мүшесі Цой-Бон-Зок Шамаевтың жұмысты тоқтатындар деген ұсынысын тыңдамай жұмыс істей берген оны Шамаевтың адамдары ұрып жыққан. Соның салдарынан артель 12 мамырға дейін жұмысты тоқтатуға мәжбүр болған, артельдің өзінің көрген шараларының арқасында ғана күріш егісі тоқтатылмай қалған.

Маусым айының орта шенінде Шамаев Бота өзінің қараша киіз үйіне ауылдың 20-шақты адамдарын жинап алып, қымыз беріп былай деген: «Бізге қайткен күнде де «Казрис» артелінің күрішін таптауымыз керек, күнде түнгі мезгілде мал жіберу керек, сонда ғана артель жерді бізге тастап кетуге мәжбүр болады, осы жолмен ғана біз көрістерден құтыламыз». 4 шілде күні апта егісінен Шамаевтың оншақты жылқысын ұстап қамап қойған, сол күні кешкісін Шамаев артельге келіп дәрекі түрде артель төрағасынан жылқыны босатып жіберуді талап еткен, бірақ оның талабы орындалмаған, 5 шілде күні таңертең Шаев өзінің туыстарын шақырып алып артельге барып жылқыны алып келіндер, мен артель төрағасымен келістім, жылқыларды беріп жібереді — деп оларға өтірік айтқан. Шамаевтың туыстары артельге келіп, ешкімнен рұқсат сұрамай, қамаулы тұрған жылқыларды босатып аулына алып қайтқан. Шамаевтың осындай контрреволюциялық әрекетіне ауылдық кеңестің төрағасы Байжігітов ешқандай шара көрмеген. Сол үшін Шамаев Бота ОГПУ-дың Қызылорда округтік бөлімінің 1930 жылғы 6 шілдедегі қаулысымен тұтқынға алынып, РСФСР ҚК ның 58 бабының 10 тармағымен және 59 бабының 2 тармағымен қылмыстық іс қозғалған.

Қазақстандағы ОГПУ-дың өкілетті өкілдігі жанындағы үштіктің 1930 жылғы 2 қыркүйектегі қаулысымен Шамаев Бота 5 жылға концлагерьге сотталған. Қызылорда облыстық прокурордың орынбасарының 1990 жылғы 30 қаңдағы қорытындысымен Шамаев Бота — СССР Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1989 жылғы 16 қаңтардағы жарлығының негізінде толық ақталған.

ШАМҚҰЛОВ Сейтжаппар № 2 ауылы, «Айдарлы» колхозында 1913 жылы туған, білімі бастауыш, БЛКЖО мүшесі, әскерге 1942 жылғы 10 наурызда алынған, 391 АД, 1024 атқыштар полкінің 6 ротасы құрамында қағардағы қауыпгер ретінде Ленинград облысы, Залучск ауданы, Пинаевые Горки деревнясында болған ұрысқа қатысқан, 1942 жылғы 7 маусымда шайқастың алдыңғы шебінде ұрысып жатқанда Шамқұлов С. қолындағы винтовкасы мен сумкасын тастап, өз бөлімшесі тұрған жерінен шығып, жау жағына қарай беттеп бара жатқанда ұсталған.

Осы қылмысы үшін ол 391 АД, ОО НКВД-ның 58 бабының 1«б» тармағымен қылмыстық іс қозғалған. Тексеру барысында анықталғандай Шамқұлов орнынан тұрып жау жағына қарай жүргені рас, бірақ алдында өлген жылқы жатқан, содан ет кесіп алып, өзінің орнына қайтіп келе жатқанда, жолда ұсталған, тергеу барысында оның сатқын екендігі анықталмаған, РСФСР ПУК-ның 204 бабының «б» пунктіне сүйеніп, 391 АД-ның ОО НКВД-ның 1942 жылғы 30 маусымдағы қаулысымен С. Шамқұловты айыптаған тергеу ісі өндірістен қысқартылып, ол тұтқыннан босатылған. Сөйтіп оны өзінің бөлімшесіне қайтіп жіберген.

Қызылорда облыстық прокурордың 1997 жылғы 13 мамырдағы қорытындысымен С. Шамқұлов Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 14 сәуірдегі Заңының негізінде толық ақталған.

ШӘЙМЕНОВ Төлебай — Қызылорда ауданының № 10 Далакөл ауылдық кеңесінде 1890 жылы туған, руы «Мойнак», әкесі де, өзі де ірі бай және болыс, би болған, шала сауатты, партияда жоқ, 1930 жылы Қаракүм қарақшыларының көтерілісіне қатысқан, Төлебай тұтқынға алынғаннан кейін әйелі Айбарша Қаракүм көтерілісіне қатысқаны үшін Қазақстандағы ОГПУ-дың өкілетті өкілдігі жанындағы үштіктің қаулысымен 3 жылға сотталған. Төлебай 1930 жылы облыстық соттың көшпелі сессиясының үкімімен — РСФСР ҚК-ның 118 және 58—10 бабымен 8 жылға концлагерьге, 3 жылға саяси құқын жоюға сотталған, 1936 жылдың 6 мамырында лагерьден мерзімінен бұрын босатылған, ауылға келгеннен кейін Қызылорда аудандық мал дайындау мекемесінің «Ақтас» — деген жерінде шопан болып жұмыс істеген, үйленген, әйелі — Алмагүл, баласы — Беркімбай, інісі — Камаладин.

ШӘЙМЕНОВ Төлебай Кеңес үкіметіне қарсы пиғылда болған, ол лагерьден босанып келгеннен кейін тұрғындар арасында контрреволюциялық үгіт жүргізіп, капиталистік елдердегі және патша үкіметі тұсындағы тұрмысты мақтаған. 1937 жылдың шілде айының 25 күні «Шаған» серіктестігінің бригадирі Мұхамеджанның үйінде отырғанда бірнеше адамдардың көзінше «Патша үкіметі тұсында кедейлер салық төлемеді, менің өкем оларды салықтан босатқан болағын, салық өте аз болды, біздің ауылға 1000 сом ғана салық түсетін, ол салық байлардың 10—15 үй қожалықтарына бөліп берілетін». Одан кейін Шәйменов сөзін жалғастырып: «Мен Қиыр Шығыстағы лагерьден босанып келдім, Аяғөзде мен оның өкесімен кездестім, ол маған өзінің енді ғана Қытайдан келгенін, ол жақта байлар салыққа тек қана бір қой беретінін айтты. Қытайда Қазақстаннан қашып кеткен көптеген қазақтардың Шәуешек деген қалада тұратынын, олардың барлығы да жақсы тұратынын және Қытайға шекарадағы Көктүме қаласы арқылы еркін өтуге болағын, ол жерде 2 ауданда қазақтар тұратынын айтты» — деген.

Осындай контрреволюциялық үгіті ол басқа жерлерде таратқан. Осы қылмысы үшін Шәйменов Төлебай Қызылорда аудандық НКВД бөлімінің 1937 жылғы 24 тамыздағы қаулысымен тұтқынға алынып, қылмыстық іс қозғалған.

Тергеу ісі аяқталып, айыптау қорытындысы шығарылған, НКВД-ның жанындағы үштіктің қарауына жіберілген.

Оңтүстік Қазақстан облыстық НКВД Басқармасы жанындағы үштіктің 1937 жылғы 20 қазандағы қаулысымен Шәйменов Төлебай — 10 жылға концлагерге сотталған.

Шәйменов Төлебай — НКВД-ның Башлағына 1938 жылдың 21 қаңтарында айдалып келген.

Оңтүстік Қазақстан облыстық НКВД Басқармасының І Арнаулы бөлімінің 1939 жылғы 10 сәуірдегі қаулысымен О/Қ НКВД Басқармасы жанындағы үштіктің Шәйменов жөніндегі қаулысын дұрыс деп тапқан.

Қызылорда облыстық прокуроры орынбасарының 1989 жылғы 20 қарашадағы қорытындысымен Шәйменов Төлебай — СССР Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1989 жылғы 16 қаңтардағы жарлығының негізінде толық ақталған.

Ц

ЦАЙ ПЕН (ЦАЙ ПЕН-ЮН) родился в 1907 году в Молотовском районе, ДВК, образование неполное среднее, беспартийный, до ареста проживал в Сырдарьинском районе, работал в колхозе «Интернационал». Он обвиняется в том, что активно проводил антисоветскую, провокаторскую агитацию среди корейского населения и подрывно-вредительскую деятельность, за что арестован и привлечен к уголовной ответственности. Приговором Особого Совещания при НКВД от 19 июня 1938 года осужден на 8 лет лишения свободы. Он реабилитирован 8 августа 1989 года.

ЦОЙ ХЕН ЧИР родился в 1913 году в гор. Чусан, ДВК, образование неполное среднее, беспартийный, до ареста проживал в Сырдарьинском районе, работал в колхозе «Красный Колокол». За антисоветскую контрреволюционную, провокаторскую агитацию среди колхозников-корейцев и подрывно-вредительскую работу арестован и привлечен к уголовной ответственности. Приговором Кызылординского областного суда от 29 декабря 1938 года Цой Хен Чир осужден на 8 лет лишения свободы. Он реабилитирован 4 октября 1989 года.

Ю

ЮГАЙ Алексей Антонович (он же ДЕН-ГУК) родился в 1907 году в селе Тянь-Тяри, Ен-Хинского уезда, Хам-Доской губернии, (Корея), кореец, гражданин СССР, член ВКП(б), исключен из партии, образование среднее, до ареста проживал в колхозе «Огородник», Каткыльского аулсовета, Сырдарьинского района, работал секретарем-учетчиком и казначеем.

В 1933 году в городе Хабаровске ПП ОГПУ привлекался по закону от 7 августа 1932 года, сын кулака освобожден. Он обвиняется в том, что сознательно разгласил известную ему государственную тайну, несмотря на то, что был обязан подпиской о неразглашении совершенно секретные сведения ему сведения государственной важности 3.12.40 года расказал прибывшему из лагерей гр-ну Тянь Ти-Уну, которого с этого времени в преступных целях систематически информировал секретными данными, что граничит с изменой родине, за что он постановлением УНКВД по Кызылординской области от 12 февраля 1941 года был арестован и привлечен к уголовной ответственности — по ст. 58-6 УК РСФСР.

Постановлением следчasti УНКГБ по Кызылординской области от 20 мая 1941 года ранее предъявленное обвинение по ст. 58-6 УК изменено на ст. 121 УК. Постановлением Особого Совещания при НКВД СССР от 8 сентября 1941 года Югай Ден-Гук, он же Югай Алексей Антонович, за разглашение государственной тайны — заключен в ИТЛ сроком на 3 года.

Постановлением Президиума Кызылординского облсуда от 5 марта 1962 года Постановление Особого Совещания при НКВД СССР от 8.09.41 г. по делу Югай Ден-Гук, он же Югай Алексей Антонович, отменено и дело производством прекращено за отсутствием состава преступления. Протест облпрокурора — удовлетворен.

По Заклучению прокурора Кызылординской области от 22.05.97 г. Югай Ден-Гук, он же Югай Алексей Антонович на основании Указа Президиума Верховного Совета СССР от 16.01.1989 года — реабилитирован.

ЮН ГИ-ХВАН родился в 1908 году в Хорен-Пене, Хунгунской области, в Китае, гражданин СССР, образование начальное, член ВКП(б) с 1932 года, исключен из партии в 1935 году, проживал на ст. Село-Тюбе в колхозе — «Победа» Сырдарьинского района, работал каменщиком-плотником. В 1926 году органом РКМ арестован за присвоение деньги отобранных у картэжников и в 1936 году арестован органом НКВД и выслан в Казахстан без срока, как соц. опасный элемент. Он обвиняется в том, что будучи завербован японской разведкой, проводил по ее заданию в Советском Союзе шпионскую работу в этих целях в 1927 году нелегально дважды переходил границу СССР в сторону Китая, занимался контрбандой, обманным путем пробрался в ВКП(б), где проводил провокаторскую работу, за что Постановлением 3 Отд. УНКВД по Кызылординской области от 22 января 1939 года след. дело по обвинению Юн Ги-Хвана производством следствия прекращено за недостаточность материалов для предания суду и обвиняемый из-под стражи освобожден.

По заключению прокурора Кызылординской области от 23.04.97 года Юн Ги-Хван на основании Указа Президиума Верховного Совета СССР от 16.01.1989 года реабилитирован.

Топтама

АЯПОВ Балман — ол немесе Қоғылов, 1906 жылы № 6 ауылында туған, Қызылорда қаласы Шумилов

көшесі № 32 үйде тұрған, қалалық соттың 2 учаскесінде іс жүргізуші болып істеген.

ӨТЕБАЕВ Жүтехан — 1916 жылы Ақтөбе облысының Жетіқара ауданының № 6 ауылында туған, Қызылорда қаласы Энгельс көшесі № 54 үйде тұрған, қалалық соттың 2 учаскесінде хатшы болып істеген. Аяпов, Өтебаев Кеңес өкіметіне қарсы үгіт-насихат жұмыстарын жүргізген.

Аяпов Кеңес өкіметіне қарсы өлеңдер мен анекдоттар айтқан.

Осы қылмыстары үшін олар 1936 жылы 1 мамырда тұтқынға алынған. Аяпов 1936 жылы 8 қазан, Өтебаев 1936 жылы 11 қазанда ешқайда кетпеу жайлы қол хаттармен тұтқыннан босатылған.

Қазақ ССР Жоғары сотының арнайы коллегиясы бұл екеуін 1937 жылғы 6 қаңтарда РСФСР Қылмыс Кодексінің 58—10 бабы 1 бөлімімен айыптаған. Аяпов пен Өтебаевтың қылмыстық ісін қарап, Аяповты 2 жылға бас бостандығы еркінен айыруға соттаған, ал Өтебаевтың әрекетінде қылмыстық белгісі болмағандықтан ақталған.

Себебі қайта тексеруде Аяпов пен Өтебаевтардың Кеңес өкіметіне қарсы үгіт-насихат жүргізгендігі анықталмайды.

1997 жылғы 24 қарашада Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 14 сәуірдегі «Жаппай саяси қуғын-сүргіндер құрбандарын ақтау туралы» Заңына сәйкес Аяпов ақталған.

Себебі қайта тексеруде Аяпов пен Өтебаевтардың Кеңес өкіметіне қарсы үгіт-насихат жүргізгендігі анықталмайды.

Аяпов Кеңес өкіметіне қарсы өлеңдер мен анекдоттар айтпаған. Сол кездегі зобалаң заманда саяси белгімен сотталған.

ҚАДЫРБАЕВ Халық — 1900 жылы Қызылорда ауданының № 32 ауылында туған, шала сауатты, үйленген, партияда жоқ, тұтқынға алынғанша «Ақарық» колхозының төрағасы болып істеген, осы жерде жанұясымен тұрған.

БИЙМБЕТОВ Нұрахмет — 1899 жылы Қызылорда ауданының № 33 ауылында туған, шала сауатты, үйленген, партияда жоқ, тұтқынға алынғанға дейін «Ақарық» колхозының мүшесі болып жұмыс істеген.

КӨПБАЕВ ол немесе **ШАЯХМЕТОВ** Қаден — 1899 жылы Қызылорда ауданының № 32 ауылында туған, шала сауатты, үйленген, партияда жоқ, бұрын сотталмаған, тұтқынға алынғанға дейін «Ақарық» колхозының мүшесі болып жұмыс істеген.

ДОСМАМБЕТОВ Белегүл 1904 жылы Қарағанды облысы, Қарсақбай ауданында туған, шала сауатты, партияда жоқ, бұрын сотталмаған, тұтқынға алынғанға дейін «Ақарық» колхозында бригадир болып жұмыс істеген.

Бұлар өзара бірігіп 30-шы жылдардың басында колхозшылардың арасында Кеңес өкіметіне қарсы үгіт-насихат жұмыстарын жүргізген. 1936 жылы колхозшыларды Пахта Арал ауданына, Ауғаныстан еліне көшіру мақсатында үгіт-насихат жұмыстарын ұйымдастырған.

Осы қылмыстары үшін 1937 жылғы 28 қарашада олар тұтқынға алынып, 1937 жылғы 28 қарашада Оңтүстік Қазақстан облысы УНКВД Басқармасы үштігінің қаулысымен Қадырбаев ең жоғары жаза

— ату жазасына, Биймбетов, Көпбаев, Досмамбетовтердің әрқайсысын 10 жыл бас бостандығы еркінен айырып, жазаларын өтеу үшін концлагерьге жіберуге сотталған.

1963 жылғы 25 сәуірде Қызылорда облыстық сотының Президиумы осы іс бойынша облыстық прокурордың наразылығын қарап, 1937 жылғы 28 қарашадағы НКВД үштігінің қаулысын бұзып, қылмыс белгісі болмағандықтан істі өндірістен қысқартқан.

Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 14 сәуірдегі «Жаппай саяси қуғын-сүргіндер құрбандарын ақтау туралы» Заңына сәйкес Қадырбаев, Биймбетов, Көпбаев, Досмамбетовтер ақталған.

БЕКМАҒАМБЕТОВ Мағаз Ақмола облысы Еркіншілік ауданы, Қызыл Ағаш ауылында 1922 жылы туған, білімі бастауыш, колхозшы, 1938 жылдан БЛКЖО мүшесі, үйленбеген, бұрын сотталмаған, әскер қатарына 1941 жылдың қараша айында алынған, 199 АП құрамында қатардағы жауынгер ретінде Отан соғысына қатысқан.

ЖІМБЕКОВ Байтас Сырдария ауданы, № 3 ауылда 1920 жылы туған, білімі 8 класс, 1938 жылдан БЛКЖО мүшесі, колхозшы, үйленген, бұрын сотталмаған, Сырдария АӘК арқылы әскер қатарына 1942 жылдың қаңтар айында алынған, 152 ерекше атқыштар бригадасының құрамында қатардағы жауынгер ретінде Отан соғысына қатысқан.

РАЙЫМБЕКОВ Арғынбай Сырдария ауданы, Жетікөл ауылында 1920 жылы туған, білімі 7 класс, 1938 жылдан БЛКЖО мүшесі, колхозшы, үйленген, бұрын сотталмаған, Сырдария АӘК арқылы әскер қатарына 1942 жылдың 22 қаңтарында алынған, 152 ерекше атқыштар бригадасының құрамында қатардағы жауынгер ретінде Отан соғысына қатысқан.

БЕКМАҒАМБЕТОВ Мағаз, Жімбеков Байтас, Райымбеков Арғынбай Сталинград майданындағы ұрыста 1942 жылдың 30 тамызында өз еріктерімен, қолдарындағы қарулармен немістердің тұтқынына түскен. Бұл үшеуі Венгрияның Сашбатай қаласындағы тұтқындар лагерінде жүріп 1945 жылдың 8 наурызында фашистік Германия Кеңес Одағына қарсы күрес үшін құрған «Орыстан азат ету армиясына» (РОА) өз еріктерімен кіріп, 9 наурыз күні немістердің әскери киімдерін алған, 26 сәуірде олар Қызыл Армияға қарсы соғысуға немістерге адал қызмет жасауға ант берген. 1945 жылдың 5 мамырына дейін олар неміс аэродромдарында әртүрлі жұмыстар атқарған — деп айып тағылып Бекмағамбетов Мағаз 1945 жылдың 27 қыркүйегінде, Жімбеков Байтас сол жылғы 3 қазанда, Райымбеков Арғынбай 10 қазанда тұтқынға алынған.

7-гвардиялық танк бригадасы әскери трибуналының 1945 жылғы 24 қазандағы үкімімен Бекмағамбетов Мағаз, Жімбеков Байтас, Райымбеков Арғынбай РСФСР ҚК-ның 58 бабының 1-б) тармағымен әрқайсысы 10 жылға, 5 жылға саяси қуғын-сүргінге сотталған.

Қазақстан Республикасы прокуратурасы 4 бөлімнің әскери прокуроры Ю. Зазулиннің қорытындысына сәйкес Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 14 сәуірдегі Заңының негізінде Бекмағамбетов Мағам, Жімбеков Байтас, Райымбеков Арғынбай 1999 жылғы 22 маусымда толық ақталған.

ЖАЛҒАБЫЛОВ Машырап Қызылорда ауданының № 27 ауылында 1893 жылы туған, бригадир болып жұмыс істеген. 1933 жылдың 9 наурызында тұтқынға алынған. Қазақстандағы ОГПУ өкілетті өкілдігі жанындағы үштіктің 1933 жылғы 13 маусымдағы қаулысымен соттың қарауысыз, РСФСР ҚК-нің бабы көрсетілмей 10 жылға бас бостандық еркінен айыруға сотталған.

Осы қаулымен әртүрлі мерзімімен төмендегілер сотталған:

ҚҰТЫБАЕВ Әмірзақ № 27 ауылда туған, жас 45-те, 10 жылға бас бостандық еркінен айыруға сотталған.

ЖАППАСБАЕВ Асан № 27 ауылда туған, жасы 52-де, 8 жылға бас бостандық еркінен айыруға сотталған.

ЕЛЕУОВ Жарқеткен № 27 ауылда 1903 жылы туған, 5 жылға бас бостандық еркінен айыруға сотталған.

ӘКІМҚҰЛОВ Қалманқұл № 27 ауылда 1883 жылы туған, 5 жылға бас бостандық еркінен айыруға сотталған.

ТҰРҒАНБАЕВ Рахат № 27 ауылда 1889 жылы туған, 5 жылға бас бостандық еркінен айыруға сотталған.

ӘЛЖАНОВ Әлшер № 27 ауылда 1889 жылы туған, 5 жылға бас бостандық еркінен айыруға сотталған.

ИГІЛІКОВ Айғабыл № 27 ауылда 1874 жылы туған, 3 жылға жер аударуға сотталған.

ТӘЖІМБЕТОВ Жұма № 27 ауылда 1893 жылы туған, тұтқыннан босатылған.

ЖАСЫБАЕВ Кенебай № 27 ауылда 1893 жылы туған, тұтқыннан босатылған.

Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының саяси қуғын-сүргіндер құрбандарын ақтау бөлімінің прокуроры К. Баймахановтың осы қылмысты іс жөнінде шығарған қорытындысы бойынша қылмысты істің материалдарын зерттеп қарағанда жоғарыда көрсетілген тұтқындағылардың ешқайсысына қандайда бір қылмыс жасағандары жөнінде ешқандай айып тағылмаған, бірақ олардан айыптылар ретінде жауап алынған, бұл процессуалдық заңды өрескіл бұзғандық болып саналады.

Істе айыпталушылардың айыптарын дәлелдейтін ешқандай дәлелдемелер жоқ, тек олардан жауап алған протоколдар ғана бар, басқа материалдар жоқ. Осы айтылғандардың негізінде жоғарыдағы келтірілген адамдар үштіктің қаулысымен жазықсыздан-жазықсыз сотталған, осыған байланысты олар саяси белгімен заңсыз сотталғандықтан ақталуға жатады делінген.

Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 14 сәуірдегі Заңының негізінде бұлар 1998 жылғы 7 шілдеде толық ақталған.

ДАЙРАБАЕВ Рақыш Қызылорда ауданының 15 ауылында 1899 жылы туған, Калинин атындағы ауылшаруашылық артелінің мүшесі, малшы, 1930 жылы 19 қазанда тұтқынға алынып, РСФСР ҚК-нің 58 бабының 10 тармағымен айып тағылған.

НҮРСЕЙІТОВ Айтбай Қызылорда ауданының № 15 ауылында 1877 жылы туған, Калинин атындағы ауылшаруашылық артелінің мүшесі, 1930 жылы 26 қазанда тұтқынға алынып, РСФСР ҚК-нің 58 бабының 10, 11 тармақтарымен айыпталған.

БИСЕМБИН Мыңжасар Қызылорда ауданының № 15 ауылында 1875 жылы туған, сауатсыз, малшы,

Калинин атындағы ауылшаруашылық артелінің мүшесі, 1930 жылы 26 қазанда тұтқынға алынып, РСФСР ҚК-нің 58 бабының 10 тармағымен айыпталған.

ОРАЗАҚОВ Ертай Қызылорда қаласында 1902 жылы туған, сауатты, кеңес қызметкері, Қызылорда қаласы, Атбасар көшесі № 17 үйде тұрған, 1930 жылы 26 қазанда тұтқынға алынып, РСФСР ҚК-нің 58 бабының 14 тармағымен және 109 бабының (примечание 1, 113) айыпталған.

Бұлар ауыл тұрғындарының арасында кеңес өкіметіне қарсы пікір айтып, кедей-шаруаларды үгіттеп жиналысты бұзған, соның салдарынан астық дайындау жоспары қабылданбай қалған, оларды айыптаған № 4 қылмыстық іс Шымкент ОГПУ-ның жедел секторы арқылы сот органысыз қарау үшін Қазақстандағы ОГПУ өкілетті өкілдігі жанындағы үштіктің қарауына жіберілген.

Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау бөлімінің аға прокуроры Г. Н. Байназаровтың осы қылмысты іс жөніндегі қорытындысы бойынша бақылауда тұрған істі тексеріп қарағанда төмендегілер анықталған: іс материалдарында бұлардың Қазақстан Республикасының «Саяси қуғын-сүргіндер құрбандарын ақтау туралы» заңының 6 бабында және ақтауға жатпайтын бапта көрсетілген қылмыс түрлері жайлы ешқандай мәлімет және анықтамалар жоқ. Мұнымен қатар олар РСФСР ҚК-нің 58 бабының 10, 11, 14 тармақтарымен қылмысқа тартылған, яғни осы қылмыстары үшін жоғарыда көрсетілген Заңның 4, 5 баптарына сөйкес олар ақталуға жатады. Есжановқа РСФСР ҚК-нің 72 бабымен тағылған айып және Оразақовқа 109 баптың 1 примечаниясы, 113 анықталмаған делінген.

Сөйтіп, бұларға тағылған айып Заңсыз деп танылған. Бұлар Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 14 сәуірдегі Заңының негізінде 1997 жылғы 9 маусымда толық ақталған.

ЕСЖАНОВ Сқақ Қызылорда ауданының № 15 ауылында 1875 жылы туған, сауатсыз, Калинин атындағы ауылшаруашылық артелінің мүшесі, малшы, 1930 жылы 19 қазанда тұтқынға алынып, РСФСР ҚК-нің 58 бабының 10 тармағымен және 72 бабымен айыпталған.

БЕКІШЕВ Сүлеймен Қызылорда ауданының № 15 ауылында 1900 жылы туған, шала сауатты, Калинин ауылшаруашылық артелінің мүшесі, егінші, 1930 жылғы 19 қазанда тұтқынға алынып, РСФСР ҚК-нің 58 бабының 10 тармағымен айыпталған.

ЖҮСІПОВ Төлеп № 4 Киров ауылдық кеңесінде 1905 жылы туған, шала сауатты, колхозшы, партиядан жоқ, бұрын сотталмаған, үйленген, әйелі — Забира, балалары — Науқанбай, Төлеп.

Жүсіпов Төлеп 1942 жылғы 26 шілдеде Сырдария АӘК арқылы өскер қатарына алынған, сол жылғы 24 қыркүйекте қатардағы жауыңгер ретінде соғысқа қатысып, немістердің тұтқынына түскен, онда 1943 жылдың 18 қаңтарына дейін болған. Ол немістердің № 1 поселкесіндегі лагерінде тұтқында жүріп, Отанды сатып неміс армиясына өз еркімен кірген және шаруашылық жұмыстарын белсенді түрде атқарған, Қызыл армияға қарсы соғысқан неміс солдаттының

орнын ауыстырған. 1943 жылғы 9 наурыздағы тергеуде ол өзінің қылмысын мойындаған. Осы қылмысы үшін Жүсіпов Төлеп Ленинград облысы НКВД Басқармасы ЭКО-ның 6-бөлімшесінің тергеушісі кіші лейтенант Танышевтің, осыб бөлімше бастығының орынбасары майор Виксвоның 1943 жылғы 10 наурыздағы қаулысымен тұтқынға алынған. Бұл қаулымен Ленинград облысы НКВД Басқармасы КРО-ның бастығы подполковник Якушев келіскен. Бұл қаулыны Ленинград облысы НКВД Басқармасы бастығының орынбасары қауіпсіздік комитетінің полковнигі Занин 11 наурызда бекіткен. Ленинград облысы НКВД-ның Әскери прокуроры 1943 жылғы 12 наурызда Жатпovsky қамауға рұқсат еткен. САТЛАГАНОВ (САТЛАГАНОВ) Ибраим Шымкент облысы, Ленгер ауданы, Қарасирақ ауылында 1922 жылы туған, тегі кедей-шаруа, шала сауатты, партида жоқ, бұрын сотталмаған.

Салтаганов Ибрагим 1942 жылдың 6 шілдесінде Ленгер АӘК арқылы әскер қатарына алынған, сол жылғы 3 қыркүйекте қатардағы жауынгер ретінде 1 АД, 2 АП, 1 рота, 2 взвод құрамында Отан соғысына қатысып немістердің тұтқынына түскен, онда 1943 жылдың 18 қаңтарына дейін болған. Ол немістердің № 1 поселкесіндегі лагерінде тұтқында жүріп, өз еркімен Герман армиясының қатарына кіріп қызмет еткен және Қызыл Армияға қарсы соғыста оларға практикалық көмек көрсеткен.

Осы қылмысы үшін ол Ленинград облысы НКВД Басқармасы ЭКО-сының 6 бөлімшесінің тергеушісі кіші лейтенант Танышев, сол бөлімше бастығының орынбасары, майор Виксво қол қойған қаулымен (19 наурыз 1943 ж.) қамауға алынған. Бұл қаулымен УНКВД КРО-ның бастығы қауіпсіздік комитетінің полковнигі Якушев келіскен. Оны Ленинград облысы НКВД Басқармасы бастығының орынбасары қауіпсіздік комитетінің полковнигі Занин 19 наурызда бекіткен.

Ленинград майданының Әскери Трибуналы 1943 жылғы 27 наурызда жабық сот мәжілісінде Жүсіпов Төлеп пен Сатлаганов Ибрагимнің қылмысты істерін қарап, РСФСР ҚК-ның 58—1 «б» және 51 бабымен айыпты деп тауып екеуін де 10 жылға, 3 жылға саяси құқын жоюға, өздеріне тиісті мүдіктерін төркілеуге соттаған. Үкім шағымдануға жатпаған. Қазақстан Республикасы прокуратурасы Бас Әскери прокуратурасының қорытындысымен Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 14 сәуірдегі Заңының негізінде Жүсіпов Төлеп, Сатлаганов Ибрагим 1999 жылғы 21 шілдеде толық ақталған.

КӨРІБАЕВ Әлжан № 16 ауылында туған, жасы 60-та, сауатсыз, партида жоқ, бұрын сотталмаған, малшы. **ЖАҚАСОВ** Ысқақ № 16 ауылында туған, 33 жаста, үйленген, сауатсыз, партида жоқ, бұрын сотталмаған.

СӨРСЕНОВ Қали № 16 ауылында туған, шала сауатты, партида жоқ.

Бұлар — ірі байлар өзара бірігіп, Кеңес өкіметі мен партия жүргізіп жатқан саясатқа қарсы аянбай үгіт-насихат жұмыстарымен айналысқан.

Осы қылмыстары үшін 11 мамыр 1931 жылы үшеуі де тұтқынға алынып, РСФСР қылмыс кодексінің 58—10 бабымен айыпталған.

Қай кезде, қандай соттың қарағаны, қандай жаза қолданғаны туралы құжаттардың жоқ болуына байланысты белгісіз.

Көрібаев, Жақасов, Сөрсеновтер жайлы бақылау ісі (наблюд. пр-во) бойынша олардың қылмысы дәлелденбейді, куәлардың жалған құрастырылған жауаптарымен, сол кездегі озбырлық заманда саяси негізде заңсыз сотталған.

Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 14 сәуірдегі «Жапай саяси қуғын-сүргіндер құрбандарын ақтау туралы» Заңының негізінде Көрібаев, Жақасов, Сөрсенов ақталған.

ОРЫСБАЕВ Садуақас Қызылорда ауданының № 6 ауылында туған, жасы 50-де, шала сауатты, партида жоқ.

ҚОЙБАҚОВ Әкімбек осы ауылда туған, жасы 52-да, шала сауатты, БК(6)П мүшесі.

ҚАЛМАҒАНБЕТОВ Асқар осы ауылда туған, жасы 30-да, шала сауатты, БК(6)П мүшесі.

КІШКЕНБАЕВ Бисенбай осы ауылда туған, жасы 24-те, қазақ, сауатты, БК(6)П мүшесі, ауылдық кеңесінің хатшысы.

СЕКСЕНБАЕВ Қалмақ осы ауылда туған, жасы 19-да, қазақ, сауатты, ВЛКСМ мүшесі.

ДҮСАЕВ Асатый осы ауылда туған, жасы 29-да, қазақ, сауатсыз, партида жоқ.

СМАҒҰЛОВ Мырзабек осы ауылда туған, жасы 33-те, қазақ, шала сауатты, партида жоқ.

ҚАРАБАСОВ Қаратай осы ауылда туған, жасы 30-да, қазақ, сауатсыз.

Аты аталған ірі байлар өзара рушылдық топтарға бөлініп, 1932 жылдары Коммунистік партияның отірік сеніміне кіріп, Кеңес өкіметіне қарсы үгіт-насихат жұмыстарын жүргізген, ауылдың бастылық жұмыстарын өз қолдарына алып, өз ауылының байларын қорғап, өкіметке салық төлеуден жалтарған.

Осы қылмыстары үшін бәрі де 24 сәуір 1932 жылы тұтқынға алынып, 1932 жылғы 9 мамырда қылмыстық іс соттың қарауына жіберіліп, РСФСР Қылмыс кодексінің 58—10 бабымен жауапқа тартылған. Бірақ қылмыстық іс жоғалған, іздеу жұмысы нәтиже бермеген, соттың шешімі болмағандықтан олардың қандай жазаға сотталғаны белгісіз.

Бақылау ісіндегі құжаттарға қарағанда олардың Кеңес өкіметіне қарсы іс-әрекеттерінің ешқайсысы да дәлелденбейді.

Жауапталушылар өз кінәлерін мойындамаған, тергеуде олардың берген жауаптары, куәлардың жауаптары және көптеген құжаттар бақылау ісінде жоқ. Сол кездегі зобалаң заманда саяси белгімен бәрі де заңсыз жауапқа тартылған.

Сол себепті 1997 жылы 25 қарашада Қазақстан Республикасының 14 сәуір 1993 жылғы «Жапай саяси қуғын-сүргіндер құрбандарын ақтау туралы» Заңының негізінде бәрі де ақталған.

ҚОЖАМЖАРОВ Қожан Қызылорда ауданының № 12 ауылда 1896 жылы туған, сауатты, БК(6)П мүшесі.

СЕДЕКЕЕВ Емберген осы ауылда 1873 жылы туған, сауатты, БК(6)П мүшелігіне кандидат.

ЕРКЕСАРИЕВ Қайрулла осы ауылда 1896 жылы туған, үйленген, сауатты, БК(6)П мүшесі.

ЕРЖАНОВ Құдайберген осы ауылда 1891 жылы туған, үйленген, сауатты, БК(б)П мүшелігіне кандидат.

ҚАЛИЛАЕВ Сыздық осы ауылда 1895 жылы туған, сауатты, партияда жоқ.

ТІЛЕУОВ Абылай осы ауылда 1893 жылы туған, сауатты, партияда жоқ, Қызыл Ту атындағы колхоздың төрағасы.

ҚЫПШАҚБАЕВ Айтбай 1905 жылы осы ауылда туған, сауатты, бұрын сотталмаған, ауылдық кеңесінің төрағасы.

СЕДЕКЕЕВ Ақберген осы ауылда туған, сауатты, ауылдық тұтынушылар одағының төрағасы.

ӨМІРАШЕВ (Өмірәлиев) Ыспан осы ауылда 1904 жылы туған, үйленген, сауатты, партияда жоқ.

ДОСЖАНОВ Әбіласан осы ауылда 1904 жылы туған, бұрын сотталмаған, колхоз бригадирі.

ЖАҚАСОВ Кенехан осы ауылда 1902 жылы туған, сауатты, үйленген, діни молда.

Коммунистік партияның қатарына еніп, Қожамжаровтың басшылығымен колхоздың малын, дүние мүлкін көп мөлшерде талан-таражға салған. Соны-

мен қатар Кеңес өкіметіне қарсы үгіт-насихат жұмыстарын жүргізген.

Осы қылмыстары үшін бөрі де тұтқынға алынған, қашан тұтқындалғаны белгісіз, қылмыстық іс жоғалған, іздеу жұмысы нәтиже бермеген.

Бақылау ісіне қарағанда РСФСР Қылмыс Кодексінің 58—10 бабымен айыпталған қылмыстық іс соттың қарауына жолданған, қашан, қай сотқа жолданғаны, қандай жазаға сотталғандары белгісіз.

Бақылау ісіне қарағанда олардың Кеңес өкіметіне қарсы іс-әрекеттері, колхоз мүлкін талан-таражға салу фактілері дәлелденбейді.

Айыптау қорытындысының көшірмесінде олар өзінің кінәларын мойындайды. Бақылау ісінде айыпталушылардың, куәлардың жауаптары жоқ. 11 азаматтың бөрі де сол кездегі зобалаң заманда ешқандай дәлелсіз, заңсыз саяси белгіде жауапқа тартылған. 28 қараша 1997 жылы Қазақстан Республикасының 14 сәуір 1993 жылғы «Жаппай саяси қуғын-сүргіндер құрбандарын ақтау туралы» Заңына сәйкес бөрі де ақталған.

ШИЕЛІ АУДАНЫ БОЙЫНША

А

АБРАМОВ Михаил Федотович родился в 1895 году в Куйбышевской области, осужден военным трибуналом Ташкентской ж/д. 9 августа 1943 года на 10 лет, до ареста проживал в Шиелинском районе, работал стрелочником, реабилитирован 11 июня 1990 года.

АЛТЫНБЕКОВ Ербай «Жуантөбе» ауылдық кеңесі, «Қызылдіхан» колхозында 1916 жылы туған, әлеуметтік негізі кедей-шаруа, білімі 4 класс, партияда жоқ, бұрын сотты болмаған, қамалуға алынғанға дейін сол ауданның «Жаңатұрмыс» колхозында тұрған, Қызылорда облыстық орман-тоғай мекемесінің Шиелі ауданындағы № 22 разьездегі участка бастығы болып жұмыс істеген, үйленген, әйелі — Үрләй, Отан соғысының мүгедегі.

Алтынбеков Ербай 1944 жылы Шиелі ауданындағы отын дайындайтын (лесничествосында) мекемесінде қызмет істеп жүріп, кеңес үкіметінің құрылысына қарсылық-жат пікірде жүріп, сол кездегі Отан соғысының уақытын пайдаланып, сол лесничествода қызмет істеп жүрген азаматтардың арасында кеңес құрылысына қарсы контрреволюциялық, провокациялық үгіт жүргізген, жұртшылық арасында фашистік Германияның Кеңес Одағын жеңуін тілеп жеңілістік сөздер таратқан. Атап айтқанда 1944 жылдың мамыр айының ішінде азамат Молдабаевтың үйінде қонақта отырып, сондағы біраз адамдардың көзінше фашист Германиясының күшін мақтап, кеңес үкіметінің күшін осал етіп көрсеткен, тағы басқа да уақыттарда үнемі халық арасында фашистік Германияның құрылысын қуаттап, мақтап, кеңес хабарландыру бюросының хабарын өтірікке таңып келген. Халық арасында оның саяси маңызын кетіруге тырысқан және Қызыл Армияның жауынгерлік күштіруатын кемітіп, құбыжық қылып көрсеткен кеңес радиосы мен газет хабарларына сенбеу жағына үгіттеген. Алтынбеков бұдан да басқа халық арасында ескілікті араб жазуымен контрреволюциялық сипаттағы өлеңдер жазып таратқан, бұл өзінің қолымен жазылғандығын каллиграфиялық экспертизамен анықтаған.

Осы қылмыстары үшін Алтынбеков Ербай Қызылорда облыстық МГБ Басқармасының 1945 жылғы 25 сәуірдегі қаулысымен тұтқынға алынып, РСФСР

ҚК-ның 58 бабының 10 тармағы, 2 бөлімімен қылмыстық іс қозғалған.

Тергеу ісі 1945 жылдың 24 қыркүйегінде аяқталып, айыптау қорытындысы 25 қыркүйекте шығарылған, оны сол күні Қызылорда облыстық НКГБ Басқармасының бастығы, Қызылорда облыстық сотының қылмысты істер қарайтын сот коллегиясының дайындық мәжілісінің 3 қазандағы ұйғаруымен бекіткен. Қызылорда облыстық сотының қылмысты істер қарайтын сот коллегиясының 1945 жылғы 8 қазандағы үкімімен Алтынбеков Ербай — 6 жылға бас бостандық еркінен айыруға, жазасын өтегеннен кейін 3 жылға сайлану-сайлану құқын жоюға, өзіне тиісті мал-мүлкін тәркілеуге сотталған.

Қазақ ССР Жоғарғы Сотының қылмысты істер қарайтын сот коллегиясының 1945 жылғы 17 қарашадағы ұйғаруымен Қызылорда облыстық сотының 45 жылғы 8 қазандағы үкімін бұзып, істі алдын-ала тергеуден бастап қайта қарау үшін сол соттың өзіне жіберілген.

Қызылорда облыстық НКГБ Басқармасы бастығының облыстық прокурордың келісімімен НКГБ-не жолдаған ұсынысы бойынша (уақығы көрсетілмеген), Қазақ ССР Жоғарғы сотының 1945 жылғы 17 қарашадағы ұйғаруына Наразылық шығару туралы СССР прокурорына ұсыныс қою, СССР Жоғарғы Сотының Қазақ ССР Жоғарғы сотының ұйғаруын бұздыруы және Алтынбековтың ісі жөнінде облыстың шығарған үкімін күшінде қалдыруды сұраған.

Қазақ ССР НКГБ Наркомы орынбасарының және Қазақ ССР прокурорының орынбасарының 1946 жылғы 26 наурыздағы № 4 (67, 6) 1—1095 санды қатынасы бойынша Қазақ ССР Жоғарғы Сотының ұйғаруына наразылық білдіруге негіз жоқ қосымша тексеру жүргізіп, істі облыстық сотқа қайта қарауға жіберу керек деп ұсынған.

Алтынбековтың қылмыстық ісі Қазақ ССР прокуратурасы мен Қазақ ССР МГБ-нан Қызылорда облыстық МГБ Басқармасына 1946 жылдың 1 сәуірінде қайтып келген. 1946 жылдың 6 сәуірінде Алтынбековтың ісі Шиелі аудандық МГБ бөліміне қайта тергеуге жіберілген. Қайта тергеу ісі 1946 жылғы 20 маусымда аяқталған, айыптау қорытындысы 26 маусымда шығарылған, оны сол күні Қызылорда облыстық МГБ Басқармасының бастығы, Қызылорда облыстық сотының қылмысты істер қарайтын сот коллегиясының 1946 жылғы 11 шілдедегі ұйғаруымен бекіткен.

Қызылорда облыстық сотының қылмысты істер қарайтын сот коллегиясының көшпелі сессиясының

1946 жылғы 16 шілдедегі үкімімен айыпкер Алтынбеков Ербайдың жастығын және Отан соғысының жеңіспен біткендігін еске алып, жазаның ең ауырын, болмаса өте ұзақ мерзімге жіберуді сот құрамы қажет деп таппай оны 6 жылға бас бостандық еркінен айыруға, жазасын өтегеннен кейін 3 жылға сайлау-сайлану құқын жоюға, мал-мүлкін тәркілеуге соттаған. Қазақ ССР Жоғарғы сотының қылмысты істер қарайтын сот коллегиясының 1946 жылғы 9 қыркүйектегі ұйғаруымен Қызылорда облыстық сотының 1946 жылғы 16 шілдедегі үкімін күшінде қалдырып, Алтынбековтың шағымын аяқсыз тастаған. Қазақ ССР прокуроры орынбасарының бақылау ретінде Алтынбековтың ісі жөнінде Қазақ ССР Жоғарғы сотының Президиумына 1950 жылғы 29 тамызда жолдаған наразылығы бойынша Қызылорда облыстық сотының 1946 жылғы шілде айының 16 күнгі Е. Алтынбеков жөніндегі шығарған үкімін және Қазақ ССР Жоғарғы сотының қылмысты істер қарайтын сот коллегиясының 1946 жылғы қыркүйек айының 9 күнгі ұйғаруын бұзып, оның әрекетінде қылмыстың сипаты болмағандықтан қылмыстық істі өндірістен қысқартуды сұраған.

АН Николай Федорович родился в 1898 году в Поыеском районе ДВК, осужден тройкой УНКВД по Южно-Казахстанской области в феврале 1938 года к высшей мере наказания — расстрелу, до ареста проживал на станции Чинили, работал бондарем, реабилитирован 7 сентября 1989 года.

АН ГЫК-СЕН родился в 1903 году в с. Петровка, Шкотовского района, Приморской области, ДВК, кореец, гр-н СССР, в 1937 году окончил коммунистическую сельскохозийственную школу в Хабаровске, член ВКП(б), исключен из партии по данному делу, до ареста проживал в пос Шиели по ул. Орджоникидзе № 3 работал в промартели «14 лет Октября», председателем правления артели.

Он обвиняется в том, что в феврале, марте меспах 1941 года среди рабочих артели распространял явно контрреволюционные клеветнические измышления, направленные на подрыв авторитета ЦК и руководителей Коммунистической партии и Советского Правительства. Выше указанные действия Ан Гык-Сена были явно направлены на создание недоверия среди окружающих в военное время, за что он постановлением Шиелинского Ро НКГБ от 11 июля 1941 года арестован и привлечен к уголовной ответственности по ст. 58—10 ч. 2 УК РСФСР. Приговором Кызылординского облсуда от 23 августа 1941 года Ан Гык Сен осужден на 6 лет лишения свободы с поражением избирательных прав сроком на 2 года.

Определением судебной коллегии Верхсуда Казахской ССР от 29 октября 1941 года приговор облсуда от 23 августа 1941 года оставлен в силе.



Постановлением Президиума Верховного суда Казахской ССР от 27 апреля 1961 года приговор Кызылординского облсуда от 23 августа 1941 года и Определение Верховного Суда Казахской ССР от 29 октября 1941 года в отношении Ан-Гык-Сен отменены и дело производством прекращено за отсутствием в его действиях состава преступления.

АТАҒАЕВА Әзиза № 1 ауылында 1898 жылы (1900) туған, сауатты, 1927 жылдан БК(б)П мүшесі, осы іске байланысты партия қатарынан шығарылған, қызметкер, бұрын Қызылорда аудандық партия комитетінің үшінші хатшысы, қамауға алынғанға дейін Сырдария аудандық атқару комитетінің төрайымы (председателі) болып қызмет атқарған, Қызылорда қаласында тұрған, үйленген, бұрын сотты болмаған.

Атағаева Әзиза Кеңес өкіметіне қарсы контрреволюциялық, ұлтшылдық ұйымға қатысқан, кеңес үкіметінің саяси-шаруашылық шараларына қарсы жұмыстар жүргізген. Ол 1936 жылы «Дет малютки» үйінің директоры болып жұмыс істеп жүргенде контрреволюциялық зиянкестікпен қасақана жұмысты ақсапқан, соның салдарынан көп балалар өлген. Атағаева Азиза бұл ұйымға 1937 жылдың желтоқсан айында Қызылорда аудандық партия комитетінің бұрынғы екінші хатшысы Гуменный арқылы тартылған.

1938 жылы Сырдария аудандық атқару комитетінің төрайымы болып тұрғанда № 15 ауылдық кеңесінің төрағасы Шапқынбаевқа «Комсомол» колхозында арықты биік жерден қазуға зиянкестік тапсырма берген, соның салдарынан ол арықтан су ақпаған, колхоз сусыз қалған.


Осы қылмысы үшін Атағаева Әзиза Қызылорда облыстық НКВД Басқармасы УГБ-ның 4 бөлімшесінің 1938 жылғы 8 маусымдағы қаулысымен ттқынға алынып, РСФСР ҚК-нің 58 бабының 7, 11 тармақтарымен қылмыстық іс қозғалған.

Тергеу ісі аяқталып, айыптау қорытындысы 1938 жылдың 9 шілдесінде шығарылған, оны облыстық прокурордың 2 тамыздағы қорытындысымен бекіткен.

Қызылорда облыстық сотының арнаулы коллегиясының 1938 жылғы 16 тамыздағы үкімімен Атығаева Әзизаны ҚК-ның 58—7, 11 бабымен айыпты деп тауып, үкіметтің 1937 жылғы 2 қазандағы қаулысына лайық 15 жылға бас бостандық еркінен айыруға, 5 жылға сайлау-сайлану құқын жоюға, өзіне тиісті мүліктерін тәркілеуге сотталған.

Қазақ ССР прокурорының 1 дәрежелі Мемлекеттік Заң Кеңесшісінің бақылау ретінде Ә. Атағаеваның ісі жөнінде Қазақ ССР жоғарғы Сотының қылмысты істер қарайтын сот коллегиясына 1990 жылғы 20 маусымда жолдаған наразылығы бойынша Атағаева Әзиза жөніндегі Қызылорда облыстық сотының 16 тамыз 1938 жылғы үкімін бұзып, бұл істі оның әрекетінде қылмыстың құрамы болмағандықтан қысқартуды сұраған. Ол толық ақталған.

АСУҚАРАЕВ-Өтегенов Махамбет Керделі ауылдық кеңесінде 1891 жылы туған, өлеуметтік негізі — шаруа, сауатсыз, партияда жоқ, еш жерде жұмыс істемеген, бұрын сотты болған, қамауға алынғанға дейін, осы ауданның «Гигант» колхозында тұрған,



үйленген, әйелі — Мәме-
това Қантай, қызы — Ма-
хамбетова Әсем. (Махам-
беттің әкесі Асуқара, Асу-
қараның әкесі Әтеген.)

Асуқараев-Әтеген Махам-
бет Қазақстандағы ОГПУ
өкілетті өкілдігі жанындағы
үштіктің қаулысымен
1930 жылғы 31 мамырдағы
РСФСР ҚК-ның 58 бабы-
ның 10, 11 тармақтарымен
5 жылға бас бостандық
еркінен айыруға концла-
герге сотталған. Жазасын
өтеу үшін оны Карлағқа

айдап жіберген. Карлағтан ол 1931 жылғы қашып
кеткен, бүкілодақтық іздеу жарияланған. Асуқа-
раев Махамбет өзінің қылмыстық әрекеттерін жа-
сыру мақсатында өзінің фамилиясын Әтегеновке
ауыстырып, өкімет органдарынан жасырынып жүр-
ген.

Асуқараев Махамбет Шиелі аудандық МВД бөлімі
арқылы ұсталып, 1949 жылғы 23 қыркүйектегі
қаулысымен тұтқынға алынып, РСФСР ҚК-ның 58
бабының 14 тармағымен қылмыстық іс қозғалған.
Шиелі аудандық МВД бөлімінің 1949 жылғы 23
қыркүйектегі қаулысымен Асуқараев — Әтеген
Махамбетті Қызылорда облыстық МВД Басқарма-
сының ОББ-на одан әрі тергеу жүргізу үшін этап-
пен айдап жіберген. Облыстық МВД Басқармасы-
ның ОББ-ның аға тергеушісі 28 қыркүйектен бастап
тергеу жүргізген.

Тергеу ісі 29 қазанда аяқталып, айыптау қорытын-
дысы 31 қазанда шығарылған. Істі облпрокурорға
сотқа беру үшін жіберген.

Қызылорда облыстық сотының қылмысты істер
қарайтын сот коллегиясының 1949 жылғы 9 қара-
шадағы үйғаруымен айыптау қорытындысы
бекітілген.

Қызылорда облыстық сотының қылмысты істер
қарайтын сот коллегиясының 1949 жылғы 12 қара-
шадағы үкімімен айыпкер Асуқараев — Әтеген
Махамбет 10 жылға бас бостандық еркінен айыруға,
жазасын өтегеннен кейін 5 жылға сайлау-сайлану
күқын жоюға, тәркілеусіз — сотталған.

Қазақ ССР Жоғарғы Сотының қылмысты істер
қарайтын сот коллегиясының 1949 жылғы 30 қара-
шадағы үйғаруымен Қызылорда облыстық сотының
12 қараша 1949 жылғы үкімін күшінен қалдырып,
сотталушының шағым арызын нәтижесіз тастаған.
Қазақ ССР прокурорының бірінші орынбасарының
бақылау ретінде Асуқараев — Әтеген
Махамбеттің ісі жөнінде Қазақ ССР Жоғарғы Со-
тының Президиумына 1990 жылғы 30 қаңтарда
жолдаған наразылығы бойынша Қызылорда об-
лыстық сотының 12 қараша 1949 жылғы үкімін
және Қазақ ССР Жоғарғы Сотының қылмысты
істер қарайтын сот коллегиясының 30 қараша 1949
жылғы Асуқараев — Әтеген Махамбет жайлы
үйғаруын бұзуды, істі оның әрекетінде қылмыс
құрамы болмағандықтан өндірістен қысқартуды
сұраған. Ол толық ақталған.

ӘУЕЛБЕКОВ Қазарбек «Ақмая» ауылында 1908
жылы туған, үйленген, шала сауатты, партияда жоқ,
бұрын сотталмаған, 1942 жылғы әскер қатарына алы-
нып, ОСБ құрамында соғысқа қатысқан.

Әуелбеков 1942 жылғы 3 тамызда әскери міндеттен
жалтару мақсатында өзінің қолын атып, жарақаттан-
ған.

Осы қылмысы үшін Әуелбеков тұтқынға алынып,
1942 жылғы 4 тамызда НКВД-нің в/с 4090 еркше
бөлімінің қаулысымен ең жоғары жаза — ату жаза-
сын колданып, сапта тұрған жауынгерлердің алдын-
да атылған.

Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 14 сәуірдегі
«Жаппай саяси қуғын-сүргіндер құрбандарын ақтау
туралы» Заңының 5 бабы «Г» тармағына сәйкес сот
органдарынан тысқары шешіммен атылғанына бай-
ланысты Әуелбеков 1998 жылғы 27 маусымда ақтал-
ған.

БАЙРАХТАРОВ Азим родился в 1886 году в с. Зано-
ва, Грузинской ССР, приговором Кызылординского
областного суда от 21 июня 1949 года осужден на 10
лет, до ареста проживал в Шиелинском районе, ре-
абилитирован 22 января 1996 года.

БЕКТАСОВ Шағдар Тартоғай селосының «Кіркөл»
деген жерінде 1916 жылы туған, негізі кедей-шаруа,
білімі арнаулы орта, екі жылдық мұғалімдік кур-
сын бітірген, БЛКЖО мүшесі, «Кіркөл» мектебінде
мұғалім болып жұмыс істеген, бұрын сотталмаған,
үйленбеген, кейін Шиелі ауданының «Кіркөл» ауыл-
дық кеңесі «Қызыл Ту» колхозында тұрған.

Бектасов Шағдар Шиелі АӘК арқылы әскер қата-
рына 1939 жылдың қараша айында алынып, полк-
вой мектебін бітіріп, аға сержант шенін алып,
бөлімше командирі болған. Фашистік Германияның
СССР-ға кенеттен соғыс ашқан кезінде Бектасов
аурулығына байланысты Латвияның Либаве қала-
сындағы әскери госпиталда емделіп жатқан. Соғыс
басталып кеткеннен кейін госпиталды көшіруге
мүмкіншілік болмай қалғандықтан 1941 жылдың 2
шілдесінде Бектасов немістердің тұтқынына түскен.
Тильзит қаласындағы немістердің әскери тұтқындар
лагерінде жүріп Бектасов 1941 жылдың тамыз айында
ұлтшыл Мустафа Шоқаевтың Кеңес Одағының
бұл соғыста сөзсіз жеңілетіні туралы фашистік си-
паттағы пікірінмен келісіп, сатқындық тобына жазыл-
ған, ол 1942 жылдың наурыз айында неміс командо-
ваниясы арқылы құрылған «Түркістан ұлттық леги-
онының» құрамына қосылған. Бектасов өзінің
фашистік Германияға берілгендігін көрсетіп, легион
құрамындағы 3 взводтың командирі қызметін алған
және өзінің взводындағы легионерлерді кеңес хал-

қына қарсы соғыс әрекеттеріне оқытып үйреткен. Содан кейін 1942 жылдың шілде айында фашистік Германияға адал қызмет етемін, неміс армиясымен бірге Германияның қоластында егеменді Түркістан өкіметін құру мақсатында Советтік Орта Азияны жаулап алуға ант берген. Бектасов өзінің взводоммен 1942 жылдың тамыз айында легионның 3 батальонының құрамында Кавказдағы Кеңес — Герман майданына жіберілген, 1942 жылдың тамыз — қараша айларында қорғаныс шебінің екінші қатарында тұрып әскери-стратегиялық маңызы бар тас жолды күзеткен, 1942 жылдың 6 желтоқсанынан 23 желтоқсанына дейін өзінің взводоммен қорғаныстың алдыңғы шебіне келтірілген. Сол жылғы 23 желтоқсанда легионерлердің жашпай Қызыл Армия жағына өтіп жағқан кезінде Бектасов та өткен.

Осы қылмысы үшін Бектасов Шағдар НКО-ның № 240 арнайы лагерінің «Смерш» ОКР-ның аға тергеушісінің 1943 жылғы 18 тамыздағы қаулысымен тұтқынға алынып, РСФСР ҚК-ның 58 бабының 1«б» тармағымен қылмыстық іс қозғалған.

Тергеу ісі 1943 жылдың 7 қазанында аяқталып, айыптау қорытындысы сол күні шығарылған.

СССР НКВД-ның жанындағы Ерекше Мәжілісінің 1944 жылғы 8 қаңтардағы қаулысымен Бектасов Шағдар Отанды сатқаны үшін 5 жылға еңбек түзету лагеріне сотталған.

Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының бөлім бастығының 1996 жылғы 15 сәуірдегі қорытындысымен Бектасов Шағдар — Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 14 сәуірдегі Заңының негізінде толық ақталған.

БИЛ Адольф Фридрихович родился в 1900 году в Холмской провинции, Германия, осужден Особым Советом при НКВД 2 декабря 1942 года к высшей мере наказания, до ареста проживал в пос. Шиели, работал плотником промкомбината, реабилитирован 8 августа 1989 года.

БОНДАРЧУК Иван Леонтьевич родился в 18 году в селе Богатырка, Киевской губернии, осужден особым советом НКВД 29 декабря 1937 года на 10 лет, до ареста проживал на ст. Шиели, работал нефтесливщиком, реабилитирован 7 августа 1989 года.

В

ВОЙТЕНКО Григорий Тимофеевич родился в 1906 году в г. Харькове украинец, образование начальное, кандидат в члены ВКП(б), не судим, до ареста проживал в поселке Шиели, работал пастухом, семейный, жена — Анастасия Акимова, дочери — Лида, Вера, проживают в г. Харькове.

Войтенко Григорий Тимофеевич признан виновным в проведении в пос. Шиели среди своего окружения антисоветскую агитацию, восхвалении жизни во время оккупации немцами, клеветал на Красную Армию и т.п., за что он арестован 23 июля 1943 года, осужден по ст. 58—10 ч. 2 УК РСФСР к 10 годам лишения свободы.

Определением Верховного Суда СССР от 17 декабря 1946 года приговор в отношении Войтенко отменен и дело в отношении его производством прекращено за недостаточностью доказательств и он освобожден из-под стражи.

По заключению прокурора отдела Генеральной прокуратуры Республики Казахстан от 10 июня 1998 года Войтенко был осужден необоснованно на основании его высказываний, и эти его высказывания не являются антисоветской агитацией, так как в них нет призывов к свержению, подрыву или ослаблению советской власти, или совершению отдельного преступления. И он в соответствии с законом Республики Казахстан от 14 апреля 1993 года реабилитирован.

Г

ГЕНИХ Эдмунд Вильгельмович родился в 1921 году в с. Маковец, город Новоград-Вольнский, Киевской области, по национальности немец, гр-н СССР, беспартийный, образование начальное, до ареста проживал в пос. Шиели, работал электромонтером колхоза «1 мая» Шиелинского района. Служил в Красной Армии с 8 апреля 1941 года по 8 мая 1942 года в 458 стр. полку в г. Таллине. Он обвиняется в том, что, будучи антисоветски настроенным, систематически среди колхозного населения проводил контрреволюционно-пораженческую агитацию против Советской власти и восхвалял фашистскую Германию, распространял среди населения провокационные слухи; «Немцы придут в Казахстан и задушат всех евреев», в отношении эвакуированного населения высказывал, что теперь эвакуированное население никогда не возвратится из Казахстана, за что постановлением Шиелинского РО НКВД от 1 октября 1942 года Гених Э. В. арестован и привлечен к уголовной ответственности по ст. 58—10 УК РСФСР.

Постановлением следственного отделения УКГБ по Кызылординской области от 18 марта 1957 года архивно-следственное дело по обвинению Гених Э. В. по мотивам недостаточности улики для предания обвиняемого суду производством прекращено.

По заключению прокурора Кызылординской области от 30.05.97 года Гених Эдмунд Вильгельмович на оснований Закона Республики Казахстан от 14.04.93 года реабилитирован.

Д

ДАРҚАНБЕКОВ Мейір «Қызыл ту» колхозында 1921 жылы туған, ТуркВО-ның әскери Трибуналының үкімімен 1951 жылғы 20 мамырда 25 жылға сотталған, қамауға алынғанға дейін Қызылорда облысының «Ақсай» руднигінде жұмыс істеген, 1996 жылғы 15 сәуірде ақталған.

ДАУЫЛБАЕВ Қамар — Мойнақ ауданының № 6 ауылында 1898 жылы туған, су транспортының Әскери Трибуналы арқылы 1943 жылғы 2 тамызда 8 жылға сотталған, қамауға алынғанға дейін осы ауылда тұрған, су транспортында жұмыс істеген, 1990 жылғы 28 сәуірде ақталған.

ДЖОЛ Александр Степанович родился в 1886 году в Черниговской области, осужден Особым Совещанием при НКВД 11 октября 1939 года на 5 лет, до ареста проживал в Шиелинском районе, работал плотником, реабилитирован 25 сентября 1989 года.

ДМИТРИЕВ Александр Дмитриевич родился в 1913 году в с. Курзынь, Нижнеудинского уезда, Иркутской губернии, русский, малограмотный, беспартийный, подданство СССР принял в 1934 году, в 1935 году прибыл с КВЖД ст. Чезэлантунь, до 1935 года проживал за границей в г. Харбине, до ареста проживал на ст. Шиели, работал монтером электростанции ст. Шиели. Он обвиняется в том, что в 1935 году во время эвакуации быв. работников КВЖД, перед отъездом в СССР был завербован агентом японской разведки Теркуловым Абдулахатом для шпионской работы на территории СССР. Он получил конкретные шпионские задания: собирать шпионские материалы об экономике Советского Союза, о материально-бытовых условиях рабочих, служащих и колхозников, о работе ж/д транспорта и политическом настроении населения и его отношении к мероприятиям партии и Советского Правительства. Дмитриев вел активную шпионскую работу, направляя за границу шпионские материалы для японских разведорганов через агента Теркулова, за что он постановлением Жанакорганского РО НКВД от 21 февраля 1938 года арестован и привлечен к уголовной ответственности по ст. 58—6 УК РСФСР.

Постановлением след. части УНКВД по Кызылординской области от 19 апреля 1939 года уголовное преследование против Дмитриева А. Д. прекращено за отсутствием достаточных данных для передачи дела в суд, освобожден из-под стражи.

По заключением прокурора Кызылординской области от 25.04.97 г. Дмитриев Александр Дмитриевич на основании Указа Президиума Верховного Совета СССР от 16.01.1989 года реабилитирован.

Е

ЕЛУБАЕВ Жорабек № 14 ауылы, «Ащы Құдық» колхозында 1914 жылы туған, негізі кедей-шаруа, білімі бастауыш, партияда жок, жұмыс істемеген, бұрын сотталмаған, үйленбеген. Елубаев Жорабек 1938 жылғы 15 тамыз күні түнгі сағат 11-де Шиелі базарындағы «Ортақшыл» колхозының атындағы шайханасында мас болып келіп, бірнеше адамдардың көзінше партия көсемдерін жаман сөздермен сөккен және шайханада отырған адамдарды да сөгіп бұзықтық жасаған. Тамыз айының ішінде Мұра-

товты Шиелі стансасының буфетінде тамақ ішіп отырғанда арақ әпер деп соңынан қалмай артынан қуып, темір жол клубының алдына барған жерінен қуып жетіп жауырынан ұстап қолымен екі-үш мәрте ұрған.

Елубаев Жорабек 1938 жылдың 14 шілдесінде Өзбекстанның Шыназ ауданынан Шиеліге келген, бірнеше ай жұмыссыз жүріп, Елубаев өзінің Шыназ ауданында бұзақылық істеп келгенін жасыру үшін аудандық комсомол комитетінің хатшысына 6 тамыз күні хат жазып өтініш жасап, Сіз мені ылаждап қалайда болса ештеңе комсомол билетін және басқа документ жазып берсеңіз, болмаса бір жерге қызметке орналастырмасаңыз тұрмысым нашарлап кетті. Мен Шыназдан басым а іс түсіп ол жақтан қашып келген едім. Паспорт, комсомол және басқа документтерім сол жердегі милицияда қалған» — деп бірнеше күн комсомол комитетінің алдынан кетпеген. 24 тамыз күні Елубаев мас болып аудандық комсомол комитетінің алдында милиция қызметкерін жаман сөздермен сөккен және әйел балаларды боқтаған. Бұл жөнінде милиция қызметкері төртіпке шақырғанына бағынбай қарсылық көрсеткен, ақырында милиция кеңесіне алып келе жатқанда милиция қызметкерлерін боқтай берген. Сонымен тұрмай түрмеде жатып, қамаудағы жатқан адамдарды да қашамыз деп үгіттеген. Ақырында желтоқсан айының 6 күні абақтының төбесін тесіп қашып «Бөйгеқұмға» барып, «Ащықұдық» шайханасында тамақ ішіп, тамағының ақшасын төлемей қашып бара жатқан жерінен шайханашының әйелі артынан қуып барып ақшасын алып қалған. Сөйтіп жүрген жерінен аудан милициялары барып ұстап алып түрмеге әкелген.

Осы қылмыстары үшін Елубаев Жорабекке РСФСР ҚК-ның 58 бабының 10 тармағымен және 32 бабымен айып тағылып, ісі облыстық соттың қарауына берілген.


Қызылорда облыстық сотының көшпелі сессиясының 1939 жылғы 15 ақпандағы үкімімен айыпкер Елубаев Жорабек 10 жылға бас бостандық еркінен айыруға, жазасын өтегеннен кейін 5 жылға сайлау-сайлану құқын жоюға сотталған.

Қазақ ССР Жоғарғы Сотының қылмысты істер қарайтын сот коллегиясының 1939 жылғы 9 наурыздағы ұйғаруымен Қызылорда облыстық сотының үкімі күшінде қалдырылған.

Қазақ ССР прокурор орынбасарының 1990 жылғы 2 маусымда Қазақ ССР Жоғарғы Сотының Президиумына жолдаған наразылығы бойынша Қызылорда облыстық сотының 1939 жылғы 15 ақпандағы үкімімен Қазақ ССР Жоғарғы Сотының қылмысты істер қарайтын сот коллегиясының 1939 жылғы 9 наурыздағы Елубаев Жорабек жөнінде шығарған ұйғаруын бұзып, істі қылмыс белгісі болмағандықтан өндірістен қысқартуды сұраған.

Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының бөлім бастығының 1996 жылғы 26 ақпандағы қорытындысымен Елубаев Жорабек Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 14 сәуірдегі Заңының негізінде толық ақталған.

ЕСПАНОВ Әбілда № 16 ауылында «Қызыл Дихан» колхозында 1904 жылы туған, Қызылорда облысының ОББ МВД Басқармасының 1946 жылғы 1 сәуірдегі қаулысымен қамауға алынып, ҚК-ның 58—1 «б» бабымен қылмыстық іс қозғалған, Қызылорда облысының МВД Басқармасының 1946 жылғы 29 мамырдағы қаулысымен одан әрі тергеу тоқтатылып, қамаудан босатылған.



Ж

ЖАМЕТОВ Зейнабаш 1916 г.р., ур. Шиелинского р-на, осужден Кызылординским облсудом 29.12.62 г. по ст. 76—4 ч. П. УК Каз. ССР к 10 годам л/св.

З

ЗЮЛКОВСКИЙ Бронислав Людвигович, родился в 1892 году, в гор. Львове, осужден 31 декабря 1941 г. ст. 58—10—2 на 10 лет, до ареста проживал в пос. Шиели, работал в райбольнице сторожем, реабилитирован 17 февраля 1989 года.

И

ИБРАЕВ Махат 1921 г.р. ур. Байгакумского а/с, 23 июня 1947 г. был арестован и привлечен к уголовной ответственности по ст. 58—1 «б» УК РСФСР, осужден на 10 лет л/св.

К

КАРНАУХ Борис Абрамович родился в 1890 году в Киевской области, осужден Кызылординским облсудом 19 февраля 1952 года на 10 лет, до ареста проживал в пос. Шиели, работал клавишником Узвторга, реабилитирован 25 апреля 1990 года.

КЕМЕЛОВ Мәдібек «Еңбекші» колхозында 1895 жылы туған, сауатты, партияда жоқ, базаркомда ақша

жинаушы болып жұмыс істеген, Шиелі поселкесінде тұрған. Оған тағылған айып: ол өзінің айналасындағыларға Кеңес үкіметіне қарсы бірнеше рет пікірлер айтқан кезде кеңес заңын бұрмалаған және кеңес үкіметінің кінәсінен Кореяға соғыс болады деп теріс жала жапқан, соның салдарынан жақын арада «ақыр заман» болады, өйткені кеңес үкіметінің адамдары әділетсіз болып барады, бірін-бірі алдады, мұсылмангершілікті ұмытқан, дегені үшін Қызылорда облыстық МТБ Басқармасының 1950 жылғы 15 желтоқсандағы қаулысымен тұтқынға алынып, РСФСР ҚК-ның 58 бабының 10 тармағы, 1 бөлімімен қылмыстық іс қозғалған. Қызылорда облыстық соттың қылмыстық істер қарайтын Сот коллегиясының 1951 жылғы 5 наурыздағы үкімімен айыпкер Кемелов Мәлібек 10 жылға бас бостандығы еркінен айыруға, 3 жылға саяси құқын жоюға сотталған. Қазақ ССР Жоғарғы Сотының қылмысты істер қарайтын сот коллегиясының 1951 жылғы 16 сәуірдегі ұйғаруымен Қызылорда облыстық сотының 1951 жылғы 5 наурыздағы Кемелов Мәдібек жөніндегі үкімі күшінде қалдырылған. СССР Жоғарғы Сотының қылмысты істер қарайтын сот коллегиясының 1954 жылғы 9 қазандағы ұйғаруымен Қызылорда облыстық сотының 1951 жылғы 5 наурыздағы үкімі және Қазақ ССР Жоғарғы Сотының 1951 жылғы 16 сәуірдегі ұйғаруы бұзылып, Кемелов Мәдібектің әрекетінде қылмыс белгісі болмағандықтан тұтқыннан босатылған. СССР Бас прокурорының наразылығы қанағаттандырылған.

Қызылорда облыстық прокурордың 12 мамыр 1997 жылғы қорытындысымен Кемелов Мәдібек — СССР Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1989 жылғы 16 қаңтардағы жарлығы негізінде толық ақталған.

КИМ БЕН-ИР родился в 1880 году в дер. Ха-Гак, Корея, осужден тройкой УНКВД по Кызылординской области 2 ноября 1938 года к высшей мере наказания, до ареста проживал в Шиелинском районе, работал бригадиром колхоза «Авангард», член ВКП(б) реабилитирован 22 мая 1989 года.

КИМ Владимир Владимирович родился в 1905 году в дер. Брусси, Адиминской волости, Посьетского района, Приморской области, ДВК, кореец, гр-н СССР, образование начальное, член ВКП(б), до ареста проживал в колхозе «Энергия» Шиелинского района, колхозник.

Он обвиняется в том, что проживая на ДВК в 1934 году в городе Имане, Калининского района, Хабаровской области был завербован в японскую разведку резидентом этой разведки — корейцем Ким Тимофеем (Чанхиб), по заданию которого на территории СССР проводил шпионскую работу в пользу Японии, с 1934 года до 1937 год на территории СССР собирал сведения о планах хлебопоставок, лесо-заготовках, о работе МТС и тракторного парка, о количестве коммунистов из корейцев, политнастроев населения, о ценах на пром. и прод. товары, за что он постановлением 3 отд. Кызылординского областного управления НКВД от 8 мая 1938 года арестован и привлечен к уголовной ответственности по ст. 58—6 УК. РСФСР.

Постановлением особой тройки при УНКВД по Кызылординской области от 5 октября 1938 года

Ким Владимир Владимирович осужден к высшей мере наказания — расстрелу. Приговор приведен к исполнению 9 октября 1938 года.

Определением военного трибунала ТуркВО от 2 марта 1960 Постановлением особой тройки при УНКВД по Кызылординской области от 5 октября 1938 года в отношении Ким Владимира Владимировича отменено и дело на него, на основании ст. 5. п 1 УПК УЗ. СССР, прекращено за отсутствием состава преступления. Он реабилитирован.

КОШЕВЕЦ Сергей Дмитриевич родился в 1888 году в Черниговской области, осужден Особым совещанием НКВД 21 октября 1937 года к высшей мере наказания, — расстрелу, до ареста проживал на станции Шиели, работал весовщиком, реабилитирован 7 августа 1989 года.

КУЗНЕЦОВ Николай Кириллович родился в 1904 году в Масайском районе, Курской области, осужден Особым совещанием при НКВД 7 марта 1942 года на 5 лет, до ареста проживал в Шиелинском районе, работал в колхозе «Социалистик» реабилитирован 30 июня 1989 года.

КУЮМДЖАН Овен Григорьевич родился в 1899 году в Турции. Постановлением Особого совещания МГБ от 20 марта 1951 года осужден на 10 лет, до ареста проживал в Шиелинском районе, работал фельдшером, реабилитирован 25 января 1996 года.


К

ҚОЖАНАЗАРОВ Тұрлыбек № 1 ауылында 1912 жылы туған, сауатты, партияда жоқ, бұрын сотталмаған, тұтқынға алынғанға дейін Түркістан темір жол стансасының поездардың қауіпсіз жүруін сақтау ревизорының көмекшісі болып жұмыс істеген. Тамыз, қыркүйек айларында 1937 жылы Төмен Арық стансасында ұлтшылдық топ құрып, қазақтарды орыс халқына қарсы қойып, Кеңес өкіметіне қарсы үгіт-насихат жұмыстарын жүргізіп, колхоздастыруға қарсы жұмыстар ұйымдастырған.

Осы қылмысы үшін 1937 жылғы 28 мамырда тұтқынға алынып, 1938 жылғы РСФСР ҚК-нің 58—10 бабымен айыпталған Қожаназаровтың қылмыстық ісін Ташкен темір жолының соты қарап, оны 10 жылға бас бостандық еркінен айыруға соттаған.

Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 14 сәуірдегі «Жаппай саяси қуғын-сүргіндер құрбандарын ақтау туралы» Заңына сәйкес Кеңес өкіметіне қарсы ешқандай іс-әрекеті болмағандығын, сол замандағы тергеудің әділ жүргізілмегенін ескеріп, Қожаназаров ақталған.

ҚОЖАХМЕТОВ Серікбай Кіркөл ауылдық кеңесінде 1917 жылы туған, бай-болыс баласы, сауатты, партияда жоқ, БЛКЖО мүшесі, «Қызыл Ту» колхозында тұрған. Совет Армиясы қатарына алынып, 11 Гв. құрамында қатардағы жауынгер ретінде майданға қатысып, 1942 жылдың 25 тамызында ауыр жарақат алып, 1942 жылғы 7 желтоқсаннан сол жылғы 15 желтоқсанға дейін № 3762 КГ-да емделген, әскер қатарына жа-



рамсыз болып, 6 айдан кейін ауылға келіп, Кіркөл ауылдық кеңесінде хатшы болып қызмет істеген. Оған — жұртшылық арасында фашистік насихат таратқан, фашист армиясын мадақтаған, Совет Армиясы фондына астық тапсыру кезінде қолхозшыларды мемлекетке астық тапсырмауға әрекет жасаған — деп айып тағылып, Шиелі аудандық НКВД бөлімінің 1943 жылғы 25 сәуірдегі қаулысымен

тұтқынға алынып, РСФСР ҚК-ның 58 бабының 1-а тармағымен қылмыстық іс қозғалған.

Қызылорда облыстық НКВД Басқармасы тергеу бөлімшесінің 1943 жылғы 15 шілдедегі қаулысымен С. Қожахметовты айыптау ісі қылмыс құрамы болмағандықтан ендірістен қысқартылып, ол қамаудан босатылған. Қызылорда облыстық прокурордың 25 сәуір 1997 жылғы қорытындысымен Қожахметов Серікбай СССР Жоғарғы Кеңесі Президиумының 16 қаңтар 1989 жылғы Жарлығы негізінде толық ақталған.

ҚОҢЫРШАЕВ Жарылқан Жуантөбе ауылдық кеңесі, «Ақтоғай» колхозында 1918 жылы туған, үйленген, шала сауатты, партияда жоқ, бұрын сотталмаған, орта шаруа, Отан соғысына Шиелі аудандық әскери комиссариаты арқылы 1942 жылғы маусым айында шақырылған.

Қоңыршаев Жарылқан 27 гвардиялық атқыштар полкінің құрамында соғысқа қатысқан.

1942 жылғы 29 тамызда неміс фашистерімен шайқаста өзінің сол қолын өзі жарақаттап, қаруын тастап, қорқақтықпен ұрыс даласынан қашқан.

Осы қылмысы үшін мемлекеттік қауіпсіздік комитеті 11 Гв. атқыштар дивизиясы НКВД-ның ерекше бөлімінің аға оперативтік өкілі кіші лейтенант Метелкиннің қаулысымен Қоңыршаев Жарылқан 1942 жылы 29 тамызда сапта тұрған 27 гвардиялық атқыштар полкінің 1-ші батальоны қызыл әскерлерінің алдында атылған.

Қоңыршаевтан түсінік немесе жауап алынбаған.

Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 14 сәуірдегі «Жаппай саяси қуғын-сүргіндер құрбандарын ақтау туралы» Заңының 5 бабы «Г» тармағына сәйкес сот органдарынан тысқары шешімімен атылғанында байланысты Қоңыршаев 1998 жылғы 26 маусымда ақталған.

Л

ЛЕБЕДЕВ Владимир Васильевич родился в 1881 году в г. Ново-Ржеве, Псковского округа, осужден тройкой УНКВД по Южно-Казахстанской области 30 декабря 1937 года на 10 лет, до ареста проживал на

станции Шиели, был служителем культа, священником, реабилитирован 25 сентября 1989 года.

ЛИ ЧАН-НО (ЛИ КЫН-ЧУН) родился в 1889 году в дер. Франган, район Кай-Сон, область Кен-Кий-До, Корея, кореец, гражданин СССР, образование среднее педагогическое, беспартийный, до ареста проживал в Шиелинском районе, колхозе «Авангард». По обвинительному заключению Ли Чан-Но, он же Ли Кын-Чун, проживая на ДВК в городе Артем, в 1936 году был завербован в японскую разведку японским резидентом бывшим инструктором городского совета Ким Иосифом, по заданию которого начиная с 1936 г. до 1937 года, на территории СССР проводил шпионскую работу в пользу Японии т. е. собирал и передавал сведения, имеющие оборонное, экономическое и политическое значения. Так же сведения Ли-Чан-Но он же Ли Кын-Чун передавал два раза, первый раз в апреле месяце 1936 года.

Ли Чан-Но, согласно полученным им заданиям от Ким Иосифа, производил вербовку новых лиц для шпионской работы на территории СССР. Им завербован в ноябре 1936 года Хам-Чер. Все сведения передавал японской разведке через резидента Ким Иосифа, за что он постановлением Яныкурганского РО НКВД от 10 июля 1938 года арестован и привлечен к уголовной ответственности по ст. 58—6 УК РСФСР. Особой тройкой НКВД Кызылординской области от 28 сентября 1938 года Ли Чан-Но, он же Ли Кын-Чун, осужден к высшей мере наказания — расстрелу. Приговор приведен в исполнение 26 октября 1938 года.

Определением Военного Трибунала ТуркВО от 28 декабря 1961 года, Постановление особой тройки при УНКВД по Кызылординской области от 28 сентября 1938 года в отношении Ли Чан-Но, он же Ли Кын-Чун, отменено и дело о нем, на основании п. 1 ст. 5 УПК Узбекской ССР, прекращено за отсутствием события преступления.

Протест Военного прокурора ТуркВО удовлетворен. Ли Чан-Но, он же Ли Кын-Чун реабилитирован посмертно.

ЛИ ЧУН-ГОБ (год рождения не указано) уроженец Кореи, гр-н СССР, образование средне-специальное, работал директором средней школы при ст. Шиели, проживал там же. Он изобличается как агент японской разведки активно проводил вербовку агентуры среди корейского населения на службу японской разведки. Постановлением 3-отд. УГБ УНКВД Кызылординской области от 28 июня 1938 года арестован и привлечен к уголовной ответственности по ст. 58—6 УК РСФСР. Других сведений в деле не имеется. По заключению прокурора Кызылординской области от 30 апреля 1997 года Ли Чун-Гоб на основании Указа Президиума Верховного Совета СССР от 16 января 1989 года реабилитирован.

М

МАРЧЕНКО Григорий Александрович родился в 1894 году в гор. Елизаветград, Херсонской губернии, осуж-

ден тройкой при НКВД Узбекской ССР 5 ноября 1937 года на 8 лет, до ареста проживал на станции Шиели, был рыбаком, реабилитирован 9 августа 1989 года.

МАЦАЕВ Юсуп родился в 1901 году в Чечено-Ингушской АССР, осужден Особым совещанием при НКВД 13 января 1945 года, до ареста проживал в Шиелинском районе, реабилитирован 27 апреля 1966 года.

МУСІЛІМОВ Өбдікәрім Бәйтекүм ауылдық кеңесі, «Талапан» колхозында 1904 жылы туған, әлеуметтік негізі — кедей шаруа, шала сауатты, партияда жоқ, колхозшы, бұрын сотталмаған.

Мүсілімов Өбдікәрім 1140 АП құрамында қатардағы жауынгер ретінде Отан соғысына қатысқан. 1942 жылдың қазан айында ол өзінің Отанды сатып қарсыластар жағына өткісі келетіндігін, өз еркімен тұтқынға түскісі келетінін жанындағы жауынгерлерге білдірген. Сөйтіп ол РСФСР ҚК-ның 19—58 1 «б» тармағына жататын қылмыс жасаған. Сол қылмысы үшін Мүсілімов Өбдікәрім 38 Армия НКВД-ның Ерекше Бөлімінің 1942 жылғы 27 қазандағы қаулысымен тұтқынға алынған.

Тергеу ісі сол жылғы 29 қазанда аяқталып, айыптау қорытындысы 30 қазанда шығарылған, оны 340 АД-ның Әскери прокуроры және Әскери Трибуналдың дайындау мәжілісінің ұйғаруымен бекіткен.

340 АД-ның Әскери Трибуналының 1942 жылғы 3 қарашадағы үкімімен Мүсілімов Өбдікәрім — ҚК-тың 19—58—1 «б» тармағы негізінде ең жоғары жаза — ату жазасына сотталған.

Воронеж майданының Әскери Трибуналының 1942 жылғы 24 қарашадағы ұйғаруымен СССР Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1941 жылғы 11 тамыздағы жарлығын және РСФСР УПК-ның 414 бабын басшылыққа ала отырып, 340 АД-ның Әскери Трибуналының 1942 жылғы 3 қарашадағы үкімі бұзылып, ісі алдын ала тергеу арқылы қайта қарауға жіберілген.

Қайта тергеу ісі 1942 жылдың 25 желтоқсаннан басталып, 1943 жылдың 31 қаңтарында аяқталған, айыптау қорытындысын Әскери прокурормен, 340 АД-ның Әскери Трибуналының дайындау мәжілісінің 1943 жылғы 4 ақпандағы ұйғаруымен бекітілген.

340 АД-ның Әскери Трибуналының 1943 жылғы 5 ақпандағы үкімімен Мүсілімов Өбдікәрім 10 жылға бас бостандық еркінен айырып, еңбек түзету лагеріне, 5 жылға сайлау-сайлану құқын жоюға, тұтқындалғанда алынған 210 сом ақшасын төркілеуге сотталған. Воронеж майданының Әскери Трибуналының 1943 жылғы 8 наурыздағы ұйғаруымен СССР Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1941 жылғы 11 тамыздағы жарлығын және УПК-ның 418 бабын басшылыққа ала отырып, 340 АД-ның Әскери Трибуналының 1943 жылғы 5 ақпандағы үкімін бұзып, Мүсілімовті сотқа беруге орын тағылған айыптың жеткіліксіздігі үшін іс өндірістен қысқартылған.

Мүсілімов Өбдікәрім СССР НКВД-ның Темлағында 1943 жылдың 4 тамызында қайтыс болған.

Қызылорда облыстық прокурордың 1992 жылғы 22 маусымдағы қаулысымен Мүсілімов Өбдікәрімнің өрекетінде қылмыс белгісі жоқ болғандықтан іс қысқартылған.

Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының бөлім бастығының 1994 жылғы 20 қаңтардағы қорытындысымен Мүсілімов Әбдікәрім Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 14 сәуірдегі Заңының негізінде толық ақталған.

МЕЛИКИДЗЕ Ресик родился в 1908 году в Адъгинском районе, Грузинской ССР, осужден Особым совещанием при МВД СССР 27 ноября 1946 года на 5 лет, до ареста проживал в Шиелинском районе, колхозе 1-мая, реабилитирован 22 мая 1989 года.

МОРГУНОВ Федот (Федор) Алексеевич родился в 1892 году в с. Упорой, Брянского уезда, Орловской губернии, русский, малограмотный, беспартийный, советское подданство принял в 1925 году, в СССР прибыл в 1935 году из КВЖД, гор. Харбин, до ареста проживал на станции Шиели, работал конюхом на ж/д НЖГР, 2 службы пути.

Он обвиняется в том, что, будучи на КВЖД гор. Харбине, в 1935 году был завербован в японскую разведку японским резидентом китайцем Ван-Ца и перебросен на территорию СССР со шпионскими заданиями. По прибытии на территорию СССР на станции Шиели, по указанию японского резидента Ван-Ца связался по шпионской работе с японским агентом Ваничкиным Федором и по заданию последнего до 1937 года занимался шпионажем в пользу Японии, т.е. собирал сведения о состоянии жел. дор. транспорта, о движении поездов и продвижении грузов по жел. дороге, о настроениях рабочих и служащих жел. дор. транспорта и других сведений шпионского характера, за что он постановлением 3 отд. Кызылординского Областного Управления НКВД от 14 марта 1938 года арестован и привлечен к уголовной ответственности по 58—6 УП РСФСР.

Постановлением Комиссии НКВД и Прокурора СССР от 5 сентября 1938 года Моргунов Федот Алексеевич осужден к высшей мере наказания — расстрелу. Приговор приведен в исполнение 3 октября 1938 года.

Определением военного трибунала ТуркВО от 10 июня 1961 года Постановление Комиссии НКВД и Прокурора СССР от 5 сентября 1938 года в отношении Моргунова Федота (Федора) Алексеевича отменено и дело о нем прекращено за отсутствием состава преступления. Он реабилитирован посмертно. **МОРГУНОВ** Федор Федотович (Федорович) родился в 1913 году в с. Упорой, Брянского уезда, Орловской губернии, русский, образование высшее, окончил КазПИ, член ВЛКСМ, до ареста проживал на станции Шиели, работал учителем казахской школы.

Он до 1935 года проживал на КВЖД, был завербован японским резидентом Григоровским В. Н. для шпионской работы на территории СССР: после прибытия в СССР он повел шпионскую работу в пользу японской разведки, собирал сведения шпионского характера как-то: о настроениях и бытовых условиях населения в СССР, о состоянии железных дорог и паровозного парка, о настроениях Красной Армии, за что он постановлением 3 отд. УГБ НКВД по Южно-Казахстанской области от 21 февраля 1938 года арестован и привлечен к уголовной ответственности по ст. 58—6 УК РСФСР.

Постановлением Комиссии НКВД и Прокурора СССР от 5 сентября 1938 года Моргунов Федор Федотович осужден к высшей мере наказания — расстрелу. Приговор приведен в исполнение 3 октября 1938 года.

Определением военного трибунала ТуркВО от 10 июня 1961 года Постановление Комиссии НКВД и Прокурора СССР от 5 сентября 1938 года в отношении Моргунова Федора Федотовича отменено и дело о нем прекращено за отсутствием состава преступления. Он реабилитирован посмертно.

МУДРОВ Харитон Викторович родился в 1895 году в Кандунском районе, Вологодской области, осужден Кызылординским облсудом 12 августа 1953 года на 10 лет, до ареста проживал в Шиелинском районе, работал завмедпунктом, реабилитирован 19 марта 1990 года.


МУСИН Имамудин Хамзич родился в 1921 году в Матривском районе, Башкирской АССР, осужден Кызылординским облсудом 31 января 1951 года на 10 лет, до ареста проживал в Шиелинском районе, работал в колхозе «Гигант», реабилитирован 19 марта 1990 года.

МУХАМЕДЖАНОВ Сабержан Зиястинович родился в 1916 году в с. Туктагул, Кандраинского района, Уфимской области, Башкирской АССР. Постановлением Шиелинского РО НКВД от 6 июля 1941 года арестован и возбужден уголовное дело по ст. 58—10 УК. Постановлением Шиелинского РО НКВД от 7 января 1942 года след. дело по обвинению Мухамеджанова С. З. производством прекращено на основании медкомиссии при психбольнице от 30-го декабря 1941 года, где признали психически ненормальным, до ареста проживал в Шиелинском районе, без определенного места работы.

МУРЗАХМЕТОВ (Мырзахметов) Мәдиомар Бестам ауылдық кеңесінде 1911 жылы туған, өлеуметтік негізі шаруа, білімі 7 класс, партияда жок, бұрын екі рет сотталған, қамауға алынғанға дейін Арал қаласында тұрған, аудандық тұтынушылар қоғамында бас бухгалтер болып жұмыс істеген, үйленген, әйелі — Әбсаматова Нағима, қызы — Баян.

Мырзахметов Мәдиомар 1929—1930 жылдары Қызылордадағы Казинпроста оқыған, 1931 жылдан Шиелі балалар үйінің (детдом) меңгерушісі, 1932 жылдан 1936 жылға дейін

Бостандық ауданында госбанкнің аға бухгалтері, 1937—38 жылдары Шиелі ауданында мақта дайындайтын пунктінде бухгалтер, 1939—40 жылдары Түркістандағы мақта тазалайтын зауытта нұсқаушы-бухгалтер болып жұмыс істеген. 1940 жылдың 29 желтоқсанында бұзақылығы үшін тұтқынға алынып, екі жылға бас бостандық еркінен айыруға сотталған. Жаза мерзімін СССР НКВД-ның Қиыр солтүстіктегі еңбек түзету лагерінде Сукчане Ом.



ВАСИЛЬЕВ Иван Васильевич родился в 1892 году в гор. Апай-Кассы, Ярдинского уезда, Казанской губернии. Постановлением тройки при УНКВД по Южно-Казахстанской области от 25 ноября 1937 года осужден на 10 лет, до ареста проживал в пос. Жанакорган, работал статистом МТС, реабилитирован 10 марта 1997 года.

Г

ГАГАЕВ Ваха родился в 1910 году в с. «Алхан-Юрт», Урусмарганского района, ЧИ АССР, чеченец, беспартийный, образование 7 классов, проживал в пос. Жанакорган, работал в МТС шофером-счетоводом, задерживался раймилицией за совершенную аварию на автомашине. Он обвиняется в том, что будучи пом. комбайнера МТС систематически распространял провокационные слухи, направленные на то, чтобы спецпереселенцы уходили с работы МТС. В целях срыва ремонта комбайнов и других с/х машин демонстративно отказался работать по сборке моторов комбайнов, за что постановлением Жанакорганского РО НКВД от 14 июня 1944 года арестован и возбуждено уголовное дело по ст. 58—14 и 73 УК РСФСР.

Постановлением ООП УНКВД по Кызылординской области от 16 сентября 1944 года следдело по обвинению Гагаева за недостаточностью улик для предания суду следствие прекращено, и он освобожден из-под ареста.

По заключению прокурора Кызылординской области от 30 апреля 1997 года Гагаев В. на основании Указа Президиума Верховного Совета СССР от 16 апреля 1989 года реабилитирован.

ГАЛКИНА Анна Алексеевна родилась в 1914 году в Курской области, осуждена тройкой УНКВД по Южно-Казахстанской области на 10 лет, до ареста проживала в пос. Жанакорган, не работала, реабилитирована 9 июня 1989 года.

ГЕХАЕВ Рашид родился в 1908 году, в Урусмарганском районе Чечено-Ингушской АССР, осужден особым Совещанием при МВД СССР 27 ноября 1946 года по статье 58-10 на 4 года, до ареста проживал в Жанакорганском районе, без опред. занятий, реабилитирован 22 мая 1989 года.

Д

ДЕМЕСОВ Бердібек (Пердебек) Оңтүстік Қазақстан облысы, Шаян ауданы, «Қоғалы» колхозында 1905

жылы туған, қызметкер, 1929 жылдан БК(б)П мүшесі, Жаңақорған аудандық атқару комитетінің төрағасы қызметін атқарған, оған табылған айып: ол контрреволюциялық-троцкистік, ұлтшылдық-террорлық, диверсиялық-жауыздық ұйымның мүшесі болған, оның тапсырмасымен ауыл шаруашылығы саласында жауыздық жұмыстар жүргізген, осы ұйымға адамдар тартумен айналысқан, партия мен үкіметтің сауатсыздық пен шала-сауаттылықты жою шараларын жүргізбеуге тырысқан. «Шарлар» мақта өсіретін совхозды жауыздықпен жоюға, және Қызыл Күм МТС-ның трактор паркін құлатуға белсенді қатысқан. Сол үшін Оңтүстік Қазақстан облыстық партия комитетінің 1937 жылғы 25 желтоқсандағы бюро қаулысымен Демесов Бердібек Жаңақорған аудандық атқару комитетінің төрағасы қызметінен босатылып, партия қатарынан шығарылған, сол жылғы 27 желтоқсанда Оңтүстік Қазақстан облыстық НКВД Басқармасы IV бөлімінің қаулысымен тұтқынға алынып, РСФСР ҚК-ның 58 бабының 2, 7, 8, 11 тармақтарымен қылмыстық іс қозғалған. СССР Жоғарғы Соты Әскери коллегиясының 1938 жылғы 5 наурыздағы үкімімен Демесов Бердібек ең жоғары жаза — ату жазасына сотталған, үкім Алматы қаласында сол күні орындалған. СССР Жоғарғы Соты Әскери Коллегиясының 1959 жылғы 20 сәуірдегі ұйғаруымен СССР Жоғарғы Соты Әскери Коллегиясының 1938 жылғы 5 наурыздағы Демесов Бердібек жөніндегі үкімі жаңа ашылған жағдайларға байланысты бұзылып, ол туралы іс қылмыс белгісі болмағандықтан қысқартылған. Қызылорда облыстық прокурордың 1997 жылғы 13 мамырдағы қорытындысымен Демесов Бердібек Қазақтың Республикасының 1993 жылғы 14 сәуірдегі Заңының негізінде толық ақталған.

ДЕНИЕВ Лом-Али родился в 1900 году в Шалинском районе, Чечено-Ингушской АССР, осужден Особым Совещанием при МВД 17 декабря 1946 года на 5 лет, до ареста проживал в гор. Кызылорде, работал в совхозе «Горняк» Жаңақорғанского района. Реабилитирован 6 июня 1989 года.

ДОСЫМОВ Байдүйсен «Жаңа Арық» ауылдық кеңесінде 1884 жылы туған, арабша сауатты, партияда жоқ, осы ауданның «Жаңа Арық» колхозында тұрған, егіс бригадирі, су мұраба болған, 1941 жылы тамыз айында саудагерлік жасағаны үшін Жаңақорған аудандық НКВД бөлімі арқылы жауапқа тартылып, одан тергеу барысында 5 күннен кейін ақталып шыққан. Балалары — Әлібек, Балталы, Еламан, Пернебай.

Оған табылған айып: ол «Жаңа Арық» колхозында 1945 жылғы қаңтар-наурыз айларында колхозшылар арасында үнемі үкіметке қарсы, оның басшылығына қарсы арам пікірлік өңгіме-сөздер айтып үгіт жасап, өзінің қазіргі кеңес үкіметінің құрылысына сенімсіздік, қанағаттанбаушылық көңілін білдіріп келген.

Оған: «Кеңес өкіметіне қастандық жасады», «Жолымбетов Әбіш дегеннің қызы 1944 жылы қайтыс болғанда, соның жаназасын шығарды», «Екпінді колхозының тұрғыны Сейіт дегеннің үйіне барып молдалық жасады», «Елдің бәрін жазықсыз қырып жатқан Сталин көсемді қарғау керек» деген сөздер ай-

тты, «Халық жаулары болып табылатын Сұлтанбек Қожановты, Жантөре Аралбаевты, Идия Сасықбаевты мақтады», «Бұрын ел тоқ еді, қазір колхоз елді жүлетіп бітті» деген сөздер айтты, «Өзіне салған 10 мың сом заемды төлегенмен, кейін салынған 6 мың сом заемды төлеуден бас тартты», «Сунақата» каналын қазуға қарсы болды» деген айыптар тағылып, Қызылорда облыстық МГБ Басқармасының 1946 жылғы 6 тамыздағы қаулысымен тұтқынға алынып, РСФСР ҚК-ның 58 бабының 10—2 тармағымен қылмыстық іс қозғалған.

Айыптау қорытындысы 6 қазан күні шығарылған. 1946 жылғы 3 қарашадағы үкіммен Досымов Байдүйсен 5 жылға бас бостандық еркінен айыруға, 2 жылға саяси күкүн жоюға сотталған. Мал-мүлкі төркіленген. Гурьевтегі еңбекпен түзеу лагеріне айдалған.

Қазақ ССР Жоғарғы сотының қылмысты істер қарайтын сот коллегиясының 1946 жылғы 20 қарашадағы ұйғаруымен Қызылорда облыстық сотының 3.11.96 жылғы Үкімі күшінде қалдырылған.

Қазақ ССР Жоғарғы Соты Президиумының 1961 жылғы 27 сәуірдегі қаулысымен Қызылорда облыстық сотының 1946 жылғы 3 қарашадағы үкімі және Қазақ ССР Жоғарғы сотының 1946 жылғы 20 қарашадағы Досымов Байдүйсен жөніндегі ұйғаруы бұзылып, оның өрекетінде қылмыс белгісі жоқ болғандықтан іс мүлдем қысқартылған. Қазақ ССР прокурорының наразылығы қанағаттандырылған. Ал Досымов Байдүйсен 1947 жылы 63 жасында миына қан құйылудан түрмеде қайтыс болған.

ДОСЫМБАЕВ Ишанқұл Жаңақорған ауданында 1894 жылы туған, білімі орта, 1924 жылдан БК(б)П мүшесі, Қазалы қаласында тұрған, аудандық атқару комитетінің төрағасы болып қызмет атқарған. Оған табылған айып: ол контрреволюциялық ұлтшылдық ұйымның мүшесі болған, осы ұйымның басқа да мүшелерімен бірлесіп, бірнеше жыл контрреволюциялық-ұлтшылдық ячейка ұйымдастырған, оған ауданның бірнеше қызметкерлерін тартқан, солар арқылы колхоздың экономикалық өсуіне, ауылдарда мәдени шараларға қарсы кедергілер жасаған, ауданнан адал қызметкерлерді қудалаған және ұлтшылдық наразылықты тудырып отырған — деп оны Оңтүстік Қазақстан облыстық НКВД Басқармасы 4 бөлімінің 1937 жылғы 4 қазандағы қаулысымен тұтқынға алып, РСФСР ҚК-ның 58 бабының 7, 8, 11 тармақтарымен қылмыстық іс қозғалған. СССР Жоғарғы Сотының Әскери коллегиясының 1938 жылғы 19 ақпандағы үкімімен Досымбаев Ишанқұл-ды ең жоғары жаза — ату жазасына соттаған, үкім сол күні орындалған. СССР Жоғарғы Сотының Әскери коллегиясының 1957 жылғы 18 шілдедегі ұйғаруымен СССР Жоғарғы Сотының Әскери коллегиясының 1938 жылғы 19 ақпандағы И. Досымбаев жайлы үкімі жаңа ашылған жағдайларға байланысты бұзылып, ол туралы іс қылмыс құрамы болмағандықтан қысқартылған.

Қызылорда облыстық прокурордың 1997 жылғы 13 мамырдағы қорытындысымен Досымбаев И. Қазақстан Республикасының «Жаппай саяси қуғын-сүргіндер құрбандарын ақтау туралы» 1993 жылғы 14 сәуірдегі Заңының негізінде толық ақталған.

Е

ЕДІЛБАЕВ Егемберді «Ақуық» ауылдық кеңесі, «Бірлік» колхозында 1885 жылы туған, молда болған, арабша сауатты, партияда жок, колхозшы, бұрын сотты болмаған, қамауға алынғанға дейін осы колхозда тұрған, үйлі-жайлы, әйелі — Сара, баласы — Қайыс.

Еділбаев Егемберді — өзінің бұрынғы молдалық жасап әдет еткендігін көксеріп, кеңес үкіметі мен партияның саясатына қарсылық пікірімен колхозшылардың арасында мұсылман дінін қаттап, түрліше теріс контрреволюциялық үгіт таратқан. Мысалы, 1942 жылдың 28 ақпан күні өзінің өлген інісіне құдайы беріп, 80 шақты колхозшыларды жинап, сол жердегі Құтбанбетов Омар дегеннің үйіне намаз оқиды деп кіргенде үйдің төрінде ілулі тұрған көсемнің портретін көріп, оны тұрған жерінен жұлып алып лақтырып тастаған, ол жайып қойған жайнамазының үстіне түскен жерінен аяғымен теуіп езгілеген жерінен Мамекөв деген колхозшы Еділбаевтың аяғының астынан портретті алған, сонымен қатар сол жердегі колхозшыларға — мұндай суретті мұсылманға және намаз оқитын жерге қойса күнә болады — деп теріс үгіт таратқан.

Осы қылмысы үшін Еділбаев Егемберді Жаңақорған аудандық НКВД бөлімінің 1942 жылғы 10 маусымдағы қаулысымен тұтқынға алынып, РСФСР ҚК-ның 58 бабының 10 тармағы 2 бөлімімен қылмысты іс қозғалған.

Тергеу ісі сол жылғы 9 шілдеде аяқталып, айыптау қорытындысы 23 шілдеде шығарылған, оны Қызылорда облыстық НКВД Басқармасының бастығы 25 шілдеде, облыстық прокурор 30 шілдедегі қаулысымен және Қызылорда облыстық сотының қылмысты істер қарайтын сот коллегиясының дайындық мәжілісінің 12 тамыздағы ұйғаруымен бекіткен.

Қызылорда облыстық сотының қылмысты істер қарайтын сот коллегиясының көшпелі сессиясының 1940 жылдың 1 қыркүйектегі Үкімімен айыпкер Еділбаев Егемберді — 8 жылға бас бостандық еркінен айыруға, жазасын өтегеннен кейін 3 жылғы сайлаусайлану құқын жоюға, мал-мүлкін төркілеуге сотталған.

Қазақ ССР Жоғарғы сотының қылмысты істер қарайтын сот коллегиясының 1942 жылғы 10 қазандағы ұйғаруымен Қызылорда облыстық сотының 1942 жылғы 1 қыркүйектегі үкімін бұзып, істі алдын-ала тергеуден бастап қайта қарау үшін сол сотқа жіберген. (Еділбаев Егемберді сотталғаннан кейін Турксиб темір жолы Аңсай стансасындағы НКВД-ның № 37 ИТЛ-на айдалған).

Қызылорда облыстық НКВД Басқармасының тергеу бөлімшесінің 1944 жылғы 23 қазандағы қаулысымен Еділбаевты қайта тергеуге кіріскен.

Қызылорда облыстық НКВД Басқармасының тергеу бөлімшесінің 1944 жылғы 3 қарашадағы қаулысымен Еділбаевты айыптан тергеу ісі өндірістен қысқартылып, оны қамаудан босату жөнінде шешім қабылдаған. Бұл қаулының көшірмесі Қызылорда

облыстық прокурорға, УНКВД-ның «А» тобына және Еділбаевтың тұрған ИТЛ-на орындау үшін жіберілген.

Қазақ ССР НКГБ-ның тергеу бөлімінің кіші тергеушісінің 1945 жылғы 15 ақпандағы анықтамасы бойынша Еділбаев Егембердіні айыптаған тергеу ісін қысқартуды дұрыс деп тапқан.

Бұл анықтамамен Қазақ ССР НКГБ-ның тергеу бөлімі бастығының орынбасары келіскен. Ол толық ақталған.

ЕСПЕМБЕТОВ Ағыбай Құмарық ауылдық кеңесі, «Екпінді» колхозында 1922 жылы туған, негізі кедей-шаруа, білімі 7 класс, БЛКЖО мүшесі, колхозшы, бұрын сотталмаған, үйленген, әйелі — Мұлажан.

Еспембетов Ағыбай — 1942 жылдың қаңтар айында Жаңақорған АӘК арқылы әскер қатарына алынып, Самарқан қаласында 583 атқыштар полкінің құрамында әскери жаттығуда болып, сол жылғы наурыз айында майданға жөнелтілген, 103 АД, 583 АП құрамында Харьков бағытындағы ұрысқа қатысып,

1942 жылғы 27 мамырда Лозовая стансасы ауданындағы шайқаста немістерге тұтқынға түскен. Немістердің тұтқынында жүріп 1942 жылдың тамыз айында Полтава облысының Сталин ауданында Отанды сатып, неміс командованиясы арқылы Кеңес Армиясына қарсы соғысуға құрылған «Түркістан легионына» өз еркімен кірген. Осы легионда жүріп 1/76 батальонда қызмет жасап, фашистік Германияға адал қызмет етемін деп ант алған, әскери дайындықтан өтіп, 1943 жылдың тамыз айының аяғына дейін Сумск және Брянск облыстарындағы кеңес партизандарына қарсы соғыс операцияларына белсене қатысқан. 1943 жылдың қыркүйек айында 1/76 батальон құрамында Германияның Фельдфлекен қаласына жіберілген, онда 1944 жылдың ақпан айының аяғына дейін әскери жаттығудан өткен. 1944 жылдың басында жоғарыда көрсетілген қалада адал қызмет жасағаны үшін ол неміс армиясының командованиясы арқылы бөлімше командирі болып тағайындалған.

1944 жылдың наурыз айынан 9 қыркүйекке дейін Адриат теңізінің жағасында, Албанияда неміс армиясы үшін қорғаныс бекіністерін салуға қатысқан, жақсы қызметі үшін оған неміс командованиясы неміс армиясының «Үнтер-офицер» шенін берген.

1944 жылдың 9 қыркүйегінде албан партизандарының жағына өтіп, 26 бригадала қызмет жасаған, оның құрамында 1945 жылдың 15 қаңтарына дейін болып, Тирана, Дораздо және Әйбасана қалаларының аудандарында неміс әскерлеріне қарсы соғысқа қатысқан, одан кейін кеңес командованиясына репатриация ретінде берілген.

Мемлекеттік тексеруден өткен кезде ол 122 АД, 420 АП құрамына тіркеліп, 1945 жылғы 16 наурызға дейін



неміс әскерлеріне қарсы соғысқа қатысып жеңіл жарақаттанып, госпитальға емделуге жіберілген. Госпитальдан сауығып шыққаннан кейін 10 гвардиялық әуе десанты полкі құрамында қызмет жасап, 1945 жылдың қараша айында әскерден босанып, ауылына келген.

Қамауға алынар алдында Еспембетов Ағыбайдың үйін тінткенде одан № 3157463, «За отвагу» медалі «1941—1945 жылдардағы Отан соғысында Германияны жеңгені үшін» медалінің куәлігі алынған.

Еспембетовтың жоғарыдағы қылмыстары үшін Қызылорда облыстық МТБ Басқармасының 1950 жылғы 25 қыркүйектегі қаулысымен Отанды сатқаны үшін тұтқынға алынып, РСФСР ҚК-ның 58 бабының 1«б» тармағымен қылмыстық іс қозғалған.

Тергеу ісі аяқталып, айыптау қорытындысы 1950 жылдың 25 қазанында шығарылған.

Түркістан Әскери Округінің әскери Трибуналының 1950 жылғы 27 желтоқсандағы үкімімен Еспембетов Ағыбай —20 жылға еңбекпен түзету лагеріне, 5 жылға саяси құқын жоюға, өзіне тиісті мүлкін тәркілеуге сотталған. Қызылорда облыстық прокурордың көмекшісінің 1955 жылғы 28 желтоқсандағы қорытындысы бойынша және контрреволюциялық қылмыстары үшін сотталғандардың ісін қайта қарау жөніндегі Қызылорда облыстық комиссия мәжілісінің 1956 жылғы 2 қаңтардағы қаулысымен Еспембетовтың жаза мерзімін 6 жылға еңбек-түзету лагеріне шегеріп, 1955 жылғы 17 қыркүйектегі жарлығының негізінде қамаудан босатылып, сотталған айыбы алынып тасталсын — делінген.

ТуркВО әскери прокуроры көмекшісінің 1956 жылғы 28 маусымдағы қаулысымен Еспембетов Ағыбайдың шағым арызы бойынша іс өндірістен қысқартылып, ол туралы оған хабарлансын делінген.

Қызылорда облыстық прокурордың аға көмекшісінің 1989 жылғы 18 қыркүйектегі қорытындысымен ТуркВО әскери Трибуналының 1950 жылғы 27 желтоқсандағы үкімімен және Қызылорда комиссиясының 1956 жылғы 2 қаңтардағы қаулысымен келіскен.

Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының бөлім бастығының 1997 жылғы 21 ақпандағы қорытындысымен Еспембетов Ағыбай — Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 14 сәуірдегі Заңының негізінде толық ақталған.

3

ЗАГВОЗДКИН Михаил Павлович родился в 1905 году в г. Ленинскан, Армянской ССР, арестован 21 декабря 1939 года, совершил преступление предусмотренное по ст. 58—10 УК и по закону от 7 августа 1932 года. Приговором Кызылординского облсуда от 1 июня 1940 года подвергнут лишению свободы сроком на 10 лет с последующим поражением в избирательных правах на 5 лет, до ареста проживал в пос. Томенарык, Жанакорганского района, работал в совхозе «Горняк» старшим бухгалтером. Он на основании Закона РК реабилитирован.

К

КАРЧАГИН Иван Васильевич родился в 1900 году, в Покровском районе, Чкаловской области, осужден 24 июля 1942 года по ст. 58-10-2 на 10 лет, до ареста проживал в пос. Жанакорган, работал экспедитором МТС, реабилитирован 1 февраля 1989 года.

Қ

ҚОҢЫРАТБАЕВ Қалжан № 12 ауылдық кеңесі, «Қызыл Ту» колхозының «Керделі» деген жерінде 1877 жылы туған, бұрын бай, қазақтың ескі интеллигенті, Алаш Ордашы болған, сауаты бар, партияда жоқ «Қызы Ту» колхозының мүшесі, осы колхозда тұрған, әдебиетші, бұрын сотты болмаған, үйленген, әйелі — Бибайша, балалары — Әнуар, Төлеген, қыздары — Нысан, Әзия.

Қоңыратбаев Қалжан Қазан революциясынан кейін Түркістан өлкесінің Алаш Орда ұлтшылдық орталығының құрамына кірген, бұл орталық өзінің алдына Қазақстанды СССР-дан бөліп алып, өз алдына қазақ буржуазиялық-монархистік Республика құру мақсатын қойған. Қоңыратбаев Алашордашылардың «Ақ жол» газетінің редакторы болып тұрғанда Қоңыратбаев Ходжановпен тығыз байланыс жасап, оның нұсқауымен тұрғындар арасында газет таратып, ауылда контрреволюциялық-ұлтшылдық жұмыстар жүргізген. Қоңыратбаев 1917 жылы Түркістан қаласында өткен Алашордашылардың 6 съезіне қатысып, Қазақстанды СССР-дан бөліп алып, өз алдына буржуазиялық Республика құру туралы сөз сөйлеген. 1936—37 жылдары Қоңыратбаев Қалжан ахун аулы тұрғындарының арасында контрреволюциялық Алаш Ордашылардың әдебиеттерін, өлеңдерін таратқан, тіпті 1937 жылы «Қызыл Ту» колхозының Қызылмүйіс меңгерушісі болып тұрып, Алашордашылардың өлеңдерін оқыған.

Қоңыратбаев ауылда өзінің үлкен беделін пайдаланып, колхозды құлату мақсатында жауыздық-зиянкестік жұмыстар жүргізген. 1937 жылы «Қызыл Ту» колхозының көктемгі егіс науқанын бұзу үшін өзінің басшылығымен мақтамен күріш егісін суару үшін арық қаздырған, бірақ арықтан су жүрмеген, өйткені егістік жер биік болған. Сөйтіп колхозшылардың еңбегі зияға кеткен, содан кейін колхоз қайтадан су арығын қаздырған, содан кейін ғана егіске су барған. 1937 жылы «Қызыл Ту» колхозында Қоңыратбаевтың нұсқауымен су шықпайтын биік жерге 25 га бидай еккізген, бұл егіс су бармағандықтан барлығы өліп қалып, колхозға үлкен зиян келген. 1937 жылы колхоз Қоңыратбаевқа бір ат бөлген, оны ол жүйкелетіп өлтірген.

Осы қылмыстары үшін Қоңыратбаев Қалжан Жаңақорған аудандық НКВД бөлімінің 1937 жылғы 19 қазандағы қаулысымен тұтқынға алынып, РСФСР

ҚК-ның 58 бабының 7, 10, 11 тармақтарымен қылмыстық іс қозғалған.

Тергеу ісі аяқталып, айыптау қорытындысы 1937 жылғы 25 желтоқсанда шығарылған.

Оңтүстік Қазақстан облыстық НКВД Басқармасы жанындағы үштіктің 1937 жылғы 30 желтоқсандағы қаулысымен Қоңыратбаев Қалжан 10 жылға концлагерьге сотталған.

Ол сотталғаннан кейін НКВД-ның Амурлагына айдалған.

Қазақ ССР Прокуроры бірінші орынбасарының Қоңыратбаевтың ісін бақылау ретінде Қазақ ССР Жоғарғы сотының қылмысты істер қарайтын сот коллегиясына 1990 жылғы 6 шілдеде жолдаған наразылығы бойынша Оңтүстік Қазақстан облыстық НКВД Басқармасының жанындағы үштіктің 1937 жылғы 30 желтоқсандағы Қоңыратбаев Қалжан жөніндегі қаулысы бұзылып, оның әрекетінде қылмыс белгісі жоқ болғандықтан іс мүлдем қысқартылған.

ПРОТОКОЛ САНЫ № 18

1937 жылы 9 желтоқсан күні «Иіркөл» ауылдық кеңесіне қарасты «Қызыл Ту» колхозының жалпы бас қосқан жиналысы болып, қағысқан ер—104, әйелі —78, барлығы 182 кісі, сырттан қатысушылар — Жаңақорған аудандық партия комитетінің өкілі Төлепбергенов, аудандық НКВД бөлімі бастығының орынбасары Төленбаев, партия ұйымдастырушысы — Жантұрсынов, «Жаңа тұрмыс» колхозының жанындағы комсомол комитетінен Асанов, Мамырбаев, «Иіркөл» аудандық кеңесі Байғанаевтардың қатысуымен жиналыс ашылды.

Жиналыс ағасы — *Нәлібаев*
мүшесі — *Калаева*
хатшысы — *Мамырбаев*.

Тыңдалды: Колхоз ішіне кіріп кеткен тобы жат элементтер туралы Жаңақорған аупарткомының өкілі Ж. Төлепбергенов.

Қаулы: Колхоз шаруашылығына-колхозшылардың өміріне зиянкестік істеп, көпшілік арасына теріс үгіт жүргізіп, ұлтшылдықпен ауылда ру жігін қоздырып келген Алаш ордашыл-ұлтшылы Қоңыратбаев Қалжанның болып келуі және колхозшылар арасында өте беделді болуы, колхоз бастығы Бимағамбетов Көпейдің әдейі колхоз шаруашылығына зиянкестік тигізу мақсатымен Қоңыратбаев Қалжанды колхоз арасындағы Қызыл мүйіс меңгерушісі етіп, колхозды бүлдіруге әдейі жасап Қоңыратбаевпен бірлесіп және колхоз арасына беделін көтеріп, ауыл шаруашылық артелінің Уставын бұрмалап, еңбек күн жазып келген.

II. 1925—25—27 жылдары халық жауы Ходжанов, Рысқұловтардың сүйеуімен Қоңыратбаев сот болып, Бимағамбетов болыс болып, еңбекшілер арасына

өкімгершілік жүргізіп, қорқытып пара алып, туысқандық ру жігін қоздырып, әйел теңдігін аяққа басып, сабап, малға сатып қолынан келгенінше еңбекшілермен үкіметтің арасын қашықтату мақсатымен зиянкестік жасап, еңбекші елге тепкісі тиген алаяқ қу екені оны «Қызыл Ту» колхозында істегендігімен анықталды.

III. Қоңыратбаев Қалжан, Бимағамбетов Көпей халық жауы Рысқұлов, Ходжановтармен бұрыннан пікірлес жолдас-тары екені анықталды. Бұған дәлел: шығып сөйлеген колхозшылардың сөздерінен, Қоңыратбаевтың туған інісі қазіргі халық жауы болып отырған Әлібек Қоңыратбаевпен қазіргі уақытқа дейін байланыс жасап, олардан колхоз шаруашылығын ақсатуға теріс тапсырма алып келгені анықталды.

IV. Өткен 1936 жылы Қоңыратбаев Қалжан Төшкенге Ходжановтың үйіне барып, сөйлесіп қайтқаны анықталды.

V. Колхоз шаруашылығын ақсату мақсатымен «Қызыл Ту» колхозының ортасынан Бимағамбетов Қоңыратбаевты жергілікті дихандармен санаспай колхоз өндірісіне зиян тигізіп, Қоңыратбаевтың нұсқауымен теріс арық қаздырып, 40 гектар мақтаны судан қалдырып, қанша еңбекті және алатын өнімді босқа жіберген.

VI. Бимағамбетов колхоз шаруашылығын құлату мақсатымен колхоз активтерін арақ ішуге ұйымдастырып, кез-келген колхозшылардың үйінде арақ ішіп, өзіне агент етіп алуға әрекет жасаған, оған дәлел: 20 жылдығында Октябрь мерекесінің өзі бас болып арақ ішіп, мерекенің көңілсіз өтуіне жағдай жасаған, сонымен қатар сауық кешін қоюға келген мектеп балаларына ойын қойғызбай ұрсып және колхозшыларды боқтап, мүйіздеп ақыреттер берген.

VII. Сталиндік Ұлы Конституцияның бір жылға толған 5/ХІІ күнті халық мерекесін колхозшыларға көрсетпей, колхозшылармен Конституцияның арасын қашықтату мақсатымен колхозшыларды боқтап сөгіп, ақырет беріп, өкімшілік қолданып жұмысқа жіберіп, өздері беделді адамдармен мейрам жасаған.

VIII. Көпшілік колхозшылардың тілегі бойынша Қоңыратбаев Қалжан тап жауының агенті екені анықталды. Сондықтан колхоздан шығарылып, қылмысты істері бойынша жазаның ең ауырымен айыпталуын заң орнынан сұраймыз.

IX. Колхоз бастығы Бимағамбетов Қоңыратбаевпен жолдас болып, колхоз шаруашылығына зиянын тигізіп, бүлдіруге әрекет жасағандығы анықталды. Сон-

дықтан орнынан алып, партиялық мәселесін шешу бастауыш партия ұйымынан сұралсын, қылмысты істеріне лайық жазаны ең ауыры қолдануын Заң орнынан сұраймыз.

Жиналыс ағасы — *Нәлібаев*.
мүшесі: — *Қолаева*
хатшысы: — *Мамырбаев*

ҚҰДИЯРОВ Нысанбай Құмарық ауылдық кеңесі, Елтай атындағы колхозда 1892 жылы туған, ата-тегі кедей-шаруа болған, 1928 жылдан партия мүшесі, колхозшы, бұрын сотты болмаған, қарауында 5 жаны бар.

Құдияров Нысанбай — алғашқы колхоз болып ұйымдасқаннан бері Елтай атындағы колхозда колхозшы болып, түрлі қоғам жұмысында және колхоздың басқа жұмыстарын істеп жүріп, ескі әдет-ғұрып жолымен сәуегей -балгер болып, қырық бір құмалақпен колхозшыларға бал ашып беруді әдет етіп келген. Ол феодалдық қалдықтарды пайдаланып, өткен уақыттағы болған істерді өзі күні бұрын болжап, сәуегейлікпен білген болып, бірнеше колхозшыларды өтірік қиялға сенуге үгіттеген. Құдияров колхоздың бірқатар актив қызметкерлеріне және колхозшыларға: «Мен 1933 жылы қаңтар айында түс көрдім. Түсімде менің ауызымдағы 32 тісім саудырап түсіп қалды. Сонда бір жаманшылық болатынын білдім. Соның артынан өзімнің жақын тумаларымнан 34 адам өліп қалды. Көрген түсім бұлжымай анық болды» — дей келіп, бұл шығарған өтірік қиялымен сәуегейлігіне сендіру үшін тағы да Құдияров «Мен 1937 жылы шілде — тамыз айларында тағы бір түс көрдім. Ол түсімде барлық тісім саудырап түсіп қалды. Соның артынан түсімде өзімді де қатты қысып қинады. Бұдан кейін тағы бір жаманшылық болатынын сездім. Соның артына ұзамай, бірнеше адамды үкімет «халық жауы» — деп ұстап алып кетті» Артында өзімді де халық жауымен байланысың бар — деп көп уақыт қысып, партия қағарынан шығарды. Ақырында қатты қысылып, қашып-пысып жүріп құтылдым. Бұл көрген түсім айнамастан бұлжымай келді» — деп өзін келешек істі сәуегейлікпен болжап білетін етіп, колхозшыларды алдап, ескі әдет-ғұрып жолымен теріс үгіттеп өзіне сендіруге әрекет істеген. Құдияров 1941 жылдың жаз айында тағы түс көрдім деген. Ол түсімде бағып жүрген бір топ қойымды екі үлкен қасқыр, бір кіші қасқыр дүркіретіп қуып келеді екен деп айтып, бұл түсіні өзі жорып, екі үлкен қасқыр Германия мен Италия, кіші қасқыр Финляндия екен — деп жорыған. Мұнда колхозшыларға айтып, сәуегейлік етуге тырысқан.

Құдияров 1942 жылы 2 ақпан күні Елтай атындағы колхоздың комсомол ұйымының хатшысы болып істейтін Оразбаевтың үйіне қонып отырып, сол жерде жиналып отырған колхоздың актив қызметкерлеріне: «Мен жақында түс көрдім, түсімде астыма боз бура мініп жүр екенмін. Сонда бағыс жақтан боз үлкен бура келіп таласты. Сөйтіп жат-қанда шығыс жақтан және бір қаспақ қара бура келіп, екеуін де бас салып талап, жеңіп кетті. Мен сыпырылып түсіп құтылдым. Сонда барлық бураға бір кісі келіп еге

болды. Енді жақында сендерде құрыясындар — деген.

Осы қылмысы үшін Құдияров Нысанбай Жаңақорған аудандық НКВД бөлімінің 1942 жылғы 2 наурыздағы қаулысымен тұтқынға алынып, РСФСР ҚК-ның 58 бабының 10 тармағы, 2 бөлімімен қылмыстық іс қозғалған.

Тергеу ісі сол жылғы 30 маусымда аяқталып, айыптау қорытындысы сол күні шығарылған, іс Қызылорда Облпрокурорының қарауына жіберілген. Облпрокурор өзінің 1942 жылғы 14 шілдедегі қаулысымен және Қызылорда облыстық сотының қылмысты істер қарайтын сот коллегиясының дайындау мәжілісінің 18 шілдедегі ұйғаруымен айыптау қорытындысын бекіткен.

Қызылорда облыстық сотының қылмысты істер қарайтын сот коллегиясының 1942 жылғы 29 шілдедегі үкімімен айыпкер Құдияров Нысанбай — 10 жылға бас бостандық еркінен айыруға, 5 жылға сайлау-сайлану құқын жоюға өзіне тиісті мал-мүлкін тәркілеуге сотталған.

Қазақ ССР Жоғарғы Сотының қылмысты істер қарайтын сот коллегиясының 1942 жылғы 7 қыркүйектегі ұйғаруымен Қызылорда облыстық сотының Н. Құдияров жөніндегі үкімін күшіне қалдырып, сотталушының шағым арызын нәтижесіз тастаған.

Қазақ ССР прокуроры орынбасарының бақылау ретінде Н. Құдияровтың қылмысты ісі бойынша Қазақ ССР Жоғарғы Сотының Президиумына 1990 жылғы 10 қыркүйекте жолдаған наразылығы бойынша Қызылорда облыстық сотының 1942 жылғы шілденің 29 күнгі Құдияров Нысанбай жөніне шығарған үкімі мен Қазақ ССР Жоғарғы Сотының қылмысты істер қарайтын сот коллегиясының 1942 жылғы қыркүйектің 7 күнгі ұйғаруын бұзып, оның әрекетінде қылмыс сипаты болмағандықтан істі өндірістен қысқартуды сұраған.

Қызылорда облыстық прокурордың қорытындысы бойынша Құдияров Нысанбай СССР Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1989 жылғы 16 қаңтардағы Жарлығының негізінде толық ақталған.

ҚҰРМАНОВ Бейсен Ақтөбе облысының Мырзалы ауылдық кеңесінде 1900 жылы туған, Оңтүстік Қазақстан облысы НКВД Басқармасының жанындағы үштіктің қаулысымен 1937 жыл ең жоғары жаза — ату жазасына сотталған, қамауға алынғанға дейін Жаңақорған ауданында тұрған, аудандық тұтынушылар одағының төрағасы болған, 1995 жылы 24 шілдеде ақталған.

Л

ЛЕРЕВ Калым Эльшевич родился в 1911 году в Польше, осужден Кызылординским облсудом 27 ноября 1942 года на 10 лет, до ареста проживал в пос. Жанакорган, работал сторожем столовой, реабилитирован 29 августа 1990 года.

М

МАДАЕВ Лечи Мартаевич родился в 1922 году в с. Автури, Шалинского района ЧИ АССР, чеченец, образование 7 классов, беспартийный, проживал в колхозе «Елтай», Кумарыкского аулсовета, Жанакорганского района, работал бригадиром и учетчиком среди спецпереселенцев колхоза им. Елтая. Он обвиняется в том, что будучи бригадиром среди спецпереселенцев систематически дезорганизовал производство колхоза, не выходил на работу и вел агитацию на невыход на работу всей бригадой в количестве 22 человек переселенцев, в результате этого его бригада, в том числе и он сам, не выходили на работу с 21 по 30 мая 1944 года, за что постановлением Жанакорганского РО НКВД от 1 июня 1944 года арестован и возбуждено уголовное дело по ст. 58—10 УК РСФСР. Постановлением ОСП УНКВД по Кызылординской области от 28 августа 1944 года следственное дело по обвинению Мадаева Лечи производством следствия прекращено за недоказанностью состава преступления, и он освобожден из-под стражи.

По заключению прокурора Кызылординской области от 30 апреля 1997 года Мадаев Лечи на основании Указа Президиума Верховного Совета СССР от 16 января 1989 года — реабилитирован.

МӨМБЕЕВ Өтеген Жандосұлы Бестам ауылдық кенесі, «Үлгілі» колхозында 1896 жылы туған, бай баласы, ұлтшыл, қызметкер, сауатты. 1918 жылдан БК(б)П мүшесі, 1933 жылы контрреволюциялық-жауыздық әрекеттері үшін партиядан шығарылған, осы жылы Алматы қаласында ОГПУ-дың жанындағы үштіктің қаулысымен РСФСР ҚК-ның 58 бабының 7, 14 тармақтарымен 5 жылға бас бостандық еркінен айыруға сотталған. Қамауға алынғанға дейін Алматы қаласында тұрған, наркомфинде (қаржы халық комиссариатында), өкімгершілік-шаруашылық бөлімінің бастығы болып қызмет атқарған.

Оған тағылған айып: ол кенес үкіметіне қарсы контрреволюциялық-ұлтшылдық ұйымның белсенді мүшесінің бірі болған, үнемі контрреволюциялық, жеңілістік сипатта үгіт жүргізген, кенес үкіметіндегі өмірге контрреволюциялық жала жауып үгіт таратқан, капиталистік елдердегі өмірді мадақтаған — деп Жаңақорған аудандық НКВД бөлімінің 1937 жылғы 28 желтоқсандағы қаулысымен тұтқынға алынып, РСФСР ҚК-ның 58 бабының 7 және 14 тармақтарымен қылмыстық іс қозғалған.

Оңтүстік Қазақстан облыстық НКВД Басқармасы жанындағы үштіктің 1937 жылғы 30 желтоқсандағы қаулысымен 10 жылға концлагерьге сотталған. Кызылорда облыстық НКВД Басқармасының тергеу бөлімшесінің 1940 жылғы 22 ақпандағы қаулысымен Оңтүстік Қазақстан облыстық НКВД Басқармасы жанындағы үштіктің 1937 жылғы 30 желтоқсандағы қаулысы бұзылып, Мөмбеев Өтеген қамаудан босатылған.

Кызылорда облыстық прокурордың 1997 жылғы 7 тамыздағы қорытындысымен Мөмбеев Өтеген СССР

Жоғарғы Кеңесі Президиумының 16 қаңтар 1989 жылғы жарлығы негізінде толық ақталған.

МӨМБЕТОВ Тұтқабек № ауылында 1887 жылы туған, бұрын саудагер болған, сауаты бар, партияда жоқ, ауылшаруашылығымен айналысқан, бұрын 2 жарым жылға сотталған, сайлау-сайлану құқы жоқ, үйленген, «Октябрь» колхозының мүшесі.

1930 жылғы 27 ақпанда байларға және оған астық дайындау жөнінде міндетті тапсырма берілгені үшін ауылдағы байлар элементтеріне қарсы кедейлердің шабуылын әлсіретуге Мөмбетов әрекет жасаған. 1930 жылдың наурыз айында колхоз құрылысына қарсы кезеңде Мөмбетовтың инициативасы бойынша № 1 ауылдың «Отау сай» деген жерінде кедейлер Сапарбаев Елтай, Игебаев Елшібек, Дүйсебаев Шатеш, Мөмбетов Пайыз, Андыкеев Әлсейіттермен бірге Сапарбаев Елтайдың үйінде мәжіліс өткізіліп, 80 адамның атынан жалған қаулы шығарылған. Қаулыға мәжіліске қатысқандар қол қойған. Қаулыда — біздер азаматтар 80 адам колхозда тұрғымыз келмейді, колхозда тұрғысы келмейтіндер ешқандай кедергісіз кетуі тиіс — деп көрсетілген. Соның өсерінен колхоздың мүлкін, жұмыс көлігін талап кеткен, жұмыс алаңсыз тоқтаған, жерлі суаруға жіберілген су 3 күн бойы айдалаға кеткен. Сөйтіп Мөмбетов Тұтқабек колхоз құрылысына, көктемгі егіс жоспарын орындауға үлкен кесірін тигізген.

Осы қылмысы үшін Мөмбетов Тұтқабек ОГПУ-дың Жаңақорған ауданындағы өкілінің 1930 жылғы 3 желтоқсандағы қаулысымен тұтқынға алынып, РСФСР ҚК-ның 58 бабының 7, 10 тармақтарымен қылмыстық іс қозғалған.

Тергеу ісі аяқталып, айыптау қорытындысы 1931 жылдың 8 ақпанында шығарылған, істі Шиели поселкесінің № 4 учаскелік халық сотына берген. Халық соты өзінің 1931 жылғы 18 шілдедегі қаулысымен істі қайта тергеуге жіберген.

Жаңақорған ауданының № 1 участкелік халық сотының тергеушісі іс бойынша бірнеше куәлардан жауап алып, 1931 жылдың 26 қыркүйегінде айыптау қорытындысын шығарып, істі аудандық прокурорға жіберген.

Бұдан әрі Мөмбетовтың тағдыры жайлы қылмыстық істе мәлімет жоқ, сот үкімі шықпаған.

Кызылорда облыстық прокурорының аға көмекшісі, 1-дәрежелі юрист М. Имандосовтың 1991 жылғы 20 мамырдағы қаулысымен — Мөмбетов Тұтқабектің әрекетінде қылмыс белгісі болмағандықтан іс өндірістен қысқартылған.

Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының бөлім бастығының 1997 жылғы 21 ақпандағы қорытындысымен Мөмбетов Тұтқабек Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 14 сәуірдегі Заңының негізінде толық ақталған.

МЕЖИЕВ Магомед родился в 1889 году в Чечено-Ингушской АССР, осужден Кызылординским облсудом 25 июля 1950 года на 10 лет, до ареста проживал в Жанакорганском районе, был колхозником, реабилитирован 23 августа 1990 года.

МЕЛЕХОВ Петр Матвеевич родился в 1913 году в с. Ляпишево, Плавского района, Тульской области, арестован Жанакорганским РО НКВД 7 ноября 1942 года и привлечен к уголовной ответственности по

ст. 193-7 п «Г». Постановлением ОББ УНКВД по Кызылординской области от 14 июня 1943 года следственное дело прекращено, и он освобожден из-под стражи, до ареста находился без определенного местожительства и занятия.

МЕЛЬНИК Дмитрий Федотович родился в 1885 году в с. Черняевка, Липовского района, Киевской губернии, Постановлением Жанакорганского РО НКВД от 21 февраля 1938 года арестован и возбуждено уголовное дело по ст. 58—6 УК. Постановлением особой тройки при Управлении НКВД по Кызылординской области от 29 сентября 1938 года осужден к высшей мере наказания — расстрелу. Заключение следотдела УКГБ по Кызылординской области от 1 января 1957 года архивно-следственное дело по обвинению Мельника Д. Ф. прекращено за отсутствием состава преступления и считал возможным реабилитировать его посмертно. Военный прокурор ТуркВО протестом в порядке надзора просил Военного Трибунала ТуркВО от 31 января 1957 года Постановление особой тройки УНКВД Кызылординской области от 29 сентября 1938 года отменить и дело на оснований ст. 2 п «в» УПК прекратить за отсутствием состава преступления. Военный трибунал ТуркВО своим Определением от 8 февраля 1957 года отменил Постановление особой тройки и дело производством прекратил за отсутствием состава преступления. До ареста он проживал в пос. Жанакорган, работал слесарем МТС.

МЕНЬШИКОВ Федор Евстигнеевич родился в 1886 году в г. Кызылорде, осужден тройкой при ПП ОГПУ 16 октября 1931 года на 8 лет, до ареста проживал в поселке Жанакорган, был рыбаком, реабилитирован 13 сентября 1989 года.

МОЛЧАН Емельян Иванович родился в 1891 году в Гродненской губернии (Польша), осужден тройкой УНКВД по Кызылординской области 17 октября 1938 года к высшей мере наказания — расстрелу, до ареста проживал в Жанакорганском районе, работал счетоводом МТС, реабилитирован 17 декабря 1968 года.

МОМЫНХАНОВ Қансейіт “Өзгент” ауылдық кеңесі, “Мәдениет колхозында 1885 жылы туған, руы “Қожа”, бай — жартылай феодал, болыс болған, шала сауатты, 1922 жылдан 1928 жылға дейін БК(б)П мүшесі, 1928 жылы контрреволюциялық - ұлтшылдық әрекеті үшін 7 жылға сотталған, жазасын өтемі Өзбекстанға қашып кеткен, үйлі-жайлы, әйелі — Зүлпия, балалары — Шнайдар, Жанайдар, Шанияр, қыздары — Жайдарқұл, Баршына.

Момынханов Қансейіт —1930 жылдары контрреволюциялық ұйым басшылары Сырқожаев Жамһүрмен, Ибадуллаевпен бірлесіп тұрғындарды алдымен Тәжікстанға, одан кейін Ауғанстанға көшіруді ұйымдастырған, сөйтіп көтерілісшілер қатарын көбейтіп, қарақшыларды ұйымдастырған, олар тұрғындардың малдары мен мүліктерін тонап, ұрлаған.

1931—34 жылдары Момынханов қарақшылар басшылары Месібаев, Енбановпен бірге Гузар ауданында бейбіт жатқан тұрғындарға қарақшылық шабуыл жасап, 14 үйге, 4 жылқы және 20 000 ақшасын талап алған.

1936—37 жылдары “қожа” руындағы колхозшыларды Төменарықтағы тәуір учаскеге көшіруге байла-

нысты Момынханов қайтадан өзінің контрреволюциялық жұмысын бастап, қазақ тұрғындарының Өзбекстанға көшуін ұйымдастырған.

Момынханов қарақшылар шабуылын ұйымдастырғаны, қазақ жұртшылығын Өзбекстан мен Тәжікстанға көшіргені жөніндегі қылмысынан сол кездегі ҚазЦИК-тың бұрынғы төрағасы, халық жауы Құлымбетовтың берген ақтау қағазымен жазаланудан аман қалған.

1936 жылы Момынханов Құлымбетовтың, Ержановтың тапсырмасымен Келес ауданында байларды топтастырып, оларды аман сақтап қалу және көтеріліске пайдалану мақсатында олардан колхоз ұйымдастырған.

Осы қылмысы үшін Момынханов Қансейіт Жанакорған аудандық НКВД бөлімінің 1937 жылғы 17 тамыздағы қаулысымен тұтқынға алынып, РСФСР ҚК-ның 58 бабының 2, 10, 11 тармақтарымен қылмыстық іс қозғалған.

Оңтүстік Қазақстан облыстық НКВД Басқармасы жанындағы үштіктің 1937 жылғы 28 қарашадағы қаулысымен Момынханов Қансейіт —10 жылға концлагерьге сотталған.

(Момынханов сотталғанан кейін ДВЖД, Амур облысы, Верх-Буринос ауданы, Ургал поселкесі, СССР НКВД-ның Бурлағына айдалған).

Қызылорда облыстық КГБ Басқармасының тергеу бөлімшесінің 1957 жылғы 5 наурыздағы қорытындысы бойынша Оңтүстік Қазақстан облыстық НКВД Басқармасы жанындағы үштіктің 1937 жылғы 28 қарашадағы Момынханов Қансейіт жайлы қаулысын бұзуды, оның әрекетінде қылмыс құрамы болмағандықтан істі қысқартуды дұрыс деп тапқан.

МҰСАБЕКОВ Әкімбек (Ақылбек) “Жаңа арық” ауылдық кеңесі, “Кеңес арық” колхозында 1898 жылы туған, ірі байын баласы, өзі де бай болған, сауаты бар, партияда жоқ, қамауға алынғанға дейін Жаңақорған поселкесі, Совет көшесі, № 73 үйде тұрған, Жаңақорған поселкелік кеңестің төрағасы болып қызмет атқарған.

1931 жылы қазан айында ОГПУ арқылы тұтқынға алынып, кеңес үкіметіне қарсы үгіт жүргізгені үшін РСФСР ҚК-ның 58 бабының 10, 11 тармақтарымен қылмыстық іс қозғалып, тергеу барысында қамаудан босатылған. 1933 жылы Жаңақорған аудандық халық соты арқылы кооператив қаржысын —1550 сомды ішіп-жеп қойғаны үшін 2 жылға бас бостандық еркінен айыруға сотталған, істі облыстық сот қарап, аудандық халық сотының үкімін бұзып, оны қамаудан босатып, істі қысқартқан.

Оған тағылған айып: 1932 жылы ол төменгі органның тізгінін басып алып, кедей-шаруаларға қоканлоққы күш көрсетіп, оларды ұрып-соққан, байларды өшкерелеп көрсеткен жағдайда оларды өлтірем деп қорқытқан, өзінің туысы байлар Жүнісовтерді төркілеуден, қуғын-сүргіннен құтқарған. Жаңақорған тұрғындарын жаппай Өзбекстанға көшуге күштеп көндірген, соның салдарынан Сталин — Еңбек колхозы түгелдей құлап, жойылған. 1933 жылы өр жерде кеңес үкіметі халықты өлімге өкелеуде, ол ұзақ тұрмайды — деп жеңіліс лақаптарын таратқан — дегені үшін ол Жаңақорған аудандық НКВД бөлімінің 1937 жылғы 13 тамыздағы қаулысымен

тұтқынға алынып, РСФСР ҚК-ның 58 бабының 8, 10 тармақтарымен қылмыстық іс қозғалған. Оңтүстік Қазақстан облыстық НКВД Басқармасы жанындағы үштіктің 1937 жылғы 28 қарашадағы қаулысымен Мұсабеков Ә. 10 жылға концлагерге сотталған.

Қызылорда облыстық соты Президиумының 1961 жылғы 23 қарашадағы қаулысымен — Оңтүстік Қазақстан облыстық НКВД Басқармасы жанындағы үштіктің 1937 жылғы 28 қарашадағы Мұсабеков Ә. жөніндегі қаулысы бұзылып, оның өрекетінде қылмыс белгісі жоқ болғандықтан іс мүлдем қысқартылған. Мұсабеков Әкімбек сот арқылы толық ақталған.


МЫСЫҚБАЕВ Асылбек № 5 “Қайғақ” ауылында 1890 жылы туған, кейін Келес ауданының “2-ая пилетка” колхозында тұрған, колхозшы, білімі бастауыш, 1925 жылдан БК(б)П мүшесі, 1928 жылы байлармен байланысы үшін партия қатарынан шығарылған, үш рет сотталған:—1928 жылы байларды жасырғаны үшін 2 жылға сотталған, 1930 жылы РСФСР ҚК-ның 120 бабымен сотталған, 1932 жылы контрреволюциялық - жауыздық ұйымның мүшесі болғаны үшін 10 жылға бас бостандығы еркінен айыруға сотталған, айып мерзімін өтемей, түрмеден қашып кетіп, Өзбекстанда, Пахтаарал ауданын аралап жүріп, Кеңес үкіметіне қарсы контрреволюциялық - троцкистік үгіт жүргізген, кеңес үкіметіне қарсы өлгенше күресемін — деп сөз айтқан. Осы қылмысы үшін Пахтаарал аудандық НКВД бөлімінің 1937 жылғы 17 қарашадағы қаулысымен тұтқынға алынып, РСФСР ҚК-ның 58 бабының 10 тармағымен қылмыстық іс қозғалған. Оңтүстік Қазақстан облыстық НКВД Басқармасының жанындағы үштіктің 1937 жылғы 28 қарашадағы қаулысымен ең жоғары жаза — ату жазасына сотталған, үкім сол жылғы 20 желтоқсанда сағат 24-те орындалған.

Қызылорда облпрокуроры орынбасарының 1989 жылғы 7 тамыздағы қорытындысымен — СССР Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1989 жылғы 16 қаңтардағы жарлығына сәйкес Мысықбаев Асылбек толық ақталған.

МУҚАМЕТЖАНОВ Керімбай № 1 ауылында 1885 жылы туған, РСФСР Жоғарғы Сотының қазақ бөлімінің үкімімен 1934 жылғы 28 маусымда тұтқыннан босатылған, қамауға алынғанға дейін Жанақорған ауданында тұрған, аудандық прокурор болып қызмет атқарған, 1996 жылғы 28 ақпанда ақталған.

МУРАДОВ Катиб родился в 1908 году в Адыгейском районе Грузинской ССР, осужден Кызылординским Облсудом 25 февраля 1949 года на 10 лет, до ареста проживал в Жанақорғанском районе, работал сторожем совхоза “Торняк”, реабилитирован 20 марта 1990 года.

МЫЛТЫҚБАЕВА Түймекул — Оңтүстік Қазақстан облысы, Фрунзе ауданында 1897 жылы туған,



НКВД-ның жанындағы Ерекше мәжілістің үкімімен 1943 жылғы 21 тамызда 5 жылға жер аударуға сотталған, қамауға алынғанға дейін Жанақорған ауданында тұрған, колхозшы болған, 1989 жылғы 19 қыркүйекте ақталған.

Н

НӨЛІМБАЕВ Иманберді № 3 ауыл, “Қызыл мақташы” колхозында 1883 жылы туған, бұрын бай болған, сауатсыз, партияда жоқ, еш жерде жұмыс істемеген, үйленген, әйелі — Күлхан. Ол Оңтүстік Қазақстан облыстық ОГПУ-ның 1933 жылғы 25 мамырдағы қаулысымен тұтқынға алынған. Нөлімбаев Иманберді 1933 жылдың желтоқсан айының 29 күні Қазақстандағы ОГПУ-дың өкілетті өкілдігі жанындағы үштіктің қаулысымен контрреволюциялық өрекеті үшін РСФСР ҚК-ның 16—58 бабының 3 тармағымен, 58 бабын 7, 11 тармақтарымен 5 жылға бас бостандығы еркінен айыруға сотталған. Ол жаза мерзімін өтеуге ОГПУ-дың Қарағанды еңбекпен түзету лагеріне 1934 жылдың 17 ақпанында айдалып өкелінген. Жаза мерзімін өтеп жүріп, Нөлімбаев Иманберді 1934 жылдың қыркүйек айының 9 күні Қарлағтан қашып кеткен, содан 1949 жылдың 14 маусымына дейін Өзбекстанның Самарқан облысында және Қызылорда облысының Жанақорған ауданында жасырынып-тығылып жүрген. Оған Бүкілодақтық іздеу (розыск) жарияланған.

Қызылорда облыстық МГБ басқармасы Нөлімбаев Иманбердіні қашып жүрген жерінен ұстап, өзінің 1949 жылғы 11 маусымдағы қаулысымен тұтқынға алып, РСФСР ҚК-ның 58-бабының 14 тармағымен қылмыстық іс қозғалған. Алдын-ала тергеу ісі сол жылғы 14 шілдеде аяқталған, айыптау қорытындысы сол күні шығарылған. Тергеу ісі сотқа беру үшін Қызылорда облпрокурорына жіберілген.

Қызылорда облыстық сотының қылмысты істер қарайтын сот коллегиясының дайындау мәжілісінің 1949 жылғы 27 шілдедегі ұйғаруымен айыптау қорытындысы бекітілген.


Қызылорда облыстық сотының қылмысты істер қарайтын сот коллегиясының 1949 жылғы 30 шілдедегі үкімімен Нөлімбаев Иманберді —8 жылға бас бостандық еркінен айыруға, 5 жылға сайлау-сайлану құқын жоюға, барлық мүлкін тәркілеуге сотталған. Қазақ ССР Жоғарғы сотының қылмысты істер қарайтын сот коллегиясының 1949 жылғы 11 тамыздағы ұйғаруымен Қызылорда облыстық сотының 1949 жылғы 30 шілдедегі үкімін күшінде қалдырған, сотталушының шағым - арзыын нәтижесіз тастаған.

Қазақ ССР Прокуроры бірінші орынбасарының бақылау ретінде Нөлімбаевтың ісі бойынша Қазақ ССР Жоғарғы сотының Президиумына 1990 жылға 15 маусымдағы жолдаған наразылығы бойынша Қызылорда облыстық сотының 1944 жылғы 30 шілдедегі үкімі және Қазақ ССР Жоғарғы сотының қылмысты істер қарайтын сот коллегиясының 1949 жылғы 11 тамыздағы Нөлімбаев Иманберді жөнінде шыға-

рылған ұйғаруын бұзды және оның әрекетінде қылмыс құрамының жоқтығына байланысты істі өндірістен қысқартуды сұраған.

Қызылорда облыстық прокурордың қорытындысы бойынша Нәлімбаев Иманберді СССР Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1989 жылғы 16 қаңтардағы Жарлығының негізінде толық ақталған.

НҰРЖАНОВ Балымбет № 3 ауыл, “Ынтымақ” колхозында 1872 жылы туған, Қызылорда облысының НКВД Басқармасының ОББ бөлімінің 1942 жылғы



13 қарашадағы қаулысымен қамауға алынып, ҚК-ның 58—2, 58—10-2 бабымен қылмыстық іс қозғалған, Қызылорда облыстық сотының 1948 жылғы 12 қазандағы үкімімен 10 жылға сотталған, Қазақ ССР-ы Жоғарғы Сотының 1948 жылғы 28 желтоқсандағы анықтамасымен Қызылорда облыстық сотының қойған айыбының толық еместігіне байланысты үкімі бұзылған, іс қысқартылып, қамаудан босатылған, қамауға алынғанға

дейін сол колхозда колхозшы болған.

О

ОСПАНОВ Жамгүр “Жайылма” ауылында 1899 жылы туған, шала сауатты, партияда жоқ, қамауға алынғанға дейін осы ауылда тұрған. Ол Кеңес үкіметіне қарсы контрреволюциялық - ұлтшылдық үгіт жүргізіп, ауыл шаруашылығына жауыздық-зиянкест әрекеттер жасаған. Осы қылмысы үшін тұтқынға алынып, қылмыстық іс қозғалған. Оңтүстік Қазақстан облыстық НКВД Басқармасы жанындағы үштіктің 1937 жылғы қараша айындағы үкімімен ҚК-ның 58 бабының 7, 10 тармақтарымен 10 жылға бас бостандық еркінен айыруға сотталған. Ол Қазақстан Республикасының 1993 жылғы заңының негізінде толық ақталған.

Ө

ӨМІРБАЕВ Тұнықтыбай № 3 ауылында 1894 жылы туған, шала сауатты, партияда жоқ, қамауға алынғанға дейін Аққум стансасында тұрған, жұмысшы болып істеген. НКВД жанындағы Ерекше мәжілісінің 1942 жылғы 12 тамыздағы үкімімен 5 жылға шартты жазамен сотталған. Ол 1989 жылғы 4 қыркүйекте ақталған. **ӨСКЕНБАЕВ** Смайыл № 7 “Құмарық” ауылдық кеңесі, Елтай атындағы колхозда 1887 жылы туған,

бай — болыстың баласы, өзі де бай болған, шала сауатты, БК(б)П мүшесі, 1931 жылы Кеңес үкіметіне қарсы үгіт жүргізгені үшін партия қатарынан шығарылып, ОГПУ Органы арқылы тұтқынға алынған, 1933 жылы колхоздың 11 бес жылқысы мен ат қорасын өртегені үшін ұсталып, одан босанып шыққан, 1936 жылы Елтай атындағы колхоздың ферма меңгерушісі болып тұрған кезінде қойлардың іш тастағаны үшін 3 жылға бас бостандық еркінен айыруға сотталған, айып мерзімін өтемеген. Ол кеңес үкіметіне қарсы ұлтшылдық ұйымның белсенді мүшесі болған, сол ұйымның тапсырмасымен колхоздың малын қырып-жою жолымен жауыздық жұмыстар жүргізгені үшін айып тағылып, Жаңақорған аудандық НКВД бөлімінің 1933 жылғы 21 қазандағы қаулысымен тұтқынға алынып, РСФСР ҚК-ның 58 бабының 7, 11 тармақтарымен қылмыстық іс қозғалған. Қызылорда облыстық соттың көшпелі сессиясының 1939 жылғы 11 ақпандағы үкімімен Өскенбаев Смайыл 25 жылға бас бостандығы еркінен айыруға, 5 жылға саяси құқын жоюға сотталған. Қазақ ССР Жоғарғы Сотының қылмысты істер қарайтын сот коллегиясының 1940 жылғы 9 мамырдағы ұйғаруымен Қызылорда облыстық сотының 1939 жылғы 11 ақпандағы үкімі бұзылып, іс алдынала тергеу арқылы сол соттың өзіне басқа сот құрамында қарауға жіберілген.

Қызылорда облыстық прокурордың 1940 жылғы 30 желтоқсандағы қаулысымен Өскенбаев Смайылдың айыптау ісі өндірістен қысқартылып, оның қылмысы анықталмағандықтан қамаудан босатылған. Қызылорда облыстық НКВД Басқармасы тергеу бөлімшесінің 1941 жылғы 11 қаңтардағы қаулысы бойынша Қызылорда облыстық прокурордың қаулысымен келісіп, Өскенбаевты қамаудан босатып, істі өндірістен қысқартқан. Қызылорда облыстық прокурордың 21.04.1997 жылғы қорытындысымен Өскенбаев Смайыл Қазақстан Республикасының 14.04.1993 жылғы Заңының негізінде толық ақталған.

ӨТЕЕВ Бекжігіт № 1 ауылында 1901 жылы туған, бай- болыс, әкесі ауыл старшинасы болған, сауатты, 1931 жылдан 1935 жылға дейін БК(б)П мүшелігіне кандидат. 1934 жылы колхоз бригадирі болып тұрған кезінде жауыздықпен 18 гектар мақтаны дер кезінде күтіп- баптамай күтімсіз қалдырған, колхозшыларды ұрып-соққан, “Октябрь” колхозында жылқы ұрлағаны үшін 1935 жылы колхоздан, БК(б)П қатарынан шығарылған. 1936 жыл колхозшылар тобының арасында (60 адамдай) Кеңес үкіметіне қарсы үгіт таратқан, колхозшыларды мақта егісі жұмысын тоқтатуға, колхоздан шығып, басқа Республикаға көшіп кетуге шақырған, колхозшылар арасында “Кеңес үкіметі құлайды”, — деп сөз таратқан, партия мен үкімет басшыларының адресіне жаман сөздер айтып, балағаттағаны үшін айып тағылып, Жаңақорған аудандық НКВД бөлімінің 1936 жылғы 10 шілдедегі қаулысымен тұтқынға алынып, РСФСР ҚК-ның 58 бабының 10 тармағының 1 бөлімімен қылмыстық іс қозғалған.

РСФСР Жоғарғы Сотының Қазақ бөлімінің арнайы коллегиясының 1936 жылғы 20 желтоқсандағы үкімімен Өтеев Бекжігіт 2 жылға бас бостандығы еркінен айыруға сотталған.

Қазақ ССР Жоғарғы сотының арнайы коллегиясының 1938 жылғы 20 қаңтардағы ұйғаруымен 1936 жылғы 20 желтоқсандағы сот үкімі бұзылып, оның өрекетінде қылмыс белгісі болмағандықтан іс қысқартылған. Қызылорда облыстық прокурордың 13.05.1997 жылғы қорытындысымен Өтеев Бекжігіт СССР Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1989 жылғы 16 қаңтардағы жарлығының негізінде толық ақталған.

П

ПАЛЫМБЕТОВ Әмзе Жаңқорған ауданында 1901 жылы туған, білімі орталау, партияда жоқ, қызметкер, қамауға алынғанға дейін осы ауданда тұрған, өскери қызметкер болған. Оған Кеңес үкіметіне қарсы контрреволюциялық жеңілістік үгіт жүргізіп, зиянкестік өрекеттер жасағаны үшін айып тағылып, тұтқынға алынған. Тергеу барысында оған тағылған айыптың анықталмағаны үшін қамаудан босатылған. Ол 1996 жылғы 15 сәуірде толық ақталған. **ПЕТУХОВ** Николай Александрович родился в 1895 году в Ярославской области, русский, малограмотный, беспартийный, до ареста проживал в пос. Жанакурган, был рабочим. Он обвиняется в том, что проводил антисоветскую, контрреволюционную, провокационную агитацию и вредительско-террористическую деятельность, за что арестован и привлечен к уголовной ответственности. Приговором Кызылординского областного суда от 13 августа 1945 года по ст. 58—10 ч. 2 УК РСФСР осужден на 8 лет лишения свободы. Он реабилитирован 3 марта 1989 года.

Р

РҮСТЕМОВ Манап “Аққорған” ауылдық кеңесі “Талап” колхозында 1900 жылы туған, бай - болыстың баласы, сауатты, партияда жоқ, колхозшы, қамауға алынғанға дейін осы колхозда тұрған, бұрын сотты болмаған, үйленген әйелі — Әбуова Рсалат, қызы— Манапова Хайрисса.

Рүстемов Манап Кеңес үкіметіне қарсы ұлтшылдық, террорлық көтерілісшілер ұйымына 1936 жылы осы ұйымға белсенді қатысқан Аққорған ауылдық кеңесінің бұрынғы төрағасы Иманқұлов Төрәлі және “Талап” колхозының төрағасы Аuezов Атабай арқылы тартылған. Осылардың тапсырмасымен Рүстемов колхоздарда мынадай зиянкестік-жауыздық жұмыстар жүргізген: 1936 жылы Рүстемов “Талап” колхозының мұрабы боып тұрғанда, егісті суаратын арықты биік жерден қаздыруға зиянкестік тапсырма беріп қаздырған, соның салдарынан қазылған арықтан егіске су ақпаған. Сол жылы ол тоғанда тұрған суды зиянкестікпен дұрыс пайдаланбай,

мақта егісіне суды 4 рет берудің орнына 2-ақ рет берген. Рүстемовтың зиянкестік өрекеті салдарынан 1937 жылы “Талап” колхозында 40 гектар бидай өліп қалған, ал мақтаның шығымдылығы төмен болып, өнім аз алынған. Сол жылы Рүстемов сап ауруымен ауырған ат сатып алып, оны қасақана колхоз табына қосып жіберген, соның салдарынан колхоз жылқылары сап ауруымен ауырып, 14 жылқыны мал дәрігерлері ауру болғандықтан өлтіріп тастаған.

1937 жылы Рүстемов мұраб болып істеп жүріп, “Талап” және “Келін Төбе” колхоздарының мақта егісін өдейі сумен қамтамасыз етпегендіктен 90 гектар мақта егісі судан қалып, шықпай қалған. 1938 жылдың наурыз айында Рүстемов су жинайтын тоғаннан өдейі суды жығып жіберіп, мақта және басқа егістер суарылмай қалған. 1938 жылы көктемде Рүстемов колхозшылар арасында үкіметке қарсы колхозды құлатуға, көктемгі ауыл шаруашылық жұмыстарын бұзуға және Өзбекстанға көшуді ұйымдастыруға бағытталған үгіт жүргізген.

Осы қылмыстары үшін Рүстемов Манап Жаңқорған аудандық НКВД бөлімінің 1938 жылғы 7 қыркүйектегі қаулысымен тұтқынға алынып, РСФСР ҚК-ның 58 бабының 7, 10, 11 тармақтарымен қылмыстық іс қоздалған.

Тергеу ісі 17 қазанда аяқталған, айыптау қортындысы 1 қарашада шығарылған, оны Қызылорда облыстық НКВД Басқармасының бастығы сол күні, Облыстық прокурор 10 қарашада, облыстық соттың қылмысты істер қарайтын сот коллегиясы 2 желтоқсандағы ұйғаруымен бекіткен. Қызылорда облыстық сотының көшпелі сессиясының 1939 жылғы 11 ақпандағы үкімімен айыпкер Рүстемов Манап 15 жылға бас бостандық еркінен айыруға, жазасын өтегеннен кейін 5 жылға сайлау-сайлану құқын жоюға, өзіне тиісті мал-мүлкін төркілеуге сотталған. Қазақ ССР Жоғарғы сотының қылмысты істер қарайтын сот коллегиясының 1940 жылғы 20 желтоқсандағы ұйғаруымен Қызылорда облыстық сотының Рүстемов жөніндегі үкімін өзгертіп, Рүстемовты ҚК-ның 58 бабының 7, 11 тармақтарымен тағылған айыптары анықталмағандықтан істен алынып тасталған, бұл жөніндегі іс өндірістен қысқартылған, соттың үкіміндегі ҚК 58 бабының 10 тармағы күшінде қалдырылған, осыған байланысты оның жазасын 10 жылға бас бостандық еркінен айырып, төркілеусіз 5 жылға саяси құқын жоюға деп ұйғарған.

Қазақ ССР прокуроры орынбасарының бақылау ретінде М. Рүстемовтың қылмыстық ісі жөнінде Қазақ ССР Жоғарғы сотының Президиумына 1990 жылғы 15 тамызда жолдаған наразылығы бойынша Қызылорда облыстық сотының 11 ақпан 1939 жылы Манап Рүстемов жөнінде шығарған үкімі мен Қазақ ССР Жоғарғы сотының қылмысты істер қарайтын сот коллегиясының 1940 жылғы 20 желтоқсандағы ұйғаруын бұзып, істе қылмыс белгісі болмағандықтан өндірістен қысқартуды сұраған.

РҮСТЕМОВ Отарбай № 2 ауылында 1893 жылы туған, шала сауатты, партияда жоқ, қамауға алынғанға дейін Қызылорда ауданының № 32 ауылында тұрған, аудандық тұтынушылар қоғамының агенті болып жұмыс істеген. Ол кеңес үкіметіне қарсы контрреволюциялық, провокаторлық үгіт жүргізіп, қоғам

мүлкін талан-таражға түсіру жолында зиянкестік әрекеттер жасаған. Осы қылмысы үшін тұтқынға алынып, қылмысты іс қозғалған. Қазақстандағы ОГПУ өкілетті өкілдігі жанындағы үштіктің 1933 жылғы 9 наурыздағы қаулысымен 5 жылға сотталған. Ол 1989 жылғы 11 тамызда ақталған.

С

САҒЫНДЫҚОВ (ҚОЖАМЖАРОВ) Жолдығұл “Ашықұдық” колхозы Бөйгекжар ауылдық кеңесінде 1907 жылы туған, сауатсыз, партияда жоқ, 1937 жылы Жаңақорған аудандық милициясы арқылы бұзақылығы үшін тұтқынға алынып, 1931 жылы колхоздың мал-мүлкін талан-таражға салумен ұдайы айналысқаны үшін қылмысты жауапқа тартылған, тұтқыннан қашып Өзбекстанның Қоқан ауданында жасырынып жүрген, бұл жерде оның контрреволюциялық және мал ұрлаған айыптарын ашқаны үшін бір кедейлі өлтірген, содан кейін Жаңақорған ауданы “Ашықұдық” колхозына қайтып келіп, “Колхозшыларды өлтіремін”, — деп қорқытып, контрреволюциялық әрекеттер жасаған. 1937 жылы ол колхоздың егіннің құрту мақсатында қамыс өртеген, бірақ өрт тез сөндірілген. Осы қылмысы үшін Жаңақорған аудандық НКВД бөлімінің 1937 жылғы 25 шілдедегі қаулысымен тұтқынға алынып, РСФСР ҚК-ның 58 бабының 8, 9, 11 тармақтарымен қылмыстық іс қозғалған. Оңтүстік Қазақстан облыстық НКВД Басқармасы жанындағы үштіктің 1937 жылғы 7 желтоқсандағы қаулысымен ең жоғары жаза — ату жазасына сотталған. Үкім 1938 жылғы 27 қаңтарда сағат 24-те орындалған.

1989 жылғы тамыздың 30 күні облыстық прокурор архивтік қылмысты істі қайта қарап, өзінің қорытындысымен Сағындықов (Қожамжаров) Жолдығұлды оның әрекетінде қылмыстың белгісі болмағандықтан мүлдем ақтаған.

САНДЫБАЕВ Әбубөкір Балтакөл ауылдық кеңесі, “Шолак” ауылында 1889 жылы туған, сауатты, 1927 жылдан БК(б)П мүшесі, кеңес қызметкері, Балтакөл ауылдық кеңесінің төрағасы болып қызмет атқарған. Оған тағылған айып: “Ұлтшыл Ходжановшы, Мұстафа Шоқаямен туыстық қатынасы бар, онымен 1925 жылға дейін хат арқылы байланыс жасап тұрған, ол контрреволюциялық, ұлтшылдық ұйымның белсенді мүшесі, ұйымның жұмысында басшы роль атқарған, ұйымның тапсырмасымен Балтакөл ауылында контрреволюциялық чейка құрып, жауыздық жұмыстар жүргізген”, — деп Түркістан аудандық НКВД бөлімінің 1938 жылғы 28 наурыздағы қаулысымен тұтқынға алынып, РСФСР ҚК-ның 58 бабының 7, 10, 11 тармақтарымен қылмыстық іс қозғалған. Оңтүстік Қазақстан облыстық сотының 1938 жылғы 13 қыркүйектегі Үкімімен 15 жылға бас бостандық еркінен айыруға, 5 жылға саяси құқық жоюға сотталған. Қазақ ССР Жоғарғы сотының қылмысты істер қарайтын сот коллегиясының 1940 жылғы 31 наурыздағы ұйғаруымен Оңтүстік Қазақ-


стан облсотының 1938 жылғы 13 қыркүйектегі үкімін бұзып, алдын ала тергеу арқылы істі соттың басқа құрамында қайта қарауға жіберген.

Оңтүстік Қазақстан облыстық НКВД Басқармасының тергеу бөлімшесінің 1940 жылғы 13 шілдедегі қаулысымен Ә. Сандыбаевты айыптаған тергеу ісі қылмыс құрамының жеткіліксіздігінен өндірістен қысқартылып, тұтқыннан босатылған.

Қызылорда облыстық прокурордың 1997 жылғы 30 сәуірдегі қорытындысымен Ә. Сандыбаев СССР Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1989 жылғы 16 қаңтардағы жарлығы негізінде толық ақталған.

САРЫБАСОВ Имла Жаңақорған ауданында 1902 жылы туған, шала сауатты, партияда жоқ, қамауға алынғанға дейін осы ауданның “Талдысу” колхозында тұрған, колхозшы болған. Ол кеңес үкіметіне қарсы контрреволюциялық, провокаторлық үгіт жүргізіп, колхоз шаруашылығына зиянкестік әрекеттер жасаған. Осы қылмысы үшін тұтқынға алынып, қылмыстық іс қозғалған. НКВД жанындағы Ерекше Мәжілісінің 1945 жылғы 28 ақпандағы үкімімен 5 жылға жер аударуға сотталған. Ол 1989 жылғы 2 тамызда ақталған.

САРИЕВ Ерәлі № 3 ауыл, “Ынтымак” колхозында 1901 жылы туған, білімі бастауыш, БК(б)П мүшесі,



қамауға алынғанға дейін сол колхозда бригадир болып жұмыс істеген. Қызылорда облыстық НКВД Басқармасының ОББ бөлімінің 1942 жылғы 26 қыркүйектегі қаулысымен тұтқынға алынып, РСФСР ҚК-ның 58—2 және 58—10—2 бөлімімен қылмыстық іс қозғалған. Қызылорда облыстық сотының 1948 жылғы 12 қазандағы үкімімен 10 жылға бас бостандық еркінен айыруға сотталған. Қазақ ССР Жоғарғы Сотының 1948 жылғы 28 желтоқсандағы ұйғаруымен Қызылорда облыстық сотының үкімі бұзылып, қылмыс белгісі анықталмағандықтан ісі қысқартылып, қамаудан босатылған.

САТЫБАЛДИЕВА Алтыншаш Жаңақорған ауданында 1910 жылы туған, шала сауатты, партияда жоқ, қамауға алынғанға дейін осы ауданда тұрған, қой фермасында шопан болып жұмыс істеген. Оған кеңес үкіметіне қарсы контрреволюциялық, провокаторлық, жеңілістік үгіт жүргізіп, неміс фашистерінің армиясы мен техникасын малақтап, кеңес үкіметіне, коммунистік партияға тіл тигізгені үшін айып тағылып, тұтқынға алынып, қылмыстық іс қозғалған. НКВД жанындағы Ерекше Мәжілісінің 1943 жылғы 28 сәуірдегі үкімімен 5 жылға жер аударуға сотталған. Ол 1989 жылғы 2 қарашада ақталған.

СЕЛИЗАРОВ Сергей Антонович родился в 1885 году в селе Сухиничи, Калужской области, русский, малограмотный, беспартийный, до ареста проживал в Жанакорганском районе. Он обвиняется в том, что проводил антисоветскую деятельность, за что арес-

тован и привлечен к уголовной ответственности, 17 февраля 1949 года осужден на 3 года лишения свободы. Он реабилитирован 4 января 1996 года.

СИГАРЕВА Мария Афанасьевна родилась в 1892 году в гор. Калуге, Московской облсти, русская, малограмотная, беспартийная, до ареста проживала на станций Жанакорган, была монашкой. Она обвиняется в том, что активно проводила антисоветскую, контрреволюционную, провокаторскую и религиозную агитацию среди населения, а также вредительскую деятельность, за что арестована и привлечена к уголовной ответственности. Приговором Особого Сопещения при НКВД от 8 июля 1935 года осуждена ссылкой на 3 года. Она реабилитирована 15 мая 1989 года.

СОЛОМАХА Карп Иванович родился в 1872 году в Киевской области, украинец, малограмотный, беспартийный, до ареста проживал в колхозе "1-мая", Жанакорганского района, работал колхозником. Он обвиняется в том, что являлся участником контрреволюционной, троцкистско-бухаринской, террористической организации, активно проводил антисоветскую провокаторскую агитацию и шпионско-диверсионную, подрывно-вредительскую деятельность, за что арестован и привлечен к уголовной ответственности. Постановлением тройки при Управлении МВД по Южно-Казахстанской области от 15 сентября 1937 года осужден к высшей мере наказания — расстрелу. Он реабилитирован 30 июня 1989 года.

СЫРҚОЖАЕВ Жамгүр Өзгент ауылдық кеңесінде 1863 жылы туған, руы қорасан қожа, кейін осы ауданның № 12 ауылы "Қызыл Ту" колхозында тұрған, ірі бай, молда -ишан болған, жоғары діни білімі бар, партияда жоқ, 1928 жылы контрреволюциялық үгіт жүргізігені үшін 5 жылға бас бостандық еркінен айыруға сотталған, жаза мерзімін толық өтемей босанып шыққан, екінші рет 1932 жылы контрреволюциялық үгіт жүргізігені үшін ОГПУ органы арқылы тұтқынға алынған, бірақ сотталмаған, тұтқыннан босатылған, үйлі -жайлы, әйелі—Мариям, балалары— Кабибулла, Шермағамбет, Халилулла, Шириязан, екінші әйелі— Оразқұл, қыздары Әсия, Айшатай, Ұлмекен.

Сырқожаев Жамгүр кеңес үкіметіне қарсы панисламдық, террорлық, көтерілісшілер диверсиялық ұйымның мүшесі болған. Бұл ұйымның алдына қойған мақсаты Кеңес өкіметін құлатып, СССР-дан мұсылман халқын қарумен бөліп алу болған және буржуазиялық диверсиялық-зиянкестік жұмыстар жүргізіген, қарулы көтерілісті дайындаған, сонымен қатар коммунистерге, белсенді мұғалімдерге қарсы террор қолдануды белгілеген. Бұл ұйым өзінің қатарына бұрынғы қарақшылар көтерілісіне қатысқандарды, мұсылман дін басыларын, байларды, болыстарды, тағы басқа кеңес өкіметіне қарсы элементтерді тартумен айналысқан.

Бұл ұйымның басшылық орталығын Абдувахи Кари, Закирханов Гулам Төре, Өзбекстанда Хансейітов Сыдық Ахун, Умартпояев Юсупхан, Ишанханов Гултурехан, Жангирходжаев Әлкен Оңтүстік Қазақстанда басқарған. Олар кеңес өкіметіне қарсы күресті күшейту және кеңейту мақсатында халық жауы Ходжаев Файзулламен ұйым құрған. Бұл ұйым Фран-

цияда жапон агенті Мұстафа Шоқаевпен, Түркияда Талғат Бекпен, Ауғанстанда Жамаладин Қазымен, Арабияда Ибни Сауд Абу Газиз, Шами Хазретпен, Ақ ишанмен, Эмигранттар Сейітханов Мубаширханмен, Бухардың бұрынғы әмірі Токмұхамед Ахунмен, Тоқтаходжаевпен, Ауғанстанда Ишанханов Алтынханмен, Рахматулаев Абдрасулмен, Етжемес Ишанов Тюрехан төремен, Тажихан Ишанов Калераей Акимов Мухиден Әжімен, Сражетдин Мағзұм Кашгарда, Малди Макуловпен Қазақстанда, Трымжанов Кашафпен Татарияда, Абдулашитпен Тәжікстанда шпиондық байланыс жасаған.

Оңтүстік Қазақстан облысында контрреволюциялық, панисламдық көтерілісшілер ұйымның белсенді басшысының бірі Сырқожаев Жамгүр болған, ол бұл ұйымға 1924 жылы ағылшын агенті Ақ ишан арқылы тартылған. Осы ұйымның және тікелей Ақ ишанның, Шами Хазреттің, Сейітханов Мубаширханның, Хансейітов Сыдықтың тапсырмасымен Сырқожаев төмендегідей контрреволюциялық жұмыстар жүргізген:

Бір өзі көтерілісшілер ұйымына 19 адамды тартқан, оларға контрреволюциялық жұмыстар жөнінде нұсқаулар берген.

Қазақ тұрғындарының Ауғанстанға жаппай көшуін ұйымдастырған.

Жабылып қалған мешіттерді қайтадан ашып, ол жерде тұрғындарды панисламдық көтерілісшілер рухында дайындаған. Ақ ишанның сенімді адамы ретінде оның тапсырмасымен ұйым мүшелерімен байланыс жасап, оларға контрреволюциялық жұмыс жөнінде нұсқаулар берген.

Осы қылмыстары үшін Сырқожаев Жамгүр Жаңақорған аудандық НКВД бөлімінің 1937 жылғы 12 тамыздағы қаулысымен тұтқынға алынып, РСФСР ҚК-ның 58 бабының 2, 10 тармақтары 2 бөлімімен және 11 тармақтары мен қылмыстық іс қозғалған. Тергеу ісі аяқталып, айыптау қорытындысы 28 қарашада шығарылған, оны Оңтүстік Қазақстан облыстық НКВД Басқармасының бастығы 29 қарашада бекіткен.

Оңтүстік Қазақстан облыстық НКВД Басқармасы жанындағы үштіктің 1937 жылғы 19 қарашадағы қаулысымен Сырқожаев Жамгүр ең жоғары жаза-ау жазасына сотталған. Бұл үкім 1937 жылғы 29 қараша күні сағат 24-те орындалған.

Қызылорда облыстық прокуроры орынбасарының 1989 жылғы 7 тамыздағы қорытындысымен Сырқожаев Жамгүр СССР Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1989 жылғы 16 қаңтардағы Жарлығының негізінде толық ақталған.

Т

ТАМФАБАЕВ Әжібек "Жайылма" ауылында 1907 жылы туған, өлеуметтік негізі байдың баласы, әкесі би және қажы болған, шала сауатты, партияда жоқ, бұрын сотты болмаған, үйленген, қарауында 4 жаны

бар, қамауға алынғанға дейін осы ауданның Жайылыма ауылдық кеңесіне қарасты бұрынғы Мирзоян, кейінгі Ленин атындағы колхоздың төрағасы болып қызмет атқарған.

Тамғабаев Әжібек 1937 жылдан бастап Жаңақорған ауданындағы бұрынғы Мирзоян, кейінгі Ленин атындағы колхозға басқарма төрағасы болып тұрған кезде 1937 жылғы қыркүйек айының ішінде мақта теріп жүрген колхозшылардың арасына барып: “Колхоз тарайды, бұл жерге басқа үкіметтен адамдар келетін болды, жерді, суды солар алады”, — деп колхозшылар арасында кеңес үкіметіне, колхоз құрылысына қарсы контрреволюциялық үгіт, суық сөз таратқан. Тамғабаев 1937 жылы қараша айының 7 күні Қазан революциясының 20-жылдық мерекесіне дайындық жүріп жатқанда ауданға кетіп қалған. Сол күні колхоздың бригадирі және басқа колхоз активтері Қазан мерекесін құрметпен өткізу үшін колхоз қамбасынан 2 пұт бидай алып, “сендердің істеген мейрамыңды, оны шығарған үкіметті”, — деп жүгенсіздік сөзбенен балағаттап, колхозшыларды ренжіткен.

1937 жылғы желтоқсан айының 7—8 күні СССР Жоғарғы Кеңесінің сайлауын өткізу жөнінде сондағы сайлау комиссиясының төрағасы Ақбердиев сайлау жұмысына байланысты ауылдық кеңестен көлік сұраған, ауылдық кеңес: “Ақбердиевке өзінің колхозыңнан көлік аласың”, — деп қолына қағаз берген, ауылдық кеңестің қағазы бойынша Ақбердиев колхоз ферма менгерушісінен көлік алған, бірақ колхоз төрағасы Тамғабаев көлік берген ферма менгерушісін ұрсып: “Ақбердиевке мінуге рұқсат еткен кеңестің және сайлаушының” — деп жүгенсіздікпен боқтаған. Тамғабаев аз күннің ішінде колхозшылар арасында үш рет теріс сөз сөйлеп, контрреволюциялық үгіт таратқан. Сонымен қатар колхозшылар арасында ру жігін қоздырып, іріткі салған және жазықсыз колхозшыларды сабау, соғу, боқтау сияқты дөрекілікпен бірнеше рет жәбір көрсеткен, осының салдарынан колхоздан 7 үй барлық жұмыс адамымен басқа жерге көшіп кеткен. Тамғабаев колхоздың Уставын бұзып, колхоз қаржысынан 1527 сом ақшаны өзінің жеке басының пайдасына жаратқан және бір қойды сойып жеген. Колхоздың бір атын 1000 сомға сатып, 400 сомды өзінің пайдасына жаратып жіберген.

Осы қылмыстары үшін Тамғабаев Әжібек Жаңақорған аудандық прокурорының 1938 жылғы 23 ақпандағы қаулысымен тұтқынға алынып, РСФСР ҚК-ның 58—10 бабымен қылмыстық іс қозғалған.

Тергеу ісі сол жылғы тамыз айының 28 күні аяқталып, айыптау қорытындысы 29 тамызда шығарылған. Істі Қызылорда облыстық прокурорының қарауына жіберген. Қызылорда облыстық прокурордың 1938 жылғы 8 қыркүйектегі қаулысымен және облыстық соттың дайындау мәжілісінің 29 қыркүйектегі қаулысымен айыптау қорытындысы бекітілген.

Қызылорда облыстық сотының көшпелі сессиясының 1938 жылғы қазан айының 11 күнгі үкімімен Тамғабаев Әжібек 10 жылға бас бостандық еркінен айыруға, 5 жылға сайлау-сайлану құқын жоюға, өзіне тиісті мал-мүлкін тәркілеуге сотталған.

Қазақ ССР Жоғарғы Сотының қылмысты істер қарайтын сот коллегиясының 1938 жылғы 19 жел-

тоқсандағы ұйғаруымен Қызылорда облыстық сотының 1938 жылғы 11 қазандағы үкімі күшінде қалдырылған, сотталушы Тамғабаевтың шағым арызы нәтижесіз тасталған.

Қазақ ССР прокуратурасының қылмысты істер қарайтын сот бөлімінің 1941 жылғы мамыр айының 13 күнгі қорытындысы бойынша Тамғабаев туралы шығарылған Қызылорда облыстық сотының үкімін дұрыс деп тауып, шағымды аяқсыз қалдыруға, істі архивке жолдап, мұнан былай бақылау ісін қысқартуға ұйғарған.

Қазақ ССР прокуроры орынбасарының 3 дәрежелі Мемлекеттік заң кеңесшісі бақылау ретінде Тамғабаев ісі жөнінде Қазақ ССР Жоғарғы сотының Президиумына жолдаған наразылығы бойынша Қызылорда облыстық сотының 1938 жылғы 11 қазанда шығарған үкімін және Қаз ССР Жоғарғы сотының қылмысты істер қарайтын сот коллегиясының 1938 жылғы 19 желтоқсандағы ұйғаруын бұзып, сотталушы Тамғабаевтың өрекетінде қылмыс сипаты болмағандықтан істі қысқартуды сұраған. Ол толық ақталған.

Жаңақорған аудандық “Екпінді” газетінің 1937 жылғы 4 қазандағы номерінде жарияланған “Әжібек пен Әбіш малдың жауы” деген мақала.

Мал шаруашылығын өсіру ұлы міндеттің ең күрделісі болып саналады. Мирзоян колхозының басшылары орынсыз мал сойып, зиянкестік істеп келді. Мирзоян колхозының председателі Тамғабаев Әжібек үнемі ұрғашы, өсуге тиісті малдарды сойып, саттырып, саудагерлік істеумен жүр.

Әжібек август айының ішінде өзінің ағасы мен жеңгесін жібертіп, Жаңақорғандағы тері дайындау союзының жұмыскері Әбіш арқылы доктордың рұқсат қағазынсыз екі ұрғашы қойды ұрлап, етінің kilosын 10 сом, майының kilosын 12 сомнан сат-қызды. “Доктордан қағаз алмай, ұрғашы малды союға бола ма екен?” десең “ешкім білмейді ғой, бұл ту қой еді”, — деп күмілжиді. Әжібек пен Әбіштің ежелгі “кәсібі” осы.

Әжібек Тамғабаев бұл қылығын қоймаса Мирзоян колхозында мал шаруашылығы өркендейтін, өсетін түрі жоқ. Әжібек пен Әбіш малдың жауы. Заң орындары мал шаруашылығының Әжібек, Әбіш секілді зиянкестеріне ескерткен жөн болар еді.

“Екпінді” газетінде 1937 жылғы 8 қазанда жарияланған “Әжібектің жемқорлығы” — деген мақалада: Мирзоян атындағы колхоздың председателі Тамғабаев Әжібек колхоз өндірісіне нақты басшылық ету орнына үнемі зиянкестік істеумен келеді. Колхоздың тергеу комиссиясының тергеу қорытындысы бойынша Әжібек колхоз қорынан 1527 сом, 1 қой, 1 ешкі, 1 қашарды бас пайдасына жаратып жіберген. Бірақ Әжібек әлі күнге дейін колхоз председателі болып қызмет істеп жүр. Мойнындағы қарызынан әлі құтылған жоқ.

Колхоз шаруашылығына осыны зиян келтірумен қатар, колхозшылар арасында теріс үгіт таратып: “Колхозда ортақтастырылған малдарың жоқ болса кете беріңдер, астық жоқ, ашығасындар, — деп контрабандылық агитация жүргізіп жүр. Тамғабаев Әжібек “менің қылмысымды бүркеңдер”, — деп сентябрьдің 14 күні бір қой сойып, колхозшыларды үйіне қонаққа шақырды, жәрдем сұрады.

Әжібектердің жолсыздықтары жайлы, оның басты-басты зиянкестік қылмыстары, колхозшыларды ұрып, азар беріп сабағандықтары туралы бұдан бұрын да “Екпінді” газетінде бірнеше жазылған. Ал, заң орындары бұл іс жайлы жұмған ауызын ашқан жоқ, колхозды ішінен ірітіп, колхоз шаруашылығын өзі бас болып талан-таражаға түсіріп отырған Тамгабаевтың өрескіл зиянкестіктері аяқсыз қалмағаны жөн.

Әжібектен 1527 сом, 1 қой, 1 ешкі, 1 қашар сөзсіз өндірілуге тиіс. Мирзоян атындағы колхоздың колхозшылары одан осыны тілеп отыр.
Колхозшы.

Газет редакциясынан: Әжібектің бұл жемқорлығы ірі қылмыс. “Колхозшының” бұл хабарын заң орындары тез тексергенін талап етеміз.

ТЕН Дмитрий Семенович родился в 1907 году в ДВК, кореец, образование высшее, беспартийный, до ареста проживал в Жанакурганском районе, работал учителем. Он обвиняется в том, что являлся агентом японских разведорганов, по заданию которых активно проводил антисоветскую, контрреволюционную провокаторскую агитацию среди корейского населения, а также шпионско-диверсионную, террористическую и подрывно-вредительскую деятельность, за что арестован и привлечен к уголовной ответственности. Постановлением тройки при УНКВД по Южно-Казахстанской области от 8 февраля 1938 года осужден к высшей мере наказания — расстрелу. Он реабилитирован 7 сентября 1989 года.

ТОЛСТИКОВ Георгий Семенович родился в 1911 году в Чкаловской области, русский, образование неполное среднее, беспартийный, до ареста проживал в Жанакорганском районе, работал секретарем подхоза “Горняк”. Он обвиняется в том, что являлся участником контрреволюционной, террористической, диверсионной организации, по заданию которого проводил антисоветскую, провокаторскую агитацию и шпионско-диверсионную, подрывно-вредительскую деятельность, за что арестован и привлечен к уголовной ответственности. Приговором Кызылординского областного суда от 17 января 1950 года осужден на 10 лет лишения свободы. Он реабилитирован 2 апреля 1991 года.

ТӨРЕҚҰЛОВ Нәзір Қандоз ауылдық кеңесі территориясында (бұрын Оңтүстік Қазақстан облысы, Түркістан ауылына қараған) 1892 жылы туған, жоғары білімді, қоғам және мемлекет қайраткері, БК(б)П мүшесі, Түркістан Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің хатшысы, Түркістан Орталық Атқару Комитетінің төрағасы болып қызмет істеген. Тағы басқа бірнеше қоғамдық, мемлекеттік, журналистік қызметтер атқарған.

ССРО Ішкі істер Халық Комиссарының 1937 жылғы 15 шілдедегі № 2891 ордері бойынша Мәскеу қаласында тұрып, Мәскеу және Ленинградтағы Шығыс халықтары институтының (бұл Иса Тоқтыбаев басқарған курс болатын) ғылыми қызметкері, оқу бөлімі жөніндегі проректоры қызметтерін атқарып тұрғанда “Халық жауы” ретінде түрмеге жабылды да, РСФСР Қылмыс Кодексінің 58 бабының 8 және 11 бөлімдері бойынша оған 1931 жылдан бастап ке-

нес өкіметін құлатуды мақсат тұтқан пан түрікшіл диверсиялық террорлық ұйымның белсенді мүшесі болды, осы ұйымның басшысы Тұрар Рысқұловпен тығыз қарым-қатынаста болды, соның тапсырмасымен 1936 жылы түрік барлаушысы Мұстафа Шоқаймен байланысқа шығып, Түркияның мүддесі үшін тыңшылық қызмет атқарды, революцияға қарсы түркішілдікке үгіттеп, Кеңес үкіметінің бшыларымен күресте террорлық тәсілдерге шақырып отырған — деп жалалы айыптар тағып, оны жоғары қылмыстық жаза — атуға, оған тиесілі дүниемүлкін тәркілеуге үкім шығарылды.

Үкім 1937 жылғы 3 қарашада орындалған.

ССРО Жоғарғы сотының әскери коллегиясы 1958 жылғы 28 қаңтардағы № 4 Н-0740157 шешімі бойынша Нәзір Төрехұловаға жала жабылғанын, оның қызметі мен өмірінде халыққа жау болып саналатындай қылмыстық әрекеттің жоқтығын анықтап, оны толық ақтады.

ТУМАН Маит Константинович родился в 1906 году в Орском районе Чкаловской области, образование средне-специальное, беспартийный, до ареста проживал в пос. Жанакорган, работал техником-строителем райисполкома. Он обвиняется в том, что являлся участником контрреволюционной, троцкистско-бухаринской террористической организации активно проводил антисоветскую, провокаторскую агитацию и шпионско-диверсионную, подрывно-вредительскую деятельность, за что арестован и привлечен к уголовной ответственности. Приговором Особого Совещания при МГБ СССР от 21 сентября 1949 года осужден на 10 лет лишения свободы. Он реабилитирован 12 июля 1977 года.

ТҮРКПЕНБАЕВ Самбет Аққорған ауылдық кеңесі, “Келінтөбе” колхозында 1909 жылы туған, байдың баласы, шала сауатты, партияда жоқ, өрт сөндіруші болып жұмыс істеген, үйленбеген, 1941 жылы Жаңақорған аудандық НКВД бөлімі арқылы ұрлық жасағаны үшін тұтқынға алынып, тергеуде болған, сотталмаған, тұрған жері “Келінтөбе” колхозы.

Түркпенбаев Самбет “Келінтөбе” колхозында тұрып, іш пікірі кеңес үкіметіне қарсылық ниетте жүріп, үнемі халық арасында кеңес үкіметіне қарсы контрреволюциялық үгіттер таратып келген. Мәселен, 1944 жылғы қаңтар айында өзінің үйінде Дәулетшев пен Сикымбаеваға кеңес үкіметін қаралап, Қызыл Армияға тілін тигізіп, кеңес хабаршы бюросымен, радио, газет хабарларына сенімсіздік туғызып, өтірікке айналдырған. Көкбарбаевтың үйінде Қамбаров тағы басқалардың көзінше кеңес үкіметін сөгіп, жаман сөздермен балағаттаған, кеңес заңына тілін тигізген. Фашистік Германияның қарулы күштерін мақтап, ол “Кеңес үкіметін женең”, деп лақап таратқан. 1944 жылдың қаңтар айында “Бес Арық” стансасында тұрған поезға кедергі жасауға оқталған.


Осы қылмысы үшін Түркпенбаев Самбет Жаңақорған МГБ бөлімінің 1946 жылғы 23 мамырдағы қаулысымен тұтқынға алынып, РСФСР ҚК-ның 58 бабының 10 тармағы 1 бөлімімен қылмыстық іс қозғалған.

Тергеу ісі сол жылғы 5 маусымда аяқталып, айыптау қорытындысы 13 маусымда шығарылған. Оны Қызылорда облыстық МГБ Басқармасының басты-

ғы 14 маусымда облыстық соттың дайындау мәжілісінің 1946 жылғы 1 шілдедегі ұйғаруымен бекіткен. Қызылорда облыстық соттың қылмысты істер қарайтын сот коллегиясының 1946 жылғы 19 шілдедегі үкімімен айыпкер Түркпенбетов Самбет 5 жылға бас бостандық еркінен айыруға, 3 жылға сайлау-сайлану құқық жоюға, мал-мүлік тәркілеуге сотталған. Қазақ ССР Жоғарғы Сотының қылмысты істер қарайтын сот коллегиясының 1946 жылғы 13 тамыздағы ұйғаруымен Қызылорда облыстық соттың үкімі күшінде қалдырылған, сотталушының шағым арызы нәтижесіз тасталған. ҚК-ның 58-бабы 10 тармағының 1 бөлімінде тергеу жазасы көрсетілмегендіктен “сотталушы Түркпенбетовтың мал-мүлік тәркіленсін”, — деген жаза сот үкімінен шығарылып тасталған. Қазақ ССР прокуроры орынбасарының бақылау ретінде С. Түркпенбетовтың ісі бойынша Қазақ ССР Жоғарғы сотының Президиумына 1990 жылғы 17 қаңтарда жолдаған наразылығы бойынша Түркпенбаев Самбет жайлы Қызылорда облыстық сотының 1946 жылғы шілде айының 19 күнгі үкімін, Қазақ ССР Жоғарғы сотының 1946 жылғы тамыз айының 13 күнгі ұйғаруын бұзып, оның өрекетінде қылмыстың құрамы болмағандықтан қықартуды сұраған. Қызылорда облыстық прокурорының қорытындысымен Түркпенбаев Самбет ССР Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1989 жылғы 14 қаңтардағы жарлығының негізінде толық ақталған.

У

УСПАНОВ Джамалды родился в 1895 году в селе Шарой, Шаройского района, Грозненской области,



по национальности чеченец, неграмотный, беспартийный, ранее не судим, до ареста проживал в совхозе “Горняк” Жанакурганского района, работал сторожем совхоза, семейный, жена — Успанова Хайсат, дочь — Успанова Хайна.

Успанов Джамалды как спешерселенец, проживая в поселке “Тумен Арык” Жанакурганского района, и, проявляя свою враждебность по отношению к советской власти, систематически проводил среди населения антисоветскую агитацию, при этом возводил клевету на советскую действительность, дискредитировал мероприятия партии и советского правительства, восхваляя дореволюционный царский режим, предсказывал возникновение новой войны и поражения в ней Советского Союза.

За эти преступления Успанов Джамалды постановлением Оперуполномоченного Управления МГБ по

Кызылординской области от 28 декабря 1948 года арестован и возбуждено уголовное дело по ст. 58 п. 10 ч. 1 УК РСФСР.

Следствия по делу окончено 26 февраля 1949 года, обвинительное заключение составлено 28 февраля и утверждены зам. нач. УМГБ Кызылординской области и зам. прокурором области от 8 марта, определением Судебной коллегии по уголовным делам Кызылординского областного суда от 11 марта 1949 года.

Приговором Судебной коллегии по уголовным делам Кызылординского областного суда от 25 марта 1949 года Успанов Джамалды осужден на 10 лет лишения свободы с последующим поражением избирательных прав сроком на 5 лет.

Определением Судебной коллегии по уголовным делам Верховного суда Казахской ССР от 30 апреля 1949 года приговор судебной коллегии Кызылординского облсуда от 25 марта 1949 года оставлен в силе, жалоба осужденного Успанова осталась без удовлетворения.

Протестом в порядке надзора по делу Успанова Дж. первого заместителя прокурора Казахской ССР адресованный в Президиум Верховного суда Казахской ССР от 5 октября 1989 года просил приговор Кызылординского областного суда от 25 марта 1949 года и определение судебной коллегии по уголовным делам Верховного суда Казахской ССР от 30 апреля 1949 года в отношении Успанова Джамалды отменить с прекращением дела производством за отсутствием в его действиях состава преступления. Он реабилитирован.

Ф

ФЕДОСОВ Алексей Андреевич родился в 1877 году в селе Булгурино, Везовского района, Сталинградской области, русский, малограмотный, беспартийный, до ареста проживал в пос. Жанакорган, работал химмастером. Он обвиняется в том, что являлся участником контрреволюционной троцкистско-бухаринской террористической организации, активно проводил антисоветскую, провокаторскую агитацию пораженческого характера, восхвалял армию и военную технику фашистской Германии, проводил шпионско-диверсионную и подрывно-вредительскую деятельность, за что арестован и привлечен к уголовной ответственности. Приговором Кызылординского областного суда от 29 июля 1942 года осужден на 10 лет лишения свободы. Он реабилитирован 10 марта 1997 года.

ФИЛАТОВ Александр Кондратьевич родился в 1895 году в гор. Ржеве, русский, образование — среднее специальное, беспартийный, до ареста проживал в пос. Жанакорган, работал землеустроителем. Он обвиняется в том, что являлся членом контрреволюционной, троцкистско-бухаринской террористической националистической организации, по заданию которой систематически и активно проводил анти-

советскую, провокаторскую агитацию и шпионско-диверсионную, подрывно-вредительскую деятельность, за что арестован и привлечен к уголовной ответственности. Приговором Кызылординского областного суда от 8 февраля 1951 года осужден на 10 лет лишения свободы. Он реабилитирован 19 марта 1990 года.

ФОМЕНКО Александр Федосеевич родился в 1912 году в пос. Андреевский, Колокольцовского района, Куйбышевской области, украинец, гр-н СССР, малограмотный, беспартийный, до ареста проживал в пос. Тюмень Арык Жаңақорғанского района, работал в совхозе "Горняк" нормировщиком.

В 1931 году вместе с отцом и братьями был выслан из пределов области и жил в спецпоселках Петропавловской области.


По обвинительному заключению Фоменко А. Ф. являлся выходцем из социально-чуждой среды (сын кулака, спецпереселенца), будучи настроенным враждебно к советской власти, среди служащих совхоза систематически проводил антисоветскую агитацию, направленную на дискредитацию мероприятий партии и правительства, восхвалял боееспособность и техническую мощь армий капиталистических стран, создавал мнение среди служащих совхоза о мнимых больших потерях Красной Армии и на польском фронте, о чем якобы печать умалчивает, за что он постановлением ЭКО УНКВД по Кызылординской области от 17 декабря 1939 года арестован и привлечен к уголовной ответственности по ст. 58—10 УК РСФСР.

Приговором выездной сессии Кызылординского облсуда от 20 августа 1940 года Фоменко Александр Федосеевич осужден на 5 лет лишения свободы с последующим поражением в избирательных правах сроком на 2 года.

Определением Судебной Коллегии по уголовным делам Верховного Суда Казахской ССР от 10 сентября 1940 года приговор Кызылординского облсуда по делу Фоменко А. Ф. оставлен в силе, а жалоба осужденного оставлена без последствий.

По протесту в порядке надзора по делу Фоменко А. Ф. зам. прокурора Казахской ССР адресованный в Президиум Верховного Суда Каз. ССР от 23 февраля 1990 года просил приговор Кызылординского облсуда от 20 августа 1940 года и определение судебной коллегии по уголовным делам Верховного суда Казахской ССР от 10 сентября 1940 года в отношении Фоменко А. Ф. отменить, а дело прекратить за отсутствием состава преступления.

(В деле Постановления Верховного суда Каз. ССР нет) Он реабилитирован.



X

ХАСАНОВ Вахит Қостанай облысы, Жетіқара ауданы, № 6 Қайранкөл ауылдық кеңесінде 1909 жылы туған, негізі шаруа, сауатты, 1932 жылдан БК(б)П мүшелігіне кандидат, 1937 жылы осы іске байланысты партия қатарынан шығарылған, қамауға алынғанға дейін Жаңақорған аудандық қаржы бөлімінің менгерушісі болып қызмет атқарған, Жаңақорған станицасында тұрған, бұрын сотты болмаған, үйленген, әйелі— Нұржамал.

Хасанов Вахит аудандық қаржы бөлімінің менгерушісі болып жұмыс істеп жүріп, зиянкестік жұмыстар жүргізіп келген, аудандық денсаулық сақтау бөліміне бөлінген қаржыны бермеген, сөйтіп Шиелі және Бесарық учаскелеріндегі безгек стансасының құрылысын бұзған, зиянкестік мақсатпен Шиелі ауруханасына қаржы бөлмеген, соның салдарынан аурухананың төсек -орын, дәрі -дәрмек алуға, аурулардың тамағын жақсартуға қаржысы болмаған.

Хасанов аудандық қаржы бөлімінің аппаратына өлеуметтік жат элементтерді— бай Жұмабеков Уалиханды, бай Жұмабеков Мұхтарды, бай Алдабергенов Медетбекті, кооперация системасында бірнеше рет қаржыны талан-тараж жасап қуылған Әбдірашовты жұмысқа алған. Аудан мекемелеріне бөлінген қаржыға бақылау жасамау мақсатында 105 мың сомның қаржы іс қағаздарын жасырған, денсаулық сақтау органына 173700 сом қаржыны әдейі бөлмеген. Жұртшылық арасында контрреволюциялық, ұлтшылдық насихат таратқан. 1937 жылдың қыркүйек айында почта кеңсесінің жанында селолық кеңестің төрағасы Сафоновпен өңгімелесіп тұрып Хасанов оған "Өзіңнің Украинаға кетіп, сол жақта жұмыс істе, ал Қазақстан сендерсіз—хохолдарсыз-ақ өмір сүре алады"— деп ұлтшылдық сөз айтқан. Осы қылмысы үшін Хасанов Вахит Жаңақорған аудандық НКВД бөлімінің 1937 жылғы 22 қарашадағы қаулысымен тұтқынға алынып РСФСР ҚК-ның 58 бабының 9, 11 тармақтарымен қылмыстық іс қозғалған.

Тергеу ісі аяқталып, айыптау қорытындысы шығарылған, оны Оңтүстік Қазақстан облыстық НКВД Басқармасының бастығы бекіткен.

Оңтүстік Қазақстан облыстық НКВД Басқармасы жанындағы үштіктің 1937 жылғы 30 желтоқсандағы қаулысымен Хасанов Вахит 10 жылға концлагерьге сотталған.

Хасанов Вахит сотталғаннан кейін СССР НКВД-ның Волголагины, Рыбинск гидроузели, Левый берег, 7 строй участогына айдалған, лагерьге 1938 жылдың 25 мамырында келген.

Хасанов Вахиттың бірнеше рет жазған шағым-арыздарына байланысты қайта тергеулер жүргізіліп, соның негізінде Қызылорда облыстық прокурор Қызылорда облыстық НКВД Басқармасының бастығына 1941 жылдың 24 қаңтарында Хасановтың ісі жөнінде наразылық жолдаған. Онда Хасановтың әрекетінде контрреволюциялық қылмыстық белгісі жоқ

екендігі, сондықтан СССР НКВД-ның Ерекше Мәжілісіне Оңтүстік Қазақстан облыстық НКВД Басқармасы жанындағы бұрынғы үштіктің 1937 жылғы 30 желтоқсандағы қаулысын бұзды, Хасановты қамаудан босатуды сұраған.

Қызылорда облыстық НКВД Басқармасының тергеу бөлімшесінің 1941 жылғы 29 ақпандағы қорытындысы бойынша Оңтүстік Қазақстан облыстық НКВД Басқармасы жанындағы бұрынғы үштіктің қаулысын қайта қарау және Хасанов Вахиттың жаңа мерзімін нақты отырған күніне жатқызу туралы СССР НКВД-ның Ерекше Мәжілісіне мәселе қоюды дұрыс деп тапқан.

Қызылорда облыстық НКВД Басқармасының СПО-ның 1941 жылғы 29 қыркүйектегі қаулысымен Хасанов Вахиттың архивтік ісі тергеу өндірісінен тоқтатылған, істі Қызылорда облыстық НКВД Басқармасының бірінші арнайы бөлімшесіне сақтауға тапсырылсын делінген.

Қызылорда облыстық НКВД Басқармасының СПО-ның 1942 жылғы 20 тамыздағы қорытындысы бойынша Оңтүстік Қазақстан облыстық НКВД Басқармасының жанындағы бұрынғы үштіктің қаулысын қайта қарап, Хасанов Вахиттың жаза мерзімін нақты отырған күніне шегеру туралы СССР НКВД-ның Ерекше Мәжілісіне мәселе қоюды, істі Ерекше Мәжіліске жіберу жөнінде шешім қабылдаған. Қызылорда облыстық прокуроры орынбасарының 1989 жылғы 16 қазандағы қорытындысымен Хасанов Вахит СССР Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1989 жылғы 16 қаңтардағы Жарлығының негізінде толық ақталған.

СПРАВКА -ХАРАКТЕРИСТИКА

З/К Хасанов Вахит, 1909 года рождения. Осужденный Тройкой УНКВД по Южно-Казахстанской области от 30—ХІ—1937 года за проводимую контрреволюционную деятельность осужден на десять лет ИТЛ с началом срока 22—ХІ—1937 года.

Содержится в Волголаге НКВД с 25.ІІ—1938 г. За данный период времени з/к Хасанов использовался в качестве разнорабочего на сооружениях гражданского строительства Рыбинского гидроузла, производственное задание в среднем выполнял на 108 процентов, дисциплинирован, взысканий не имеет.

В данное время работает землекопом, норму выполняет, как на производстве, так и в быту дисциплинирован.


Зам. нач. 2-го Отделения
Рыбинского Гидроузла: (СМИРНОВ)
30 июня 1941 года.

ХОЛОПОВ Петр Павлович родился в 1897 году в гор. Новокузнецке, русский, образование начальное, беспартийный, до ареста проживал в поселке Жанакорган, работал заведующим заготовительного пункта. Он обвиняется в том, что активно проводил антисоветскую, контрреволюционную, террористи-

ческую агитацию и подрывно-вредительскую деятельность, за что арестован и привлечен к уголовной ответственности. Приговором Специальной Коллегии Казахского отделения Верховного Суда РСФСР от 19 октября 1935 года осужден на 5 лет лишения свободы. Он реабилитирован 19 апреля 1990 года.

Ч

ЧАУШ Мустафа Абдурахманович родился в 1892 году в селе Гулембей, гор. Бахчисарай, Крымская АССР,



татарин, гр-н СССР, образование— окончил сельскую школу, учился в Турции, беспартийный, до ареста проживал в пос. Жанакорган, работал в подсобном хозяйстве огородником. В 1934 году судим по закону от 7 августа 1932 года, в 1939 году из-под стражи освобожден в связи с прекращением его дела. По обвинительному заключению Чауш М. А. в прошлом дважды осужден по закону 7 августа на 10 лет лишения свободы и за шпионскую

работу на 6 лет лишения свободы, среди работников курорта систематически проводил контрреволюционную клеветническую агитацию, направленную против Советского Союза, за что он постановлением Межрайонного отделения НКГБ Шиилинского района от 15 июля 1941 года арестован и привлечен к уголовной ответственности по ст. 58—10 ч. 2 УК РСФСР.

Приговором судебной коллегии по уголовным делам Кызылординского облсуда от 23 августа 1941 года Чауш Мустафа Абдурахманович осужден на 8 лет лишения свободы с последующим поражением в избирательных правах сроком на 2 года с конфискацией имущества.

Определением судебной коллегии по уголовным делам Верховного суда Казахской ССР от 29 октября 1941 года приговор по данному делу оставлен в силе, а жалоба осужденного без последствия.

По протесту в порядке надзора по делу Чауш М. А., адресованный в Президиум Верховного Суда Казахской ССР Первого Заместителя прокурора Казахской ССР от 12 декабря 1989 года просил приговор Кызылординского облсуда от 20 апреля 1941 года и Определение Судебной Коллегии Верховного Суда Казахской ССР от 31 января 1942 года в отношении Чауш М. А. отменить, дело производством прекратить за отсутствием в его действиях состава преступления.

(В деле нет Постановления Президиума Верховного Суда Казахской ССР).

Он реабилитирован.

ЧУВИЛЕВА Анна Ивановна родилась в 1898 году в Красновском районе, Тамбовской области, русская, малограмотная, беспартийная, до ареста проживала в пос. Жанакорган. Она обвиняется в том, что являлась участницей контрреволюционной, троцкистско-бухаринской, диверсионной, террористической организации, по заданию которой проводила антисоветскую, провокаторскую агитацию и шпионско-подрывную вредительскую деятельность, за что арестована и привлечена к уголовной ответственности — осуждена 7 февраля 1950 года по ст. 58—10 ч. 1 УК РСФСР на 10 лет лишения свободы. Она реабилитирована 17 декабря 1996 года.

III

ШАНИН Жайғазым Әкімұлы Батыс Қазақстан облысы, Жымыты ауданында 1896 жылы туған, кейін Жанакорган курортында тұрған, курорттың директоры болып қызмет атқарған, сауатты, БК(б)П мүшесі. Ол контрреволюциялық-ұлтшылдық фашистік ұйымның белсенді мүшелерінің бірі болған, “халық жауларымен” тығыз байланыс жасап, 1929—1931 жылдары Еңбекші Қазақ аудандық партия комитетінің хатшысы болып тұрған кезінде колхозшыларды сабағаны үшін партиядан шығарылған. Жаңакорган курортының директоры болып тұрған кезінде курорттың шаруашылығын құлатып, ақша қаржатын талан-таражға салған. Жаңакорган аудандық НКВД бөлімінің 1937 жылғы 21 қазандағы қаулысымен тұтқынға алынып, РСФСР ҚК-ның 58 бабының 7, 8 тармақтарымен қылмыстық іс қозғалған. Оңтүстік Қазақстан облыстық НКВД Басқармасы жанындағы үштіктің 1938 жылғы 14 ақпандағы қаулысымен ең жоғары жаза — ату жазасына сотталған. 1989 жылғы тамыздың 30 күні облыстық прокурор архивтік қылмысты істі қайта қарап, өзінің қорытындысымен Шанин Жайғазымды оның әрекетінде қылмыстың белгісі болмағандықтан мүлдем ақталған.

ШЕКТІБАЕВ Шәмәт № 1 Бесарық ауылдық кеңесі, Ворошилов атындағы колхозда 1887 жылы туған, әлеуметтік негізі — ірі бай және болыс болған, мал-мүлкі бай ретінде тәркіленген. 1930 жылы ОГПУ органы арқылы бай ретінде тұтқынға алынған, шала сауатты, партиядан жок, қамауға алынғанға дейін Ворошилов атындағы колхозда колхозшы, үйленген, әйелі— Болтай, балалары— Төлеген, Өтеген, Мақаш, Тұрғанкүл. Шектібаев Шәмәт Кеңес үкіметіне жауыздық ғында болған, Ворошилов атындағы колхоздың колхозшылары арасында үнемі үкіметке қарсы контрреволюциялық үгіт таратып, фашистік Германияның қарулы күшін және оның басшыларын мадақтаған. Сонымен қатар ол бұрын ірі байдың баласы және өзі де ірі бай, болыс болып, адам жалдаған, сол үшін 1930 жылы ГПУ органы арқылы тұтқынға алынған, тұтқыннан босағаннан кейін кеңес үкіметінің құрылысына қарсы болған ол колхозшылар арасында мемлекетке астық және басқа ауылшаруашылық өнімдерін тапсыруға қарсы үгіт жүргізген.

Осы қылмысы үшін Шектібаев Шәмәт Жаңакорган аудандық НКВД бөлімінің 1943 жылғы 23 мамырдағы қаулысымен тұтқынға алынып, РСФСР ҚК-ның 58 бабының 10 тармағы, 2 бөлімімен қылмыстық іс қозғалған.

Тергеу ісі сол жылғы 17 шілдеде аяқталып, айыптау қорытындысы 20 шілдеде шығарылған, оны Қызылорда облыстық НКВД Басқармасының бастығы 26 шілдеде, облыстық прокурордың орынбасары 31 шілдеде және облыстық соттың қылмысты істер қарайтын сот коллегиясының дайындау мәжілісінің 21 тамыздағы ұйғаруымен бекіткен.

Шектібаев Шәмәт Қызылордадағы № 10 түрмеде 1944 жылғы 5 ақпанда өкпе туберкулезі ауруынан қайтыс болған.

Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасы бөлім бастығының 1996 жылғы 13 қыркүйектегі қорытындысымен Шектібаев Шәмәт Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 14 сәуірдегі заңының негізінде толық ақталған.

ШИПИЛОВ Петр Акимович родился в 1883 году в Куйбышевской области, русский, малограмотный, беспартийный, до ареста проживал в пос. Жанакорган, работал плотником. Он обвиняется в том, что являлся участником контрреволюционной, националистической, диверсионной организаций, по заданию которой проводил антисоветскую, провокаторскую агитацию и шпионско-террористическую, подрывно-вредительскую деятельность, за что арестован и привлечен к уголовной ответственности. Приговором Кызылординского областного суда от 7 сентября 1944 года осужден на 10 лет лишения свободы. Он реабилитирован 4 мая 1990 года.

ШУМАНОВ (ШОМАНОВ) Ниязбай “Жаңа Құрылыс” ауылында 1902 жылы туған, сауатсыз, үйленген, бұрын сотталмаған, Жаңакорган АӘК арқылы әскер қатарына алынып, 1264 АП құрамында қатардағы жауынгер ретінде Отан соғысына қатысқан. 1942 жылдың 30 қыркүйегінде қорқақтық жасап, ұрысқа қатыспау амалымен өз қолын өзі атқан. Осы қылмысы үшін Шуманов Ниязбай 380 АД НКВД-ның Ерекше Бөлімінің 1942 жылғы 1 қазандағы қаулысымен ең жоғары жаза — ату жазасына кесілген. Сол күні ол жауынгерлер сапының алдында атылған.

Қазақстан Республикасы Бас Әскери прокурордың аға көмекшісі, юстиция полковнигі А. Б. Шегировтың осы қылмысты іс жөнінде шығарған қорытындысы бойынша Шуманов Ниязбай сот органысыз НКВД Ерекше Бөлімінің қылмысымен ең жоғары қылмыстық жазаға ұшыраған, сондықтан ол толық ақталуға жатады делінген.

Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 14 сәуірдегі Заңының 5 бабы, “Г” пунктіннің негізінде Шуманов Ниязбай 1998 жылғы 27 маусымда толық ақталған.

Ц


ЦОМАЕВ Хамид родился в 1890 году в Урус-Мартанском районе, Чечено-Ингушской АССР, чече-

нец, малограмотный, беспартийный, до ареста проживал в Жанакорганском районе, не работал. Он обвиняется в том, что являлся участником контрреволюционной, террористической, националистической организации, по заданию которой активно проводил антисоветскую, провокаторскую агитацию среди чеченского населения и шпионско-диверсионную, подрывно-вредительскую деятельность, за что арестован и привлечен к уголовной ответственности.

Приговором Кызылординского областного суда в 1948 году осужден на 10 лет лишения свободы. Он реабилитирован 10 ноября 1995 года.

Ы

ЫБРАЙЫМОВ (ИБРАГИМОВ) Баймахан № 17 Жайылма ауылдық кеңесінде 1911 жылы туған, шала



сауатты, партияда жоқ, “Жайылма” колхозының мүшесі, діни және ұлттық қағидаларды пайдалана отырып, колхозшылар арасында кеңес үкіметіне қарсы үгіт жүргізген, 1941 жылғы 22 маусымда өзін “көріпкел әулие” санап, алдағы уақытта үлкен апат — оба ауруы болады деп жұртты үркіткен, осы жылғы 21 маусымда басталған Отан соғысы кейбір тұрақсыз элементтердің сенімін туғызған. Енді Баймахановқа “әулие” ретінде

әйелдер ауру балаларын көрсетуге, түкіртуге екелетін болған, ол ауыл-ауылды аралап, құдайға

жалбарынып, кеңес үкіметінің құлауы, соғысқа кеткендердің ауылға аман-есен келуі үшін құрбан шалуға үгіттеген, колхоз құрылысына қарсы шығып, астығы мен малын талан-таражға салуға шақырған — деп айып тағылып, Жаңақорған аудандық НКВД бөлімінің 1941 жылғы 28 желтоқсандағы қаулысымен тұтқынға алынып, РСФСР ҚК-ның 58 бабының 10 тармағы, 2 бөлімімен қылмыстық іс қозғалған.

Қызылорда облыстық НКВД Басқармасы СПО-ның 1942 жылғы 19 наурыздағы қаулысымен Б. Ыбрайымовты айыптау ісі оның психикалық наукастығына байланысты жасаған қылмысына жауапты еместігі үшін тергеу өндірістен қысқартылып, ол қамаудан босатылған. Қызылорда облыстық прокурордың 1997 жылғы 25 сәуірдегі қорытындысымен Ыбрайымов Баймахан — СССР Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1989 жылғы 16 қаңтардағы Заңының негізінде толық ақталған.

Я

ЯКОВЛЕВ Гигорий Архипович родился в 1905 году в селе Гриполье, Рязанской губерний, русский, образование начальное, беспартийный, до ареста проживал в пос. Жанакорган, работал каменщиком в маслопроме. Он обвиняется в том, что являлся участником контрреволюционной, троцкистско-бухаринской, террористической организации, по заданию которой активно проводил антисоветскую, провокаторскую агитацию пораженческого характера и шпионско-диверсионную, подрывно-вредительскую деятельность, за что арестован и привлечен к уголовной ответственности. Приговором Кызылординского областного суда от 4 ноября 1942 года осужден на 10 лет лишения свободы. Он реабилитирован 14 марта 1990 года.

Манаш Қозыбаев, академик

ФАСЫР ҚАСІРЕТІН АРҚАЛАҒАН АРЫСТАР

Көшпенді, жартылай көшпенді шаруаларды жаппай отырықшылыққа айналдыру, байларды зорлық-зомбылықпен төркілеу, кулактарды тап ретінде жою саясаты наразылық туғызды. Қазақстанның бір өзінде 372 қобалжулар, ал кейбір жерде көтерілістер де болды. Осы бір жағдайды мен бүкілхалықтық наразылық, қарсылық қозғалысы туындады деп айтар едім. Осынау ауыр шақта қазақ халқының кілегей қаймағы—ұлттық зиялы қауымына бас салды, оны қалқып алып, жоқ етті. Халық бассыз қалды.

Қуғын-сүргін саясаты тоталдық-жалпыламалық бағыт алды. 1929 жылы саяси желеумен 56498 шаруа айыпқа тартылып, оның 32 мыңнан астамы жазаға тартылды. 1931 жылы 5500 отбасы ұсталды және жер аударылды. 1929—1933 жылғы коллективтендіруге қарсы жасаған қарсылық, наразылық үшін 3386 шаруа атылды. 3—8 жыл мерзімге 131151 адам сотталып, лагерьлерге қамалды. 1930 жылы концлагерьлерге 110 мың гектар жер бөлінді. 1925 жылы 10 қыркүйекте Г. Л. Пятаков өзінің Ф. Дзержинскийге жолдаған хаттамасында қазақ сахарасы жер аударуға ыңғайлы,— деп жазды (қараңыз: Советские архивы М, 1991, № 4, с 72) 1930—1933 жылдар арасында аштықтан, жұқпалы аурулардан 2 млн. 200 мың қазақ шаруалары, басқаша айтқанда қазақ халқының 49 проценті қырылды. 1 млн. 130 мың адам босқындыққа ұшырады, олардың 676 мыңы қазақ еліне қайта оралмады.

1937—1938 жылғы террор барша елді жайлады, Қазақстанда 101 мың адам қуғын-сүргінге ұшырап, оның 27 мыңынан астамы атылды. Республика жеріне 25 елді мекен обсервациялар құрылды, оларға бүкіл одақтан 70 мыңнан астам жер аударылған кулактар айдалып өкелінді. Қазақ сахарасы ГУЛАГ-тың жүйесі жайлаған елге айналды, тек қана Қарлағтан 2 мыңға жуық қуғын-сүргінге ұшыраған халық өтті.

Иә, міне осылай ХХ ғасырдың бірінші жартысында ғана қазақ сахарасы бірнеше орыс төңкерісінің, Столыпиндік реформаны, 1916 жылы, 1921—1923, 1931—1933 жылдардағы аштықты, этноцид саясатын басынан кешірді. Қазақ халқы құрып кетудің алдында қалды. Қазақстандық халық-шаруашылық есеп басқармасының әр жылдың 1-маусымынан берген деректері бойынша республикада халық саны 1930 ж.—5,873 мың, 1931 ж.—5114 мың, 1932 ж.—3227 мың, 1933 ж.—2493,5 мың, 1934 ж.—2681,8 мың, 1935 ж.—2926 мың, 1936 ж.—3287,8 мың болыпты. (қараңыз: «История СССР», 1990, № 5, с. 21).

Басқаша айтқанда, республика халқы 1930—1933 жылдар арасында 3.379,5 мың адамға кемді.

«Егемен Қазақстан» 1994 жыл 12 тамыз
(қысқартылып алынды)

ЖАППАЙ ҚУҒЫН-СҮРГІНГЕ БАЙЛАНЫСТЫ ҚҰЖАТТАРДЫҢ ҚҰПИЯЛЫҒЫ АШЫЛДЫ.

Қуғын-сүргінге салу және адам құқығына қол сұғу үшін негіз болып табылған заң актілерінің, үкімет, партия және басқа органдардың шешімдері, сондай-ақ, ведомстволық актілердің құпиялығын ашу жөніндегі ведомствоаралық комиссия өз жұмысының алғашқы нәтижелері туралы ҚазТАГ-қа хабарлады. Ол «Жаппай саяси қуғын-сүргіннің құрбандарын ақтау туралы» Заңды жүзеге асыру мақсатында өткен жылы шілдеде республика Президентінің өкімімен құрылған болатын.

Орталық мемлекеттік архивтегі 1926 жылдан 1956 жылға дейінгі деректі материалдарды зерттеу мен қорығудың нәтижелері бойынша 16 құпия қор бойынша 3507 іс және жеке іс жөніндегі 12 қор бойынша 114 іс анықталды. Бұлардан 3501 істің құпиялығы ашылды.

Республика Президентінің архивіндегі БК(б)П Қазақ өлкелік комитетінің 1925 жылғы мамырдан және Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің 1988 жылға дейінгі қызметіне қатысты 319 құжаттың 311-інен құпиялық белгісі алынды.

Сондай-ақ Ұлттық қауіпсіздік комитетінің архивінде сақтаулы бұрынғы КСРО ішкі істер халық комиссариатының 1937—1938 жылдардағы нормативтік актілерінің құпиялығы ашылды.

«Егеменді Қазақстан» газеті,
1994 жылғы 1 наурыз.

ҚАЙТА ОРАЛУ

(МҮСТАФА Шоқай ескерткішіне)

Айта алмадық шындықты, айта алмадық,
Бет жүзінде дұшпанның қайтармадық.
Дүрбеленде бір-бірін қорғаштамай,
Ұстап беріп жаттық қой сайқалданып.

Алаулаған жанымен жалын атқан,
Кетгі талай боздақтар шаңырақтан.
Қара жер жатты сол кез күңіреніп,
Жайсаң жанды төу етіп төні батқан.

Айта алмадық сескендік айта алмадық,
Себептерін өздері айтар халық.
Қызылдардың қолына көсеу болған,
Отқа жаққан жандардан тайсалды анық.

Ұйқылы, ояу қазаққа қалғып жатқан,
Ауыр болды атағын аргымақ таң.
Бас көтерер болса егер шетке қуды,
Қызыл керуен кешегі шарпып атқан.
Заман солай кезінде көтермеді,
Ел асып, ер азамат көтермеді.

Айта алмадық кейін де, айта алмадық,
Қазақ деген, момақан, қайсар халық.
Егеменді ел болып, есін жиып,
Өткенімнің есесін қайтарды анық.

«Сыр бойы» 30 мамыр 2000 жыл.

«АЗА» КІТАБЫНЫҢ АЛҒАШҚЫ ТОМЫ

ОҚЫРМАНДАРЫНЫҢ ҚОЛЫНДА

Серік Пірназар, журналист.

Облыстық «Зерде» редакциясының қызметкерлері шын мәнінде де ерлікке пара-пар іс атқарды. Олар зұлматты жылдардың зобалаңын бастан кешіп, қуғын-сүргінге ұшыраған облыс түлектерінің тізімін өте қысқа мерзім ішінде түгендеп қана қоя салған жоқ, сол боздақтар туралы сыбызғыдай сызылтып сыр шертетін қалың том шығарып үлгерді. Аталмыш еңбек таяуда болып өткен нәубет құрбандарын еске алу күні алғаш рет оқырмандардың қолына тиді.

«Аза» кітабы негізінен екі томнан тұрмақшы. Оның Алматыдағы «Атамұра» корпорациясынан 34 баспа табақ болып басылып шыққан бірінші томына «Топ-тасқан қылмысты істердің хаттамасы» деген айдармен 317 топтама бойынша жауапқа тартылған 1868 адам туралы деректер мен дәйектер ұсынылған. Кітапқа тәркілеу басталған 1928 жылдан Иосиф Ста-

лин дүниеден озған 1953 жылға дейін саяси айыппен жауапқа тартылған Сыр бойы азаматтары аудандар мен қалалар бойынша бөлек-бөлек топтастырылып, әр жылға жекешеленіп беріліпті.

Бұл томда сондай-ақ халқымыздың тарихында орындары ерекше Мұстафа Шоқай, Нәзір Төреқұлов, Темірбек Жүргенов, Серәлі Лапин, Тұрмағамбет Ізтілеуов, ағайынды Қалжан, Әуелбек және Әлібек Қоңыратбаевтар, Ілияс Қабылов, Сүлеймен Есқараев сынды біртуар тұлғалар туралы да мақалалар жарияланыпты. Кітап өте жүйелі құрастырылып, авторлар ауқымын да барынша кеңінен қамтыған. Бұл ретте оның бас редакторы Хамит Ембергенов бастаған редакциялық алқаның біраз тыңдырымды да тыңғылықты жұмыс жасағаны байқалып тұр.

ҚЫЗЫЛОРДА.

«Егемен Қазақстан», 27 маусым, 2000 жыл.

«АЗА» КІТАБЫ: алғашқы том

Жазықсыз құрбан болғандардың есімін мәңгі есте сақтау мақсатында облыс әкімшілігі мен Ұлттық қауіпсіздік комитеті облыстық департаментінің келісімі бойынша «Боздақтар» естелік кітабының жалғасы ретінде «Аза» деген атпен екі томдық кітапты жарыққа шығару ұйғарылған болатын. Бұл мекеме бізге қамқорлық жасап, өзінің мұрағатының

есігін айқара ашуымызға мүмкіндік жасады. Жасыратын несі бар, бұрын ОГПУ, КГБ, НКВД-нің есігін ашу түгіл оның алдынан жүруге, тіптен атын атауға халық қауіптенетін еді.

Осы жолдың авторы бұл мекеменің мұрағатында екі жылға жуық отырып, жұмыс істеп, жүздеген пап-каларға тігілген, шаң басқан, қағаздары сарғыш тар-

тқан құжаттармен танысып, 4,5 мыңға жуық адамның іс-қағаздарын ақтарып, кітаптың қолжазбасын дайындады.

Араб, латын әріптерімен және орыс тілінде жазылған қаулыларды, хаттамаларды, айыптау қорытындыларын, үкімдер мен ұйғаруларды және наразылықтарды қазақ тіліне аударды. Әрбір боздақтың тұтқынға алынған кезде түсірілген суреттерін іс-қағаздарында барларын фотоға түсіріп алды. Уақытпен санаспай көп тер төгіп еңбектенудің арқасында республикада бірінші болып, «Аза» атты кітапты жарыққа шығарды. Бұл жерде айтуға тиістіміз, қазіргі қиыншылықтарға байланысты кітап шығару оңайға түскен жоқ. Облыс әкімі С. Нұрғисаев мырза қаржының тапшылығына, облыстың сан алуан қауырт жұмыстарына қарамастан бізге қамқорлық жасап, аудандардың «Боздақтар» естелік кітабы үшін берешек қарыздарын төлеуіне тікелей өзі бақылау жасауы арқасында ғана аудан әкімдері бетбұрыс жасай бастады. Соның нәтижесінде ғана «Аза» кітабының бірінші томы екі мың тиражбен қолымызға тиді. Бұл кітаптың шығарылуы облыс өміріндегі елеулі де игілікті іс болды.

Тоталитарлық режим кезінде ОГПУ өкілетті өкілдігі шектен шыққан зорлық-зомбылықпен талай зиялы азаматтарды топ-тобымен заңсыз қамауға алып, бір қаулымен үкім шығарған. Мәселен, «Аза» кітабының бірінші томындағы 333 топтамамен 1924 адам сотталған, оның 463-і ату жазасына кесілген.

Қазақстандағы ОГПУ өкілетті өкілдігі жанындағы

үштіктің 1930 жылғы 19 қарашадағы № 38 санды қаулысымен бірден 236 адам тұтқынға алынып, оның 118-і атылып кеткен. Ал, облыс бойынша 4,5 мыңға жуық адам сотталып, 1153-і өлім жазасына кесілген. Менің құжаттармен танысқандағы байқағаным, үкіметтің аттөбеліндей билеушілері мен олардың жер-жердегі «шаш ал десе, бас алатын» жандайшаптары өз халқына қарсы әділетке жатпайтын шектен шыққан заңсыздықпен жазықсыз адамдардың көзін жойған.

Қамауға алынған адам бірінші жауап алу кезінде өздеріне тағылған айыпты мойындамаған, ал, екінші жауап алу кезінде олардың еріксіз мойындауы бірден шүбә туғызады. Әйткені бұл жерде тергеу барысында заңсыз әдістерді пайдаланып, тақым бұрау салғаны салдарынан мойындауға мәжбүр болғандары айдан анық сезіліп тұр.

Жазықсыз жапа шеккендерді ішінара ақтау Сталин өлгеннен кейін, 1953 жылдан басталған. Ал, 60 жылдардың орта шенінде бұл жұмыс тоқырап қалды. Тек, 1989 жылдың 16 қаңтардағы СССР Жоғарғы Кеңесінің Жарлығының және Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 14 сәуірдегі «Жаппай саяси қуғын-сүргіндер құрбандарын ақтау туралы» заңының нәтижесінде ғана өткен жылдардағы орын алған заңсыздық толық жойылып, барлық жазықсыз жапа шеккендер ақтала бастады.

«Аза» атты кітап жазықсыз жапа шеккен аяулы арыстарымыздың есімдерін мәңгі есте қалдыратын аса құнды мұра болып табылады.

Х. Ембергенов,
«Боздақтар» естелік кітабының
бас редакторы.
«Сыр бойы», 4 шілде, 2000 жыл.

АЛАШОРДА КӨСЕМІНІҢ ҰЛЫ

Сергей Бөкейханов та аңдуда болған

Әлихан Бөкейхановтың ұлы Сергей Әлиханұлы Бөкейхановтың мамандығы инженер-геолог болғандығы белгілі. Дегенмен, 1930 жылы Мәскеу тау-кен академиясын бітірген соң жолдаманың реті солай түсті ме, сол тұста кенін игеру жүргізіліп жатқан Жезқазғанға келіп жұмыс істегендігін көпшілік қауым біле қоймайтын шығар. Ата-бабаларының тарихына қанық Қ. Сөтбаев жас қазақ маманын қуана қарсы алып, тәжірибе жинақтап ысылуына бас-көз болады.

Әуелде ол Жезқазған комбинатының директоры В. И. Ивановтың бұйрығымен Қарсақбайдағы геологиялық-барлау бөліміне жіберіліп, оны басшылыққа алады. Қабілетті адамға өзін танытуға уақыт өлшем емес қой. Бір жылдан кейін берген мінездемесінде Иванов, С. Бөкейхановтың іскер инженер, жақсы ұйымдастырушылық қырларын атап өтеді.

Солай болғанымен Жезқазған қалалық мемлекеттік мұрағатында сақталған құжаттарға қарағанда, оның басқан ізі, атқарған ісі әрдайым аңдулы, қатаң ба-

қылауда болғанға ұқсайды. Алашорда партиясы көсемі баласының үстінен тиісті органдарға анықтамалар жазылып жіберілуі соны көрсетеді. Мәселен, комбинат арнаулы бөлімінің бастығы жазған мінездеменің бірнешеуі инженер-геолог С. Бөкейхановтың жеке іс-парағына қоса тіркеліп отырған. Әйткенмен, өмірдің ашы сабағын ерте татқан жас Бөкейханов аса сақтық танытқан тәртізді. Қадағалау қанша қатаң болғанымен бөтен сөз, жасырын іс-әрекеті байқалмайды. Қайта міндетін адал атқаратын маман ретінде мойындалады.

Осындай мінездеменің біріне «С. Бөкейханов әлеуметтік жат ортадан шыққан. Өкесі алашордашылар жетекшілерінің бірі. Ол жұмыста өзін білікті маман тұрғысында көрсетті, қоғамдық жұмыстарға белсене қатысады. Өріптестері арасында сенімге ие. Тәртіпті, ұқыпты»,—деп жазылған. Сыртынан аңдушылардың өзін білмділігімен, орнықты мінезімен мойынсұнтқан жас Бөкейхановтың сонда да секем тудырмағаны тағы бірнеше мінездемеден аңғарылады.

Қаныш Сәтбаевтың, әрине, Сергей Әлиханұлының үйде де, кеңседе де, түзде де «қырағы көздер» назарында екендігін білгендігіне көдік жоқ. Ол тұста қоғамға қауіпті саналатын адамдармен араласып, қызметтес болғандар қоса бақылауға алынғандығы мәлім. Міне, осыған қарамастан Сәтбаевтың Бөкейхановты бауырына тартып, қолдап, қорғап, инженерлік қабілетін ұштауға қамқорлық жасауы — өкесіне деген құрметпен қатар оның бойынан ірі маман қасиетін танығандықтың белгісі екендігі даусыз. Іс-сапарларға шыққанда оған өзінің орынбасары міндетін жүктеп отыруы да тегін болмаса керек. 1934—35 жылдары Сергей Әлиханұлы Жезқазған аймақтық геологы қызметін атқарып, Қанекеннің

мәселені ақылдасып шешер серігіне айналады. 1935 жылы С. Ә. Бөкейханов Семей жақтағы Белоусов кеншіне геологиялық-барлау партиясы бастығының орынбасары болып тағайындалады. Қалалық мұрағаттағы бұл адамға қатысты мәлімет-деректер осымен үзіледі. Одан кейінгі уақытта өкесі Әлихан Бөкейханов аты-шулы ойранға ілігіп, қазаға ұшырағандығы белгілі. Жас Бөкейхановтың шаш ал десе бас алатын тым белсенді жергілікті аңдушылардан алыстауға тырысып, Мәскеуге кетуіне осы қайғылы оқиға түрткі болуы мүмкін. Әйтпесе, ол Жезқазғандағы сүйікті ісін жалғастыра берер еді.

Айқын Несіпбай,
«Егемен Қазақстан». 31 мамыр, 2000 жыл.

ЗАМАНА ҰЛАНЫ

«Ақтайлақ-Қалыңбастағы» шағын ауылдың (қазіргі Қармақшы ауданы, Ленин атындағы совхоз территориясында) тал түсте түндігін желпілдетіп кеткен оқыс оқиға — Есқараның жаман лашығын жығып тастап, қатпа інгенге тендей бастауы еді. Ата қоныстан ірге аударып, елден бөлініп қалаға көшкенді кім көрген. Әшейінде жер қозғалса қозғалмас Есқара өзі сияқты қисық тымақ келей-кепшіктермен дауға түскен жырынды билерше қоштасты.



— Елім, халқым саған ризамыз. Кіндік кесіп, кір жуған жер саған да өкпем жоқ. Құдай мал бермеді, жан берді. Сол жанның талқаны басқа жерден бұйырып тұр. Соған кетіп барамын. Жалғыз інген мен 5—6 аша тұяққа қарап 13

жанды қырамыз ба, қалаға кетіп барамын,— деді. Әшейінде иі қатты, адуын мінез өйелі Айпара да үнсіз. Қарға адым шықпаған адам ырду-дырдуы көп ояздық қалаға жөн тартқанда қалай ғана жүрексінесін. Шиеттіей қара домалақтардың тағдыры қалай болар екен. Көкейінде жатқан «Сүлейменді оқытсақ» деген бәсіре ойы жүзеге аса ма, жоқ па. Ауыл молдасының алдын көрген 12 жасар баланың зейіні мен талабы ауыл аймақтың қырына ілігіп-ақ қалған болатын. Айпараның күйеуі Есқараның мына оқыс қадамына қарсылық жасамай, айтқанына көнуінің бір ұшығы сонда жатыр. Мынан соң күні кеше қайтыс болған қайынағасы Төртқараның ең кенжесін бауырына қысып, жаулығының ұшымен көзінен аққан жасты сұртті де, жалғыз інгенді бетке алып, ілесе берді.

Ақмешіттің «Қырық кепесін» келіп қоныс тепкен Есқара да, уй іші де тосын тіршілікке үйрене алмай біраз жүрді. Ер жетіп қалған балаларды оқытамыз деген Айпараның ойы да әшейін қиял ғана болып

шықты. Ахмет те, Сейдәлі де, Сүлеймен де жұмыскерлікке көшті. Қалада кәсіп қылмасаң жан бағу қиын. Не тап келсе соны істейді. Бірақ қала өмірі қанша айтқанмен олардың көзін ашып, көңіліне саңылау түсірді.

Мұнда да зорлықшыл өмір салты қалыптасқан. Көп ұзамай оның ащы дәмін Сүлеймен де татты. Қаланың орталығында өкім көрсен, не қарнын өңгерген ауқатты бай-саудагер көрсен қоғалай жапырылып қалпағынды алып ізет көрсетуің керек. Алғашқы кезде көппен бірге бұл сүйекке сіңбеген намысқа тиетін одетті Сүлеймен де қайталап жүрді. Бірде вокзал алдында жан-жағындағы жұрт жапырылып жатқанда шекпен киіп, белін қайыспен байлаған балаң жігіт едірейген мұрты бар пристав Плавичкийге беркін алмақ түгіл, өдейі бұрылып та қараған жоқ. Сүлеймен мұны қайтер екен деп өдейі жасады. Аяғын билей басқан қара арғымақ үркек болмағанда сол жолы приставтың қаһарынан аман қалуы қиын еді. Ілеуде біреу болмаса бет қаратпайтын ұлыққа бүйтіп қалада ешкім қыр көрсете қоймайтын. Ал мына жас өспірім елден ерек соны істеді-ау. Оның ессен қала түрмесіне сол жолы 10 күн жатып шықты.

Революциялық ой-пікірдің кеңінен тарап, бүкіл орыс империясындағы озық ойлы адамдардың қуғын-сүргінге ұшыраған қиын-қыстау кезі еді бұл. Сүлеймен қапаста жатып революциялық қызметі үшін тұтқынға алынған солармен танысты. Көңілі ояу, санасы сезімтал бала жігіт осы кезге дейін көрген-білген өмір заңын, қатал төртіпті бұзып, жаңартатын бір күш бар екенін алдымен солардан білді, солардан естіді. Солардың айтуымен осында теміржол кірпіш зауыдына жұмысқа кіріп, кейін депода тапты. Сөйтіп олардың ықпалына бүтіндей берілді. Бұл кезде ол орысша сөйлеуді үйреніп, енді хат тануға кіріскен еді. Шаһарға келіп ұстадан білім алуға деген талабы жүзеге аспай жүрген Сүлеймен орыс достарының көмегімен оқуды өздігімен меңгере бастайды.

Қала шетіндегі «Қырық кепедегі» Есқараның жер үйіне Сүлейменнің жұмысшыларды революциялық күш-жігер көрсетуге шақырған 1905 жылғы шық-

қан ескі прокламацияны қай күні өкелгені өрине белгісіз.

Бірақ, осыдан былай әдеби, саяси кітаптар осы келдей үйінің жана бір қазынасы болып кіргеніне күмән болмаса керек.

Көңілі оянған Сүлеймен Октябрьге дейінгі сонау орталықтан теміржол бойы арқылы жетіп отыратын революциялық қуатты күшті көріп те, біліп те жүрді. Бұғанасы бекіп, қабырғасы қатайған, саяси бағытын айқын белгілеген жұмысшы С. Есқараев Октябрь революциясын қуанышпен қарсы алып, Перовскіде қолына қызыл ту ұстап жүргендердің бел ортасында болды.

Көп ұзамай 1918 жылы октябрь айында деподағы бастауыш большевиктер ұйымында ол партия қатарына өтеді. Сөйтіп большевик Николай Селиверстовтың құрған отрядына өз еркімен кіріп, өмірге келген жас Совет өкіметін найзаның ұшымен жоюға жан-жақтан анталай кіріскен жаумен шайқасқа түседі. Қызыл Армияның ең сенімді, ең жауынгер бөлімінде болған отрядпен бірге 1918—1919 жылдары Ақтөбе майданында, Осипов бүлігін жоюға, Шымкент түбіндегі шайқасқа қатысып, жауынгерлік ерлік мектебін бастан өткереді. Мұның барлығы болашақ қайраткер дәрежесіне көтерілу жолындағы С. Есқараевтың қызметіне негіз қалап, оның көзқарасын, өмірлік принципін берік қалыптастырып, шынықтырды.

Сүлейменнің оқуға деген өмірлік арманы 1919 жылы жүзеге аскандай болады. Ол Ташкенттегі совет, партия мектебінде оқиды.

Жаңа құрылған жас Совет өкіметін нығайту, қалыптастыру оның негізгі принциптерін өмірде жүзеге асырып, халықтың бетін бұру үшін бұл кезде жұмысшы дүкенінде шындалып, Октябрь жеңісі жолында тер төккен С. Есқараев сынды адамдар аса қажет еді. Оның жастығына қарамай Түркістан республиканың атқару комитеті Сырдария облыстық Советтерінің І съезін шақыру жұмысына жіберді. Бұл тапсырманы ол мүлтіксіз орындайды. Мұнан соң, сол кездегі жағдайға байланысты партия оны Ташкент облыстық төтенше комиссариаты бастығының орынбасарлығы жұмысына жегеді. Ел ішіндегі қуаншылық пен жұтқа байланысты келген қатал ашаршылық, оның үстіне жанталасқан революция жауларының осы кезеңді пайдаланып қалғысы келіп, бас көтере бастаған мезгілі еді бұл. Еңбекші таптың мүддесі үшін бұл кезеңде Сүлеймен жаулармен ымырасыз күресіп, әрі әділдігімен, әрі үздік қайрат-жігермен көзге түсті. 1922—1924 жылдары С. Есқараев Сырдария губерниялық партия комитетінің бөлім меңгерушісі, кейін екінші секретары болады. Осы уақытта енші алып бөлек шарырақ көтеріп жатқан туыстас Орта Азия халықтарының жер-су мәселесін шешуге, шекара белгілеуге белсене қатысып, комиссияның мүшесі болады.

Оның ұйымдастырушылық таланты мен партия ісіне шын берілгендігінің айқын көрініс тауып, шарықтай бастаған тұсы Қазақстан республикасының астанасы Қызылордаға көшіп келгеннен кейін республика ішкі істер Халық Комиссары болып тұрған кезі еді. С. Есқараевқа республикада советтік төртіпті орнатып, оны қалыпқа түсіру ғана емес, заң органдары жүйесін қолдан құрып, оның нағыз

мемлекеттік аппарат ретінде жұмыс істеуіне басшылық ету міндеті тиді. Бұл қызметте оның қарауында М. Масанчи, Н. Өткелбаев, Қ. Бақтыбергенов, тағы басқа ондаған, кейін партия, совет органдарында қызметімен көзге түскен адамдар жұмыс істеді.

С. Есқараев бұл уақытта республика партия қайраткерлері Т. Рыскулов, Ө. Құдабаев, О. Исаев, И. Токтыбаев, Е. Ерназаровтармен қатар қызметтес болып, олармен халықтың болашағы, партия саясатын жүзеге асыруға елдің экономикасын көтеру секілді түбегейлі мәселелер жөнінде пікірлесіп жүрді. Бұлардың көпшілігі қазіргі Мальков көшесі бойында көршілес тұрған болатын.

«Сүлеймен ағамыздың үйінде өскен мен күні бүгінге дейін оның сол кезде тым қарапайым, әрі жұпыны тұрғандығына қайран қаламын. Үйінде бір Варшавский керует, бір матадан тоқылған кілем, сосын үлкен жазу столы болатын. Үйінде осы үш нәрсе ғана көзге түсетін. Елден келген адамдар Есқараевтың баласының жұпыны тұрмысына қомсынып отыратын да, ал өзімен тілдескеннен кейін оның барлық байлығы да, атағы да ақыл-ойында, шешендігінде, саяси жағдайларды терең талдай білетіндігінде екеніне көздері жететін» дейді оның інісі Жұмабек Есқараев.

Сыртқы келбеті тым қаталдау көрінетін, қою қара шашты, қату қабақты, ақсұр өңді С. Есқараев жайлы замандасы Жүсіпбек Арыстанов былай деп жазады. «Кішкентайынан жұмыспен етене болып өскен ол әдетте көтерме сөз бен орынсыз күлкіні жақтыра бермейтін, көбіне тік қабағын шытып, ойланып-толғанып жүруші еді... Бірақ оның комсомолдың дарынды жетекшісі Ғани Мұратбаевпен бірге пана-сыз балаларды орналастыруда мейлінше мейірімділік көрсеткенін білетін біз оны «қатал болса, жауға қатал» деп санайтынбыз, қателеспепіз». Өрине мұнан С. Есқараевтың қажырлы, шындық пен әділдікті өз өмірінің туы еткен, досқа жақын, дұшпанға мейірімсіз қайраткер болғанын көреміз.

Отызыншы жылдары Орынбордағы өлкелік милиция мектебін басқарып жүрген ол, алдағы уақытта өмір талабына өз бойындағы білімнің азық ететінін анық байқады. Сөйтіп 1930 жылы семьясымен Москваға барып, сондағы Жоспарлау Академиясына түсіп оқиды. Оқу-білімге өмір бойы ынтызар болып өткен Сүлеймен бұл жылдары марксизм-ленинизм іліміне тереңдей сусындап, елімізде социализм орнату, өмірдің барлық саласында социалистік қоғам принциптерін қалыптастыру, оның әлеуметтік-экономикалық негіздерін оқып үйренумен шұғылданды. Сонымен бірге дүниежүзілік көркем әдебиет туындыларымен танысып, мәдениет жетістіктеріне ден қояды. Көптеген достар табады. Білімге деген ынтызарлыққа кенеттен қайтыс болған сүйікті жары Мәуияның қазасы да, қолында қалған екі жасар Әлиясы мен Маратының бағып қағуы да кедергі бола алмайды. Осыныша тауқыметпен қиындық жүгін қара нардай көтере жүріп оқуын әрі қарай жалғастырады. Сол кезде су шаруашылығы Халық Комиссариатының Тимирязев атындағы институтында оқитын інісі Көрнім де, өзі де оқуын жалғастырып, оны жақсы бітіріп шығады. Сөйтіп өзін-өзі тәрбиелеген қайсар мінез, берік жан тағы бір қиындықты еңсеріп жеңіп шығады.

Академияны бітіргеннен кейін ол Қазақстанның аса ірі өндірістік орталығы Қарағанды облыстық атқару комитетінің председателі болып сайланады. Бұл кезең колхоздастыру кезіндегі асыра сілтеушіліктен туған кейбір қиындықты жеңу мақсатында түрлі шаралар қолданылып жатқан кез болатын. Қарағанды облыстық атқару комитетінің председателі С. Есқараев пен оның орталығы Петропавловск қаласында кездескен жазушы С. Мұқанов өзінің «Өмір мектебі» деген кітабында оның жеке басының қабілеттерін және облыс көлемінде атқарылып жатқан жұмыстарды өсерлі суреттейді.

«Социалистік құрылыс барысында және партияның басты бағытын жүзеге асыруда Қазақстан партия ұйымдарында жаңа партия, совет қызметкерлері өсіп жетілді, — дей келіп, Қазақстан Коммунистік партиясы тарихының очерктерінде, партиялық-саяси және ұйымдастырушылық жұмыста М. Атаниязов, И. А. Богданов, А. Досов, Т. Жұмабаев, С. Есқараев, А. И. Заваритко, И. Қабылов, П. С. Климентьев, С. Нұрпейісов, П. И. Оликов және басқалар республика еңбекшілері арасында үлкен беделге ие болды» деп жазылған. С. Есқараев қашан да партия алға қойған кезекті міндетті шешудегі аса маңызды участкелерден табылып отырды. Партия 1936 жылы бұрын Юстиция министрлігіне қарасты прокуратураны бөлу туралы

қаулы алды. Осыған орай республика прокуратурасы бөлінгенде бұл туралы бұйрыққа алғаш қол қойған С. Есқараев болды. Сөйтіп оның міндетіне республикада дербес прокурорлық қызмет атқарып, республика прокуратурасын қолымен құру ісі жүктелді. 1937 жылдан бастап С. Есқараев Қазақ ССР Халық Комиссарлары Советі председателінің орынбасары болып қызмет атқара бастайды. Осы жылы 23 апрельде өлкелік партия ұйымын Қазақстан Коммунистік (большевиктер) партиясы етіп құру туралы шешім қабылданды. 1937 жылы өткен Қазақстан Компартиясының I съезінде С. Есқараев Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бюро мүшелігіне сайланды. Ол 1938 жылы кайғылы қазаға ұшырайды.

С. Есқараевтың өмір жолы осындай. Ол Қазақстанда жұмысшыдан Халық Комиссары қызметіне дейін көтерілген партия, совет қайраткері болған, орасан зор қабілетті, социализм ісіне берілген нағыз замана ұланы еді. Үлкен совет энциклопедиясында социалистік құрылысы жылдарында партия ұйымдарында үлкен жұмыстар жүргізген М. Атаниязов, О. Исаев, О. Жандосов, А. И. Заваритко, М. И. Мирзоян тағы басқалармен бірге оның есімі де құрметпен аталады. Ұлы Октябрь әкелген жаңа заманды нығайту жолында жанқиярлық еңбек еткен С. Есқараевтың есімі Қызылорда қаласындағы бір көшеге берілген.

Әділхан Бөйменов,
«Ленин жолы» 15 қыркүйек, 1977 жыл.
Қызылорда қаласы.

АЛАШҚА АТ БЕРІП АЙЫПТАЛҒАН

Бейсенұлы Құнанбай («Бабай») 33 жылы саяси тұтқын ретінде тар қапаста отырған.

Сонау 1963 жылдың жазы еді. Тағдырдың айдауымен осы бір шокша сақалды, мұрты сиректеу, қызыл шырайлы ақсақалмен кездескенде 20-дан жаңа асқан өрімдей жас едік. Бүгіндері марқұм досым Зейнолла Игілікұлы екеуімізді батпақ үстіне төселген солқылдақ ағаш жолмен айдап әкеліп, лагердің ауыр есігі шықылдап қарсы алғанда, аржақтан кезіккендердің қойған алғашқы сұрағы «Қай жақтан келдіңдер», — болған. Жөнімізді білген соң: «Е, сендердің мұнда «бабайлардың» бар, — деп еді.

Бүкіл лагерге «Бабай» атанған Бейсенұлы Құнанбай ақсақал басқа түскен тауқыметтен қажып отырған бізді өзі іздеп келіп амандасқан. Бұл екі ортадақ талай өзбек, түрікпен жігіттері «Бабайдың» лагердегі стажы 33 жыл екенін естіріп үлгірген еді. Жарты ғұмырын лагерде өткізген адамға бөріміз тағзым еткендей табынып қарай бердік.

— Е, балалар, бір жазу болып қалған екен, уақысы жоқ. Әлі-ақ өте шығады, — деп бізді жұбатқанынан ақ оның мейірімді жан екенін аңғарғанбыз.

Сол күннен бастап жасы 70-тен асқан қариямен сыйласуымыз ерекше боп жүре берген. Ақсақал талай сыр шертетін. Жұмыстан қолымыз босаған сәтте сол кісінің маңындамыз.

Атадан қалған екі жарым мыңдай жылқысы, мыңға тарта қойы болыпты. Онан соң Ресей империясы-

ның ішіндегі дүмпуден сескенген ағылшындар Жолымбет руднигін Құнанбай ақсақалға өткізіп кетіпті. Байларды төркілеуден бұрынырақ көзі ашық Күнекең бар малын ағайынға үлестіріп жіберіпті. Келе жатқан апаттан айналаны сақтау үшін ағайынды біріктіріп мойынсерік колхоз ұйымдастырыпты. Бірақ... Көріне іліккеннің өмірін жіпке тізгендей тізетін ПТУ-дің назарынан Күнекең тыс қалмаған. Сонау бір жылдары «Алаш» партиясы қазақтың Ордасын тігеміз деп жатқанда қаржылай көмек көрсеткенін, «Алашорда» әскеріне деп ылғи сөйгүлік ат бергенін жау ұмытпапты.

Сонымен халық жауы атанған Құнанбай ақсақал әуелі он жылға кесіліп, онысын бітірген соң бір жылдан аса тағы үнсіз отырып, тағы он жылға отыруға өз еркімен қол қойыпты. Ол біткен соң тағы арада жыл жарым бос отырып, тағы екі жылға мерзімін созып, саяси лагердің орын босатпас иесі боп шыға келген. Жалпысы өзі босап шыққанша 33 жыл «ГУЛАГ» архипелагының» тұрғыны болған екен. Адам ғұмырын осыншама төлкек студі бұрынсоңды тарихтан ешкім естімеген шығар.

Күнекең Қолыма мен Тайшеттің талай-талай лагерлерін ақтап шыққан. Кейде бірер ай ғана ұстап кесіктілерді лагерден ауыстыру жүйеге мықтап енген. Әбден титықтаған сорлыларды жолшыбай атып

кету мылтық сынау ермегіне айналған. Аш-жалаңаш тұтқындардың қарсы сөз айтпақ тугілі бастықтың бетіне қарауға хақысы жоқ. Алара қараған ажал тырнағына ілініп кете берген.

— Өсіресе ауыр шақ соғыс жылдарында болды, — дейді Қүнекен. — Нарда қатар жатқан екі адамның күбірлесіп тіл қатысуға хақысы болмады. Құдды мылқа адамша өмір кештік. Жанындағымен тілдесу астыртын жұмыс ұйымдастырып жүр деген айыпқа тікелей апаратын еді.

Қүнекен Хрушев заманының жылымық шағында бірер жылын Қарағанды түбіндегі Спасск саяси лагерінде өткізді. Сол жылдары ғана бөйбішесімен жолығуға мүмкіндік туып, лагерьден тысқары жерде күндіз жұмыс істеуге рұқсат алған екен. Хрушев Америкаға барған кезінде бір журналист:

— Спасскіде қазір не бар? — деп сұрақ қойыпты.

— Онда қазір құс фабрикасы бар, — деп жауап беріпті сасқалақтаған ол. Осыдан кейін лагерь басқа жаққа көшірілген. Сан қилы айuanдықтың тірі куәсінен небір жантүршігерлік уақиғаларды ести отырып, Қүнекеннің соның бөрінен қалай тірі шыққанына танданатынбыз. Басына кірпіш түсіп кету, бөрененің астында қалу деген түк емес қой. Иә, ол кісі де сондай сан құқайды көрген. Бір жолы салып жатқан көп қабатты үйдігі баспалдақтың төсеніш тақтайын біреу алып тастап, бесінші қабаттан құлап түскен. Қолы, бұғанасы, қабырғалары сынып ессіз жатқан жерінен күн өткізіп барып тауып алған.

— Е... — деп теріс біткен қолын сыртынан сипай отырып дауысын созатын Қүнекен. — Ажалымның жоқтығы да. Мың адамның бір қыста оны қалмағанын көз көрді ғой.

Ақсақалды білмейтін, оның атын естімеген саяси тұтқын жоқ-тын. Жан-жақтан кешегі КСРО-ның түкпір-түкпіріндегі лагерьден ауысып келгендер ол кісіні іздеп келіп, өзімен тағдырластардың сөлемін жеткізетін. Түрмеге алғаш түскендер қарттың отырған стажын естіп, танданатын. Иә, Кеңес Конституциясында кісіні түрмеге қамаудың ең ұзақ мерзімі 15 жыл еді ғой, 33 деген цифрды естігенде тіл байланбасқа не шара.

Бақасы шуылдаған орманның бір шегі ашылып кетіп шексіз-шетсіз туған даламыз көрініп қалатындай алысқа үңілетінбіз. Оған құмалақ салдыртатынбыз. Айтқаны айна-қатесіз келетін.

Лагерьде өзінің көзі етіп ұстау үшін басшылар кейбір ұры-қары жемқордың статясын өзгертіп, жалған 58-бен соттаған қылып біздің арамсызға қосып қоятын. Сондай жансыздың бірі:

— Ә, бабай, бал ашып отырсың ба? — деп келеке еткісі келді.

— Саған да ашуыма болады, — деді ақсақал оның сөз саптауын түсіне қойып.

Қумалақты ашып жіберіп:

— Сен мынадай түстес, мынадай киімді адамнан пәлен күн бұрын ақша алыпсың, одан ұрлаған мынадай затың бар екен. Соны тез қайтармасаң, біттің, — деді. — Өлгі сорлының бөріні мойындап, қалай қалтырағанының күөсі болдық. «Ә, балалар, мерзімдеріңді толық өтеу пешенелеріңе жазылған. Елге де барарсындар, онда да өмірлерің ауыр болар», — дейтін. Айтқаны келді. Зейнолла досым елге келген соң, ұзақ жылдарға созылған қуғыннан жазылмас дертке ұшырап, ақыры дүниеден озды.

Ғұмырының жартысын зорлық-зомбылықпен өткізіп, аштықта жүрсе де Қүнекен ақсақал доңыз етін аузына алмаған шын өулие адам еді. Лагерьдің тамағы: ашып кеткен капустадан борщ, капуста былмамық.

Ақсақал тіпті асханаға бас сұқпайтын. Біздің қолымыздан келетіні — беретін жартылай иісі шыға бастаған 50—60 грамм балықты өкеліп сол кісіге ұсыну ғана еді. Оның өзін: «Ей, балалар мен өлмеспің, сендер жассыңдар, өздерің жендер», — деп алмайтын. Көк аяз нанды кептіріп ас ететін.

Өмірден түнілген ақсақалдың бұл тіршіліктен күтері айына бір-ақ рет келетін екі баласының хаты еді. Жүректегі жалғыз жылуы сол хаттар еді. Оны өзі де оқып, бізге де оқытып, үнсіз жер шұқып отырар еді. Жылына бір рет рұқсат етілетін сәлемдемеге балалары қазы салып, сол қазының ішін қуыстап екі жиырма бес сомдықты өкелеріне жеткізетін. Сол сәлемдеме аман-есен қолға тигенде: «Үмбетім, Көрібайым» — деп тебіренетін, (Қүнекеннің сол балалары менімен хабарласса өте қуанар едім). Заты пысық ақсақал сол бір өшмүңке шөй тауып, Зейнолла бір банке варенье өкеліп менің тұңғышым Гүлнаш дүниеге келгенін естігенде той жасағаны естен кетер ме?!

Сөйтіп жүргенде 1964 жылдың жазы да шықты. Ақсақалдың лагерьден босануына бір жарым ай қалған. Ол кісі қатты тебіреніс үстінде еді. Жүрегі өбден шайлыққан қария тағы да он жыл жамар деп қауіптенетін. Біз көңілін аулап бағамыз. Сөйтіп жүргенде лагерьдегі жас жігіттерді үлкендердің «ықпалынан» аулақ ұстау мақсатымен жеке лагерь ашып бөліп өкетті. Әкемізден кем көрмеген Қүнекен ақсақалмен көзге жас алып қимай қоштасып, артымызға қарай-қарай жүре бергенбіз.

Иә, ол кісіні сол жазда 33 жылға созылған саяси лагерьден босатыты деп естідік. Қарияның туған жеріне оралғанына бар халықтың өкілі қуанған еді. Қиыншылықта бірге болғандар өулиедей пір тұтқан Құнанбай Бейсенұлының өруағы азаттық алған Алаштың баласын жебеп жүргей.

Көмел Жүністері, жазушы.

«Егемен Қазақстан» 26 шілде 2000 жыл.

1928 ЖЫЛ НЕМЕСЕ ҚАНДЫ ДҮРМЕКТИҢ БАСЫ

1928 жылы 27 тамызда «Байлар шаруашылығын төркілеу туралы» үкімет қаулысы дайындалып, «Кіші октябрь революциясын» жүргізудің алғашқы қадамы жасалды. Бұл науқанның тез арада жүзеге асуы

үшін және өктем де қатал түрде қадағаланып отырылуы назарға алынды. Ол үшін ауыл-ауылға мыңдаған өкілдер жіберілді. Төркілеу комиссиясының құрамында 47000 адам жұмыс істеді.

Голощекиннің бұл саясаты қазақтың зиялы азаматтарын ашыңдырмай қоймады. Әсіресе С. Сәдуақасов, С. Сейфуллин, Т. Рысқұлов, С. Қожанов сияқты партия қызметкерлері саясаттың солақайлығын сынап, ашықтан-ашық қарсы шықты. Голощекин өз қателігін мойындамады, қайта қарсы шыққандардың ізіне түсіп, қуғындады. Мінеки, ұлы қанды дүрмек осылай өріс алды. Бұл аз-кем емес, 25—30 жылға созылды.

Қазақстанда қуғын-сүргін негізінен үш кезеңмен жүрді, алғашқы кезең — байлардың мүлкін тәркілеу, жер аудару және қуғын-сүргінге ұшырату. Бұл 1928 жылдан басталды, 1928 жылы 11 қыркүйекте округтік атқару комитетінің төрағасы Бұхарбаев аудандарға жедел хат жолдап, былай деп нұсқау берді: «Замечено некоторые уполномоченные округа не выехали в аулы. Предлагается срочно выехать. Срочно установить подлежащего конфискации скота и имущества приступая к оперативной работе, одновременно проводя агитацию». Әрине байлардың мүлкін тәркілеу, өздерін жер аудару жұмыстары жедел жүзеге асты. Оны мына мысалдан көруге болады. 1928 жылдың өзінде-ақ 154 бай мен атқамінерлердің шаруашылықтары тәркіленіп, өздерін туган жерінен қуып, қуғын-сүргінге ұшыратты. Бұл жоғарғы жақтың өте қатаң бақылауына алынып, солардың нұсқауымен жүргізілді. Бұл жағдайды округтік атқару комитетінің төрағасы Бұхарбаевтың ауыл-ауылға жолдаған мынадай жеделхатынан көруге болады: «Срочно вышлите конфискованных баев».

Мұндай нұсқау ауыл-ауылдағы шаш ал десе бас алатын белсенділердің делебесін қоздырды. Жұмысты бұрынғыдан да түзетіп, қуғын-сүргіннің небір түрлерін жүзеге асырды. Сөйтіп, байлардың малымен қоса, дүние-мүлкін де сыпырып алып, өздерін елден аластап, жер аударып жіберді. Мысалы, мына жағдайды айтсақ та жеткілікті. Қармақшы ауданындағы № 3 ауылдан Кәрібай Ноғаевтың 500 қойын, 50 түйесін, 40 жылқысын тәркілеп, өзін 5 жылға

соттап, концлагерьге жіберді. Осынша жылды бітіріп келгеннен кейін оны «халық жауы» деп ұстап «үштіктің» қаулысымен атып жіберді. Міне, қуғын-сүргін көрген байлар жер аударылған, сотталған жерінен осылай оралмады. Ол орала қалса К. Ноғаевтың кебін киі.

1929 жылы 13 қыркүйекте «Қарсылық көрсеткен ірі байлар мен феодалдарды қылмысқа тарту және оларды жер аудару туралы» үкімет қаулысы шығып, қазақ жері атқамінерлер мен байлардан түп-түгел тазартылды. Қуғын-сүргіннің екінші кезеңі 1937—38 жылдары «Троцкийшіл-Бухариншіл сатқындар мен герман-жапон шпиондарына қарсы күрес» деген желеумен жалпы қуғынға ұшыратумен басталды. Бұл жылдары Қазақстанның көптеген партия-совет, комсомол, кәсіподақ қайраткері, ақын-жазушылар, артистермен қатар қарапайым жұмысшы-шаруаларға әр түрлі айыптар тағылып қуғын-сүргінге ұшырады немесе атылды.

Бұл кезеңде төрелік айту билігі қанды қол «Үштіктің» басқаруымен жүргізілді. Оның ақ дегені ақ, қара дегені қара болды. Жұмысы өте құпия жүргізіліп, назарға алынған адамның бір сәтте-ақ жайратып тастай берді. Соңғы деректерге қарағанда Қызылорда облысынан 7 мыңға тарта жазықсыз адамдар қуғын-сүргін азабын тартқан.

Қуғын-сүргіннің үшінші кезеңі 1951—53 жылдары жүзеге асырылды. Бұл жылдардағы іс-әрекеттерге зер салып қарасақ «Космополитизм мен ұлтшыл-буржуазияшыларға қарсы күрес» белең алған. Әсіресе, әдебиет, өнер және тарих саласындағы ғалымдар зардап шекті. Белгілі ғалым-жазушылар І. Есенберлин, Қ. Жұмалиев және Б. Сүлейменовтер өз халқының әдебиеті мен елінің тарихын зерттегені үшін зобалаңға ұшырады.

Оларды мүсіркеп жатқан ешкім болмады. Жетпіс жыл бойы да солай болды. Зұлымдықтың ақ-қарасы Қазақстан егемен болып, отау тіккеннен кейін ғана ашылып та жатыр, айтылып та жүр.

К. Баймаханов,
облыстық прокурордың аға көмекшісі

АТУ ЖАЗАСЫНА КЕСІЛГЕН АРУ

1937—1938 жылдары «Халық жауы» деген жаланың құрбаны болған аяулы ер-азаматтардың арасында Шахзада Шонанова ату жазасына кесілген жалғыз әйел еді.

Шахзада ШОНАНОВА 1928 жылдан 1931 жылға дейін Қызылорда қаласында мектепке дейінгі балалар тәрбиесінің нұсқаушысы, Сырдария губерниялық партия комитетінде нұсқаушы болып істеген. Қазақстан халық ағарту комиссары Темірбек Жүргеновтің шақыруымен Алматыға ауысып, комиссариаттың бастауыш және орта мектеп бөлімінде ғалымхатшы, кейін әдіскер кеңесші қызметтерін атқарған.

Жазықсыз жалалы болған Шахзада Шонанова 1938 жылдың 9 наурызында ері Телжаннан он күннен кейін (Телжан 25-ші ақпанда) Алматы түрмесінде атылады.



Редакциядан: «Аза» кітабының бірінші томында Шахзада Шонанова туралы (437 бет) толық жазылған, бұл мақалада оның суреті берілмегендіктен осы томға суретін беруді жөн көрдік.

20—50 жылдардағы зорлық-зомбылықтың қуғын-сүргіні еліміздегі талай жанның көкірегіндегі бітеу жара болып қалды ғой. Нұрлан Жармағанбетовтің белгілі ғалым, Қ. И. Сәтбаев атындағы Геология ғылыми институтының геологиялық музей менгерушісі геология-минералогия ғылымының докторы, профессор **Нағима ҚҰДАЙ-БЕРГЕНОВАНЫҢ** әңгімесінен сол алыс жылдар аласапыраныныңызғары сезіледі.

— Нағима апай, өкеңіз Құдайберген Көшкімбаев Арал өңіріндегі белгілі адамдардың бірі болғандығы жайлы естіген едік. Өзіңіз кеңірек әңгімелеп берсеңіз.



— Біздің жанұя Арал қаласында тұрды, бірақ өкемнің қызмет бабы Қарақалпақстан жеріне байланысты болған екен. Лениннің Арал балықшыларынан жолдаған жеделхаты бойынша Еділ халқына бірнеше эшелон Арал балығын жіберуді ұйымдастырушылардың бірі — менің өкем Құдайберген болыпты. Арал бойындағы талант-ты жастарды іріктеп, Ташкент қаласының оқу орындарына жіберуге атсалысқан. Зұлымдылықпен ұйымдастырылған апаршылық кезеңінде де онымен қарсы күресуге аянбай еңбек етіпті. Көзкөрген ақсақалдардың айтуы бойынша, өкем ақылды, білімді, ой-өрісі өте кең, жайсаң, сөзімен елді елкітіретін жан болған екен. Сол өңірдің халқы, қызметтес әріптестері оны қатты қадірмен тұтып, сыйласа керек. Менің ойымша, осының барлығы 1937 жылдың тамызы айында Ақтөбе облыстық УНКВД Үштігінің шешімі бойынша өкемнің тұтқындалуына себеп болған сияқты. Сол мерзімде шындық пен әділеттілік іздеп Ақтөбе қаласына барған анам, саяси тұтқындардың сұр қазармасы мен үш қатар тартқан тікенек сымнан басқа ешнәрсе көре де, біле де алмай үйге оралды.

Жалған жаламен Құдайберген Көшкімбаевқа қарсы қозғалған қылмысты іс 1958 жылдың сәуір айында Қызылорда облыстық сотының президиумының шешімі бойынша тоқтатылып, өкем ақталды. Бірақ «шаш ал десе, бас алатын» заманды өкемнен сурет те, немесе күәлік қағаз да қалмапты. Тұтқынға алған кезінде бәрін өртеп жіберген болу керек. Көргендердің айтуы бойынша өкемнің сүйікті домбырасы да отқа тасталыныпты.

— Өкеңіздің бейнесі есіңізде ме?

— Өкем тұтқындалғанда мен екі жақса толмаған сәби екенмін. Сондықтан өкемнің бейнесі менің көкейімде анамның, ағам мен өпкемнің, оның замандастарының айтқан әңгімелері мен сипаттамаларынан қалыптасты. Өкем ұзын бойлы, иықты, жасылдау жанары әрқашан күлімдеп, ұшқын шашып тұратын жан болған екен. Жас кезімде адамдар арасынан осы бейнеге ұқсас ханды жиі іздеп, ал кездестіре қалсам, сырттай қарап тұрып таманашалаушы едім. Өкем баланы өте жақсы көріпті, өсіресе мен дүниеге келгенде оның

қуанышында шек болмапты. Қазірге дейін өкем туралы еске түсіріп айту мен үшін өте қиын, әрі ауыр... Жас кезімде өке орнының жоқтығын қатты сезіндім. Сондықтан болар, үлкен ағамды «өке» деп атадым, ал ол кісі мен үшін өмір бойы әрі аға, әрі өке болып өтті.

— Өкеңіздің тұтқындалуы сіздің тағдырыңызға қандай сәттерде ерекше әсер етті?

— Ел басына түскен қиын-қыстау заманда қуғындалудан көптеген адамдар жапа шекті. Сол кезде біздің Арал қаласына КСРО-ның орталық қалаларынан бірнеше жүздеген білімді мамандар келді. Олар «өзгеше ойлағандары» үшін саяси қуғынға ұшыраған жандар еді. Мен және менің замандастарым қазірге дейін білім нәрімен сусындатқан мектептеріміздегі сол ұстаздарымызды ыстық бір ықыласпен, зор алғыс айта отырып еске түсіреміз. Олар бізге орыс және шет ел тілдерін үйретіп қана қойған жоқ, классикалық әдебиетпен, білім негіздерімен тереңнен ертерек таныстырды. «Бір заманның бір жақсылығы бар» дегендей, аласапыран заманындағы болашағымызды сәуелендірген жақсылықтың нышаны осы шығар деп ойлаймын. Ұлы Отан соғысы жылдарында қазақ жанұялары соғыстан зарлап шеккен Украина, Белоруссия босқындарын, қалмақ, шешен, кәріс көшпенділерін күшәк жая қарсы алды. Сол жылдары Арал қаласы көп тілді, бірақ қайғысы мен қуанышы ортақ үлкен бір жанұяға айналды. Біздің кішкентай қарашаңырақ астында да украиндық достар пайда болды. Өкем болмағанмен сәбилік жан-дүниемнің таза қалыптасуына осындай ортада өскендім өз өсерін тигізді. Алайда кластас құрдастарымның пионер қатарына қабылданған күні айрықша есімде қалды, сол күні олардың мойнына алқызыл галстук салтанатты түрде байланып, мен және тағы бір бала шеттеп қала бердік. Үй-іші мені «қызыл мата жетпеген шығар» деп жұбатумен болды. Қызыл мата тапқан күні галстуктікі өзім пішіп, мойныма байлап мектепке келдім. «Халық жауының қызы пионер бола алмайды» деп, менен галстуктікі шешіп алды. Кейіннен ұстаздарымның бірінші араласуымен пионер қатарына қабылдандым. Бірақ, бұл 10 жасар бала үшін өмір соққысы еді. Сол кезде «өкем неге өз халқына қарсы шықты екен» деп қатты қапаландым, ешнәрсе түсіне алмадым. Бірақ өзімнің құрбы-құрдастарымнан өзгеше екендігімді байқадым. Сондықтан болар, өзімнің өзгелердей екендігімді дәлелдеу үшін тынбай білім алуға, қажымай-талмай еңбек етуге үйрендім. Бойда қалыптасқан осы қасиеттер өмірде өз орнымды табуға үлкен ықпал жасады.

— Одан кейінгі өміріңіз қалай қалыптасты?

— Сананың қалыптасуына қарай, тағдырдың әділетсіздігіне ешқашан мойыған емеспін. Керісінше,

әрқашанда қоғамдық өмірге біге қайнасып жүрдім. Он жылдай институттың партия ұйымын басқардым. Институттың ғылыми кеңестерінің мүшесі ретінде жас ғалым мамандарды дайындауға, оларға тәлім-тәрбие беруге күшімді жұмсадым.

Орта мектепті алтын медальмен бітіріп, Саратов мемлекеттік университетіне студент болып қабылдандым. Бұл университет — Ресейдің ертеден қалыптасқан, атақты оқу-орындарының бірі, мұнда өте білімді ұстаз-профессорлар ұжымы білім берудің өзіндік тәсілдерін жақсы дамытқан. Университет қабырғасында білім алумен қатар, өз заманымның саяси жұмбақтарын шеше алатындай өмірлік тәжірибе алдым. Сол жылдары менің бойымда алғаш рет өкем үшін мақтанш пен қуаныш сезімі пайда болды; өкемнің халыққа сіңірген еңбегін ақтасам деген сезім мені әлі күнге дейін жетелеп келе жатқан сияқты.

1961 жылдан бері Ғылым академиясының геология ғылымдары институтында жұмыс істеп келемін. Көптеген жас мамандар сияқты қызметті лаборанттықтан бастап, инженер, кіші және аға ғылыми қызметкер дәрежесіне жетіп, бірнеше жыл институттың далалық экспедициясын басқардым, ал геологиялық ғылыми-зерттеу музейін басқарғаным да 20 жылдан асты. Соңғы жылдары әл-Фараби атындағы Ұлттық университетінің география факультетінде қазақ және орыс бөлімдерінде «Геология негіздері» пәнінен дәріс оқимын. Қ. И. Сәтбаевтың мектебінен өткен біздің институттың ұжы-

мына еңбексүйгіштік, достық, бірлестік, қайырымдылық етене тән. Осындай ортада еңбек еткеніме қауынштымын, осы дәрежеге жеткізген ұстаздарыма, шәкірттеріме алғысымды айтқым келеді.

Шындықты жасыру өте қиын. Өткен заманның зұлымдықтары мен сорақы сұмдықтары қазіргі күнде ел алдында ашылып жатқан кезде, қанды заманның тырнағынан аман қалған ұстазымыз Қ. И. Сәтбаевты, жазушы М. О. Әуезовті — халық несібесіне ғажайып бір тарту деп есептеуге болады.

— Нағима Құдайбергенқызы, енді тікелей өз отбасыңыз жайлы әңгімелеп берсеңіз.

— Өмірімнің өзегі — қызметтес әріптестерім болса, сүйеніші — отбасым. Қызықты да бақытты тұрмысымыз бар. Басты қуанышымыз — балаларымыз, олар берген тәлім-тәрбиемізден сырт кеткен жоқ. Ұлым Мәскеудің, қызым Алматының университеттерін бітірген маман қызметкерлер, көңіл-күйдің қызығы немерелер ғой, екеуі өсіп-өніп, мектепте оқып жүр, болашақ азаматтардың қатарынан орын алады деп үміттенеміз.

— Оқырманға айтар қандай тілегіңіз бар?

— Тілегім, ел аман болып өрлесе екен, жас ұрпақтардың өмір жолында менің бала кезімдегі көкірегіме жиналған ащы естелік қайталанбаса екен. Осыған орай мен де көптеген Қазақстан азаматтары сияқты Президенттің «Ұлтаралық келісім мен саяси қуғын-сүргіндерді еске түсіру жылы» Жарлығын қуанышпен қарсы алдым, себебі өткен өмір шындығын еске түсірмей, қоғамның алға жылжуы мүмкін емес.

«Егемен Қазақстан»
21 маусым, 1997 жыл

КАБИНЕТІНЕН ҚАМАУҒА АЛҒАН



1937 жылғы 13 тамызда Қазақстан Компартиясы Арал аудандық комитетінің үгіт-насихат, мәдениет бөлімінің меңгерушісі, 1919 жылдан партия мүшесі Дүйсен Тәжібаев Бөтенбайұлы қамауға алынған, 1938 жылғы 27 ақпанда Алматы қаласында атылған. Ол 1957 жылғы 31 қазанда толық ақталған.


Редакциядан: «Аза кітабының бірінші томында (359 бет) Дүйсен Тәжібаев туралы «кабинетінен қамауға алынған» деген мақалада толық жазылған, онда оның суреті болмағандықтан, суретін екінші томға беріп отырмыз.

АЗАМАТ АТЫ ҰМЫТЫЛМАЙДЫ

...Сол жылы Бақтыберген баласын қалаға әкелді. Сүтін таңдайына басып отырған екі биенің бірін жетелей келді. «Жалғыз шапаным қалғанша сені оқытайын. Қор болып, қара танымай өткен бізден ең болмаса бір саты жоғары болар ма екенсің» деді ол ұлына.

Перовскідегі жергілікті тұрғындардың балалары орысша оқитын мектепке Қуатбай осылай келіп түсті... Сол Юлдаш саудагердің үйінде тұрады. Үйінде тұрады дегені болмаса сол үйдің барлық тауқыметі осының мойнында. Отын жару, су әкелу, әсіресе азан-

ғылық ерте тұрып қора тазалау титықтатып бітірді. Биік дуалды қабат-қабат тоқал тамның ауласы ат шаптыртым. Күндіз кетімді-келімді адамдар, базарға әкелген малдың қиы толып, ат көпір болады. Қуатбай ауданың шаңын көтеріп, осыларды тазалайды. Артынан есік алдындағы тырқырай аққан салқын судан тасып себеді. Күз бен қыстың бейнесі одан артық болмаса кем емес. Кітабын ашса көзіне ұйқы тығылады.



Бірақ, бұл қиындықтың бәрі сол бір күнді ер көңілді өкесінің күйзелген түрін еске алғанда мүлде ұмыт болады. Қайтадан жігерін жанып оқуға бас қояды. Баласының жылдан-жылға есейіп, ержеткеніне қуанғанмен өз қатарынан мүлде оқшау мінез танытып, тым-тым сабырлы, салмақты мінез көрсете бастағанына — Осы баласы бар болғыр, жүзжіп кеткеннен сау ма, жасына жетпей шалдың мінезін көрсететіні несі-ей! дейтін. Артынша тіпті өзінің шама-шарқы жете бермейтін қала тірлігін, жөн-жосықты айтқанда:

— Е, бәсе салмағын, сабырын ішіне сақтаған арғы аталарға тартқан екенсің ғой. Оқуың бар, жаман босасың, деп сүйсініп қалады.

Тоқал тамдар, шаңырақ базары, мал базары дария жағасындағы әскери казарма, вокзал маңы бұл ескі Перовскідегі Қуатбайдың күніне әлденеше рет көретін орыны. Біреуді біреу алдау, арбау, біреудің екінші біреуге жасап жатқан зорлық зомбылығы, біреу тапқаны тандырына жүк болмай аш өзек жүрсе, біреу бүкіл базарды шулатып, мал шашады. Бұл не? Өмір заңы, тұрмыс заңы осылай ма? Кім тәртіп орнатып жөнге салар? Ондай ұлық бар ма? Ол жағына өзін санасы жете бермейді. Қуатбай мектептің соңғы класында жүрген жазда елге келді. Өзінен бір класс төмен оқитын ауылдасы Сұлтанғалидің баласы Нұрмұхамедтен кейін де қаладағы оқуға тағы да екі-үш дикан балалары баратын. Солардың естияры да сол екеуі. Жаз бойы екеуі бірге болды. Келесі жылы мектепті бітірген ауылдасы Нұрмұхамед қалалық училищенің емтихан тапсырып оқи бастады. Бұл қаладағы төрі илеу заводына жұмысқа кірді. Көп ұзамай бірінші дүние жүзілік соғыстық дүмпуі елдің ішін ала-сапыран етіп жіберді. Ол бұл жерде ой-қиялы жете бермейтін сұрақтарға алғашқы жауап тапты. Жөнсіздікке тәртіп орнатып жөнге салатын пристав пен урядник, анау болыс пен қалталы саудагерлер емес екен. Кейін Қуатбай депоға жұмысшы болып кіргеннен соң оның жауабы мүлде айқындалды. Ондағы жұмысшылардан алғашқы листкалар мен маркстік еңбектерді алып оқыды.

Ұлы Октябрь революциясын Қуатбай Перовскіде тұ көтеріп шыққан жұмысшылар қатарында қарсы алды. Сөйтіп ол 1919 жылы Россия коммунистік большевиктер партиясының қатарына өтті.

Сыр бойынан шыққан алғашқы қазақ большевиктерінің бел ортасында кешегі арқалап атын тасыған, жалшы баласы Қуатбай Бақтыбергенев те жүрді. Бұл кезде ол дос пен дұшпанды тани білетін, тап жігін ажырата алатын, саяси көзқарасы айқындалған жұмысшы еді. Міне, осы кезде Қуатбай жұмысшы-шаруа милициясына жазылып, революция жеңісін қорғауға ат салысады. Өзіне тапсырылған небір қиын міндетті сеніммен атқарады. Жаңа дүние, жаңа өмірдің бел баласы болып араласқан ол әрқашан да өз ісіне де, әрбір қаламына да нық, әрі адал болды. Жұмысшы шаруа милициясына өзі секілді кедей балаларының көптеп кіруіне ат салысты. Бұл кезеңде ол М. Масанчи, Н. Өткелбаев, С. Есімовтермен бірге, кейінірек Қызылорда астана болып тұрған кезде ішкі істер Министрі С. Есқараевтармен бірге Совет өкіметін нығайту ісіне белсене ат салысты. Бұл кезеңдегі Қ. Бақтыбергеновпен тікелей істес болған республикалық дөрежедегі дербес пенсионер Азамат және Ұлы Отан соғысының ардагері Сақтаған Есімов былай дейді: — Қуатбаймен Перовскідегі орысша-қазақша мектепте бірге оқыдық. Кейін қызметті қатар істедік. Алдың-гүлдің мінезі жоқ, әр ісін салмақпен байыпты істейтін, өте әділ, әрі қарапайым болатын. Жас кезінде кедейшіліктің зардабын көп тартқан Қуатбай кедейдің жоғын жоқтауға, кедейдік теңдігін қуаға келгенде айрықша принципшілдік көрсететін. Ол қызметте ұзақ отырып, жұмыс істей жүре ізденіп, саяси кітаптарды көп оқушы еді.

Теміржолдың бойында елді тонап, жұртты әбiгерге түсірген талай аса қауіпті бандиттерді қолға түсіруде ол айрықша көзге түсетін. Күні бүгінге дейін есімде, біз губерниялық милиция бастығы М. Масанчи, ішкі істер министрі орынбасары Н. Өткелбаев, сосын біз екеуіміз қатысқан осындай үлкен операция есте сақталып қалды.

Ол 1922—1927 жылдар арасында қалалық ішкі істер бөлімінде комендант, қылмысты іздетіру бөлімінің бөлім меңгерушісі және бастығы қызметтерін атқарды. 1930 жылы ол Қызылорда округтік прокуроры болып тағайындалды. Осы жылы Арал аудандық атқару комитетінің председателі, кейін Арал мемлекеттік балық тресі бастығының орынбасары, аудандық тұтынушылар одағының председателі, кейін тағы да Аралда аудандық атқару комитетінің председателі қызметтерін атқарды.

Бұл кезеңдерде ол Арал төңірегінде балық, тұз кәсіпшілігін дамыту секілді мемлекеттік тапсырмаларды жүзеге асыру ісіне аянбай ат салысты.

Өмірінің соңғы күніне дейін саяси терең білімді, коммунистік сенімге ие Қ. Бақтыбергенев өзін Коммунистік партияның адал ұлы есебінде көрсете білді. Кейінгі ұрпақтың бақытты өмірі үшін барлық күш-жігерін жұмсаған осынау азаматтың жарқын өмірі қазіргі жастарға үлгі бола алады. Ол өзінің өміріндегі қиын қыстау күндерінде сөбіі Розаның мандайынан сипай тұрып «Қызым, әрқашан да адал бол, адал болсаң халқыңа абыройлы боласың» дейлі екен. Оның ұрпақтары азамат сенімін ақтап, қазір еліміздің сан тарау тұқпірінде қоғамдық пайдалы іске үлестерін қосып жүр.

Ә. Бөйменов

«Ленин жолы» 15 қараша 1978 жыл
Қызылорда қаласы

ЖАЗЫҚСЫЗ ЖАЗАЛАНҒАНДАР

Жазықсыз жапа шекендерді ақтау Сталин өлгеннен кейін 1953 жылдан басталғаны, әсіресе бұл жұмыс 1956 жылғы Сталиннің жеке басына табынушылықты өшкерелегеннен кейін жанданғаны тарихтан белгілі. Осы жылдары бұрын «Халық жауы» болып тұтқынға алынып, жазықсыз сотталған көптеген қызылордалықтар да ақталды. Мәселен, Ахметов Елеусіз Сырдария ауданының № 2 ауылында 1889 жылы туған, 1919 жылдан БК(б)П мүшесі, Қызылорда облыстық тұтынушылар Одағының бөлім меңгерушісі болып қызмет атқарған. Ол 1938 жылы «Халық жауы» болып ұсталып, 15 жылға сотталған, содан 1941 жылғы 19 маусымда Магадан қаласындағы концлагерьде қайтыс болып, туған жердің топырағы бұйырмай денесі сол жақта қалған. Е. Ахметов Қазақ ССР Жоғарғы Соты Президиумының 1957 жылғы 16 қыркүйектегі қаулысымен толық ақталған.

Облыстың алғашқы майталман, қалам ұшы өткір журналистерінің бірі Қайыпназар Қаумбаевтың тағдыры жөнінде сөз қозғауға, жазуға тұрарлық азамат. Бірақ, өкінішке орай архив құжаттарында ол туралы материал жоқтың қасында. Ол 1911 жылы туған, кедей шаруа от басынан шыққан. 1926 жылдан БЛКЖО мүшесі, 1932 жылдың ақпан айынан БК(б)П мүшелігіне кандидат. Қызылорда аудандық партия комитетінің 1937 жылғы 10 наурыздағы қаулысымен БК(б)П мүшелігіне кандидат. Қызылорда аудандық партия комитетінің 1937 жылғы 10 наурыздағы қаулысымен БК(б)П мүшелігіне қабылданған. Осы кезде ол «Ленин туы» газетінің редакторы болып қызмет атқарған.

1937 жылдың 21 мамырында Қызылорда аудандық партия комитетінің бюросы Қ. Қауымбаевты ҚазТАГ-ның корреспонденті қызметіне бекіткен. Сол жылғы 28 тамызда Қызылорда аудандық партия комитеті «Ленин туы» редакторы болып қызмет атқарып жатқан Қ. Қауымбаевты «Оңтүстік Қазақстан Правдасы» редакциясының арнаулы корреспонденті қызметіне бекіткен. Ал, 1937 жылғы 28 қыркүйекте Қызылорда аудандық комитетінің бюросы оны «Халық жауы» деп партия қатарынан шығарған. Оңтүстік Қазақстан облыстық НКВД басқармасы жанындағы үштіктің 1937 жылғы 20 желтоқсандағы қаулысымен 26 жастағы Қайыпназар Қауымбаев ең жоғарғы жаза — ату жазасына сотталып, артынша атылып кеткен. 1958 жылы Қ. Қауымбаевты сот арқылы ақтау барысында оның көтерілісшілер тобына кіріп, кеңес өкіметіне қарсы контрреволюциялық жұмысқа қатысқан деп негізсіз айыпталғаны анықталған. Айыпталуға сырттан айтылған өсек-аяң сөздер негізге алынған, іс бойынша куәлардан жауап алынбаған. Қ. Қауымбаев партия қатарында қалдырылып, толық ақталған.

Қазақ интеллигенттерінің бірі, әдебиетші Қоңыратбаев Қалжан Жанакорған ауданының № 12 ауылдық кеңесі, «Қызылту» колхозының «Керделі» деген жерінде 1877 жылы туған. Ол профессор Әуелбек Қоңыратбаевтың туған ағасы. Қоңыратбаев Қалжан Түркістан алашорда ұлттық орталығының құрамына кірген. Алашорданың бас-

шылары Бөкейханов және Ходжановтармен байланыс жасап, олардан Алашордашылардың әдебиеттерін алып, оны қазақ тұрғындарының арасында таратқан. Ол 1917 жылы Түркістан қаласында өткен алашордашылардың VI съезіне қатысып, Қазақстанды өз алдына буржуазиялық Республика етіп құру туралы сөз сөйлеген. 1937 жылы «Қызылту» колхозының Қызылмүйіс меңгерушісі болып тұрып, алашордашылардың өлендерін оқыған. Сол кездегі жергілікті өкімет басшылары Қ. Қоңыратбаевтың ел ішіндегі беделін көре алмай, оған колхозды құлату мақсатында зиянкестік әрекеттер жасады деп жала жауып, оның мәселесін 1937 жылғы 9 желтоқсанда колхоздың жалпы жиналысында қараған. Жиналысқа 182 адам қатысқан. Сырттан Жаңақорған аудандық партия комитетінің өкілі Төлепберген, аудандық НКВД бөлімі бастығының орынбасары Төленбаев, партия ұйымдастырушысы Жанғұрсын, колхоз комсомол ұйымынан Асанов Мамырбаев, «Иіркөл» ауылдық кеңесінің төрағасы Байғанаевтар қатысқан. Күн тәртібінде: «Колхоз ішіне кіріп кеткен контрреволюциялық топ — жат элементтер туралы» мәселе қаралып, ол туралы аудандық партия комитетінің өкілі Төлепберген баяндама жасаған.

Жиналыс қаулысында Қоңыратбаев Қалжан колхоз шаруашылығына колхозшылардың тұрмысына зиянкестік жасап, көпшілік арасында теріс үгіт жүргізіп, ұлтшылдықпен ауылда ру жінгін қоздырып келген. Ол «Халық жауы» Рысқұлов, Ходжановтармен бұрыннан пікірлес жолдастары екені, туған інісі «Халық жауы» Ә. Қоңыратбаевпен байланыс жасап олардың колхоз шаруашылығын ақсауға тапсырмалар алып отырған. 1936 жылы ол Ташкенге Ходжановтың үйіне барып сөйлесіп қайтқан деп көрсетілген. Қоңыратбаев колхоз төрағасы Бимағамбетовпен бірге қазан Революциясының 20 жылдық мерекесі күні өздері арақ ішіп, мас болып, мерекенің көңілсіз өтуіне жағдай жасаған, сонымен қатар сауық кешін қоюға келген мектеп оқушыларына ойын қойғызбай, ұрысып қуып жіберген. Сталиндік Конституцияның бір жылдығын, яғни мерекесін тойлап, колхозшыларды сөгіп балағаттап, өкімшілік қолданып жұмысқа шығарып, өздері беделді адамдармен мейрамдаған. Көпшілік колхозшылардың тілегі бойынша Қоңыратбаев Қалжан тап жауының агенті екені анықталды. Сондықтан ол колхоздан шығарылып, қылмысты істері бойынша жазаның ең ауырымен айыпталуын заң орынан сұраймыз деп қаулы алынған. Осының артынша Қ. Қоңыратбаев тұтқынға алынып, Оңтүстік Қазақстан облыстық НКВД басқармасы жанындағы үштіктің 1937 жылғы 30 желтоқсандағы қаулысымен 10 жылға концлагерьге сотталып кеткен. Оны НКВД-ның Амурлағына айдап жіберген. Қазақ ССР прокурорының наразылығы бойынша үштіктің Қ. Қоңыратбаев жөніндегі қаулысы бұзылып, оның әрекетінде қылмыс белгісі жоқ болғандықтан іс мүлдем қысқартылған.

«Сыр бойы» 13 шілде, 1999 жылы.

ДҮРБЕЛЕҢ КЕЗЕҢ

Сонғы кезде байлардың мал-мүлкін көмпескелеу және жер аудару науқаны туралы аз жазылған жоқ. Ел аузындағы өңгіме, естеліктерге сүйеніп, қайшылығы мол күрделі саяси науқан туралы пікір айту ұшқырлық болып еді. Сондықтан архив деректеріне жүгіну қажет болды. Қазақ Орталық Мемлекеттік және Оңтүстік Қазақстан облыстық мемлекеттік архивтерінде осы кезеңге қатысты жинақталған құжаттар бойынша ауданда көмпескелеудің қалай іске асқандығын таныстыруды мақсат тұттық.

Ол кезде Жаңақорған ауданын 13 жартылай көшпелі өкімшілік құраған еді. Үш-төрт шағын ауылды біріктірген мұндай бөлініс аудан құрылған кезде қалыптасты. Округтен келген уәкілдер Ерденбаев және Қаратаевтар көмпеске науқанына байланысты барлық билікті қолдарына алып, қыркүйектің 6-сында аудандық партия конференциясын өткізеді. Осы конференция шешімімен науқанды ұйымдастыру жұмыстарын жүргізу үшін аудандық партия комитетінің жауапты хатшысы Қожамберді Қанаев бастаған уәкілдер тобы белгіленеді. Уәкілдер тобынан тыс 7 адамнан тұратын аудандық көмпескелеу комиссиясы құрылады.

Өз қатарына 200 коммунисті біріктірген Қ. Қанаев бастаған аудандық партия ұйымы, К. Шірінбаев бастаған 450 мүшесі бар комсомол ұйымы да науқан барысында айтарлықтай ұйымшылдық көрсете алмады. Аудандық кедейлер комитетінің төрағасы Ерубәев 2 ауылда көмпескеленетін бай жоқ дегендігі үшін әлдекімнің арызымен қамауға алынаса, оны қарғап сөйлегендігі үшін осы ауылдан Ахметовті абақтыға жапты. Ерденбаев пен Қаратаев бастаған

белсенділердің Төленов деген жалшыны байдың малын жасырғаны үшін соққыға жығуы, ат басындай алтынды қайда жасырдым деп, Жөнібек байдың аузына шоқ қаруы сияқты бассыздық фактілері орын алды. Сырдария округтік атқару комитетінің байларды көмпескелеу және оларды жер аудару жөніндегі комиссиясына Жаңақорған ауданындағы науқан қорытындысы туралы берілген есепте жетістіктер айтылғанымен, кемшіліктер сөз болмаған. Мұны аңғарып, дабыл қағушылар да болды. Аудан тұрғыны Әбдіразақ Сүлейменов «Еңбекші қазақ» газетіне «Денем сескенсе де, жүрек пен қалам сескенбейді» деген мақала жариялайды. Көмпеске науқанындағы орын алған кемшіліктерді сөз еткен мақалада Шарафи Елтияров сияқты «қарт коммунистерді» сепсезіден жұмыссыз қалдырудың жөнсіз екендігін айтады. Комиссия мүшесі Қанаев Жөнібек байдың қалы кілемін қанжығасына бөктерді, қосшы одағының төрағасы Әйтпенбетов, ауатком төрағасының орынбасары Жұмаділдаев, милиция бастығы Жантілесов, ауылнайлар Бабаев, Артықовтар күмістелген ер-тұрман салып, қосақпап төуір ат мінді. (Оңтүстік Қазақстан облыстық қоғамдық ұйымдар архиві, 29-қор, 1 тізбе, 314-іс; 3 бет).

Осылайша байларды көмпескелеп, малға қарық боламыз деген жарлы — жақыбайдың дөмегей көңілі су сепкендей басылды. Ауыл шаруашылығын социалистік жолға салып, қазақ даласын гүлдендіреміз деген партиялық саясат іске аспады. Бұл аудандағы 31 мың халықтың тең жартысын ауа көшірген, алтыдан бірін аштықтан қырған үлкен дүрбеленнің қарсаңы еді.

АРАЛБАЙДЫҢ ЖАНТӨРЕСІ

Қазан төңкерісінің қазақ ауылында жеңіске жетіп, жаңа қоғамдық қағынастардың салтанат құруының ең алғашқы ірі қадамы — көмпеске науқаны еді. Партиялық директиваларда атап көрсетілгендей, «Жалпы байларға емес, оның ішінде өз ықпалымен ауылда патриархалдық, жартылай феодалдық және рулық қағынастардың тірегі болып отырған байларға» бағытталған көмпеске тап күресін қазақ арасына күштеп таңу болды. Көшпелі өмір салтына жат тап тартысы ел ішін ала тайдай бүлдірді. Бұл ескі атаулыны қиратып, қасірет үйінділерінің үстіне жаңа ғимарат орнатуға бағытталған зымияндық саясат еді. Баласын өкесіне жауықтарған, елін игі жақсыларынан безіндірген де осы саясат. Жантөре де сол саясаттың құрбаны болған көп игі жақсылардың бірі болатын. 1928 жылдың тамыз айында Мәскеуге жөнелтілген арнайы құжатта Түркістан уезінің Жаңақорған болысы бойынша аса ірі байлар ретінде 5 қожалық, ал саяси сенімсіздер қатарында Жантөре Аралбаевтың мал мүлкі көмпескеленіп, өздері жер аударуға жататындығы атап көрсетіліпті. Жеті атасынан бері байлық үзілмеген Жантөре 1874 жылы осы болыстың Майшыкөлі төңірегінде дүниеге келген. Әкесі Аралбай төңіректе танымал байлардың бірі болған. Ол туралы Құлан қалпелінің өлеңі де бар. Кезінде 500 жылқы айдаған Аралбайдың баласы Жантөреге

байлық емес, билік-кісілік бұйырған сыңайлы. Ауыл молдасынан ескіше сауат ашқан Жантөре Жаңақорған болысының бірі Күнікеннің қолында он екі жасынан хатшылық қызмет атқарады. Өзлігінше талпынып, орысша хат таниды. 1904 жылы болыстыққа сайланады. Сол кезеңдегі ел тұтқасы болған Қалкөз, Серікүл, Шаймерден, Бұзау сияқты болыстармен дөмтүздіс, сыйлас болғандығы туралы ел ішінде небір келелі өңгімелер айтылады. Профессор Ә. Қоңыратбаев «Керуен» атты естеліктер кітабында Сырдария облысының генерал-губернаторын күтіп алған игі жақсылардың арасында Жантөренің де болғанын жазды. Ғасырымыздың басында салына бастаған Орынбор-Ташкент теміржолымен бірге Сыр бойына ғылым, білім тарала бастады. Жаңақорған стансасында 1905 жылы мектеп үйінің ғимараты пайдалануға берілді. Ауылдарда молда ұстап, бала оқытуға жағдай жасаған Жантөре осы құрылысқа демеушілік жасайды. «Орысша оқыған бала шоқынып кетеді» деген кертартпа пиғылды бұзып, сол төңіректе алғашқылардың бірі ретінде 9 жасғағы баласы Бегайдарды осы мектепке оқуға береді. Замана ағымын ерте аңғарған Жантөре ейдігі уақытта байлықтың емес, білімнің күні туғанын сезініп, балаларының оқуына көңіл бөледі. Бегайдарды 1910 жылы Перовск қалалық училищесіне, кейінгі балаларын бастауыш мектепке орысша оқытады. Әрине,

Жантөре оқу-білімге тек өз балаларын тартып, өзгелерге көңіл бөлмесе оның кісілігі қайсы дейміз ғой. Ол болыс болған кезде Жаңақорған болысындағы 12 ауылдың 10-ында ескі үлгідегі мектеп болған екен. Мұғалімдердің арасында екіше сауатты молдалармен бірге Бабабек Есенов сияқты семинария бітіргендер де болады. Талантты шәкірттер Жаңақорған, Түркістан, Перовск қалаларындағы орыс-қазақ мектептерінде оқуын жалғастырған. Бұл жұмыстарға ел ағасы Жантөренің көп ықпалы тиеді. 1918 жылға дейін Жаңақорғандағы осы қыш мектепте Бегайдар Аралбаев, Нұрғали Сатығұлов, Салдықбек Сапарбеков, Сүлеймен Қорқаров, Шәріпбек Түкібаев, Шарафи Елтияров сияқты көптеген азаматтар білім алады. Олардың көпшілігі Қазан төңкерісінен кейінгі кезеңде елдің қоғамдық саяси өміріне белсене араласты. Жантөре 1916 жылы болыстықтан түскенімен оның ел ішіндегі беделі арта береді. Көпті алаламайтын қауымшылдығымен, жаңаға ден қойған зиялы деғдарлығымен төңірегіне ықпалды болды. Келіні Сахыпжамал Есеновның айтуынша, Перовск совдепінде милиция бастығы болып қызмет істеген Жорабек Есеновтен Гержот қызметтен тайған соң кіші жүздің иіі жақсылары күн даулайды. Сол дауға 12 болыс орта жүздің иіі жақсыларын бастап Жантөре барады. Дау иесі Пірмағанбет деген Гержоттың үкімімен атылған адамдар үшін Жорабекті айыппайды. Сол дауда Жорабектің кінәсіздігін дәлелдеп дауды шешіп, ел мен елді бітістірген осы Жантөре екен. Жорабек пен Жантөре осы бітімшіліктен соң құда болады. Көмпеске науқанының қарасаңында Жаңақорғанның абақтысына жабылған Жантөрені айыптауға әлдебір белсендінің арызы негіз болыпты. Бұл қамауға алудың астары тым тереңде еді. Ол саясат қазақ зиялыларына ұлтшылдық айдарын тағып, қудалай бастаған И. Голощекиннің «Кіші Октябрьмен» байланысты болады. ҚазОАҚ-тың хатшысы Бегайдар Аралбаевты арандау үшін, патша заманында болған көмпеске науқанына қарсы үгіт жүргізген өкесі Жантөрені тұтқынға алу зиялы қауым арасында үлкен саяси серпіліс туғызу керек еді. Солай болды да. Бегайдар өкесінен бас тарту орнына ашық күреске шықты. Ол аудандық атқару комитетінің төрағасына ҚазОАҚ-тың ерекше пішіміне дейін Ж. Аралбаевты көмпескелеуді тоқтата түру туралы жеделхат жолдайды. Ауатком төрағасы бұл нұсқауды орындау керек еді. Орындамағаны үшін оған Қаз ОАҚ хатшылығының 18 қарашадағы қаулысымен сөгіс берілді. Осы жерде республикадағы көмпеске науқанына қатысты екі саяси күштің теке тіресін аңдаймыз. Ә. Бөкейханов, А. Байтұрсынов, Т. Рысқұлов, С. Сәдуақасов, М. Тынышбаев сияқты көптеген зиялы азаматтар отарлық езгіден әбден ыңырашағы шығып, ұлттық санасы тұмшалауда болған қазақ халқының ендігі жерде «канаушы, каналушы» деп бөлуге; қазақ байларын көмпескелеуге болмайды деп «Кіші Октябрь» саясатын бағыл сынға алды. Қазақ халқына таптық тартыс теориясын таңу жөнінде «Маркс айты деп тоқтарым жоқ»— деген сөздер (А. Байтұрсынов) Голощекиннің шымбайына бағудай-ақ батты... Қазақ байларын көмпескелеу туралы декрет қабылда-

ған Қаз ОАҚ төралқасының 1928 жылғы 27 тамыздағы мәжілісіне жоғарыдағы пікірді қолдаушылардың бірі Б. Аралбаев қатыстырылмады. Өйткені «көшпелі елді социалистік жолға түсіру құрбандықсыз болмайды» деген Голощекиннің теорияның алғашқы құрбандарының бірі Бегайдардың өкесі Жантөре еді. Аталған деректер бойынша жартылай көшпелі аймақтарда меншігінде ірі қараға шаққанда 300 бастан көп малы бар байлар ғана көмпескелену керек еді. Ал, Жантөре ірі қара малға шаққанда жалпы саны 61 малмен көмпескеленді. Оның бір ілігі «Патша заманында болыс болғандығы» ғана еді. Алғашқы қарқында Сырдария округі бойынша осы себеппен 9, ал ірі байлар ретінде 80 адам көмпескеленіп, жер аудартылды (ОКОМА 74, қор; I-тізбе; 296 іс). Көмпескелеуге байланысты округтік комиссияның 11 қазанда өткен мәжілісінде Жаңақорған ауданындағы өкіл Ерденбаевтың ұсынуымен тездетіп жер ауауы үшін, округ прокурорынан Ж. Аралбаевтың ісін ақтау сұралады. Прокурор Шүкеевтің 20 қазандағы жауабында істің аяқталып, сотқа өткізілгені хабарланады. Жантөренің көмпескеленуі қазан айының соңғы күндері іске асырылды, өйткені бұл науқан I қарашада аяқталуы тиіс еді. Аудандық комиссия мүшелері түгел қатысқан шара Жәнібек, Бидаштарды көмпескелеуден әлдеқайда қысқа болды. Бұл мал-мүліктің ауыл шаруашылығы салығынан алынғанынан өзгесі жеке шаруашылықтарға бөліп берілді де, жол азығы мен киім-кешекті ғана алдырып, Жантөрені Төменарық станциясынан қызыл вагонға мінгізді. Болыстың өзімен бірге әйелі Күләй, қыздары Райхан, Күлжәміш, Нұрқыз болды. Оларды Қызылордада күтіп алған Бегайдар басқан ізін аңдыған дұшпан көзден бай тасаламай, кейінгі екі қарындасын поездан түсіріп алады. Қиыр шетке жол тартып бара жатқан өке-шешесіне жол азық салып береді. Қарпайым қатынастың өзін таптық негізге құрған партиялық этикаға сыйспайтын бұл әрекет онсыз да кері кеткен Бегайдардың мансабына нұқсан келтірді. Артынша «шыққан тегін жасырғандығы, көмпеске науқанына қарсылық жасағандығы үшін» партия қатарынан шығарылып, қызметінен босады. Жантөре жер аудару мерзімі бітіп, елге оралғанда белсенділердің көзіне түсуден тайсақтап, өзінің ата қонысы Аралбай құмының жанындағы қалың шеңгелге бой тасалайды. Жік-жікке бөлінген кешегі ауылдастар ұлы жұт қарсаңындағы қарбалас сөтте «жауың мынау» десе тарпа бас салар саяси белсенділікке көшкен. Ендігі жерде қызыл сөзге бас шұлғып берекесі кеткен елге сыймасын сезген Жантөре кезінде генерал-губернаторды салтанатпен қарсы алып, қонақ ететін ауылынан бұқпалап шығуға мәжбүр болады. Аз ғана ағайыннан құралған жетім көш Өзбекстанға жол тартады. 1931 жылдың қоңыр күзінде елден аттанған Жантөреге туған жердің дәмі бұйырмады. 1948 жылы Ташкент облысының Шығана ауданындағы Вревский ауылында қайтыс болғанға дейін елге бір рет те соға алмады. Оның себептері де түсінікті.

Әзіретәлі Маханұлы,
Қазақстан журналистер Одағының мүшесі.
«Сыр бойы» 12 тамыз 1997 жыл.

Қазақ елі егемендік алып, дербес мемлекет болғаннан кейін Кеңес үкіметінің солақай саясатының кезеңінде қуғынға, зорлыққа ұшыраған небір қазақтың ұлт-ұрпақ қамын ойлаған азаматтарының аты шығып, жазбалары жарық көре бастады.

Солардың ішінде біздің атамыз Сәрменбайұлы Меңліаяқ та бар. Оның М. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтындағы қолжазба қорында сақталған өлең-жырлары зерттеушілердің соңғы жылдары баспасөз беттерінде жарыққа шығарылған мақалаларында жазылып жатыр.

Мәселен: «Жас алаш» газетінің 15 қазан 1994 жылғы «Тартысқа толы тағдыр», Ана тілі газетінің 28 мамыр 1998 жылғы «Меңліаяқ ақын туралы» Қазақ әдебиеті газетінің 27 қараша 1998 жылғы «Меңліаяқ ақын» деген мақалаларында қысқаша атамыздың еңбектерімен таныстырып өткен, зерттелу өрі қарай жалғасуда.

Жоғарыдағы мақалаларда көрсетілгендей Меңліаяқтың туған-туыстары баршылық. Немерелері Тұрымтай Берік, Қызылордада — Қуанышқұл, Амангелді, Рысқұл, Тұрсын — Алматыда.

Біз атамыз туралы сөз болғанда ол кісінің өмірде көрген қиыншылығы, аңсаған арманына жете алмағаны, бөрі көз алдымызға қайта-қайта елестейді, өйткені соның тәрбиесінде болып көзімізбен көргенбіз.

Жасы жетпістегі қарт, түні бойы май шамның түбінде жазбамен айналысып, оны бізге кезектестіріп қазақша жаздырып, өзі аралап жүріп машинкаға бастырып, жұмыс басты болып жататын.

Жазбаларын Алматыға алып барып, жарыққа шығара алмай, тіпті архивке өрең деп өткізген.

Қысқасын айтқанда, қолынан келетін беделді қызмет істеп жүргендерді аралап өз өтінішін өлеңмен жеткізіп отырған.

Мысалы: «1952 жылғы Алматыға барғанда Қуанышбай Ұлкекей баласына» деген хат-өлеңінде былай дейді.

...Хат жаздым Қуанышбай саған арнап,
Емеспін жүзден жүйрік, мыннан саңлақ,
Үлкеннен үлгі алатын азаматқа,
Сөзім көп жинап жүрген талай тармақ.
Өсиет үлкендерден қалған нақыл,

Сөз шығын тұтпағанға деген аңлап,
Ағаның баласы едік ауылдағы,
Керегін кезіндегі алған таңлап.
Ортана бір себеппен келіп қалдым,
Түсіңсен бұл сапарым болар салмақ
Келгенде жас жетпіске ісім түсіп...
Отырмын бұл қызметке сені қармап...

Сол сияқты академияда істейтін, өзінің еңбектерінің жарық көруіне көмегі тиеді-ау деген азаматтарға жазған өлеңдері де бар.

Қысқасын айтқанда атамыздың архивінде жатқан көптеген шығармалары жарық көрсе, келешек ұрпаққа, тарихымызға қосар үлесі зор деп ойлаймыз, көптеген жерлестеріміздің ойы да осындай.

Сыр өңірінде атамыз зор сый-құрметке бөленген кісі екенін естіп, көріп жүрдік, шежіреші, ақын фольклер есебінде.

Шындығын айтқанда өз ісінен нәтиже шығару үшін өзің талпынбасаң, ісіңнің алға басуы қай уақытта қиын ғой, біреудің жоғын, басқа біреу түйе үстінен қарайды дегендей Президентіміз ұлт тарихын, саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алып, оны жалғастыра беруге шешім қабылдаса да, атамыздың еңбектері архивте 40—50 жылдай жарық көрмей, сарғайып жатқаны, жерлестері еңбектерімен толық таныса алмағаны бізді қатты қынжылтты.

Ия, атамыз сол қиын жылдарға тап болды, ойлаған, армандаған ойларына жете алмай кетті. Енді біз осы заманда атамыздың халыққа қажетті тарихи сөздерін, өлең жазбаларын жарыққа шығара алмай қаламыз ба деп ойлаймыз. Тіпті өзі туып өскен өңірінде осыған көңіл бөліп отырғандар жоқ сияқты, тым-тырыс.

Рас, ата біздікі дегенмен соның қалдырған сөздері, өлеңдері, шежірелері халыққа қажет қой, әсіресе өз жерлестеріне.

Біздің атамыз Қызылорда қаласында Конституция көшесі № 101 үйде тұрған, сол кісінің аты өшпесін, әр уақытта есте сақталсын, бір көше аты берілсе, қаланың атаулы азаматтарының бірі ретінде еңбектерінің жарық көруіне, халық арасына таралуына жергілікті қалам қайраткерлері де ат салысса деген өтінішіміз бар.

Меңліаяқ немересі Тұрымтай, Қуанышқұл, т. б. Қызылорда қаласы, Байтұрсынов көшесі № 124 үй.
«Сыр бойы», 26 тамыз 1999 жыл.

Редакциядан: «Аза» кітабының бірінші томында (451 бет) «Тағдыр тауқыметі» авторы Б. Тәжіұлы, «Сыр бойы» газетті 1998 жылғы 11 сәуірде жарияланған мақалада толық жазылған.

МЕҢЛІАЯҚ ТУРАЛЫ НЕ БІЛЕМІЗ?

Қызылорда қаласының топономикалық картасы жақында елдің рухани байлығы жолында қалтқысыз қызмет еткен тағы бір қадірлі кісінің есімін толықты. Бұл жолы бұрынғы А. Гайдар атын иемденіп келген орталықтағы кең көшеге ауыз

әдебиетін жинаушы, шежіреші һәм шайыр Меңліаяқ Дөрменбайұлының есімі берілді.

Оның үстіне биылғы жылы ақынның туғанына 120 жыл толып отыр. Ол туралы 2000 жылғы «қазақ күнтізбесінің» 27 ақпандағы бетінде біршама дерек-

тер жарияланған. Өмірінің 40 жылдай кезеңін фольклор зерттеу мен қазақ шежіресін жазуға арнаған сөз зергері байдың баласы болған себепті ғана оның 15 жылын итжеккенде айдауда өткізіпті. Ол көзі тірісінде ҚР Ғылым академиясына 4 бума қолжазба тапсырған екен. Олардың бәрі де халық мұрасының бай қазыналарын құрайды. Бір мысал, атақты Сыр сүлейлерінің бірі Тұрмағамбет Ізтілеуовтің «Назым» атты жыр жинағының жарыққа шығуының өзі осы Меңдіаяқ еңбегінің арқасында мүмкін болғанын айтсақ та жеткілікті.

Шайырдың соңында қалған тікелей ұрпағы Қуанышгүл апай таяуда ғана халық мұрасы қамқоршысының «Мендіаяқ ақын» деген атпен жеке кітабын құрастырып, Алматыдағы «Әуен» баспасынан басып шығарыпты. Жинақтың бірінші бөлімі ақынның өз туындыларынан тұрса, келесі екі бөлімінде оның қолымен жинастырылған Данмурын, Кете Жүсіп, Шораяқтың Омары сияқты Сыр елінің белгілі ақын-жырауларының шығармаларына орын беріліпті. Міне, «Орнында бар оналар» деген, сіре, осы болар.

Серік Пірназаров,
журналист.

«Егемен Қазақстан» 25 тамыз 2000 жыл.

Выписка из протокола № 59/5
заседания тройки при ПП ОГПУ в Казахстане

от 25 февраля 1930 г.

Слушали:	Постановили:
9) Дело № 2083 по обвинению: НАУРУЗБАЕВА Исмагула и других в числе 11-ти человек по 58/2 и 59/3 ст. ст. УК.	НАУРУЗБАЕВА Исмагула, КАРИБАЕВА Утея, ТОКЖАНОВА Тулегена, КУПЕШБАЕВА Майкута, УМБЕТОВА Кенжебая, НАУРУЗБАЕВА Мондагажа, АКМУЛАКОВА Аймугамбета, ЕСЕМБАЕВА Конкибая — расстрелять, Имущество всех конфисковать.

Секретарь тройки (ПУСАКОВА)

ӘЛЕУМЕТТІК ӘДІЛЕТТІЛІКТІ ОРНЫҚТЫРУ ЖОЛЫНДА


Өткен жылдың желтоқсан айында бүкіл жұртшылықтың назарын аударған Республика Президентінің 1997 жылы жалпыұлттық татулық пен саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу жылы деп жариялау туралы жарлығы шықты. Бұл маңызды құжат халықтың көңілінен табылып, кеңестік империяның құпиясын ашуға септігін тигізді. Жер-жерде жазықсыз жазаланғандар туралы ақиқат деректер көбейе түсті. Мысалы, Қармақшы ауданындағы № 3 ауылда 1875 жылы туған Кәрібай Ноғасевты байдың баласысың, Кеңес үкіметіне қарсысың деген жаламен 1930 жылы жазықсыз 5 жылға соттайды. Бірге туған бауырларын НКВД халық жауының туысысыңдар деп атып тастайды. Кәрібай Ноғасевқа мерзімін өтеп келгеннен кейін де тыныштық көрсетпейді. Қуғын-сүргіне салған «үштік» ақыры жазықсыз жанды атып тұнады. Содан кейін бес жастағы Бақтиярды тентіретіп жібереді. Дымы жоқ, түлдыр жегім Бақтияр өлместің күнін көріп әркімнің есігінде, жоқшылық пен жетімдіктің азабын тартып, бірте-бірте адам қатарына қосылады. Бұл бір ғана отбасының тағдыры. Ал, кезінде мұндай зұлматты бастан кешпеген шаңырақ кемде-кем шығар. Жазықсыз сотталып, саяси қуғын-сүргін құрбаны болғандарды ақтау негізгі қызметімізбен бірге азаматтық парызымыз, әрі өруақтар алдындағы борышымыз. Қолдағы мәлімет бойынша сол кездерде біздің облысымызда үш мыңнан аса адам жазықсыз жалаңның құрба-

ны болған. Опағ болғандарды толық ақтау үшін біраз жұмыстар істелді. Облыс бойынша 2200-дей іс ақталып, 3001-і республиканың бас прокуратурасында қаралуда. Сондай-ақ, жер аударылып, саяси қуғын-сүргін көрген екі мыңдай адамның жазықсыз екенін дәлелдедік. Сол жылдары құрбан болғандардың құжаттарын қарап, ақтағанымызбен, олардың көпшілігінің сүйектерінің қайда жатқаны беймәлім. Шейіт болған азаматтардың көмілген жерлерін іздеп табу, анықтау, қоршау, белгі орнату біздің елдігіміздің үлгісі. Ендік де ұмытылуға тиісті емес. Азаттық үшін, қарапайым адал тіршілік үшін жазықсыз шейіт болғандардың есімі мәңгілік жаңғырып тұруы керек. Бұл әсіресе жас ұрпақ үшін өнеге. Облыстық прокуратура қызметкерлері Белкөл, Арай маңынан жазықсыз атылғандардың сүйектерін тауып, қоршап, белгі орнату, аты-жөндерін іздестіру жұмыстарын жүргізуде.

Қорыта айтқанда, Елбасының жалпы-ұлттық татулық пен саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу туралы жарлығы болыстық прокуратура қызметкерлеріне де үлкен жауапкершілік жүктеп отыр. Өйткені біз жалпыұлттық татулық пен келісім бағытындағы заңдардың орындалуын, бұрмаланбауын қадағалай отырып, әлеуметтік әділеттілікті орнықтыру жолында белсенді іс-қимыл жасайтын боламыз.

С. Ерімбетов, облыс прокуроры.




 Ақталған азаматтың жеңедікпен
 пайдалану құқы туралы
ҚУӘЛІК
УДОСТОВЕРЕНИЕ
 реабилитированного гражданина
 о праве на льготы

Қазақстан Республикасының Президентінің
Құрметті Бұқар: Қызыл
Қызыл, Қызыл және Қызыл
Қызыл, Қызыл және Қызыл
Қызыл және Қызыл

ҚАЗАҚСТАН

№ 1000000000
 - 2000

P *0101*

УДОСТОВЕРЕНИЕ



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ІШкі Істер Қызыл

Құрметті азаматтың жеңедікпен пайдалану құқы туралы Ақталған азаматтың жеңедікпен пайдалану құқы туралы Ақталған азаматтың жеңедікпен пайдалану құқы туралы Ақталған азаматтың жеңедікпен пайдалану құқы туралы

Құрметті азаматтың жеңедікпен пайдалану құқы туралы Ақталған азаматтың жеңедікпен пайдалану құқы туралы Ақталған азаматтың жеңедікпен пайдалану құқы туралы

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ІШкі Істер Қызыл

Құрметті азаматтың жеңедікпен пайдалану құқы туралы Ақталған азаматтың жеңедікпен пайдалану құқы туралы Ақталған азаматтың жеңедікпен пайдалану құқы туралы



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ІШкі Істер Қызыл
 1998 ж.
 Құрметті азаматтың жеңедікпен пайдалану құқы туралы Ақталған азаматтың жеңедікпен пайдалану құқы туралы Ақталған азаматтың жеңедікпен пайдалану құқы туралы

1974
1974



1974
1974

1974
1974

1974
1974


1974
1974

1974
1974

1974
1974

1974
1974

1974
1974



1974

МЫҢ ӨЛІП, МЫҢ ТІРІЛГЕН НЕМЕСЕ НӘУБЕТТІҢ ТІРІ КҮЕСІ

Қандай бір мемлекеттің болсын ең басты құндылығы қашанда адам, оның өмірі, бостандығы мен еркі болып табылған.

Кешегі өткен Кеңес үкіметінде солай деп жетпіс жыл бойы жария салып келгенімен, іс жүзінде бәрі де басқаша болғанын тарих ақтаңдақтары дәлелдеп жатыр.

Иә, қылышынан қаны тамған сталиндік кезеңнің солақай саясаты қаншама адамның өмірін төлкекке салып, жазықсыз қыршынан қиды, өлмегендерді өлгеннің күйін кешіп сол көрген жәбірлері жүректерінде шерменде болып қатып, жан азабына түсті, ең сорақысы қорғаныш пен үрейден оны өзгеге айта алмай ондаған жылдар бойы іштерінен күңіреніп, тек еліміз егемендікке қол жеткізген кезде ғана ащы шындық арнасына симай ақтарыла басталды.

Сол бір сұмдық нәубеттің бүгінгі тірі куәгері 76 жастағы Бақтияр Ноғай ақсақал. Бұл ақсақалды көзі қарақты өзіміздің қала тұрғындарының көпшілігі біледі деп айта аламыз. Олай дейтінім, Бақтияр сонау 1937 жылы жазықсыз атылып кеткен өзінің туған әкесі мен қос бауырын ғана емес, сталиндік-голощекиндік қара түнекке батып бара жатып ақпын деп айта алмай жазықсыз жылап кеткен бүкіл қазақтың ауылыларының жоқтаушысы болып көрінеді маған.

Төрт-бес жыл бұрын облысымыздың сол кездегі өкіміне орталық алаңдағы Ленин ескерткішін алып тастау жөнінде, сол кездегі ҰҚК-нің облыстағы департаментінің бастығына Держинскийдің бюстің өзгерту жөнінде сұрап жазған хаттары және сол тас мүсіндердің алынуына ұйтқы болуы осының бір дәлелі. —Біз үшін сұмдық 1930 жылдан басталды,— дейді Бақтияр ақсақал сол күндерді еске түсіріп. —Біздің

әулет Қармақшы ауданына қарасты № 3 ауылда тұратын. Бір түнде ауылды мылтық асынған қызыл белсенділер қоршап алды. Үйлерге мылтық атып, азан-қазан қылып дүрліктірді. Онымен қоймай, қарсыласқандарды ұрып-соғып бір жерге жинады. Сөйтіп, ит жеккенге айдап жіберді. Менің әкем Көрібай Ноғайев та соның ішінде кете барды. Жазығы революцияға дейін ауқатты болғаны. Содан жүдеп, қу сүйегі қалып, көздері шүңірейіп келген. Колхозға жұмысқа кірді. Кейін естимін, ол кісі сонан соң колхозды басқарыпты. Артық сөзі, өзгеге зәбірі жоқ кісі еді, есек мініп жүретін. Сондан соң Кеңес үкіметіне және колхоздастыруға қарсы үгіт жүргіздің деп қайта айып тағылып, қамалып, ақыры 1937 жылы атылып кетті. Баласы Өтей мен Саудабекті оны да “бай тұқымы” деп қоса аттырған-ды. Анамыз екеуіміздің көрмегеніміз жоқ.

Қайран анасы қайғысына шыдамай көз жұмады. Тулдыр жетім қалған Бахтияр бұл тозақтан аман қалуы үшін өркімін есігінде күн кешеді. Өзі қатарлы балалармен мектепке бара алмай “халық жауының” баласы деп шеттетіліп, фамилиясын Әбілов деп өзгерткен соң ғана оқуын жалғастырады.

Зұлымдықпен келген қара күшке қарсы тұра алмай қорқып, туған өкемнің атын жасырып, тірі өлік есебінде жетпіс екі жыл өмір сүрдім,— дейді Бақтияр ақсақал.

Әкесі ақталғаннан кейін ол сотқа арызданып өз фамилиясына көшеді. Жоғары жаққа шағымданып жүріп материалдық шығынды да өндіріп алғандай болады. Өйтсе де, ондаған жылдар бойы жүйкеге шамадан тыс салмақ түсірген моральдық шығын қалай өтелмек...

Қажданбек Баймаханов,

Қызылорда облыстық прокурорының аға көмекшісі. “Заң” газеті, 31 мамыр 2000 жыл.

АЗАПТАЛІҒАН АҒАЛАР

Сол жылдардың зобалаңы салған жара осы кезге дейін жазылар емес. Өйткені еліміздің ығай мен сығайы жаппай қырғынға ұшырады.

Соның бірі — Жүргенов Қара Қармақшы ауданының № 16 ауылы, Қаракөл жерінде 1858 жылы туған, бай, жартылай феодал ретінде ОГПУ органы арқылы Қарағанды округіне 5 жылға жер аударылған. Қарақшылар қозғалысын белсенді ұйымдастырушы, кеңес үкіметіне қарсы контрреволюциялық үгіт жүргізген деп айып тағып, 1937 жылғы 17 тамызда тұтқынға алынып, қылмыстық іс қозғалған. Оңтүстік Қазақстан облыстық НКВД Басқармасы жанындағы үштіктің 1937 жылғы 15 қыркүйектегі қаулысымен атуға кесілген, бұл үкім сол жылғы 26 қыркүйекте жүзеге асырылған. Ол 1990 жылғы 28 қарашада толық ақталған. (Жүргенов Қара — Жүргенов Темірбектің туған әкесі).

Мырзахметов Мәдиомар — Шиелі ауданының Бес-там ауылдық кеңесінде 1911 жылы туған, білімі 7 класс, партияда жоқ, тұтқынға алынғанға дейін Арал аудандық тұтынушылар қоғамында бас бухгалтер болып жұмыс істеген.

М. Мырзахметов Кеңес үкіметіне қарсы пиғылда болған, ол өзін қоршағандардың арасында ұлтшылдық пікірін үнемі айтып, кеңес үкіметін жамандап, провокациялық лақаптар таратқан. Өзімен қызметтес Қызылорда қаласында тұратын Бержекеев Әлмағамбеттің үйінде бірнеше адам арақ ішіп, мас болып, халық жауы Ахмет Байтұрсынұовтың өлеңдерін айтқан:

“Асқартау айнала, қорғанымын табыма,
Тап үшін төгілсе ризамын қаныма.
Қалтылдақ қайық міндік ескегі жоқ,

Теңизде қалкып жүрміз кестесі жоқ,
Жел соқса, құйын соқса жылжи беру,
Болғандай табан тірер ештеңе жоқ.”

1947 жылдың 1 Мамыр мейрам күні Қызылорда қаласындағы бұрынғы Энгельс көшесіндегі ресторанда Айтжанов, Бержекеев және Бақтыбаевтар отырғанда Мырзахметов орыс халқының Кеңес Одағы Батырларының адресіне ұлтшылдық пікір айтқан және Кеңес Одағының сайлауы системасын жамандаған. 1948 жылдың сәуір айында облыстық тұтынушылар одағының сауда базасының ауласында Нурманов және басқалардың көзінше Кеңес Одағы халықтарының өмірін жамандаған. Осы жылдың тамыз айында Бержекеевпен “Далекая невеста” кинофильмі туралы әңгімесінде Кеңес Одағы халықтарының достығына өзінің көңілі көншімейтінін білдіріп, ұлтшылдық пікірін айтқан.

Міне, Мырзахметовке осындай айыптар тағылып, Қызылорда облыстық МГБ Басқармасының тергеу бөлімшесінің 1950 жылғы 12 маусымдағы қаулысымен тұтқынға алынып, РСФСР ҚК-ның 58 бабының 10 тармағының 2 бөлімімен қылмыстық іс қозғалған.

Қызылорда облыстық Сотының 1950 жылғы 26 шілдедегі үкімімен ол 10 жылға бас бостандық еркінен айыруға, 5 жылға сайлау-сайлану құқын жоюға, өзіне тиісті мал-мүлкін тәркілеуге сотталған.

Қазақ ССР Жоғарғы соты Президиумының 1956 жылғы 30 шілдедегі қаулысымен облыстық соттың үкімі бұзылып, оған тағылған айыптың жеткіліксіздігі үшін іс өндірістен қысқартылып, Мырзахметов Мәдиомар қамаудан босатылған.

Аманов Есмахан немесе Қойбақов Есмағамбет Сырдария ауданының Октябрь ауылдық кеңесі, Молотов атындағы колхозда 1887 жылы туған, руы Сумұрын, ірі байдың, патша тұсындағы болыстық соттың баласы, сауаты бар, 1919 жылдан БК(б)П мүшесі, 1932 жылы көктемгі егісті бұзғаны үшін партия қатарынан шығарылып, бір жарым жылға бас бостандығы еркінен айыруға сотталған, осыдан кейін Молотов атындағы колхозда ветсанитар болып жұмыс істеген. 1932 жылы партия ячейкасының хатшысы болып тұрған кезінде контрреволюциялық топтың мүшесі болып, жауыздық жұмыстарға қатысқан, сол үшін Қазақстандағы ОГПУ өкілетті өкілдігінің 1933 жылғы 8 маусымдағы қаулысымен РСФСР ҚК-ның

58 бабының 7 тармағымен 10 жылға бас бостандығы еркінен айыруға сотталған. Айып мерзімін өтеуге НКВД-ның Қарағанды лагеріне айдалған, 1933 жылдың тамыз айында одан қашып шығып, Өзбек, Қырғыз Республикаларында Қойбақов Есмағамбет деген жалған атпен жасырынып жүрген. 1934 жылы Ферғана облысы, Алтынарлық ауданының “Ян-Яван” қой совхозында аға шопан болып жұмыс істеп жүргенде осы совхозда контрреволюционер тобына кіріп, совхоз малын талан-таражға салуға қатысқан. 10 айдың ішінде осы топ совхоздың 136 бас малын ұрлаған, осы қылмысы үшін Өзбек ССР Жоғарғы Соты Коллегиясының үкімімен 1932 жылғы 7 тамыздағы заңға сәйкес 10 жылға бас бостандығынан айыруға сотталған, айып мерзімін өтеуге Өзбек ССР НКВД-ның Чиназ еңбекпен түзету лагеріне айдалған. Ол одан да 1936 жылдың желтоқсан айында қашып шығып, Қызылордада жасырынып жүрген.

Қызылорда облыстық соттың қылмысты істер қарайтын сот коллегиясының 1948 жылғы 6 ақпандағы үкімімен Аманов Есмахан 10 жылға бас бостандық еркінен айыруға, саяси құқын 5 жылға жоюға сотталған. СССР Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1953 жылғы 27 наурыздағы “Амнистія (кешірім) туралы” Заңына сәйкес қамаудан босатылған.

Отан соғысы жылдарында қапыда жау қолына тұтқынға түсіп, елге оралғандары да сотталып, концлагерьге айдалды.

Бадырақов Қанибай — Қармақшы ауданының бұрынғы Қаганович атындағы колхозда 1920 жылы туған, білімі жоғары, БК(б)П мүшесі, Жанақорған ауданындағы 30 жылдық ВЛКСМ атындағы орта мектептің директоры болып қызмет істеген. Ол 1942 жылдың қараша айынан 1944 жылдың тамыз айына дейін Отан соғысына қатысқан. Ол Отан соғысы майданында жүріп, Орта Азия ұлттары әскери қызметкерлері арасында кеңес үкіметіне қарсы ұлтшылдық жұмыстар жүргізген Берлиндегі “Түркістандық” ұлттық комитетінің бір мүшесімен байланыс жасаған. Әскерден ауылға келгеннен кейін де кеңес үкіметіне қарсы ұлтшылдық жұмыстар жүргізген — деп айып тағылып, 1951 жылдың 17 тамызында тұтқынға алынып, 25 жылға еңбекпен түзету лагеріне, 5 жылға саяси құқын жоюға сотталған. 1954 жылы сәуір айында істі қайта тексеру қорытындысы бойынша айыпкерге тағылған айып дәлелденбегендіктен іс өндірістен тоқтатылып, Бадырақов Қанибай қамаудан босатылған.

Х. Ембергенов


“Боздақтар” естелік кітабының редакторы.
“Сыр бойы” 25 қыркүйек 1999 жыл.

ЖАНАЕВ ӨБЖАППАР ЖАНТУҒАНҰЛЫ (1903—1942 ж.).

Ө. Жанаев 1903 жылы Жалағаш ауданындағы қазіргі Ақсу ауылында кедей шаруаның отбасында дүниеге келген. Ата-анасынан жастай жетім қалған ол Керімкүл есімді нағашы апасының қолында тәрбиеленіп, 14 жасынан бастап ет комбинатына

өуелі үйренуші, кейін қатардағы жұмысшы болып еңбекке араласады. Өзінің іскерлігі, еңбекқорлығы, ұйымдастырушылық қабілетінің арқасында комбинат директорлығына дейін жоғарылатылады. Қазалы, Қызылорда, Түркістан ет комбинаттарының

директоры болып жауапты қызмет атқарады. 1935 жылы Полтавадағы (Украина) директорлардың жоғары мектебін ойдағыдай аяқтаған бойда оны Әулие ата ет комбинатының директоры етіп тағайындайды. 1927—37 жылдар аралығында коммунистік партия қатарында болады. Өкінішке орай 1937 жылдың қараша айының 26 жұлдызында “Халық жауы” деген жаламен қамауға алынып, Оңтүстік Қазақстан УНКВД үштігінің (тройка) үкімімен сол жылдың 30-шы желтоқсанында 10 жыл мерзімге сотталады.



ӨКЕМ ТУРАЛЫ АҚИҚАТ

Сонау сталиндік репрессия жылдарында қаншама көзі ашық, көкірегі ояу, зиялы азаматтарымыздан көз жазып қалдық десеңізші? Жан түршігерлік жаза мен ақылға сыймайтын зұлымдықтың құрбаны болған со бір бейкүнә боздақтардың бірі — бүгінгі очеркіміздің кейіпкері Әбжаппар Жантуғанұлы Жанаев есімді ағамыз еді.

Ө. Жанаев 1927—34 жылдар аралығында Қызылорда, Қазалы, Түркістан ет комбинаттарының директоры болып, жауапты қызметкер атқаралы. 1935 жылы Полтавадағы жоғары мектепті бітірген бойда Әулие ата ет комбинатының директоры болып тағайындалады. Бірақ, амал не, араға екі жыл салып, яғни 1937 жылдың қараша айында өндірістің білікті басшысын “халық жауы” деген жаламен қамауға алады. Ол сол сапарынан оралмай, Ярослав облысы, Рыбинск лагерінде дүние салады. Өлбетте өзек өртер өкініштің орны толмасы ақиқат. Әйтсе де көңілге медеу тұтарлық бір жай — Өбексннің артында екі перзент қалады. Үлкен ұлы — Нұрхан Жанаев қазір Алматыда тұрады. Қазақстан Жазушылар Одағының мүшесі, көптеген жыр жинақтарының авторы. Өкесінен үш жасында қалған кенже ұлы — Ахмет Жанаев 30 жыл бойы республикалық радионың облысымыздағы меншікті тілшісі болып қызмет атқарды. Қазақстан журналистер Одағының мүшесі, дербес зейнеткер. Бес ұл-қыз, оншақты емере сүйіп отырған үлкен шаңырақ иесі. Деректі материалдар мен естеліктер негізінде жазылған Ахат Жанаевтың бұл очеркі зұлымдық құрбаны болып, өмірден тым ерте кеткен ардақты өкесі жайлы сыр шертеді.

Халқымыздың басына қайғы мен қасірет, жаза мен аза бұлғын үйіре келген со бір адам айтқысыз ауыр кезек еске түскенде ет жүрегің езілмей, жанарыңа жас алмай отыра алмайды екенсің. Уақыт дегеніңіз қандай ұшқыр! Содан бері арада қаншама аумалы-төкпелі жылдар керуені өтті десеңізші? Жас толы жанарлар да өлден суалған секілді. Аласапыран заманда ажал жалмаған азаматтарын сарғая күткен ару-

Егер тірі болғанда Ө. Жанаев 1947 жылдың 26 қарашасында үйге елге оралуы тиіс еді. Бірақ, тағдыр оған мұндай қуанышты жазбады. Волголаттағы адам айтқысыз ауыр жұмыс салдарынан кеселге ұшырап, ақыры 1942 жылдың 20 мамыр күні Ярослав облысы, Рыбинск Гидроузели құрылысында қайтыс болады.

Бұл деректер Жамбыл облыстық Қауіпсіздік Комитетінің архивінде сақталған № 470 папкіден алынды. Мұндағы Ө. Жанаевтың “Қылмыстық ісі” № 459384 санымен номерленген. Ол кісі 1940 жылға дейін өз ісін қайта қарауды сұрап, отан алдындағы адалдығын дәлелдеп, жоғары жаққа, Орталық партия Комитетіне бірнеше рет шағымдана да нәтиже шығара алмаған.

1958 жылы Ө. Жанаев түгелдей ақталып, партиялығы да қалпына келтірілді.

лардың қатары да бұл күндері тым сиреп қалғанға үксайды. Сол дүрбелең кезеңде өмірге келген біздің өкесіміздің де ата болғанымыз қашан. Алайда, со бір үрейлі де мазасыз шақта жүрекке шер боп шөккен көне жара өлі күнге дейін сыздауын қояр емес. Бала кезімде өкемнің көзіндегі сақталған қойын кітапшасынан: “Ақтың отын арамза өшіре алмайды” деген айшықты жолдарды оқығаным бар-ды. Сірә, ол кісі кезінде осы бір қанатты ұғымды қасиетті туындай қастерлеп өтсе керек. Міне бүгін өке болжамы араға ұзақ жылдар салып шындыққа айналып отыр. Мұның өзі 1985 жылғы сөуір самалының шапағаты екені шүбәсіз. Ештен де кеш жақсы демекші, бұған да шүкіршілік етіп отырған жайымыз бар. Арада көп жыл өтіп кеткендіктен бе әлде сол кездегі зұлымдықтың ізін жасыру керек болды ма, кім білсін. Әйтеуір өкеміз жайлы ауыз тұщытарлық деректерді таба алмай-ақ қойдық.

Міне, біздің алдымызда Жамбыл облыстық “Знамя труда” газетінің 1989 жылғы қараша айының бірінші жұлдызында жарық көрген материалдың ксерокошірмесі жатыр. Небәрі 32 жолдан тұратын шағын мақалада ол кісінің ВКП(б) мүшесі екендігі, тұтқынға алынғанға дейін Мирзоян (Жамбыл) қаласында ет комбинатының директоры болып қызмет атқарғандығы, 1937 жылдың қараша айында Оңтүстік Қазақстан облысы НКВД үштігінің шешімімен он жылға кесілгендігі жайлы деректер келтірілген. Арада 20 жыл салып Жамбыл облыстық соты үштіктің шешімін заңсыз деп бұзып, өкемді біржола ақтағаны баяндалыпты. 1989 жылғы 24 қазандағы бюро қаулысымен Жамбыл облыстық партия комитеті өкемнің партиялығын қайта қалпына келтірген. Ал, енді Қазақ ССР қауіпсіздік комитетінің Жамбылдағы басқармасының деректеріне, айыптау қорытындысына сүйенер болсақ, сот процесі 1937 жылғы желтоқсанның 20 жұлдызында өткен протоколдан мәлім болып отырғанындай, тергеу жұмысын мемлекеттік қауіпсіздік комитетінің

кызметкерлері, НКВД-ның оперативтік өкілдері лейтенант Капустин мен кіші лейтенант Сулимовтер жүргізген. Бір ерекше атап өтер жой — өкем өзіне тағылған жалалар мен шындыққа үш қайнаса сөрпасы қосылмайтын айыптардың барлығын да жоққа шығарып отырған. Камераға тыңшы жіберу, күш көрсетіп, ұрып-соғу да нәтиже бермеген. Өкемнің жұмысынан қылмыс түгіл иененің жасуындай да кінәрат таппай тығырыққа тірелген тергеушілер енді басқаша құйтыр-қыға басады. Облыс, республика территориясынан тыс жерлермен де байланысың бар екен, олардан үнемі нұсқау алып, соны жүзеге асырып отырғаның деп айып тағады. Оны айыптау қорытындысындағы мына бір мына бір жолдардан-ақ айқын аңғаруға болады. “Ә. Жанаев ұлттық контрреволюциялық ұйымға мүше боп кіріп, Өзбек ССР-і наркомсовхозының бұрынғы бастығы, халық жауы Батырбековтен тікелей нұсқау алып отырған, оны жүзеге асыруға атсалысқан”. Тергеу барысында өкем Батырбековтен тығыз байланыста дегенді айтасыз-ау, ондай есімді адамды өңі түгілі түсінде көрмегенін айтып ақталып-ақ бақса да, нәтиже шығара алмайды. Күнілгері жоғарыдан кесіліп, пішіліп қойылған сценарий бойынша өткізілген сот процесі үстінде 13 азамат өртүрлі мерзімге кесілді. Олардың арасында ең қатал үкім — ату жазасына сотталғандар да аз емес-ті.

Көзі тірісінде анам марқұм (ол кісінің есімі Айткүл) айтып отырушы еді. Жастайынан жетім боп өскендігінен бе, әлде туа біткен қасиеті ме, кім білсін, өкең барыныша қарапайым, мейірімді, адал, ақжарқын азамат еді. Маңдаймызға сыймай кетті ғой. Көңіліміз жарасып, тұрмыс құрнғалы екеуіміздің қызметіміз де бірге болды. Алғашында жұмысшы, кейін мастер болып істедім. Менің білетінім — өкең жағымпаздық пен жалғандықты, сұғанактық пен сақындықты өлердей жек көретін. Өте қарапайым-тұғын. Қара жұмыстан жиіркенбейтін. Бөлегін сыбанып жіберіп, бірде жұмысшы, бірде жүкші, бірде қасап болып шыға келетін. Осынысы үшін де жұмысшылар ерекше құрмет тұтатын. Кейде еңбектес құрбыларым: “Осы отағасың директор ма, әлде қарабайыр жұмысшы ма?” — деп әзілдейтін. Оны өзінен сұрандар дейтінмін әлгілерге. Өмірлік жарым болғанмен ол кісінің қызметіне араласа қоймайтынмын. Өзі де тіс жарып, өңгіме айта бермейтін. Ұмытпасам, бұл 1920 жылдардың аяқ шені болса керек. Әншейінде жаймашуақ жайдары мінезінен айнымайтын отағасым беделді бір жиыннан көңілсіз оралды.

— Жүзін қуқыл тартып кетіпті ғой, сырқаттанып келдің бе? — деп едім. “Жой шаршағаным болар” — деп орындыққа үнсіз отыра кетті. Шай іштік. Сірә, жанын жегідей жеп, өзін мазалап жүрген ойлардан арылғысы келді ме, әлде шыдамы тартылды ма, кім білсін, әйтеуір біраз үнсіздіктен соң:

—Төзімділік дегенің жақсы қасиет-ау, бірақ шыдамың жетер емес. Соғыс малдарының қисапсыз жеткізіліп жатқаны соншалық, тіптен сойып үлгері алар емеспіз. Вагондар да жетіспей жатыр, не жау қуып бара жатқанын түсінбеймін. Малды осылайша топырлатып қырып салар болсақ, ертең халықтың тігерге тұяғы, ішерге асы қалмайды ма деп қауіптенемін. Бүгін сөз алып, осы жайында ашы-

нып-ақ айтқан едім, бірақ мұнымды ұғар құлақ болмады, — деді жабырқау көңілмен. Қазір байқасақ, ол кезең Голошекиннің “Кіші Октябрь” деген жөлеумен малды қырып, жұртты ашытқа ұрындырған жылдары екен. Енді бір сөт, өкемнің жан жолдасы, ақылшы ағасы, өрі көршісі болған, Қазақ ССР-і Жоғарғы Советінің тұңғыш депутаттарының бірі Серғазы Опалқожаев ақсақалдың өңгімесін тындап көрелік.

—Әбжаппар менен едәуір жас болатын. Бірақ, оны өзіммен терезесі те азаматтай құрмет тұтушы ем. Қазақта мынадай мақал бар емес пе? Тоқты асығы деменіз, қолыңа жақса сақа ғой.

Жасы кіші деменіз, ақылы асса аға ғой.

Әкең жас болса да бізден гөрі білімдар, көзі ашық, көкірегі ояу азамат болатын. Көңіліміздің тазалығы ма, ілде мінез бен ой-пікіріміздің үйлесімділігі ме, қайдан білейін, әйтеуір сонау 20-шы жылдардан бері біз туыстан бетер дос, бауыр боп кеттік. Біраз жыл біздің үйде тұрды. Обалына не керек, туған інімнен кем болған жоқ. Бақытына орай сүйген жары да ізетті, инабатты, ағайын-туыс, абысын-ажынға мейірімді жан болып шықты.

Әкеңнің тағы бір қасиеті — еңбекшіл, әскер, өте ыждағатты-тұғын. Сол кездегі төртінші қаталдығы ма, әлде адамгершілік пен жауапкершіліктің жоғарылығы ма, әйтеуір, жұқ тиелмей қаңырап бос тұрған рефрижераторларды немесе тәулік бойы қорада қамаулы тұрған сойыс малдарын көрмейтінбіз. Механизмнің жоқ кезінде осының бөріне қалай уақыт табатынына қайран қалатынбыз. Әбжаппардан соғыс басталғанша үзбей хат алып тұрдым. Сонан соң хабар-ошар болмай кетті. Қанша хат жазып, сұрау салдырсақ та жауап ала алмай қойдық. Сөйтсе, сұрау ер опат болған екен ғой...

Жалағаш ауданындағы “Ақсу” совхозының байырғы тұрғыны, 76 жастағы еңбек және соғыс ардагері Жүсіпбек Нұрмышұлының мына бір естелігі де көңіл аударарлық.

—Әбжаппар ағаймен біз өрі ауылдас, өрі жекжат болатынбыз. Соңғы жылдары қызмет бабымен елден жырақтау жүрген соң ол кісімен жүздеспегеніме де біраз жылдар өткен-ді. 1930-шы жылдардың басында ол Түркістан ет комбинатын басқаратын. Аштықтан титықтаған соң Түркістан қайдасың деп тартып кетті. Алданбаған екенмін. Өкең жүрек жылуы, мейірім шуағы мол, жақсы адам еді ғой. Барған бойда жұмысқа алды. Сөніп бара жатқан үміт отын қайта лаулаты. Туған інісіндей тәрбиелеп, ат арқасына мінгізді. “Жақсыдан шарапат” деген осы болады, шырағым. Өкеңнің мейірім-шапағаты түспегенде менің тағдырым не болар еді...

Қазақта: “Әкең өлсе өлсін, өкеңнің көзін көрген өлмесін” — деген қанатты қағида бар. Жас күнімізде оның айшықты астарына, мән-мағынасына, қадір-қасиетіне бойламаппыз ғой. Мұнымыз білместік екен. Өкінішке орай, оны кешеуілдеп барып түсіндік. Бұлай деп отырғаным, кезінде өкеммен бірге өскен табақтас, қызметтес болған жандардың көпшілігімен тілдесе алмай қалдық. Тілдесе, ол кісілер де осылайша таңғажайып сырлар шерте берер еді-ау... шынымызды айтсақ, өкеміздің басында болған жағдайдан бала күнімізде мүлдем хабарсыз болатынбыз.

“Халық жауының” баласы атанып, көзге түрткі бол-
масын деді ме, әйтеуір анамыз өмірінің ақырғы
күндеріне дейін отағасының тар жол тайғақ кешуде
жүргенін құпия ғып ұстады. Тек дүние саларының ал-
дында ғана жан сырын алдымызға жайып салған-ды.
Анам табиғатында өте сабырлы кісі болатын. Ақтық
демі біткенше отағасынан күдер үзбеуі де сондықтан
болар, сірә. Тым болмаса анам сүйген жарының ел-
халық алдындағы ақтығы мен пәктігін де ести алмай
ішқұса боп арманда кетті. Анам дүние салған соң біз
оның жастығының астынан мынадай жыр шумақтар-
ымен басталатын бір жапырақ қағазды тауып алдық.

Акку ұшып, қаз қалды,
Көл суы құрғап, саз қалды.

Сарғая сені күтумен,
Біздің де өмір аз қалды...

Иә, со бір зұлмат репрессия халықтың көзі ашық,
көкірегі ояу азаматтарына ғана тажал боп тиген жоқ.
Қара жамылған жесірлері мен бала-шағаларын да
зар жылатты емес пе? Қаншама арулар, бейкүнә
балдырғандар қайғы-қасіреттің ғана емес, қатаң
қудалау мен қатыгездіктің де құрбаны боп кеткені
имандай шындық. Елі үшін еңіреп, етегімен су
кешіп, шындық пен өділдік үшін омырауын оққа
төсеген сол бір от жүректі, өр мінезді азаматтары-
мызды жазықсыз жаладан арашалап алу — ары-
мызға да, адамшылығымызға да үлкен сын деп ой-
лаймыз.

Ахат Жанаев,
Қазақстан журналистер Одағының мүшесі.

КӨЗІМ КӨРГЕН ҚАСІРЕТ

Шырынкүл әжейдің әңгімесі

Біздің отанымызда ашаршылық жылдары
емшектегі сәбилердің 72 проценті, жеті жасқа дейінгі
балалардың 60 проценті қырылып қалған. Тұтас
ұлттың тең жартысы опат болды. Тек арада қырық
жыл өткен соң, яғни 70 жылдарда қазақтар
өздерінің 1926 жылғы санына әзер жетті. “Егер
аштық ойраны болмағанда бүгінгі таңда қазақ хал-
қының өсімі 32 миллионнан асып түсуі күмәнсіз
еді” делінген тарихи деректерде.

Күні бүгін де ел ішінде аласапыран заманды көзімен
көрген тірі куәлар бары айқын. Ол кісілерді сөйлете
бастасаңыз, талай қайғылы сырды шертер еді.
Осындай зұлмат жылдардың куәгер абзал ана Шы-
рынкүл әжейдің әңгімесін жазып алған едім...

... 1928—1930 жылдар елді жаппай колхоздандыру
саясаты басталғанда атамның малын, дүние-мүлкін
тартып алды. Сонымен атам Ақпамбетті балала-
рымен үш ай Әулиеатадағы абақтыға апарып қамап
тастайды. Кейін аман-сау босатып жіберген соң
қалада қалады. Атамның басқа балаларының қай-
да қалғаны есімде жоқ. Біздің отбасымыз бір
өзбектің үйінде пәтерде тұрдық. “Атшабар” деген
базарға жақын. 1931—1933 жылдары атышулы
ашаршылық алапаты болды. Өлі есімде, өкем
екеуіміз сол базарға барамыз. Қала тұрғындары
емес пе, өздерінен ауысқанын, қолда бар дүниесін
талғажау етерлік асқа сатады. Базарға жетем де-
генше өр көшенің бойында судап жатқан өліктер.
Арнайы адам жасақтайды-ау, арбаға салып өкетіп
жатады. Содан өлгі аш адамда не ақыл-ес болсын,
айран сағып тұрған әйелдердің ыдысына жүгіріп,
бара қолын шелегіне салып жібереді. Оған барын
бере қоятын сағушы жоқ, жұдырықпен бір түй-
генде, сол жерде үйелеген қойдай қала беретін.
Өкем еті тірі, пысық, ойлы адам еді. Күн көрісіміз
қиындап кеткен соң, Әулиеатада балалар үйі ашы-
лып жетім балаларды қабылдап жатыр деп естіп,

өкеміз екі інім мен мені, өзінің інісі Ақылбектің екі
қызын өкеліп, фамилиямызды өзгертіп, балалар үйіне
орналастырды. Байлардың баласын балалар үйі
қабылдамайды, фамилиямызды өзгерту себебі сол.
Мен сонда он жастамын. Балалар үйі бір бай өзбектің
үйін көмпескелеп алған қос қабатты үй екен. Біз
сонда бір қыс тұрдық. Біздің артымыздан өке-ше-
шем, ағайым Ақылбек, жеңгем келіп жүрді. Сонда
өкемнің айтатыны: “Оқып, сауатты болып шығын-
дар, сонда жақсы адам боласындар. Аман болсандар
іздеп тауып аласындар!” — дейтін. Інімнің біреуі алты
жаста, екіншісі төрт жасар. Олар өкесінің атын да
білмейді. Кейін өке-шешем келмей кетті. Сөйтіп
жүргенде бір күні жеңшеміз келіп, өзінің екі қызын
алып кетті. Мені де шақырып еді, мен бармаймын
дедім. Себебі, “оқып адам болған соң келесің” —
деген өкемнің сөзі мықтап есімде қалып қойыпты.
Балалар үйінде бөрімізді бір бөлмеге жатқызатын.
Сол шақты еске алсам, өлі күнге дейін аза бойым
қаза болады. Ортамызға суға қайнатқан быламық-
ты өкеп қойғанда, таласа, тармаса жейміз. Өлжуаз
балалар табаққа жақындай да алмай, жатқан орнында
қылжиып-қылжиып жаны үзіліп кетеді. Тағы да
арбаға салады да өкетеді. Күніне он шақты баланы
қайда көмеді, қалай бетін жабады, оны ойлайтын
шама болған жоқ бізде.

Көктемде ер балалар мен қыз балаларды бір бөлек
айырып өкеткенде, екі інімнен көз жазып қалдым.
Сонымен олармен біржола қоштастым ғой. Бізді сол
мандағы “Балықшы” деген селоға көшірді. Осы арада
мектепке бардық. Мен жақсы оқуға тырыстым, бірақ
есепке шорқақ едім. Мектепте менен бір класс жо-
ғары оқыған төпелтек, аяғын сылттып басатын сары
қыз болды. Ол есепке жүйрік-тұғын, бір күні өлгі
қызға:

— Қайша, бүгін кешкілік тамақтың етін өзіңе салып
берейін, сен маған есеп үйретші, — дедім. Уәде бой-
ынша күнде кешке ол маған есеп үйретіп жүрді.

1936 жылы жетіжылдық мектепті бітіріп шықтым. Сол жылы Әулисагада медицина мектебі ашылды. Соған балалар үйінің шаруашылығын басқаратын Павел Быков деген орыс ағайымыз ек-үш қызды мектептің даярлық курсына документімізді тапсырғызып, жатақханаға орналастырып кетті. Ол кісінің жақсылығын өмірі ұмытпаймын. Курста қазақ, өзбек, орыс, татар қыздары оқыды. Стипендияны үлгерімге қарап төлейтін. Сабақ орыс тілінде жүрді. Орысша нашар болғандықтан, сабақты күндіз-түні оқитынмын. Бірақ баяғы ет беріп есеп үйренгенім алдымнан шықты. Сабағым жақсы болды. Мен мек-школда оқып жүргенде туыстарымнан әкемнің інісі Рахымбай ағам мені сұрастырып іздеп тауып алды. Мен бірден таныдым және бір көрген адамымды ешуақытта ұмытпаймын. Кейін үйіне барып тұрдым. Қызылша егетін колхозда мүше екен. Тұрмыстары өте нашар. Еңбеккүнін жөндеп бермейді. Бір сиыр, соны сауып кеже қағық етеді.

1938 жылы Әулиеатаға Мирзоян атын берді. Ол кісінің Қазақстан Компартиясы Орталық комитетінің бірінші хатшылық қызметін атқарған кезі. Бірақ жар-ты жылдан аспай, Мирзоянды “халық жауы” деп

атып жіберді. Сол жылдары партия, совет қызметкерлерін ұстап өкетіп жатты. Біз ол кезде үкіметтің саясатына түсінбедік. Қырқыншы жылы медицина мектебін қызыл дипломмен бітірдім де білім комиссиясы Алматыдағы мединститутқа барып оқуым үшін жолдама берді. Сол жылы Алматыдағы медрабфакқа оқуға түсіп кеттім...

Осыны айта отырып әжей күрсінген күйі ойлана үнсіз қалды. Мүмкін қырық бірінші жылғы соғыстың бейнегін еске алып отырды ма, әлде сол күндерге қарғыс айтып, енді қайтып келмесін тіледі ме екен, кім білсін. Әжесінің ертегісін естіген бейкүне баладай аңтарыла тыңдап мен отырмын.

Ақтарыла әңгімелесіп отырған сабырлы, салихалы ойлы, өмірден түйгені көп Ақылбекқызы Шырынкүл балалары мен немерелерінің ортасында Қызылордада тұрады. Немересінің маңдайын тарамыс алақанымен сипап қойып, өзінің фибрат сөздерін айтады. Бүгінгі тіршіліктің салмағын ой таразысына салып өлшеп, алды-артына ақылмен көз жүгіртеді. Ал оның өмір жолы ерекше өнеге. Ол бізге өмірінің өнегесін ғана тілейді. Қалғаны қайталанбасын дейді.

Куралай Ахметова,
Қызылорда қаласы.
“Сыр бойы” 27 ақпан 1997 жыл.

СТАЛИН БЕКІТКЕН БАСШЫ

Ұмытпасам 1952 жылдың көктемі болар. Ол кезде Сырдария ауданындағы “Аманкелді” колхозында партия комитетінің хатшысы едім. Кенсеге ұзын бойлы, сыпайы киінген, бейтаныс жігіт кіріп келді. Қолымды алып амандасты. Сәлден соң төс қалтасынан қызыл куәлігін ұсынды. Оқысам, мемлекеттік қауіпсіздік комитетінің қызметкері екен, шені капитан. Қазір сол жігіттің аты-жөні есімде жоқ.

— Аға, келген жұмысымды айта отырайын, — деді сәлден соң.

— Құлағым сенде қарағым! — деп басымды ізедім.

— Сіз Палымбетов Сейітжан деген азаматты білесіз бе? Білсеңіз сол кісі жөнінен толық мінездеме керек. Осы ауылда сіз біледі деген қарттардың біразынан мәлімет алдым. Дегенмен, алған мәліметтерім мені онша қанағаттандырмай тұр. Әкесі көмеспекеленген ірі бай баласы болған көрінеді, — деді капитан көзін маған қадай түсіп. Мен сабыр сақтадым, сасқаным жоқ.

— Иә, мен Сейітжанды 1928 жылдар аралығында көргенім рас, қарағым. Біздің үйімізбен іргелес отырды. Менің ағайыммен бірге оқитын әрі ажырамас жолдас еді. Ол үйде Бердияр деген туған жездесі отыратын. Сейітжан сонда жатып оқитын. О кезде Қызылордада “Сырьевой техникум” деген болды. Ол сонда оқитын. Тұрмыстары мен күн көрістері нашар болды. Аяғындағы керзі етігінің табаны түсіп қалып, соны сыммен бір қыс бойы байлап, сабаққа барып жүргеніне куәгермін. Біз 1932 жылы апаршылық басталып Сарыағашқа көшіп кеттік. Бір жыл тұрып, Қызылордаға қайта келдік. 1937 жылы Қызылордада тұңғыш рет дыбысты кино

қойыла бастады. Бала жігіт кезім, есебін тапсам кинодан қалмаймын. Кино басталар алдында 15 минут киножурнал беретін-ді. Сол киноны көрген сәтімнің бірінде қазақ жігіттерінің ішінен Алматы тау-кен институтын үздік дипломмен бірінші болып бітірген Сейітжан Палымбетов деген сөз санқ етті. Сол кинодан кейін мен Сейітжанды көрген емеспін. Әркімдерден еститінім: — Жезқазғанда үлкен қызмет істеп жүр деседі. Менің шешемнің Бибіқаша деген немере сіңілісі бар еді, соған үйленді деп естідім. Әкесі Палымбеттің ірі бай екенін естігенім бар. Бірақ, Сейітжан жездесінің қолына келгенде әкесі де, шешесі де жоқ болатын. Менің білетінім осы. Ол әкесінің байлығын да, төрбиесін де көрген жоқ. Бар білетінім осы.

— Түсінікті жолдас хатшы. Мүмкін болса осы әңгіменің өз қолыңызбен қағазға түсіріп берсеңіз, — деп өтініш жасады әлгі капитан. Мен өтінішін орындадым.

1968 жылы Алатыдағы “Алатау” демалыс үйінде демалып жатқан кезім. Бір күні осында бұрынғы Қазақстанның басшысы Нұртас Ондасынов орыс жеңгемізбен демалып жатыр деген хабар шықты. Сонда тынығушылар Нүрекеге барып, сәлем беруге уағдаластық. Бардық. Ақжарқын, көпті көрген азамат өңгімені, көрген-білгенін ай бойы ағитты. Бір күні бізді Нүрекең бөлмесіне шақыртты. Ол кісіге күн сайын түс-түстан мал сойып, жолдастары келіп жатады. Бүгін бізді де бірге отырып дәмдес болсын деп шақыртқан екен.

— Сәлем бердік, Нүреке, — деп көпті бастап бөлмесіне кіріп бардым. Аға құшақтады. Қасында баяғы

Сейтжан ағамыз, бірден ұшып түрегеліп, құшақтап бетімнен сүйді.

— Бабажан, отыр. Жақсы кездестік, — деді Сейтжан аға. — Мен сені көрсем деп жүр едім, мына Нүрекеңнің себебімен кездесіп қалдық. Айналайын, мына қағазда менің адресім, телефон нөмірім бар. Қалған уақытыңда жолдастарыңды ертіп үйге кел, қонақ бол!

— Жақсы аға, рахмет, — деп жатырмын.

Сәлден соң әңгіме басталды. Бәріміз де шамалы қызып алғаннан кейін Сейтжан аға Нұртасқа қарап әңгімесін бастады.

— Мына Бабашқа айтатын рахметім бар еді, соны сіздің алдыңызда айтайын. Рұқсат етесіз бе?

— Рұқсат, Сейтжан! — деді Нүрекең.

— 1952 жылы Гурьев обкомының бірінші хатшылығына бекітілуге КПСС Орталық Комитетінің Саяси Бюросына бардым. Бюро басталысымен:

— Палымбетов Сейтжан жолдас кіріңіз, — деді бюро басқарушысы. Басымды изеп бюро мүшелерімен амандастым да, отырмастан тік тұрдым. Тани кеттім, бюроны Молотов жолдас басқарып отыр. Сталин жолдас трубкасын тартып, бөлменің бостау жақ шетінде олай-бұлай кезіп жүр. Адам көп емес. Тек қана бюро мүшелері. Сәлден соң бір жігіт орнынан тұрып Қазақстан Орталық партия комитеті бюросының Гурьев облыстық партия комитетінің бірінші хатшылығына мені ұсынылған шешім оқыды.

Кезекті басқа бір жігіт алып, менің тексеруден өткендігімді айта келіп, көмпескеленген байдың баласы, әйелі Досбол датқаның немере қызы, өзі Тұрсынбай датқаның тұқымынан шыққан деген жерлестерінің мәліметін оқыды. Сәлден соң туған жерінің колхоз партия комитетінің хатшысы Бабаш Жөкеновтің мінездемесі мынау деп сенің берген мінездеменді оқыды. Жұрт үнсіз отыр. Сәл үнсіздіктен кейін бір жақ шетінде ерсілі қарсылы жүрген Сталин жолдас кілт тұрып: — Жолдас Палымбетов, датқа деген не сөз? — деп сұрақ қойды. Мен кідірместем: — Жолдас Сталин, Қоқан хандығының елден ақша, салық жинайтын агентін датқа дейді, — деп жауап бердім.

Сталин жолдас сәл күлімсіреп: — Жолдас Берия, жас жігіттердің жанын неге қинаймыз? Бұл жігітті мен соғыс кезінен жақсы білемін. Патрон зауытында мыс жетпей жатқанда бұл жігіт Жезқазған қалалық партия комитетінің бірінші хатшысы болып тұрғанда тікелей тапсырма бергенім есімде. Бұл жігіттің айлық жалақысын екі есе өсіргенмін, алғыс айтқанмын. Бекітілсін, — деп ұсыныс енгізді. Бақа ешкім ұсыныс айтқан жоқ.

— Жолдас Палымбетов бекіңізді, бара беріңіз! — деді. Содан бері бір кездесіп, сондағы берген мінездеме рахмет айтсам деп жүр едім, соның сәті бүгін түскенін қарашы, деді Сейтжан аға әңгімесі тағы жалғасты.

Сәлден соң Сейтжан аға: — Жағдайыңыз қалай? — деп Оңдасыновқа қарады.

Біз ағаларды демалушылар рахаттанып тындап отырмыз, өзден уақытта Оңдасынов аға:

— Мына жеңген екеуміз Москвада тұрамыз, арнайы берілген саяжайымыз, үйіміз бар, мен одақтық пенсия аламын, жеңген де пенсия алады, жағдайымыз жақсы, тамағымыз тоқ. Балам Ресейдің үлкен қаласында бір зауыттың инженері, келінім дәрігер, мына жеңгелерің орыс болғасын балам да орыс қызына үйленді. Балам адал болды. Жылына бір келіп жеңген екеумізді киіндіріп кетеді және ай сайын сақтық кассасындағы книжкаға қосымша ақша түсіріп отырады.

— Шырағым-ау, менің өз ақшам жетіп артылып жатыр, несін түсіресің, өздерің жұмсай беріңдер десе, жоқ папа мен сізге қарызымды өтеуім керек, артылса жетім-жесірге беріңіз, бұрынғы ескі жолдастарыңызға беріңіз, — деп жауап береді.

Мен толқып отырмын. Іштей ризашылығым шексіз.

Шіркін-ай, баланың адал болғаны қандай ганибет. — Балам нағашысына ұқсамай өзіме ұқсағаны ғой, — деп Нүрекең жеңгеміздің арқасынан бір қағып, артын күлкіге ұластырып жіберді.

Жылдар жылқып жатыр. Бұл әңгімені де естігеніме бүгін ойлап қарасам қырық жылдан асып барады. Ұлағатты әңгіменің тәрбиелік мәні болар деп оқырманға ұсындым.

Бабаш Жөкенов, соғыс және еңбек ардагері.

Қайырбек Мырзахметұлы, журналист.

“Сыр бойы”, 15 сәуір 200 жыл.

БҰЛАРДЫҢ БӘРІ ДЕ КІНӨСІЗ БОЛАТЫН

Халық жауы болып ұсталғандардың арасында кеңес органдарының басшы қызметкерлері, шаруашылық басшылары, әйелдер де аз емес. Олардың ішінде Құдайбергенов Патса Қазалы аудандық партия комитетінің хатшысы “Халық жауы” болып ұсталып, 1938 жылғы 20 ақпанда атылып кеткен, Бақтыбергенов Қуантай Арал аудандық атқару комитетінің төрағасы, Демесов Бердібек — 1929 жылдан БК(б)П мүшесі, Жанақорған атқару комитетінің төрағасы, 1938 жылғы 5 наурызда ату жазасына сотталған, үкім сол күні Алматы қаласында орындалған. СССР Жоғарғы соты Әскери Коллегиясының 1959 жылғы 20

сәуірдегі ұйғаруымен оның әрекетінде қылмыс белгісі болмағандықтан ісі қысқартылып, толық ақталған, Тәжібаев Дүйсен — 1919 жылдан БК(б)П мүшесі, 1924 жылы Түркістан уездік комитетінің хатшысы болып қызмет атқарған, Қарақалпақстанда оқу бөлімінің меңгерушісі, одан кейін Шымбай аудандық партия комитетінің хатшысы, 1932 жылы Қарағанды қалалық кеңесінің төрағасы, кейін Арал аудандық мәдени-ағарту бөлімінің меңгерушісі болып жұмыс істеген. Д. Тәжібаев та “Халық жауы” болып ұсталып, Қазақ ССР Жоғарғы Сотының 1938 жылғы 27 ақпандағы ұйғаруымен ату жазасына сот-

талған, бұл үкім сол күні Алматы қаласында жүзеге асырылған. 1957 жылғы 31 қазандағы Қазақ ССР Жоғарғы Сотының шешімімен Д. Тәжібаевтың әрекетінде қылмыс белгісі жоқ болғандықтан толық ақталған. Досымбаев Иманкүл — 1924 жылдан БК(б)П мүшесі, Қазалы аудандық атқару комитетінің төрағасы болып қызмет атқарған, ол да “Халық жауы” болып 1937 жылғы 4 қазанда ұсталған. СССР Жоғарғы Сотының Әскери Коллегиясының 1938 жылғы 19 ақпандағы И. Досымбаев жөніндегі үкімі жаңа ашылған жағдайларға байланысты бұзылып, оның әрекетінде қылмыс белгісі болмағандықтан ісі қысқартылып, толық ақталған. Атағаева Әзиза — Шиелі ауданының № 1 ауылында 1896 жылы туған, сауатты, 1927 жылдан БК(б)П мүшесі, Қызылорда аудандық партия комитетінің үшінші хатшысы, кейін Сырдария аудандық атқару комитетінің төрайымы болып қызмет атқарған. Оған кеңес үкіметіне қарсы контрреволюциялық ұлтшылдық ұйымға 1937 жылы Қызылорда аудандық партия комитетінің бұрынғы екінші хатшысы Гуменный арқылы партылған. 1938 жылы Сырдария аудандық атқару комитетінің төрайымы болып тұрғанда № 15 ауылдық кеңестің төрағасы Шапқынбаевқа “Комсомол” колхозында егіс арығын биік-дөнес жерден қазуға зиянкестікпен тапсырма беріп қаздырған, соның салдарынан ол арықтан су ақпай, колхоз егісі суыз қалған — деп айып тағылып, 1938 жылғы 8 маусымда тұтқынға алынған. Қызылорда облыстық сотының арнаулы коллегиясының 1938 жылғы 16 тамыздағы үкімімен Атағаева Әзиза 15 жылға бас бостандық еркінен айыруға, 5 жылға саяси құқын жоюға, өзіне тиісті мал-мүлкін тәркілеуге сотталған.

Қазақ ССР прокурорының наразылығы бойынша Атағаева Әзиза жөніндегі үкім бұзылып, оның әрекетінде қылмыс белгісі жоқ болғандықтан іс қысқартылып, толық ақталған.

Айтбаева Құрманкүлге де Әзизаның кері келген. Ол Терөзек ауданының Аламесек ауылдық кеңесінде 1909 жылы туған, сауатты, БК(б)П мүшесі, Терөзек аудандық партия комитетінде нұсқаушы болып қызмет атқарған. Оған да кеңес үкіметіне қарсы ұлтшылдық, террорлық ұйымның мүшесі, соның тапсырмасымен контрреволюциялық жұмыстар жүргізген — деп айып тағылып, 1938 жылғы 28 сәуірде тұтқынға алынып, 10 жылға сотталған. Кейін бұл да толық ақталған. Осындай болар-болмасты, ұсақ-түйекті сылтау еткен сөттер сот қағаздарында өте көп. Одан да сорақысы сол “Халық жауы” болып ұсталғандардың отбасына да зобалаң туған. Мына бір-ақ мысалға көз салып, назар аударсақ, біраз сырды біліп, біраз жайды аңғарамыз.

Байтөраева Кұлхан — Қазалы қаласында 1917 жылы туған, шала сауатты, партияда жоқ, күйеуі — Байтөраев Қазы — 1938 жылдың 20 ақпанында СССР Жоғарғы сотының Әскери коллегиясының көшпелі сессиясы арқылы “халық жауы” ретінде ең жоғары жаза — ату жазасына сотталған. Ол Қазалы МТС-ның директоры болып қызмет атқарған.

Байтөраева Кұлхан “Халық жауының” өйелі болғандықтан Қазалы аудандық НКВД бөлімінің 1938 жылғы 9 наурыздағы қаулысымен тұтқынға алын-

ған. Тергеу ісі сонымен 30 сәуірде біткен, айыптау қорытындысы сол күні шығарылып, оған РСФСР ҚК-ның 17—58 бабының 2, 8, 9, 11 тармақтарымен қылмыстық іс қозғалған, ісі сотқа берілген.

Қазақ ССР НКВД УГБ-ның 4 бөлімінің 1938 жылғы 23 мамырдағы қорытындысымен Байтөраева Кұлханды айыптаған тергеу ісі СССР НКВД-ның Ерекше Мәжілісінің Қарауына жіберілген. СССР НКВД-ның жанындағы Ерекше Мәжілісінің 1938 жылғы 21 шілдедегі қаулысымен Байтөраева Кұлхан “Халық жауының семья мүшесі” ретінде 5 жылға еңбекпен түзету лагеріне сотталған. Ол 1938 жылдың тамыз айында Ақмола ИТЛ-на айдалған. Байтөраева Кұлхан СССР Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1989 жылғы 16 қаңтардағы Жарлығының негізінде толық ақталған.

Шадаева Зейпін — Қармақшы ауданының № 10 “Жалғыз құм” ауылдық кеңесінде 1920 жылы туған. Ол ауылдағы мектептің 2 класында оқып жүріп, оқудың аяғында 4 оқушымен ауылға келе жатып партия мен үкімет көсемдеріне тіл тигізіп, контрреволюциялық сөздер айтқан деп айып тағылып, Қармақшы аудандық НКВД бөлімінің 1937 жылғы 19 шілдедегі қаулысымен 17 жастағы оқушы Шадаеваны тұтқынға алып, РСФСР ҚК-ның 58 бабының 10 тармағы 1 бөлімімен қылмыстық іс қозғалған. Тергеу ісін 5 ай жүргізіп, айыптау қорытындысын Оңтүстік Қазақстан облыстық сотына жіберген. Ол 1937 жылғы 20 қарашадағы қаулысымен айыптау қорытындысын бекіткен.

Қызылорда облыстық сотының 1938 жылғы 27 сәуірдегі үкімімен Шадаеваны жазаға тартуға дәлелдемелер жеткіліксіз болғандықтан ақтап, қамаудан босатқан.

Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының бөлім бастығының 1995 жылғы 9 желтоқсандағы қорытындысында Шадаеваның сөздерінде контрреволюциялық ұғым жоқтығы және үкіметті құлағуға, әлсіретуге ешкімді үгіттемегенін анықтап, оның қамауға алынуы, ісінің сотқа жіберілуі заңсыз — деп атап көрсетілген.

Облыс бойынша “Халық жауы” болып айыпталып сотталған көптеген колхозшылардың, малшылар мен егіншілердің, жұмысшылардың кінәсі Тұрар, Темірбек, Ілиястармен бірдей болғаны қолдан жасалған зұлмат екенін көрсетеді. Қазалы ауданының 102 разьезінің жұмысшылары Нұрғұл мен Түлкі Бөлекбаевтар 1937 жылғы қараша айында Оңтүстік Қазақстан облыстық НКВД басқармасы жанындағы үштіктің қаулысымен екеуі де атылып кеткен. Оларға “халық жаулары” Тухачевский мен Гамарникке жанапшырлық білдірген, партия мен кеңес үкіметінің көсемдерінің адресіне жаман сөздер айтып, балағаттаған, Қызыл Армия Жапониямен соғыста жеңіледі, кеңес үкіметі құлайды” — деген айыптар тағылған. Қызылорда облыстық соты Президиумының 1962 жылғы 18 сәуірдегі қаулысымен олардың әрекеттерінде қылмыс белгісі жоқ болғандықтан іс мүлдем қысқартылған.

Жолдыбаев Нысанбай — Қармақшы ауданының № 8 ауылы, Чапаев атындағы колхозда 1875 жылы туған, кейін Сырдария ауданының № 15 ауылы “Қарауылтөбе” колхозында тұрған, колхозшы, сауатсыз,

бұрын бай және қарақшылар қатарында болып, Қарақұм қарулы көтерілісіне қатысқан деп айып тағылып, 1942 жылғы 3 ақпанда тұтқынға алынып, Қызылорда облыстық соты сол жылғы 4 шілдедегі үкімімен 10 жылға бас бостандық еркінен айыруға, 5 жылға саяси құқын жоюға сот-

талған. Қазақ ССР Жоғарғы соты Президиумының 1966 жылғы 16 сәуірдегі қаулысымен сот үкімі бұзылып, оның әрекетінде қылмыс белгісі болмағандықтан іс мүлдем қысқартылған. (Баласы Нысанбаев Әбімәлік философия ғылымының докторы, профессор).

“Сыр бойы” 5 тамыз 1999 жыл.

ӘКЕ ТУРАЛЫ ТОЛҒАНЫС

Әуелбек Қоңыратбайұлы кім? Оның қазақ ғылымына сіңірген үлесі неде? Жол көрсеткен ұстаздары, үзегілес замандастары, төлімін алған шәкірттері кімдер? Сонау —30—40 және 50-жылдары өзін қалай ұсталған? Адамгершілік ары мен абыройын сақтай білген бе?

Аздап қана ғұмырбаяндық анықтамаға тоқталар болсам, әкем — Әуелбек Қоңыратбайұлы (1905—1986) үстіміздегі ғасырдың бас кезінде дүниеге келіп, ғалымда өзіндік із қалдырып, осы ғасырдың соңына қарай 80 жастан асқан шағында дүниеден өтті. Елу жасқа толған шағында өмірге мен келіппін.

Әкемнің бұршік атқан жастық шағы да, жапырақ жайған, өсіп-өркендеген кезеңі де, есейіп, кемелденген жылдары да қазақ зиялыларының аға буын өкілдерімен тығыз байланыста өткені жұртшылыққа жақсы аян. Әр кезеңнің өз ерекшеліктері болады десек, соның бәрі әкемнің қазақ топырағынан жаралған қаламгер, ең бастысы, ешкімге залалы тимеген, адам баласына қиянат жасамаған қарапайым тұлға ретінде қалыптасуына игі ықпал еткендей.

Ә. Қоңыратбайұлының көркем әдебиет әлеміне тұңғыш жасаған қадамы 1918—1925 жылдары Ташкенттегі Қазақ халық ағарту институтында оқи жүріп, ұстаздары — В. Бартольд, Ә. Диваев, С. Қожанов, Ғ. Мұратбаев, О. Сапарбеков, Ж. Аймауытов, Х. Досмұхамедов, Х. Зарифов, Қ. Тыныстанов, т.б. көптеген орыс, қазақ, өзбек, қырғыз зиялыларымен тілдес, пікірлес, жүздес болған кезеңімен тұстасып жатады.

Шығармашылық жолының екінші кезеңі астананың Қызылордаға қоныс аударып жатқан сәгімен сабақтас. Бұл жылдары әкем Қызылорда округтік атқару комитетінің жауапты хатшысы, “Еңбекші қазақ”, “Сыр бойы” басылымдарының бөлім меңгерушісі, Арал аудандық “Балықшылар” газетінің тұңғыш ұйымдастырушысы әрі жауапты редакторы ретінде таныла білген-ді. Оның осы кезеңде таныс-біліс, қызметтес болған тұлғалары — Ғ. Тоғжанов, М. Дулатов, С. Сейфуллин, Б. Майлин, І. Жансүгіров, тағы басқалар.

Үшіншісі — Алматы кезеңі. 1928 жылдан соң араға бірер жыл салып әкем республикалық “Колхоз” газетінің жауапты редакторы қызметіне тағайындалған. 1932—1933 жылдары Қазақ өлкелік партия комитетінде баспасөз секторын басқарып, артынан Бүкілодақтық “Правда” атындағы коммунистік журналистика институтына (ВКИЖ) оқуға түскен. 1935

жылы Қазақстанға оралып, “Социалды Қазақстан” газетінің әдебиет және өнер бөлімін басқарған. Бірақ 1937 жылы аға-інісінің бірдей “халық жауы” ретінде айыпталуы салдарынан өзі де Алматыдан аластатылған еді. Ұзақ жылдар Алматы, Оңтүстік Қазақстан, ҚАО жерлерінде болған Ә. Қоңыратбайұлы 1944 жылы ғана Алматыға қайта оралған еді.

Бұл — әке тағдырының төртінші тармағы, Ғылым академиясының аспиранты, аға ғылыми қызметкері, бөлім меңгерушісі ретінде М. Әуезов, С. Кеңесбаев, Н. Сауранбаев, Е. Ысмайылов, Б. Кенжебаев, Т. Нұртазин, Ә. Мәметова, т.б. қызметтес болған жылдары осы.

Бесінші белесі — Қызылордада өткен күндері. 1947 жылғы партия қаулысынан соң, жер аударылған әкемнің астанаға қайта оралуын тағдыр жазбаған екен.

Өмірінің әр жылдары оқу - ағарту, кеңес, партия, газет, ғылыми мекеме, жоғарғы оқу орнының профессоры қызметтерін атқарған әкемнің басшыларға деген көзқарасы ерекшелену еді. Аз ғана мансабына көбініп, кекірейіп жүретін басшыларға салқын қарап, ел, халық ортасында жүрген қызметкерлерге жылы шырай танытатын.

Оның өзі ұзақ жылдар қызмет атқарған институт басшыларымен арақатынасы әрқалай болған секілді. Менің білуімше ол кісінің пікірлес, дос, қадамдас болған адамы институттың 50—60-жылдардағы директоры Әділ Ермеков. Жер аударылып барған әкеме жағдай жасап, еңбектерінің баспа жүзін көруіне бір кісідей жәрдем берген ғалым - азамат еді ол.

1949—1951 жылдары әкемнің лекцияларына “жансыздар” кіріп, оның қазақ тарихындағы саяси қозғалыстарға, сол оқиғалардың әдебиеттегі көрінісіне қатысты әрбір сөзін алып, соның бәрін кейін “саяси қателік” ретінде мойнына ілген.

Күні кешегі ғылым академиясындағы әріптестері — Қ. Тұрғанбаев, М. Ғұмарова, т.б. әкемді ашықтанашық “жау” санап, бірде “шығыстың шылауындағы әдебиетші” пантюркист, бірде “космополит”, бірде буржуазияшыл-реакциялық қозғалысты қорғаушы-ұлтшыл” ретінде айыптағаны сол жылдары баспасөз бетінен айқын байқалады. Осы саяси науданның түйінін түйген күні кеше Ұлы Отан соғысынан оралған белсенді Әди Шәріпов болатын. Сол кісінің Қызылордада дүркін-дүркін барып, төтелей саралауымен Оқу министрлігінен Ә. Қоңыратбайұлын институттан аластату туралы бұйрық шық-

қан-ды. Сондықтан болар, өкем лекция үстінде есіктен сығалаушыларды ұнатпайтын. Үнемі жазу столында отыратын өкемнің уақытпен санаспайтыны бар-ды. Кез келген уақытта ұйқы-

сын қандырып алып, жұмысына кірісетін. Ертеңіне болатын ғылыми конференция материалдарын да бір түнде жазып тастаушы еді. Орыс тіліне де, қазақ тіліне де бірдей жетік болатын.

Тынысбек Қоңыратбай
“Сыр бойы” газеті. 21 тамыз 1999 жыл.

ХАЛЫҚ ТАРИХ АҚИҚАТЫН БІЛУІ КЕРЕК

Архив құжаттарында сақталған деректер бойынша Қазақстанда 1929—31 жылдары 380-ге жуық шаруа көтерілістері мен бүліктері болған екен. Осындай көтерілістер Қазақстанның оңтүстігінде, Сыр бойында да орын алды, өйткені бұл өңірде де ұжымдастыру, төркілеу дүрбелені мен аштық қасіреті кем болған жоқ.

1930 жылы көктемде басталған көтерілістердің ішінде көлемі және өрескел қантөгіс жағынан Қарақұм көтерілісі ерекше орын алады. Жергілікті жерлердегі күштеу саясатынан қашқан қазақ шаруалары Арал теңізінің терістігіндегі Қарақұм барып тығылады. Бұл қанды қырғынға Қазалы, Қармақшы, Аламе-сек және тағы басқа аудандардың шаруалары қатысты. Сондай-ақ Ырғыз, Арал, Қарсақпай ауылдары еріксіз тартылды. Көтерілісшілердің бір тобын дін басы Байымбетов Жұмағазы басқарады. Олар негізінен Қармақшы ауданының алтын руынан шыққан тұрғындар еді. Қарақұмға қашып кеткен еді. Көтерілісшілер Жұмағазыны өз ортасынан хан етіп сайлады. Қара-құмдағы осыдан қашық емес Қарауңгір деген жерде көтерілісшілердің тағы бір тобын Лаубаев Пірмағамбет басқарады, бұл шоғырда екі мыңдай адам болды. Қуғыншы қызыл өскерлер жасырынған көтерілісшілерді тапты. Сөуір — мамыр айларындағы қанды шайқастарда Лаубаев қаза болды. Жұмағазы тұтқынға алынды. Шайқастарда бірнеше ондаған адам өлді, тұтқындалды. Жұмағазыдан кейін топты Алтын руынан Жұбанов Көпжан басқарады. Көтерілісшілер Сарманқожада бекінді, шешуші аяқас отызыншы жылдың желтоқсанында Көжебай сайында болды. Қашып шыққан Көпжан хан Сарысу ауданы жерінде қолға түсті. Енді Асан төңкерісіне келейік.

Тарихтан ел арасында белгілі Асан көтерілісі (кейбір құжаттарда ол Қазалы көтерілісі, Бала-Ахун көтерілісі деп те аталады) 1930 жылы болып өтті. Бұл Қарақұм көтерілісі кезінде Қазалы ауданында өткен ірі қозғалыс, көтерілістің басты ошағы, бас көтергендердің басым бөлігі Өлімнен тарайтын алты Кішкененің бірі Асан руынан, осы рудың орналасқан ауылдарының тұрғындары еді. Бұл мекен “Аранды қырдың” айналасы болатын. Көтеріліске қатысушылар негізінен Кеңес өкіметінің алғашқы кезінде блгіленген № 21, 22, 23, 24, 25 ауылдың аламдары немесе қазіргі Бекарыстан би, “Майдакөл”, “Алға”, “Қожабақы”, “Аранды” өңірінің адамдары. Әрине, бұл осы аймақтағы басқа рудың адамдары қатыспай деген сөз емес. Көтерілісшілер арасында басқа рулардың, жақын маңдағы Арал ауданының шаруалары да болды.

Қарулы көтерілістің екі кезеңі болды. Яғни екі үлкен қантөгіс наурыз айларында Қазалы ауданының 7 ауылының тұрғыны ел арасында беделді әрі ишан Төсов Ақмырза (“Қарақ” елді мекенінен, Жолай руынан) басқарды. Жаппай мал мен азық-түлікті тартып алу, беделділердің өсіре зорлық-зомбылығы Ақмырзаны халықтың басын біріктіріп, Қызылқұм мен Қарақұмды жайлаған шаруаларды көтеріліске бастауға мәжбүр етті. Бірақ, ишан алғашқыда тікелей өзі ұрыстарға қатынасқан жоқ. Алғашқы аяқас 1930 жылы 14 наурызда Қараққа жақын жерде Ақмырзаның мешіті маңында болды. Ақмырзаның қарулы жігіттері ОГПУ өскерінің бір тобын қолға түсіріп, бір пулеметін, 18 винтовкасын олжалады. Әр жерде болған қақтығыста қарсылық көрсетумен болды. Тек Орынбордан шақырылған 8 атты өскер дивизиясының бөлімдері келген соң ғана көтеріліс басылды. Нәтижесінде Ақмырза, оның інілері Тоймырза, Тоқмырза Төсовтар (ағайынды үшеу болған) және балалары Аймырза қаза тауып, соңғысы үштіктің үкімімен атылып кетті. Бұл шайқаста көтерілісшілерден 170-тей адам өлді.

Келесі ірі шайқас Сырдарияның арғы бетінде құм арасында өтті. Бұл жерде көтерілісшілер 107 адамнан айырылды, 150 адам жараланды. Ақмырза соңғы екі шайқасқа (14.03.30. ж. 25.03.30 ж.) өзі қатынасып 25 наурыз күні қаза тапты. Осы ұрыста Ақмырза жасағының қолбасы Жанұзақ Бағыров та қаза тапты. 81 адам жауапқа тартылып, олардан 3 винтовка, 8 берданка, 7 револьвер, 1 қылыш алынған. 10 адам ОГПУ үштігінің үкімімен атылып, 47 адам сотталған. Ақмырза көтерілісіне қатысқандар: Адамбаев Миранш, Есмұратов Әбіш (9-ауылдан), Жалғасбаев Әбілтай, Уақов Ыбырайым — Қазалыдан, Шақаев Ақбас, Шақаев Тұнғатар, молда Қуанбаев Даужан — 7 ауылдан, Төжібаев Жарылғап, Жолдасбаев Қайып — 8 ауылдан.

Келесі көтеріліс 1930 ж. тамыз айында Қазалы ауданының 22-ауылда басталды. Ауыл совет төрағасы Молдабаева Әдемі ауыл шаруаларына 30 мың пұт астық тапсырасындар деген нұсқауды жеткізді. Жиналысқа келген Тақиев Бақи, Қолдыбаев Ақсат, Тілеубаев Жұмаш, Асанов Дәрмен бұған қарсы шығып, ондай мүмкіндік жоқ деген уәж айтады. Молдабаева оны ОГПУ-ға хабарлап, 4 адамды бірдей тұтқындатады. Осыны көрген Ақмамбетов Әбжан, Құлымбетов Жүсіп 200 адамды ұйымдастырып, соңынан қуып барып, түрмеге кетіп бара жатқандарды босатып алады. Ауылға қайтып келген соң Ақмамбетов елге беделді Орымбетов Иманмақсымен бірге жиналыс өткізіп,

астық тапсырмауға, бірігіп қарсылық көрсетуге шақырады. Сөйтіп көршілес 19, 20, 21, 22, 23, 24, 25 ауылдарға хабар жібереді.

21 ауылдан көтеріліске шыққандар: Беркімбаев Ерғазы, Бөлекбаев Қосан, Өтегенов Есер 161 адаммен келіп, Иманмақсымға қосылады.

18-ауылдан Тілепбаев, 14-ауылдан Жанышбаев өз адамдарымен келіп, 1930 жылы 13 тамызда “Қаракөл” деген жерде жиын өткізіп, қол жинайды. Олар 14 тамыз күні Бала-Ахун деген жерде мешіт иесі молда Қожанов Тілеумұратпен ақылдасып, мұсылман діні ұранымен халықты көтеруге келіседі.

Қожанов Тілеумұрат 1930 ж. қыркүйекте көтерілісті басу кезінде тұтқынға алынып, дереу атылады.

22 және 29 тамызда “Мақпал”, “Қасқа” деген жерлерде көтеріліске шыққандар қолы бірігеді. Оларды басқарған Жиенбаев Әбдіжөміл.

Көтерілісшілер Аралдың “Қасқақұлан”, “Ұзын қайыр” деген жерлерінде жер аударылған байлармен байланыс орнатады.

22, 23 ауылдар Қазалыдан батысқа қарай 40 шақырым жерде. Ондағы 400-дей адамды Буталиев Сухамберді, Құтмамбетов Жансұлтан басқарады. 1930 ж. қыркүйектің бас кезінде наразылық білдіргендер қатары 5 мың адамға жетеді. Оларда 300 аңшы мылтығы, 30 винтовка болған.

Көтерілісті басуға әуелде 80 адамдық ОГПУ отряды келеді. 1930 ж. 4 қыркүйекте Тактакөпір деген жерде көтерілісшілер отрядқа шаубыл жасайды. Бірақ пулеметке шыдамай, 10 адамнан айырылады. Ақыры келіссөз жүріп, екі жақ бір-біріне парламентар жібереді. Әуелі бір адам, кейін 7 адам келіп, өскерге жағдайларын, қарсылықтың себебін айтады. Өскер отряды 2 сағат уақыт беріп, қаруды тапсыруға талап қояды. Бірақ көтерілісшілер оны орындамайды.

1930 ж. 6 қыркүйекте қосымша шақырылған өскер күші, Алматыдан Қазақ атты өскер полкінің дивизионы келіп жетеді. Ұрысқа көтеріліс жағынан мыңдай адам қатынасады. Олардан 40 адам қаза тауып, 14 адам жараланады. Сөйтіп шаруалар бей-берекет қаша бастайды.

Иманмақсым осы ұрыста қаза табады. 98 адам тұтқындалған, 36 адам тергеу кезінде босатылған. 1931 ж. 1 ақпандағы үкіммен 8 адам атылған, 44 адам сотталған.

Көтеріліске қатысқандар ішінде Асан руынан Төлепбаев Абдрахман, Жанышбаев Әбдірайым, Шортанов Құл, Шортанов Сейіт, Досымов Тұрмахан, Бошақов Байділда бар. Қазалы, Арал аудандарының тұрғындары қатысқан осы көтеріліс “Мақсым қозғалысы” аталып кетеді.

Дәуірхан Айдаров, доцент.

(Қысқартылып алынған).

“Сыр бойы” газеті, 30 қазан 1999 жыл.

ЕСІМІ ЕЛГЕ ЫСТЫҚ ТҮЛҒА

Қазір бұрынғыдан гөрі екі ел арасындағы байланысымыз сирей түсті десем, мұны алдағы міндетті атқаратын ісімізді жақсарту жөніндегі пікір деп қабылдарсыздар. Қазақстаннан шығатын газет-журнал, кітаптардан кей-кейде хабарсыз қалатын болдық. Әйтеуір, жақсылық хабарларды естіген сайын мөз болып қуанамыз.

Біз күні кеше ескі өкіметтің қысымын көрген, қазақ жерінде туып өскен Ақмырза ахун туралы бір хабар жазып отырмыз. Бұл кісі Қызылорда облысы Қармақшы ауданы Қуандария бойында дүниеге келген. Елге келіп, мешіт салған. Қызылқұм бойындағы мал бағатын елдің балаларына діни дәріс берумен қатар, ғылымның саналуан пөнінен сабақ берген. Елді отырқышылыққа бастаған. Әлеуметтік мәні зор “Түрік-иман”, “Хадис” деген екі кітабы шыққан. Халықты зорлап ұжымдастыру кезіндегі қиянатқа қарсы қарулы көтеріліске шыққан.

Ақмырза ахун башылық еткен көтеріліс туралы толық дерек Талас Омарбековтің “Зобалаң” деген кітабында баяндалған. “Жұлдыз” журналында (1994 жыл, 12 саны), “Ана тілі” (№ 2, 1992. № 36, 1993 ж.) газетінде Ақмырза туралы мақалалар жарияланған.

Ақмырза ахунның бабасы Аргынбай батыр туралы дастан ел аузында сақтаулы. Тоқмырза, Қуанбай, Тоймырза деген үш інісі бірдей 1930 жылғы көтерілістің құрбаны болған.

Әділетсіздікке аянбай қарсы шыққан, ұлтының тәуелсіздігі үшін күресте құрбан болған Ақмырза ахунның есімін есте қалдыру үшін Қармақшы ауданы орталығының, Қызылорда қаласының бір көшесін осы қадірлі кісінің есімімен атауды өтініш етеміз.

Ләтіп **ИПРАШҰЛЫ**, халық ақыны,
Жүсіп **ӘЛКЕЖЕУЛЫ**, журналист,
Сәбит **ЖАМАНҚАРАУЛЫ**, жазушы,
Әлжан **БЕРДӨЛҰЛЫ**, мүсінші,
Жұмабек **ҚАМБАРОВ**, еңбек ардагері,
Мыршах **ЛӨТІШҚЫЗЫ**, мәдениет қызметкері,
Қали **ЖОЛДАСОВ**, көсіподақ қызметкері,
Құдіретай **ӘУЕЛБЕКҚЫЗЫ**, салық қызметкері,
Төренияз **АЛҒАШБАЕВ**, соғыс ардагері,
Жөдігер **ДУАНОВ**, ауыл ақсақалы,
Әбдіғаппар **ИБРАҚЫМҰЛЫ**, Ақмырза ахунның шөкірті,
Шөмин **БАЗАРҰЛЫ**, заң қызметкері,
Әбдіғаппар **ШОЛБАЕВ**, ақын.

Өзбекстан Республикасы.

Егемен Қазақстан. 30/ХІІ—1997 жыл.

Редакциядан: Қызылорда қаласында бір көше “Ақмырза ахун” есімімен аталды.

АСАНДАР КӨТЕРІЛІСІНІҢ САРБАЗДАРЫ

Жамет — атағы аңызға айналып, ерекше қасиеттерімен кейінгі ұрпақтың есінде қалған. Сыр мен Әмудің арасында, теңіз жағасын жайлау еткен Асан атаның Қожамбердісінен тараған белді атқамінер ұрпақтың бірі.

Елі құрмет тұтқан елеулі азаматының да сөзі сыйлы, көкірегі ояу, көзі ашық, сөйлер сөзін білетін, халқын “қадірлім” деп ардақ тұтқан, өнері өрге озған жырау болған. Өнін, жырын халқы аңсап күн-түн демей кездескен сәтте жырлатып, қошеметтеп, қолдан-қолға түсірмей аялаған. Жамет жырау да халқынан ешнәрсесін аяп қалмай, жүрек балқытар жырларын аңсаған жұртына төге берген.

Бұл сонау ел іші дүрбелеңге түсіп, асып-сасып жаққан 1930 жылдары болған өңгіме. Ханы қасиетсіз болса, халық байыз таппас, алабөтен қасірет шекпей, ел жұтамас демекші, сол жылдары ел басқарған Голошekin қазақ халқы басына түрлі қара бұлты үйіріп, біресе малын тартып алып, біресе жер аударып халықты аштан қырып, жазықсыз елге түрлі жала жауып, бас көгерер азаматтарын қылмысқа тартқызыған заман болды, ел жұтады, естен айрылмасқа амал қалмады.

Осы ел еңсесін түсіріп, күн көрісі малын тартып алып, ұлын соттап, атып, қыздарын шырқыратып зорлап, ел ішін дүрліктірген саясатқа қарсы Асан ұрпақтары Әмудария мен Сырдария алқасында наразылық білдіріп, қарсы көтеріліс жүргізді. Бұл көтеріліс көкірегің ыза көрнеген өз халқынан қолдау көрді, оларға дем беріп отырды.

Асан көтерілісін ұйымдастырушы, қолдаушы, дем беруші “бандалар” түрлі жолдармен іздестіріліп, оған ел ішінде еңсе көтерер азаматтар, осылар кінәлі деген мағынада, жалалар жабылып қылмысқа тартылды.

Сөз болып отырған Жамет Сайымұлы да осы саясат құрбаны болып қылмысқа тартылған. Ел ішін аралап ән салып еңбексіз табыс тауып, халықтан ақша алады деген арыз ұйымдастырылып, кейін Асан көтерілісін қолдаушы “бандит” болып шыға келген. Соған байланысты 1931 жылдың 24 наурызы күні бас көтерер бір топ ауыл азаматтарына жазықсыз жала жабылып, қамауға алынған. Олардың ішінде Сайымов Жамет, Боқаев Самұрат, Бисалиев Шымберген, Құттымұратов Бахия, Бекетов Аплотондар болған. 1930 жылы 5 желтоқсан күні сол ауыл азаматтары Суханбердиев Сейілхан, содан кейін 1931

жылың 8 наурызы күні өкесі Боташев Суханберді қамауға алынған.

Осы жазықсыз жала жабылып қамауға алынған бір ауыл азаматтары 1931 жылдың 7 желтоқсаны күні ОГПУ үштігінің қаулысымен түрлі мерзімге бас бостандықтарынан айыруға сотталып, концлагерьге айдалған. Оның ішінде өкелі - балалы Боташевтар да бар.

Осы қылмыстық жазаға тартылған кісілердің әрқайсысына жеке тоқтала кеткен де артық болмас.

Боқаев Самұрат —81 жаста, Қазалы ауданы № 24 ауыл тұрғыны, шыққан тегі Асан руы, партия қатарында болмаған, сауаты жоқ, Кеңес үкіметі орнағанға дейін 12 жыл ауыл старшинасы болған. Кейін қылмысқа тартылып 3 жылға жер аударылуға сотталған.

Боташев Суханберді —63 жаста, Қазалы ауданы № 24 ауыл тұрғыны, шыққан тегі Асан руы, құрметті ауыл ақсақалы, патшалық Ресей кезінде болыс болған, жазықсыз қылмысқа тартылуына байланысты аталған үштікпен 5 жылға жер аударуға сотталған.

Бекетов Аплотон —42 жаста, ауыл атқамінері, шыққан тегі Асан руынан, 24 наурыз 1931 жылы қамауға алынып, 7 желтоқсан 1931 жылы қамаудан босатылған, отырған күндері есепке алынған.

Сайымов Жамет —36 жаста, шыққан тегі Асан руынан, жырау, шала сауатты, партия қатарында жоқ, отырған күндері есептеліп, бұл да қамаудан 7 желтоқсан 1931 жылы босатылған.

Бисалиев Шымберген —38 жаста, бай, шыққан тегі Асан руы, шала сауатты, партия қатарында жоқ, қамаудан отырған күндері есепке алынып, босатылған.

Құттымұратов Бахи —33 жаста, ауыл атқамінері, шыққан тегі Асан руы, шала сауатты, отырған күндері есепке алынып, қамаудан босатылған.

Суханбердиев Сейілхан—24 жаста, Боташев Суханбердінің баласы, Қазалы ауданы № 24 ауыл тұрғыны, оқыған, аталған үштік қаулысымен 5 жылға бас бостандық еркінен айыруға сотталып, концлагерьге айдалған.

Осы жазықсыз жала жабылып қылмысқа тартылған ел ағалары Қазақстан Республикасының “Саяси қуғын- сүргін құрбандарын ақтау” туралы заңына сәйкес жазықсыз тағылған қылмыстан ақталды.

Қажданбек Баймаханов
облыс прокурорының аға көмекшісі.
“Сыр бойы” газеті, 10 тамыз 1999 жыл.

СҮЙІНБАЕВ Серікбай Айтмұхамбетұлы Қызылорда ауданының № 5, Октябрь ауылдық кеңесінде 1908 жылы туған, Қызылорда қаласында тұрған, әкесі молда болған, 1932 жылдан БК(б)П мүшелігіне кандидат, аудандық атқару комитетінің құпия бөлімінің меңгерушісі және аудандық ЛИТО меңгерушісі болып қызмет атқарған. Ол “халық жауы” ретінде Қызылорда



аудандық НКВД бөлімінің 1938 жылғы 8 қаңтардағы қаулысымен тұтқынға алынып, РСФСР ҚК-ның 58 бабының 10, 11 тармақтарымен қылмыстық іс қозғалған.

Оңтүстік Қазақстан облыстық НКВД Басқармасы жанындағы үштіктің 1938 жылғы 14 ақпандағы қаулысымен 6 адамның бірі болып Сүйінбаев Серікбай қылмыстық жазаның ең ауыры — атуға сотталған, сол күні үкім орындалған. Ол 1997 жылғы 28 мамырда толық ақталған.

Редакциядан: “Аза” кітабының бірінші томында (266 бет) Сүйінбаев Серікбайдың суреті берілмеген, осы кітаптың екінші томына оның суретін беруді жөн көрдік.

Зұлмат жылдар зардабы

ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ҚАЙМАҒЫН КІЛКІП АЛДЫ



Балабай Елеуенов Қызылорда топырағынан шыққан алғашқы жас қайраткердің бірі еді. 35 жасқа енді толып, бар күш-жігерін халқының өркендеуіне жұмсап, оның бақыты үшін тынымсыз еңбек етіп, жауапты жұмыстар атқарып жүрген кезде қуғын-сүргін құрбаны болды. Оңтүстік Қазақстанның Шәуілдір ауданында аудандық атқару комитетінің төрағасы қызметін атқарып жүргенінде, 1937 жылы қараша айының ортасында НКВД қызметкерлері бір күнде үйінен ұстап алып кетті. Қайда апарғаны, не үшін түрмеге қамалғаны белгісіз болып қала берді. Әкесі Елеуен қанша іздеп барғанмен бір хабарын біле алмады. Баласының қайғысы қабырғасына басып жүріп, 1950 жылы ол кісі көз жұмды. Тек 55 жыл өткеннен кейін Балабайдың хабары шықты. 1992 жылы 30 шілдедегі “Оңтүстік Қазақстан” газетінде “Қияметтің құрбандары” деген тақырыппен жарияланған мақалада былай депті: “Жуырда біз Ресей федерациясының Қауіпсіздік министрлігінен хат алдық. Олардың архивтерінде бұрынғы Одақтың қауіпсіздік комитетінің құжаттары жиналып жатқаны ақиқат. Сол архивтен жантүршігерлік құжаттар келді. 1938 жылы КСРО Жоғарғы Сотының

өскери коллегиясының көшпелі сессиясы дивизиялық өскери юрист Горячевтің төрағалық етуімен осында “халық жауларының” ісін қарап, 19 ақпанда 32 адамды, 20 ақпанда 25 адамды, 21 ақпанда 18 адамды, барлығы 3 күнде 75 адамды ату жазасына кесіп, үкім орындалыпты. Сол атылған адамдардың аты-жөні, тізімі жазылыпты. Тізімнің ішінде біздің абзал ағамыз Елеуенов Балабай да бар екенін көрдік”. Балабайдың өмір тарихына қарасак, Ақмешіт қаласының байырғы тұрғыны, келей шаруа Елеуеннің жанұясында 1902 жылы дүниеге келген. 9 жасында ауылдағы діни мектепте 2 жыл оқып сауатын ашып, кейін Ақмешіт қаласының ішіндегі орыс-қазақ училищесінде 5 жыл оқиды. Әкесі Елеуке жоқ-жұқа, кедей болса да балалары оқуға ықыласты, алғыр, зерек. Балабай оқуын бітіргесін қазақ, орыс тілін жетік білетін, сауатты, өз қатарының алды болды. Алғашқы еңбек жолын Аламесек болысының іс жүргізушісінен бастап, бір жылдан кейін 1919 жылы 18 жасында Ақмешіт уезінде милиция қызметіне тұрады. Сол жылы партияға кіреді. 1921 жылы Ақмешіт уездік партия комитеті шешімімен сол кезде жаңадан ашылған Саяси бюро деп аталатын мекеменің жауапты қызметкері болды. 1923—25 жылдары Қызылорда уезінің 1-учаскесінің “халық тергеуші” — деген қызметін атқарады. Бұл қызмет республиканың қылмыстық кодексіні жетік білуді және барынша өділ болуды, заң бұзушылармен ымыраласпауды қажет ететін, күрделі, қиын жұмыс еді. Жас та болса, Балабай сол дәрежелден көрінді. Өділ, қызметін таза атқарады. Халық арасында абыройлы болды. Басшы органдардың да Балабайға сенімді арта түсті. Қызылорда уездік партия комитетінің ұсынуымен 1925—27 жылдар арасында Қазақ АССР-ы ішкі істер Халық комиссариатының Қызылордадағы жалпы бөлім меңгерушісі қызметін атқарады.

1925 жыл. Сол жылдары мен де Қызылордадағы Ғани Мұратбаев атындағы жеті жылдық мектепте Ахмет Байтұрсынның жаңа өліп-песімен, оқу құралдары-

мен оқып, бастауыш сыныпты бітірдім. 1926 жылы Қызылорда қаласында тұңғыш қазақ театры ашылды, атакты өртістер Құрманбек Жандарбеков, Өмірзақ Елубаев, Қалибек Қуанышбаев, әнші Әміре Қашаубаев, Иса Байзақов, тамаша өнерімен қазақ халқың қуанышқа бөледі. Күш атасы Қажымұқан қаладағы циркте күшін паш етті. Осы айтылған жаңалықтар қазақ халқының рухын, саяси сана-сезімін көтерді. Саналы, білімді жастар арасынан Балабай Елеуқенов, Сақтаған Есімов, Қ. Қауымбаев, Ғани Мұратбаев, Сүлеймен Есқараев, С. Қожанов, Бейкайдар Аралбаев сияқты Сыр өңірінің қайраткерлері жетіліп, халық ісін, мәдениетін көтеріп, туын қолға алып шықты. Осылар Голошекин мен Сталиннің қаһарына ұшырап, сол жылдардағы қуғын-сүргін құрбаны болды.

Балабай бар ынта-жігерін мемлекет, қоғам жұмысын орындауға арнайды. Жеке басының мұқтажына да қарай алмады. Дүние жинау, жақсы пәтер алумен айналыспады. Қызылордадағы әкесі Елеуқен ескі пәтері мен киіз үйін қанағаттанып отыра берді. Сөйтiп жүргенде Қазақстан өлкелiк партия комитетi Балабайдың партиялық бiлiмiн көтерiп, үлкен қызметтерге қоюды ойлады.

1927 жылы Москвадағы ВКП(б) Орталық Комитеті жанындағы 9 айлық курске жіберілді.

Оны бітіріп келгесін, Қазақстан өлкелік партия комитеті Балабайды жолдамамен Павлодар округіне жауапты қызметке жіберді. Округтік совет атқару комитетінің мүшелігіне өткізіп, 1928—1932 жылдар арасында Балабайды Зайсан аудандық атқару комитетінің төрағасы қызметіне тағайындады.

1932 жылы сәуір айында Қазақстан Халық комиссарлар Кеңесі өзінің аппаратына Балабайды нұсқаушы етеді. Үкімет бастығы Ораз Исаев сенім көрсетіп, Ақтөбе, Торғай облыстарына іс-сапарға жіберіп, өртүрлі саяси-шаруашылық науқандарды орындап келуді тапсырады. Әсіресе, ашыққан халыққа астық тасымалдау, жәрдем ұйымдастыру қажет екенін ерекше айтады. Қазақстан Үкіметінің аппаратында сол нұсқаушылық жұмыста 1934 жылдың мамыр айына дейін істейді. Оңтүстік Қазақстан облысында жауапты қызметтер атқарады. 1935 жылы Мақтағарал аудандық атқару комитетінің төрағасы болады. Осы қызметті ойдағыдай атқарып жүрген кезде, 15 жыл бірге өмір сүрген Бөкеннің сүйікті жары Разия Елеуқенова ұзаққа созылған құрт ауруынан қайтыс болды. Балабай қатты қайғырады.

Ол Шәуілдір аудандық атқару комитетінің төрағасы қызметінде жүргенде халқы үшін құрбан болды.

Әсім Тобылбаев,
соғыс және еңбек ардагері,
«Сыр бойы», 8 шілде 2000 жыл.

ХАЛЫҚ ТАРИХ АҚИҚАТЫН БІЛУІ КЕРЕК

1925 жылы Республикалық партия ұйымын басқаруға бұрын-соңды көшпенді халық дегенді көрмеген Ф. И. Голошекин келді. Ол Қазақстанды 8 жыл басқарды (1925—33 ж. ж.), оны П. Мирзоян ауыстырып, 5 жыл басқарды. Екеуі екі түрлі тұлға еді. Халық арасында «Голошекин қарғыс алды, Мирзоян алғыс алды» деген сөз қалды. Халық қарғысы жібермейді. Голошекин де репрессияға ұшырап, ақыры 1942 жылы атылды. Өкінішке орай, Сталиндік құрсау Мирзоянды да құтқармады, 1938 жыл ұсталды.

Голошекин елге кесел де, тажал да болып келді. Жұрт та, аптық та, талай сойқан сол жылдары болды. Қазақтың азды-көп малдарын көріп, — дала тұнған ұсақ буржуазия! — деп атой салды. Мал ұстау қазақтың тіршілік көзі екенін білмеді. Қазақстанда және бір төңкеріс «Кіші октябрь» керек деп түйді. Әлімсақтан еркіндікке үйренген, көші-қонмен жүрген халықтың табан астында артельге ұйыса қалуы оңай ма? Қазақстан Москвадағы басшылықтың құзырымен ұжымдастыруды 1932 жылы аяқтайтын аудандар аймағына жатқызылған болатын. Ал әпербақан Голошекин ұжымдастыруды Қазақстанда бір жылда аяқтаймыз деп ұран көтерді, ұрда-жық асыра сілтеу осыдан басталды.

Күштеп төрт түлік түгелдей ортаға салынды. “Берсең қолыңнан, бермесең жолыңнан” деп белсенділер шапқылады. Олар шаш ал десе бас алғандай “қайдан тапсаң одан тап, қаптың түбін қақ” деп зіркілдеді. Таланған шаруалар аузынан:

Сталин көсем қайдасың?
Белсенді салды найзасын.
Соңғы лақты тартып ал,
Асырды-ай нәлет айласын,

— деген ызалы сөздер естілді.

Осы қарқынмен егер 1928 жылы Қазақстанда барлық шаруашылықтың 20 проценті, 1930 жылы 50%, ал 1931 жылы 65% ұжымдастырылды. (“Қазақстан тарихы” очерктері), Алматы, “Дәуір”, 1994 ж.). Тарих төлкегіне түскен қазақ тентіреп, өлемге тарыдай шашылды, қалың қазақ соғыссыз аштан қырылды. Қазақ елінің бар байлығы таланды, бетке ұстар азаматтары айдалды, зиялылары атылды, ата қоныс сынақ алаңына айналды, мыңдаған қандастарымыз ауру тапты, мүгедек болды. Бұл айтылғандардан қазақ деген халықтың тағдырының аса ауыр болғандығын, бұрын да, бүгін де қасірет үстінде қасірет көргендігін көреміз.

Ұжымдастыру науқаны отырықшылыққа көшуімен қатар жүргізілді. Мал бағумен күнкөріп отырғаны көшпелі және жартылай көшпелі қазақ ауылын күштеп отырықшылыққа көшіру саясаты да қазаққа қатты соққы болып тиді. Мал өсірумен айналысқан халық отырықшылыққа бірден көндіге алмады. Көшпенділік сырт көзге қара дүрсін, артта қалған тұрмыс тіршілігі болып көрінгенімен, өзіндік ерекшелігі бар шаруашылық-өлеуметтік мәдени болмыс екендігі ескерілмеді. Тұрар Рысқұлов және басқа көрнекті мемлекет және қоғам қайраткерлері

отырықшылық пен ұжымдастырудың қасаң саясаты қазақ ауылдары үшін қиянат екендігін, халықты мүшкілхалге душар еткендігін ашық айтып, орталыққа дабыл қақты, бірақ оларды тыңдаған ешкім болған жоқ.

Шаруаларға шабуыл бір жағынан өнеркәсіп орындары жұмысшыларын қала халқын азық-түлікпен қамтамасыз ету үшін жасалса, оның үстіне индустрияландыруға қажетті жабдықтар мен техниканы шетелден сатып алу үшін ауыл шаруашылығы өнімдері экспортқа шығарылды.

Ауыл шаруашылығындағы репрессиялық саясат республиканың сол кездегі басқарушы органдарының 1928 жылғы 27 тамыздағы “Бай шаруашылықтарын көмпескелеу” туралы Қаулысынан басталды. Мүйізді ірі қараға айналдырғанда 400 бас малы бар қазақ байлары тәркілеуге жатады деп есептелді.

Ауыл шаруашылығын жаппай ұжымдастыру 1929 жылдың күзінде басталды, бұл дайындықсыз қолға алынды. Сыр өңірінде ұжымдастыру 1932 жылдың соңынан қарай аяқталды.

Ауылдағы саясат өміршіл-өкімдік террорға сүйенді. Ұжымға бірігудің ресми жарияланған жолы, еріктілік принципі, заңдылық бұзылды, ашықтан ашық күштеу саясаты жүргізіліп, репрессияға айналды, зорлық-зомбылық асқынып кетті. “Кім колхозға кіргісі келеді, кім қарсы” деп мәселе тікесінен қойылды. Қарсылық жасап отырған қанаушы элемент, пролетариат жауы деген желеумен кулактар мен байларды тап ретінде жою науқаны басталды. Көнбегендерді қамау, соттау, жер аудару тәсілі қолданылды, ал ашық қарсылық көрсеткендер атылды. Қысқасы, ұжымдастыру жылдары шаруалар орасан зор репрессияға ұшырады. 1929—1931 жж.

көтерілістер мен толқулар 80 мыңға жуық адамды қамтыды, осы жылдары 6 мыңға жуық шаруа сотталды, олардың мыңға жуығы атылды.

Асыра сілтеудің халқымызға алып келген басты зардабы — адам шығыны. Ауа көшуден халық үлкен шығынға ұшырады, жолда қырылды. 1930—1931 жж. тұрғылықты жерінен 2 млн. жуық халық үдере көшті. Оның үстіне ашаршылық жайлады, ашаршылық қолдан жасалды. Тарихи деректерге қарағанда 1931—32 жылдары Қазақстанда жергілікті тұрғындардың 49 проценті құрбан болды.

1929 жылдан 1933 жылға дейін бес жыл ішінде ҚазАССР Біріккен Бас саяси басқармасы Өкілетті өкілдігінің үштігімен толық емес мәліметтерге қарағанда 9805 іс қаралды да, 22933 адам жөнінде шешім қабылданды, олардың ішінен 3386 адам жазаның ең жоғары түрі — атуға, тұтқын лагеріне 3 жылдан 10 жылға дейін қамауға 13151 адам кесілді (Халық қауіпсіздігі комитетінің деректері бойынша).

Теріс саясаттың нәтижесінде өсіресе мал шаруашылығы орасан зор апатқа ұшырады. Бар малды “ұйысқа” деп зорлап ортақтастыру жүргізілді. Тәркілеуден, салықтан қалған малды ортаға кетіп қалады деген үреймен шаруа малының көпшілігін жаппай сойып тастады. Оның үстіне астық салығы (продналог) шықты. Елде көнбегендерді қамап қою, айдап кету әдетке айналды.

1930—31 жж. екі жылда республикада, 33 млн. бас малы бар өлкеде, 4 млн-дай ғана қалды.

Тарихта “Бесеудің хаты” болып аталған құжатта бұл қасіретке Голощекиннің жеке басы кінәлі екені айтылған. Қысқасы озырлықшылық пен ұжымдастыру сол жылдары қазаққа келген қасірет болды.

Дәуірхан Айдаров

философия ғылымының кандидаты, доцент.
“Сыр бойы”, 27 қазан 1999 жыл.

ҚУҒЫН-СҮРГІН ЗАРДАБЫ



1928—1929 жылдары ауыл шаруашылығын күштеп ұжымдастыру, қазақ шаруаларын зорлық-зомбылықпен ұжымға кіргізу, бай-кулактардың мал-мүлкіні тәркілеу ел басқарған Голощекин кезінде өршиді. Ол қазақ халқының басына қара бұлтты үйіріп, салық, астық төлеуден бас тартқандар түрмеге жабы-

лып, жер аударылды, жаппай қуғын-сүргінге душар боп, мал-мүлкінен айрылған халық ашаршылыққа ұшырап, босып кетті. Есіркеген балалары Төртбай мен Берсүгір қызыл империяның жеңдеті Голощекиннің зобалаңына, зулымдықпен ұжымдастырған ашаршылыққа, солақай саясатына тап болған көп игі жақсылардың бірі болды. Ата-тегі бай, өздері де бай болған Төртбай 1878 жылы, Берсүгір 1898 жылы Қармақшы ауданы, бұрынғы “Ақжар” ауылында дүниеге келген, кіші жүз шөмекей-сарқасқа руының Ақсақал аталығынан шыққан. Әкесі Есіркеген төнірекке танымал, ешкімге залалы тимеген, адам баласына қиянат жасамаған қарапайым адам болса керек.

Көз көрген ақсақалдардың айтуы бойынша Берсүгір ақылды, ой-өрісі кең, зерек, сөзімен тең, ісімен де елді еліктіретін жан болған. Сол өңірдің халқы, еріптестері оны қатты қадірмен тұтып, сыйлаған. Қолынан келер жақсылығын жаттан да, жарлыдан да аямаған. Ол адамгершілік ары мен абыройын сақтай білген азамат. Төртбай да озық ойлы, көңілі ояу, сол өңірде беделді, үлгілі ісімен артына із қал-

дырған, өнегелі жанның бірі болған. Ағайынды екеуі де адамгершілік ары мен абыройын сақтай білген азаматтар.

Бұлар өмірдің тауқыметін көп тартып, қиындығын көріп, мекнат шеккен жандар. 1928 жылғы байлардың мал-мүлкін тәркілеу кезінде Төртбай мен Берсүгірді малының бірсыпырасын жасырды деп айыптап, РСФСР қылмыстық кодексінің 61 бабының 3 тармағымен екеуін де 2 жыл бас бостандығынан айыруға, ССР территориясына 5 жылға жер аударуға сотталып, үй-мүлкі қатталған. Бұлар бұл жазаны мерзімінен бұрын өтеп, ауылына 1931 жылы қайтып келген. Осы кезеңде домалақ арыз көбейіп, ауыл арасында біреуден біреу өш алғысы келсе, ОГПУ, НКВД тыңшыларына барып сыбырласа болды, бері тынып жатты. 1931 жылы осындай ауыл белсенділерінің көрсетуімен НКВД жендеттері бір түнде екеуін де тұтқындап қамауға алып кеткен. Отбасы, бала-шағасы анырап, боғадай боздап артында қала берді. Берсүгір әйелі Ақырысқа қарап: “Тағдырдың маңдайға жазғанын көрерміз, мықты бол, балаларды жүдетпе, мен “халық жауы” емеспін, арым таза, әділдік жеңеді, балаларды бір-бірінен айырма, қаңғып кетпесін” дегенді ғана айтуға мұршасын келтірді. Бұларға колхоздасу саясатына қарсы контрреволюциялық, жауыздық үгіттер таратты деген айыптар тағылып, қылмыстық іс қозғалған. Тергеу барысында айыптаушылардан жауап алу кезінде қаншама заңсыз әдістерді пайдаланғанымен мойындарына нақты дәлелдер мен елсуді кінәлар таға алмаған. Соған қарамастан олар РСФСР ҚК-ның 58 бабының 8 тармағымен жауапқа тартылып, Оңтүстік Қазақстан облыстық сотының 1932 жылғы 4 қаңтардағы үкімімен екеуін де 10 жылға бас бостандықтарынан айырған.

Қаралы күндер өтіп жатты. Кейбір үйлердің есігі жабылып, кіріп-шығып жүретін ер азаматтар сиреді. Бір үй бір үйге қатысудан қалды. “Бірімізді бірімізге

жау қылып қойған не деген сұмдық” — деп Ақырыс ауыр күрсініп қойды. Берсүгір мен Төртбайдың артында сегіз бала қалды. Олардың алды 11 жаста, қалғандары бес-алты жаста, естерін біліп қалған. Бірде ойнап жүрген бір бала “біз жаудың балаларымен ойнамаймыз” — деп кетіп қалды. Бұл қорлық оларға қатты батады. Берсүгір мен Төртбайды Қызылорда түрмесіне айдап әкелген хабарды естіген заматта Берсүгірдің сүйікті жары Ақырыс күйеуімен жүздесіп қалуға пойызға мініп жолға шығады. Бұрынсоңды пойызға мініп, жол жүріп көрмеген, тіпті қарға адым шықпаған әйел Қаракеткен стансасында пойыз басып кетіп қаза тапқан.

Әке-шешеден айырылып, қайғы-қасіретке ұшырап, қорғансыз қалған Берсүгір мен Төртбайдың сегіз бірдей балаларына өмір сүру қиындайды. Ет жақын туыс та, туған да жоқ. Сөйтіп жас балалардың тағдыры ауыр болды. Алты бала ашаршылыққа ұшырап, көз жұмды. Ал ішіндегі ересектеу екі ер бала қыс айында аш-жалаңаш сонау Ақжардан Қармақшы қыстағында жетім балалар үйі бар дегенді естіп, жаяу жолға шығады. Жолда аштық пен суыққа шыдамай екеуі де қайтыс болады. Сөйтіп, екі бірдей шаңырақ қаңырап бос қалды. Тағдырдың ісіне шара бар.

Сонау зұлмат жылдарында жазықсыз құрбан болған ағайынды Берсүгір мен Төртбай Есіркегенөвтерді Қазақстан Бас Прокуратурасы 1997 жылғы 10 наурызда толық ақтаған.

Бүгінде сонау 30-шы жылдардағы қуғын-сүргін көргендерді еске алып, сол арыстарды құрметтеуге ие болдық. Осы бір сәтте қыршын кеткен, жазықсыз жапа шегіп, зұлмат құрбаны болған, арттарында шаңырақ отын тұтататын, өмірлерін жалғастыратын ұл-қыздары қалмаған Берсүгір мен Төртбайдың атарын жаңғыртып өз туған ауылында ең болмаса бір көшенің атын қойса артықтық етпес еді, олардың есімдері халық арасында мәңгі қалған болар еді.

Х. Ембергенов,
облыстық “Боздақтар” естелік
кітабының бас редакторы “Сыр бойы”.
4 қараша 1999 жыл

ҚАРАҚҰМ КӨТЕРІЛІСІ ҰРПАҚТАР ЕСІНДЕ

Менің үлкен өкем Жанбосынов Қабыл 1861 жылы Қармақшы ауданы № 3 ауылда дүниеге келген, руы сығай алтын. Кеңес өкіметінің теріс саясатына қарсы наразы болған, ел амалсыздан бас көтерген. 600 дей семья өз еркімен Қарақұмға көшеді. Осы елді көтеріліске бастағандардың ішінде менің үлкен өкем Жанбосынов Қабыл да болған. Арнаулы қаруланған қызыл әскер тобы көтерілісшілерді талқандап, адамдарды өлтіріп, ақ-қарасына қарамай абақтыға жап-қан. Осы ұсталған адамдардың 118-ін ату жазасына үкім шығарған, солардың ішінде менің үлкен өкем Жанбосынов Қабыл, Қабылдың үлкен баласы Алашбай 1890 жылы Қармақшы ауданы № 3 ауылда дүниеге келген, бірге болған, Қарақұм бандасы құрылғаннан бастап Жұмағазымен Қожбанхан

басқарған бандыларға мүше болып, ел арасында үгіт-насихат жұмыстарына белсене қатысқаны үшін айыпталған екен. 1930 жылдың 19 қарашасында ІІІ ОГПУ-дың Қазақстандағы үштігінің қаулысымен ату жазасына кесілген. Ал Қабылдың екінші баласы Қабылов Естай 1895 жылы дүниеге келген, сол кездегі Қармақшы ауданының № 1 ауылының ауыл кеңесі Дәулетов Сқақтың “Қарақұм көтерілісіне ешқандай қатысы жоқ” деген анықтамасымен әскери мектепті тауысып, Фин соғысына қатысып, одан кейінгі соғыста Сталинград шайқасында қаза тапқан. Естайдың үлкен баласы Ахмедияр запастағы Армия Генералы болған, 1998 жылы қайтыс болды. Естайдың екінші баласы Зәуір Орал қаласында тұрады, ал қызы Нағима Алматыда тұрады. Енді Алаш-

байдан қалған жалғыз қызы — мен Жәмила. Осы естелікті осы оқиғалардың куәсі болған әкеміз, әрі туысқанымыз Дәулетов Сқақтың айтуы бойынша есітіп, жазып отырмын. «Сыр бойы» газетіне Қарақұм көтерілісі туралы 28 маусым,

(1997 жылы № 76) естеліктер шықты, осы естеліктерді оқи отырып, менің сұрайын дегенім ел үшін, жер үшін жазықсыз құрбан болған әкелерімді боздақтардың атымен атауға ықпал жасасаңыздар нұр үстіне нұр болар еді демекпін.

Аленова Жәмила Алашбайқызы.
20/04—1999 жыл.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҰЛТТЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ ЖӘНЕ БАЙҚОҢЫР ҚАЛАСЫ БОЙЫНША ДЕПАРТАМЕНТІ

№ 1683

10 сәуір 1999 ж.

Қызылорда қаласы
Абай даңғылы 30 үй.
99 пәтер тұрғыны
Аленова Жәмилаға

Құрметті Аленова ханым!

Қазақстан Республикасы Ұлттық Қауіпсіздік Комитетінің Қызылорда облысы бойынша Департаментінде Сіздің арызыңыз мұқият қаралды. Арызда көрсетілген туыстарыңыз Жанбосынов Қабыл мен Қабылов Алашбайлардың айыптау іс-қағаздарында көрсетілген мәліметтер бойынша төмендегідей жауап береміз.

Қабылов Алашбай, 1890 жылы Қармақшы ауданы № 3 ауылда дүниеге келген және сол ауылда тұрған. Қарақұм бандасы құрылғаннан бастап Жұағазы мен Қожбан басқарған бандаларға мүше болып, ел арасында үгіт-насихат жүргізу жұмыстарына белсене қатысқаны үшін айыпталған екен. 1930 жылдың 19 қарашасында ПП ОГПУ-дың Қазақстандағы үштігінің қаулысымен ату жазасына кесілген.

Жанбосынов Қабыл 1861 жылы Қармақшы ауданында дүниеге келген. Бұл кісіні де Қарақұм бандасына қатысты деп айыптап, жоғарыда аталған “үштіктің” қаулысымен ату жазасына бұйырған екен. Өкінішке орай, ол кісілердің қай жерде атылғаны және қай жерде жерленгені туралы архивтік істе ешқандай мәлімет көрсетілмегендігін өзіңізге білдіреміз.

Бөлім бастығы: К. Исенғазиев

ҚАРАМОЛДА

НҮРЕКЕҰЛЫ МҰХАММЕДЖАН

(1888—1937)

Мұхаммеджанды жасынан зерек болғандықтан әкесі Нүреке 6 жасынан Қызылорда облысы Теренөзек ауданы қазіргі “Шіркейлi” кеңшарында Тапалахун (Нұрмұхаммед) Қадырұлының қолына оқуға береді. Онда он жыл оқып, үздік бітіріп, Бұхардағы (Өзбекстан) “Көкалташ” медресесінде тағы он жыл оқып 1914 жылы бітіреді.

Сол жылы тамыз айында Ақмоладан Тапалахунға шақырушылар келеді. Тапалахун бұл кезде қазақ уәләйатының Исламдық қажысы әрі Бас имамы болып қызмет атқарады екен. Шақырушылардың келген жұмысы — Ақмолада бір ауқатты бай өзінің мал бағуға жалдаған үш бірдей жас малайларын ұрып өлтіріпті. Солардың дауын бітістіріп, құнын алу екен. Соған Қазаннан, Бұхардан ғұлама, қазылар шақырылыпты. Қазақстаннан Тапалахунға келіпті. Бұл кезде Тапалахун наукас екен. Өзінің орнына оқудан жаңа келген сүйікті шәкірті Мұхаммеджанды

жібереді. Бұл құн дауының кеңесі Ақмолада Қаратөкел деген жерде өтеді.

Арқаның Алты дуаны — Орта жүз — Арғын, Қыпшақ, Найман, Қоңырат, Керей, Уақ, Тарақты сияқты арыстарының барлық білгірлері, Өзбекстан мен Татарстаннан келген ғұлама мүфтилерде бар екен. Құн дауын Қазан мен Бұхардан келген мүфти ғұламалар бір аптаға созады. Қорғындысында үш құлдық құны үш құлдың құнымен аяқталады. Бұл шешімге Мұхаммеджан келіспейді. Бұхар мен Қазан мүфтилері Мұхаммеджанға не себептен келіспейсің? нендей дәлелің бар? Бұл малайлардың құнын сіз қалай шығарар едіңіз? деп сұрақтар қояды. Мұхаммеджан барлық жиналғандардан екі-ақ сағат уақыт сұрап алып: үш малайдың: 1 жастығын, 2. үйленбей кеткендігін, 3. қызық көрмегендігін, 4. өніп-өсімінің құнын, 5. рухани құнын т.б. мәселелерін есептеп үш малай құнын үш билің құнына көтереді. Бәрін де

кітаппен дәлелдеп береді. Сонда Бұхар мен Қазаннан келген муфтилер мен ғұламалар бас неді. Жиналғандар қатты риза болады. Содан бастап Мұхаммеджан “Қарамолда” атанады.

Мұхаммеджанның қазақ уәләйатында жүргізген педагогикалық оқу-ағарту жұмысымен халықты имандылыққа үйрету қызметтерін көрген Өзбекстандағы дін басшылары 1916 жылы соғы ағағын береді.

Мұхаммеджанның ұстаздық қызметі 1915 жылдан басталады. 1915 жылы Мұхаммеджанның туған ағасы Өсет Нүрекеұлы Қызылорда облысы Теренөзек ауданына қарасты кіші жүз Жетіру, Табын руының: Барлыбай, Боқай, Бөдік аталықтарының ортасында кесектен мешіт салдырады, сол мешітте 1915 жылдан 1920 жылға дейін бала оқытады. Онда көп шөкірттермен бірге қазақтың халық ақыны Қуаныш Баймағанбетов, ақын-жазушы Асқар Тоқмағамбетов оқиды.

1921 жылы Тапалахун (Нұрмұхамед) Қадырұлы қаты науқастанып, ағайын-туғандарымен қоштасады. Сонда жиналғандар орныңызға кімді қалдырасыз? Қызметіңізді кім жалғастырады? деп сұрады. Сонда Тапалахун орнымда Мұхаммеджан қалады деп мөрі мен өзінде сақтаулы Арабстаннан алдырған үлкен шежіресін Мұхаммеджанға тапсырады. Сөйтіп 1921 жылдан 1923 жылға дейін қазақ уәләйатының Исламдық қазысы, өрі Бас имамы қызметін атқарады. 1923 жылдың жазында Мұхаммеджан егін жинау науқанында қырман басына келіп, жұртты дүрліктірген аудандық бір саяси белсендімен беттесіп қалады. Белсенді, астық неге кідіріп жатыр деп қырман басындағыларды боқтап, балағаттап сөге бастайды. Соған шыдамай Мұхаммеджан белсендіге “тарт тілінді әдепсіз!” деп ашумен дауыс көтеріп тойтарыс береді.

Сол күннен бастап қуғын-сүргінге ұшырай бастайды. 1923 жылдың күзінде большевиктердің саяси ықпалымен қызметі тоқтатылады. 1923 жылдың күзінде қазіргі Сырдария ауданының Абай, Комсомол совхоздарының шекаралығындағы “Қоғылшы” деген елді мекенге көшіп келеді. Мұнда Найман Сатан, Бозша, Қыпшақ, Илияс, Қуат деген ел ағаларын паналайды. 1925 жылы Жаңақорғандағы Айхожа ишан мешітінде “Ақтас” Қазақстандағы мешіттерге имамдар даярлауын курс ашылады. Мұхаммеджанды соған мүддөріс өрі мешітке имамдар даярлайтын курс ашылады. Мұхаммеджанды соған мүддөріс өрі мешітке имам болуға шақырып, көшіріп алады. Бұл мешітте екі жыл қызмет істеп, тағы да қуғынға ұшырайды. 1927 жылдан 1930 жылға дейін ағасы Өсет салдырған мешітте ұстаздық қызметін жалғастырады. 1931 жылдан 1932 жылға дейін қазіргі “Шіркейлі” кеңшарындағы қайын жұрттарының арасына көшіп келеді. Жер алып, егін егеді. Бірақ сол жылдардағы Голошекин жасаған жаппай аштық және саяси қуғын-сүргін бұл елдерде де тұрғызбайды. 1933 жылы Қырғызстанның Ош облысы Лейлек ауданына 70 үй қожалар ашаршылықтан ауа көшеді. Мұхаммеджан Лейлек ауданына Исман селосындағы Түркістан қышшағына

баып қоныстайды. Қырғыздар бұл кісінің үлкен ғұлама екенін біліп сол жердегі мешітке имам етіп сайлайды. Тұрмысы жақсарайды. Мұхаммеджанның өйелі Әсір қызы Шарипа елге қайтайық деп мазалаған соң 1935 жылы жазда тағы да қайын жұртының ортасына қайтып көшіп келеді. Бағаналы Ақтаз Найман Қарағанды облысының Қарсақбай Шоқпар елді мекенінің тұрғыны, мұсылманша жоғары білімді ғұлама өрі тәуіп Нұржан қажы Мұхаммеджанның біліміне, билік кесіміне қатты риза болп, төс түйістіріп, ақыреттік дос болған екен. Сөйтіп Мұхаммеджанмен қатынасып жүреді. 1927 жылы, сол Нұржан қажының үйін большевиктік қызыл белсенділер ГПУ-ге донесіне түсіріп, үйін, малын конфискелейді. Сонда сол үйден Мұхаммеджанның мына өлеңі шығады.

Қыран бүркіт қия ұшар бауырлап,
Тура ұшарға қанат, құйрық ауырлап,
Тоқпақ жалды, келте құйрық торы айғыр
Үйірдегі Алмауытты сауырлап

Мөстекілер тұқым бұзған заман-ай — деген осы өлеңмен қуып келген “Тройка” 1937 жылы 24 март күні түңгі сағат үште ГПУ-дің үш адамы келіп, әкемді үйден алып кеткен. Нұржан қажының баласы Айнадинмен қоса айдап кетіпті. Содан артынша атылып кеткен. Мұхаммеджан 20 жыл оқыған, 13 шет тілін меңгерген. Бөйіттері мен Ғазамдарын Араб, Парсы, Түркі, Қазақ тілдерінде жазған. Ислам дініне қатты берілген. Киелі әулиешілігі мол, аса жүйрік ақын, түпсіз терең ғұлама болған көрінеді.

1937 жылы әкем Мұхаммеджаннан үш ұл, екі қыз, бес бала қалдық. Анамның айтуынша: үлкеніміз Әбибулла — 11 жаста, Қалиулла-Қалтай 9 жаста, Ырысбике — 7 жаста, Ибраһим-Қырғызбек — 2 жаста, Жарға 3 айлығында, анам Шарипа 28 жаста екен. Екі қыз, бір ұл дүниеден өтті, екі ұл бармыз. Үлкеніміз Әби — 40 жыл сауда қызметінде істеп зейнетке шығып, 60 жасында арабшаны өз бетінше оқып, үйренді. Ұлы Отан соғысының ардагері, білімі 10 жылдық. Бүгінде “Беспаян” атты бір жинақ жазып бітті. Құлқожа-Ахмет Яссауидің “Хикметнамасын” аударды. Қазір Құлқожа Ахмет Яссауидің екінші бір кітабы — “Насап-наманы” аудару үстінде. “Хикметнаманың” Әби аударған нұсқасы бастада жатыр. Өзі бүгінде ораза, намазы түгел ақсақал.

Қалтай Москвадағы Театр зерттеу институтын бітірді. Кейін драматург, сыншы, публицист, аудармашы, жазушы, ғұлама ғалым-академик болып шықты. Соңынан Қазақстан халық жазушысы, Қырғызстан өнеріне снбегі сінген қайраткер, Қазақ-Түрік қоғамының және Қазақстан мұсылмандар қоғамының президенті; Қазақстан астанасы ақсақалдар төрағасы, Халықаралық “Түркістан” газетінің Бас редакторы, “Құрмет белгісі”, “Халықтар достығы”, “Парасат” орденінің иегері болды. 2001 ж. дүние салды. Мен Алматыдағы С. М. Киров атындағы КазГУ-ді бітірдім. Мамандығым журналист.

Ибраһим (Қырғызбек) Мұхаммеджанұлы.

... Қылышынан қан тамған кеңес өкіметі дін атаулыға салқын қарап, оны уағыздаушылар мен мешіт ұстағандарды нысанаға ала бастады. Алғаш құрыққа қажылыққа екі рет барған Еспенбетті іліндірудің айла-шарғысы жасалды. Басына бұлт айналды, діндар — молда атанды. Мешіттің құлталаңы шықты. Бұл 1934 жылдың қысы болатын. Кенжесі Ләтипаның төрт-беске шыққан кезі. Тұңғышы Күлшан 13-те, Шахап бар-жоғы тоғыз-ондар шамасында. Өңшең жас қарлығаштарының ортасында бей-жай отырған Еспенбет қажыны төрт-бес жандайшаптар түс мезгілінде арбаға отырғызып, тілге келтірмей Ақмешіт абақтысына жапты. Ұзақ жатты. Ақыры он жылға сотталып, Ресей бағытына жер аударуға шешім кезегі күтіп тұрды. Кінәсіздігін сезді. Бірақ, қол ұшын берер ешкім жоқ. Дегенмен, қарап қалмады — шағымданды, арыз жазды. Ресейдің Ярославль қаласына жақындай бергенде қызыл вагон ішінде отырған оның ақталғаны жайында жеделхат келді. Сөйтіп, елге кері қайтты. Аздап білетін орысшасы да осы жолы көдеге жарады. Жол-жөнекей көрінгеннен бір үзім нан сұрап, ауылға амалдап жетті. Жүдегені сондай, таяққа сүйеніп, Ақмешіт вокзалына түн ортасы ауа келді. Күн борап тұр екен. Жоқ-жұқа киіммен осы күнгі Қоғалыдағы “Ақтүбекке” жол тартты. Бетін суыққа шалдырды. Ауылға келген бойда төсек тартты. Қарға адым жерге жүру мүң болды. Қос екпе суықтан қарайып кеткен, оған қоса ішіне ас тұрмайтын дерт жабысты. 1934 жылдың күзінде алпысқа қарған шағында дүниеден өтті. Бүкіл ел ақ жауып, арулап аттандырып салды. Еспенбет армандаған төуелсіздік туы қазір бойын тіктеп, нығайып келеді.

Қайыр Қорасани.

“Сыр бойы”, 17 мамыр 2001 ж.
(Мақала қысқартылып алынған)

ШАПАҒАТ НҰРЫ

Ашаршылықта көрген азабың тойынғанда, қуғын-сүргін кезінде жеген таяғың егемендік алғанда есіңе түсетіні сияқты өткенді еске алғанның қай кезде де зияны жоқ. Өйткені, қысыл-таяңда кейбіреулердің саған жасаған жақсылығы мен көңіл жабырқатар тірлігі есіңе түсіп, өмірден гибрат аласың. Бұл күндері сонау отыз жеті-отыз сегізінші жылдардағы ата-бабаларымыздың көрген қуғын-сүргіні еске түскенде аза бойың қаза болады. Талайлардың болмашыға түрмеде отырып, зардап шеккенін газет-журналдардан оқығанда қиналасың.

... 1937 жылдың қазан айында талайдың басына қара бұлт үйіріліп, азап шеккені тарихтан белгілі. Сондай қара қошқыл бұлт Сүлеймен ишанның басына шоғырланғанын бүгінде біреу біліп, біреу білмес. Отыз жетінің алай-түлей дауылы бай-манаптар, ишан-молдаларды қуғын-сүргінге ұшыратты. Өз шаруасымен айналысып жүрген Сүлеймен ишанның үйіне келген үш өріп қызметкерлері жүрле-жүрлеп, өңменінен итеріп, қолын кісендеп, олай-бұлай сүйреледі. Кінәсіз мойнына алмаса екі-үш адамды куә қылып, еріксіз айдап абақтыға жапты.

Қызылорда абақтысындағы № 10 камераға Сүлеймен ишан да қамалды. Барлық азап соның ішінде. Оның қамалғанына да көп бола қойған жоқ. Камера белуардан ыза. Табанды қарыған суық төбенді шымырлатады. Танертеңгілік камера есігі ашылып, түрме бастығы ишанды шақырып жатыр деген хабар жетті. Түрменің 10 камерасынан оны алып шыққан айдаушы түрме бастығының кабинетіне кіріп шықты да, “Ішке кіре бер” — деп иек қақты. Зор денелі бастық орнынан ерең қозғалып, ернін жыбырлатты. Ол аман-дасқаны болатын. Біраз үнсіз төмен қарап отырды да, орнынан тұрып, есікті қаттырақ жауып, қайта отырды да жай дауыспен, қолын аузына қолғапты:

— Аға, құлағыңызды бері тосыңыз. Айтқанымды ұғып алуға тырысыңыз. Бізде өңгіме екі қайталанбайды. Қазір жас бала келеді, сонымен екеуіңіз сағат 5-те түрме алдында жүк тиелген ат-арбаны айдап біздің үйге апарасыздар. Арбаның алдында жол көрсетіп бір жігіт жүреді, одан сескенбеңіз. Енді камераңызға бара беріңіз, қалғанын үйге барған соң сөйлесерміз, деді зор денелі түрме бастығы. Кабинеттен сыртқа шыққанда Сүлеймен ишанның ойы екіге бөлінді. Бірі түрме бастығының мейірімі бұған қалай түсе қалды. “Қалғанын үйге барғасын айтармын да” не сыр жатыр. Екіншісі қазір үш өріптің қызметкерлеріне сенім жоқ. Сыртқа шығарып, жол-жөнекей өлтіре салуды да ғажап емес. Өйткені, бұларға адам тағдыры ойыншық, кімнің не жасағанын сұрап жатқан ешкім жоқ. Межелі сағат бес өзер өтті-ау, өйтеуір. Өлгі жас баланы ертіп, сыртқа шықты. Ишанның жүрегі толқып тұр. Есік алдында тұрған ат арбаға мінгеннен жүрек лүпілі басылып, бой сергін дегендей ме қалай? Абаның үсті толған үй мүлкі, айқұш-ұйқыш тиеліпті. Қаланың орталығына қарай бет алғанда, алдына жол көрсетуші түсті. Дария жағасындағы үлкен үйге жақындағанда қора есігі айқара ашылып, ат арба ішке кірді. Өп-сәтте жүк те түсірілді. Тапсырылған жұмысты бітірген соң Сүлеймен ишан состиып тұрып қалған еді. Қасына жымып келген түрме бастығы қолтықтап үйге кіргізді. Жылмандап қарсы алған сары келіншек көрпеше төсеп, жастық қойып, бөйек болып жүр. Тамақ үстінде түрме бастығы жан-жағына жалтақ-жалтақ қарап өңгіме басталды: — Ағасы, қазір заман қиын. Аяғың тайса, басыңа қауіп қылыштың жүзіндей жалаңдаған кезеңде бөрің күтуге болады. Соған қарамай сізді түрмеден босатамын. Қараңғы түсе қаш. Өзірше таныстарыңның үйінде бас сауғалап, бір-екі күнде ішінде

қаладан шығып кетуге тырысыңыз. Кетудің әртүрлі жолдарын қарастырыңыз. Мүмкін үстемдідегі киім-кешегіңді, бет-әлпет, сақал-мұртыңызды да өзгертерсіз. Әйтеуір аман болып, бізге де кесіріңіз тимесін. Жортқанда жолыңыз болсын!

Ертеңіне түрменің 10 камерасында жатқандар түгелдей атылыпты деген хабар қалаға тез тарады. Иә, небір жазықсыз жайсаңдар тіл тартпай-ақ о дүниеге аттанды. Оны есіткен Сүлеймен ишан ақ-қарбалас шалып, құдайға жалбарынып төубе етті. Сосын үйде шыдап жата алмай, түнделетіп теміржол бекетінен өтіп, “Шанқай” базарының жанындағы әйелінің нағашысы Қалидың үйіне түн ортасы ауа келіп, есік қақты. Келіні Ыршай есік ашып, үйге кіргізіп, жөн сұрасып жатыр. Сөлден кейін жұмыстан келген Қали да ишанды көріп, құшақтап көзіне жас алды. “Түрмеге қалады дегенді есітіп, көре алмай кетем бе, деп қиналып жүр едім” — деп тағы да құшақтасты. Сосын жағдайды сұрап, қанықты. Ишан сөз арасында:

— Қалеке, қашқынның жағдайы жақсы емес. Қайткенмен де бұл қаладан Түркістанға кету керек, — деді. Аздап ойланған Қали бір сұранып, бір қызарып, ишанның бетіне қарады да:

— Сүлеке, ешқандай қам жеменіз, айтқаныңыз орындалады. Әзірге мына бөлмеде демалыңыз, — деді. Пеш түбінде жатқан Ырсай келіннің бауырынан інгалаған бала даусы шығады. Жалт қараған ишан.

— Қалеке, нәрестелі болыпсыздар, бауы берік болсын, — деді.

— Айтқаныңыз келсін. Әйелдің бала тууының кемі жоқ. Бірақ, құтаймай жүр. Сізді құдай айдап келді. Енді кітап ашып, осы балаға ат қойып беріңіз, — деді. Ишан қасындағы жігітті нұсқап, ақ ишанның баласынан асып кете алмаймын. Жолымды соған бердім, — деді. Ол қойнындағы кітабын алып, парақтап отырып:

— Қалеке, елде діннің де, ишан молдалардың қырізіне түсіп күн көрсетер емес. Ол Алланың жолына топырақ лақтыру деген сөз. Сондықтан нәрестенің атын Мұса деп қоюды ұйғарып отырмын. Балаға сақ болыңыздар, — деді де, — Сіздің атыңызды шығаратын, елге ұйтқы болар азамат болсын, — деп батасын берді.

Екі күн түнеген ишанды үшінші күні түнде Қали паровоздың көмір тиейтін жеріне киізге орап жасырып, Түркістан шаһарына жеткізген. Сөйтіп, ол өлімнен құтылған.

Әбдібай Уәлиұлы
“Сыр бойы”, 24 тамыз 200 жыл.
(Мақала қысқартылып алынды).

ӘБЖӨЛИ ИШАН КІМ?

Жолыңыз түсіп Жалағаш ауданының “Таң” ауылына бара қалсаңыз, өзіндік сәулеті бар мешітке көзіңіз түседі. Бұл Әбжөли ишанның мешіті. Халық осылай атайды. Көнекөз қарттардың айтуына қарағанда ғасырдың басында, шамамен 1910 жылдары салынса керек. Мешіт дайын болған соң, Сегізбай би бастаған сол ауылдың игі жақсылары ие болар адам іздегіреді.

Ақырында тандау Жетірудің Керейт (тайпасының) руының Арбалы аталғынан шыққан Әбжөли ишанға түседі. Әбжөли кезінде Бұқарада оқып діни білім алған адам еді. Әбжөли ишанның әкесі Мырзабай ахун атағын алған, бүкіл Сыр бойына белгілі кісі болған. Не керек, мешітке Әбжөли ишан иелік етеді. Бірақ, көп ұзамай елде Кеңес өкіметі орнап, мешіт ұстағандар қуғын-сүргінге ұшырайды. Алғашқы лекте-ақ Әбжөли ишан да саясаттың сарсаңына ұшырап, жер аударылады.

Бір күні сәскеде “Әдебиет” колхозы жақтан бір есекке мінгескен шал мен бала және қызыл жағалы шинелді милиция қызметкері келді.

Шалды түсірді де бала ешқайда бұрылмастан келген ізімен есегін қақпайлап кейін қайтты. Шал бір сөт мешіттің аузында үнсіз отырып қалды. Милиция қызметкері Омар ағам өлденелерді айтып жатты. Сөлден соң, ағам торы алаяқ аттың ерін салып, тартпасын тартты. Сол жылдары 15-ті бітіріп, 16 жасқа шыққан мені шақырып алып, “мына үлкен кісіні Қаракеткен стансасына жеткізіп салып қайтасын” — деп тапсырды. Ақсақалды атқа отырғызып, артына

өзім мінгестім. Қызыл жағалы жаяу ерді. Аттың анданда шылауынан ұстап оздырмайды. Белінде алты атары бар. Оны қайта-қайта ұстап қояды. Жас шамасы 25—30-дардағы қазақ жігітінің түрі сұсты-ақ. Сөйлемейді.

Стаңсаға 5—6 шақырымдай жер қалғанда милиционер: “Тоқтандар, түзге шығып алам” — деді де алты атарын суырып алып, бізге қарап сөл тұрды: “Егер қозғалсаңдар, атып тастаймын”, — деп қорқытты.

— Әке, оның айтқанын қайтеміз, торы алаяққа бір қамшы бассак, қала бермей ме, ышқырын ұстап, — деймін мен шалды айдаудан құтқарғым келіп.

— Жок, балам, жазу осылай болса амал қанша, одан қашып құтылуға болмайды, — дейді қарт кісі тұнжырай түсіп.

Жасы жетпіске таяп қалған қауқарсыз пенде не істеп, не бүлдіреді дейді екен деп, қынжыламын іштей. Атып тастаймын деп қоқан-лоқы жасаған милиционер жігітті жек көріп кеткендеймін.

Станса жанына келіп аттан түстік. Сол жердегі ағашқа атымды байлап, түйіншегің ұстап (вокзаға) ішке қарай мен де ердім. Белін жазып отырып, жайғасқан шал маған батасын беріп, тезірек қайтуымды сұрады. Ақсақалдың солғын, сүлесок кейің өлі көз алдымда. Тағдырына мойынсұнып отырғандай жайы бар еді. Аяныштан көңілім бұзылды. Торы алаяқ атқа қонған соң көзімнің жасын тыя алмадым. Қыстың аязы көз жасымды иегіме өкеліп қатырып жатқанын да білгенім жоқ. Қамшымен торы алаяқты сауырдан екі тартып, шауып бара жаттым.

Кейінірек, менің Қаракеткенге апарып салған кісім ауыл ортасындағы мешіттің имамы болған Әбжәли ишанның өзі екенін Омар ағамның аузынан аңаша-да ғана естіп едім.

Омекеннің айтуынша ишанның екінші рет айдалуы екен. Бұл жолы оның обалына ауылының белсенділері қалғанға ұқсайды. Әбжалы ишан сол кеткеннен қайтып оралған жоқ. Омар ағам, ишанның туған қарындасының күйеуі екендігі де ол кезде жасырын болған. Әйтпесе, қуғынға ұшырап кетуі ғажап емес қой. Сол Омар ағамыз да кешегі Ұлы Отан соғысынан қайтпай қалды.

1993 жылы наурыз айында, яғни ишан ұсталып кеткеннен соң тура 60 жыл өткенде “Таң” ауылындағы аталмыш мешіт күрделі жөндеуден өтіп, халық игілігіне берілді.

“Орнында бар оңалар” демекші ишаннан қалған жалғыз тұяқ Зафура апай (бұл күндері өпке қалған, Сырдария ауданының тұрғыны) мешіттің қайта ашылғанын естіп келіп, өкесіне қуран бағышталты. Омар Жүсіпұлынан да ұрпақ бар. Баласы Тельман Жалағаш ауданының “Мырзабай ахун” ауылында тұрады.

Темірбек Есжанов.

“Сыр бойы”, 20 қараша 1999 жыл
(Мақала қысқартылып алынды).

ЖАЗЫҚСЫЗ ЖАПА ШЕККЕНДЕР

1997—1998 жылдар тарихқа алтын өріппен жазылып қалды. Өйткені бұл жылдар саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу жылы, халық бірлігі, тарих жылы деп аталған еді ғой. Осы жылдар ішінде талай-талай тарихи мәні зор оқиғалар аталып өткені белгілі. Саяси қуғын-сүргінге жазықсыз ұшырап шейіт болған құрбандарын есімін мәңгі сақтау мақсатымен облыс әкімі мен ұлттық қауіпсіздік комитеті облыстық Департаментінің келісімі бойынша облыстық “Боздақтар” естелік кітабының жалғасы ретінде “Аза” деген атпен екі томдық кітапты жарыққа шығару ұйғарылды.

ССРО Жоғарғы Кеңесінің Президиумы 1989 жылғы 16 қаңтарда “Отызыншы-қырқыншы жылдарда және елуінші жылдың бастапқы кезеңінде орын алған репрессия құрбандарына қатысты әділеттілікті қалпына келтіру жөніндегі қосымша шаралар туралы” қаулы қабылданды. Еліміз төуелсіздік алғаннан кейін ұлттық қауіпсіздік комитетінің облыстық Департаменті архивінің есігін айқара ашуымызға мүмкіндік жасалды. Арабша, латын өріптерімен жазылған және орыс тілінде жазылған тұтқындау туралы, бұлтартпау шарасын қолдану, қылмыс қудалау туралы қаулылары, айыптау қорытындылары, сондай-ақ үкімдері, ұйғарулары, наразылықтары қазақ тілінде аударылды. Осылай “Аза” кітабының бірінші томының қолжазбасы дайындалып, Алматы қаласындағы полиграфкомбинаттан басылды. Қазір екінші томның қолжазбалары дайындық үстінде.

Кешегі тоталитарлық жүйе кезінде үкіметтің ат төбеліндей билеушілері мен олардың жер-жердегі “шаш ал десе бас алатын” жандайшаптары өз халқына қарсы әділетке жатпайтын шектен шыққан заңсыздықпен жазықсыз жандардың көзін жойған. Өз облысымыз бойынша 4234 адам қуғын-сүргінге ұшыраған. Барлығы да “ұлтшылдық-буржуазиялық, контрреволюциялық, панисламдық ұйымға мүше болған, осы ұйымның тапсырмасын орындаған” — деген айыптар тағылған.

Кеңес үкіметіне, Коммунистік партияға, олардың ел ішінде жүргізіп жатқан саяси-шаруашылық шарала-

рына қарсы қарекет жасады деп күмән туғызған адамдарды табан астында ұстап қамаған, жік-жікке бөлінген елдің ішінде, бір-біріне қас болған, МПУ, НКВД органдарынан жандайшаптарына “мына адам Кеңес Үкіметіне қарсы сөздер айтты, үгіт таратты, немесе дінді уағыздады” — десе болды тіл тартпастан тарпа бас салып тұтқында алған.

Коммунистік партия мен кеңес үкіметі қазақтың ата-бабасының қанына сіңген ислам дініне қарсы ымырасыздықпен күрескені белгілі. Дінді «апиын» деді, өзін мұсылманмын деп санап, дінді ұстағандар қуғын-сүргінге ұшырап, жазаланды. Осы жерде архив құжаттарынан тарихи анықтама келтіруге тура келді. Оңтүстік Қазақстан облысының Орта Азиямен шектесіп жатқан аудандары Қазан төңкерісіне дейін дібасылардан, молдалар мен ишандардың табан тіреген жері болған. Ол кезде дін басылмдарының орталығы Бұхара, Самарқан, Түркістан қалалары болған. Ондағы бірнеше діни медреселерде діни кадрлар оқыған. Сол кезде Жаңақорған ауданының территориясында тұрған Айқожа ишан мұсылмандар арасында үлкен беделге ие болған. Айқожа ишанның ишандығы біртіндеп өзінің ұрпақтарына дари бастайды, кейінгі кезде ишандық Айқожа ишанның немересі Сәуар ишанның әкесі Ибадулла да ишан болған, ол ишандықтың әкесі Айқожа ишаннан қабылдаған.

Ал, Оңтүстік Қазақстан облысында атағы шыққан, аты өлемге жайылған Сейт Әбілғазы Тұрсынқожаев болған, оны халық “Ақ ишан” деп атаған. Ол Қоқан қаласында ірі ишанның отбасында дүниеге келген. Мұхаммед пайғамбардың немере інісі хазірет Әлидің ұрпақтары бергін келе ел арасында “Ақишан” деп аталып кеткен. Ақ ишан жоғары діни білімді Мекке-Мединеден алған, ислам шарифатын, діни ғылымды жақсы білетін ғалым болған және бірнеше рет Мекке және Мединеге барып жоғарғы діни оқу орнында мүдәрис (сабақ беруші) болған және ишандық жасаған.

Кейіннен “Ақишан” Түркістан қаласына келіп қоныстанады. Ол Қарнақта, Созақта тұрған екі-үш жылдың ішінде мұсылмандар арасында үлкен беделге ие

болады және осы жылдардың ішінде өз ықпалына мыңдаған мұридтерді тартқан.

Бір мәліметтер бойынша — 1918 жылы Ақ ишанды қармақшылық бай татар саудагері Ораза айтының кезінде қонаққа шақырыпты. Қара қожа мешітінде ауыл-ауылдан шақырылған қожа молдалар мен ишандар, ахундар бас қосыпты. Татар байы өзінің Құран қаріі (қарі деп құранның 114 сүресі мен 6666 аятын жатқа айтағын адамды айтады), татар жігітін Ақ ишанның алдынан өткермек үшін құран оқытады. Ол құранның бір фарасын оқып бола бергенде ишан оны тоқтатып тастайды. Екінші кезекте құран оқыған өзбек қаріын да тоқтатып тастапты, себебі бұл екеуі де құранды қате оқыған. Үшінші кезек Спан Қариге тиеді. Ол құранның қалған 31 фарасын қатесіз оқып шыққан кезде Ақ ишанның шыннайы риза болғаны соншалық, көзінен жасы төгіліп отырған.

Мен осы күнге дейін мұндай Қариды Шам шаһарында, Мысырда да кездестірген жоқ едім, бәрекезде Қарі кімнің алдынан өткерілген екен? — деп сұрапты. Спан Қариды оқытқан Алдашбай ахун, — дейді отырған молдалар. Сонда Ақ ишан Алдашбай ахунның арқасынан қағып, өзінің ризашылығын білдірген екен.

Ақ ишан 1929 жылдары Ауғанстан арқылы қайтадан Арабияға қоныс аударып, Мекке мен Мединеде тұрған, мүдәрис болып жұмыс істеген, осы кезде оның жасы 80-ге толған кезі. Сол кеткеннен Ақ ишан елге қайтып оралмаған.

Ақ ишан Араб еліне қоныс аударғанан кейін оның қалған мұридтарын және халифаларын Жаңақорғандық Шамһор ишан Сарықожаев пен Тоқберген ахун жетекшілікке алған. Ақ ишан КСРО территориясындағы қалған белсенді мұридтер мен оның ішінде Тоқмұхамед (Тоқберген) ахунмен, Бигелді молдамен, тағы басқалармен байланыста болған.

Қазақ зиялыларының көрнекті дін өкілдері молдалар мен ишандардың бәрін (бірден 65 адамды топтап) Оңтүстік Қазақстан облыстық ОГПУ Басқармасы Ерекше бөлімшесінің 1933 жылғы 25 мамырдың 2 және 15 маусымға дейінгі мерзімдегі қаулыларымен тұтқына алынып, Шымкент қаласындағы түрмеге қамаған. Тергеу ісі мен айыптау қорытындысы сол жылғы 20 желтоқсанда жасалып, істі Қазақстан ОГПУ Сенімді Өкілдігі жанындағы үштіктің қарауына жіберілген. Олар РСФСР Қылмыстық Кодексінің 16—58 бабының 3 тармағымен 58 бабтың 7, 11 тармақтарымен қылмыстық жауапқа тартылған.

Қазақстан ОГПУ Сенімді өкілдігі жанындағы үштіктің 1933 жылғы 29 желтоқсандағы қаулысымен:

— әрқайсысы 10 жылғы, 5 жылға сотталып, еңбек түзету лагеріне айдалған.

ОГПУ Коллегиясының 1934 жылғы 26 ақпандағы қаулысымен:

Ибадуллаев Сәуар, Асылбеков Игілік, Арғынбаев Кәку, Ерөлиев Бердалы — ең жоғарғы жаза — ату жазасына сотталған, ал 7 адамның ату жазасы 10 жыл еңбекпен түзету лагеріне өзгертілген.

НКВД тыңшылары Сырдария, Теренөзек аудандарының төңірегіндегі молдаларды жаппай тұтқындаған. Мәселен, бір іс бойынша бірден 23 молда ұсталған.

Олар:

Нұрмағанбетов немесе Тапалахунов Нұратдин — Қызылорда ауанының № 7 ауылы, “Қызыл жалау” колхозында 1886 жылы туған, халық “Тапал ахун” деп атаған, молда-ишанның баласы, “Қожа” руынан, өзі де молда, діни сауатты, молдалықпен айналысқан. Әкесі, “Сарбасат” деген жерде мешіт ұстаған. Әйелі — Бибимариям, ұлдары — Махмұт, Шахап, қыздары — Қатиря, Сәлима, Ләтипа, Аулаш. Қалменов Сұлтан — Қызылорда ауданының “Бес-өзек” ауылдық кеңесі, “Қызыл жалау” колхозында 1879 жылы туған, кедей шаруа от басынан шыққан, әйелі — Ділде, ұлдары — Піркен, Тыныштықбай. Исақожаев Әбіш — 1879 жылы туған, “Ақарық” колхозында тұрған, өзінің жеке мешіті болған, молдалықпен айналысқан, діни сауатты, әйелі — Жұмагүл, балалары — Бабаш, Ақап, Насыр, қыздары — Барша, Сәпия. Әбіласанов Икрам — 1899 жылы туған, молда баласы, өзі де молда болған, жеке мешіт ұстаған, “Ақарық” колхозы, қазіргі Октябрь ауылдық кеңесі, “Қоғалыкөл” кеңшарында тұрған, әйелі — Рахия, қызы — Мұхтарима, ұлдары — Жәлдеш, Мұфтахадин, Зұлхартия, Іскендір.

Тұрғанбаев Кәри Сүйінұлы — № 10 Далакөл ауылы, “Күмісқорған” колхозында 1878 жылы туған, молда баласы, діни сауатты жеке мешіті болған, молдалықпен айналысқан. Бұқар қаласындағы Бахрам Кәри молдада 6 жыл оқыған. Әйелі — Залхия, ұлдары — Жағыпар, Әбілөкім. Нұржанов Абдулла — № 10 ауылда 1897 жылы туған, білімі ортадан төмен, базар комитетінің бастығы болып қызмет істеген. Әкесі болыстың хатшысы болған. Әйелі — Батүкүл, қызы — Рабигаһ, ұлдары — Мұхтар, Сүндетбай.

Жансейтов Баттал — № 12 ауыл “Көкжиде” колхозында 1887 жылы туған, сауатты, тәуішшілікпен — дәрігерлікпен айналысқан. Әйелі — Жібек, ұлдары — Әбдіғаппар, Әбсаттар.

Алдабергенов Басафа — № 13 “Аламесек” ауылы, “Комсомол” колхозында 1887 жылы туған, молда баласы, өзі де молда, діни сауатты, өзі мешіт ұстаған, 1930 жылы астық тапсыру жөніндегі нақты тапсырманы орындамағаны үшін екі рет ұсталған. Әйелі — Рахила, ұлдары — Сапит, Сайфулла, қыздары — Әсия, Зубайда.

Бақбергенов Жүсіп — Қазалы ауданының № 7 ауылында 1878 жылы туған, кейін № 10 ауылда тұрған, молда баласы, діни сауатты, Қазалы Мұхтарарын бітірген, молдалықпен айналысқан, ұлдары — Қимал, Орынбай, қызы — Аймуа.

Байбақтиев Сейдахмет — № 6 ауылында 1887 жылы туған, молда баласы, діни сауатты, молдалықпен айналысқан, әйелі — Жұманай, ұлдары — Яхия, Тұрмағамбет.

Барлық 23 айыпкерге тағылған айып бұлар 1936 жылдың күзінде түрік барлауының агенті Хансейтовтің тапсырмасымен контрреволюциялық діни-ұлттық панисламдық ұйымға тартылып, топқа біріккен. Ақ ишанның жетекшілігімен ауыл-ауылда барлық мешіттерді іске қосып, мұсылман дінін тарату жөнінде үгіт жүргізген. 1936 жылғы 12 қарашада контрреволюциялық мәжіліс өткізіп, онда осы мәселелерді талқылаған.

Оңтүстік Қазақстан облыстық НКВД Басқармасы жанындағы үштіктің 1937 жылғы 5 қыркүйектегі қаулысымен 22 айыпкер Нұрмағамбетов Н., Қалменов С., Исақожаев А., Әбіласанов И., Тұрғанбаев К., Жансейтов Б., Алдабергенов Б., Бекбергенов Ж., Жангірқожаев И., Бассирақов Ә., Ахметов Ә., Аппақов М., Әйтімов М., Құдайбергенов М., Жәрімбетов Ә., Азханов Ж., Алашбаев М. — барлығы да ең жоғары ауыр жаза — ату жазасына кесілген, үкім сол жылы 13 қыркүйекте орындалған.

Оңтүстік Қазақстан облыстық соты президиумының 1958 жылғы 30 қаңтардағы қаулысымен үштіктің қаулысы бұзылып, олардың әрекетінде қылмыс белгісі жоқ болғандықтан іс мүлдем қысқартылған. Олар толық ақталған.

1) Нүрекеев Мұхаммеджан — Тереңөзек ауданынан Бесөзек ауылдық кеңесі, “Қызылжалау” колхозында 1887 жылы туған, молда, жоғары дәрежелі білімі бар, 1914 жылы Тәшкендегі діни медресені бітірген, 1916 жылы Сопы атағын алған, мешіт ұстаған, әйелі — Шәрида, балалары — Әбибулла, Қалтай, Ибрагим, қыздары — Рысқұл, Рысбике.

2) Оспанов Рахматулла — Сырдария ауданының “Көктөбе” колхозы, Сталин ауылдық кеңесінде 1884 жылы туған, бастауыш діни білімі бар.

3) Нұрымбетов Абдулхан (Әбілқасқ) — Сырдария ауданының № 61 Сталин ауылдық кеңесінде 1888 жылы туған, кейін № 10 Далакөл ауылдық кеңесі, “Мектеп” колхозында тұрған, орта діни білімі бар, ишан баласы.

4) Шамсетдинов Шайхы — Сырдария ауданы, Жәдігер ауылы, “Қара Төбе” колхозында 1903 жылы туған, бастауыш діни білімі бар, ишан баласы.

“Бұл төрт молда, ишандар контрреволюциялық мүсылман көтерілісшілер тобының белсенді мүшелері, колхозшыларды діни қоғамына тарту жұмысымен айналысқан, олар Қызылорда ауданында контрреволюциялық молдалар көтерілісшілер тобын құрып, оны басқарған колхозшылар арасында контрреволюциялық ұлтшылдық насихат жүргізіп, оларды кеңес үкіметіне қарсы қойған, колхоздың экономикалық қуатын әлсіретуге бейімдеген, көтерілісшілер тобына тартуға адам дайындаған, елдімекендегі жұртшылықты жаппай Өзбекстанға көшуге ұйымдастырып, белсенді жұмыс жүргізген, барлық молдалармен байларды, дінге сенуші мүсылмандарды біріктіріп, соғыс бола қойған жағдайда көтеріліс жасап, Қазақстанда ерікті-ұлттық мемлекет құруды мақсат етіп қойған”, — деп айып тағып Нүрекеев Мұхаммеджанды Қарсақбай НКВД бөлімінің 1937 жылғы 19 сәуірдегі қаулысымен тұтқынға алған: содан Қызылорда аудандық НКВД бөліміне айдалып өкелінген. Ал, Оспанов Рахматулла, Нұрымбетов Абдулхан (Әбілқасқ), Шамсетдинов Шайхы — Қызылорда аудандық НКВД бөлімінің 1937 жылғы 9—10 қазандағы қаулысымен тұтқынға алынған. Бұларға қарсы Қ.Қ. 58—10, 11 тармақтарымен қылмыстық іс қозғалған. Оңтүстік Қазақстан облыстық НКВД Басқармасы жанындағы үштіктің 1937 жылғы 1 қарашадағы қаулысымен — Нүрекеев Мұхаммеджан, Оспанов Рахматулла, Нұрымбетов Абдулхан (Әбілқасқ), Шамсетдинов Шайхы — бұлар да өзгелердің кебін киіп, ату жазасына кесілген.

Бұл үкім сол жылғы 14 қараша күні сағат 24-те орындалған.

Қызылорда облыстық соты президиумының 1957 жылғы 26 қаңтардағы қаулысымен үштіктің 1937 жылғы 1 қарашадағы қаулысы бұзылып, олардың әрекетінен қылмыс құрамы дәлелденбегендіктен іс өндірістен қысқартылған.

Бұлар 1996 жылғы 25 наурызда толық ақталған.

Бұл молдалардың халық алдында нендей жер көтермейтін кінәсі болды екен? Мына мысалды маздалатайық. Әбіласанов Икрам. Ол асқан білікті де білімдар молда, ауызы дуалы кісі болған. Икрам Құлболды ишанның немересі, қазіргі “Қоғалы көл” ауылы, сол кездегі № 6 ауылы, Сталин атындағы колхозда тұрған. Икрам ірі денелі, сымбатты, көркем, жүзінен имангершілік нышан сезіліп тұратын, сөзге шешен, саяси сауаттылығы да мол, сол кезеңнің саясатын жақсы білетін көзі ашық адам болған. Сол себепті де ол кісі ас беру, намаз шығару тағы сол сияқты мүсылмандық өлет-ғұрыптарды азайтпай болмайды деп ағасын да, өзге молдаларды да әлсін-әлсіні ескертіп жүрген.

1936 жылдың күз айларында Исақожаев Әбіш молда мен Жүнісов Ернарар молда сүндет тойлары өткізген, Сейтанасов Смағұл деген кісі ас берген. Бұл тойлар мен асқа молдалар — Бижожаев Алтынқожа, Нүрекеев Мұхаммеджан, Нұрымбетов Нұратдин, Әбіласанов Әкімал мен Икрам, Оспанов Рахматулла, Тұрғанбаев Қари, Алдабергенов Басафа, Бекбергенов Жүсіп тағы басқалар қатысқан. Сол үйлерге барып ас-су ішкендердің бәрін де НКВД тыңшысы “Қара тізімге” алып, НКВД-ға тапсырған. Икрамның інісі милиция полковнигі марқұм Қыпшақбай Жүсіповтың және күйеу баласы марқұм Шабан Қаюповтың айтулары бойынша НКВД қызметкері Әкімалды тұтқындау үшін келген, бірақ Әкімал үйде болмаған, Икрамға ағанды тауып бер деп өлек салған. Ағасын қорғап қалу мақсатында Икрам “Әкімал менмін” деген. НКВД қызметкері Икрамды тұтқындап, Қызылорда түрмесіне айдап әкеткен. Икрам жоғарыда көрсетілгендей көп молдалармен бірге атылып кеткен. Икрам ұсталып кеткенде бір жаста қалған Зұлқарнай кейін ер жетіп, оқып білім алып, ғалым-педагог болған шағында 1958 жылы Қызылорда облыстық Қауыпсіздік комитеті Басқармасына өкесінің не үшін ұсталғанын, өлі-тірісін, өлсе көмілген жерін білу үшін берген арызын көрдім, арызға берілген жауапты да оқыдым. Жауапта: “Әкеңіз түрмеде туберкулез ауруынан қатыс болды” — деп атылып кеткенін жасырған.

Икрамның балалары “Халық жауы” — молданың ұрпағы” деген жалған атақтан көп азап шекті. Әбіласанов Жәлдеш аспирантурадан қуылды, бірақ “ақтын отын ақымақ өңіре алмайды” — дегендей, Жәлдеш философия ғылымдарының кандидаты, доцент болды. Зұлқарнай да физика-математика ғылымдарының кандидаты, доцент ғылыми атағын алып ұстаз болды. Бірақ екеуі де жастайынан марқұм болып кетті.

Икраммен басқа да молдаларды айдап алып бара жатқанда алдынан НКВД тыңшысы шығып, “Ау молдалар, жолдарың болсын!” — деген. Сонда Икрам қайырылып тұра қалып: “Е, алай болсын, біздің

жолымыз болар-ау, ал сенің дененді туған жер топырағында ит те жемей, ай далада қаларсың”, — деп дауыстаған. Әулиенің сөзі айнымай келген. Әлгі адам арада үш күн өте бергенде есектен құлап, айдалада өліп жатқан жерінен табылған.

Сол нәубет жылдары Құлболды ишанның мешітін қолхоздың астығын жинайтын пункт еткен. Мешіттің ішінен астық алу үшін Икраман басқа адам кіре алмайтын болған. Бір күні қолхоздың пункт менгерушісі астық алуға мешіттің ішіне кіргенде астықтың үстінде үлкен жылан жатқанын көріп, тіріп қашқан. Ал, Икрам кіргенде өлгі жылан ініне кіріп кететін болған, Икраман басқа адам кірсе ықырып қуып шығады екен.

Икрам халықты ізгілікке, бауырластыққа, ұйымшылдыққа, адалдыққа, пәктікке тәрбиелеген адам. Нүрекеев Мұхамеджан, жұрт оны “Қарамолда” деп атап кеткен, қазіргі “Шіркейлі” кеңшарының территориясында туып-өскен. Біреудің үйінен ас-су ішкені үшін ол да қара тізімге ілігіп, түрмеге қамалады. Оған тағылған айыпта — Қарамолда контрреволюциялық ұлтшылдық-молдалар тобына 1936 жылдың наурыз айында Шаян ауданының ишаны Аппақов Әляуатдин, (оны “Ақ ишан” деп атаған) арқылы тартылған. Онымен 1921 жылдан танысқан Сейітжанов Сабыр ишанның муриді болған. Әляуатдиннің әкесі Аппақ Сейітжанов Сабыр ишанның інісі. Молдалар тобына Қызылорда қаласынан Бисембаев Құрманғали молда да тартылған. Ол қалада мешіт ұстаған. Құрманғали мешіті қазіргі Асқар Тоқмағамбетов Мәдениет үйінің қарсы бетінде болған. Топтың ұйымдастырушысы Нүрекеев Мұхамеджан — бұл топқа Тұрғанбаев Қари молданы № 10 ауылдан, Алдабергенов Басаф молданы № 13 ауылдан, Жансейітов Баттал — молданы № 6 ауылдан, Нұрымбетов Әбілхан молданы — № 10 ауылдан, Исақожаев Әбіш молданы № 6 ауылдан, Бекбергенов Жүсіп молданы № 10 ауылдан тартқан” — делінген.

Мұхамеджан молда ғана емес, ақын да болған — дейді көзін көргендер. Ол кісі атақты Кете Жүсіппен, Даңмұрынмен айтысқан, Сыр сүлейі Тұрмағамбет Ізтілеумен дос болған, “Шахнаманы” бірлесіп аударған, Мұхамеджан араб, парсы, ескі түркі, өзбек, төжік, орыс тілдерін жетік білген. Әкесінің дарынды ғұлама ақындығы балаларына да дарыған. Органшы баласы — Қалтай Мұхамеджанов Республикаға танымал драматург, халық жазушысы, Түркістан газетінің Бас редакторы, үлкені Әби мен кішісі Ибрагим (жұрт оны “Қырғызбек” деп атап кеткен), бұлар да сөзге шешен, өскен-өнген жандар.

Биқожаев Алтынқожа — № 6 Сталин ауылдық кеңесінде 1886 жылы туған, ишанның баласы, өзі де молда болған, діни медресені бітірген, қамауға алынғанға дейін Тереңөзек ауданының Бесөзек ауылдық кеңесі, “Қызылту” колхозында, қазіргі “Шіркейлі” кеңшарында тұрған. Ол Уфа Мұсылман дін Басқармасы Муфтиінің қолы қойылып, мөрі басылған араб тілінде жазылған куәлік атың, үлкен бір жиынға — Думаға қатысқан. Халықтың қалаулысы, елдің елеулісі болған. Алтынқожа Қажы да НКВД тыңшысының “Қара тізіміне” ілігіп, “халық жауы” деген жаламен өзімен бірге 6 адам бай-молдалар —

Қошқаров Мамат, Мамытов Қылышбек, Шонаев Токтасын, Сексенбаев Бисен, Сержанов Ерөлі, Қашаубаев Қожағеллі 1937 жылғы 25 тамызда тұтқынға алынып, РСФСР Қылмысты Кодексінің 58 бабының 7, 10, 11 тармақтарымен жауапқа тартылған. Бұларға “бұл молда-байлар тобы контрреволюциялық жұмыстар жүргізіп, Кеңес үкіметіне қарсы ұгіт таратып, дінді уағыздаған, колхозшыларды қолхоздан шығаруға, жеке шаруашылықпен айналысуға шақырған” — деп айып таққан. Оңтүстік Қазақстан облыстық НКВД Басқармасы жанындағы үштіктің 1937 жылғы 30 желтоқсандағы қаулысымен бұлардың барлығы 10 жылға бас бостандығынан айырылған. Нұрмағанбетов немесе Талапаханов Нуриддин — бұрынғы — “Қызыл жалау” колхозында қазіргі “Шіркейлі” кеңшарында туып өскен, білікті имам болған. Оның әкесін жұртшылық “Тапал Ахун” деп атаған, діни сауатты ел сыйлаған, мұсылман қауымы құрмет тұтқан ахун болған. НКВД тыңшысы Нуриддин мақсұмды “халық жауы” деп, “Қара тізімге” енгізген күні оны ұстап кеткен.

Сол зобалан жылдарда молдалар ғана емес, ел сыйлаған ақсақалдарды, өзгеге ақыл-кеңес бере алатын көрегенді кісілердің бәрін де “халық жауы” деген жаламен тұтқынға алып, түрмеге жапқан. Соның бірі Қалменов Сұлтан бір күні Нұраддин, Әкімал Алтынқожа, Мұхамеджан молдаларды және басқа сыйлы адамдарды қонаққа шақырып ас-су берген. Сол үшін НКВД — тыңшысы оны да “Қара тізімге” алып, молдадармен қоса түрмеге айдап өкеткен.

Тереңөзек ауданында Әбжали Бөкіров деген молда Кеңес үкіметіне ризалығын білдіру мақсатында “бұл үкімет жүз жыл жасайды” десе керек. НКВД тыңшылары осы мекеменің бастықтарына өнін айналдыра жеткізіп: “Кеңес өкіметі жүз-ақ жыл жасайды, жүз жылдан кейін құриды” деп бұрмалай жазықсыз жала жапқан. Молданы артынша ұстап өкетеді, содан хабар-ошарсыз кеткен.

Міне, осындай азаматтардың жазықсыз ұсталып хабарсыз кеткендері қаншама?

Сырдария ауданының бұрынғы № 5 ауылы “Октябрь” колхозында Бектемісұлы Еспембет деген кісі болған, 16 жасында байларға жалданып жұмыс істейді, жалаңаяқ, жаяу-жалпы Меккеге барады, қайтып келіп еңбек етіп, қаражат жинап өз бетінше екінші рет Меккеге барып “қажы” атанады. Сол қуғын-сүргін жылдары ұсталып, қамауда бір-екі жыл болып, босанып ауылына келгеннен кейін 1930 жылы қайтыс болған. Ол кісінің Шахап деген ұлы сол кезде он-онбір жаста болған, оны “молданың, қажының баласысың” деп мектептен қуған, ақыры фамилиясын өзгертіп, немере ағасының атына Қаюпов болып жазылған.

“Молда-ишанның, бай-құлақтың, би-болыстың баласы” деген бір ғана ауыз сөзбен осындай жазықсыз қуғын-сүргінге ұшырағандар қаншама. Ол кезде молда болса да, молданың баласы, немере-шөбересі болса да, аса білімді, сауатты болса да молдалар санатына жатқызыған.

Қазақ азаматтарының арасында діни уағыздар айтып, өз елдігімізді, дінімізді сақтап қалуға көп күш жұмсаған молдалар Арал, Қазалы, Қармақшы аудандарында да көп болған. Бұл аудандардан небір діни ғұлама-

лар, киелі әруақ иелері шыққан. Олар халықты имандылыққа, рахымдылыққа тәрбиеледі, өмір бойы ислам үшін күресіп, халықтың діни сауатын көтеруде тірлік етті.

Бірақ кешегі құрсаулы коммунистік идеология мен өктем саясат мұсылман қауымды діннен бездірді, дінді ұстаған, уағыздағандарға “ұлтшыл”, “контрреволюционер” — деген айып тағылып, қамауға алынды. Дін иелерін, молдалар мен ишандарды жемдетер алдына салып бергендер де аз болған жоқ.

Осы жерде Арал ауданынан Жүрсінов Тілеуқұл молданы айтуға тура келеді. Өйткені ол хазрет атанған (Хазрет — діни лауазым, жоғары дәрежелі дін иелеріне берілетін діни атақ), жеке мешіт ұстаған, Үргеніш қаласында 10 жыл (7 жасынан 18 жасқа дейін) оқып бітірген. 1930 жылғы бай-молда ретінде қуғын-сүргінге ұшырағандықтан Тәжікстанға көшіп, Қорғантөбе қаласында тұрған. 137 жылғы Арал ауданына қайтып келіп, “Сарбасат” ауылдық кеңесінде тұрған. Оған да тағылған кінә жоғарыда атап өткен молдалармен іспеттес.

Бұл жөнінде ол: “Тәжікстанда колхозшылардың ұйымдасқан түрде талап қоюы арқасында Кеңес Үкіметін мешіт ашуға, дінге еркіндік беруге күштеп көндірген, осылайша үкіметті көндіру керек” — деген. “Колхозшыларды діни жолмен алдап-арбап 10 жылға жуық ақша жинап, оны контрреволюциялық жұмысқа жұмсаған” деп, Арал аудандық НКВД бөлімінің 1937 жылғы 12 тамыздағы қаулысымен тұтқынға алынып, қылмыстық іс қозғалған. Ақтөбе облыстық НКВД Басқармасы жанындағы үштіктің 1937 жылғы 15 қыркүйектегі қаулысымен Жүсіпов Тілеуқұл ату жазасына кесілген. Бұл үкім сол жылғы 21 қыркүйекте Ақтөбе қаласында орындалған. Ол 1989 жылғы 6 шілдеде толық ақталған.

Осы ауданнан халық арасында беделді дін иелері Байғараев Есбосын мен Бекенов Жұбаназар да Тілеуқұлдың кебін киді. Олар да НКВД жанындағы үштіктің қаулысымен сол жылдары атылып кетті. Сол сияқты тағы бір мысал — Баймұханов Мұхамеджан имам арабша сауатты, 1930 жылы мал-мүлкі төркіленген, Қостанай облысының Қарабалық ауданынан Аралға жер аударылған.

Сол жылғы сәуір айында молда Нұрпейсовтың үйінде молдалар Баймұханов, Смағұлов, Өтепбергеновтер құпия мәжіліс өткізген, онда Нұрпейсов Әлжанға тапсырма берген, — деп айып тағып, Баймұханов Мұхамеджанды Арал аудандық НКВД бөлімінің жандайшаптары 1937 жылғы 16 қыркүйекте тұтқынға алған. Ақтөбе облыстық НКВД басқармасы жанындағы үштіктің 1937 жылғы 10 қарашадағы қаулысымен Баймұханов 10 жылға концлагерьге сотталған. Ол Волгоград Рыбинск гидроэлектрінде 1942 жылғы 3 қаңтар күні қайтыс болған. 1989 жылғы 22 мамырда толық ақталған.

Арал ауданының № 17 ауылдық кеңесінің тұрғыны Байболов Жанас молда-ишан болған, мешіт ұстаған. Ол колхозшылардың арасында ашықтан-ашық кеңес медицинасын жамандап тәуіпкершілікпен айналысатын молдаларды мадақтаған деген айып тағылып, 1937 жылғы 10 қарашада 10 жылға соттап жіберген.

Қазалы ауданынан — Нұрқожа Қолхаев, Айтжан Бекқұраков, Қармақшы ауданынан — Баймахан

Еркебаев, Әбдіхалық Маралов тағы басқалар жазықсыз жазаланған.

Қызылорда қаласында Бисембаев Омар, Есов Сәтпай деген атақты молдалар тұрған. Бұл екеуі де саяси қуғын-сүргіннің дәмін өбден тартқан. Омар 1927 жылғы және 1934 жылғы лауысы беру құқынан айрылған, ал Сәтпай болса 1937 жылғы 31 желтоқсанда РСФСР қылмыстық кодексінің 58 бабының 10 тармағымен және 107 бабымен 5 жылға бас бостандық еркінен айыруға, 2 жылға саяси құқын жоюға сотталған. Ол аз болғандай бұл екеуіне мынадай айыптар тағылған: “Капиталистік елдердің көмегімен кеңес үкіметін құлатып, бірыңғай ерікті мұсылман өкіметін қайта құруды мақсат етіп қойған, контрреволюциялық бас көтеруші мұсылман тобының мүшелері болған, қазақ еңбекшілері арасында оларды діни қоғамға тартып, Кеңес Үкіметіне қарсы шығуға дайындау үшін контрреволюциялық жұмыстар жүргізіп, мешітке өткізілген контрреволюциялық мәжіліске екі рет қатысқан” деп Қызылорда аудандық НКВД бөлімінің 1938 жылғы 24 қаңтардағы қаулысымен тұтқындалған. Оңтүстік Қазақстан облыстық НКВД басқармасы жанындағы үштіктің 1938 жылғы 14 ақпандағы қаулысымен Бисембаев Омар мен Есов Сәтпай — ең жоғары жаза — ату жазасына сотталған.

Олар 1991 жылғы 21 желтоқсанда толық ақталған. Мүлде жазықсыз жандарды, діни адамдарды қуғын-сүргіндерге ұшырату, оларды жаншай түрмелерге қамап, атып-асу, концлагерьге айдау науқаны қазақ арасында тап күресін тудырды. 1929-31 жылдары құрылған ұжымдық шаруашылықтарға байларды, шаруаларды күштеп кіргізіп, олардың мал-мүлкін зорлық-зомбылықпен тартып алған. Осындай қасіретке шыдамаған шаруалар еріксіз көтеріліске шығуға мәжбүр болған. Көпшілік адамдардың малы түгілі жеке мүлкі де болмағандықтан адамдар аштық пен індет қыспағына түскен. Қазақ боздақтары НКВД жазалаушыларынан қорқып Қызылқұм мен Қарақұмды паналап, осында болған халық көтерілісіне қатысқан. Қарақұмдағы, Қызылқұмдағы көтерілістерді Асан мен Ақмырза ахун басқарған.

Қармақшы ауданының № 1, 2, 3, 7, 8 ауылдарынан 1930 жылдың қараша айында бірден 22 адам тұтқынға алынған. Оларға Жұмағазы хан, Қожбан хан қарақшыларына өз еркімен барып қосылды, қызыл отрядтарға қарсы қарулы көтеріліс ұйымдастырды, өзгелерді сол қарақшыларға баулыды — деген айыптар тағылып, Қазақстан ОГПУ Сенімді өкілі үштігінің 1930 жылғы 21 қарашадағы қаулысымен Елеубергенов Күнжан, Есіркепов Айтбай ең жоғары жаза — атуға сотталған, үш адам — өрқайсысы 10 жылға, он адам — өрқайсысы бес жылға, жеті адам — өрқайсысы 3 жылға сотталған.

Осы ауданның № 12 ауылынан Жертекеев Рүстембек, Оралбаев Кішкентай және Тұрымов Сейсенге “Ақмырза ахун қарақшыларына тілеулестік білдірді” деген айып тағылған, 1930 жылы тұтқындалып, үшеуі де 3 жылдан концлагерьге сотталған. Рүстембек елге 1935 жылы НКВД-ның Сібір лагерінен өзгеріс оралған, ал өзге екеуінен хабар-ошар болмаған.

Қызылорда ауданының № 24, № 30 ауылынан 33 адам қосақталып ұсталған. Бұлардың барлығы да

“Қызылқұмдағы Ағатай Қарақұлов басқарған Кеңес Өкіметіне қарсы көтеріліске қатысқан, Партия мен Үкіметтің жүзеге асырып жатқан шараларына, ауылшаруашылығы артелінің қаулысына қарсы контрреволюциялық үгіт жүргізген” деген айыппен, Шымкент ОГПУ-ның жедел секторының 1931 жылғы 15 сәуірдегі қаулысымен тұтқынға алынған. Айыптау қорытындысы Қазақ АССР ОГПУ сенімді өкілдігі жанындағы үштіктің қарауына 1931 жылғы 7 мамырда берілген. Қазақстандағы ОГПУ сенімді өкілдігі жанындағы үштіктің 1931 жылғы 15 мамырдағы қаулысымен — Орымбаев Жолбарыс, Төкібаев Ерхан, Пірімжанов Есімбай, Тілеуқабылов Жақсылық, Тілеуқабылов Мүсілім, Елшібаев Әйтеке, Сағындықов Алтынбек, Жолымбетов Бекжан, Қожабеков Мүсілім — барлығы 14 адам, бір отбасынан 5 адам Тілеуқабыловтар ең жоғары жаза — ату жазасына сотталған, 8 адам — әрқайсысы 10 жылға, 3 адам, әрқайсысы — 5 жылға, 8 адам әрқайсысы 3 жылға концлагерьге айдалған.

Сырдария ауданының № 1, № 4 ауылдарынан 1931 жылғы 14 адам ұсталған. Бұларға мынадай айып тағылған: “Бұл байлар тобы ауылшаруашылығын коллективтендіруге қарсы үгіт жүргізген, колхозға қарсы қозғалыс ұйымдастырған. № 1 ауылдың байлары мал-мүліктерімен Қызылқұмға көшіп кеткен, ауданнан 50 үй қожалығын Қызылқұмға көшіріп алған. Қызыл отряд өкілдеріне қарсы шыққан — деп 1931 жылғы 5 наурызда тұтқынға алынып, Қазақстан ОГПУ сенімді өкілдігі жанындағы үштіктің 1931 жылғы 16 мамырдағы қаулысымен Алтынбеков Жылқайдар ең жоғары жаза — ату жазасына кесіліп, мал-мүлік төркіленген. Бұл үкім сол жылғы 29 мамырда Қызылорда қаласында орындалған. Осы қаулымен Нұржанов Жанұзақ — 10 жылға концлагерьге, 8 адам әрқайсысы — 5 жылға, 1 адам 5 жылға жер аударылған.

1930 жылғы Қармақшы ауданының № 3 ауылынан бірден 11 адам тұтқынға алынған. Оларға Қармақшылар қатарына қосылуға жұртшылықты үгіттеді, қызыл отрядтарға қарсы ұрыста белсенділік көрсетті. Ақмырза ахун басқарған қарақшылар талқандалғаннан кейін Қызылқұм арасына барып тығылып, қызыл отрядтардың қолына түспеу шараларын жа-

сады” деген айып тағылған. Шымкент ОГПУ жедел секторының 1930 жылғы 15 қарашадағы үкімімен — Ақшолақов Аймағамбет, Наурызбаев Молдақожа, Үмбетбаев Кенжебай, Тоқжанов Төлеген, Наурызбаев Смағұл, Көпешбаев Майқұт, Көрібаев Өтеп, Есенбаев Қанжебай — ату жазасына, Токсейтов Құмабай, Ізбасаров Мәлік, Даншүрінов Елубай — әрқайсысы 5 жылға сотталған. Бұлар 5 қазанда толық ақталған.

Аймағамбетов Сейдулла — бай-молданың баласы, 1929 жылы мал-мүлік төркіленген. Оған төмендегідей айыптар тағылған:—1930 жылы Ақмырза қарақшыларының жазалаушы отрядтарының қолбасшысы болып, Кеңес Үкіметіне қарсы күреспегендерді қатаң жазалап, темір құрсау салып аш ұстаған, қарақшылар талқандалғаннан кейін контрреволюциялық жауыздық топ құрып, өзі депода қочегар болып жұмыс істеп жүргенде оларды темір жолдың объектілеріне тыққан, сөйтіп, темір жол транспортында колхоздарда бірнеше жыл жауыздық- зиянкестік әрекеттер жасаған” — деп айыпталып, тұтқынға алынып, қылмыстық іс қозғалған. Оңтүстік Қазақстан облыстық НКВД Басқармасы жанындағы үштіктің 1938 жылғы 14 ақпандағы қаулысымен ату жазасына кесілген. Ол 1989 жылы толық ақталған.

Айтмағамбетов Төжімбет ірі бай болып, мешіт ұстаған. 1931 жылы “контрреволюциялық әрекеті және Асан көтерілісіне қатысқаны үшін 5 жылға концлагерьге, 2 жылға саяси құқын жоюға сотталған. Ол 1936 жылы Мирзоян атындағы колхозды әлсірету мақсатында колхоздың астық қоймасын өртеп жіберген” деген жалған айыптар тағылған, 1937 жылғы 30 қыркүйекте тұтқындалған. Ақтөбе облыстық НКВД Басқармасы жанындағы үштіктің 1937 жылғы 19 қазандағы қаулысымен Айтмағамбетов Төжімбет — ату жазасына кесілген, мал-мүлік төркіленген. Бұл үкім сол жылғы 29 қазан күні орындалған. Ол 1989 жылы толық ақталған.

Міне, мұндай саяси қуғын-сүргін құрбандары жоғарыда айтылғандай “Боздақтар” естелік кітабының жалғасы “Аза” атты екі томдық кітапта толық жазылды. Қазір бұл кітаптың бірінші томы Алматы қаласындағы полиграфкомбинаттың баспасында басылып шықты, енді екінші томының материалдары дайындалуда.

“Сыр бойы” газетінде жарияланған.

РЕПРЕССИЯ ЖЫЛДАРЫНДА ҚҰРБАН БОЛҒАНДАР ЖАЙЛЫ МӘЛІМЕТТЕР

Қуғын-сүргін саясаты, тоталитарлық бағыт 20-шы жылдардың аяғында басталды. Қазақстанға қылышынан қан тамған Голощекин келіп, қазақ халқының басына қара бұлтты үйіріп зар жылатты, халық апаршылыққа ұшырап босып кетті. Қазақ халқын жер бетінен құртып жіберуге шақ қалдырды. Оның жер-жердегі ақ дегені алғыс, қара дегені қарғыс, ұрда-жық жандайшаптары өз халқына қарсы бағытталған өділетке жатпайтын, шектен шыққан заңсыздықпен, жазықсыз жандардың көзін жойды.

1928 жылы облыс бойынша саяси желеумен 17, 1929 жылы 26 шаруа жазаға тартылды, ал 1930 жылы 466 адам айыпқа тартылып, 267-і атылған, 1931 жылы 224, 1932 жылы 173, 1933 жылы 370 шаруа жазаланып, олардың 61-і атылып кеткен.

1928—1933 жылдары Арал ауданынан 127 шаруа ұсталып, жауапқа тартылған, Қазалы ауданынан 214 адам айыпталып, 15-і атылған. Қармақшы ауданынан 323 адам сотталып, 197-і атылған, бұрынғы Теренөзек ауданынан 166 адам түрмеге тартылып, 22-і атыл-

ған, Қызылорда қаласынан 66 адам, Шиелі ауданынан 48 адам сотталған. Жаңақорған ауданынан 1930 адам жауапқа тартылып, 10-ы атылған.

Көшпенді, жартылай көшпенді шаруаларды жаппай отырықшылыққа айналдыру, байларды зорлық-зомбылықпен тәркілеу, кулактарды тап ретінде жою саясаты наразылық туғызды. Қызылорда өңірінің бір өзінде ғана Қарақум, Қызылқум көтерілістері болды. Осы көтерілістерге қатыскандардың барлығы ұсталып, атылғандары атылып, сотталғандары сотталды және жер аударылды.

Қыстақтар мен ауылдардағы әлеуметтік-саяси ахуалдар ауырлай түсті. Байлар жан-жаққа қоныс аударып қаша бастады. Ресми құжаттардағы мәліметтер бойынша 1928—1929 жылдары тек Жаңақорған, Түркістан аудандарынан 500 байлардың қожалықтары өздерінің малдарымен көшіп, “Пахта Арал” аулына келіп қоныстанған. 1930 жылдың басында Төшкен қаласының маңында бірнеше жүз байлардың үй-қожалықтары шоғырланған. Сол жылдың күзінде Орта Азия темір жолының Гланцево деген стансасында мыңға жуық байлар 3 мың түйесімен шоғырланған. Ал 1930—1933 жылдары тек бір ғана Жаңақорған ауданынан 8273 үй-қожалық, немесе барлық тұрғындардың 72 пайызы көшіп кеткен. Осы кезеңде 49771 бас уақ мал, 8942 бас ірі қара құртылған және жартылай Орта Азияға жөнелтіген. Бұл ауданда Сталин атындағы, “Еңбек”, “Еңбекшіқазақ”, Елтай атындағы колхоздар, біржолата құлаған. 1932 жылдың қазан айында Елтай атындағы колхозда 350 үй-қожалықтан 1933 жылдың наурыз айында 47 үй-қожалығы ғана қалған.

1937—1938 жылғы террор барша елді жайлады. Мәселен, 1937 жылы облыс бойынша 845 адам саяси жзаға кесіліп, 414 адам атылған, 1938 жылы 782 адам жауапқа тартылып, 344-і атылып кеткен. Осы жылдары Арал ауданынан 442 адам жауапқа тартылып, 217-і атылған, сол сияқты Қазалы ауданынан 342—200, Қармақшыдан 294—71, Тереңөзектен 30—20, Сырдариядан 140—66, Қызылорда қаласынан 257—133, Шиеліден 43—24, Жаңақорғаннан 71 адам айыпталып, 25-і атылып кеткен.

Арал, Қазалы, Қармақшы, аудандарына Ресейден, Украинадан, Белоруссиядан, Прибалтика елдерінен жер аударылғандар айдалып өкелінген. 1925 жылы 10 қыркүйекте Г. Л. Пятаков өзінің Ф. Держинскийге жолдаған хаттамасында қазақ сахарасы жер аударуға ыңғайлы, — деп жазған екен. Міне сол айтылған сөз айны-қатесіз жүзеге асырылған.

30—50-шы жылдардың басында орын алған саяси қуғын-сүргіннен, қанды террордан және 1941—1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысынан тек біздің облыс халқы ғана 30 мыңдай бодзактарынан айырылды. Отан соғысында қапыда жау қолына тұтқынға түскендер “сатқын” аталып, аяусыз жазаланып, концлагерьлерге айдалды.

Ұлы Отан соғысы жылдары (1941—1945 ж.) облыс бойынша 545 адам ұсталып жауапқа тартылған, оның 50-і атылып кеткен. Осы жылдары Арал ауданынан —113 адам айыпталып, 12-і атылған, сол сияқты Қазалыдан 103—13, Қармақшыдан —493, Тереңөзектен 389, Сырдариядан 392, Қызылорда қаласынан 134 адам сотталып, 7-і атылып кеткен. Оларға негізінен ке-

нес үкіметіне, Коммунистік партияға, саяси Бюро мүшелеріне қарсы контрреволюциялық жеңілістік үгіт таратып, фашистік Германияның әскері мен қарулы күштерін мадақтап, бұл соғыста Германия жеңелі деген сөздер айтқан деп айып тағылып, жазаға тартылған.

Қолдағы өлі де толық емес мәліметтер бойынша тоталитарлық кезең ішінде облыс бойынша саяси қуғын-сүргінге 4223 адам ұшырап, оның 1004-і атылып кеткен. Оның ішінде Арал ауданынан 782 адам саяси жазаға тартылып, 235-і атылған, сол сияқты Қазалыдан 779—220, Қармақшы ауданынан 652—149, Жалағаштан 124—23, Тереңөзектен 258—39, Сырдариядан 545—121, Шиеліден 154—29, Жаңақорғаннан 271 — адам саяси жазаға тартылып, 30-ы атылып кеткен.

Енді ұлттық құрамы бойынша мәлімет келтірейік: Қызылорда қаласы бойынша 29 қазақ тұтқынға алынып, 49— атылып кеткен, сол сияқты 185 орыстың 23-і, 104 көрестің 61-і, 51 украинның 10-і, 21 поляктың 4-і, 28 еврейдің 4-і атылған, 15 беларус, 8 татар, 9 шешен, 4 молдаван, тағы басқа тұтқынға алынып, жауапқа тартылған.

Арал ауданынан 332 қазақ жауапқа тартылып, 82 атылған, сол сияқты 261 орыстың 97-і, 67 украиннің 20-ы, 30 көрестің 8-і, 17 поляктың 12-і, 9 беларустың 3-і, 10 эстонның 5-і, 7 татардың 1-і, 10 немістің 4-і, 8 еврейдің 1-і, 4 латыштың 1-і атылған, 5 литван, 6 молдаван, 1 шешен жауапқа тартылған.

Қазалы ауданынан 401 қазақ тұтқынға алынып, 62-і атылған, 255 орыстың 101, 33 украиннің 14, 28 көрестің 19, 11 немістің 2, 6 поляктың 6, 6 татардың 5, 3 белорустың 2-і атылған, 9 еврей, 5 молдаван, 3 латыш, 3 эстон жауапқа тартылып сотталған.

Қармақшы ауданынан 498 қазақтың 105 атылған, 59 көрестің 35, 64 орыстың 7, 11 украинның 2,3 еврейдің 1,4 поляктің 1-і атылған, 8 шешен, 2 белорус сотталған.

Тереңөзектен 238 қазақтың 36, 5 көрестің 1 атылған, 6 орыс, 4 шешен, 9 украин, 1 өзірбайжан жауапқа тартылған. Сырдария ауданынан 487 қазақтың 97-і, 44 көрестің —24-і атылған, 4 орыс, 4 молдаван, 2 поляк, 2 шешен, 1 украин жауапқа тартылған. Шиелі ауданынан 62 қазақтың 2, 38 орыстың 10-ы, 20 украинның 1-і, 15 көрестің 10-ы, 13 шешеннің 2-і, 6 неміс, 2, 2 эстонның 2-і атылған, 1 татар, 3 белорус жауапқа тартылған. Жаңақорған ауданынан 214 жауапқа тартылған қазақтың 25-і, 25 орыстың 2-і, 9 украинның 2-і, 4 поляктың 2-і атылған, 16 шешен, 1 неміс, 1 татар, 1 еврей жауапқа тартылған.

Облыс бойынша 2555 қазақтың 483, 856 орыстың 244, 285 көрестің 161, 195 украинның 45, 52 поляктың 25, 55 шешеннің 1, 50 еврейдің 8, 29 белорустың 5, 33 немістің 7, 20 татардың 7, 16 молдаванның 2, 15 эстонның 9, 5 литванның 1, 10 латыштың 3, 6 өзірбайжанның 2, 3 венгердың 2-і атылған.

Міне бұдан тоталитарлық жүйе жүргізген қуғын-сүргіннің ауқымына, оның жазықсыз жандарды баудай түсірген жазалау тегерішінің аяусыздығын көруге болады.

ОГПУ НКВД органдарының жазықсыз жандарды азапқа салған, абақтыға қамаған жантүршігерлік қылмысты халық ешуақытта кешірмейді. Бұл қан-

ды жылдар халық есінде мәңгілік өшірілместей жазылып қалды.

Арада 70 жылдан астам уақыт өткен соң сталиндік қарулардың күшін жоятын бірқатар заң актілері мен үкімет шешімдері қабылданды. Соның ең бастысы Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің 1993 жылғы 14 сәуірдегі “Жаппай саяси қуғын-

сүргіндер құрбандарын ақтау туралы” Заңы болып саналады. Көптен күткен бұл заңның қоғамымыға маңызы өте зор және ол бүкілхалықтық қолдау тапты.

Қорыта айтқанда өткенді айғақтап, жаңа заманның сипатын жаңартып жатқан газырда осындай зобалаң қайталанбасын. Құдайдан тілейтініміз осы.

Редакциядан.

Әлемнің әр қырынан

ҚУҒЫН-СҮРГІН ҚҰРБАНДАРЫНА АРНАЛДЫ

Бішкек қаласында 1937 жылғы саяси қуғын-сүргін құрбандарының құрметіне арналған телемарафон өткізілді.

Телемарафоннан түскен қаржы “Атабейіт” мемориалдық кешенінің құрылысын аяқтауға жұмсалатын болды. Ал, аталған кешенді ашу үстіміздегі жылдың шілде айында болады деп межеленуде.

Жалпы, Қырғызстанда саяси қуғын-сүргін құрбандарын құрметтеуге айрықша назар аударылып келеді. Кезінде атылып кеткен 197 қырғызстандықтың сүйегі осыдан он жыл бұрын Шу ауданындағы Шоқтас ауылындағы “Атабейіт” қорымына қайта жерленген болатын. Сонымен Қырғыз үкіметі аталған кешеннің құрылысына 13 миллион сом қаржы жұмсап отыр.

“Сыр бойы”, 1 шілде 2000 жыл.

ҚАҒАРЛЫ ТІЗІМ

КСРО Жоғарғы Соты әскери коллегиясының Алматы қаласында
1938 жылдың наурыз айында өткен көшпелі сессиясының үкімі
бойынша атылған азаматтардың бір тобының тізімі.

1 наурызда атылғандардың тізімі табылмады.

2 наурызда атылғандар:

1. АЛАЛЫКИН Анатолий Евтихнеевич
2. АНДРЕЙЧИКОВ Стефан Андреевич
3. АРХИПОВ Иван Алексеевич
4. БЕЛОВ Иван Алексеевич
5. БЕРДЕНОВ Тайжан
6. БОРЩЕНКО Дмитрий Георгиевич
7. ГУСАРОВ Алексей Ефимович
8. ДЕНИСОВ Александр Игнатьевич
9. ДУКЕНБАЕВ Сейділда
10. ДЫМНИЧ Василий Лукьянович
11. ЕСЕБЕРГЕНОВ Файзрахман
12. ЕФРЕТОВ Николай Иванович
13. ЖҰМАНҚҰЛОВ Рахымжан
14. ЖАНДОСОВ Ораз Қықымұлы
15. ЖИВОТОВ Петр Лаврентьевич
16. ЗЕЛЕНКОВ Лаврентий Фомич
17. ЗОЛОТАРЕВ Вениамин Соломонович
18. КАРИН Кеңес
19. КЛАБУНОВСКИЙ Алексей Григорьевич
20. КОМША Леонтий Иванович
21. КОРОЛЕВ Семен Иванович
22. КОРСАНОВ Анатолий Васильевич
23. КРИВОНОС Анатолий Васильевич
24. МИХАЙЛЕНКО Яков Исакович
25. ОВСЮКОВ Филипп Афанасьевич
26. ПЕТИН Алексей Иванович
27. ПРЕЙС Анна Августовна
28. РИТТЕР Петр Петрович
29. РУСАНОВ Сергей Гаврилович
30. СМАГИН Георгий Иванович
31. СПИРИДОНОВ Петр Петрович
32. ТИХОМИРОВ Павел Иванович
33. ТҮБЕКБАЕВ Омарғали
34. ТУПИЦИН Юрий Константинович
35. ХАНГЕРЕЕВ Дәрібай Хангерейұлы
36. ЧЕРНОВСКИЙ Павел Дмитриевич
37. ШАЙКОВ Николай Тарасович
38. ШАМҒОНОВ Нұрмағамбет
39. ЭЛЬБЕРГ Леонид Федорович
40. ЮРАШ Сергей Степанович

3 наурызда атылғандар:

1. АҚШАЛОВ Тұрысжан
2. ӘБДІРАХМАНОВ Кәрім Әбдірахманұлы
3. ӨЗЕРБАЕВ Мордан Нағменұлы
4. БАЛАПАНОВ Айтмұхамед
5. БЕЙСЕМБАЕВ Жұмабек
6. БЕРЕЗОВСКИЙ Владимир Ильич
7. БЕРКІМБАЕВ Таран
8. БОГОРАД Александр Захарович
9. БОЛТЯНСКИЙ Давид Яковлевич
10. ДІЛМҰХАМЕДОВ Мәлік Ділмұхамедұлы
11. ЕРДИНАЕВ Жармұхамед Алпысбайұлы
12. ЕСЕНБАЕВ Халел Мұхамеджанұлы
13. ЖАҚЫПОВ Мұхтар
14. ЖАМАНҚҰЛОВ Кәрім
15. ЖАНАЕВ Сарыбай
16. ЖҰМАҒҰЛОВ Әзкен Машарұлы
17. ЗЕҢГІТАЕВ Ахмет
18. ИМАМБЕКОВ Судырбай
19. ИСАБАЕВ Қияс
20. КӨБЕНОВ Үсен
21. ҚАЛМҰХАМЕДОВ Шорман
22. ҚҰЛЖАНОВ Ибадолла
23. ҚҰРАМЫСОВ Сақып-Керей Мәжитұлы
24. МАДАЛИЕВ Бек-Әли
25. МАСАНЧИ Мағаз Лебузович
26. МАТУСЕВИЧ Василий Селиверстович
27. ПЯТЕНКО Владимир Антонович
28. РОЗЫБАКИЕВ Абдулла Ахмедович
29. САМЕТОВ Шерниязан Сәдуақасұлы
30. САҚТАҒАЛИЕВ Молдағали
31. САРХОЖАЕВ Тұмыс
32. САТЫҒҰЛОВ Нұрғали
33. СӘРСЕМБАЕВ Мендіғали
34. СҮТІРОВ Рақым Сүндетұлы
35. СҮЛЕЙМЕНОВ Хаки Юсупович
36. ТАЙЫРОВ Исмаил Мансұрұлы
37. ТҰРЫСБЕКОВ Бәкір
38. ҮМІТБАЕВ Тәтім

4 наурыз, жексенбі күні жеңдеттер демалыста болған.

5 наурызда атылғандар:

1. АЙСАРИН Сүлеймен
2. АҚЫШЕВ Хамит
3. АХМЕТОВ Құттыбай
4. ӘБДІРАЗАҚОВ Әбдіқадыр
5. ӘМІРОВ Ережеп Ахметұлы
6. БАРМАҚОВ Кенешбай
7. БЕЙСЕНОВ Мак
8. БЕРМУХАМЕДОВ Нұрфазыл
9. БОГДАНОВ Александр Павлович
10. ДЕМЕСОВ Пердебек
11. ЖАКИН Сейдахмет
12. ИМШЕНИЦКИЙ Иван Дементьевич
13. ҚАЙЫПНАЗАРОВ Мұстафа Серікбайұлы
14. ҚАЙЫПОВ Есболат
15. ИМАНҚҰЛОВ Қалымбет
16. КОЗЛОВ Василий Федорович
17. КУЛЕНОВ Зәки
18. ЛЕБЕДЕВ Михаил Николаевич
19. МАМАЖАНОВ Сапарғали
20. МӘДӘЛИЕВ Есенәли

21. МЕРГЕНБАЕВ Қайырбек
22. МИНЕЕВ Александр Никифорович
23. МОСКАЛЕВ Алексей Васильевич
24. НҮРПЕЙІСОВ Мұхаметақы
25. НҮРСЕЙІТОВ Нұржақып
26. ОСПАНОВ Елкей
27. ПАНФИЛОВА Мария Семеновна
28. ПАРГЕВСКИЙ Степан Степанович
29. ПОГОРЕЛЬСКИЙ Борис Самойлович
30. ПОЙЗНЕР Яков Натанович
31. САВИН Георгий Матвеевич
32. САРЫБАТЫРОВ Омар
33. СЕРІКБАЕВ Құрманбай
34. СТАРИКОВ Сергей Владимирович
35. ТҰХВАТУЛЛИН Абрар
36. ТӨТТІБАЕВ Жұмажан
37. УСТЕКОВ Күлбәтша Тұрымбетұлы
38. УХТОМСКИЙ Алексей Николаевич
39. ШАБСКИЙ Сергей Афанасьевич
40. ЮДАХИН Василий Петрович

“Заң” газеті, 31 мамыр, 2000 жыл.

ТОПТАМАМЕН СОТТАЛҒАНДАР ТІЗІМІ

АЙТУАРОВ Қадырбай Қармақшы ауданы, № 6 ауыл, бұрын Жданов атындағы колхозда 1911 жылы туған, шала сауатты, партияда жоқ, колхозшы, үйленбеген, бұрын сотталмаған. Қармақшы АӘК арқылы әскер қатарына 1942 жылдың қаңтар айында, екінші рет 1944 жылдың шілде айында алынып, 81 атты әскер дивизиясының құрамында қатардағы жауынгер ретінде Отан соғысына қатысқан.

ТЫНЫСБАЕВ (Тиништбаев) Зейнулла (Зайнулла) Қармақшы ауданының № 13 ауылында 1920 жылы туған, кейін Арал ауданының Қамбаш селосында тұрған, білімі пединституттың 3 курсында оқыған, партияда жоқ, үйленбеген, бұрын сотталмаған. Арал АӘК арқылы әскер қатарына 1941 жылдың желтоқсан айында, екінші рет 1944 жылдың шілде айында алынып, 152 ерекше атқыштар бригадасының құрамында қатардағы жауынгер ретінде Отан соғысына қатысқан.

Айтуаров Қадырбаймен Тыныштбаев Зейнулла ұрыс даласында немістердің қоршауында қалып, фашистердің тұтқынына түскен, 1944 жылы “Түркістан легионына” кірген, фашистік Германияға адал қызмет етеміз деп ант алған, “Түркістан легионында” 5 айдай болған кезінде олар немістердің оқ-дәрі, қару-жарақ қоймасын күзеткен. Оларға РСФСР ҚК-нің 58 бабының 1 “б” тармағына жататын айып тағылған.

Осы қылмыстары үшін Айтуаров пен Тынысбаев (Тиништбаев) Зейнулла 13 Армия Әскери Трибуналының 1945 жылғы 13 наурыздағы үкімімен өрқайсысы 10 жылға, 5 жылға саяси құқын жоюға өздеріне тиісті мүліктерін тәркілеуге сотталған.

Қазақстан Республикасы прокуратурасы 4 бөлімінің Әскери прокуратура, юстиция капитаны Д. Ж. Адайбаевтың осы қылмысты іс жөнінде шығарған қорытындысы бойынша Айтуаров пен Тынысбаевқа (Тиништбаев) тағылған қылмыс құрамының формаль-

ды екенін, олардың РСФСР ҚК-ның 58 бабының 1 “б” тармағымен саяси белгімен сотталғандарын негізсіз деп тауып, Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 14 сәуірдегі Заңының негізінде 1999 жылғы 2 тамызда толық ақталған.

АҒЫТАЕВ Өмірзақ Қармақшы ауданының № 5 ауылында 1867 жылы туған, сауатты, бұрын болыс болған, осы ауылда тұрған.

ЕРУБАЕВ Мамбетбай Қармақшы ауданының № 5 ауылында 1871 жылы туған, сауатсыз, бұрын ауыл старшинасы болған, осы ауданда тұрған.

Олар өзара бірігіп, ауыл адамдарының арасында Кеңес өкіметіне қарсы үгіт-насихат жұмыстарын жүргізген, кедей шаруаларды колхозға мүше болып кіруге қарсы үгіт жасаған.

Осы қылмысы үшін Ағытаев, Ерубасев 1930 жылғы 10 наурызда тұтқынға алынып, 1930 жылғы 13 мамырдағы ОГПУ Коллегиясының жанындағы ерекше мәжілісінің (ОГПУ өкілетті өкілдігінің жанындағы үштіктің) қаулысымен РСФСР ҚК-нің 58-10 және 62 бабтарымен сотталған. Қандай жазаға сотталғандары белгісіз.

3 маусым 1997 жылы Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 14 сәуірдегі “Жапшай саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау туралы” Заңына сәйкес Ағытаев, Ерубасевтар толық ақталған.

Себебі іс бойынша Ағытаев пен Ерубасевтың Кеңес өкіметіне Қарсы қылмыстық әрекеттері дәлелденбейді, өздері де мойындамайды, дәлелдеуге жататын қажетті құжаттар жоқ, сол себепті заңсыз сотталған.

БАЙҒАБЫЛЛОВ Смайыл Қармақшы ауданының № 3 ауылында 1893 жылы туған, сауаты бар, партияда жоқ, ауылдық кеңестің төрағасы болып қызмет атқарған.

ҚАРСАҚБАЕВ Ақпанбет Қармақшы ауданының № 7 ауылында 1898 жылы туған, колхозшы.

БАЙСАЛБАЕВ Пірман Қармақшы ауданының № 1 ауылында 1909 жылы туған, колхозшы.

ДҮЙСЕНОВ Бақыт Қармақшы ауданының № 8 ауылында 1914 жылы туған, партияда жоқ, осы ауданның “Оян” колхозында есепші болып жұмыс істеген.

МАДРАЙЫМОВ Сағат Қармақшы ауданының № 4 ауылында 1907 жылы туған, партияда жоқ, осы ауданның “Комсомол” колхозында бригадир болып жұмыс істеген.

ҚОЙШЫБАЕВ Омар Қармақшы ауданының № 11 ауылында 1897 жылы туған, шала сауатты, “Томар Бөгет” колхозының төрағасы болып жұмыс істеген, бұрын сотталмаған, партияда жоқ.

ЖИДЕБАЕВ (ЖЕЛДІБАЕВ) Ботақ (Ботпан) Қармақшы ауданының № 5 ауылында 1876 жылы туған, “Томар Бөгет” колхозының мүшесі.

СҮЙІНДІКОВ Бисен Қармақшы ауданының № 4 ауылында 1908 жылы туған, партияда жоқ.

ЖОҒАЛТАЕВ Дастанбай Қармақшы ауданының № 9 ауылында 1893 жылы туған, партияда жоқ, сауатсыз, “Ақбел” колхозында бригадир болып жұмыс істеген, бұрын сотталмаған.

ҚАЙМАҚБАЕВ Сержан Қармақшы ауданының № 9 ауылында 1892 жылы туған, партияда жоқ, шала сауатты, “Қызыл Әскер” колхозының төрағасы болып жұмыс істеген.

БЕЙСЕКОВ (БИСЕНОВ) Қасым Қармақшы ауданының № 3 ауылы “Қызыл Таң” колхозында 1896 жылы туған, партияда жоқ, сауатты, № 3 ауылда, сельпо меңгерушісі болып жұмыс істеген, 1930 жылы Қарақұм қарақшыларына қатысқаны үшін Қазақстандағы ОГПУ өкілетті өкілдігі ханындағы үштіктің қаулысымен 3 жылға бас бостандығынан айыруға сотталған.

ИЗИМБЕТОВ Ильяс 1890 жылы Арал ауданында туған. Мал шаруашылығымен айналысқан. 1937 жылы 22 қарашада 10 жылға бас бостандығы еркінен айыруға сотталған.

СССР Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1989 жылғы 16 қаңтардағы Жарлығының негізінде толық ақталған.

ИСМАГУЛОВ Саркен 1869 жылы Қостанай облысында туған. Діни жұмыс малайлықпен айналысқан. 1937 жылы 10 қарашада 10 жылға бас бостандығы еркінен айыруға сотталған.

СССР Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1989 жылғы 16 қаңтардағы жарлығының негізінде толық ақталған.

МЕТИК Андрей Ефимович 1829 году рождения, уроженец Аральского района, до ареста был рыбаком. 6 июня 1938 года осужден на 3 года лишения свободы. На основании Указа Президиума Верховного Совета СССР от 16 января 1989 года реабилитирован.

ҚҰЛЫМБЕТОВ Абдраим 1829 жылы Арал ауданының № 10 ауылында туған. Еш жерде жұмыс істемеген. 9 желтоқсан 1937 жылы ең жоғары жаза — ату жазасына сотталған.

СССР Жоғарғы Кеңесінің Президиумының 1989 жылғы 16 қаңтардағы Жарлығының негізінде толық ақталған.

ЧУБАНОВ Василий Степанович 1880 года рождения, уроженец Рязанской губернии. 20 ноября 1937 года осужден к 10 годам лишения свободы.

На основании Указа Президиума Верховного Совета СССР от 16 января 1989 года реабилитирован.

ТӨЖІБАЕВ Дүйсен Бөгенбайұлы, 1900 жылы Арал ауданында туған. Аудандық партия комитетінің мәдени жұмыстар бөлімінің меңгерушісі болып істеген. 1937 жылдың 12 тамызында “халық жауы” ретінде ұсталған. 1938 жылдың 27 ақпанында Әскери коллегиясының шешімімен ең жоғарғы жаза — ату жазасына сотталған. 1957 жылдың 31 қазанында СССР Жоғарғы Соты коллегиясының шешімімен ақталған.

БАЛЫМБЕТОВ Сайман 1884 жылы Қазалы ауданының № 8 ауылында туған, колхоз сауда дүкенінде сатушы болып істеген. 14 қазан 1937 жылы ең жоғары жаза — ату жазасына сотталған.

СССР Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1989 жылғы 16 қаңтардағы жарлығының негізінде толық ақталған.

ЛИ САН-СОН родился в 1899 году, уроженец Китайской Народной Республики. До ареста проживал и работал прихмарером на станции Ново-Казалинск. 5 сентября 1938 года осужден к высшей мере наказания — расстрелу.

На основании Указа Президиума Верховного Совета СССР от 16 января 1989 года реабилитирован.

ТЕН Хао родился в 1907 году, уроженец Корейской народно-демократической республики. До ареста проживал и работал учителем средней школы г. Казалинск. 5 сентября 1938 года осужден к высшей мере наказания — расстрелу.

На основании Указа Президиума Верховного Совета СССР от 16 января 1989 года реабилитирован.

ЧЕХАЕВ Рашид родился в 1908 году, уроженец ЧИ АССР. Нигде не работал, проживал в пос. Жусалы Кармакшинского района. 27 ноября 1946 года осужден к 4 годам лишения свободы.

На основании Указа Президиума Верховного Совета СССР от 16 января 1989 года реабилитирован.

ТЕН Чун-Сам родился в 1899 году, уроженец, Польского района ДВК. Проживал и работал колхозником колхоза “Тан” Жалагашского района. 5 октября 1938 года осужден к высшей мере наказания — расстрелу.

На основании Указа Президиума Верховного Совета СССР от 16 января 1989 года реабилитирован.

СЫРЖАНОВ Сағынбай 1909 жылы Сырдария ауданында туған, темір жолда жұмысшы болып істеген. 1944 жылы 3 шілдеде 5 жылға бас бостандығы еркінен айыруға сотталған.

СССР Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1989 жылғы 16 қаңтардағы жарлығының негізінде толық ақталған.

ЫСҚАҚОВ Абсадық 1906 жылы Сырдария ауданының № 3 ауылға қарасты Ленин атындағы колхоздың “Зіңкетер” бөлімшесінде туған. 1940 жылы ұсталып, 1,5 жылға бас бостандығы еркінен айыруға сотталған.

СССР Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1989 жылғы 16 қаңтардағы жарлығының негізінде толық ақталған.

ТОҚЖАНОВ (ТОПЖАНОВ) Ахмет Қармақшы ауданының № 3 ауылында 1880 жылы туған, шала сауатты, еш жерде жұмыс істемеген.

ТӨЛЕГЕНОВ Байзақ (Байжан) Қармақшы ауданының № 1 ауылында 1878 жылы туған, шала сауатты, партияда жоқ.

ЖАНАЛИЕВ Ешмұрат Қармақшы ауданының № 3 ауылында 1883 жылы туған, партияда жоқ, сауаты бар, “Қызыл-Там” стансасындағы мектепте мұғалім болып жұмыс істеген, бұрын сотталмаған.

ТӨЙКЕНОВ Кеуіл Қармақшы ауданының № 6 ауылында 1892 жылы туған, шала сауатты, партияда жоқ, “Ордалы” колхозының мүшесі.

ЕСЖАНОВ Шалмен Қармақшы ауданының № 4 ауылында 1892 жылы туған, партияда жоқ, сауатсыз, молда болған, еш жерде жұмыс істемеген.

КӨРІБАЕВ Шығынтай Қармақшы ауданының № 8 ауылында 1883 жылы туған, шала сауатты, партияда жоқ, еш жерде жұмыс істемеген.

Бұл 17 адамға кеңес өкіметіне қарсы ұйымға қатысқан, оның тапсырмасымен зиянкестік, жауыздық жұмыстар жүргізген-мыс деп айып тағылып, 1938 жылғы 19 қаңтарда тұтқынға алынған. Қармақшы аудандық НКВД-ның қаулысымен РСФСР ҚК-ның 58 бабының 7 және 11 тармақтарымен айып тағылған. (Істе басқа материалдар жоқ).

Қазақстан Республикасы Бас прокуроры қылмысты істі 1997 жылғы 28 қарашада қарап, Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 14 сәуірдегі Заңының негізінде жоғарыдағы көрсетілген 17 айыпкерді 1998 жылғы 7 шілдеде толық ақталған.

БОРАМБАЕВ (Бұрымбаев) Кетегбай Қармақшы ауданының № 2 ауылында 1906 жылы туған.

ДОСМҰРАТОВ Әбіл Қармақшы ауданының № 6 ауылында 1897 жылы туған.

ҚҰЛЫМБЕТОВ Есқабыл Қармақшы ауданының № 6 ауылында 1897 жылы туған.

ОРАЗБАЕВ Мұса Қармақшы ауданының № 6 ауылында 1907 жылы туған.

ОРАЗБАЕВ Жұмабай Қармақшы ауданының № 6 ауылында 1876 жылы туған.

ТЕБЕРЕКОВ Қашығұл Қармақшы ауданының № 7 ауылында 1887 жылы туған.

ЖҰМАҒҰЛОВ Қарыл Қармақшы ауданының № 7 ауылында 1906 жылы туған.

МАМЫТОВ Жұмағұл Қармақшы ауданының № 7 ауылында 1882 жылы туған.

ӨШПРОВ (ӨМІРОВ) Нұрман Қармақшы ауданының № 8 ауылында 1882 жылы туған.

НҰРМАНОВ Бірмағамбет Қармақшы ауданының № 8 ауылында 1914 жылы туған.

РАМАНҚҰЛОВ Умерна (Өмірбай) Қармақшы ауданының № 9 ауылында 1899 жылы туған.

БЕЛАНОВ Жарылқасын Қармақшы ауданының № 9 ауылында 1902 жылы туған.

АЛДОНҒАРОВ Қожантай Қармақшы ауданының № 12 ауылында 1887 жылы туған.

ЖҰБАНОВ Тоғызбай Қармақшы ауданының № 12 ауылында 1893 жылы туған.

ЖҰБАНОВ Аяп Қармақшы ауданының № 12 ауылында 1893 жылы туған.

ӘЖІБАЕВ Сейдәлі Қармақшы ауданының № 12 ауылында 1890 жылы туған.

ЖАМАНБАЛАЕВ Орынбасар Қармақшы ауданының № 12 ауылында 1876 жылы туған.

ОҒҒАРОВ Дүйсенбай Қармақшы ауданының № 12 ауылында 1852 жылы туған.

ДҮЙСЕНБАЕВ Жазықбай Қармақшы ауданының № 12 ауылында 1902 жылы туған.

ТӨЛЕГЕНОВ Рай Қармақшы ауданының № 12 ауылында 1906 жылы туған.

ИНТЕНГИРОВ Абдірахман Қармақшы ауданының № 12 ауылында 1914 жылы туған.

ШӘЙКЕНОВ Есберген Қармақшы ауданының № 12 ауылында 1895 жылы туған.

СЫРБАЕВ Биғали (Бегалы) Қармақшы ауданының № 12 ауылында 1883 жылы туған.

БҰРХУЛТАЕВ (Бүркітбаев) Жақыс Қармақшы ауданының № 15 ауылында 1902 жылы туған.

ДҮЙСЕНБАЕВ Әбдікөрім Қармақшы ауданының № 16 ауылында 1873 жылы туған.

КЕНДӨУЛЕТОВ Тұрмахан Қармақшы ауданының № 16 ауылында 1883 жылы туған.

ЕСПАЕВ Тұрмахан Қармақшы ауданының № 16 ауылында 1896 жылы туған.

АҚҚАЗИЕВ Әзірбай Қармақшы ауданының № 16 ауылында 1914 жылы туған.

ЕСПАЕВ Тәжібек Қармақшы ауданының № 16 ауылында 1910 жылы туған.

ДУМЕНБАЕВ (Дүйсенбаев) Алтынбек Қармақшы ауданының № 16 ауылында 1914 жылы туған.

ЕРНАЗАРОВ Әбу Қармақшы ауданының № 9 ауылында 1893 жылы туған.

ТҮРҒАНҰЛЛОВ Тұрсынбай Тамды ауданының № 3 ауылында 1883 жылы туған.

АЛДАБЕРГЕНОВ Абдулғазиз Қармақшы ауданының № 16 ауылында 1914 жылы туған.

ӨТЕБАЕВ Мұратбай Қармақшы ауданының № 6 ауылында 1903 жылы туған.

ҚОСМҰРЗАЕВ Алтай Қызылқұмдағы Гарғана деген жерде 1908 жылы туған.

ЕСҚҰБЫҚОВ Ықлас Аламесек ауданының № 12 ауылында 1862 жылы туған.

ЕРБОЛАТОВ Омар Қармақшы ауданының № 6 ауылында 1898 жылы туған.

МАХАМБЕТОВ Қайбұлда Қызылорда ауданының № 26 ауылында 1883 жылы туған.

АЙТУҒАНОВ Қожатай Ырғыз ауданының № 19 ауылында 1863 жылы туған.

БАЙЖАНОВ Ақшун Ырғыз ауданының № 7 ауылында 1907 жылы туған.

БАБЫЛОВ Ізбан Қазалы ауданының № 6 ауылында 1894 жылы туған.

БАБЫЛОВ Балмыша Қазалы ауданының № 6 ауылында 1896 жылы туған.

ДӘУІТОВ Тайман Қазалы ауданының № 6 ауылында 1914 жылы туған.

МӘМБЕТОВ Назен Қазалы ауданының № 8 ауылында 1895 жылы туған.

БЕСПАЕВ Жакен Қармақшы ауданының № 12 ауылында 1875 жылы туған.

БҰЗАНОВ Ержан Қармақшы ауданының № 6 ауылында 1878 жылы туған.

САМАЛЫҚОВ Абдулла Қармақшы ауданының № 6 ауылында 1903 жылы туған.

ЖҮНҰРБАЕВ Асылбай Қармақшы ауданының № 10 ауылында 1857 жылы туған.

АРДАБАЕВ Алхамбет Қармақшы ауданының № 16 ауылында 1886 жылы туған.

МАСАҚБАЕВ Өтепберген Қармақшы ауданының № 16 ауылында 1910 жылы туған.

- ӨЛЖАНОВ Дүйсен Қармақшы ауданының № 9 ауылында 1902 жылы туған.
- ҚАРАҚЫЗОВ Қалым Қармақшы ауданының № 6 ауылында 1872 жылы туған.
- ТАБАНОВ (Табаков) Қондыбай Тамды ауданының № 6 ауылында 1904 жылы туған.
- ҚАРТАБАЕВ Бұзау Қармақшы ауданының № 7 ауылында 1849 жылы туған.
- ҚАБЫЛБАЕВ Көшербай (Күдербай) Қармақшы ауданының № 16 ауылында 1895 жылы туған.
- МАСАҚБАЕВ Жабет Қармақшы ауданының № 16 ауылында 1895 жылы туған.
- Бұл 56 адамның тұтқынға алынғанға дейінгі жұмыс орны және іс құжаттарында белгісіз. Олардың барлығы 1932 жылғы 10 ақпанда тұтқынға алынған. Іс құжаттарында соттың шешімі жок.
- Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының саяси қуғын-сүргіндер қүрбандарын ақтау бөлімінің прокуроры, юстиция кеңесшісі Р. Якубовтың осы қылмысты іс жөнінде шығарған қорытындысы бойынша былай делінген: негізінде архивтік-тергеу ісінің жоқтығынан қорытынды шығаруға тексеру жүргізу үшін тек қана бақылау өндірісінің материалдары ғана пайдаланылды, атап айтқанда айып тағу туралы қаулы және барлық 56 адамның бұлтартпау шарасын қолдану қаулысы ғана қаралды. Олар РСФСР ҚК-нің 58 бабының 2 және 58-дің 11 тармақтарымен қылмыстық жауапқа тартылған.
- Іс материалдарын тексеріп қарағанда Н/П-да Жоғарыда көрсетілген қаулылардан басқа 26 адамнан жауап алған протоколдар бойынша бұлардың қылмыс жасаған кінәлары көрінбейді. Бірақ олар 1931—1932 жылдары Қармақшы ауданының территориясында ағайынды Төлеген және Азат жеке Батыровтар бастаған Кеңес өкіметіне қарсы шыққан Қарақшылармен тығыз байланыс жасағандары үшін қылмыстық жауапқа тартылған. Осыған байланысты ОГПУ Арал жедел секторы соның 1932 жылғы 29 ақпандағы қаулысымен бұл адамдар ешқайда кетіп қалмауы туралы тіхтатпенен қамаудан босатылған.
- Сөйтіп Н/П материалын тексеріп, яғни тергеуінің жоғарыда көрсетілген екі қаулысы бойынша анықталғаны, 1932 жылы бұл 56 адамның РСФСР ҚК-нің 58 бабының 2,58 бабтың 11 тармақтарымен қылмыс жасаған кінәларын дәлелдейтін анықтамалар жок. Олар қылмыстық жауапқа дәлелсіз тартылған, осыған байланысты олар ақталуға жатады делінген.
- Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 14 сәуірдегі заңның негізінде бұл 56 адам 1997 жылғы 10 желтоқсанда толық ақталған.
1. ҚОЙБОЛДИН Жанабай 1917 жылы Батыс Қазақстан облысы, Тайпақ ауданының № 12 ауылында туған, 533 СП 1-ші гвардиялық марш ротасы командирінің саяси жетекшісінің орынбасары.
 2. ҚАЛАУОВ Дидар 1912 жылы Арал ауданының № 9 ауылында туған, 533 СП 1-ші гвардиялық марш ротасының қатардағы жауынгері.
 3. АЙҚЫНБАЕВ Өмірәлі 1909 жылы Алматы облысы Жамбыл ауданының Ұзынағаш ауылында туған, осы ротаның қатардағы жауынгері.
 4. ДӨРШЕВ Төлебай, 1919 жылы Арал ауданының № 19 ауылында туған, осы ротаның қатардағы жауынгері.
 5. РАХАНОВ Жаңбырбай, 1915 жылы Арал ауданының № 6 ауылында туған, осы ротаның қатардағы жауынгері.
 6. МАХАНОВ Абдіхалық, 1913 жылы Қармақшы ауданының № 14 ауылында туған, осы ротаның қатардағы жауынгері.
 7. ҚАЗИЕВ (Қатиев) Абжали, 1903 жылы Қармақшы ауданының № 14 ауылында туған, осы ротаның қатардағы жауынгері.
 8. БОРАНҚҰЛОВ Өтембет 1907 жылы Қазалы ауданының № 17 ауылында туған, осы ротаның қатардағы жауынгері.
 9. МЕКЕНОВ Алғазы, 1905 жылы Арал ауданында туған, осы ротаның қатардағы жауынгері.
 10. ҚҰДАЙБЕРГЕНОВ Өблхамит, 1919 жылы Арал ауданының № 11 ауылында туған, осы ротаның бөлімше командирі.
 11. ІЗТЛЕУОВ Әмірбек, 1919 жылы Қармақшы ауданының № 7 ауылында туған, осы ротаның бөлімше командирі.
 12. ТӨЛЕУОВ Сағал, 1915 жылы Арал ауданының № 9 ауылында туған, осы ротаның қатардағы жауынгері.
 13. СЕРАЛИЕВ Өмірзақ, 1915 жылы Арал ауданының № 9 ауылында туған, осы ротаның қатардағы жауынгері.
 14. ШӨРИПОВ Разақ, 1910 жылы Арал ауданының № 9 ауылында туған, осы ротаның қатардағы жауынгері.
 15. ҚАРШЫҒАЕВ Нағман, (Нажман), 1910 жылы Арал ауданының № 9 ауылында туған, осы ротаның қатардағы жауынгері.
 16. ТАЛАСБАЕВ Қуаныш, 1909 жылы Арал ауданының № 9 ауылында туған, осы ротаның қатардағы жауынгері.
 17. ЕРІМБЕТОВ Ізбасқан, 1907 жылы Арал ауданының № 9 ауылында туған, осы ротаның қатардағы жауынгері.
 18. АЙНАБЕКОВ Сейітқазы, 1907 жылы Арал ауданының № 9 ауылында туған, осы ротаның қатардағы жауынгері.
 19. ӨМІРТАЕВ Бұхар, 1909 жылы Қармақшы ауданының № 4 ауылында туған, осы ротаның қатардағы жауынгері.
 20. НҰРЖАНОВ Бұхар, 1901 жылы Қармақшы ауданының № 4 ауылында туған, осы ротаның қатардағы жауынгері.
 21. ЖАМАНБАЕВ Крекез, 1906 жылы Қармақшы ауданының № 4 ауылында туған, осы ротаның қатардағы жауынгері.
 22. ҚҰДАЙБЕРГЕНОВ Саттар, 1920 жылы Сырдария ауданының № 5 ауылында туған, осы ротаның қатардағы жауынгері.
 23. ЕРЖАНОВ Тұралай, 1912 жылы Қармақшы ауданының № 14 ауылында туған, осы ротаның қатардағы жауынгері.
 24. ЖИЕНАЛИЕВ Бөзкөл, 1912 жылы Қазалы ауданының № 18 ауылында туған, осы ротаның бөлімше командирінің көмекшісі.
 25. АЙМҰРАТОВ Өмірзақ, 1912 жылы Арал ауданының № 19 ауылында туған, осы ротаның бөлімше командирінің көмекшісі.
 26. КНЯЗБАЕВ Нысан, 1912 жылы Арал ауданы-

ның № 10 ауылында туған, взвод командирінің көмекшісі.

27. **ЖАНКҮШКОВ** Нысан, 1912 жылы Арал ауданының № 10 ауылында туған, осы ротаның взвод командирінің көмекшісі.

28. **ЕСПАЕВ (ИСПАЕВ)** 1916 жылы Жалағаш ауданының № 21 ауылында туған, 52 ЗСП миномет батальонының хатшысы (писарь).

Шілде айы 1942 жылы 53 ЗСП саяси жетекшінің орынбасары Қайболдин өзіне көмекші ретінде Қалауовты алып, жоғарыдағы қызылөскерлерді кеңес өкіметіне қарсы үгіт-насихат жұмыстарын жүргізген. Бұл мақсатқа командирлер мен әскери бөлімшелердегі кемшіліктерді пайдаланып, қызылөскерлер қатарындағы қазақтарды Отанын сатып, фашистік Германияның жағына өтуге шақырған. Осы қылмыстары үшін аты аталғандар тұтқынға алынып, 1942 жылы 9 қазанда Оңтүстік Қазақстан Орал әскери округінің әскери Трибуналы РСФСР Қылмыс кодексінің 58—1 “а”, 58—1 “б”, 58—2, 58—3, 58—11 баптарымен айыпталған істі қарап Қайболдин, Қалауов, Айқынбаев, Дарішев, Рахановтар ең жоғарғы жаза — ату жазасына; Маханов, Қазиев, Боранқұлов, Мекенов, Құдайберген, Ізтілеуов Ержанов, Жиеналиевтер он жылға бас бостандығы еркінен айыруға, және 5 жылға саяси құқын жоюға; Төлеуов, Сералиев, Шарипов, Қаршығаев, Таласбаев, Ерімбетов, Айнабековтер 8 жылға бас бостандығы еркінен айыруға және 3 жылға саяси құқын жоюға; Өміртаев, Нұржанов, Жаманбаев, Құдайбергендер 8 жылға бас бостандығы еркінен айыруға, саяси құқын жоймай; ал Аймұратов, Князбаев, Жанкүшкөв, Еспаевтардың с-әрекеттерінде қылмыс белгісі болмағандықтан ақталған.

1959 жылы 10 қазанда СССР Бас прокуроры осы іс бойынша қылмыс құрамы жоқтығын ескеріп, наразылық келтіріп, оны СССР Жоғары Соты қанағаттандырған.

1997 жылы 18 қарашада Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 14 сәуір “Жаппай саяси қуғын-сүргіндер құрбандарын ақтау туралы” Заңына сәйкес жоғарыдағылар ақталған.

Себебі қуғын-сүргінге ұшырағандар Кеңес өкіметіне қарсы ешқандай іс-әрекеттер жасамаған. Отанын сатып жау жағына өту пиғылы болмаған, іс бойынша қылмыстарын дәлелдейтін құжаттар жоқ. Күәлдердан қорқытып жалған жауаптар алынған.

ТОҒАНАСОВ Қазі Қармақшы ауданының № 11 ауылында туған, жасы 43-те, мал ұрлаушының баласы, атқамінер, бұрын сотталмаған.

НҮРПЕЙІСОВ Ишанбек Қармақшы ауданында туған, жасы 38-де, бай-кулақтың баласы, бұрын сотталмаған.

САРЫБАЕВ Шайхы Қармақшы ауданында туған, жасы 37-де, бай-кулақтың баласы, бұрын сотталмаған.

ҚАЛДЫБЕКОВ Боранбай Қармақшы ауданында туған, жасы 40-та, кедей-шаруа, бұрын сотталмаған.

ТОҒАНАСОВ Ыбырай Қармақшы ауданында туған, жасы 50-де, мал ұрлаушының баласы, атқамінер, бұрын сотталмаған.

ҚҰДАЙБЕРГЕНОВ Отызбай Қармақшы ауданында туған, жасы 38-де, бұрын Қарақұм көтерілісіне қатысқан, атқамінер, бұрын сотталмаған.

Қызыл Армияның, соған байланысты жалпы елдің де өмір тынысы жау жағына белгілі болып отырды. Өйткені аталмыш уақытта елде де, әскер арасында да шпион, диверсанттар қаптап жүрді. ОГПУ, НКВД чиновниктері оларды іздеп тауып, жою бағытында күрес жүргізудің орнына, жоғарғы жерлерге аянбай жұмыс істеп жүргендерін көрсету үшін кеңестің бейкүнә адамдарын «халық жауы» «қаскүнем» деген жалған атактармен айыптап, түрмелер мен лагерьлерге тоғытып жүрді.

Өзі сауатсыз болса, тіл білмесе, қолына қару ұстапаса, ол қазақ бес қаруын бойына асынған басқа тілді жауға тұтқынға түспегенде қайтеді? Алайда қазақтың жау жағына өтіп, қаруын алып, не қылса да «Большевизмге қарсы шығайыншы» деген ойға өрсі жетпегені көміл. Сөйтіп Сталин айтқан тарихи себеп салдарынан «бұрынғы жауынгерлік рухынан айрылған қазақ «үйкүшік» болып қалыптасқан. Ол тағдыр алдынан шығарған жолдарға, «құдай-тағала сағатын салса, осы елге аман-есен аппарат» деген үмітпен ғана түсе берген. «Түркістан легионы» деген ұйым сапына да, болшевиктерге шарсы соғысуға жасақталған батальондар сапына да, алдымен «елге жету» ойымен барып тұрып, қолдарына жау қаруын алған.

Борис Алексеевич Викторов деген орыс генералы


1965 жылы «Казхстанская правда» газетіне Сталинград түбіне жеткізілген сондай бір батальонның 1942 жылдың ноябрінде Қызыл Армия жағына өтіп кеткенін және оларды осы бағытта үгіттеп, бағыт берген Бақыт Байжанов пен Құлмырза Ишановты гестапо қапасында қаншама азаптаса да сыр ашпаған қалпы қаза тапқандарын жазғаны бар. Сол екеуінің тіл тістеген қайсарлықтары арқасында батальон біздің жаққа есен сау өткен. Украина, Белоруссия партизандарына қарсы қойылған легион роталары да жалғыз оқ атпастан отандастарына шығып отырған. Осыдан кейін неміс командованиесі легион батальондарын француз макилеріне (партизандарына) қарсы соғысқа салады. Алайда бұл жерде де қазақ жігіттері арасынан Ахмет Бектаев, Әбу Молдағалиев, Зұным Жаманқұлов сияқты жетекшілер табылып, солардың басшылығымен француз жағына өтіп кеткен.

Жауға беріліп, оның қаруымен ата-анасы жағына оқ ату қазақ психологиясына жат құбылыс. Алайда коммунистік идеологтар ұлтымыздың менталитетін танып па? Тіпті тануға әрекеттеніп пе?

Қалмұхан Исабаев

«Егемен Қазақстан» 26 шілде 2000 жыл.

ӨБҮБӨКІРОВ Шәділ — 1920 жылы туған, 1939 жылы Қызылорда қаласындағы жұмысшы факультетінің (рабфактың) 3 курсына оқып жүргенде әскер қатарына алынып, Фин соғысына қатысады, одан кейін Отан соғысының майдандарында болады. Немістермен шайқаста қоршауда қалып, еріксіз немістердің тұтқынына түсіп, азаптар шегеді, тұтқыннан қашып шығып, кеңес әскерлерінің қатарына қосылып, немістерге қарсы соғысады. Соғыс біткеннен кейін 1947 жылы әскер қатарынан босанып елге қайтып келген. Қызылорда аяқ киім фабрикасына жұмысқа орналасады.



Соғыс жылдарында немістердің тұтқынына түскені үшін 1951 жылғы 19 мамырда қамауға алынып сотталып Қарағанды лагеріне айдалған. Одан 1955 жылы ақталып, түрмеден босатылған. Елге келгеннен кейін өртүрлі салаларда жұмыс істеп, соңғы жылдары Қызылорда мақоран зауытында қойма меңгерушісі болып жұмыс істеген, сол жерден зейнетке шыққан. 1991 жылы науқастан қайтыс болған. Артында әйелі, 4 баласы қалған (балалары — Абдолла, Дәулет, Мұрат, Ғани). Әйелі Назарова Кенжегүлдің айтуы бойынша. **БИСЕМБАЕВ** Ешмұрат — Жалағаш ауданының Аламесек ауылдық Кеңесінде 1902 жылы туған, білімі 3 класс, партия мүшесі, 1938 жылдан 1941 жылға дейін

Аламесек ауылдық кеңесінің төрағасы болып қызмет атқарған. 1941 жылы Ұлы Отан соғысы басталғанда ауылдағы жастарды армия қатарына шығарып салып, өзі де сұранып майданға аттанған. Алты ай әскери жаттығуда болып, қатардағы жауынгер ретінде соғысқа қатысқан. 1943 жылы Калининград майданында хабарсыз кеткен деп әскери бөлімшеден хабар келген.

Бисембаев Ешмұраттың есімі Жалағаш ауданындағы «ескеткіш тақтада» жазылған.

Редакциядан: «Боздақтар» естелік кітабының бесінші томында (465 бетте) Бисембаев Ешмұрат — Ешмұратов Биімбет — деп жазылып кеткен.

БОДАНОВ Итығұл — қызылөскер, Арал ауданында 1909 жылы туған, 1942 жылғы 22 маусым айында Авань балық шаруашылығынан әскер қатарына шақырылып, Арал АӘК арқылы майданға аттанып, 1885 зенитті артиллерия полкінің құрамында атқыш ретінде Сталинград майданында соғысқа қатысқан, ұрыс даласында хабар-ошарсыз кеткен. (Арал АӘК арқылы И. Бодановтың әскер қатарына шақырылғандығы туралы 1999 жылғы 2 желтоқсандағы берген № 1154 санды анықтамасы, Арал қаласы, Энгельс көшесі № 64 үйде тұратын еңбек ардагері Отарқұлов Мектептің айтуы бойынша). **БОЛАТБАЙҰЛЫ** Бисәк — 1894 жылы Қазалы ауданының Жаңагүрмесі колхозында № 14 ауылдық Кеңес аумағында дүниеге келген. Колхозда кетпенші болып жұмыс атқарған, шаруа, сауатсыз. 1943 жылы соғысқа аттанып, хабарсыз кеткен.

(Қызылорда облысы, Қазалы ауданы Өйтеке би кенті, Өйтеке би көшесі № 93/1 тұратын немересі Сматов Төрбектің айтуы бойынша).

ЕСІМҮЛЫ Насыраддин — 1911 жылы Қазалы ауданының Жаңатұрмыс колхозында № 14 ауылдық Кеңес аумағында дүниеге келіп, колхозда қойшы болып жұмыс атқарған. Қойшы, сауатсыз, 1943 жылы

Ленинград шайқасына аттанып, хабарсыз кеткен. (Қызылорда облысы, Қазалы ауданы Әйтеке би кенті, Әйтеке би кенті көшесі № 93/1 тұратын немересі Смадов Төрбектің айтуы бойынша).

БАТЫР ЕСІМІ...

Гвардияның кіші сержанты Дархан Жұбаньшов неміс фашистерімен кескілескен шайқаста өзін ержүрек солдат есебінде көрсетті. Ол нағыз Отанға берілген батыр жауынгер еді.

Дархан майданға 1942 жылдың қаңтар айында кетті. Ол сан рет қиянкескі ұрстарға қатысқан. Әсіресе, оның ерлік көрсетіп атын жайған жері Неман өзенінің жағалауы еді. Шығыс Пруссияға жөңкіле қашып бара жатқан неміс фашистері Неман өзенінің арғы бетіне мықтап бекініп алды. Олар осы жерден бір қадым тапжылмауға барлық күш-жігерін салып бақты. Дархан № 43-ші атқыштар полкінің бір бөлімшесінде командир болатын. 1944 жылдың шілде айында неміс фашистері Неман өзенінің жағалауына келіп тоқтады. 11-ші армияның қолбасшысы дреу өзеннен өтіп, жауға тұтқиылдан тиісуге бұйрық берді. Әрине бұл оңай шаруа емес еді. Бораған оқтың астында өзенді жүзіп өтуге үлкен жүрек керек. Рота командирлері болып жауынгерлерді жинап алып, тас түйін болып тұрған жауынгерлерді бір шолып өтті де: бұл жауапты тапсырма, тіпті басты өлімге қиюға тура келеді және өз еркімен баратындар бір адым алға шықсын. Ең алдымен топ-

тан суырылып шыққандардың бірі Дархан еді. 1944 жылдың 16 шілдесіне қараған түнде сол ер жүрек жауынгерлер қайыққа отырды.

Ең жауапты нәрсе арғы бетте қалған жауынгерлерге қолмен ұстап жүзіп арқан апару еді. Осы құрметті әрі жауапты тапсырманы қазақстандық жауынгер өз міндетіне алды. Жау өзен үстінде қылтаңдап келе жатқан қайықты байқап қалып, оқтың астына алды. «Отан үшін, халық үшін алға!» — деп бөлімше командирі жауынгерлерге рух берді. спанға ракета атылды. Бұл өзеннің арғы бетіндегі жауынгерлерге жол ашылды деген белгі еді. Сөйтіп қазақ жауынгері Дархан бастаған жауынгерлер біздің негізгі күшіміздің Неман өзенінен өтуіне мүмкіндік туғызды.

Литва жерінде осындай көрсеткен қаһарман ерлігі Гвардия кіші сержанты Д. Жұбаньшов «Қызылту» орденімен наградалды. Мұнан соң да батыр жауынгер талай соғыстарға қатысып ерлік көсетті. Бірақ ол жалауды Берлин үстінде желбіреп, дүние жүзі халықтарының еркіндік алып, думанға бөленген сәтін көре алмады. Ол Кенигсбертте шабуыл жасаған бір ұрыста ерлікпен қаза тапты.

Сахи Байниязов, Арал ауданы,
Ақеспе елді мекені.

«Сыр бойы», 6 қаңтар, 2000 жыл

Редакциядан: «Боздақтар» естелік кітабының бесінші томында (156 бет) Жұбаньшов Дархан 1943 жылы ұрыс даласында хабарсыз кеткен — деп көрсетіліп кеткен.

НАУРЫЗБАЕВ Қайралап — Сырдария ауданы № 3, Жетікөл ауылдық кеңесі, бұрынғы Ленин атындағы колхозы, қазіргі Аманкелді кеңшарында 1913 жылы туған, сауатты, БК(б)П мүшесі, үйленген, жұбайы Наурызбаева Зейнеп, 1939 жылдан БК(б)П мүшесі, 1980 жылы қайтыс болған, баласы Базарбай.

Наурызбаев Қайралап Отан соғысынан бұрын Ленин атындағы колхозда партком хатшысы, әрі финангент болып қызмет атқарған. Сырдария АӘК арқылы 1942 жылдың маусым айында әскер қатарына алынып, 300 АД, 1049 АП құрамында саяси жетекшінің орынбасары шенінде соғысқа қатысып, 1942 жылдың қазан — қараша айларында Сталинград майданының ұрыс даласында хабар-ошарсыз кеткен.

«Боздақтар» естелік кітабының бірінші томында (135 бетте) Наурызбаев Қайралап — 1906 жылы туған, білімі бастауыш, колхозшы — деп дұрыс жазылмай кеткен.

НАУРЫЗБАЕВ Жансап — Сырдария ауданы, бұрынғы Жетікөл, кейінгі Ленин ауылдық кеңесі, Аманкелді кеңшарында 1921 жылы туған, білімі орта, БЛКЖО мүшесі.

Наурызбаев Жансап Сырдария АӘК арқылы 1942 жылдың мамыр айында әскер қатарына алынып, медсанбаттың құрамында санитар ретінде соғысқа қатысып, Сталинград майданының ұрыс даласында 1942 жылдың қазан — қараша айларында хабар-ошарсыз кеткен.

«Боздақтар» естелік кітабының бірінші томында (135 бет) Наурызбаев Жансап 1908 жылы туған, білімі бастауыш, колхозшы — деп дұрыс жазылмай кеткен.

НҮРСҰЛТАНОВ Сейітжан. Туған жылы — 1914 ж. Армияға шақырылған жылы 1942 ж. 22 маусым. Қазалы ауданының 13 ауылынан 1-ші келген хатында полевая почта № 347 деген жазу бар. Ал 2-ші хатын-

да лагерь Томского ТП-Р-147-30 деген жазу.

Соғыста хабарсыз кеткен.

НҮРСҰЛТАНОВ Қаражан. Туған жылы — 1921 ж. Армияға 1939 жылы 8 қаңтарда Қазалы ауданының 13 ауылынан шақырылған. Финляндия соғысына қатысқан. Содан хабарсыз кеткен.


Бұл дерек Нұрсұлтанов Сейітжанның жұбайы Нұрсұлтанова Аайшолпаннан жазылып алынған. Хабарлаушы немерелері — Жансұлтанов Сәндібай. **ОСПАНОВ** Қалдыбай — Тереңөзек ауданы, Айнакөл колхозында 1912 жылы туған, білімі бастауыш, партияда жоқ, армия қатарына Тереңөзек АӘК арқылы 1943 жылғы қыркүйек айында алынған, соғысқа қатысып, содан хабар-ошарсыз кеткен.

ОСПАНОВ Сыздық — Тереңөзек ауданы, Айнакөл колхозында 1920 жылы туған, білімі арнаулы орта, «совторговля» техникумын бітірген, БЛКЖО мүшесі, армия қатарына Тереңөзек АӘК арқылы алынған 1942 жылғы қазан айында алынған, соғысқа қатысып, содан хабар-ошарсыз кеткен. (Інілері Қалды-

баев Аблай мен Қалдыбаев Қуандықтың айтулары бойынша).

ОСПАНОВ Пирәлі — 1911 жылы Сырдария ауданында туған, 1940 жылдың 22 сәуірінде автомобиль жүргізу құқын алған. 1942 жылдың 1 қазанына дейін СССР НКВД-ның Жез-қазғандағы Басқармасының комбинаты мен лагерінде автомобиль жүргізуші болып жұмыс істеген. 1942 жылы әскер қатарына алынып, майданға аттанған, сол жылы ұрыс даласында хабар-ошарсыз кеткен.


Қызылорда қаласы, Ж. Берденов көшесінде тұратын Оспанова Сөбира қарындасының айтуы бойынша.



АЙТЫЛМАЙ ҚАЛҒАН АРМАН

Қазақ офицері Ғали Әділбековтің жиһангерлік соғыстағы ерлік даңқын білеміз бе?

1941 жылғы жиһан соғысына дейін қазақ ұлтынан шыққан жігіттердің танк полкінің командирі болу түгілі, офицер атануы бірен-саран еді. Мықтаса жаяу әскерге қабылданытыны белгілі. Ғали Әділбеков қалайша ертерек тұлғалы командир болған десек... Ол 1908 жылы 1 қаңтарда Семейде, Белағаш болысы, Қызылқұм ауылында дүниеге келген. Жастайынан жетім қалып,



атасы Әділбектің төрбиесінде болады. 1923 жылы Қазақ аймақтық жеткіншектер мектебіне (интернат) оқуға түсіп, оны 1925 жылы бітіреді де Орынбордағы қызыл командирлер мектебіне барып оқиды. Одан әрі Ташкентке жіберіліп, ондағы В. И. Ленин атындағы Орта Азия әскери мектебінен дәріс алады. Оны 1928 жылы бітірген соң танк әскери командирлерін даярлайтын курсқа жіберіледі. Семей, Ташкент, Орынбор, Ленинград, Тюмень, Свердловск, Курск... Міне бұл қалалар жас офицердің қызмет ету баспалдақтарына күү болғандай. 1930 жылы 43-ші атты әскер полкінің взвод командирі болып Қарақұм шөліндегі басмашыларға қарсы ұрысқа қатысып, ауыр жараланады.

... 1937 жылы Ғали кезекті демалысында отбасымен Семей және Алматы қалаларына келіп, әскери қызметшілер Көрім Өсенов, Мұқан Жалбағасев, Ахмет Исаев, Садық Жұмабаев саяқты дос-жарандарымен қауышады. Дәл осы кез... саяси қуғын-сүргін

басталып, аңдушылар мен сөз тасушылар күш алған түс еді. Достары Ғалидың тезірек Алматыдан кетпесе, суық та үрейлі қуғын-сүргін қауіп төндіретінін ескертіп үлгерген болатын. Айтқандай-ақ Ғалекең Тюменьге кете салысымен әлгі азаматтарды НКВД қызметкерлері сұрақтың астына алады. «Әділбеков өкіметке қарсы үгіт-насихат жүргізген жоқ па?» — деген жымьсық сұрақтар қойып, өбiгерге түсіреді. Әйтеуір ызғардың беті басқаша бұрылыпты... Кім білген, қызғаншақтық жүрген жерде қиянат та бола береді ғой. Соғыс қарсаңында Ғ. Әділбеков өз отбасымен Курскіде болып, әскери бөлімшені басқарады. Іле-шала соғыс өрті лап ете қалады... Содан командирдің отбасы бір қаладан екінші қалаға көшіріліп, ақырында Семейге де келіп жетеді.

Атақты маршал, екі мәрте Кеңес Одағының Батыры Иван Игнатъевич Якубовский «От жалынға оранған жер» (Мәскеу, 1975 жыл) деген мемуарында: «1941 жылы 21 қазанда Днепрден өтер кезде гвардиялық танк полкінің командирі, подполковник қазақ Ғали Әділбеков ерлікпен қаза тапты. Жастайынан жетім қалған ол балалық шағын Семей қаласында өткізген. Содан кейін 1925 жылы әскер қатарына алынады да өмір жолында өбден ысылады. Ұлы Отан соғысы жылдарының алғашқы кезеңінен бастап-ақ Ғали Әділбеков қиындықтан қорықпайтын ержүрек әскери командир болды. Егер 1943 жылдың сол қазан айында қаза таппағанында бұл офицер қазақ танк әскерлерінің үлкен басшыларының бірі болып, көптеген даңқты істерді тындырған болар еді», — деп жазған.

Бұл елеулі дерек нені меңзейді? Қазақ офицері қан майданда қол бастап, оттай жарқылдаған. Қызыл Жұлдыз орденін алған. Танк полкін басқарған.

Қырық екінші жылдың басында оның жауынгері 20-дан астам танк, бронемашина, ондаған танкіге қарсы қару-жарақты жойып жіберіп, жаудың солдаттарын жер жастандырған.

Генерал К. Малыгин «Әскери төртіптің ортасында» деген мемуарында Украина жеріндегі Букрин биігіне шабуыл жасаған шайқастың бір қайғылы сәтін келтіріпті...

«... Жаудың мұздай қаруланған әскеріне шабуылды 40-шы армия бастады. Оған 3-ші гвардиялық танк армиясы да тұтқиылдан қосылатын болды,— деп жазады ол.— Жау шебін тықсырып-ақ жібердік. Бірақ аяқ астынан майдан қолбасшысы шешімін өзгертіп, маған қорпұсты тоқтатуға шұғыл тапсырма берді. Басталған операция кейін білгеніміздей мүлдем тоқтатылған болып шықты.

Бригаданы мен тез-ақ кері қайтардым, ал 47-гвардиялық танк полкі жайрап қалды, қанды ұрысқа кірісіп-ақ кетті. Оларды радист арқылы кері әрең шақырдым. Дәл осы кезде подполковник Ф. Әділбеков өз танкісімен жойқын соғыс шебінде еді... Шайқас саябырсып, танкісінен ол шыға бергенде тасадан жау минометінен оқ атылады. Зулап келген зілдей оқ өзіне тигенін байқамай да қалады. Біз даңқты командирден, батыл әскери адамнан осылай айырылдық...».

Ал, 1944 жылы 10 қаңтарда танк полкінің штаб бастығы капитан А. Ионовтың өйелі радистка Анна Ионова қазақстандағы Минжинан апайға жазған хатында өз күйеуі мен Ғали Әділбековтің қандай жағдайда қайтыс болғанын, қос офицердің денесі Киев облысы, Переславль ауданы, Луковицы деревнясының солтүстігінде жерленгенін егжей-тегжейлі жазған хаты да сақталған.

«Егемен Қазақстан», 3 наурыз 2000 жыл.
(мақала қысқартылып алынды).

ГЕРМАНИЯДАҒЫ СОҒЫС ТҮТҚЫНЫ

Соңғы екі қазақтың бірі қайтыс болды. Хасен ОРАЛТАЙ.

Екінші дүниежүзілік соғыс кезінде қанша қазақтың қырғынға ұшырағаны белгісіз. Кей шетелдік зерттеушілердің топшылауынша, орыс пен немістің сол қырқысында қаза болған қазақтың саны төрт жүз мыңнан астам (420000 шамасында). Ал олардың соғыс тұтқыны болғандары мен кейін Германияға әкелініп, өйгілі «Түркістан легионы» құрамына алынғандарының саны да нақтылы түрде белгілі емес. Бірқатар деректерге қарағанда, «Түркістан легионы» құрамында болған түркістандықтарды жалпы саны 180000 кісі болған (қазақ, өзбек, түрікмен, қырғыз және қарақалпақ). Олардың ішіндегі қазақтардың санының «ондаған мың» болғанын айтатын-ды марқұм ағалар.

Сол «ондаған мың» қазақтың соғыс біткенде тірі қалғандарын өзара келісімдері бойынша Америка мен Англия Кеңес Одағына қайтарды. Олардың көбін жолда советтік қызыл жендеттер қырғандығы, бірқатарының елге жіберілмей Сібірге айдалғаны да белгілі шындық.

Сол қызыл қырғыннан жасырынып Германияда аман қалған аз санды қазақтардың бір бөлігі Түркияны барып паналады. Бір бөлігі Америкаға барды. Бір бөлігі Германияда қалды. 70-жылдардың басында олардың Германияда тұратындарының саны 30—40 кісі шамасында еді. Олардан тек екі кісінің өмірі ғана екі мыңыншы жылды көруге жетті. Жақында сол екі қазақтың біреуі қайтыс болды.

Германияның Манхайм қаласында қайтыс болған қазақтың бүркеншік аты Рахманқұл Кулинов еді. Оның қайтыс болғанынан хабарсыз өзі де қазір ауыр бір операция өткізіп ауруханада жатқан өлгі екінші қазақ қызылордалық Жәкен Бапыштың айтуынша,

Рахманқұл Кулиновтің шын аты Тасқынбай. Ол маңғыстаулық.

Тасқынбай марқұмның соғысқа дейінгі өмірі де өте ауыр болған. Коммунистік зомбылық жүйе алғаш орнай бастаған кезде-ақ, оның қысымына төзе алмаған Тасқынбайдың ағасы ішінде, көптеген кісі қарсылық көрсетеді. Соңында олардың бәрі де қолға түсіп атылады. Соның салдарынан бір бөлім ел Иранға қарай қашады. Тасқынбай өз әкесінің аман қалған баласымен Иран шекарасынан жасырынып өтуін көзіне жаса ала отырып бір кезде былай өңімелеген-ді:

«...Біз жан сауғалап қашып, Иран шекарасына бардық. Қолыңда ұзын мылтығы бар ирандық қойшы қойын шекаралық ауданда жайып, жотаның басында отырды. Біз қойдың терісін жамылып алып еңбектеп соның қойына қосылдық. Ол қойын Иранға қарай қайырғанда соның арасында қой терісін жамылып еңбектеп, біз де жүре бердік. Иранға барғаннан кейін мен безгек болып ауырдым. Мені өліп қалады деп қорыққан әкем қайталан Қазақстан жаққа өтті. Сонда коммунист жендеттердің қолына түсті. Олар әкемді атты...»

Тақынбай (Рахманқұл Кулинов), қараторы, өте сымбатты азамат еді. Оны Германиядағы қазақтар «Адай» деп танитын-ды. Өзі де бабасының атымен мақтана-тын-ды. «Танысаң Адаймын, танымасаң Құдаймын» деген бабалардың тұқымымын дейтін. Неміс өйелі, одан туған екі қызы бар-ды. Қыздарының екеуі де американдықтарға тұрмысқа шықты. Манхайм қаласы қасында жеке үйі бар.

Сөйтіп, Германиядағы соғыстан қалған соңғы екі қазақтың бірі — Тасқынбай ағай да дүниеден өтті. Алла жанының жаннатта, топырағының торқа болуын нәсіп етсін.

Мюнхен, Германия.
«Егемен Қазақстан» 4 сәуір, 2000 ж.

ЖАУЫНГЕР ЖЫРЛАРЫ

Шахап Ақматұлы Өбіласанов — Сырдария ауданындағы «Қоғалы» ауылынан 1942 жылы соғысқа аттанып, елге оралған жоқ. Майдангер жауынгер әрбір үш бұрышты хатын өлеңмен жазады екен. Туған қарындасы Мәшһен Ақмалқызы бұдан 55 жыл бұрын ағасының жазған сол өлеңдерін сақтап келеді. Ақын-жауынгердің мына бір өлеңдерін оқырманға ұсынуды жөн көрдік.

КӨКТЕМ ЖЫРЫ

Қыс та өгіп көрін төккен,
Жарқыраған келді көктем.
Жан-жануар жадырады,
Сәулесі мен күнін сепкен.
Жер құлпырды масатыдай,
Бірде күлгін, бірде көкпен.
Киді киім әшекейлі,
Жібек жапырақ жасыл шөптен.
Жанға жайлы, малға рахат,
Соққан самал салқын лептен.
Тегіс төлдеп колхоз малы,
Қозы, бұзау соңына ерткен.
Жылқы, түйе өрісінде
Құлын жусап, бота шөккен.
Жанның бәрі қуанышты
Көкке шырқап күйін шерткен,
Өзірленді колхозды ауыл
Қарсы алуға күтіп көптен,
Шықты егіс майданына
Қолдарында құрыш кетпен.
Көк тұлпарды бас білдіріп,
Сырылдатып соқа жеккен
Ұлпадайын жерді тіліп,
Алтын дөңді тұқым сепкен.
Игілікті өз ісінде
Қуанышпен егін еккен.
Алтын ғасыр бесігінде,
Шаттық кернеп өлеңдеткен.
Нұрлы кезең, алтын айым.
Күндей жайнап күлдіметкен.
Мұхиттайын тасытайын
Көктем жырын мен де көппен.

СҰЛУ СЫР

Тамшы су да көктен тамбай,
Жібігуге шөлде таңдай.
Қанша жандар азап шегіп,
Кетті арманда мейірі қанбай.
Шөбі шықпай, малы жұтап,
Егіні шықпай, жаны жұтап.
Жүрді сордан арыла алмай
Қанша жерлер қуаң тартты.
Жібек торғын жамыла алмай
Қазіргі күн сұлу Сырым
Тіпті өзгеше сенің түрің.
Күміс толқын мың бұралып
Тартты өзіне күннің нұрын.
Кіршігі жоқ меруерттей
Күлім қағып түр көбігің.
Балықтардың шапырласып
Ойнақ салды алмай тыным.
Балаусалы жасыл орман,
Қызғалдақты жағалығын.
Тәжім етіп мың бұралған
Лебімен жаз самалының.
Жібек торғын масатыдай
Сәулеттенген қызыл гүлің.
Тал шыбығың сұлу қыздай
Күлгін түсті жібек тұлым.
Каналменен оюланып
Кестеленді ой мен қырың.
Алтын дөңді астық бітіп,
Гүлдендірді жердің тынын.
Басын иді жібек мақта,
Ақ шүйкесін көтере алмай.
Тербетілді ақ күріштің
Қанасына дөні симай.
Сабағындай шайқатылды
Ат тісіндей алтын бидай.

Жауынгер жырларын баспаға өзірлеген
Қайыр Қорасани.
«Сыр бойы», 1 шілде 2000 жыл.

қандасымыз туған жерге келгенде...

«Отырар» қонақ үйінің шағын бөлмесі. Алдымда 80 жасқа келген қария отыр. Ұлты — қазақ. Аты-жөні — Тілеген Иманбайұлы. Лақап аты — Атабек. Америка азаматы. Нью-Йорк қаласының тұрғыны. Бет елпетіне, киім киісіне қарағанда қария деуге аузың бармайтындай. Ана тілінде еркін сөйлейді. Тек, біздің тілімізге арагідік орысшаның орынсыз қыстырыла қалғаны сияқты, бұл кісінің сөзіне де анда-санда ағылшынның жекелеген атаулары қосанжарласқысы келіп тұрады екен.

1914 жылы қазіргі Атырау, бұрынғы Үйшік қаласында дүниеге келген. Әке-шешесі 1917 жылы «қызылдардың» қолынан қаза тауыпты. Үш жасынан бастап әкесінің туған апайы Бақтылы шешейдің қолында өскен. Есейе келе Атыраудағы ФЗУ-ға оқуға кірген. Бұдан соң сол қаладағы Тау-мұнай техникумын бітірген. Одан кейін Орал қаласындағы педагогикалық институтқа түсіп, химия-биология пәндерінің мұғалімі деген мамандық алған. Сол мамандығы бойынша бірер жыл Алматы облысы Кеген ауданында шөкірттерге дәріс оқыған.

1939 жылы Финляндия — Кеңес соғысына қатысыпты. Одан аман-есен оралған соң, 1941 жылы Германияға қарсы майданға аттанады. Қанды қырғындардың бірінде қоршауда қалып, тұтқынға түскен. Бұдан кейінгісі айтпаса да түсінікті...

Тілеген Иманбайұлы маған өз қолымен қазақша жазған өмірбаянын көрсетті. Қай жылы қайда болғаны, не істегені жайында ғана қысқаша ақпар түрінде жазылған қолжазбаның көлемі 15 парақтан тұрады. Немістерде тұтқынды болған жылдары жайында көп қазбалап сұрамадым. Себебі, ол туралы бұл кісі жеке кітап жазып жатқанды көрінеді. Ал, өңгіме арнасы Америкадағы қазіргі тұрмысы, от басы жағдайы, туған жер тақырыбына қарай ойысқанда, Тілеген — Атабек ақсақал бір сөт шешіле сөйледі.

— Туған жердің ауасын жұтып, жақын жұрағаттармен жүздесудің сөті былтыр ғана түсті, — деп бастады ол кісі. — Өткен жылы қызым Есенбике екеуміз Қазақстанға келіп, Атыраудағы туған үйдің есігін ашып қайтқанбыз. Жайықтың жағасындағы бір кезде біз тұрған жеркепе күні бүгінге дейін сақталыпты. Мен кеткенде қандай болса, әлі сол қалпындағыдай өсер етті. Тіпті, Атырау қаласы да түк өзгермегендей. Әрине, біршама жаңа үйлер салынған, бірін-сараң өндіріс ошақтары бой көтерген. Баяғы шаны бүрқыраған дала жолдары сол күйінде жатыр. Бір жақсысы, елдің пейілі бұзылмаған екен. Әйтеуір, қазақ халқы Кеңес үкіметінің қанды шеңгелінен құтылғанына қуандым. Меніңше, енді 5—10 жылдан кейін Қазақстан іргелі елдердің қатарына қосылары сөзсіз. Шетелдерден де аз көмек беріліп жатпаған тәрізді. Соны ұқсата білудің өзі үлкен жетістік қой. Өткен, бойымнан күш кетіп, қартайғанда, денсаулық нашарлағанда ғана туған елге қолым жетіп

отыр. Ең өкініштісі — перзенттік борышымды толық өтей алмай бара жатқандығым деп есептеймін. Осы сапар барысында дәрі-дәрмек жағынан Қазақстанға көмек беру мәселесін шешіп алсам ба деген ойдамын. Қызым дәрігер ғой. Нью-Йорктағы медицина институтын бітірген. Ол қазір сондағы көрнекті дәрігерлердің бірі, әрі студенттерге дәріс оқиды. Басқа болмаса да, дәрі-дәрмек жағынан жәрдемдесуге мүмкіндігіміз бар ғой, бар... Мұндағылар дәріге өте зору екенін өз көзіммен көрдім.

— Қызыңыздың жасы нешеде? Жұбайыңыздың ныспысы кім болады?

— Қызымның жасы отыз сегізде. Өлі тұрмыс құрған жоқ. Жұбайым — өзбек қызы. 1953 жылы Анкарада сол өзбек қызына үйленген. Жасы биыл 65-ке шықты. Қызымыз үшеуіміз бірге тұрамыз. «Бейнет түбі — зейнет» деген, кемпіріміз екеуміз де зейнеткерміз. Біздің өмірімізді ұзартып отырған сол жалғыз қызымыз. Шешесінің бауыры ауыратын. Оны ауыстыруға да қызымның көп көмегі тиді. Менің жүрегімнің қан тамырлары жұмыс істемей қалғанда, оң аяғымнан төрт тамырды кесіп алып, жүрекке салғызды. Көзір жүрегім аяғымның тамырларымен жұмыс істеп тұр, — деп оң балағын жоғары түргенде денем тітіркенгендей болды. Осыншама бейнетті көрсе де жасымаған, қайыспаған қара нар адамның жүзіне таңырқай қарап қалыппын. Бір жағынан, шетелдік медицинаның жетістігіне төнті болып отырғаным да рас еді.

Бұл кісінің қазақша еркін сөйлеп, әрі жазуды да ұмытпағанына қарағанда, отбасында қазақша сөйлесетіндеріне күмәнданбағам. Сонда да:

— Отбасында қай тілде сөйлесесіздер? — деп суралдым.

— Шындығын айтсам, қызым қазақша білмейді. Өйелім түрікше сөйлейді. Ортақ тіліміз — ағылшын. Өзім былтыр Қазақстанға келгенге дейін, яғни 55 жыл бойы ешкіммен қазақша тілдеспеппін. Туған жердің құдыреті деген осы шығар, былтыр өуежайдан түсе сала қалайша қазақша сөйлеп кеткенімді өзім де аңғармай қалыппын. Соғыстан миым шайқалғаннан бері көп нәрсені, тіпті жақын-жуықтардың есімдерін де есіме түсіре алмай жүргем. Енді байқасам, бөрі бұрынғыдай көкірегімде сайрап тұр. Қазақша жазуға да қолым еркін жүріп кетті, — деп ол кісі қол сағатына қарады да, орнынан тұрды. Бұдан өрі мен о кісіні мазаламадым.

Енді біраз уақыттан кейін Тілеген ақсақал Атырауға қарай аттанады. Қария сергек, көңілді. Қонақ үйдің аядай бөлмесінде ынылдап әрі-бері жүріп кеткенін өзі де байқамағандай. Иә, ол енді бірнеше сағаттан кейін кіндік қаны тамған жерге қарай құстай ұшды. Дәл қазіргі сөтте тар бөлмеге сия алмай тұр. Сосын біраз күннен кейін қайтадан алыстағы Америкаға кетеді.

Серік ЖҰМАБЕКҰЛЫ,

«Егемен Қазақстанның» арнаулы тілшісі.

24 мамыр 1994 жыл.

БІР ҚҰЖАТТЫҢ СЫРЫ

НЕМЕСЕ АШТАН ҚЫРЫЛҒАН ҚАЗАҚТАР

1932—33 жылдар қазақтардың аштықтан қырылуының басты себебі не дегенімізде бұрынырақта «Егемен Қазақстанда» жазылған жай еске түседі. Мәселен сонда жазылғандай, Мәскеуде оқыған қазақ қайраткерлерінің бірінің «халқымыздың аштықтан қырылуы біздің басымыздың бірікпеуінен болды» деп мойындайтыны бар. Ауыр да ащы түйін. Қашанда ел бастаған серкелердің бірауыздылығы, қиын істе «бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығару» былайғы ұрпаққа да жалғасатын өнегелі қасиет болуы тиіс. Илегеніміз бір терінің пұшағы болған соң, еліміздің болашақ тірлігі үшін бір адамдай еңбек қылғаннан артық нендей абырой, нендей ерлік болуы мүмкін. Қазақ тарихындағы қиын-қыстау жылдардың аса шиеленіскен уақыты төңкерістік заманнан басталып, большевиктердің билікке келуімен ахуалдың асықна түскенін көреміз. Негізгі күнкөріс мал болатын қазақтардың тұрмысының түзелуі немесе аштыққа ұшырауы мал басының көбеюі мен кемуіне байланысты.

1920—21 жылдардың жұты ауыр тиіп, Солтүстік өңірдегі губернияларды қамтығаны аян. Аштық қысқанда ең әуелі қырылып қалатын қазақтар. Өйткені отырықшы мәдениетке тәсілденбеген көшпелі халыққа мұндай экономикалық дағдарыстар ауыр тиіп отырған. Мұрағат деректеріне сүйенетін болсақ, 1932—33 жылға аштықтың басты себебі де 1921—27 жылдар аралығында 40 миллионға таяу малдың азайып, 5 миллион болып қалуы. Соның салдарынан Ахмет Байтұрсынов төңкеріске дейін «Әлхәм-дулла, 6 миллион қазақпыз» (дәлірек айтқанда 5 миллион 600 мың) дейтін санының 2 миллион 200 мыңы қырылып, шыбын жан үшін «көшуші» (откочевник) атанды.

Сол жылдардың құжаттары Қазақстанның қай түкпірінде болмасын аштықтың ауыр көрінісін айқын аңғартады. Соларды біреуін ғана толық беріп отырмыз. Бірден айтайық, 1933 жылдың март айында қанішер Голощенин орнынан алынып, Мирзоян келген тұс. Қалған қазақтың есін жидыртып, көмек ұйымдастыру үшін өкілдер жер-жерге аттанған. Мына төмендегі құжат сол жайларды бейнелейді. Хат сол тұстағы үкімет басшысы Исаев Оразға бағытталған. Деректе көрсетілген Қызылорда облысының Қармақшы ауданы өлі күнге дейін қазақтардың қалың орналасқан елді мекені. Осы деректің түп нұсқасының аудармасын ешбір өзгеріссіз беріп отырмыз. Жолдас Исаев, телеграфтық хабарға қосымша, хат жазып отырмын. Қармақшы ауданының жағдайы қай жағынан болса да, өбден асқынған. Аштықтан қырылу жаппай сипат алған. Мысалы:

1) 15-күні мен милиция бастығына қаланы және төңірегін аралап шығуға жеке нұсқау бердім, ол 30

адамның өлген денесін тапты, 16-күні ол тағы 11 адамның денесін тапты. Көміп жатырмыз.

2) Аудан орталығында ісініп кеткен 200 адам, күнде мені қоршап алып, нан сұрайды (мұндай күй кешіп жүрген адамдар саны көп).

3) Аудандық ақтару комитетінің төрағасы колхоздарды аралап, жаңа келіп отыр. Оның айтуынша аудан орталығына келетін жолда өліктер шашылып жатыр. Кезіккен өліктердің саны шамамен қанша болады деп сұрағанда, ол 60—70-тің маңайында болатындығын айтады.

Ертең № 16-ауылға барамын, жолда 4 және 5-ші ауылдарға соғамын. Тексеріп, өлгендердің денелерін қалай, қайда жинау керектігі жайында нұсқау бермекпін.

4) Өлім өсіресе, желтоқсан айларында (қатты суық пен азық-түлік қорының таусылуынан) көбейіп кетті. Азық-түлікпен қамтамасыз ету кешіктірілді.

Қазір 1540 пұт нанды ауылдарға жібердік, бұл жағдайды біршама жеңілдетуі тиіс.

5) Аудан қызметкерлерінің хабарлауынша аштықтан өлмеген әрі ісінбеген бірде-бір колхоз жоқ.

6) Мен келгенде, Жосалы стансасы үй-күйсіз қалған ауруларға лық толғанын көрдім. Біз бәрін жинап алып, үйсіздерге үш үй ұйымдастырып (180 адам) оларға тамақ бердік. Байқауымша көбі өлетін сияқты.

7) Облыс Қармақшыға азық-түлікпен қамтамасыз ету үшін 255 адамның санын бекіткен екен, аудан осы санды жинап алып, одан артығын ұстай алмайтындығын айтады. Мен көшеде қаңғып жүрген барлық балаларды жинап алуға нұсқау бердім, сөйтіп, екі күн ішінде 450 балаға жетті. Жалпы 500 болады деп болжап отырмын. Үш күн бойы аудан басшыларына қысым жасап, біраз жұмыс тындырылды. Енді ақша және күріш қажет болып тұр. Табуға болатын сияқты.

8) 17-қыркүйектегі шешімді жүзеге асыруды басшылары кешіктіріп отыр. Оны жаппай сойып алу қауіпімен, шөптің жоқтығымен және жекеленген колхоздардың сарайы дайын еместігін себеп қылады. Кей жерлерде малдарды таратқан кездерде, ертеніне алған малдарын түгелдей сойып, жеп қойған. Қамалуға алып, түсіндіру жұмыстарын жүргізгенімен, бұл кемшіліктер тоқтамай отыр. Тіпті мынадай оқиғалар болған: таратылған мал жетпей қалған тұста, малсыз қалған адам біреудің малына бас салып, сойып алған. Ауданға барған уәкілдер, өздері түнеген бөлмесіне мініп барған аттарын кіргізіп жататын болған. Ал, күндіз аттарға күзет қоюға мәжбүр етеді. Өйткені, қаны немесе еті біреуге тиіп қала ма деген үмітпен талтүсте мініс аттарының тамағына, ішіне пышақ сұғып алған оқиғалары кездеседі...

ҚУАНЫШБАЕВ. 21 желтоқсан, 1933 жыл.
Мұрағат құжаттарын газетке өзирлеген
Қ. ТҰРЫМТАЕВ, Б. ҚАБДУШОВ

«Сыр бойы», 17 шілде, 2001 жыл.

ӘБДІРАШТЫҢ
Жарасқаны

Жаныма маза бермей жарық тылсым,
Жас ұрпақ мына бізше жылап, күлсін..
Жапанда жалғыз.. жалғыз... ұлып тұрған
Бөріге.. жиі-жиі құлақ түрсін!..

Зиялы оқырман қауым! Өздеріңізге «Арманда кеткен арыстар» атты бөлімнен шағын бір топтама ғана беріліп отырған бұл кітап — жеріміздің кеңдігі, еліміздің елдігі үшін қанын да, жанын да аямаған, санамыздың селкостығынан біртуар бейнелері күңгірт тартқан бабалар мен Тәуелсіздік жолында күні кешеге дейін созылған бұлқыныстар тұсында опат болған арыстардың, одан беріде өткен, алақандарының табы арқамыздан кете қоймаған ардагер аға, жақсылар мен жайсаңдардың рухына арналған тұтас туынды еді.

Азаматтық, перзенттік парыз ретінде ақындық қиялмен орнатқым келген ескерткіш-құлпытасым (эпи-

тафия) қажет санағандар, қайырылып тәуап етпек болғандар зәуде бір еңкейіп босағасын аттар деген ниетпен қал-қадарымша тұрғызғым келген кесене-ғибадатханам еді...

«Жазыда мал іздеген қазақтың басы қайда қалмаған!» деп Шалкиіз, «Асқан алпыстан мынау жасымыз, қашқан көріліктен мынау басымыз қалар қай сайда?» деп Шәкәрім аталарымыз айтқандай, көбінің басы қайда қалғаны, қабірі қайда жатқаны белгісіз, жазықсыз жапа шеккендер мен қуғын-сүргінде ұшырағандарды ел-халық еске алатын қасиетті күні ұсынылып отырған осынау өлеңдерім — сол құрбандарға оқыған дұғам, салған бір уыс топырағым болсын!

«Таң-Шолпан» журналы, 2—2001 ж. 100 бет.

МУСТАФА ШОҚАЙҰЛЫ
(1890—1941)

Табының төңіредей текті ісіне,
Құлдықтың қарсы шықты тепкісіне!..
Түбі бір түркі жұртын ұйытқалы,
Ұранын еркіндіктің етті сүре!

Күрестен қайтпас-қайсар күшті атасы!
Қасірет — қатып қалған ішке тасы!
Кетердей көрден де осы атып тұрып,
Шоқайдың шермендесі — Мұстафасы!

Біздерге болды деген «Не қайыры?» —
Алынды ата жаудан ат-айыбы!..
Қазақтың жатыр мұнда батыр тұлға —
Қайраткер Мұстафасы Шоқай ұлы!

Түпкі ойы,
Түпкі мақсат,
Түпкі арманы —
Тұтасып Түркі елінің жұрт болмағы,
Дуалап-дауасыз бір дерт секілді,
Қуалап — қайда барса құтқармады!..

Толғаған Тұрмағамбет дастандары —
Өмірдің болды өзгеше баспалдағы!..
Шығыстың жұлдыздары шоғырланған —
Шақырды жұмбақ әлем аспандағы!

Жердегі күйкі тірлік қылып ығыр,
Қанында қиқу салды ұлы дүбір!..
Төңірсіз пенде біткен иттей толып,
Дамылсыз көкке қарап ұлыды бір!..

«Таң-Шолпан» журналы, 2—2001 ж. 106 бет.

ҚОРЛАНҒАНДАР МЕН ҚОР БОЛҒАНДАР

Ахмет Байтұрсынов Торғай облысы мен уездері басшыларының неге сотқа берді?

1917 жылғы сәуірдің 2—8 аралығында Орынборда Орал, Ақмола, Семей, Сырдария, Бөкей ордаларынан келген 300 делегаттың қатысуымен өткен Торғай облыстық қазақ съезі туралы көпшілік хабардар. Съездің төрағалығына Ахмет Байтұрсынов, орынбасарлығына мемлекеттік 1-Думаның мүшесі Алпысбай Көлменов пен Уаждхан Танашев, хатшылығына Сейдазым Қадырбаев, Омар Алмасов, Шафқат Бекмұхамбетовтердің сайланғаны да белгілі.

Съезде қаралған мәселелер, алынған шешімдер баспасөздерде жеткілікті жазылды. Солай болса да осы съездің бірсыпыра шешімдерінен жұртшылық өлі де хабардар емес. Себебі біз айтқалы отырған мәселелер жазылған жоқ, жазылса да үстірт.

Мәселен, баспасөздерде осы съезге: «Торғай облыстық губернаторы Эверсман қатысып, съезге Ахмет Байтұрсынов төрағалық жасады» — дейтін қысқа хабар жазылуда.

Мұрағаттық құжаттар (ҚР ОММ 86-қор, 1-тізімдеме, 13-іс, 18—21 парақтар) Эверсманның съезден өз еркімен кетпегендігін, съезден қуып жіберілгенін айқындайды. Эверсман облыстық губернаторы есебіндегі лауазымын пайдаланып, ескі дағды бойынша съезді құттықтамақшы болып Ахмет Байтұрсыновтан сөз сұраған кезде залда отырған делегаттар оған қарсы өре түргеліп, «құлаған үкіметтің өкіліне сөз берілмесін. Біз саған сенбейміз», — деп залдан қуған.

Мұнан соң Міржақып Дулатовтың ұсынысы бойынша Орынбор орта оқу орындарының діни оқытушысы Әбдірахман Мәдиевті, Торғай облыстық басқармасының аудармашысы Мұхамедияр Тұнғачинді халыққа бұрынғы істеген зәбірлеріне сәйкес съездің межіліс залынан шығарып жібереді.

Сонымен қатар съезд делегаттары Омар Алмасов, Керім Тоқтабаев, Әлмұхамед Қасымов, Тоймұхамед Көтібаровтардың хабарлары бойынша Торғай облыстық басқармасының аға кеңесшісі, полковник П. А. Агапов, Торғай облысының әскери бастығы Загаинов, Ырғыз, Ақтөбе, Қостанай, Торғай уездерінің бастықтары Шубин, Витман, Куфтин, Прытков, Кочергин, Батманов, Торғай уезі бастығының көмекшісі Ткаченко, Қостанай уезінің приставтары Прокопов, Данговцевтің қызмет бабы пайдаланып халыққа қиянат жасап зәбірлеген қылмысты әрекеттерін талқылады.

Осылардың ішінен оқырмандарға П. А. Агаповтың, Прокопов пен Загаиновтың өпербақандық қылмысты әрекеттерін халыққа таныстыруды жөн көрдік. Торғай облысы басқармасының аға кеңесшісі полковник П. А. Агапов 1916 жылы майданның қара жұмысына қазақтарды алу жөніндегі заң талаптарының дөрекі пайдаланып, Асыра сілтеді, заңды бұрмалады. Қостанай уезіндегі екі болыс, Ырғыз уезіндегі бір болыс елдің басына өңгір таяқ ойнатты. Қасына 137 казак жазалаушы алып, Сарыторғай болы-

сына келіп тізімді қайта жасатты. 19—31 арасындағы жастарға қосып, енді 17—35 жас арасындағы қазақтарды да майдан жұмысына алуға жарлық берді. Соның салдарынан майдан жұмысына алынуға жатпайтын 70 адам артық алынды.

Елді дүрліктіру, қорқыту, ұрып-соғудың салдарынан Дамбар болысында казактарды тамақтандыруға, келіктерін азықтандыруға үй-үйден тінтіп астық, ақша жинады. Ат арба үшін 1125 сом, казактардың аттарының жемі үшін 300 пұт арпа мен 1000 сом, 137 казактың тамағына 90 қой, басқа қант-шайына 5600 сом ақшаны тартып алды.

Өзін Торғай даласының өміршісі сезінген П. А. Агапов екі уездің елге қадірлі ақсақалдары мен атамандарын «маған шүғыл жетіндер» деп шақырып алды. Олар түгел жиналып болған кезде «сердер бүлік шығаруға келдіндер» деп жала жауып, 1500 сомнан айып салды. 37 жастағы Әбілқай Жұмбаевты «сені табан астыңда майданға аттандырамын» деп қорқытып 1000 сом ақшасын қалтасына басты. Тежеу көрмеген П. А. Агапов ел тонауды өрістетті. «Бестөбе» болысында үй-үйді аралап, қымбат бағалы ертоқымға дейін сыпырды. Осыдан кейін қандықол қарақшы П. А. Агапов 98 қазақты жиып алып казактарына айдағып жола шықты. Жолдағы елді мекеннің бірінде қазақтар мен казактар арасында төбелес болып, айдап келе жатқан 98 қазақтан 7, жергілікті халықтан 4 адамды казактар өлтірді. П. А. Агапов айдап келе жатқан 98 қазақтың тірі қалған 91-ін Қостанай түрмесіне айдап апарып, өздерін өлмеші етіп сабап, 4 ай бойы азаптап, ақырет-азап көрсетті.

Қостанай уезінің 3-ші стан приставы Прокопов та Агаповтан қалыспады. Ол «Аққарға» болысына барып, қарауындағы жазалаушы отрядына барлық жабдығы, қазан-ошағы, төсек орнымен, азық-түлігімен дайындалған 15 үй тіктірді. Ішіп-жемі үшін есепсіз мал сойдырды. Жазалаушы казактардың нашар аттарын қазақтың ханына балаған сөйгүліктерімен ауыстырып мінді. Аттарын қимағандарды ұрып-соқты. «Жетіқара» болысының № 8 ауыл тұрғыны Байтақ Сүйінтаевтың 8 биесін тарғып алып кетті. Осы болыс үйлерінің қолда тұрған барлық малдарын алдарына салып айдап, елден 40 шақырым қашықтыққа апарып тастады. Малдарын иесіздікке ұшыратты.

Торғай уезінің әскери бастығы Загаиновтың озбырлығы бөрінен де сорақы. 1916 жылы 22 қазанда Торғай қаласында тұрақты тұрмайтындар 2 сағаттың ішінде қаладан шығып кетсін деген жарлық берді. Оның бұйрығы бойынша Торғай қаласына сырттан ешкім кірмейтін болды. Егер ойда жоқта мұнда келгендер көріне қалса, ешбір сұрау, тексеруісіз әскери гауптвахтаға жабылды. Агапов 24 қазаннан бастап: «Торғай қаласы соғыс жағдайында», — деп жариялады. Қаладағы барлық қазақ үйлеріне тінту жүргіздірді. Ешбір себепсіз қазақтарды Торғай

түрмесіне тоғытты. 6—7 қарашада Торғай қаласындағы барлық қазақ зиялыларын, олардың әйелдері мен балаларын тұтқындауға бұйрық шығарды. Тұтқындалған қазақтардың үйлері, мүліктері қазақтарға, әскерге, Торғай қаласында тұратын орыстарға үлестірілді. Тұтқынға алынған қазақтарды аяусыз жазалады. Азар-ақырет берді. Тұтқынға алынған екіқабат әйелдер абақты ішінде босанды. Тұтқын қазақтарға бір шелек суды 7 сомнан сагты. Абақтыдағы қазақтарды әжетханаға жібермеді. Оларға өз етіктерін әжетхана есебінде пайдалануға мәжбүр етті. Осындай азар-ақыретке, ұрып-соғуға шыдамай Әбділда Сыпсыңбаев (мәтінде осылай жазылған, Сансызбаев болуы ғажап емес. — З. И), Жансары Танбаев, Қаспаевтар абақтыда жан тапсырды. Абақтыдағы қазақтар науқастығына, аштығына қарамастан кез келген ауыр жұмыстарға айдап апарылды. Ұрып-соғып жұмыс істетті. Торғайдағы қазақтар мен орыстарға өздерінің бас пайдасы үшін күніне 30 тиынға әр адамды еріксіз жұмыс істетуге берді. Адамгершіліктен жүрдай, қаражүрек Загаинов жазықсыз абақтыға қамаған қарттарды, балаларды, әйелдерді, лауазымды қазақтарды абақты үйінен прапорщик Павтертов деген оларды бөліп сыртқа шығарып жатқанда, фельдфебель Кузнецов келіп Загаиновтың «Түрмеден босатылған қазақтардың Торғай қаласының көшелерінде 5 минуттың ішінде өздері түгіл, рухы да болмасын және мұнан былай менің көзіме қазақтар көрінбейтін болсын»,— деген бұйрығын тапсырған. Сондықтан Загаиновтың жаңдайшаптары абақтыдан босатылғандардың бәрін ашжаланапшығына қарамастан қыстың қақаған аязында қазақ конвойымен Торғайдың иесіз даласына қаңғыртып апарып тастады. Загаинов та, оның сілімтіктері де қазақтар Торғайда өлмесін, суықта үсіп өлсін, ит-құсқа жем болсын, сүйегі көмүсіз қалсын

XX ғасырдың басындағы қазақ ұлтының саяси және рухани өмірінен ерек орын алатын аса көрнекті тұлғалардың бірі, тірі жүруінің өзі «Қу жақ» деп аталған Голощекин мен «Кене» деп аталған Ежов үшін қауіпке айналған өткір ойлы, от жүректі қайраткер Смағұл Сәдуақасов Мұхтар Әуезов екеуі алағар рет 1918 жылы мамыр айында Омбы қаласында өткен «Алаш» партиясын қолдау мақсатында құрылған жалпы қазақ жастарының «Жас азамат» ұйымының құрылтайында танысты. Содан бастап қашан С. Сәдуақасов Кремль кеңселерінің біріңде оқыстан жұмбақ жағдайда көз жұмғанға дейін достықтары үзілген жоқ. 1921—1922 жылғы «партиялық тазалауды» да бастарынан бірге кешті. Кейін С. Сәдуақасовты Голощекин оқу ағарту министрі қызметінен алып, ол уақытша Ташкенттегі педвуздың ректоры міндетін атқарып тұрған болатын. Дәл сол күндері «Алашорда» көсемдерін тұтқындау туралы жасырын нұсқау

деп осындай шешім қабылдады. Олар қазақтың өзі түгіл, сүйегін де, өлімтігін де көргісі келмеді. Сол айдап бара жатқан, өлімге басын тіккен қазақтардың жанқалталары тінтіліп, қалған-құтқан ақшаларын да конвойдағылар сышырып алды.

Абақтыда қалған екінші топқа Загаинов ойына келгенін істеді. Мәселен ол Қаби Дәуренбековтен бір айғыр, Ахмет Өтетілеуовтен 2 бие, 30 қой алып бостандыққа шығарды. Өзінің бұйрығымен әскери гарнизонға отын, шөп тасытқан қазақтарды «бұларды сурақсыз ату керек»,— деп қорқытты.

Мұндай жөнсіздікке төзбеген, қарсылық көрсеткен қазақтарды ол аяусыз жазалады. Мәселен Қасымов, Ахметсапа Юсупов, Сабыр Сарбасов секілді мұғалімдерді, Майқара болысының № 3, 4, 5 ауыл тұрғындары Әбдірахман Иманқұловты, Елкей Бекмұрзин мен Бегелі Шақшабаевты, Бәлдік Байтоғавты көпшіліктің көз алдыда Загаиновтың өзі соққыға жықты.

1917 жылдың 2—8 сәуірінде өткен қазақ съезі Торғай облысы мен уездердің басшыларының бұл қылмысты әрекеттерін тексеріп, жауапқа тарту жөнінде Қазақ әскери округінің бас қолбасшысына, Орынбор округтік сотына материалдарды тапсырды.

Бірақ бұл қылмыстыларды жауапқа тартуға келгенде Қазақ әскери округінің бас қолбасшысы да, Орынбор округтік соты да, Қостанай, Торғай, Ырғыз уездік соттары, Саратов сот палатасы, Троицк, Орынбор округтік прокуратуралары екі жыл бойы жоғарыдағы мәселелерді өрі итеріп, бері жықты. «Қарға қарғаның көзін шұқмайдыға» өкеп тіреді. Олар заман ағымына сөйкес азамат соғысының қырғын, қиын-қыстау күндерінде өз бастарын қүйттеуден аспады. Торғай облысы қазақтары съезінің шешімдерін орындауға жауапсыз қарады, басын қатырғысы келмеді. Ұлтшылдық бағыт ұстады.

Зияда Ижнов, Қазақстан Республикасының мұрағаттар ісі және құжаттану жөніндегі ғылыми-техникалық ақпарат орталығының қызметкері.

«Егемен Қазақстан», 30 мамыр, 2001 жыл.

берілген еді. Ленинград университетінің соңғы курсында оқып жатқан Мұхтардың досының, өзінің, сондай-ақ шығармаларының болашағы туралы алаңдап, алыстан сыр тартуының себебі де сонда. Ләззат (Елизавета) Әлиханқызы Бөкейханова 1956—1957 жылдары Мәскеу қаласында жазушымен кездесіп, жары С. Сәдуақасовтың бір романы мен өзге де дүниелерінің қолжазбасын М. Әуезовке тапсырған. Ол асыл мұра қазір «Әуезов үйі» ғылыми-мәдени орталығының қолжазба қорында сақтаулы тұр.

Мұхтар! Келесі хатты Қызылордадан жазамын. Смағұл.

С. Сәдуақасовтың бұл кезде институттың директорлығынан да босатылғаны байқалады. Голощекин оны сол күйі Қазақстаннан шеттетіп тынады. Смағұл Мәскеу қаласындағы ауыл шаруашылығы академиясына тыңдаушы болып түсіп, оны бітіргеннен кейін ДнепроГЭС-тің директорының

орынбасары болып қызмет істеп жүргенде Кремльге шұғыл шақырылады. Танертен аман-сау ішке кірген Смағұл сол күні түстен кейін тосын дерттен қайтыс болады. Оған «өндірістік улану» деген диаг-

ноз қойылып, денесі өртеліп жіберіледі. С. Мұқанов бастаған қазақ қызметкерлері сүйек күлін алып, Мәскеуде жерлеу рәсімін жасайды.

Тұрсын ЖҰРТБАЙ
«Егемен Қазақстан», 30 мамыр, 2001 жыл.

ГОЛОЩЕКИН ГЕНОЦИДИ: КІМ КІНӘЛІ?

ВКП(б) Қазақ өлкелік комитетінің аштық жылынан кейін өткен пленумының стенограммасынан үзінді.

ВКП(б) Қазақ өлкелік комитетінің 1933 жылғы шілденің 10—16-сы аралығында болып өткен VI пленумы: 1) орақ науқаны және мемлекетке астық тапсыру, 2) ауыл мен деревнядағы партиялық жұмыс, 3) мал шаруашылығын дамыту туралы үш мәселені қарап, талқылады. Осылардың ішінде әсіресе соңғы екі мәселе күн тәртібіне өте өткір қойылды. Онда пленум Қазақстан еңбекшілерінің социалистік құрылыстағы табыстарын атап көрсете отырып, ауылды коллективтендіру мен көшпелі халықты отырықшыландырудағы ірі кемшіліктердің себептерін ашты. Пленумға қатысушылар өздерінің сөздерінде коллективтендірудің шапшаң қарқынына жетеміз деп орынсыз асығушылыққа, асыра сілтеушілікке, көзбояушылыққа жол берген Ф. И. Голощекин мен оның төңірегіндегі бұрынғы басшылықтың жұмыс өдісін қатты сынға алып, бұған қатысты көптеген келенсіз фактілерді көпшілікке жасырмай айтты. «Осының бәрі, — деп тұжырымдалды VI пленумның қарарында: — өмірге қабілетсіз ауыл шаруашылық артельдерінің құрылуына өкеліп соқты. Мұны феодал — бай элементтері пайдаланып, малды жаппай сойып сатуды, жергілікті қазақтардың біразының аштыққа ұшырап, ауа көшуін туғызды».

Осы пленумда сөйлеген Қазақ АССР Халық Комиссарлары Советінің Төрағасы О. Ж. Исаевтың сөзінен үзінді.

...Бөріңізге мөлім, бұрынғы басшылықта менің орным оңай орын болған жоқ. Шынында да: мен «шабак» немесе қатардағы артельші ғана болсам, онда үкімет адамы болғаным қайсы?! Ірі бай, шонжарлардың шаңырағын ортасына түсіріп, белін сындырған дәуірде де, Қазақстан партия ұйымында болған ұлтшыл уклондарды, жіктерді қиратқан дәуірде де мен аз жұмыс атқарғаным жоқ. Орталық партия комитетінің басшылығымен ұйымымыздың қатарын большевиктендіру үшін орасан зор іс істегенде де, «жай көсемнің» соңына ергеніме қарамай, Қазақстан партия ұйымындағы таңдаулы күштерді біріктіріп, партияның түзу жолына түсіруде де менің орным шағын болған жоқ. «Қосшы» ұйымын құрған кезеңде, жерді бөлiске салғанда, совхоздар орнатуда, алғашқы бесжылдықта мен тағы аз жүк арқаламадым.

Алайда, осындай даусыз игі істеріммен қатар, менің Қазақстандағы соңғы екі-үш жылдың ішінде болған асыра сілтеу, бұрмалаушылықтардағы орным

да шағын болмай шықты. Сондағы менің қателеріме келсек мынадай бір жайды еске түсіру керек.

Өткен кездегі қателерімде, Құрамысов айтқандай, айғайшы ғана болып қана қойғаным жоқ, мен кейбір мәселелерді өз бетіммен өзімше ойластырып шығарып та жүрдім.

Атап өтуімді міндет деп білемін: өлкелік комитеттің отырықшыландыруды шапшандату жайындағы бірсыпыра қаулыларын, солардың ішінде отырықшыландыру ісін жалпы алғанда 1933 жылдың ақырына дейін аяқтау жайындағы қаулыны жазып, ұсынған менмін. Мұнан басқа, шамасы 1931 жылдың орта кезінде бір жасаған баяндамада мал шаруашылығы аудандарын колхоздастыруды шапшандату деген мәселені өз басым ашық көтердім.

Көшпелі және жартылай аудандарда отырықшыландыру мен колхоздастыруды шапшандату, жеделдетудің қате екендігі енді күмәнсіз болып отыр. Мәселені жанағайдай қоюға не себеп болды дегенге келсек, өзім туралы айтатыным мынау: ауылдағы партия, кеңес жұмыстарын орындаудың және мал шаруашылығының бұрынғыдан әрі ойсырай беруіне тоқтау салудың мыңнан бір дұрыс жолы отырықшыландыру мен колхоздастыру деп білген едім сол кезде.

Ауыл көшіп жүргенде, отырықшыланбағанда маған көпшілікті шындап ұйымдастыруымыз мүмкін емес сияқты болып көрінді. Ауылды отырықшыландырмақ, ондағы мәдениет ісінен де, ұйымдастырушылық жұмысымыздан да жөнді жеміс шықпайтындай болды. Сонсын маған төрт түлікті ортақтастырмайынша етек алып кеткен мал союды тоқтатудың да мүмкіндігі жоқтай көрінді.

Мал шаруашылығын өркендетуге қосымша түрде айналысатын егіншіліктің үлкен маңызы бар деп білумен қатар, отырықшыланбай, колхоздаспай тұрып, ол егіншілікті дамыту мүмкін емес деген пікірге тоқталдым. Қатеміз сол, біз мал шаруашылығын ойсыратып отырған түпкі, негізгі себептерді ұғынбадық. Ол енді міне қазір ғана алақандағайдай ап-айқын болып отыр: көшпелі, жартылай көшпелі аудандарда мал басының азаюын тоқтату үшін отырықшыландыру мен колхоздасуды шапшандатуды қоя тұрып, қателер мен асыра сілтеулерді тежеу керек еді, қалың бұқараның арасындағы үгіт — түсінік жұмыстарын күшейту керек еді, көшпен қосылып, көпті бастай отырып, байларға, олардың ептестеріне сойылды батыра сілтеу керек еді. Кейді мен орталар жеке шаруа қалпында отырса да мал шаруашылығын көтеруге, өз шаруашылығын күшейтуге

мемлекеттен көмек көре алатындығын, жәрдем ала алатындығын іспен дәлелдеу, көздерін жеткізу керек еді. Мал біткеннің бәрін қазына алып қояды деген байлардың сөзі көпе-көрнеу қастық, жаулық екендігін ауыл еңбекшілеріне өбден ұғындыруымыз керек еді. Қатеміз сол, ауылды үлкен қиыншылықтарға ұшыратқан, малдың басын кеміткен шын себептерді ұқпадық, содан дұрыс қорытынды шығара алмадық, сондықтан, әрине, теріс істер істеп, ағартықтарға жол бердік.

Ендігі әңгіме — ұлыорысшылдық көріністері: ұлт саясатының іргелі мәселелерін, атап айтқанда: мәдениет құрылысында жаңадан ұлт қызметкерлерін баулып шығару жергіліктендіру және басқаларын іске асыруға келгенде сол ұлыорысшылдықтың көрсеткен қарсылықтары жайында. Менің ойымша мұнда да мен бірсыпыра кінәлімін. Әңгіме мынада «солшыл» бағыттағы ұлт коммунистерінің ең үлкен кемшіліктерінің бірі — олар ұлт мәселесіндегі ұлыорысшылдықтың басымдығын жете бағаламаған. Әдетте «солшыл» бағыттағы ұлт коммунистері әрбір орыс қызметкерін төңкерісші пролетариаттың ең маңдайалды жауынгері, партияның көзі мен құлағы деген аңқау түсінікпен ұлыорысшылдықтың көріністерін байқамай жүре беретіндігі жиі ұшырасатын. Менің айтағым сол, мен де, өзге бірқатар жолдастар да, ұлыорысшылдықтың қаупін жете бағаламадық, сойтіп партия ұйымдарының істерінде ұлыорысшылдыққа мықты соққы берілмеуіне (өзіміз білмесек те) көмекші болып шықтық.

Сонымен жауапкершіліктен жалтармақшы емеспін. Ісімізде болған үлкен-үлкен қателерге де менің өз басым айрықша жауаптымын. Өйткені мен үкімет ағасымын, партияның белсенді қызметшісімін, бірақ қандай болсам да осы дәуірдің ішінде Қазақстанда болған барлық игі істі де, жаман істі де қолымнан жалғыз өткізіп отырдым дей алмаймын. Басшылықтағы ең басты орын (роль) ұйымның бірінші хатшысы Голощекиндікі болды; солай болған соң, әрине, айыптың адам айтқысыз мол жағы сонда, бұл даусыз нәрсе. Әрине, қазірде де, басшылықта менің орным бірінші хатшымыз Мирзоян жолдастың орнымен бірдей емес. Мирзоян жолдас ұйым басшысы болғандықтан саясат пен басшылыққа алдымен жауапты, әрине, менің мұным жауапкершілікті өз мойнымнан түсіргендік емес. Менің мұны ерекшелігі айтып тұрғаным, кейбір жолдастар өзімнің бұрынғы басшылықтағы орнымды айта келіп, ұйымның бірінші хатшысы болған Голощекиннің айыбын да, жауапкершілігін де бүркеп, қымтап кеткісі келеді.

Жарыссөзге қатысып, сөйлеген жолдастар, бұрынғы басшылықтың қателерін сынағанда, сол қателерде менің орным қандай болғандығын да көрсете сөйледі. Бұларды өбден дұрыс деп білемін. Мұның керісінше, жұрт бұрынғы басшылықты мінеп, сынап жатқанда мені ауыздарына алмаса, япырай, бұл қалай деп менің көңіліме де келер еді. Бұрынғы басшылықты сынағанда жұрт мені ауызға алмай өте шықса мен жаңа басшының да, бұрынғы басшының да, қатарында жок, не онда, не мұнда емес, бірдене болып қалған болар едім. Жок, жолдастар, мен ондай болып көргенім жок, болғым да келмейді. Мен жоғарыда айтып өттім ғой, жалпыға бірдей

қателермен қатар менің өз басымда да болған кемшіліктер бар, оларға жауапты болуға, мойындауға дайынмын, өзім аман қалып, қаңқу сөзді, жаманатты басқаға аударғаннан да мәселені жаңағыдай жоюды нағыз большевиктік тұрашылдық деп білемін. Осы айтылып өткен қателеріме қарамастан, бұрын ешнәрсені көргенім де, сезгенім де жоқ, кеше осы пленумның дәл мына мінбесіне шыққанда бірден ақылыма келдім десем, оным жала жапқандық болар еді. Пленум мінбесі, пленумның алды — үлкен, келелі жер; бұл жер көп жұртты ақылға келтіреді, көп жұрттың ақылын жөнге салады; бұл даусыз шындық. Ал, енді мен қатенің бәрін кеше ғана ұғындым, ақылыға кеше ғана келдім десем, оным дұрыс болмайды. Бұл айтылып отырған кемшіліктерді мен бұдан біраз бұрын, ертеректе-ақ сезгенмін. Атап айтқанда, VII конференцияда сөйлеген сөзімде көңіліме көлденен келген жайдың бірі көшпелі аудандардағы жеке меншікті мал шаруашылығының мәні мен маңызы ескерілмей жүргендігін ашық айтқанмын. Мұның дұрыс еместігін, өйткені мал шаруашылығын қолхоздастыруға жеткілікті негіз жоқ екенін сол кезде-ақ баяндағанмын. Онан соң 1931 жылы жасаған баяндамамады ескерте кетуіме болады, онда мал шаруашылығын ойсыратқан негізгі себептерді ашып көрсеткенмін. Бірақ сондай кемшіліктерді көргенмен, бір шатақтың барын сезгенмен шындында да не болып жатқандығын толық қорыта сезіп, өбден ұғына алмадым. Мәселені көтеруге партиялық ерлігім жетпеді емес, өз пікірімнің, өз қорытындыларымының дұрыстығына көзім жете алмады, сене алмадым.

Істегі олқылықтарымыздың түпкі себебі қалыптасып алған қателерде еді, болған бұрмалаушылықтарды түзеу үшін алдымен соның себептерін ұғынып барып жою керек еді, сонан кейін барып қана түзеу жайында қаулылар шығару керек еді. Міне, мен осыларды ұғынбадым да, істе болған асыра сілтеу, бұрмалаушылықтарды, кемшіліктерді түзету жайындағы жиі қабылданып жүрген өте жақсы қаулылармен қанағаттанып, жайбарақат отыра беретін болдым. Олқылық себептерінің бетін ашып алмайынша шығарылған қаулыларда жөнді мән бола алмақ емес еді, ондай дүниелер құрғақ сөз, бос әңгіме, іске аспайтын қысыр қаулы болып қана қала бермек еді. Бұл жөніндегі халдің өзі уыз қымызды өнезденген сабаға құя бергенмен бірдей болды.

Мен тағы да мына бір жәйтті ескертіп өтуді қажет деп білемін: өлкелік партия комитетінің бұрынғы басшылығы Қазақстандағы шын ахуалды Орталық Комитетке дұрыстап, анық жеткізе алған жоқ. Бұл жөнінде дұрыс істеген өлкелік комитеттің жаңа басшылығы ғана болды. Соның арқасында Қазақстанға жәрдемдесу туралы Орталық Комитет бірсыпыра қаулы шығарды. Егерде шын, айқын мәлімет ертерек берілген болса, сөз жоқ, қателеріміз де едәуір ертерек түзетіліп, қазіргі қиыншылықтар да едәуір кем болар еді.

Мұнымен қатар айтып кетуім керек, мен өзім өлкелік комитетті атап өтіп, Орталық Комитетті хабарландыруға тырыстым. Былтыр, 1932 жылы тамыз айында Қазақстандағы кемшіліктер, оның негізгі себептері туралы Орталық Комитетке үлкен хат

жаздым. Бұл хат кемінде бір жыл кешігіп жазылса да негізінен дұрыс болды дей аламын. Хатта мен колхоздастырудың қарқыны, әдісі, ұлыорыс шовинистігі туралы, ұлт саясатын бұрмалаушылық жайлы айттым. Орталық Комитетке жазған хатымда тағы да қыркүйектің 17-дегі қаулыға деген өз көзқарасымды баяндадым. Онда бұл қаулыға Голощекин, Құрамысовтың көзқарастарынан өзгеше баға беріп, бюросың Құлымбетов, Садуақасов сияқты мүшелерінің де пікірлерін көрсеттім. Мұның бәрін айтқанда кінәмді кемітіп, кешірім сұрамақ емеспін... ВКП(б) Қазақ өлкелік комитеті мәдениет және насихат бөлімінің меңгерушісі Ж. С. Садуақасовтың сөзі.

Бұрынғы басшылықтың негізгі қатесі колхоздастыру мәселесінде болды. Олар социалдық құрылыстың біз бастан кешірмеген дәуірлерін айналырған 2—3 жылдың ішінде-ақ аттап өте шығамыз деген асығыстыққа жол берді. Сөйтіп, бұрынғы басшылық коммунизмге жету үшін белгілі даму сатыларынан өтпей болмайды деген Ленин сөзін ұмытты. Сол жолды ұмытқандықтан, дұрысын айтсақ мұны бұрмалағандықтан, біз колхоздасу ісінде ірі-ірі саяси қателіктерге ұрындық. Отырықшыландыру секілді өте қажетті істе де көптеген солақайлықтарға жол бердік. Капитал елдері ғасырлар бойы отырықшыланатын, бірақ Кеңестер Одағында мұны ғасырлар бойына күтудің керегі жоқ. Солай бола тұрса да бұл шараның бірталай уақытты керек етері анық еді. Біз отырықшыландыру жұмысын екі жылдың ішінде-ақ аяқтап шығуға тырыстық. Тиісті өзіндік істелмегендігіне, көшпелі ауылда ескі рушылдық әдеттердің көптігіне, оның бәрі ауылды жаңа жолға салуда кедергі жасайтындығына қарамадық. Сөйтіп, біз колхозданған елдің процентін көпіртіп жібергені үшін ешкімге ұрысқан емеспіз, өзгешілікті ескеру керек-ау деген сықылды қыңқылдағандар болса, солардың жер-жебіріне жетіп жүрдік, малды ортақтастырмағаны үшін ұрыстық.

Ауылдың өзгешіліктерін ескеру дұрыстығын айтудың орнына бұрынғы басшылық сол ауыл өзгешілігін ескеру керек деген сөздерге құлақ аспады. Ауылдың өзгешіліктерін ескермек болған жолдастарға Голощекин мен оның жандайшаптары күн көрсетпеуге айналды; ондайларға ұлтшысың, оппортунистсілсін деген ат қойып, айдар тақты да отырды.

Бұрынғы басшылықтың саясаттық қатесінің бірі — мал басының, мал санының арту жағына зер сала қоймадық. Қазақстан жағдайын, оның мешеулігін біле отырсақ та, артта қалған ауылдың мал шаруашылығын 2—3 жылдың ішінде ғана қайта ала қоюдың ешбір мүмкіндігі болмаса да, соны біле отырсақ та, мал шаруашылығындағы істің негізі — малдың басын көбейтуге емес, сапасын арттыруда деп сірестік. Мал шаруашылығынан басқа екінші бір майдандағы қателерді аттап өтпесе, онда бұрынғы басшылықтың саясаттық қателері толық ашылмай қалған болар еді. Бәріңізге жақсы мәлім, біз өзіміз одақтағы кейбір республика, облыстардан көп кейін қалдық. Мәселен, Өзбекстан, Әзербайжаннан әлдеқайда кейінгі орындамыз. Биыл Өзбекстандағы сауатты адамдар мөлшері 70 проценттің үстіне шықса, бізде 30 процентке зорға жетіп отыр. Ойрат автономия-

сындағы сауатты адамдар саны 70 процент болса, бұл көрсеткіш бізде тағы да 30 процент қана. Бізде жар дегенде жалғыз ғана қазақ театры бар. Оның өзі де толық мағынасындағы театр емес. Ал, Өзбекстанның бір өзінде 34 театр жұмыс істейді. Қазақстанның мәдениет майданындағы артта қалғандығы міне, осыдан-ақ көрінбей ме? Бұл артта қалушылықтың теориялық түбірі, тамыры бар. Халық шаруашылығының дамуымен қатар мәдениет құрылысы да өрістеп, өсе түсуі керек. Мәдениет майданындағы қайшылықтарды жою қажет. Себебі бұл екеуі социалдық құрылыстың бірінғай тұтас бөліктері, келелі салалары. Партия бізге осылай деп үйретеді. Бірақ, Голощекин жолдастың кезінде бұл керісінше болды. Орталық Комитеттің қыркүйектің 17-сіндегі қаулысының тарихи мәні өте зор болатын. Ол саясаттық қателерімізді бетке айтқан еді. Өздеріңізге мәлім, сол қаулының да өңі айналдырылды, ол да бұрмаланды. Бұрмаланғанда әлдеқайда, байқаусызда бұрмаланған жоқ. Меніңше, бұрынғы басшылық оны әдейі өзінне тиімді етіп түсіндіруге тырысты, қаулының өзінде әдейілеп атап көрсетілмесе де, бұл ұстаған жолмыздың дұрыстығын көрсетті деуге тырысты. Бірсыпыра докуменстер, ішінара жекелеп көрсетсек, Құрамысулы Измұқан жолдастың баяндамасы бұған толық айғақ бола алады. Мәселен, ол өзінің жоғарыдағы қаулыға байланысты жасаған баяндамасында: «Өлкелік комитеттің ұстаған жолын ақтап, қорғап әрекеттенуімнің қажеті жоқ, өйткені оны Орталық Комитеттің өзі де дұрыстап отыр», — деді. Осыдан кейін Құрамысулы жолдас: «Мақтауға келгенде Орталық Комитеттің сараң екендігі өздеріңізге мәлім ғой», — деп тағы бір ескертіп қойды. Сонымен не керек, өлкелік комитеттің теріс, қате жолына тоқтау салған қаулыны бұрынғы басшылық бұл біздің ұстаған бағытымызды қуаттаған шара деп қалың бұқараға да, партия ұйымына да теріс түсіндірді.

Тағы да бір ескерте кететін жәйт мынау: бізде үш кісі бір жерде бас қосып сөйлесіп отырса, төртінші біреу оны естіп тұрса, өне бұлар топ пен жік құрды деп шу ете түсетіндік бар. Газетке өзара сын ретінде мақала жазған адамды уклондық жолға түсті дейтін әдет тағы бар. Қазақтың бір ақыны, яки бір жазушысы өз шығармасында көсіле сөйлесе, ойбай алашорда басын көтерді дейтіндік те бар. Менің ойымша жаңа басшылық ондай бұрмалауларға мықтап тойтарыс береді деп ойлаймын. Өйткені өзара сын ұлыорысшылыққа, жергілікті ұлтшылыққа қарсы күресімізге күш береді. Өзара сыннан қорқа — қате. Большевиктік өзара сынымыз тап жауына қарсы жұмсалатын қаруымыз.

Пленум уақытын алмас үшін, кеше Ораз жолдастың баяндамасында айтылған әңгіменің бәрін қайталамас үшін менің алдымен айтып кетейін дегенім мынау: ескі басшылықтың қандай болғандығы, оған берілген баға, Қазақстан партия ұйымының алдында тұрған бүгінгі маңдағы міндеттерге келгенде Ораз жолдастың баяндамасындағы бағытқа түгелімен қосыламын. Бірақ, мен өз рөліме, өз қателеріме, өз кемшіліктеріме тоқталып өтпекшімін.

Менің қателерім неден тұды? Алдымен мен Голощекин жолдасты қателеспейтін, жаңылыспайтын кеменгер адам деп білдім, кейде жеке мәселелерде

терістік бадырайып тұрғанда бюроның өзге мүшелері секілді өз көзқарасымды мықтап ұстап, соған тиянақты болуға жарай алмадым. Менің тағы да бір ірі қатем ол қыркүйектің 17-сіндегі қаулыны өлкелік комитеттің ұстаған жолын Орталық Комитеттің дұрыстап, қойған қаулысы деп түсіндіру. Менен бір жетіден кейін баяндама жасаған Голощекин жолдас та менің әлгі қатемді қайталады, бірінен бірі айныса бұйырмасын. Бюроның өзге мүшелері де менің қателерімді көре тұра, бұл жаңсақтықтар туралы ештеңе деген емес. Сонымен ол қателерім бұрынғы басшылықтың қателерінен туып отырған қателер болды. Мұнда логика бары анық.

Менің ойымша біз ұлтшыл элементтермен өте белсенді түрде күресіп отырдық, бірақ ұлыорыс ұлтшылығына қарсы күресіміз көрер көзге тіптен жеткіліксіз болды. Рас, мұнымен күреспедік деп айта алмаймын, өйткені ұлыорысшылықтың өзі басты қауіп қой, бірақ күрескенде оған сойылды баса, батыра сілтегеніміз жоқ.

Енді мына мәселеге келейік. Біздің Орталық Комитет дұрыс хабар ала алмады деген жолдастардың сөзінің жаны бар деп білемін. Бұған дәлелім — жаңа басшылық Москваға мән-жайдың бөлініп түгел ашып айтып бергеннен кейін Орталық Комитет Қазақстанға мықтап болыса бастады. Ол жерге дұрыс хабар ертерек жетсе, Голощекинді де, бізді де ертерек орнынан алар ма еді, қайтер еді. Бұл жерде бір нәрсе айқын. Олар сонда әлдеқашан қарайласып, көмекті әлдеқашан ертерек бастаған болар еді. Кінәнің көптігінің өзі осы арадан келіп шығады, былайша айтқанда, бұрын істеп қойған қате одан сайын тереңдей берді. Ораз жолдас болмаса Орталық Комитетке мән-жайды түгел ашып айтуға Голощекиннің де, өзге жолдастардың да ерлігі жетпеген болып шықты. Менің бұдан шығаратын қорытындымына: өлкелік партия комитетінің бұрынғы басшысы Орталық Комитеттің қыркүйектің 17-сіндегі қаулысын жүзеге асыруға жарай алмады. Ол документ өлкелік комитеттің жолының дұрыс еместігін нұқып көрсеткен қаулы еді. Бірақ біз сондағы көрсетілген қателердің батын ашпай, бүркеп, қымтап қойдық. Демек, өлкелік комитеттің бұрынғы аппараты Орталық Комитеттің жоғарыдағы қаулысын жүзеге асыруға келгенде көзбояушылыққа жол берді.

Өз басымнан кеткен кемшіліктердің көбін осы сөйлеген сөзімде айттым ғой деп ойлаймын, ал одан да көбін, денін өзара сын ретінде өзге жолдастардың көмегімен ашып, табармыз деп білемін. Реті келген соң ескерте кетейін, жоғарыда айтып өттім ғой, ол қателер негізінен алғанда иә бұрынғы басшылықтың жолынан туған, иә теориялық білім деңгейіміздің жеткіліксіздігінен болған деп тұжырым жасағым келеді.

Жолдастар, менің қазіргі ірі қатемнің бірі — мен өз кемшілігімді, бұрынғы басшылықтың кемшілігін көрсетіп, жүрт алдында әлі күнге дейін ашық мойындамадым. Рас, мен бұл жайында жиналыстарда атап айтқанда осы Алматыдағы кейбір бас қосуларда шінара айтқаным бар. Бірақ салақтықтың салдарынан солардың ешқайсысы баспасөз жүзіне шыққан жоқ, өзге партия ұйымдарының құлағына шап-лынған жоқ. Сондықтан осы жағын ерекше ескертуді

қажет деп тауып отырмын. Өйткені Құрамысулы риза емес екен деген өртүрлі сыбыстардың қайта қозуына мұндай нәрсенің өзі көп беруі мүмкін.

Мен мынадай жайды ашып айтып өтуді өзімнің борышым деп білемін: жаңа басшылығымыз, соның ішінде Мирзоян жолдас Қазақстанның қазіргі хал-жағдайын өте тез көре білді, бұрынғы басшылық қателерінің неден кеткенін тез аңғарды, олқылықты жоюды, әлгі кемшіліктерді іс жүзінде түзетуге тез кірісті. Осының нәтижесінде Орталық партия Комитетіне дұрыс хабар жетті, соның арқасында Орталық Комитет жақсы жәрдем де көрсетті, бұл жәрдем ақтық жәрдем емес, тұңғыш көрсетілген жәрдем. Әрине, әлі де істемеген іс көп, өзінгі істер ілгері істердің алды ғана.

Мирзоян: Дұрыс айтасыз.

Құрамысов: Менің ойымша, алда әлі де талай қиын міндеттер бар. Ол қиыншылықтарды жою үшін Мирзоян жолдас бастаған жаңа басшылықтың төңірегіне жиналып, соған мықтап ұйысуымыз керек. Білекті сыбанып тастап, нағыз іспен осы басшылыққа мықтап көмектесуге тиіспіз. Мен өзім осыған түгелімен толық бекініп, белімді бекем бұындым.

Алдымызда тұрған қауіп қандай? Алдымызда тұрған қауіп асыра сынап жіберу, жеке адамдарға тигізу, абыройын төгіп, беделін түсіру емес, алдымызда тұрған қауіп — өзара сынның мәнісін, маңызын кетіріп оны өтімсіз, тоғышарлық мылжынға айналдырып жіберу қауіпі. Шымкент қаласындағы партия белсенділерінің жиналысында осы жөйт анық байқалды. Өзара сын өткір болсын, көздеген жерге тиетін тура болсын, ешкімнің бет-беделіне қарама-сын. Мен өзім сондай өзара сынды жақтаймын. (қол шапалақтау).

А. Розыбақиев — (стенограммада қызметі көрсетілмеген — ред.) — Павлодар ауданының өкілінің сөзі. Ашығын айтайын, Голуодов жолдастың сөзіне пленумға қатысушылар қанағаттанған жоқ. Ол осында жиналғандарды толық қанағаттанарлық етіп өз қолымен істеген қателерін нағыз болышевкше ашып айтпады. Голуодов жолдас: «Мен кішкене адаммын. Аппаратта отырып, істі орындаушы ғана болдым. Са-ясатқа қатыспалым», — деп ақталғысы келеді. Бұл әлі де болса қатені мойындағысы келмегендік емес пе? Бұл Голуодов сияқты кісіге, бұрын өлкелік комитеттің ұйымдастыру бөлімін басқарып, соңғы жылдарды өлкелік комитеттің хатшысы болып істеп келген кісіге жарасатын сөз емес. Өзі істеген қатесін ашып айтпай, бүлкетуге, сылтауратып құтылуға болмайды. Ол аудандарға барып, өз қолымен көптеген қате істер істеді. Енді соның бәрін Голуодов жолдас қазір жасырып отыр.

Бізге қателіктердің бір-бірімен ұштасып, жатқан келеңсіз жүйесі болды. Соның бірі мынау. Ол бұрын бізде болып жатқан осындай сорақылықтарды айтқан адамдар оппортунистер деп кінәланып сотталатын. Осыдан кейін жұрттың үні шықпай қалды. Тағы бір келеңсіздікті айтайын, бүгін бәріміз көп сөз етіп жатқан Голощекин ешбір белсендіге сенбеді. Соның салдарынан өлкеден аудандарға баратын өкілдердің айрықша түрлері шығып, ондайлар жергілікті жағдаймен есептешілік дегенге пысықырып та қарамады. Бұл белсенділердің қаба-

ғынан қар жауып, жұрттың үрейін ұшыра келетін болды. Міне, олар сөйтіп келіп жалаң өкімшілік жолмен жоспарды қан қақсатумен асыра орындайтын да, тапсырманың орнына адамдарды соттап, құрбандық қылып қайтатын. Мұндай өкілдер жақсы өкілдер болып аталды. Ал, жергілікті жағдайлармен есептесіп, жергілікті ұйымдарға болысқан өкілдер оппортунистер, жаман пиғылдылар

болып есептелді. Сөйтіп, бүгін көп сөз болып жатқан бояма белсендіні, ұрдажық өкімшілікті ешкім де емес, ескі басшылықтың өзі дайындап шығарған болатын. Алдағы уақытта мұндай сорақылыққа жол бермейік, колхоздарды ұйымдастыруды шаруашылықтың әр түріне қарай бейімдеп жүргізуге күш салайық дегім келеді.

*Егеменді Қазақстан, 1 маусым
2001 жыл.*

ХАЛЫҚҚА ҚАРСЫ ЖАСАЛҒАН ҚЫЛЫМС КЕШІРІЛМЕЙДІ

немесе Аза тұту күнінің 31 мамырға белгіленуінің мәнісі туралы

Астамшыл кеңестік саясаттың салдары қазақ халқы үшін де өте ауыр болды. Асыра сілтеулер, шаш ал бәсе, бас алатын ұрда жық әрекеттер ұлтымыздың ішіндегі ұлыларын да, қатардағы қарапайым жұртты да қырғынға ұшыратты.

Бүгінде сол зарзаманда жазықсыз зардап шеккендерді, қуғын-сүргін көргендерді еске алатын белгілі бір күн бар. Ол — 31 мамыр. Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым академиясының корреспондент мүшесі, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Сейіт Қасқабасовпен шағын сұхбат еске алу күні не себепті 31 мамырға белгіленді деген сауалға нақты жауап береді. — Сейіт Асқарұлы, 90-шы жылдардың басында атқарған қызметіңізге байланысты саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау, еңбектерін бағалау ісінің бел ортасында жүрдіңіз. Осы оқиғаларға шегініс жасап көрелікші.

— Бұл оқиғалардың барлығы осыдан 10 жыл бұрын болды ғой. Ол Кеңес Одағының құрамындағы әр республика түрлі ұлттық мәселелер көтеріп жатқан кезең еді. Сол тұста қазақ халқының да ұлттық саяси, рухани езгіде болғаны жөніндегі өңгіме қатты қозғалды. Ақпарат құралдарында, алқалы жиындарда қазақ халқының геноцидке ұшырағандығы туралы мәселе де өткір қойылды. Ол кезде мен Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінде жаңадан құрылған саяси процестердің социологиясы орталығының жетекшісі едім. Қызметіме байланысты маған Қазақстанға жер аударылып келген халықтардың мәселесін қарау, 30-шы, 50-ші жылдардағы саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау жұмыстары тапсырылды. Жұмысшы тобын құрып, тарихшы-ғалымдарды тартып, іске кірістім. Қолымызға тиген материалдарды жұмысшы тобында талқыға салып отырдық.

Бір құжат менің назарымды ерекше аударды. Кеңес Одағында 30—40-шы жылдардың аралығында ауыл шаруашылығы саласындағы адамдардың саны Мәскеуге беріліп отырылыпты. Бұл құпия жасалған дегеніміз жараспас, бірақ жария да етілмеген. Онымен айналысқан мекеме Халық шаруашылығының есеп басқармасы деп аталыпты. Сол басқарма 1930 жылдан бастап 1937 жылға дейін жыл сайын ауылдарда қанша қазақ қалғаны, тұрып жатқаны туралы ақпар беріп тұрған.

— Қала халқы есепке алынбаған ба, сонда?

— Жок, тек ауыл қазақтары ғана қамтылған. Себебі

сол кездері қазақтардың түгелге жуығы ауылдарды мекендеген ғой. Қысқасы, 1930 жылы ауыл шаруашылығындағы қазақтардың саны 5 миллион 130 мыңды құраса, келесі жылы айтарлықтай азайыпты. Ал, 1932 жылы аштықтан қырылудың ең шарықтау шегіне жетіп, екі миллион 600 мыңдай ғана қазақ қалыпты. 1934 жылы сәл өсім байқалса, 1937 жылы дерек бойынша халқымыз 4 миллионға жуықтаған. —1932 жылғы дерекке сүйенсек, 2,5 миллионнан асқан қазақ жоқ. Бірақ, бәрі бірдей аштан қырылмаған болар...

— Әрине, Қытайға, Монғолияға, Ресейге, Иранға, Ауғанстанға ауған қазақтардың саны шамамен 400 мыңдай деп есептеледі. Демек, 2 миллиондай қазақ қырылған.

— Саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күні 31 мамырға белгіленген. Осының нақты себебі бар ма, 31 мамырға қатысы қандай?

— Орталыққа есеп жыл сайын 1 маусым күні беріліп келіпті. Мен 1991 жылдың қаңтар-ақпанында болуы керек, сол кездегі Қазақ ССР Жоғары Кеңесі Президиумының төрағасы Е. М. Асанбаевтың атына 1 маусымды ашаршылық құрбандарын еске алу күні деп жариялайық, үлкен бір ескерткіш орнатайық деп хат жаздым. Көп кешікпей жауап келді. Онда бірінші маусымның Халықаралық балаларды қорғау күні екені айтылады да, соған жақын келесі бір күнді белгілеу қажет екендігі ескертіледі. 1 маусымға ең жақын күннің бірі 31-ші мамыр емес пе. Ақылдаса келе Ерік Мағзұмұлына ашаршылық құрбандарын еске алу күні 31 мамыр болсын деп қайтадан хат жаздым. Менің ұсынысымды Е. Асанбаев Жоғары Кеңестің талқысына шығарды. Жоғары Кеңес оны талқылай келе 31 мамыр — ашаршылық құрбандарын еске алу күні болып белгіленсін, Алматыда ескерткіш орнатылсын» деген қаулы қабылдады...

— Сөзіңіз аузыңызда... Қазір 31 мамыр — Саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күні деп аталып жүр ғой.

— Иә, соңғы жылдары, қаталеспесем, 1995 жылдан бері ғой деймін, 31 мамырға басқашалау мәртебе берілген секілді. Негізінде 5 миллион халықтың жартысынан астамын жалмап кеткен 1931—1933 жылдардағы аштыққа байланысты жеке Аза күні белгіленген де дұрыс болатын еді. Екінші жағынан аштыққа ұшырағандар да саясаттың құрбандары ғой.

31 мамырға Саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күні деп жаңаша сипат берілгенде осы мәселе де ескерілген болуы керек. Түптеп келгенде айтарым, халыққа қарсы геноцид жасау — кешірілмейтін күнө. 30 жылдардың басындағы қолдан ұйымдастырылған аштық қазақ-

тың сана-сезіміне өте-мөте кері әсер етті. Жасқаншақтық, жалтақтық, өз-өзіне сенбестік пайда болды. Яғни, рухани тұрғыдан есеңгіретіп, сан жағынан ойсыратып кетті. Есімізді енді жия бастағандаймыз. — Өңгімеңізге рахмет.

Сұхбаттасқан Самат Муса,
Егеменді Қазақстан, 30 мамыр, 2001 жыл.

ТАР ЖОЛ, ТАЙФАҚ, КЕШУ

1929 жылы И. В. Сталиннің нұсқауымен КСРО аумағында еңбек пен түзету лагерлерін көбейту мақсатында арнайы жоспар жасалды. 1930 жылы 7 сәуірде жоба қабылданды. Сөйтіп, қолыма, Магадан, Воркута, Сібір, Орал, Қазақстанда және де басқа аймақтарда жашай лагерлер құрыла бастады. 1936 жылы Соловецк лагері қатал мақсаттағы түрмеге айналды. Мұны қысқаша — СТОН деп атады.

Бұл арада Орталық Соловецк лагері В. И. Лениннің ұсынысымен 1918 жылы құрылғанын еске алсақ, онда ГУЛАГ-тың негізін қалаған «күн көсеміміз» болады да шығады.

ГУЛАГ Кеңес одағында үлкен-үлкен 166-лагерьге бөлінді. Олардан 53 одақтық дәрежедегі, 425 еңбекпен түзету, 170 өндірістік, 83 ауыл шаруашылығы және 172 құрылыс және шаруашылық бағыттағы, 11 әйелдер; 50 жасөспірімдер лагері құрылды. 1934 жылдан саяси көзқарасы үшін сотталғандарды тәрбиелейтін тағы 10 лагер теңіздердегі адам аз тұратын аралдарда құрылды. Бірде-бір лагері жоқ екі-ақ республика: Армения мен Грузия болды.

Қазақстан мен Орта Азиядағы Сталиндік лагерьдің жалпы саны 33 болса, контингенттік бірден-бір лагерь — Карлаг. Бұл лагерьдің орталығы — Долинка қыстағы еді. Мұның өзі Мәскеудегі лагерьлер Бас басқармасына бағынды.

1940 жылғы 1 наурыздағы ГУЛАГ ақпаратына назар аударсақ, тұтқын саны — 166820-ге жеткен. Олардың 352 мыңы еңбекпен түзету колониясының жалпы режимінде отырғандар, 192 мыңы колонияның өндірістік және ауыл шаруашылығы жұмысына тартылғандар. Бұлардың 28,7%-і контрреволюция ұйымындағылар, 5,4% өте қауіпті қылмыскерлер, 12,4% саудагерлер, 9,7% ұрылар, басшы аппарат қызметкерлері, социалистік меншікті талан-таражға салғандар, т.б.

1930—1953 жылдарда контрреволюциялық іс-әрекеттері үшін сотталғандар — 3778254 адам болса, оның — 786098-і бірден атылып кетіпті.

Карлаг тұтқындарының көбеюі табиғи құбылысқа айналды да, мұндағылар саны әрқалай көрсетілуі құпия ұсталды. Келген адамдар саны көрсетілмейтін, туыс-туғандарына хабарланбайтын. Карлаг 1951 жылы өз тыныс-тіршілігін тоқтатып, құрамындағы бір миллионға жуық тұтқын «тәуелсіздік алып»,

Қазақстанның ажырамас бөлігі ретінде совхоз, колхоздарға бөлініп берілді.

Сол қара түнек жылдары Қазақстанда қанша сталиндік лагерь барлығы белгісіз болатын. Қазір оны айтуға болады. Соның ішінде Ақтөбеде құрылыспен айналысқан, химия зауытын салған «Алжир» — Ақмоладағы Отанын сатқандардың әйелдерін қамайтын. Алматыда құрылыс лагерлері жұмыс істеген. Балқашта лагерьлер басқармасы, Жамбылда, Жез-қазғанда, Ырғызда, Қазалыда, Карлаг — Долинкада, Кеңгірде, Қызылордада, Көкшетауда, Красноводскіде лагерьлер пункті болған. Сондай-ақ, Қорғантөбеде, Қостанайда, Семейде, Жезқазғандағы Степлаг, Түркістан, Орал, Өскемен, Шымкент, Екібастұз арнаулы лагерьлері 1948 жылдан жұмыс істей бастаған. Мұндағылардың ерекше режимдегілерден бір ерекшелігі жұмыс демалыссыз өрі ақысыз жүргізілген. Ал, жұмыс болмай қалған күндері темір торлы барақта қамаулы болған. Киімдері нөмірленген. Туған-туыстарына екі хаттан артық хат-хабар жазуға рұқсат етілмеген.

Лагерь қызметкерлері — чекистер деп аталды. Олар өкімгершілік-басқару міндеттерін атқарды. Сондай-ақ, чекистер еңбекпен түзету саясатын жүзеге асырды. Бұларды саяси басшылар деп атады. Чекистер мен саяси жетекшілер тұтқындар арасында үгіт-насихат жұмыстарын жүргізді.

Қазіргі айтылмай, тіпте айтуға жол берілмей келе жатқан бір мәселе Карлаг тұтқындарының Ұлы Отан соғысындағы жұмбақ ерлігі. Оның ішінде «Алжир» лагерінің соғысқа тигізген ұшан-теңіз пайдасы, майдандағы ерлік, соғыс әрекетіндегі көзге көрінетін еңбекпен өлшенді де тұтқындар еңбегі атаусыз қалды. Түрмеде отыру соғыстан да азап болды. Соғыс жылдары 27 миллион Кеңес әскері опат болса, ГУЛАГ құрбандары одан да көп.

Біз қазақ жеріндегі азап лагерінің қанша екенін айттық. Соның бірі Қарағанды облысындағы Карлаг. Оның жер көлемі 110 мың шаршы шақырым. Қазақстан жерінде осы ГУЛАГ жүйесіндегі 27 лагерь болған. Мысалы, Жезқазған облысындағы Степлагта жеті мың адам қамауда болған. Арнайы лагерьлерде көпшілікке белгілі, негізінен РСФСР қылмыстық кодексінің 58-бабымен сотталған «Халық жаулары» топтастырылған. Тұтқындардың өлі-тірісін ешкім білмейді. Тәртіп дәл концлагерьдегідей, тұтқындар арқасына тігілген нөмірлері арқылы түгелденіп отыр-

ган. Мұның сыртында Қазақстанның өзіне бағынышты «Ішкі істер министрлігінің еңбекпен түзету лагерьлерінің Бас басқармасы» деген болды. Бұл басқармаға бағынатын Қазақстандағы лагерьлердің саны сол жылдары 70-ке жетті. Қыркыншы жылдары Карлагтың өндіріс орындары 294 болса, алпысыншы жылдары төрт еседей өскен. Бұлардың өзіндік мектебі, тәжірибе шаруа-

шылықтары, зауыт, фабрикалары, тіпте өйгілі биші Уланова сияқты өнер шеберлері құрған концерттік труппалары да болған.

Қарағанды лагеріндегі жазалау шаралары қалай жүргізілді дегенге келсек, әрине, ол жерде ешкімнің маңдайынан сипай қойған жоқ. Байқап отырсаң бұл арзан қол күші арқылы социализмді тез арада құру саясаты ма деп қаласың?

Ә. Әлиқбари.

Сыр бойы, 31 мамыр 2001 жыл.

ҚАРҒЫС АТҚАН

Жазықсыз жалғыз оқпен жайратқан жауыз туралы

— Мен қарғыс атқан аламым деп Алексей Васюков. Иә, деп солай... Жиырма бірінде соғысқа аттандым. Воронеж түбінде екі рет жараланып, содан кейінгі өмірімнің көбі госпитальде өтті. Қырық алтының күзінде елге оралсам шешем мен қарындайым өртеніп өліпті. Ұзамай әкемді далада қасқыр жеп кетіпті. Қу бас қалдым. Екінші топтағы мүгедекпін. Бір қол, бір аяғым жұмыс істемейді. Еңбекке жарамаймын. Содан жәрдемақымыз араққа салып, ішіп кеттім. Міне, отыз жылдан асты итшілеп жүргеніме. Кеудемде жаным бар, өйтеуір. Сірә, құдай ұмытып кетті-ау деймін. Осы беттегі қазақ ауылдарын паналағаным. Кеш болса көрінген үйдің босағасына, мал қорасына түнеймін. Бәрі таньса, аялды. Отынын бұтап, малына шөп салам дегендей. Бір мезгіл балық аулап, уақыт өткізем. Құдай алмаған соң... — Тағдыр ғой, соғыс не көрсетпеді? — Соғысқа өкпем жоқ. Отан қорғадым. Айттым ғой, мен өзі қарғыс атқан аламым. Мойнымда бейбіт замандағы 43 боздақтың қаны бар... Ал, енді сол сұмдықты айтайын. Әксем ҚАРЛАГ-тың ат арбасын айдайтын. Жұмыс аттарын бағағын. Момын, бейнет адамы еді. Жасымды өсіртіп жаздырып мені де сол жерге жұмысқа алдырды. Контторының да, адамдарының да түсі суық мекеме екен. Конвой боласың деді. Балалық қой қуанып кеттім. Бірақ нендей жұмыс істейінімді білмеймін. Екі апта мылтықтың құрылысын, қалай атуды үйретті. Ұшқан құсты, аңды, қашқан, тік тұрған адамды қалай, қай жерінен атуды көрсетті. Бірнеше рет әр түрлі қашықтықтан адамша киіндіріп қойған қарақшыны аттырды. Кішкентайымнан өкеме еріп құс атып, жаттығып алғанмын. Мылтықтың тілін жақсы білем. Мақтау алып, жұмысқа тұрдым. — Құдай мені қайдан оңдырсын,— деп соза түсті өңгімесін ол. — Содан тірі адам ататын болдым. Бұрындары осы Қарағандының сыртында «Халық жауларын» ататын ажал орны бар деген сыбыс еститінмін. Бірде жабық темір машинамен бір жерге алып шықты. Қайдан келіп, қайда тұрғанымды білмеймін. Манай қарақолға. Қарсы алдымда ұмытпасам 9 адам ербиіп шыға келді. «Ат» деген өмір алдым. Бірінші адамды көздегенде қобалжып, жүрегім лоблады. Тартып жібердім. Мұрттай ұшты...

Атып жатырмын. Құлап жатыр. Түр-түстері анық көрінбейді. Үшінші адам мен көздеп тұрғанда оң қолын көтеріп қазақ тілінде «Хош, жарық дүние, мен Сталин ісіне адал едім...» дей бергенше тартып жібердім. Оң қолын көтерген күйі ұшып түсті. Осылай тоғыз да сұлады.

Кейде 5, кейде 4 адам... Әр жолы орын өзгертіп тұрады. Мен оларды нағыз жауыз шығар деп ойлайтынмын. Есімде қалғаны бәрі ренді еңселі, сырт келбеті мүсінді жандар. Түрлерін анық көре алған емеспін. Өйтеуір әдепкіде атылағынына сенбей ме көзі жайрандап тұрады. Алғашқы аадм құласымен өзгелер дүниеден күдер үзгендерін аңдатады. Тағы бір есімде қалғаны — бірнеше адамның атыларда сақылдап күлгенін құлағым шалды.

Балалық қой, мақтағанға мәзбін. Екі атпаймын. Оғым бос кетпейтін. Үйреткендей мен адамды кілең маңдайдан (екі қасының ортасынан) атушы едім. Сонда өзім рахаттанып қалатынмын.

Осы сөзді естігенде шоршып түстім. «Токтат» деген ызалы дауысымның қалай шыққанын білмей де қалдым. Артқы орындыққа оқыс бұрылсам сапарласымыздың екі көзінен жас парлап келеді екен.

— Жауыз, түс машинадан!

— Дұрыс айтасың, мен жауызбын, қарғыс атқан аламым,— деп ақсақ аяғы сықырлап, еңбектеп машинадан түсе берді. Асфальт жолдың үстіне сұлай жатты да,— мен бұл жауыздығым үшін құдайдан сыбағамды алған аламым. Мен өтекпін. Соғыста кісілігімнің төменгі ұмасын оқ жұлып кеткен. Содан үйлене алмадым. Ұрпақсыз, жар сүймей өтіп барам. Міне, бұл істеген жауыздығымның өтеуі. Ақырғы өтінішім болсын, енді мені атып кетіңдер. Міне, мына жерден,— деп сау қолының саусағымен маңдайынан, екі қасының ортасын ұрғылады. Одан әрі аялдауға шыдамсыз қалмады. Біраз жер шығып, машинаның жылдамдық тегінін ауыстырғанда артыма қарағам. Қарғыс атқан асфальт жолдың ортасында маңдайын ұрғылап әлі отыр екен. Біз ұзай бердік.

Өтеген Жапархан

«Сыр бойы» 1 мамыр 2001 жыл.
Мақала қысқартылып алынды.

ОН СЕГІЗДІҢ ТАҒДЫРЫ

Осы бір сарғайған қылмыстық іс томдарын ақтарып отырып, жаның күйзеліп, жазықсыз құрбан болған қайран көкелер-ай дейсің өз-өзіңнен іштей күбірлеп. Қылмыстық істің әр парағын оқыған сайын еріксіз қабырғаң қайысады, негкен жауыздық дейсің сол бір заманға. Адам тағдырын ойыншық құрлы көрмеген сталиндік қуғын-сүргіннің ерекше қатыгездігіне қапаланасың.

1938 жылдың 14 ақпаны Қармақшы халқы үшін қаралы күнге айналған. Бірақ, НКВД үштігінен басқа бұл зауалды ешкім де білген жоқ. Сол күні бір ауылдас он сегіз азаматтың он алтысы ешқандай қылмыстық заңның айыптау баптары тағылмастан жазықсыздан-жазықсыз атылып, екеуі де ит жеккенге айдалды. Айдауға кеткен екеу де сол кеткеннен елге оралмады. Шаңырағы шайқалған он сегіз азаматтың бауырлары болса іштей қан жылап, запыран жұтумен болды. Тек, Хрущев таққа отырған жылымық кезеңде ғана арманда кеткен бауырларын іздеу басталды. Мысалы Үрістембек Байсалбаев деген азамат әкесі Пірманды іздеп 1957 жылдың қараша айының 1-інде КСРО Ішкі істер Министріне хат жазса, әкесі Смайылды іздестіріп Жұмабек Смайылов деген азамат 1962 жылдың 9 ақпанында Хрущевке хат жолдаған. Осылайша НКВД жендеттері алып кеткеннен кейінгі он сегіз азаматтың тағдырын соңында қалған ұрпақтарымен іздестіруі күні бүгінге дейін жалғасуда.

Ешмұрат Жаналиев 1883 жылы Қармақшы ауданының № 3 ауылында дүниеге келген, сауатты, алғашқы кезде болыс писарі, кейін қылмысқа тартылғанша Қызылтам стансасында мектепте ұстаздық еткен. 1938 жылдың 2 қаңтарында Кеңес үкіметіне қарсы ұйымның мүшесі деген сылтаумен қамауға алынған.

Атылған он сегіздің көбісі салауатты, көзі қарақты

ел алдында жүрген азаматтар екен. Елдің бетке тұраын құртсақ, қалғандары айдауымызға жүреді деген жымьсыскы саясатқа еріксіз бас шайқайсың.

Енді сол он сегіз зодаққа тоқталайық. Олар Ешмұрат Жаналиев — ұстаз. Смайыл Байғабылов — ауылдық кеңес төрағасы. Бақыт Дүйсенов — есепші, Асыл Сафаров — дүкен менгерушісі, Омар Қойшыбаев — колхоз төрағасы, Ботпан Жидебаев — жұмысшы, Бисен Сүйіндіков — жұмысшы, Сержан Қаймақбаев — колхоз төрағасы, Ахмет Топжанов, Қасым Бисенов — сатушы, Байжан Төлегенов, Кеуіл Тойкенов, Шығынта Көрібаев жұмысшылар, Сағат Мадраймов — молда, Достамбай Жағалтаев — бригадир, Шөлмен Есжанов — мұрап.

Осы Шөлмен Есжанов деген кісінің сауатты болмаса да көкірегі ояу, көзі ашық, елдің жағдайын ерте ойлайтын кісі екен. Артында «Шөлмен ағашы», «Шөлмен арығы» деген атаулар қалған, яғни мұрап қаздырған арық әлі бар. Егер суы болса бүгінгі күні де пайдалануға болар еді.

— Әкемнің еккен талдары үлкен бауға айналып, көрші ауылдың адамдары соның ішінде қаршыға аулап, құс салатын, қажет еткендері үйлерін салуға ағаш кесіп алып жататын, — дейді қызы Жұмагүл. Шіркін десеңізші, қазіргідей техника жоқ сол заманда жер жағдайын қалай білді екен! Сырдариядан қаздырған арығы 7—8 шақырымдағы бидайлықты қалаған мерзімінде сумен жабдықтап тұрған деседі. Міне, Сталин қуғын-сүргіннің тұзағына осындай әр ауылдың бас көтерер, көзі ашық, аузы дуалы азаматтары іліккен ғой.

Ұрпақтарының іздестірулерінен кейін бұл кісілер жөніндегі іс қайта тексеруден өтіп, жоғарыда аталған ағаларымыздың ешқандай кінәсіз екендіктері анықталып, тағылған айыптарынан ақталды.

К. Баймаханов,
облыс прокурорының аға көмекшісі.
«Сыр бойы» 31 мамыр 2001 жыл.

ТОБЖАНОВ АХМЕТ — Қармақшы ауданының «Қызыл Әскер колхозында 1880 жылы туған, бай болған, арабша сауатты, колхозшы, партияда жоқ, үйленген, өйелі — Пәтима, балалары — Барлан, Баған, Әубәкір, Сыздық.

Тобжанов Ахметке тағылған айыптар қорытындысы бойынша ол 1930 жылы Қарақұм Қарақшыларының қатарына қосылған, Кеңес үкіметіне қарсы контрреволюциялық ұлттық ұйымға қатысқан, оның

тапсырмасымен жауыздық-бүліншілік жұмыстар жүргізген, колхозды құлатумен айналысқан, контрреволюциялық жиындарға қатысып, үгіт жүргізген деп айып тағылып, Оңтүстік Қазақстан облыстық НКВД Басқармасы жанындағы үштіктің 1938 жылғы 14 ақпандағы қаулысымен ату жазасына сотталған.

Тобжанов Ахмет Қазақстан Республикасы Президентінің 1993 жылғы 14 сәуірдегі Жарлығының негізінде толық ақталған.

Серго Берияны білетіндер өте аз. Ол өкесі атылғаннан кейін бір жарым жыл Лефертово мен Бутирканың жеке адамдар отыратын камераларында «жазасын өтеді». Жоғарыдағылардың шешімімен ұзақ жылдар Сергей Алексеевич Гегечкори есімін иеленуге мәжбүр болды. 1941 жылы 17 жасында радиостретінде Ұлы Отан соғысына қатысып, сол жауапты міндетті жеңіс күніне дейін адал атқарды. Ғылым докторы, зымыран-ғарыш жүйесінің бас конструкторы. Алғашқы атом бомбасын сынауға, сутегі бомбасын жасауға үлес қосты.

Мәскеудің «Современник» баспасынан Серго Берияның «Мой отец — Лаврентий Берия» деп аталатын көркем-публицистикалық кітабы жарыққа шыққан болатын. Онда «Ақтандақтар» деп айдар тағылған кезеңдердегі оқиғаларға басқашалау сипат, renk берілді. Бізді бұл кітап сонысымен де қызықтырған еді. Әрине, С. Берияның жазғандарын сол қалпында қабылдаудан аулақпыз. Бірақ кейбір ой түйюлердің назар аударатын жерлері де бар. Аталған кітаптан қысқаша үзінді жариялағанда мәселенің осы жағына мән берілді.

Тағы бір ескерте кететін жәйт — үзіндіні алғанда Л. Берияға қатысты беттерді айналдырып өтуге тырыстық. Өйткені баласының өкесі туралы ғайбат сөз айтпайтыны түсінікті болса керек.

... Сталинді ақтап алу мүмкін емес. Әрі оқырман менің соған ұмтылып отырмағандығын түсінген шығар деп ойлаймын. Бірақ ол большевиктік ағымның барлық кемшін тұстарын тамаша ұғынған ақылды адам еді. Сталинді жағдай мен іс-әрекетін бағамдай алмайтын қанқұмар десек те келіспейді. Қажет кезінде ол большевизм жағдай жасаған мүмкіндіктерді орынды пайдалана білді. Бұл бірінші кезекте билікті бір қолға көшіру еді. Жеке-дара билік оған демократия жағдайында ондаған жылдар бойы шешілмейтін мәселелерді тез өрі тиімді жүзеге асыруға жол ашты. Бір қарағанда мұны жақсылықтың нышаны ретінде қабылдауға болады. Бірақ шектен шығуға тосқауыл қоятын шеп қайсы?.. Керек жағдайда Сталин сол билікті оп-оңай-ақ басқа мақсаттарға пайдаланды. Бұл да оның кінәсі. Егер ол, бәз біреулер көрсеткісі келетіндей ақымақ болса, бүгін одан сұраныс та аз болатын еді. Шынтуайтында Сталин алдыартын болжай алмайтын ақылсыз, параноик еместін. Большевиктік билік пирамидасының ұшар басында дарыңды адам түрды. Міне, осы жәйт оның кінәсін қоюлата түседі.

Бір саясаткер: «КСРО басшыларының интеллектуалдық потенциалы жылдар өткен сайын құлдырай берді», — деген еді. Шын сөз. Бүгін Сталинді Хрущевпен, Черненко немесе Горбачевпен салыстыру езуге күлкі үйірмей ме?.. Мұны да мен Сталинді ақтау үшін айтып отырғаным жоқ. Керісінше, большевизм шеңберінде де ол, қажет деп тапса, көп нәрсені өзгертуге қабілетті еді. Әрине, бәрін емес. Түгел өзгертуге Жүйе мүмкіндік бермеген болар еді. Дегенмен Сталин режимді жұмсартуға ұмтылмақ түгілі, көп нәрсені ұшықтыруға саналы түрде барды. Қарсыластарын басып-жаншуға большевиктік

догманы пайдаланды. Жаппай репрессияға алып келген де, міне, осы жәйт...

Мен Сталин аяушылықтың не екенін білмейтін, жан күйзелісін түсінбейтін адам деген пікірмен келісе алмаймын. Репрессиялар арқылы қылмысқа мыңдаған адамдарды тартты, сөйтіп, ортаға ойран салған жүйе құрды деген топшылауларды да қабылдамаймын. Тағы бір большевиктер көсемі Владимир Ильич өз қызметін осыдан бастаған жоқ па еді. Большевиктер миллиондаған адамды қан қақсатқан концлагерьлерді еш шімірікпестен Троцкий ашқан жоқ па еді? Лениннің келісімімен кепілдер институтын енгізген де Троцкий емес пе? Ленинді және большевизмді жақтаушылармен келісу қиын. Сталин Ленин бастап кеткен үрдістерді тек жетілдірді. Менің көзқарасымша, Ленин мен Сталин ақылы жағынан болсын, зымындығы жағынан болсын бір-біріне дес бермейді...

Жалпы, партия басындағылар Сталинге жақсылық жасаған жоқ. Әкем Сталиннің көзі тірісінде жеке басқа табынушылықтың зияны туралы айтып отыратын. Мен партия басындағылардың Сталинді жағымпаздықтан ғана насихаттамағанына сенімдімін. Олардың алысты көздегені күмәнсіз: «Біз не істей алатын едік. Әзі би, әзі патша. Бөріне сол кінәлі», — дейтін бір адам керек еді. Осы картаны партия XX съезде ұтымды ойната білді. Өзгелері өдеттегідей бейкүне, момақан қозы кейпіне енді...

Сталинмен Молотов қана «сен» деп сөйлесе алатын. Бұл арқылы мен өкемді Сталинмен алшақатқым келіп отырған жоқ. Шындығы осы... Ал Сталин төңірегіндегілердің ішіндегі ең сұрқиясы Жданов болатын. Ол көсемді жақындап кеткен кез келген адамнан қызғанатын. Диктатордың ізбасарлығына ерекше ұмтылған да сол еді. Оған Сталин төңірегіндегі сұр кардинал деген теңеу дөп келеді. Елдегі жаппай репрессияның идеология да сол-тұғын. Мұрағаттар құпиясы ашылғанда Жданов пен Сталин қол қойған хаттар мен жеделхаттар табылатыны шүбәсіз. Зұлмын адам!

Билік баспалдағымен өрлеуді Ворошилов та армандаған шығар. Дәл айту қиын. Бірақ Сталин тұрғанда оны шыңға шығарар жол жоқ еді. Францияның көрнекті саяси, мемлекет және әскери қайраткері Шарль де Голльдің естелігінен... Менің алдымда айлакер, қатыгез адам отырғандай пікір қалыптасты. Сталиннің ерік күші орасан еді. Ол өзінің ойлары мен жан дүниесін ешкімге ашпайтын, ақ көңілден айтылған шындыққа да сенбейтін. Ол өзін әр адамнан қауіп күткендей ұстайтын. Революция, партия, мемлекет, соғыс ол үшін билік құрудың, айтқанын орындатуың құралы болды. Ол өз мақсатына жету жолында марксистік ілімнің негізін пайдалана отырып, біреулерді бағындырса, келесі біреулерді құрбандыққа шалды.

15 сағат бойғы өнгілем барысында мен Сталиннің зор да құпия саясатын зерттеп білдім. Маршал формасындағы коммунист, ұрымтал сөтті күткен зымыян диктатор, риясыз кейіптегі жаулап алушы Ста-

лин әрқашан да қарсыласын адастыруға, тығырыққа тіреуге тырысатын...».

Өйткені Сталин оны бақыр тиыңға бағаламайтын. Кейінірек көсемдіктен үміткерлер арасында жолы болғыштар пайда болды. Айтпақшы, Каганович те жоғары мансаптарға үміттен алмайтынын түсінді. Қызық адам еді. Авиәнеркәсіп халық комиссары, туған бауыры Михайлды құтқаруға саусағын да қимылдатқан жоқ. Сталиннің алдында құрдай жорғалайтын. Атап көрсетерлігі сол — жаппай репрессияға ол да «аз еңбек сіңірген жоқ». Қанға белшесінен батты. Оның Украинаны қалай ойрандағанын еске алсақ та жеткілікті...

Маленков Орталық комитеттің ұйымдастыру бөлімінің меңгерушісі ретінде 30-шы жылдардағы жаппай репрессияға белсене араласты. Әсіресе Белоруссияда оның қанды ізі сайрап жатыр. Ол: «Бұл Сталиннің нұсқауы, түсінуің керек қой», — деп ақталатын. Мұрағаттарда не қалғанын білмеймін, бірақ Маленковтың, Хрущевтің, басқа да жоғары шенді партия шенеуніктерінің жаппай репрессияға қатысқанын айғақтайтын құжаттар сақталған шығар деп ойлаймын.

Мұны мен Сталинді ақтау үшін айтып отырған жоқпын. Кінәні бөлісу қажетсіз. Өркім өз ісіне өзі жауап беруі тиіс. Мен репрессия аяқталғаннан кейін де Хрущевтің тоқтағысы келмегенін білемін — Украина заңсыздықтан шын мәнінде зар иледі. Сталин оған тіпті: «Сабаңа түс, ақымақ!» — деп жазуға мәжбүр болды...

30-шы жылдардағы репрессия бел алған тұста Генрих Ягода мен Николай Ежов та КСРО ішкі істер халық комиссарлары қызметін атқарды. Г. Ягодаға бұл міндет 1934—1936 жылдар аралығында жүктелді. Ягоданың кезінде оның тікелей басшылығымен С. М. Киров өлтіргеннен кейін-ақ ірі саяси процесстер басталды. 1936 жылдың 27 қыркүйегінде Г. Ягода пошта мен телеграф министрлігіне ауыстырылды. 1937 жылдың 3 сәуірінде ол қызметінен босатылып, Орталық атқару комитеті құрамынан шыға-

рылды. Оның есімі Жоғары шекара мектебінен, басқа да мекемелер мен ұйымдардан алынып тасталды. Оның ісі бойынша тергеу басталды... 1938 жылдың 15 наурызында кінә тағылған 17 адамның қатарында Г. Ягода да атылды.

Н. Ежов 1936—1938 жылдар аралығында ішкі істер халкомы болды. Петербургте туған. Жұмысшы. 1917 жылдың ақпанынан кейін большевиктер партиясына өтеді. Азамат соғысы жылдарында — әскери комиссар. 1922 жылы Қазақ өлкелік партия комитеті Семей губеркомының хатшысы. 1927 жылдың ВКП(б) Орталық комитетінің аппаратында түрлі міндеттер атқарды. Орталық комитеттің НКВД-ға тікелей жетекшілік жасайтын хатшысы ретінде саяси процесстерді дайындауға қатысты.

Тек 1937 жылдың маусымында ғана Н. Ежов 3170 саяси тұтқынды атуға ұсынды. Сол кезде Сталин, Молотов және Каганович тізімді бекіткен еді.

Ішкі істер халкомы қызметінен 1938 жылдың қарашасында бостылды. Содан кейін су көлігі халкомдығына тағайындалды. 1939 жылдың 10 сәуірінде НКВД органдарының ішіне іріткі салды, шетел барлауының пайдасына жансыздық жасады, партия және үкімет жетекшілеріне қарсы террорлық актілер дайындады, Кеңес өкіметіне қарсы қарулы көтеріліс ұйымдастырмақшы болды, деген айыптармен тұтқынға алынды. КСРО Жоғарғы соты әскери алқасының 1940 жылдың 3 ақпандағы үкімімен 4 ақпанда атылды...

РЕСЕЙ Қауіпсіздік Министрлігінің дерегі бойынша 1917—1990 жылдар аралығында бұрынғы КСРО аумағында мемлекеттік қылмыстар жасады деген айыппен 4000000 адам жазаға тартылып, оның 827995-і атуға кесілген. Шын мәнінде «Қызыл доңғалақтың» астына түскендер саны анағұрлым көп. Нақты қанша адамның жазаланғанын, атылғанын бүгінде дәп басып ешкім де айта алмайды.

Бірақ жазықсыз қуғын-сүргін көріп, жапа шеккендерден рухы біздің жүректерімізді шымырлататыны рас.

Егемен Қазақстан 30 мамыр 2001 жыл.

20-шы жылдардың аяғында Қазақстанға қылышынан қан тамған Голощекин келіп, қазақ халқының басына қара бұлт үйірді, халық ашаршылыққа ұшырап, босып кетті, қазақ халқын жер бетінен құртып жіберуге шақ қалдырды. Оның жер жердегі ақ дегені алғыс, қара дегені қарғыс, ұрда-жық жандайшаптары өз халқына қарсы бағытталған өділетке жатпайтын, шектен шыққан заңсыздықпен, жазықсыз жандардың көзін жойды. 1928 жылы облыс бойынша саяси желеумен —17, 1929 жылы 26 шаруа жазаға тартылды, ал 1930 жылы 466 адам айыпқа тартылып, 267-і атылған, 1931 жылы 224, 1932 жылы — 173, 1933 жылы 370 шаруа жазаланып, олардың 61-і атылып кеткен.

Көшпенді, жартылай көшпенді шаруаларды жаппай отырықшылыққа айналдыру, байларды зорлық-зомбылықпен төркілеу, кулактарды тап ретінде жою саясаты наразылық туғызды. Қызылорда өңірінің бір өзінде ғана Қарақұм, Қызылқұм көтерілістері болды. Осы көтерілістерге қатысқандардың барлығы ұсталып, атылғандары атылып, сотталғандары сотталды және жер аударылды.

Қоныс, ауылдардағы өлеуметтік-саяси ахуал ауырлай түсті. Байлар жан-жаққа қоныс аудару бастады. Ресми құжаттардағы мәлімет бойынша 1928—1929 жылдары тек Жаңақорған, Түркістан аудандарынан

500 бай қожалықтары өздерінің малдарымен көшіп, Пахтаарал аулына келіп қоныстанған. 1930 жылдың басында Төшкен қаласының маңында бірнеше жүз бай үй-қожалықтары, сол жылдың күзінде Орта Азия темір жолының Гланцево деген стансасында мыңға жуық бай 3 мың түйесімен шоғырланған. Ал, 1930—1933 жылдары тек бір ғана Жаңақорған ауданынан 8273 үй-қожалық, немесе барлық тұрғындардың 72 пайызы көшіп кеткен. Осы кезеңде 49771 бас уақ мал, 8942 ірі қара құртылған және жартылай Орта Азияға жөнелтілген. Бұл ауданда Сталин, Елтай атындағы, «Еңбек», «Еңбекші қазақ» атындағы колхоздардың біржола шаңырағы ортасына түскен.

Қолдағы өлі де толық емес мәліметтер бойынша тоталитарлық кезең ішінде облыс бойынша саяси қуғын-сүргінге 4038 адам ұшырап, оның 1153-і атылып кеткен. Арада 70 жылдан астам уақыт өткен соң сталиндік қаулылардың күшін жоятын бірқатар заң актілері мен үкімет шешімдері қабылданды. Соның ең бастысы Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің 1993 жылғы 14 сәуірдегі «Жаппай саяси қуғын-сүргіндер құрбандарын ақтау туралы» Заңы болып саналады.

Қорыта айтқанда, өйткені айғақтап, жаңа заманның сипатын жаңартып жатқан ғасырда осындай зобалаң қайталанбасын.

Хамит Ембергенов,
облыстық «Боздақтар» естелік
кітабының бас редакторы.
«Сыр бойы», 31 мамыр 2001 ж.

ЖЕЛТОҚСАН ШЫНДЫҒЫН БІЛЕМІЗ БЕ?

Жаппай репрессия кезінде неше адамды ату керек, қаншасын түрмеге отырғызу қажет екендігі партияның Орталық Комитетінде белгіленді (Политическое репрессии в Казахстане в 1937—38 г.г., «Қазақстан», 140-б.). Бірақ қаулы НКВД арқылы жүзеге асырылғандығы белгілі.

Сталиндік қуғын-сүргін науқанына асыра сілтеуге жол берді деген талай НКВД қызметшілері өртүрлі жазаға ұшырады, атылып кеткендері де мыңдап орналады. Солардың ішінде осы ведомствоның орталық басшылығында болған Ежов, Берия, Рюмин, Абакумов, Меркулов та бар. Репрессия жылдарында республикалық НКВД-нің бастығы болған Лев Залин кейін ату жазасына кесілді (1940). Ал Павел Володько (орынбасар), ол да Залин сияқты қазақ зиялыларының біразының көзін жоюға «елеулі үлес қосқан» болса 15 жылға сотталып (1939), түрмеде өлді.

Сталиндік ойран бөсендеген кезде де партия арнаулы қызметке деген ынта-ықыласын мүлде бөсеңдеткен емес. Ең құпия, аса жауапты деген мәселелер осы мекемеге тапсырылатын, оның кадр құрамы партияның ерекше бақылауында болды. Жергілікті ұлт азаматтары айрықша тексерістен

өтетін, олар көбінесе екінші қатардағы қызметке бекітілетін. Мысалы, Совет өкіметі кезінде Қазақстанда осы ведомствоны екі-ақ қазақ басқарды. Республиканы былай қойғанда облыстық КГБ басқармаларының екінші, үшінші қатардағы басшыларының өзін орталық іріктеп, мәселені Москва шешетін. 80-жылдардың орта кезінде республикалық КГБ органы басқаруға Москва жіберген — өкіл Виктор Мирошник. Желтоқсан көтерілісі кезінде Алматы көшелері мен орталық алаңда болып жатқан оқиғаларды реттеуге жергілікті басшылардан сезіктеніп (митингішілерді қолдап қояды деп қорқалы ғой), олардың бәрі шеттетіліп жатқанда Колбин мен Москвадан келген өкілдердің сенім көрсеткен адамының бірі осы Мирошник болатын («Лениншіл жас», 29.09.1990). Міне, сондықтан да оның бұл мәселе жөніндегі пікірін білу, сөз жоқ, назар аударарлық. Мұқаш Омаров парламент комиссиясының жұмыс жоспарына орай В. Мирошникпен сөйлескен еді, енді сол өңгімені тындап көрейік.

— Мұхтар Шахановтың депутаттық сұранысында көрсетілген сұрақтарға тиянақты жауап алу мақсатымен Мирошникке келдім, — деп бастады өңгімесін Мұқаш ағай, «Кейбір ортада мемлекет қауіпсіздігі

органдары басқаларға қайғылы сабақ болсын деген мақсатпен кейін оларды жазалау үшін демонстрацияны дайындық кезінде біле тұра өдейі тоқтатпады деген жағымсыз өсек-аяң бар екені Сізге белгілі ме?»— Бұл алғашқы сұрақ.

— Нет, это преднамеренная ложь.— Төраға жауабының төркіні осылай болды. Содан кейін Мирошник болған жағдайға түсінік жасап бақты. Алаңға жастар жиналып жатыр деген хабарды кеш естідік. Халық көшеге толып кетті, бұл уақытта оқиға барысына ықпал ету мүмкін емес еді. Қазақ университетіндегі біздің ақпар көзіміз түнде Комитет кезекшілерімен байланысуға біраз әрекеттенген екен, бірақ онысынан ештеңе шықпаты. Байланыс үзілген болуы керек.

— Сонда басқа оқу орындарынан ешқандай хабар болмағаны ма? — Төраға жауабынан тиянақты ештеңе түсіне алмадық.

Келесі сұрақ Мирошникті састырып, есінен тандырып жібергендей болды. «Колбин интеллигенция өкілдерімен кездескенде 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасы ұлтшылдардың, мансапқорлардың және сыбайлас жемқорлыққа қатысты адамдардың қолынан келді. Уақыт өткен соң олардың есімдерін жұртқа хабарлаймыз деді. Содан бері үш жылдай уақыт өтті, халық тосып отыр. Қазір Колбин жоқ, мүмкін жауабын Сіз берерсіз?»— дедім.

— Неге мен айтуға тиістімін? Колбиннің уәдесіне менің қатысым қанша? — Мирошник сақтық байқатып, бұл пәле нені бықсытып келеді дегендей жиырылып қалды. Төрағаның қауіптенуі орынды. Өйткені елдегі қоғамдық хал-ахуал жайлы саяси мәні бар хабар-ошарды КГБ жинап, сараптайды. Осындай мазмұндағы ақпарды басқа құқық қорғау органдары термейді, олар мұндай шаруамен айналыспайды. Яғни, партияның бірінші хатшысына ондай деректерді тек арнайы қызметпен айналысатын қауіпсіздік органдары ғана баяндай алады. Мирошник емес, мұны заңнан сөз хабары бар қарапайым жандардың бәрі біледі. Мұқаш Омаров қойған сұраққа КГБ төрағасының ыршып кетуі де осыдан болса керек.

Мұқаң сөзін жалғастырды.— Мұндай ақпарды Колбиннің аузына салған Сіз. Қазақстан еңбекшілеріне КПСС Орталық Комитетінің 1987 жылғы 1 шілдедегі қаулысына сөйкес интернационалдық және патриоттық тәрбие беру мәселесін таққылаған Қазақстан Компартиясының 1988 жылғы

XII пленумында сөйлеген сөзіңіз куә. Целиноградтағы 1979 жылғы ұлтшылдық сипаттағы оқиғаға кезінде кездейсоқ құбылыс деп баға берілгендігін сынаған Сіз емес пе едіңіз?

— Біз күткендей, бұған төраға тиянақты жауап бере алмады. Бір сұрақтан екінші сұрақ туындайды емес пе, оған тағы да жабыса түстік.

— Болған фактіге орай прокуратура қылмыстық іс қозғады, алдын ала тексеру жұмыстарын жүргізу үшін республика прокурорының орынбасары бастаған құрамында жүзден астам тергеушілер бар үлкен тергеу бригадасы құрылды. Олай болса, Виктор Михайлович, қауіпсіздік органдары тергеу жұмысына араласпай-ақ барлық күшін жедел-ізвестіру шараларына жұмылдырғаны дұрыс емес пе еді? Мындаған кісіден жауап алудың қандай қажеттілігі болды? Мұның өзі халықты қорқытып-үркіту айласы, оларды алдағы уақытта ондай жағдайға бармайтындай етіп, өдейі жасалған шара секілді. Сонымен бірге КГБ жауап алуды жүргізетін прокуратура тергеушілерінің тапсырмасымен емес, өз инициативасымен жүргізгені анықталды. Бұл қылмыстық ат-қару кодексі талаптарын жаппай бұзғандық болып табылады.

Мұндай мәлімдеме Мирошникке, өрине, ұнай қойған жоқ. Бірақ, шындық солай болған соң төрағаның еріксіз тындауына тура келді. Онымен кездесу соңындағы сөзтерді Мұқан Омаров былай баяндайды:

— Алдын ала өзірлеген сұрағымызды айтып болған соң Мирошникке Қазақ ССР Жоғарғы Совет Президиумы Председателінің орынбасары Зинаида Федотова қол қойған тапсырысты (предписание) және парламент комиссиясының тең төрағасы Мұхтар Шахановтың сұраныс қағазын бердім. Осыған байланысты Желтоқсан көтерілісінің КГБ-де жинақталған құжаттарын сараптауға рұқсат сурадым. Алайда, менің өтінішім орындалмады. Мирошник: «Сіз комиссия жанындағы жұмысшы топтың өкілісіз, ал ол қағаздарды тек парламент комиссиясының мүшесі болып бекітілген одақтың және республикалық дәрежедегі депутаттардың қолына ғана бере аламын»,— деді.

КГБ төрағасы Виктор Мирошник берген жауапты комиссияның тең төрағалары Мұхтар Шаханов пен Қадыр Мырзалиевке қолма-қол баяндадым, алайда бұл ведомстводағы жұмысымыз осымен аяқталып, кейін жалғасын тапқан жоқ.

Мемлекет қауіпсіздігі қызметінің полковнигі

Мұқаш ОМАРОВ айтқан сыр.

Амантай КӘКЕН, журналист, 28 сәуір 2001 жыл.

(Мақала қысқартылып алынды).

Патша өкіметі қазақ жерін әскери отарлау арқылы жергілікті шаруа халықты өздерінің бұрынғы шұрайлы ата қонысынан айдап шығып, оның орнына ішкі Ресейде жоқшылыққа ұшыраған орыс босқындарын әкеп орналастырды. Сонымен бірге қазақ арасына орыс дәстүрін күштеп енгізу саясаты да жүргізіле бастады. Сол кезде басталған орыстандыру саясаты кешегі қызыл империяның кезінде өзінің шарықтау шегіне жетіп, нәтижесінде жергілікті халықтың өзінің ата мекенінде азшылықта болып қалуына әкеп ұрындырды.

Өкінішке қарай бұл үрдіс бостандық әкелді, теңдік өпереді деп күткен, соның жолында мыңдар мен миллиондар қанын төккен кешегі Қазан төңкерісінен кейін де тоқтаған жоқ. Сатылап бағындыру жүйесіне негізделген мемлекеттік аппарат бұрынғы отарлау саясатының жемісін теріп, оған кедергі болар ұлт азаматтарын өздері мұның мұндап, жоғын жоқтап жүрген халқының қолымен ұстатып, жау етіп көрсетіп, атқанын атып, атпағанын итжеккенге айдатып, олардың орнына мансаптан басқа мұны жоқ, әсіре белсенділерді, ұраншыл ұрдажықтарды дәріптеп отырды. Ахмет Байтұрсынұлы, айтқандай: «Төбелеске шығатын адам сияқты төсін ұрып, тұлданып: «Жасасын бивауырмалдық» деген қазақ болса, қошамет айтып, зорлығын айтатын адам болса, ауызға қағып ұраншыл әсіре белсенділер келді. Кешегі «коллективтендіруді жедел жүзеге асырамыз» деп, қазақтың қоректік соңғы талшығына дейін қалдырмай тартып алып, аштан қырған да, «халық жауларының» жоспарын асыра орындаймыз» деп, ары бар, ақылы бар қазақ азаматтарын қозыдай көгенге тізіп, айдап қана да, атқызған да солар.

Қазақта: «көргені бар көргенін істейді, көргені жоқ ойына келгенін істейді» деген сөз бар. Сол айтқандай, алдында ұлағатты өнегелі, кісілікті көрген жоқ өлгі көргенсіздер ойына келгенін істеді. Соның салдарынан халықтың тең жартысына жуығы ана

тілінен айырылды; ел әдет-ғұрыпынан, салт-дәстүрінен ажырады; азамат кісіліктен қалды; баласы ата-анасын көрілер үйіне өткізетін, ата-ана баласын жетімдер үйінде қалдыратын болды; сөзден дуа, істен береке кетті; тұқым жалғастырар ұрпақ наша тартып, арақпен алысты; жер уланды, су буланды. Ертеңін тұманды, ажалдың әлдеқайдан — ядролық тажалдан ба, экологиялық апаттан ба, әлде көше бұзығының қолындағы пышақтан ба, бір құдай білсін. Қазақ халқын іштен ірітіп, сырттан берік құрсауға алу үшін ғасырлар бойы тайпа мен тайпаны, ру мен руды, аға мен ініні, өке мен баланы бір-біріне түрлі жолмен айдап салып атыстырып-шабыстырып отырған отарлаушылардың мақсатты түрде табандылықпен жүргізіп келген осынау жымьсықы, құйтырқы саясаты жұқтырған алауыздылық дертінің қазақ жанын жайлап, санасын улау жолдары, қысқаша айтқанда, міне, осындай. Бұл күнде арқаға аяздай батып отырған алауыздылық шенқұмарлық, көрсекызарлық, қайталап айтуға тура келеді, қазақ халқының халықтық қасиеті, ұлттық мінезі емес, отарлаушылардың күштеп таңған, арнайы жұқтырып, әдейі асқынта өршіткен дерті дейтініміз де осыдан. Бұл дертті және адам баласына төн, әркімде әртүрлі денгейде, әр формада көрінетін күншілдік, қызғаншақтық, мансапқорлық тәріздес жағымсыз көп мінез-құлықтармен шатастыруға болмайды. Бұлар — біреуде болса, біреуде болмайтын, жеке пенденің адами кемшіліктері. Бұлар және сонау адам баласы жаралғаннан бар, азамат қауымының қай-қайсысынан да кездесетін қасиеттер (Адам-ата мен Хауа-ананың ұрпақтары Қабыл (Каин) мен Әбілдің (Авельдің) қызғанышпен бірін-бірі өлтіретінін еске алыңыз). Ал біздің айтып отырғанымыз осы жекелерге төн келеңсіз мінез-құлықтарды отарлаушылардың қолдан өршітіп, жалпыландырып, сол дерттің қазіргі ел дербестік алып, толыққанды тәуелсіздікті баянды ету үшін күресіп жатқан кезде де халқымызды әлсіретіп отырғандығы.

Қойшығара Салғараұлы.

Мақала қысқартылып алынды.

Жиырмасыншы ғасырдың жетпіс жылы Қазақстанда социалистік қоғам құрумен өтті. Қазан төңкерісінің басты ұраны бұрынғы алшауыттар иелігін ортақ меншікке айналдыру еді. Зауыт — фабрика жоқ қазақтың бар байлығы — төрт мүлік мал. Соны ортаға салып, колхоздастыру деген ұлы науқан басталды. Мал байлық емес, қазақтың күнөкірісі екені ескерілмеді. 1928 жылы көмпеске туралы қаулы алынған соң, белсенділер «Бай менен молданы қойдай ку камшымен!» деп іске кірісті. Ірілі-ұсақты 700 бай мен ауқатты көмпескеге ілігіп, 150 мыңдай мал төркіленді. Елге сыйлы байлар би мен сұлтан әулеті арбаға теріс мінгізіліп, жер аударылды. Ауылдың саяси сахнасына Бейімбет ақын әрі мадақтап, әрі мазактайтын өлгі Мырқымбайлар делендеп, шыға келді.

Күштеп ұжымдастыру саясатына көнбей, Созақ, Ақкөл, Адай тағы көтерілді. Жазаланды, біразы шетел ауып кетті, ашаршылық басталды, халықтың үштен бірі құрбан болды.

Зар заманның талайын көріп еді бұл қазақ. Тар заманға тап қылған бұл ғасырға не дерміз? Ес жиғызбай 1937 жылдың зобалаңы басталып жүре берді. Кейіннен ғой, тоталитаризмнің тамыры қиылып, әйтеуір соңғы он жылы ұлтымыздың бағы мен бақытына бұйырғаны бұл ғасырдың! Тәуелсіздік алдындағы серпілістен тарихи зердеміз оянып, сол отызыншы жылдары құрбан болғандар туралы қазалы-азалы құжаттар сөйлемесе, қанша арыстан ажырап қалғанымыз енді болмасы естен шыққандай екен. Атылған, айдалған, ар-намыс тапталған ардақтылардың қайсы бірін айтып тауысарсың. Ахмет, Әлихан, Жүсіпбек, Мағжан, Міржақып, Жанша, Халел, Тұрар, Ораз, Нөзір, Сөкен, Бейімбет, Ілияс дегенде, біз тек көсемдер мен көрнектілер есімін ерекшелемейміз, солармен тең, тағдырлас, армандас жүздеген жайсаңдар рухына бас иеміз.

Ғасырдың тағы бір ұлы оқиғасы — Ұлы Отан соғысы. Бұның да құрбандығы ойсыратып кеткенімен, қазақ үшін қасиетті аттаны еді. 1916 жылы алғашқы орыс — герман соғысынан бас тартып, өз жерінде оққа ұшқан халық енді неге нақ сол жауға қарсы бір кісідей кеуде тосты? Талайды өз еркімен сұранып, тіпті жас қосып жазып қан майданға асықтырған қандай күш? Ер азаматты қойып, неге Әлия мен Мәншүк сынды аруларымыз оқ пен отқа араласты? Оның себебі жиырмасыншы ғасырдың алғашқы жартысында өткен оқиғалардың бөріңде ұлтымыздың есесі кетті, жымьсық саясатқа қарсы тұрар қайраны болмай жігері жасыды. 16-шы жылғы ұлт-азаттық қозғалыста, азамат соғысында, Алаш айыпталғанда, 30-шы жылдары екі дүркін арыстарынан айрылғанда, ашаршылық азыбында — бірінде — бөріңде ақылға сыймайтын саяси өлімжәттіктің, қорғансыздың күнін кешкен еді. Халық жауының баласы, әулетті таптың ұрпағы деген қара таңбамен жүргендер өке рухын ақтаудың, ұлты алдында тазарудың күні туғандай сезінді. Енді тұрысатын жері бар, «нақақ» жаумен жекпе-жек келгенде ұлт табиғатына тән қаһармандықта шек болмады. Оның үстіне ортақ Отан алдындағы патриоттық сезім қазақта қай

халықтан да кем болмай шықты. Сөйтіп, мыңдаған қандастарымыз жауға арыстандай атылды. Осы ғасыр туғалы көкіректе бұққан айбынды ұран — «Абылай!» әдеттегі «Коммунистер, алға!» — мен бірдей саңқылады.

1418 күндік шайқастан абыроймен шыққан күнді «Ұлы Жеңіс» деп үкіледік. Ел жүрегі Мәскеуді қорғаған, жау ордасы рейхстагқа атойлаған біздің қазақстандық құрамалар екені соғыс тарихында жазулы. Бірінде Бауыржан, екіншісінде Рақымжан теңдессіз ерлігімен көзге түсті. Бірақ сол Ерлікті мойындатуға да бізге жарты ғасыр уақыт керек болмап па еді! Ғасырдың отыз жыл ойранынан кейінгі тұңғыш Жеңісін біздің жұрт өлі күнге бас әріппен жазып келеді. Одан беріде мұндай мәртебеге ие болған, сірә, Тәуелсіздік ұғымы болар!

Ал мәңгілік шабысынан жаңылмай, адамзат атты саналы тіршілікті аркалап, ғарыш тұңғығында тынбай дөңделген Жер мекен осылайша жиырмасыншы ғасырдың орта тұсынан әрі асты. СССР дейтін төрт таңбалы шартты атаулы алып ел шартараптан шекарасын оқпаулап өлем картасында қызыл түске боялған кеңістігімен алаулады. Есіңізде ме «Азат елдердің мызғымас одағы, ұлы орыс елінде нұр алып шыңдалған, жаса біртұтас Советтер Одағы, халықтар еркімен мөңгіге құрылған!» Иә, азат демегенмен, азапты кезеңнен Қазақстан соғыстан соң біршама арылды.

Қазақстанды, кейіннен Кеңес елін басқарған бір қайраткердің: «Көне сөздіктерден сіз «тың» деген сөзді таба алмайсыз. Бұл сөз, коллективтендіру жылдарында «колхозшы» деген сөз пайда болғаны сияқты 50-інші жылдары туды» деп жазғаны бар-тын. Андаусыз салыстырғанның өзінде, кеңестік қиғаштықтың табиғаты ұқсас екі науқанын дөп басқандай. Өйткені, ғасырдың екінші жартысында қазақты ата мекенінен ажыратудың астыртын саясаты, нақ осы, тың игеру идеясымен жүзеге асырылды.

Адам үшін ғасырдан ұзақ өлшем жоқ! Оны да місе тұтпай, бұдан қырық жыл бұрын Байқоңырдан Жер планетасының тұрғыны Гагарин ғарышқа самғайды. Жиырмасыншы ғасыр Жер аясына сыймастан, ғаламшарға құлаш сермеді. О заманнан жылдамдығын сөйгүліктің шабысымен ғана өлшеген қазақтың жерінен енді секөнттердің апшысын қуырып, зымьрандар заулап жатты. Адам қиялы мен ғылым ғажабының осынау жетістігін де ғаламат ғасыр Қазақстанға теліп қойған. Зардабы мен залалын да қазақтың маңдайына жазыпты. Ғасыр ортасынан бастап отыз жыл бойы қазақ жерінде атом полигоны зіркілдеді. Ақыры егемендік тегеуріні атомды адамға жеңдіріп, алапат аласталды.

Сонымен, соғыстан соңғы жылдарда Қазақстанда болған ғасыр оқиғаларын тізіп айтқанда да — тың көтеру, атом сынағы, космодром кесірі, орталықтың өміршілдігі, ұлтсыздандыру секілді империялық үстемдіктен республика өзек ашпай келіпті.

Тоталитаризм тозағанын өбден титықтаған біз азамат ес жиған жиырмасыншы белесті ғайбат ғасыр атауға шақ қалыппыз. Мұндайда, кеңес үкіметі кенелткен әлеуметтік, мәдени жетістіктер де зұлматты жылдар-

да азап тартқан аға ұрпақтың, құрбандық көрген халқымыздың қилы тағдырына өтеу бола алмайтындай. Тіпті жаны сірі ұлыдержавалық өктемдік 85-тің сәуір самалынан кейін де ызғарын төгіп, бақты. Сонда талайдан шерменде болған ыза-кек 86-ның желтоқсанында жанартау болып бір-ақ атылды! Тәуелсіздік бізге аспаннан түсті дейтіндер — Желтоқсанды ұмытпағай. Ғасыр өтіп барады. Әлбетте, қазақи қалпымызбен кірген жүзжылдықтан біз өркениетті ұлт ретінде шыққалы отырмыз. Әлемдік қауымдастықтың көшіне жеке керуен болып қосылдық. Қазақ жұртынын жетпіс жылда кеткен есесін қайтарып беруге асық-

қандай, бар шапағатын қалған он жылына үйіп-төгіп, ғасыр өтіп барады! Мыңжылдық түгілі, жүз-жылдық ұғымының өзі ойымызда жоқ сонау жетпісінші жылдары қазақтың Мұқағали ақыны: «Біз жараттық мынау ғажап ғасырды, тарихы оның біздерменен ашылды, біздің мынау қолтаңбамыз басулы, құрметтендер жиырмасыншы ғасырды!» деуші еді. Ұлтымыз тап болған төлкектің, бас тіккен тәуекелдің бөріне куәгер шежірелі де шерлі ғасыр бұл. Оған отаршылдықта кірген Қазақ елі Тәуелсіздікпен шығып барады. Сол үшін де өткенге салауат.

Тілекқабыл БОРАНҒАЛИҰЛЫ, журналист.
Мақала қысқартылып алынды,
«Егемен Қазақстан», 27 желтоқсан 2000 жыл.
Тәуелсіздік толғауы

Әуелі өзімізді өзіміз билеуден қалдық, биліктің тізгінін әуелі Петерборда, онан Мәскеуде ұстады. Кремльдің төбесіне бұлт үйірілсе, Алматы, Ташкент, Бакуде нөсер құйды. Кремль қожалары түшкірінсе, аймақтағылардың ыстығы көтеріліп, қайсыбірінің миына қан құйылды. Егер демографтар шын айтса, 1690—1990 жыл аралығында қазақ даласында 7, 6 млн, жат жұрт өкілдері қоныс аударып, қазақтардың саны (өсім есебімен) 70 пайызға дейін кеміді. Қазақ халқының 18 пайызы ата жұртта болған саяси қуғын-сүргіннің салдарынан шет елдерге қоныс аударды. Сөйтіп қазақ өз жерінде азшылыққа ұшырап, дініміздің өзі жатқа айналуп бара жатты. Мұндай саяси-этнографиялық ахуал енді бір 50 жылға жалғасса, қазақ даласында аты ғана қазақ «қара көзді дөңгелек бетті» неославяндар пайда болар еді. Елдіктен айырылу мұндай халге ұшырататынын қазақтың хандары мен зиялылары ерте-ақ сезді. Тек соңғы 200-ден аса жылда қазақ халқы бодандыққа қарсы 300-ден аса рет бас көтеріпті. Оған қазақтың ханы да, қарасы да, баласы да қатысты. 1986 жылы Желтоқсан оқиғасы шын мәнінде қазақтың ұлт тәуелсіздігі үшін ең соңғы күресі еді. Қазақ жастарының Желтоқсан көтерілісі онсыз да саяси қаңқасы ғана қалған Кеңес империясының шаңырағы ортасына түсуіне елеулі үлес қосты. Бүгін қайсыбіреулердің айтып жүргендей, тәуелсіздік бізге аспаннан түскен жоқ. Қажырлы күреспен келді. Қанды Желтоқсан көтерілісі оның соңғы күөсі. Келген тәуелсіздікті қорғап қалу, оны өміршең ету ел басында тұрған азаматтардан үлкен саяси алғырлық, көрегендік және қажыр-қайраттылық талап етті. Тәуелсіздік әуелі сол азаматтардың басына түскен сын еді. Талай елдердің басшылары бұл уақыт талабына сай жауап бере алмады. Халқы қиямет шегіп, елдік дегеннен аты ғана қалған елдерді де білеміз. Біздің Қазақстан үшін бұл жауапкершіліктің салмақ тасы тіптен ауыр еді. Олай болуы еліміздің геосаяси жағдайы, ұлттық құрамының ала-құлалығы, экономика, қоғамдық психология жағынан Ресейге басымыздың байлаулылығымен айқындалады. Қарапайым қазақ азаматы ретінде ел өмірінің өткір де өпелді кезеңінде билікте Нұрсұлтан Назарбаевтай қырағы да табанды саясаткердің болуы Қазақстан халқының бағы деп санаймын. Иә, өмір бойы бір сөт шалыс басып көрмеген кім бар. Әр кезеңдерде өз елдерінде ұлт аталары атанған Мұстафа Кемал (Ататүрік), 1 Петр, де Голль, Трумэннің де өттеген-ай деген тұстары болғанын білеміз. Біздің Президенттің өзін де ойландыратын тұстары байқалып қалады. Бірақ, ел тағдырын шешетін күрделі мәселелерде оның қадамы нық. Біздің қазақ сияқты жұтылып кете жаздаған жұрттың, ұтылып келген ұлттың ұпайын түгендеп, асығын алшысынан қою екінің бірінің қолынан келетін шаруа емес. Мұншалық салмақты міндет тағдыр пешенесіне жазған жанға ғана жүктеледі. Президент ел-жұрты үшін бөріне де жауапты болатыны, міне сондықтан.

...«Үйірін қайырып үйренген айғыр мінезді» Ресей шекарадағы ана жау, мына жаумен үркітіп, бұрынғы Одақ шекарасын қайта қымтап алуға ұмтылуда. Қазақстан бұл саясаттың иек асты, онтайлы тұсында тұр. Ішімізде ол саясатты қолдайтын топтар жеткілікті. Кейде мен осы сауалдар төңірегінде жауап таппай тарыққанда аруаққа, Абылайға жүгініп: «О қадірменді хан ием, аруағыңа бас ием. Тағдырдың жебеуімен ел болдық. Халық сүйген Президентіміз бар, үш арманыңды орындадық. Еңсеміз биіктеді, бірақ тәуелсіздігіміздің келешегіне жан-жақтан төнетін қауіп, қатер бар. Осыған айтамын нендей ақыл-айлаңың бар, хан ием, құзырыңызға құлдық, құлағымыз сізде», дегім келеді. Сонда көреген Абылай былай дер ме еді, қайтер еді: «Ей, менің сүйікті ұрпағым! Сендер тұрғанда бізге елу жоқ екен, біз жетпеген межеге сендер жеттіңдер. Рас, үш арманың орындалды. Ол үшін қазақ деген халқыма, Нұрсұлтандай ұлыма дән ризамын. Тағдыр қазаққа жерлі нықтап берді, көршіні де мықтыдан берді. Кезінде мен де олармен жауласпай, төтеп беруге тырысқанмын. Бірақ, сиырдың бүйрегіндей жырым-жырым болған халқым бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығара алмады. Сонда мен бет бұрғанын ақылмен, бет бұрмағанын қамшымен бірткірдім. Көзімнің тірісінде еш қысымға дес бермедім, ұрпағым әлсіз болды, береке-бірліксіздігінен елдіктен айырылды. Бүгін заман бөлек, заң бар, халықаралық қауым бар. Тек береке-бірлігің болса бөгдеге дес бермесің-ау! Нұрсұлтан ұлым, қажырлығыңа, пәктігіңе сенемін. Көршілерімен елестігің жарасып тұр. Бірақ ішкі есебің берік бол. Өз ұлтыңның топ тізгінін тең ұста, бөрі де өз бауырың. Орыстан алыс кетпегенің дұрыс. Оны кезінде мен де ойлағанмын. Бірақ шамаңның келгенінше басыңды бір орыспен емес, көпшен байлағайсың. Еліңнің тағдырына қуатты есер ете алатын айбарлы елдерді бірірінен бөліп-жармай, таразы басын тең ұстағын! Қайсыбірінің етене бауырыңа тартсаң, басқасы ренжиді. Ал етене жақын тартқан біреуің ішіңе кіріп алып: «Есіктен қарап төр менікі, қораннан кіріп қой менікі» деп жүруі мүмкін.

Түркі жұртына жақын бол, қанша дегенмен ол өз тегін. Мұсылман жұртына үрке қарамағын, керісінше парасатынан төлім алуға тырысып баққайсың. Егер өзбек, қырғыз, тәжікпен шекаранды мықты ұстасаң, Ауғанстаннан саған келер қауіп жоқ. Жау жоқта өзіңе алыстан жау шақырмағайсың. Өткен, еліңнің ел болуына тіл мәселесі қинап, ұлтымыздың бетіне таңба болып тұрғаны-ай. Мұндай халге жеткенің үшін сендердің алдарыңдағы аға ұрпақтың да кінәсі бар. Қазақ тілін мемлекеттік тіл деп жариялағаның дұрыс-ақ іс болды. Өйткені «Қағани тіл, билеуші (ұйтқы) тайпаның тілі басым тіл болмақ». Ғұламалардан қалған өсиет солай. Тек қазақ баласы ғана емес, қазақ жерінің отын оттап, суын ішкен әрбір азамат мемлекеттік тілді білуі шарт. Ол үшін қажеттілік тудыру жөн-ақ. Мұндай қажеттілікті төменнен күтіп уақыт алдырмағайсың, өз маңың-

нан, жоғарыдан туып жатса игі. Қарағым Нұрсұлтан, халқын бір өзіне сенеді екен. Ол жақсы нышан. Адалды ақтап, білімдіні пір тұта білсең, бәрі де орнына келеді. Әйгілі Білге қаған бабаңның тасқа ойып жазып қалдырған мына сөзін жадында ұста, орданның мандайшасына жазып қойсаң да артық болмайды. Онда бүй депті:

«Бумын бабам ақылды, ержүрек қаған болыпты. Оның төрелерінің ақылы мен парасаты тең, бектері де, халқы да адал болғандықтан, елін ел етіп бөгдере дес бермей, ұзақ жасапты».

Қазағымды көкте төңірі, төменде қара жер жарылқап, ел болғалы бері он жыл өтіп барады екен. Әйтеуір, есінді жиып қалдың, бірақ бөркінді аспанға атуға өлі ерте. Ұлы көршілеріңнің жүрегі жалғанған сайын сенің де жүгің ауырлайтын болады. Сондағы негізгі сүйенерің өз халқың, амал нешік, әзірге қысқа жіп күрмеуге келмей жатқан жайың бар. Әсіресе, ауылдағы қазактың жағдайы өлі ауыр болып тұр екен. Соларға бір жағдай жасағайсың! Бірақ та біздің қазак өлі де мырза тұрмыс, ит жатыс, тобыршылдық, тойшылдық мінезінен ай-

ықпай жатыр деп естимін. Халқың еңбек құмар, елгезек болса ғана ұлтыңның бағы жанбақ».

Қадірменді хан ием, бүйтпесең Бұхар-жыраудан сыншыдан:

«...Дүниеден шықпай мініңіз,

Алтын тақтың үстінде,

Үш жүздің басын кұрадың.

Жетім менен жесірге

Ешбір жаман қылмадың.

Әдепті іске кірдініз,

Әділдікпен жүрдіңіз», деп бата алған Абылай бола-сын ба!

Бұған да шүкіршілік, тәуелсіздіктің арқасында елімізге құт қонып, ырыс үйіріліп, ортаға үлкен сыбаға түсіп тұр. Төле би бабам айтқандай, тек қолға қонған бақыт құсын үркітіп алмай, жұмыла кірісіп, кеңесіп шешіп, елдіктің тұғырына әрбір азамат құс болып қона білсе — ел болғанымыз сол.

Тәубе-тәубе! Көк туым — көк төңірім менің, мәңгі желбірей бер!

Зардыхан ҚИНАЯТҰЛЫ, тарихшы.

Мақала қысқартылып алған.

«Егемен Қазақстан», 28 сәуір 2001 жыл.

Ол тұтқынға амалсыз жағдайда түскен еді. Содан Германия жерінде жаудың бір лагерінен екіншісіне ауысып жүрген. 1945 жылдың көктемінде Берлин тізе бүккен кезде, ол жолдастарымен бірге АҚШ әскерлерінің қоластында қалған. Содан кейін өзгерлермен бірге ол да әлдебір кемемен алыстағы Америкаға жөнелтілген.

— Мұхитта ұзақ жүздік, бөрімізді жуындырып, шағаладай етіп киіндірді,— дейтін ол.— Күніне бірнеше мәрте тамақ береді. Лагерьден кейін пейішке тап болғандай күй кештік. Тірі әруақ қалшымыздан арылып, адам кейпіне ене бастадық. Бір ғажабы: кемеде ыдыс жуылмайды екен. Асты бір жеңіл нәрседен жасалған ыдыстан ішесің, ол сол қалпы жуылмай, лактырыла салады.

Бүгінде ойласам, ол кісінің айтқаны полимерден жасалған ыдыстар сияқты. Американдықтар өткен ғасырдың 40-шы жылдарының ортасында-ақ сондай ыдыстарды пайдаланғаны ғой. Ал осы әңгімені естіген 60-шы жылдардың орта тұсында өз ауылымызда ондай ыдыстар қазіргідей кен қолданыла қоймаған.

АҚШ-қа барған соң, бір жылдай теңіз айлағында түрлі қара жұмыстар атқарыпты. Табыс тауып, киінің, оңалып қалады. Бірақ, әрине, елін сағынады, қайтуды ойлайды.

Айлақтағы Совет Одағының кемесінен күн сайын дауыс күшейткіш арқылы үгіт жұмыстары жүргізіледі. Соның ұзын-ырғасы былай болып келетін көрінеді:

— Соғыс біздің еліміздің жеңісімен аяқталды. Қазір совет халқы қираған шаруашылықты қалпына келтіру мақсатында бейбіт еңбекпен айналысуда. Елге оралындар, Отанымызды өркендетуге өз үлестеріңді қосыңдар. Елде сендерді ата-аналарың, бала-шағаларың мен туған-туыстарың күтіп отыр. Естіген құлаққа бөрі қисынды, бөрі дұрыс. Бұл жат жерде жүрген қамкөңіл жандардың көңілдерін босатады. Бірақ екінші жақтан Америка Құрама Штаттары да дауыс күшейткіш арқылы күн сайын өз уәждерін танады. Сондағы айтатындары:

— Совет Одағының үгітіне сенбендер. Сендер тұтқында болғандарыңды ұмытпаңдар. Елге оралған соң бірден қамауға алып, Сібірге жөнелтеді. Америка — еркіндіктер елі. Осында қалып, үйленіп-жайланып, өмір сүре беріңдер.

Мына сөзді естігенде бұлардың, шақшадай бастары шарадай болады. Бөріне қолды бір-ақ сілтеп, сонда қалып қойғандар да болған. Әрине, көпшілігі елге қайтқысы келіп, кемеге мініеді. Арасында Құрбанбай ата да бар еді...

Кеме Мурманск қаласының теңіз айлағына келіп тоқтайды. Америка алдамаған болып шықты. Кеменің тарапынан жерге түскен бұларды ішкі әскерлердің жауынгерлері тосып алады да, тергеуге жөнелтеді.

Баяғы таз кепеш басқа қайта киіледі. Күнде тергеу, тексеру. Сұрайтыны: тұтқынға қашаң, қалай жөне қандай жағдайда түскені.

— Мені майор шеніндегі татар жігіті тергеді,— дейтін еді қария.— Қаны тарта ма, өлде бүйрегі бұра ма, әйтеуір ол байғұстың менің тағдырыма жаны аши-

тындығын сеземін. Жағдайымның қиын екендігін есіме салып, күрсіне береді. Күн өткен сайын ауылға жетіп өлсем деген арманымның алыстап бара жатқанын сездім. Іс насырға шабатын сыңайлы.

Естуінше, кемінде он-он бес жылға кесілмек. Енді Құрбанбай ата шындап уайымдай бастады. Өйткені аман шыққанның өзінде елге елде тартқан шағында бір-ақ оралмақ. Құдайдың құдіретімен ғана бір-ақ рет қас-қағым сөтке берілетін гүмбір тұтқындар сөкісіндегі ит тіршілікпен өте шықпақ.

Ол ойланып-толғана келе, тергеушіге жанындағы өзгені тергеп жатқан әріптесінің сыртқа шығып кеткен сөтіні пайдаланып, білгенінше татарша тіл қатады:

— Туысқан, енді не істесең де, тағдырым сенің қолыңда. Түсініп отырмын, босану мүмкін емес сияқты. Амал жоқ, тәуекелге бел бугалы тұрмын. Қолыңнан келсе, ісімді жеңілдет, бірнеше жыл отырсам, көрер күнім болса, ауылыма жетіп өлейін. Тегін емес, әрине... Еліме аман-есен жетер болсам, жол-жөнекей үй ішіме базарлық алармын, әйтпесе өлде-қандай заман болады деген оймен Америкада жұмыс істеп тапқан табысым екі алтын қолсағат сағып алып едім. Әзірге соларды жасырып ұстаудың сөті түсіп тұр. Соны сен ала ғой. Қалай деп ойласандар да, Отанымын алдында да, Құдайды алдында арым таза, жазықсыз алар жазамды жеңілдет.

Майор алғашында үрке қараса да, артынан ойланyp қалған. Соғыс жаңа аяқталған, жоқшылық кезі ғой. Жас емес пе, ішкісі, жегісі, киінгісі келетін болар. Бәлкім, семьясы да бар шығар. Өлде аяныш сезімі жеңді ме, сөйден соң ол да тәуекелге барғандай болған.

— Жарайды, былай болсын,— депті ол бәсең үнмен.— Сағаттарды ауладағы дөретхананың сыртқы жағына бүлінбейтіндей етіп көріп кет. Құтқара алмайтынмыды өзің де біліп отырсың ғой, қолмынан келгенше «жазанды» жеңілдетуге тырысайың. Іс келісілгендей тындырылады. Көп ұзамай оған үкім шығарылады. Отанын аңсап оралған жауынгер төрт жылды арқалап кете барады.

... Ол аталған мерзімді өтеп, туған жеріне оралып, өсіп-өнген отбасының иесі атанып, сексенінші жылдардың ортасында өмірден озды.

Оның тіршілік үшін күресіне қазір де өркім өртүрлі қарары сөзсіз. Бірақ қаласақ та, қаламасақ та, бұл да соғыс солдаттың шарасыз басына салған бір ауырталпағы. Соғыстың біз біле бермейтін көп шындығының бірі. Қатардағы қарапайым солдаттың тағдыры.

Майданға мылтықсыз түскен.

Сөлемімді ықыласпен қабыл алып, үлкен астан кейін майдандағы тағдыры жөнінде әңгімелеп берген. Өкінішке қарай, бүгінде оның да соғысқа қай жылы аттанғаны, қай әскери бөлімде болғаны есімде қалмапты. Әйтеуір шілденің аптабында Сталинград қаласының маңында жауды тосып оқиға жатқаны анық... Қария: «Күннің ыстықтығына қоса, өр үш жауынгерге бір-бір винтовкамыз ғана бар еді...»— дегенді айтқан кезде мен елең ете қалдым.

— Олай болуы мүмкін емес! Қаруы жоқ адамды майданға жіберуші ме еді?!

— Сену-сенбеу өз еркінде, шырағым. Мен басымыздан өткенді ғана айтып отырмын. Тыңдағың келмесе, тыңдамай-ақ қой! — Қарттың ашулы көзі жарқ еткен.

— Қаруы жоқ адамдар бес қаруы сай, мұздай қаруланған қаһарлы жаумен қалай соғыспақшы?— дедім мен өз ағаттығымды сезініп, жуаси сөйлеп.

— Бұл маған қойылатын сұрақ емес. Мен орыс тілін нашар білетін, ауылдан барған сауатсыз солдат қана болдым. Оның үстіне командирлеріміз: «Сендер ұдайы қарусыз соғыса бермейсіндер, оны ұрыс кезінде жаудан тартып алуларың керек!»— деп түсіндіретін.

— Содан кейін не болды?— деймін мен тағатсыздаланып.

— Не болсын, негізінен жауды қарсы алуға әзірленіп жата бердік. Бір ғажабы: күннің ыстықтығына қарамастан, офицерлеріміз ішіп, қызып жүреді. Арақты қайдан алатындарын білмейміз. Сөйтсек, олар сауатты ғой, оның үстіне басқа да дерек көздері бар шығар, картаға қарайтын болуы керек, әйтеуір жаудың жақындап қалғанын шамалап отырады екен. Қару-жарағы сай, жойқын техникасы бар жаудың тегеурінді шабуылы біздің әскери бөліміміз үшін жақсылықпен аяқталмайтынын іштері сезеді ғой деймін.

Содан бір күні түн ортасында дүниенің астан-кестені шықты да кетті. Жан-жағымызда гүрс-гүрс жарылыс. Айғай-шу, боқтаған, ыңырсған адамдар. Ит иесін тауып болар емес. Сөйтіп, қауқарсыз әскер демеі-ақ қоршаудан қалып, қолға түстік.

...Құрмаш атаның да ауылға оралуы Сібір арқылы болыпты әрі көп жылға созылыпты. Елге келіп, балалы-шағалы болыпты. Шаруаға епті болса да, басшылық жұмыстарға қолы ілікпеген. Өмір бойы Оңтүстік Қазақстан облысында шопан болып еңбек етіпті.

Қабілетті адам талынса, дүние таппай тұра ма, шопан болып жүріп те тұрмысы түзу, ауылдастарының алды болып тірлік кешкен.

Құрмаш ата мен өңгімесін тыңдағаннан кейін бірнеше жылдан кейін дүниеден озды.

Қаншалықты қиын дегенмен, бес қаруы сай жауға қарсы жүздеген, бөлкім, мыңдаған жандарды (ол дәл санын айта алмаған) жалаң қолмен қалай жауға қарсы аттандыруға болады? Мен мұны өр кез ойланып қоятынмын. Бірақ ол кезде бұл сұрақты кімге нақты қоя алатынсың?

Әрине, қай жау да сенің есінді жиып, бабыңа келуінді тосып тұрмасы белгілі. Соғыстың қатал заңы амалсыз шараларды жедел жүзеге асыруды талап етері анық. Әйтседе қарулы жауға қарсы жалаң қолмен аттанысты түсіну тағы қиын.

Бәлкім, бұл да соғыстың бізге беймәлім бір шындығы шығар.

Өбдімүтел ӨЛШЕКОВ, журналист.
«Егеменді Қазақстан», 2001 жыл 9 мамыр.

«АЗА» КИТАБЫНЫҢ ЕКІНШІ ТОМЫНДА ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ТЕРМИНДЕР

ПП ОГПУ — Политическое Представительство
Объединенного Государственного Политического
Управления.

Біріккен Мемлекеттік Саяси Басқармасының
Өкілетті өкілдігі.

ГУГБ — Главное Управление Государственной Бе-
зопасности.

Мемлекеттік Қауіпсіздігінің Бас Басқармасы.

ОДТО НКВД — Отделение Дорожно-Транспортного
Отдела НКВД.

Ішкі Істер Халық Комиссариатының Жол-Транспорт
Бөлімінің бөлімшесі.

СПО — Секретно-Полятический отдел.

ҚСБ — Құпия-саяси бөлімі.

ОО — Особое отделение. Ерекше бөлімше.

ОС — Оперативный сектор.

Жедел сектор

СО — Спецотдел

Арнайы бөлім

МАЗМҰНЫ

Ел басының лебіздері

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік хатшысы
Әбіш Кекілбаевтың лебізі

Қазақстан Республикасы Парламентінің қаулысы
«Аза» кітабының I—II томдары бойынша мәліметтер

Қызылорда қаласы бойынша

Арал қаласы бойынша

Қазалы ауданы бойынша

Қармақшы ауданы бойынша

Жалағаш ауданы бойынша

Тереңөзек ауданы бойынша (бұрынғы)

Сырдария ауданы бойынша (бұрынғы)

Шиели ауданы бойынша

Жаңақорған ауданы бойынша

Миянаш Қозыбаев, академик «Ғасыр қасіретін арқалаған
орыстар»

Жапшай қуғын-сүргінге байланысты құжаттардың
күпиялығы ашылды. («Егемен Қазақстан» 1994 ж. 1 наурыз)

Дәулетбек Байдрахманұлы — қайта оралу

(Мұстафа Шоқай ескерткішіне)

Серік Піриазар — «Аза» кітабының алғашқы

томы оқырмандарының қолында

Айқын Несіпбай — Алашорда көсемінің ұлы.

(Сергей Бөкейханов та аңдуда болған)

Әділхан Бөйменов — Замана ұланы. (Сүлеймен

Есқараев туралы)

Кәмел Жүністегі — Алашқа ат беріп айыпталған

К. Баймаханов — 1928 жыл, немесе қанды дүрмектің басы

Ату жазасына кесілген ару (Шахзада Шонанова туралы)

Зобалаң зардабы. (профессор Нағима

Құдайбергенованың өңгімесі)

Кабинетінен қамауға алған (Дүйсен Тәжібаев туралы)

Әділхан Бөйменов — Азамат аты ұмытылмайды

(Қуантай Бактыбергенов туралы)

Әзіретәлі Маханұлы — Дүрбелен кезең.

Аралбайдың Жантөресі

Тұрымтай, Қуанышкүл — Атам Меңліаяқ

Сәрсенбайұлы туралы

Серік Піриазар — Меңліаяқ туралы не білеміз?

Ноғай Бахтияр Кәрібайұлы туралы

С. Ерімбетов — Әлеуметтік өділеттікті
орнықтау жолында

Қажданбек Баймаханов — Мың өліп, мың

тірілген, немесе нәубеттің тірі куәсі

Ахат Жанаев — Әкем туралы ақиқат

Құралай Ахметова — Көзім көрген қасірет.

(Шырынкүл әжейдің өңгімесі)

Бабаш Жөкенов, Қайырбек Мырзахметұлы —

Сталин бекіткен басшы

Хамит Ембергенов — Бұлардың бәрі де кінәсіз болатын

Тынысбек Қоңыратбай — Әке туралы толғаныс

Дәуірхан Айдаров — Халық тарих ақиқатын білуі

Есімі елге ыстық тұлға (Ақмырза ахун туралы)

Қажданбек Баймаханов — Асандар көтерілісінің сарбаздары

Сүйінбаев Серікбай — Айтмұхамбетұлы туралы

Әсім Тобылбаев — Қазақ халқының қаймағын кілкіп алды

Дәуірхан Айдаров — Халық тарих ақиқатын білуі керек

Хамит Ембергенов — Қуғын-сүргін зардабы

Жәмила Аленова — Қарақұм көтерілісі ұрпақтар есінде

Ибрагим Мұхамеджанұлы — Қарамолда

Қайыр Қорасани — Өскен өркен

Әбдібай Уәлиұлы — Шапағат нұры

Темірбек Есжанов — Әбжәли ишан кім?

Хамит Ембергенов — Жазықсыз жапа шеккендер

Қуғын-сүргін құрбандарына арналады

Қаралы тізім

Топтамамен сотталғандар тізімі

Қызылорда облыстық прокуроры орынбасарының

1991 ж. 14.07. қаулысы

Қазақстан Республикасы ҰҚК-нің Қызылорда облысы және

Байқоңыр қаласы бойынша Департаментінің Қазақстан

Республикасы Бас прокуратурасының қарауына іс

қағаздары жіберілгендердің тізімі

Ұлы Отан соғысында қаза тапқан, хабар-ошарсыз кеткен

боздақтар туралы қосымшалар

Қысқартылған сөздер

Мазмұны

Басуға 21.03.08 ж. қол қойылды. Пішімі 70x90 $\frac{1}{16}$. Офсеттік басылым, қағазы офсеттік. Әріп түрі "Таймс". Көлемі 34,5 баспа табак. Таралымы 2000 дана. Тапсырыс № 30477.

Қызылорда облыстық «Боздақтар» естелік кітабының редакциясы, Қызылорда, 467001.

Қазақстан Республикасы «Атамұра корпорациясы» ЖШС-нің Полиграфкомбинаты, 050002, Алматы қаласы, М. Мақатаев көшесі, 41.